

Том 3

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

# В. И. ЛЕНИН

## 3
## ТОМ

*РОССИЯДА*
*КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ*

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1974

3К 2
Л 40

Л $\frac{0112-153}{М 401(07)-74}$ **5—73**

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл томда В. И. Лениннің 1896—1899 жылдары жазған «Россияда капитализмнің дамуы» деген шығармасы бар, бұл шығарма 1899 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Томға сондай-ақ Лениннің 1900 жылғы май — июнь айларында басылған «Сынға жанаспайтын сын» деген мақаласы енгізілді; мақала «жария марксистердің» біреуінің осы кітапқа жазған рецензиясына жауап болды.

Ол кезеңде орыс марксистерінің алдында Россияның экономикасын терең зерттеу міндеті тұрды. Мұның өзі халықшылдықты идеялық жағынан біржола талқандау үшін және жұмысшы табының революциялық күресінің перспективаларын, Россия социал-демократиясының міндеттерін айқындау үшін қажет болды. Орыс марксистерінің теориялық жұмысы, деп жазды Ленин, Россиядағы экономикалық антагонизмнің барлық формаларын нақты зерттеуге бағытталуға тиіс, *«өндірістік қатынастардың белгілі системасы болған өмір шындығымыздың тұтас суретін беруі керек, бұл система тұсында еңбекшілердің қаналуы мен экспроприациялануы сөзсіз екенін көрсетуі керек, экономикалық даму көрсетіп отырған бұл тәртіптерден құтылудың жолын көрсетуі керек»* (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том, 324-бет).

Бұл ғылыми зерттеуді Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында жүзеге асырды да; бұл кітап либерал халықшылдар мен «жария марксистерге»

қарсы, революциялық марксизмнің программалық қағидаларын талдап жасауға және бұл қағидаларды Россияның нақты жағдайында қолдануға бағытталып, Лениннің 90-жылдардағы еңбектерін қорытындылады. Ленин маркстік жұмысшы партиясының программасында Россияның экономикалық құрылысының негізгі белгілеріне сипаттама беру, негізгі тап күштерін бағалау, пролетариаттың революциялық күресінің негізгі мақсаты мен ағымдағы міндеттерін айқындау болуға тиіс деп есептеді. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегі Лениннің басқа да шығармаларымен бірге большевизмнің программасын, стратегиясы мен тактикасын белгілеу үшін теориялық негіз жасады.

Сол кезде, бір жағынан, революцияшыл марксистер және, екінші жағынан, либерал халықшылдар мен «жария марксистер» арасындағы күресті қыздыра түскен «Россиядағы капитализмнің тағдыры туралы» мәселе революциялық күрестің теориясы мен практикасының аса маңызды мәселесі болды. Мұның өзі қай таптың қоғамды түбірінен қайта құруға тиіс екені және бұл істі жүзеге асыра алатыны, революционерлердің қай тапқа үміт артуға тиіс екені туралы мәселе еді. Мұның өзі Россияның даму перспективалары туралы, революцияның тағдыры және оның біздің елімізде жеңіске жетуінің шарттары туралы мәселе еді. Ленин бұл мәселелерді өз зерттеуінің өзегі етіп қойды. Халықшылдар мен «жария марксистер» «орыс капитализміне арналған рыноктар туралы» өзара жүргізіп келген бос таластардың орнына, Ленин өзінің еңбегін Россияның қоғамдық-экономикалық құрылысы мен таптық құрылымына маркстік талдау жасауға, пролетариаттың алдағы революциядағы басшылық ролін негіздеуге арнады. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегі революциялық теория мен практика бірлігінің, ғылыми социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастырудың, теорияны революциялық практиканың қаруы ретінде пайдаланудың тамаша үлгісі болып табылады.

Теориялық кірісnеде Ленин маркстік саяси экономияның қоғамдық еңбек бөлінісі, жай товар шаруашылығы және оның капиталистік шаруашылыққа сөзсіз

айналуы туралы, дамып келе жатқан капитализмнің өзінің ішкі рынок құруы туралы негізгі қағидаларын түсіндіреді және дамытады. Халықшылдық көзқарастарға қарсы күресте Ленин капиталистік ұдайы өндіріс пен дағдарыстардың маркстік теориясын қорғап, байыта түседі, капиталистік қорлапудың, қоғамдық өнімді өткізудің қайшылықтарын, капиталистік өндірістің ұлғаюы мен еңбекшілердің барған сайын өсе түскен қайыршылануы себепті шектеулі тұтыну арасындағы антагонизмді атап көрсетеді. Капиталистік экономиканың маркстік теориясының шын мәнін ашып көрсете отырып, Ленин капитализмнің қайшылықтары оның күйреуінің, оны жаңа, прогрестік құрылыспен — социализммен — революциялық жолмен ауыстырудың шарттары мен себептерін түсіндіреді деп атап айтады. Кітаптың соңғы тарауларында Ленин капиталистік қоғам дамуының жалпы экономикалық заңдарының Россия өміріндегі нақты көрінісін орасан зор әрі жан-жақты нақты материал арқылы зерттейді.

Россияда капитализмнің дамуына талдау жасауды Ленин ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясы мен шаруалардың жіктелуіне сипаттама беруден бастайды. Орасан зор нақты материал негізінде Ленин орыс деревнясындағы қоғамдық-экономикалық қатынастардың 1861 жылғы реформадан кейін товар шаруашылығы мен капитализмге тән қайшылықтардың болуымен және дамуымен сипатталып отырғанын бұлтартпай дәлелдеп берді. Бұл қайшылықтар ««қауымдық» деревнядағы экономикалық қатынастар құрылысы», халықшылдардың дәлелдегеніндей, «тіпті де ерекше уклад («халық өндірісі» және т. с.)» емес, қайта «кәдімгі ұсақ буржуазиялық уклад» екенін көрсетті. Ленин былай деп көрсетті: шаруалар жіктеліп қана қоймайды, «олар мүлдем күйрейді, өмір сүруден қалады, оларды село халқының мүлдем жаңа типтері — товар шаруашылығы мен капиталистік өндіріс үстем болып отырған қоғамның базисі болып табылатын типтері ығыстырып шығарады. Бұл типтер — село буржуазиясы (негізінен ұсақ буржуазия) мен село пролетариаты, егіншіліктегі товар өндірушілер табы мен ауыл шаруа-

шылығындағы жалдама жұмысшылар табы» (қараңыз: осы том, 178, 180-беттер).

«Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде Ленин помещиктік шаруашылықтың қоғамдық-экономикалық құрылысына терең талдау жасады және оның реформадан кейінгі дәуірдегі эволюциясының сипатын суреттеді. Ленин помещиктік шаруашылықта сол кезде жұмыспен өтейтін шаруашылық системасы мен капиталистік шаруашылық системасы ұштасқанын, жұмыспен өтейтін шаруашылық системасы крепостниктік құрылыс кезінде үстем болған барщиналық шаруашылықтың тікелей сарқыншағы екенін көрсетіп берді. Товар шаруашылығының дамуына және шаруалардың жіктелуіне байланысты жұмыспен өтейтін шаруашылық системасы бірте-бірте помещиктік шаруашылықтың капиталистік системасымен ығыстырылды. Либерал халықшылдардың жұмыспен өтейтін шаруашылық системасын және крепостниктіктің басқа да сарқыншақтарын дәріптеуін әшкерелей отырып, Ленин крепостниктік қалдықтарының (жердің әр түрлі «кесінділері» үшін помещиктің пайдасына жұмыспен өтеу және барщина, жаппай кепілдік, жоғары алым-салықтар, шаруа жеріне иелік ету еркіндігінің, шаруалардың орын ауыстыру және қоныс аудару еркіндігінің болмауы, азаматтық тең праволылықтың жоқтығы және т. б.) патшалық Россияның шаруаларын аяусыз езе түскенін көз жеткізе дәлелдеді.

Еңбекші шаруаларды помещиктердің қанауымен бірге оларды кулактар езіп-жаншыды, реформадан кейінгі деревняда орасан үлкен роль атқарған сауда және өсімқорлық капиталы тонады. Ленин шаруалар мен помещиктер арасындағы терең антагонизмді, ал шаруалардың ішінде — село буржуазиясы мен село пролетариаты арасындағы антагонизмді ашып берді.

«Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбекте реформадан кейінгі кезеңде сауда егіншілігінің орасан зор өскені көрсетіліп, ауыл шаруашылығындағы товар өндірісі мен капитализмнің даму ерекшеліктері ашылады, феодализмнің қалдықтарымен салыстырғанда, сондайақ ұсақ өндіріспен салыстырғанда егіншіліктегі капи-

тализмнің прогрестігі айқындалады. Ленин ұсақ шаруалар шаруашылығының «тұрақтылығы» жайындағы буржуазиялық теорияға күйрете соққы берді. Ол ауыл шаруашылығында да ірі капиталистік өндіріс ұсақ өндірістен өнімдірек екенін және оны сөзсіз ығыстырып шығаратынын, ұсақ шаруалар шаруашылығының егіншінің еңбегі мен өмірлік күшін талан-таражға салумен ғана, жердің өндіргіш күштерін талан-таражға салумен ғана өмір сүріп отырғанын көрсетті. Капитализм тұсында еңбекші шаруалар жағдайының үмітсіздігі мен адам айтқысыз ауырлығын көрсете келіп, Ленин пролетариаттың революциялық қозғалысына қосылмайынша, пролетариатпен бірге бүкіл капиталистік құрылысқа қарсы революциялық күреске қатыспайынша ұсақ шаруалардың азаптан құтыла алмайтынын дәлелдеді.

«Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапта реформадан кейінгі Россияның өнеркәсібіндегі капитализм эволюциясының сатылары мен формаларына тұңғыш рет маркстік талдау жасалды. Ленин орыс өнеркәсібіндегі капитализм дамуының басты-басты үш сатысын: ұсақ товар өндірісін (ұсақ кәсіпшіліктер, негізінен алғанда шаруа кәсіпшіліктері) — капиталистік мануфактураны — фабриканы (ірі машиналы индустрияны) өзара тығыз байланыста егжей-тегжейлі қарастырып, ұсақ товар өндірісінің заңды түрде капиталистік өндіріске, мануфактураға айналатынып, ал мануфактураның фабрикаға, ірі машиналы индустрияға ұласатынын көрсетеді. Бұл ретте өнеркәсіптің осы формаларының әрқайсысының ауыл шаруашылығымен байланысы зерттеледі.

Орасан бай нақты материалды мұқият талдау негізінде Ленин егіншілік пен кәсіпшіліктердегі ұсақ өндірушілердің жіктелуінде қосарластық бар екенін анықтап, «майдагерлер» арасындағы шиеленіскен бәсекені ашып көрсетеді, жекелеген товар өндірушілердің біршама ірі шеберханалар құру процесін, бытыраңқы ұсақ өндірістен капиталистік жай кооперацияның дамуын зерттейді. Ленин жұмысшыларының саны едәуір шеберханалардың бірте-бірте еңбек бөлінісін енгізетінін, сөйтіп капиталистік жай кооперацияның капита-

листік мануфактураға ұласатынын көрсетіп береді. Ленин бірсыпыра майдагерлік кәсіпшіліктерге орыс капитализмінің мануфактуралық сатысы ретінде тұңғыш рет маркстік сипаттама берді. Мануфактура, деп атап көрсетеді Ленин, бір жағынан, қолөнері және капиталдың қарадүрсін формалары бар ұсақ товар өндірісі мен, екінші жағынан, ірі машиналы индустрия (фабрика) арасындағы аралық буын болып табылады.

Ленин Россиядағы ірі машиналы индустрияның дамуын егжей-тегжейлі әрі жан-жақты зерттейді. Ол ірі машиналы (фабрикалы) индустрияны өнеркәсіптегі капитализмнің жоғары сатысы ретінде сипаттайды; оның негізгі және елеулі белгісі — өндіріс үшін машиналар жүйесін қолдану. Мануфактурадан фабрикаға көшу, деп көрсетеді Ленин, толық техникалық төңкерісті білдіреді, ал бұдан кейін өндірістің қоғамдық қатынастары сөзсіз шұғыл қиратылып, өндіріске қатысушы адамдардың әр түрлі топтары біржола жікке бөлінеді, капитализмнің keулеген қайшылықтары шиеленісіп, ұлғая түседі, ал сонымен бірге капитализм еңбекті жаппай қоғамдастырады, яғни социализмге көшу үшін материалдық жағдайлар әзірлейді. «Сөйтіп, машиналы ірі индустрия капитализмнің ең соңғы шыңы, оның жаман жақтарының да, «жақсы жақтарының» да ең соңғы жеткен жері болып табылады» (497-бет).

Ленин орыс өнеркәсібіндегі өндірістің өскелең шоғырлануын атап көрсетеді. 1890 жылдың өзінде-ақ барлық фабрика-завод жұмысшыларының жалпы санының 71,1 проценті ірі фабрикалар мен заводтарда (жұмысшыларының саны 100 және одан да көп) істеді. 1894—1895 жылдары ірі кәсіпорындар барлық фабрикалар мен заводтардың 10,1 проценті болды және барлық фабрика-завод жұмысшыларының 74 процентін, өндіріс сомасының 70 проценттен астамын қамтыды. 1903 жылы 100-ден астам жұмысшысы бар ірі фабрикалар Европалық Россияда барлық фабрикалар мен заводтардың 17 проценті болып, фабрика-завод жұмысшыларының барлық санының 76,6 процентін қамтыды. Ленин орыстың үлкен фабрикаларының герман фабрикаларынан ірірек болғанын ерекше атап көрсетеді. Жұмысшылардың бар-

ған сайын көп бөлігінің ірі фабрикалар мен заводтарда, үлкен қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында шоғырлануы жұмысшы табының топтасуы мен ұйымдасуына көмектесіп, жұмысшы табының ел өміріндегі, елдің бұдан былайғы тағдырындағы күші мен саяси ролін арттыра түсті.

Зерттеудің қорытындысында Ленин «соқа мен тоқпақтың, су диірмені мен қолмен айналдыратын тоқыма станоктың Россиясы плуг пен молотилканың, бу диірмені мен бу күшімен жүретін тоқыма станоктың Россиясына тез айнала бастағанын» (652-бет) көрсетті. Сонымен бірге Россия, өзінде капитализмнің дамығанына қарамастан, алдыңғы қатарлы капиталистік елдермен салыстырғанда негізінен аграрлы, техникалық-экономикалық жағынан артта қалған ел болды. Крепостниктік тәртіптің толып жатқан қалдықтары мен сарқыншақтары осы артта қалушылықтың басты себебі болды, елдің өндіргіш күштерінің дамуын тежеп, халық бұқарасына ауыр езгі болып тиді.

Феодализммен, помещиктік құрылыспен және ұсақ өндіріспен салыстырғанда капитализмнің прогрестік сипатын көрсете келіп, Ленин сонымен бір мезгілде капиталистік құрылыстың терең қайшылықтары мен мерездеріне айқын сипаттама берді. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген шығармасы — патша өкіметі мен орыс капитализміне қарсы ашу-ызаға толы айыптау актісі.

Лениннің кітабы халықшылдықты идеялық жағынан талқандауды аяқтап қана қоймай, сонымен бірге «жария марксистерді» де талқандады. Ленин «жария марксистердің» капиталдың қорғаушылары, революциялық марксизмнің дұшпандары болып отырғанын көрсетті.

«Жария марксистер» Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегін дұшпандық сынмен қарсы алды. Ленин бұл әрекеттерге «Научное Обозрение» журналында жарияланған «Сынға жанаспайтын сын» деген мақаласымен жауап берді. Бұл мақаласында Ленин «марксистердің» атын жамылып, революциялық марксизмді бұрмалап жүрген адамдардан батыл

түрде іргені аулақ салу қажеттігін айтты. Ленин жаңа жағдайларда пролетариаттың тап күресінің тәжірибесін қорыту негізінде марксизмнің түбегейлі қағидаларын одан әрі дамыту міндеттерін айрықша күшпен атап көрсетті.

Капитализмді барынша боямалап, буржуазияны мадақтап жүрген «жария марксизмнің» өкілдеріне қарама-қарсы Ленин капитализм тарихи жағынан өтпелі құрылыс екенін, оның тарихи ролі пролетарлық революцияның, социализмге өтудің материалдық алғы шарттары мен субъективтік факторларын жасауда екенін атап көрсетті.

Өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде Ленин XIX ғасырдың аяғындағы елдің экономикасы мен таптық құрылымына айқын әрі дәлме-дәл сипаттама берді. Ол бірінші орыс революциясы қарсаңындағы тап күресінің және таптық күштердің орналасуының терең экономикалық негізін ашты. Лениннің кітабы болашақ революцияның сипаты мен оның қозғаушы күштері туралы, әр түрлі таптардың революцияда атқаратын ролі туралы сұраққа жауап берді.

Өзінің еңбегінде Ленин пролетариаттың революциядағы басшылық ролін саяси-экономикалық жағынан негіздеді және Россияның тарихи дамуындағы пролетариаттың күші оның халықтың жалпы бұқарасы қатарындағы санына қарағанда өлшеусіз көп екенін дәлелдеді. Мұны кейінірек үш революцияның тарихы толық дәлелдеп берді. Сөйтіп, Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунистердің пролетариат елдегі халықтың көпшілігі болмайынша өкімет билігі мен социализм үшін күресе алмайды және күресуге тиіс те емес деген догмасына күйрете соққы берді.

Ленин шаруалардың екі жақты жағдайы мен екі жақты ролінің экономикалық негізін көрсетті, шаруалар ішіндегі меншікшілдік және пролетарлық тенденциялардың антагонизмін, олардың буржуазия мен пролетариат арасында ауытқуының түп тамырын ашты. Сонымен бірге Ленин еңбекші шаруалардың революцияшылдығының терең қайнар көздерін көрсетіп, помещиктерге, патша өкіметіне, буржуазияға қарсы күресу үшін

жұмысшы табы мен шаруалардың одақтасуы қажеттігін негіздеді.

Бұдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын Лениннің кітабында дамытылып, негізделген марксизмнің бұл қағидаларының қазіргі уақытта да көкейкесті маңызы бар. Лениннің пролетариаттың гегемондығы туралы, жұмысшылар мен шаруалардың одағы туралы данышпандық нұсқаулары халықтардың демократия, ұлттық азаттық жолындағы, социализм жолындағы күресінде басшылыққа алатын негіз болып отыр.

«Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Лениннің жасаған терең саяси-экономикалық талдауынан туатын жалпы қорытынды мынада: Россияда сан миллиондаған шаруалар сияқты қуатты одақтасы бар пролетариат басшылық ететін ұлы халық революциясы пісіп жетіліп келеді; бұл революция патша өкіметін құлатумен шектеле алмайды — пролетариат ілгері қарай, капитализмді құлатуға, социализмнің жеңісіне қарай қадам басады.

Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегі Маркс «Капиталының» үшінші томын Энгельс жариялағаннан кейін бес жылдан соң жарық көрді және Маркстің данышпандық еңбегінің тікелей жалғасы болды. «Капиталдың» үшінші томына жазған алғы сөзінде Энгельс Маркстің реформадан кейінгі Россияның экономикасы туралы материалдарды түпнұсқадан ұзақ әрі мұқият зерттегенін айтқан болатын. Ол капитализмнің ауыл шаруашылығындағы эволюциясы туралы өзінің ілімін Россияның мысалы арқылы нақтылай түсуді және одан әрі дамытуды ұйғарған еді. Өнеркәсіп капитализмін зерттеген кезде «Капиталдың» бірінші томында Англия қандай роль атқарса, жер рентасы бөлімінде жер иелену және ауыл шаруашылығындағы өнім өндірушілерді қанау формалары алуан түрлі болып келетін Россия сондай роль атқаруға тиіс болды. Маркс бұл жоспарды жүзеге асыра алмады, деп көрсетеді Энгельс. Маркстің бұл жоспарын «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Ленин іске асырды. Сонымен бірге Ленин Россияның экономикасын зерттеу негізінде капитализмнің саяси экономиясының басқа да бөлімде-

рін, әсіресе капиталистік өндіріс әдісінің пайда болуы мен дамуы, жай товар шаруашылығының капиталистік товар шаруашылығына айналуы және бұл процестің ауыл шаруашылығындағы өзгешелігі теориясын, ұдайы өндіріс пен дағдарыстар, өндіріс шоғырлануының өсуіне байланысты еңбектің қоғамдастырылуы теориясын жаңа қағидалармен байытты.

Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының капиталистік және отар елдердің халықтары үшін баға жетпес маңызы бар. Капитал үстемдігі тұсында халық бұқарасының қаналу мен қайыршылыққа душар болатынын, помещиктердің езгісі мен империализмнің бұғауынан құтылудың бірден-бір жолы — революция жолы, социализм жолы екенін бұл кітап өзінің бүкіл мазмұнымен көз жеткізе дәлелдейді.

*КПСС Орталық Комитеті жанындағы*
*Марксизм-ленинизм институты*

В. И. ЛЕНИН
*1897*

# РОССИЯДА КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ

## ІРІ ӨНЕРКӘСІП ҮШІН ІШКІ РЫНОКТЫҢ ҚҰРЫЛУ ПРОЦЕСІ

*1896—1899 ж. ж. жазылған.*

*Бірінші рет жеке кітап болып 1899 ж. марттың аяғында басылған*

*Кітаптың 1908 ж. екінші басылуының тексті бойынша басылып отыр*

**ИЗДАНІЕ М. И. ВОДОВОЗОВОЙ.**

**Владиміръ Ильинъ.**

# РАЗВИТІЕ КАПИТАЛИЗМА

# ВЪ РОССІИ.

## Процессъ образованія внутренняго рынка для крупной промышленности.

Цѣна 2 р. 50 к.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
Типо-литографія А. Лейферта, Бол. Морская 65.
1899.

В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының бірінші басылуының мұқабасы.— 1899 ж.

## БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған еңбекте автор: орыс капитализмі үшін ішкі рынок қалай қалыптасып келеді? деген мәселені қарауды мақсат етіп отыр. Жұртқа мәлім, бұл мәселені халықшылдық көзқарастардың басты өкілдері (олардың басшылары В. В. және Н.— он мырзалар) көптен бері-ақ қойған болатын, сондықтан біздің міндетіміз осы көзқарастарды сынау болады. Біз бұл сында өзімізге қарсы адамдардың көзқарастарындағы қателер мен теріс пікірлерді талдаумен шектелуді мүмкін деп таппадық; біздіңше, ішкі рыноктың құрылуы және оның өсуі туралы фактілерді келтіру қойылған сұраққа жауап беру үшін жеткіліксіз болып көрінді, өйткені мұндай фактілер ойланбай алынған, ал оған қарсы айтылатын фактілер алынбаған деп, наразылық тууы ғажап емес. Біздіңше, Россиядағы капитализмнің бүкіл даму процесін тұтас күйінде алып қарап, соны тұтас күйінде суреттеуге тырысу қажет сияқты. Егер мұндай кең көлемді міндетке бірсыпыра шек қойылмаса, оны орындауға жеке адамның шамасы келмейтіні өзінен өзі түсінікті. Біріншіден, біз сыртқы рынок туралы мәселе мен сыртқы сауда жөніндегі мәліметтерді былай қойып, Россияда капитализмнің дамуы жөніндегі мәселені тек қана ішкі рынок тұрғысынан алып қарап отырмыз, мұның өзі осы кітаптың атынан да көрініп тұр. Екіншіден, біз реформадан кейінгі дәуірді ғана алып отырмыз. Үшіншіден, біз көбінесе және ылғи дерлік тек орыстың ішкі губерниялары жөніндегі мәліметтерді ғана алып

отырмыз. Төртіншіден, біз процестің тек бір ғана экономикалық жағын алып отырмыз. Бірақ осындай шек қоюдың өзінде -де бұл тақырып мейлінше кең тақырып болып табылады. Осынша кең тақырыпты алудың қиын екенін және тіпті қауіпті екенін автор өзінен эсте жасырмайды, бірақ орыс капитализміне керекті ішкі рынок жайындағы мәселені түсіндіру үшін автор қоғамдық шаруашылықтың барлық салаларында болып жатқан процестің жеке жақтарының байланысы мен өзара тәуелділігін көрсету сөзсіз қажет деп түсінеді. Сондықтан біз процестің негізгі белгілерін қарап өтумен тынамыз, оны арнаулы түрде зерттеуді бұдан кейінгі зерттеулерге қалдырамыз.

Біздің жұмысымыздың жоспары мынадай. Біз I тарауда капитализмге керекті ішкі рынок туралы мәселе жөнінде абстрактілі саяси экономияның теориялық негізгі қағидаларын мүмкіндігінше қысқаша түрде қарап өтеміз. Мұның өзі шығарманың былайғы, нақты бөлімі үшін кіріспе есебінде болмақ және бұдан кейінгі баяндауда қайта-қайта теорияға сілтеме жасау міндетінен құтқарады. Келесі үш тарауда біз реформадан кейінгі Россиядағы егіншіліктің капиталистік эволюциясын сипаттауға тырысамыз, атап айтқанда: II тарауда — шаруалардың ыдырауы жайындағы земство-статистика мәліметтері, III тарауда—помещиктік шаруашылықтың өтпелі жағдайы туралы, осы шаруашылықтың барщиналық жүйесінің капиталистік жүйесімен ауысуы туралы мәліметтер қаралады, ал IV тарауда сауда егіншілігі мен капиталистік егіншілік қалыптасатын формалар жайындағы мәліметтер қаралады. Келесі үш тарау біздің өнеркәсібіміздегі капитализмнің даму формалары мен сатыларына арналады: V тарауда біз өнеркәсіптегі, атап айтқанда, *ұсақ шаруа өнеркәсібіндегі (майдагерлік деп аталатын өнеркәсіптегі)* капитализмнің алғашқы сатыларын қараймыз; VI тарауда — капиталистік мануфактура туралы және үйде істелетін капиталистік жұмыстар туралы мәліметтер және VII тарауда ірі машиналы индустрияның дамуы туралы мәліметтер қаралады. Ақырғы (VIII) тарауда біз процестің жоға-

рыда баяндалған жеке жақтары арасындағы байланысты көрсетіп, бұл процесті жалпы суреттеуге тырысамыз.

---

P. S.[2] Біз бұл шығармамызда К. Каутскийдің өзінің «Die Agrarfrage» (Stuttgart, Dietz, 1899; I. Abschn. «Die Entwicklung der Landwirtschaft in der kapitalistischen Gesellschaft» *) ** дейтін кітабында берген «капиталистік қоғамда ауыл шаруашылығының дамуы» деген тамаша талдауын пайдалана алмадық, мұның өзі аса бір өкінерлік іс болды.

Бұл кітап (осы шығарманың көп жері теріліп қойғаннан кейін қолымызға тиді) — экономикалық жаңа әдебиеттегі, «Капиталдың» 3-томынан [3] кейінгі, ең тамаша құбылыс. Каутский егіншіліктің капиталистік эволюциясының «негізгі бағыттарын» зерттейді, оның міндеті — осы заманғы ауыл шаруашылығындағы әр түрлі құбылыстарды «бір жалпы процестің жеке көріністері» ретінде қарау (Vorrede ***, VI). Экономикалық жағынан болсын, экономикадан тыс жағынан болсын Россияның орасан зор ерекшеліктері бар екеніне қарамастан, бұл жалпы процестің негізгі белгілерінің Батыс Европа мен Россияда қаншалықты ұқсас екенін атап көрсету — көңіл бөлуге тұратын мәселе. Мәселен, күшейіп келе жатқан еңбек бөлінісі және машиналарды қолдану осы заманғы (moderne) капиталистік егіншілікке жалпы тән нәрсе (Kautsky, IV, b, c), мұның өзі реформадан кейінгі Россияда да назар аудартып отыр (қараңыз: төменгі III тарау, § VII және VIII; IV тарау, әсіресе § IX). «Шаруалардың пролетарлану» процесі (Каутскийдің кітабының VIII тарауының аты) қай жерде болсын ұсақ шаруалардың жалдама жұмысының барлық түрлерінің таралуынан байқалады (Kautsky, VIII, b); — сонымен қатар біз Россияда үлесті жері бар жалдама жұмысшылардың өте үлкен табының құрылғанын байқаймыз (төмендегі II тарау-

* — «Аграрлық мәселе» (Штутгарт, Дитц, 1899; I бөлім: «Капиталистік қоғамда ауыл шаруашылығының дамуы»). *Ред.*

** Орысша аудармасы бар.

*** — Алғы сөз. *Ред.*

ды қараңыз). Капиталистік қоғамның қай-қайсысында болсын ұсақ шаруалардың өмір сүруі егіншілікте ұсақ өндіріс техникалық жағынан артық болып кеткендіктен емес, ұсақ шаруалар өздерінің қажетсінулерін жалдама жұмысшылардың қажетсіну дәрежесінен де азайтып, жалдама жұмысшыларға қарағанда мейлінше көп күш жұмсап, жұмысты жан сала істейтіндігінен болып отыр (Kautsky, VI, b; «ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшы ұсақ шаруаға қарағанда жақсы жағдайда тұрады»,— деп Каутский бірнеше рет қайталап айтады: S.* 110, 317, 320); осыған ұқсас жағдай Россияда да байқалып жүр (қараңыз: төменгі II тарау, § XI, В [4]). Сондықтан, мәселен, орыс сөзімен айтқанда, «егіншіліктегі шет кәсіпшіліктер» сияқты немесе, немісше айтқанда, «кезбе шаруалардың егіншіліктегі жалдама жұмыстары» (Kautsky, S. 192; салыстырыңыз: төменгі III тарау, § X) сияқты жағдайларды бағалауда;— немесе жұмысшылар мен шаруалардың деревнялардан қалаларға, фабрикаларға кетуі сияқты жағдайды бағалауда (Kautsky, IX, е; S. әсіресе 343; және басқа көптеген беттері. Салыстырыңыз: төменгі VIII тарау, § II);— капиталистік ірі өнеркәсіптің деревняға ауысуы сияқты жағдайды бағалауда (Kautsky, S.187. Салыстырыңыз: төменгі VII тарау, § VIII) Батыс Европа марксистері мен орыс марксистері пікірлерінің үйлесетіндігі табиғи нәрсе. Біз енді олардың егіншілік капитализмінің тарихи маңызын бірдей бағалайтынын (Kautsky, passim **, әсіресе S. 289, 292, 298. Салыстырыңыз: төменгі IV тарау, § IX), капитализмге дейінгі қатынастармен салыстырғанда, егіншіліктегі капиталистік қатынастардың *прогресті* екендігін бірден мойындағанын сөз етіп отырған жоқпыз [Kautsky, S. 382; «Des Gesindes-ті (өз басы тәуелді батырақтарды, малайларды) және der Instleute-ні («батырақ пен арендатордың арасындағы адам», ақысын жұмыспен өтеу арқылы жерді арендаға алатын шаруа) күндікшілердің ығыстырып шығаруы әлеуметтік үлкен прогресс болған болар еді; бұл күндікшілер жұмыстан тысқарғы

* — Seite — бет. *Ред.*
** — әр жерде. *Ред.*

жерде — басы бос адамдар». Салыстырыңыз: төменгі IV тарау, § IX, 4]. Каутский мына жағдайларды әбден мойындайды: деревня қауымының осы заманғы ірі егіншілікті қауымдасып жүргізуге көшуі туралы «ойлаудың да керегі жоқ» (S. 338); Батыс Европада қауымды нығайтуды және дамытуды талап етіп жүрген агрономдар — тіпті де социалистер емес,— қайта жұмысшыларға ұлтарақтай жер беру арқылы оларды өздеріне тәуелді етуге тырысатын ірі жер иелерінің мүдделерін қорғаушылар (S. 334); барлық европалық елдерде жер иелерінің мүдделерін қорғаушылар село жұмысшыларына жер бөліп беру арқылы оларды жіпсіз байлағысы келеді, сөйтіп қазірдің өзінде-ақ заңға тиісті шаралар енгізуге әрекеттенуде (S. 162), сондықтан майдагерлік кәсіпшіліктерді (Hausindustrie) — капиталистік қанаудың осы бір сорақы түрін — орнату арқылы ұсақ шаруаларға көмектесу әрекеттерінің бәріне қарсы «барынша батыл күрес жүргізу керек» (S. 181). Халықшылдардың өкілдері Батыс Европа марксистері мен орыс марксистерінің арасында үлкен айырмашылық бар деп дәлелдеуге жаңадан әрекет жасап жүргендіктен (қараңыз: орыс өнеркәсібі мен саудасына жәрдем ету қоғамында В. Воронцов мырзаның 1899 жылы 17 февральда жасаған мәлімдемесі, «Новое Время», 1899, № 8255, 19 февраль) [5], біз Батыс Европа марксистері мен орыс марксистерінің көзқарастары кәміл үйлесіп отырғанын атап көрсетуді қажет деп санаймыз.

Uljanow
Владиміръ Ильинъ.

# РАЗВИТІЕ КАПИТАЛИЗМА въ Россіи.

Процессъ образованія внутренняго рынка для крупной промышленности.

ИЗДАНІЕ ВТОРОЕ, ДОПОЛНЕННОЕ.

Цѣна 2 р. 25 к.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
КНИГОИЗДАТЕЛЬСТВО „ПАЛЛАДА".
1908.

В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші басылуының автор өз қолымен қол қойған мұқабасы.— 1908 ж.

## ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ[6]

Бұл шығарма орыс революциясы қарсаңында, 1895—1896 жылдары бұрқ ете қалған ірі стачкалар басылғаннан кейінгі азын-аулақ толас кезінде жазылды. Ол кезде жұмысшы қозғалысы іштен тас түйілгендей болды, кеңейе де, кеулей де өріс алып, 1901 жылғы демонстрациялық қозғалыстың басталуын даярлады.

Статистикалық деректерді экономикалық жағынан зерттеудің және оларды сын көзімен қарап талқылаудың негізінде, осы шығармада қоғамдық-шаруашылық құрылысқа және, демек, Россияның таптық құрылымына жасалған талдау енді революцияның барысында барлық таптардың ашықтан-ашық саяси бой көрсетуі арқылы дәлелденіп отыр. Пролетариаттың басшылық ролі толық анықталып отыр. Пролетариаттың тарихи қозғалыстағы күші жалпы халық бұқарасындағы үлесінен өлшеусіз артық екендігі де көрініп отыр. Ұсынылып отырған еңбекте осы екі құбылыстың екеуінің де экономикалық негізі дәлелденді.

Содан соң, революция шаруалардың екі жақты жағдайы мен екі жақты ролі бар екенін қазір барған сайын анық көрсетіп отыр. Бір жағынан, барщиналық шаруашылықтың орасан зор қалдықтарының және крепостниктік правоның толып жатқан сарқыншақтарының болуы, кедей шаруалардың бұрын болып көрмеген жоқшылыққа ұшырауы мен күйзелуі шаруалардың революциялық қозғалысы негіздерінің терең екенін, шаруалардың бұқара ретінде революцияшыл болуының

тамырлары тереңде жатқанын толық дәлелдейді. Екінші жағынан, бұл бұқараның таптық құрылысында ішкі қайшылық бар екендігі, оның ұсақ буржуазияшылдығы, оның өз ішіндегі қожайындық және пролетарлық тенденцияларында антагонизм бар екендігі революцияның барысынан да, әр түрлі саяси партиялардың сипатынан да, көптеген саяси-идеялық ағымдардан да байқалып отыр. Капиталистік қоғамның қай-қайсысында болсын: ұсақ өндірушілердің болмашы азшылығының байып, «адам қатарына қосылатындығы», буржуаға айналатындығы, ал басым көпшілігінің не мүлде күйзеліп, жалдама жұмысшыға немесе пауперлерге айналатындығы, не ылғи пролетарлық халдің аз-ақ алдында өмір сүретіндігі қандай сөзсіз құбылыс болса, жоқшылыққа ұшыраған қожайынсымақтың контрреволюцияшыл буржуазия мен революцияшыл пролетариаттың арасында ауытқуы да сондай сөзсіз болатын құбылыс. Ұсынылып отырған еңбекте шаруалардың арасындағы осы екі ағымның экономикалық негізі дәлелденді.

Осы экономикалық негіздегі Россия революциясының, әлбетте, буржуазиялық революция екені сөзсіз. Марксизмнің бұл қағидасы — мейлінше жеңімпаз қағида. Бұл қағиданы еш уақытта ұмытуға болмайды. Бұл қағиданы орыс революциясының экономикалық және саяси мәселелерінің барлығына қашан да болса қолданып отыру қажет.

Бірақ оны қолдана білу керек. Әр түрлі таптардың жағдайлары мен мүдделеріне жасалған нақты талдау бұл ақиқатты белгілі бір мәселеге қолдануда оның дәл мағынасын анықтау үшін негіз болуға тиіс. Ал пікір толғаудың керісінше тәсілі, социал-демократтардың Плеханов бастаған оң қанаты жиі қолданатын тәсіл,— яғни нақты сұрақтарға берілетін жауаптарды біздің революцияның негізгі сипаты жайындағы жалпы ақиқаттың жай логикалық дамуынан табуға тырысу марксизмнің бағасын түсіргендік және диалектикалық материализмді түгелдей мазақ еткендік болады. Мәселен, «буржуазияның» революциядағы басшылық ролін немесе либералдарды социалистердің қолдауы қажеттігін осы революцияның сипаты жайындағы жалпы ақи-

қаттан экеп шығаратын бұл сияқты адамдар жөнінде Маркс бір кезде өзінің Гейнеден келтірген: «Өрбітем дегенім айдаһар еді, өргені бүрге болды» [7] деген цитатын, бәлкім, қайталап айтқан болар еді.

Орыс революциясы мұндай экономикалық негізде тұрғанда, оның дамуы мен аяқталуының объективті түрде негізгі екі бағыты болуы мүмкін:

Не крепостниктік правомен бірге өсіп, біте қайнаған бұрынғы помещиктік шаруашылық біртіндеп таза капиталистік, «юнкерлік» шаруашылыққа айналу арқылы сақталады. Крепостниктік помещиктік шаруашылықтың іштей қайта құрылуы жұмыспен өтеуден капитализмге біржолата көшудің негізі болып табылады. Мемлекеттің бүкіл аграрлық құрылысы крепостниктік белгілерін ұзақ уақыт сақтай отырып, капиталистік құрылысқа айналады. Не революция крепостниктіктің барлық қалдықтарын, ең алдымен ірі жер иеленушілікті талқандай отырып, бұрынғы помещиктік шаруашылықты қиратады. Помещиктік жерлерді шаруалардың пайдасына экспроприациялаудың арқасында орасан зор күш алған ұсақ шаруа шаруашылығының еркін дамуы — жұмыспен өтеуден капитализмге біржолата көшудің негізі болып табылады. Бүкіл аграрлық құрылыс капиталистік құрылысқа айналады, өйткені крепостниктіктің сарқыншақтары неғұрлым толық жойылса, шаруалардың жіктелуі соғұрлым шапшаңдай түседі. Басқаша айтқанда: не — помещиктік жер иеленудің басым көпшілігі мен ескі «қондырманың» негізгі тіректері сақталады; осыдан — либералдық-монархиялық буржуа мен помещиктің ролі басым болып, ауқатты шаруалар олардың жағына тез өтеді, орасан көп мөлшерде экспроприациялануымен қатар, оның үстіне белгілі бір кадеттік төлемдер арқылы кіріптар етілетін, реакцияның үстемдік етуі салдарынан езілетін және топастапатын шаруа бұқарасы жаншыла түседі; октябристер [8] сияқты саясатшылар мұндай буржуазиялық революцияның аманатын атқаратын болады. Не — помещиктік жер иелену және тиісті ескі «қондырманың» барлық негізгі тіректері қирайды; тұрлаусыз немесе контрреволюцияшыл буржуазияны бейтарап қалдыра

отырып, пролетариат пен шаруа бұқарасының ролі басым болады; жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының халі жалпы алғанда товар өндірісі жағдайында мүмкіндігіне қарай қолайлы болған кезде өндіргіш күштер капиталистік негізде анағұрлым тез және еркін дамиды; — осыдан келіп жұмысшы табының социалистік жолмен қайта құру жөніндегі өзінің нағыз және негізгі міндетін бұдан былай да жүзеге асыруына анағұрлым қолайлы жағдайлар жасалады. Әрине, капиталистік эволюцияның белгілі бір түрінің элементтері шексіз түрліше болып ұштасып отыруы мүмкін, сондықтан бұдан туатын ерекше және қиын мәселелерді Маркстің басқа бір тарихи заман жөнінде айтқан белгілі бір пікірінен алынған цитаттар арқылы ғана шешуге болады деп, нағыз кері кеткен педанттар ғана ойлай алады.

Оқушыға ұсынылып отырған бұл шығарма Россияның революция қарсаңындағы экономикасын талдауға арналған. Революция дәуірінде ел өмірі өте тез және өте екпінді болады, сондықтан саяси күрес қызу жүріп жатқан кезде экономикалық эволюцияның ірі нәтижелерін анықтау мүмкін емес. Бір жағынан, Столыпин сияқты мырзалар, екінші жағынан, либералдар (тек Струве à la * кадеттер ғана емес, жалпы алғанда барлық кадеттер [9]) революцияны бірінші мысалда көрсетілгендей етіп аяқтау үшін үнемі, тынбастан және дәйекті түрде жұмыс істеп жүр. Өзіміз тек таяуда ғана бастан кешірген, 1907 жылғы 3 июньде болған мемлекеттік төңкеріс, Россияның халық өкілдігі деп аталатын өкілдікте [10] помещиктердің толық басым болуын қамтамасыз етуге тырысатын контрреволюцияның жеңіп шыққандығын көрсетеді. Бірақ бұл «жеңістің» қаншалықты баянды екені — басқа мәселе, ал революцияны екінші жолмен аяқтау үшін күрес жүріп жатыр. Революцияны осылай аяқтауға шама-шарқынша батыл, шама-шарқынша дәйекті, шама-шарқынша саналы түрде тек пролетариат қана емес, сонымен қатар қалың шаруалар бұқарасы да ұмтылып отыр. Контрреволюция тікелей күш жұмсау арқылы тікелей бұқаралық

* — сияқты. *Ред.*

күресті тұншықтыруға қаншама тырысып бақса да, кадеттер өздерінің пасық және контрреволюциялық екі жүзді идеясымақтары арқылы оны тұншықтыруға қаншама тырысып бақса да, тікелей бұқаралық күрес, еш нәрсеге қарамастан, ана жерден де, мына жерден де бұзып өтіп жатыр, сөйтіп ұсақ буржуазияшыл саясатшылардың жоғарғы топтары (әсіресе «халық социалистері»[11] мен трудовиктер[12]) ынсапты және іждағатты мещандардың немесе чиновниктердің опасыздығының, молчалиншілдігінің[13] және жайбарақаттығының кадеттік рухына сөзсіз шалдыққанымен, бұл күрес «трудовой», халықшыл партиялардың саясатына әсерін тигізіп отыр.

Бұл күрестің немен тынатындығын, Россия революциясының алғашқы тегеурінінің ақтық қорытындысының қандай болатындығын — әзір айтуға болмайды. Сондықтан бұл шығарманы толығымен қайта өңдеп шығу үшін әлі уақыт туған жоқ * (оның үстіне жұмысшы қозғалысына қатысушының тікелей партиялық міндеттері бос уақыт қалдырмай отыр). Бұл шығарманың екінші басылуы Россияның революция *қарсаңындағы* экономикасын сипаттау шеңберінен шыға алмайды. Автор тексті қарап шығумен және түзетумен, сондай-ақ ең жаңа статистикалық материалдан *ең қажетті* толықтырулар енгізумен қанағаттануға мәжбүр болды. Енгізілген толықтырулар: соңғы ат санақтарының, егін шығымдылығы статистикасының мәліметтері, 1897 жылы жүргізілген бүкіл россиялық халық санағының қорытындылары, фабрика-завод статистикасының *жаңа мәліметтері,* т. т.

*Автор*

1907 жылғы июль.

---

* Мұндай қайта өңдеп шығу ұсынылып отырған еңбекті жалғастыруды керек етуі мүмкін: онда бірінші томды Россияның революция қарсаңындағы экономикасына талдау жасаумен шектеп, екінші томды революцияның қорытындылары мен нәтижелерін зерттеу жұмысына арнауға тура келер еді.

# Das Kapital.

## Kritik der politischen Oekonomie.

Von

**Karl Marx.**

Erster Band.

**Buch I: Der Produktionsprocess des Kapitals.**

Zweite verbesserte Auflage.



**Hamburg**

Verlag von Otto Meissner.

1872.

К. Маркстің «Капиталының» бірінші томының немісше екінші басылуының (1872 ж.) титул парағы; В. И. Ленин осы басылуын пайдаланған.

I ТАРАУ

# ХАЛЫҚШЫЛ-ЭКОНОМИСТЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕРІ[14]

Рынок дегеніміз товар шаруашылығының категориясы, товар шаруашылығы дами келе капиталистік шаруашылыққа айналады және ол тек капиталистік шаруашылық тұсында ғана толық үстемдікке ие болып, жаппай кең өріс алады. Сондықтан біз ішкі рынок туралы негізгі теориялық қағидаларды талдау үшін жай товар шаруашылығын негізге алуымыз және оның біртіндеп капиталистік шаруашылыққа айналуын қадағалауымыз керек.

## I. ҚОҒАМДЫҚ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ

Қоғамдық еңбек бөлінісі — товар шаруашылығының негізі. Өңдеуші өнеркәсіп өндіруші өнеркәсіптен бөлінеді, ал олардың әрқайсысы өндірістің ұсақ түрлері мен одан да шағын түрлеріне бөлінеді, бұлар товар формасында ерекше өнімдер жасап шығарады да, оларды басқа өнімдердің бәрімен айырбастап отырады. Сөйтіп, товар шаруашылығының дамуы өнеркәсіптің жеке және дербес салаларының санын арттырады; бұл даму тек әрбір жеке өнімді өндіруді ғана емес, сонымен қатар өнімнің әрбір жеке бөлігін өндірудің өзін өнеркәсіптің ерекше бір саласына айналдыруды көздейді; сонымен қабат тек өнім өндіруді ғана емес, тіпті өнімді тұтынуға дайындау жөніндегі жеке жұмыстарды да өнеркәсіптің ерекше бір саласына айналдыруды көздейді. Натуралды шаруашылық тұсында қоғам толып

жатқан біртектес жеке шаруашылықтардан (патриархтық шаруа семьяларынан, қарапайым селолық қауымдардан, феодалдық поместьелерден) құралды, ал мұндай жеке шаруашылықтардың әрқайсысы, сан алуан шикізат түрлерін өндіруден бастап, оларды тұтынуға түпкілікті дайындауға дейінгі шаруашылық жұмыстарының барлық түрлерін өзі атқарып отырды. Товар шаруашылығы тұсында әр тектес жеке шаруашылықтар құрылады, шаруашылықтың жеке салаларының саны көбейеді, белгілі бір шаруашылық міндетін атқаратын шаруашылықтардың саны кемиді. Қоғамдық еңбек бөлінісінің бұл прогресті өсуі капитализм үшін ішкі рынок құру процесіндегі негізгі кезең болып табылады. «...Товар өндірісінде және оның абсолюттік формасы — капиталистік өндірісте..,— дейді Маркс,— өнімдердің товар болатып, яғни сатылуға жататып — ақшаға айналдырылатын,— айырбас құны бар тұтыну құндары болатып себебі басқа товарлардың олар үшін балама болатындығынан, басқа өнімдердің оларға товар ретінде және құн ретінде қарсы қойылатындығынан ғана болады; басқа сөзбен айтқанда, бұл өнімдер оларды өндіргендердің тіршілік етуінің тікелей құралдары болмай, қайта айырбас құнына (ақшаға) айналдыру жолымен, иеліктен айыру жолымен ғана тұтыну құнына айналатын товарлар, өнімдер болатындығынан ғана солай. Бұл *товарлар үшін керекті рынок қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде дамиды;* өндіргіш жұмыстардың бөлінісі олардың өнімдерін өзара товарға, бір-бірі үшін баламаға айналдырып, *оларды бір-бірі үшін рынок етпей қоймайды»* («Das Kapital», III, 2, 177—178 *. Орысша аудармасы, 526 [15]. Басқаша ескерту жасалмаған цитаттардың бәріндегі сияқты, курсив біздікі).

Жоғарыда көрсетілген өңдеуші өнеркәсіптің өндіруші өнеркәсіптен бөлектенуі, мануфактураның егіншіліктен бөлектенуі егіншіліктің өзін өнеркәсіпке, яғни шаруашылықтың *товар* өндіретін саласына айналдыра-

* — «Капитал», III том, 2-бөлім, 177—178-беттер. *Ред.*

тындығы өзінен-өзі түсінікті. Өнімдерді өңдеудің жеке-жеке түрлерін бірінен бірін айыратын мамандандыру процесі өнеркәсіп салаларының санын барған сайын көбейте отырып, егіншілікте де пайда болады, егіншіліктің мамандануыны аудандарын (және егін шаруашылығы жүйелерін *) құрады, тек егіншілік пен өнеркәсіп өнімдері арасында ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығының әр түрлі өнімдері арасында да айырбас туғызады. *Сауда* егіншілігінің (және капиталистік егіншіліктің) бұл мамандандыру ісі капиталистік елдердің барлығында да бар, халықаралық еңбек бөлінісінде де бар, реформадан кейінгі Россияда да бар, біз мұны төменде толық көрсетеміз.

Сонымен, қоғамдық еңбек бөлінісі — товар шаруашылығы мен капитализм дамуының бүкіл процесінің негізі. Сондықтан біздің халықшыл теоретиктердің осы соңғы процесті қолдан жасаған шаралардың нәтижесі деп, «жолдан тайғандықтың», т. т. және т. с. нәтижесі деп жариялай келіп, Россияда қоғамдық еңбек бөлінісі бар екендігін бүркемелеуге немесе бұл фактінің маңызын бәсеңдетуге тырысқандығы әбден табиғи нәрсе. В. В. мырза өзінің «Россияда егіншілік еңбегі мен өнеркәсіп еңбегінің бөлінуі» («Вестник Европы», 1884, № 7) деген мақаласында «Россияда қоғамдық еңбек бөлінісі принципінің үстем екенін» (347-бет) «теріске шығарды», бізде қоғамдық еңбек бөлінісі «халық өмірінің тереңінен өсіп шыққан жоқ, халық өміріне басқа жақтан келіп қосылуға тырысты» (338-бет) деп жариялады. Н.— он мырза сатуға түсетін астық мөлшерінің көбеюі жайында өзінің «Очерктерінде» мынадай пікір айтты: «Бұл жағдай өндірілген астықтың мемлекет ішінде теңірек бөлінетіндігін, Архангельск балықшы-

* Мәселен, И. А. Стебут өзінің «Дала дақылдарының негіздері» деген кітабында егіншіліктегі шаруашылық жүйелерін рынокқа шығарылатын негізгі өнімге қарай бөледі. Шаруашылықтың басты-басты үш жүйесі бар деп есептейді: 1) егін шаруашылығы жүйесі (А. Скворцов мырзаның айтуынша, дәнді егіс жүйесі); 2) мал шаруашылығы жүйесі (рынокқа шығарылатын негізгі өнім — мал шаруашылығының өнімдері) және 3) заводтық жүйе (А. Скворцов мырзаның айтуынша, техникалық жүйе); мұндағы рынокқа шығарылатын негізгі өнім — техникалық өңдеуге түсетін егіншілік өнімдері. Қараңыз: *А. Скворцов.* «Бумен жүретін транспорттың ауыл шаруашылығына тигізетін әсері». Варшава, 1890. 68 және келесі беттер.

ларының Самара астығын ішін-жейтіндігін, ал Самара егіншілерінің өз тағамына Архангельск балығын қосатындығын көрсететін сияқты. *Ал шынында мұндай ештеңе болып отырған жоқ»* («Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері». СПБ. 1893, 37-бет). Бұл арада, жалпыға мәлім фактілерге қарамастан, ешқандай мәліметтерге сүйенбестен, Россияда қоғамдық еңбек бөлінісі жоқ деп кесіп айтқан! Товар шаруашылығы атаулының нағыз негізі — қоғамдық еңбек бөлінісін теріске шығармайынша немесе оны «жасанды» нәрсе деп жарияламайынша, Россияда капитализмнің «қолдан жасалғандығы» жөніндегі халықшылдық теорияны жасаудың өзі мүмкін емес еді.

### II. ЕГІНШІ ХАЛЫҚТЫҢ ЕСЕСІНЕН ӨНЕРКӘСІП ХАЛҚЫНЫҢ ӨСУІ

Товар шаруашылығының алдындағы заманда өңдеуші өнеркәсіп өндіруші өнеркәсіппен бірге болғандықтан, ал өндіруші өнеркәсіптің ішіндегі бастысы егіншілік болғандықтан, товар шаруашылығының дамуы өнеркәсіп салаларының бірінен соң бірінің егіншіліктен бөлінуіне әкеп соғады. Товар шаруашылығы нашар дамыған (немесе мүлде дамымаған) елдің халқы түгелдей дерлік егінші халық болады; бірақ мұны халық тек егіншілікпен ғана шұғылданады екен деп түсінбеу керек: мұның өзі тек егіншілікпен шұғылданған халықтың егіншілік өнімдерін өзі өңдейтіндігін, айырбас пен еңбек бөлінісі жоққа тән екендігін ғана көрсетеді. Демек, eo ipso * товар шаруашылығының дамуы халықтың егіншіліктен барған сайын көп бөлініп шығатынын, яғни егінші халықтың есебінен өнеркәсіп халқының өсетінін көрсетеді. *«Өзінің табиғаты жөнінен алғанда капиталистік өндіріс әдісі егіншілікке жатпайтын халықпен салыстырғанда егіншілікте істейтін халықты үнемі азайтып отырады,* өйткені өнеркәсіпте (тар мағынасында алғанда) өзгермелі капиталдың біршама азаюына қарамастан, тұрақты капиталдың өзгермелі капитал есебінен көбеюі өзгермелі капиталдың аб-

* — сонымен қабат. *Ред.*

солютті түрде өсуіне байланысты болады. Мұның керісінше, егіншілікте белгілі бір жер учаскесін өңдеу үшін қажет болатын өзгермелі капитал абсолютті түрде азаяды; демек, жаңа жер өңделетін жағдайда ғана өзгермелі капиталдың өсуі мүмкін болады, ал бұл да егіншілікке жатпайтын халықтың онан сайын көбеюін керек етеді» («Das Kapital», III, 2, 177. Орысша аудармасы, 526-бет) [16]. Сонымен, егінші халықтың есесінен сауда-өнеркәсіп халқы көбеймейінше капитализм болмайды, ал бұл құбылыстың капиталистік елдердің барлығында барынша айқын көрінетінін әркім-ақ біледі. Бұл жағдайдың ішкі рынок туралы мәселе жөнінде орасан зор маңызы бар екендігін дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен, өйткені мұның өзі өнеркәсіп эволюциясымен де, егіншілік эволюциясымен де тығыз байланысты; өнеркәсіп орталықтарының құрылуы, олардың санының көбеюі және олардың халықты өзіне тартуы деревняның бүкіл құрылысына өте күшті әсер етпей қоймайды, сауда егіншілігі мен капиталистік егіншіліктің өсуін туғызбай қоймайды. Халықшылдық экономия өкілдерінің бұл заңды өздерінің таза теориялық пайымдауларында да, Россиядағы капитализм туралы пайымдауларында да мүлде бұрмалап жүргендігі өте бір есте болатын нәрсе (бұл заңның Россиядағы көріністерінің ерекшеліктері туралы біз төменде, VIII тарауда, толық айтпақпыз). В. В. мен Н.— он мырзалардың капитализмге арналған ішкі рынок туралы теорияларында бір ұсақ нәрсе: халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке қарай ойысуы және бұл фактінің егіншілікке тигізетін әсері қалып қойған *.

### III. ҰСАҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КҮЙЗЕЛУІ

Біз бұған дейін жай товар өндірісі жөнінде сөз етіп келдік. Енді біз капиталистік өндіріске көшеміз, яғни алдымызда жай товар өндірушілердің орнына, бір жағы-

---

* Индустрия халқының өсуі жайындағы мәселеге Батыс Европа романтиктері мен орыс халықшылдарының көзқарастары бірдей екендігі жөнінде біз «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және өз еліміздің сисмондишілдері» деген мақалада айтқан болатынбыз. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, *Ред.)*

нан, өндіріс құрал-жабдықтарының иесі, екінші жағынан — жалдама жұмысшы, жұмыс күшін сатушы тұр деп қараймыз. Ұсақ өндіруші жалдама жұмысшыға айналғанда ол өндіріс құрал-жабдықтарынан — жерден, еңбек құралдарынан, шеберханадан, т. с. айрылады — яғни ол «кедейлікке ұшырайды», «күйзеледі». Бұл күйзелу «халықтың сатып алу қабілетін азайтады», капитализмнің «ішкі рыногын азайтады» деген көзқарас туады (Н.— он мырза, l. c.*, 185-бет. Соның 203, 275, 287, 339—340 және басқа беттері. В. В. мырзаның көптеген шығармаларында да осындай пікір айтылған). Біз бұл процестің Россияда қалай жүріп жатқаны жайында нақты мәліметтерге бұл арада тоқталмаймыз,— келесі тарауларда біз бұл мәліметтерді толық қарап өтеміз. Ал қазір мәселе тек теориялық жағынан ғана қойылып отыр, яғни капиталистік өндіріске айналып келе жатқан жалпы товар өндірісі туралы қойылып отыр. Жоғарыда көрсетілген жазушылар да бұл мәселені теориялық жағынан қояды, яғни ұсақ өндірушілердің күйзелуінің өзінен-ақ ішкі рынок азаяды деген қорытынды шығарады. Бұл көзқарас мүлде қате, ал біздің экономикалық әдебиеттен бұл көзқарастың тырмысып қалмай жүргендігін тек халықшылдардың романтиктік соқыр сенімдерінен деп қана түсіндіруге болады (ескертуде көрсетілген мақаланы салыстырыңыз **). Өндірушілердің бір бөлігінің өндіріс құрал-жабдықтарынан «босауы» бұл құрал-жабдықтарды қажетті түрде басқалардың қолына көшіруді, оларды капиталға айналдыруды керек ететінін ұмытып жүргендер бар; — демек, осы өндіріс құрал-жабдықтарының жаңа иелері бұрын өндірушінің өз тұтынуына кететін өнімдерді товар түрінде өндіретін болады, яғни ішкі рынокты кеңейтеді; — бұл жаңа иеленушілер өздерінің өндірісін кеңейте отырып, жаңа құралдардың, шикізаттардың, транспорт құралдарының, т. б., сондай-ақ тұтыну заттарының да рынокта болуын керек етеді (бұл жаңа иеленушілердің баюы, әлбетте, олардың тұтынатын заттарының да көбеюін керек етеді). Рынокқа өн-

* — loco citato — цитат алынған жерде. *Ред.*
** Осы том, 25-бет. *Ред.*

дірушінің әл-ауқаты емес, оның қолындағы ақша қаржылары қажет екендігін ұмытатындар бар; бұрын көбінесе натуралды шаруашылықпен шұғылданып келген патриархтық шаруаның әл-ауқатының төмендеуі оның қолында ақша қаржыларының көбейе түсуімен кәміл орайласып жатады, өйткені мұндай шаруа неғұрлым күйзелген сайын, соғұрлым өзінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады, ол соғұрлым өзінің өмір сүруіне керекті нәрселердің (мұндай нәрселері өте шағын болғанымен) көпшілігін рыноктан сатып алуға тиіс болады. «Село халқының бір бөлігінің (жерден) босатылуымен бірге олардың бұрынғы тіршілік заттары да босайды. Бұлар енді өзгермелі капиталдың» (жұмыс күшін сатып алуға жұмсалатын капиталдың) «заттық элементтеріне айналады» («Das Kapital», I, 776) [17]. «Село халқының бір бөлігін экспроприациялау және қуып жіберу өнеркәсіп капиталисі үшін жұмысшылармен бірге олардың күн көріс құралдарын және олардың жұмыс материалын босатып қана қоймай, оның үстіне *ішкі рынокты да құрады»* (ibid.*, 778) [18]. Сонымен, абстракт-теориялық тұрғыдан алып қарағанда, товар шаруашылығы мен капитализм дамып отырған қоғамда ұсақ өндірушілердің күйзелуі Н.— он мен В. В. мырзалардың ойлағанындай болмай, нақ керісінше болып отыр, ішкі рыноктың азаюы емес, қайта оның құрылуы болып отыр. Ал орыстың ұсақ өндірушілерінің күйзелуі — ішкі рыноктың азаюы болып табылады деп a priori ** жариялайтын Н.— он мырза сонымен бірге Маркстің әлгінде келтірілген қарсы пікірлерін цитат етіп алса («Очерктер», 71 және 114-беттер), мұның өзі бұл жазушының «Капиталдан» алынған цитаттармен өзін өзі соққылауға тамаша қабілеті бар екенін ғана дәлелдейді.

## IV. ҮСТЕМЕ ҚҰНДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ МҮМКІН ЕМЕСТІГІ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ТЕОРИЯ

Ішкі рынок теориясындағы келесі мәселе мынау. Капиталистік өндірісте өнімнің құны мынадай үш бөлімге бөлінетіндігі белгілі: 1) бірінші бөлімі тұрақты ка-

---

* — ibidem — сонда. *Ред.*
** — алдын ала. *Ред.*

питалдың орнын толтырады, яғни шикізаттар мен қосымша материалдар түрінде, машиналар мен өндіріс құралдары түрінде, тағы сондайлар түрінде бұрын да өмір сүріп келген және даяр өнімнің белгілі бір бөлігінде болатын құнның орнын толтырады; 2) екінші бөлімі өзгермелі капиталдың орнын толтырады, яғни жұмысшыға жұмсалған қаражатты өтейді және, ақырында, 3) үшінші бөлімі капиталистің иелігіне түсетін қосымша құн болады. Әдетте (бұл мәселені біз Н.— он мен В. В. мырзалардың бағытында баяндаймыз) өнімнің алғашқы екі бөлімін орналастыру (яғни тиісті эквивалентін табу, рынокта өткізу) қиындық келтірмейді, өйткені бірінші бөлім өндіріске жұмсалады, ал екінші бөлім — жұмысшы табының тұтынуына жұмсалады. Ал 3-бөлім — қосымша құн қалай орналастырылады? Қосымша құнды капиталистердің түгелімен тұтынуы мүмкін емес қой! Сондықтан біздің экономистер үстеме құнды [19] орналастыру жөніндегі «қиыншылықтан шығудың» жолы — «сырттан рынок табу» деген қорытындыға келеді (Н.— он, «Очерктер», II бөлім, жалпы § XV, әсіресе 205-бет; В. В.-ның 1883 жылғы «Отечественные Запискидегі» «Рынокқа шығарылатын товарлардың артып қалуы» деген мақаласы және «Теориялық экономия очерктері», СПБ, 1895 ж., 179 және келесі беттер). Бұл аталған жазушылар капиталистік ұлтқа сыртқы рыноктың қажет болатын себебі — капиталистер өнімдерін басқа жолмен өткізе алмайды деп түсіндіреді. Шаруалардың күйзелуі салдарынан және үстеме құнды сыртқы рыноксыз орналастырудың мүмкін еместігі салдарынан Россиядағы ішкі рынок азаяды, ал сыртқы рынокқа капиталистік даму жолына тым кеш түскен жас елдің қолы жетпейді,— сондықтан орыс капитализмінің негізсіз екендігі және оның өлі туған құр сүлдер екендігі жорамал (оның үстіне теория жағынан теріс) пікірлер арқылы дәлелденетін көрінеді!

Н.— он мырза орналастыру туралы пікір айтқанда Маркстің осы жайындағы ілімі жөнінде (өзінің «Очерктерінің» сол жерінде Маркс туралы жұмған аузын ашпағанымен) сөз еткен болуы керек, бірақ ол мұны мүл-

де түсінбей, адам айтқысыз етіп бұрмалаған, мұның осылай екенін қазір біз көреміз. Сондықтан мынадай өрескелдікке жол берілген: Н.— он мырзаның көзқарасы барлық елеулі мәселелер жөнінде де В. В. мырзаның көзқарасына сәйкес келіп отыр, ал В. В. мырзаны теорияны «түсінбейді» деп ешбір айыптауға болмайды, өйткені оның теориямен зәредей болса да таныстығы бар деп ойлаудың өзі барып тұрған әділетсіздік болар еді. Бұл авторлардың екеуі де өз ілімдерін осы тақырып жайында тұңғыш рет өздері сөз етіп отырған сияқтанып, «өз ақылы» бойынша белгілі бір тоқтамдарға келген сияқтанып баяндайды; бұлардың екеуі де кеудесін көкке көтеріп, бұрынғы экономистердің бұл мәселе жөнінде айтқан пікірлерін елемейді, сондықтан екеуі де «Капиталдың» II томында мықтап тойтарыс берілген ескі қателерді қайталап отыр *. Бұл авторлардың екеуі де өнім өткізу туралы мәселені бүтіндей үстеме құнды орналастыру мәселесіне саяды, олар, сірә, тұрақты капиталды орналастыру қиындық келтірмейді деп ойлайтын болуы керек. Қатенің ең үлкені осы аңғал көзқараста болып отыр, халықшылдардың орналастыру жөніндегі ілімінің бұдан былайғы қателерінің барлығы осы қатеден туған. Шындығына келгенде, орналастыруды түсіндірген кездегі мәселенің қиындығы нақ сол тұрақты капиталды орналастыруды түсіндіруде болып отыр. Орналастыру үшін тұрақты капитал қайтадан өндіріске түсуі керек, ал мұның өзі өнімі өндіріс құрал-жабдықтарынан құралатын капитал үшін ғана тікелей жүзеге асады. Егер капиталдың тұрақты бөлімінің орнын толтыратын өнім тұтыну заттарынан құралатын болса, онда оның өндіріске тікелей бағытталуы мүмкін емес, бұл арада қоғамдық өнімнің өндіріс құрал-жабдықтарын даярлайтын бөлімшелері мен тұтыну затта-

* Бұл ретте В. В. мырзаның батылдығы адам таңқаларлықтай, оның бұл батылдығы әдебиет жүзінде мүмкін нәрсенің барлық шектерінен асып түсіп отыр. В. В. мырза өзінің ілімін баяндай келіп, «Капиталдың» нақ сол орналастыру туралы сөз болатын екінші томымен мүлде таныс емес екендігін жұртқа көрсетіп алып, салған жерден, ретсіз [20]— мен «өзімнің жобаларым үшін» нақ Маркстің теориясын «пайдаландым»!! деп мәлімдейді («Теориялық экономия очерктері», III очерк. «Өндірудің, бөлудің және тұтынудың капиталистік заңы (sic?!)», 162-бет.)

рын даярлайтын бөлімшелерінің арасында *айырбас* болуы қажет. Мәселенің барлық қиыншылығы дәл осы пунктте, мұны біздің экономистер *байқамаған*. В. В. мырза істі жалпы алғанда былай түсінеді: капиталистік өндірістің мақсаты бейне бір қорлану емес, тұтыну болатын сияқты, сөйтіп ол «организмнің тұтыну қабілеттері дамуының қазіргі кезінде» (l. c., 149) «бұл тұтыну қабілеттерінен асып түсетін толып жатқан материалдық заттар азшылықтың қолына түседі» (sic! *), «өнімдердің артып қалуының себебі фабриканттардың сыпайылығынан және ұстамдылығынан емес, өзінің тұтыну қабілетін қосымша құнның өсетініндей шапшаңдықпен күшейтіп үлгере алмайтын адам организмінің шектеулі болғандығынан немесе икемділігінің жеткіліксіздігінен (!!)» (ib., 161) деп тереңнен толғай пікір айтқапсиды. Н.— он мырза істі былайша көрсетуге: өзі тұтынуды капиталистік өндірістің мақсаты деп санамайтын сияқты етіп, орналастыру туралы мәселеде өндіріс құрал-жабдықтарының ролі мен маңызын еске алатын сияқты етіп көрсетуге тырысады, шынына келгенде, ол толып жатқан қайшылықтарға шырмалып, бүкіл қоғамдық капиталдың айналыс процесі мен ұдайы өндіріс процесін мүлде түсінбейді. Біз бұл қайшылықтардың (Н.— он мырзаның «Очерктерінің» 203—205-беттері) барлығын талдауға толық тоқталып жатпаймыз — мұның өзі ешқандай абырой әпермейтін міндет (Булгаков ** мырза бұл міндетті өзінің «Капиталистік өндіріс тұсындағы рыноктар туралы» дейтін кітабында ішінара орындаған болатын. М. 1897, 237—245-беттер), ал оның үстіне Н.— он мырзаның пікірлеріне берілген жаңағы бағаны дәлелдеу үшін оның ақтық қорытындысын, атап айтқанда, сыртқы рынок — үстеме құнды орналастыру жөніндегі қиыншылықтан шығудың жолы деген қорытындысын талдаудың өзі де жеткілікті. Н.— он мырзаның бұл қорытындысы (ду-

---

* — солай! *Ред.*

** Булгаков мырзаның, сонымен қатар төменде жиі аталатын Струве мен Туган-Барановский мырзалардың 1899 жылы марксист болуға тырысқандығын қазіргі оқушының есіне салу артық болмайды. Қазір бұлардың бәрі «Марксті сынаушылардан» нағыз барып тұрған буржуазияшыл экономистерге айналып үлгерді. *(2-басылуына ескерту [2].)*

# Das Kapital.

## Kritik der politischen Oekonomie.

Von

**Karl Marx.**

Zweiter Band.

Buch II: Der Cirkulationsprocess des Kapitals.

Herausgegeben von Friedrich Engels.

---



---

**Hamburg**
Verlag von Otto Meissner.
**1885.**

К. Маркстің «Капиталының» екінші томының немісше басылуының (1885 ж.) титул парағы;
В. И. Ленин осы басылуын пайдаланған.

рысында, мұның өзі В. В. мырзаның қорытындысын сол күйінде қайталағандық болып табылады) оның капиталистік қоғамдағы өнімнің орналасуын да (яғни ішкі рынок теориясын), сыртқы рыноктың ролін де мүлде түсінбегендігін мейлінше айқын көрсетеді. Шындығына келгенде, «орналастыру» туралы мәселеге сыртқы рынокты әкеліп қосақтауда зәредей болса да дұрыс мағына бар ма? Орналастыру туралы мәселенің түйіні — капиталистік өнімнің әрбір бөлімі үшін құн жағынан (тұрақты капитал, өзгермелі капитал және үстеме құн) және оның материалдық формасы жағынан (өндіріс құрал-жабдықтары, тұтыну заттары, атап айтқанда қажетті заттар мен сән-салтанат заттары) рынокта соның орнын басатын өнімнің басқа бір бөлігін қалай табу керек екенінде. Әрине, бұл жерде сыртқы сауданы абстракт түрде қарау керек, өйткені оны мұнда сүйреп әкеліп тіркестіру мәселенің шешілуін зәредей де алға жылжытпайды, қайта мәселені бір елден бірнеше елге таратып, оның шешілуін алыстата түседі. Үстеме құнды орналастыру жөніндегі «қиыншылықтан шығу жолын» сыртқы саудадан тапқан нақ сол Н.— он мырза, мәселен, жалақы туралы мынадай пікір айтады: жылдық өнімнің тікелей өндірушілер — жұмысшылар жалақы ретінде алатын бөлігіне «өмір сүру қаражаттарының құны жағынан жалақының жалпы сомасына тең келетін бөлігін ғана айналыстан алуға болады» (203) дейді. Белгілі бір елдің капиталистері өмір сүру қаражаттарын саны мен сапасы жағынан жалақы арқылы орналасатындай етіп өндіретінін біздің экономист қайдан біледі? деген сұрақ туады. Бұлай болған күнде сыртқы рыноксыз-ақ күн көруге болатындығын ол қайдан біледі? Оның мұны біле алмайтындығы, оның сыртқы рынок туралы мәселені әдейі қалдырып кеткені айқын, өйткені өзгермелі капиталды орналастыру туралы пікірдегі маңызды нәрсе — өнімнің бір бөлігін екінші бір бөлігінің алмастыруы, ал бұл алмастыру бір елдің ішінде бола ма, немесе екі елдің ішінде бола ма,— мұның маңызы шамалы. Бірақ та ол үстеме құн жөнінде

осы қажетті тиянақтан шегініп отыр және сыртқы рынок туралы сөз етіп, мәселені шешудің орнына мәселеден әдейі жалтарып отыр. Сыртқы рынокта өнімді өткізудің өзі түсіндіруді талап етеді, яғни өнімнің өткізілетін бөлігі үшін эквивалент табуды, капиталистік өнімнің бірінші бөлігін ауыстыра алатын екінші бөлігін табуды талап етеді. Міне, сондықтан да Маркс: орналастыру туралы мәселені талқылағанда сыртқы рынокты, сыртқы сауданы «еске алудың ешбір керегі жоқ», өйткені «жыл сайын қайта өндірілетін өнім құнын талдауға сыртқы сауданы әкеліп енгізу нақты міндетке де, оны шешуге де жаңа серпін туғызбай, істі тек шатастырып жіберуі мүмкін» дейді («Das Kapital», II, 469) [22]. В. В. және Н.— он мырзалар үстеме құнды орналастыру жөніндегі қиыншылықты көрсеткендіктен, капитализмнің қайшылықтарына терең баға бердік деп ойлады. Ал шынына келгенде олар капитализмнің қайшылықтарын өте үстірт бағалады, өйткені орналастырудың «қиыншылықтары» туралы, бұдан туатын дағдарыстар және сондайлар туралы айтқаннан кейін, бұл «қиыншылықтардың» мүмкін екендігі былай тұрсын, тек жалғыз үстеме құн жөнінде ғана емес, сонымен қатар капиталистік өнімнің барлық бөліктері жөнінде де олардың болуы қажет екенін мойындау керек. Өндірістің әр түрлі салаларының тең бөлінбеуіне байланысты әлгі сияқты қиыншылықтар тек үстеме құнды орналастыру кезінде ғана емес, сонымен қатар өзгермелі капитал мен тұрақты капиталды орналастыру кезінде де ылғи туып отырады; бұл қиыншылықтар тұтыну заттары ретіндегі өнімді орналастыруда ғана емес, сонымен қатар өндіріс құрал-жабдықтары ретіндегі өнімді орналастыруда да туып отырады. Бұл сияқты «қиыншылықтар» мен дағдарыстарсыз капиталистік өндіріс, өздеріне белгілі емес дүние жүзілік рынок үшін зат шығаратын жекеленген өндірушілердің өндірісі жалпы алғанда өмір сүре алмайды.

### V. А. СМИТТІҢ КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ БҮКІЛ ҚОҒАМДЫҚ ӨНІМНІҢ ӨНДІРІЛУІ МЕН АЙНАЛЫСҚА ТҮСУІ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ БҰЛ КӨЗҚАРАСТАРДЫ МАРКСТІҢ СЫНАУЫ

Орналастыру туралы ілімді түсіну үшін, біз әңгімені Ад. Смиттен бастауға тиістіміз, ол осы мәселе жөнінде Маркске дейінгі саяси экономияда жеке-дара үстемдік етіп келген қате теорияның негізін салды. А. Смит товардың бағасын тек екіге ғана бөлді: өзгермелі капитал (оның терминологиясы бойынша жалақы) және үстеме құн (ол «пайда» мен «рентаны» бірге қоспайды, сөйтіп оның есебінше дұрысында барлығы үш бөлім болып шығады) *. Ол товарлардың барлық жиынтығын да, қоғамның бүкіл жылдық өнімін де әлгі бөлімдерге дәл сол сияқты етіп бөледі де, оларды тура қоғамның екі табының: жұмысшылар мен капиталистердің (Смиттің айтуынша, кәсіпкерлер мен жер иеленушілердің) «табысына» тікелей жатқызды **.

Құнның үшінші бір құрамды бөлімін — тұрақты капиталды оның тастап кетуі не нәрсеге негізделген? Ад. Смиттің бұл бөлімді көрмеуі мүмкін емес, бірақ ол бұл бөлім де жалақы мен үстеме құнға кіреді деп ойлады. Оның бұл тақырып жайындағы пікірі мынау: «Мысалы, астық бағасының бір бөлігі жер иесінің рентасын өтейді, екінші бөлігі — жалақыны немесе осы астықты өндіру үшін пайдаланылған қызметкер мен жұмыс көлігін ұстауға кететін қаржыны өтейді, ал үшінші бөлігі — пайда — фермердің қалтасына түседі. Осы үш бөлім тікелей немесе сайып келгенде, сірә, астықтың бүкіл бағасын құрайтын болса керек. Мүмкін, фермердің капиталының орнын толтыру үшін немесе оның жұмыс көлігінің және егіншілік шаруашылығының басқа құралдарының тозығының орнын тол-

* *Adam Smith*. «An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations», 4-басылуы, 1801. vol. I, p. 75 (*Адам Смит*. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу», 4-басылуы, 1801, I том, 75-бет. *Ред.*). I кітап: «Еңбектің өндіргіш күшінің арту себептері туралы және халықтың әр түрлі топтары арасында еңбек өнімін бөлудің табиғи тәртібі туралы», 6-тарау: «Товарлар бағасының құрамды бөлімдері туралы». Бибиковтың орысша аудармасы (СПБ. 1866), I том, 171-бет.

** L. c., I, p. 78. Орысша аудармасы, I, 174-бет.

тыру үшін төртінші бір бөлімнің болуы қажет деп ойлауға да болар. Бірақ шаруашылықтағы қандай да болсын құралдың, мәселен, жұмыс атының, бағасының өзі сол әлгі 3 бөлімнен» (атап айтқанда: рентадан, пайдадан және жалақыдан) «құралатындығын еске алу керек». «Сондықтан, астықтың бағасы аттың бағасын және оны күтіп ұстауға жұмсалған қаржыны өтегенімен, бірақ астықтың толық бағасы, тікелей немесе сайып келгенде, нақ сол үш бөлімге: рентаға, жалақыға және пайдаға бөлінеді» *. Маркс Смиттің бұл теориясын «ғажап» теория деп атайды. «Оның дәлелі бәзбаяғы бір пікірді жай қайталауда болып отыр» (II, S. 366) [23]. Смит «бізді Понтийден Пилатқа сілтеп отыр» (I. B., 2. Aufl., S. 612 **) [24]. Смит шаруашылық құралдарының бағасының *өзі* сол үш бөлімге бөлінеді дегенде осы құралдарды даярлаған кезде пайдаланылған өндіріс құрал-жабдықтарының бағасына да бөлінеді дегенді қоса айтуды ұмытып кетіп отыр. А. Смиттің (сол сияқты кейінгі экономистердің де) капиталдың тұрақты бөлігін өнімнің бағасынан қателесіп шығарып тастауы оның капиталистік шаруашылықтағы қорлануды қате түсінуіне, яғни өндірістің кеңеюін, үстеме құнның капиталға айналуын қате түсінуіне байланысты. А. Смит үстеме құнның қорланатын, капиталға айналатын бөлігін өндіруші жұмысшылар толық тұтынады, яғни бұл бөлім түгелдей жалақыға жұмсалады деп ойлап, тұрақты капиталды бұл арада да тастап кетіп отыр, ал шынына келгенде үстеме құнның қорланатын бөлігі тұрақты капитал (өндіріс құралдары, шикізаттар және қосалқы материалдар) мен жалақыға жұмсалады. Смиттің бұл көзқарасын (сонымен қатар Рикардоның, Милльдің және басқалардың көзқарасын) «Капиталдың» I томында (VII бөлім, «Қорлану процесі», 22-тарау: «Үстеме құнның капиталға айналуы», § 2. «Саяси экономистердің ұдайы ұлғаймалы өндірісті қате түсінуі») сынай келіп, Маркс былай дейді: II томда «А. Смиттің догмасының, оның жолын қуушылардың барлығы да мұра ретінде қабылдаған догманың саяси

* Ibid., v. I, p. 75—76. Орысша аудармасы, I, 171-бет.
** — I том, 2-басылуы, 612-бет. *Ред.*

экономияның қоғамдық ұдайы өндіріс процесінің ең оңай механизмінің өзін түсінуіне кедергі жасағандығы көрсетіледі» (I, 612)[25]. Ад. Смиттің мұндай қатеге ұрынған себебі: ол өнімнің құнын жаңадан жасалған құнмен шатастырды, шынында, жаңадан жасалған құн өзгермелі капитал мен үстеме құнға бөлінеді, ал өнімнің құны мұның үстіне тұрақты капиталға да бөлінеді. Бұл қатені Маркс құнға талдау жасаған кезінде-ақ әшкереледі, ол жаңа құн жасап шығаратын абстрактілі еңбек пен бұрын болған құнды пайдалы өнімнің жаңа формасы арқылы қайтадан жасап шығаратын нақты, пайдалы еңбектің арасында айырма бар екендігін анықтаған болатын[26].

Капиталистік қоғамдағы ұлттық табыс туралы мәселені шешуде бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірілуі және айналысқа түсуі процесін түсіндіру өте қажет. А. Смиттің осы соңғы мәселе туралы сөз ете келіп, елдің бүкіл өнімінен тұрақты капиталды шығарып тастайтын өзінің қате теориясына ендігі жерде тұрақтай алмағандығы өте қызық. «Үлкен елдің барлық тұрғындарының жалпы табысы (gross revenue) олардың жері мен еңбегінің бүкіл жылдық өнімін қамтиды, ал таза табыс (neat revenue), біріншіден, олардың негізгі капиталын, екіншіден, олардың айналмалы капиталын сақтауға жұмсалатын шығындарды шығарып тастағаннан қалғанын қамтиды, яғни таза табыс олардың өз капиталына тиместен тікелей тұтыну үшін немесе тіршілікке, тұрмысқа немесе жан рақатына керекті заттарға жұмсау үшін олардың қорға (stock) айналдыра алатындарын қамтиды» (A. Smith, II кітап. «Қордың табиғаты, жиналуы және жұмсалуы туралы», II тарау, vol. II, p. 18. Орысша аудармасы, II, 21-бет). Сонымен, капитал жалақыға, пайда мен рентаға, яғни (таза) табыстарға бөлінеді деп есептеп, А. Смит елдің бүкіл өнімінен капиталды шығарып тастайды; бірақ ол капиталды тұтыну заттарынан (=таза табыстан) бөліп алып, оны қоғамның жалпы табысына қосады. Маркс Ад. Смитті дәл осы қайшылығынан ұстайды: егер *өнімнің* ішінде *капитал* болмаса, *табыстың* ішінде *капитал* қайдан болады? (Салыстырыңыз: «Das Kapital»,

II, S. 355 [27].) Ад. Смит бұл арада, өзі де байқамай қалып, бүкіл өнім құнының құрамды үш бөлімі бар екенін мойындайды: тек өзгермелі капитал мен үстеме құнды ғана емес, сонымен қатар тұрақты капиталды да мойындайды. Ад. Смит бұдан былайғы пікірінде, орналастыру теориясында орасан зор маңызы бар басқа бір өте күрделі айырмашылыққа да тап болады. Ол былай дейді: «Негізгі капиталды сақтауға жұмсалатын шығындардың барлығы қоғамның таза табысынан шығарылып тасталуға тиіс екендігі анық. Пайдалы машиналарды, өнеркәсіп құралдарын, пайдалы құрылыстарды және басқаларды мұқият сақтауға қажетті материалдар да, *бұл материалдарды жарамды түрге айналдыруға қажетті еңбек өнімі де еш уақытта да таза табыстың бір бөлігі бола алмайды.* Рас, бұл еңбектің бағасы таза табыстың бір бөлігі болуы мүмкін, өйткені осы еңбекпен шұғылданып отырған жұмысшылар өздерінің жалақысының барлық құнын тікелей тұтыну қорына айналдыра алады». Бірақ еңбектің басқа түрлерінде «баға да» (еңбектің), «өнім де» (еңбектің) «тікелей тұтынудың осы қорына кіреді: атап айтқанда — еңбектің бағасы жұмысшылардың қорына, ал өнім — басқа адамдардың корына кіреді» (A. Smith, ibid.). Бұл арада еңбектің екі түрін айыра білу қажет екендігін сезінгендік байқалады: оның бір түрі — «таза табысқа» кіре алатын тұтыну заттарын беретін еңбек; екінші түрі — «пайдалы машиналарды, өнеркәсіп құралдарын, құрылыстарды және басқаларды», яғни жеке адамның тұтынуына еш уақытта кіре алмайтын заттарды беретін еңбек. Бұдан орналастыруды түсіндіру үшін тұтынудың екі түрін: жеке адамның тұтынуы мен өндірістік тұтынуды (=өндіріске айналуды) айыра білудің сөзсіз қажет екендігін мойындауға бір-ақ адым қалады. Смиттің жоғарыда көрсетілген екі қатесін (өнімнің құнынан тұрақты капиталды шығарып тастауын және жеке адамның тұтынуы мен өндірістік тұтынуды шатастыруын) түзеу Маркстің капиталистік қоғамда қоғамдық өнімді орналастыру жөніндегі тамаша теориясын құруына мүмкіндік берді.

Ад. Смит пен Маркстің арасындағы уақыттың ішінде өмір сүрген басқа экономистерге келсек, олардың бәрі де Ад. Смиттің қатесін қайталап отырды *, сондықтан олар бір адым да ілгері басқан жоқ. Сондықтан табыс туралы ілімдерде қандай шатасқандық орын алып отырғаны туралы біз кейінірек айтпақпыз. Товардың жалпы артық өндірілуінің мүмкіндігі жөнінде бір жағынан — Рикардо, Сэй, Милль және басқалардың, екінші жағынан — Мальтус, Сисмонди, Чомерс, Кирхман және басқалардың арасында болған таласта, осылардың екі жағы да Смиттің қате теориясына сүйенді, сондықтан, С. Булгаков мырзаның дұрыс атап көрсеткеніндей, «негізгі көзқарастардың терістігінен және проблеманың өзін теріс сипаттағандықтан, бұл таластар тек бос сөз және схоластикалық мылжың сөз ғана болып шықты» (l. с., 21-бет. Бұл мылжың сөздердің баяндалуын Туган-Барановскийдің «Өнеркәсіп дағдарыстары және т. т.». СПБ. 1894, 377—404-беттер деген еңбегінен қараңыз).

### VI. МАРКСТІҢ ОРНАЛАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ

Маркстің теориясының жасалуына негіз болған тіректердің мынадай екі қағидадан құралатындығы жоғарыда айтылғандардан өзінен өзі-ақ байқалып тұр. Бірінші қағида бойынша — капиталистік елдің барлық өнімі, жеке өнім сияқты, мынадай үш бөлімнен құралады: 1) тұрақты капитал, 2) өзгермелі капитал, 3) үстеме құн. Капитал өндірісінің процесіне Маркстің «Капиталының» I томында жасалған талдаумен таныс кісіге бұл қағида өзінен өзі түсінікті. Екінші қағида бойынша капиталистік өндірістің басты-басты екі бөлімшесін, атап айтқанда (I бөлімшені) өндіріс құрал-жабдықтарының — өнімді тұтынуға, яғни өндіріске жұмсауға арналатын, адамдар емес, капитал тұтынатын заттардың өндірісін және (II бөлімшені) тұтыну заттарының, яғни жеке адамның тұтынуына кететін заттардың өн-

* Мәселен, Рикардо былай дейді: «Әрбір елдің жерінің және еңбегінің барлық өнімі үшке бөлінеді: бұлардың бірі істелген жұмыстың ақысына, екіншісі пайдаға, үшіншісі рентаға арналады» («Шығармалар», Зибердің аудармасы. СПБ. 1882, 221-бет).

дірісін айыра білу қажет. «Рыноктар теориясы жөніндегі бұрынғы мылжыңсөздердің барлығынан да гөрі тек осы бөлудің өзінде ғана көбірек теориялық мағына бар» (Булгаков, l. c., 27). Дәл қазір, қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісіне талдау жасалып жатқан кезде өнімдерді олардың заттай формасы бойынша бұлай бөлу не үшін қажет болды; өйткені жеке капиталдың өндірісі мен ұдайы өндірісіне талдау жасалғанда өнімнің заттай формасы жайындағы мәселе мүлде елеусіз қалдырылып, бұлайша бөлу болған жоқ еді ғой, деген сұрақ туады. Бүтіндей өнімнің айырбас құнына негізделген капиталистік шаруашылықты теория жағынан зерттеу ісіне өнімнің заттай формасы жайындағы мәселені біз қандай негізге сүйеніп енгізіп отырмыз? Әңгіме мынада: жеке капиталдың өндірісіне талдау жасағанда өнімнің қай жерде және қалай сатылатындығы туралы, жұмысшылардың тұтыну заттарын, ал капиталистердің өндіріс құрал-жабдықтарын қай жерде және қалай сатып алатындығы туралы мәселе бұл талдауға еш нәрсе бермейтін және оған қатысы жоқ мәселе ретінде кейінге қалдырылып отыр. Онда өндірістің жеке элементтерінің құны туралы және өндірістің нәтижесі туралы мәселе ғана қаралуға тиіс болды. Ал қазір мәселе дәл мынада болып отыр: жұмысшылар мен капиталистер өздерінің тұтынатын заттарын қайдан алады? капиталистер өндіріс құрал-жабдықтарын қайдан алады? өндірілген өнім осы тілектердің барлығын қалай қанағаттандырады және өндірісті кеңейтуге қалай мүмкіндік береді? Демек, біз бұл арада тек «құнның өтелуі ғана емес, сонымен қатар өнімнің заттық формасының өтелуін де» (Stoffersatz.— «Das Kapital», II, 389) [28] айтып отырмыз, сондықтан қоғамдық шаруашылық процесінде қилы-қилы міндет атқаратын өнімдерді айыра білу сөзсіз қажет.

Бұл негізгі қағидалар еске алынғаннан кейін, капиталистік қоғамда қоғамдық өнімді орналастыру жөніндегі мәселе қиын болмайды. Әуелі жай ұдайы өндірісті, яғни өндіріс процесінің бұрынғы мөлшерлерде қайталануын, қорланудың болмайтын кезін алайық. Мұнда II бөлімшенің өзгермелі капиталы мен үстеме құнының

(бұлар тұтыну заттары формасында болады) осы бөлімшенің жұмысшылары мен капиталистерінің өздерінің тұтынуы арқылы орналасатындығы айқын (өйткені жай ұдайы өндірісте қосымша құн түгел тұтынылады, сондықтан оның бірде-бір бөлігі капиталға айналмайды). Содан соң, өндіріс құрал-жабдықтары формасында (I бөлімше) болып отырған өзгермелі капитал мен үстеме құн орналастырылу үшін өндіріс құрал-жабдықтарын дайындаумен шұғылданатын жұмысшылар мен капиталистердің тұтынатын заттарына айырбасталуы керек. Екінші жағынан, тұтыну заттары формасында (II бөлімше) болып отырған тұрақты капитал да, келесі жылы қайтадан өндіріске айналуы үшін, өндіріс құрал-жабдықтарына айырбасталу арқылы орналастырылады, басқаша орналастырылуы мүмкін емес. Сөйтіп, тұтыну заттарындағы тұрақты капиталға айырбастап біз өндіріс құрал-жабдықтарындағы өзгермелі капитал мен үстеме құнды аламыз: жұмысшылар мен капиталистер (өндіріс құрал-жабдықтары бөлімшесіндегі) өмір сүру заттарын алады, ал капиталистер (тұтыну заттары бөлімшесіндегі) өздерінің өнімін өткізіп, жаңа өндіріске арнап тұрақты капитал алады. Жай ұдайы өндіріс жағдайында осы айырбасталатын бөлімдер өзара тең болуға тиіс: өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы өзгермелі капитал мен үстеме құнның сомасы тұтыну заттары формасындағы тұрақты капиталға тең болуы керек. Керісінше, егер ұлғаймалы ұдайы өндірісті, яғни қорлануды алсақ, онда біріншінің мөлшері екіншінікінен көп болуы керек, өйткені *жаңа* өндірісті бастау үшін өндіріс құрал-жабдықтары артылып отыруы керек. Алайда жай ұдайы өндіріске қайта оралайық. Бізде қоғамдық өнімнің орналастырылмаған әлі де бір бөлігі, атап айтқанда, өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы тұрақты капитал қалып отыр. Мұның өзі, бір жағынан, осы бөлімшенің капиталистері арасында болатын айырбас арқылы орналасады (мәселен, тас көмір темірге айырбасталады, өйткені бұл өнімдердің әрқайсысы басқа бір өнімді өндіруге қажетті материал немесе құрал болып табылады), ал, екінші жағынан, тікелей өндіріске айналу арқылы да орналасады (мәселен, бір кә-

сіпорында шығарылған тас көмірдің тағы да сол жерде көмір шығару үшін пайдаланылуы; ауыл шаруашылығындағы астық, т. т.). Қорлану мәселесіне келсек, біздің байқауымызша, оның шығар жері — өндіріс құрал-жабдықтарының мол болуы (өндіріс құрал-жабдықтары осы бөлімше капиталистерінің үстеме құнынан алынады), олардың мол болуы сондай-ақ тұтыну заттары формасындағы үстеме құнның бір бөлігінің капиталға айналуын керек етеді. Бұл қосымша өндірістің жай ұдайы өндіріспен қалай бірігетіндігі туралы мәселені егжей-тегжейлі қарауды біз артық деп санаймыз. Орналастыру теориясын арнайы қарау біздің міндетімізге жатпайды, ал халықшыл-экономистердің қателерін анықтау үшін және ішкі рынок туралы белгілі бір теориялық қорытындылар жасауға мүмкіндік туғызу үшін жоғарыда айтылғанның өзі де жеткілікті *.

Біз көңіл бөліп отырған ішкі рынок туралы мәселе жөнінде Маркстің орналастыру теориясынан шығатын басты қорытынды мынау: капиталистік өндірістің өсуі, демек, ішкі рыноктың да өсуі тұтыну заттарының есебінен гөрі, өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен көп өседі. Басқаша айтқанда: өндіріс құрал-жабдықтарының өсуі тұтыну заттарының өсуін басып озады. Шынында да, біз тұтыну заттары формасындағы тұрақты капиталдың (II бөлімше) өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы (I бөлімше) өзгермелі капитал+үстеме құнға айырбасталатындығын көрдік. Алайда, капиталистік өндірістің жалпы заңы бойынша, тұрақты капитал өзгермелі капиталдан гөрі тез өседі. Демек, тұтыну заттары формасындағы тұрақты капитал тұтыну затта-

* Қараңыз: «Das Kapital», II. Band, III. Abschn. («Капитал», II том, III бөлім [29]. *Ред.*), мұнда қорлану да, тұтыну заттарының қажетті заттар мен сән-салтанат заттарына бөлінуі де, ақша айналысы да, негізгі капиталдың тозуы да, тағы басқалар да толық зерттелген. «Капиталдың» II томымен танысуға мүмкіндігі жоқ оқушыларға С. Булгаков мырзаның жоғарыда цитат келтірілген кітабының Маркстің орналастыру теориясын баяндаған жерін ұсынуға болады. Булгаков мырзаның баяндауы — М. Туган-Барановский мырзаның баяндауынан гөрі («Өнеркәсіп дағдарыстары», 407—438-беттер) қанағаттанарлық баяндау, Туган-Барановский өзінің схемаларын құруда Маркстен өте сәтсіз шегіністер жасап, Маркстің теориясын жеткілікті түсіндірген жоқ; А. Скворцов мырзаның баяндауынан гөрі де қанағаттанарлық баяндау («Саяси экономияны негіздеу». СПБ. 1898, 281—295-беттер), А. Скворцов пайда және рента туралы өте маңызды мәселелер жөнінде теріс көзқараста болып отыр.

# Das Kapital.

## Kritik der politischen Oekonomie.

Von

Karl Marx.

Dritter Band, erster Theil.

Buch III:
Der Gesammtprocess der kapitalistischen Produktion.
Kapitel I bis XXVIII.

Herausgegeben von Friedrich Engels.



Hamburg
Verlag von Otto Meissner.
1894.

К. Маркстің «Капиталының» үшінші томының бірінші бөлімінің немісше басылуының (1894 ж.) мұқабасы; В. И. Ленин осы басылуын пайдаланған.

ры формасындағы өзгермелі капитал мен үстеме құннан гөрі тез өсуге тиіс, ал өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы тұрақты капитал өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы өзгермелі капиталдың (+үстеме құн) өсуін де, тұтыну заттары формасындағы тұрақты капиталдың өсуін де басып озып, бәрінен де гөрі тез өсуге тиіс. Демек, қоғамдық өндірістің өндіріс құрал-жабдықтарын даярлайтын бөлімшесі тұтыну заттарын даярлайтын бөлімшеден гөрі тез өсуге тиіс. Сондықтан капитализм үшін ішкі рыноктың өсуі белгілі дәрежеде жеке адамның тұтынуының өсуіне «тәуелді болмайды», ол көбінесе өндіргіш тұтыну есебінен өседі. Бірақ бұл «тәуелсіздікті» өндіргіш тұтыну жеке адамның тұтынуынан толық қол үзеді екен деп түсіну қате болар еді: өндіргіш тұтыну жеке адамның тұтынуынан тез өсе алады, тез өсуге де тиіс (оның «тәуелсіздігінің» өзі де осыдан әрі бармайды), бірақ сайып келгенде өндіргіш тұтынудың жеке адамның тұтынуымен қашан да байланысты болып отыратындығы өзінен өзі түсінікті. Маркс бұл туралы былай дейді: «Біздің бұдан бұрын көргеніміздей («Капитал», II кітап, III бөлім), тұрақты капитал мен тұрақты капитал арасында тұрақты айналыс болып тұрады»... (Маркс осы бөлімшенің капиталистері арасындағы айырбас арқылы орналасатын өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы тұрақты капиталды айтып отыр) «...бұл айналыс, бір жағынан, ешуақытта жеке тұтынысқа кірмейтіндігі мағынасында оған тәуелсіз, ал бірақ солай бола тұра, ақыр-аяғында жеке тұтыныспен шектеулі де, өйткені тұрақты капитал өндірісі ешуақытта оның өзіне бола жасалмайды, оның жасалатын себебі, бұл тұрақты капитал өнімдері жеке тұтынысқа кіретін өндіріс салаларында көбірек тұтынылады» («Das Kapital», III, 1, 289. Орысша аудармасы, 242-бет) [30].

Тұрақты капиталдың осылай неғұрлым көп қолданылуы — айырбас құнының терминдерінде көрсетілгеніндей, өндіргіш күштердің өте жоғары дәрежеде дамуы, өйткені тез дамитын «өндіріс құрал-жабдықтарының» негізгі бөлімі материалдардан, машиналардан, құралдардан, құрылыстардан және ірі өндіріс пен арнаулы

машина өндірісі үшін жасалған басқа тетіктердің барлығынан құралады. Сондықтан капиталистік өндірістің қоғамның өндіргіш күштерін дамыта отырып, ірі өндіріс пен машиналы индустрияны құра отырып, қоғамдық байлықтың өндіріс құрал-жабдықтарынан құралатын бөлімін де ерекше кеңейтетіндігімен көзге түсетіндігі барынша табиғи нәрсе... «Бұл жөнінде (нақ өндіріс құрал-жабдықтарын даярлау жөнінде) капиталистік қоғамның тағы адамнан айырмашылығы әсте Сениор ойлаған айырмашылықтай емес, оның ойынша, тағының ерекше бір артықшылығы — кейде оның жұмсаған еңбегінің зая кететіні сондай, одан табысқа, яғни тұтыну заттарына айналарлық ешқандай өнім бермейді. Ал шынына келгенде айырмашылық мынада:

a) Капиталистік қоғам өзінің қарамағындағы жылдық еңбектің денін өндіріс құрал-жабдықтарын (демек, тұрақты капиталды) өндіруге қолданады; ал бұларды жалақы формасында да, қосымша құн формасында да табысқа жіктеуге болмайды, бұлар тек капитал ретінде ғана қызмет ете алады.

b) Егер тағы адам садақ, саржа, тас балға, балта, себет, т. с. жасайтын болса,— ол бұған жұмсалған уақытты тұтыну заттарын өндіруден өзге нәрсеге пайдаланғанын, яғни өзінің өндіріс құрал-жабдықтары жөніндегі қажетін өтегенін мүлде айқын сезінеді, бар болғаны сол» («Das Kapital», II, 436. Орысша аудармасы, 333) [31]. Капиталистік қоғамға тән, адамдардың қоғамдық қатынастарын өнімдердің қатынастары етіп көрсететін фетишизмнің салдарынан — әрбір өнімнің белгісіз тұтынушы үшін өндіріліп, белгісіз рынокта өткізілуге тиіс товарға айналуы салдарынан өзінің өндіріске қатынасын осындай «айқын сезінушілік» капиталистік қоғамда жойылды. Өйткені жеке кәсіпкер, өнімнің барлығы бірдей «табыс» береді деп, өзінің өндіріп отырған затының *түріне* мүлде немқұрайды қарайды, ал осы жеке адамның үстірт көзқарасын теоретик-экономистер бүкіл қоғам жөнінде де осылай болады деп түсінді, сөйтіп бұл көзқарас капиталистік шаруашылықтағы бүкіл қоғамдық өнімді ұдайы өндіру процесін түсінуге де кедергі жасады.

Өндірістің (демек, ішкі рыноктың да) көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен дамуы парадокс сияқты болып көрінеді және, сөз жоқ, қайшылық болып табылады. Бұл — нағыз «өндіріс үшін өндіру»,— тұтынуды тиісінше ұлғайтпастан өндірісті ұлғайта беру. Бірақ бұл — доктрина қайшылығы емес, нағыз тұрмыс қайшылығы; бұл — капитализмнің өз табиғатына және қоғамдық шаруашылықтың осы системасының басқа қайшылықтарына сай келетін қайшылық. Тұтынуды тиісінше ұлғайтпастан өндірісті нақ осылай ұлғайта беру капитализмнің тарихи міндетіне де және оның ерекше қоғамдық құрылымына да сай келеді: капитализмнің тарихи міндеті — қоғамның өндіргіш күштерін дамыту болса, оның ерекше қоғамдық құрылымы халық бұқарасына осы техникалық табыстарды пайдаландырмайды. Капитализмге тән өндірісті ұлғайтуға шексіз ұмтылушылық пен халық бұқарасының шектеулі тұтынуының (олардың пролетарлық жағдайы салдарынан шектелген тұтынуының) арасында қайшылықтың бар екенінде күмән жоқ. Ішкі рыноктың азаюы жайындағы, капитализмнің прогресшіл еместігі және т. т. жайындағы көзқарастарымызды дәлелдейді-міс деп халықшылдар қолшына келтіріп жүрген қағидаларда Маркс нақ осы қайшылықты көрсетеді. Бұл қағидалардың кейбіреулері мынадай: «Капиталистік өндіріс әдісіндегі қайшылық: товар сатып алушылар жұмысшылар ретінде рынок үшін маңызды-ақ. Бірақ капиталистік қоғамда өз товары — жұмыс күшін сатушы ретінде жұмысшыларды бағаның минимумімен шектеу тенденциясы бар» («Das Kapital», II, 303) [32].

«... Орналастырудың шарттары... өндірістің әр түрлі тарауларының пропорциялылығымен және қоғамның тұтыну күшімен шектеледі... Өндіргіш күш өркендеген сайын тұтыну қатынастарына тірек болған тар негізге ол соғұрлым қайшылыққа келіп отырады» (ibid., III 1, 225—226) [33]. «Бұл шеңбер, капитал құнын өндірушілер бұқарасын тонап алу және жоқшылыққа ұшырату негізінде аман сақтап, көбейте беруді мүмкін ететін шеңбер өз мақсатына жету үшін капитал лажсыз қолданатын және өндірісті шексіз ұлғайтуға, оқшау мақсат ретін-

дегі өндіріске, еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерін сөзсіз дамытуға қызмет ететін өндіріс әдістеріне үнемі қайшы келіп отырады... Сондықтан, капиталистік өндіріс әдісі материалдық өндіргіш күшті өркендетуге және осы күшке сәйкес келетін дүние жүзілік рынок жасауға арналған тарихи құрал десек, сонымен қатар мұның өзі оның осындай тарихи міндеті мен оның өзіне тән қоғамдық өндіріс қатынастары арасындағы түпкілікті қайшылық болып табылады» (III, 1, 232. Орысша аудармасы, 194-бет) [34]. «Нағыз дағдарыстардың бәрінің түпкі себебі қашан да бұқараның жарлылығы және тұтынуының шектелуі болып қала бермек, бұл шектелу капиталистік өндірістің өндіргіш күштерді соншалық дамытып, ол дамудың шек-шетін қоғамның абсолют тұтыну қабілетіне дейін жеткізуге тырысуына қарсы тұрады» * (III, 2, 21. Орысша аудармасы, 395) [36]. Бұл қағидалардың бәрінде де өндірісті ұлғайтуға шексіз тырысушылық пен шектеулі тұтынудың арасындағы жоғарыда көрсетілген қайшылық айтылған, басқа еш нәрсе де айтылмаған **. «Капиталдың» осы жерінен — Маркс капиталистік қоғамда үстеме құнды орналастыру мүмкін емес депті-міс, ол тұтынудың жеткіліксіздігінен дағдарыстар болады деп түсіндіріпті-міс, т. т. деген қорытынды шығарудан асқан мағынасыздық жоқ. Маркстің

---

* Әйгілі (Герострат сияқты әйгілі) Эд. Бернштейн өзінің «Социализмнің алғы шарттары» («Die Voraussetzungen etc.», Stuttg. 1899, S. 67) [35] деген кітабында дәл осы жерді цитат етіп келтірген. Марксизмді былай тастап, ескі буржуазиялық экономияға қарай беттеген біздің оппортунист, әрине, іле-шала былай дейді: бұл — Маркстің дағдарыстар туралы теориясындағы қайшылық, Маркстің бұл сияқты көзқарасының «Родбертустың дағдарыстар туралы теориясынан айырмашылығы шамалы». Шынына келгенде, «қайшылық», бір жағынан, Бернштейннің қарсылығы және, екінші жағынан, оның мағынасыз эклектизмі мен Маркстің теориясына көңіл тоқтатқысы келмегендігінің арасында ғана болып отыр. Орналастыру теориясын Бернштейннің қаншалықты түсінбегендігі оның қосымша өнімнің орасан зор көлемде өсуі дәулеттілер санының көбеюін (немесе жұмысшылардың әл-ауқатының артуын) *қажетті* түрде көрсетуге тиісті-міс, өйткені капиталистердің өздері, қарай көріңіз, және олардың «қызметшілері» (sic! Seite 51—52) қосымша өнімді түгелімен «тұтына» алмайды, деген нағыз күлкілі пікірінен көрініп отыр!! *(2-басылуына ескерту).*

** Маркс, бұл қағидаларды ұсына отырып, өзінің орналастыруға жасаған талдауына қайшы келеді деп топшылайтын Туган-Барановский мырзаның пікірі қате. («Мир Божий», 1898, № 6, 123-бет, «Капитализм және рынок» деген мақалада). Маркстің айтқандарында ешқандай қайшылық жоқ, өйткені орналастыруға жасаған талдауында да өндіргіш тұтыну мен жеке адамның тұтынуының байланысты екені көрсетілген.

орналастыруға жасаған талдауы «сайып келгенде тұрақты капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы айналыс адамның тұтынуы арқылы шектелетіндігін»[37] көрсетті, сонымен қатар талдау осы «шектелудің» шын сипатын да, ішкі рыноктың құрылуында тұтыну заттары өндіріс құрал-жабдықтарына қарағанда аз міндет атқаратындығын да көрсетті. Содан кейін, капитализмнің қайшылықтарынан — капитализмнің болуы мүмкін емес, ол прогресшіл емес, т. т. деп қорытынды шығарудан асқан сорақылық жоқ, мұның өзі — қолайсыз, бірақ даусыз шындықтан романтикалық қиялдардың мұнар басқан шыңына барып жан сауғалағандық болады. Өндірісті шексіз ұлғайта беруге тырысушылық пен шектеулі тұтынудың арасындағы қайшылық — капитализмнің бірден-бір қайшылығы емес, тегінде капитализм қайшылықтарсыз өмір сүріп, дами алмайды. Капитализмнің қайшылықтары оның тарихи өткінші сипаты бар екендігін дәлелдейді, оның ыдырауының және жоғары формаға айналуының шарттары мен себептерін анықтайды,— бірақ бұл қайшылықтар капитализмнің болуы мүмкін екенін де, қоғамдық шаруашылықтың бұрынғы системаларына қарағанда капитализмнің прогресшіл екенін де ешбір жоққа шығармайды *.

### VII. ҰЛТТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ТЕОРИЯ

Маркстің орналастыру туралы теориясының негізгі қағидаларын баяндағаннан кейін, біз ұлттың «тұтыну», «бөлу» және «табыс» теориясында мұның зор маңызы бар екенін де қысқаша көрсетіп өтуге тиіспіз. Бұл мәселелердің барлығы, әсіресе соңғысы, экономистер үшін осы кезге дейін нағыз сүріндіретін мәселе болып келді. Бұл туралы неғұрлым көп айтылып, көп жазылған сайын, А. Смиттің негізгі қатесінен туатын шатасушылық соғұрлым көбейе түсті. Бұл арада осы шатасушылықтың кейбір түрлерін көрсете кетейік.

* Салыстырыңыз: «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және өз еліміздің сисмондишілдері». (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, *Ред.*)

Мәселен, мынаны көрсете кетудің мәні бар: Прудон ескі теорияға сәл өзгешелеу тұжырым енгізіп, шын мәнінде сол баяғы бір қатені қайталады. Ол былай деді: «*А* (бұған барлық меншік иелері, кәсіпкерлер және капиталистер кіреді) кәсіпті 10 000 франкпен бастайды, бұл франктерден жұмысшылардың алатынын күн ілгері төлеп қояды, бұл үшін жұмысшылар өнім өндіруге тиіс; *А* өзінің ақшасын осылай товарға айналдырған соң, ол өнім өндіріліп бітісімен, мәселен, жыл өткеннен кейін, товарларды қайтадан ақшаға айналдыруға тиіс. Ол өзінің товарын кімге сатады? Әрине, жұмысшыларға сатады, өйткені қоғамда екі-ақ тап бар: бір жағынан — кәсіпкерлер, екінші жағынан — жұмысшылар. Тұрмыс қажеттерін қанағаттандыратын ақы ретінде өздерінің еңбегінің өнімі үшін 10 000 франк алған осы жұмысшылар енді 10 000 франктен артық төлеуге тиіс, атап айтқанда, *А* жыл басында мақсат етіп қойылған процент түрінде және басқадай пайдалар түрінде алатын қосымша пайданы төлеуге тиіс: бұл 10 000 франктің орнын жұмысшылар тек қарызбен ғана толтыра алады, ал осының салдарынан ол борышқа әбден белшесінен батып, қайыршылыққа ұшырайды. Қалайда екінің бірі болуға тиіс: не жұмысшы 10 өндіріп, 9-ын тұтына алады, не ол кәсіпкерге тек өзінің жалақысын ғана төлейді, бірақ онда кәсіпкердің өзі банкрот болып, күйзеледі, өйткені ол капиталға проценттер алмайды, ал бұл проценттерді ол өзі төлеуге мәжбүр болады» (*Diehl.* «Proudhon», II, 200 *, цитат «Өнеркәсіп» деген жинақтан алынды. Мақалалар «Handwörterbuch der Staatswissenschaften» деген кітаптан **. М. 1896, 101-бет).

Мұның өзі, оқушылардың көріп отырғанындай, В. В. және Н.— он мырзалар әурелеиіп жүрген, үстеме құнды қалай орналастыру жөніндегі сол баяғы қиыншылық. Прудон мұны тек біраз ерекше түрде ғана көрсетті. Ал оның тұжырымының бұл ерекшелігі біздің халықшылдарды оған бұрынғыдан да гөрі жақындастыра-

* — *Диль.* «Прудон», II том, 200-бет. *Ред.*
** — «Мемлекеттік ғылымдар сөздігі». *Ред.*

ды: олар да дәл Прудон сияқты «қиыншылық» нақ сол үстеме құнды (Прудонның терминологиясы бойынша, процентті немесе пайданы) орналастыруда деп ойлайды, олар өздері бұрынғы экономистерден алып отырған шатасушылықтың жалғыз үстеме құнды орналастыруды емес, сонымен қатар *тұрақты капиталды* орналастыруды да түсіндіруге кедергі жасайтындығын түсінбейді, яғни өздерінің «қиыншылығының» капиталистік қоғамда өнімді орналастырудың бүкіл процесін түсінбеушілікке келіп тірелетінін түсінбейді.

Прудонның бұл «теориясы» жайында Маркс мысқылдап былай дейді:

«Мұны» (атап айтқанда, капиталистік қоғамда өнімнің орналасуын) «түсінуге қабілетсіз екенін Прудон мынадай тар формуламен білдіреді: l'ouvrier ne peut pas racheter son propre produit (жұмысшы өзінің меншікті өнімін сатып ала алмайды), оған өндірістің шығындарына қосылатын процент кіреді (prix-de-revient)» («Das Kapital», III, 2, 379. Орысша аудармасы, 698-бет, қатесі бар) [38].

Сөйтіп Маркс Форкад (Forcade) деітін бір тұрпайы экономистің Прудонға қарсы бағытталған ескертпесін келтіреді, Форкад «Прудонның қысқа түрде көрсеткен қиыншылығын өте дұрыс қорытады», нақ сол Форкад товарлардың бағасында жалақыдан артылатын соманың, пайданың болатындығы былай тұрсын, сонымен қатар тұрақты капиталдың орнын толтыратын бөлегі де болады дегенді айтады. Демек, капиталист те өзінің тапқан пайдасына жаңадан товар сатып ала алмайды,— деп Форкад Прудонға қарсы қорытынды жасады (ал Форкадтың өзі бұл проблеманы шешпек түгіл, оны түсінген де жоқ).

Дәл сол сияқты Родбертус те бұл мәселе жөнінде еш нәрсе берген жоқ. Родбертус «Жер рентасы, капиталға түсетін пайда және жалақы табыс болып есептеледі» * деген қағиданы ерекше бадырайтып көрсеткенімен, алайда ол «табыс» деген ұғымды мүлде түсінген жоқ.

---

* *Dr. Rodbertus-Jagetzow.* «Zur Beleuchtung der sozialen Frage». Berlin. 1875. S. 72 u. ff. (*Д-р Родбертус-Ягецов.* «Әлеуметтік мәселені қарау жөнінде». Берлин, 1875, 72 және келесі беттер. *Ред.*)

Егер саяси экономия «дұрыс әдіс» (l. c., S. 26) қолданған болса, оның міндеттерінің қандай болатындығын баяндай келіп, ол ұлттық өнімді бөлу туралы да былай дейді: «Ол» (яғни «*халық* шаруашылығы туралы» шын мәніндегі «ғылым» — курсив Родбертустікі) «барлық ұлттық өнімнің бір бөлігі өндіріске пайдаланылған немесе тозған капиталдың *орнын толтыруға,* ал екінші бөлігі *ұлттық табыс* ретінде — қоғамның және оның мүшелерінің тікелей қажеттерін қанағаттандыруға барлық уақытта да қалай бөлінетіндігін көрсетуге тиіс болар еді» (ibid., S. 27). Нағыз ғылым осыны көрсетуге тиісті болғанымен,— бірақ Родбертустің «ғылымы» ондай еш нәрсені көрсете алмады. Родбертустің Ад. Смитті тек сөзбе-сөз қайталап қана отырғандығын оқушы көріп отыр, ол тіпті мәселенің дәл осы арада басталып отырғандығын да, сірә, байқамаса керек. Ал ұлттық капиталдың орнын қандай жұмысшылар «толтырады»? олардың өнімі қалай орналастырылады? — бұл туралы ол жұмған аузын ашқан жоқ. Өзінің теориясын (diese neue Theorie, die ich der bisherigen gegenüberstelle, S. 32 *) жеке тезистер ретінде қорыта келіп, Родбертус ұлттық өнімді бөлу туралы әуелі былай дейді: «Рента» (Родбертустің үстеме құн деп аталып жүрген ұғымды осы терминмен атайтындығы белгілі) «мен жалақы үлестердің негізі болып табылады, ал өнім, табыс болып саналатындықтан, сол үлестерге бөлінеді» (S. 33). Бұл өте маңызды ескертпе оны ең елеулі мәселеге жетелеуі керек еді: ол жаңа ғана табыс дегеніміз «тікелей қажеттерді қанағаттандыру» үшін жұмсалатын заттар дегенді айтты. Демек, жеке адамның тұтынуы үшін жұмсалмайтын өнімдер де бар. Ал ол өнімдер қалай орналастырылады?— Бірақ Родбертус бұл жерде мәселенің көмескі жатқандығын байқамай, салған жерден *«өнімді үш үлеске бөлу»* (жалақы, пайда және рента) туралы сөз қозғап, әлгі ескертпесі туралы лезде ұмытып кетеді (S. 49—50 және басқа беттер). Сөйтіп, Родбертус, дұрысын айтқанда, Ад. Смиттің ілімін оның негізгі қатесімен қоса қайталап, табыс туралы мәселе жө-

* — мен бұл жаңа теорияны осы кезге дейін болып келген теорияларға қарама-қарсы қойып отырмын, 32-бет. *Ред.*

нінде тіпті еш нәрсе түсіндірген жоқ. *Ұлттық өнімді бөлу* * туралы жаңадан толық және жақсы теория шығарамын деген уәдесі — бос сөз болып шықты. Шынына келгенде Родбертус бұл мәселе жөніндегі теорияны бір адым да ілгері жылжытқан жоқ: оның «табыс» жайындағы ұғымының қаншалықты тұрақсыз екенін — оның фон-Кирхманға («Das Kapital», Berlin, 1884) жазған әлеуметтік 4-хатындағы *ақшаны* ұлттық табысқа жатқызуға бола ма дейтін, жалақы капиталдан алына ма немесе табыстан алына ма дейтін шұбалаңқы пікірлері көрсетіп отыр. Энгельс оның бұл пікірлерін «схоластика саласына жатады» деп көрсетті («Капиталдың» II томына Vorwort **, S. XXI [39]) ***.

Ұлттық табыс жайындағы түсініктердің барынша шатасқандығы экономистерде осы кезге дейін де мейлінше басым болып отыр. Мәселен, Геркнер өзінің «Handwörterbuch der Staatswissenschaften»-де (аталған жинақ, 81-бет) басылған «Дағдарыстар» туралы мақаласында капиталистік қоғамда өнімді орналастыру туралы айта келіп (5-параграфта — «бөлу»), К. Г. Раудың пікірін «сәтті» деп табады, ал К. Г. Рау қоғамның барлық өнімін табыстарға бөліп, А. Смиттің қатесін тек қайталап қана отыр. Р. Мейер өзінің «табыс» туралы мақаласында (бұл да сонда, 283 және келесі беттер) А. Вагнердің (бұл да А. Смиттің қатесін қайталайды) ұшқалақ анықтамаларын келтіріп, «табысты капиталдан айыру қиын» екенін, ал «нағыз қиын нәрсе түсім (Ertrag) мен табыстың (Einkommen) арасындағы айырмашылық» екенін ашықтан-ашық мойындайды.

Сонымен, классиктер (Маркс те) «бөлуге» және «тұтынуға» аз көңіл бөлді деп көп талқылаған және қазір

---

* Ibid., S. 32: «...bin ich genötigt, der vorstehenden Skizze einer besseren Methode auch noch eine vollständige, solcher besseren Methode entsprechende Theorie, wenigstens der *Verteilung des Nationalprodukts*, hinzuzufügen» (Бұл да сонда, 32-бет: «...мен ең жақсы әдіспен жазылған очеркке, сондай-ақ осы ең жақсы әдіске сәйкес келетін толық теорияны — ең болмағанда *ұлттық өнімді бөлудің* теориясын қосуға мәжбүр болып отырмын». *Ред.*)

** — Алғы сөз. *Ред.*

*** Сондықтан К. Diehl-дің Родбертус «табысты бөлу жөнінде жаңа теория» шығарды деуі мүлде дұрыс емес. [«Handwörterbuch der Staatswissenschaften», Art. «Rodbertus», B. V, S. 448 («Мемлекеттік ғылымдардың сөздігі». «Родбертус» дейтін мақала. V том, 448-бет. *Ред.*).]

де талқылап жүрген экономистердің «бөлу» мен «тұтынудың» ең негізгі мәселелерін зәредей де түсіндіре алмағанын біз көріп отырмыз. Мұның өзі түсінікті де, өйткені бүкіл қоғамдық капиталды ұдайы өндіру және қоғамдық өнімнің жеке-жеке құрамды бөлімдерінің орнын толтыру процесін түсініп алмай тұрып, «тұтыну» туралы талқылауға да болмайды. «Бөлу» мен «тұтынуды» шаруашылық өмірдің қайдағы бір дербес процестері мен құбылыстарына сай келетін ғылымның қайдағы бір дербес тараулары ретінде бөліп жекелеудің қандай сорақылық екені осы мысалда тағы да дәлелденіп отыр. Саяси экономияның зерттейтіні тіпті де «өндіріс» емес, оның зерттейтіні — адамдардың өндіріс жөніндегі қоғамдық қатынастары, өндірістің қоғамдық құрылысы. Осы қоғамдық қатынастар анықталып, ақырына дейін талданған күнде,— *сонымен қатар* әрбір таптың өндірістегі орны да, демек, олардың ұлттық тұтынудан алатын үлесі де анықталады. Сөйтіп, классикалық саяси экономия шеше алмаған және «бөлу» мен «тұтыну» мәселелері жөніндегі әр түрлі мамандар зәредей де ілгері қозғалта алмаған проблеманы нақ сол классиктерге тікелей жанасатын және жеке капитал мен қоғамдық капиталдың өндірісін жеріне жеткізе талдайтын теория шешті.

Өз алдына дербес мәселе етіп қойғанда мүлде шешілмейтін және тек схоластикалық пайымдауды, түсінік беруді және жіктеуді ғана туғызған «ұлттық табыс» туралы және «ұлттық тұтыну» туралы мәселе, бүкіл қоғамдық капиталдың өндіріс процесіне талдау жасалғанда толық шешілетін көрінеді. Ол ол ма: ұлттық тұтынудың ұлттық өнімге қатынасы анықталғаннан кейін және бұл өнімнің әрбір жеке бөлігінің орналасуы анықталғаннан кейін бұл мәселе жеке мәселе болудан қалады. Бұдан кейін өнімнің осы жеке бөлігіне тек *ат қою* ғана қалады.

«Пайдасыз қиыншылықты туындата беріп, істі шатастырып алмау үшін жалпы кіріс (Rohertrag) пен таза кірісті жалпы табыс пен таза табыстан айыра білу қажет.

Жалпы кіріс немесе жалпы өнім дегеніміз барлық өндірілген өнім...

Жалпы табыс құнның бір бөлігі (және жалпы өнімнің құнға шаққандағы бір бөлігі — Bruttoprodukts oder Rohprodukts), құнның бөлігін шығарып тастағанда және барлық өндірілген өнімнің құнға шаққандағы бөлігі, ол өндіріске жұмсалған және онда тұтынылған тұрақты капиталды қайтарады. Демек, жалпы табыс жалақыға (өнімнің қайтадан жұмысшының табысына айналатын бөлігіне) + пайдаға + рентаға тең. Таза табыс дегеніміз қосымша құн, демек, жалақыны шығарып тастағанда қалатын қосымша өнім, яғни капитал өткізген және капиталистің жер иемденушімен бөлісіп алуға тиісті қосымша құны (және сонымен өлшенетін қосымша өнім) болып табылады.

...Егер бүкіл қоғамның табысын алатын болсақ, ұлттық табыс жалақыдан және пайда мен рентадан, басқаша айтқанда, жалпы табыстан құралады. Мұның өзі де абстракция ғана, капиталистік өндіріс тұсында бүкіл қауым капиталистік көзқарастың жетегінде болады да, таза табысқа пайда мен рентаны құрайтын табысты ғана жатқызады» (III, 2, 375—376. Орысша аудармасы, 695—696-беттер) [40].

Сонымен, орналастыру процесін түсіндіру ісі табыс туралы мәселені де анықтады, бұл мәселені, атап айтқанда: «біреу үшін табыс болатын нәрсе екінші біреу үшін» қалайша «капитал болады» [41]? жеке адамның тұтыну заттарынан құралып, толығымен жалақыға, пайдаға және рентаға бөлінетін өнім қалайша капиталдың еш уақытта да табыс бола алмайтын тұрақты бөлігі бола алады? деген мәселені түсінуге бөгет жасаған негізгі қиыншылықты шешті. «Капиталдың» екінші томының III бөлімінде орналастыруға жасалған талдау бұл мәселелерді толық шешті, сондықтан Маркстің «табыстар» туралы мәселеге арналған «Капиталдың» III томының қорытынды бөлімінде қоғамдық өнімнің жеке бөлімдеріне тек қана ат қойып, екінші томға жасалған осы талдауға сілтеме жасауына тура келді *.

---

* Қараңыз: «Das Kapital», III. 2. VII. Abschnitt: «Die Revenuen» 49-тарау: «Zur Analyse des Produktionsprozesses» («Капитал», III том,

## VIII. КАПИТАЛИСТІК ҰЛТҚА СЫРТҚЫ РЫНОК НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ?

Капиталистік қоғамда өнімді орналастыру туралы жоғарыда баяндалған теория жөнінде: бұл теория капиталистік ұлт сыртқы рыноктарды керек етпей тұра алмайды деген қағидаға қайшы келмей ме? деген сұрақ туу мүмкін.

Капиталистік қоғамда өнімді орналастыруға жасалған талдаудың сыртқы сауданың болмауы жөніндегі болжамға негізделгендігі есте болуға тиіс: бұл болжам жоғарыда ескертілген болатын және мұндай талдау жасағанда болжамның *қажет екені* көрсетілген болатын. Әлбетте, өнімдердің сырттан әкелінуі және сыртқа шығарылуы мәселені түсіндіруге титтей де себі тимей, істі тек қана шатастырған болар еді. В. В. мен Н.— он мырзалардың қатесі сол — олар сыртқы рынокты үстеме құнды орналастыруды *түсіндіру үшін* алып отыр: сыртқы рынокқа жасалған бұл сілтеме тіпті еш нәрсені түсіндірмей, тек олардың теориялық қателерін ғана бүркемелейді; бұл — бір жағынан. Екінші жағынан, бұлай ету олардың орыс капитализмі үшін ішкі рыноктың дамып отырғандығын түсіндіру қажеттігінен олардың осы қате «теориялар» арқылы құтылып кетуіне мүмкіндік береді *. Олар үшін «сыртқы рынок» — ел ішінде капитализмнің дамуын (демек, рыноктың да дамуын) бүркемелейтін құр сылтау,— оның үстіне оларды орыс капитализмінің сыртқы рыноктарды күшпен алып отырғандығын дәлелдейтін фактілерді қарау қажеттігінен құтқаратын қолайлы сылтау болып табылады **.

Капиталистік ел үшін сыртқы рыноктың қажеттігі тіпті де қоғамдық өнімді (және әсіресе үстеме құнды)

---

2-бөлім. VII бөлімше: «Табыстар», 49-тарау: «Өндіріс процесіне жасалған талдау жайында». *Ред.*) (орысша аудармасы, 688—706-беттер). Бұл арада Маркс бұрынғы экономистердің осы процесті түсінуіне кедергі жасаған жағдайларды да көрсетеді (379—382-беттер. Орысша аудармасы, 698—700-беттер) [42].

* Булгаков мырза жоғарыда цитат келтірілген кітабында өте дұрыс көрсетеді: «Шаруалар рыногына лайықталған мақта-мата өндірісі осы кезге дейін үздіксіз өсіп келеді, демек, халық тұтынуының бұл абсолюттік азаюы...» (Н.— он мырзаның сөз етіп отырғаны осы) «...тек теория жағынан ғана ақылға сиятын нәрсе» (214—215-беттер).

** *Волгин.* «Воронцов мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі». СПБ. 1896. 71—76-беттер.

орналастыру заңдарымен анықталмайды, ол, 1-ден, капитализмнің мемлекет шеңберінен асып кететін кең дамыған товар *айналысының* нәтижесі ғана болып табылатындығымен анықталады. Сондықтан сыртқы саудасыз капиталистік ұлт болады деп ойлауға болмайды, мұндай ұлт жоқ та.

Бұл себептің тарихи сипаты бар екенін оқушылар көріп отырған болар. Сондықтан бұдан халықшылдар «үстеме құнды капиталистердің тұтынуы мүмкін еместігі» туралы тозығы жеткен бір-екі сөз айту арқылы құтыла алмаған болар еді. Егер олар сыртқы рынок туралы мәселені шын қойғысы келсе, бұл арада сыртқы сауданың даму тарихын, товар айналысының даму тарихын қарауға тура келер еді. Ал бұл тарихты қараудан кейін, әрине, капитализмді кездейсоқта жолдан тайғандық деп көрсетуге болмас еді.

2-ден, қоғамдық өндірістің жеке бөлімдері арасындағы сәйкестік (құн жөніндегі және натуралды форма жөніндегі), қоғамдық капиталдың ұдайы өндіріс теориясы қажет деп тапқан және ұдайы болып тұратын ауытқулардан алынған орта мөлшер ретінде ғана іс жүзінде белгіленетін сәйкестік,— бұл сәйкестік белгісіз рынок үшін жұмыс істейтін жеке өндірушілердің бір-бірінен бөлек болуы салдарынан капиталистік қоғамда үнемі бұзылып отырады. Өнеркәсіптің біріне бірі «рынок» болатын әр түрлі салалары біркелкі дамымайды, қайта бірінен бірі озып кетіп отырады, сөйтіп артығырақ дамыған өнеркәсіп сырттан рынок іздейді. Мұның өзі халықшылдың тереңнен толғағансып қорытынды жасауға әзір тұрғанындай,— «капиталистік ұлт үшін үстеме құнды орналастырудың мүмкін еместігін» тіпті де көрсетпейді. Мұның өзі тек жеке өндірістердің дамуының пропорциялы еместігін ғана көрсетеді. Ұлттық капитал *басқаша* бөлінетін болса, нақ осы мөлшердегі өнімдер елдің өз ішінде де орналастырылған болар еді. Бірақ капиталдың өнеркәсіптің бір саласын тастап, екінші бір саласына көшуі үшін бұл салада дағдарыс болуы қажет, сондықтан осындай дағдарыс төніп тұрған капиталистерді сырттан рынок іздеуден қандай себептер тоқтата алады? сыртқа товар шығаруды, тағы

да сондайларды жеңілдету үшін жәрдемдер мен сыйлықтар іздеуден қандай себептер тоқтата алады?

3-ден. Өндіріс процесінің бұрынғы мөлшерінде, бұрынғы техникалық негізінде қайталануы капитализмге дейінгі өндіріс әдістерінің заңы болған еді: помещиктердің барщиналық шаруашылығы, шаруалардың натуралды шаруашылығы, өнеркәсіпшілердің қолөнер өндірісі осындай болды. Керісінше, өндіріс әдістерінің ұдайы қайта құрылуы және өндіріс мөлшерінің шексіз өсуі — капиталистік өндіріс заңы. Өндірістің ескі әдістері тұсында тұтас шаруашылықтар сипаты жағынан да, көлемі жағынан да өзгермей-ақ, помещиктік вотчинаның, шаруалар деревнясының немесе село қолөнершілері мен ұсақ өнеркәсіпшілердің (майдагерлер деп аталатындардың) маңайдағы шағын рыногының шеңберінен шықпай, ғасырлар бойы өмір сүре алатын еді. Керісінше, капиталистік өнеркәсіп қауымның, жергілікті рыноктың, облыстың, ал одан кейін мемлекеттің де шеңберінен созсіз асып отырады. Ал мемлекеттердің оқшауланып, томаға-тұйық болуын товар айналысы бұзып үлгіргендіктен, әрбір капиталистік өнеркәсіп саласының табиғи түрде талпынуы оны «сыртқы рынок іздеу» қажеттігіне әкеліп тірейді.

Сонымен, сыртқы рынок іздеу қажеттігі капитализмнің әлсіздігін ешбір дәлелдемейді, ал халықшыл-экономистер істі осылай етіп көрсетуді тәуір көреді. Мүлде керісінше. Бұл қажеттік шаруашылық жүйелерінің ескіден келе жатқан оқшаулығы мен томаға-тұйықтығын (демек, рухани және саяси өмірдің өрісінің тарлығын да) қиратататын, дүние жүзіндегі барлық елдерді бүтін бір тұтас шаруашылық етіп байланыстыратын капитализмнің тарихи прогрестік жұмыс істейтінін айқын көрсетеді.

Біз бұдан сыртқы рыноктың қажет болуының соңғы екі себебінің де тарихи сипаты бар себептер екенін көреміз. Бұл себептерді түсіну үшін өнеркәсіптің әрбір жеке саласын, оның елдің өз ішінде дамуын, оның капиталистік салаға айналуын қарау керек,— бір сөзбен айтқанда, ел ішінде капитализмнің дамуы туралы *фактілерді* алу керек,— ал халықшылдардың ішкі рынок-

тың да, сыртқы рыноктың да «мүмкін еместігі» жөніндегі түкке тұрмайтын (және ешбір мағына бермейтін) бос сөздерді бетке ұстап, осы фактілерден бұлтарып кетіп жүргеніне таңқалатын түк те жоқ.

### IX. I ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Енді ішкі рынок туралы мәселеге тікелей қатысы бар, жоғарыда талқыланған теориялық қағидаларды қорытайық.

1) Қоғамдық еңбек бөлінісі — ішкі рынок құрылуының (басқаша айтқанда, товар өндірісі мен капитализмнің дамуының) негізгі процесі. Ол бөлініс мынада: егіншіліктен шикізат өңдеудің алуан-алуан түрлері (және бұл өңдеу жөніндегі әр түрлі операциялар) бірінен соң бірі бөлініп шығады және өнеркәсіптің өз өнімдерін (бұлар енді *товар* болып отыр) егіншілік өнімдеріне айырбастайтын дербес салалары құрылады. Сөйтіп, егіншіліктің өзі өнеркәсіп (яғни товар өндірісі) бола бастайды, сондықтан егіншілікте сол бір мамандану процесі жүріп жатады.

2) Жаңағы айтылған қағидадан шығатын тікелей қорытынды мынау — дамып келе жатқан товар шаруашылығының, әсіресе капиталистік шаруашылықтың қайсысының болса да мынадай заңы болады: индустрия (яғни егінші емес) халқы егінші халықтан тез көбейеді, егіншіліктен өңдеуші өнеркәсіпке халық барған сайын көп тартылады.

3) Тікелей өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айыру, яғни оны экспроприациялау, жай товар өндірісінен капиталистік товар өндірісіне көшкендік болады да (және бұл көшуге қажетті жағдай туғыза отырып) ішкі рынок *құрады*. Ішкі рынок *құрудың* бұл процесі екі жақтан жүзеге асады: бір жағынан, ұсақ өндірушілерден «босатылған» *өндіріс құрал-жабдықтары* өздерінің жаңа иелерінің қолында капиталға айналады, товар өндіру үшін қызмет етеді, демек, өздері де товарға айналады. Сөйтіп, осы өндіріс құрал-жабдықтарын жай қайта өндірудің өзі (бұрын бұл өндіріс құрал-жабдықтарының көпшілігі заттай түрінде қайта өндірілетін

және жартылап үйде істелетін) енді оларды сатып алуды керек етеді, яғни өндіріс құрал-жабдықтары үшін рыноктың болуын талап етеді, ал содан кейін енді осы өндіріс құрал-жабдықтары арқылы өндірілген өнім де товарға айналады. Екінші жағынан, *тіршілік құралдары* осы ұсақ өндіруші үшін өзгермелі капиталдың заттық элементтері, яғни кәсіпкерлердің (жер иесі болсын, мердігер болсын, орман өнеркәсіпшісі болсын, фабрикант, т. т. болсын, бәрібір) жұмысшыларды жалдауға жұмсайтын ақша сомасының заттық элементтері бола бастайды. Сонымен, бұл тіршілік құралдары да енді товарға айналады, яғни тұтыну заттарына ішкі рынок құрады.

4) Капиталистік қоғамда өнімнің орналастырылуын (демек, үстеме құнның орналастырылуын да) мынаны анықтамайынша түсінуге болмайды — 1) жеке өнім сияқты, қоғамдық өнім де құн жағынан екіге емес, үшке бөлінеді (тұрақты капитал+өзгермелі капитал+үстеме құн болып үшке бөлінеді, Адам Смиттің және Маркске дейінгі бүкіл саяси экономияның үйреткеніндей, өзгермелі капитал+үстеме құн болып екіге бөлінбейді) және 2) қоғамдық өнім өзінің натуралды формасы жағынан: өндіріс құрал-жабдықтары (өндірісте тұтынылады) және тұтыну заттары (жеке адам тұтынады) болып, екі ірі бөлімге бөлінуі керек. Маркс осы теориялық негізгі қағидаларды анықтап, капиталистік өндірісте жалпы алғанда өнімнің, жеке алғанда үстеме құнның орналастырылу процесін толық түсіндірді және орналастыру туралы мәселеге сыртқы рынокты әкеп қосақтаудың мүлде теріс екенін көрсетті.

5) Маркстің орналастыру теориясы ұлттық тұтыну мен табыс туралы мәселені де айқындады.

Ішкі рынок туралы мәселе, капитализмнің даму дәрежесі туралы мәселеден тәуелсіз, өз алдына жеке мәселе ретінде мүлдем болмайтындығы жоғарыда баяндалғандардан өзінен өзі-ақ көрініп тұр. Сондықтан да Маркстің теориясы бұл мәселені еш жерде және еш уақытта жеке мәселе етіп қоймайды. Ішкі рынок товар шаруашылығы шыққан кезде пайда болады; оны осы товар шаруашылығының дамуы туғызады, ал қоғамдық

еңбек бөлінісінің бөлшектену дәрежесі оның даму дәрежесін белгілейді; ол товар шаруашылығының өнімдерден жұмыс күшіне көшуіне байланысты таралады, сөйтіп тек осы жұмыс күшінің товарға айналуына қарай, капитализм негізінен өндіріс құрал-жабдықтары есебінен дами отырып, елдің барлық өндірісін қамтиды, ал өндіріс құрал-жабдықтары капиталистік қоғамда барған сайын неғұрлым маңызды орын алып отыр. Капитализм үшін «ішкі рынокты» дамып келе жатқан капитализмнің өзі құрады, қоғамдық еңбек бөлінісін тереңдетеді және тікелей өндірушілерді капиталистер мен жұмысшылар етіп жіктейді. Ішкі рыноктың даму дәрежесі капитализмнің ел ішінде даму дәрежесі болып табылады. Ішкі рыноктың шектері туралы мәселені капитализмнің даму дәрежесі туралы мәселеден бөлек қарау (халықшыл-экономистер осылай қарайды) дұрыс емес.

Сондықтан да орыс капитализмі үшін ішкі рыноктың қалай құрылып жатқандығы туралы мәселе мына сұрақтарға келіп тіреледі: орыс халық шаруашылығының әр түрлі жақтары қалай және қай бағытта дамып келеді? оның осы әр түрлі жақтары арасындағы байланыс пен өзара тәуелділік неде?

Келесі тараулар осы сұрақтарға жауап беретін мәліметтерді қарауға арналады.

## II ТАРАУ

# ШАРУАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Капиталистік өндірісте ішкі рыноктың құрылуының негізі ұсақ егіншілердің ауыл шаруашылығы кәсіпкерлері мен жұмысшыларға бөліну процесі болып табылатынын біз көрдік. Орыс шаруаларының реформадан кейінгі дәуірдегі экономикалық жағдайы туралы жазылған шығармалардың әрқайсысы дерлік шаруалардың «жіктелуі» дейтінді көрсетеді. Демек, біздің міндетіміз бұл құбылыстың негізгі белгілерін зерттеп, оның маңызын анықтау болмақ. Біз бұдан былайғы баяндауымызда үй басы жүргізілген земстволық-статистикалық санақтардың мәліметтерін пайдаланамыз [43].

### I. НОВОРОССИЯ ЖАЙЫНДАҒЫ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

В. Постников мырза өзінің «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» (М. 1891) [44] деген шығармасында Таврия губерниясы бойынша, сонымен қатар ішінара Херсон және Екатеринослав губерниялары бойынша земство статистикасының мәліметтерін жинап, өңдеді. Шаруалардың жіктелуі туралы әдебиетте бұл шығарма бірінші орынға қойылуға тиіс, сондықтан біз Постников мырзаның жинаған мәліметтерін, кейде оларды земство жинақтарының мәліметтерімен толықтыра отырып, өзіміз қабылдаған жүйеге салуды қажет деп санаймыз. Тавриялық земство статистиктері шаруалардың үйлерін егістің көлеміне қарай топтайды, мұның өзі — экстен-

сивті егіншіліктің тұсында бұл жерде шаруашылықтың дәнді егіс жүйесі басым болғандықтан, әрбір топтың *шаруашылығы туралы* дәл пікір айтуға мүмкіндік беретін өте сәтті әдіс. Таврия шаруаларының шаруашылық топтары жөніндегі жалпы мәліметтер мынадай *.

| Шаруалардың топтары | *Днепр уезі бойынша* | | | *Үш уезд бойынша* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 үйге келетіні | | | | | | | |
| | Барлық үй санының % | Еркек, әйел адамдар | Жұмыс істейтін еркектер | Барлық үй санының % | Десятина есебімен 1 үйге келетін егістің орта мөлшері | Десятина есебімен барлық егіс көлемі | Соның жиынтығына келетін % | | Барлық үй санының % |
| I. Егін екпейтіндер | 9 | 4,6 | 1,0 | 7.5 | — | — | — | | |
| II. 5 дес. дейін егетіндер | 11 | 4,9 | 1,1 | 11.7 | 3,5 | 34 070 | 2,4 | 12,1 | 40,2 |
| III. 5—10 » » | 20 | 5,4 | 1,2 | 21 | 8,0 | 140 426 | 9,7 | | |
| IV. 10—25 » » | 41,8 | 6,3 | 1,4 | 39.2 | 16,4 | 540 093 | 37,6 | 37,6 | 39,2 |
| V. 25—50 » » | 15,1 | 8,2 | 1,9 | 16.9 | 34,5 | 494 095 | 34,3 | 50,3 | 20,6 |
| VI. 50 дес. көп » | 3,1 | 10,1 | 2,3 | 3.7 | 75,0 | 230 583 | 16,0 | | |
| *Жиыны* | 100 | 6,2 | 1,4 | 100 | 17,1 | 1 439 267 | 100 | | |

Егістің бөлінуінде өте зор теңсіздік бар: барлық үйлердің $^2/_5$ бөлігінде (бұларда халықтың $^3/_{10}$ бөлігіне жуығы бар, өйткені мұндағы семья құрамы орта есептен төмен) бүкіл егістің $^1/_8$ бөлігіне жуығы бар, бұлар егінді аз егетін, өзінің егіншілігінен алатын табысымен өз қажеттерін өтей алмайтын кедей топқа жатады. Одан соң, орта шаруалар барлық үйлердің $^2/_5$ бөлігіне жуығын қамтиды, бұлар жерден түсетін табыс арқылы өздерінің орташа мөлшердегі шығындарын өтеп отырады (Постников мырза бір семьяның орташа шығынын өтеу үшін 16—18 десятина егіс керек деп есептейді). Ақырында, ауқатты шаруалар (үйлердің $^1/_5$ және халықтың $^3/_{10}$ бөлігіне жуық) бүкіл егістің жартысынан көбін өз қолдарына шоғырландырған, оның бер жағында 1 үйге келетін егістің мөлшері бұл топтың егінші-

* Төменде келтірілетін мәліметтердің көбінесе Таврия губерниясының солтүстігіндегі материктік үш уезіне — Бердянск, Мелитополь және Днепр уездеріне, немесе соңғы — Днепр уезінің бір өзіне қатысы бар.

лігінің «коммерциялық», саудалық сипатын айқын көрсетеді. Әр түрлі топтардағы осы сауда егіншілігінің мөлшерін дәл анықтау үшін Постников мырза мынадай тәсіл қолданады. Ол шаруашылықтың бүкіл егіс алаңынан мына егіс алаңдарын: тамақ (семья мен батырақтарды асырау үшін өнім беретін егіс алаңы), жем (мал азығына арналған егіс алаңы), шаруашылық (тұқымдық астыққа арналған, сондай-ақ үй, қора-қопсы төңірегіндегі егіс алаңдары) егіс алаңдарын бөліп көрсетеді, сөйтіп өнімі сатылуға түсетін *рыноктық немесе саудалық* егіс алаңының көлемін анықтайды. Бақсақ, 5—10 десятина егісі бар топтың егістік жерінің тек 11,8 проценті ғана рыноктық өнім беретін көрінеді, ал егіс көлемінің ұлғаюына қарай (топтар бойынша) бұл процент мынадай түрде: 36,5—52—61 процент болып өсіп отырады. Демек, ауқатты шаруалар (2 жоғарғы топ) жылына ақшалай 574—1500 сом жалпы ақшалай табыс алып, қазірдің өзінде-ақ сауда егіншілігімен шұғылданып отыр. Бұл сауда егіншілігі қазірдің өзінде капиталистік егіншілікке айналып келеді, өйткені ауқатты шаруаларда егіс көлемі семьяның жұмыс нормасынан (яғни семьяның өз еңбегімен өңдей алатын жер мөлшерінен) асып түсіп, оларды *жұмысшы жалдауға* мәжбүр етеді, автордың есебі бойынша, Таврия губерниясының солтүстік үш уезінде ауқатты шаруалар 14 мыңнан аса село жұмысшысын жалдайды. Керісінше, кедей шаруалар «өз ішінен жұмысшылар шығарып отырады» (5 мыңнан аса), яғни өздерінің жұмыс күшін сатады, өйткені егіншіліктен түсетін табыс, мәселен, 5—10 десятина егісі бар топта үй басына шаққанда не бары 30 сомға жуық ақшадан келеді *. Демек, бұл арада біз капиталистік өндіріс теориясы сөз ететін нақ сол ішкі рыноктың құрылу процесін көреміз: «ішкі рынок», бір жағынан, сауда, кәсіпкер егіншілігі өнімінің товарға айналуы нәтижесінде; екінші жағынан —

* Жерден түсетін ақшалай табыстың мөлшері жағынан топтардың арасында шынында әлдеқайда көп айырмашылық бар екенін Постников мырза дұрыс көрсетіп отыр, өйткені 1) астықтың түсімінің бірдейлігі мен 2) сатылатын астықтың бағасының бірдейлігі есепке алынған. Ал іс жүзінде ауқатты шаруаларда егіннің шығымдылығы жақсы болады және олар астықты тиімді бағамен сатады.

әлсіз шаруалар сататын жұмыс күшінің товарға айналуы нәтижесінде өседі.

Бұл құбылыспен жақынырақ танысу үшін шаруалардың әрбір жеке тобының жағдайын қарап көрейік. Жоғарғы топтан бастайық. Бұл топтың жер иеленуі мен жер пайдалануы туралы мәліметтер мынадай:

| | *Таврия губерниясының Днепр уезі* | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Десятина есебімен 1 үйге келетін егістік жер | | | |
| Үйлердің топтары | Үлестігі[45] | Сатып алынғаны | Арендаға алынғаны | Барлығы |
| I. Егін екпейтіндер | 6,4 | 0,9 | 0,1 | 7,4 |
| II. 5 дес. дейін егетіндер | 5,5 | 0,04 | 0,6 | 6,1 |
| III. 5—10 » » » | 8,7 | 0,05 | 1,6 | 10,3 |
| IV. 10—25 » » » | 12,5 | 0,6 | 5,8 | 18,9 |
| V. 25—50 » » » | 16,6 | 2,3 | 17,4 | 36,3 |
| VI. 50 дес. көп » | 17,4 | 30,0 | 44,0 | 91,4 |
| *Орта есеппен* | 11,2 | 1,7 | 7,0 | 19,9 |

Демек, ауқатты шаруалардың үлесті жермен өздерінің барынша мол қамтамасыз етілгеніне қарамастан, сатылып алынған және арендаға алынған жердің көбін өз қолына шоғырландырып отырғанын, олардың ұсақ жер иелері мен фермерлерге айналып бара жатқанын көріп отырмыз *. 17—44 десятина жерді арендалау үшін, жергілікті баға бойынша, жылына 70—160 сомдай ақша жұмсалады. Бұл арада біздің енді коммерциялық операцияға кездесіп отырғанымыз анық: жер товарға, «ақша табуға арналған машинаға» айналып отыр.

Енді жұмыс көлігі мен құрал-сайман жөніндегі мәліметтерді алайық: [66-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Ауқатты шаруалар кедей және тіпті орта шаруаларға қарағанда да құрал-сайманмен анағұрлым жақсы қамтамасыз етілген болып шығады. Бізде «шаруалар»

* Айта кетейік, егін екпейтіндердің қолында сатылып алынған жердің салыстырмалы түрде алғанда едәуір көп болу себебі: бұл топқа дүкеншілер, өнеркәсіп орындарының иелері және басқалар кіріп отыр. Мұндай «шаруаларды» егіншілермен араластырып жіберу земстволық-статистикалық мәліметтердің дағдылы кемшілігі болып табылады. Бұл кемшілік туралы біз төменде тағы да әңгіме етеміз.

| Үйлердің топтары | Таврия губерниясының үш уезі бойынша 1 үйге келетін мал саны: Жұмыс көлігі | Басқа мал | Барлығы | Жұмыс көлігі жоқ үйлердің % | Днепр уезінде 1 үйге келетін құрал-сайман*: Жүк таситыны | Жер жыртатыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I. Егін екпейтіндер | 0,3 | 0,8 | 1,1 | 80,5 | — | — |
| II. 5 дес. дейін егетіндер | 1,0 | 1,4 | 2,4 | 48,3 | — | — |
| III. 5—10 » » » | 1,9 | 2,3 | 4,2 | 12,5 | 0,8 | 0,5 |
| IV. 10—25 » » » | 3,2 | 4,1 | 7,3 | 1,4 | 1,0 | 1,0 |
| V. 25—50 » » » | 5,8 | 8,1 | 13,9 | 0,1 | 1,7 | 1,5 |
| VI. 50 дес. көп » | 10,5 | 19,5 | 30,0 | 0,03 | 2,7 | 2,4 |
| *Орта есеппен* | 3,1 | 4,5 | 7,6 | 15,0 | | |

туралы сөз болғанда жұрт тілге тиек етуді ұнататын «орташа» цифрлардың мүлде жалған екенін түсіну үшін осы кішкене кестеге көз салудың өзі-ақ жеткілікті. Бұл арада шаруа буржуазиясының сауда егіншілігіне саудалық мал шаруашылығы да, атап айтқанда: қылшық жүнді қой өсіру де қосылып отыр. Құрал-саймандар жөнінде жақсартылған құралдар туралы мәліметтерді де келтірейік, бұл мәліметтер земстволық-статистикалық жинақтардан ** алынған. Егін оратын және шөп шабатын барлық машиналардың (3061) — 2841-і, яғни 92,8 проценті шаруалар буржуазиясының (барлық үйлердің $^1/_5$ бөлігі) қолында.

Ауқатты шаруаларда *егіншілік техникасының* да орта дәрежеден едәуір жоғары тұратындығы әбден табиғи нәрсе (шаруашылық көлемінің қомақтырақ болуы, құрал-сайманның молырақ болуы, басы артық ақша қаражатының болуы және т. т.), атап айтқанда: ауқатты шаруалар «егіс жұмысын тезірек өткізеді, қолайлы ауа райын жақсырақ пайдаланады, тұқымды неғұрлым ылғалды жерге сіңіреді», егінді уақытылы жинап алады;

* Жүк таситын құрал-саймандар — бричкалар, арбалар, фургондар және т. т. Жер жыртатын құрал-саймандар — плугтар, буккерлер (жылдам жырткыштар) және басқалар.

** «Мелитополь уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағы». Симферополь, 1885 ж. (I том. «Таврия губерниясы бойынша статистикалық деректердің жинағы»)[46],— «Днепр уезі бойынша статистикалық деректердің жинағы». II том. Симф. 1886 ж.

оны тасумен бір мезгілде бастырып та алады және т. т. Шаруашылық көлемінің ұлғаюына қарай егіншілік өнімдерін өндіруге (өнімнің бір өлшеміне) жұмсалатын шығын мөлшерінің азаятыны да табиғи нәрсе. Постников мырза мына төмендегі есепті қолдана отырып, бұл қағиданы өте-мөте толық дәлелдейді: ол шаруалардың әр түрлі топтарында 100 десятина егістік жерге келетін қызметкерлердің (жалданушыларды қоса алғанда), жұмыс көліктерінің, құралдардың санын және басқаларды анықтайды. Шаруашылықтың көлемі ұлғайған сайын бұл сандар кеми беретін көрінеді. Мәселен, 5 десятинаға дейін егін егетіндердің 100 десятина үлесті жеріне 28 қызметкер, 28 жұмыс көлігі, 4,7 плуг пен буккер, 10 бричкадан келеді, ал 50 десятинадан көп егін егетіндерде — 7 қызметкер, 14 жұмыс көлігі, 3,8 плуг пен буккер, 4,3 бричкадан келеді. (Біз мәселенің егжей-тегжейін білгісі келетіндерге Постников мырзаның кітабын қарауды ұсынамыз, барлық топтар бойынша неғұрлым толық мәліметтерді қалдырып кетіп отырмыз.) Автордың жалпы қорытындысы былай: «Шаруалардың шаруашылық көлемі ұлғайып, егіс көлемі артқан сайын ауыл шаруашылығындағы ең басты шығын — жұмыс күштерін, адамдар мен малды ұстауға жұмсалатын шығын прогресті түрде азая береді, сөйтіп бір десятина егістік жерге жұмсалатын шығын егісі аз топтарға қарағанда егінді көп егетін топтарда екі есе дерлік аз болады» (аталған шығарманың 117-беті). Ірі шаруа шаруашылықтарының өнімді көбірек алуы, демек неғұрлым тұрақты болуы жөніндегі бұл заңға Постников мырзаның зор мән беруі өте дұрыс, ал мұны тек жалғыз Новороссияға ғана емес, сонымен қатар Россияның орталық губернияларына да қатысты өте толық мәліметтермен дәлелдейді *. Товар өндірісі егіншілікке

* «Шаруа шаруашылығы неғұрлым көлемді болса, белгілі бір егістік жерге құрал-сайманның, жұмыс адамдары мен жұмыс көліктерінің соғұрлым аз келетінін земство статистикасы мейлінше айқын көрсетіп отыр» (аталған шығарманың 162-беті).

Бұл заң В. В. мырзаның пікірлерінде қалай көрсетілгенін атап өту — назар аударарлық нәрсе. Жоғарыда цитат келтірілген мақалада («Вестник Европы», 1884, № 7) ол мынадай салыстыру жасайды: «Үш танапты ауыспалы егіс ережелері бойынша» шаруаның бір атына 7—10 десятина егістен келуге тиіс болса, орталық қара топырақты өңірде егіс шаруаның бір атына 5—7—8 десятинадан келіп отыр (Бата-

неғұрлым көп тараған сайын, демек, егіншілердің арасындағы бәсеке, жер үшін күрес, шаруашылықтың дербестігі үшін күрес неғұрлым күшейген сайын,— шаруа буржуазиясының орта және кедей шаруаларды ығыстырып шығаруына әкелетін бұл заң соғұрлым күшейе түсуге тиіс. Тек қана мынаны ескерте кету керек: ауыл шаруашылығындағы техника прогресі ауыл шаруашылығының жүйесіне қарай, егіншілік жүйесіне қарай түрліше болады. Егер шаруашылықтың дәнді егіс жүйесі тұсында және экстенсивті егіншілік тұсында бұл прогресс егіс көлемінің жай кеңеюінен және егістің бір өлшеміне жұмысшы санының, көлік санының, тағы басқалардың азаюынан көрінсе, ал шаруашылықтың мал шаруашылығы жүйесі немесе техникалық жүйесі тұсында, интенсивті егіншілікке көшу кезінде нақ сол прогресс, мәселен, егістің бір өлшеміне жұмысшыларды көбірек керек ететін тамыр жемістілерді егуден немесе сауын малын өсіруден, шөп егуден, тағы сондайлардан көрінуі мүмкін.

Шаруалардың жоғары тобының сипаттамасына оның жалдама еңбекті едәуір көп қолданатынын да қосу керек. Таврия губерниясының 3 уезі бойынша мәліметтер мынадай:

| Үйлердің топтары | Батырақтары бар шаруашылықтардың проценті | Әрбір топтағы егіс үлесі (% есебімен) |
|---|---|---|
| I. Егін екпейтіндер | 3,8 | — |
| II. 5 дес. дейін егетіндер | 2,5 | 2 |
| III. 5—10 » » » | 2,6 | 10 |
| IV. 10—25 » » » | 8,7 | 38 |
| V. 25—50 » » » | 34,7 | 34 } 50 |
| VI. 50 дес. көп » | 64,1 | 16 } 50 |
| *Жиыны* | 12,9 | 100 |

линнің «Календары»). «Демек, Россияның бұл облысындағы халықтың бір бөлігінің атсыз қалуына белгілі дәрежеде жұмыс көлігінің саны мен өңделуге тиісті жер көлемінің арасындағы оңды қатынастың қалпына келтірілуі ретінде қарау керек» (көрсетілген мақаланың 346-беті). Сонымен, шаруалардың күйзелуі ауыл шаруашылығының прогресіне бастайды. Егер В. В. мырза бұл процестің тек агрономиялық жағына ғана емес, оның әлеуметтік-шаруашылық жағына да көңіл бөлген болса, ол мұның өзі капиталистік егіншіліктің прогресі екенін көрген болар еді, өйткені жұмыс көлігі мен егістіктің «оңды

Бұл мәселе туралы В. В. мырза жоғарыда көрсетілген мақалада былай пайымдаған: ол барлық шаруалар шаруашылықтарының санына батырақтары бар шаруашылықтар санының қанша процент келетінін алып, мынадай қорытынды жасады: «Жерді өңдеу үшін жалдама еңбектің көмегін пайдаланатын шаруалардың саны, халықтың жалпы санына қарағанда, өте аз: 100 адамнан 2—3, maximum 5 қожайын — шаруа капитализмінің өкілдері, міне, осылар; мұның өзі» (Россиядағы батырақтары бар шаруалар шаруашылығы) «қазіргі шаруашылық тұрмыстың жағдайларында берік орныққан жүйе емес, бұдан 100 және 200 жыл бұрын болғаны сияқты кездейсоқ нәрсе» («Вестник Европы», 1884, № 7, 332-бет). Барлық «шаруалар» шаруашылықтарының санына батырақтардың шаруашылықтары да кіріп отырғанда, батырақтары бар шаруашылықтардың санын барлық «шаруалар» шаруашылықтарының санымен салыстырудан не шығады? Мұндай әдіс бойынша орыс өнеркәсібіндегі капитализмнен де құтылуға болатын еді ғой: бұл үшін Россиядағы кәсіпшілікпен айналысатын семьялардың жалпы санына жалдама жұмысшылар ұстайтын кәсіпшіліктегі семьялардың (яғни, фабриканттар мен ұсақ фабриканттар семьяларының) қанша процент келетінін алса болғаны; сонда олардың саны «жалпы халық» санына қарағанда «тіпті болмашы» болып шығар еді. Батырақтары бар шаруашылықтардың санын тек нағыз дербес шаруашылықтардың ғана санымен, яғни бірыңғай егіншілікпен күн көріп, өзінің жұмыс күшін сатуға ділгер болмайтын шаруашылықтардың санымен салыстыру әлдеқайда дұрыс болады. Одан соң В. В. мырза мынадай бір болмашы нәрсені, атап айтқанда — батырақтары бар шаруалар шаруашылықтарының ең ірі шаруашылықтардың санына қосылатынын ұмытып кеткен: батырақтары бар шаруашылықтардың «жалпы және орта есеппен алынғандағы» «болмашы» проценті, бүкіл өндірістің жартысынан көбін өз қолына шоғырландырып отырған, сатуға арнап көп астық өндіретін

---

қатынасын қалпына келтіру» не өз құрал-сайманын өзі құрастыратын помещиктердің немесе шаруалардан шыққан ірі егіншілердің, яғни шаруа буржуазиясының қолынан келеді.

ауқатты шаруалардың ішінде тіптен көп (34—64 процент) болып шығады. Сондықтан бұл батырағы бар шаруашылықты бұдан 100—200 жыл бұрын болған «кездейсоқ нәрсе» дейтін пікірдің ешбір қисынсыздығын аңғаруға әбден болады! Үшіншіден, егіншіліктің шын ерекшеліктерін елемегенде ғана, «шаруа капитализмі» жайында пікір айту үшін тек батырақтарды ғана алып қарауға, яғни күндікшілерді қалдырып кетіп, тұрақты жұмысшыларды алып қарауға болады. Күндікші жұмысшыларды жалдаудың ауыл шаруашылығында өте зор маңызы бар екені жұртқа мәлім *.

Шаруалардың төменгі тобына келейік. Бұл топ егін екпейтін және егінді аз егетін қожайындардан құралады; «өздерінің шаруашылық жағдайы жағынан» олардың «арасында үлкен айырмашылық жоқ... бұлардың екеуі де не өздерінің селолас адамдарына батырақ болып қызмет істейді, немесе сырттан, көбінесе егіншіліктен түсетін табыстармен күн көреді» (аталған шығарманың 134-беті), яғни село пролетариатының қатарына қосылады. Мәселен, Днепр уезінде шаруалардың төменгі тобында үйлердің 40 проценті болды, ал жер жыртатын құралдары жоқ үйлер барлық үйлердің 39 проценті болды дейік. Село пролетариаты өзінің жұмыс күшін сатумен қатар өзінің үлесті жерлерін арендаға беруден де табыс табады:

| Үйлердің топтары | *Днепр уезі* Үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының проценті | Жалға берілетін үлесті жердің проценті |
|---|---|---|
| I. Егін екпейтіндер | 80 | 97,1 |
| II. 5 дес. дейін егетіндер | 30 | 38,4 |
| III. 5—10 » » » | 23 | 17,2 |
| IV. 10—25 » » » | 16 | 8,1 |
| V. 25—50 » » » | 7 | 2,9 |
| VI. 50 дес. көп » | 7 | 13,8 |
| *Уезд бойынша* | 25,7 | 14,9 |

* Англия — егіншілік капитализмінің классикалық елі. Осы елде де фермерлердің 40,8 процентінің жалдама жұмысшылары жоқ; фермерлердің 68,1 процентінің көп дегенде 2 жұмысшысы бар; фермерлердің 82 процентінің көп дегенде 4 жұмысшысы бар (*Янсон*. «Салыстырмалы статистика», II том, 22—23-беттер. Цитат *Каблуковтың* «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» дейтін кітабының 16-бетінен алынды). Ал күндік жұмысқа жалданатын толып жат-

Таврия губерниясының күллі 3 уезі бойынша шаруалардың барлық егістік жерлерінің 25 проценті жалға берілген (1884—1886 жылдары), оның бер жағында бұған шаруаларға емес, қайта әртектілерге жалға берілген жерлер кірмеген. Осы 3 уезде барлық халықтың $^1/_3$ бөлігіне жуығы жерлерін жалға береді, оның бер жағында село пролетариатының үлесті жерлерін көбінесе шаруа буржуазиясы арендаға алады. Бұл жөніндегі мәліметтер мынадай:

| *Таврия губерниясының үш уезінде* | Көршілерінен жалға алынған үлесті жер десятинасы | % есебімен |
|---|---|---|
| үй басы 10 десятинаға дейін егін егетін қожайындардың алғаны | 16 594 | 6 |
| 10—25 десятина егін егетін қожайындардың алғаны | 89 526 | 35 |
| 25 десятина және одан да көп егін егетін қожайындардың алғаны | 150 596 | 59 |
| *Барлығы* | 256 716 | 100 |

«Үлесті жер қазіргі уақытта оңтүстік орыс шаруаларының өмірінде алыпсатарлықтың кең өріс алуына негіз болып отыр. Вексель беру арқылы жер үшін қарыз алынады, ... жер бір жылға, екі жылға және одан да ұзақ мерзімдерге, 8, 9 және 11 жылға жалға беріледі немесе сатылады» (цитат келтірілген шығарманың 139-беті). Сөйтіп, шаруа буржуазиясы сондай-ақ сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың * өкілі болып табылады. Біз бұл арада «кулак» пен «өсімқордың» «әлді мужикке» үш қайнаса сорпасы қосылмайды-мыс дейтін халықшылдық соқыр сенімнің ашықтан-ашық теріске шығарылғанын көріп отырмыз. Керісінше, сауда капиталының да (жерді кепілдікке салғызып, қарызға ақша беру, әр түрлі өнімдерді сатып алу және басқалар) және өнеркәсіп капиталының да (жұмысшыларды жалдау арқылы сауда егіншілігін жүргізу және т. с.) тізгіні шаруа буржуазиясының қолында болады. Капи-

---

қан село пролетарларын, қаңғырып жүріп те, бір жерде қоныс теуіп отырып та, яғни өз деревняларында «табыс» тауып та күн көретін пролетарларды ұмытқан экономист қандай жақсы экономист болмақ.

* Ол өзі «ауқатты шаруаларға» «әжептәуір көмек» көрсететін «толып жатқан» селолық кассалар мен несие-жинақ серіктіктерін пайдаланады. «Әлсіз шаруалар өздеріне кепіл болатын адам таба алмайды, сондықтан несиені пайдаланбайды» (цитат келтірілген шығарманың 368-беті).

талдың бұл формаларының қайсысының екінші біреуінің есебінен дамитындығы айналамыздағы жағдайларға, азиатшылдықтың қаншалықты көп, не аз ығыстырылуына және біздің деревнямызда мәдениеттің таралуына байланысты.

Ақырында, орта топтың жағдайын қарап көрейік (бұлардың үй басына 10—25 десятинадан, орта есеппен 16,4 десятинадан егісі бар). Бұл топтың жағдайы бір қалыпты болып тұрмайды: оның егіншіліктен алатын ақшалай табысы (191 сом) орташа ауқаты бар тавриялықтың жылына жұмсайтын сомасынан (200—250 сом) біраз кем болады. «Жұмыс көлігі» жеткілікті болуы үшін 4 көлік керек болса, мұнда үй басына 3,2 жұмыс көлігі бар. Сондықтан орта шаруа шаруашылығының жағдайы тұрақсыз болады, сөйтіп өзінің жерін өңдеу үшін оның мойын серік болып бірігуіне тура келеді *.

*Таврия губерниясының*

| Үй қожайындарының топтары | Жиыны % есебімен | | Үлесті жер | | Сатып алынған жер | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үйлер | Еркек, әйел адамдар | Десятина | % | Десятина | % |
| Кедей топ | 39,9 | 32,6 | 56 445 | 25,5 | 2 003 | 6 |
| Орташа топ | 41,7 | 42,2 | 102 794 | 46,5 | 5 376 | 16 |
| Ауқатты топ | 18,4 | 25,2 | 61 844 | 28 | 26 531 | 78 |
| *Уезд бойынша барлығы* | 100 | 100 | 221 083 | 100 | 33 910 | 100 |

Сонымен, үлесті жердің бөлінуінен төменгі топтарды жоғары топтардың ығыстыруы көрініп тұрса да, бұл бөлінуде едәуір «теңгермелік» бар. Бірақ біз бұл *міндетті* жер иелігінен *еркін* жер иелігіне, яғни сатып алынған жер мен арендаға алынған жерге көшсек бол-

* Мелитополь уезі бойынша бұл топқа жататын 13 789 үйден тек 4218 үй ғана жерлерін өздері өңдейді, ал 9201 үй мойын серік болып бірігеді. Днепр уезі бойынша 8234 үйдің 4029-ы жерлерін өздері өңдейді, ал 3835 үй мойын серік болып бірігеді. Қараңыз: Мелитополь уезі бойынша земстволық-статистикалық жинақ (Б. 195-бет) пен Днепр уезі бойынша земстволық-статистикалық жинақ (Б. 123-бет).

Жерді мойын серік болып өңдеу, әрине, онша өнімді болмайтын көрінеді (бір жерден екінші жерге бару үшін уақыт кететіндігі, аттардың жеткіліксіздігі және басқалар), сондықтан бір селода, мәселен, Постников мырзаға біреулер «мойын серік болғандар көбінесе күніне 1 десятинадан артық жер жырта алмайды, яғни нормаға қарағанда екі есе аз жыртады» дегенді айтқан *. Егер бұған біз: орта топтағы үйлердің $^1/_5$ бөлігіне жуығының жер жыртатын құралдары жоқ, бұл топ жұмысшыларды жалдағаннан гөрі, оларды жалдануға көбірек жібереді (Постников мырзаның есебі бойынша) дегенді қоссақ,— онда біз үшін бұл топтың шаруа буржуазиясы мен село пролетариаты арасында тұрақсыз, көшпелі сипаты айқын болады. Орташа топтың ығыстырылуы туралы біраз толығырақ мәлімет келтірейік:

*Днепр уезі* **

| Арендаға алынған жер | | Арендаға берілген жер | | Топтың иелігіндегі барлық жер | | Егіс көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Десятина | % | Десятина | % | Десятина | % | Десятина | % |
| 7 839 | 6 | 21 551 | 65,5 | 44 736 | 12,4 | 38 439 | 11 |
| 48 398 | 35 | 8 311 | 25,3 | 148 257 | 41,2 | 137 344 | 43 |
| 81 646 | 59 | 3 039 | 9,2 | 166 982 | 46,4 | 150 614 | 46 |
| 137 883 | 100 | 32 901 | 100 | 359 975 | 100 | 326 397 | 100 |

ғаны, мәселе бүтіндей өзгереді. Бұл жер орасан зор көлемде шоғырланғандықтан, шаруалардың пайдалануындағы барлық жерлердің бөлінуі үлесті жердің бө-

* В. В. мырза жоғарыда көрсетілген мақалада мойын серікті «кооперация принципі», т. т. ретінде көп талқылайды. Бұлай ету тым оңай ғой; шынына келгенде: шаруалардың түрлі өте айрықша топтарға бөлінуі, мойын серіктің шаруа буржуазиясы ығыстырып, кері кетіп бара жатқан шаруашылықтардың кооперациясы екені туралы жұмған ауызды ашпай, содан кейін «жалпы» «кооперация принципі» туралы сөз ету,— сірә, село пролетариаты мен село буржуазиясы арасындағы кооперация туралы сөз еткендік болар!

** Мәліметтер земстволық-статистикалық жинақтан алынды. Бұл мәліметтердің, болыстарға енбей қалған селенислерді қоса есептегенде, бүкіл уезге қатысы бар. «Топтың иелігіндегі барлық жер» деген графаның мәліметтерін, өзім есептеп шығардым; үлесті жер, арендаға

лінуіне мүлде ұқсамайды: орташа топ екінші орынға ығыстырылады (оның үлесті жері 46% — пайдалануындағы жері 41%), ауқатты топ өзінің жер иеленуін едәуір кеңейтеді (оның үлесті жері 28% — пайдалануындағы жері 46%), ал кедей топ егіншілердің қатарынан ығыстырылып шығарылады (оның үлесті жері 25% — пайдалануындағы жері 12%).

Жоғарыда келтірілген кесте бізге өзіміз әлі кездесетін қызық құбылысты, атап айтқанда: шаруалар шаруашылығында үлесті жердің ролі төмендеп кеткенін көрсетеді. Төменгі топта үлесті жердің ролі жерді арендаға беру салдарынан төмендеп отыр, ал жоғары топта — сатып алынған жер мен арендаға алынған жердің жалпы шаруашылық жер көлемінде орасан басым болуы салдарынан төмендеп отыр. Реформаға дейінгі құрылыстың қалған-құтқандарын (шаруалардың жерге маталуы мен қазыналық теңгермелі жер иелігі) егіншілікке еніп келе жатқан капитализм біржола құртады.

Ал енді арендаың дәл өзіне келсек, жоғарыда келтірілген мәліметтер халықшыл-экономистердің пайымдауларындағы осы мәселе жөнінде өте көп таралған бір қатені талдап шығуымызға мүмкіндік береді. В. В. мырзаның пайымдауларын алып қарайық. Цитат келтірілген мақалада ол шаруалардың жіктелуіне арендаың қатысы туралы тікелей мәселе қойған болатын. «Аренда шаруалар шаруашылықтарының ірі және ұсақ шаруашылықтарға жіктелуіне және кәдуілгі, орташа топтың жойылуына ықпал жасай ма?» («Вестник Европы», I. с., 339—340-беттер). Бұл мәселені В. В. мырза ықпал жасамайды деп шешті. Ол мынадай дәлелдер келтірді: 1) «Аренданы пайдаланатын адамдардың проценті өте көп». Мәселен: әр түрлі губерниялардың әр түрлі уездері бойынша 38—68%; 40—70%; 30—66%; 50—60%. 2) Арендаға алынатын жер учаскелерінің 1 үйге кететін көлемі онша үлкен емес: Тамбов статистикасының мәліметтері бойынша 3—5 десятина.— 3) Үлесті жері аз шаруалар үлесті жері көп шаруаларға қарағанда жерді көп арендалайды.

алынған және сатып алынған жер бірге қосылып, арендаға берілген жер алынып тасталды.

Оқушы мұндай дәлелдердің қисындылығы былай тұрсын, тіпті іске жарар-жарамастығын айқын бағалай білуі үшін Днепр уезі жөніндегі тиісті мәліметтерді келтірейік *.

| | Жер арендалайтын үйлердің % | Жер арендалайтын 1 үйге келетін егіс десятинасы | 1 десятинаның сомға шаққандағы бағасы |
|---|---|---|---|
| 5 дес. дейін егетіндер | 25 | 2,4 | 15,25 |
| 5 —10 » » » | 42 | 3,9 | 12,00 |
| 10—25 » » » | 69 | 8,5 | 4,75 |
| 25—50 » » » | 88 | 20,0 | 3,75 |
| 50 дес. көп » | 91 | 48,6 | 3,55 |
| *Уезд бойынша* | 56,2 | 12,4 | 4,23 |

Бұл арада «орта» цифрлардың қандай маңызы болады? деген сұрақ туады. Арендаторлардың «көп» — 56 % болу фактісі байлардың аренданы шоғырландыруын қалайша жойып жібереді? Біреулері, сірә, аса мұқтаж болғандықтан күйзелтетін шарттар бойынша масқара қымбат бағаға (15 сомға) *2 десятина* жер алатын, ал екінші біреулері, өздерінің жерлері жеткілікті болса да, оның үстіне жерді мейлінше арзан бағаға, десятинасына 3, 55 сомнан төлеп *көтере* «сатып алып», *48 десятина* жер алатын шаруалардың барлығын бірге қосып, аренданың «орта» мөлшерін алу адам күлерлік емес пе? [Орта мөлшер арендалаушы үй басына 12 десятинадан келеді. Бұл мөлшерді көп жағдайда тіпті арендалаушы үйлерге емес, қайта қолда бар үйлерге қолданады. Мәселен, Карышев мырза өзінің «Шаруалардың үлестен тыс арендалары» деген шығармасында осылай істеп отыр (Дерпт, 1892; «Земство статистикасының қорытындылары», екінші том)]. Оның 3-дәлелінің мағынасыздығы да бұдан кем емес: В. В. мырза «тұтас қауымдарға» қатысы бар мәліметтер (шаруаларды үлесті жеріне қарай бөлгенде) «қауымның өз ішінде не істеліп жатқаны туралы дұрыс түсінік бермейтінін» (жоғары-

* Мелитополь және Бердянск уездері жөніндегі мәліметтер де дәл осы сияқты.

да көрсетілген мақаланың 342-беті) * мойындап, үшінші дәлелін өзі теріске шығарды.

Аренданың шаруа буржуазиясының қолына шоғырлануы қоғамдық, қауымдық арендаға тарамай-ақ, жеке өзіндік арендамен шектеледі деп ойлау үлкен қате болар еді. Жоқ, қате болмайды. Арендаланған жер әрдайым «ақшаға қарай» бөлінеді, сондықтан қауымдық арендалар тұсында шаруалар топтары арасындағы қатынас ешбір өзгермейді. Сондықтан, мәселен, Карышев мырзаның — қауымдық арендалардың жеке өзіндік арендаларға қатынасынан «екі жақтың күресі (!?) — қауым мен жеке адамның күресі» туады-мыс (159-бет, l. c.), қауымдық арендаларға «еңбек негізі және арендаға алынған учаскені қауымдағылардың арасында теңбе-тең бөлу принципі тән» (230 ibid.) болады-мыс дейтін пікірлері — міне, бұл пікірлер түгелімен халықшылдық иланымдарға жатады. Карышев мырза «земство статистикасының қорытындыларын» шығару жөніндегі өз міндетіне қарамастан, аренданың ауқатты шаруалардың шағын топтарының қолына шоғырлануы туралы толып жатқан земство-статистика материалдарының бәрін әдейі қалдырып кеткен. Мысал келтірейік. Таврия губерниясының жоғарыда көрсетілген үш уезінде шаруа *қоғамдарының* қазынадан арендалап алған жері топтардың арасында мына түрде бөлінеді:

* Постников мырза земство статистиктерінің нақ осындай қатесі жөнінде қызық мысал келтіреді. Ауқатты шаруалар шаруашылығының коммерциялық шаруашылық болатынын және олардың жер талап ететінін айта келіп, ол былай дейді: «земство статистиктері, сірә, шаруа тұрмысында кездесетін мұндай құбылыстарды заңсыз нәрсе деп есептеп, оларды маңызсыз етіп көрсетуге тырысады» және аренда байлардың бәсекесі арқылы емес, шаруалардың жерге мұқтаждығы арқылы белгіленеді деп дәлелдеуге тырысады. «Таврия губерниясының ескерткіш кітапшасын» (1889) құрастырушы Вернер мырза мұны дәлелдеу үшін 1—2 қызметкері және 2—3 жұмыс көлігі бар шаруалар тобын алып, бүкіл Таврия губерниясының шаруаларын *үлесті жерлерінің көлеміне* қарай топтады. Сонда бұл топтың ішінде үлесті жер мөлшерінің көбеюімен қатар арендалаушы үйлердің саны мен арендаға алынатын жердің мөлшері кемитін болып шықты. Мұндай әдістің еш нәрсені де дәлелдей алмайтыны түсінікті, өйткені мұнда жұмыс көлігінің саны бірдей шаруалар ғана алынып, нақ шеткері топтар қалдырылып кетіп отыр. Жұмыс көлігінің саны бірдей болған жерде, олардағы өңделетін жер мөлшері де бірдей болуға тиіс екені әбден табиғи нәрсе, демек үлесті жер неғұрлым аз болса, аренда соғұрлым көп болады. Мәселе атап айтқанда жұмыс көлігінің, құрал-саймандарының және т. б. саны *бірдей емес* үйлердің арасында аренданың қалай бөлінетінінде болып отыр.

| | Жер арендалаушы үйлердің саны | Десятина саны | Жиыны % есебімен | Жер арендалаушы 1 үйге келетін жердің десятинасы |
|---|---|---|---|---|
| 5 дес. дейін егетіндер | 83 | 511 | 1 } 4 | 6,1 |
| 5 —10 » » » | 444 | 1 427 | 3 } | 3,2 |
| 10—25 » » » | 1 732 | 8 711 | 20 | 5,0 |
| 25—50 » » » | 1 245 | 13 375 | 30 } 76 | 10,7 |
| 50 дес. көп » | 632 | 20 283 | 46 } | 32,1 |
| *Барлығы* | 4 136 | 44 307 | 100 | 10,7 |

Бұл «еңбек негізі» мен «жерді теңбе-тең бөлу принципінің» кішкене ғана мысалы!

Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы жөніндегі земство статистикасының мәліметтері, міне, осындай. Шаруалардың толық жіктелуін, шаруа буржуазиясының деревняда толық үстемдік етуін бұл мәліметтер күмәнсыз етіп көрсетеді *. Сондықтан В. В. мен Н.— он мырзалардың бұл мәліметтер жөніндегі көзқарастары өте қызық, оның үстіне бұрын бұл екі жазушының екеуі де шаруалардың жіктелуі туралы мәселе қоюдың қажет екенін мойындаған болатын («әлсіз» мужиктер жерлерін босқа тастап, ал «әлді» мужиктер тәуір жерлерді өзіне іріктеп алатындығы жөнінде қауымның өз ішінде болатын қызық құбылысты көрсете отырып, мұны В. В. мырза әлгі айтылған 1884 жылғы мақалада, Н.— он мырза 1880 жылғы «Словода» мойындаған болатын; қараңыз: «Очерктер», 71-бет). Постников мырзаның шығармасының екі жақты сипаты бар екенін айта кету қажет: бір жағынан, автор земство статистикасының өте бағалы мәліметтерін шеберлікпен жинап, мұқият өңдеді, мұның өзінде «шаруа дүниесін әлдененедей біртұтас, біртектес нәрсе деп қарауға ұмтылудан» бойын аулақ салды, «біздегі қала интеллигенциясы шаруа дүниесін күні бүгінге дейін осылай ұғынып жүр»

---

* Әдетте жұрт Новороссия жөніндегі мәліметтер, бұл жердің өзгешеліктері болғандықтан, жалпы қорытындылар жасауға мүмкіндік бермейді деседі. Бұл жерде егінші шаруалардың жіктелуі Россияның басқа жерлеріне қарағанда күштірек екенін біз бекер демейміз, бірақ Новороссияның ерекшелігі, кейде жұрттың ойлайтынындай, тіпті соншама зор емес екенін бұдан былайғы баяндаудан көруге болады.

(аталған шығармаңың 351-беті). Екінші жағынан, автор теорияға сүйенбегендіктен өзі өңдеген мәліметтерді мүлде бағалай білмеген және ол мәліметтерге «шаралардың» өте тар тұрғысынан қарап, «егіншілік-қолөнершілік-заводтық қауымдар» туралы, «шек қою», «міндеттеу», «бақылау» қажеттігі, т. т., т. б. туралы жобалар жасауға кірісіп кеткен. Сонымен, біздің халықшылдар бар назарын Постников мырзаның шығармасының екінші бөліміне аударып, оның бірінші, оңды бөлімін байқамауға тырысып бақты. В. В. мырза да, Н.— он мырза да Постников мырзаның мүлде ұшқалақ «жобаларын» «теріске шығаруды» аса байсалды пішінмен қолға алған болды (мұны В. В. мырза «Русская Мысльдің» 1894 жылғы 2-номерінде, Н.— он мырза «Очерктерде» қолға алды, 233-бет, ескерту), олар оны Россияға капитализмді енгізгісі келетін жаман ниеті бар деп кінәлап, осы күнгі оңтүстік орыс деревнясында капиталистік қатынастардың үстем болып отырғанын көрсететін мәліметтерден мейлінше жалтарды *.

### II. САМАРА ГУБЕРНИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Оңтүстік аймақтан шығыс аймаққа, Самара губерниясына көшелік. Ең соңғы кезде тексеру жүргізілген Новоузен уезін алайық; бұл уезд жөніндегі жинақта шаруалардың шаруашылық белгісіне қарай топтарға бөлінуі мейлінше толық берілген **. Шаруалардың топтары жөніндегі жалпы мәліметтер мынадай (бұдан бы-

* Н.— он мырза: Постников мырзаның «60 десятиналы шаруалар шаруашылықтарын жобалауы қызық екен» деп жазған болатын. Ал «ауыл шаруашылығы капиталистердің қолына түскен екен», онда еңбек өнімділігі «ертең» бұдан да жоғарылауы мүмкін, «60 десятиналы шаруашылықтарды 200 немесе 300 десятиналы шаруашылықтарға айналдыруға тура келеді (!)». Қараңызшы, қандай оп-оңай: біздің деревнядағы бүгінгі ұсақ буржуазияға ертеңгі күні ірі буржуазия қауіп туғызатын *болғандықтан,—сондықтан* Н.— он мырза бүгінгі ұсақ буржуазияны да, ертеңгі ірі буржуазияны да білгісі келмейді!

** «Самара губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы. VII том, Новоузен уезі». Самара, 1890 ж. Николаев уезі бойынша да шаруалар осы тектес топқа бөлінген (VI том, Самара, 1889), бірақ мұндағы деректер онша толық емес. «Самара губерниясы жөніндегі қорытынды жинақта» (VIII том, I кітап, Самара, 1892) шаруалар тек үлесті жерлеріне қарай топталған, мұның қанағаттанғысыз екендігі туралы біз төменде айтпақпыз.

лайғы деректер — үлесті жерлері бар, еркек, әйелін қоса есептегенде 164 146 адамы бар халықтың 28 276 үйіне, яғни немістер мен «хуторлықтарды» — қауымда да, хуторларда да шаруашылық жүргізетін үй қожайындарын қоспағанда уездегі бірыңғай орыс халқына қатысты деректер. Деректерге немістер мен хуторлықтарды қосу жіктелудің көрінісін едәуір күшейткен болар еді).

| Үй қожайындарының топтары | | Барлық үй санына неше % келеді | | 1 үйге келетін егістің орта мөлшері неше десятина | Жиынына егіс көлемі неше % келеді | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кедей топ | Жұмыс көлігі жоқтар | 20,7 | 37,1% | 2,1 | 2,8 | 8,0% |
| | 1 жұмыс көлігі барлар | 16,4 | | 5,0 | 5,2 | |
| Орташа топ | 2 — 3 » » » | 26,6 | 38,2% | 10,2 | 17,1 | 28,6% |
| | 4 » » » | 11,6 | | 15,9 | 11,5 | |
| Бай топ | 5 —10 » » » | 17,1 | 24,7% | 24,7 | 26,9 | 63,4% |
| | 10—20 » » » | 5,8 | | 53,0 | 19,3 | |
| | 20 және одан көп » » » | 1,8 | | 149,5 | 17,2 | |
| *Барлығы* | | 100 | | 15,9 | 100 | |

Егіншілік өндірісінің шоғырлануы өте елеулі болып шығады: бүкіл егістің 36,5 проценті «қауымдық» капиталистердің қолында (бұлар барлық үй санының $^1/_{14}$ бөлегі, атап айтқанда, 10 және одан да көп жұмыс көлігі бар үйлер), яғни қоса есептегенде 75,3% болып отырған барлық кедей және орта шаруалардың қолындағы егіс көлемімен бірдей! «Орта» цифр (1 үйге келетін егіс мөлшері 15,9 десятина) бұл ретте де, барлық уақыттағыдай, мүлде жалған, ол жалпы ауқаттылық бар деген бос елесті көрсетеді. Әр түрлі топтардың шаруашылығы жөніндегі басқа мәліметтерді қарап көрейік. [80-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сөйтіп, төменгі топта дербес қожайындар өте аз; жақсартылған құралдар кедейлердің қолына мүлде тимейді, ал орта шаруалардың қолына өте аз тиеді. Малдың шоғырлануы егістердің шоғырлануынан да күштірек; ауқатты шаруалардың капиталистік ірі егістерді капиталистік мал шаруашылығымен біріктіріп отыратыны айқын. Бұған қарама-қарсы жақта батырақтар-

| Үй қожайындарының топтары | Барлық үлесті жерін өз құрал-саймандарымен өңдейтін қожайындар % | Жақсартылған құралдары бар қожайындар % | Үй басына келетін барлық мал саны (ірі қараға шаққанда) | Жиынына барлық мал санының неше % келеді | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 2,1 | 0,03 | 0,5 | 1,5 | 6,4% |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 35,4 | 0,1 | 1,9 | 4,9 | |
| 2—3 » » » | 60,5 | 4,5 | 4,0 | 16,8 | 28,6% |
| 4 » » » | 74,7 | 19,0 | 6,6 | 11,8 | |
| 5—10 » » » | 82,4 | 40,3 | 10,9 | 29,2 | 65,0% |
| 10—20 » » » | 90,3 | 41,6 | 22,7 | 20,4 | |
| 20 және одан да көп » » | 84,1 | 62,1 | 55,5 | 15,4 | |
| *Барлығы* | 52,0 | 13,9 | 6,4 | 100 | |

дың және үлесті жерлері бар күндікшілердің қатарына қосуға болатын «шаруалардың» тұрғанын көреміз, өйткені олардың күн көріс қаражаттарының негізгі көзі жұмыс күшін сату болып табылады (мұны қазір көреміз), ал өз шаруашылығына жіпсіз матау және жалақыны азайту үшін кейде жер иелері де өз батырақтарына бір-екіден мал беріп қояды.

Шаруа топтарының тек шаруашылықтың мөлшері жағынан ғана емес, сонымен қатар оны жүргізу әдісі жағынан да айырмашылығы болатыны өзінен-өзі түсінікті: 1-ден, жоғары топтағы қожайындардың едәуір елеулі бөлігі (40—60 процент) жақсартылған құралдармен (негізінен алғанда, плугтар, одан соң ат және бу молотилкалары, веялкалар, жнейкалар және т. б.) жабдықталған. Жоғары топтағы үйлердің 24,7 процентінің қолына барлық жақсартылған құралдардың 82,9 проценті шоғырланған; орта топтағы үйлердің 38,2 процентінің қолында жақсартылған құралдардың 17,0 проценті бар; 37,1 процент кедейлердің қолында мұндай құралдардың 0,1 проценті (5724 құралдың жетеуі) *

* В. В. мырзаның нақ осы мәліметтерге сүйеніп, («Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар». СПБ. 1892, 225-бет) «шаруа бұқарасы» бұрынғы мешеу құралдарды жақсартылған құралдармен алмастыруға ұмтылады деп қорытынды жасағаны қызық (254-бет). Бұл мүлде жалған қорытындыны жасаудың тәсілі өте оңай: В. В. мырза құралдардың қалай бөлінгенін көрсететін кестеге зер салмастан, земство жинағынан жиынтық мәліметтерді ала салған! Товар-астық өн-

бар. 2-ден, Новоузен уезі жөніндегі жинақты құрастырушының айтуынша (44—46-беттер), аттары аз шаруаларда, көп атты шаруаларға қарағанда, «шаруашылық жүйесі, бүкіл шаруашылық қызметінің құрылысы» амалсыздың күнінен «басқаша» болатын көрінеді. Дәулетті шаруалар «жерді тынықтырып отырады... күзден бастап оны плугпен жыртады... көктемде қайта жыртады да, тұқым сеуіп, тырмалайды... жерді біраз жел қаққаннан кейін жыртылған аңызды малалайды... қара бидай егілетін жерді екі рет жыртады», ал әлсіз шаруалар «жерді тынықтырмайды, жыл сайын оған орыс бидайын еге береді... бидай егетін жерді көктемде бір-ақ рет жыртады... қара бидай егетін жерді пар жыртпай-ақ, құр тырмалап, тұқым себе салады... бидай егетін жерді көктемнің аяғында жыртады, осының салдарынан көбінесе егін шықпай қалады... қара бидай егетін жерді бір-ақ рет жыртады, кейде тіпті тырмалай салады да, уақытында жыртпайды... тынықтырмастан, бір жерді жыл сайын босқа жырта береді». Жинақты құрастырушы бұл тізімді «міне, осы сияқтылар ұшы-қиырсыз істеле береді» деп тұжырады. «Әлділеу шаруалар мен әлсіздеу шаруалардың шаруашылық жүйелерінде жоғарыда көрсетілгендей түбірлі айырмашылық болуы салдарынан біреулерде астықтың сапасы нашар, егіннің шығымдылығы төмен болады, екінші біреулерде біршама жақсы болады» (ibid.).

Ал қауымдық егіншілік шаруашылығында мұндай ірі буржуазия қалайша құрылды? Бұған топтардағы жер иелену мен жер пайдалану жөніндегі цифрлар жауап береді. Біз мысалға алып отырған бөлімшедегі шаруаларда барлығы 57 128 десятина сатып алынған жер (76 үйде) және 304 514 десятина арендаға алынған жер бар, соның ішінде 5602 үйде 177 789 десятина үлестен тыс аренда, 3129 үйде басқа қоғамдардан арендаға алынған 47 494 десятина үлесті жер және 7092 үйде өз

діруді арзандату үшін машиналарды қолданып отырған капиталист-фермерлердің (олар қауымның мүшелері) прогресін қаламды бір сілтегенде-ақ «шаруа бұқарасының» прогресіне айналдырған. Сөйтіп, В. В. мырза беті шімірікпестен былай деп жазды: «Машиналарды ауқатты кожайындар сатып алғанымен, оларды барлық (sic!!) шаруалар пайдаланады» (221). Бұған түсінік беріп жатудың керегі жоқ.

қоғамынан арендаға алынған 79 231 десятина үлесті жер бар. Шаруалардың бүкіл егіс көлемінің $^2/_3$ бөлігінен артығырақ болатын осы орасан көп жер былай бөлінген: [83-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Бұл арада біз сатып алынған жер мен арендаға алынған жердің орасан көп шоғырланғанын көріп отырмыз. Барлық сатып алынған жердің $^9/_{10}$ бөлігінен артығырағы — 1,8 процент болатын ең ірі бай үйлердің қолында. Барлық арендаға алынған жердің 69,7 проценті шаруа-капиталистердің қолына және 86,6 проценті шаруалардың жоғары тобының қолына шоғырланып отыр. Аренда жөніндегі және үлесті жерді жалға беру жөніндегі мәліметтерді салыстыру жердің шаруа буржуазиясының қолына көшкенін айқын көрсетіп отыр. Жердің товарға айналуы бұл арада да жерді көтере сатып алу бағасын арзандатады (демек, жерді сатып, пайда табуға әкеп соғады). Арендаға алынатын үлестен тыс жердің бір десятинасының бағасын анықтағанда, төменгі топтан жоғары топқа қарай мынадай цифрлар келіп шығады: 3,94; 3,20; 2,90; 2,75; 2,57; 2,08; 1,78 сом. Аренданың осы шоғырлануын халықшылдардың елемеуі оларды қандай қателерге ұрындыратынын көрсету үшін Карышев мырзаның «Егін шығымдылығы мен астық бағасының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» (СПБ. 1897 ж.) деген белгілі кітабындағы пікірлерін мысалға келтірелік. Егіннің шығымдылығы жақсы болып, астықтың бағасы төмендеген, ал аренданың бағасы көтерілген кезде, арендатор-кәсіпкерлер жерге сұранымды азайтуға тиіс, олай болса, тұтынушы шаруашылықтың өкілдері аренда бағасын жоғарылатады, деген қорытындыға келеді Карышев мырза (I, 288). Бұл — мүлде қалай болса солай жасалған қорытынды: шаруа буржуазиясының, астық бағасының төмендеуіне қарамастан, аренда бағасын көтеріп жіберуі әбден мүмкін, өйткені егін шығымдылығының жақсаруы бағаның төмендеуінің есесін қайтара алады. Ауқатты шаруалардың, төмендеген бағаның есесі қайтарылмайтын болған күнде де, машиналарды қолдану арқылы астық өндірудің құнын төмендете отырып, аренда бағасын көтеріп жіберуі әбден мүмкін.

| Үй қожайындарының топтары | Сатып алынған жері бар үйлердің % | 1 үйге келетін десятина | Барлық сатып алынған жердің % | Үлестен тыс жерлерді арендалау | | Үлесті жерлерді арендалау | | | | Бүкіл арендаға алынған жердің жиынына неше % | Жерін арендаға беретін қожайынсыз үйлердің % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Басқа қоғамдардан | | Өз қоғамынан | | | |
| | | | | Арендалаушы үйлердің % | 1 үйге келетін десятина | Үйлердің % | 1 үйге келетін десятина | Үйлердің % | 1 үйге келетін десятина | | |
| Жұмыс көлігі жоқтар | 0,02 | 100 | 0,2 | 2,4 | 1,7 | 1,4 | 5,9 | 5 | 3 | 0,6 | 47,0 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | — | — | — | 10,5 | 2,5 | 4,3 | 6,2 | 12 | 4 | 1,6 | 13,0 |
| 2 —3 » » » | 0,02 | 93 | 0,5 | 19,8 | 3,8 | 9,4 | 5,6 | 21 | 5 | 5,8 | 2,0 |
| 4 » » » | 0,07 | 29 | 0,1 | 27,9 | 6,6 | 15,8 | 6,9 | 34 | 6 | 5,4 | 0,8 |
| 5 —10 » » » | 0,1 | 101 | 0,9 | 30,4 | 14,0 | 19,7 | 11,6 | 44 | 9 | 16,9 | 0,4 |
| 10—20 » » » | 1,4 | 151 | 6,0 | 45,8 | 54,0 | 29,6 | 29,4 | 58 | 21 | 24,3 | 0,2 |
| 20 және одан көп » » | 8,2 | 1 254 | 92,3 | 65,8 | 304,2 | 36,1 | 67,4 | 58 | 74 | 45,4 | 0,1 |
| *Барлығы* | 0,3 | 751 | 100 | 19,8 | 31,7 | 11,0 | 15,1 | 25 | 11 | 100 | 12 |

Ауыл шаруашылығында машиналарды қолданудың өсіп келе жатқанын және бұл машиналардың шаруа буржуазиясының қолына шоғырланып отырғанын біз білеміз. Карышев мырза шаруалардың жіктелуін зерттеудің орнына, орта шаруалар туралы негізсіз әрі теріс дәлелдемелерін тықпалай береді. Сондықтан оның цитат келтірілген басылымдағы жаңағыдай етіп құрған барлық тұжырымдары мен қорытындыларының ешқандай маңызы жоқ.

Шаруалардың арасындағы әр текті элементтерді анықтағаннан кейін, енді біз ішкі рынок жөніндегі мәселені оңай түсіне аламыз. Егер бүкіл егіншілік өндірісінің $^{2}/_{3}$ бөлігіне жуығы ауқатты шаруалардың қолында болса, онда сатуға түсетін астықтың орасан көп бөлігін де солар беруге тиіс екені түсінікті. Әлсіз шаруалар өздерінің жұмыс күшін сату арқылы қосымша астық сатып алуға тиіс болса, ауқатты шаруалар астықты сатуға арнап өндіреді. Бұл туралы мәліметтер мынау *:

| Үй қожайындарының топтары | Жалдама қызметкерлер ұстайтын үй қожайындарының % | Егіншілік кәсіпшіліктерінде істейтін еркек қызметкерлердің % |
|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 0,7 | 71,4 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 0,6 | 48,7 |
| 2—3 » » » | 1,3 | 20,4 |
| 4 » » » | 4,8 | 8,5 |
| 5—10 » » » | 20,3 | 5,0 |
| 10—20 » » » | 62,0 | 3,9 |
| 20 және одан көп » | 90,1 | 2,0 |
| *Барлығы* | 9,0 | 25,0 |

Оқушыларға ішкі рыноктың құрылу процесі жөніндегі осы мәліметтермен біздің халықшылдардың пікірлерін салыстырып көруді ұсынамыз... «Егер мужик бай

* Статистиктердің «егіншілік кәсіпшіліктері» (жергілікті және шет кәсіпшіліктер) деп атап жүргендерін біз жұмыс күшін сатуға теңестіреміз. Бұл «кәсіпшіліктердің» *батырақтық* пен *күндікшілік екенін* кәсіпшіліктер жөніндегі кестеден айқын көруге болады («Самара губерниясы жөніндегі қорытынды жинақ», VIII том): «ауыл шаруашылығы кәсіпшіліктерінде» істейтін 14 063 ер адамның 13 297-сі батырақтар мен күндікшілер (бақташылар мен жер жыртушыларды қоса есептегенде).

болса,— фабрика өркендейді, және керісінше» (*В. В.* «Прогрестік ағымдар», 9-бет). «Фабрикаға» керекті байлықтың, байлық болғанда, бір жағынан, өнімдер мен өндіріс құрал-жабдықтарын, екінші жағынан, жұмыс күшін товарға айналдыру арқылы ғана жасалатын байлықтың қоғамдық формасы жөніндегі мәселені В. В. мырзаның мүлде білгісі келмейтін болуы керек. Н.— он мырза астықтың сатылуы туралы сөз ете келіп, өзін мынадай нәрсемен жұбатады: бұл астық — «егінші мужиктің» өнімі («Очерктердің» 24-беті), бұл астықты таситын «темір жолдар мужик арқылы күнелтеді» (16-бет).— Шынында да, бұл «қауымшы»-капиталистер «мужиктер» емес пе? Н.— он мырза 1880 жылы: «Қауымдық жер иелігі басым болып отырған жерлерде капиталистік негізде жүргізілетін егіншілік мүлде жоққа тэн (sic!!), ал бұл егіншіліктің қауымдық байланыстар не біржола үзілгеп жерлерде, не олардың бұзылып жатқан жерлеріпде ғана болуы мүмкін екенін біздің бір уақыттарда атап көрсетуімізге жағдай әлі болады» (59-бет) деп жазып, оны 1893 жылы қайта бастырған болатын. Н.— он мырза мұндай «жағдайды» еш уақытта да кездестірген жоқ және кездестіруі мүмкін де емес еді, өйткені капиталистік егіншіліктің нақ «қауымшылдардың» * *арасында* дамып отырғанын және атышулы «қауымдық байланыстардың» егінді көп егетіндердің батырақты шаруашылығына толық бейімделіп отырғанын фактілер көрсетіп отыр.

Николаев уезіндегі шаруалар топтарының арасындағы қатынастар да дәл осы сияқты көрінеді (цитат келтірілген жинақтың 826 және келесі беттері. Шет жерлерде тұратындар мен жері жоқтарды қоспай отырмыз). Мәселен, 7,4 процент болатын бай үйлер (10 және одан да көп жұмыс көлігі барлар) халықтың 13,7 проценті бола тұра, барлық малдың 27,6 процентін және арендаың 42,6 процентін өз қолына шоғырландырып отыр, ал

* Біз мысал үшін келтірген Новоузен уезі «қауымның» өте-мөте «өміршең» (В. В. мырзаның және оның сыбайластарының терминологиясы бойынша) екенін көрсетеді: «Қорытынды жинақтың» кестелерінен (26-бет) біз мынаны көреміз: Новоузен уезінде қауымдардың 60 проценті, ал басқа уездерде қауымдардың тек 11—23 проценті ғана (губерния бойынша қауымдардың 13,8 проценті) жерді қайта бөлген.

29 процент болатын кедей үйлерде (аты жоқ және бір аты бар үйлерде), бұлар халықтың 19,7 проценті болса да, оларда малдың 7,2 проценті ғана және аренданың 3 проценті ғана бар. Өкінішке қарай, Николаев уезі жөніндегі кестелер, қайталап айтайық, тым келте. Самара губерниясы жөніндегі әңгімені бітіру үшін, Самара губерниясы жөніндегі «Қорытынды жинақтан» шаруалардың жағдайын көрсететін өте тағылым аларлық мына бір сипаттаманы келтірейік:

«...Батыс губернияларынан жері аз шаруалардың қоныс аударуы салдарынан бұрынғыдан да күшейе түскен халықтың табиғи түрде көбеюі ауыл шаруашылығы өндірісі саласында баю мақсатын көздеп жермен сауда жасайтын алыпсатарлардың пайда болуына байланысты жерді жалдау формасын жылдап-жылға қиындата берді, оның бағасын көтерді, жерді товарға айналдырды, ал мұның өзі бір адамдарды күрт байытып, екінші бір көптеген адамдарды күйзеліске ұшыратты. Бұл соңғы айтылғанға мысал ретінде, оңтүстіктегі кейбір көпес және шаруа шаруашылықтарының егістік жерлерінің көлемдерін көрсетейік: бұларда 3—6 мың десятина жер жырту жиі кездеседі, ал олардың кейбіреулері бірнеше он мыңдаған десятина қазыналық жерлерді арендалай отырып, 8—10—15 мың десятинаға дейін егін егіп жүр.

Самара губерниясындағы егінші (селолық) пролетариаттың өмір сүріп, өсіп-өнуі сатуға арналған астықты көптеп өндіріп, аренда бағасын көтеріп, тың жерлер мен мал жайылымдарын жыртып, тоғайларды тазартып, басқа да сол сияқты құбылыстармен көзге түсіп отырған соңғы кезеңге байланысты болып отыр. Бүкіл губерния бойынша жерсіз үйлердің ұзын саны — 21 624, ал шаруашылығы жоқ үйлер — 33 772 (үлесті жерлері бар үйлердің ішінен), ал аты жоқ және бір аты бар үйлерді бірге қосып есептегенде — 110 604 семья, әр семьяда 5 жаннан сәл асады деп есептегенде 600 мың еркек, әйел адам бар. Олар заң жүзінде қауымдық жер учаскесінің белгілі бір бөлігіне ие болып отырса да, оларды пролетариат қатарына жатқызуға біздің батылымыз барады; іс жүзінде, бұлар — ірі шаруашылықтардағы күндікшілер, жер жыртушылар,

бақташылар, орақшылар, басқа да сол сияқты жұмысшылар, бұлар үйлерінде қалатын семьяларын асырау үшін өздерінің үлесті жерлеріне 1/2—1 десятина егін егеді» (57—58-беттер).

Сонымен, зерттеушілер аты жоқ шаруаларды ғана емес, бір аты бар шаруаларды да пролетариат деп таниды. Постников мырзаның қорытындысына (топтар жөніндегі кестелердің мәліметтеріне де) толық сәйкес келетін және шаруалардың төменгі тобының нағыз қоғамдық-шаруашылық мәнін көрсететін осы маңызды қорытындыны атап көрсетеміз.

### III. САРАТОВ ГУБЕРНИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Енді орта қара топырақты аймаққа, Саратов губерниясына келелік. Шаруаларды жұмыс көлігіне қарай мейлінше толық топталған бірден-бір уезд — Камышин уезін алайық *.

Бүкіл уезд жөніндегі деректер мынадай (40 157 үй бар, еркек, әйелін қосқанда жан саны 263 135. Егісі 435 945 десятина, яғни «орташа» үйге 10,8 десятинадан келеді):

| Үй қожайындарының топтары | Үйлердің % | | Еркек, әйел халықтың % | Десятина есебімен егістің орта мөлшері | Барлық егіс көлемінің % | | Егін екпейтін үйлердің % | Ірі қараға шаққанда 1 үйге келетін барлық мал саны | Барлық мал санына неше % келеді | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 26,4 | 46,7 | 17,6 | 1,1 | 2,8 | 12,3 | 72,3 | 0,6 | 2,9 | 11,8 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 20,3 | | 15,9 | 5,0 | 9,5 | | 13,1 | 2,3 | 8,9 | |
| 2 » » » | 14,6 | 32,2 | 13,8 | 8,8 | 11,8 | 34,4 | 4,9 | 4,1 | 11,1 | 32,1 |
| 3 » » » | 9,3 | | 10,3 | 12,1 | 10,5 | | 1,5 | 5,7 | 9,8 | |
| 4 » » » | 8,3 | | 10,4 | 15,8 | 12,1 | | 0,6 | 7,4 | 11,2 | |
| 5 және одан көп » » | 21,1 | 21,1 | 32,0 | 27,6 | 53,3 | 53,3 | 0,2 | 14,6 | 56,1 | 56,1 |
| *Барлығы* | 100 | | 100 | 10,8 | 100 | | 22,7 | 5,2 | 100 | |

* Бұл губернияның басқа 4 уезіндегі шаруаларды жұмыс көлігіне қарай топтағанда орта және ауқатты шаруалар қосылып кеткен. Қараңыз: «Саратов губерниясы жөніндегі статистика мәліметтерінің қо-

Сонымен, біз бұл арада тағы да егістің егінді көп егетіндердің қолына шоғырланып отырғанын көреміз: барлық үй санының бестен бір бөлігіндей ғана болатын (және халықтың үштен бір бөлігіне жуық) * ауқатты шаруалар барлық егістің жартысынан көбіне (53,3 процентіне) ие болып отыр, оның бер жағында егіс мөлшері оның коммерциялық сипаты бар екенін айқын көрсетеді: орта есеппен үй басына 27,6 десятинадан келеді. Ауқатты шаруаларда үй басына келетін мал саны да едәуір: 14,6 малдан келеді (ірі қараға шаққанда, яғни 10 ұсақ малды бір ірі қара деп есептегенде), және уездегі барлық шаруа малының $^{3}/_{5}$ бөлігіне жуығы (56%) шаруа буржуазиясының қолына жиналған. Деревняның қарама-қарсы екінші бір жағынан біз қарама-қарсы жағдайды: төменгі топтың, село пролетариатының мүлде құр алақан қалғанын көреміз, бұлар біздің мысалымызда үйлердің $^{1}/_{2}$ бөлігінен сәл ғана кемірек (халықтың $^{1}/_{3}$ бөлігіне жуық), алайда барлық егіс үлесінің тек $^{1}/_{8}$ бөлігін ғана, ал барлық мал санынан одан да кем (11,8%) алады. Бұлар — енді негізінен алғанда батырақтар, күндікшілер және үлесті жері бар өнеркәсіп жұмысшылары.

Егістік жерлердің шоғырланып, егіншіліктің саудалық сипатының өсуімен қатар ол капиталистік егіншілікке айнала бастайды. Біз енді өзімізге таныс құбылысты: төменгі топтарда жұмыс күшінің сатылаты-

---

рытындысы», I бөлім. Саратов, 1888. Б. Саратов губерниясының шаруалардың разрядтары жөніндегі құрама кестелері.— Саратов статистиктерінің құрама кестелері былайша құрылған: барлық үй қожайындары үлесті жеріне қарай 6 *категорияға* бөлінген, әрбір категория жұмыс көлігіне қарай 6 *топқа* бөлінген, ал әрбір топ еркек қызметкерлерінің санына қарай 4 *бөлімшеге* бөлінген. Қорытындылар тек *категориялар* бойынша ғана шығарылған, сондықтан *топтар* бойынша есепті өзімнің жасап шығуыма тура келеді. Мұндай кестенің маңызы туралы төменде айтпақпыз.

* Бір айта кететін нәрсе: үйлерді дәулеттілігіне немесе шаруашылығының мөлшеріне қарай топтайтын болсақ, шаруалардың ауқатты жіктерінде әрдайым семьядағы адамдардың *көбірек* екенін байқаймыз. Бұл жағдай шаруа буржуазиясының үлесті жерді көбірек алатын ірі семьялармен байланысты екенін көрсетеді;— кейде керісінше де болады: бұл жағдай ауқатты шаруалардың бөліске көп ұмтылмайтынын көрсетеді. Алайда ауқатты шаруалар семьяларындағы адамдардың көп болуының маңызын асыра бағалауға болмайды, олардың басым көпшілігі, біздің мәліметтерімізден байқалып отырғанындай, жұмысшы жалдайды. Сонымен, біздің халықшылдар сөз етуді тәуір көретін «семьялық кооперация» капиталистік кооперацияның базисі болып табылады.

нын және жоғары топтарда оның сатып алынатынын көреміз.

| Үй қожайындарының топтары | Жалдама еркек жұмысшылары бар қожайындардың % | Кәсіпшілік шаруашылықтарының % |
|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 1,1 | 90,9 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 0,9 | 70,8 |
| 2 » » » | 2,9 | 61,5 |
| 3 » » » | 7,1 | 55,0 |
| 4 » » » | 10,0 | 58,6 |
| 5 және одан көп » » | 26,3 | 46,7 |
| *Барлығы* | 8,0 | 67,2 |

Бұл арада жақсылап түсінік беру қажет. Тіпті П. Н. Скворцов мақалаларының бірінде земство статистикасында «кәсіпшілік» (немесе «табыс») деген терминге шамадан тыс «кең» маңыз беріледі деп өте дұрыс көрсеткен болатын. Шынында да, шаруалардың үлесті жерден тыс кәсіптерінің *бәрі және қандайы болсын* «кәсіпшіліктерге» жатқызылып жүр; фабриканттар мен жұмысшылар да, диірмен, бақша иелері мен күндікшілер де, батырақтар да; алыпсатарлар, саудагерлер және қара жұмысшылар да; орман өнеркәсіпшілері мен ағаш кесушілер де; мердігерлер мен құрылыс жұмысшылары да; еркін кәсіп өкілдері, қызметшілер мен қайыршылар да және т. б.— осылардың барлығы да «өнеркәсіпшілер»! Мұндай жабайы сөз қолдану — «үлесті жер» мужиктің «нағыз», «табиғи» кәсібі, ал өзге кәсіптердің барлығы бірдей «шет» кәсіпшіліктерге жатады, дейтін дәстүрлі көзқарасты көксегендік болып табылады;— мұны тіпті ресми көзқарас деп те айтуға хақымыз бар. Крепостниктік правоның тұсында мұндай сөз қолданудың raison d'être * бар еді, ал қазір бұл — нағыз барып тұрған анахронизм. Мұндай терминологияның бізде ішінара сақталып келе жатқан себебі сол — ол «орта» шаруалар туралы айтылып жүрген жалған сөздермен тамаша үйлеседі және шаруалардың жіктелуін зерттеу *мүмкіндігін тікелей жояды* (әсіресе шаруалардың «шет» кәсіптері көп әрі алуан түрлі болып

* — негізі. *Ред.*

отырған жерлерде осылай болады. Камышин уезі шыт мата кәсіпшілігінің ең көрнекті орталығы екенін ескерте кетейік). Шаруалардың «кәсіпшіліктері» өздерінің экономикалық типтері бойынша бөлінбей тұрып, «өнеркәсіпшілердің» арасында *қожайындар жалдама жұмысшылардан* ажыратылмай тұрып, шаруа шаруашылығы туралы үй басы жиналған деректерді өңдеу * қанағаттанғысыз болмақ. Бұл — экономикалық типтердің ең аз мөлшері, бұларды жіктеп бөлмей тұрып, экономикалық статистика қанағаттанарлық деп танылуы мүмкін емес. Әлбетте, топтаудың неғұрлым толығырақ болғаны тәуір болар еді, мәселен: жалдама жұмысшылары бар қожайындар — жалдама жұмысшылары жоқ қожайындар — саудагерлер, алыпсатарлар, дүкеншілер және т. б.— тұтынушы өнеркәсіпшілерге қызмет ететін қолөнершілер және т. с. деп топтаған жөн болар еді.

Жоғарыда келтірген кішкене кестемізге қайта оралып, мынаны айта кетелік: «кәсіпшіліктерді» жұмыс күшін сатудың есебіне жатқызуға дегенмен біздің белгілі правомыз болды, өйткені жалдама жұмысшылар әдетте шаруа «өнеркәсіпшілерінің» арасында басым болады. Егер шаруа «өнеркәсіпшілерінің» арасынан бірыңғай жалдама жұмысшыларды бөліп алуға болатын болса, онда біз, әрине, жоғары топтарда «өнеркәсіпшілер» процентінің мейлінше аз болатынын көрер едік.

Ал жалдама жұмысшылар туралы мәліметтерге келетін болсақ, біз бұл арада Харизоменов мырзаның: «егін ору, шөп шабу және күндіктеп жұмыс істеу үшін қысқа мерзімге жалдау [жұмысшыларды] өте кең өріс алған құбылыс болса да, шаруашылықтың әлді немесе әлсіз екендігінің сипатты белгісі бола алмайды»-мыс («Қорытындыға» жазылған «Кіріспенің» 46-беті) деген пікірінің мейлінше қате екенін атап көрсетуге тиіспіз. Керісінше, теориялық пікірлер де, Батыс Европаның тәжірибесі де, орыс мәліметтері де (олар туралы төменде сөз етеміз) күндікші жұмысшылар жалдаудан село буржуазиясына тән белгіні көруге мәжбүр етеді.

* *«Өңдеу»* дейтін себебіміз: үй басы санақ жүргізілген кезде шаруалардың кәсіпшіліктері жөнінде өте мұқият әрі толық деректер жиналады.

Ақырында, аренда мәселесіне келетін болсақ, мәліметтер мұнда да шаруа буржуазиясының арендасы өз қолына жинап алғанын көрсетеді. Мынаны айта кетелік: Саратов статистиктерінің құрама кестелерінде жерді арендаға алатын және оны арендаға беретін қожайындардың саны көрсетілмей, тек арендаға алынған және арендаға берілген * жердің мөлшері көрсетілген; сондықтан арендаға алынған жер мен арендаға берілген жердің мөлшеріп жерді арендаға алуды әрбір үй бойынша емес, *нақты бар* үйлердің саны бойынша анықтауымызға тура келеді.

| Үй қожайындарының топтары | Үлесті жері бар 1 үйге келетін жер неше десятина: Үлесті егістік жер | Арендаға алынған жер | Арендаға берілген жер | Барлық жерге неше %: Үлесті жер | Арендаға алынған жер | Арендаға берілген жер | Пайдаланудағы барлық жер (үлесті жер + арендаға алынған жер — арендаға берілген жер) неше % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 5,4 | 0,3 | 3,0 | 16 | 1,7 | 52,8 | 5,5 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 6,5 | 1,6 | 1,3 | 14 | 6 | 17,6 | 10,3 |
| 2 » » » | 8,5 | 3,5 | 0,9 | 13 | 9,5 | 8,4 | 12,3 |
| 3 » » » | 10,1 | 5,6 | 0,8 | 10 } 34 | 9,5 } 30,1 | 4,8 } 17,3 | 10,4 } 34,6 |
| 4 » » » | 12,5 | 7,4 | 0,7 | 11 | 11,1 | 4,1 | 11,9 |
| 5 және одан көп » » | 16,1 | 16,6 | 0,9 | 36 | 62,2 | 12,3 | 49,6 |
| *Барлығы* | 9,3 | 5,4 | 1,5 | 100 | 100 | 100 | 100 |

Сонымен, бұл арада да біз шаруалар неғұрлым ауқатты болса, өздерінің үлесті жермен молынан қамтамасыз етілгеніне *қарамастан,* олардың жерді соғұрлым *көп* арендалайтынын көріп отырмыз. Бұл арада да біз ауқатты шаруалардың орта шаруаларды ығыстырып отырғанын, шаруа шаруашылығында деревнядағы екі жақтың екеуінде де үлесті жер ролінің кемуге бет алып отырғанын көріп отырмыз.

* Уезд бойынша барлығы 61 639 десятина егістік жер, яғни барлық үлесті егістік жердің (377 305 десятина) $^1/_6$ бөлігіне жуығы арендаға беріледі.

Аренда жөніндегі осы мəліметтерге толығырақ тоқталайық. Карышев мырзаның өте-мөте қызықты əрі маңызды зерттеулері мен пікірлері (цитат алынған «Нəтижелер») жəне Н.— он мырзаның оларға енгізген «түзетулері» осы мəліметтерге байланысты.

Карышев мырза «аренданың аренда алушы адамдардың дəулетіне байланысты екеніне» арнап айрықша тарау (III) жазған. Оның бұдан шығарған жалпы қорытындысы мынау: *«бірдей жағдайлардың бəрінде де* жалға алынатын жер үшін күрес неғұрлым ауқатты адамдардың пайдасына шешілуге бейім тұрады» (156-бет). «Басқаларға қарағанда дəулеттірек үйлер... дəулеті кемдеу үйлердің тобын ығыстырып, екінші қатарға шығарып отырады» (154-бет). Демек, өзіміз зерттеп отырған мəліметтер бізді қандай қорытындыға келтіретін болса, земство статистикасының мəліметтеріне жасалған жалпы шолудан да дəл сондай қорытынды шығатынын көріп отырмыз. Бұл ретте аренда мөлшерінің үлесті жер мөлшеріне байланыстылығын зерттеу ісі Карышев мырзаны мынадай қорытындыға келтірген: шаруаларды үлесті жерлеріне қарай топтау «өзімізді қызықтырып отырған құбылыстың мəнін көлегейлейді» (139-бет): «а) шаруалардың жермен *неғұрлым аз* қамтамасыз етілген *разрядтары,* бірақ b) бұл разрядтардағы жермен *неғұрлым көп* қамтамасыз етілген *топтар* аренданы... көбірек пайдаланады. Біз бұл арада біріне бірі тікелей қарама-қарсы екі ықпалдың бар екенін көретініміз айқын, бұларды бірімен бірін шатастыру — олардың əрқайсысының маңызын түсінуге кедергі жасайды» (ib.). Егер біз шаруалардың топтарын *дəулеттілігіне* қарай ажырататын көзқарасты дəйекті түрде жүзеге асыратын болсақ, мұндай қорытынды өзінен өзі келіп шығады: өздерінің үлесті жермен жақсы қамтамасыз етілгеніне қарамастан, ауқатты шаруалардың аренданы басқалардан жырып əкететінін өзіміздегі мəліметтерден барлық жерде көрдік. Жерді арендаға аларда шаруа үйінің ауқаттылығының нақ өзі *анықтаушы фактор* болып табылатыны, үлесті жер алу шарттары мен арендаға жер алу шарттарының өзгеруіне байланысты бұл фактордың тек түрі ғана өзгеретіні, бірақ

анықтауыш фактор бола беретіні айқын. Бірақ Карышев мырза «дәулеттің» арендаға ықпалын зерттесе де, көрсетілген көзқарасты дәйекті түрде қорғаған жоқ, сондықтан да ол аренда алушының жермен қамтамасыз етілуі мен аренданың арасында тікелей байланыс бар дей отырып, құбылысты *дәл* сипаттамады. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, аренданы бай адамдардың басқалардан жырып әкетуінің мәнін толық бағалауына Карышев мырзаның зерттеуінің бір жақтылығы кедергі жасады. «Үлестен тыс аренданы» зерттегенде, ол аренда жөніндегі земство-статистика мәліметтерін жинақтаумен шектеліп, бұл мәліметтерді аренда алушылардың өз меншігіндегі шаруашылығына қатысты етіп қарамады. Осылайша, неғұрлым формальды түрде зерттегеннен кейін аренданың «дәулетке» қатынасы туралы, аренданың саудалық немесе коммерциялық сипаты туралы мәселенің шешіле қоймағаны түсінікті. Мәселен, Камышин уезі жөнінде Карышев мырзаның қолында дәл сондай мәліметтер болды, бірақ ол бір аренданың абсолютті цифрларын қайта бастырып (қараңыз: № 8 қосымша, XXXVI бет), аренданың үлесті жері бар бір үйге келетін *орта* молшерін есептеп шығарумен шектелген (тексттің 143-беті). Аренданың ауқатты шаруалардың қолына шоғырлануы, оның өнеркәсіптік сипаты, оның шаруалардың төменгі тобының жерін жалға беруімен байланыстылығы,— мұның бәрі назардан тыс қалған. Сонымен, земство-статистика мәліметтерінің аренда жөніндегі халықшылдық түсінікті теріске шығаратынын және ауқатты шаруалардың кедейлерді ығыстырып отырғанын көрсететінін Карышев мырзаның байқамауы мүмкін емес, бірақ ол бұл құбылысқа дәл сипаттама бермеді және, оны барлық жағынан зерттеп алмай, осы мәліметтерге қайшы келіп, «еңбек негізі» және т. т. жөніндегі ескі әпіне қайта басты. Алайда шаруалардың арасындағы экономикалық алауыздық пен күресті жай атап көрсетудің өзі де халықшыл мырзаларға өрескелдік болып көрінді, сөйтіп олар Карышев мырзаны өзінше «түзетуге» кірісіп кетті. Өзінің айтуынша (ескертудің 153-беті), Н. Каблуков мырзаның Карышев мырзаға қарсы пікірлерін «пайдаланып

отырған» Н.— он мырза мұны былайша істейді. Өзінің «Очерктерінің» IX параграфында Н.— он мырза арендамен оның әр түрлі формалары жөнінде пікір қозғайды. «Шаруаның иелігінде,— дейді ол,— өзінің меншігіндегі жерінде егіншілік еңбегімен күн көруіне жететіндей жері болса, ол жерді арендаға алмайды» (152). Сөйтіп, шаруаның жерді арендаға алуында пайда іздеушіліктің бар екенін, сауда егістігімен айналысатын байлардың арендады басқалардан жырып әкететінін Н.— он мырза іркілместен теріске шығарады. Оның бұған дәлелдері бар ма? — Ешқандай дәлелі жоқ: «халық өндірісі» теориясы дәлелденбейді, жарлық түрінде айтылады. Н.— он мырза Карышев мырзаға қарсы Хвалынск уезі жөнінде земство жинағынан кішкене кесте келтіреді, бұл кесте — «жұмыс көлігінің саны бірдей болғанда, үлесті жер неғұрлым аз болса, бұл кем-кетікті соғұрлым арендамен толтыруға тура келетінін» (153) * дәлелдейді, тағы да: «егер шаруалар мал иелену жағынан мүлде бірдей жағдайға қойылса, егер олардың шаруашылығында жұмыс күші жеткілікті болса, олардың өз иелігіндегі үлесті жері неғұрлым аз болған сайын, жерді арендаға соғұрлым көп алатынын» (154) дәлелдейді. Бұл сияқты «қорытындылардың» — Карышев мырзаның анық емес тұжырымына әншейін сөз жүзінде жармасқандық екенін, жерді арендаға алу ісінің дәулетке байланыстылығы туралы мәселені Н.— он мырзаның құр әншейін түкке тұрмайтын мағынасыз сөздерге айналдыра салғанын оқушы көріп отыр. Қолда бар жұмыс көлігінің саны *бірдей* болғанда, шаруаның өз жері неғұрлым аз болса, оның арендасының соғұрлым көп болатыны озінен өзі айқып емес пе? Бұл жөнінде сөз етудің қажеті де жоқ, өйткені бұл арадағы бірдей деп алынып отырған дәулет — *айырмашылықтары туралы* сөз болып отырған *дәулеттің* дәл өзі. Жеткілікті жері бар шаруалар жер арендаламайды деген Н.— он мырзаның пікірін бұл ешбір дәлелдемейді, ал Н.— он мыр-

---

* Статистиктер Камышин уезі жөнінде де дәл осындай кішкене кесте келтіріп отыр. «Саратов губерниясы жөніндегі статистика мәліметтерінің жинағы», XI том. Камышин уезі, 249 және келесі беттері. Сондықтан біз өзіміз қарастырып отырған уезд жөніндегі мәліметтерді толық пайдалана аламыз.

занық кішкене кестелері өзі келтіріп отырған цифрларын оның өзінің түсінбейтіндігін ғана көрсетеді: шаруаларды үлесті жерінің мөлшеріне қарай теңестіргенде, ол мұнымен «дәулеттің» ролін, кедейлердің жерді арендаға беруіне байланысты (әлбетте, сол ауқатты шаруалардың өздеріне арендаға беруіне байланысты) арендаңы басқалардан жырып әкетушілік болатынын бұрынғыдан да айқын етіп көрсетеді *. Камышин уезінде аренданың қалай бөлінгені туралы әлгінде келтірілген мәліметтерді оқушы есіне түсіріп көрсін; көзге елестетіп көріңізші: «қолда бар жұмыс көлігінің саны бірдей» шаруаларды біз жеке бөліп шығарайық та, оларды үлесті жерлерінің мөлшеріне қарай категорияларға, қызметкерлерінің санына қарай бөлімшелерге бөліп, былай дейік: жері неғұрлым аз болса, олар соғұрлым көп арендалайды және т. т. Мұндай тәсілді қолданғанда ауқатты шаруалар тобы жоқ болып кете ме екен? Ал Н.— он мырзаның өзінің бос сөздері арқылы сол топтың жоқ болуының нақ өзіне қолы жетті және ол халықшылдықтың ескі соқыр сенімдерін қайталауға мүмкіндік алды.

Н.— он мырзаның мүлде жарамсыз тәсілін — шаруалардың арендасын 0, 1, 2 және т. т. қызметкері бар топтардағы үй басына бөлген тәсілін — «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының және т. т. ықпалы» деген кітапта Л. Маресс мырза да қайталап отыр (I, 34). Маресс мырза (әдейі халықшылдық көзқарас тұрғысынан жазылған кітаптың басқа да авторлары сияқты) батыл пайдаланып отырған сол «орта мөлшер» жөніндегі кішкене бір мысал мынау. Мелитополь уезінде,— дейді ол,— жер арендалайтын бір үйге десятина есебімен келетін аренданың мөлшері — еркек қызметкерлері жоқ үйлерде 1,6 десятина; бір қызметкері бар үйлерде — 4,4 десятина; екі қызметкері бар үйлерде — 8,3 десятина; үш қызметкері бар үйлерде — 14,0 десятина (34-бет). Сөйтіп «аренданың жан басына шамамен біркелкі бөлінгені» туралы қорытынды жасалады!! Ма-

* Н.— он мырзаның келтіріп отырған мәліметтері оның қорытындыларына қайшы келетінін П. Струве мырза «Сын заметкаларының» өзінде-ақ көрсеткен болатын.

ресс мырза шаруашылығының әлділігі жағынан түрліше болып келетін үйлердің топтары бойынша аренданың *іс жүзінде* бөлінуіне назар аудару керек деп таппаған, ал ол мұны тіпті В. Постников мырзаның кітабынан да, земство жинақтарынан да біле алатын еді. «Орта» цифр — бір еркек қызметкері бар үйлердің тобындағы жер арендалаушы 1 үйге келетін 4,4 десятина мынадай цифрлардың *қосындысынан* алынған: 5—10 десятина егін егетін және 2—3 жұмыс көлігі бар үйлердің тобындағы *4 десятина* аренда мен 50 десятинадан артық егін егетін, 4 және одан да көп жұмыс көлігі бар үйлердің тобындағы *38 десятина* аренданың қосындысынан алынған (Қараңыз: Мелитополь уезі жөніндегі жинақ, Г. 10—11-беттер). Байлар мен кедейлерді бірге *қосып,* қосындыны қосылатын сандарға бөлген кезде қай жерде болса да «біркелкі болістің» шығатыны таңқаларлық нәрсе емес!

Шындығында Мелитополь уезінде шаруа халқының 29,5 проценті болатын 21 процент бай үйлердің (25 десятина және одан да көп егісі бар үйлердің) қолында,— өздерінің үлесті және сатып алынған жерлермен әбден қамтамасыз етілгендігіне қарамастан,— барлық арендаланған егістік жердің 66,3 проценті бар. (Мелитополь уезі жөніндегі жинақ. Б. 190—194-беттер.) Керісінше, шаруа халқының 30,1 проценті болатын 40 процент кедей үйлердің (10 десятинаға дейін егісі бар үйлердің) қолында,— өздерінің үлесті және сатып алынған жерлермен өте аз қамтамасыз етілгендігіне қарамастан,— барлық арендаланған егістік жердің 5,6 проценті бар. Көріп отырсыздар, мұның өзі «аренда жан басына біркелкі бөлінді» дегенге өте ұқсап-ақ тұр екен!

Маресс мырза шаруа арендалары жөніндегі өзінің барлық есеп-қисаптарын мынадай «жорамалға» негіздеп құрады: «жер арендалаушы үйлер көбінесе қамтамасыз етілуі (*үлесті жермен* қамтамасыз етілуі) жағынан төмен тұрған екі топқа жатады»; «арендаға алынатын жер арендалаушы халық арасында жан басына (sic!) біркелкі бөлінеді»; және «аренда шаруалардың қамтамасыз етілуі жағынан төмен тұрған топтардан

жоғары топтарға көшуіне жағдай туғызады» (34—35). *Маресс мырзаның осы «жорамалдарының» барлығының шындыққа тікелей қайшы келетіндігін* біз жоғарыда көрсетіп өттік. Іс жүзінде мұның бәрі керісінше болып отыр, және егер Маресс мырза шаруашылық тұрмыстағы теңсіздік туралы сөз еткенде (35-бет),— үйлерді шаруашылық белгілеріне қарай (үлесті жерді *иеленуіне* қарай емес) топтау жөніндегі мәліметтерді алған болса және халықшылдық соқыр сенімдерден туатын негізсіз «жорамалмен» қанағаттанбаған болса,— оның мұны байқамауы мүмкін емес еді.

Енді Камышин уезін Саратов губерниясының басқа уездерімен салыстырып қаралық. Шаруалар топтарының арасындағы қатынастар барлық жерлерде біртектес болып отыр; мұны 4 уезд бойынша (Вольск, Кузнецк, Балашов және Сердобск уездері бойынша) төменде келтірілген мәліметтерден көруге болады, бұл мәліметтерде, жоғарыда өзіміз айтқандай, орта шаруалар мен ауқатты шаруалар бірге қосылған:

*Саратов губерниясының 4 уезі*
Жиыны % есебімен

| Үй қожайындарының топтары | Үйлері | Еркек, әйел халқы | Барлық малы | Үлесті жер | Арендасы | Пайдаланудағы барлық жері | Егісі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 24,4 | 15,7 | 3,7 | 14,7 | 2,1 | 8,1 | 4,4 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 29,6 | 25,3 | 18,5 | 23,4 | 13,9 | 19,8 | 19,2 |
| 2 және одан көп | 46,0 | 59,0 | 77,8 | 61,9 | 84,0 | 72,1 | 76,4 |
| *Барлығы* | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |

Демек, бұдан біз барлық жерлерде де кедейлерді ауқатты шаруалардың ығыстырып отырғанын көреміз. Бірақ Камышин уезінде ауқатты шаруалар басқа уездердегіге қарағанда сан жағынан да көп, өздері де бай болып келеді. Мәселен, губернияның 5 уезінде (Камы-

шин уезін де қоса алғанда) шаруалардың үйлері жұмыс көлігінің санына қарай былай бөлінген: жұмыс көлігі жоқтары — 25,3 процент; 1 жұмыс көлігі барлары — 25,5 процент; 2 жұмыс көлігі барлары — 20 процент; 3 жұмыс көлігі барлары — 10,8 процент; 4 және одан да көп жұмыс көлігі барлары — 18,4 процент; ал Камышин уезінде, жоғарыда өзіміз көргендей, ауқатты топ көбірек, бірақ оның есесіне әлсіз топ біршама аз. Содан соң, егер біз орта шаруалар мен ауқатты шаруаларды бірге қоссақ, яғни 2 және одан да көп жұмыс көлігі бар үйлерді алсақ, уездер бойынша мынадай мәліметтер шығады:

| | *2 және одан да көп жұмыс көлігі бар 1 үйге келетіні* | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Камышин | Вольск | Кузнецк | Балашов | Сердобск |
| Жұмыс көлігінің саны | 3,8 | 2,6 | 2,6 | 3,9 | 2,6 |
| Барлық мал саны | 9,5 | 5,3 | 5,7 | 7,1 | 5,1 |
| Үлесті жер десятинасы | 12,4 | 7,9 | 8 | 9 | 8 |
| Арендаланған жер » | 9,5 | 6,5 | 4 | 7 | 5,7 |
| Егістік жер » | 17 | 11,7 | 9 | 13 | 11 |

Яғни, Камышин уезінде ауқатты шаруалар неғұрлым бай болып келеді. Бұл уезд ең жері көп уездердің қатарына қосылады: 1 еркек ревизиялық жанға [47] губерния бойынша 5,4 десятина жерден келсе, бұл уезде 7,1 десятина үлесті жерден келеді. Демек, «шаруалардың» жерінің көп болуы шаруа буржуазиясының сан жағынан көбірек әрі неғұрлым бай екендігін ғана көрсетеді.

Саратов губерниясы жөніндегі мәліметтерге шолу жасауды осымен аяқтай келіп, біз шаруа үйлерін топтау жөніндегі мәселеге тоқталуды қажет деп санаймыз. Біз шаруаларды үлесті жеріне қарай топқа бөлуді a limine * теріс деп тауып, тек қана шаруашылықтың әлділігіне қарай (жұмыс көлігіне қарай; егісіне қарай) топқа бөлуді қолданып отырмыз, оқушы, сірә, мұны байқаған да болар. Мұндай тәсілді дәлелдеу қажет бо-

* — бірден. *Ред.*

лады. Шаруаларды үлесті жеріне қарай топқа бөлу біздің земство статистикасында анағұрлым көп тараған, сондықтан мұны қолдау үшін, әдетте, алғаш қарағанда өте нанымды мынадай екі дәлел * келтіреді. 1-ден, егінші шаруалардың тұрмысын зерттеу үшін оларды жеріне қарай топқа бөлу табиғи және қажет нәрсе деседі.— Мұндай дәлел орыс өмірінің елеулі ерекшелігін елемейді, атап айтқанда: үлесті жер иелігінің еркіндік сипаты жоқ екендігін, заңға байланысты бұл жер иелігінің теңгермелі сипаты болатындығын және оны пайдаланудың мейлінше қиындағанын елемейді. Егінші шаруалардың бүкіл жіктелу процесінің мәні мынада — өмірдің өзі осы юридикалық шеңберлерден аттап өтеді. Шаруаларды үлесті жеріне қарай топтау тәсілін қолдана отырып, біз жерін арендаға беретін кедей мен жерді арендаға алатын немесе сатып алатын байды; — жерін тастап кететін кедей мен жерді «жинап алатын» байды;— малы өте аз, жүргізіп отырған шаруашылығы тым нашар кедей мен малы көп, жерін тыңайтатын, егіншілігін жақсартатын, т. б. шараларды қолданатын байды бірге қосып отырмыз. Басқаша айтқанда, біз село пролетарын село буржуазиясының өкілдерімен қосып отырмыз. Осындай қосудың нәтижесінде алынатын «орта мөлшер» шаруалардың *жіктелуін бүркемелейді*, сондықтан нағыз жалған ** мөлшер болып табылады. Сара-

---

* Мәселен, Саратов губерниясы жөніндегі «Қорытындыға», Самара губерниясы жөніндегі «Қорытынды жинаққа», Воронеж губерниясының 4 уезі жөніндегі бағалау деректерінің «Жинағына» жазылған кіріспелерді және басқа да земство-статистика басылымдарын қараңыз.

** В. В. мырзаның пікіріне қосылатындығымызды көрсету үшін сирек кездесетін жағдайды пайдаланып қалайық: ол өзінің 1885 және одан кейінгі жылдары журналдарда жарияланған мақалаларында «земство-статистика басылымдарының жаңа типін», атап айтқанда, үй басы алынған деректерді тек қана үлесті жер бойынша емес, сонымен бірге шаруашылықтың әлділігі бойынша топтауға мүмкіндік беретін құрама кестелерді құптаған болатын. Ол кезде В. В. мырза былай деп жазды: «Цифрлы мәліметтерді *шаруалардың мейлінше алуан түрлі экономикалық топтарының село немесе қауым сияқты қырық құрағына* емес, *сол топтардың өздеріне* бейімдеп пайдалану қажет» (В. В. «Жергілікті статистика басылымының жаңа типі», «Северный Вестник», 1885 ж., № 3, 189 және 190-беттер, цитат Саратов губерниясы жөніндегі «Қорытындыға» жазылған «Кіріспенің» 36-бетінде алынған). Орасан зор өкінішке қарай, В. В. мырза өзінің ең соңғы кездегі еңбектерінің бірде-біреуінде шаруалардың әр түрлі топтары жөніндегі мәліметтерге назар аударуға тырыспаған және В. Постников мырзаның кітабының фактілік бөлімі жөнінде тіпті жұмған аузын да ашпаған, мұны біз жоғарыда көрдік, ал В. Постников мырза «мейлінше алуан

тов статистиктерінің жоғарыда өзіміз суреттеп өткен құрама кестелері шаруаларды үлесті жеріне қарай топқа бөлудің жарамсыз екендігін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Мәселен, Камышин уезіндегі үлесті жері жоқ шаруалардың категориясын алайық (қараңыз: «Қорытынды», 450 және келесі беттер, Камышин уезі жөніндегі Жинақ, XI том, 174 және келесі беттер). «Қорытындыны» құрастырушы бұл категорияны сипаттай келіп, оның егісін «өте аз» деп атайды («Кіріспе», 45-бет), яғни ол категорияны кедейлердің қатарына қосады. Кестелерді алып қаралық. Бұл категорияның егісінің «орта мөлшері» — үй басына 2,9 десятина. Бірақ осы «орта мөлшердің» қалай шыққанына көз жіберіп қараңыздар: ол ірі егіншілер (үй басына 18 десятинадан егін егетін, 5 және одан да көп жұмыс көлігі бар топ; бұл топтағы үйлердің саны бүкіл категориядағы үйлердің 1/8 бөлігіне жуық, бірақ категорияның бүкіл егісінің жартысына жуығы солардың қолында) мен атсыз, үй басына 0,2 десятина егісі бар кедейлерді бірге қосқаннан келіп шыққан! Батырақ ұстайтын үйлерді алып қараңыз. Бүкіл категория ішінде олар өте аз — 77, яғни 2,5 процент. Бірақ осы 77 үйдің 60-ы үй басына 18 десятинадан егін егетін жоғары топта, ал бұл топтағы батырақ ұстайтын үйлер енді 24,5 процентке жетіп отыр. Біздің шаруалардың жіктелуін бүркемелеп отырғанымыз, жарлы шаруаларды жақсырақ етіп көрсетіп отырғанымыз (оларға байларды қосып, орта мөлшерді есептеп шығару арқылы), ал ауқатты шаруаларды, керісінше, әлсіздеу етіп көрсетіп отырғанымыз айқын, өйткені үлесті жерлері көп шаруалардың категориясына көптеген әлді шаруалармен бірге әлсіздер де кіріп кетіп отыр (үлесті жерлері көп қауымдарда да әрдайым әлсіз шаруалардың бола беретіні белгілі). Бізге енді шаруаларды үлесті жеріне қарай топқа бөлуді қуаттайтын екінші дәлелдің де қате екендігі түсінікті. Шаруаларды осылай топқа бөлгенде біз әрқашан да үлесті жердің мөлшері артқан сайын дәулеттілік бел-

---

түрлі топтардың қырық құрағы» жөніндегі мәліметтерді емес, шаруалардың әр түрлі топтары жөніндегі мәліметтерді талдауға тұңғыш рет әрекет жасағандардың бірі дерлік болған еді. Бұл неліктен екен?

гілерінің (мал саны, егіс мөлшері, т. б.) дұрыс арта түсетінін көреміз деушілер бар.— Бұл — даусыз факт, өйткені үлесті жер — әл-ауқаттың ең маңызды факторларының бірі. Сондықтан үлесті жері көп шаруалардың арасында шаруа буржуазиясының өкілдері әрдайым көп болады, ал осыдан келіп бүкіл категория үшін үлесті жер жөніндегі «орта» цифрлар да арта түседі. Бірақ осы айтылғандардың бәрінен әлі село буржуазиясы мен село пролетариатын бірге қосатын мұндай тәсіл дұрыс деген қорытынды жасауға әсте болмайды.

Қорыталық: шаруалар туралы үй басы алынған мәліметтерді өңдегенде үлесті жердің мөлшеріне қарай топқа бөлумен шектелуге болмайды. Экономикалық статистика топқа бөлудің негізіне қажетті түрде *шаруашылықтың көлемі мен типтерін* алуға тиіс. Бұл типтерді ажырататын белгілер жергілікті жағдайлар мен егіншілік формаларына сәйкес алынуға тиіс; егер экстенсивті астық шаруашылығы тұсында шаруаларды егісіне қарай (немесе жұмыс көлігіне қарай) топқа бөлумен шектелуге болса, ал басқа жағдайларда өнеркәсіптік өсімдіктер егуді, ауыл шаруашылығы өнімдерін техникалық жолмен өңдеуді, тамыр жемістілерді немесе мал азығындық шөп егуді, сүт шаруашылығын, огород шаруашылығын, т. б. есепке алу қажет. Шаруалар егіншілік кәсібін де, өзге кәсіпшіліктерді де кең көлемде ұштастырып отырған кезде,— топқа бөлудің жоғарыда көрсетілген екі жүйесін, яғни егіншіліктің көлемі мен типтеріне қарай топқа бөлу мен «кәсіпшіліктердің» мөлшері мен типтеріне қарай топқа бөлуді біріктіру керек. Шаруалар шаруашылығы туралы үй басы жасалған жазбаларды жинақтау тәсілдері туралы мәселе тіпті де тар шеңберлі және екінші дәрежелі мәселе емес, ал бір қарағанда осылай деп ойлап қалуға да болады. Қайта, қазіргі кезде бұл мәселе земство статистикасының негізгі мәселесі десек, мұнымыз ешқандай асыра айтқандық болмайды. Үй басы алынған деректердің толықтығы мен оларды жинастыру * техникасы әбден жолға қойыл-

* Земство санағының техникасы жөнінде, жоғарыда аталған басылымдардан басқа, Фортунатов мырзаның «Земство статистикасының қорытындыларының» I томында басылған мақаласын қараңыз. Үй басына жасалған карточкалардың үлгілері «Самара губерниясы жөнін-

ған, бірақ оларды қанағаттанарлық етіп жинақтамаудың салдарынан толып жатқан аса бағалы деректер жоғалып кетеді, сөйтіп зерттеушінің қолына тек қана «орта» цифрлар (қауым, болыс, шаруалардың разрядтары бойынша, үлесті жердің көлемі, т. б. бойынша) тиеді. Ал бұл «орта» цифрлар, біз мұны жоғарыда көрдік, төменде де көреміз, көбінесе мүлде жалған болып шығады.

## IV. ПЕРМЬ ГУБЕРНИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Енді біз өзіміздің земство-статистика мәліметтері жөніндегі шолуымызды мүлде өзгеше жағдайларда тұрған губернияға: Пермь губерниясына ауыстырайық. Үйлері егіншілік шаруашылығының көлеміне қарай топқа бөлінген * Красноуфимск уезін алайық. Уездің егіншілікпен айналысатын бөлігі туралы жалпы мәліметтер мынадай (23 574 үй, еркектері мен әйелдерін қоса есептегенде 129 439 адам бар).

| Үй қожайындарының топтары | Үйлердің % | Еркек, әйел халқының % | 1 үйге келетін егіс, десятина | Барлық егіс көлеміне келетін % | | | 1 үйге келетін мал: жұмыс көлігі | 1 үйге келетін мал: ірі қараға шаққанда барлық малы | барлық мал санына келетін % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Егін екпейтіндер | 10,2 | 6,5 | — | — | 8,9 | | 0,3 | 0,9 | 1,7 | 15,4 | |
| 5 дес. дейін егін егетіндер | 30,3 | 24,8 | 1,7 | 8,9 | | | 1,2 | 2,3 | 13,7 | | |
| 5—10 » » | 27,0 | 26,7 | 4.7 | 22,4 | | | 2,1 | 4,7 | 24,5 | | |
| 10—20 » » | 22,4 | 27,3 | 9,0 | 35,1 | | 68,7 | 3,5 | 7,8 | 33,8 | | 60,1 |
| 20—50 » » | 9,4 | 13,5 | 17,8 | 28,9 | 33,6 | | 6,1 | 12.8 | 23,2 | 26,3 | |
| 50 дес. көп » | 0,7 | 1,2 | 37,3 | 4,7 | | | 11,2 | 22,4 | 3,1 | | |
| *Барлығы* | 100 | 100 | 5,8 | 100 | | | 2,4 | 5,2 | 100 | | |

дегі қорытынды жинақ» пен Саратов губерниясы жөніндегі «Қорытындыға» жазылған «Кіріспеде», «Орел губерниясы жөніндегі статистикалық мәліметтердің жинағында» (II том. Елецк уезі), «Пермь губерниясы Красноуфимск уезінің статистикасына арналған материалдарда» басылған. IV кітап. Әсіресе Пермь карточкасы толықтығымен көзге түседі.

* «Пермь губерниясы Красноуфимск уезінің статистикасына арналған материалдар», III кітап. Кестелер. Қазан, 1894. Салыстырып қарау үшін біз төменде Екатеринбург уезі жөніндегі басты мәліметтерді де келтіреміз; бұл уезде де үйлердің топқа бөлінуі дәл осы сияқты.

Демек, біз мұнда да, егіс мөлшерінің едәуір аз екендігіне қарамастан, топтардың арасындағы қатынастардың дәл баяғыдай екенін, егіс пен малдың да дәл баяғыдай ауқатты шаруалардың шағын тобының қолына шоғырланып отырғанын көреміз. Жер иелену мен жерді нағыз шаруашылық жолмен пайдаланудың арасындағы қатынас мұнда да бұған дейін өзіміз білетін губерниялардағыдай көрінеді *.

*Жердің жиынына келетін проценті*

| Үй қожайындарының топтары | Үйлер | Еркек, әйел халқы | Үлесті жер | Арендаға алынған жер | Арендаға берілген жер | Пайдаланудағы барлық жер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егін екпейтіндер | 10,2 | 6,5 | 5,7 | 0,7 | 21,0 | 1,6 |
| 5 дес. дейін егін егетіндер | 30,3 | 24,8 | 22,6 | 6,3 | 46,0 | 10,7 |
| 5—10 » » | 27,0 | 26,7 | 26,0 | 15,9 | 19,5 | 19,8 |
| 10—20 » » | 22,4 | 27,3 | 28,3 | 33,7 | 10,3 | 32,8 |
| 20—50 » » | 9,4 | 13,5 | 15,5 | 36,4 | 2,9 | 29,8 |
| 50 дес. көп » » | 0,7 | 1,2 | 1,9 | 7,0 | 0,3 | 5,3 |
| *Барлығы* | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |

Мұнда да жермен өте жақсы қамтамасыз етілген ауқатты шаруалар бұрынғысынша аренданы басқалардан жырып әкетіп отыр; үлесті жер әлсіз шаруалардың қолынан бұрынғысынша (арендаға беру арқылы) әлді шаруалардың қолына көшіп отыр, үлесті жердің ролі бұрынғысынша әр түрлі екі бағытта, деревнядағы біріне-бірі қарама-қарсы екі жақтың екеуінде де төмендеп отыр. Бұл процестерді оқушының анығырақ түсінуі

«Пермь губерниясы Екатеринбург уезі жөніндегі статистикалық мәліметтердің жинағы». Екатеринбург уездік земствосының басылымы. Екатеринбург, 1891.

* Бұл шаруалардың (барлық топтардың) барлық үлесті жерлері — 410 428 десятина, яғни «орта есеппен» 1 үйге 17,5 десятинадан келеді. Сонымен бірге шаруалар 53 882 десятина егістік жерді және 597 180 десятина шабындық жерді, демек, барлығы 651 062 десятина жерді арендаға алады (егістік жерді арендалайтын үйлер — 8903, ал шабындық жерді арендалайтын үйлер — 9167), ал арендаға беріп отырған үлесті жерлері: егістігі — 50 548 десятина (8553 қожайын) және шабындығы — 7186 десятина (2180 қожайын), барлығы 57 734 десятина.

үшін, аренда жөніндегі мәліметтерді толығырақ келтірейік:

| Үй қожайындарының топтары | Бір үйге келетін: Еркек, әйелі бар барлық жан | Бір үйге келетін: Үлесті жер, десятина | Егістік жерді арендалайтын үйлердің % | Арендалаушы 1 үйге келетін егістік жер, десятина | Шабындық жерді арендалайтын үйлердің % | Арендалаушы 1 үйге келетін шабындық жер, десятина |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егін екпейтіндер | 3,51 | 9,8 | 0,0 | 0,7 | 7,0 | 27,8 |
| 5 дес. дейін егін егетіндер | 4,49 | 12,9 | 19,7 | 1,0 | 17,7 | 31,2 |
| 5—10 » » | 5,44 | 17,4 | 34,2 | 1,8 | 40,2 | 39,0 |
| 10—20 » » | 6,67 | 21,8 | 61,1 | 4,4 | 61,4 | 63,0 |
| 20—50 » » | 7,86 | 28,8 | 87,3 | 14,2 | 79,8 | 118,2 |
| 50 дес. көп » | 9,25 | 44,6 | 93,2 | 40,2 | 86,6 | 261,0 |
| *Барлығы* | 5,49 | 17,4 | 37,7 | 6,0 | 38,9 | 65,0 |

Демек, халықшыл экономистердің жалпы таралып кеткен пікірлеріне қарама-қарсы, шаруалардың жоғары топтарында (аренданың ең көп бөлігін өз қолдарына шоғырландырып отырғаны өзімізге мәлім топтарында) аренда айқын өнеркәсіптік, кәсіпкерлік сипатта болады.

Жалдама еңбек жөніндегі мәліметтерге көшелік, осы уезд бойынша алынған бұл мәліметтер толық болғандықтан (атап айтқанда: күндікші жұмысшыларды жалдау жөніндегі мәліметтер қосылған) ерекше бағалы: [105-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл жерде біз Саратов статистиктерінің: күндікші жұмысшыларды жалдау шаруашылықтың әлді не әлсіз екендігінің сипатты белгісі болып табылмайды-мыс дейтін пікірінің айқын теріске шығарылғанын көріп отырмыз. Керісінше, мұның өзі — шаруа буржуазиясының өте-мөте сипатты белгісі. Күндікші жұмысшыларды жалдаудың барлық түрлерінен біз неғұрлым әлді шаруалардың семьядағы жұмысшылармен де неғұрлым жақсы қамтамасыз етілгендігіне қарамастан, дәулеттің артуымен бірге жұмысшы жалдайтын қожайындар процентінің өсіп отырғандығын көреміз. Семьялық коо-

| Шаруашылықтардың топтары | 1 үйге келетін еркек қызметкерлердің саны | Жұмысшылар жалдайтын шаруашылықтардың саны: мерзімді уақытқа | шөп шабуға | егін оруға | астық бастыруға | Жұмысшылар жалдайтын шаруашылықтардың %: мерзімді уақытқа | шөп шабуға | егін оруға | астық бастыруға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Егін екпейтіндер | 0,6 | 4 | 16 | — | — | 0,15 | 0,6 | — | — |
| 5 дес. дейін егін егетіндер | 1,0 | 51 | 364 | 340 | 655 | 0,7 | 5,1 | 4,7 | 9,2 |
| 5—10 » » » | 1,2 | 268 | 910 | 1 385 | 1 414 | 4,2 | 14,3 | 20,1 | 22,3 |
| 10—20 » » » | 1,5 | 940 | 1 440 | 2 325 | 1 371 | 17,7 | 27,2 | 43,9 | 25,9 |
| 20—50 » » » | 1,7 | 1 107 | 1 043 | 1 542 | 746 | 50,0 | 47,9 | 69,6 | 33,7 |
| 50 дес. көп » » | 2,0 | 143 | 111 | 150 | 77 | 83,1 | 64,5 | 87,2 | 44,7 |
| *Барлығы* | 1,2 | 2 513 | 3 884 | 5 742 | 4 263 | 10,6 | 16,4 | 24,3 | 18,8 |

перация бұл жерде де капиталистік кооперацияның базисі болып табылады. Одан соң, біз күндікшілерді жалдайтын шаруашылықтардың саны мерзімді жұмысшылар жалдайтын шаруашылықтардың санынан $2^1/_2$ *есе* (уезд бойынша орта есеппен алғанда) артық екенін көріп отырмыз — егін ору үшін күндікшілер жалдауды алып қарайық; өкінішке қарай, статистиктер мұндай деректер бола тұрса да, күндікшілер жалдайтын шаруашылықтардың жалпы санын көрсетпеген. Жоғары үш топтағы 7679 үйдің 2190-ы батырақ жалдайды, ал 4017 үй, яғни ауқатты топтағы шаруалардың көпшілігі егін оруға күндікші жалдайды. Әлбетте, күндікшілерді жалдау Пермь губерниясының ерекшелігі деуге тіпті де болмайды және егер біз жоғарыда шаруалардың ауқатты топтарындағы барлық қожайындардың оннан 2-сінен оннан 6-сына және 9-ына дейін батырақ жалдайтынын көрген болсақ, бұдан шығатын тікелей қорытынды мынадай. Ауқатты шаруа үйлерінің *көпшілігі* белгілі бір формалардағы жалдама еңбекті пайдаланады. *Ауқатты шаруалардың өмір сүруінің қажетті шарты батырақтар мен күндікшілер контингентінің құрылуы болып табылады.* Ақырында, күндікшілерді жалдайтын шаруашылықтар санының батырақтарды жалдайтын шаруашылықтар санына қатынасы *шаруалардың төменгі топтарынан жоғары топтарына қарай кеміп отыратынын*

айта кету — аса назар аударарлықтай. Төменгі топтарда күндікшілерді жалдайтын шаруашылықтардың саны батырақтарды жалдайтын шаруашылықтардың санынан әрдайым және әлденеше есе асып түсіп отырады. Керісінше, жоғары топтарда батырақтарды жалдайтын шаруашылықтардың саны кейде тіпті күндікшілерді жалдайтын шаруашылықтардың санынан да артық болып шығады. Бұл факт шаруалардың жоғары топтарында жалдама еңбекті ұдайы қолдануға негізделген нағыз батырақты шаруашылықтардың құрылып отырғандығын ашық көрсетеді; жалдама еңбек жылдың мезгілдеріне қарай біркелкілеу болып бөлінеді, сондықтан күндікшілерді жалдауға онша қымбат төлемей-ақ, онша көп машақаттанбай-ақ шаруашылықты жүргізе беруге мүмкіндік туады. Реті келгенде Вятка губерниясының Елабуга уезінде қолданылатын жалдама еңбек жөніндегі деректерді келтіре кетейік (мұнда ауқатты шаруалар орташа шаруалармен қосылып алынған).

| Үй қожайындарының топтары | Үйлер | | Еркек, әйел адамдары | Жалдама қызметкерлердің | | | | Барлық малы | Үлесті егістігі | Үйлердің % | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мерзімділері | | күндікшілері | | | | жерді арендалайтындары | жерді арендаға беретіндері |
| | Саны | % | % | Саны | % | Саны | % | % | % | | |
| Аты жоқтар | 4 258 | 12,7 | 8,3 | 56 | 3,2 | 16 031 | 10,6 | 1,4 | 5,5 | 7,9 | 42,3 |
| 1 аты барлар | 12 851 | 38,2 | 33,3 | 218 | 12,4 | 28 015 | 18,6 | 24,5 | 27,6 | 23,7 | 21,8 |
| Көп аты барлар | 16 484 | 49,1 | 58,4 | 1 481 | 84,4 | 106 318 | 70,8 | 74,1 | 66,9 | 35,3 | 9,1 |
| *Барлығы* | 33 593 | 100 | 100 | 1 755 | 100 | 150 364 | 100 | 100 | 100 | 27,4 | 18,1 |

Егер әрбір күндікші бір айдан (28 күн) жұмыс істейді десек, онда күндікшілердің саны мерзімді жұмысшылардың санынан үш есе көп болып шығады. Жол-жөнекей айта кетейік, Вятка губерниясында да жұмысшыларды жалдау жағынан да, жерді арендалау және арендаға беру жағынан да топтардың арасында болатын өзімізге таныс қатынастардың бар екенін көреміз.

Жерді тыңайту жайында Пермь статистиктері келтірген үй басы мәліметтері аса қызықты. Бұл мәліметтерді өңдеудің нәтижесі мынадай [48]:

| Үй қожайындарының топтары | Егістік жерге жалпы көң тасып төгетін шаруашылықтардың % | 1 үйге (көң тасушы үйге) шаққанда неше көлік көң тасылды |
|---|---|---|
| 5 дес. дейін егетіндер | 33,9 | 80 |
| 5—10 » » » | 66,2 | 116 |
| 10—20 » » » | 70,3 | 197 |
| 20—50 » » » | 76,9 | 358 |
| 50 дес. көп » » | 84,3 | 732 |
| *Барлығы* | 51,7 | 176 |

Сонымен, біз бұл жерде де кедейлер мен ауқатты шаруалардың шаруашылығының жүйесі мен тәсілінде үлкен айырмашылық бар екенін көреміз. Ал мұндай айырмашылық барлық жерлерде де болуға тиіс, өйткені ауқатты шаруалар қай жерде болсын шаруа малының көбін өз қолына жинайды және өз еңбегін шаруашылықты жақсарту ісіне жұмсауға мүмкіндігі көбірек болады. Сондықтан біз, мәселен, реформадан кейінгі «шаруалардың» бір мезгілдің ішінде аты жоқ және малы жоқ үйлердің тобын құра отырып, жер тыңайту ісіне (В. В. мырза өзінің «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» деген кітабының 123—160 және келесі беттерінде егжей-тегжейлі суреттеген жер тыңайту ісіне) көшу арқылы «ауыл шаруашылығы мәдениетін көтергенін» білетін болсақ, онда мұның өзі «прогрестік ағымдардың» жай әншейін село буржуазиясының прогресі болып отырғанын бізге мейлінше айқын көрсетеді. Жақсартылған ауыл шаруашылығы құралдарын бөлу ісіне келгенде, бұл жағдай одан да гөрі айқын көрінеді, Пермь статистикасында бұл құралдар туралы да мәліметтер бар. Бірақ бұл мәліметтер уездің бүкіл егіншілікпен айналысатын бөлігінен емес, оның тек 3, 4 және 5-аудандарынан ғана жиналған, бұл аудандар 23 574 үйдің 15 076-сын қамтиды. Жақсартылған құралдардың есепке алынып тіркелгендері мыналар: 1049 веялка, 225 сортировка және 354 молотилка — барлығы

1628. Бұларды топтарға бөлгенде мынадай болып шығады:

| Үй қожайындарының топтары | 100 шаруашылыққа келетін жақсартылған құралдар | Барлық жақсартылған құралдар | Жақсартылған құралдар санының жиынына келетін % |
|---|---|---|---|
| Егін екпейтіндер | 0,1 | 2 | 0,1 |
| 5 дес. дейін егетіндер | 0,2 | 10 | 0,6 |
| 5—10 » » » | 1,8 | 60 | 3,7 |
| 10—20 » » » | 9,2 | 299 | 18,4 |
| 20—50 » » » | 50,4 | 948 | 58,3 } 77,2 |
| 50 дес. көп » » | 180,2 | 309 | 18,9 } |
| *Барлығы* | 10,8 | 1 628 | 100 |

Мұның өзі В. В. мырзаның жақсартылған құралдарды «барлық» шаруалар пайдаланады-мыс! дейтін «халықшылдық» қағидасын сипаттайтын тағы да бір мысал болады.

Бұл жолы «кәсіпшіліктер» жайындағы мәліметтер «кәсіпшіліктердің» негізгі екі типін айырып көрсетуімізге мүмкіндік береді, бұлар: 1) шаруалардың село буржуазиясына айналуын (сауда-өнеркәсіп орындарын иелену) және 2) шаруалардың село пролетариатына айналуын (жұмыс күшін сату, «егіншілік кәсіпшіліктері» деп аталатындар) көрсететін типтер. Бір-біріне бүтіндей қарама-қарсы типтердегі бұл «өнеркәсіпшілерді» топтарға бөлгенде мынадай болып шығады *:

| Үй қожайындарының топтары | 100 қожайынға келетін сауда-өнеркәсіп орындары | Сауда-өнеркәсіп орындарын топтарға бөлгенде жиыны % есебімен | Егіншілік кәсіпшіліктері бар шаруашылықтардың % |
|---|---|---|---|
| Егін екпейтіндер | 0,5 | 1,7 | 52,3 |
| 5 дес. дейін егетіндер | 1,4 | 14,3 | 26,4 |
| 5—10 » » » | 2,4 | 22,1 | 5,0 |
| 10—20 » » » | 4,5 | 34,3 } | 1,4 |
| 20—50 » » » | 7,2 | 23,1 } 61,9 | 0,3 |
| 50 дес. көп » » | 18,0 | 4,5 } | — |
| *Барлығы* | 2,9 | 100 | 16,2 |

* «Егіншілік кәсіпшіліктері» де тек соңғы 3 аудан бойынша ғана бөліп көрсетілген. Сауда-өнеркәсіп орындарының барлығы 692, атап

Бұл мәліметтерді егісті бөлу жөніндегі және жұмысшылар жалдау жөніндегі мәліметтермен салыстыру бізге тағы да сол шаруалардың жіктелуі капитализм үшін ішкі рынок құратынын көрсетеді.

Сонымен қатар біз кәсіптердің мейлінше әр текті типтері «кәсіпшіліктер» немесе «табыстар» деп аталып, бір жерге қосылған кезде, «егіншіліктің кәсіпшіліктермен қосылуы» бейне бір өзіне өзі тең, біртектес және капитализмді болғызбайтын нәрсе деп суреттелген кезде (мәселен, В. В. және Н.— он мырзалардың суреттегеніндей) шындықтың мүлде бұрмаланатынын көреміз.

Қорытындыда Екатеринбург уезі жөніндегі мәліметтердің біртектес екенін көрсетіп өтейік. Егер біз уездегі 59 709 үйден, тек шабындық жері ғана бар (15 679 үй) және бүкіл үлесті жерін бос қалдыратын (1612 үй) жері жоқ үйлерді (14 601 үй) бөліп алсақ, қалған 27 817 үй жөніндегі мәліметтер мынадай болады: 124 мың десятина егістің не бары 41 мың десятинасы, яғни $^1/_3$ бөлігінен азы егін екпейтін және егінді аз егетін (5 десятинаға дейін егетін) 20 мың үйдің иелігінде. Керісінше, 2859 ауқатты үйдің (10 десятинадан көп егісі бар үйлердің) 49 751 десятина егісі бар, барлық 67 мың десятина арендалық жердің 53 мың десятинасы да солардың қолында (мұның 47 мың десятинасы арендаға алынған 55 мың десятина шаруа жерінен). Екатеринбург уезінде «кәсіпшіліктердің» қарама-қарсы екі типінің бөлінуі, сол сияқты батырақтары бар үйлердің де бөлінуі жіктелудің осы көрсеткіштерінің Красноуфимск уезіндегі бөлінуімен толық біртектес болып шығады.

## V. ОРЕЛ ГУБЕРНИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Біздің қолымызда бұл губернияның Елецк және Трубчевск уездері жөнінде 2 жинақ бар, бұл жинақтарда шаруа үйлері жұмыс аттарының санына қарай топталған *.

---

айтқанда: 132 су диірмені, 16 май шайқаушы орын, 97 смола мен қара май қайнататын орын, 283 «ұста дүкені және т. б.» және 164 «дүкен, трактир және т. б.».

* «Орел губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», II том, М. 1887. Елецк уезі және III том, Орел, 1887, Трубчевск уезі.

Осы екі уезді бірге қосып, топтар жөніндегі жалпы мәліметтерді келтіреміз.

| Үй қожайындарының топтары | Семьялардың % | Еркек, әйел халқының % | 1 үйге келетін үлесті жердің десятинасы | Жердің % — үлесті жер | Жердің % — сатып алынған жер | Жер арендалаушы үйлердің % | Жердің % — арендаланған жер | Жердің % — арендаға берілген жер | Пайдаланудағы барлық жер — % есебімен | Пайдаланудағы барлық жер — 1 үйге келетіні | 1 үйге келетін мал саны (ірі қараға шаққанда) | Барлық малдың % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 22,9 | 15,6 | 5,5 | 14,5 | 3,1 | 11,2 | 1,5 | 85,8 | 4,0 | 1,7 | 0,5 | 3,8 |
| 1 аты барлар | 33,5 | 29,4 | 6,7 | 28,1 | 7,2 | 46,9 | 14,1 | 10,0 | 25,8 | 7,5 | 2,3 | 23,7 |
| 2—3 » » | 36,4 | 42,6 | 9,6 | 43,8 | 40,5 | 77,4 | 50,4 | 3,0 | 49,3 | 13,3 | 4,6 | 51,7 |
| 4 және одан көп » » | 7,2 | 12,4 | 15,2 | 13,6 | 49,2 | 90,2 | 34,0 | 1,2 | 20,9 | 28,4 | 9,3 | 20,8 |
| *Барлығы* | 100 | 100 | 8,6 | 100 | 100 | 52,8 | 100 | 100 | 100 | 9,8 | 3,2 | 100 |

Бұдан топтардың арасындағы жалпы қатынастардың бұл уездерде де нақ бұрынғы өзіміз көргендегідей екені көрініп тұр (сатып алынған және арендаланған жерлердің ауқаттылар қолына шоғырлануы, жердің кедейлерден солардың қолына көшуі және т. т.). Сондай-ақ жалдама еңбек, «кәсіпшіліктер» және шаруашылықтағы «прогрестік ағымдар» жөнінде де топтардың арасындағы қатынастар мүлде біртектес болып отыр: [111-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сөйтіп, Орел губерниясында да біз шаруалардың бірбіріне мүлде қарама-қарсы екі типке жіктелгенін көреміз: бір жағынан, село пролетариатына (жерді бос қалдырып, жұмыс күшін сату), екінші жағынан, шаруа буржуазиясына (жер сатып алу, едәуір мөлшерде жер арендалау, әсіресе үлесті жерлерді арендалау, шаруа-

---

Соңғы уезд жөніндегі мәліметтерге қала маңындағы қауымдар кірмеген. Аренда жөніндегі мәліметтерді үлесті және үлестен тыс аренданы біріктіре, жалпы алып отырмыз. Арендаға берілген жердің мөлшерін біз, барлық үлесті жерін арендаға беретін үйлердің санына қарай, шамамен белгіледік. Осыдан шыққан цифрлар бойынша әрбір топтың жер пайдалануы да анықталды (үлесті жер+ сатып алынған жер+аренда — арендаға берілген жер).

| Үй қожайында-рының топтары | Жалдама жұмыс-шылары бар шаруашылық-тардың % | Кәсіпшіліктері бар үйлердің % | 100 шаруашы-лыққа келетін сауда және өнер-кәсіп орындары | Жақсартылған құралдар (Елецк уезі бойынша) | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 100 шаруа-шылыққа келетін құралдар | Құралдар-дың барлық санының % |
| Аты жоқтар | 0,2 | 59,6 | 0,7 | 0,01 | 0,1 |
| 1 аты барлар | 0,8 | 37,4 | 1,1 | 0,2 | 3,8 |
| 2—3 » » | 4,9 | 32,2 | 2,6 | 3,5 | 42,7 |
| 4 және одан көп » » | 19,4 | 30,4 | 11,2 | 36,0 | 53,4 |
| *Барлығы* | 3,5 | 39,9 | 2,3 | 2,2 | 100 |

шылықты жақсарту, батырақтар мен күндікшілер жалдау,— батырақтар мен күндікшілер бұл кестеде көрсетілмеген,— сауда-өнеркәсіп кәсіпорындарын егіншілікпен біріктіру) бөлінгенін көреміз. Бірақ бұл жерлерде шаруалардың егіншілік шаруашылығының мөлшері жалпы алғанда жоғарыда келтірілген реттердегіден анағұрлым төмен; егінді көп егетіндер мейлінше аз, шаруалардың жіктелуі де, егер осы екі уезд бойынша айтатын болсақ, едәуір бәсең болып көрінеді. Біздің «болып көрінеді» деуіміздің себебі мынау: 1-ден, егер біз бұл арада село буржуаларының көзге әрең түсетін топтарын бөліп шығара отырып, «шаруалардың» село пролетариатына анағұрлым тез айналатынын байқасақ, оның есесіне біз жоғарыда керісінше мысалдарды да — деревняның осы буржуалар жағын ерекше көзге түсіретін мысалдарды да көрдік. 2-ден, бұл жерде *егінші* шаруалардың жіктелуін (біз бұл тарауда тек егінші шаруаларды ғана сөз етумен шектелеміз) айрықша дамып отырған «кәсіпшіліктер» (семьялардың 40 проценті) көмескілендіріп отыр. Ал мұнда да, «өнеркәсіпшілердің» қатарына жалдама жұмысшылардың көпшілігімен қатар, саудагерлердің, алыпсатарлардың, кәсіпкерлердің, қожайындардың, тағы да сондайлардың азшылығы кіріп отыр. 3-ден, жергілікті егіншіліктің рынокпен бәрінен де күштірек байланысы бар жақтары

жөнінде де мәліметтердің болмауы салдарынан мұнда шаруалардың жіктелуі көмескіленіп отыр. Бұл жерде саудалық, рыноктық егіншіліктің дамуы астық сату үшін егісті ұлғайтуға емес, конопля өндіруге бағытталған. Мұнда сауда жұмыстарының басым көпшілігі осы өнімге байланысты, ал жинақта келтірілген кестелердің мәліметтері әр түрлі топтардың егіншілігінің дәл осы жағын бөліп көрсетпеген. «Конопля егістігі шаруалардың басты табысы болып отыр» (яғни ақшалай табыс болып отыр. Трубчевск уезі жөніндегі жинақ, селениелер және басқа көптеген нәрселер жөніндегі суреттемелердің 5-беті), «конопля өсіру ісіне шаруалар ерекше көңіл бөлген... Барлық көң... конопля егістіктерін тыңайтуға жұмсалады» (ibid., 87), «коноплямен өтейміз деп» барлық жерлерде қарыздар алынады, коноплямен борыштар төленеді (ibid., passim). Конопля егістіктерін тыңайту үшін ауқатты шаруалар кедейлерден көң сатып алады (Орел уезі жөніндегі жинақ, VIII том. Орел, 1895, 105-бет), конопля егістіктері шаруалардың өз қауымдарында да және бөгде қауымдарда да арендаға беріліп және арендаға алынып жүр (ibid., 260), өзіміз жоғарыда шоғырлануы жөнінде сөз еткен «өнеркәсіп орындарының» бір бөлігі конопляны өңдеу ісімен шұғылданады. Жергілікті егіншіліктің нақ басты саудалық өнімі жөнінде деректер жоқ жерде жіктелудің онша айқын байқалмайтыны белгілі *.

## VI. ВОРОНЕЖ ГУБЕРНИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Воронеж губерниясы жөніндегі жинақтардың ерекшелігі — олардағы деректердің өте-мөте толықтығы және топқа бөлудің көптігі. Мұнда әдеттегі үлесті жеріне қарай топтаудан басқа бірнеше уезд бойынша жұмыс

---

* Орел уезі жөніндегі жинақты құрастырушы (№ 57-кесте): ауқатты шаруалардың 1 ірі қарадан жинаған көңінің әлсіз шаруалардың жинаған көңінен *екі есе дерлік көп* екенін хабарлайды (1 үйге 2,8 малдан келгенде 1 малдан 208 пұт көң түсетін болса, 1 үйге 7,4 малдан келгенде 1 малдан 391 пұт көң түседі. Және осындай қорытынды үлесті жерге қарай топтағанда жасалды, бұл топтау жіктелудің шын мәніндегі тереңдеуін бәсеңдетіп көрсетеді). Мұның бұлай болатын себебі кедейлер сабан мен көңді отын ретінде пайдалануға, сатуға мәжбүр болады және т. т. Олай болса, 1 малдан «қалыпты» көң жинау (400

көлігіне қарай, қызметкерлеріне қарай (семьялардағы жұмыс күштеріне қарай), кәсіпшіліктеріне қарай (кәсіпшіліктермен айналыспайтындар; кәсіпшіліктермен айналысатындар: a) ауыл шаруашылығы кәсіпшіліктерімен, b) аралас кәсіпшіліктермен және c) сауда-өнеркәсіп кәсіпшіліктерімен айналысатындар), батырақтарына қарай (батырақ болып жалданатын адамы бар шаруашылықтар; — батырағы жоқ және батырақ болып жалданатын адамы жоқ шаруашылықтар; — жалдаған батырақтары бар шаруашылықтар) топталғанын көреміз. Уездердің басым көпшілігі бойынша батырақтарына қарай топтау қолданылған, соңдықтан алғаш қарағанда бұл топтау шаруалардың жіктелуін зерттеу үшін ең қолайлы деп ойлап қалуға болады. Бірақ іс жүзінде бұл олай емес: өз ішінен батырақтарды шығарып отыратын шаруашылықтар тобы село пролетариатын тіпті де түгел қамти алмайды, өйткені ол топқа өз ішінен күндікшілерді, қара жұмысшыларды, фабрика-завод жұмысшыларын, құрылыс және жер қазу жұмыстарын атқаратын жұмысшыларды, үй қызметшілерін және т. б. шығарып отыратын шаруашылықтар кірмейді. Батырақтар — «шаруалардың» арасынан шығатын жалдама жұмысшылардың тек бір бөлігі ғана. Батырақтарды жалдайтын шаруашылықтар тобы да мүлде толық емес, өйткені бұл топқа күндікшілерді жалдайтын шаруашылықтар кірмей отыр. Бейтарап топта (өз ішінен батырақ шығармайтын және батырақ жалдамайтын топ) әрбір уезд бойынша он мыңдаған семьялар бірге қосылып, аты жоқ мыңдаған шаруалар аты көп мыңдаған шаруалармен біріктіріліп, жер арендалайтын шаруалар мен жерді арендаға беретін шаруалар біріктіріліп, егіншілер мен егінші емес шаруалар біріктіріліп, мыңдаған жалдама жұмысшылар мен қожайындардың азшылығы және т. б. біріктіріліп отыр. Мәселен, жері жоқ үйлерді немесе үй басына шаққанда 3—4 десятинадан (үлесті жер мен сатып алынған жердің бәрін қосқанда)

---

пұт) тек шаруа буржуазиясының ғана қолынан келеді. В. В. мырза бұл жөнінде де мал саны мен көң мөлшерінің арасында «қалыпты қатынас орнату» туралы (оның жұрттың атсыз қалуы жөнінде сөз еткені сияқты) пайымдаған болар еді.

жері бар үйлерді 25, 50 десятинадан астам үлесті жерлері бар және өз меншігіне ондаған, жүздеген десятина жерді қоса сатып алып отыратын үйлерге қосу арқылы (Бобров уезі жөніндегі жинақ, 336-бет, № 148 топ; Новохопер уезі жөніндегі жинақ, 222-бет),— семья басына шаққанда барлығы 0,8—2,7 малы бар үйлер мен барлығы 12—21 малы бар үйлерді қосу арқылы бүкіл бейтарап топқа ортақ «орта есеп» алуға болады (ibid.). Шаруалардың жіктелуін мұндай «орта есеп» арқылы көзге елестетуге болмайтыны түсінікті, сондықтан егін шаруашылығының мөлшеріне қарай топтауға ең жақын келетін топтауды — жұмыс көлігіне қарай топтауды алуымызға тура келеді. Біздің қолымызда бұл сияқты топтауды көрсететін 4 жинақ (Землянск, Задонск, Нижнедевицк және Коротояк уездері жөніндегі жинақтар) бар, осылардың ішінен біз Задонск уезін таңдап алуымыз керек, өйткені басқа уездер жөнінде сатып алынған және жалға берілген жерлер туралы топтар бойынша жеке деректер берілмеген. Төменде біз осы барлық төрт уезд туралы жиынтық мәліметтерді келтіреміз, сонда оқушы бұлардан шығатын қорытындылардың да жаңағы айтқандай екенін көреді. Задонск уезіндегі топтар жөніндегі жалпы мәліметтер мынадай (15 704 үйі, еркек, әйелін қоса есептегенде 106 288 адамы бар, үлесті жері 135 656 десятина, сатып алынған жері 2882 десятина, арендаға алынған жері 24 046 десятина, арендаға берілген жері 6482 десятина). [115-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Топтардың арасындағы қатынастар мұнда да жоғарыда айтылған губерниялар мен уездердегідей біртектес болып отыр (сатып алынған жер мен аренданың шоғырлануы, үлесті жердің оны арендаға беретін әлсіз шаруалардан арендалаушы және ауқатты шаруалардың қолына көшуі және т. т.), бірақ мұнда ауқатты шаруалардың маңызы анағұрлым бәсең болып көрінеді. Шаруалардың егіншілік шаруашылығы көлемінің тым мардымсыз болуы тіпті өз-өзінен: жергілікті шаруалар егіншілердің қатарына емес, «өнеркәсіпшілердің» қатарына қосылмай ма? деген сұрақ туғызады. «Кәсіпші-

| Үй қожайындарының топтары | Үйлердің % | 1 үйге келетін еркек, әйел саны | Еркек, әйел халқының % | 1 үйге келетін үлесті жердің десятинасы | Жердің %: үлесті | Жердің %: сатып алынған | Жердің %: арендаланған | Жердің %: арендаға берілген | Пайдаланудағы барлық жер: 1 үйге келетіні | Пайдаланудағы барлық жер: % | Барлық өңделетін жер: 1 үйге келетіні | Барлық өңделетін жер: % | 1 үйге келетін барлық мал саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 24,5 | 4,5 | 16,3 | 5,2 | 14,7 | 2,0 | 1,5 | 36,9 | 4,7 | 11,2 | 1,4 | 8,9 | 0,6 |
| 1 аты барлар | 40,5 | 6,1 | 36,3 | 7,7 | 36,1 | 14,3 | 19,5 | 41,9 | 8,2 | 32,8 | 3,4 | 35,1 | 2,5 |
| 2—3 » » | 31,8 | 8,7 | 40,9 | 11,6 | 42,6 | 35,9 | 54,0 | 19,8 | 14,4 | 45,4 | 5,8 | 47,0 | 5,2 |
| 4 және одан көп » » | 3,2 | 13,6 | 6,5 | 17,1 | 6,6 | 47,8 | 25,0 | 1,4 | 33,2 | 10,6 | 11,1 | 9,0 | 11,3 |
| *Барлығы* | 100 | 6,8 | 100 | 8,6 | 100 | 100 | 100 | 100 | 10,1 | 100 | 4,0 | 100 | 3,2 |

ліктер» туралы мәліметтер,— алдымен олардың топтарға бөлінуі жайындағы мәліметтер,— мынадай.

| Үй кожа-йындары-ның топтары | Жақсартылған құралдар: 100 шаруашылыққа келетіні | Жақсартылған құралдар: Олардың жиынына келетін % | Шаруашылықтардың %: Батырақ жалдайтындары | Шаруашылықтардың %: Өз ішінен батырақ шығарып отыратындары | 100 шаруашылыққа келетін сауда-өнеркәсіп орындары | Шаруашылықтардың %: «Кәсіпшіліктері» барлары | Шаруашылықтардың %: Астық сатқандары | Шаруашылықтардың %: Астық сатып алғандары | Ақшалай табыстың %: «Кәсіпшіліктерден» түсетіндері | Ақшалай табыстың %: Егіншілік өнімдерін сатудан түсетіндері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | — | — | 0.2 | 29,9 | 1,7 | 94,4 | 7,3 | 70,5 | 87,1 | 10,5 |
| 1 аты барлар | 0,06 | 2,1 | 1,1 | 15,8 | 2,5 | 89,6 | 31,2 | 55,1 | 70,2 | 23,5 |
| 2—3 » » | 1,6 | 43,7 | 7,7 | 11,0 | 6,4 | 86,7 | 52,5 | 28,7 | 60,0 | 35,2 |
| 4 және одан көп » » | 23,0 | 54,2 | 28,1 | 5,3 | 30,0 | 71,4 | 60,0 | 8,1 | 46,1 | 51,5 |
| *Барлығы* | 1,2 | 100 | 3,8 | 17,4 | 4,5 | 90,5 | 33,2 | 48,9 | 66,0 | 29,0 |

Жақсартылған құралдардың және «кәсіпшіліктердің» қарама-қарсы екі типінің (жұмыс күшін сату және сауда-өнеркәсіп кәсіпкерлігі) бөлінуі мұнда да жоғарыда қаралған мәліметтердегідей болып отыр. «Кәсіпшіліктері» бар шаруашылықтар процентінің орасан көп болуы, астық сатып алған шаруашылықтардың астық сатқан шаруашылықтардан басым болуы, «кәсіпшіліктерден» түсетін ақшалай табыстың егіншіліктен түсетін ақшалай табыстан басым болуы *,— осының барлығы бұл уезді, егіншілік уезі дегеннен гөрі «кәсіпшілік» уезі деуге негіз болады. Алайда бұлардың қандай кәсіпшілік екенін қарап көрейік? «Землянск, Задонск, Коротояк және Нижнедевицк уездеріндегі шаруалардың жер иеленуі жөніндегі бағалау мәліметтерінің жинағында» (Воронеж, 1889) жергілікті «өнеркәсіпшілердің» де, шет «өнеркәсіпшілердің» де барлық кәсіптерінің тізімі берілген (барлығы 222 кәсіп), олар үлесті жеріне қа-

* Шаруалардың азғантай ғана жоғары тобынан біз керісінше жағдайды: астықты сатып алудан астықтың сатылуы басым екенін, *ақшалай* табыстың көбінесе жерден алынатынын, батырақтары бар, жақсартылған құралдары бар, сауда-өнеркәсіп орындары бар қожайындар процентінің көп екенін көреміз. Шаруа буржуазиясының өзіне тән белгілерінің бәрі бұл жерде де (оның аздығына қарамастан) айқын көрініп отыр, олар саудалық және капиталистік егіншіліктің өсуі түрінде көрініп отыр.

рай топтарға бөлінген, әрбір кәсіптен алынатын табыстың мөлшері көрсетілген. Бұл тізімнен *шаруа «кәсіпшіліктерінің» орасан көпшілігінің жалданып жұмыс істейтіні* көрінеді. Задонск уезіндегі 24 134 «өнеркәсіпшінің» ішіндегі батырақтар, жүк тасушылар, бақташылар, қара жұмысшылар — 14 135, құрылыс жұмысшылары — 1813, қалалық, заводтық және басқа жұмысшылар — 298, жеке адамдарда қызмет істеп жүргендер — 446, қайыршылар — 301, т. т. Басқаша айтқанда, «өнеркәсіпшілердің» орасан көпшілігі — село пролетариатының өкілдері, *үлесті жері бар жалдама жұмысшылар,* бұлар өздерінің жұмыс күшін село және индустрия кәсіпкерлеріне сатады *. Сонымен, егер біз белгілі бір губерниядағы немесе белгілі бір уездегі шаруалардың әр түрлі топтары арасындағы қатынасты алып қарайтын болсақ, онда біз *барлық жерлерден:* басқаларға қарағанда шаруаларының орасан көп егісі бар, жері көп далалық губерниялардан да, сондай-ақ шаруа «шаруашылықтарының» көлемі өте шағын, жері анағұрлым аз аймақтардан да жіктелудің өзіне тән белгілерін көреміз; аграрлық және ауыл шаруашылық жағдайлардың айырмашылығының өте терең болуына қарамастан, шаруалардың жоғары тобының төменгі тобына деген қа-

* Земство статистикасындағы «кәсіпшіліктер» деген ұғым туралы жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде осы жердегі шаруа кәсіпшіліктері жайында неғұрлым толығырақ мәліметтерді келтірейік. Земство статистиктері бұларды 6 разрядқа бөлген: 1) ауыл шаруашылығы «кәсіпшіліктері» (төрт уездегі барлық 92 889 «өнеркәсіпшіден» 59 277 адам). Алайда бұл жерде жалдама жұмысшылардың орасан көпшілігі арасында қожайындар да (бақшашылар, огородшылар, омарташылар, ат айдаушылардың бір бөлігі болуы да мүмкін, т. с.) кездеседі. 2) Қолөнершілер мен майдагерлер (20 784 адам). Бұл жерде нағыз қолөнершілердің (=*тұтынушылардың* заказы бойынша жұмыс істейтіндердің) арасында жалдама жұмысшылар, әсіресе құрылыс жұмысшылары, т. с. өте көп. Соңғыларды біз 8 мыңнан асады деп есептедік (бәлкім, бұған нан пісірушілер, т. с. қожайындар да кіретін болар). 3) Үй қызметшілері — 1737 адам. 4) Саудагерлер мен өнеркәсіпші қожайындар — 7104 адам. «Өнеркәсіпшілердің» жалпы көпшілігінен бұл разрядты бөліп шығару өте қажет, мұны біз жоғарыда айтқан болатынбыз. 5) Еркін кәсіптегілер — 2881 адам, оның ішінде қайыршылары — 1090 адам; олардан басқа — кезбелер, жандармдар, жезөкшелер, полицейлер, т. с. бар. 6) Қалалық, заводтық және басқа жұмысшылар — 1106 адам. Жергілікті өнеркәсіпшілер — 71 112 адам, шет өнеркәсіпшілер — 21 777; еркектер — 85 255, әйелдер — 7634. Табыс мөлшері әрқилы: мәселен, Задонск уезінде 8580 қара жұмысшы 234 677 сом табыс табады, ал 647 саудагер мен өнеркәсіпші-қожайынның табысы — 71 799 сом. Егер осындай әрқилы сипаты бар «кәсіпшіліктердің» барлығын бірге қосып жіберсе қандай шатасушылықтың туатынын түсінуге болады,— ал біздегі земство статистиктері мен біздің халықшылдар әдетте нақ осылай істейді.

тынасы барлық жерде бірдей. Ал егер біз әр түрлі жерлерді салыстырып қарайтын болсақ, онда бір жерлерде шаруалардан село кәсіпкерлерінің құрылып жатқаны,— ал екінші бір жерлерде — село пролетариатының құрылып жатқаны ерекше айқын көрінеді. Қандай да болсын басқа капиталистік елдегі сияқты, Россияда да жіктелу процесінің бірінші түріне қарағанда соңғы түрі ұсақ егіншілерді өлшеусіз көп қамтитындығы (және, бәлкім, көп жерді де қамтитындығы) өзінен-өзі түсінікті.

### VII. НИЖЕГОРОД ГУБЕРНИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Нижегород губерниясының үш уезі бойынша — Княгинин, Макарьев және Васильск уездері бойынша — земство статистикасының үй басы санағының мәліметтері шаруа шаруашылықтарын (тек үлесті жерлері бар шаруаларды ғана, соның өзінде өз деревнясында тұратын шаруаларды ғана) жұмыс көлігіне қарай 5 топқа бөлетін топтық кестеге жинақталған («Нижегород губерниясының жерлерін бағалауға арналған материалдар. Экономикалық бөлім». IV, IX және XII кітаптар. Нижн.-Новг., 1888, 1889, 1890).

Осы үш уезді бірге қосқанда, шаруашылықтардың топтары туралы мынадай мәліметтер аламыз (аталған үш уезде бұл мәліметтер 52 260 үйді, еркек, әйелі бар 294 798 адамды қамтиды. Мұнда үлесті жер — 433 593 десятина, сатып алынған жер — 51 960 десятина, қандай да болсын жердің, үлесті жердің де, үлестен тыс жердің де, егістік жердің де, шабындық жердің де арендасын қоса есептегенде арендалапған жер — 86 007 десятина; арендаға берілген жер — 19 274 десятина): [119-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Демек, біз мұнда да ауқатты шаруалардың өздерінің үлесті жермен жақсы қамтамасыз етілгеніне қарамастан (жоғары топтардағы үлесті жердің проценттік үлесі олардағы халықтың проценттік үлесінен артық), сатып алынған жерлерді өз қолына шоғырландырып отырғанын көреміз (ауқатты үйлердің 9,6 процентінің

| Үй қожайындарының топтары | | | | Үлесті жер | | Сатып алынған жер | Жердің жиынына келетін % | | Топтың пайдалануындағы барлық жер | | Барлық мал саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үйлердің % | 1 үйге келетін еркек, әйел саны | Еркек, әйел халқының % | 1 үйге келетін десятина | Жиынына келетін % | Жиынына келетін % | Арендаланғаны | Арендаға бергені | 1 үйге келетін десятина | Жиынына келетін % | 1 үйге келетіні | Жиынына келетін % |
| Аты жоқтар | 30,4 | 4,1 | 22,2 | 5,1 | 18,6 | 5,7 | 3,3 | 81,7 | 4,4 | 13,1 | 0,6 | 7,2 |
| 1 аты барлар | 37,5 | 5,3 | 35,2 | 8,1 | 36,6 | 18,8 | 25,1 | 12,4 | 9,4 | 34,1 | 2,4 | 33,7 |
| 2 » » | 22,5 | 6,9 | 27,4 | 10,5 | 28,5 | 29,3 | 38,5 | 3,8 | 13,8 | 30,2 | 4,3 | 34,9 |
| 3 » » | 7,3 | 8,4 | 10,9 | 13,2 | 11,6 | 22,7 | 21,2 | 1,2 | 21,0 | 14,8 | 6,2 | 16,5 |
| 4 және одан көп » | 2,3 | 10,2 | 4,3 | 16,4 | 4,7 | 23,5 | 11,9 | 0,9 | 34,6 | 7,8 | 9,0 | 7,7 |
| *Барлығы* | 100 | 5,6 | 100 | 8,3 | 100 | 100 | 100 | 100 | 10,3 | 100 | 2,7 | 100 |

қолында сатып алынған жердің 46,2 проценті бар, жарлы шаруа үйлерінің $^{2}/_{3}$ бөлігінің қолында бүкіл сатып алынған жердің төрттен бір бөлігінен де аз жер бар), олар аренданы да өз қолына шоғырландырып отыр, кедейлердің арендаға беретін үлесті жерін де «жинап алып» отыр, сондықтан, осылардың барлығының арқасында, «шаруалардың» пайдалануындағы жердің *шын* бөлінуі үлесті жердің бөлінуіне мүлде ұқсамайтын болып шығады. Шындығына келгенде, аты жоқ үйлердің қарауындағы жері оларға заң бойынша берілуге тиісті үлесті жерден аз. Бір аты бар үйлер мен екі аты бар үйлер өздерінің иелігіндегі жерін тек 10—30 процентке ғана (8,1 десятинадан 9,4 десятинаға дейін, 10,5 десятинадан 13,8 десятинаға дейін) көбейте алады, ал ауқатты шаруалар өздерінің иелігіндегі жерін *бір жарым — екі* есе көбейтеді. Үлесті жердің мөлшері жағынан топтардың арасындағы айырмашылықтар болмашы,— *ал егіншілік шаруашылығының шын мөлшері жағынан* олардың арасындағы айырмашылықтар орасан зор болып отыр, бұл жағдай мал туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер мен егіс туралы мына төмендегі мәліметтерден көрінеді:

| Үй қожайындарының топтары | 1 үйге келетін егіс десятинасы | Бүкіл егіс көлеміне келетін % | Батырақтары бар үйлердің % | Сауда-өнеркәсіп орындары бар қожайындар %* | Шеттен табыс табатын үйлердің % |
|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 1,9 | 11,4 | 0,8 | 1,4 | 54,4 |
| 1 аты барлар | 4,4 | 32,9 | 1,2 | 2,9 | 21,8 |
| 2 » » | 7,2 | 32,4 | 3,9 | 7,4 | 21,4 |
| 3 » » | 10,8 | 15,6 | 8,4 | 15,3 | 21,4 |
| 4 және одан көп » » | 16,6 | 7,7 | 17,6 | 25,1 | 23,0 |
| *Барлығы* | 5,0 | 100 | 2,6 | 5,6 | 31,6 |

Үлесті жер ** мөлшері жағынан болатын айырмашылықтар туралы сөз етпегеннің өзінде, топтардың арасында егіс көлемі жағынан болатын айырмашылық олардың нақты жер иеленуі мен жер пайдалануының мөлшері жағынан болатын айырмашылықтан да зор болып отыр. Бұл бізге шаруаларды үлесті жер иелігіне қарай топқа бөлудің бүтіндей жарамсыз екенін одан сайын айқын көрсетеді, үлесті жер иелігіндегі «теңгермешілік» енді юридикалық бір жалған қағидаға айналды. Кестенің қалған басқа бағаналары шаруалардың арасында «егіншілікті кәсіпшілікпен ұштастырудың» қай түрде болып жатқанын көрсетеді: ауқатты шаруалар сауда егіншілігі мен капиталистік егіншілікті (батырақтары бар үйлер процентінің жоғары болуы) сауда-өнеркәсіп кәсіпорындарымен ұштастырып отыр, ал кедейлер болса өздерінің жұмыс күшін сатуды («шет кәсіптен алынатын табыстар») егістің болымсыз мөлшерімен ұштастырып отыр, яғни батырақтарға және үлесті жері бар күндікшілерге айналып отыр. Айта кетейік, шеттен табыс табатын үйлер процентінің дұрыс кемімеуі — Нижегород шаруаларының осы «табыстары» мен «кәсіпшіліктерінің» мейлінше алуан түрлі болғандығынан туып отыр: мұнда өнеркәсіпшілердің қатары-

* Тек қана Княгинин уезі бойынша.

** Егер біз атсыз үйлердегі үлесті жердің мөлшерін (1 үйге келетінін) 100 деп алсақ, онда жоғарғы топтардағы үлесті жердің мөлшері мына цифрлармен көрсетіледі: 159, 206, 259, 321. Әрбір топтың нақты жер иеленуі жайындағы тиісті цифрлар мынадай болады: 100, 214, 314, 477, 786; ал топтардағы егістің мөлшері мынадай болады: 100, 231, 378, 568, 873.

на ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен, қара жұмысшылармен, құрылыс және кеме жұмысшыларымен, т. с. қатар «майдагерлердің», өнеркәсіп шеберханалары иелерінің, саудагерлердің, алыпсатарлардың, т. б. едәуір көпшілігі еніп отыр. «Өнеркәсіпшілердің» осыншама алуан түрлі типтерін араластырып жіберу «табыстары бар үйлер» жөніндегі мәліметтердің дұрыс болуына нұқсан келтіретіні түсінікті *.

Шаруалардың әр түрлі топтарының егіншілік шаруашылығындағы айырмашылықтары туралы мәселе жөнінде мынаны ескерте кетейік: Нижегород губерниясында «жер тыңайту ісі — жыртылатын жерлердің өнімділік дәрежесін анықтайтын ең басты шарттардың бірі» (Княгинин уезі жөніндегі Жинақтың 79-беті). Жер тыңайту ұлғайған сайын қара бидайдан алынатын орташа түсім де дұрыс көбейіп отырады: 100 десятина үлесті жерге 300—500 арба көң төгілгенде 1 десятина қара бидайдан алынатын түсім 47,1 өлшем болады, ал 1 500 арба және одан да көп көң төгілгенде түсім — 62,7 өлшем болады (84-бет, ibid.). Сондықтан топтардың арасындағы егіншілік өндірісінің мөлшері жөніндегі айырмашылық егіс мөлшері жөніндегі айырмашылықтан да зор болуға тиіс екені, Нижегород статистиктері әлсіз шаруалар мен ауқатты шаруалар егістіктерінің шығымдылығы туралы мәселені жеке алып зерттемей, шаруалар егістіктерінің шығымдылығы туралы мәселені жалпы алып зерттеп, үлкен қате жасағаны айқын.

## VIII. БАСҚА ГУБЕРНИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Егер үй басы жүргізілген земстволық-статистикалық санақтар біршама үлкенді-кішілі аудандарды қамтыса, егер олар жіктелудің аса маңызды белгілері туралы жеткілікті түрде толық деректер беретін болса және

* Нижегород шаруаларының «кәсіпшіліктері» туралы М. Плотниковтың «Нижегород губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктері» деген кітабын (Нижний-Новгород, 1894), кітаптың аягындағы кестелер мен земство-статистика жинақтарын, әсіресе Горбатов және Семенов уездері жайындағы жинақтарды қараңыз.

егер (бұл өте маңызды шарт) олар шаруалардың әр түрлі топтарын шаруашылығының әлділігіне қарай бөліп көрсетуге мүмкіндік беретіндей болып өңделсе, шаруалардың жіктелуін зерттегенде біз тек қана осы санақтардың мәліметтерін пайдаланып отырдық, мұны жоғарыда оқушының өзі де байқады. 7 губерния жөніндегі жоғарыда баяндалған мәліметтер земство-статистика материалын түгел қамтиды, ол материал әлгі шарттарға сәйкес келеді және біз оны пайдалануға мүмкіндік алдық. Айтқандарымыз толық болуы үшін енді онша толық емес осы сияқты мәліметтердің (яғни үй басы жүргізілген жаппай санақтарға негізделген мәліметтердің) қалғандарын да қысқаша көрсетіп өтейік.

Новгород губерниясының Демянск уезі жөнінде біздің қолымызда шаруа шаруашылықтарының жылқы санына қарай жасалған топтық кестесі бар («Новгород губерниясының жарамды жерлерін бағалау жөніндегі материалдар. Демянск уезі». Новгород, 1888). Мұнда жерді (десятиналап) арендалау және арендаға беру туралы деректер жоқ, бірақ қолда бар мәліметтердің өзі де ауқатты шаруалар мен жарлы шаруалардың арасындағы қатынастардың басқа губернияларға қарағанда бұл губернияда толық біртектес екенін көрсетеді. Мұнда да, мәселен, көп аттылар үлесті жерлермен орта мөлшерден артық қамтамасыз етілгеніне қарамастан, сатып алған және арендалаған жерлері бар шаруашылықтардың проценті төменгі топтан жоғары топқа қарай (аты жоқтардан 3 және одан да көп аты барларға қарай) көбейіп отыр. Барлық халықтың 16,1 проценті болатын 3 және одан да көп аты бар үйлердің 10,7 процентінің қолында бүкіл үлесті жердің 18,3 проценті, сатып алынған жердің 43,4 проценті, арендаға алынған жердің 26,2 проценті (бұл жер туралы сөз еткенде арендаға алынған жердегі қара бидай мен сұлы егісінің көлеміне қарай сөз етуге болатын болса, барлық «өнеркәсіп құрылыстарының» 29,4 проценті бар, ал халықтың 40,1 проценті болатын, аты жоқ және бір аты бар үйлердің 51,3 процентінде үлесті жердің тек 33,2 проценті ғана, сатып алынған жердің 13,8 проценті, арендалан-

ған жердің 20,8 проценті (жаңағы айтылған мағынада), «өнеркәсіп құрылыстарының» 28,8 проценті бар. Басқаша айтқанда, ауқатты шаруалар мұнда да жерді өз қолына «жиып», сауда-өнеркәсіп «кәсіпшіліктерін» егіншілікпен ұштастырып отыр, ал жарлы шаруалар жерін тастап, жалдама жұмысшыларға айналып отыр («кәсіпшіліктері бар адамдардың» проценті төменгі топтан жоғары топқа қарай азайып отырады, аты жоқ үйлерде 26,6 процент болса, 3 және онан да көп аты бар үйлерде 7,8 процентке дейін кемиді). Бұл мәліметтер толық болмағандықтан, біз оларды шаруалардың жіктелуі жайындағы материалдың мына төмендегі жиынтығына енгізе алмай отырмыз.

Нақ сол себептен біз Чернигов губерниясындағы Козелецк уезінің *бір бөлігі* туралы мәліметтерді де енгізбей отырмыз («Губерниялық земство басқармасының жанындағы Чернигов статистика бөлімшесі жинаған жарамды жерлерді бағалау жөніндегі материалдар», V том, Чернигов, 1882; уездің қара топырақты ауданындағы 8717 үй жайындағы мәліметтер жұмыс көлігінің санына қарай топталған). Топтардың арасындағы қатынастар мұнда да дәл бұрынғыдай халықтың 28,8 проценті болатын, жұмыс көлігі жоқ үйлердің 36,8 процентінің меншікті жері мен үлесті жері 21 процент, арендаға алған жері 7 процент, оның есесіне осы 8717 үйдің арендаға берген барлық жері 63 процент. Халықтың 17,3 проценті болатын, 4 және одан да көп жұмыс көлігі бар үйлердің 14,3 процентінің меншікті жері мен үлесті жері 33,4 процент, арендаға алынған жері 32,1 процент, ал арендаға берілген жері 7-ақ процент. Амал не, бұл уездің қалған үйлері (1—3 жұмыс көлігі бар үйлер) одан да гөрі ұсақ топтарға бөлінбеген.

«Иркутск және Енисей губернияларындағы село халқының жер пайдалануы мен шаруашылық тұрмысын зерттеу жөніндегі материалдарда» Енисей губерниясының 4 округіндегі шаруалар шаруашылықтары мен қоныстанушылар шаруашылықтарының өте назар аударарлық топтық кестесі (жұмыс аттарының санына қарай жасалған кестесі) бар (III том, Иркутск, 1893, 730 және келесі беттер). Сибирьде тұратын ауқатты адам-

дар мен жаңа қоныстанғандардың арасындағы қатынас (ал бұл қатынастардан атышулы қауымдастықты іздеуге барып тұрған халықшылдың өзі де беттей қоймас!) — шын мәнінде біздің ауқатты қауымдастар мен олардың атсыз және бір аты бар «ағайындарының» арасындағы қатынасқа мейлінше ұқсас екенін қадағалау — өте-мөте көңіл бөлерлік мәселе. Жаңа қоныстанғандар мен тұрғылықты шаруаларды бірге қосқанда (бұлайша қосудың қажет болатын себебі: біріншілері екіншілер үшін жұмыс күші болып қызмет етеді), біз жоғары топтар мен төменгі топтардың өзімізге таныс белгілерін көреміз. Халықтың 24 проценті болатын төменгі топтардағы (аты жоқтар мен 1 және 2 аты барлар) үйлердің 39,4 процентінде бүкіл жыртылған жердің тек 6,2 проценті ғана және барлық малдың 7,1 проценті бар, ал халықтың 51,2 проценті болатын, 5 және онан да көп аты бар үйлердің 36,4 процентінде жыртылған жердің 73 проценті және барлық малдың 74,5 проценті бар. Үй басына 15—36 десятина жыртылған жерлері бар бұл соңғы топтар (5—9, 10 және одан да көп аттары бар) жалдама еңбекті кең көлемде пайдаланады (бұлардың шаруашылықтарының 30—70 процентінің жалдама жұмысшылары бар), ал үй басына 0--0,2—3—5 десятина жыртылған жерлері бар төменгі үш топ өз ішінен жұмысшылар *шығарып отырады* (бұлардың шаруашылықтарының 20—35—59 проценті осылай етеді). Жерді арендалау және арендаға беру жөніндегі мәліметтер — ережеден (аренданың ауқатты шаруалардың қолына шоғырлануы жөніндегі ережеден) тысқары тұрған, біз кездестірген бірден-бір өзгешелік және мұның өзі — ережені дәлелдейтін өзгешелік. Әңгіме мынада: Сибирьде бұл ережені туғызған нақ сол шарттар жоқ, міндетті және «теңгермелі» үлесті жер де жоқ, жерге деген қалыптасқан жеке меншік те жоқ. Ауқатты шаруа жерді сатып та, арендалап та алмайды, қайта оны басып алады (қалай дегенмен де, күні бүгінге дейін осылай болып келді); жерді арендаға беру, арендалап алу көбінесе көршілер арасындағы айырбас ретінде болады, сондықтан да жерді арендалау және арендаға беру

**Полтава губерниясы статистикалық жинағының (XIV том, 1894 ж.) В. И. Ленин белгі салған 276—277-беттері**

| № | % отношенія посѣвовъ. Ржи | Оз. пшеницы | Яр. пшеницы | Ячменя | Овса | Гречихи | Проч. хлѣбовъ | Распредѣленіе хоз. по размѣру посѣва. Число хоз. безъ посѣва 144 | Съ посѣвомъ менѣе 1 дес. 145 | 1 и менѣе 2 дес. 146 | 2 и менѣе 3 дес. 147 | 3 и менѣе 6 дес. 148 | 6 и менѣе 9 дес. 149 | 9 и менѣе 15 дес. 150 | 15 и менѣе 20 дес. 151 | 20 и менѣе 50 дес. 152 | 50 и болѣе дес. 153 | Занятія, Хоз., жнущ. со снопа. Изъ безземельн. и не имѣющ. поля 154 | Имѣющ. менѣе 3 дес. поля 155 | Имѣющ. 3—6 дес. поля 156 | Имѣющ. 6 и бол. дес. поля 157 | Итого зажонщиковъ | % къ числу всѣхъ хоз. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 38,1 | 6,7 | 33,6 | 13,9 | 3,0 | 3,9 | 0,8 | 45 | — | — | 2 | 3 | 1 | 3 | 3 | 6 | 1 | 14 | — | — | — | 14 | 21,9 |
| 2 | 29,4 | 5,2 | 34,3 | 19,5 | 3,9 | 3,2 | 4,6 | 222 | 3 | 23 | 20 | 46 | 18 | 13 | 5 | 4 | 3 | 50 | 4 | 1 | — | 55 | 15,4 |
| 3 | 23,0 | 10,1 | 26,4 | 14,6 | 16,2 | 3,3 | 6,0 | 76 | — | 1 | 2 | 8 | 2 | 1 | — | 1 | 2 | 1 | — | — | — | 1 | 1,1 |
| 4 | 42,3 | 4,1 | 25,0 | 13,7 | 6,9 | 1,7 | 6,4 | 63 | — | 6 | 4 | 9 | 5 | 7 | 2 | 9 | 5 | 7 | 1 | — | — | 8 | 7,3 |
| | 33,8 | 5,7 | 30,3 | 16,3 | 6,6 | 2,8 | 4,9 | 406 | 3 | 30 | 28 | 66 | 26 | 24 | 10 | 20 | 11 | 72 | 5 | 1 | — | 78 | 12,5 |
| 1 | 36,4 | 4,1 | 31,9 | 20,7 | 1,8 | 3,9 | 1,3 | 793 | 21 | 69 | 61 | 244 | 146 | 153 | 61 | 80 | 17 | 559 | 86 | 7 | — | 652 | 39,8 |
| 2 | 32,3 | 2,8 | 26,3 | 26,1 | 4,7 | 4,0 | 3,9 | 2448 | 110 | 930 | 1745 | 5505 | 2857 | 1560 | 290 | 223 | 36 | 356 | 292 | 159 | 39 | 846 | 5,6 |
| 3 | 37,4 | 2,9 | 23,0 | 22,9 | 7,3 | 2,6 | 3,9 | 809 | 46 | 535 | 799 | 2207 | 1063 | 615 | 125 | 81 | 9 | 37 | 17 | 17 | 2 | 73 | 1,3 |
| 4 | 44,6 | 0,9 | 23,4 | 21,0 | 3,3 | 2,3 | 4,6 | 894 | 31 | 299 | 486 | 1884 | 1129 | 683 | 190 | 162 | 18 | 125 | 100 | 67 | 8 | 300 | 5,3 |
| 1 | 36,3 | 2,4 | 25,2 | 24,1 | 4,7 | 3,4 | 3,9 | 4538 | 205 | 1803 | 3063 | 9774 | 5169 | 2987 | 656 | 526 | 69 | 1005 | 490 | 249 | 49 | 1793 | 6,9 |
| 2 | 36,3 | 2,5 | 25,3 | 24,0 | 4,8 | 3,3 | 3,9 | 4944 | 208 | 1833 | 3091 | 9840 | 5195 | 3011 | 666 | 546 | 80 | 1077 | 495 | 250 | 49 | 1871 | 6,4 |

| кромѣ хлѣбопашества. Хозяйствъ, отпуск. членовъ на дальн. заработки. Изъ безземельн. и не имѣющ. пахат. земли 158 | Имѣющ. менѣе 3 дес. пахатной земли 159 | Имѣющ. 3—6 дес. пах. земли 160 | Имѣющ. 6—9 дес. пах. земли 161 | Имѣющ. 9 и болѣе дес. пахатной земли 162 | Итого отпускающ. на дальн. зараб. | % къ числу всѣхъ хоз. | Извозъ. Хозяйствъ 163 | Лицъ 164 | Профессіон. занятія. Мужчинъ 165 | Женщинъ 166 | % ремесл. муж. къ числу муж. раб. | Батрачество. Муж. Взрослыхъ 167 | Полурабочихъ 168 | Женщинъ 169 | % батрач. муж. къ числу муж. раб. | Дальніе заработки. Мужчинъ 170 | Женщинъ 171 | % уходящ. мужч. къ числу муж. раб. | № |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| — | — | — | — | — | — | — | 6 | 6 | 37 | 4 | 43,0 | 1 | 1 | 3 | 1,2 | — | — | — | 1 |
| 6 | 1 | — | — | — | 7 | 2,0 | 5 | 5 | 214 | 20 | 49,3 | 40 | 18 | 10 | 9,3 | 7 | — | 1,6 | 2 |
| 2 | — | — | — | — | 2 | 2,3 | — | — | 71 | 1 | 67,4 | 7 | 4 | 1 | 6,1 | 2 | — | 1,9 | 3 |
| — | — | — | — | — | — | — | — | — | 76 | 1 | 58,0 | 3 | 4 | 3 | 2,3 | — | — | — | 4 |
| 8 | 1 | — | — | — | 9 | 1,4 | 11 | 11 | 398 | 26 | 53,0 | 51 | 27 | 17 | 6,8 | 9 | — | 1,2 | |
| 3 | 1 | — | — | — | 4 | 0,3 | 101 | 105 | 529 | 24 | 24,7 | 30 | 65 | 82 | 1,4 | 4 | — | 0,2 | 1 |
| 57 | 34 | 99 | 49 | 22 | 261 | 1,7 | 232 | 234 | 1675 | 103 | 7,7 | 1217 | 739 | 753 | 5,6 | 207 | 89 | 1,0 | 2 |
| 16 | 71 | 45 | 17 | 3 | 152 | 2,4 | 162 | 166 | 602 | 29 | 6,6 | 578 | 386 | 296 | 6,4 | 166 | 29 | 1,8 | 3 |
| 8 | 5 | 13 | 7 | 10 | 43 | 0,7 | 254 | 254 | 934 | 26 | 11,4 | 596 | 346 | 238 | 7,3 | 50 | 7 | 0,6 | 4 |
| 76 | 110 | 157 | 73 | 35 | 451 | 1,6 | 738 | 748 | 3342 | 156 | 8,3 | 2370 | 1509 | 1352 | 5,9 | 418 | 125 | 1,0 | 1 |
| 84 | 111 | 157 | 73 | 35 | 460 | 1,6 | 749 | 759 | 3740 | 182 | 9,1 | 2421 | 1536 | 1369 | 5,9 | 427 | 125 | 1,0 | 2 |

| | | 144 | 145 | 146 | 147 | 148 | 149 | 150 | 151 | 152 | 153 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Перебрин-скія | 115.597 | 3837 | 673 | 2341 | 3796 | 8.414 | 3042 | 1871 | 202 | 105 | 3 |
| Хоровскія | 94.376 | 4412 | 619 | 2357 | 3357 | 7826 | 2.946 | 1444 | 327 | 237 | 33 |
| По 3-мъ уѣздамъ | 362.298 | 12787 | 1497 | 6.501 | 10216 | 26014 | 11.157 | 5702 | 1185 | 868 | 105 |
| приблизительно среднее количество посѣва на 1 двора | | — | 0,5 | 1,5 | 2,5 | 4,5 | 7,5 | 12. | 17,5 | 35. | 56 |
| итого посѣва у уѣзда | | — | 749 | 9751 | 25540 | 117.063 | 83.682 | 68.424 | 20.707 | 30.380 | 5972 |

Всего по уѣзд. 28.790 К. у.
23.684 П. у.
23.558 Х. у.
76.032

362.298 − 356.326 = 5.972 : 105 = 56,9

| хозяйствъ | | % | посѣва | % |
|---|---|---|---|---|
| до 2 дес. | 20.785 | 27,3 | 10.500 | 2,9 |
| 2-3 дес. | 10.216 | 13,5 | 25.540 | 7,0 |
| 3-6 дес. | 26.014 | 34,2 | 117.063 | 32,3 |
| 6-9 дес. | 11.157 | 14,7 | 83.682 | 23,1 |
| 9 и > дес. | 7.860 | 10,3 | 125.513 | 34,7 |
| | 76.032 | 100 | 362.298 | 100 |

у 50% х. — 18,6% посѣва
у 20% — 50% посѣва,

жөніндегі топтық мәліметтер ешбір заңға сыйымдылықты көрсетпейді *.

Полтава губерниясының үш уезінде егістің қалай бөлінетінін біз шамамен анықтай аламыз (анықтағанда «пәлен десятинадан пәлен десятинаға дейін» деп жинақтарда белгіленген егісінің мөлшері әр түрлі шаруашылықтардың санын біле отырып және әрбір бөлімшедегі үйлердің санын осы көрсетілген шектердің арасындағы егістің орта санына көбейту арқылы анықтаймыз). Сонда 362 298 десятина егісі бар 76 032 үй (барлық жаңадан қоныстанғандар, мещандарды қоспағанда) туралы мынадай мәліметтер шығады :31 001 үйдің (40,8%) егісі жоқ немесе олар үй басына тек 3 десятинаға дейін ғана егін егеді, олардың не бары 36 040 десятина егісі бар (9,9%); 19 017 үй (25%) үй басына 6 десятинадан астам егін егеді, олардың 209 195 десятина егісі бар (57,8%). (Қараңыз: «Полтава губерниясының шаруашылық статистикасы жөніндегі жинақтар», Константиноград, Хорольск және Пирятинск уездері [49].) Жалпы алғанда, егіс *мөлшері* аз бола тұрса да, егістің *бөлінуі* Таврия губерниясындағы өзіміз көрген бөліске өте ұқсас көрінеді. Бөлістің осыншалық тең болмауы сатып алынған және арендаға алынған жерлер азшылықтың қолына шоғырланған кезде ғана мүмкін екендігі түсінікті. Бұл туралы бізде толық мәліметтер жоқ, өйткені жинақтарда үйлер шаруашылығының әлділігіне қарай топталмаған, сондықтан Константиноград уезі жөніндегі мына төмендегі мәліметтермен шектелуге тиіспіз. Селолық сословиелердің шаруашылығы туралы айтылатын тарауда (II тарау, § 5 «Егіншілік») жинақты құрастырушы мынадай фактіні хабарлайды: «Жалпы

* «Жарамды жерлерді арендаға беру, арендаға алу фактілері туралы жергілікті жерлерден жиналған материалдар ерекше өңдеуді керек етпейтін материалдар деп танылды, өйткені ол жағдайдың өзі тек бастама түрінде ғана болып отыр; жерді арендаға беру мен арендаға алу бірлі-жарым жағдайларда сирек кездеседі, оның өзі де мүлде кездейсоқ болады, сондықтан ол Енисей губерниясының экономикалық өміріне әлі ешқандай әсер ете қойған жоқ» («Материалдар», IV том, I бөлім, V бет, кіріспе). Енисей губерниясының тұрғылықты шаруаларының қолындағы 424 624 десятина аңыздық жердің 417 086 десятинасы — «басып алынған-рулық» жер. Арендаланған жер (2686 десятина) арендаға берілген жерге (2639 десятина) тең деуге болады, арендаланған жер басып алынған жердің жиынының бір проценті де болмайды.

алғанда, егер аренданы үш разрядқа бөлсек, сол арендаға қатысушы бір адамға келетін аренда: 1) 10 десятинаға дейін, 2) 10 десятинадан 30 десятинаға дейін және 3) 30 десятинадан да көп болады десек, сонда бұл разрядтардың әрқайсысы жөнінде мынадай мәліметтер келіп шығады *:

| | Относительдік саны: Арендаға қатысушылардың % | Относительдік саны: Арендалаған жердің % | Арендаға қатысушы 1 адамға келетін жердің десятинасы | Арендаланатын жерден басқа жаққа берілетіні % есебімен |
|---|---|---|---|---|
| Ұсақ арендалар (10 дес. дейін) | 86,0 | 35,5 | 3,7 | 6,6 |
| Орта » (10—30 десятина) | 8,3 | 16,6 | 17,5 | 3,9 |
| Ірі » (30 десятинадан да көп) | 5,7 | 47,9 | 74,8 | 12,9 |
| *Барлығы* | 100 | 100 | 8,6 | 9,3 |

Мұны түсіндіріп жатудың керегі жоқ.

Калуга губерниясы жөнінде 8626 үйдің (губерниядағы барлық шаруа үйлерінің $^1/_{20}$ бөлігі шамасындайы) егетін егіні туралы қолымызда там-тұмдаған әрі толық емес мынадай мәлімет бар **.

*Егістің мөлшеріне қарай бөлінген үй топтары*

| | Егін екпейтіндер | Күздік егін егетіндер, мөлшер есебімен: 15-ке дейін | 15—30 | 30—45 | 45—60 | 60-тан жоғары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Үйлердің % | 7,4 | 30,8 | 40,2 | 13,3 | 5,3 | 3,0 | 100 |
| Еркек, әйел халқының % | 3,3 | 25,4 | 40,7 | 17,2 | 8,1 | 5,3 | 100 |
| Егіс көлемінің % | — | 15,0 | 39,9 | 22,2 | 12,3 | 10,6 | 100 |
| Барлық жұмыс аттарының % | 0,1 | 21,6 | 41,7 | 19,8 | 9,6 | 7,2 | 100 |
| Егістен алатын жалпы табыстың % | — | 16,7 | 40,2 | 22,1 | 21,0 | | 100 |
| 1 үйге келетін егістің десятинасы | — | 2,0 | 4,2 | 7,2 | 9,7 | 14,1 | — |

* Жинақтың 142-беті.

** «Калуга губерниясының 1896 жылғы статистикалық шолуы», Калуга, 1897. 43 және келесі беттер, қосымшалардың 83, 113-беттері.

Яғни, халықтың 30,6 проценті болатын үйлердің 21,6 процентінің қолында жұмыс аттарының 36,6 проценті, егістің 45,1 проценті, егістен түсетін *жалпы* табыстың 43,1 проценті бар. Бұл цифрлардың да сатып алынған және арендаға алынған жерлердің ауқатты шаруалардың қолына шоғырланғанын көрсететіні айқын.

Жинақтардағы деректердің көптігіне қарамастан, Тверь губерниясы бойынша үй басы жүргізілген санақтар толық өңделмеген; үйлер шаруашылығының әлділігіне қарай топталмаған. Шаруалардың «жіктелуін» теріске шығару үшін, оларда «неғұрлым біркелкі етуге» ұмтылушылық бар деп көрсету үшін және «халық өндірісі» (312-бет) мен «натуралды шаруашылықты» көкке көтере дәріптеу үшін Вихляев мырза «Тверь губерниясы жөніндегі статистика мәліметтерінің жинағында» (XIII том, 2-кітап. «Шаруалар шаруашылығы». Тверь, 1897) осы кемшілікті пайдаланып отыр. Вихляев мырза шаруалардың «жіктелуі» жайында барып тұрған қауіпті және жалаң пайымдауларға салынып отыр, ол шаруалардың топтары жөнінде ешқандай дәл мәліметтер келтірмегені былай тұрсын, тіпті жіктелудің қауым ішінде болатыны жөніндегі қарапайым шындықты да ұғына алмай отыр, сондықтан шаруалардың «жіктелуі» туралы әңгіме ету және *тек қана* қауымдар бойынша немесе болыстар бойынша жасалған топтауларды алу — нағыз адам күлерлік іс *.

---

* Күлкілі жағдай ретінде бір кішкене мысал келтірейік. Вихляев мырзаның «Жалпы қорытындысында» былай делінген: «Тверь губерниясындағы шаруалардың жер сатып алуы жер иеленудің мөлшерін теңестіруге бағытталып отыр» (11-бет). Бұған қандай дәлелдер бар?— Егер *қауымдардың топтарын* үлесті жердің мөлшеріне қарай алатын болсақ, онда үлесті жері аз *қауымдарда* сатып алған жерлері бар үйлердің проценті көбірек болып шығады.— Жерді үлесті жері аз қауымдардың *ауқатты* мүшелері сатып алатынын Вихляев мырза сезбейді де! Вихляев мырзаның батылдығы тіпті оның өз жағындағы экономистерді де ұятқа қалдырып отырғанда, барып тұрған халықшылдың мұндай «қорытындыларын» талдап жатудың қажеті де жоқ екені түсінікті. Карышев мырза «Русское Богатствода» (1898, № 8) — Вихляев мырза «басымыздан кешіріп отырған сәтте еліміздің экономикасы алдына қойылып отырған міндеттерді жақсы түсінеді» деп соған өзінің шын тілеулестігін білдіре тұрса да, бірақ ол Вихляев мырзаның тым шамадан тыс «оптимист» екенін, оның біркелкі етуге ұмтылушылық бар деген қорытындыларының «онша дәлелді емес екенін», оның мәліметтерінің «еш нәрсені көрсете алмайтынын», ал оның тұжырымдарының «негізі жоқ» екенін мойындауға мәжбүр болды.

## IX. ШАРУАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ТУРАЛЫ ЖОҒАРЫДА ТАЛДАНҒАН ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІН ЖИНАҚТАУ

Шаруалардың жіктелуі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді өзара салыстыра отырып, бір жерге жинақтау үшін біз, сірә, абсолюттік цифрларды алып, оларды топ-топқа бөле алмаймыз: бұл үшін аудандардың тұтас топтары жөнінде толық мәліметтер және топтау тәсілдерінің бірдейлігі керек болар еді. Біз тек *жоғары және төменгі топтардың арасындағы қатынастарды* ғана (жерді, малды, құралдарды, т. т. иеленуіне қарай) салыстырып, тексере аламыз. Мәселен, үйлердің 10 процентінде егістің 30 проценті бар екенін көрсететін қатынас абсолюттік цифрлардың айырмашылығын абстракцияға айналдырады, сондықтан да ол қатынас кез келген жердің осындай қатынасының қандайымен болса да салыстыруға жарай береді. Бірақ бұлай салыстыру үшін басқа бір жердегі үйлердің де 10 процентін жеке бөліп алу керек, бұдан артық та, кем де болмауы керек. Оның бер жағында әр түрлі уездер мен губернияларда топтардың көлемдері бірдей емес. Демек, әрбір жерден *үйлердің проценттік үлесін бірдей* етіп алу үшін бұл топтарды *бөлшектеуге* тура келеді. Мысал үшін ауқатты шаруалар үйлерінің 20 процентін, дәулетсіз шаруалар үйлерінің 50 процентін алайық, яғни жоғары топтардан үйлердің 20 проценті болатын топ, ал төменгі топтардан үйлердің 50 проценті болатын топ жасайық. Бұл тәсілді мысал арқылы түсіндірейік. Бізде төменгі топтан жоғары топқа қарай көлемі 30 процент, 25 процент, 20 процент, 15 процент және 10 процент болатын үйлердің бес тобы бар делік ($S=100\%$). Төменгі топты жасау үшін бірінші топты және екінші топтың $^4/_5$ бөлігін аламыз $\left(30+\frac{25\cdot4}{5}=50\%\right)$, ал жоғары топты жасау үшін соңғы топты және соңғының алдындағы топтың $^2/_3$ бөлігін аламыз $\left(10+\frac{15\cdot2}{3}=20\%\right)$, соның өзінде, егістің, малдың, құралдардың, т. б. проценттік үлестері де, әлбетте, дәл осы жолмен анықталады. Яғ-

ни, үйлердің жоғарыда көрсетілген үлестеріне келетін егістің проценттік үлестері мынадай болса: 15 процент, 20 процент, 20 процент, 21 процент және 24 процент болса (S = 100%), онда үйлердің 20 проценті болған жоғары тобымыздың үлесіне $\left(24+\frac{21\cdot 2}{3}=\right)$ егістің 38 проценті тиеді, ал үйлердің 50 проценті болған төменгі тобымыздың үлесіне $\left(15+\frac{20\cdot 4}{5}=\right)$ егістің 31 проценті тиеді. Топтарды осылай етіп бөлшектегенде, шаруалардың жоғары топтары мен төменгі топтарының арасындағы *нақты қатынастарды бір мысқал да өзгертпейтініміз* айқын *. Ал осылай бөлшектеудің керек болатын себебі, 1-ден, біз осылай ету арқылы 4—5—6—7 әр түрлі топтардың орнына айқын ажыратылған белгілері бар ірі үш топ жасап шығарамыз **; 2-ден, мейлінше алуан түрлі жағдайлары бар мейлінше алуан түрлі жерлердегі шаруалардың жіктелуі туралы мәліметтерді тек осындай жолмен ғана салыстыруға болады.

Біз топтардың өзара қатынастары жайында пікір айту үшін шаруалардың жіктелуі туралы мәселеде неғұрлым зор маңызы бар мынадай мәліметтерді аламыз: 1) үйлердің санын; 2) шаруа халқының еркек, әйел адамдарының санын; 3) үлесті жер мөлшерін; 4) сатып алынған жер мөлшерін; 5) арендаланған жер мөлшерін; 6) *арендаға берілген* жер мөлшерін; 7) топтың иеленуіндегі немесе пайдалануындағы барлық жер мөлшерін (үлесті жер+сатып алынған жер +арендаланған жер — арендаға берілген жер); 8) егіс мөлшерін; 9) жұмыс көлігінің санын; 10) барлық малдың санын; 11) батырақтары бар үйлердің санын; 12) *табыстары бар үйлердің* санын (мүмкіндігіне қарай, «табыстардың» жалданып жұмыс істеу, жұмыс күшін сату басым

* Мұндай тәсілді қолданғанда азын-аулақ қате кетеді, соның салдарынан шаруалардың жіктелуі өзінің іс жүзіндегісінен *неғұрлым бәсең* болып көрінеді. Атап айтқанда: жоғары топқа келесі топтың жоғары өкілдері емес, орташа өкілдері қосылады; төменгі топқа келесі топтың төменгі өкілдері емес, орташа өкілдері қосылады. Топтар неғұрлым ірі болған сайын, топтардың саны неғұрлым аз болған сайын бұл қатенің соғұрлым ұлғая түсетіні айқын.

** Келесі параграфта біз мынаны көреміз: біз мысалға алып отырған топтардың мөлшерлері үй басына келетін аттардың санына қарай бөлінген бүкіл орыс шаруаларының топтарына өте жақын келеді.

болып отырған түрлерін бөліп көрсету арқылы); 13) сауда-өнеркәсіп орындарының санын және 14) жақсартылған егіншілік құралдарының санын аламыз. Курсивпен көрсетілген мәліметтердің («жерді арендаға беру» мен «табыстар») *жағымсыз* мағынасы бар, өйткені олар шаруашылықтың кері кетуін, шаруаның күйзелуін және оның жұмысшыға айналуын көрсетеді. Ал қалған мәліметтердің барлығының *жағымды* мағынасы бар, өйткені олар шаруашылықтың кеңеюін және шаруаның селолық кәсіпкерге айналуын көрсетеді.

Барлық осы мәліметтер бойынша біз шаруашылықтардың әрбір тобы үшін уезд бойынша немесе бір губернияның бірнеше уезі бойынша жасалған жиынға келетін проценттік қатынастарды есептеп шығарамыз, ал содан кейін жоғары топтардан алынған 20 процент үйлер мен төменгі топтардан алынған 50 процент үйлердің үлесіне жердің, егістің, малдың және т. б. қандай проценттік үлесі келетінін (жоғарыда өзіміз жазған тәсіл бойынша) анықтаймыз *.

Осындай түрде жасалған кестені келтіреміз, бұл кесте 7 губернияның 21 уезі бойынша еркек, әйелін қоса есептегенде 3 523 418 адамы бар 558 570 шаруа шаруашылығы жайындағы мәліметтерді қамтиды. [132—135-беттердегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл жиынтық кестені суреттеп көрсету үшін және мейлінше алуан түрлі жерлердегі шаруалардың жоғары және төменгі топтарының арасындағы қатынастардың бүтіндей біртектес екенін айқын етіп көрсету үшін біз мына төмендегі диаграмманы жасап, оған кестенің проценттік мәліметтерін енгіздік. Барлық үйлердің проценттік үлестерін анықтайтын бағананың оң жағында шаруашылық әлділігінің *жағымды* белгілерін

* Енді біздің абсолюттік цифрлармен емес, қайта шаруалардың жоғары және төменгі тобының арасындағы қатынастармен ғана ісіміз болатынын оқушылардың ұмытпауын сұраймыз. Сондықтан біз, мәселен, енді батырақтары бар (немесе «табыстары» бар) үйлер санының проценттік қатынастарын сол топтағы үйлердің санына қарай емес, уездегі батырақтары бар (немесе «табыстары» бар) барлық үйлердің санына қарай аламыз, яғни, енді біз әрбір топтың жалдама еңбекті қаншалықты пайдаланатынын (немесе жұмыс күшін сатып отыратынын) анықтап жатпаймыз, тек жоғары және төменгі топтың арасында жалдама еңбекті қолдану жөнінде (немесе «табыстарға», жұмыс күшін сатуға қатысу жөнінде) болатын қатынасты ғана анықтаймыз.

(жер иеленудің кеңеюін, мал санының көбеюін және т. т.) көрсететін сызық бар, ал ол бағананың сол жағында шаруашылық қуатының *жағымсыз* белгілерін (жерді арендаға беру, жұмыс күшін сату; бұл бағаналар ерекше сызықпен белгіленген) көрсететін сызық бар. Диаграмманың *жоғарғы* көлденең сызығынан *жаппай* ирек сызықтардың әрқайсысына дейінгі екі ара *ауқатты* топтардың шаруалар шаруашылығының жалпы жиынындағы үлесін көрсетеді, ал диаграмманың *төменгі* көлденең сызығынан *нүктелі* ирек сызықтардың әрқайсыспа дейінгі екі ара шаруалардың *әлсіз* топтарының шаруалар шаруашылығының жалпы жиынындағы үлесін көрсетеді. Ақырында, жиынтық мәліметтердің жалпы сипатын анығырақ суреттеу үшін, біз «орта» сызық жүргіздік (бұл сызық диаграммаға енгізілген проценттік мәліметтерден арифметикалық орта есеп шығару арқылы анықталды. Басқа сызықтардан айырмасы болуы үшін «орта» сызық қызыл түске боялды). Бұл «орта» сызық, былайша айтқанда, бізге осы күнгі орыс шаруаларының кәдуілгі жіктелуін көрсетеді.

Енді, шаруалардың жіктелуі туралы жоғарыда келтірілген (I—VII параграфтар) мәліметтерге қорытынды жасау үшін, бұл диаграмманың бағаналарын бірінен соң бірін қарастырып өтейік.

Үйлердің процентгерін көрсететін бағананың оң жағындағы бірінші бағана жоғары топ пен төменгі топқа кіретін *халықтың* үлесін көрсетеді. Біз қай жерде болса да ауқатты шаруалардың семьяларындағы адамдардың саны орташа шаруалардыкінен жоғары болып, ал әлсіз шаруалардың семьяларындағы адамдардың саны орташа шаруалардыкінен төмен болып отырғанын көреміз. Бұл фактінің маңызы туралы біз бұған дейін айтып өткенбіз. Мынаны қоса айтайық: салыстырулардың бәріне бірдей өлшем ретінде үйді, семьяны алмай, халықтың 1 адамын алу (халықшылдар осылай етуді тәуір көреді) дұрыс болмас еді. Егер құрамындағы адамдарының саны көп болғандықтан ауқатты семьяның шығыны көбейсе, ал екінші жағынан, үлкен семьялы үйдің шығындарының бірқатары кемиді (құрылысқа, үй іші-

**А кестесі.*** *Жоғары* топтардан

| Губерниялар | Уездер | Диаграммадағы сызықтардың номерлері | Уездер бойынша проценттік | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Арендаға берілген жер | «Табыстары» бар үйлер | Барлық үйлер |
| Таврия | Днепр, Мелитополь және Бердянск | *1* | 9,7 | 12,6 | 20 |
| Самара | Новоузен | — | 0,7 | — | 20 |
| | Николаев | — | 0,3 | 4,1 | 20 |
| | Орта | *2* | 0,5 | 4,1 | 20 |
| Саратов | Камышин | *3* | 11,7 | 13,8 | 20 |
| Пермь | Красноуфимск | — | 7,8 | 0,6 | 20 |
| | Екатеринбург | — | — | 4,3 | 20 |
| | Орта | *4* | 7,8 | 2,4 | 20 |
| Орел | Елецк және Трубчевск | *5* | 2,7 | 15,8 | 20 |
| Воронеж | Задонск | *6* | 11,9 | 11,6 | 20 |
| | Задонск, Землянск, Коротояк және Нижнедевицк | — | 12,5 | 12,6 | 20 |
| Нижегород | Княгинин, Васильск және Макарьев | *7* | 3,8 | 13,7 | 20 |

* Кестеге арналған ескертулерді 84-беттен қараңыз. (Осы том, 136-бет. *Ред.*)

үйлердің 20% болатын топ құрылып отыр

немесе уездердің топтары бойынша жасалған жиынға келетін қатынастар

| Еркек, әйел халқы | Жері: үлестігі | Жері: сатып алынғаны | Жері: арендаланғаны | Жері: пайдалануындағы барлық | Егісі | Малы: жұмыс көлігі | Малы: барлығы | Сауда-өнер кәсіп орындары | Батырақтары бар үйлер | Жақсартылған құралдар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 27,0 | 36,7 | 78,8 | 61,9 | 49,0 | 49,1 | 42,3 | 44,6 | — | 62,9 | 85,5 |
| 28,4 | — | 99 | 82 | — | 56 | 62 | 57 | — | 78,4 | 72,5 |
| 29,7 | — | — | 60,1 | — | — | 48,6 | 47,1 | — | 62,7 | — |
| 29 | — | 99 | 71 | — | 56 | 55,3 | 52,0 | — | 70,5 | 72,6 |
| 30,3 | 34,1 | — | 59 | 47 | 50,5 | 57,4 | 53,2 | -- | 65,9 | — |
| 26,8 | 30 | — | 58,3 | 49,6 | 49,2 | 42,5 | 41,2 | 42,8 | 66,4 | 86,1 |
| 26,1 | — | — | 83,7 | — | 55,1 | 42,3 | 41,8 | 37,0 | 74,9 | — |
| 26,4 | 30 | — | 71 | 49,6 | 52,1 | 42,4 | 41,5 | 39,9 | 70,6 | 86,1 |
| 27,4 | 29,0 | 63,4 | 51,7 | 38,2 | — | 42,1 | 37,8 | 49,8 | 57,8 | 75,5 |
| 28,1 | 29,1 | 66,8 | 53,6 | 34,6 | 33,9 | 41,7 | 39,0 | 47,4 | 56,5 | 77,3 |
| 28,1 | 30,9 | | 49,2 | 34,1 | — | 38 | 37,2 | 45,9 | 48,4 | 70,1 |
| 27,8 | 29,4 | 59,7 | 50,8 | 36,5 | 38,2 | 46,3 | 40,3 | 51,2 | 54,5 | — |

**Б кестесі.*** *Төменгі топтардан*

| Губерниялар | Уездер | Диаграммадағы сызықтардың номерлері | Уездер бойынша проценттік | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Арендаға берілген жер | «Табыстары» бар үйлер | Барлық үйлер |
| Таврия | Днепр, Мелитополь жәпе Бердянск | *1* | 72,7 | 68,2 | 50 |
| Самара | Новоузен | — | 93,8 | 74,6 | 50 |
| | Николаев | — | 98 | 78,6 | 50 |
| | Орта | *2* | 95,9 | 76,6 | 50 |
| Саратов | Камышин | *3* | 71,5 | 60,2 | 50 |
| | Вольск, Кузнецк, Балашов және Сердобск | — | 64,6 | — | 50 |
| Пермь | Красноуфимск | — | 74 | 93,5 | 50 |
| | Екатеринбург | — | — | 65,9 | 50 |
| | Орта | *4* | 74 | 79,7 | 50 |
| Орел | Елецк және Трубчевск | *5* | 93,9 | 59,3 | 50 |
| Воронеж | Задонск | *6* | 63,3 | 65,3 | 50 |
| | Задонск, Землянск, Коротояк және Нижнедевицк | — | 67 | 63,8 | 50 |
| Нижегород | Княгинин, Васильск жәнс Макарьев | *7* | 88,2 | 65,7 | 50 |

* Кестеге арналған ескертулерді келесі беттен қараңыз. (Осы том, 136-бет. *Ред.*)

үйлердің 50% болатын топ құрылып отыр

немесе уездердің топтары бойынша жасалған жиынға келетін қатынастар

| Еркек, әйел халқы | Жері: үлестігі | Жері: сатып алынғаны | Жері: арендаланғаны | Жері: пайдаланудағы барлығы | Егісі | Малы: жұмыс көлігі | Малы: барлығы | Сауда-өнеркәсіп орындары | Батырақтары бар үйлер | Жақсартылған құралдар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 41,6 | 33,2 | 12,8 | 13,8 | 23,8 | 21,5 | 26,6 | 26 | — | 15,6 | 3,6 |
| 39,6 | — | 0,4 | 5,0 | — | 16,3 | 11,3 | 14,4 | — | 4,4 | 2,8 |
| 38 | — | — | 11,1 | — | — | 17,8 | 20,3 | — | 7,1 | — |
| 38,8 | — | 0,4 | 8 | — | 16,3 | 14,5 | 17,3 | — | 5,7 | 2,8 |
| 36,6 | 33 | — | 9,8 | 18,6 | 14,9 | 9,6 | 14,3 | — | 7,5 | — |
| 37,6 | 35 | — | 14,1 | 25,2 | 21 | 14,7 | 19,7 | — | — | — |
| 40,7 | 37,4 | — | 6,5 | 19,2 | 16,7 | 23,1 | 24 | 23,8 | 6,1 | 2 |
| 44,7 | — | — | 8,7 | — | 21,2 | 30,5 | 30,8 | 35,6 | 10,4 | — |
| 42,7 | 37,4 | — | 7,6 | 19,2 | 18,9 | 26,8 | 27,4 | 29,7 | 8,2 | 2 |
| 39,4 | 37,2 | 8,9 | 12,9 | 24,9 | — | 17,7 | 23 | 20,2 | 7,8 | 2,4 |
| 39,2 | 37,5 | 11 | 13,8 | 31,9 | 31 | 20 | 24,6 | 23,2 | 9,1 | 1,3 |
| 37,2 | 33,6 | | 15,4 | 29,9 | — | 20,3 | 23,4 | 17,3 | 13,1 | 3,6 |
| 40,6 | 37,7 | 15,4 | 16,4 | 30,9 | 28,6 | 17,2 | 24,8 | 16,1 | 18,9 | — |

*А және Б кестелеріне арналған ескертулер*

1. Таврия губерниясы бойынша арендаға берілген жер туралы деректердің екі-ақ уезге: тек Бердянск және Днепр уездеріне ғана қатысы бар.

2. Нақ сол губерния бойынша косилкалар мен жаткалар жақсартылған құралдарға жатқызылды.

3. Самара губерниясының екі уезі бойынша арендаға берілген жер процентінің орнына үлесті жерін арендаға беретін шаруашылығы жоқ үйлердің проценті алынды.

4. Орел губерниясы бойынша арендаға берілген жер көлемі (демек, пайдаланудағы барлық жер көлемі) шамамен белгіленді. Воронеж губерниясының төрт уезі жөнінде де дәл осылай істелді.

5. Орел губерниясы бойынша жақсартылған құралдар туралы тек жалғыз Елецк уезі бойынша ғана деректер бар.

6. Воронеж губерниясы бойынша табыстары бар үйлер санының орнына (үш уезд: Задонск, Коротояк және Нижнедевицк уездері бойынша) өз ішінен батырақтар шығарып отыратын үйлердің саны алынды.

7. Воронеж губерниясы бойынша жақсартылған құралдар туралы екі-ақ уезд — тек Землянск және Задонск уездері бойынша ғана деректер бар.

8. Нижегород губерниясы бойынша «кәсіпшіліктері» бар үйлердің орнына жалпы шет кәсіпшіліктері бар үйлер алынды.

9. Кейбір уездер бойынша сауда-өнеркәсіп орындары санының орнына сауда-өнеркәсіп орындары бар үйлердің санын алуға тура келді.

10. Жинақтарда «табыстар» туралы бірнеше графа кездескен уақытта,— біз жалданып жұмыс істеуді, жұмыс күшін сатуды неғұрлым дәл көрсететін «табыстарды» жеке алып қарауға тырыстық.

11. Арендаланған жер, мүмкіндігіне қарай, түгел: үлесті жер де, үлестен тыс жер де, егістік жер де, шабындық жер де алынды.

12. Оқушының есіне сала кетейік, Новоузен уезі бойынша хуторлықтар мен немістер есепке алынған жоқ; Красноуфимск уезі бойынша уездің тек егін салатын бөлігі ғана есепке алынды; Екатеринбург уезі бойынша жері жоқ үйлер мен тек шабындығы ғана бар үйлер есепке алынған жоқ; Трубчевск уезі бойынша қала маңындағы қауымдар есепке алынған жоқ; Княгинин уезі бойынша Большое Мурашкино деген кәсіпшілікті село есепке алынған жоқ және т. т. Бұлардың бірқатарын есепке өзіміз алмадық, ал бірқатары материалдың сипатына байланысты алынбай қалды. Сондықтан шынында шаруалардың жіктелуі біздің кестеміз бен диаграммамызда көрсетілгеннен гөрі күштірек болуға тиіс екені айқын.

не керекті заттарды жинауға, шаруашылыққа және басқаларына жұмсалатын шығындары кемиді. Шаруашылық жағынан үлкен семьялардың тиімді екенін Энгельгардт «Деревнядан жазылған хаттарында» және Трирогов «Қауым және алым-салық» деген кітабында ерекше атап көрсетеді. СПБ. 1882). Сондықтан, шығындардың жаңағыдай кемитіндігін еске алмастан, салыстырулардың өлшемі ретінде халықтың 1 адамы алынатын болса, онда бұл — үлкен семья мен шағын семьядағы «жанның» хал-күйін жасанды әрі жалған жолмен теңестіргендік болады. Айтпақшы, егіншілік өндірісінің халықтың жан басына келетін мөлшерінен гөрі анағұрлым көбірек үлесі шаруалардың ауқатты тобының қолына шоғырланатынын диаграмма айқын көрсетіп отыр.

Келесі бағана — үлесті жер туралы. Үлесті жердің бөлінуінде неғұрлым үлкен теңгермешіліктің бар екені байқалады, үлесті жердің заң жүзіндегі сипаттары бойынша бұл осылай болуға да тиіс. Алайда тіпті бұл жерде де ауқаттылардың кедейлерді ығыстыру процесі басталып отыр: өздерінің халқының санына қарағанда жоғары топтардың иеленіп отырған үлесті жері едәуір көп екенін, ал төменгі топтардың иеленіп отырған үлесті жері едәуір аз екенін біз *қай жерде болса* да көріп отырмыз. «Қауым» шаруа буржуазиясының мүдделері жағына қарай ауып отыр. Бірақ жер иеленудің шын жағдайымен салыстырғанда, үлесті жерді бөлудегі біркелкі еместік әлі де өте аз. Үлесті жердің бөлінуі жер мен шаруашылықтың нақты бөлінуі туралы ешқандай ұғым бермейді (мұның өзі диаграммадан айқын көрініп тұр) *.

Одан кейінгі бағана — сатып алынған жер туралы. Сатып алынған жер қайда болса да ауқаттылардың қолына шоғырланып отыр: шаруалардың барлық сатып алған жерлерінің оннан 6 немесе 7 бөлігіне таяуын үйлердің бестен бір бөлігі иеленіп отыр, ал кедейлер үйлерінің жартысының үлесіне тиіп отырғаны maximum

* Шаруаның жіктелуін зерттеу ісінде үлесті жерге қарай топқа бөлудің жарамсыз болатынын көру үшін диаграммаға бір рет көз салып өтудің өзі жеткілікті.

15 процент! Сондықтан «халықшылдардың» «шаруалар» жерді мүмкіндігінше көбірек, мүмкіндігінше арзанырақ сатып алатын болсын деп қам жеуінің қандай маңызы бар екенін осыдан байқауға болады.

Келесі бағана — аренда туралы. Мұнда да біз жердің қайда болса да ауқатты шаруалардың қолына шоғырланып отырғанын көреміз (үйлердің бестен бір бөлігінде бүкіл арендаланған жердің оннан 5—8 бөлігі бар), оның үстіне бұлар жерді арзан бағамен алып отырады, мұны біз жоғарыда көрдік. Шаруа буржуазиясының аренданы бұл сияқты басқадан жырып әкетуі «шаруа арендасының» *өнеркәсіптік сипаты бар екенін* (өнім сату үшін жер сатып алу) көз жеткізе дәлелдейді *. Алайда мұны айтқанда біз мұқтаждықтап барып жерді арендалау фактісін әсте теріске шығармаймыз. Қайта, диаграмма бізге жерге тістей қатып, айрылмай отырған кедейлердің арасындағы жер арендалаудың мүлде *басқаша* сипаты бар екенін көрсетіп отыр (үйлердің $^{1}/_{2}$ бөлігіне бүкіл аренданың оннан 1—2 бөлігі келеді). Шаруаның да шаруасы бар.

«Шаруа шаруашылығындағы» аренданың қайшылықты маңызы аренда жайындағы бағананы *жерді арендаға беру* жайындағы бағанамен (*сол жақтағы* бірінші бағана, яғни жағымсыз белгілердің арасындағы бағана)

---

* Карышев мырзаның арендалар туралы кітабындағы «Қорытындысы» (VI тарау) барып тұрған күлкілі. Карышев мырза шаруа арендасында өнеркәсіптік сипат болмайды дейтін, земство статистикасының мәліметтеріне қайшы келетін дәлелсіз пікірлерінің барлығын айта келіп, бұл жерде «аренда теориясын» (В. Рошерден, тағы да сол сияқтылардан алынған теорияны) ұсынып отыр, яғни «арендалау мерзімі ұзақ болуы керек» («егінші жерге «қожайынша» қарауы... керек», 371-бет) және, арендатордың қолында жалақыны, процентті, оның жұмсаған капиталының орнын жабатын қаражатты және кәсіпкерлік пайданы (373) қалдыратындай болып, аренда ақысы жоғары болмай, мөлшерлі қалыпта болуы керек деген сияқты өзінше ғалымсынып айтқан батыс европалық фермерлердің desiderata-сын (тілектерін. *Ред.*) ұсынып отыр. Ал мұндай «теорияның» — «болғызбау керек» (398) дейтін әдеттегі халықшылдық рецеппен қатар жүретініне Карышев мырза зәредей де шимірікпейді. Фермерлікті «болғызбау» үшін Карышев мырза фермерліктің «теориясын» қолданып отыр! Мұндай «қорытынды» өзінен өзі Карышев мырзаның кітабының негізгі қайшылығымен аяқталды. Карышев мырза, бір жағынан, барлық халықшылдық соқыр сенімдерді қостай отырып, ұсақ буржуазияның Сисмонди сияқты классикалық теоретиктеріне жан-тәнімен тілектес болады (қараңыз: *Карышев.* «Европа континентінде жерді мәңгі мұралық жолмен жалдау». М. 1885), екінші жағынан, ол аренда шаруалардың жіктелуіне «түрткі» (396-бет) болатынын, «неғұрлым әлді топтар» әлсіздеу топтарды ығыстыратынын, аграрлық қатынастардың дамуы нақ батырақтық күйге (397-бет) апарып соғатынын мойындамай тұра алмайды.

салыстырып қарағанда ерекше айқын көрінеді. Бұл жерде біз мәселенің мүлде басқаша екенін көреміз: арендаға негізгі жер берушілер — төменгі топтар (үйлердің $^1/_2$ бөлігіне арендаға берілген жердің оннан 7—8 бөлігі келеді), бұлар қожайындардың қолына (заңның тыйым салып, қысым жасауына қарамастан) көшетін үлесті жерден құтылуға тырысады. Сөйтіп, жұрт бізге жерді арендалайтын да «шаруалар», жерді арендаға беретін де «шаруалар» дегенде біз мұның алғашқысының негізінен шаруа буржуазиясына, екіншісінің — шаруа пролетариатына қатысы бар екенін білеміз.

Жерді сатып алудың, арендалаудың және арендаға берудің үлесті жерге қатынасын топтардың *жерді нақты иеленуі де* (оң жақтағы 5-бағана) анықтайды. Шаруалардың қарамағында болып отырған барлық жердің іс жүзінде бөлінуінің енді үлесті жердің «теңгермешілігіне» үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын біз қай жерде болса да көрін отырмыз. Бүкіл жердің 35 процентінен 50 процентіне дейін үйлердің 20 процентінің үлесіне тиіп отыр, ал үйлердің 50 процентінің үлесіне жердің 20 процентінен 30 процентіне дейіні тиіп отыр. Жоғары топтың төменгі топты ығыстырып шығаруы *егістің* бөлінуіне (келесі бағана) келгенде бұрынғыдан да айқын көрінеді, мұның себебі жарлы шаруалардың көбінесе өз жерлерін дұрыстап пайдалануға шамасы келмей, оны бос тастайтынынан болуы керек. Екі бағананың екеуі де (иеліктегі барлық жер туралы және егіс туралы бағаналар) — жерді сатып алу мен арендалау төменгі топтардың жалпы шаруашылық жүйесіндегі үлесінің *кемуіне*, яғни оларды ауқатты азшылықтың ығыстырып шығаруына әкеп соғатынын көрсетеді. Бұл ауқатты азшылық қазірдің өзінде шаруалар шаруашылығында басты роль атқарып отыр, басқа қалған шаруалардың барлығының қолында қанша егіс болса, сондай мөлшерге жуық егісті өз қолына шоғырландырып отыр.

Келесі екі бағана жұмыс көлігі мен барлық малдың шаруалар арасында қалай бөлінгенін көрсетеді. Малдың проценттік үлестерінің егістің проценттік үлестерінен онша көп айырмасы жоқ: мұның өзі басқаша болуы мүмкін де емес, өйткені жұмыс көлігінің саны (со-

нымен қатар барлық малдың саны да) егістің мөлшерін белгілейді, ал өз кезегінде жұмыс көлігінің саны да егіс мөлшері арқылы белгіленеді.

Келесі бағана шаруалардың әр түрлі топтарының сауда орындары мен өнеркәсіп орындарының жалпы жиынындағы үлесін көрсетеді. Бұл кәсіпорындардың $^1/_2$ бөлігіне жуығы үйлердің бестен бір бөлігінің (ауқатты топтың) қолыпа шоғырландырылып отыр, ал кедейлер үйлерінің $^1/_2$ бөлігінің қолында бұл кәсіпорындардың тек $^1/_5$ * бөлігіне жуығы ғана бар, яғни шаруалардың буржуазияға айналуын көрсететін «кәсіпшіліктер» көбінесе ең дәулетті егіншілердің қолына шоғырланған. Демек, ауқатты шаруалар егіншілікке де (жер сатып алу, арендалау, жұмысшылар жалдау, құралдарды жақсарту, т. т.), өнеркәсіп орындарына да, саудаға да, өсімқорлыққа да капитал жұмсайды: сауда капиталы мен кәсіпкерлік капитал бір-бірімен тығыз байланысып жатыр, ал капиталдың бұл формаларының қайсысының басым болатыны қоршап тұрған жағдайларға байланысты.

«Табыстары» бар үйлер жайындағы мәліметтер де (жарамсыз белгілердің қатарындағы *сол жақтағы* бірінші бағана) шаруаның пролетарға айналуын көрсететін, бірақ өзара қарама-қарсы мағынасы бар «кәсіпшіліктерді» сипаттайды. *Бұл* «кәсіпшіліктер» кедейлердің қолына шоғырланған (үйлердің 50 процентіне табыстары бар барлық үйлердің 60—90 проценті келеді), ал ауқатты топтар оларға өте аз қатысады (біз «өнеркәсіпшілердің» бұл разрядында да қожайындарды жұмысшылардан дәл айыра алмадық, бұл есте болуға тиіс). «Кәсіпшіліктердің» екі типінің мүлде қарама-қарсы екенін көру үшін, бұл типтерді әдеттегідей араластырып жіберудің қандай өрескел шатасушылық туғызатынын түсіну үшін «табыстар» жайындағы мәліметтерді «сауда-өнеркәсіп орындары» жайындағы мәліметтермен салыстырып өтсе-ақ жетеді.

* Әрине, бұл цифрдың өзі де (барлық кәсіпорындардың $^1/_5$ бөлігіне жуығы) асыра көрсетілген, өйткені егін екпейтін, аты жоқ және бір аты бар шаруалардың тобында ауыл шаруашылығы жұмысшылары, қара жұмысшылар, тағы басқалар егінші емес адамдармен (дүкеншілермен, қолөнершілермен, тағы басқалармен) араласып кеткен.

*Батырақтары бар үйлер* қай жерде болса да ауқатты шаруалар тобына шоғырланған көрінеді (үйлердің 20 процентіне барлық батырақты шаруашылықтардың оннан 5—7 бөлігі келеді), ауқатты шаруалар (семьяларының үлкендігіне қарамастан) өздеріне «қолқабысшы болатын» ауыл шаруашылығы жұмысшыларының табы болмаса, күн көре алмайды. Бұл арада біз жоғарыда айтылған қағиданың: атап айтқанда, батырақты шаруашылықтардың санын шаруалар «шаруашылықтарының» жалпы санымен (соның ішінде батырақтардың «шаруашылықтарымен» де) салыстыру — сорақылық болады деген қағиданың анық дәлелденгенін көреміз. Батырақты шаруашылықтардың санын шаруа үйлерінің *бестен бір бөлігімен* салыстыру *анағұрлым дұрыс* болады, өйткені ауқатты азшылық барлық батырақты шаруашылықтардың $^3/_5$ немесе тіпті $^2/_3$ бөлігіне жуығын өз қолына жиып отыр. Шаруалар арасында кәсіпкерлердің жұмысшылар жалдауы, семьяда жұмысшылар жеткіліксіз болып, мұқтаждықтан барып жұмысшылар жалдаудан әлдеқайда асып түседі: жарлы және *семьясы шағын* шаруалардың 50 процентінің үлесіне барлық батырақты шаруашылықтардың тек $^1/_{10}$ бөлігіндейі ғана келеді (соның өзінде де жарлы шаруалардың қатарына жұмысшыларды тіпті мұқтаждықтан жалдамайтын дүкеншілер, өнеркәсіпшілер, т. б. кіріп кетіп отыр).

Жақсартылған құралдардың бөлінуін көрсететін соңғы бағананы, В. В. мырзаның үлгісі бойынша, «шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» деп атауымызға да болады. Бұл құралдар басқалардан гөрі Самара губерниясының Новоузен уезінде «әділ» бөлінген көрінеді, ол уезде ауқатты үйлердің бестен бір бөлігінде 100 құралдың тек 73-і ғана, ал кедей үйлердің тең жартысында — жүз құралдың бақандай үш құралы бар.

Шаруалардың жіктелу дәрежесі бойынша әр түрлі жерлерді салыстыруға көшейік. Бұл ретте диаграммада мынадай екі түрлі өлке ерекше көзге түседі: егінші шаруалардың жіктелуі Таврия, Самара, Саратов және Пермь губернияларында, Орел, Воронеж, Нижегород губернияларындағыға қарағанда, едәуір күшті болып

отыр. Алғашқы төрт губерния жөніндегі сызықтар диаграммада ортадағы қызыл сызықтан төмен, ал соңғы үш губерния жөніндегі сызықтар ортадағы сызықтан жоғары, яғни, бұл сызықтар ауқатты азшылықтың қолына шаруашылықтың неғұрлым аз шоғырланғанын көрсетеді. Алғашқы өлке — жері анағұрлым мол, нағыз егіншілікті өлке (Пермь губерниясындағы уездердің егіншілік кәсібімен айналысатып жерлері жекеленіп көрсетілген), бұл өлкенің егіншілігінің экстенсивті сипаты бар. Егіншіліктің сипаты мұндай болған күнде егінші шаруалардың жіктелуін есепке алу оңай болады және де ол бірден көзге түседі. Керісінше, екінші өлкеде жағдай басқаша, мұнда, бір жағынан, біздің мәліметтерімізде ескерілмей қалған сауда егіншілігі дамып отыр, мәселен, Орел губерниясындағы конопля егісі. Екінші жағынан, біз мұнда жалданып жұмыс істеу жөнінде де (Воронеж губерниясының Задонск уезі), егіншіліктен тыс кәсіптер жөнінде де (Нижегород губерниясы) «кәсіпшіліктердің» орасан зор маңызы бар екенін көреміз. Бұл екі жағдайдың егінші шаруалардың жіктелуі жөніндегі мәселеде орасан зор маңызы бар. Мұның біріншісі туралы (сауда егіншілігі мен ауыл шаруашылығы прогресінің формалары әр жерде әр түрлі) біз жоғарыда айтып өттік. Ал мұның екіншісінің де («кәсіпшіліктердің» ролі) маңызды екендігі анық. Егер бұл жерлерде шаруалар бұқарасы батырақтардан, күндікшілерден немесе кәсіпшіліктердің үлесті жері бар жалдама жұмысшыларынан тұрса, мұндағы егінші шаруалардың жіктелуі, әрине, өте бәсең болар еді *. Бірақ істің мәнін дұрыс түсіну үшін, село пролетариатының бұл қалыпты өкілдерін шаруа буржуазиясының қалыпты өкілдерімен салыстыру керек. Воронеждің «табыс» табу үшін оңтүстік жаққа кететін үлесті жері бар күндікшісі Таврияның егінді орасан көп егетін шаруасымен салыстырылуға тиіс. Калуга, Нижегород, Ярославльдің балташысы Ярославльдің, Москваның огород-

* Жері шағын, алым-салықтар ауыр болғандықтан, жұмыспен өтеушілік кең өріс алғандықтан, Орел, Воронеж және басқа губерниялар сияқты орталық қара топырақты губернияларда шаруалардың жіктелуі шынында да әлдеқайда бәсең болуы әбден мүмкін, өйткені осылардың барлығы — шаруалардың жіктелуіне бөгет болатын жағдайлар.

## А және Б КЕСТЕЛЕРІН СУРЕТТЕЙТІН ДИАГРАММА

————*Жаппай* сызықтар (жоғарғы көлденең сызықтан санағанда) жердің, егістің, малдың т. б. жалпы жиынынан *ауқатты* шаруалардың алатын үлесін процент есебімен көрсетеді.

– – – – – –*Нүктелі* сызықтар (төменгі көлденең сызықтан санағанда) жердің, егістің, малдың, т. б. жалпы жиынынан *жарлы* шаруалардың алатын үлесін процент есебімен көрсетеді.

*Қара* сызықтар жеке уездер бойынша немесе уездердің топтары бойынша ыдырау дәрежесін көрсетеді, уездердің номерлері (1—7) А және Б кестелерінде көрсетілген.

*Қызыл* сызықтар ыдыраудың «орта» дәрежесін (яғни диаграммаға жазылған проценттік мәліметтердің арифметикалық орташа есебін) көрсетеді.



шысымен немесе сүт сату үшін мал ұстайтын шаруасымен салыстырылуға тиіс, т. т. Дәл сол сияқты, жергілікті шаруалар бұқарасы, өздерінің өмір сүруіне керекті қаражаттардың біразын ғана үлесті жерлерінен алып, өңдеуші өнеркәсіптерде жұмыс істейтін болса,— егінші шаруалардың жіктелуі туралы мәліметтер кәсіпшілік шаруаларының жіктелуі туралы мәліметтермен толықтырылуға тиіс. Біз бұл соңғы мәселеге V тарауда арнайы тоқталамыз, ал біздің енді шұғылданатын ісіміз — кәдуілгі егінші шаруалардың жіктелуі туралы мәселе.

### X. ЗЕМСТВО СТАТИСТИКАСЫ МЕН ӘСКЕРИ АТТАР САНАҒЫНЫҢ[50] ҚОРЫТЫНДЫ МӘЛІМЕТТЕРІ

Шаруалардың жоғарғы тобы мен төменгі тобының арасындағы қатынастар нақ село буржуазиясы мен село пролетариатының арасындағы қатынастарға тән белгілер арқылы анықталатындығын,— бұл қатынастардың мейлінше алуан түрлі жағдайлардағы мейлінше алуан түрлі жерлерде айта қаларлықтай біртектес келетінін,— тіпті бұл қатынастардың сан жөніндегі көрсеткіштерінің (яғни егістің, малдың, т. б. жалпы санынан топтардың алатын проценттік үлестері), басқаға қарағанда, өте аз көлемде ауытқып отыратынын біз жоғарыда көрсетіп өттік. Бұл арада мынадай орынды сұрақ туады: бүкіл орыс шаруаларының *топтарға* бөлінуі туралы түсінік алу үшін әр түрлі жерлердегі топтардың арасындағы *қатынастарды* көрсететін осы мәліметтерді қай мөлшерде пайдалануға болады? Басқаша айтқанда: бүкіл орыс шаруаларының арасындағы жоғарғы топ пен төменгі топтың құрамы мен арақатынастары туралы түсінік алу үшін қандай деректерге сүйенуге болады?

Мұндай деректер бізде өте аз, өйткені Россияда еліміздің егіншілік шаруашылықтарының барлығын жаппай есепке алатын ауыл шаруашылығы санақтары жүргізілмейді. Шаруаларымыздың шаруашылық топтарға бөлінуі туралы түсінік беретін жалғыз-ақ материал — жұмыс көлігінің (яғни аттардың) шаруа үйлерінің ара-

сында бөлінуі жөніндегі земство статистикасы мен әскери аттар санағының қорытынды мәліметтері. Бұл материал қаншама мардымсыз болғанымен, бұдан көңіл қоярлық (әрине, тым жалпылама, шамамен алынған, жалпы) қорытындылар шығаруға болады, әсіресе, аттары көп шаруалар мен аттары аз шаруалардың арасындағы қатынастарға талдау жасалғандықтан және ол қатынастар мейлінше әр түрлі жерлерде айта қаларлықтай біртектес болып шыққандықтан, бұдан осындай қорытындылар жасауға болады.

Благовещенский мырзаның «Үй басы жүргізілген земство санақтары жөніндегі шаруашылық мәліметтерінің жиынтық жинағы» дейтін кітабының мәліметтері бойынша (I том. «Шаруа шаруашылығы», М. 1893) [51], земство санақтары 22 губерниядағы 123 уезді қамтыған, олардағы шаруа үйлері — 2 983 733, еркек, әйелі бар барлық халқы — 17 996 317 адам. Бірақ үйлердің жұмыс көлігіне қарай бөлінуі жөніндегі мәліметтер барлық жерлерде біртектес емес. Сондықтан, біз үш губерниядан, үйлері жұмыс көлігіне қарай төрт топқа бөлінбей, үш-ақ топқа бөлінген 11 уезді * шығарып тастауымыз керек. Ал біз қалған *21 губернияның 112 уезі* бойынша 15 миллион халқы бар $2^1/_2$ миллионға жуық үй жөнінде мынадай жиынтық мәліметтер алдық:

| Шаруашылықтардың топтары | Үйлер | Үйлердің % | | Олардағы жұмыс көлігінің саны** | Барлық жұмыс көлігінің % | 1 үйге келетін жұмыс көлігінің саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 613 238 | 24,7 | 53,3 | — | — | — |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 712 256 | 28,6 | | 712 256 | 18,6 | 1 |
| 2 » » » | 645 900 | 26,0 | | 1 291 800 | 33,7 | 2 |
| 3 және одан көп » | 515 521 | 20,7 | | 1 824 969 | 47,7 | 3,5 |
| *Барлығы* | 2 486 915 | 100 | | 3 829 025 | 100 | 1,5 |

Бұл мәліметтер Европалық Россиядағы барлық шаруа үйлерінің төрттен бір бөлігіне таяуын қамтиды

* Саратов губерниясынан — 5 уезд, Самара губерниясынан — 5 уезд, Бессарабия губерниясынан — 1 уезд.

** Бұл арада екеуі 1 аттың орнына есептелген өгіздер де аттарға қоса алынған.

Н. А. Благовещенскийдің «Статистикалық жиынтық жинақ» деген кітабынан алынған мәліметтердің сөздері мен есептері жазылған В. И. Ленин дәптерінің беті (1893 ж.)

Чтобы попробовать подытожить данные о числе дворов по раб. скоту (по 4-м группам) приходится откинуть часть уездов, в коих данные лишь о 3-х группах, именно:

7 губ / 10

10 Саратовск. губ. Из 10 уездов таковых есть лишь о 5 уу. (Аткар., Камыш., Петровск., Сарат. и Царицын.)

| | | Дворов: без раб. ск. | с 1 ж. | с 2 ж. | с 3 и бол. | Всего дворов | Итого: лошадей | волов |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | {Итого выкинуто 5 уездов} По 5 уу.: | 36.912 | 37.351 | 29.331 | 42.586 | 146.180 | 239.548 | 86.618 |
| 7 | Самарская губ. Из 7 уу. данные по 2 уу. (Сам. и Бузул.) {Итого выкинуто 5 уу.} По 2 уу.: | 11.040 | 17.141 | 16.309 | 24.941 | 69.431 | 165.430 | 3.978 |
| 1 | Бессар. губ. 1 у. вовсе выкинут. | — | — | — | — | — | — | — |
| 18 уу. всего по 11 губ., а из них 7 целиком | Итого выкинуто 11 уу. А по 7 уу.: | | | | | | | |
| | А по оставшимся 105 уу.: | 565.286 | 657.764 [1] | 600.260 | 447.994 | 2.271.304 [2] | 2.990.616 | 776.266 |
| | Итого по 112 уу. в 21 губернии: | 613.238 | 712.256 | 645.900 | 515.521 | 2.486.915 | 3.395.594 | 866.862 |
| | %: | 24.7 | 28.6 | 26.0 | 20.7 | 100 | | |
| | Следовательно, у них раб. скота штук: | — | 712.256 | 1.291.800 | 1.824.969 [3] | X | 3.829.025 [3] | |
| | %: | — | 18.6 | 33.7 | 47.7 | X | 100% | |

Всего населения в этих 2.486.915 дв. ок. 14.995.897 чел.

См. сл. стр.

1) Прибавление Сарат. 80.737 и Сам. 67.575 даёт 806.076, а у Бл. 806.676 (с. 132). Я свои цифры проверил.

2) По графе 26-ой (с. 126) итог = 2.304.441, по отдельным графам выходит не сходно. Из них 1 бездворных дворов (у 37) = 144.824. Без них = 2.159.617

3) Считая 1 пару волов за 1 штуку.

Если сложить прямо лошадей и волов, то получится для всего раб. скота: 4.262.456
из них у многолошадных: 2.258.400
а у без- и однолошадных: 2.004.056

(«Европалық Россиядағы село халқының экономикалық жағдайы жөніндегі статистикалық материалдар жиыны» — министрлер комитеті кеңсесінің басылымы. СПБ. 1894 — Европалық Россияның 50 губерниясындағы болыстарда 11 223 962 үй, соның ішінде 10 589 967 шаруа үйі бар деп есептейді). Бүкіл Россия бойынша аттардың шаруалар арасында бөлінуі туралы мәліметтерді біз «Россия империясының статистикасы. XX. 1888 жылғы әскери аттар санағы» (СПБ. 1891) және «Россия империясының статистикасы. XXXI. 1891 жылғы әскери аттар санағы» (СПБ. 1894) деген кітаптардан ала аламыз. Бірінші басылуында 41 губерния жөнінде (соның ішінде Польша Патшалығының 10 губерниясы бар) 1888 жылы жиналған мәліметтер өңделген, ал екіншісінде — Европалық Россияның 18 губерниясы мен Кавказ, Қалмақ даласы, Дон Әскері Облысы жайындағы мәліметтер өңделген.

Европалық Россияның 49 губерниясын бөлек алып (Дон облысы бойынша деректер толық емес), 1888 және 1891 жылдардың мәліметтерін бірге қосқанда *село қоғамдарындағы шаруалардың* барлық аттарының бөлінуі мынадай болып шығады.

*Европалық Россияның 49 губерниясында.*

| Шаруашылықтардың топтары | Шаруа үйлері барлығы | % | | Олардағы аттар барлығы | % | | 1 үйге келетін аттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 2 777 485 | 27,3 | 55,9 | — | — | | — |
| 1 аты барлар | 2 909 042 | 28,6 | | 2 909 042 | 17,2 | | 1 |
| 2 » » | 2 247 827 | 22,1 | | 4 495 654 | 26,5 | | 2 |
| 3 » » | 1 072 298 | 10,6 | 22,0 | 3 216 894 | 18,9 | 56,3 | 3 |
| 4 және одан көп » » | 1 155 907 | 11,4 | | 6 339 198 | 37,4 | | 5,4 |
| *Барлығы* | 10 162 559 | 100 | | 16 960 788 | 100 | | 1,6 |

Сөйтіп, бүкіл Россия бойынша шаруалардың арасында жұмыс аттарының бөлінуі біздің жоғарыдағы диаграммамызда келтірілген жіктелудің «орта» мөлшеріне өте жуық болады. Шынына келгенде шаруалардың жіктелуі бұдан едәуір басым көрінеді: 17 миллион жылқының $9^1/_2$ миллионы, яғни барлық жылқының 56,3 проценті үйлердің 22 процентінің қолына (10,2 миллион

үйдің 2,2 миллионының қолына) жиналған. Орасан көп үй — 2,8 миллион үй әбден тоналған, ал 2,9 миллион жалғыз атты үйде барлық жылқының тек 17,2 проценті ғана бар *.

Топтардың арасындағы қатынастар жөнінде жоғарыда айтылған заңды дәлелдерге сүйене отырып, біз енді бұл мәліметтердің шын мәнін анықтай аламыз. Егер үйлердің бестен бір бөлігі барлық жылқының жартысын өз қолына жинап отырған болса, онда шаруалардың бүкіл егіншілік өндірісінің кем дегенде жартысы (мүмкін одан да артығы) солардың қолында деп, қателеспей-ақ қорытынды жасауға болады. Өндірістің бұл сияқты шоғырлануы сатып алынған жерлер мен шаруа арендасының, аренда болғанда, үлестен тыс және үлесті жерлер арендасының көбі осы дәулетті шаруалардың қолына шоғырланған күнде ғана мүмкін болады. Үлесті жермен, бәлкім, айтарлықтай қамтамасыз етілгеніне қарамастан, жерді сатып алатын да, арендалайтын да ең алдымен нақ осы дәулетті азшылық болып отыр. Орыстың «орта» шаруасы ең жақсы деген жылдың өзінде алған астығын келесі жылдың егініне әрең-әрең жеткізіп отыратын болса (жеткізуі де екі талай), ал орта мөлшерден едәуір артық қамтамасыз етілген дәулетті азшылық бүкіл шығынын өз шаруашылығы арқылы өтеп қана қоймай, оның үстіне пайда табады. Бұл оның товар өндіруші екенін, оның егіншілік өнімдерін сатуға арнап өндіретінін көрсетеді. Қала берді, бұл азшылық сауда-өнеркәсіп орындарын біршама ірі егін шаруашылығымен ұштастыра отырып, село буржуазиясына айналады,— нақ осы сияқты «кәсіпшіліктердің» орыстың «әлді» мужиктеріне мейлінше тән екені бізге белгілі.

* Шаруалардың арасында жылқы малының бөлінуі соңғы уақытта қалай өзгеріп отырғандығын 1893—1894 жылдардағы әскери аттар санағының мына мәліметтерінен байқауға болады («Россия империясының статистикасы». XXXVII ). Европалық Россияның 38 губерниясында 1893—1894 жылдары 8 288 987 шаруа үйі болған; осының ішінде аты жоқтары — 2 641 754 үй немесе 31,9%; бір аты барлары — 31,4%; екі аты барлары — 20,2%; үш аты барлары — 8,7%; 4 және одан да көп аты барлары — 7,8%. Шаруалардың қолында — 11 560 358 жылқы болған; осының 22,5 проценті — бір аты барлардың, 28,9 проценті — екі аты барлардың, 18,8 проценті — үш аты барлардың және 29,8 проценті көп аты барлардың қолында болды. Сөйтіп, барлық жылқының 48,6 проценті барлық үйлердің 16,5 проценті болатын ауқатты шаруалардың қолында болған.

Бұл дәулетті азшылық семьясының басқалардан үлкен екендігіне, семьясында жұмыс істеуге жарайтын адамдардың басқалардан көп болуына қарамастан (дәулетті шаруаларға қашан да осындай белгілер тән, сондықтан үйлердің $^1/_5$ бөлігіне халықтың көп бөлігі, шамамен $^3/_{10}$ бөлігіне таяуы келуге тиіс),— батырақтар мен күндікшілердің еңбегін өте көп пайдаланады. Орыстың батырақтар мен күндікшілер жалдайтын шаруалар шаруашылықтарының барлық санының едәуір бөлігі осы дәулетті азшылық болуға тиіс. Біз жоғарыда жасалған талдауға сүйене отырып та, осы топтағы халықтың үлесін жұмыс көлігінің үлесімен, демек, егістің және жалпы шаруашылықтың үлесімен салыстыра отырып та осындай қорытындыны жасай аламыз. Ақырында, тек осы дәулетті азшылық қана «шаруалар шаруашылығының прогрестік ағымдарына» [52] барынша қатыса алады. Бұл азшылықтың басқа шаруаларға қатынасы осылай болуға тиіс, бірақ аграрлық жағдайлардың, ауыл шаруашылығы жүйелері мен сауда егіншілігі формаларының айырмашылықтарына қарай бұл қатынастың әр қилы түрге түсіп, басқаша болып көрінетіні өзінен-өзі түсінікті *. Шаруалардың жіктелуінің негізгі тенденциялары — бір басқа да, оның әр түрлі жергілікті жағдайларға байланысты формалары — бір басқа.

Аты жоқ және жалғыз атты шаруалардың халі мүлде басқаша. Земство статистиктері соңғысын да (алғашқысы былай тұрсын) село пролетариатына жатқызатынын біз жоғарыда көрдік. Сондықтан атсыз шаруалардың бәрін және жалғыз атты шаруалардың $^3/_4$ бөлігіне дейін (барлық үйлердің $^1/_2$ бөлігіне жуығын) село пролетариатына жатқызу жөніндегі біздің шамамен жасаған есебімізде асыра айтқандық бола қоймас. Бұл шаруалар үлесті жермен өте нашар қамтамасыз етілген, құрал-саймандары, тұқымдық астығы, тағы да басқалары болмағандықтан, үлесті жерін көбінесе жалға береді. Жалпы шаруа арендалары мен сатып алынатын

* Мәселен, сүт шаруашылығы өрістеген жерлерде жылқылардың санына қарай емес, сиырлардың санына қарай топқа бөлу анағұрлым дұрыс болуы әбден мүмкін. Ал огород дақылдары егілетін жерлерде бұл белгілердің екеуі де қанағаттанарлық бола алмайды, т. т.

жерлерден оларға болар-болмас бірдеңе тиеді. Олар өз шаруашылығы арқылы еш уақытта тамақтарын асырай алмайды, сондықтан оларда күн көріс қаражаттарының негізгі көзі — «кәсіпшіліктер» немесе «табыстар», яғни өздерінің жұмыс күшін сату болады. Бұл — үлесті жері бар жалдама жұмысшылар, батырақтар, күндікшілер, қара жұмысшылар, құрылыс жұмысшылары табы, т. т.

### XI. 1888—1891 ЖЫЛДАР МЕН 1896—1900 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘСКЕРИ АТТАР САНАҚТАРЫН САЛЫСТЫРУ

1896 және 1899—1901 жылдары жүргізілген әскери аттар санақтары енді ең жаңа мәліметтерді жоғарыда келтірілген мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Оңтүстіктегі 5 губерния (1896) мен қалған 43 губернияны (1899—1900) бірге қосқанда, Европалық Россияның 48 губерниясы бойынша мынадай мәліметтер аламыз:

*1896—1900 жылдар*

| Шаруашылықтардың топтары | Шаруа үйлері барлығы | % | | Олардағы аттар барлығы | % | | 1 үйге келетін аттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 3 242 462 | 29,2 | 59,5 | — | — | | — |
| 1 аты барлар | 3 361 778 | 30,3 | | 3 361 778 | 19,9 | | 1 |
| 2 » » | 2 446 731 | 22,0 | | 4 893 462 | 28,9 | | 2 |
| 3 » » | 1 047 900 | 9,4 | 18,5 | 3 143 700 | 18,7 | 51,2 | 3 |
| 4 және одан көп » | 1 013 416 | 9,1 | | 5 476 503 | 32,5 | | 5,4 |
| *Барлығы* | 11 112 287 | 100 | | 16 875 443 | 100 | | 1,5 |

1888—1891 жылдарға біз 49 губернияның мәліметтерін келтірдік. Олардың ішінен тек бір губерния бойынша ғана, атап айтқанда, Архангельск губерниясы бойынша ең жаңа деректер жоқ. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден әлгі губернияға қатысы бар мәліметтерді шығарып тастағанда, сол 48 губерния бойынша 1888—1891 жылдар ішінде мынадай болады:

*1888—1891 жылдар*

| Шаруашылықтардың топтары | Шаруалар үйлері барлығы | % | | Олардағы аттар барлығы | % | | 1 үйге келетін аттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 2 765 970 | 27,3 | 55,8 | — | — | | — |
| 1 аты барлар | 2 885 192 | 28,5 | | 2 885 192 | 17,1 | | 1 |
| 2 » » | 2 240 574 | 22,2 | | 4 481 148 | 26,5 | | 2 |
| 3 » » | 1 070 250 | 10,6 | 22,0 | 3 210 750 | 18,9 | 56,4 | 3 |
| 4 және одан көп » | 1 154 674 | 11,4 | | 6 333 106 | 37,5 | | 5,5 |
| *Барлығы* | 10 116 660 | 100 | | 16 910 196 | 100 | | 1,6 |

1888—1891 жылдар мен 1896—1900 жылдардың мәліметтерін салыстыру шаруаларды *экспроприациялау* ісінің ұлғая түскендігін көрсетеді. Үйлердің саны 1 миллион дерлік артты. Өте аз кеміссе де, жылқының саны кеміді. Аты жоқ үйлердің саны өте тез көбейді, сөйтіп олардың проценті 27,3 проценттен 29,2 процентке дейін көтерілді. 5,6 миллион болған кедейлердің (аты жоқтар мен бір аты барлар) қазір 6,6 миллионға жеткенін көріп отырмыз. Үйлер санының жалпы өсуі кедейлер үйлері санының көбеюі есебінен болды. Жылқысы көп үйлердің проценті кеміді. Жылқысы көп 2,2 миллион үйден тек 2,0 миллион ғана үй қалып отыр. Орташа үйлер мен ауқатты үйлерді қосып алғанда (2 және одан да көп жылқысы барлар), олардың саны өзгерген жоқ деуге де болады (1888—1891 жылдары 4465 мың үй, 1896—1900 жылдары 4508 мың үй).

Сонымен, бұл мәліметтерден мынадай қорытынды шығады.

Шаруалардың қайыршылыққа ұшырауы мен экспроприациялануының өсуіне күмән келтіруге болмайды.

Шаруалардың жоғарғы тобы мен төменгі тобының *арасалмағына* келсек, бұл арасалмақ өзгерген жоқ деуге болады. Егер біз, жоғарыда айтылған тәсілдер бойынша, үйлердің 50 процентінен төменгі топ, үйлердің 20 процентінен жоғарғы топ құратын болсақ, онда мынаны көреміз. 1888—1891 жылдары үйлердің 50 проценті болатын кедейлерде жылқының 13,7 проценті

болған. Үйлердің 20 проценті болатын байларда жылқының 52,6 проценті болған. 1896—1900 жылдары үйлердің 50 проценті болатын кедейлерде — шаруа жылқысының жалпы санының 13,7 проценті, ал үйлердің 20 проценті болатын байларда — жылқының жалпы санының 53,2 проценті болған. Демек, топтардың арасалмағы өзгерген жоқ деуге болады.

Ақырында, тұтас алғанда шаруалардың барлығы да жылқы жағынан кедейленді. Жылқысы көп үйлердің саны да, проценті де кеміді. Бұл, бір жағынан, Европалық Россиядағы бүкіл шаруалар шаруашылығының, сірә, құлдырап бара жатқандығының белгісі болар. Ал, екінші жағынан, Россияда ауыл шаруашылығындағы жылқының саны егіс көлеміне қарағанда қалыптан тыс жоғары екенін де ұмытуға болмайды. Ұсақ шаруалы елде басқаша болуы да мүмкін емес. Демек, жылқы санының кемуі, белгілі дәрежеде *шаруа буржуазиясында* «жұмыс көлігінің егістіктің мөлшеріне сәйкес қалыпты қатынасының орнауы» болып табылады (бұл жөнінде В. В. мырзаның жоғарыдағы, II тараудың I параграфындағы пікірін салыстырыңыз).

Бұл арада осы мәселе жөніндегі Вихляев мырза («Орыс ауыл шаруашылығы тұрмысының очерктері». СПБ. «Хозяин» журналының басылымы) мен Черненков мырзаның («Шаруа шаруашылығының сипаттамасы жөнінде». I кітап. М. 1905) ең жаңа шығармаларындағы пікірлеріне тоқтала кеткеніміз жөн. Шаруалардың арасында жылқы малының бөлінуі жөніндегі цифрлардың ала-құла болуына олардың еліккендігі сонша,— тіпті экономикалық талдауды статистикалық жаттығу ісіне айналдырып жіберді. Шаруалар шаруашылығының типтерін зерттеудің орнына (күндікші, орта шаруа, кәсіпкер), олар өздерінің арифметикаға құштарлығымен дүниені таңдандыру мақсатына беріліп, әуесқой адамдарша, цифрлардың ұшы-қиыры жоқ бағаналарын зерттейді.

Цифрды осылай қолжаулық етудің арқасында ғана Черненков мырза маған мынадай наразылық жасап отыр: оның ойынша, мен «жіктелуді» жаңа (ескі емес) құбылыс деп, оның үстіне ойда жоқ жерде сөзсіз капи-

талистік құбылыс деп «алдын ала үстірт» түсіндіретін сияқтымын. Қалай ойлаймын десе де Черненков мырзаның еркі өзінде ғой, оның ойынша, мен экономиканы ұмытып, статистика бойынша қорытынды жасайтын сияқтымын! Оның ойынша, мен жылқының саны мен бөлінуі жөніндегі өзгеріспен ғана бір нәрсені дәлелдейтін сияқтымын! Шаруалардың жіктелуіне байыппен қарау үшін: арендаы да, жер сатып алуды да, машиналарды да, табыстарды да, сауда егіншілігінің өсуін де, жалдама еңбекті де — осылардың барлығын тұтас алып қарау керек. Әлде, Черненков мырза үшін, мүмкін, бұл да «жаңа» және «капиталистік» құбылыс емес шығар?

## XII. ШАРУАЛАРДЫҢ БЮДЖЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕМСТВО-СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІ

Шаруалардың жіктелуі жөніндегі мәселені тамамдау үшін, мәселені екінші бір жағынан алып — шаруалардың бюджеттері жөніндегі неғұрлым нақты мәліметтер бойынша қарайық. Сонда біз шаруалардың өзіміз сөз етіп отырған типтері арасындағы айырмашылықты түбіне жете айқып көреміз.

«Землянск, Задонск, Коротояк және Нижнедевицк уездеріндегі шаруалардың жер иеленуі жөніндегі бағалау мәліметтерінің жинағына» арналған қосымшада (Воронеж, 1889) «бір типтес шаруашылықтардың құрамы мен бюджеттері туралы статистикалық мәліметтер» берілген, бұл мәліметтер мейлінше толық берілген *. Мүлде толық емес болғандықтан, 67 бюджеттің біреуін (Коротояк уезі жөніндегі № 14 бюджетті) есептен шығарып тастаймыз, ал қалғандарын жұмыс көлігіне қарай 6 топқа бөлеміз: *а* — аты жоқтар; *б* — 1 аты барлар; *в* — 2 аты барлар; *г* — 3 аты барлар; *д* — 4 аты барлар және *е* — 5 және одан да көп аты барлар (топтарды

* Бұл мәліметтердің үлкен кемшілігі мынау: 1-ден, әр түрлі белгілерге қарай топқа бөлудің жоқтығы; 2-ден, іріктеліп алынған шаруашылықтар жайындағы, кестеге енбей қалған деректерге түсінік беретін текстің жоқтығы; (мәселен, Острогожск уезінің бюджеттері жайындағы мәліметтерге осындай текст жазылған), 3-ден, барлық егіншіліктен тыс кәсіптер мен әр түрлі «табыстар» жайындағы мәліметтердің өте нашар әзірленуі (барлық «кәсіпшіліктерге» *4-ақ графа* берілген, ал киімдер мен аяқ киімдерді сипаттап өтудің бір өзі 152 графаны алған!)

белгілеу үшін төменде біз осы *а — е* литерлерін ғана қолданамыз). Рас, бұл белгіге қарай топқа бөлу (төменгі топтардың да, жоғарғы топтардың да шаруашылығында «кәсіпшіліктердің» орасан зор маңызы болғандықтан) бұл аймаққа толық сай келмейді, бірақ оны бюджет мәліметтерін жоғарыда қаралып өткен үй басы санақтарының мәліметтерімен салыстыру үшін қолдануымызға тура келеді. Мұндай салыстыру «шаруаларды» тек топтарға бөлгенде ғана мүмкін болады, ал жалпы түрде, беталды алына салған «орта цифрлар» мәселенің шын мәнін мүлде аша алмайды, мұны біз жоғарыда көрдік және төменде де көреміз *. Бұл арада айта кетуге тура келетін бір қызық құбылыс мынау: «орта мөлшердегі» бюджет мәліметтері әрдайым дерлік ортадан жоғары типтегі шаруашылықты сипаттайды, яғни шындықты нақты қалпынан гөрі әсірелей суреттейді **. Бұл, сірә, «бюджет» деген ұғымның өзі аз-маздап болса да бір қалыпқа түскен шаруашылықты білдіретіндіктен осылай болса керек, бірақ ондай шаруашылықты кедейлердің арасынан табу оңай емес. Мысал үшін бюджет мәліметтері мен басқа да мәліметтер бойынша үйлердің жұмыс көлігіне қарай бөлінуін салыстырып көрейік: [153-беттегі жоғарғы кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұдан бюджет мәліметтерін тек шаруалардың әрбір жеке тобы үшін орта цифрлар табу арқылы ғана пайдалануға болатыны көрініп отыр. Жоғарыда аталған мәліметтерді біз осылай өңдедік. Оларды мынадай үш бөлімге бөліп баяндап көрейік: (А) бюджеттердің жал-

---

* Мәселен, Щербина мырза Воронеж земствосының басылымдарында да, «Егіннің шығымдылығы мен астық бағасының, т. т. әсері» деген кітапта жарияланған шаруалардың бюджеттері жайындағы өзінің мақаласында да кілең осындай «орта цифрларды» пайдаланды.

** Мұның, мәселен, Москва губерниясы жөніндегі («Жинақтың» VI және VII томы), Владимир губерниясы жөніндегі («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері»), Воронеж губерниясының Острогожск уезі жөніндегі («Жинақтың» 2-кітабы, II том) бюджет мәліметтеріне, әсіресе «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерінде» [53] (Вятка, Херсон, Нижегород, Пермь және басқа губерниялар) келтірілген бюджеттерге қатысы бар. Әлгі аталған «Еңбектердегі» Карпов пен Манохин мырзалардың, сондай-ақ П. Семенов мырза («Селолық қауымды зерттеу жөніндегі материалдардың жинағында». СПБ. 1880) мен Осадчий мырзаның («Херсон губерниясы, Елисаветград уезінің Щербанов болысы») бюджеттерінің айырмашылықтарының пайдалы жері сол — олар шаруалардың жеке топтарын сипаттайды.

| Шаруашылықтардың топтары | Барлығы: жалпы | Барлығы: % | *Бюджеттердің саны процент есебімен*: Воронеж губерниясының 4 уезінде | Воронеж губерниясының 9 уезінде | 21 губернияның 112 уезінде | Европалық Россияның 49 губерниясында |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлігі жоқтар | 12 | 18,18 | 17,9 | 21,7 | 24,7 | 27,3 |
| 1 жұмыс көлігі барлар | 18 | 27,27 | 34,7 | 31,9 | 28,6 | 28,6 |
| 2 » » | 17 | 25,76 | 28,6 | 23,8 | 26,0 | 22,1 |
| 3 » » | 9 | 13,64 | | | | |
| 4 » » | 5 | 7,575 (3–5: 28,79) | 18,8 | 22,6 | 20,7 | 22,0 |
| 5 және одан көп » | 5 | 7,575 | | | | |
| *Барлығы* | 66 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |

пы нәтижелері; (Б) егіншілік шаруашылығының сипаттамасы және (В) тұрмыс дәрежесінің сипаттамасы.

(А) Шығындар мен табыстардың мөлшері туралы жалпы мәліметтер мынадай:

*Бір шаруашылыққа келетіні (сом есебімен)*

| | Бір семьядағы еркек, әйел адамдардың саны | Жалпы: табыс | Жалпы: шығын | Таза табыс | Ақшалай: табыс | Ақшалай: шығын | Баланс | Неше сом берешек | Өтелмей қалған борышы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а) | 4,08 | 118,10 | 109,08 | 9,02 | 64,57 | 62,29 | + 2,28 | 5,83 | 16,58 |
| б) | 4,94 | 178,12 | 174,26 | 3,86 | 73,75 | 80,99 | − 7,24 | 11,16 | 8,97 |
| в) | 8,23 | 429,72 | 379,17 | 50,55 | 196,72 | 165,22 | +31,50 | 13,73 | 5,93 |
| г) | 13,00 | 753,19 | 632,36 | 120,83 | 318,85 | 262,23 | +56,62 | 13,67 | 2,22 |
| д) | 14,20 | 978,66 | 937,30 | 41,36 | 398,48 | 439,86 | −41,38 | 42,00 | — |
| е) | 16,00 | 1 766,79 | 1 593,77 | 173,02 | 1047,26 | 959,20 | +88,06 | 210,00 | 6 |
| | 8,27 | 491,44 | 443,00 | 48,44 | 235,53 | 217,70 | +17,83 | 28,60 | 7,74 |

Сонымен, топтар бойынша бюджеттің мөлшерінде орасан зор айырма бар көрінеді; тіпті шеткі топтарды былай қойғанның өзінде, *д* тобының бюджеті *б* тобы-

ның бюджетінен бес еседен де артық болып отыр, ал *д* тобындағы семья құрамының *б* тобындағыдан артықтығы — үш есеге жетіңкіремейді.

Шығындардың қалай бөлінетіндігін көрейік *:

*1 шаруашылыққа келетін шығынның орта мөлшері*

| | Тамаққа | | Адамның жеке басына тұтынуының өзге түрлеріне | | Шаруашылыққа | | Алым-салықтар | | Барлығы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сом | % | Сом | % | Сом | % | Сом | % | Сом | % |
| а) | 60,98 | 55,89 | 17,51 | 16,05 | 15,12 | 13,87 | 15,47 | 14,19 | 109,08 | 100 |
| б) | 80,98 | 46,47 | 17,19 | 9,87 | 58,32 | 33,46 | 17,77 | 10,20 | 174,26 | 100 |
| в) | 181,11 | 47,77 | 44,62 | 11,77 | 121,42 | 32,02 | 32,02 | 8,44 | 379,17 | 100 |
| г) | 283,65 | 44,86 | 76,77 | 12,14 | 222,39 | 35,17 | 49,55 | 7,83 | 632,36 | 100 |
| д) | 373,81 | 39,88 | 147,83 | 15,77 | 347,76 | 37,12 | 67,90 | 7,23 | 937,30 | 100 |
| е) | 447,83 | 28,10 | 82,76 | 5,19 | 976,84 | 61,29 | 86,34 | 5,42 | 1 593,77 | 100 |
| | 180,75 | 40,80 | 47,30 | 10,68 | 180,60 | 40,77 | 34,35 | 7,75 | 443,00 | 100 |

Бұл арада бізге пролетарлардың да, *қожайындардың* да көрініс беріп отырғанын байқау үшін әрбір топтың жұмсалған шығындарының жалпы сомасында шаруашылыққа жұмсалған шығындардың қанша екеніне көз жіберсе болғаны: *а* тобының шаруашылыққа жұмсаған шығыны барлық шығынның 14 проценті ғана болып отыр, ал *е* тобының шаруашылыққа жұмсаған шығыны барлық шығынның 61 проценті болып отыр. Шаруашылыққа жұмсалатын шығындардың жалпы мөлшерлері арасындағы айырмашылық туралы сөз етпесе де болады. Аты жоқ шаруамен қатар жалғыз атты шаруаның да шаруашылыққа жұмсайтын шығыны мардымсыз, сондықтан жалғыз атты «қожайын» батырақтар мен үлесті жері бар күндікшілердің әдеттегі (капиталистік елдердегі) типіне анағұрлым жақын болады. Сонымен қатар тамаққа жұмсалатын шығындардың *про-*

* «Жинақ» — «тамаққа жұмсалатын шығыннан басқа адамның жеке басына тұтынатын және шаруашылық мұқтаждығына жұмсалатын шығындардың» барлығын мал ұстауға жұмсалатын шығындардан бөліп көрсетеді, оның бер жағында бірінші бағанада, мәселен, жарыққа және арендаға жұмсалатын шығындар қатар жазылған. Мұның қате екеніне дау жоқ. Біз *жеке адам* тұтынуын *шаруашылық* тұтынуынан («өндіргіш тұтынудан») бөліп көрсеттік, ал шаруашылық тұтынуына қара майға, жіпке, аттарды тағалауға, үйлерді жөндеуге, құрал-саймандарға, арба-әбзелдерге, қызметкерлер мен кесімді жұмыстарға, бақташыға, жерді арендалауға және мал мен құс ұстауға жұмсалатын шығындарды жатқыздық.

*центінде* де едәуір айырмашылықтар бар екенін айта кетейік (*а* тобының мұндай шығыны *е* тобынықіне қарағанда екі есе дерлік көп): жұртқа мәлім, бұл проценттің жоғары болуы тұрмыс дәрежесінің төмен екенін білдіреді және *қожайын* мен *жұмысшы* бюджеттеріндегі ең үлкен айырмашылықты көрсетеді.

Енді табыстардың құрамын алып көрейік *:

| | 1 шаруашылыққа келетін орта табыс | | | | «Кәсіпшіліктерден» түсетін табыстардың құрамы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | егіншіліктен түсетіні [54] | «кәсіпшіліктерден» түсетіні | бұрынғы жылдардан қалғандары | Барлығы | «жеке адамның кәсіпшіліктерінен» түсетіні | «кіре тартудан» түсетіні | «өнеркәсіп орындары мен кәсіпорындарынан» түсетіні | «әр түрлі табыстар» |
| а) | 57,11 | 59,04 | 1,95 | 118,10 | 36,75 | — | — | 22,29 |
| б) | 127,69 | 49,22 | 1,21 | 178,12 | 35,08 | 6 | 2,08 | 6,06 |
| в) | 287,40 | 108,21 | 34,11 | 429,72 | 64,59 | 17,65 | 14,41 | 11,56 |
| г) | 496,52 | 146,67 | 110 | 753,19 | 48,77 | 22,22 | 48,88 | 26,80 |
| д) | 698,06 | 247,60 | 33 | 978,66 | 112 | 100 | 35 | 0,60 |
| е) | 698,39 | 975,20 | 93,20 | 1 766,79 | 146 | 34 | 754,40 | 40,80 |
| | 292,74 | 164,67 | 34,03 | 491,44 | 59,09 | 19,36 | 70,75 | 15,47 |

Сонымен, екі шеткі топта «кәсіпшіліктерден» түсетін табыс егіншіліктен түсетін жалпы табыстан асып түседі: пролетарларда — аты жоқтарда және село кәсіпкерлерінде осылай болып отыр. Шаруалардың төменгі топтарындағы «жеке адамның кәсіпшіліктері», әлбетте, ең алдымен жалданып жұмыс істеуге негізделеді, ал «әр түрлі табыстардың» ішіндегі ең бір ірісі — *жерді арендаға беруден түсетін* табыс болады. «Егінші-қожайындардың» жалпы санына керек десе жерді арендаға беруден түсетін табысы егіншіліктен түсетін жал-

* «Бұрынғы жылдардан қалғандар» — астық (зат күйінде) пен ақша; бұл арада жалпы сомасы көрсетіліп отыр, өйткені біз жалпы шығындар мен табыстарды зат күйінде де, ақша күйінде де алып отырмыз.— «Кәсіпшіліктердің» төрт бөлімі «Жинақтың» мақалаларының аттарынан көшіріліп жазылды, ал «Жинақта» «кәсіпшіліктер» жайында *басқадай еш нәрсе* айтылмаған, *д* тобындағы өнеркәсіп орындарына, сірә, кіре тартуды да жатқызу керек болатынып айта кетейік, кіре тарту бұл топқа кіретін екі қожайынға 250 сомнан табыс келтіреді, ал олардың біреуі батырақ ұстайды.

пы табыстан аздау, кейде көбірек болып отыратын шаруалар да кіреді: мәселен, аты жоқ бір шаруаның егіншіліктен алатын жалпы табысы — 61,9 сом, ал жерді арендаға беруден алатыны — 40 сом; екінші бір шаруаның егіншіліктен алатыны — 31,9 сом, ал жерді арендаға беруден алатыны — 40 сом. Сонымен қатар жерді арендаға беруден түсетін немесе батырақтықтан түсетін табыстың түгелімен «шаруаның» жеке басының мұқтажына жұмсалатынын, ал егіншіліктен түсетін жалпы табыстан егіншілік шаруашылығына жұмсалатып шығыпдарды шығарып тастау керек екенін ұмытпау қажет. Осыларды шығарып тастағанда аты жоқ шаруаның егіншіліктен алатын таза табысы — 41,99 сом, ал «кәсіпшіліктерден» алатыны — 59,04 сом болады, жалғыз атты шаруаның алатыны — 69,37 және 49,22 сом болады. Бұл цифрларды салыстырудың өзі-ақ біздің күн көруіне жұмсалатын шығындардың бір бөлігін өтейтін (және соның нәтижесінде жалақыны азайтатын) үлесті жері бар ауыл шаруашылығы жұмысшыларының типтері жөнінде айтып отырғандығымызды көрсетеді. Ауыл шаруашылығы жұмысшыларының мұндай типтерін *қожайындармен* (егіншілермен және өнеркәсіпшілермен) араластырып жіберу ғылыми зерттеудің барлық талаптарын өрескел бұзғандық болады.

Деревняның бұларға қарама-қарсы жағында, атап айтқанда — өз алдына дербес егіншілік шаруашылығын бірнеше жүз сомға жететін едәуір (белгілі бір тұрмыс дәрежесі жағдайында) табыс әперетін сауда-өнеркәсіп жұмыстарымен ұштастырып отыратын *қожайындардың* бар екенін көреміз. «Жеке адамның кәсіпшіліктері» деген бөлімінің мүлде анық болмауы төменгі топтар мен жоғарғы топтардың арасында осы жөнінде қандай айырма бар екенін бізге көрсетпей отыр, бірақ бұл «жеке адамның кәсіпшіліктерінен» түсетін табыстар мөлшерінің өзі бұл айырманың қаншалықты терең екепіп көрсетеді (ескерте кетейік, Воронеж статистикасындағы «жеке адамның кәсіпшіліктеріне» қайыршылық та, батырақтық та, сатушы, басқарушы болып қызмет істеу де және басқа сондайлар да кіре алады).

Таза табыстың мөлшері жағынан аты жоқ және жалғыз атты шаруалар тағы да ерекше көзге түседі, олардың бұрынғы жылдардан қолында «қалғандары» (1—2 сом) түкке тұрмайды және олардың ақша балансында тапшылықтары да болады. Бұл шаруалардың қоры жалдама жұмысшылардың қорынан төмен болмаса, жоғары емес. Тек екі аты бар шаруалардан былайғыларының ғана азды-көпті таза табысы болатынын және оларда бірнеше ондаған сом ақша қалып отырғанын (мұнсыз шаруашылықты аз да болсын дұрыс жүргізу туралы сөз етуге де болмайды) көреміз. Ауқатты шаруаның таза табыстарының мөлшері оны орыс жұмысшы табының жалпы дәрежесінен ерекше бөліп көрсететіндей сомаға (120—170 сомға) жетеді *.

Әрине, жұмысшылар мен қожайындарды бірге қосып, бюджеттің «орта есебін» табу арқылы «қалыпты түрде қанағаттану» және «қалыпты» таза табыс келіп шығады: табыс 491 сом болса, шығын — 443 сом болады, 48 сом артылып қалады, оның ішінде 18 сом ақшалай қалады. Бірақ мұндай орта есеп мүлде жалған. Ол тек қана төменгі шаруалар бұқарасының (*а* мен *б*, яғни 66 бюджеттің 30 бюджеті) мейлінше қайыршылық халін бүркемелейді, олар тым мардымсыз табыстарып (семья басына келетін *жалпы* табысы 120—180 сом) күн көрісіне жеткізе алмай, негізінен батырақтық пен күндік жұмыс арқылы өмір сүреді.

Ақшалай, заттай табыстар мен шығындарды дәл есепке алсақ — шаруалардың жіктелуінің *рынокқа* қандай қатынасы болатынын анықтауға мүмкіндік туады, ал рынок үшін ақшалай табыстар мен шығындардың ғана

---

* Бұл арада орасан көп тапшылығы бар (41 сом) *д* бөлімшесі осы айтылғанға жатпайтын сияқты болып көрінеді, бірақ бұл тапшылықтың орны қарыз арқылы толып отыр. Бұл арада мәселе мынада: 3 үйде (бұл бөлімшедегі 5 үйдің үшеуінде) үйлену тойы болып, ол тойлар 200 сомға түсті. (Бес үйдің барлық тапшылық көріп отырғаны= 206 сом 90 тиын). Сондықтан бұл топтың тамақтан басқа адамның өзінің тұтынуына жұмсайтын шығыны тым кобейіп кетті — еркек, әйелді коса есептегенде жан басына 10 сом 41 тиын болды, ал байларды *(е)* бірге қосқанда да басқа топтардың бірде-бірінде бұл шығын 6 сомға да жетпейді. Демек, бұл тапшылық, өзінің сипаты бойынша, кедейлердің тапшылығына мүлде қарама-қарсы. Бұл — ең қажетті тұтынуды қанағаттандыра алмағандықтан болған тапшылық емес, қайта сол жылғы табысқа шақтамай, тұтынуды тым кобейтіп жібергендіктен болған тапшылық.

маңызы бар. Бюджеттің ақшалай бөлігінің жалпы бюджеттегі үлесі топтар бойынша мынадай көрінеді:

| | *Ақшалай бөлігінің проценті* шығынның жалпы шығынға келетіні | табыстың жалпы табысқа келетіні |
|---|---|---|
| а) | 57,10 | 54,6 |
| б) | 46,47 | 41,4 |
| в) | 43,57 | 45,7 |
| г) | 41,47 | 42,3 |
| д) | 46,93 | 40,8 |
| е) | 60,18 | 59,2 |
| | 49,14 | 47,9 |

Демек, ақшалай табыс пен ақшалай шығынның (әсіресе шығынның деген дұрыс болады) проценті *орта топтардан шеткі топтарға қарай* көбейе түсетінін көреміз. Аты жоқ және көп аты бар қожайындар шаруашылығының саудалық сипаты мейлінше айқын көрінеді, ал бұл олардың екеуінің де ең алдымен товар сату арқылы күн көретінін көрсетеді, бірақ біреуінің мұндай товары — өзінің жұмыс күші болады да екінші біреуінің мұндай товары — жалдама еңбекті едәуір мөлшерде (кейін көреміз) қолдану арқылы сатуға арнап өндірілген өнім, яғни капитал формасына айналатын өнім болады. Басқаша айтқанда, бұл бюджеттер де *шаруалардың жіктелуі* шаруаны, бір жағынан, батыраққа, екінші жағынан, ұсақ товар өндірушіге, ұсақ буржуаға айналдыра отырып, *капитализм үшін ішкі рынок құратынын* көрсетеді.

Бұл мәліметтерден шығатын екінші бір маңызды қорытынды мынау: *шаруалардың барлық топтарында шаруашылық едәуір дәрежеде саудалық шаруашылыққа айналып,* рыноққа тәуелді болып отыр: табыстың немесе шығынның ақшалай бөлігі *еш жерде* 40 проценттен төмендемейді. Ал бұл процентті жоғары процент деп тану қажет, өйткені әңгіме ұсақ егіншілердің жалпы табысы туралы болып отыр, бұлардың жалпы табы-

сында тіпті мал күтімі де, яғни сабан, топан, т. б. есепке алынған *. Тіпті орта қара топырақты өңір (өнеркәсіпті өңірге немесе далалық аймақтарға қарағанда, ақша шаруашылығы жалпы нашар дамыған өңір) шаруаларының да сауда-саттық жасамай ешбір тұра алмайтыны, олардың қазірдің өзінде-ақ рынокқа, *ақша құзырына* толық тәуелді болып отырғаны айқын. Бұл фактінің қаншалықты зор маңызы бар екені және келмеске кеткен натуралды шаруашылықты көксейтін біздің халықшылдар бұл фактіні елемеуге ** тырысқан кезде олардың қандай үлкен қатеге ұрынатынын айтпасақ та болады. Қазіргі қоғамда сатпайынша өмір сүру мүмкін емес, сондықтан товар шаруашылығының дамуын бөгейтін нәрселердің барлығы да өндірушілердің жағдайын нашарлатуға ғана әкеп соғады. Маркс шаруа туралы былай дейді: «Капиталистік өндіріс әдісінің зиянды жақтары мұнда капиталистік өндіріс әдісінің жеткілікті дамымауынан туатын зиянмен сәйкес келеді. Шаруа өз өнімін товар түрінде өндіре алатын жағдайларсыз-ақ көпеске және өнеркәсіпшіге айналады» («Das Kapital», III, 2, 346. Орысша аудармасы, 671-бет) [56].

Товар шаруашылығын дамыту ісінде алым-салықтар маңызды роль атқарады дейтін, әлі де болса көп таралып жүрген көзқарасты бюджет мәліметтерінің мүлде бекерге шығаратынын айта кетейік. Ақшалай оброктар мен алым-салықтардың кезінде айырбасты дамытудың маңызды факторы болғанында дау жоқ, бірақ қазіргі кезде товар шаруашылығының буыны әбден бекіді, енді алым-салықтардың бұл көрсетілген маңызы мықтап төмендеп, екінші кезекке түседі. Алым-салықтар мен міндеткерлікке жұмсалатын шығынды шаруалардың барлық ақшалай шығынымен салыстырғанда мынадай қатынас келіп шығады: 15,8% (топтар бойынша: *а* — 24,8%; *б* — 21,9%; *в* — 19,3%; *г* — 18,8%; *д* —

---

* Малды күтіп-бағуға жұмсалатын шығынның барлығы дерлік зат күйінде жұмсалады: барлық 66 шаруашылықтың малды күтіп-бағуға жұмсайтын 6 316,21 сом шығынының ақшалай ұсталғаны — тек 1 535,2 сом ғана, *мұның 1 102,5 сомы, сірә,* кәсіп ету мақсатымен 20 жылқы ұстап отырған 1 кәсіпкер-*қожайынның* шығыны.

** Бұл қате әсіресе астық бағаларының төмен болуының маңызы туралы айтыстарда (1897 жылғы) жиі кездесті [56].

15,4% және *е* — 9,0%). Демек, қоғамдық шаруашылықтың қазіргі жағдайларында шаруаның міндетті түрде жұмсайтын басқа ақшалай шығынынан алым-салыққа жұмсайтын ең көп шығынының өзі үш есе аз болып отыр. Егер біз алым-салықтардың айырбасты дамытудағы ролі туралы сөз етпей, олардың табысқа қатынасы туралы сөз ететін болсақ, біз бұл қатынастың өте жоғары екенін көреміз. Реформаға дейінгі заман дәстүрлерінің қазіргі шаруалардың мойнына қаншалықты салмақ болып түсіп отырғаны ұсақ егіншінің немесе тіпті үлесті жері бар батырақтың *жалпы* шығынының жетіден бір бөлігін алатын алым-салықтардың жойылмай келе жатқанынан аса айқын көрініп отыр. Оның үстіне қауымның ішіндегі алым-салықтардың бөлінуі тіпті де біркелкі емес көрінеді: шаруа неғұрлым әлді болса, алым-салықтары да барлық шығынының соғұрлым аз бөлігі болады. Аты жоқ шаруа өзінің табысына қарағанда, көп аты бар шаруалардан үш есе дерлік көп төлейді (шығындардың бөлінуі туралы жоғарыдағы кестені қараңыз). Біздің қауым ішінде алым-салықтардың бөлінуі туралы сөз етіп отырған себебіміз — алым-салықтар мен міндеткерліктің мөлшерін үлесті жердің 1 десятинасына шағып есептегенде, олардың мөлшері теңеліп қалады деуге болады. Жоғарыда айтылғандардан кейін бұл біркелкіліктің болмауы бізді таңдандырмауға тиіс; қауым өзінің міндетті түрдегі, күш көліктік сипатын сақтап отырғанда бұл біркелкісіздік біздің қауымда болмай қоймайды. Шаруалардың барлық алым-салықтарды жер бойынша бөлетіні белгілі: олар үшін алым-салықтар үлесі мен жер үлесі «жан» * деген бір ұғымға келіп қосылады. Оның бер жағында, біз көріп өттік, шаруалардың жіктелуі қазіргі деревняның біріне бірі қарама-қарсы екі жағында да үлесті жердің ролін төмендетуге әкеп соғады. Әрине, мұндай жағдайларда алым-салықтарды үлесті жер бойынша (қауымның мін-

* Қараңыз: *В. Орлов.* «Шаруа шаруашылығы». «Москва губерниясы жөніндегі статистика мәліметтерінің жинағы». IV том. I басылуы.— *Трирогов.* «Қауым және алым-салық».— *Keussler.* «Zur Geschichte und Kritik des bäuerlichen Gemeindebesitzes in Russland» (*Кейслер.* «Россиядағы шаруаның қауымдық иелігінің тарихы мен сыны жөнінде». *Ред.*).— *В. В.*— «Шаруа қауымы» («Земство статистикасының қорытындылары», I том).

детті түрдегі сипатымен тығыз байланысты) бөлу алым-салықтарды ауқатты шаруалардан кедейлерге қарай аударуға әкеп соғады. Қауым (яғни жаппай кепілдік [57] және жерден бас тарту правосының болмауы) кедей шаруалар үшін барған сайын *зиянды* болып келеді *.

(Б) Шаруа егіншілігінің сипаттамасы жөніндегі мәселеге көшерде ең алдымен шаруашылықтар жайындағы жалпы мәліметтерді келтірейік:

| Топтар | Қожайындардың саны | 1 семьяға келетін еркек, әйел адамдардың саны | 1 семьяға келетін қызметкерлердің саны: өзінікі | жалдағаны | барлығы | Батырақтары бар үйлер | Қожайындардың саны: жерді арендаға беретіндер | жерді арендаға алатындар | Үлесті жер: 1 үйге келетін жер, десятина есебімен | 1 үйге неше десятина егістен келеді: меншікті жерде | арендаланған жерде | барлығы | 1 еркек, әйел жанға келетін егіс десятинасы | Арендаға алған жері өз жерінің неше % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а) | 12 | 4,08 | 1 | — | 1 | — | 5 | — | 5,9 | 1,48 | — | 1,48 | 0,36 | — |
| б) | 18 | 4,94 | 1 | 0,17 | 1,17 | 3 | 3 | 5 | 7,4 | 2,84 | 0,58 | 3,42 | 0,69 | 20,5 |
| в) | 17 | 8,23 | 2,17 | 0,12 | 2,29 | 2 | — | 9 | 12,7 | 5,62 | 1,31 | 6,93 | 0,84 | 23,4 |
| г) | 9 | 13,00 | 2,66 | 0,22 | 2,88 | 2 | — | 6 | 18,5 | 8,73 | 2,65 | 11,38 | 0,87 | 30,4 |
| д) | 5 | 14,20 | 3,2 | 0,2 | 3,4 | 1 | — | 5 | 22,9 | 11,18 | 6,92 | 18,10 | 1,27 | 61,9 |
| е) | 5 | 16,00 | 3,2 | 1,2 | 4,4 | 2 | — | 5 | 23 | 10,50 | 10,58 | 21,08 | 1,32 | 100,7 |
| *Барлығы* | 66 | 8,27 | 1,86 | 0,21 | 2,07 | 10 | 8 | 30 | 12,4 | 5,32 | 2,18 | 7,5 | 0,91 | 41,0 |

Бұл кестеден топтардың арасындағы жерді арендаға беру және арендаға алу жөніндегі, семья мен егістің мөлшерлері жөніндегі, батырақтар жалдау және соңдайлар жөніндегі қатынас бюджет мәліметтері бойынша да және жоғарыда қаралған жалпы мәліметтер бойынша да мүлде біртектес екенін көріп отырмыз. Қала берді: әрбір топтың шаруашылығы туралы абсолютті

* Қауымды столыпиндік (1906 жылғы ноябрь) бұзушылық кедей шаруаларға одан да көп зиян келтіретіні өзінен-өзі түсінікті [58]. Бұл — орыстың «enrichissez-vous» («байыңдар». *Ред.*) деген сөзі: қаражүздіктер — бай шаруалар! Қолдарыңа түскенді талай беріңдер, тек қана құлап бара жатқан абсолютизмді демей көріңдер! деген сөз *(2-басылуына ескерту)*.

мәліметтер де тұтас уездер жайындағы мәліметтерге өте жақын келетін көрінеді. Бюджет мәліметтері мен жоғарыда қаралған мәліметтерді салыстырайық:

| | *Үй басына келетіні* * | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | аты жоқтардың | | | | бір аты барлардың | | | |
| | еркек, әйел адамдары | арендалағаны, десятина | егісі, десятина | барлық малы | еркек, әйел адамдары | арендалағаны, десятина | егісі, десятина | барлық малы |
| Бюджеттер | 4,1 | — | 1,5 | 0,8 | 4,9 | 0,6 | 3,4 | 2,6 |
| Воронеж губ. 4 уезі | 4,4 | 0,1 | 1,4 | 0,6 | 5,9 | 0,7 | 3,4 | 2,7 |
| Самара губ. Новоузен уезі | 3,9 | 0,3 | 2,1 | 0,5 | 4,7 | 1,4 | 5,0 | 1,9 |
| Саратов губ. 4 уезі | 3,9 | 0,4 | 1,2 | 0,5 | 5,1 | 1,6 | 4,5 | 2,3 |
| Саратов губ. Камышин уезі | 4,2 | 0,3 | 1,[illegible] | 0,6 | 5,1 | 1,6 | 5,0 | 2,3 |
| Нижегород губ. 3 уезі | 4,1 | 0,2 | 1,8 | 0,7 | 5,2 | 1,1 | 4,4 | 2,4 |
| Орел губ. 2 уезі | 4,4 | 0,1 | ? | 0,5 | 5,7 | 1,0 | ? | 2,3 |

Сонымен, бұл көрсетілген жерлердің барлығында да аты жоқ шаруа мен бір аты бар шаруаның жағдайы бірдей дерлік көрінеді, сондықтан бюджет мәліметтері барынша ұқсас деп санауға болады.

Әр түрлі топтардағы шаруа шаруашылығының мүлкі мен құрал-саймандары туралы мәліметтер келтірейік. [163-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кесте әр түрлі топтардың құрал-саймандармен және малмен қамтамасыз етілуіндегі жоғарыда біз жалпы мәліметтерге сүйеніп сөз еткен айырмашылығын айқын көрсетеді. Бұл арада біз әр түрлі топтардың мүлікпен қамтамасыз етілуі мейлінше әр түрлі екенін көріп отырмыз, қала берді, бұларда айырмашылық сонша, тіпті жарлы шаруаның аттары да дәулетті шаруаның аттарындай емес **. Бір аты бар шаруаның аты — нағыз

* Егістің мөлшері Воронеж губерниясының 4 уезі бойынша емес, бір Задонск уезі бойынша алынған.

** Неміс ауыл шаруашылығы әдебиетінде Дрекслердің монографиялары бар, оларда әр түрлі топтардағы жер иелері малының жер санына қарай алынған *салмағы* туралы мәліметтер берілген [59]. Бұл мәліметтер ірі шаруалармен және әсіресе помещиктермен салыстырғанда ұсақ шаруалардың малының сапасы өлшеусіз нашар екенін орыс земство статистикасының жоғарыда келтірілген цифрларынан да гөрі айқын көрсетеді. Мен бұл мәліметтерді таяу уақытта баспаға дайындармын деп үміттенемін. *(2-басылуына ескерту.)*

| Топтар | 1 шаруашылыққа сом есебімен келетін құн | | | | | | Сом есебімен қаншадан келеді | | | 1 шаруашылыққа келетін құрылыстардың саны | 1 шаруашылыққа ірі малға шаққанда келетіні | 1 жұмыс атының құны | Жер өндейтін құралы жоқ қожайындардың саны | Жақсартылған құралдары бар қожайындардың саны | Жақсартылған құралдардың құны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | құрылыстар | құрал-саймандар | мал мен күс | үй іші мүліктері | киім-кешек | барлығы | 1 еркек, әйел жанға барлық келетіні | құрал-саймандар мен мал | сомның 1 десятина егіске келетіні | | | | | | |
| а) | 67,25 | 9,73 | 16,87 | 14,61 | 39,73 | 148,19 | 36,29 | 26,60 | 18,04 | 3,8 | 0,8 | — | 8 | — | — |
| б) | 133,28 | 29,03 | 62,04 | 19,57 | 61,78 | 305,70 | 61,83 | 91,07 | 26,56 | 5,9 | 2,6 | 27 | — | — | — |
| в) | 235,76 | 76,35 | 145,89 | 51,95 | 195,43 | 705,38 | 85,65 | 222,24 | 32,04 | 7,6 | 4,9 | 37 | — | — | — |
| г) | 512,33 | 85,10 | 368,94 | 54,71 | 288,73 | 1 309,81 | 100,75 | 454,04 | 39,86 | 10,2 | 9,1 | 61 | — | 1 | 50 |
| д) | 495,80 | 174,16 | 442,06 | 81,71 | 445,66 | 1 639,39 | 115,45 | 616,22 | 34,04 | 11,4 | 12,8 | 52 | — | 1 | 50 |
| е) | 656,20 | 273,99 | 934,06 | 82,04 | 489,38 | 2 435,67 | 152,23 | 1 208,05 | 57,30 | 13,0 | 19,3 | 69 | — | 3 | 170,3 |
| *Барлығы* | 266,44 | 74,90 | 212,13 | 41,24 | 184,62 | 779,33 | 94,20 | 287,03 | 38,20 | 7,5 | 5,8 | 52 | 8 | 5 | 270,3 |

«жанды бөлшек», алайда ол «аттың төрттен бірі емес», аттың бүтін бір «елу екіден жиырма жетісі»! * [60]

Енді шаруашылыққа жұмсалатын шығындардың құрамы жайындағы мәліметтерді алайық **:

*Шаруашылыққа жұмсалатын шығындардың құрамы, бір үйге сом есебімен*

| Топтар | Бақташыға және ұсақ шығындарға кететіні | Толықтыруға және жөндеуге кететіні: құрылыстарға | құрал-саймандар мен малға | барлығы | Арендаға кететіні | Қызметкерлерге және кесімді жұмыстарға кететіні | Жиыны | Мал азығына кететіні | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а) | 0,52 | 2,63 | 0,08 | 2,71 | 0,25 | 3,52 | 7,00 | 8,12 | 15,12 |
| б) | 2,94 | 4,59 | 5,36 | 9,95 | 6,25 | 2,48 | 21,62 | 36,70 | 58,32 |
| в) | 5,73 | 14,38 | 8,78 | 23,16 | 17,41 | 3,91 | 50,21 | 71,21 | 121,42 |
| г) | 12,01 | 18,22 | 9,70 | 27,92 | 49,32 | 6,11 | 95,36 | 127,03 | 222,39 |
| д) | 19,32 | 13,60 | 30,80 | 44,40 | 102,60 | 8,20 | 174,52 | 173,24 | 347,76 |
| е) | 51,42 | 56,00 | 75,80 | 131,80 | 194,35 | 89,20 | 466,77 | 510,07 | 976,84 |
| *Барлығы* | 9,37 | 13,19 | 13,14 | 26,33 | 35,45 | 10,54 | 81,69 | 98,91 | 180,60 |

Бұл мәліметтер өте дәлелді. Олар бізге аты жоқ шаруаның ғана емес, сонымен қатар бір аты бар шаруаның да «шаруашылығының» мүлде болмашы екенін және мұндай шаруаларды, өздері аз болғанымен, шаруашылыққа жүздеген сом ақша жұмсайтын, құрал-саймандарды жақсартуға да, «қызметкерлерді» қоса жалдауға да, жылына 50—100—200 сомға жер арендалай отырып, жерді көп «сатып алуға» да мүмкіндігі болатын күшті шаруалармен әдетте бірге қосып қарау тәсілінің мүлде теріс екенін айқын көрсетеді ***. Реті кел-

* Шаруалардың әр түрлі топтарындағы құрылыстардың, құрал-саймандардың және малдың құны жайындағы бұл бюджет нормаларын — Европалық Россияның 49 губерниясы бойынша жоғарыда келтірілген жиынды мәліметтерге қолданатын болсақ, шаруа үйлерінің бестен бір бөлігінің қолындағы өндіріс құрал-жабдықтарының саны қалған шаруалардың барлығының қолындағыдан анағұрлым көп болып шығар еді.

** Малды күтіп-бағуға кететін шығын көбінесе заттай, ал шаруашылыққа кететін басқа шығындар көбінесе ақшалай жұмсалады.

*** Карышев мырзаның аренда мерзімін ұзартуды, аренданы арзандатуды, жақсартқандық үшін сыйлық беруді және сондайларды талап ететін «аренда теориясы» бұл сияқты «әлді мужикке» өте сүйкімді теория болуы керек. Мужикке керегінің өзі осы.

геңде айта кетейік, аты жоқ шаруаның «қызметкерлер мен кесімді жұмыстарға» жұмсайтын шығынының біршама жоғары болу себебі,— сірә, статистиктер бұл бөлімшеде мүлде әр түрлі екі нәрсені: жалдаушының құрал-саймандарымен істейтін жұмысшыны жалдауды, яғни батырақты немесе күндікшіні жалдауды және жалдаушының жерін өз құрал-саймандарымен өңдеуге тиіс болатын көрші-қожайынды жалдаумен шатастырып алса керек. Өзінің маңызы жағынан біріне бірі тікелей қарама-қарсы «жалдаудың» бұл түрлерін барынша айырып көрсету керек,— мәселен, В. Орлов осылай еткен болатын (қараңыз: «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, 1-кітап).

Енді егіншіліктен түсетін табыс туралы мәліметтерді қарайық. Амал бар ма, бұл мәліметтер «Жинақта» тым жеткіліксіз талданған (мұның өзі, бір жағынан, бұл мәліметтердің аздығынан болуы да мүмкін). Мәселен, егіннің шығымдылығы жөніндегі мәселе талданбаған; өнімдердің әрбір жеке түрін сату туралы және осы сатудың шарттары туралы деректер жоқ. Сондықтан мынадай қысқа кестемен шектелеміз.

*Егіншіліктен түсетін табыс, сом есебімен*

| Топтар | Барлығы | | Ақшалай табыс | | Кәсіпшіліктерден түсетін табыстың 1 шаруашылыққа келетіні |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 шаруашылыққа келетіні | 1 еркек, әйел жанға келетіні | 1 шаруашылыққа келетіні | Егіншіліктен түсетін барлық табысқа келетіні % | |
| а) | 57,11 | 13,98 | 5,53 | 9,68 | 59,04 |
| б) | 127,69 | 25,82 | 23,69 | 18,55 | 49,22 |
| в) | 287,40 | 34,88 | 54,40 | 18,93 | 108,21 |
| г) | 496,52 | 38,19 | 91,63 | 18,45 | 146,67 |
| д) | 698,06 | 49,16 | 133,88 | 19,17 | 247,60 |
| е) | 698,39 | 43,65 | 42,06 | 6,02 | 975,20 |
| | 292,74 | 35,38 | 47,31 | 16,16 | 164,67 |

Бұл кестеде шұғыл ерекшелік бар екені бірден көзге түседі: егісі ең көп болғанына қарамастан, жоғарғы топтың егіншіліктен алатын ақшалай табысының проценті тым төмендеп кеткен. Сөйтіп, ең ірі егіншілік шаруа-

шылығы, сірә, ең натуралды шаруашылық болып табылады. Ерекшелік сияқты болып көрінетін бұл жағдайға өте мұқият үңіле қарау керек, өйткені мұның өзі егіншіліктің кәсіпкерлік сипаты бар «кәсіпшіліктермен» байланысы жөніндегі аса маңызды мәселені аша түседі. Бұл сияқты кәсіпшіліктердің, әсіресе көп аты бар қожайындардың бюджеттерінде зор маңызы болатынын көрдік. Сөз болып отырған мәліметтерге қарағанда, егіншілікті сауда-өнеркәсіп орындарымен біріктіруге тырысу бұл жердегі шаруа буржуазиясына ерекше тән болып отыр *. Бұл сияқты қожайындарды, біріншіден, таза егіншілермен салыстырудың дұрыс болмайтынын; екіншіден, мұндай жағдайларда егіншіліктің көбінесе тек натуралды шаруашылық *сияқты* болып көрінетінін ғана байқау қиын емес. Ауыл шаруашылығы өнімдерін (ұн тартатын, май шайқайтын, картоп-крахмал шығаратын, шарап ашытатын және басқа өндірістер) техника жолымен өңдеу егіншілікке келіп қосылған кезде, мұндай шаруашылықтың ақшалай табысын егіншіліктен түсетін табысқа жатқызбай, өнеркәсіп орнынан түсетін табысқа жатқызуға болады. Шынына келгенде, егіншілік бұл жағдайда натуралды егіншілік болмай, сауда егіншілігі болады. Толып жатқан егіншілік өнімдері белгілі бір өнеркәсіп орнына (мәселен, почта тасуға) қызмет ететін батырақтар мен аттарды ұстау үшін зат күйінде тұтынылатын мұндай шаруашылық туралы да осыны айтуға тура келеді. Атап айтқанда, біз бұл сияқты шаруашылықты жоғарғы топтың шаруашылықтары арасынан да көріп отырмыз (Коротояк уезі жөніндегі № 1 бюджет. Семьяда 18 адам, 4 семьялық қызметкер; 5 батырақ, 20 жылқы бар; егіншіліктен түсетін табыс — 1294 сом, бұл — түгел дерлік зат күйіндегі табыс, ал өнеркәсіп орындарынан түсетін табыс — 2675 сом. Мұндай «натуралды шаруа шаруашылығын» жалпы «орта» есепті шығару үшін аты жоқ шаруалар

* Аты жоқ 12 қожайынның бірде-бірі өнеркәсіп орындары мен кәсіпорындарынан табыс алмайды; бір аты бар 18 қожайынның ішінен — біреуі; екі аты бар 17 қожайынның ішінен — екеуі; үш аты бар 9 қожайынның ішінен — үшеуі; төрт аты бар 5 қожайынның ішінен — екеуі; төрттен де көп аты бар қожайынның ішінен төртеуі осындай табыс алып отырады.

мен бір аты бар шаруаларға әкеліп қосады). Біз бұл мысалдан егіншілік шаруашылығының мөлшері мен түріне қарай топтауды «кәсіпшілік» шаруашылығының мөлшері мен типіне қарай топтаумен біріктірудің қаншалықты маңызды болатынын тағы да көріп отырмыз.

(В) Енді шаруалардың тұрмыс дәрежесі жөніндегі мәліметтерді қарап көрейік. Тамаққа зат күйінде жұмсалатын шығын «Жинақта» түгел көрсетілмеген. Біз басты-бастыларын: егіншілік өнімдері мен етті ерекше бөліп көрсетеміз *.

*Еркек, әйелдердің жан басына келетін*

| Топтар | астық өнімдері | | | | | сол өнімдерді қара бидайға шаққанда, пұт есебімен | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қара бидай уны, мөлшер есебімен | Арпа және тары уны, пұт есебімен | Тары мен қара құмық, мөлшер есебімен | Қызыл бидай және ақ бидай уны, қадақ есебімен | Картоп, мөлшер есебімен | Қара бидай мен бидай | Басқа астықтар | Жиыны | Ет, пұт есебімен |
| а) | 13,12 | 0,12 | 1,92 | 3,49 | 13,14 | 13,2 | 4,2 | 17,4 | 0,59 |
| б) | 13,21 | 0,32 | 2,13 | 3,39 | 6,31 | 13,4 | 3,0 | 16,4 | 0,49 |
| в) | 19,58 | 0,27 | 2,17 | 5,41 | 8,30 | 19,7 | 3,5 | 23,2 | 1,18 |
| г) | 18,85 | 1,02 | 2,93 | 1,32 | 6,43 | 18,6 | 4,2 | 22,8 | 1,29 |
| д) | 20,84 | — | 2,65 | 4,57 | 10,42 | 20,9 | 4,2 | 25,1 | 1,79 |
| е) | 21,90 | — | 4,91 | 6,25 | 3,90 | 22,0 | 4,2 | 26,2 | 1,79 |
| | 18,27 | 0,35 | 2,77 | 4,05 | 7,64 | 18,4 | 3,8 | 22,2 | 1,21 |

Бұл кесте біздің аты жоқ шаруалар мен бір аты бар шаруаларды бірге қосып, оларды басқаларға қарсы қойып қараудың дұрыс екенін көрсетеді. Шаруалардың аталған топтарының айрықша белгісі — тамақтың жеткіліксіздігі және оның сапасының нашарлығы (картоп). Бір аты бар шаруаның ішіп-жемі, кейбір реттерде, тіпті аты жоқ шаруаның ішіп-жемімен де нашар болды. Жалпы «орта есеппен» алу тіпті осы мәселе жөнінде де мүлде жалған болып шығады, мұның өзі шаруалар бұ-

* «Жинақтың графасында айтылған бұл терминге — сиыр етін, қой етін, шошқа етін, шошқа майын жатқызамыз. Басқа астықтарды қара бидайға шағу Янсонның «Салыстырмалы статистикасының» нормалары бойынша жасалған, оның бұл нормаларын Нижегород статистиктері қабылдаған болатын (қараңыз: Горбатов уезі жөніндегі «Материалдар». Шағу негізі — сіңірілетін белоктың проценті).

қарасының ішіп-жемінің жеткіліксіздігін — кедейлерге қарағанда егіншілік өнімдерін бір жарым есе дерлік көп және етті үш есе көп тұтынатын * дәулетті шаруалардың қанағаттанарлық ішіп-жемі арқылы бүркемелейді.

Шаруалардың ішіп-жемі жайындағы басқа мәліметтерді салыстыру үшін барлық өнімдерді олардың бағаларына қарай — сом есебімен алу керек:

*Жан басына сом есебімен келетіні*

| Топтар | Әр түрлі ұн мен жарма | Овощ, өсімдік майы және жеміс | Картоп | Барлық егіншілік өнімдері | Барлық мал шаруашылығы өнімдері** | Барлық сатып алынатын өнімдер *** | Өнімдердің жиыны | Соның ішінде ақшалайы | Ақшалай шығын: Егіншілік өнімдеріне жұмсалатыны | Ақшалай шығын: Мал шаруашылығы өнімдеріне жұмсалатыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а) | 6,62 | 1,55 | 1,62 | 9,79 | 3,71 | 1,43 | 14,93 | 5,72 | 3,58 | 0,71 |
| б) | 7,10 | 1,49 | 0,71 | 9,30 | 5,28 | 1,79 | 16,37 | 4,76 | 2,55 | 0,42 |
| в) | 9,67 | 1,78 | 1,07 | 12,52 | 7,04 | 2,43 | 21,99 | 4,44 | 1,42 | 0,59 |
| г) | 10,45 | 1,34 | 0,85 | 12,64 | 6,85 | 2,32 | 21,81 | 3,27 | 0,92 | 0,03 |
| д) | 10,75 | 3,05 | 1,03 | 14,83 | 8,79 | 2,70 | 26,32 | 4,76 | 2,06 | — |
| е) | 12,70 | 1,93 | 0,57 | 15,20 | 6,37 | 6,41 | 27,98 | 8,63 | 1,47 | 0,75 |
| | 9,73 | 1,80 | 0,94 | 12,47 | 6,54 | 2,83 | 21,84 | 5,01 | 1,78 | 0,40 |

Сонымен, шаруалардың ішіп-жемі жайындағы жалпы мәліметтер жоғарыда айтылғандарды дәлелдейді. Бұл арада үш топ айқын сараланып шығады: төменгі топ (аты жоқ шаруалар мен бір аты бар шаруалар), орташа топ (екі және үш аты бар шаруалар) және төменгі топқа қарағанда екі есе дерлік жақсы ішіп-жейтін жоғарғы топ. Жалпы «орта есеппен» алғанда шеткі екі топ білінбей қалады. Тамаққа жұмсалатын *ақшалай* шығын абсолюттік жағынан да, относительдік жағынан да шет-

* Қала тұрғындарына қарағанда, деревня шаруаларының етті қаншама аз тұтынатынын мынадай үзінді мәліметтерден де көруге болады. Москвада 1900 жылы қаланың қасапханаларында жалпы құны — 18 986 714 сом 59 тиын болатын 4 миллион пұтқа таяу мал сойылған («Московские Ведомости», 1901, № 55). Мұның өзі еркек, әйел жан басына жылына 4 пұтқа таяу еттен немесе 18 сомға жуық ақшадан келеді. *(2-басылуына ескерту).*

** Сиыр еті, шошқа еті, шошқа майы, қой еті, сары май, сүт өнімдері, тауық және жұмыртқа.

*** Тұз, тұздалған және жас балық, майшабақ, арақ, сыра, шай және қант.

кі екі топта: село пролетарлары мен село буржуазиясында мейлінше көп болатын көрінеді. Бұлардың алғашқылары орта шаруадан *азырақ тұтынғанымен, көбірек сатып алады,* өздері мұқтаж болып отырған ең қажетті егіншілік өнімдерін сатып алады. Соңғылары да көбірек сатып алады, өйткені көбірек тұтынады, олар әсіресе егіншіліктен тыс өнімдерді тұтынуды көбейте түседі. Бұл екі шеткі топты салыстыру бізге капиталистік елде жеке адамның тұтынуына керекті заттарға ішкі рыноктың қалай құрылатынын айқын корсетіп отыр *.

Жеке адамның тұтынуына жұмсалатын басқа шығындар мынадай:

*Еркек, әйелдердің жан басына сом есебімен келетіні*

жұмсалатын шығындар

| Топтар | мүлікке, киім-кешекке | отынға (сабан) | киім-кешекке, аяк киімге | жарық жағуға | үй ішінің басқа да керек-жарағына | жеке адамның тамақтан басқа тұтынуына жұмсалатыны | оның ішінде ақшалай жұмсалатыны | Тамаққа және басқа тұтынуына жұмсалатын шығындардың жиыны | оның ішінде ақшалай жұмсалатыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а) | 9,73 | 0,95 | 1,46 | 0,23 | 1,64 | 4,28 | 3,87 | 19,21 | 9,59 |
| б) | 12,38 | 0,52 | 1,33 | 0,25 | 1,39 | 3,49 | 3,08 | 19,86 | 7,84 |
| в) | 23,73 | 0,54 | 2,47 | 0,22 | 2,19 | 5,42 | 4,87 | 27,41 | 9,31 |
| г) | 22,21 | 0,58 | 1,71 | 0,17 | 3,44 | 5,90 | 5,24 | 27,71 | 8,51 |
| д) | 31,39 | 1,73 | 4,64 | 0,26 | 3,78 | 10,41 | 8,93 | 36,73 | 13,69 |
| е) | 30,58 | 1,75 | 1,75 | 0,21 | 1,46 | 5,17 | 3,10 | 33,15 | 11,73 |
| | 22,31 | 0,91 | 2,20 | 0,22 | 2,38 | 5,71 | 4,86 | 27,55 | 9,87 |

Бұл шығындарды еркек, әйелдердің жан басына есептеу барлық уақытта бірдей дұрыс бола бермейді, өйтке-

* Егіншілік өнімдеріне жұмсалатын ақшалай шығындардың ішінде ең алдымен кедейлердің қара бидай сатып алуы бірінші орын алады; овощ сатып алу екінші орын алады. Овощқа жұмсалатын шығын еркек, әйелдердің жан басына 85 тиыннан келеді (топтар бойынша — *б* тобында 56 тиын болса, *д* тобында 1 сом 31 тиынға дейін барады), оның ішінде ақшалай жұмсалатыны — 47 тиын. Бұл тамаша факт бізге қала халқы жайында сөз етпегеннің өзінде, село халқының арасында да сауда егіншілігі формаларының бірсуінің өнімдеріне — атап айтқанда, огород шаруашылығының өнімдеріне рынок құрылып келе жатқандығын көрсетеді. Өсімдік майына жұмсалатын шығынның $^2/_3$ бөлігі зат күйінде болады; демек, бұл салада әлі де болса үйдегі өндіріс пен қарапайым қолөнер кәсібі басым болып отыр.

ні, мәселен, отынның, жарықтың, үй іші керек-жарақтарының және басқалардың құны семья мүшелерінің санына бірдей келіп отырмайды.

Бұл мәліметтер де шаруалардың (тұрмыс дәрежесіне қарай) әр түрлі үш топқа бөлінуін көрсетеді. Бұл ретте мынадай бір есте қаларлықтай ерекшелік байқалады: жеке адамның тұтынуына жұмсалатын барлық шығынның ақшалай бөлігі *төменгі* топтарда мейлінше көп болатын көрінеді (*а* тобының шығынының жартысына таяуы ақшалай жұмсалады), ал жоғарғы топтарда ақшалай шығын өспейді, ол барлық шығынның тек үштен біріне ғана жуық болады. Мұны жоғарыда көрсетілген фактімен — ақшалай шығынның проценті жалпы алғанда шеткі екі топта өсіп отырады деген фактімен қалай үйлестіруге болады? Сірә, жоғарғы топтарда *ақшалай* шығын көбінесе *өндіргіш тұтынуға* (шаруашылыққа жұмсалатын шығындар), ал төменгі топтарда — *жеке адамның тұтынуына* жұмсалады. Бұл туралы дәл мәліметтер мыналар:

| Топтар | 1 шаруашылыққа келетін ақшалай шығын, сом есебімен | | | | Сол шығын % есебімен | | | | Жұмсалатын шығындардың ақшалай бөлігінің % | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жеке адамның тұтынуына | шаруашылыққа | алым-салықтар мен міндеткерлікке | Барлығы | жеке адамның тұтынуына | шаруашылыққа | алым-салықтар мен міндеткерлікке | Барлығы | жеке адамның тұтынуына | шаруашылыққа |
| а) | 39,16 | 7,66 | 15,47 | 62,29 | 62,9 | 12,3 | 24,8 | 100 | 49,8 | 50,6 |
| б) | 38,89 | 24,32 | 17,77 | 80,98 | 48,0 | 30,0 | 22,0 | 100 | 39,6 | 41,7 |
| в) | 76,79 | 56,35 | 32,02 | 165,16 | 46,5 | 34,1 | 19,4 | 100 | 34,0 | 46,4 |
| г) | 110,60 | 102,07 | 49,55 | 262,22 | 42,2 | 39,0 | 18,8 | 100 | 30,7 | 45,8 |
| д) | 190,84 | 181,12 | 67,90 | 439,86 | 43,4 | 41,2 | 15,4 | 100 | 38,0 | 52,0 |
| е) | 187,83 | 687,03 | 84,34 | 959,20 | 19,6 | 71,6 | 8,8 | 100 | 35,4 | 70,3 |
| | 81,27 | 102,23 | 34,20 | 217,70 | 37,3 | 46,9 | 15,8 | 100 | 35,6 | 56,6 |

Демек, шаруалардың село пролетариатына айналуы негізінен тұтыну заттарына рынок жасайды, ал шаруалардың село буржуазиясына айналуы — негізінен өндіріс құрал-жабдықтарына рынок жасайды. Басқаша айтқанда, біз «шаруалардың» төменгі топтарында жұ-

мыс күшінің товарға айналуын, жоғарғы топтарында — өндіріс құрал-жабдықтарының капиталға айналуын көріп отырмыз. Осы екі айналудың арқасында — теория бойынша жалпы капиталистік елдер жөнінде анықталған — нақ сол ішкі рыноктың құрылу процесі келіп шығады. Сондықтан да Фр. Энгельс 1891 жылғы аштық туралы — мұның өзі *капитализм үшін ішкі рыноктың құрылуы болып табылады*[61] деп жазған болатын, бұл қағиданы халықшылдар түсінбейді, олар шаруалардың күйзелуін тек қана «халық өндірісінің»[62] құлдырауы деп түсінеді, мұның өзі патриархтық шаруашылықтың капиталистік шаруашылыққа айналуы екенін көрмейді.

Н.— он мырза ішкі рынок туралы бүтін бір кітап жазды, бірақ ол шаруалардың жіктелуінен ішкі рыноктың құрылу процесі шығатынын байқай алмады. Ол өзінің «Біздің мемлекеттік табыстарымыздың өсуін немен түсіндіру керек?» («Новое Слово», 1896, № 5, февраль) деген мақаласында осы мәселені былайша талқылайды: американ жұмысшысы табыстарының кестелерінен мынаны көреміз — табыс неғұрлым аз болса, тамаққа жұмсалатын шығын соғұрлым көп болады. Демек, егер тамақты тұтыну азаятын болса, онда басқадай өнімдерді тұтыну одан да гөрі азая түседі. Ал Россияда нан мен арақты тұтыну азайып келеді, демек, басқа өнімдерді тұтыну да азаяды, бұдан шаруалардың дәулетті «тобының» (70-беті) көп тұтынуы бұқараның тұтынуының төмендеуі арқылы артығымен теңгеріліп отырады деген пікір туады.— Бұл талқылауда үш қате бар: 1-ден, Н.— он мырза шаруаны жұмысшымен алмастыру арқылы мәселеден аттап кетіп отыр; мәселе нақ сол жұмысшылар мен *қожайындардың құрылу* процесі туралы болып отыр. 2-ден, Н.— он мырза шаруаны жұмысшымен алмастыру арқылы бүкіл тұтынуды жеке адамның тұтынуына әкеліп тіреп отыр, ол өндіргіш тұтынуды, өндіріс құрал-жабдықтарының рыногын ұмытып отыр. 3-ден, Н.— он мырза шаруалардың жіктелу процесі сонымен бірге натуралды шаруашылықтың товар шаруашылығына ауысу процесі екенін ұмытады, демек, рынок тұтынудың көбеюі арқылы құрылмай, заттай тұтынудың (неғұрлым мол тұтыну болғанымен) ақ-

шалай тұтынуға немесе төлемді тұтынуға (неғұрлым аз тұтыну болғанымен) айналуы арқылы құрылатынын ұмытады. Біз әлгінде жеке адамның тұтынатын заттары жөнінде аты жоқ шаруалардың орта шаруаларға қарағанда аз тұтынатын болғанымен, көп сатып алатынын көрдік. Аты жоқ шаруалар ақшаны көп алып, сонымен қатар көп жұмсап, бұрынғыдан гөрі де кедейлепе түседі,— атап айтқанда, процестің осы екі жағының екеуі де капитализмге қажет болып отыр *.

Қорытындыда шаруалар мен село жұмысшыларының тұрмыс дәрежесін салыстыру үшін бюджет мәліметтерін пайдаланайық. Жеке адамның тұтыну мөлшерін халықтың жан басына алып есептемей, бір ересек қызметкерге (жоғарыда көрсетілген жинақтағы Нижегород статистиктерінің нормалары бойынша) алып есептегенде мынадай кесте шығады:

*Бір ересек қызметкерге келетіні*

| Топтар | тұтынылатын өнімдер. | | | | | | | шығын сом есебімен: | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қара бидай ұны, мөлшер есебімен | арпа және тары ұны, пұт есебімен | тары және қара құмық, мөлшер есебімен | қызыл бидай және ақ бидай ұны, қадақ есебімен | картоп, мөлшер есебімен | Қара бидайға шаққанда барлық егіншілік өнімдері | Ет, пұт есебімен | тамаққа | жеке адамның басқа да тұтынуына | Барлығы |
| а) | 17,3 | 0,1 | 2,5 | 4,7 | 17,4 | 23,08 | 0,8 | 19,7 | 5,6 | 25,3 |
| б) | 18,5 | 0,2 | 2,9 | 4,7 | 8,7 | 22,89 | 0,7 | 22,7 | 4,8 | 27,5 |
| в) | 26,5 | 0,3 | 3,0 | 7,3 | 12,2 | 31,26 | 1,5 | 29,6 | 7,3 | 36,9 |
| г) | 26,2 | 1,4 | 4,3 | 2,0 | 9,0 | 32,21 | 1,8 | 30,7 | 8,3 | 39,0 |
| д) | 27,4 | — | 3,4 | 6,0 | 13,6 | 32,88 | 2,3 | 32,4 | 13,9 | 46,3 |
| е) | 30,8 | — | 6,9 | 8,5 | 5,5 | 36,88 | 2,5 | 39,3 | 7,2 | 46,5 |
| | 24,9 | 0,5 | 3,7 | 5,5 | 10,4 | 33,78 | 1,4 | 29,1 | 7,8 | 36,9 |

* Бір қарағанда ақылға сыймайтын сияқты болып көрінетін бұл факт шынына келгенде капитализмнің қадам басқан сайын нақты өмірде кездесетін негізгі қайшылықтарымен толық сәйкесіп отырады. Сондықтан деревня тұрмысын зер салып байқап жүрген адамдар, теориямен ешбір байланысты болмай-ақ, бұл фактіні байқайды. Энгельгардт кулак пен саудагер және басқалар жайында былай дейді: «Оның кәсібінің дамуы үшін шаруалардың кедей болуының... шаруалардың ақшаны көп алуының зор маңызы бар» («Деревнядан жазылған хаттар», 493-бет). Энгельгардттың «егіншілік тұрмысының қомақты (sic!!) болуына» (ibid.) тілеулестігі оның кейде атышулы қауымның ішіндегі ең терең қайшылықтарды ашуына бөгет жасаған жоқ.

Мұнымен село жұмысшыларының тұрмыс дәрежесі жайындағы мәліметтерді салыстыру үшін біз, 1-ден, еңбектің орта бағасын аламыз. Воронеж губерниясында жыл бойы жалданатын батыраққа төленетін орташа ақы 10 жылда (1881—1891) 57 сом болған, оның ішіп-жеміне жұмсалған қаражатты қоса есептегенде — 99 сом болған *, демек, оның ішіп-жемі 42 сомға түскен. Батырақтар мен үлесті жері бар күндікшілердің (аты жоқ және бір аты бар шаруалардың) жеке басының тұтыну мөлшері бұл дәрежеден төмен. Аты жоқ «шаруаның» семьясын (4 жаны бар семьяны) асырауға жұмсайтын барлық қаражаты — 78 сом, ал бір аты бар шаруаның семьясын (5 жаны бар семьяны) асырауға жұмсайтын барлық қаражаты — 98 сом, яғни *батырақты ұстауға жұмсалатын қаражаттан аз болып отыр.* (Біз аты жоқ шаруа мен бір аты бар шаруаның бюджеттерінен шаруашылыққа және алым-салық пен міндеткерлікке жұмсайтын шығындарын шығарып тастадық, өйткені бұл аймақта үлесті жер жалға алым-салықтар үшін төлепетін төлемнен арзанға берілмейді). Біздің күткеніміздей, үлесті жерге байланған жұмысшының жағдайы бұдан босаған жұмысшының жағдайынан нашар болып отыр (бұл арада біз үлесті жерге маталудың кіріптар және жеке бастың тәуелді болу қатынастарын қаншалықты мықтап дамытатыны туралы айтып та отырғанымыз жоқ). Батырақтың ақшалай шығыны бір аты бар және аты жоқ шаруаның жеке басының тұтынуына жұмсайтын ақшалай шығынына қарағанда өлшеусіз жоғары болып отыр. Демек, үлесті жерге матау ішкі рыноктың өсуін бөгейді.

2-ден, батырақтардың тұтынуы жөніндегі земство статистикасының мәліметтерін пайдалануымызға болады. Карачевск уезі бойынша «Орел губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағынан» (V том, 2-кітап, 1892) алынған, батырақ жалдаудың 158 фактісі жөніндегі деректерге негізделген мәліметтерді алып қа-

* «Қожайындардан алынған ауыл шаруашылығы және статистика мәліметтері». Егіншілік департаменті бастырған. V кітап. СПБ. 1892. С. А. Короленко: «Шаруашылықтардағы ерікті жалдама еңбек және т. б.».

райық *. Айлық паекті жылдық паекке айналдырғанда мынадай болып шығады:

| | Орел губерниясында батырақ ұстауға жұмсалатыны | | | Воронеж губерниясында «шаруа» ұстауға жұмсалатыны | |
|---|---|---|---|---|---|
| | minim. | maxim. | орта есеппен | бір аты бар шаруаны | аты жоқ шаруаны |
| Қара бидай ұны, пұт есебімен | 15,0 | 24,0 | 21,6 | 18,5 | 17,3 |
| Жарма, пұт есебімен | 4,5 | 9,0 | 5,25 | 2,9 | 2,5 |
| Тары, пұт есебімен | 1,5 | 1,5 | 1,5 | +4,8 қадақ, бидай ұны | 4,9 |
| Картоп, мөлшер есебімен | 18,0 | 48,0 | 26,9 | 8,7 | 17,4 |
| Қара бидайға шаққанда барлығы ** | 22,9 | 41,1 | 31,8 | 22,8 | 23,0 |
| Тоң май, қадақ есебімен | 24,0 | 48,0 | 33,0 | 28,0 | 32,0 |
| Барлық жылдық тамақтың құны, сом есебімен | — | — | 40,5 | 27,5 | 25,3 |

Демек, бір аты бар және аты жоқ шаруалар өздерінің тұрмыс дәрежесі жағынан *батырақтардан жоғары емес,* қайта тіпті батырақтың тұрмыс дәрежесінің minimum-ына таяу деуге де болады.

Демек, шаруалардың төменгі тобы жайындағы мәліметтерді шолудан мынадай жалпы қорытынды шығады: төменгі шаруаларды егіншіліктен ығыстырып шығарып отырған басқа топтарға өзінің қатынасы бойынша да, семьяны сақтауға жұмсалатын шығындардың тек бір бөлігін ғана өтеп отырған шаруашылығының көлемі бойынша да, күн көріс қаражаттарын табу көзі (жұмыс күшін сату) бойынша да, ақырында, тұрмыс дәрежесі бойынша да бұл топ — *батырақтарға және үлесті жері бар күндікшілерге жатқызылуға тиіс* ***.

* Орел және Воронеж губерниясының жағдайлары арасындағы айырма онша үлкен емес, сондықтан әдеттегі мәліметтер келтіріледі, мұны қазір көреміз. Біз мәліметтерді С. А. Короленконың жоғарыда көрсетілген шығармасынан алмаймыз (бұл мәліметтердің салыстырылуын Маресс мырзаның «Егін шығымдылығының әсері және т. т.» деген мақаласынан қараңыз, I, 11), өйткені бұл мәліметтерді берген жер иелері мырзалар кейде «асыра сілтеңкіреп жіберді» деп автордың өзі де мойындайды.

** Жоғарыда көрсетілген әдіс бойынша есептеп шығарылды.

*** Батырақтардың және шаруалардың төменгі тобының тұрмыс дәрежесін салыстыруымыздан халықшылдар бізді шаруалардың жерсіз

Шаруалардың бюджеттері жайындағы земство статистикасының мәліметтерін баяндауды осымен аяқтай келіп, біз,— «Бағалау деректерінің жинағын» құрастырушы және «Егін шығымдылығы мен астық бағасының әсері және т. т.» (II том) [63] деген белгілі кітаптағы шаруалардың бюджеттері туралы мақаланың авторы Щербина мырзаның бюджет мәліметтерін талдау үшін қолданған тәсілдеріне тоқталмай өте алмаймыз. Щербина мырза әлдебір мақсатпен «Жинақта» өзінің «белгілі саяси-экономист К. Маркстің» теориясын пайдаланатынын айтады (111-бет); ал шынына келгенде, ол бұл теорияны тікелей бұрмалап отыр, ол тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы айырманы негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмамен шатастырып (ibid.), дамыған капитализмнің бұл терминдері мен категорияларын ешбір мағынасыз түрде шаруа егіншілігіне қолданып отыр (passim), т. т. Щербина мырзаның бюджет мәліметтерін өңдеуі түгелдей «орта шамаларды» басынан аяғына дейін ақылға сыймайтындай етіп теріс пайдалануға келіп тіреледі. Бағалау деректерінің барлығының «орта» шаруаға қатысы бар. 4 уезд жөнінде есептеп шығарылған, жерден түсетін табыс шаруашылықтардың санына бөлінеді (бұл табыстың аты жоқ шаруаның семьясында 60 сомға таяу, бай шаруаның семьясында 700 сомға таяу екенін еске түсіріңіз). «Тұрақты капиталдың шамасы» (sic!!?) «1 шаруашылыққа» (114-бет) белгіленеді, яғни барлық мүліктің құны белгіленеді, құрал-саймандардың «орта» құны, сауда-өнеркәсіп орындарының орта құны (sic!) — 1 шаруашылыққа 15 сом деп белгіленеді. Щербина мырза бұл сауда-өнеркәсіп орындарының ауқатты азшылықтың жеке меншігінде екендігі жөнінде-

қалуын «жақтайды», т. т. деген қорытынды жасауы мүмкін. Бірақ мұндай қорытынды дұрыс болмайды. Бұл айтылғандар біздің шаруалардың жерді өз еркімен пайдалану, үлесті жерден бас тарту, қауымнан шығу праволарына қысым көрсететін жағдайлардың барлығын жоюды «жақтайтындығымызды» ғана көрсетеді. Үлесті жері бар батырақ болған тиімді ме немесе үлесті жері жоқ батырақ болған тиімді ме деген мәселені тек шаруаның өзі ғана шеше алады. Сондықтан бұл сияқты қысымдардың еш уақытта да және еш нәрсе арқылы да ақталуы мүмкін емес. Ал халықшылдардың бұл қысымдарды жақтауы — оларды біздің аграрлардың мүддесі үшін қызмет ететін адамдарға айналдырады.

гі ұсақ нәрсені елемей, оларды жұрттың бәріне «теңбе-теңң» етіп бөледі! Арендаға жұмсалатын «орта» шығын белгіленеді (118-бет), біздің көргеніміздей, бұл шығын бір аты бар шаруа үшін 6 сом болса, бай шаруа үшін 100—200 сом болады. Осының барлығы бірге қосылып, шаруашылықтардың санына бөлінеді. Керек десе «капиталдарды жөндеуге» жұмсалатын «орта» шығын да белгіленеді (ibid.). Мұның не екенін бір алланың өзі біледі. Егер мұның өзі құрал-саймандарды жөндеу мен малды толықтыру болса, біздің жоғарыда келтірген цифрларымыз мынадай болатын: аты жоқ шаруаның 1 шаруашылыққа жұмсайтын мұндай шығыны *8 (сегіз) тиынға* тең болса, ал бай шаруаның мұндай шығыны — *75 сомға* тең болатын. Егер біз бұл сияқты «шаруа шаруашылықтарын» бірге қосып, оны қосындының санына бөлетін болсақ, онда Щербина мырзаның Острогожск уезі жөніндегі жинақта (II том, II кітап, 1887) ашқан, кейін асқан шеберлікпен қолданған «орташа қажеттіктер заңы» келіп шығатыны анық емес пе? Содан соң мұндай «заңнан» «шаруа өз қажеттерінің ең төмен дәрежесін қанағаттандырмай, орта дәрежесін қанағаттандырады» (123 және басқа беттер), шаруа шаруашылығы ерекше «даму типінің» бар екенін көрсетеді (100-бет) және т. с., т. с. деген қорытынды жасау қиын болмайды. Өзімізге таныс, үлесті жер бойынша топқа бөлу село пролетариаты мен шаруа буржуазиясын «теңестірудің» оңай тәсілі болып табылады. Егер біз топқа бөлуді, мәселен, бюджет мәліметтеріне қолданатын болсақ, онда біз, мәселен, мынадай шаруаларды үлесті жері (семья басына 15—25 десятинадан келетін үлесті жері көп шаруалардың категориясын да) бір топқа қосқан болар едік: біреуі үлесті жерінің жартысын (23,5 десятина) арендаға беріп, 1,3 десятина егін егеді, ол ең алдымен «өз басының кәсіп етуі арқылы» (мұның құлаққа жағымды естілуі — таңқаларлық нәрсе!) өмір сүреді, еркек, әйелін қосқанда 10 жанға 190 сом табыс табады (Коротояк уезі жөніндегі № 10 бюджет). Екінші біреуі 14,7 десятина жерді қосымша арендаға алады, 23,7 десятина егін егеді, батырақтар ұстайды, еркек, әйелін қосқанда 10 жанға 1400 сом табыс табады (За-

донск уезі жөніндегі № 2 бюджет). Егер біз батырақтардың және күндікшілердің шаруашылықтарын жұмысшылар жалдайтын шаруалардың шаруашылықтарымен бірге қосып, одан шыққан санды қосындылардың санына бөлетін болсақ, ерекше «даму типі» келіп шығатыны анық емес пе? Шаруалар шаруашылығы жөнінде қашан да болсын, бірыңғай «орта» мәліметтерді пайдаланып отырса болғаны,— сонда шаруалардың жіктелуі жөніндегі «құбылмалы идеялардың» барлығы да біржолата қуылып шығады. Щербина мырза өзінің «Егін шығымдылығының әсері және т. т.» деген кітаптағы мақаласында бұл сияқты тәсілді еп grand * қолдану арқылы нақ осылай істеп отыр. Мұнда баяғы сол сыннан өткен «орта есептер» арқылы бүкіл орыс шаруаларының бюджеттерін есепке алу жөнінде орасан зор әрекет жасалған. Орыс экономикалық әдебиетінің болашақ тарихшысы мына фактіні — халықшылдардың соқыр сенімдерінің экономикалық статистиканың ең қарапайым талаптарын, олардың жер иеленудің қандай формасы арқылы бірігіп отырғанына қарамастан, олардың арасындағы өтпелі типтердің қаншама көп және алуан түрлі болғанына қарамастан, қожайындар мен жалдама жұмысшыларды барынша айырып қарауға міндеттейтін талаптарын ұмытуға әкеліп соққанын таңдана отырып атап көрсететін болады.

### XIII. II ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Жоғарыда сөз болған мәліметтерден туатын ең басты қағидаларды тұжырымдайық:

1) Қазіргі орыс шаруалары өмір сүріп отырған қоғамдық-экономикалық жағдай — товар шаруашылығы. Тіпті орталық егіншілік өңірінде (оңтүстік-шығыстағы шет аймақтарға немесе өнеркәсіпті губернияларға қарағанда, бұл жағынан анағұрлым артта қалған өңірде) шаруа рынокқа толық бағынышты, алым-салықтар туралы сөз етпегеннің өзінде, ол өзінің жеке басының тұ-

* — ірі мөлшерде. *Ред.*

тынуы жөнінде де, өзінің шаруашылығы жөнінде де рынокқа тәуелді.

2) Шаруалар (егінші және қауымдық шаруалар) арасындағы қоғамдық-экономикалық қатынастар құрылысы бізге товар шаруашылығы атаулыға және капитализм атаулыға тән барлық қайшылықтардың бар екенін: бәсекенің, шаруашылық жағынан дербес болу үшін күресудің, жерді (сатып алынатын және арендаға алынатын жерді) басқадан жырып әкетудің, өндірістің азшылықтың қолына шоғырлануының, көпшілікті пролетариат қатарына ығыстырып шығарудың, оны азшылықтың сауда капиталы арқылы және батырақтар жалдау арқылы қанаудың бар екенін көрсетіп отыр. Шаруалар арасында капиталистік құрылысқа ерекше тән, осы бір қайшылықты форма болмайтын, яғни мүдделер арасындағы күрес пен алауыздықты көрсетпейтін, біреулер үшін пайдалы, екінші біреулер үшін зиянды болмайтып бірде-бір экономикалық құбылыс жоқ. Өздерінің бір-біріне мүлде қарама-қарсы типтері жағынан жер арендасы да, жерді сатып алу да, «кәсіпшіліктер» де осындай болып отыр; шаруашылықтың техникалық прогресі де дәл осындай.

Біз бұл қорытындыға Россиядағы капитализм туралы мәселе жөнінде ғана емес, жалпы халықшылдық доктринаның маңызы туралы мәселе жөнінде де өте зор маңыз береміз. «Қауымдық» деревнядағы экономикалық қатынастар құрылысының тіпті де ерекше уклад («халық өндірісі» және т. с.) емес, қайта кәдімгі ұсақ буржуазиялық уклад екенін бізге нақ осы қайшылықтар көрнекі түрде және бекерге шығаруға болмастай етіп көрсетіп отыр. Бізде соңғы жарты ғасыр ішінде үстем болған теорияларға қарамастан, орыстың қауымдық шаруалары — капитализмнің антагонисі емес, қайта оның ең терең және ең берік негізі болып отыр. Ең терең негізі болатын себебі,— біз нақ осы жерде, «қолдан жасалатын» әсердің қандайынан болса да аулақ жерде және капитализмнің дамуына бөгет жасайтын мекемелерге қарамастан, «қауымның» өз ішінде капитализм элементтерінің үнемі пайда болып отыратынын көреміз. Ең берік негізі болатын себебі,— ескілік дәстүрлерінің,

патриархтық тұрмыс дәстүрлерінің ауыртпалығы жалпы алғанда егіншілікте, атап айтқанда, шаруалар арасында өте күшті болады, ал осының салдарынан капитализмнің қайта өзгертушілік әрекеті (өндіргіш күштердің дамуы, барлық қоғамдық қатынастардың өзгеруі және т. т.) мұнда барынша баяу және бірте-бірте көрініп отырады *.

3) Біздің шаруалардың ыдырауы деп атап жүргеніміз де шаруалар арасындағы барлық экономикалық қайшылықтардың жиынтығы болып табылады. Шаруалардың өздері бұл процесті «шаруа болудан қалушылық» ** деген терминмен барынша дәл және айқын сипаттайды. Бұл процесс ескі патриархтық шаруалардың түбірінен күйреп, село халқының *жаңа типтерінің* құрылғанын көрсетеді.

Бұл типтерді сипаттауға көшуден бұрын мынаны ескерте кетейік. Біздің әдебиетімізде бұл процесс өте ертеден және мейлінше жиі көрсетіліп келген. Мәселен, Валуев комиссиясының [65] еңбектерін пайдаланған Васильчиков мырзаның өзі де Россияда «село пролетариатының» қалыптасқанын және «шаруалар сословиесінің ыдырағанын» көрсеткен («Жер иелену және егіншілік», 1-басылуы, I том, IX тарау). Бұл фактіні В. Орлов та («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», IV том, I кітап, 14-бет) және басқа көптеген адамдар да көрсеткен болатын. Бірақ бұл көрсетулердің бәрі де мүлдем үзік-үзік күйінде қалып отырған. Бұл құбылысты жүйелі түрде зерттеуге ешқашан әрекет жасалмаған, сондықтан да, үй басы жүргізілген земстволық-статистикалық санақтың деректері оте мол бола тұра, бізде бұл құбылыс жөнінде осы күнге дейін жеткілікті мәліметтер жоқ. Осыған байланысты мынадай жағдай бар: бұл мәселемен айналысқан авторлардың көпшілігі шаруалардың ыдырауын тек жай ғана мүлік жағынан теңсіздіктің тууы деп, жалпы халықшылдардың және әсіресе Карышев мырзаның (оның «Арендалар» туралы кітабы мен «Русское Бо-

---

* Салыстырыңыз: «Das Kapital», I². S. 527.[64]

** «Нижегород губерниясы бойынша ауыл шаруашылығына шолу», 1892 жылғы.

гатстводағы» мақалаларын қараңыз) айта беруді ұнататынындай, жай «жіктелу» деп қарайды. Мүлік жағынан теңсіздіктің шығуы бүкіл процестің бастапқы пункті екені күмәнсыз, бірақ процесс тек осы «жіктелумен» ғана әсте шектелмейді. Ескі шаруалар «жіктеліп» қана қоймайды, олар мүлдем күйрейді, өмір сүруден қалады, оларды село халқының мүлдем жаңа типтері — товар шаруашылығы мен капиталистік өндіріс үстем болып отырған қоғамның базисі болып табылатын типтері ығыстырып шығарады. Бұл типтер — село буржуазиясы (негізінен ұсақ буржуазия) мен село пролетариаты, егіншіліктегі товар өндірушілер табы мен ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылар табы.

Егіншілік капитализмінің құралу процесіне жасалған таза теориялық талдаудың ұсақ өндірушілердің жіктелуін осы процестің маңызды факторы ретінде көрсетуі өте-мөте сабақ боларлық нәрсе. Біз «Капиталдың» 3-томының ең тамаша тарауларының бірін, атап айтқанда, «Капиталистік жер рентасының генезисі» деген 47-тарауын айтып отырмыз. Маркс бұл генезистің бастапқы пункті етіп *жұмыспен өтеу рентасын* (Arbeitsrente) * «тікелей өндіруші аптаның бір бөлігінде іс жүзінде өзіне тиесілі жерде іс жүзінде немесе заң жүзінде өзіне тән өндіріс құралдарымен (соқа, мал және басқалары) жұмыс істеп, ал аптаның қалған күндері жер меншікшісінің имениесінде тегін жұмыс істейтін, жер меншікшісі үшін жұмыс істейтін» рентаны алады («Das Kapital», III, 2, 323. Орысша аудармасының 651-беті). Рентаның келесі формасы *өнім рентасы* (Produktenrente) немесе заттай рента, бұл рентаның тұсында тікелей өндіруші бүкіл өнімді өзі пайдаланып отырған жерде өндіріп, бүкіл қосымша өнімді жер иесіне заттай беріп отырады. Мұнда өндіруші неғұрлым дербес болады да, өз еңбегімен өзінің қажетті керегін қанағаттандыратын өнім мөлшерінен тыс шамалы артық өнім табуына мүмкіндік алады. [Рента-

* Орысша аудармасында (651 және келесі беттер) бұл термин «еңбек рентасы» деген сөздермен берілген. Біз өзіміздің аудармамызды неғұрлым дұрыс деп есептейміз, өйткені орыс тілінде тәуелді егіншінің жер иесіне істеген жұмысын көрсететін «жұмыспен өтеу» деген арнаулы сөз бар[66].

ның] «осы формамен бірге жекелеген тікелей өндірушілердің шаруашылық жағдайында неғұрлым ірі айырмашылықтар пайда болады. Ең болмағанда, осындай мүмкіндік туады және тіпті осы тікелей өндіруші өз кезегінде бөтеннің еңбегін тікелей қанау үшін керекті қаржыға ие болатын мүмкіндік туады» (S. 329. Орысша аудармасының 657-беті) [67]. Сонымен, натуралды шаруашылық үстем болған кездің өзінде-ақ, тәуелді шаруалардың дербестігі алғаш кеңейе бастаған кезде-ақ олардың жіктелуінің алғашқы белгілері байқалады. Бірақ бұл алғашқы белгілер рентаның келесі формасы тұсында, заттай рента формасының жай өзгеруі болып табылатын *ақшалай рента* тұсында ғана дами алады. Тікелей өндіруші жер иесіне өнімді емес, сол өнімнің бағасын береді *. Рентаның бұл формасының базисі сол күйінде қала береді: тікелей өндіруші бұрынғысынша дәстүрлі жер иесі болады, бірақ «мұнда бұл базис өзінің ыдырауына жақындай түседі» (330-бет). Ақшалай рента «енді сауданың, қала өнеркәсібінің, жалпы товар өндірісінің, ал мұнымен бірге ақша айналысының да едәуір айтарлықтай дамуын керек етеді» (331-бет) [68]. Тәуелді шаруаның жер иесіне ежелгі, дағдылы-праволық қатынасы бұл арада шартқа негізделген таза ақша қатынасына айналады. Мұның өзі, бір жағынан, ескі шаруаларды экспроприациялауға, екінші жағынан — шаруалардың өз жерлері мен бостандықтарын сатып алуына әкеліп соқтырады. «Онан соң, ақшаға жалданатын кедей күндікшілер табының пайда болуы заттай рентаның ақшалай рентаға айналуымен сөзсіз қатқабат болып қана қоймай, тіпті одан бұрын да болып отырады. Күндікшілердің пайда болу дәуірі ішінде, осы жаңа тап аракідік қана шыға бастаған кезде... оброк пен мін-

* Ақшалай рентаны капиталистік жер рентасынан қатаң айыра білу керек: соңғысы егіншілікте капиталистер мен жалдама жұмысшылардың болуын, алғашқысы — тәуелді шаруалардың болуын керек етеді. Капиталистік рента дегеніміз — үстеме құнның кәсіпкерлік пайдасы шығарып тастағанда қалатын бөлігі, ал ақшалай рента дегеніміз — бүкіл қосымша өнімнің шаруаның жер иесіне төлейтін бағасы. Россиядағы ақшалай рентаның мысалы — шаруалар помещикке төлеп келген оброк. Біздің шаруалардың қазіргі алым-салықтарында да ақшалай рентаның белгілі үлесі бар екенінде күмән жоқ. Кейде, жерге төлейтін ақының қымбаттығынан шаруаның үлесіне жартымсыз жалақыдан артық еш нәрсе қалмайтын кезде, шаруаның жерді арендаға алуы да ақшалай рентаға жуықтап қалады.

деттелінген (rentepflichtigen) жақсы жолға қойылған шаруа шаруашылықтарында қажет болғанда өз есебінен селолық жалдама жұмысшыларды қанау әдеті өршиді. Сөйтіп оларда белгілі бір дәулет жинап, өздерінің болашақ капиталистерге айналуы үшін аз-аздап мүмкіндік туа бастайды. Сонымен жерді өздері өңдеп келген бұрынғы жер иелерінің өздерінің арасында капиталистік аренда алушылардың ұрығы шыға бастайды, бұлардың өсіп өркендеуі ауыл шаруашылығы шеңберлерінен тыс капиталистік өндірістің жалпы дамуына байланысты болады» («Das Kapital», III, 2, 332. Орысша аудармасының 659—660-беттері) [69].

4) Шаруалардың жіктелуі, орта «шаруалардың» есебіне олардың өзара қарама-қарсы топтарын құра отырып, село халқының жаңа екі типін тудырады. Бұл екі типтің екеуіне де ортақ белгі — шаруашылықтың товарлы, ақшалы сипатының болуы. Бірінші жаңа тип — село буржуазиясы немесе ауқатты шаруалар. Бұған жататындар — сауда егіншілігінің алуан түрлі формаларының бәрін (бұл формалардың ең бастыларына біз IV тарауда тоқталамыз) жүргізетін дербес қожайындар, содан соң сауда-өнеркәсіп орындарының иелері, сауда кәсіпорындарының қожайындары және т. с. Сауда егіншілігін сауда-өнеркәсіп орындарымен біріктіру дегеніміз — «егіншілікті кәсіпшіліктермен біріктірудің» *осы* шаруаларға ерекше тән түрі. Бұл ауқатты шаруалардан фермерлер табы шығады, өйткені астық сату үшін (егіншілік өңірінде) жер арендалау олардың шаруашылығында орасан зор роль, көбінесе үлесті жерден де үлкен роль атқарады. Шаруашылықтың мөлшері мұнда көп жағдайда семьяның жұмыс күшінен асып түседі, міне, сондықтан село батырақтары, ал одан да көбірек күндікшілер контингентінің құралуы — ауқатты шаруалардың өмір сүруінің қажетті шарты *. Бұл шаруалардың таза табысы түрінде алатын басы артық

* Жалдама еңбекті пайдалану ұсақ буржуазия деген ұғымның міндетті белгісі емес екенін ескерте кетейік. Шаруашылықтың қоғамдық құрылысында жоғарыда (2-п.) өзіміз суреттеп өткен қайшылықтар бар болса,— атап айтқанда, өндірушілер бұқарасы жалдама жұмысшыларға айналса, рынокқа арналған дербес өндірістің қандайы болса да осы ұғымға сәйкес келеді.

ақшалары не біздің деревнямызда осыншама өлшеусіз дамыған сауда және өсімқорлық операцияларына жұмсалады, немесе — қолайлы жағдайларда — жер сатып алуға, шаруашылықты жақсартуға және т. с. жұмсалады. Бір сөзбен айтқанда, бұлар — ұсақ аграрийлер. Саны жағынан алғанда шаруалар буржуазиясы — барлық шаруалардың кішкене ғана азшылығы,— сірә, үйлердің бестен бір бөлігінен көп болмаса керек (шамамен алғанда мұның өзі халықтың оннан үшіне тең), оның бер жағында бұл қатынас әр түрлі аймақтарда, әлбетте, қатты өзгеріп отырады. Бірақ шаруалар шаруашылығының бүкіл жиынтығындағы — шаруаларға қарасты өндіріс құрал-жабдықтарының жалпы жиынындағы, шаруалар өндіретін егіншілік өнімдерінің жалпы мөлшеріндегі маңызы жағынан алғанда, — шаруа буржуазиясы сөзсіз басым болып табылады. Ол — қазіргі деревняның қожасы.

5) Екінші жаңа тип — село пролетариаты, *үлесті жері бар жалдама жұмысшылар* табы. Бұған жарлы шаруалар, оның ішінде мүлдем жері жоқтар да кіреді, бірақ орыс село пролетариатының нағыз шын өкілі — батырақ, күндікші, қара жұмысшы, құрылыста істейтін жұмысшы немесе үлесті жері бар басқа да жұмысшы. Ұлтарақтай жердегі болмашы шаруашылық, оның үстіне бүтіндей құлдырап бара жатқан шаруашылық (мұны әсіресе жерін арендаға берушілік айқын дәлелдейді), жұмыс күшін сатпайынша күн көрудің мүмкін еместігі (=жарлы шаруалардың «кәсіпшіліктері»), тұрмыс дәрежесінің өте-мөте төмендігі — тіпті, сірә, үлесті жері жоқ жұмысшының тұрмыс дәрежесінен де төмендігі,— бұл типтің өзгеше белгілері, міне, осылар *. Шаруалар үйлерінің барлық санының кем дегенде жартысы (мұның өзі шамамен алғанда халықтың $^{4}/_{10}$-іне тоң), яғни аты жоқ шаруалардың барлығы және бір аты бар шаруалардың көбі (әрине, бұл жалпылама шамамен алынған есеп, ол әр түрлі аудандарда жергілікті

---

* Жарлы шаруаны үлесті жері бар жалдама жұмысшылар табына қосудың дұрыс екенін дәлелдеу үшін жұмыс күшін қандай шаруалардың қалай сататынын ғана емес, сонымен қатар жұмыс күшін қандай кәсіпкерлердің қалай сатып алатынын да көрсету керек. Бұл келесі тарауларда көрсетіледі.

жағдайларға қарай азды-көпті өзгеріп отыруға тиіс) село пролетариаты өкілдерінің қатарына қосылуы керек. Шаруалардың осындай едәуір бөлігі қазірдің өзінде-ақ село пролетариатына жатады деп ойлауға мәжбүр ететін дәлелдер жоғарыда келтірілген болатын*. Бұған: капитализм басы бос, жері жоқ жұмысшыны керек етеді дейтін теорияның қағидасын біздің әдебиетімізде жұрттың көбінесе тым бір сарынды түсініп жүргендігін қосқан жөн. Мұның өзі негізгі тенденция ретінде әбден дұрыс, бірақ егіншілікке капитализм өте баяу және мейлінше алуан түрлі формалар арқылы енеді. Село жұмысшысына үлесті жер бөліп беру тіпті екінің бірінде село қожайындарының оз мүдделері үшін істеліп отырады, сондықтан да үлесті жері бар село жұмысшысының бұл типі барлық капиталистік елдерге тән. Әр түрлі мемлекеттерде ол әр түрлі формаларда болады: ағылшын шаруасы (cottager) Францияның немесе Рейн провинцияларының парцеллалық шаруасы емес, ал парцеллалық шаруа Пруссиядағы бобыль немесе кнехт емес. Олардың әрқайсысында ерекше аграрлық тәртіптердің, аграрлық қатынастардың ерекше тарихының іздері бар,— бірақ бұл жағдай экономистің оларды ауыл шаруашылығы пролетарларының бір типі ретінде жинақтауына бөгет болмайды. Оған мұндай атақ беру үшін оның ұлтарақтай жерді иемденуге праволылығының заң жүзіндегі дәлелі қандай болса да мүлдем бәрібір. Жер оның толық меншігіне жата ма (парцеллалық

* Профессор Конрад Германиядағы нағыз шаруа үшін екі жұмыс көлігін норма деп есептейді (Gespannbauerngüter), қараңыз: «Жер иелену және ауыл шаруашылығы» (М. 1896), 84—85-беттер. Россия үшін бұл норманы бұдан да жоғарылау етіп алған жөн болар еді. «Шаруа» деген ұғымға анықтама бергенде, Конрад, атап айтқанда, «жалдама жұмыстағы» немесе жалпы «қосалқы кәсіпшіліктердегі» адамдардың немесе үйлердің процентін алады (ibid.).— Нақты мәселелерде беделді екенін мойындамауға болмайтын профессор Стебут *1882 жылы* былай деп жазды: «Крепостниктік право құласымен, тек қана егін егетін, демек, көбінесе Россияның орта қара топырақты өңірінде егін егетін шаруа өзінің ұсақ шаруашылығымен көп ретте ауыл шаруашылығымен жанама кәсіп ретінде ғана айналысатын қолөнершіге, батыраққа немесе күндікшіге айналып кетті» («Орыс ауыл шаруашылығы, оның кемшіліктері және оны жетілдіру шаралары туралы мақалалар». М. 1883. 11-бет). Бұл арада автордың қолөнершілерге өнеркәсіптегі жалдама жұмысшыларды да (құрылыста істейтін жұмысшылар, т. с.) қосып отырғаны айқын. Бұл сөздің қолданылуы қаншалық теріс болғанымен, ол біздің әдебиетімізде, тіпті экономика жөніндегі арнаулы әдебиетімізде де өте көп таралып кеткен.

шаруа ретінде) немесе жерді оған лендлорд яки Rittergutsbesitzer * пайдалана тұруға бере ме, немесе, ақырында, ол оны ұлы орыс шаруа қауымының мүшесі ретінде иелене ме,— бұдан жағдай ешбір өзгермейді **. Жарлы шаруаларды село пролетариатына жатқызғанда, біз ешқандай жаңалық айтып отырғанымыз жоқ. Бұл сөзді көптеген жазушылар талай рет қолданған болатын, тек халықшыл экономистер ғана жалпы шаруалар туралы сөз етіп, оларды капитализмге қарсы бірдеңе ретінде ұғындырмақ болып қасарысады, «шаруалар» бұқарасының капиталистік өндірістің жалпы жүйесінен қазірдің өзінде-ақ әбден айқын орын алғанын, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің жалдама жұмысшысы болып орын алғанын көргілері келмейді. Бізде, мәселен, қауым мен шаруаларды және т. т. сақтап отырған аграрлық құрылысымызды көкке көтеріп, оны егіншілікті капиталистік жолмен ұйымдастыратын остзейлік құрылысқа қарама-қарсы қоюды өте жақсы көрушілік бар. Сондықтан Остзей өлкесінде [72] батырақтар мен күндікшілер табына кейде село халқының қандай типтері жатқызылатынына көз жібергеніміз теріс болмайды. Остзей губернияларында шаруалар көп жерлілер (25—50 дес., ерекше учаскеде), бобыльдер (3—10 дес., бобыль учаскелері) және жерсіздер болып бөлінеді. Бобыль, С. Короленко мырзаның дұрыс

* — дворяндық вотчинник. *Ред.*

** «Handwört. der Staatswiss.»-тен («Жер иелену және ауыл шаруашылығы», М. 1896) егіншіліктегі жалдама еңбектің әр түрлі европалық формаларының мысалдарын келтірейік. «Шаруа имениесін,— дейді И. Конрад,— *парцелладан,* «бобыльдің» немесе «огородшының» учаскесінен айыра білу керек, учаскенің иесі бұған қоса көлденең кәсіп және табыс іздеуге мәжбүр болады» (83—84-беттер). «Францияда, 1881 жылғы санақ бойынша, 18 миллион адам, яғни халықтың жартысынан бірқыдыру азырағы ауыл шаруашылығымен күн көрді: 9 миллионға жуық жер иеленуші, 5 миллион арендатор мен жармажарымшы, 4 миллион күндікші мен ұсақ жер меншіктенуші немесе көбінесе жалдама жұмыспен өмір сүрген арендатор... Жұрттың айтуынша, Францияда село жұмысшыларының кем дегенде 75 процентінің меншікті жері бар» (233-бет, Гольц). Германияда село жұмысшыларының қатарына *жер иемденетін* мына категориялар жатады: 1) кутниктер, бобыльдер, огородшылар [біздегі сыйлықты шаруалар тәрізді] [70]; 2) контрактпен жұмыс істейтін күндікшілер; олардың иелігінде жері болады да, жылдың белгілі бір бөлігінде жұртқа жалданады [біздегі «үш күндікшілерді» салыстырыңыз] [71]; «Германияның ірі жер иелігі басым жерлерінде контрактпен жұмыс істейтін күндікшілер ауыл шаруашылығы жұмысшыларының негізгі бұқарасы болып табылады» (236-бет); 3) шаруашылығын арендаға алынған жерде жүргізетін ауыл шаруашылығы жұмысшылары (237-бет).

айтқанындай, «орталық губерниялардағы орыс шаруаларының жалпы типіне бәрінен көбірек ұқсайды» («Ерікті жалдама еңбек», 495-бет); ол өзінің уақытын ұдайы әр түрлі табыс іздеуге де, өз шаруашылығына да бөліп отыруға мәжбүр болады. Бірақ біз үшін *батырақтардың* экономикалық жағдайы ерекше назар аударарлық. Әңгіме мынада: *оларға* ақының есебіне *жер бөліп беруді* помещиктердің өздері тиімді деп есептейді. Остзей батырақтарының жер иеленуі жөніндегі мысалдар мынадай: 1) 2 дес. жерде (біз лофштелиді десятинаға айналдырып отырмыз: Lofstelle $= 1/3$ дес.); күніне 25 тиын ақы алып, жылына ері 275 күн, әйелі 50 күн жұмыс істейді; 2) $2^2/_3$ дес. жерде «батырақ 1 ат, 3 сиыр, 3 қой және 2 шошқа ұстайды» (508-бет), батырақ арағa апта салып істейді, ал әйелі 50 күн жұмыс істейді; 3) 6 дес. жерде (Курляндия губерниясының Бауск уезі) «батырақ 1 ат, 3 сиыр, 3 қой және бірнеше шошқа ұстайды» (518-бет), батырақ аптасына 3 күн, әйелі — жылына 35 күн жұмыс істейді; 4) Курляндия губерниясының Газенпотск уезінде — 8 дес. жерде «барлық реттерде батырақтар тегін ұн тарттырады және дәрігерлік жәрдем, дәрі-дәрмек алады, ал олардың балалары мектепте оқиды» (519-бет) және т. т. Біз оқушының назарын осы батырақтардың *жер иеленуі мен шаруашылығының мөлшеріне,*—яғни, халықшылдардың ойынша, капиталистік өндіріске сәйкес жалпы европалық аграрлық құрылыстан біздің шаруаларды ерекшелендіретін жағдайлардың нақ өзіне аударамыз. Цитат алынған кітаптағы мысалдардың *бәрін* қосайық: 10 батырақта $31\ 1/2$ дес. жер бар, демек, 1 батыраққа орта есеппен 3,15 десятинадан келеді. Мұнда *жылдың азғантай бөлігінде* помещикке жұмыс істейтін (ері $1/2$ жыл, әйелі 35—50 күн) шаруалар да, 2, тіпті 3 сиыры бар жалғыз атты шаруалар да батырақтардың қатарына қосылады. Біздің «қауымдық шаруаның» осы тектес Остзей батырағынан атышулы айырмасы неде? деген сұрақ туады. Остзей өлкесінде әр нәрсені өзінің шын атымен атайды, ал бізде жалғыз атты батырақтарды бай шаруалармен қосып жібереді де, «орта» есебін шығарады, «қауымдық рух» туралы, «еңбек негізі» туралы, «халық

өндірісі» туралы, «егіншілікті кәсіпшіліктермен біріктіру» туралы... елжірей сөз етеді.

6) «Шаруалардың» реформадан кейінгі бұл типтері арасындағы аралық буын — *орта шаруалар.* Олар товар шаруашылығының *өте-мөте кем* дамығандығымен ерекшеленеді. Дербес егіншілік еңбек мұндай шаруалардың күн көрісін тек ең жақсы деген жылы, ерекше қолайлы жағдайларда ғана өтей алады, сол себепті олардың хал-ахуалы мейлінше тұрақсыз болады. Орта шаруа көбінесе еңбекпен және т. с. өтейтін болып қарыз алмайынша, ол да сырттан ішінара жұмыс күшін сатудан және т. с. түсетін «қосалқы» табыс іздемейінше күн көре алмайды. Егін шықпай қалған әр жыл сайын орта шаруалар бұқарасы пролетариат қатарына шығып қалып отырады. Өзінің қоғамдық қатынастары жағынан бұл топ жоғарғы топ пен төменгі топтың арасында ауытқып отырады; ол жоғарғы топқа бой ұрып отырады және бұған оның тек азғантай бақыттылары ғана қосыла алады; ал төменгі топқа оны қоғамдық эволюцияның бүкіл барысы итермелеп отырады. Біз шаруа буржуазиясы шаруалардың төменгі тобын ғана емес, сонымен қатар орта тобын да *ығыстырып отыратынын* көрдік. Сонымен, капиталистік шаруашылыққа ерекше тән нәрсе: шаруалардың орта ауқаттылары сұрыпталып, жоғарғы топ пен төменгі топқа бөлінушілік «шаруа болудан қалушылық» күшейе түседі.

7) *Шаруалардың жіктелуі капитализм үшін ішкі рынок құрады.* Төменгі топта рыноктың бұл құрылуы тұтыну заттары (жеке тұтыну рыногы) есебінен жүзеге асады. Село пролетары, орта шаруамен салыстырғанда, *аз тұтынады* және оның үстіне сапасы нашар тамақтарды (нан орнына картоп, т. с.) тұтынады,— *бірақ көп сатып алады.* Шаруа буржуазиясының пайда болуы мен дамуы рынокты екі жолмен құрады: біріншіден және ең бастысы,— өндіріс құрал-жабдықтары есебінен құрады (өндіргіш тұтыну рыногы), өйткені ауқатты шаруалар әрі «жұтаған» помещиктерден, әрі күйзелген шаруалардан «жинаған» өндіріс құрал-жабдықтарын капиталға айналдыруға тырысады. Екіншіден, неғұрлым дәулетті шаруалардың қажетсінуінің артуы нәти-

жесінде мұнда рынок жеке тұтыну есебінен де құрылады *.

8) Шаруалардың жіктелуі ілгері үдеп бара ма және қаншалықты тез үдеп барады деген мәселе жөнінде,— біздің қолымызда құрама кестелердің (§§ I—VI) мәліметтерімен қатар қоюға келетін статистикалық дәл мәліметтер жоқ. Бұған таңдануға да болмайды, өйткені ең болмаса шаруалардың жіктелуінің барысын жүйелі түрде зерттеп, бұл процесс жүріп жатқан формаларды көрсетуге күні бүгінге дейін (мұны біз жоғарыда ескертіп өттік) әрекет те жасалған емес **. Бірақ біздің деревняның экономикасы жөніндегі жалпы мәліметтердің бәрі де жіктелудің үздіксіз әрі тез ұлғайып бара жатқанын дәлелдейді: бір жағынан, «шаруалар» жерін тастап кетеді және жалға береді, атсыздардың саны артады, «шаруалар» қалаға қашады және т. т.,— екінші жағынан, «шаруалар шаруашылығындағы прогресшіл ағымдар» да өз ретімен жүріп отырады, «шаруалар» жер сатып алады, шаруашылығын жақсартады, плуг қолданып, шөп егісін, сүт шаруашылығын дамыта түседі және т. т. Процестің осы біріне бірі мүлде қарама-қарсы екі жағына *қандай* «шаруалардың» қатысатынын біз енді білеміз.

Содан соң, қоныс аудару қозғалысының дамуы шаруалардың, әсіресе егінші шаруалардың жіктелуіне күшті қозғау салады. Негізінен алғанда егіншілікті губерниялардағы шаруалардың (өнеркәсіпті губерниялардан шетке кетушілер мүлде сирек) және оның бер жағында нақ халқы тығыз орталық губерниялардағы шаруалардың қоныс аударатыны жұртқа мәлім; орталық

* Мәселен, мақта-мата өнімдеріне ішкі рыноктың орасан зор артқандығын шаруалардың жіктелуі арқылы осы ішкі рыноктың құрылу фактісінің өзі-ақ түсіндіре алады; мақта-мата өнімдерін өндіру реформадан кейінгі кезеңде шаруалардың жаппай күйзелуімен қатар соншалықты тез өсті. Өзінің ішкі рынок туралы теорияларын дәл біздің тоқыма индустриямыздың мысалы арқылы бейнелеп көрсетіп отырған Н.— он мырза бұл қайшы құбылыстың қалай орын тепкенін мүлде түсіндіре алмады.

** Бұл арада тек *И. Гурвичтің* мына бір тамаша еңбегін ғана атай аламыз: «The economics of the russian village». New York, 1892. Орысша аудармасы: «Орыс деревнясының экономикалық жағдайы». М. 1896. Шаруалардың шаруашылық дәулетіне қарай бөлінетін топтары туралы құрама кестелерді бермейтін земстволық-статистикалық жинақтарды Гурвич мырзаның қаншалықты шебер өңдегеніне таңдануға болады.

губернияларда жұмыспен өтеу (мұның өзі шаруалардың жіктелуіне бөгет болып отыр) бәрінен де көбірек өріс алған. Бұл бір. Ал, 2-ден, қоныс аударылатын аудандардан көбінесе *орта ауқатты* шаруалар кетіп, шаруалардың жоғарғы және төменгі топтары көбінесе өздерінің туған жерлерінде қалып қояды. Сонымен қоныс аудару шаруалардың жіктелуін олардың көшіп кеткен жерлерінде де күшейтеді, жіктелу элементтерін олардың көшіп келіп, қоныстанған жерлеріне де (Сибирьдегі жаңадан қоныстанғандардың жаңа тұрмысының алғашқы кезінде олардың батырақ болуы *) әкеледі. Қоныс аударудың шаруалардың жіктелуімен осы байланысын *И. Гурвич* өзінің «Шаруалардың Сибирьге қоныс аударуы» (М. 1888) деген тамаша зерттеуінде толық дәлелдеген. Біз оқушыға бұл кітапты өте-мөте ұсынамыз, біздегі халықшыл баспасөз бұл кітап жөнінде жұмған аузын ашпауға барынша тырысып бақты **.

9) Сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың біздің деревнямызда зор роль атқаратыны жұртқа мәлім. Біз бұл құбылыс жөнінде толып жатқан фактілер келтіріп, оның қайдан шыққанын көрсетіп жатуды артық деп санаймыз: бұл фактілер жалпыға мәлім және олардың біздің тақырыпқа тікелей қатысы жоқ. Бізге керегі мына мәселе ғана: біздің деревнямыздағы сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың шаруалардың жіктелуіне деген қатынасы қандай? шаруалар топтарының жоғарыда суреттелген қатынастары мен қарыз беруші шаруалардың қарыздар шаруаларға қатынастары арасында байланыс бар ма? өсімқорлық жіктелудің факторы әрі қозғаушы күші болып табыла ма немесе ол осы жіктелуге бөгет жасай ма?

Алдымен бұл мәселені теорияның қалай қоятынын көрсетейік. «Капитал» авторының капиталистік өндіріске жасаған талдауында сауда капиталы мен өсімқорлық капиталға өте зор маңыз берілгені жұртқа мәлім. Маркстің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарының негіз-

* Сонымен, қоныс аудару ісіне қысым жасау шаруалардың жіктелуін кідіртуге зор әсер етеді.

** Сондай-ақ Приймак мырзаның «Сибирьге қоныс аударуды зерттеуге арналған цифрлы материал» деген еңбегін қараңыз. *(2-басылуына ескерту).*

гі қағидалары мыналар: 1) бір жағынан, сауда капиталы мен өсімқорлық капитал, екінші жағынан, өнеркәсіп капиталы [яғни, егіншілік өндірісіне болсын, индустриялық өндіріске болсын — бәрібір, өндіріске жұмсалған капитал] — пайда түсетіндей етіп сату үшін товар сатып алу деген жалпы формула қамтитын экономикалық құбылыстың бір типі болып табылады («Das Kapital», I, 2. Abschnitt *, 4-тарау, әсіресе немісше екінші басылуының 148—149-беттері [73]).— 2) Сауда капиталы мен өсімқорлық капитал тарихи жағынан әрдайым өнеркәсіп капиталының құралуынан бұрын шығады және логикалық жағынан соның құралуының *қажетті* шарты болып табылады («Das Kapital», III, 1, S. 312—316; орысша аудармасының 262—265-беттері; III, 2, 132—137, 149; орысша аудармасының 488—492, 502-беттері) [74], бірақ өнеркәсіп капиталының (яғни капиталистік *өндірістің)* шығуына сауда капиталы да, өсімқорлық капитал да өздігінен *жеткілікті* жағдай бола алмайды; олар әрдайым ескі өндіріс әдісін ыдыратып, оның орнына капиталистік өндіріс әдісін қоя бермейді; бұл капиталистік өндіріс әдісінің құралуы «бүтіндей дамудың тарихи сатысы мен нақты жағдайларына байланысты» (ibid., 2, 133, орысша аудармасының 489-беті) [75]. «Ескі өндіріс әдісін аздыратын осы ықпалдың қаншалықты күшті болуы» (сауда мен сауда капиталы арқылы) «ең алдымен сол өндіріс әдісінің беріктігіне және ішкі құрылысына байланысты. Және осы аздыру процесі қайда апарып соғады, яғни ескі өндіріс әдісінің орнына жаңадан қандай өндіріс әдісі орнайды,— мұның өзі саудаға байланысты емес, бұл ескі өндіріс әдісінің өз сипатына байланысты» (ibid., III, 1, 316; орысша аудармасының 265-беті) [76].— 3) Сауда капиталының дербес дамуы капиталистік *өндірістің* даму дәрежесіне кері қатынаста болады (ibid., S. 312, орысша аудармасының 262-беті) [77]; сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың дамуы неғұрлым күшті болған сайын, өнеркәсіп капиталының (=капиталистік *өндірістің*) дамуы соғұрлым нашар болады және керісінше.

---

* — «Капитал», I том, 2-бөлім. *Ред.*

Олай болса, Россияға қатысты етіп алғанда мына мәселені шешу керек: сауда капиталы мен өсімқорлық капитал бізде өнеркәсіп капиталымен байланыстырыла ма? сауда мен өсімқорлық ескі өндіріс әдісін ыдыратып, оны капиталистік өндіріс әдісімен немесе қандай да болсын басқа әдіспен алмастыра ма? * Бұл — факт мәселелері, орыс халық шаруашылығының барлық жақтары жөнінде шешілуге тиіс мәселелер. Шаруа егіншілігі жөнінде жоғарыда қаралып өткен мәліметтер бұл мәселеге жауап береді, атап айтқанда, мақұлдап жауап береді. «Кулак» пен «әлді мужик» сол белгілі бір экономикалық құбылыстың екі формасы емес, қайта құбылыстардың өзара ешбір байланысы жоқ, біріне бірі қарама-қарсы түрлері деп қарайтын кәдімгі халықшылдық көзқарас — тіпті еш нәрсемен дәлелденбеген көзқарас. Мұның өзі экономикалық дәл мәліметтерге талдау жасау арқылы дәлелдеуге ешкім ешқашан тырыспаған халықшылдық соқыр сенімдердің бірі. Мәліметтер керісінше дәлелдеп отыр. Шаруа өндірісін кеңейту үшін жұмысшы жалдаса да, шаруа жермен (байлардың жерді көп арендалайтыны туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді еске түсіріңіз) немесе бакалея товарымен сауда жасаса да, конопля, шөп, мал, тағы басқаларымен немесе ақшамен (өсімқор) сауда жасаса да,— шаруаның өзі бір экономикалық тип болып табылады, оның операциялары, өзінің негізінде, сол белгілі бір экономикалық қатынасқа барып тіреледі. Содан соң, — орыстың қауымдық деревнясында капиталдың ролі жұртты кіріптарлыққа салумен және өсімқорлықпен тынбайды, капитал сондай-ақ өндіріске де жұмсалады, мұның өзі мынадан көрінеді: ауқатты ша-

---

* В. В. мырза бұл мәселеге өзінің «Капитализмнің тағдыры» деген кітабының бірінші бетінде-ақ тоқталып өтті, бірақ осы шығармасында, не өзінің басқа шығармаларының ешқайсысында Россиядағы сауда капиталы мен өнеркәсіп капиталының қатынасы жөніндегі мәліметтерді қарастыруға әрекет жасамады. Н.—он мырза Маркстің теориясының ізімен дұрыс жүріп келемін деп дәме білдірсе де, алайда ол «сауда капиталы» деген дәл және айқын категорияны өзі ойдан шығарған: «капиталдандыру» немесе «табысты капиталдандыру» деген көмескі әрі буалдыр терминмен алмастыруды дұрыс деп тапты; сөйтіп осы буалдыр терминді жамылып, бұл мәселеге соқпай өтешықты, турасын айтқанда, соқпай өтті. Оның ойынша, Россиядағы капиталистік өндірістің ізашары — сауда капиталы емес, қайта... «халық өндірісі» екен!

руалар ақшаны тек сауда орындары мен кәсіпорындарына ғана (жоғарыда айтылғанды қараңыз) жұмсап қоймайды, сонымен қатар шаруашылығын жақсартуға, жер сатып алуға және арендалауға, құрал-сайманын жақсартуға, жұмысшы жалдауға және т. т. жұмсайды. Егер капитал біздің деревнямызда кіріптарлыққа салу мен өсімқорлықтан басқа бірдеңе жасауға дәрменсіз болса, онда біз, өндіріс туралы мәліметтер бойынша, шаруалардың жіктелуін, село буржуазиясы мен село пролетариатының құрылуын көрсете алмаған болар едік,— онда шаруалардың барлығы жоқшылықтан жаншылған қожайындардың тым біркелкі типі болған болар еді, олардың ішінен тек өсімқорлар ғана бөлектеніп шығар еді және де егіншілік өндірісінің көлемі мен оны жолға қоюы жағынан емес, тек ақшалай мүлкінің мөлшері жағынан ғана бөлектенген болар еді. Ақырында, жоғарыда талданған мәліметтерден: біздің деревняда сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың дербес дамуы шаруалардың жіктелуін *кідіртеді* деген маңызды қағида туады. Сауданың дамуы неғұрлым ілгері басып, деревняны қаламен жақындатқан сайын, қарапайым село базарларын ығыстырып, деревня дүкеншісінің монополиялық жағдайын әлсіреткен сайын, кредиттің европалық дұрыс формалары неғұрлым дамып, деревня өсімқорын ығыстырып шығарған сайын,— шаруалардың жіктелуі де соғұрлым күшейе, тереңдей түсуге тиіс. Ауқатты шаруалардың ұсақ сауда мен өсімқорлықтан ығыстырылып шығарылған капиталы енді өзі жұмсала бастаған өндіріске неғұрлым кең мөлшерде жұмсалады.

10) Біздің деревнямыздың экономикасындағы шаруалардың жіктелуін кідіртіп отырған екінші бір маңызды құбылыс барщиналық шаруашылықтың қалдықтары, яғни жұмыспен өтеу болып табылады. Жұмыспен өтеу еңбекке заттай ақы төлеуге,— демек, товар шаруашылығының нашар дамуына негізделген. Жұмыспен өтеу толық ауқатты да емес (онда ол жұмыспен өтеу арқылы кіріптарлыққа түспейді), бірақ сонымен бірге пролетар да емес (жұмыспен өтейтін болып жер алуы үшін өзінің құрал-сайманы болуы керек, азын-аулақ болса

да «күйлі» қожайын болуы керек) нақ орта шаруаны керексінеді және талап етеді.

Жоғарыда, шаруа буржуазиясы қазіргі деревняның қожасы деп айтқанда, біз жіктелуді кідіртетін мына факторларды: кіріптарлықты, өсімқорлықты, жұмыспен өтеуді және т. б. абстракт түрде айттық. Шындығында қазіргі деревняның нағыз қожалары көбінесе шаруа буржуазиясының өкілдері емес, қайта село өсімқорлары мен көршілес жер иелері болып табылады. Алайда бұл сияқты абстракциялау әбден заңды тәсіл болып көрінеді, өйткені бұлай етпейінше шаруалар арасындағы экономикалық қатынастардың ішкі құрылысын зерттеуге болмайды. Мынаны атап өтудің мәні бар: халықшыл да осындай тәсілді қолданады, бірақ өз пікірін ақырына дейін жеткізбей, тек қана орта жолда қалып қояды. В. В. мырза өзінің «Капитализмнің тағдыры» деген кітабында алым-салықтың және басқалардың езгісі туралы айта келіп, осы себептерден қауым үшін, «қауым жұртшылығы» үшін, «бұдан былайғы жерде табиғи (sic!) өмір жағдайлары жоқ» (287) дегенді ескертеді. Тіпті жақсы. Бірақ күллі мәселе нақ мынада: біздің деревнямыз үшін әлі де болмай отырған бұл «табиғи жағдайлардың» қандай екендігінде. Бұл сұрауға жауап беру үшін реформадан бұрынғы ескіліктің біздің деревня өмірінің осы «табиғи жағдайларын» көмескілейтін қалдықтарын, егер бұлай деуге болатын болса, көтеріп қойып, қауым ішіндегі экономикалық қатынастардың құрылысын зерттеу керек. Егер В. В. мырза осыны істеген болса, ол деревня қатынастарының бұл құрылысы шаруалардың толық жіктелуін көрсететінін, кіріптарлық, өсімқорлық, жұмыспен өтеу және басқалар неғұрлым толық ығыстырыла түскен сайын шаруалардың жіктелуінің де соғұрлым тереңдей беретінін көрген болар еді *. Біз жоғарыда, земстволық-

---

* Сөз арасында айта кетелік. В. В. мырзаның «Капитализмнің тағдыры» деген кітабы туралы, атап айтқанда, цитат алынған VI тарауы туралы сөз еткенде, бұл кітаптың өте жақсы және әбден дұрыс жазылған жерлері бар екенін көрсетпеуге болмайды. Атап айтқанда — автордың «капитализмнің тағдыры» туралы *емес* және тіпті капитализм туралы да *емес*, алым-салық өндірудің тәсілдері туралы жазған жерлері. В. В. мырзаның бұл жерде осы тәсілдер мен *өзі дәріп-*

статистикалық мәліметтерге сүйеніп, бұл жіктелудің қазірдің өзінде-ақ жүзеге асып отырған факт екенін, шаруалардың қарама-қарсы топтарға мүлде жарылып отырғанын көрсеттік.

---

*теугс шебср* (мұны біз төменде көреміз) барщиналық шаруашылықтың қалдықтары арасындағы тығыз байланысты байқамауы — ерекше көзге түсерлік нәрсе!

# Вытѣсненіе барщиннаго хозяйства капиталистическимъ въ современномъ русскомъ земледѣліи *).

## I.

За исходный пунктъ при разсмотрѣніи современной системы помѣщичьяго хозяйства необходимо взять тотъ строй этого хозяйства, который господствовалъ въ эпоху крѣпостного права. Сущность тогдашней хозяйственной системы состояла въ томъ, что вся земля данной единицы земельнаго хозяйства, т. е. данной вотчины, раздѣлялась на барскую и крестьянскую; послѣдняя отдавалась въ надѣлъ крестьянамъ, которые (получая сверхъ того и другія средства производства—напримѣръ, лѣсъ, иногда скотъ и т. п.) своимъ трудомъ и своимъ инвентаремъ обрабатывали ее, получая съ нея свое содержаніе. Продуктъ этого труда крестьянъ представлялъ изъ себя необходимый продуктъ, по терминологіи теоретической политической экономіи; необходимый — для крестьянъ, какъ дающій имъ средства къ жизни,—для помѣщика, какъ дающій ему рабочія руки; совершенно точно такъ же, какъ продуктъ, возмѣщающій перемѣнную часть стоимости капитала, является необходимымъ продуктомъ въ капиталистическомъ обществѣ, Прибавочный же трудъ крестьянъ состоялъ въ обработкѣ ими *тѣмъ же* инвентаремъ помѣщичьей земли; продуктъ этого труда шелъ въ пользу помѣщика. Прибавочный трудъ отдѣлялся здѣсь, слѣдовательно, пространственно отъ необходимаго: на помѣщика обрабатывали барскую землю, на себя — свои надѣлы; на помѣщика работали одни дни недѣли, на себя—другіе. «Надѣлъ» крестьянина служилъ такимъ образомъ въ этомъ хозяйствѣ, какъ бы натуральной заработной платой (выражаясь примѣнительно къ современнымъ понятіямъ), или средствомъ обезпеченія помѣщика рабочими руками. «Собственное хозяйство крестьянъ на своемъ надѣлѣ было условіемъ помѣщичьяго хозяйства, имѣло цѣлью «обезпеченіе» не крестьянина — средствами къ жизни, а помѣщика—рабочими руками **).

*) Настоящая статья представляетъ отрывокъ изъ большого изслѣдованія автора о развитіи капитализма въ Россіи. *Ред.*

**) Чрезвычайно рельефно характеризуетъ этотъ строй хозяйства А. Энгельгардтъ въ своихъ «Письмахъ изъ деревни» (Спб. 1882, стр. 554). Онъ совершенно справедливо указываетъ, что крѣпостное хозяйство было извѣстной правильной и законченной системой, распорядителемъ которой былъ помѣщикъ, надѣлявшій крестьянъ землей и назначавшій ихъ на тѣ или на другія работы.

«Начало» журналының 1899 жылғы 3-номерінің 96-беті, бұл номерде В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының III тарауының алғашқы алты параграфы басылған болатын.

## III ТАРАУ[78]

# ЖЕР ИЕЛЕРІНІҢ БАРЩИНАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАН КАПИТАЛИСТІК ШАРУАШЫЛЫҚҚА КӨШУІ

Біз енді шаруалар шаруашылығынан помещиктік шаруашылыққа көшуіміз керек. Біздің міндетіміз — помещиктік шаруашылықтың қазіргі қоғамдық-экономикалық құрылысының негізгі белгілерін қарастырып, бұл құбылыстың реформадан кейінгі замандағы эволюциясының сипатын суреттеп көрсету.

### I. БАРЩИНАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Помещиктік шаруашылықтың қазіргі системасын қарастырғанда бұл шаруашылықтың крепостниктік право заманында үстем болған құрылысын бастапқы пункт етіп алу керек. Ол кездегі шаруашылық системасының мәнісі мынадай еді: жер шаруашылығының осы единицасының, яғни осы вотчинаның барлық жері барин жері және шаруа жері болып бөлінді; мұның соңғысы шаруаларға үлесті жер ретінде берілетін, шаруалар (оның үстіне басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын — мәселен, орман, кейде мал және тағы сондайларды алып) бұл жерді өз еңбегімен және өз құрал-сайманымен ұқсатып, сонымен күн көретін. Шаруалардың бұл еңбегінің өнімі, теориялық саяси экономияның терминологиясы бойынша, қажетті өнім болды; шаруалар үшін оларға өмір сүру құралдарын беретін, помещик үшін жұмысшы күшін беретін қажетті өнім болды; яғни капитал құнының өзгермелі бөлігінің орнын толтыратын өнім — капиталистік қоғамда қандай қажетті өнім болатын бол-

са, бұл да дәл сондай қажетті өнім болып табылады. Ал шаруалардың қосымша еңбегі олардың *сол* құрал-саймандармен помещик жерін ұқсатуы болды; бұл еңбектің өнімі помещиктің пайдасына кетіп жатты. Демек, мұнда қосымша еңбек қажетті еңбектен кеңістік жағынан бөлінетіп болды: помещик үшін бариннің жерін, өздері үшін өздерінің үлесті жерлерін ұқсататын болды; аптаның белгілі бір күндерінде помещик үшін жұмыс істесе, аптаның басқа бір күндерінде өздері үшін жұмыс істеді. Сонымен, шаруаның «үлесті жері» бұл шаруашылықта заттай жалақы (қазіргі ұғымға бейімдеп айтқанда), немесе помещикті жұмысшы күшімен қамтамасыз ету құралы сияқты болды. Шаруалардың өз үлесті жеріндегі «меншікті» шаруашылығы помещиктік шаруашылықтың шарты болып, шаруаны өмір сүру құралдарымен емес, қайта помещикті жұмысшы күшімен «қамтамасыз ету» мақсатын көздеді *.

Шаруашылықтың бұл системасын біз барщиналық шаруашылық деп атаймыз. Бұл системаның басым болуы үшін мынадай қажетті жағдайлардың болуы керек екені айқын еді: біріншіден, натуралды шаруашылықтың үстем болуы қажет. Крепостниктік поместье басқа дүниемен байланысы өте нашар, өзімен өзі болатын, томаға-тұйық біртұтас болуға тиісті еді. Крепостниктік правоның өмір сүруінің ақырғы кезінде ерекше дами түскен помещиктердің астықты сату үшін өндіруі ескі тәртіптің ыдырауының хабаршысы болды. Екіншіден, мұндай шаруашылық үшін тікелей өндірушінің жалпы алғанда өндіріс құрал-жабдықтары, атап айтқанда, жері болуы қажет; ол аз болса — тікелей өндіруші жерге матаулы болуы қажет, өйтпеген күнде помещиктің қарамағында жұмыс қолының болуына кепілдік болмайды. Демек, барщиналық шаруашылық тұсында және капиталистік шаруашылық тұсында қосымша өнім алу тәсілдері бір-біріне мүлде қарама-қарсы болады: бірін-

* Шаруашылықтың бұл құрылысын А. Энгельгардт өзінің «Деревнядан жазылған хаттарында» (СПБ. 1885, 556—557-беттер) өте айқын сипаттайды. Шаруаларға үлесті жер беріп, оларды белгілі бір жұмысқа тағайындап отыратын помещик басқарған крепостниктік шаруашылық белгілі дәрежеде дұрыс және аяқталған система болды деп ол өте әділ көрсетіп отыр.

шісі өндірушіге үлесті жер беруге негізделсе, екіншісі — өндірушіні жерден босатуға негізделеді *. Үшіншіден, шаруашылықтың мұндай системасының шарты — шаруаның жеке басының помещикке тәуелді болуы. Егер помещик шаруаның жеке басына тікелей билік жүргізе алмайтын болса, ол үлесті жері, шаруашылығы бар адамды өзіне жұмыс істеуге мәжбүр ете алмас еді. Демек, Маркстің бұл шаруашылық тәртібін (жоғарыда көрсеткеніміздей, мұны ол *жұмыспен өтеу рентасының* категориясына жатқызады. «Das Kapital», III, 2, 324) [80] сипаттай келіп айтқаны сияқты, «экономикадан тыс күштеу» қажет болады. Бұл күштеудің формалары мен дәрежелері, шаруаның крепостниктік халде болуынан бастап сословиелік кем праволылығына дейін, барынша алуан түрлі болуы мүмкін. Ақырында, төртіншіден, техниканың аса төмен және мешеу күйде болуы суреттеліп отырған шаруашылық системасының жағдайы мен салдары болды, өйткені шаруашылықты жүргізу жоқшылықпен жаншылған, жеке басы тәуелділікте болып, ақыл-ой жағынан қараңғылықта қалып езілген ұсақ шаруалардың қолында болды.

## II. БАРЩИНАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ СИСТЕМАСЫНЫҢ КАПИТАЛИСТІК ШАРУАШЫЛЫҚ СИСТЕМАСЫНА ҚОСЫЛУЫ

Крепостниктік правоның жойылуы барщиналық шаруашылық системасын шайқалтпай қоймайды. Бұл системаның басты тіректерінің бәрі де шайқалды: натуралдық шаруашылық, помещиктік вотчинаның томағатұйықтығы және өзімен өзі болатын сипаты, оның жеке элементтерінің арасындағы тығыз байланыстылық, помещиктің шаруаларға өктемдігі әлсіреді. Шаруалар ша-

* Халық бұқарасын экспроприациялау — кедейлік пен қанаушылықтың зор әрі универсалды себебі деген Генри Джорджға қарсы шығып, Энгельс 1887 жылы былай деп жазған болатын: «Тарихи жағынан бұл онша дұрыс емес... Орта ғасырларда халықты *жерден* босату (expropriation) емес, қайта керісінше халықты *жерге* матау (appropriation) феодалдық қанаудың көзі болды. Шаруа өзінің жерін сақтап қалды, бірақ ол сол жерге крепостной ретінде маталып, жер иесіне еңбек ету арқылы немесе өнім беру арқылы ақы төлеп отыруға міндетті болды» [«The condition of the working class in England in 1844». New York, 1887. Preface, p. III («Англиядағы жұмысшы табының 1844 жылғы жағдайы». Нью-Йорк, 1887. Алғы сөз, III бет. *Ред.*)] [79].

руашылығы помещиктік шаруашылықтан бөлініп шықты; шаруа өзінің жерін толық меншігіне қаратып сатып алуға тиіс болды, ал помещик, әлгінде айтып өткеніміздей, тікелей қарама-қарсы негіздерге сүйенетін капиталистік шаруашылық системасына көшуі керек болды. Бірақ бұл сияқты мүлде басқа системаға көшу, әрине, бірден бола қойған жоқ, мұның бірден бола қоймауына екі түрлі себеп болды. Біріншіден, капиталистік өндіріске қажетті жағдайлар әлі жоқ еді. Жалданып жұмыс істеуге дағдыланған адамдар табы қажет болды, шаруа құрал-саймандарын помещиктік құрал-саймандармен ауыстыру керек болды; егіншілікті, шонжар ісі сияқты емес, басқаша, бір сауда-өнеркәсіп кәсіпорны сияқты етіп ұйымдастыру талап етілді. Бұл жағдайлардың барлығы да тек қана бірте-бірте қалыптасатын еді, сондықтан реформадан кейін алғашқы кезде кейбір помещиктердің өздеріне шетелдерден машиналар және тіпті жұмысшылар алдырмақ болып әрекеттенуі толық сәтсіздікке ұшырамай қоймады. Істі капиталистік жолмен жүргізуге бірден көшуге мүмкін болмағандығының екінші себебі: ескі, барщиналық шаруашылық системасы тек қана әлсірегенімен, мүлдем жойылмаған еді. Шаруалар шаруашылығы помещиктік шаруашылықтан толық бөлініп кете қоймады, өйткені шаруалардың үлесті жерлерінің шұрайлы бөліктері: «кесінді жерлер», ормандар, шабындықтар, суаттар, жайылымдар және басқалар помещиктердің қолында қалды. Шаруалардың бұл жерлерсіз (немесе сервитуттарсыз) дербес шаруашылық жүргізуге мүлде шамасы келмейтін болды, сондықтан помещиктердің ескі шаруашылық системасын жұмыспен өтеу формасында жүргізе беруге мүмкіндігі болды. «Экономикадан тыс күштеу» мүмкіндігі де қалып қойды: уақытша-міндетті халде болу[81], жаппай кепілдік, шаруаны ұрып-соғып жазалау, оны көпшілік жұмысына беріп жіберу және т. т. сақталып қалды.

Сонымен, капиталистік шаруашылық бірден жарыққа шыға алмады, барщиналық шаруашылық бірден жойылып кете алмады. Демек, шаруашылықтың бірден-бір мүмкін системасы — өтпелі система, өзінде барщиналық системаның да, капиталистік системаның да

белгілерін ұштастырған система болды. Дұрысында да, помещиктік шаруашылықтың реформадан кейінгі құрылысы нақ осы белгілермен сипатталады. Өтпелі заманға тән қилы-қилы формалар қаншалықты көп болғанымен, қазіргі помещиктік шаруашылықтың экономикалық құрылысы әр түрлі қарым-қатынастарға ұштасып жатқан негізгі екі системаға, атап айтқанда, *жұмыспен өтеу* * системасы мен *капиталистік* системаға келіп тіреледі. Бірінші система тұсында жер төңіректегі шаруалардың құрал-саймандарымен ұқсатылады, соның өзінде ақы төлеу формасы бұл системаның мәнін өзгертпейді (кесімді жалдау тұсындағыдай ақшалай төлене ме, тең ортақ тұсындағыдай өнім арқылы төлене ме, немесе, сөздің тар мағынасында алғанда, жұмыспен өтеу кезіндегідей жер арқылы, яки шабындық арқылы төлене ме — бәрібір). Бұл — барщиналық шаруашылықтың тікелей қалдығы **, сондықтан барщиналық шаруашылыққа жоғарыда берілген экономикалық сипаттаманы бүтіндей дерлік жұмыспен өтеу системасына қолдануға болады (мұндағы бірден-бір өзгешелік — жұмыспен өтеу системасы формаларының бірінде барщиналық шаруашылыққа керекті жағдайлардың бірі болмайды: атап айтқанда, кесімді жалдау тұсында еңбекке ақының заттай емес, ақшалай төленетінін көріп отырмыз). Капиталистік системаның мағынасы — жерді иесінің құрал-саймандарымен ұқсатып отыратын жұмысшыларды (жыл бойына, мерзімді уақытқа жалданатындар, күндеп жалданатындар және басқалар) жал-

* Енді біз «барщина» деген терминнің орнына «жұмыспен өтеу» деген терминді қолданамыз, себебі жұмыспен өтеу деген термин реформадан кейінгі қатынастарға неғұрлым сәйкес келеді және біздің әдебиетімізде қазірдің өзінде-ақ азаматтық правоға ие болып отыр.

** Ерекше бір айқын мысал мынау: «Елецк уезінің оңтүстігінде (Орел губерниясында),— деп жазады егіншілік департаментінің бір тілшісі,— помещиктік ірі шаруашылықтарда, жерді жыл бойы жалданатын жұмысшылардың ұқсатуымен қатар, жердің едәуір бөлігін өздеріне арендаға берілетін жер үшін шаруалар ұқсатады. Бұрынғы крепостнойлар өздерінің бұрынғы помещиктерінен қазір де арендаға жер алады және сол үшін олардың жерін ұқсатып беріп отырады. Мұндай деревнялар пәлендей помещиктің *«барщинасы»* деп аталып қызмет береді» (С. А. Короленко, «Ерікті жалдама еңбек, т. т.», 118-бет). Немесе басқа бір помещик былай деп жазады: «Менің экономиямда барлық жұмысты өзімнің бұрынғы шаруаларым (8 деревня, жиынымен алғанда 600 жан) атқарады, бұл үшін олар менен малға жайылым (2000 десятинадан 2500 десятинаға дейін) алады; жалғыз-ақ мерзімді уақытқа жалданған жұмысшылар жерді бірінші рет айдап, сошкалармен тұқым себеді» (ibid., 325-бет. Калуга уезінен).

дау. Аталған системалар өмірде мейлінше сан алуан және ғажап түрде ұштасып отырады: помещиктік имениелердің көпшілігінде, әр түрлі шаруашылық жұмыстары жөнінде қолданылатын бұл екі системаның екеуі де ұштасып отырады *. Шаруашылықтың осыншалықты әр тектес және тіпті қарама-қарсы системаларының ұштасуы өмірде толып жатқан нағыз терең әрі күрделі дау-жанжалдар мен қайшылықтарға әкеліп соғатыны, бұл қайшылықтардың зардабынан толып жатқан қожайындардың күйзеліске ұшырайтыны, т. т. әбден табиғи нәрсе. Осының бәрі — қандай да болсын өтпелі заманға тән құбылыстар.

Егер біз бұл екі системаның салыстырмалы түрде қаншалықты көп таралғандығы туралы мәселемен шұғылданатын болсақ, онда ең алдымен мынаны айтуға тура келеді: бұл мәселе жөнінде статистикалық дәл мәліметтер жоқ және ондай мәліметтерді жинаудың өзі мүмкін бола қояр ма екен, өйткені мұны істеу үшін тек барлық имениелердің ғана емес, сонымен қатар барлық имениелердегі барлық шаруашылық операцияларының есебін алу керек болар еді. Белгілі бір системаның басым болуына қарай, жеке аймақтарға берілген жалпы сипаттама түрінде, шамамен алынған мәліметтер ғана бар. Бүкіл Россия жайында бұл сияқты мәліметтер егіншілік департаментінің жоғарыда цитат алынған «Ерікті жалдама еңбек, т. т.» деген кітабында жинақталып келтірілген. Анненский мырза осы мәліметтерге сүйеніп, екі системаның да таралып отырғанын көрсететін өте көрнекі картограмма жасаған («Егін шығымдылығының әсері және т. т.» [82], I, 170). Бұл мәліметтерді кішкене бір кесте ретінде алып, оны 1883—1887 жылдардағы жеке меншікті жерлердегі егіс көлемі

* «Шаруашылықтардың негізгі көпшілігі былай жүргізіледі: жердің, онша мардымды болмағанымен, бір бөлігін иесі өз құрал-саймандарымен жыл бойы жалданатын және басқа жұмысшылар арқылы ұқсатады, ал қалған жердің барлығы шаруаларға не тең ортаққа, не жер үшін, не ақша үшін ұқсатуға беріледі» («Ерікті жалдама еңбек», ibid., 96)... «Имениелердің көпшілігінде жалдау әдістерінің (яғни «шаруашылықты жұмыс күшімен қамтамасыз ету» әдістері) барлығы дерлік немесе олардың көпшілігі қатар қолданылады». «Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы». Егіншілік департаменті Чикагодағы көрме үшін басып шығарған. СПБ. 1893, 79-бет.

туралы деректермен толықтыра отырып, салыстырып көрейік («Россия империясының статистикасы» бойынша. IV. Европалық Россияда 1883—1887 жылдардағы бес жылдың ішіндегі егін шығымының орта мөлшері. СПБ. 1888) *.

| Жер иелеріндегі шаруашылықтың басым системасына қарай бөлінген губерниялар топтары | Губерниялардың саны | | | Жеке иелік жерлердегі барлық астық пен картоп егісінің көлемі (мың десятина есебімен) |
|---|---|---|---|---|
| | қара топырақты өңірде | қара топырақты емес өңірде | Барлығы | |
| I. *Капиталистік* система басым губерниялар | 9 | 10 | 19 | 7 407 |
| II. *Аралас* система басым губерниялар | 3 | 4 | 7 | 2 222 |
| III. *Жұмыспен өтеу* системасы басым губерниялар | 12 | 5 | 17 | 6 281 |
| *Барлығы* | 24 | 19 | 43 | 15 910 |

Сонымен, бірыңғай орыс губернияларында жұмыспен өтеу басым болса, Европалық Россия бойынша жалпы алғанда помещиктік шаруашылықтың капиталистік системасы қазіргі уақытта басым болып отыр деп танылуға тиіс. Сонымен қатар біздің кестеде бұл басымдық толық көрсетілмеген, өйткені губерниялардың I тобында жұмыспен өтеу мүлде қолданылмайтын губерниялар да бар (мәселен, Прибалтика губерниялары), ал III топта ішінара болса да капиталистік система қолданылмайтын бірде-бір губерния жоқ, тіпті өзінің

* Европалық Россияның 50 губерниясының ішінде Архангельск, Вологда, Олонец, Вятка, Пермь, Оренбург және Астрахань губерниялары кірген жоқ, бұл губернияларда 1883—1887 жылдары Европалық Россиядағы осы сияқты барлық 16 472 мың десятина егістің 562 мың десятинасы ғана жер иесінің қарамағындағы жерлерде болды.— I топқа мына губерниялар кірді: Прибалтиканың 3 губерниясы, батыстағы 4 губерния (Ковно, Вильно, Гродно, Минск губерниялары), оңтүстік-батыстағы 3 губерния (Киев, Волынь, Подольск губерниялары), оңтүстіктегі 5 губерния (Херсон, Таврия, Бессарабия, Екатеринослав; Дон губерниялары), оңтүстік-шығыстағы 1 губерния (Саратов), содан кейін Петербург, Москва және Ярославль губерниялары. II топқа мына губерниялар кірді: Витебск, Могилев, Смоленск, Калуга, Воронеж, Полтава және Харьков. III топқа қалған губерниялар кірді.— Неғұрлым дәлірек болу үшін жеке меншікті жерлердегі барлық егістен арендаторларға қарайтын егісті шығарып тастау керек еді, бірақ бұл сияқты мәліметтер жоқ. Ескерте кетейік, бұл сияқты түзету капиталистік система басым болып отыр дейтін қорытындымызды өзгерте қоймаған болар еді, өйткені қара топырақты өңірде жер иесіне қарайтын егістік жердің көп бөлігі арендаға беріледі, ал бұл қара топырақты өңірдегі губернияларда жұмыспен өтеу системасы басым болып отыр.

шаруашылығын капиталистік системаны қолданбай жүргізіп отырған имение де бола қоймас. Бұған земство статистикасының мәліметтері негізінде мынадай мысал келтіруге болады (*Распопин.* «Земство статистикасының мәліметтері бойынша Россиядағы жеке иеліктегі шаруашылық». «Юридический Вестник», 1887 ж., №№ 11—12, № 12, 634-бет):

| Курск губерниясының уездері | Жұмысшыларды ерікті түрде жалдау арқылы алып отыратын имениелердің % | | Батырақтар ұстайтын имениелердің % | |
|---|---|---|---|---|
| | орташалары | ірілері | орташалары | ірілері |
| Дмитров | 53,3 | 84,3 | 68,5 | 85,0 |
| Фатеж | 77,1 | 88,2 | 86,0 | 94,1 |
| Льгов | 58,7 | 78,8 | 73,1 | 96,9 |
| Суджан | 53,0 | 81,1 | 66,9 | 90,5 |

Ақырында, кейде жұмыспен өтеу системасының капиталистік системаға көшіп, бірінен бірін бөлуге және айыруға мүмкін емес дерліктей болып, араласып кететінін көрсете кету қажет. Мәселен, шаруа ұлтарақтай жерді арендаға алып, ол үшін белгілі бір күндерде жұмыс істеп беруге міндетті болады (бұл, жұртқа мәлім, ең көп таралған құбылыс. Келесі параграфтағы мысалдарды қараңыз). Бұл арада осындай «шаруа» мен белгілі бір күндерде жұмыс істеп беруге міндеттеніп, ұлтарақтай жер алатын батыс европалық немесе остзейлік «батырақтың» арасында қандай айырмашылық бар екенін қалай айыруға болады? Өздерінің негізгі белгілері бойынша қарама-қарсы шаруашылық системаларын бірте-бірте тамаша біріктіретін формаларды өмірдің өзі тудырып отыр. «Жұмыспен өтеудің» қай жерден бітіп, «капитализмнің» қай жерден басталатынын айтып берудің өзі мүмкін болмай барады.

Біз осылай негізгі фактіні — қазіргі помещиктік шаруашылықтың сан алуан формаларының барлығы түрліше қиюласып келіп, екі системаға, жұмыспен өтеу системасы мен капиталистік системаға саятынын ашып алғаннан кейін,— енді бұл екі системаны экономика

XX В остальных 7 губ. — 562 тыс. + 15.910 = 16472 (как 16.473)



аренду [1]) владѣльческой пашни *собственнымъ инвентаремъ владѣльцевъ* и трудомъ *постоянныхъ* или *сроковыхъ рабочихъ* составляетъ вся западная, южная и частью юго-восточная окраина Европейской Россіи, начиная съ сѣвера, отъ губерніи С.-Петербургской, и захватывая далѣе губерніи: прибалтійскія, литовскія (Ковенскую, Виленскую, Гродненскую, а также и Минскую губернію Бѣлорусской группы), юго-западныя (Кіевскую, Волынскую, Подольскую), южныя степныя и южныя части губерній Харьковской, Саратовской, Самарской и Уфимской. Внѣ этого сплошнаго района тѣ же формы примѣненія наемнаго труда являются господствующими во владѣльческихъ хозяйствахъ (вообще немногочисленныхъ) губерній Московской и Ярославской промышленной группы.

Въ остальной, большей части Европейской Россіи,—охватываемой съ запада и съ юга описанной полосой распространенія владѣльческихъ хозяйствъ съ собственнымъ инвентаремъ,—господствуетъ почти исключительно, или пользуется значительнымъ распространеніемъ, обработка пашни *крестьянскими орудіями и скотомъ* и наемъ *издѣльный за деньги*, или въ формѣ *отработковъ*, или же отдача земли въ обработку *исполу*,—причемъ и здѣсь имѣется въ виду лишь пашня, не сдаваемая въ аренду. Владѣльческія хозяйства съ собственнымъ инвентаремъ и съ батрацкимъ трудомъ встрѣчаются, впрочемъ, и здѣсь, но рѣже. Въ губерніяхъ среднихъ черноземныхъ (Воронежской, Харьковской и Полтавской), составляющихъ какъ бы переходную область между районами преимущественно владѣльческаго и преимущественно крестьянскаго инвентаря, также, какъ и въ нѣкоторыхъ изъ нечерноземныхъ губерній, та и другая форма хозяйствованія распространены почти одинаково, (если не считать той части пашни, которая сдается въ аренду). Въ сѣверной черноземной группѣ, въ среднемъ Поволжьѣ и въ сѣверо-западной части нечерноземной полосы (губерніи Псковская, Новгородская, Тверская), крестьянскій инвентарь и связанныя съ нимъ формы найма пользуются рѣшительнымъ преобладаніемъ.

Разсматривая ближе особенности въ условіяхъ пользованія наемнымъ трудомъ въ различныхъ мѣстностяхъ внутри очерченныхъ крупныхъ областей, мы можемъ разбить каждую изъ нихъ на нѣсколько болѣе дробныхъ территоріальныхъ районовъ.

Въ области преобладанія хозяйствъ съ инвентаремъ владѣльческимъ могутъ быть выдѣлены районы: степной, юго-западный, сѣверо-западный и прибалтійскій.

*Степной* районъ характеризуется культурою экстензивною, неустойчивостью урожаевъ,—достигающихъ здѣсь иногда громадныхъ размѣровъ, а иногда не дающихъ почти ничего,—огромными посѣвами пшеницы и очень рѣдкимъ населеніемъ. Большая часть земледѣльческихъ работъ выполняется здѣсь *пришлыми рабочими*, нанимаемыми *на годъ* или *на срокъ* (всего чаще съ марта или апрѣля по октябрь или ноябрь). Поденный наемъ встрѣчается *рѣже* и еще рѣже

[1]) Цифровыя данныя о степени распространенія аренды владѣльческой пашни по отдѣльнымъ уѣздамъ приведены въ статьѣ Н. А. Каблукова.

| | | | Чрн. | Нечр. |
|---|---|---|---|---|
| XX 19 губ. с преобл. в.-н. сист. | 7.407 тыс. дес. влад. посева (83-87 г.) | | 9 | 10 |
| 17 " " отраб. " | 6.281 " " " " | | 12 | 5 |
| 7 " " смеш. " | 2.222 " " " " | | 3 | 4 |
| | 15.910 | | 24 | 19 |

Итого, из 16 м. д. от. 8½ на в.-н. и 7½ на отраб. сист.

«Егін шығымдылығы мен астық бағасының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» (I том, СПБ. 1897) деген жинақтың 170-бетіне шаруашылықтың әр түрлі системаларының Россияда таралуы туралы В. И. Ленин жасаған ақпар.

жағынан сипаттауға көшеміз, сөйтіп экономикалық эволюцияның бүкіл барысының тигізетін әсері арқылы бұл системалардың қайсысы қайсысын ығыстырып шығаратынын көреміз.

### III. ЖҰМЫСПЕН ӨТЕУ СИСТЕМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жоғарыда ескертілгеніндей, жұмыспен өтеу барынша алуан түрлі болады. Кейде шаруалар ақша үшін өз құрал-саймандарымен жер иесінің жерлерін — «кесімді жалдау», «десятиналап істеудегі табыстар» *, «теңдеме жерлерді» ** [83] (яғни жазғы егістен бір десятина және күзгі егістен бір десятина) ұқсату дейтіндерге және т. т. жалданады. Кейде шаруалар қарызға астық немесе ақша алып, сол алған несиесін түгелімен немесе несиесінің проценттерін жұмыспен өтеуге міндеттенеді ***. Бұл форма тұсында жалпы жұмыспен өтеу системасына тән белгі, атап айтқанда, жұмысқа бұл сияқты жалдаудың кіріптарлық, өсімқорлық сипаты ерекше айқын көрінеді. Кейде шаруалар «егіннің тапталғаны үшін» жұмыс істейді (яғни егіннің тапталғаны үшін заң бойынша белгіленген штрафты жұмыспен өтеуге міндеттенеді), жай «абырой үшін» (салыстырыңыз: Энгельгардт, l. с., 56-бет) — яғни, жер иесінен алатын басқа «табыстарынан» айрылып қалмау үшін, одан бір рет тамақ ішіп, тегін істейді. Ақырында, жер үшін жұмыспен өтеушілік не жарма-жарымшылық формасында, не шаруаларға арендаға берілген жер, шабындық және басқалар үшін тікелей жұмыс істеу формасында барынша көп таралған.

Бұл ретте арендаға алынатын жер үшін ақы төлеу көп жағдайда мейлінше алуан түрлі формада болып келеді, бұл формалар кейде тіпті қосылып та кетеді: сөйтіп, ақыны ақшалай төлеумен бірге өнім күйінде төлеу

* «Рязань губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинақтары».

** Энгельгардт. l. с.

*** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», V том, 1-кітап. Москва, 1879, 186—189-беттер. Кітаптарды біз тек мысал үшін ғана көрсетіп отырмыз. Шаруалар шаруашылығы мен жеке иеліктегі шаруашылық туралы әдебиеттің барлығында да бұл сияқты көрсетулер толып жатыр.

де, «жұмыспен өтеу» де кездесіп отырады. Мынадай екі мысал келтірейік: әрбір десятина жер үшін $1^1/_2$ десятина жерді ұқсату + 10 жұмыртқа + 1 тауық + әйелдің 1 жұмыс күні; 43 десятина жазғы егіс үшін 12 сомнан және 51 десятина күзгі егіс үшін 16 сомнан ақшалай төлеу — пәлен шөмеле сұлы, 7 шөмеле қарақұмық және 20 шөмеле қара бидай бастыру + арендаға алған жерінің кемінде 5 десятинасына *өзінің* мал қораларынан десятина басы 300 арба көң төгу (Карышев, «Арендалар», 348-бет). Бұл жерде тіпті шаруаның қолындағы көң де жеке иеліктегі шаруашылықтың құрамдас бір бөлігіне айналады! Жұмыспен өтеудің көп таралғандығы мен алуан түрлілігін оған қолданылатын терминдердің көптігі де көрсетеді: жұмыспен өтеу, өтелу, өтеу, барщина, басаринка, қолқабыс, бай-батшалық жұмыс, әрекет істеу, алым беру және басқалар (ibid., 342). Кейде шаруа мұнымен қатар «жер иесінің бұйырғанын» (ibid., 346) істеуге міндеттенеді, жалпы алғанда «тыңдауға», оның «айтқанын істеуге», оған «қолқабыс етуге» міндеттенеді. Жұмыспен өтеу «деревня тұрмысындағы жұмыстардың бүкіл циклын қамтиды. Жұмыспен өтеу арқылы егістікті ұқсату, егін ору мен шөп шабу жөніндегі ауыл шаруашылығы жұмыстарының барлығы істеледі, отын жиналады, жүк тасылады» (346—347), үйдің төбесі мен мұржалары жөнделеді (354, 348), тауық пен жұмыртқа жеткізіп тұру міндеттеледі (ibid.). С.-Петербург губерниясының Гдовск уезінің зерттеушісі жұмыспен өтеудің кездесіп отырған түрлерінің «реформаға дейін болған барщиналық сипаты» бар (349) деп дұрыс айтады *.

Жер үшін жұмыспен өтеу формасы — жұмыспен өтелетін және заттай арендалар деп аталатындардың фор-

---

* Мұнда бір өте есте болатын нәрсе: Россиядағы жұмыспен өтеудің түрлі формаларының, түрліше қосып төлейтіндері және басқалары бар арендалар формаларының орасан көп түрлерінің барлығы да егіншіліктегі капитализмнен бұрынғы тәртіптердің негізгі формалары арқылы *толық* қамтылады, бұл тәртіптерді Маркс «Капиталдың» III томының 47-тарауында анықтаған болатын. Мұның алдындағы тарауда бұл негізгі формалардың үшеу екендігі айтылған болатын: 1) жұмыспен өтеу рентасы; 2) өнім рентасы немесе заттай рента және 3) ақшалай рента. Сондықтан Маркстің жер рентасы туралы бөлімді суреттеп көрсету үшін нақ орыс мәліметтерін алғысы келгені әбден табиғи нәрсе.

масы ерекше көңіл бөлерлік *. Мұның алдындағы тарауда біз шаруа арендасында капиталистік қатынастардың қалай көрінетінін байқаған едік; бұл жерде біз барщиналық шаруашылықтың ** жай қалдығы болып табылатын және село жұмысшыларына ұлтарақтай жерді үлес ретінде беру арқылы имениені сол жұмысшылармен қамтамасыз ету үшін кейде байқалмай капиталистік системаға өтетін «аренданы» көріп отырмыз. Жерді арендаға берушілердің өз меншігіндегі шаруашылығымен бұл сияқты «арендалардың» осындайлық байланысы бар екенін земство статистикасының мәліметтері даусыз анықтап отыр. «Жеке иеліктегі имениелердің өз меншігіндегі егісі дамыған кезде оның иелері *керекті уақытында жұмысшы тауып алуды қамтамасыз етуге тырысады.* Осыдан келіп көптеген жерлерде олардың жерді жұмыспен өтетпек болып немесе жұмыспен өтетумен қатар өнімнен үлес алмақ болып, шаруаларға таратып беруге тырысушылығы күшейеді...» Шаруашылықтың бұл системасы «...аз таралып отырған жоқ. Жерді арендаға берушілердің өз шаруашылығын құруы неғұрлым көбейген сайын, жерді арендаға беру азайып, арендаға деген сұраным неғұрлым күшейген сайын, жерді жалдаудың бұл түрі де соғұрлым кең дами береді» (ibid., 266-бет, 367-бетін де салыстырыңыз). Сонымен, бұл арада біз мүлде басқа түрдегі аренданы көріп отырмыз, бұл аренда жер иесінің өз шаруашылығынан бас тартатынын емес, қайта *жеке иеліктегі егістің дамығанын* көрсетеді,— шаруаның жер иеленуінің кеңеюі арқылы оның шаруашылығының нығайғанын емес, қайта *шаруаның село жұмысшысына айналғанын* көрсетеді. Мұның алдындағы тарауда біз шаруалар шаруашылығында аренданың қарама-қарсы маңызы бар екенін, оның біреулер үшін шаруашылығын

* «Земство статистикасының қорытындылары» бойынша (II том) шаруалар арендаға алатын барлық жерлерінің 76 процентін ақшаға алады; 3—7 процентін жұмыспен өтемек болып алады; 13—17 процент өнімінің белгілі бір бөлігін бермек болып алады және, ақырында, жердің 2—3 процентін аралас ақы төлемек болып алады.

** 134-беттегі ескертуде келтірілген мысалдарды салыстырыңыз (осы том, 201-бет. *Ред.*). Барщиналық шаруашылық кезінде помещик шаруаға жер бергенде шаруаны өзіне жұмыс істету үшін беретін. Жерді жұмыспен өтеу үшін бергенде де істің шаруашылық жағы, сірә, сол сияқты болуы керек.

тиімді түрде кеңейту, екінші біреулер үшін — жоқшылықтың салдарынан келісім жасау болып табылатынын көрдік. Енді біз жерді арендаға берудің помещиктік шаруашылықта да қарама-қарсы маңызы бар екенінe көз жеткіздік: кейде бұл — шаруашылықты рента төлеп отыратын етіп басқа адамның қолына беру болса, кейде бұл — өз шаруашылығын жүргізудің әдісі, имениені жұмыс күшімен қамтамасыз етудің әдісі болады.

Енді жұмыспен өтеу кезінде еңбекке ақы төлеу мәселесіне көшейік. Әр түрлі деректерден алынған мәліметтер жұмыспен өтетпек болып және кіріптар етіп жалдау кезіндегі еңбекке ақы төлеудің капиталистік «ерікті» жалдау кезіндегіден әрдайым *неғұрлым төмен* болып отыратынын бірауыздан дәлелдеп отыр. 1-ден, мұны мынадай нәрсе дәлелдейді: заттай арендалар, яғни жұмыспен өтеу және жарма-жарымшылық арендалары (жаңа көріп өттік, бұлар тек жұмыспен өтетпек болып және кіріптар етіп жалдауды ғана көрсетеді) жалпы ереже бойынша ақша арендаларына қарағанда барлық жерлерде де *қымбат* болады, тіпті едәуір қымбат болады (ibid., 350), кейде екі есе қымбат болады (ibid., 356, Тверь губерниясының Ржев уезі). 2-ден, заттай арендалар басқалардан гөрі шаруалардың өте кедей топтарында кең өріс алған (ibid., 261 және келесі беттер). Бұл — жоқшылықтың салдарынан болған арендалар, өзін осылай ауыл шаруашылығының жалдама жұмысшысына айналдыруға қарсы тұруға қазірдің өзінде дәрмені жоқ шаруаның «арендалары». Ауқатты шаруалар жерді ақша арқылы арендаға алуға тырысады. «Жерді жалға алушы адам аренда сомасын ақшалай беру үшін, сөйтіп басқаның жерімен пайдалану құнын арзандату үшін болмашы мүмкіндіктің өзін пайдаланып қалуға тырысады» (ibid., 265) — жанымыздан қоса айтайық — ол тек аренданың құнын арзандату үшін ғана емес, сонымен бірге кіріптар болып жалданудан құтылу үшін де осылай етеді. Дондағы Ростов уезінде, аренда бағасының ұлғаюына қарай, *шөмелелік арендада шаруалардың үлесінің кемуіне қарамастан,* ақшалай арендадан шөмелелік арендаға [84] көшу сияқты тамаша фактінің де болғаны көрсетілген (266-бет,

ibid.). Шаруаны әбден күйзелтіп, оны село батырағына айналдыратын заттай арендалардың маңызын осы факт мейлінше айқын көрсетіп отыр *. 3-ден, жұмыспен өтеу мен капиталистік «ерікті» жалдау кезіндегі еңбек бағаларын тікелей салыстыру соңғы еңбек бағаларының неғұрлым жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Егіншілік департаментінің цитат алынған «Ерікті жалдама еңбек, т. т.» деген кітабында күзгі астықтың бір десятинасын шаруа құрал-саймандарымен толық ұқсатып шығарудың орта бағасын 6 сом деп есептеу керек делінген (орта қара топырақты өңір жөніндегі 8 жылдың (1883—1891) мәліметтері). Егер нақ сол жұмыстардың құнын ерікті түрде жалдау бойынша есептейтін болсақ,

* Арендалар жөніндегі ең жаңа мәліметтердің жинағы (Карышев мырза «Егін шығымдылығының әсері және т. т.» деген кітабының I томында) жерді тең ортаққа немесе жұмыспен өтеу үшін алуға шаруаларды тек жоқшылық қана ділгер ететінін, ал ауқатты шаруалардың жерді арендаға ақша арқылы алуды қолайлы көретінін толық дәлелдеді (317—320-беттер), өйткені барлық жерлерде де заттай арендалар ақшалай арендаларға қарағанда шаруаға әлдеқайда қымбатқа түседі (342—346-беттер). Бірақ бұл фактілердің бәрі Карышев мырзаның ісі: «әлсіз шаруаның... басқа біреудің жерінде тең ортаққа жұмыс істеп, өзінің егісін азын-аулақ көбейту арқылы тамақ заттарымен бұрынғыдан жақсы қамтамасыз етілуге мүмкіндігі болады» (321) деп көрсетуіне бөгет бола алмады. Міне, «натуралды шаруашылыққа» көрінеу іш тарту адамдарды осындайлық жабайы пікір айтуға душар етіп отыр! Заттай арендалардың ақшалай арендалардан қымбат екені, заттай арендалардың егіншіліктегі өзінше truck-system [85] екені, олардың шаруаны әбден күйзелтіп, оны батыраққа айналдыратыны дәлелденген болатын,— ал біздің экономист тамақтың жақсарғаны туралы сөз қозғайды! Байқайсыз ба, тең ортақ арендалар «село халқының мұқтаж болып отырған... бөлегінің» арендаға жер «алуына көмектесуге тиіс» (320) көрінеді. Бұл арада экономист мырзаның «көмек» деп отырғаны — жерді өте қолайсыз шарт бойынша, батыраққа айналу шарты бойынша алу! «Село халқының мұқтаж болып отырған бөлегіне» осы сияқты «көмек» көрсетуге қашан да дайын болып келген және дайын тұрған Россия халықшылдары мен Россия аграрийлерінің арасында қандай айырма бар? деген сұрау туады. Реті келгенде айта кетейік, бір қызғылықты мысал мынау. Бессарабия губерниясының Хотин уезінде тең ортаққа істеушінің күндік табысы орта есеппен алғанда 60 тиын, ал күндікшінің жаздыгүнгі табысы орта есеппен алғанда күніне 35—50 тиын деп есептеледі. *«Қалай дегенмен де тең ортаққа істеушінің табысы батыраққа төленетін ақыдан жоғары* болып шығады» (344; курсив Карышев мырзанікі). Мұндағы «қалай дегенмен де» — көңіл қоярлық сөз. Бірақ тең ортаққа істеушінің, батыраққа қарағанда шаруашылығына жұмсайтын шығыны бар емес пе? оның аты мен арба-сайманы болуы керек емес пе? бұл шығындар неге есептелмей отыр? Егер жаздыгүні Бессарабия губерниясында күндік ақы орта есеппен 40—77 тиынға тең болса (1883—1887 және 1888—1892 жылдары), онда ат-арбасымен істейтін жұмысшының күндік ақысы орта есеппен 124—180 тиынға тең келеді (1883—1887 және 1888—1892 жылдары). Қайта, «қалай дегенмен де» батырақ тең ортаққа істеушіден көбірек алатын болып шықпай» ма? Бессарабия губерниясында 1882—1891 жылдары көліксіз жұмысшының күндік ақысы орта есеппен (тұтас бір жыл үшін орта есеппен) 67 тиын болып есептеледі (ibid., 178).

ол уақытта, аттың істеген жұмысын есептемегенде, тек көліксіз жұмысшының еңбегіне ғана 6 сом 19 тиын төленеді (аттың істеген жұмысын 4 сом 50 тиыннан кем бағалау мүмкін емес, l. с., 45). Жинақты құрастырушының мұндай құбылысты — «тіпті де бір қалыпты емес» деп есептеуі әділетті (ibid.). Тек қана мынаны ескерте кетейік, кіріптарлықтың және капитализмге дейінгі басқа қатынастардың әр қилы формаларына қарағанда бірыңғай капиталистік жалдаудың тұсындағы еңбекке ақы төлеудің неғұрлым жоғары екендігі — тек егіншілік жөнінде ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіп жөнінде де, тек Россия жөнінде ғана емес, сонымен қатар басқа елдер жөнінде де анықталған факт. Бұл мәселе жөніндегі земство статистикасының неғұрлым дәл және неғұрлым толық мәліметтері мынау («Саратов уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», I том, III бөлім, 18—19-беттер. Цитат Карышев мырзаның «Арендалар» деген кітабынан алынды, 353-бет): [213-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, капиталистік жалдаумен салыстырғанда, жұмыспен өтеу кезінде (өсімқорлықпен қосылған кіріптарлық жалдау кезіндегі сияқты) еңбектің бағасы әдетте екі еседен аса төмен болып отыр *. Өйткені жұмыспен өтеуді жергілікті шаруа ғана және оның үстіне сөзсіз «үлесті жермен қамтамасыз етілген» шаруа ғана міндетіне ала алады, ақының бұл сияқты орасан төмендеу фактісі үлесті жердің заттай жалақы ретінде маңызы бар екенін айқын көрсетеді. Үлесті жер мұндай жағдайларда қазіргі уақытта да жер иесін арзанға түсетін жұмысшылармен «қамтамасыз етудің» құралы болып келеді. Бірақ ерікті жұмыс пен «жартылай ерікті» ** жұмыстың арасындағы айырма тек ақы төлеудегі айырмамен ғана бітпейді. Сонымен қатар мынадай жағ-

* Осылай болып отырғаннан кейін, мәселен, князь Васильчиков сияқты халықшылдың капитализмге беріп отырған сынын реакцияшыл деп қалай атамассың. «Еркімен жалданатын» деген сөздің өзінде,— деп лепірёді ол,— қайшылық бар, өйткені жалдау дербестіктің жоқтығын білдіреді, ал дербестік болмаған соң «ерік те» болмайды. Капитализм кіріптар дербессіздіктің орнына еркін дербессіздікті қойып отырғанын, халықшылсынған помещик, әрине, ұмытып кетеді.

** Карышев мырзаның сөзі. l. с. Карышев мырзаның жарым-жарымшылық арендалар «жартылай ерікті» еңбекті бастан өткізуге «көмектеседі» деген қорытынды жасамағаны бекер болған.

*Саратов уезі*

Бір десятинаны ұқсату жұмысының орта бағасы
(сом есебімен)

| Жұмыстың түрлері | Жалақының 80—100% *күнілгері* берілетін қысқы көтерме жұмыс кезінде | Егістікті арендаға алғаны үшін жұмыспен өтеу кезінде | | Ерікті түрде жалдау кезінде | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жазба шарттар бойынша | жерді жалға алушылардың көрсетуі бойынша | жалдаушылардың көрсетуі бойынша | жалданушылардың көрсетуі бойынша |
| Толық ұқсату және астықты жинап, тасып, бастырып беру | 9,6 | — | 9,4 | 20,5 | 17,5 |
| Нақ осы жұмыс, бастыруды шығарып тастағанда (жаздық егіс) | 6,6 | — | 6,4 | 15,3 | 13,5 |
| Нақ осы жұмыс, бастыруды шығарып тастағанда (күздік егіс) | 7,0 | — | 7,5 | 15,2 | 14,3 |
| Ұқсату | 2,8 | 2,8 | — | 4,3 | 3,7 |
| Астық жинау (ору мен тасу) | 3,6 | 3,7 | 3,8 | 10,1 | 8,5 |
| Астық жинау (тасуды шығарып тастағанда) | 3,2 | 2,6 | 3,3 | 8,0 | 8,1 |
| Ору (тасуды шығарып тастағанда) | 2,1 | 2,0 | 1,8 | 3,5 | 4,0 |

дайдың да өте зор маңызы бар: «жартылай ерікті» жұмыс жағдайында жалданушының жеке басы әрқашан жалдаушыға тәуелді болады, «экономикадан тыс күштеу» азды-көпті болса да әрқашан сақталады. Жұмыспен өтетпек болып ақша үлестіріп беру мұндай қарыздың ең сенімді қарыз болғандығынан істеліп отыр, өйткені орындату қағазы арқылы шаруадан өндіріп алу қиын, «ал шаруаның істеп беруге міндетті болған жұмысына келсек, ол жұмысты бастықтар шаруаның өз астығы орылмай қалса да *зорлап* орындаттырады» (l. c., 216) деп Энгельгардт өте тауып айтып отыр. Бө-

тен біреудің егінінің бауларын тасуға бару үшін егіншінің өз астығын жаңбырға тастап кете беретін «шыдамдылығын» (көрер көзге ғана) — «құлдықтың, баринге басыбайлы жұмыс істеудің көп жыл бойғы дағдысы ғана туғыза алды» (ibid., 429). Халықты тұрған орнына, «қауымға» матаудың белгілі бір формалары болмайынша, белгілі бір азаматтық кем праволылық болмайынша, жұмыспен өтеудің система ретінде болуы мүмкін болмас еді. Жұмыспен өтеу системасының осы суреттелген белгілерінің еңбек өнімділігінің төмен болуына әкеп соқпай қоймайтындығы өзінен-өзі түсінікті: жұмыспен өтеуге негізделген шаруашылық әдістері тек ең мешеу әдістер ғана бола алады; кіріптар болған шаруаның еңбегі өзінің сапасы жағынан крепостниктік еңбекке жақын болмауы мүмкін емес.

Жұмыспен өтеу системасы мен капиталистік системаның қосылуы помещиктік шаруашылықтың қазіргі құрылысын өзінің экономикалық ұйымдастырылуы жағынан, машиналы ірі индустрия шыққанға дейінгі біздің тоқыма индустриямызда басым болған құрылысқа өте ұқсас етіп отыр. Онда жұмыстардың бір бөлігін көпес өзінің құралдарымен және жалдама жұмысшылармен істетсе (арқау жібін өткізу, матаны бояу, өңдеу және басқалар), ал қалған бөлігі көпестің өз материалынан бұйым істеп беретін майдагер-шаруалардың құралдарымен істелді; мұнда жұмыстардың бір бөлігін иесінің құрал-саймандарын қолданатын жалдама жұмысшылар атқарса, енді бір бөлігі басқаның жерінде жұмыс істейтін шаруалардың еңбегімен және олардың құрал-саймандары арқылы орындалады. Ол құрылыста өнеркәсіп капиталына сауда капиталы қосылып, майдагерді капиталдан басқа кіріптарлық, шебершелердің делдалдығы, truck-system және басқалар қанай түсті; мұнда да дәл солай өнеркәсіп капиталына еңбек ақыны төмендетудің және өндірушінің жеке басының тәуелділігін күшейтудің әр қилы формалары бар сауда капиталы мен өсімқорлық капитал қосылады. Ол құрылыста қарадүрсін қол техникасына негізделген өтпелі система ғасырлар бойы өмір сүріп келді, ал оны машиналы ірі индустрия бар болғаны үш он жылдың ішінде тас-талқан етті; бұл

құрылыста жұмыспен өтеу мешеу техниканы мәңгі сақтай отырып, Русь құрылған кезден бастап дерлік (жер иелері смердтерді «Русская Правда» [86] кезінде де кіріптарлыққа салған болатын) өмір сүрді, сөйтіп тек реформадан кейінгі заманда ғана капитализмге орын беріп, тез ығыса бастады. Бұл екі құрылыстың екеуінде де ескі система өндіріс формаларындағы (демек, әрі барлық қоғамдық қатынастардағы) тоқырау мен азиаттықтың үстемдік етуін ғана білдіреді. Бұл екі құрылыстың екеуінде де шаруашылықтың жаңа, капиталистік формалары, өздеріне тән қайшылықтардың бәріне қарамастан, ірі прогресс болып табылады.

### IV. ЖҰМЫСПЕН ӨТЕУ СИСТЕМАСЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

Енді, жұмыспен өтеу системасы Россияның реформадан кейінгі экономикасына қандай қатынаста болып отыр? деген сұрау туады.

Ең алдымен, товар шаруашылығының өсуі жұмыспен өтеу системасымен үйлесе алмайды, өйткені бұл система натуралды шаруашылыққа, мешеу техникаға, помещик пен шаруаның айрылмастай байланысты болуына негізделген. Сондықтан бұл система — толық түрде мүлде жүзеге аспайтын система, ал товар шаруашылығы мен сауда егіншілігінің дамуының әрбір қадамы бұл системаның іске асуына қажетті жағдайларды жойып отырады.

Содан кейін мына жағдайды еске алу керек. Жоғарыда айтылғандардан қазіргі помещиктік шаруашылықтағы жұмыспен өтеуді екі түрге бөлген жөн екендігі туады: 1) жұмыс көлігі мен құрал-сайманы бар қожайын-шаруа ғана орындай алатын жұмыспен өтеу (мәселен, «теңдеме» десятинаны ұқсату, жер жырту және басқа жұмыстар) және 2) қолында ешқандай құрал-сайманы жоқ село пролетары да орындай алатын жұмыспен өтеу (мәселен, ору, шабу, бастыру және сол сияқты жұмыстар). Шаруалар шаруашылығы үшін де, сондай-ақ помещиктік шаруашылық үшін де жұмыспен өтеудің бірінші түрі мен екінші түрінің қарама-қарсы мағызы бар екені анық, жұмыспен өтеудің соңғы түрі

капитализмге тікелей өту болып табылады, ол мүлде көзге шалынбайтын өтулермен қатар капитализммен бірігіп кетеді. Әдетте, біздің әдебиетімізде бұл айырмашылықты көрсетпестен, жұмыспен өтеу туралы жалпы сөз етеді. Оның бер жағында капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығару процесінде пазарды жұмыспен өтеудің бірінші түрінен екінші түріне баса аударудың орасан зор маңызы бар. «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағынан» мынадай мысал келтірейік: «Имениелердің *көпшілігінде...* егістік жер мен егінді баптау жұмысын, яғни мұқият орындалуы егіннің шығымды болуының тағдырын шешетін жұмыстарды тұрақты жұмысшылар орындап отырады, ал астықты жинау, яғни дер кезінде және тез орындалуы бәрінен де маңыздырақ болатын жұмыс ақша төленіп немесе пайдалануға жер беріліп, маңайдағы шаруаларға тапсырылады» (V том, 2-кітап, 140-бет). Бұл сияқты шаруашылықтарда жұмысшылардың көпшілігі жұмыспен өтеу арқылы алынады, бірақ мұнда капиталистік системаның басым екенінде күмән жоқ, сөйтіп «маңайдағы шаруалар» Германиядағы әрі иелігінде жерлері болатын, әрі жылдың белгілі бір бөлегіне келісіп жалданатын «шарттасқан күндікшілер» сияқты шын мәнінде село жұмысшыларына айналады (жоғарыдан 124-беттегі ескертуді * қараңыз). 90-жылдарда ** егіннің шықпай қалуының салдарынан шаруаларда ат санының орасан кеміп, атсыз үйлердің көбеюі капита-

* Осы том, 184—185-беттер. *Ред.*

** 48 губернияда 1893—1894 жылдары жүргізілген ат санағы барлық ат иелерінің жылқысы 9,6% кемігендігін, ат иелері санының 28 321 адамға азайғандығын көрсетті. Тамбов, Воронеж, Курск, Рязань, Орел, Тула және Нижегород губернияларында 1888 жылдан 1893 жылға дейін жылқы саны 21,2% кеміген. Қара топырақты басқа жеті губернияда 1891 жылдан 1893 жылға дейін жылқы саны 17% кеміген. Европалық Россияның 38 губерниясында 1888—1891 жылдары 7 922 260 шаруа үйі болған, олардың ішінде аты барлары — 5 736 436 үй; 1893—1894 жылдары бұл губернияларда 8 288 987 үй болған, олардың ішінде аты барлары — 5 647 233 үй. Демек, аты бар үйлердің саны 89 мыңға кеміп, атсыздардың санына 456 мың үй қосылған. Атсыз үйлердің проценті 27,6 проценттен 31,9 процентке көбейген («Россия империясының статистикасы». XXXVII. СПБ. 1896). Жоғарыда біз Европалық Россияның 48 губерниясы бойынша атсыз үйлердің саны 1888—1891 жылдардағы 2,8 миллионнан 1896—1900 жылдары — 3,2 миллионға дейін өскендігін — яғни 27,3 проценттен 29,2 процентке жеткендігін көрсеттік. Оңтүстіктегі 4 губернияда (Бессарабия, Екатеринослав, Таврия, Херсон губернияларында) атсыз үйлердің саны 1896 жылғы 305,8 мыңнан 1904 жылы 341,6 мыңға дейін өсті, яғни 34,7 проценттен 36,4 процентке дейін өсті. *(2-басылуына ескерту).*

листік системаның жұмыспен өтеу системасын ығыстырып шығаруының осы процесін тездетуге күшті әсер етпей қойған жоқ *.

Ақырында, жұмыспен өтеу системасының құлауының ең басты себебі ретінде шаруалардың жіктелуін көрсете кетуіміз керек. Жұмыспен өтеудің (*бірінші* түрінің) — жоғарыда көрсетіп өткеніміздей,— шаруалардың нақ орта тобымен байланысты екені түсінікті және a priori,— оны земство статистикасының мәліметтерімен дәлелдеп беруге болады. Мәселен, Воронеж губерниясының Задонск уезі жөніндегі жинақта шаруалардың әр түрлі топтарында кесімді жұмыстар алған шаруашылықтардың саны туралы мәліметтер бар. Бұл мәліметтер процентпен көрсеткенде мынадай болып шығады:

| Үй қожайындарының топтары | Кесімді жұмыс алған қожайындардың топтағы барлық қожайындар санына келетін % | Жиынтығына келетін %: барлық үйлер | Жиынтығына келетін %: кесімді жұмыс алған үйлер |
|---|---|---|---|
| Аты жоқтар | 9,9 | 24,5 | 10,5 |
| Бір аты барлар | 27,4 | 40,5 | 47,6 |
| 2—3 » » | 29,0 | 31,8 | 39,6 |
| 4 » » | 16,5 | 3,2 | 2,3 |
| *Уезд бойынша* | 23,3 | 100 | 100 |

Кесімді жұмыстарға қатысу шаруалардың жоғарғы тобы мен төменгі тобында нашарлап бара жатқаны осыдан айқын көрініп отыр. Кесімді жұмыс істейтін үйлердің көпшілігі шаруалардың орта тобынан болып отыр. Земстволық статистика жинақтарында кесімді жұмыстар да көбінесе жалпы алғанда «табыстарға» жатқызылатындықтан, біз бұл арада, мұның алдындағы тарауда шаруалардың төменгі және жоғарғы топтарының дағдылы «табыстарымен» танысқанымыз сияқты, орта шаруалардың дағдылы «табыстарының»

* Мынаны да салыстырыңыз: *С. А. Короленко.* «Еркті жалдама еңбек және т. т.», 46—47-беттер, мұнда 1882 және 1888 жылдардағы ат санақтары негізінде шаруаларда жылқы санының кемуімен қатар жеке иелерде ат санының көбейіп отырғандығы жөнінде мысалдар келтірілген.

мысалын көріп отырмыз. Ол тарауда қаралған «табыстардың» түрлері капитализмнің дамуын көрсетеді (сауда-өнеркәсіп орындары және жұмыс күшін сату), ал «табыстардың» бұл түрі, керісінше, капитализмнің артта қалғандығын және жұмыспен өтеудің басым (егер «кесімді жұмыстардың» жалпы санында өзіміз жұмыспен өтеудің бірінші түріне жатқызған жұмыстар басым деп есептейтін болсақ) екенін көрсетеді.

Натуралды шаруашылық пен орта шаруалар құлдырай берген сайын, капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруы да соғұрлым күшейе түсуге тиіс. Ауқатты шаруалар жұмыспен өтеу системасы үшін, әлбетте, негіз бола алмайды, өйткені ең аз ақы төленетін және өзінің шаруашылығын күйзелтетін жұмысты алуға шаруаны барып тұрған мұқтаждық қана мәжбүр етеді. Алайда сонымен қатар жұмыспен өтеу системасына село пролетариаты да негіз бола алмайды, бірақ мұның себебі басқаша: ешбір шаруашылығы болмайтын немесе ұлтарақтай-ақ жері болатын село пролетары жерге «орта» шаруа сияқты тәуелді болмайды, ал осының арқасында басқа жаққа кетіп, «ерікті» жағдайларда жалдану, яғни көбірек ақыға және ешбір кіріптарлықсыз жалдану село пролетарына анағұрлым оңай болады. Осыдан келіп біздің аграрийлер шаруалардың қалаларға кетуіне және жалпы алғанда «көлденең табыстарға» кетуіне қарсы жаппай наразылық көрсетеді, осыдан келіп олар шаруалардың «шырмалуы кем» болып отыр деп шағым айтады (төменде, 183-бетті қараңыз *). Таза капиталистік жалдама жұмыстың дамуы жұмыспен өтеу системасының түп негізін шайқалтады **.

---

* Осы том, 267-бет. *Ред.*

** Ерекше айқын көзге түсетін мысал мынау. Екатеринослав губерниясындағы Бахмут уезінің әр түрлі жерлерінде ақшалай аренда мен заттай аренданың бірсыпыра таралғандығын земство статистиктері былай деп түсіндіреді:

«Ақшалай аренданың ең көп тараған жерлері тас көмір және тұз өнеркәсібі ауданында, ал ең аз тараған жерлері — далалық және таза егіншілік ауданда болып отыр. Шаруалар кісі жұмысын істеуге жалпы алғанда ынталы болмайды, ал жеке «экономиялардағы» неғұрлым қыспағы күшті және ақы аз төленетін жұмысқа одан да гөрі ықыласссыз болады. Шахталардағы және жалпы кен қазу мен кен-завод ісіндегі жұмыс ауыр болады және жұмысшының денсаулығына зиян келтіреді, бірақ ол, жалпы айтқанда, ақыны тәуірірек төлейді

Шаруалардың жіктелуі мен капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруы арасындағы осы тығыз байланысты — теория жүзінде сондай айқын байланысты,— помещиктік имениелерде шаруашылықты жүргізудің әр түрлі тәсілдерін бақылап келген ауыл шаруашылығы жазушылары әлдеқашан көрсеткенін ескерте кетудің өте-мөте зор маңызы бар. Орыс шаруашылығы туралы 1857 жылдан 1882 жылға дейін жазған мақалаларының жинағына арнаған алғы сөзінде профессор Стебут мынаны көрсетеді: «Біздің қауымдық шаруа шаруашылығында *селолық өнеркәсіпші-қожайындар мен ауыл шаруашылығы батырақтары арасында жіктелу* жүріп жатыр. Біріншілері ірі егінші болып алып, батырақтар ұстай бастайды және әдетте кесімді жұмыс алуды қойып кетеді, егер алса, егіс үшін тағы да біраз жер қосу немесе жерді мал жаю үшін пайдалану әлдеқалай аса қажет болып қалғанда ғана алады, мұны көбінесе кесімді жұмыс арқылы алуға болады, басқаша алуға болмайды; ал екіншілері аттары болмағандықтан ешқандай кесімді жұмыс ала алмайды. *Осыдан келіп батырақтық шаруашылыққа көшудің, тіпті тезірек көшудің айқын қажеттігі туады:* әлі де болса десятиналап кесімді жұмыс алып отырған шаруалар аттарының на-

---

және жұмысшыны ай сайын немесе апта сайын ақша беріп отыратындығымен қызықтырады, ал «экономияда» істеп жүріп жұмысшы жалпы мұндай ақшаны көре алмайды, өйткені ол онда не өзінің алған «ұлтарақтай жерін», «азғантай сабанын», «азғантай астығын» жұмыспен өтейді немесе өзінің үнемі болып тұратын мұқтажына ұстауға барлық ақшасын күн ілгері алып қояды, т. т. Осының бәрі жұмысшыны «экономияларда» жұмыс істеуден бас тартуға мәжбүр етеді, «экономиядан» басқа жерден де ақша табу мүмкіндігі болғандықтан, жұмысшы «экономияда» жұмыс істеуден бас тартады. Ал мұндай мүмкіндік көбінесе нақ сол жұмысшыларға ақшаны «жақсы» төлейтін шахталардың көп жерінде болады. Шахталарда істеп «тиынтебен» тауып алып, шаруа «экономияға» жұмыс істеуді міндетіне алмай-ақ, сол ақшасына жерді арендалай алады, сөйтіп ақшалай аренданың үстемдігі орнайды» (цитат «Земство статистикасының қорытындылары» бойынша келтірілді, II том, 265-бет). Ал уездің өнеркәсіпті емес, далалық болыстарында шөмелелік аренда мен жұмыспен өтеу арендасы орнайды.

Сонымен, шаруа жұмыспен өтеуден тіпті шахтаға қашуға да дайын! Жалақысын уақытында таза ақшалай төлеп тұру, жалданудың жеке басқа тәуелділік өзгешелігі жоқ түрде болуы және тәртіпке келтірілген жұмыс шаруаны «қызықтыратыны» соншалық, *тіпті* жер астында кен қазуды егіншіліктен, біздің халықшылдардың бір керемет нәрсе ретінде суреттеп жүрген егіншілігінен, артық көреді. Істің мәні нақ мынада — аграрийлер мен халықшылдар дәріптеп жүрген жұмыспен өтеудің қандай екендігін және таза капиталистік қатынастардың жұмыспен өтеуден қаншалықты тәуір екенін шаруаның ауыртпалықты өз мойнымен көтергендіктен білетінінде болып отыр.

шарлығынан және алып қойған жұмыстарының көптігінен, сапасы жағынан да, сондай-ақ орындау мерзімі жағынан да жұмысты нашар атқаратын бола бастайды» (20-бет).

Земствоның осы күнгі статистикасында да шаруалардың күйзелуі капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруына әкеліп соғады деп көрсетілген. Мәселен, Орел губерниясында астық бағасының төмендеуі арендаторлардың көбін күйзелтіп жібергені, сөйтіп жер иелерінің экономикалық егістіктерді арттыруға мәжбүр болғаны байқалған. «Экономикалық егістіктерді ұлғайтумен қатар кесімді еңбекті батырақ еңбегімен ауыстырып, шаруа құрал-саймандарымен пайдаланудан құтылу талабы,... жақсартылған құралдар енгізу арқылы егістік жерді баптау жұмысын жетілдіру,... шаруашылық системасын өзгерту, шөп егісін енгізу, мал шаруашылығын ұлғайту мен жақсарту, оны өнім беретін ету талабы барлық жерлерде де байқалып отыр» («Орел губерниясының ауыл шаруашылығына 1887/88 жылғы шолу», 124—126-беттер. Цитат П. Струвенің «Сын заметкалары» бойынша алынды, 242—244-беттер). Полтава губерниясында 1890 жылы астықтың бағасы төмендеген кезде: «бүкіл губернияда... шаруалардың арендаға жер алуы азайғандығы»... байқалды. «Осыған сәйкес көптеген жерлерде, астық бағасының қатты төмендегеніне қарамастан, жер иелерінің өз егістерінің көлемі көбейді («Егін шығымдылығының әсері және т. т.», I, 304). Тамбов губерниясында атпен істейтін жұмыстар бағасының қатты көтерілген фактісі байқалған: 1892—1894 жылдардағы үш жылдың ішінде бұл баға 1889—1891 жылдардағы үш жылдың ішіндегіден 25—30% көтеріңкі болған («Новое Слово», 1895, № 3, 187-бет). Атпен істейтін жұмыстардың қымбаттауы — шаруа аттарының азаюының табиғи нәтижесі — капиталистік системаның жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруына әсер етпей қоймайды.

Мұндай жеке жағдайларды көрсету арқылы біз, әрине, капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаратындығы туралы қағиданы дәлелдеуді көздеп отырғанымыз жоқ: бұл туралы толық статистикалық мәлімет-

тер жоқ. Біз бұл арқылы шаруалардың жіктелуі мен капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруы арасындағы *байланыс* туралы қағиданы ғана көрсетеміз. Бұл ығыстырып шығарудың бар екенін бұлтартпай дәлелдейтін жалпы және жаппай сипаты бар мәліметтер ауыл шаруашылығында машина қолдану мен ерікті жалдама еңбекті қолдануға қатысты болып отыр. Бірақ біз бұл мәліметтерге көшуден бұрын, халықшыл-экономистердің Россиядағы қазіргі жеке иелік шаруашылықтар жөніндегі көзқарастарына тоқтала кетуіміз керек.

### V. МӘСЕЛЕГЕ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ КӨЗҚАРАС

Жұмыспен өтеу системасы барщиналық шаруашылықтың жай сарқыншағы дейтін қағиданы халықшылдар да теріске шығармайды. Қайта, мұны — нағыз жалпы формада болмағанмен — Н.— он мырза да («Очерктер», § IX), В. В. мырза да (әсіресе айқын түрде: «Біздің шаруа шаруашылығы және агрономия» деген мақаласында, «Отечественные Записки», 1882, № 8—9) мойындайды. Сондықтан жеке иеліктегі шаруашылықтың қазіргі құрылысы жұмыспен өтеу системасы мен капиталистік системаның бірігуінен құрылып отырғандығын, демек, мұның біріншісі неғұрлым дамыған болса, екіншісі соғұрлым әлсіз болатындығын және керісінше екендігін — осы қарапайым әрі түсінікті фактіні мойындаудан халықшылдардың ат-тонын ала қашатындығы,— бұл екі системаның екеуінің де еңбек өнімділігіне, жұмысшының еңбегіне ақы төлеуге, Россияның реформадан кейінгі экономикасының негізгі белгілеріне және сондайларға қандай қатынаста тұрғандығына талдау жасаудан халықшылдардың бас тартатындығы таңырқарлық нәрсе. Мәселені осы негізде, *шын мәнінде болып жатқан «алмасуды»* көрсету негізінде қою — жұмыспен өтеуді капитализмнің сөзсіз ығыстырып шығаратынын және мұндай ығыстырып шығарушылықтың прогресті екенін мойындау болар еді. Бұл қорытындыдан бұлтару үшін халықшылдар тіпті *жұмыспен өтеу системасын дәріптеуден де* тайынған жоқ. Бұл масқара

дәріптеу — помещиктік шаруашылықтың эволюциясына халықшылдық көзқарастардың негізгі белгісі. В. В. мырза «егіншілік мәдениетінің формасы үшін күресте халық жеңімпаз болып қала береді, қол жеткен жеңіс халықтың күйзелуін бұрынғыдан бетер күшейте түскенімен осылай болады» («Капитализмнің тағдыры», 288-бет) деп жазуға дейін барып отыр. Жеңілуді атап көрсетуден гөрі, *мұндай* «жеңісті» мойындау ашық айтқандық болады! Н.— он мырза барщиналық шаруашылық пен жұмыспен өтеу шаруашылығы кезінде шаруаның үлесіне жер беруде «өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарымен біріктіру» «принципі» бар деп біледі, ол бұл арада бір кіші-гірім жағдайды — үлесті жер беру помещикті жұмысшылармен қамтамасыз етудің құралы болып табылатынын ұмытып отыр. Біз бұған дейін көрсеткеніміздей, Маркс капитализмге дейінгі егіншілік жүйелерін суреттей келіп, экономикалық қатынастардың Россияда бар формаларының *барлығына* да талдау жасады, сөйтіп ұсақ өндірістің болуының және шаруаның жермен байланысты болуының жұмыспен өтеу рентасы кезінде де, заттай рента кезінде де, ақшалай рента кезінде де қажет екенін айқын атап көрсетті. Бірақ тәуелді шаруаның үлесіне осылайша жер беруді өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарымен ғасырлар бойы байланысты ету «принципіне» айналдыру оның ойына келді ме екен? Өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарымен *бұл* байланысының орта ғасырлық қанаудың көзі мен шарты болғанын, техникалық және қоғамдық тоқырауды туғызғанын және «экономикадан тыс күштеудің» әр қилы формаларының болуын міндетті түрде талап еткенін ол бір минут болса да ұмытты ма екен?

Орлов пен Каблуков мырзалар Москва земство статистикасының «Жинақтарында» жұмыспен өтеу мен кіріптарлықты дәл осылай дәріптейді, олар Подольск уезіндегі Костинская деген бір ханымның шаруашылығын үлгілі шаруашылық етіп көрсетеді (қараңыз: V том, I кітап, 175—176-беттер және II том, II бөлім, 59—62-беттер). Каблуков мырзаның ойынша, бұл шаруашылық «істі мұндай қарама-қарсылықты жоятын-

дай (sic!!) етіп» (яғни помещиктік шаруашылық пен шаруалар шаруашылығының мүдделерінің қарама-қарсылығын жоятындай етіп), «және шаруалар шаруашылығының да, сондай-ақ жеке шаруашылықтың да жағдайының түлденуіне (sic!) көмектесетіндей етіп жолға қоюдың мүмкін екенін» дәлелдейді (V том, I кітап, 175—176-беттер). Бақсақ, шаруалардың жағдайының жақсарып түлденуі... жұмыспен өтеу мен кіріптарлықта көрінеді. Шаруалардың *мал жаятын және мал айдайтын жерлері болмайды* (II том, 60—61-беттер) — бірақ бұл жағдай халықшыл мырзалардың оларды «іждағатты» қожайындар деп санауына бөгет жасамайды,— ал шаруалар бұл жерлерді жер иесі — ханымнан *жұмыс істеп бермек болып* арендаға алады, «оның имениесіндегі барлық жұмыстарды мұқият, уақытылы әрі тез» * орындап отырады.

Барщинаның тікелей сарқыншағы болып отырған шаруашылық системасын дәріптеуде бұдан әрі бару мүмкін емес!

Бұл сияқты халықшылдық пайымдаулардың барлығының тәсілдері өте қарапайым; шаруаның үлесіне жер беру — барщиналық шаруашылықтың немесе жұмыспен өтеу шаруашылығының шарттарының бірі екенін ұмытып, бұл «дербессымақ» егіншінің жұмыспен өтеу рентасын, заттай рентаны немесе ақшалай рентаны өтеуге міндетті екенін абстракцияға айналдырса-ақ болғаны,— сонда біз «өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарымен байланысты екендігі» туралы «таза» идеяны көреміз. Бірақ бұл формаларды жай абстракциялаудан капитализмнің капитализмге дейінгі қанау формаларына шын мәніндегі қатынасы ешбір өзгермейді **.

---

* *Волгиннің* әлгі айтылған шығармасының 280—281-беттерін салыстырыңыз.

** Жұрт ақшалай арендалардың орнына жұмыспен өтеу арендаларының таралуы...— регрестік факт деседі. Сонда біз бұл құбылыс ойдағыдай, тиімді құбылыс деп отырмыз ба екен? Біз мұны прогрестік құбылыс деп еш уақытта да айтқан емеспіз»,— деп мәлімдеді Чупров мырза «Егін шығымдылығының әсері және т. т.» деген кітаптың барлық авторларының атынан (қараңыз: Императорлық ерікті экономикалық қоғамда 1897 жылғы 1 және 2 мартта болған жарыссөздер туралы стенографиялық есеп [87], 38-бет). Бұл мәлімдеме формальды жағынан да дұрыс емес, өйткені Карышев мырза (жоғарыны қараңыз) жұмыспен өтеуді село халқына «жәрдем» деп суреттеген болатын. Ал істің мәнісіне келгенде бұлай деп мәлімдеу жұмыспен өтеуді дәріп-

Каблуков мырзаның басқа бір, өте назар аударарлық пікіріне біраз тоқталайық. Біз оның жұмыспен өтеуді дәріптейтінін көріп өттік; бірақ бір ғажабы — Каблуков мырза статистик ретінде Москва губерниясындағы *таза капиталистік* шаруашылықтардың *шын* типтерін сипаттаған кезде,— оның баяндауында орыс егіншілігіндегі капитализмнің прогресті екендігін дәлелдейтін нақ сол фактілер — оның еркіне қарсы және бұрмаланған түрде бейнеленіп отыр. Біраз шұбалаңқы көшірме келтіргеніміз үшін оқушыдан алдын ала кешірім сұрап және бұған ықылас қоюын өтінеміз.

Москва губерниясында ерікті жалдама еңбек болатын шаруашылықтардың ескі типтерінен басқа мыналар бар:

> «шаруашылықтардың жаңа, таяуда пайда болып келе жатқан типі бар, бұл шаруашылықтар дәстүр атаулының бәрін былай қалдырып, табыстың көзі болуға тиісті өндіріске қалай қараса, іске де солай жай көзбен қарайды. Мұнда ауыл шаруашылығына енді бариннің ермегі деп, әркімнің қолынан келе беретін іс деп караушылық жоқ... Қайта, мұнда жұрт арнаулы білім алу қажеттігін мойындайды... Есептеу негізі» (өндірісті ұйымдастыру жөнінде) «өндірістің барлық басқа түрлерінде қандай болса, мұнда да сондай» («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», V том, 1 кітап, 185-бет).

70-жылдарда «таяуда пайда болып келе жатқан» шаруашылықтың жаңа типіне мұндай сипаттама беру егіншіліктегі капитализмнің прогресті екенін дәлелдейтінін Каблуков мырза байқамай да отыр. Егіншілікті «бариннің ермегінен» кәдімгі қалыпты өнеркәсіпке бірінші рет нақ капитализм айналдырды, бірінші рет

---

теп отырған барлық халықшылдық теориялардың шын мазмұнына мүлде қайшы келеді. Т.-Барановский мен Струве мырзалардың сіңірген үлкен еңбегі — олардың астық бағаларының төмен болуының маңызы туралы мәселені дұрыс *қойғандығы* (1897 жылы) болып табылады: бұларды бағалау өлшемі — мұндай бағалар капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруына жәрдемдесе ме, әлде жәрдемдеспей ме деген сұрау болуға тиіс. Әлбетте, мұндай сұрау орынды сұрау, ал бұл сұрауға жауап беруге келгенде біз аталған жазушылардан біраз алшақтап кетеміз. Тексте баяндалған мәліметтерге сүйене отырып (әсіресе осы тараудың VII параграфы мен IV тарауды қараңыз), біз капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруы астық бағасы төмен болған кезеңде мұның алдындағы астық бағасы жоғары болған тарихи кезеңдегіден гөрі жылдам болмаса, бәсең болмауы мүмкін және тіпті солай болуы ықтимал деп санаймыз.

«іске жай көзбен қарауға» мәжбүр еткен де, «дәстүрден қол үзіп», «арнаулы біліммен» қарулануға мәжбүр еткен де нақ капитализм. Капитализмге дейін мұның керегі де жоқ еді және болуы мүмкін де емес еді, өйткені жекелеген помещиктердің, қауымдардың, шаруа семьяларының шаруашылықтары «өздерімен-өздері болды», басқа шаруашылықтарға тәуелді болмады, сөйтіп оларды ғасырлық тоқыраушылықтан ешқандай күш босата алмады. Капитализм жекелеген өндірушілер өндірісінің қоғамдық есебін (рынок арқылы) жасап шығарған, ол өндірушілерді қоғамдық дамудың талаптарымен санасуға мәжбүр еткен күштің дәл өзі болды. Капитализмнің барлық европалық елдердің егіншілігіндегі прогрестік ролінің өзі де нақ осындай болып отыр.

Енді Каблуков мырзаның біздің таза капиталистік шаруашылықтарымызды қалай сипаттайтынын тыңдап көрейік:

«Мұнан соң, табиғатқа әсер етудің қажетті факторы ретінде, жұмыс күші есепке алынады, мұнсыз имениелерді ұйымдастырудың ешқайсысынан да түк шықпайды. Сонымен, бұл элементтің барлық маңызын мойындай отырып, сонымен қатар мұны табыстың дербес көзі деп қарамайды, ал крепостниктік право кезінде болғанындай немесе қазірдің өзінде де кей жағдайларда қолданылатынындай, имение табысының негізіне еңбекті қолданудың тікелей мақсаты болып отырған еңбек өнімі емес, бұл еңбекті неғұрлым бағалы өнімдер өндіру үшін жұмсауға ұмтылу, сөйтіп осы арқылы оның нәтижелерін пайдаланып қалу емес, қайта өнімнің жұмысшы өзіне алатын, оның үлесіне тиетін бөлегін азайтуға ұмтылу, қожайынға істелетін еңбектің құнын мүмкіндігіне қарай барынша кемітуге тырысу алынады» (186). Бұл арада кесінді жерлер үшін шаруашылық жүргізу жайында айтылып отыр. «Мұндай жағдайларда шаруашылықтың табысты болуы үшін қожайыннан білім де, ерекше қасиет те талап етілмейді. Бұл еңбектің арқасында табылғандардың барлығы кәсіп иесінің таза табысы немесе, ең болмағанда, айналмалы капиталды мүлде дерлік шығындамай-ақ алынатын табыс болады. Бірақ мұндай шаруашылықтың, әрине, жақсы жолға қойылуы мүмкін емес және, ол осы сөздің дәл өз мағынасында айтқанда, шаруашылық деп аталына алмайды, сондай-ақ олардың барлық жарамды жерлерді арендаға беруі де шаруашылық деп аталына алмайды; мұнда шаруашылық ұйымы жоқ» (186). Сөйтіп, кесінді жерлерді жұмыспен өтеуге беру мысалдарын келтіре отырып, автор былай деп қорытады: «Шаруашылықтың негізгі салмағы, жерден табыс алу-

дың әдісі материяға және оның күштеріне әсер етуде емес, жұмысшыға әсер етуде болып табылады» (189).

Бұл пайымдау — шын мәнісінде байқалып отырған фактілердің теріс теория тұрғысынан бұрмаланып түсінілетіндігінің өте бір айта қаларлықтай үлгісымағы. Каблуков мырза өндірісті сол өндірістің қоғамдық құрылысымен шатастырады. Қай қоғамдық құрылыста болсын өндіріс жұмысшының материяға және оның күштеріне «әсер етуі» болып табылады. Қай қоғамдық құрылыста болсын тек қосымша өнім ғана жер иесі үшін «табыс» көзі бола алады. Бұл екі жағдайдың екеуінде де шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасы, Каблуков мырзаның пікіріне қарамастан, капиталистік системамен толығынан біртектес болады. Олардың шын айырмасы мынау: жұмыспен өтеуде еңбек өнімділігі өте төмен болмай тұра алмайды; сондықтан табысты көбейту үшін қосымша өнімнің көлемін көбейтуге мүмкіндік болмайды, табысты көбейтудің бір-ақ жолы бар, ол — жалдаудың кіріптар ететін қандай да болсын формаларын қолдану жолы. Керісінше, таза капиталистік шаруашылықтың тұсында жалдаудың кіріптар ететін формалары болмауға тиіс, өйткені жерге байланып маталмаған пролетар кіріптарлықтың объектісі болуға жарамайды; — еңбек өнімділігін арттыру мүмкін болып қана қоймай, сонымен бірге мұның өзі табысты молайтудың және шиеленіскен бәсекеге төтеп берудің бірденбір құралы ретінде қажетті нәрсе бола бастайды. Сонымен, жұмыспен өтеуді дәріптеуге осыншама жан сала тырысқан сол Каблуков мырзаның біздің таза капиталистік шаруашылықтарға берген сипаттамасы,— орыс капитализмі егіншіліктің тиімді болуын және кіріптарлықтың керексіз болып қалуын сөзсіз *талап ететін* қоғамдық жағдайларды туғызатын факт екенін, ал жұмыспен өтеу, керісінше, егіншіліктің тиімді болу мүмкіндігін *жойып,* техникалық тоқырауды және өндірушінің кіріптар болуын мәңгілік ететін факт екенін толық дәлелдейді. Біздің егіншілікте капитализм әлсіз деп ойлап, халықшылдардың әдеттегі мәз-мейрам болуынан ұшқары еш нәрсе жоқ. Егер капитализм әлсіз болса, істің одан да жаман болғаны, өйткені мұның өзі

өндірушіге адам айтқысыз ауыр тиетін қанаудың капитализмге дейінгі формаларының күшті екенін ғана көрсетеді.

### VI. ЭНГЕЛЬГАРДТ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ

Халықшылдардың арасында Энгельгардт мүлде ерекше орын алады. Оның жұмыспен өтеуге және капитализмге берген бағасын сынау осының алдындағы параграфта айтылғандарды қайталағандық болар еді. Біз Энгельгардттың халықшылдық көзқарастарына Энгельгардттың өз шаруашылығының тарихын қарама-қарсы қоюды анағұрлым тиімді деп есептейміз. Мұндай сынның тиімді маңызы да болады, өйткені бұл шаруашылықтың эволюциясы реформадан кейінгі Россияның бүкіл жеке иеліктегі шаруашылығының эволюциясының негізгі белгілерін шағын көлемде бейнелейтін сияқты.

Энгельгардт шаруашылықтың басына келген кезде, оның шаруашылығы «дұрыс шаруашылықты» болғызбайтын, ескіден мұра болып келе жатқан жұмыспен өтеушілік пен кіріптарлыққа негізделген болатын («Деревнядан жазылған хаттар», 559). Жұмыспен өтеу мал шаруашылығының нашар дамуына, жердің нашар ұқсатылуына, егіншіліктің біркелкі ескірген жүйелерінің болуына жағдай туғызды (118). «Мен, бұрынғыдай қожалық етудің мүмкін еместігін байқадым» (118). Дала астығының бәсекеге түсуі бағаны төмендетіп, шаруашылықты тиімсіз етті (83) *. Шаруашылықта жұмыспен өтеу системасымен қатар капиталистік системаның да әуел бастан-ақ белгілі роль атқарғанын көрсете кетейік: жалдама жұмысшылар, өте аз болса да, ескі шаруашылық тұсында да болды (малшы және басқалар), ал Энгельгардт өз батырағының (үлесіне жер берілген шаруалардың ішінен) жалақысының «адам айтқысыз төмен» болғанын да көрсетіп отыр (11) — жалақысының төмен болған себебі: мал шаруашылығының халі

* Арзан астық бәсекесінің техниканы қайта құруға, *демек*, жұмыспен өтеуді ерікті түрде жалданумен ауыстыруға әсер ететін себеп болуы — ерекше көңіл бөлуге тұратын факт. Дала астығының бәсекесі астық бағасы жоғары болған жылдары да байқалды; ал баға төмен болған кезде бұл бәсеке ерекше күшейе түседі.

нашар болып отырғанда *«бұдан артық беруге де болмайды»*. Еңбек өнімділігінің төмен болуы жалақыны өсіруге мүмкіндік бермеді. Сонымен, Энгельгардт шаруашылығының бастапқы пункті — бүкіл орыс шаруашылығының бізге таныс болып отырған белгілері: жұмыспен өтеу, кіріптарлық, еңбек өнімділігінің өте төмен болуы, еңбекке «адам айтқысыз арзан» ақы төленуі, егіншіліктің мешеулігі.

Бұл тәртіпке Энгельгардт енгізген өзгерістер қандай? Ол жұмысшыларды көп керек ететін сауда-өнеркәсіптік өсімдік — зығыр егуге көшеді. Демек, егіншіліктің саудалық және капиталистік сипаты күшейеді. Бірақ жұмысшыларды қайдан алу керек? Алғашқы кезде Энгельгардт жаңа егіншілікке (сауда егіншілігіне) ескі системаны: жұмыспен өтеуді қолдануға тырысты. Бірақ бұдан іс шықпады, жұмыс нашар істелді, «десятиналап жұмыспен өтеуге» шаруалардың шамасы жетпейтін болды, олар «көтерме» және кіріптарлық жұмысқа шамасы келгенше қарсыласып бақты. «Системаны өзгерту керек болды. Оның бер жағында, мен бұрынғыдан ширадым, менің жылқыларым, қамыт-саймандарым, арбаларым, соқаларым, тырмаларым бола бастады және батырақ жалдайтын шаруашылыққа ие болуға шамам келді. Мен, бір жағынан, өз батырақтарыммен, екінші жағынан, істегеніне қарай ақы төлеу арқылы белгілі бір жұмыстарға кісі жалдап жер өңдей бастадым» (218). Сонымен, шаруашылықтың жаңа системасына және сауда егіншілігіне көшу үшін жұмыспен өтеуді капиталистік системамен алмастыру керек болды. Еңбек өнімділігін арттыру үшін Энгельгардт капиталистік өндірістің сыннан өткен құралын қолданды: жұмыстың әр түрін жекелеп істетті. Әйелдер шөмеле, пұт есебімен жұмыс істеуге жалданды, сондықтан Энгельгардт (бір жағынан, аңқаулықпен қуанып) бұл системаның сәтті болғанын айтады; өнімді ұқсатудың құны көтерілді (бұрын 1 десятина 25 сом болса, енді 35 сомға жетті), бірақ оның есесіне табыс та 10—20 сомға көбейді, кіріптарлық жұмыстан ерікті жалдама жұмысқа көшкен кезде жұмысшы әйелдердің еңбек өнімділігі артты (бір түннің ішінде бұрын 20 қадақ болса, ен-

ді 1 пұтқа жетті), жұмысшы әйелдердің күніне алатын жалақысы 30—50 тиынға дейін көбейді («біздің жерлерде болып көрмеген нәрсе»). Мата товарларымен сауда істейтін жергілікті саудагер «зығыр арқылы сауданы бұрынғыдан бетер қыздырды» (219) деп Энгельгардтты жан-тәнімен мақтады.

Алғашқы кезде сауда өсімдігін өңдеуге қолданылған ерікті жалдама еңбек біртіндеп ауыл шаруашылығының басқа жұмыстарын қамти бастады. Капиталдың жұмыспен өтеуден тартып алған алғашқы жұмыстарының бірі өнімді бастыру болды. Жалпы жеке иеліктегі шаруашылықтардың барлығында да жұмыстың бұл түрі көбінесе капиталистік жолмен жүргізілетіні белгілі. «Жердің бір бөлегін,— деп жазды Энгельгардт,— мен шаруалардың топтасып ұқсатуына беремін, неге десеңіз, бұлай етпесем қара бидайды ору маған қиын болар еді» (211). Демек, жұмыспен өтеу, қожайынды жұмыстың ең қауырт кезінде күндікшілер еңбегімен қамтамасыз ете отырып, капитализмге тікелей көшу болды. Бастапқы кезде теңдеме жерді ұқсату астық бастыру жұмысымен қоса берілді, бірақ жұмыс сапасының нашар болуы мұнда да ерікті жалдама еңбекке көшуге мәжбүр етті. Теңдеме жерді ұқсату астық бастыру жұмысынсыз беріле бастады, ал бұл астық бастыру жұмысы ішінара батырақтардың еңбегі арқылы істеліп, ішінара кесімді ақы үшін жалдама жұмысшылардан құралған артель мердігершісіне тапсырылды. Жұмыспен өтеуді капиталистік системамен ауыстырудың нәтижесі бұл арада мынадай болды: 1) еңбек өнімділігі өсті: бұрын 16 адам күніне 9 жүз бау астық бастырса, қазір 8 адам 1 мың 100 бау бастырады; 2) астық бастырудың түсімділігі артты; 3) астық бастыру жұмысына уақыт аз кететін болды; 4) жұмысшының жалақысы көбейді; 5) қожайынның пайдасы өсті (212).

Мұнан соң, капиталистік система жер өңдеу жөніндегі жұмыстарды да қамтиды. Ескі соқалардың орнына плугтар қолданылады, сөйтіп жұмыс әбден кіріптар болған шаруадан батыраққа көшеді. Энгельгардт, қуанышы қойнына сыймай, жаңа тәртіптің табысы туралы, жұмысшылардың адал ниеттілігі туралы айтады, әдетте

жұмысшыны жалқаусың және арам ниеттісің деп кінәлау — «крепостниктік қорлаудың» және «барин» үшін кіріптарлықпен жұмыс істеудің салдары, шаруашылықты жаңаша ұйымдастыру қожайыннан да икемді болуды, адамдарды біліп, олармен тіл табуды, жұмысты және оның өлшемін білуді, егіншіліктің техникалық және коммерциялық жақтарымен таныс болуды талап етеді,— яғни крепостниктік немесе кіріптарлық деревняның Обломовтарында болмаған және болуы да мүмкін емес қасиеттердің болуын талап етеді дегендерді әбден дұрыс дәлелдейді. Егіншілік техникасындағы әр түрлі өзгерістер бір-бірімен тығыз байланысты болып, экономиканың қайта құрылуына да сөзсіз бастап әкеледі. «Мәселен, сіз зығыр мен жоңышқа ектіңіз делік,— бұл ретте дереу басқадай да толып жатқан өзгерістерді енгізу керек болады, ал егер оларды істемесеңіз, онда кәсібіңіз алға баса алмайды. Жер жыртатын құралдарды өзгерту керек болады, соқаның орнына плуг, ағаш тырманың орнына темір тырма қолдануға тура келеді, ал бұған, әрине, басқа жылқы, *басқа жұмысшылар керек болады, жұмысшыларды жалдау, т. т. жөнінде шаруашылықтың басқа жүйесі* керек болады» (154—155).

Сонымен, егіншілік техникасының өзгеруі капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруымен тығыз байланысты болып отыр. Мұндағы бір ерекше есте болатын нәрсе,— бұл ығыстырып шығарудың біртіндеп болатындығы: шаруашылық системасы жұмыспен өтеу мен капитализмді бұрынғысынша ұштастыра береді, бірақ істің мәні жұмыспен өтеуден біртіндеп капитализмге ауысады. Энгельгардттың қайта құрылған шаруашылығының ұйымдасуы мынадай болды:

«Қазір менде жұмыс дегеніңіз толып жатыр, неге десеңіз, мен бүкіл шаруашылық жүйесін өзгерттім. Жұмыстың едәуір бөлігін батырақтар мен күндікшілер істейді. Жұмыс түрлері өте көп: бидай егуге аңыз да өртеймін, зығыр егетін жердің қайыңын да тазалаймын. Днепр жағасынан шабындық жер де алдым, жоңышқа да ектім, қара бидай да, зығыр да толып жатыр. Жұмысшылар өте көп керек. Қызметкерлер тауып алу үшін ертерек қамданған жөн, өйткені жұмыс уақыты

келгенде барлығы да не үйден, не басқа шаруашылықтардан босамайды. Жұмысшыларды жинап алудың мұндай тәсілі ақша мен астықты жұмыс істеткізетін болып күн ілгері беріп қою арқылы жүзеге асырылады» (116—117).

Демек, жұмыспен өтеу мен кіріптарлық «дұрыс» жолға қойылған шаруашылықта да сақталып қалды, алайда, 1-ден, олар еркімен жалдапушылыққа қарағанда бағыныңқы орын алды, ал, 2-ден, жұмыспен өтеудің де түрі өзгерді; негізінен шаруа-қожайындарды емес, ауыл шаруашылығы батырақтары мен күндікшілерді керек ететін екінші бір түрдегі жұмыспен өтеу қалып отыр.

Сонымен, Энгельгардттың халықшылдық теорияларын қандай да болсын басқа пайымдаулардың бәрінен де артық Энгельгардттың өз шаруашылығы теріске шығарады. Ол шаруашылықты тиімді етіп ұйымдастыру мақсатын көздеді,— бірақ мұны осы қоғамдық-экономикалық қатынастардың тұсында, батырақ жалдайтын шаруашылықты ұйымдастырмайынша орындай алмады. Бұл шаруашылықта егіншілік техникасының жақсаруы мен капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруы қатар жүріп отырды,— мұның өзі Россияның жалпы алғанда жеке иеліктегі шаруашылықтарының барлығында да дәл осылай қатар жүріп отырады. Бұл процесс орыс ауыл шаруашылығында машина қолдану ісіне келгенде барынша айқын байқалады.

## VII. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА МАШИНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Реформадан кейінгі заман ауыл шаруашылығы машиналарын жасау мен ауыл шаруашылығында машиналарды қолданудың дамуы жағынан төрт кезеңге бөлінеді *. Бірінші кезең шаруалар реформасы алдында

* Мыналарды қараңыз: «Россиядағы өнеркәсіпке тарихи-статистикалық шолу», I том. СПБ. 1883 (1882 жылғы көрмеге арналып басылуы), В. Черняевтің «Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау» деген мақаласы.— Тағы да сол, II том, СПБ. 1886, IX топта.— «Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы» (СПБ. 1893, Чикагодағы көрмеге арналып басылуы), В. Черняев мырзаның «Егіншілік құралдары мен машиналары» деген мақаласы.— «Россияның өндіргіш күштері» (СПБ. 1896, 1896 жылғы көрмеге арналып басылуы), Ленин мырзаның «Ауыл шаруашылығы құралдары мен машинала-

ғы соңғы жылдар мен реформадан кейінгі алғашқы жылдарды қамтиды. Крепостнойлардың «тегін» еңбегін қолданбай-ақ қою үшін және басы бос жұмысшыларды жалдау жөніндегі қиыншылықтарды жою үшін помещиктер шетелдерден машиналар сатып алуға ұмтыла бастаған еді. Әрине, бұл әрекет сәтсіздікке ұшырады; алғашқы қызу тез суыды да, 1863—1864 жылдардан бастап шетел машиналарына деген сұраным төмендеп кетті. Екінші кезең 70-жылдардың аяқ шенінен басталып, 1885 жылға дейін созылды. Бұл кезең шетелдерден машиналар әкелудің мейлінше дұрыс және мейлінше тез өсуімен сипатталады; ішкі өндіріс те дұрыс өседі, бірақ шеттен әкелуден гөрі бәсеңдеу болады. 1881 жылдан 1884 жылға дейін ауыл шаруашылығы машиналарын шеттен әкелу ерекше тез өсті, бұған ішінара ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын заводтардың керегіне ұсталатын шойын мен темірді шеттен баж салығынсыз әкелуге 1881 жылы тыйым салынғандығы да себеп болды. Үшінші кезең — 1885 жылдан 90-жылдардың басына дейін. Бұл уақытқа дейін шеттен баж салығынсыз әкелінетін ауыл шаруашылығы машиналарына осы жылы баж салығы (пұтына 50 тиын алтын) салынады. Баж салығы жоғары болғандықтан, шеттен машина әкелу орасан көп мөлшерде кемиді, оның үстіне нақ осы кезеңде басталған ауыл шаруашылығы дағдарысының салдарынан ішкі өндіріс те баяу дамиды. Ақырында, 1890-жылдардың бас кезінен, сірә, төртінші кезең басталды, бұл кезеңде ауыл шаруашылығы машиналарын шеттен әкелу қайта көтеріліп, оларды елдің өз ішінде өндіру ерекше тез өседі.

Бұл айтылғандарды дәлелдейтін статистикалық мәліметтерді келтірейік. Шетелдерден ауыл шаруашылығы машиналарын әкелудің жылдық орта мөлшері кезеңдер бойынша мынадай болған: [233-беттегі жоғарғы кестені қараңыз. *Ред.*]

Россияда ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының өндірілуі туралы, амал не, мұндай толық

---

ры» деген мақаласы (I бөлім).— «Вестник Финансов», 1896, № 51 және 1897, № 21.— *В. Распопиннің* цитат алынған мақаласы. Жалғызақ соңғы мақала мәселені саяси-экономикалық негізге қояды, ал алдыңғы мақалалардың барлығын маман агрономдар жазған.

| Кезеңдер | | Мың пұт | Мың сом |
|---|---|---|---|
| 1869—1872 | жылдар | 259,4 | 787,9 |
| 1873—1876 | » | 566,3 | 2 283,9 |
| 1877—1880 | » | 629,5 | 3 593,7 |
| 1881—1884 | » | 961,8 | 6 318 |
| 1885—1888 | » | 399,5 | 2 032 |
| 1889—1892 | » | 509,2 | 2 596 |
| 1893—1896 | » | 864,8 | 4 868 |

және дәл мәліметтер жоқ. Бізде фабрика-завод статистикасының қанағаттанғысыздығы, жалпы машина өндірудің нақ ауыл шаруашылығы машиналарын өндірумен шатастырылуы, ауыл шаруашылығы машиналарын «фабрика-заводтарда» өндіру мен «майдагерлік» өндірудің арасына шек қою туралы қандай да болсын берік орныққан ережелердің жоқтығы,— осының бәрі Россияда ауыл шаруашылығы машиналарын жасау ісінің қалай дамығанын толық суреттеуге мүмкіндік бермей отыр. Жоғарыда аталған шығармалардағы мәліметтерді қосып, жинақтап келгенде Россияда ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың дамуы мынадай болып шығады:

*Ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарын өндіру, шеттен әкелу және тұтыну*

| Жылдар | Польша Патшалығында | Прибалтиканың 3 губерниясында | Оңтүстіктегі далалық 4 губернияда: Дон, Екатеринослав, Таврия және Херсон губернияларында | Европалық Россияның қалған губернияларында | Европалық Россияның 50 губерниясында және Польша Патшалығында, барлығы | Ауыл шаруашылығы машиналарын шетелдерден әкелу | Ауыл шаруашылығы машиналарының тұтынылуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мың сом есебімен | | | | | | |
| 1876 | 646 | 415 | 280 | 988 | 2 329 | 1 628 | 3 957 |
| 1879 | 1 088 | 433 | 557 | 1 752 | 3 830 | 4 000 | 7 830 |
| 1890 | 498 | 217 | 2 360 | 1 971 | 5 046 | 2 519 | 7 565 |
| 1894 | 381 | 314 | 6 183 | 2 567 | 9 445 | 5 194 | 14 639 |

Бұл мәліметтер жақсартылған ауыл шаруашылығы құралдарының жабайы құралдарды ығыстырып шығару

процесінің (демек, капитализмнің шаруашылықтың жабайы формаларын ығыстырып шығару процесінің) қаншалықты күшті болып отыратынын көрсетеді. 18 жылдың ішінде ауыл шаруашылығы машиналарын тұтыну $3^1/_2$ еседен аса өсті, мұның өзі негізінен ішкі өндірістің өсуі есебінен жүзеге асты, ал ішкі өндіріс 4 еседен аса өсті. Сонымен қатар бұл өндірістің басты орталығының Висла маңындағы және Балтық маңындағы губерниялардан орыстың оңтүстіктегі далалық губернияларына ауысуы да тамаша нәрсе. Егер 70-жылдары Россиядағы егіншілік капитализмінің басты орталығы батыстағы шеткері губерниялар болса, ал 1890-жылдары бірыңғай орыс губернияларында егіншілік капитализмінің бұрынғыдан да аса көрнекті аудандары құрылды *.

Жаңағы келтірілген мәліметтер жөнінде мынаны қоса кетуіміз қажет: бұл мәліметтер қаралып отырған мәселе жөніндегі ресми (және, біздің білуімізше, бірденбір) деректерге негізделсе де, дегенмен олар онша толық емес және әр түрлі жылдардағысын салыстыруға келіңкіремейді. 1876—1879 жылдар бойынша деректер бар, олар — 1882 жылғы көрмеге арналып *айрықша* жиналған деректер; олар — ауыл шаруашылығы құралдарының тек «заводтық» өндірісін ғана қамтып қоймай, сонымен қатар «майдагерлік» өндірісін де қамтитын едәуір толық деректер; 1876—1879 жылдары Европалық Россияда, Польша Патшалығын қосқанда орта есеппен 340 өндіріс орны бар деп есептелген болатын, ал «фабрика-завод» статистикасының мәліметтері бойынша 1879 жылы Европалық Россияда ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарын жасап шығаратын заводтар 66-дан аспады (Орловтың 1879 жылғы «Фабрикалар мен заводтардың көрсеткіші» бойынша есептелген). Бұл цифрлардың арасында өте зор айырмашылықтың болу себебі: 340 өндіріс орнының үштен

* Кейінгі уақытта істің қалай өзгергені туралы пікір айту үшін 1900—1903 жылдардағы «Россия Әржылдығынан» (Орталық статистика комитетінің басылымы. СПБ. 1906) мәліметтер келтірейік. Мұндағы мәліметтер бойынша империяда ауыл шаруашылығы машиналарын өндіру — 12 058 мың сомға, ал оларды шетелдерден әкелу 1902 жылы 15 240 мың сомға, 1903 жылы — 20 615 мың сомға түседі (*2-басылуына ескерту.*)

бірінен азы (100) бу двигателі бар өндіріс орындары және жартысынан астамы (196) қол күшімен жүретін өндіріс орындары деп есептелді; 340 өндіріс орнының 236-сы өзінің шойын құятын орны болмағандықтан машинаның шойыннан істелетін бөліктерін басқа жақта құйып шығарды («Тарихи-статистикалық шолу», І. с.). Оның бер жағында, 1890 және 1894 жылдардың деректері «Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі жайындағы мәліметтердің жинағынан» (сауда және мануфактура департаментінің басылымы) * алынған. Бұл деректер ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының тіпті «заводтық» өндірісін де толық қамтымайды; мәселен, 1890 жылы «Жинақ» Европалық Россияда осы өндірісте 149 завод бар деп есептеген, ал Орловтың «Көрсеткішінде» ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарын жасап шығаратын 163-тен астам завод аталған; 1894 жылы бірінші мәлімет бойынша Европалық Россияда осы сияқты 164 завод бар деп есептелген («Вестник Финансов», 1897, № 21, 544-бет), ал «Фабрикалар мен заводтардың тізбесі» бойынша 1894/95 жылы ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарын жасап шығаратын 173-тен аса завод бар деп көрсетілген. Ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының ұсақ, «майдагерлік» өндірісіне келетін болсақ, ол бұл мәліметтерге мүлде кірмейді **. Сондықтан 1890 және 1894 жылдардағы деректердің шын мөлшерден әдәуір кем екеніне күмән болуы мүмкін емес; мұны

* «Вестник Финансовтың» 1897 жылғы 21-номерінде 1888—1894 жылдардың осындай мәліметтері салыстырылған, бірақ олардың дәл қайдан алынғандығы көрсетілмеген.

** Егіншілік құралдарын жасап шығаратын және жөндейтін шеберханалардың барлығы 1864 жылы — 64, 1871 жылы — 112, 1874 жылы — 203, 1879 жылы — 340, 1885 жылы — 435, 1892 жылы — 400 және 1895 жылы — 400-ге жуық деп есептелген («Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 358-бет және «Вестник Финансов», 1896, № 51). Оның бер жағында, «Жинақ» 1888—1894 жылдары мұндай заводтар тек 157—217 ғана (орта есеппен 7 жылда 183) болды деп есептеді. Ауыл шаруашылығы машиналарын «заводта» өндірудің «майдагерлік» өндіруге қатынасын суреттейтін мысал мынау — Пермь губерниясында 1894 жылы өндіріс сомасы 28 мың сом болатын 4-ақ «завод» бар деп есептелген, ал бұл саладағы «майдагерлік өндіріс орындары» 1894/95 жылғы санақ бойынша — 94, олардың өндіріс сомасы 50 мың сом деп есептелген, оның бер жағында «майдагерлік» өндіріс орындарының санына, мәселен, 6 жалдама жұмысшысы және 8 мың сомнан аса өндіріс сомасы бар өндіріс орындары да кіріп отыр («Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп хал-ахуалының очеркі». Пермь, 1896).

1890-жылдардың басында Россияда 10 миллион сомға жуық соманың («Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 359), ал 1895 жылы — 20 миллион сомға жуық соманың («Вестник Финансов», 1896, № 51) ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдары өндірілді деп есептеген мамандардың пікірлері де дәлелдейді.

Россияда жасалатын ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының түрлері мен мөлшері жөнінде бұдан да гөрі толығырақ мәліметтер келтірейік. 1876 жылы — 25 835 құрал, 1877 жылы — 29 590, 1878 жылы — 35 226 құрал, 1879 жылы 47 892 ауыл шаруашылығы машинасы мен құралы өндірілді деп есептелеі. Бұл цифрлардың қазіргі уақытта қалай еселеп көбейгенін мынадай мәлімдемелерден көруге болады. 1879 жылы 14½ мыңға жуық, ал 1894 жылы 75½ мың плуг шығарылған («Вестник Финансов», 1897, № 21). «Егер бұдан бес жыл бұрын шаруалар шаруашылығында плуг тарату үшін шара қолдану туралы мәселе шешуді керек ететін мәселе болса, қазіргі уақытта ол өзінен-өзі шешілді. Белгілі бір шаруаның плуг сатып алуы қазір енді таңданарлық нәрсе болып көрінбейді, ол дағдылы құбылысқа айналды, енді шаруалардың жыл сайын сатып алатын плугтарының санын мыңдап есептеуге болады» *. Россияда қолданылып жүрген егіншіліктің толып жатқан жабайы құралдары плугтарды өндіріп, өткізу үшін әлі де кең өріс қалдырып отыр **. Плугты қолдану жөніндегі прогресс тіпті электр қуатын қолдану мәселесін де алға қойып отыр. «Торгово-Промышленная Газетаның» (1902, № 6) хабарына қарағанда, электр-техникалық екінші съезде «В. А. Ржевскийдің «Электр қуаты ауыл шаруашылығында» деген баяндамасы зор ынта туғызды». Баяндамашы Германияда жердің электр энергиясының көмегі арқылы плугпен өңделетінін өте жақсы жасалған суреттермен сипаттап көрсетті және егісті осы әдіспен баптаудың үнемді бола-

* «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі есептер мен зерттеулер». Мемлекеттік мүліктер министрлігінің басылымы, I том, СПБ. 1892, 202-бет. Сонымен қатар шаруалардың плуг өндіруі төмендейді, оны плугтың заводта өндірілуі ығыстырып шығарады.

** «Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 360-бет.

тыны туралы цифрлы мәліметтер келтірді, бұл мәліметтерді ол бір помещиктің оңтүстік губерниялардың біріндегі өз имениесі үшін жасап бер деп ұсынуы бойынша жасалған өзінің жобасы мен есебінен келтірді. Жоба бойынша жыл сайын 540 десятина жер жырту көзделді, оның бір бөлігі жылына екі рет жыртылатын болды. Жырту тереңдігі $4^1/_2$—5 вершок; жер — нағыз қара топырақты болуы керек. Жобада плугтан өзге, басқадай егіс жұмыстарына арналған машина жабдықтары, сондай-ақ молотилка мен диірмен көрсетілген, 25 аттың күшіндей күші бар бұл диірмен жылына екі мың сағат жұмыс істеуі керек. Баяндамашының есебі бойынша, имениені ұзындығы алты шақырым, жуандығы 50 миллиметр жоғарыдан созылған сыммен толық жабдықтау 41 000 сом тұрады. Бір десятина жерді жырту, егер ол жерге диірмен де салынса,— 7 сом 40 тиынға түседі, диірменсіз — 8 сом 70 тиынға түседі. Жұмысшы күштерін, көлік күштерін және басқаларды жергілікті бағалар бойынша есептегенде, электрмен жабдықтаудан бірінші жағдайда 1013 сом үнемделеді, ал екінші жағдайда, электр қуаты диірменсіз аз пайдаланылғанда,— үнем 966 сом болады.

Молотилка мен веялка өндірісінде мұндай шұғыл өзгеріс байқалмайды, өйткені ол өндіріс басқаға қарағанда баяғыда-ақ берік орныққан болатын *. Тіпті осы құралдарды жасайтын «майдагерлік» өндірістің айрықша орталығы құрылды, ол орталық — Рязань губерниясындағы Сапожок қаласы мен оның төңірегіндегі селолар, сөйтіп шаруа буржуазиясының жергілікті өкілдері бұл «кәсіпшіліктен» ақшаны көп тауып тұрды (салыстырыңыз: «Есептер мен зерттеулер», I, 208—210). Жнейкалар өндірісінде айрықша тез өскендік байқалады. 1879 жылы олар жылына 780 шамасында өндірілді; 1893 жылы олар жылына 7—8 мың шамасында, ал 1894/95 жылы 27 мың шамасында сатылады деп есептелді. Мәселен, Таврия губерниясының Бердянск қаласындағы Д. Гриевз заводы — «бұл өндіріс жөнінде Европадағы

* 1879 жылы $4^1/_2$ мыңға таяу, 1894—1895 жылдары — $3^1/_2$ мыңға жуық молотилка өндірілді. Кейінгі цифрға майдагерлік өндіріс кірмейді.

ең ірі завод» («Вестник Финансов», 1896, № 51, яғни жнейкалар өндіру жөнінде) 1895 жылы 4 464 жнейка жасап шығарды. Таврия губерниясындағы шаруалар арасында жнейкалардың көп таралғаны соншалық — машинамен басқа адамдардың егінін жинап беру сияқты тіпті айрықша кәсіпшілік құрылды *.

Мұнан гөрі азырақ таралған басқа егіншілік құралдары туралы да осындай мәліметтер бар. Мәселен, шашып тұқым себетін сеялка қазірдің өзінде ондаған заводтарда істеледі, ал қатарлап тұқым себетін неғұрлым жетілдірілген сеялка 1893 жылы тек екі заводта ғана жасалатын болса («Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 360), енді қазірдің өзінде-ақ жеті заводта істеледі («Өндіргіш күштер», I, 51), бұлардың өнімдері әсіресе тағы да сол Россияның оңтүстігінде көп таралады. Машиналар егіншілік өндірісінің барлық салаларында және жекелеген өнімдерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстарда қолданылуда: арнаулы шолуларда веялкалардың, сортировкалардың, астық тазартатын машиналардың (триер), астық кептіретін, шөп буатын,

* Мәселен, 1893 жылы «Фальц-Фейннің (200 000 десятина жер иеленуші) Успенск экономиясында шаруалардың 700 машинасы жалдануға жиналды, бірақ олардың жартысы еш нәрсесіз кері қайтты, себебі тек 350 машина ғана жалданды» (*Шаховской:* «Ауыл шаруашылығындағы шет кәсіпшіліктер». М. 1896, 161-бет). Бірақ далалық басқа губернияларда, әсіресе Волганың арғы бетіндегі губернияларда жнейкалар әлі де нашар таралған. Дегенмен кейінгі жылдарда бұл губернияларда Новороссияны қуып жетуге барынша тырысып келеді. Мәселен, Сызрань-Вязьма темір жолымен 1890 жылы — 75 мың пұт; 1891 жылы — 62 мың пұт; 1892 жылы — 88 мың пұт; 1893 жылы — 120 мың пұт және 1894 жылы — 212 мың пұт егіншілік машиналары, локомобильдер және олардың бөлшектері тасылған, яғни бір ғана бес жылдың ішінде бұларды тасу үш есе дерлік өскен. Ухолово станциясы 1893 жылы — 30 мың пұттай, 1894 жылы — 82 мың пұттай жергілікті жерде жасалып шыққан егіншілік машиналарын жөнелтті, ал 1892 жылдың аяғына дейін бұл станцияда жөнелтілген ауыл шаруашылығы машиналары жылына 10 мың пұтқа да жетпеген болатын. «Ухоловодан көбінесе молотилкалар жіберіледі, бұлар Канино селосында, Смыково деревнясында және ішінара Рязань губерниясындағы Сапожок дейтін уездік қалада жасалып шығады. Канино селосында Ермаков, Карев және Голиков деген адамдарға қарайтын шойын құятын үш завод бар, бұлар көбінесе егіншілік машиналарының бөлшектерін жасап шығарады. Ал машиналарды біржола жинап, құрастырып шығаруға жоғарыда көрсетілген екі поселениенің екеуі де (Смыково мен Канино) толық дерлік қатысады» («Сызрань-Вязьма темір жолының 1894 жылғы коммерциялық жұмысына қысқаша шолу», IV кітап. Калуга, 1896, 62—63-беттер). Бұл мысалдағы көңіл бөлерлік фактілер: 1-ден, өндірістің нақ соңғы жылдарда астық бағасы төмен болған жылдарда орасан көп өсуі; 2-ден, «фабрикалық-заводтық» өндіріс пен «майдагерлік» деп аталатын өндірістің байланысты болуы. «Майдагерлік» өндіріс фабриканың жай ғана «сыртқы бөлімі» болып табылады.

зығыр үгетін және сондай машиналардың таралғандығы көрсетілген. Псков губерниялық земство басқармасының «1898 жылғы ауыл шаруашылығы есебіне қосымша» деген басылымында («Северный Курьер», 1899, № 32) машиналардың, әсіресе тұтыну зығыр шаруашылығынан сауда зығыр шаруашылығына көшуге байланысты зығыр үгетін машиналардың таралғандығы көрсетілген. Плугтардың саны көбейген. Ауыл шаруашылығы машиналары санының өсуі мен жалақының көбеюіне шаруалардың басқа жаққа кетуінің әсер еткені айтылған. Ставрополь губерниясына (бұл да сонда, № 33) басқа жақтан көшіп келген адамдардың көбеюіне байланысты ауыл шаруашылығы машиналары өте көп таралуда. 1882 жылы мұндай машиналар 908; 1891—1893 жылдары орта есеппен — 29 275; 1894—1896 жылдары орта есеппен — 54 874 деп есептелді; 1895 жылы — 64 мыңға дейін ауыл шаруашылығы құралдары мен машиналары болды деп есептелді.

Машина қолданудың өсуі, әрине, механикалық двигательдерге деген сұранымды да туғызады: бу машиналарымен қатар «соңғы кезде біздің шаруашылықтарда керосин двигательдері көп тарала бастады» («Өндіргіш күштер», I,56), ал мұндай алғашқы двигатель шетелде бұдан 7-ақ жыл бұрын пайда болғанына қарамастан, бізде қазірдің өзінде оларды жасап шығаратын 7 завод бар. Херсон губерниясында 70-жылдары ауыл шаруашылығы үшін тек 134 локомобиль ғана бар деп есептелсе («Россия империясындағы бу двигательдерінің статистикасына арналған материалдар». СПБ. 1882), 1881 жылы — 500-ге жуық локомобиль бар деп есептелген («Тарихи-статистикалық шолу», II том, егіншілік құралдары бөлімі). 1884—1886 жылдары осы губернияның үш уезінде (барлығы 6 уезі бар) 435 бу молотилкасы табылды. «Қазіргі кезде (1895) бұл машиналардың санын ең кем дегенде екі есе артық деп есептеу керек» (*Тезяков:* «Ауыл шаруашылығы жұмысшылары және Херсон губерниясында оларға санитарлық бақылаудың ұйымдастырылуы». Херсон, 1896, 71-бет). «Вестник Финансов» (1897, № 21) былай деп жазады: Херсон губерниясында бу молотилкалары «1150-ге жу-

ық, Кубань облысында олардың саны осы цифрмен шамалас, т. т... Бу молотилкаларын сатып алу соңғы кезде өнеркәсіптік сипат алды... Егін жақсы шыққан екі-үш жылдың ішінде кәсіпкер бес мың тұратын локомобилі бар молотилканың бағасын толық өтеп, дереу осы шарттар бойынша жаңасын алған кездері болды. Сонымен, Кубань облысының шағын шаруашылықтарында осындай машиналарды 5-тен, тіпті 10-нан жиі кездестіруге болады. Онда мұндай машиналар азды-көпті дұрыс жолға қойылған шаруашылықтардың қандайының болса да қажетті мүлкі болып отыр». «Жалпы алғанда, қазір Россияның оңтүстігінде ауыл шаруашылығына арналған он мыңнан астам локомобильдер жұмыс істеп жүр» («Өндіргіш күштер», IX, 151) *.

Егер 1875—1878 жылдары бүкіл Европалық Россияда ауыл шаруашылығында тек қана 1351 локомобиль, ал 1901 жылы толық емес деректер бойынша («Фабрика инспекторларының 1903 жылғы есептерінің жинағы») — 12 091, 1902 жылы — 14 609, 1903 жылы — 16 021, 1904 жылы — 17 287 ауыл шаруашылығы локомобильдері бар деп есептелгенін еске түсірсек,— біз соңғы жиырма-отыз жылдың ішінде біздің егіншілікте капитализмнің қандай орасан зор революция жасағанын айқын көреміз. Бұл процесті тездетуге земстволардың көп жәрдемі тиді. 1897 жылдың бас кезінде ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының земстволық қоймалары «сол кездің өзінде-ақ 11 губерниялық

* 1898 жылғы 19 августағы «Русские Ведомостидегі» (№ 167) Таврия губерниясының Перекоп уезінен келген хат-хабарларды салыстырыңыз. «Біздің егіншілердің арасында егін оратын машиналардың, бу және ат молотилкаларының көп тарағандығы арқасында егіншілік жұмыстары өте тез ілгерілеп келеді. Егінді «мала таспен» бастыратын ескі әдіс келмеске кетті. Қырым егіншісі егіс көлемін жылдан жылға барған сайын арттырып отыр, сондықтан оның жетілдірілген егіншілік құралдары мен машиналарының жәрдемін еріксіз пайдалануына тура келеді. Мала таспен күніне 150—200 пұттан артық астық бастыруға болмайтын болса, 10 аттың күшіндей күші бар бу молотилкасы күніне 2000—2500 пұт, ал ат молотилкасы күніне 700—800 пұт астық бастырады. Сондықтан да егіншілік құралдарына, жаткаларға және молотилкаларға деген мұқтаждықтың жылдан жылға өсіп отырғаны соншалық, тіпті егіншілік құралдарын жасап шығаратын заводтар мен фабрикалар, товар қоры болмай қалып, егіншілердің тілегін қанағаттандыра алмайтын болып отыр, бұл биыл да болды». Жақсартылған құралдардың таралуының ең маңызды себептерінің бірі астық бағасының кемуі деп есептеу керек, мұның өзі село қожайындарын өндіріс құнын төмендетуге *мәжбүр етеді.*

және 203 уездік земство басқармаларының жанында болған еді, бұлардың айналмалы капиталы жалпы алғанда бір миллион сомға жуық болды» («Вестник Финансов», 1897, № 21). Полтава губерниясында земство қоймаларының айналмалы капиталы 1890 жылы 22,6 мың сом болса, 1892 жылы 94,9 мың сомға дейін, ал 1895 жылы 210,1 мың сомға дейін көтерілді. 6 жылдың ішінде 12,6 мың плуг, 0,5 мың веялка мен сортировка, 0,3 мың жатка, 0,2 мың ат молотилкасы сатылды. «Земство қоймаларынан құрал сатып алушылардың көпшілігі казактар мен шаруалар; барлық сатылған плугтар мен ат молотилкаларының 70 проценті солардың үлесіне тиеді. Сеялкалар мен жаткаларды сатып алушылар көбінесе жер иелері болды, әсіресе 100 десятинадан артық жері бар ірі жер иелері болды» («Вестник Финансов», 1897, № 4).

Екатеринослав губерниялық земство басқармасының 1895 жылғы есебіне қарағанда «губернияда егіншіліктің жақсартылған құралдары өте тез таралған». Мәселен, Верхнеднепр уезінде мынадай деп есептелген:

| | | *1894* | *1895* |
|---|---|---|---|
| Плугтар, буккерлер және жер жыртушы машиналар: | жер иелерінде | 5 220 | 6 752 |
| » » » » | шаруаларда | 27 271 | 30 112 |
| Ат молотилкалары: | жер иелерінде | 131 | 290 |
| » » | шаруаларда | 671 | 838 |

(«Вестник Финансов», 1897, № 6.)

Москва губерниялық земство басқармасының мәліметтері бойынша, Москва губерниясының шаруаларында 1895 жылы 41 210 плуг болған; плугтар үй қожайындарының жалпы санының 20,2 процентінде болған («Вестник Финансов», 1896, № 31). Тверь губерниясында, 1896 жылғы ерекше есеп бойынша, 51 266 плуг болған, мұның өзі үй қожайындарының жалпы санының 16,5 проценті. Тверь уезінде 1890 жылы 290-ақ плуг, ал 1896 жылы — 5581 плуг болған («Тверь губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы»,

XIII том, 2-кітап, 91, 94-беттер). Шаруа буржуазиясы шаруашылығының қаншалықты тез нығайып, жақсарып келе жатқанын осыдан байқауға болады.

## VIII. МАШИНАЛАРДЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың және реформадан кейінгі орыс егіншілігінде машина қолданудың жоғары дәрежеде тез дамуы фактісін анықтағаннан кейін, біз енді бұл құбылыстың қоғамдық-экономикалық маңызы жайындағы мәселені қарауға тиіспіз. Шаруа егіншілігі мен помещик егіншілігінің экономикасы туралы жоғарыда айтылғандардан мынадай қағидалар шығады: бір жағынан, атап айтқанда, капитализм ауыл шаруашылығында машина қолдануға түрткі болатын және оның қолданылуын ұлғайтатын фактор болып табылады; екінші жағынан, машиналарды егіншілікке қолдану капиталистік сипатта болады, яғни капиталистік қатынастардың құрылуына және ол қатынастардың бұдан былай да дами беруіне әкеліп соғады.

Осы қағидалардың біріншісіне тоқталайық. Біз шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасының және онымен тығыз байланысты патриархтық шаруалар шаруашылығының, өздерінің жаратылысы бойынша, мешеу техникаға, ескі өндіріс тәсілдерін сақтап қалуға негізделгенін көрдік. Бұл шаруашылық тәртібінің ішкі құрылысында техниканы қайта құрарлықтай ешбір жағдай жоқ; керісінше, шаруашылықтың томаға-тұйықтығы мен оқшаулығы, тәуелді шаруалардың қайыршылығы мен езілгендігі жаңалық енгізуге мүмкіндік бермейді. Атап айтқанда, жұмыспен өтеу шаруашылығында еңбекке төленетін ақының (көріп өткеніміз сияқты) ерікті жалдама еңбекті қолдану кезіндегіден анағұрлым төмен екенін көрсете кетейік; ал жалақының төмен болуы машиналарды енгізуге ең басты кедергілердің бірі болатыны жұртқа мәлім. Шынында да, егіншілік техникасын қайта құруға бағытталған кең қозғалыс товар шаруашылығы мен капитализм дамуының тек реформадан кейінгі кезеңінде ғана басталғанын фактілер бізге

дәлелдеп отыр. Капитализм туғызған бәсеке және егіншінің дүние жүзілік рынокқа тәуелді болуы техниканы қайта құруды қажеттілікке айналдырды, ал астық бағасының төмендеуі бұл қажеттілікті өте-мөте шиеленістірді *.

Екінші қағиданы түсіндіру үшін біз помещиктік шаруашылық пен шаруалар шаруашылығын өз алдына жеке алып қарауымыз керек. Помещик машинаға немесе жақсартылған құралға ие болғаннан кейін шаруаның (өзіне жұмыс істеп келген шаруаның) құрал-саймандарын өзінің құрал-саймандарымен ауыстырады; ол, демек, шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасынан капиталистік системасына көшеді. Ауыл шаруашылығы машиналарының таралуы капитализмнің жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруын көрсетеді. Әрине, егін оратын машиналарда, молотилкаларда және басқаларда күндеп жұмыс істеу формасындағы жұмыспен өтеу, мәселен, жерді жалға берудің шарты болуы мүмкін, бірақ мұның өзі енді жұмыспен өтеудің екінші түрі болады, шаруаларды күндікшілерге айналдыратын жұмыспен өтеу болады. Демек, мұндай «ерекшеліктер»,— жұмысты үйге беріп істететін алыпсатардың меншікті өндіріс құралдарына ие болуы кіріптар «майдагерді» жалдама жұмысшыға айналдыру болып табылатыны сияқты,— жеке иеліктегі шаруашылықтардың жақсартылған құрал-саймандармен қамтамасыз етілуі кіріптар (халықшылдардың терминологиясы бойынша «дербес») шаруаны жалдама жұмысшыға айналдыру болып табылады дейтін жалпы ережені дәлелдейді. Помещиктік шаруашылықтың меншікті құрал-саймандар алуы өзінің күн көрісіне керекті қаражатты жұмыспен өтеу арқы-

* «Соңғы екі жылдың ішінде астық бағасының төмендеуінің және қайткен күнде де ауыл шаруашылығы жұмыстарын арзандату қажеттігінің әсерімен егін оратын машиналардың өте тез тарала бастағаны соншалық, тіпті қоймалар талаптардың барлығын дер кезінде қанағаттандыра алмай отыр» (Тезяков, l. с., 71-бет). Қазіргі ауыл шаруашылығы дағдарысы — капиталистік дағдарыс. Барлық капиталистік дағдарыстар сияқты, бұл дағдарыс бір жердегі, бір елдегі, егіншіліктің бір саласындағы фермерлер мен қожайындарды күйзелтіп, сонымен қатар басқа жерде, басқа елде, егіншіліктің басқа салаларында капитализмнің дамуына орасан зор себепші болады. Н.— он, Каблуков мырзалардың және басқалардың осы тақырып жөніндегі пікірлерінің басты қатесі — қазіргі дағдарыстың осы негізгі белгісін және оның экономикалық табиғатын түсінбеуінде болып отыр.

лы тауып отырған орта шаруаларды сөзсіз әлсіретеді. Жұмыспен өтеу нақ сол орта шаруаның айрықша «кәсіпшілігі» екенін, демек, орта шаруаның құрал-сайманы тек шаруа шаруашылығының ғана емес, сонымен қатар помещик шаруашылығының да құрамдас бір бөлегі болып табылатынын біз жоғарыда көрдік *. Сондықтан ауыл шаруашылығы машиналары мен жақсартылған құралдардың таралуы және шаруалардың экспроприациялануы — бірімен бірі тығыз байланысты құбылыстар. Шаруалар арасында жақсартылған құралдардың таралуының да дәл осындай маңызы бар — мұның осылай екенін алдыңғы тарауда айтылғандардан кейін түсіндіріп жатудың қажеті бола қоймас. Бумен жүретін тоқыма станок қолмен тоқитын майдагер тоқымашыны қалай ықтиярсыз ығыстырып шығарса, ауыл шаруашылығында машиналардың ұдайы қолданылуы патриархтық «орта» шаруаны дәл солай ықтиярсыз ығыстырып шығарады.

Егіншілікте машиналарды қолданудың нәтижелері бұл айтылғандарды, капиталистік прогрестің өзіне тән барлық белгілерін оның бойына сіңген барлық қайшылықтарымен қоса көрсету арқылы дәлелдеп отыр. Машиналар қазіргі заманға дейін қоғамдық дамудың барысынан мүлдем дерлік сырт қалып келген егіншілікте еңбек өнімділігін орасан зор дәрежеде арттырады. Сондықтан Н.— он мырзаның Россиядағы астық өндірісінің «мүлдем тоқырағаны» туралы («Очерктердің» 32-беті) және тіпті егіншілік еңбегі «өнімділігінің төмендегені» туралы пікірінің түкке тұрмайтынын көру үшін орыс егіншілігінде машиналарды қолданудың өсіп келе жатқаны жөніндегі фактінің өзі-ақ жеткілікті. Біз жалпы анықталған фактілерге қайшы келетін және

* В. В. мырза бұл ақиқатты (орта шаруалардың күн көруі помещиктерден шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасының болуына едәуір дәрежеде байланысты екенін) мынадай ерекше түрде білдіреді: «жер иесі, былайша айтқанда, оның (шаруаның) құрал-саймандарын ұстау жөніндегі шығынды өтеуге қатысады». Санин мырза бұл жөнінде былай деп дұрыс ескерту жасайды: «Бұлай болғанда жер иесіне жұмысшы қызмет етпей, жұмысшыға жер иесі қызмет ететін болып шығады». *А. Санин.* «Халық өндірісі туралы теория жөніндегі бірнеше ескерту» — Гурвичтің «Орыс деревнясының экономикалық жағдайы» деген кітабының орысша аудармасына қосымша ретінде берілген. М. 1896, 47-бет.

Н.— он мырзаға капитализмге дейінгі тәртіптерді дәріптеу үшін керек болған бұл пікірге төменде тағы да қайта оралып соғамыз.

Бұдан соң, машиналар өндірісті шоғырландыруға және егіншілікте капиталистік кооперацияны қолдануға әкеп соғады. Бір жағынан, машиналарды қолдану капиталды едәуір мөлшерде керек етеді, сондықтан да оған тек ірі қожайындардың ғана шамасы келеді; екінші жағынан, машина өңделетін өнім өте көп болғанда ғана өз құнын өтей алады; машиналарды енгізгенде өндірісті ұлғайту қажеттігі туады. Сондықтан егін оратын машиналардың, бу молотилкаларының және басқалардың таралуы егіншілік өндірісінің шоғырлануын көрсетеді,— шынында да біз орыс егіншілігінің машиналарды көп қолданып отырған аудандарының (Новороссия) шаруашылықтарының көлемі де өте ірі екенін төменде көреміз. Жалғыз-ақ егіншіліктің шоғырлануын егістік жерлерді тек бір ғана экстенсивті түрде ұлғайту формасында түсіну (Н.— он мырзаның түсінетініндей) қате болатынын ескерте кетеміз; шынына келгенде, егіншілік өндірісінің шоғырлануы, сауда егіншілігінің формаларына қарай, мейлінше сан алуан формаларда болып отырады (бұл туралы келесі тарауды қараңыз). Өндірістің шоғырлануы жұмысшылардың шаруашылықта кең түрде кооперациялануымен тығыз байланысты. Біз жоғарыда өзінің егінін жинау үшін *жүздеген* егін оратын машиналарды бір мезгілде іске қосатын ірі экономияның мысалын көрдік. «Ат күшімен жүретін 4—8 аттық молотилкаларға 14-тен 23-ке дейін және одан да көп жұмысшылар керек, бұлардың жартысы әйелдер мен жас өспірім ер балалар, яғни жартылай жұмысшылар болады... Ал барлық ірі шаруашылықтарда» (Херсон губерниясындағы) «қолданылып отырған 8—10 аттың күшіндей күші бар бу молотилкаларына бір мезгілде 50-ден 70-ке дейін жұмысшы керек, бұлардың жартысынан көбі жартылай жұмысшылар, 12 жастан 17 жасқа дейінгі қыз және ер балалар» (Тезяков, І. с., 93). Нақ осы автор: «Бір мезгілде 500—1000 жұмысшы жиналып қызмет істейтін ірі шаруашылықтарды өнеркәсіп орындарымен батыл теңестіруге бола-

ды»,— деп дұрыс айтады (151-бет) *. Сонымен, біздің халықшылдар — «қауым» егіншілікке кооперацияны «оп-оңай-ақ» енгізе алар еді деп, қысыр әңгімеге салынып жүргенде, өмір өз кезегімен өтіп жатты, сөйтіп капитализм қауымды мүдделері жағынан қарама-қарсы экономикалық топтарға жіктеп, жалдама жұмысшылардың кең түрде кооперациялануына негізделген ірі шаруашылықтарды құрды.

Жоғарыда айтылғандардан машиналардың капитализм үшін ішкі рынок *құратыны* айқын көрініп отыр: 1-ден, өндіріс құрал-жабдықтарына (машина жасау, кен өнеркәсіптерінің және басқаларының өнімдеріне) арналған рынок құрады; 2-ден, жұмыс күшіне арналған рынок құрады. Жоғарыда көріп өттік, машина қолдану жұмыспен өтеуді ерікті жалдама еңбекпен ауыстыруға және батырақ шаруалар шаруашылықтарын құруға әкеп соғады. Ауыл шаруашылығы машиналарын жаппай қолдану ісі толып жатқан ауыл шаруашылығы жалдама жұмысшыларының болуып керек етеді. Егіншілік капитализмі ең жақсы дамыған жерлерде машинаны енгізумен қатар жалдама еңбекті *енгізудің* бұл процесі екінші бір процеспен, атап айтқанда: жалдама жұмысшыларды машинаның ығыстырып шығаруымен араласады. Бір жағынан, шаруа буржуазиясының құрылуы және жер иелерінің жұмыспен өтеуден капитализмге көшуі жалдама жұмысшыларға деген мұқтаждықты *туғызады;* екінші жағынан, шаруашылық әлдеқашан-ақ жалдама еңбекке негізделген жерлерде машина жалдама жұмысшыларды *ығыстырады.* Бүкіл Россия үшін бұл екі процестің жалпы нәтижесі қандай, яғни ауыл шаруашылығы жалдама жұмысшыларының саны көбейіп келе ме әлде азайып келе ме,— бұл туралы дәл және жаппай статистикалық мәліметтер жоқ. Алайда бұл жұмысшылардың саны осы кезге дейін көбейіп келгенінде күмән жоқ (келесі параграфты қараңыз). Біз бұл сан қазір де көбейе түсуде деп есептей-

* Келесі тараудың 2-параграфын да салыстырыңыз, онда Россияның бұл ауданындағы капиталистік егіншілік шаруашылықтарының көлемі жайында неғұрлым толық мәліметтер келтірілген.

міз *: 1-ден, егіншіліктегі жалдама жұмысшыларды машинаның ығыстырып шығаруы туралы мәліметтер тек жалғыз Новороссия жөнінде ғана бар, ал капиталистік егіншіліктің басқа аудандарында (Прибалтика өлкесі мен батыс өлке, шығыстағы шет аймақтар, кейбір өнеркәсіпті губерниялар) бұл процесс кең көлемде әлі зерттелмеген. Жұмыспен өтеу басым болып отырған аудандар әлі де көп, машинаның енгізілуі бұл аудандарда жалдама жұмысшыларға деген мұқтаждықты туғызады. 2-ден, егіншіліктің интенсивтілігінің артуы (мәселен, тамыр жемісті өсімдіктерді енгізу) жалдама еңбекке деген мұқтаждықты орасан зор мөлшерде арттырады (IV тарауды қараңыз). Ауыл шаруашылығы жалдама жұмысшыларының абсолюттік санының кемуі (өнеркәсіп жұмысшыларына керісінше), әрине, капитализм дамуының белгілі сатысында, атап айтқанда, бүкіл елдің ауыл шаруашылығы толық капиталистік болып ұйымдасқан кезде және егіншіліктің қилы-қилы жұмыстарына жаппай машина қолданылған кезде болуға тиіс.

Ал Новороссияны алатын болсақ, онда жергілікті зерттеушілер бұл жерде жоғары дәрежеде дамыған капитализмнің кәдімгі белгілері бар екенін айтады. Машиналар жалдама жұмысшыларды ығыстырып шығарады және егіншілікте капиталистік резервті армияны құрады. «Херсон губерниясында жұмысшы күші адам айтқысыз қымбат болған дәуір өтіп кетті. Ауыл шаруашылығы құралдарының өте көп таралуы... арқасында...» (басқа да себептер бойынша) *«жұмысшы күшінің бағасы үздіксіз төмендеп келеді»* (курсив автордікі)... «Егіншілік құралдарының бөлінуі ірі шаруашылықтарды жұмысшыларға тәуелді болудан босатады **, сонымен қа-

* Толып жатқан шаруалары бар елде ауыл шаруашылығы жалдама жұмысшылары санының абсолютті көбеюінің село халқының относительді азаюымен ғана емес, сонымен қатар абсолютті азаюымен де әбден сыйымды екенін түсіндіріп жатудың керегі бола қоймас.

** Пономарев мырза бұл туралы былай дейді: «Машиналар егін жинау бағасын ретке келтіре отырып, сонымен бірге жұмысшыларды тәртіпті болуға баулыса керек» («Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы» деген журналдағы мақала, цитат «Вестник Финансов» бойынша алынды, 1896, № 14). «Капиталистік фабриканың Пиндары», д-р Юрдың (Andrew Ure) [88] жұмысшылардың арасында «тәлім» мен «тәртіп» орнататын машиналарды құттықтағанын еске түсіріңіздер. Россиядағы егіншілік капитализмі тек «егіншілік фабрикаларын» ғана емес, сонымен қатар бұл фабрикалардың «Пиндарларын» да тууғызып үлгерді.

тар жұмысшы күшіне деген мұқтаждықты төмендетіп, жұмысшыларды қиын жағдайға ұшыратады» (Тезяков, l. c., 66—71). Басқа бір земстволық санитарлық дәрігер Кудрявцев мырза да өзінің «Таврия губерниясының Каховка дейтін жеріндегі Николаев жәрменкесіндегі келімсек ауыл шаруашылығы жұмысшылары және 1895 жылы оларға жасалған санитарлық бақылау» (Херсон, 1896) деген еңбегінде дәл осыны айтады.— «Жұмысшы күшінің бағалары... үнемі төмендеп келеді, ал келімсек жұмысшылардың едәуір бөлегі ешбір табыс таба алмай далада қалады, яғни экономикалық ғылымның тілінде жұмысшылардың резервті армиясы деп аталатын армия — жасанды артық халық құрылады» (61). Осы резервті армияның салдарынан еңбек бағасының төмендеуі кей кезде мынаған дейін жетеді: «көптеген қожайындар, өздерінің машиналары бола тұрып», (1895 жылы) «егінді машинамен жинаудан гөрі, қолмен жинауды артық көрді» (ibid., 66, «Херсон земствосының жинағынан», 1895, август)! Бұл факт машиналарды капиталистік жолмен қолдануға тән қайшылықтардың қаншалықты терең екенін қысыр әңгімелердің бәрінен де гөрі айқынырақ әрі дәлелдірек етіп көрсетеді.

Машиналарды қолданудан туатын екінші бір нәтиже — әйелдер мен балалар еңбегін өте көп пайдалану. Қалыптасқан капиталистік егіншілік жалпы алғанда жұмысшылардың белгілі бір иерархиясын туғызды, мұның өзі фабрика жұмысшыларының иерархиясына өте ұқсайды. Мәселен, оңтүстік орыс экономияларында бұл былайша бөлінеді: а) *толық жұмысшылар* — барлық жұмысқа қабілетті ересек еркектер; б) *жартылай жұмысшылар,* 20 жасқа дейінгі әйелдер мен еркектер; жартылай жұмысшылар екі категорияға бөлінеді: аа) 12, 13 жастан 15, 16 жасқа дейінгілер — дәл мағынадағы жартылай жұмысшылар және бб) *басым күшті жартылай жұмысшылар;* «экономика тілінде жұмысшының «төрттен үш бөлігі»» *, толық жұмысшының шалғы тартудан басқа жұмыстарының бәрін істей алатын, 16 жастан 20 жасқа дейінгілер. Ақырында, в) *күші аз*

* Тезяков, l. c., 72.

жартылай жұмысшылар, жасы 8-ден кем емес және 14-тен артық емес балалар; олар шошқа бағушының, бұзау бағушының, арам шөптерді отаушының және плугқа жеккен көлікті айдаушының міндеттерін атқарады. Олар көбінесе тек тамақ пен киім үшін ғана қызмет етеді. Егіншілік құралдарын енгізу «толық жұмысшының еңбегінің бағасын түсіреді» және оны әйелдер мен жасөспірімдердің арзанырақ еңбектерімен ауыстыруға мүмкіндік береді. Келімсек жұмысшылар туралы статистикалық мәліметтер әйелдер еңбегінің еркектер еңбегін ығыстырып шығаратынын дәлелдейді: 1890 жылы Каховка дейтін жерде және Херсон қаласында жұмысшылардың 12,7 проценті әйелдер, 1894 жылы бүкіл губернияда — 18,2% (56 464 адамның 10 239-ы); 1895 жылы — 25,6% (48 753 адамның 13 474-і) әйел жұмысшылар бар деп жазылған. Балалар 1893 жылы — 0,7% (10 жастан 14 жасқа дейін), 1895 жылы — 1,69% (7 жастан 14 жасқа дейін) болды. Херсон губерниясының Елисаветград уезіндегі жергілікті экономия жұмысшыларының арасында балалар 10,6% болды (ibid.).

Машиналар жұмысшылар еңбегінің интенсивтілігін арттырады. Мәселен, егін оратын машиналардың (орылған егінді қолмен түсіріп тұратын машиналардың) ең көп таралған түрі «лобогрейка» немесе «чубогрейка» деп ерекше аталатын болды, өйткені мұндай машинада жұмыс істеу жұмысшыдан орасан көп күш-жігер жұмсауды талап етеді: жұмысшы орылған егінді түсіріп тұратын аппараттың қызметін өзі атқарады (салыстырыңыз: «Өндіргіш күштер», I, 52). Молотилкаларда істегенде де жұмыс дәл осылай ауырлай түседі. Капиталистік жолмен пайдаланылатын машина бұл жерде де (барлық жерлердегі сияқты) жұмыс күнінің ұзаруына орасан зор жағдай туғызады. Бұрын болып көрмеген түнгі жұмыстар егіншілікте де пайда болады. «Егін жақсы шыққан жылдары... кейбір экономияларда және шаруалар шаруашылықтарының көбінде жұмыс тіпті түнде де істеледі» (Тезяков, l. c., 126), жасанды жарық — шырақтың жарығы арқылы істеледі (92). Ақырында, машиналарды үздіксіз қолдану ауыл шаруашылығы жұмысшыларын жарақатқа ұрындырады; машина-

да істейтін қыздар мен балалардың жұмысы, әлбетте, жарақаттанушылықтың ерекше көбеюіне әкеліп соғады. Мәселен, Херсон губерниясының земстволық ауруханалары мен емханалары ауыл шаруашылығы жұмыстарының қызу кезінде «түгел дерлік жарақатты аурулармен» толады, бұл ауруханалар мен емханалар «ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының аяусыз қирату әрекетінің құрбаны болып, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының орасан зор армиясының қатарынан ұдайы шығып қалатындар үшін өзінше бір дала лазареті» болады (ibid., 126). Ауыл шаруашылығы машиналарының салған жарақаттары туралы қазірдің өзінде арнаулы медициналық әдебиеттер шыға бастады. Ауыл шаруашылығы машиналарын қолдану жөнінде міндетті қаулылар шығару туралы ұсыныстар жасалуда (ibid.). Машиналы ірі индустрия, өнеркәсіптегі сияқты, егіншілікте де қоғамдық бақылау жасап, өндірісті ретке салып отыруды барынша қатты талап етеді. Бұл сияқты бақылау жасау әрекеті туралы біз әлі төменде айтамыз.

Қорытындыда халықшылдардың ауыл шаруашылығында машиналарды қолдану туралы мәселеге мүлде дәйексіз көзқараста екенін айта кетейік. Машиналарды қолданудың пайдалы және прогресті екенін мойындай отырып, бұл істі дамыта, оңайлата түсетін шаралардың барлығын қорғай отырып,— сонымен қатар, орыс егіншілігінде машиналардың капиталистік жолмен қолданылатынын елемеу ұсақ және ірі аграрийлердің көзқарасына дейін құлдырағандық болып табылады. Ал біздің халықшылдар шаруалар шаруашылығы мен помещиктік шаруашылықтың қандай типтерінің машинаны қолданып отырғанына тіпті талдау жасауға да әрекеттенбестен, ауыл шаруашылығы машиналары мен жақсартылған құралдарды қолданудың капиталистік сипатын шынында елемей отыр. В. В. мырза ашуланып, В. Черняев мырзаны «капиталистік техниканың өкілі» деп атайды («Прогресшіл ағымдар», 11). Россияда машиналардың капиталистік жолмен қолданылып отырғанына нақ сол В. Черняев мырза немесе егіншілік министрлігінің басқа да чиновнигі кінәлы болса

керек! Н.— он мырза — «фактілерден кейін шегінбеймін» деп («Очерктер», XIV) лепіре уәде бергеніне қарамастан,— біздің егіншілікте машина қолдануды дамытқан нақ сол капитализм екені жөніндегі фактіні аттап өтуді қолайлы деп тауып, тіпті кісі күлерліктей теория жасап шығарды, ол теория бойынша айырбас егіншіліктегі еңбек өнімділігін төмендететін көрінеді (74-бет)! Мәліметтерге ешбір талдау жасалмай қабылдана салған бұл теорияны сынауға мүмкіндік те жоқ және оның қажеті де жоқ, Н.— он мырзаның пікірінің шағын бір үлгісымағын келтірумен ғана шектелеміз. «Егер бізде еңбек өнімділігі екі есе артқан болса, онда бір ширек бидайға қазір 12 сом емес, алты сом төлеген болар еді, міне барлығы осы» (234). Зор құрметті экономист мырза, бұл тіпті де барлығы бола алмайды. «Бізде» (товар шаруашылығы қоғамының барлығындағы сияқты) техниканы көтере түсуге жекелеген қожайындар талаптанады, тек содан кейін ғана оны біртебірте қалғандары үйренеді. «Бізде» техниканы көтере түсуге тек село кәсіпкерлерінің ғана әлі келеді. «Бізде» ірілі-ұсақты село кәсіпкерлерінің бұл прогресі шаруалардың күйзелуімен және село пролетариатының қалыптасуымен тығыз байланысты болып отыр. Сондықтан, егер село кәсіпкерлерінің шаруашылықтарында техника қолдануды дамыту қоғамдық қажетті нәрсеге айналса (тек осындай жағдайда ғана баға екі есе төмендер еді), онда мұның өзі капиталистердің қолына егіншіліктің түгел дерлік көшкендігі болар еді, миллиондаған шаруалардың толық пролетариаттанғандығы болар еді, егінші емес халықтың орасан зор өскендігі және фабрикалардың көбейгендігі болар еді (біздің егіншілікте еңбек өнімділігінің екі есе өсуі үшін машина жасауды, кен өнеркәсібін, бу транспортын орасан көп дамыту қажет, толып жатқан жаңа типті ауыл шаруашылығы құрылыстарын, магазиндер, қоймалар, каналдар, т. т. және т. с. салу қажет). Н.— он мырза бұл арада өз пікірлерінің әдеттегі кішкене қатесін қайталап отыр: ол капитализмнің дамуы тұсында қажет болатын дәйекті шаралардан аттап өтеді, капитализмнің дамуымен қажетті түрде қатар жүріп отыратын қоғамдық-шаруа-

шылық қайта өзгерістердің күрделі комплексінен аттап өтеді,— сөйтеді де соңынан капиталистік «қиратудың» қауіптілігі жайында шағым айтып, көз жасын төгеді.

### IX. ЕГІНШІЛІКТЕГІ ЖАЛДАМА ЕҢБЕК

Біз енді егіншілік капитализмінің басты көрінісі — ерікті жалдама еңбекті пайдалану мәселесіне көшеміз. Реформадан кейінгі шаруашылықтың бұл белгісі Европалық Россияның оңтүстігі мен шығысындағы шет аймақтарында бәрінен де күштірек болды және ауыл шаруашылығы жалдама жұмысшыларының бір жерден екінші жерге жаппай ауысуынан көрінді, мұның өзі «егіншілік шет кәсіп» деген атпен белгілі. Сондықтан біз әуелі Россиядағы егіншілік капитализмінің осы басты ауданы жайындағы мәліметтерді келтіреміз, ал содан кейін бүкіл Россияға қатысы бар мәліметтерді де қараймыз.

Біздің шаруалардың жалдану үшін жұмыс іздеп орасан көп орын ауыстырғанын біздің әдебиет баяғыда-ақ атап көрсеткен болатын. Мұны шаруалардың әр түрлі губернияларға қалай тарағанын анықтауға тырысқан Флеровский де атап көрсеткен-ді («Россиядағы жұмысшы табының жағдайы», СПБ. 1869). 1875 жылы Чаславский мырза «егіншіліктің шет кәсіпшіліктеріне» жалпы шолу жасап («Мемлекеттік білімдердің жинағы», II том), олардың шын маңызын көрсеткен болатын («жартылай қаңғыбас халық тәрізді бірдеңе... болашақ батырақтар тәрізді бірдеңе... құрылды...»). 1887 жылы Распопин мырза осы құбылыс туралы бірсыпыра земстволық-статистикалық мәліметтерді жинақтап, оларға жалпы шаруалардың «табыстары» ретінде қарамай, егіншіліктегі жалдама жұмысшылар табының құрылу процесі ретінде қарады. 90-жылдары С. Короленко, Руднев, Тезяков, Кудрявцев, Шаховской мырзалардың еңбектері шықты, сол еңбектердің арқасында бұл құбылыс әлдеқайда толығырақ зерттелді.

Егіншіліктегі жалдама жұмысшылардың *келетін* басты ауданы — Бессарабия, Херсон, Таврия, Екатеринослав, Дон, Самара, Саратов (оңтүстік бөлегі) және

Оренбург губерниялары. Біз Европалық Россияны ғана аламыз, бірақ қозғалыстың (әсіресе соңғы кезде) Солтүстік Кавказды да, Урал облысын да, т. т. қамтып, ілгері кетіп бара жатқанын айта кету керек. Бұл аудандағы (саудалық астық шаруашылығы ауданындағы) капиталистік егіншілік туралы мәліметтер келесі тарауда келтіріледі; нақ сол тарауда біз егіншілік жұмысшылары келетін басқа жерлерді де көрсетеміз. Егіншілік жұмысшылары шығатын басты аудан — орта қара топырақты губерниялар: Қазан, Симбирск, Пенза, Тамбов, Рязань, Тула, Орел, Курск, Воронеж, Харьков, Полтава, Чернигов, Киев, Подольск, Волынь губерниялары *. Сонымен, жұмысшылардың бір жерден екінші жерге ауысуы елдің ең көп орналасқан жерінен елдің ең аз орналасқан жеріне қарай, отарланған жерлерге қарай бағыт алады;— крепостниктік правоның ең күшті дамыған жерлерінен, оның ең әлсіз болған жерлеріне қарай бағыт алады **;— жұмыспен өтеудің анағұрлым көп дамыған жерлерінен жұмыспен өтеудің нашар дамыған және капитализмнің жоғары дәрежеде дамыған жеріне қарай бағыт алады. Демек, жұмысшылар «жартылай ерікті» еңбектен ерікті еңбекке қарай қашады. Бұл қашушылықты тек қана елдің көп орналасқан жерлерінен елдің аз орналасқан жерлеріне орын ауыстыру деп ойлау қате болар еді. Жұмысшылардың бір жерден екінші жерге ауысуын зерттеу ісі (С. Короленко мырза, l. c.) өзгешелігі бар және маңызды құбылысты: жұмысшылар шығатын жерлердің көбінен жұмысшылардың өте көп кететінін, сондықтан ол жерлерде жұмысшылардың жеткіліксіз болып қалатынын, олардың орны басқа жақтан келетін жұмысшылармен толықтырылатынын көрсетті. Олай болса, жұмысшылардың кетуі халықтың белгілі бір жерлерге неғұрлым бірдей бөлінуге ұмтылатынын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге жұмысшылардың қай жер жақсы болса, сонда кетуге

* Біз VIII тарауда, Россиядағы жалдама жұмысшылардың бір жерден екінші жерге ауысу процесін тұтас алып қарап, әр түрлі жерлердегі шет кәсіпке кетушіліктің сипаты мен бағытын толығырақ жазамыз.

** Жұмысшылардың келетін жерлерінде крепостнойлардың проценті 4—15% болып, ал жұмысшылардың шығатын жерлерінде 40—60% болғанын Чаславский де көрсеткен болатын.

ұмтылатынын да көрсетеді. Егер біз жұмысшылардың шығатын ауданында, жұмыспен өтеу ауданында, село жұмысшылары жалақыларының *өте төмен* екенін, ал жұмысшылардың келетін ауданында, капитализм ауданында, жалақының анағұрлым жоғары екенін еске түсірсек, бұл ұмтылыс бізге әбден түсінікті болады *.

«Егіншілік шет кәсіптің» мөлшеріне келетін болсақ, бұл туралы жалпы мәлімет С. Короленко мырзаның тек жоғарыда аталған еңбегінде ғана бар, ол бүкіл Европалық Россияда 6360 мың артық жұмысшы (*жергілікті жердегі* оларға деген сұраныммен салыстырғанда) бар, соның ішінде егіншілік шет кәсіпке кететін жоғарыда аталған 15 губернияда 2137 мың адам бар деп есептейді, ал жұмысшылар келетін 8 губернияда 2173 мың адам жетіспейді деп есептейді. С. Короленко мырзаның есептеу тәсілдері үнемі қанағаттанарлық бола бермейтініне қарамастан, оның жалпы қорытындыларын (мұны төменде талай рет көреміз) шамамен алғанда дұрыс деп, ал қаңғырып жүрген жұмысшылардың санын артық көрсетпегені былай тұрсын, қайта шындықтан гөрі кемірек алған деп есептеу керек. Оңтүстікке келетін осы екі миллион жұмысшының бір бөлегінің егіншіліктен тыс жұмысшыларға жататынында күмән жоқ. Бірақ Шаховской мырза (l. c.) — бұл санның жартысы өнеркәсіп жұмысшылары деп, мүлде еркін кетіп, шамамен есептей салады. 1-ден, бұл ауданға келетін жұмысшылардың *негізінен* егіншілік жұмысшылары екенін, ал 2-ден, егіншілік жұмысшыларының тек жоғарыда аталған губерниялардан ғана келіп қоймайтынын біз барлық деректемелерден білеміз. С. Короленко мырзаның есебін дәлелдейтін бір цифрды Шаховской мырзаның өзі де көрсетіп отыр. Атап айтқанда, ол 1891 жылы қара топырақты 11 губернияда (бұл губерниялар жоғарыда көрсетілген егіншілік жұмысшылары шет кәсіпке кететін аудандарға кіреді) — 2 000 703 паспорт пен билет берілді деп мәлімдеп отыр (l. c., 24-бет), ал С. Короленко мырзаның есебі бойынша, бұл губерния-

* Қараңыз: VIII тараудың жұмыс күшіне ішкі рыноктың құрылуы дейтін IV параграфы; 10 жылды қамтитын кестелік мәліметтер (осы том, 643-бет. *Рсд.)*

лардың жіберіп отырған жұмысшыларының саны 1 745 913 адам ғана болып отыр. Демек, С. Короленко мырзаның цифры ешбір артық көрсетілмеген, Россиядағы қаңғырып жүрген село жұмысшыларының барлық саны, сірә, 2 миллион адамнан артық болуға тиіс *. Өздерінің үйі мен үлесті жерін (үйі мен үлесті жері бар болса) тастап кетіп жатқан «шаруалардың» осынша көп болуы ұсақ егіншілердің село пролетарларына айналуының орасан зор процесін, өсіп келе жатқан егіншілік капитализмінің жалдама еңбекті өте көп керек етіп отырғанын айқын дәлелдейді.

Енді Европалық Россияда селолық жалдама жұмысшылардың қаңғырып жүргендерінің де, отырықшыларының да, барлық санының көптігі қанша? деген сұрақ туады. Бұл сұраққа Руднев мырзаның «Европалық Россия шаруаларының кәсіпшіліктері» деген еңбегінде жауап берудің бізге белгілі бірден-бір әрекеті жасалды («Саратов земствосының жинағы», 1894 ж., №№ 6 және 11). Бұл өте бағалы еңбек Европалық Россияның 19 губерниясындағы 148 уезд бойынша земство статистикасы мәліметтерінің жинағын береді. Мұнда 5 129 863 еркек қызметкердің (18-ден 60 жасқа дейінгі) ішіндегі «өнеркәсіпшілердің» барлық саны 2 798 122 адам, яғни шаруа қызметкерлерінің барлық санының 55 проценті деп көрсетілген **. Автор «ауыл шаруашылығы кәсіпші-

* С. Короленко мырзаның цифрын тексерудің тағы да бір тәсілі бар. Біз Тезяков пен Кудрявцев мырзалардың жоғарыда цитат алынған кітаптарынан өздері «табыс» іздеп бара жатқанда аздап болса да темір жолмен пайдаланатын село жұмысшыларының саны барлық жұмысшылар санының 1/10 бөлігіне жуық екенін білеміз (бұл екі автордың мәліметтерін бірге қосқанда, біз сұраққа жауап берген 72 635 жұмысшының тек 7827-сі ғана жолдың бір бөлегінде болса да темір жол арқылы жүргенін білеміз). Оның бер жағында, Шаховской мырзаның мәлімдеуіне қарағанда (темір жолдардың мәліметтері бойынша, 1. с., 71-бет), 1891 жылы сөз болып отырған бағыттағы ең ірі үш темір жолдың тасыған жұмысшылары 200 мың адамнан аспайды (170—189 мың). Демек, оңтүстікке кеткен жұмысшылардың барлық саны 2 миллионға жуық адам деп есептеу керек. Айта кетелік, темір жолды пайдаланатын село жұмысшыларының өте аз болуы Н.—он мырзаның — біздің жолаушы тасытын темір жолымызда негізгі жолаушылар егіншілік жұмысшылары дейтін пікірінің қате екенін көрсетеді. Н.— он мырза егіншіліктен тыс жұмысшылардың жалақыны молырақ алып, темір жолдарды көбірек пайдаланатынын, ал бұл жұмысшылардың (мәселен, құрылысшы, жер қазушы, жүк тасушы және басқа көптеген жұмысшылардың) кететін уақыты да көктем мен жазға дәл келетінін ұмытып кеткен.

** Демек, бұл цифрға егіншіліктегі жалдама жұмыс өздерінің ең басты кәсібі болмағанымен, меншікті шаруашылығы сияқты маңызды кәсібі болып табылатын толып жатқан шаруалар кірмейді.

ліктеріне» ауыл шаруашылығындағы *жалдама* жұмыстарды ғана жатқызған (батырақтар, күндікшілер, бақташылар, мал қораларында істейтін қызметшілер). Ауыл шаруашылығы жұмысшыларының процентін Россияның әр түрлі губерниялары мен аудандары бойынша жұмыс жасындағы еркектердің барлық санына шағып анықтауы авторды қара топырақты өңірдегі барлық еркек қызметкерлердің 25 процентке жуығы, ал қара топырақты емес өңірдің — 10 процентіне жуығы ауыл шаруашылығы жұмысын жалданып істейді деген қорытындыға келтіреді. Мұның өзі Европалық Россияда ауыл шаруашылығы жұмысшылары 3395 мың адам немесе, жинақтап алғанда, $3^1/_2$ миллион адам деген цифрды көрсетеді (Руднев, l. c., 448-бет. Бұл сан жұмыс жасындағы барлық еркектер санының 20 процентіне жуық). Бұл ретте мынаны айта кету керек: Руднев мырзаның айтуынша — «статистиктер кәсіпшіліктердегі күндік жұмыс пен кесімді егіншілік жұмыстарын белгілі бір адамның немесе белгілі бір семьяның ең басты кәсіптері болған жағдайларда ғана көрсеткен» (l. c., 446) *.

Руднев мырзаның бұл цифрын ең аз цифр деп есептеу керек, өйткені, біріншіден, земство сапағының мәліметтері 80-ші, кейде тіпті 70-жылдарға жататын болғандықтан, азды-көпті ескірген және, екіншіден, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының процентін анықтауда жоғары дәрежеде дамыған егіншілік капитализмінің аудандары — Прибалтика және батыс губерниялары мүлде еске алынбаған. Бірақ, басқа мәліметтердің жоқтығынан, $3^1/_2$ миллион адам деген осы цифрды алуға тура келеді.

---

* Руднев мырзаның да көрсеткені сияқты «кәсіпшіліктерге» шаруалардың өз меншігіндегі, сатып алған, арендаға алған жерлердегі егіншіліктен басқа кәсіптерінің қандайының болса да барлық түрлері жатады. Бұл «өнеркәсіпшілердің» көпшілігі — егіншілік пен өнеркәсіптегі жалдама жұмысшылар екеніне күмән жоқ. Сондықтан біз село пролетарларының саны жөніндегі үйғаруымызға бұл мәліметтердің шамалас келетініне оқушының назарын аударамыз: II тарауда село пролетарлары шаруалардың 40 процентіне жақын деп алынды. (Қараңыз: осы том, 183-бет. *Ред.)* Біз бұл жерде «өнеркәсіпшілердің» 55% екенін көріп отырмыз, олардың 40 процентінен көбі, сірә, әр түрлі жалдама жұмыстарда істейтін болса керек.

Демек, шаруалардың *бестен бір бөлігіне* жуығы қазір-ақ өздерінің «ең басты кәсібі» ауқатты шаруалар мен помещиктерге жалданып жұмыс істеу болатын халге көшкен көрінеді. Біз бұл арада село пролетариатының жұмыс күшін керек ететін кәсіпкерлердің бірінші тобын көріп отырмыз. Бұл — *шаруалардың төменгі тобының жартысына жуығын* қамтып отырған село кәсіпкерлері. Сонымен, село кәсіпкерлері табының құрылуы мен «шаруалардың» төменгі тобының ұлғаюының, яғни село пролетарлары санының көбеюінің арасында өзара толық тәуелділік бар екені байқалады. Бұл село кәсіпкерлерінің арасында шаруа буржуазиясы көрнекті роль атқарады: мәселен, Воронеж губерниясының 9 уезінде шаруалар барлық батырақтар санының 43,4 процентін жалдап отыр (Руднев, 434). Егер біз осы процентті барлық село жұмысшылары үшін және бүкіл Россия үшін норма етіп алсақ, онда шаруа буржуазиясы бір жарым миллион ауыл шаруашылығы жұмысшысын керек ететін болып шығар еді. Сол белгілі бір «шаруалар» әрі жалдаушылар іздейтін миллиондаған жұмысшыларды рынокқа шығарады, әрі жалдама жұмысшыларды орасан көп керек етіп отырады.

### X. ЕГІНШІЛІКТЕГІ ЕРІКТІ ЖАЛДАМА ЕҢБЕКТІҢ МАҢЫЗЫ

Енді ерікті жалдама еңбекті қолданған кезде егіншілікте қалыптасатын жаңа қоғамдық қатынастардың негізгі белгілерін суреттеуге және олардың маңызын анықтауға тырысып көрейік.

Оңтүстік жаққа ағылып келіп жатқан ауыл шаруашылығы жұмысшылары шаруалардың ең кедей топтарына жатады. Херсон губерниясына келетін жұмысшылардың $^{7}/_{10}$ бөлігі темір жол билетін сатып алуға ақшасы болмағандықтан жаяу келеді, «құстай ұшып, желдей өсетін поездар мен ырғала жүзіп бара жатқан пароходтардың әдемі көріністерін тамашалап, темір жолдардың бойы мен кеме жүзетін өзендердің жағалауымен жүздеген, мыңдаған шақырым жерді жаяу кезеді» (Тезя-

ков, 35). Жұмысшылар орта есеппен 2 сомға жуық * ақшамен шығады; олардың ақшасы көбінесе паспорт алуға да жетпейді, сондықтан олар он тиынға бір айлық билет алады. Жол жүру 10—12 күнге созылады, сондықтан мұндай ұзақ уақыт сапар шегудің (кейде жазғытұрымғы суық лайсаңдарда жалаң аяқ жүрудің) салдарынан жаяу жүрушілердің аяқтары ісіп, сүйел мен жарақат қаптап кетеді. Жұмысшылардың $^1/_{10}$ бөлігіне жуығы *еменмен* (тақтайлардан қиюластырылған, 50—80 адам сиятын, әдетте, көп кісі сығылыса мінетін үлкен қайықтар) сапар шегеді. Ресми комиссияның еңбектері (Звегинцев комиссиясының) [89] жол жүрудің мұндай тәсілінің өте қауіпті екенін көрсетеді: «бір, екі, ал кейде одан да көп емен үстінде лық толып отырған жолаушыларды ала су түбіне батып кетпейтін бірде-бір жыл болмайды» (ibid., 34). Жұмысшылардың басым көпшілігінің үлесті жерлері бар, бірақ ол жерлері өте аз болады. «Шындығына келгенде,— деп дұрыс ескертеді Тезяков мырза,— бұл мыңдаған ауыл шаруашылығы жұмысшыларының барлығы — жері жоқтар, деревня пролетарлары ғой, бұлар үшін енді барлық күн көріс шет кәсіпшіліктерде болып отыр... Жерсіз қалу тез ілгері басып, сонымен бірге село пролетариатының санын көбейтіп келеді» (77). Жаңа жұмысшылардың, яғни бірінші рет жалданушылардың саны бұл өсушіліктің тез екенін айқын көрсететін дәлел болады. Мұндай жаңа жұмысшылар 30% шамасы болып отырады. Оның бер жағында, бұл цифр бойынша *тұрақты* егіншілік жұмысшылары кадрларын құратын процестің тездігін көруге болады.

Жұмысшылардың жаппай орын ауысуы жалдаудың жоғары дамыған капитализмге тән ерекше формаларын туғызды. Оңтүстік пен оңтүстік-шығыста толып жатқан жұмысшылар рыноктары құрылды, бұл рыноктарға мыңдаған жұмысшылар жиналады және мұнда жалдап алушылар келеді. Мұндай рыноктар көбінесе қалалар-

---

* Жол қаражатына керекті ақша мүліктерді, тіпті ұсақ-түйектерді де сату арқылы, үлесті жерді кепілге салу, заттарды, киімдерді және басқаларын кепілге беру арқылы, тіпті жұмыспен өтеуге міндеттеніп «священниктерден, помещиктерден және жергілікті кулактардан» қарызға ақша алу арқылы табылады (Шаховской, 55).

да, өнеркәсіп орталықтарында, сауда селениелерінде, жәрменкелерде болады. Орталықтардың өнеркәсіптік сипаты егіншіліктен тыс жұмыстарға да іркілмей жалданатын жұмысшыларды ерекше көп тартады. Мәселен, Киев губерниясында Шпола және Смела (қызылша-қант өнеркәсібінің ірі орталықтары) дейтін жерлер мен Белая Церковь қаласы жұмысшылар рыноктары болып отыр. Херсон губерниясында сауда жасайтын селолар (Новоукраинка, Бирзула, Мостовое — бұларда жексенбі сайын 9 мыңнан аса жұмысшылар жиналады, басқалар да көп болады), темір жол станциялары (Знаменка, Долинская және басқалар), қалалар (Елисаветград, Бобринец, Вознесенск, Одесса және басқалар) жұмысшылар рыноктары болып отыр. Сондай-ақ одессалық мещандар, қара жұмысшылар және «кадеттер» (жалаң аяқтардың жергілікті аты) жаздыгүні ауыл шаруашылығы жұмыстарына жалдануға келеді. Одессада село жұмысшылары Серединская (немесе «Косарка») деп аталатын аланда жалданады. «Жұмысшылар, басқа рыноктарға соқпастан, Одессада жақсы табыс табамыз деген үмітпен, осында келуге тырысады» (Тезяков, 58). Кривой Рог дейтін жер — егіншілік және кен жұмыстарына жұмысшы жалдау жөніндегі ірі рынок. Таврия губерниясында Каховка дейтін жердегі жұмысшы рыногы ерекше көзге түседі, мұнда бұрын 40 000-ға дейін жұмысшылар жиналатын, 90-жылдары — 20 — 30 мың жұмысшы жиналған, қазір, кейбір мәліметтерге қарағанда, бұдан да аз жиналатын көрінеді. Бессарабия губерниясынан Аккерман қаласын, Екатеринослав губерниясынан — Екатеринослав қаласы мен Лозовая станциясын, Дон губерниясынан — жыл сайын 150 мыңға дейін жұмысшы келіп кететін Дондағы Ростовты атауға болады. Солтүстік Кавказдан — Екатеринодар мен Новороссийск қалаларын, Тихорецкая станциясын және басқаларды; Самара губерниясынан — Покровская слободасын (Саратовтың қарсысындағы), Балаково селосын және басқаларды атай кету керек. Саратов губерниясынан — Хвалынск, Вольск қалаларын; Симбирск губерниясынан Сызрань қаласын атай кету керек. Сонымен, капитализм шет аймақтарда

«егіншілікті кәсіпшіліктермен біріктірудің» жаңа формасын қалыптастырды, атап айтқанда, егіншілік еңбегі мен егіншіліктен тыс жалдама еңбекті біріктірді. Мұндай біріктіру тек капитализмнің соңғы, жоғарғы сатысы — машиналы ірі индустрияның заманында ғана кең өріс ала алады, машиналы ірі индустрия шеберліктің, «қол өнерінің» маңызын түсіреді, бір кәсіптен екінші кәсіпке көшуді жеңілдетеді, жалдау формаларын біркелкі етеді *.

Шынында да, бұл жерлерде жалдау формалары өте ерекше және капиталистік егіншілікке өте-мөте тән болып отыр. Жалдама жұмыстың орта қара топырақты өңірде көп ұшырасатын жартылай патриархтық, жартылай кіріптарлық формаларының барлығы бұл жерлерде болмайды. Жалдаушылар мен жалданушылардың арасында болатын қатынастар ғана, жұмыс күшін сатып алу мен сату жөніндегі сауда келісімі ғана болады. Дамыған капиталистік қатынастардың тұсында болатын барлық уақыттағы сияқты, жұмысшылар бір күнге немесе аптаға жалдануды артық көреді, өйткені бұлайша жалдану еңбекке деген сұранымға сәйкес олардың ақыны дәлірек ретке салып отыруына мүмкіндік береді. «Әрбір базардың төңірегіндегі (айналасы 40 шақырым) бағалар математикалық дәлдікпен белгіленеді, сондықтан жалдаушыларға бағаны бұзу өте қиын болады, өйткені жалдануға келген мужик арзанырақ ақыға жалданғаннан гөрі, рынокта күтіп жата тұрады немесе әрі қарай басқа жаққа кетеді» (Шаховской, 104). Еңбек бағасының күшті ауытқып отыруы жасалған шартты сансыз рет бұзуға әкеліп соғатыны өзінен-өзі түсінікті,— бірақ шарттың бұзылуы, әдетте, жалдаушылардың айтатынындай, тек бір жақтан ғана болып қоймай, екі жағынан бірдей болады: «стачкалар екі жа-

---

* Шаховской мырза егіншілік еңбегі мен егіншіліктен тыс еңбектің бірігуінің басқа бір формасын да көрсетеді. Днепрмен төменгі қалаларға мыңдаған салдар кетіп жатады. Әрбір салда 15—20 жұмысшы (салшылар) болады, бұлардың көпшілігі Орел губерниясының белорустары мен великорустары. «Олар өзенмен жүзген барлық уақыты үшін мардымсыз тиын-тебен алады», сөйтіп олар ең алдымен егін ору, астық бастыру жұмыстарына барып жалдануға үлгеруді мақсат етеді. Олардың бұл есептері тек «жақсы» жылдары ғана ақталады.

ғынан бірдей болып отырады; жұмысшылар қымбат сұрауға келіссе, жалдаушылар арзан беруге келіседі» (ibid., 107) *. Бұл арада таптардың арасындағы қатынастарда «рақымсыз ақшаның» қандай дәрежеде ашық үстем болып отырғанын, мәселен, мынадай фактіден көруге болады: жұмысшылардың тек өз нанын әбден жеп тауысқан кезде ғана «ырыққа көнетінін» «тәжірибелі жалдаушылар жақсы біледі». «Бір қожайын жұмысшылар жалдау үшін базарға келіп... жұмысшылардың қатарын аралап жүріп, олардың дорбасында (sic!) не бар екенін таяғымен түртіп көретінін, дорбасында наны бар жұмысшылармен сөйлеспей, базардан кетіп қалатынын», сөйтіп «базарда бос дорбалар пайда болғанша» күте тұратынын «әңгімеледі» («Сельский Вестниктен», 1890 жыл, № 15, ibid., 107—108).

Дамыған капитализм атаулының барлығындағы сияқты, бұл арада да жұмысшыларды ұсақ капиталдың қатты жаныштайтыны байқалады. Коммерциялық қарапайым есеп ** ірі жалдаушыларды тиімділігі аз және дау шыға қалса үлкен зиян келтіретін ұсақ қысым жасаушылықтан бас тартуға мәжбүр етеді. Сондықтан, мәселен, ірі жалдаушылар (300—800-ден жұмысшы жалдаушылар) жұмысшыларды бір жетіден кейін жібермеуге тырысады және еңбекке деген сұранымға сәйкестіріп, бағаны өздері белгілейді; кейбіреулері маңайдағы жерлерде еңбек бағасы өскен кезде қосымша ақы төлеу тәртібін де енгізеді, ал барлық мәліметтер жұмыстың жақсы істелуі арқылы және қақтығыстардың болмауы арқылы бұл қосымша ақылардың артығымен өтелетінін көрсетіп отыр (ibid., 130—132; 104). Ұсақ қожайын, мұның керісінше, еш нәрседен тайынбайды.

* «Жұмыстың қызу кезінде, егін жақсы шыққан кезде, жұмысшының мерейі үстем болады, сондықтан оны көндіру үшін көп еңбек сіңіру керек. Оған беретін бағаны атаса, ол тіпті қарағысы да келмейді; табан тіреп тұрып алады да: сұрағанымды берсең, барамын дейді. Мұның өзі жұмысшылардың аз болғандығынан емес, қайта, жұмысшылардың айтатынындай, «біздің де дегеніміз боладының» кері келгендіктен». (Бір болыс хатшысының хабары, Шаховской, 125.)

Бір тілші-помещик былай деп мойындайды: «Егер егін нашар шықса, жұмыс күшінің бағасы да кеміс е, жалдаушы-кулак мұны пайдаланып, жұмысшыны мерзімінен бұрын жұмыстан шығарады, сөйтіп жұмысшы не сол ауданның өзінен, немесе басқа жақтан жұмыс іздеймін деп жүріп жұмыстың қызу кезін өткізіп алады» (ibid., 132).

** Салыстырыңыз: Fr. Engels. «Zur Wohnungsfrage». Vorwort (Ф. Энгельс. «Тұрғын үй мәселесі жөнінде». Алғы сөз. *Ред)* [90].

«Хуторлық мужиктер мен колонист-немістер өздеріне жұмысшыларды «таңдап» алып, оларға 15—20 процент артық баға төлейді, бірақ бұл қожайындардың жұмысшылардан «сығып алатын» жұмыстарының көлемі де елу процент жоғары болады» (ibid., 116). Мұндай қожайында істейтін «қыздар», өздерінің айтуына қарағанда, «күн, түн дегеніңізді» білмейді. Колонистер шөп шабушыларды жалдағанда өздерінің ұлдарын *кезекпен* өкшелеп отыруға (яғни жұмысшыларды асықтырып отыруға!) мәжбүр етеді, сөйтіп асықтырып отырушылар күніне үш рет ауысып, жаңа күшпен кірісіп, жұмысшыларды өкшелеп отырады: «сондықтан колонист-немістерде жұмыс істегендерді олардың өте жүдеу реңінен байқап білу оңай болады». «Жалпы хуторлық мужиктер мен немістер жеке иеліктегі экономияларда бұрын қызмет істеген жұмысшыларды жалдаудан қашады. *«Сіздер біздің жұмысымызға шыдай алмайсыздар»* деп олар ашық айтады» (ibid.) *.

Машиналы ірі индустрия жұмысшылар бұқарасын бір жерге шоғырландыра отырып, өндіріс әдістерін өзгерте отырып, таптардың арасындағы қатынастарды көмескілеп келген барлық дәстүрлі патриархтық перделер мен жамылғыларды талқандай отырып, әрдайым қоғамдық назардың осы қатынастарға аударылуына, қоғамдық бақылау мен ретке келтіру әрекетіне жол ашады. Бұл құбылыс,— әсіресе фабрика инспекциясы арқылы өте айқын көрініп отырған құбылыс,— орыстың капиталистік егіншілігінде де, атап айтқанда, оның ең жақсы дамыған ауданында байқалып отыр. Жұмысшылардың санитарлық жағдайы туралы мәселе Херсон губерниясында 1875 жылдың өзінде Херсон земствосы дәрі-

* Кубань облысының «казактарын» да осындай белгілер арқылы сипаттайды: «Казактар жекелей де, тұтас бір топ болып та әрекет жасап, барлық әдістерді қолданып, жұмысшы күшінің бағасын төмендетуге тырысады» (sic! амал не, «қауымның» бұл ең жаңа қызметі туралы біздің қолымызда толығырақ ақпарлар болмай отыр!): «тамақ жағынан, жұмыс жағынан қысым көрсету арқылы, есеп айырысу кезінде жұмысшылардың паспорттарын ұстап қалу арқылы, штраф саламыз деп қорқытып, жеке қожайындарды белгілі бір мөлшерден артық ақы төлеп, жұмысшыларды жалдамауға міндеттейтін қоғамдық үкімдер шығару арқылы жұмысшы күшінің бағасын төмендетуге тырысады, т. т.» (А. Белобородовтың «Северный Вестникте» басылған «Кубань өңіріндегі келімсек жұмысшылар» деген мақаласы, 1896, февраль, 5-бет).

герлерінің 2-губерниялық съезінде қойылған болатын, кейін 1888 жылы тағы да қойылды; 1889 жылы жұмысшылардың жағдайын зерттеу программасы жасалды. 1889—1890 жылдары жүргізілген (бірақ бұл тіпті де толық мөлшерде болған жоқ) санитарлық зерттеу жұмысы меңіреу түкпірдегі деревнялардағы еңбек жағдайларын бүркеп тұрған перденің шетін ашты. Мәселен, көптеген жерлерде жұмысшыларға арналған тұрғын үйлер жоқ көрінеді; ал казармалар бар болған жерде оларда әдетте тазалық жағы мүлдем ескерілмеген, *жер кепелер* де «онша сирек» кездеспейді,— оларда, мәселен, шопандар (қойшылар) тұрады, олар дымқылдан, тарлықтан, суықтан, қараңғылықтан, тынысты тарылтатын қапырықтан қатты зардап шегеді. Жұмысшылардың тамағы көбінесе қанағаттанарлықсыз болады. Жұмыс күні жалпы алғанда $12^1/_2$ сағаттан 15 сағатқа дейін созылады, яғни ірі өнеркәсіптегі кәдімгі жұмыс күнінен (11—12 сағаттан) едәуір ұзақ болады. Қатты ыстық болған кезде жұмысты тоқтата тұру тек «ерекше жағдай ретінде» ғана кездеседі,— сондықтан ми аурулары жиі болып тұрады. Машиналарда жұмыс істеу кәсіптік еңбек бөлінісін туғызып, кәсіптік ауруларға ұшыратады. Мәселен, молотилкада — «барабаншылар» (бауларды барабанға салады; бұл өте қауіпті және ең ауыр жұмыс: барабаннан адамның бетіне өсімдіктің ірі қиқымдары ұшып тұрады), «эперіп тұрушылар» (бауларды эперіп тұрады; бұл жұмыстың ауырлығы сонша, әрбір 1—2 сағат сайын ауысып істейді) жұмыс істейді. Әйелдер топанды сыпырады, оны балалар шетке тасиды, ал 3—5 жұмысшы мая салады. Бүкіл губерния көлеміндегі молотилкада істеушілердің саны 200 000 адамнан асуға тиіс (Тезяков, 94) *. Егіншілік жұмыстарының санитарлық жағдайы туралы Тезяков мырзаның қорытындысы мынадай: «Жалпы алғанда, егіншінің еңбегі — «ең сүйкімді және ең пайдалы кәсіп» деп ойлаған бұрынғылардың пікірі ауыл шаруашылығы

---

* Реті келгенде ескерте кетейік, бұл жұмысты — астық бастыру жұмысын — өте көп жағдайда, ерікті жалдама жұмысшылар істейді. Осыған қарап бүкіл Россияда молотилкада жұмыс істеушілер санының қаншалықты көп болуға тиіс екенін байқауға болады!

саласында капиталистік рух үстем болып отырған қазіргі уақытта шындыққа жанаспайды. Ауыл шаруашылығы жұмысына машинамен жұмыс істеуді енгізумен қатар егіншілік еңбегінің санитарлық жағдайлары жақсарған жоқ, қайта бұрынғыдан да нашарлап кетті. Машинамен жұмыс істеу ауыл шаруашылығы саласына бұған дейін мұнда онша белгілі бола қоймаған еңбектің маманддануын енгізді, мұның өзі село халқының арасында кәсіптік ауруларға ұшыраудың етек алуына және елеулі жарақат алушылықтың көбейіп кетуіне әкеліп соқтырды» (94).

Санитарлық зерттеулердің нәтижесі (аштық пен оба жайлаған жылдан кейінгі) жұмысшыларды тіркеп, оларды санитарлық жағынан бақылап отыру және арзан тамақ беру ұйымдастырылатын емдеу-азық-түлік орындарын құруға әрекет жасалуы болды. Бұл ұйымның көлемі мен нәтижесі қаншама аз болғанмен, оның өмір сүруі қаншама тұрақсыз болғанмен * — ол егіншіліктегі капитализм бағытын анықтайтын ірі тарихи факт болып қалады. Дәрігерлердің жинаған мәліметтері негізінде Херсон губерниясы дәрігерінің губерниялық съезіне емдеу-азық-түлік орындарының маңызды екенін, олардың санитарлық жағдайларын жақсарту қажеттігін мойындау, олардың қызметін еңбектің бағасы туралы және ол бағаның ауытқуы туралы хабар беріп отыратын жұмысшы биржаларының дәрежесіне дейін кеңейту, тазалық бақылау ісін «өнеркәсіп орындары тәрізді» (155-бет) әжептәуір жұмысшылары бар азды-көпті ірі шаруашылықтардың барлығына да тарату, ауыл шаруашылығы машиналарын қолдану туралы және жарақаттануларды есепке алу туралы міндетті қаулылар шығару, жұмысшылардың қамтамасыз етілуге деген правосы туралы және бу транспортын жақсартып, арзандату туралы мәселе көтеру ұсынылды. Орыс дәрігерлерінің бесінші съезі мүдделі земстволар-

* Херсон губерниясының уездік земстволарында болған 6 жиналыстың — жұмысшылардың тұрмысына бақылау жүргізу ісін ұйымдастыру туралы бұл жиылыстардың пікірлерін Тезяков мырза келтіріп отыр — төртеуі бұл системаға қарсы шыққан. Жергілікті жер иелері губерниялық земство басқармасын — «ол жұмысшыларды мүлдем жалқауландырып жібереді», т. т. деп айыптаған.

дың назары Херсон земствосының дәрігерлік-санитарлық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысына аударылсын деп қаулы етті.

---

Қорытындыда халықшыл-экономистерге тағы да қайта оралайық. Жоғарыда біз олардың жұмыспен өтеуге қарағанда капитализмнің прогресті екеніне мән бермей, жұмыспен өтеуді дәріптейтінін көрдік. Енді біз бұған олардың *жергілікті* «табыстарды» жақтап, жұмысшылардың «басқа жаққа кетуіне» де теріс қарайтынын қосуымыз керек. Мәселен, бұл дағдылы халықшылдық көзқарасты Н.— он мырза мынадай сөздермен білдіреді: «Шаруалар... жұмыс іздеуге кетіп жатады... Шаруашылық жағынан қарағанда бұл қаншалық пайдалы болады? деген сұрау туады. Әрбір шаруаның жеке басы үшін емес, барлығын қосып алғанда бүкіл шаруалар үшін, мемлекеттік-шаруашылық жағынан қарағанда мұның қандай пайдасы бар?.. Біз тұрған жерінде керегінше кәсіп алуға мүмкіндік бар екені көрініп отырғанда, беттің ауған жағына қарай, жыл сайын ала жаздай көшіп жүрудің таза экономикалық жағынан зиянды болатыны туралы айтып отырмыз...» (23—24).

Біз, халықшылдық теорияға қарама-қарсы, жұмысшылардың «көшіп жүруі» олардың өздеріне «таза экономикалық» жағынан пайдалы болып қана қоймайды, сонымен қатар бұл жалпы алғанда прогресті құбылыс болып танылуға тиіс дейміз; қоғамның назары шет кәсіпшіліктерді жергілікті «қолда бар кәсіптермен» ауыстыруға емес, қайта, керісінше, басқа жаққа кету жолындағы барлық кедергілерді жоюға, оны барлық жағынан жеңілдетуге, жұмысшылардың бір жерден екінші жерге жүріп-тұруының барлық жағдайларын арзандатып, жақсартуға, т. т. аударылуы керек. Біздің бұлай деуіміздің негіздері мыналар:

1) «Көшіп жүрудің» жұмысшыларға «таза экономикалық» пайда келтіретін себебі — жұмысшылар жалақы неғұрлым көп төленетін, жалданушы ретінде өздерінің жағдайлары жақсырақ болатын жерлерге барады. Бұл ой қаншама түсінікті болса да,— мұны ең жоғары, бей-

не бір «мемлекеттік-шаруашылық» көзқарасқа көтерілуді тәуір көретін адамдар ылғи ұмытып кетіп жүр.

2) «Көшіп жүру» жалдау мен жұмыспен өтеудің кіріптарлық формаларын қиратады.

Мәселен, бұрын, басқа жаққа кету нашар дамыған кезде, оңтүстік жер иелерінің (басқа да кәсіпкерлердің) жалдаудың мынадай тәсілін сүйсіне пайдаланғанын еске сала кетейік: өздерінің приказчиктерін солтүстік губернияларға жіберіп, борышын өтей алмай жүргендерді олар үшін өте тиімсіз шарттар бойынша жалдап келді (село бастықтарының қатысуымен) *. Демек, жалдаушылар бәсеке еркіндігін пайдаланды, ал жалданушылар оны пайдалана алмады. Жұмыспен өтеу мен кіріптарлықтан құтылу үшін шаруаның шахтаға қашуға да даяр екені жөнінде біз жоғарыда мысалдар келтірген болатынбыз.

Сондықтан «көшіп жүру» туралы мәселеде біздің аграрийлердің халықшылдармен қоян-қолтық келуі таңданарлық нәрсе емес. Мәселен, С. Короленко мырзаны алыңыз. Ол өзінің кітабында жұмысшылардың «басқа жаққа кетуіне» қарсы помещиктердің айтқан бірсыпыра пікірлерін келтіре отырып, «шет кәсіпшіліктерге» қарсы «бетімен кетушілік», «дөрекі мінез», «маскүнемдік», «ұятсыздық», «семьядан құтылу үшін және ата-аналарының бақылауында болмау үшін семьядан кетуге тырысушылық», «көңіл көтеруді және неғұрлым көңілді өмірді қалаушылық» деген сияқты толып жатқан «дәлелдер» айтады, т. т. Алайда оның ең қызық дәлелі мынау: «Ақырында, «бір жерде жата берсе, тасты да мүк басады» деген мақал сияқты, адам бір жерде тұра берсе, қайткенмен де мүлік жинайды және оны бағалайтын болады» (l. с., 84-бет). Мақал, шынында да, бір жерге байланудың адамға қалай әсер ететіндігі туралы өте ашық айтады. С. Короленко мырзаның аса бір наразы болатын құбылысы — кейбір губерниялардан жұмысшылардың «тым» көп кететіндігі және олар-

* Шаховской, l. с., 98 және келесі беттер. Автор керек десе шаруаларды тиімді етіп жалдағаны үшін жалдаушылардың хатшылар мен старшиналарға беретін «сыйлықтарының» мөлшерін де келтіреді.— Тезяков: l. с., 65.— Трирогов: «Қауым және алым-салық»; «Халық шаруашылығындағы кіріптарлық» деген мақала.

дың орнын басқа губерниялардан келетін жұмысшылар толтыратындығы, бұл құбылысты жоғарыда біз көрсеткен болатынбыз. Мәселен, Воронеж губерниясы жөнінде бұл фактіні айта келіп, С. Короленко мырза бұл құбылыстың себептерінің біреуін, атап айтқанда: сыйлыққа алған үлесті жері бар шаруалардың көптігін көрсетеді. «Материалдық жағдайы біршама нашар, тым аз мүліктеріне алаңдамайтын мұндай шаруалардың өздеріне алған міндеттерін көбінесе орындамайтыны да, жалпы алғанда өз үйінде отырып-ақ жеткілікті мөлшерде табыс таба алатын болса да, басқа губернияларға қиналмай-ақ кете беретіні де анық». «Өздерінің мардымсыз үлесті жерлеріне шырмалуы кем (sic!), кейде тіпті құрал-саймандары да жоқ мұндай шаруалар өздерінің үйін оп-оңай тастай салып, туған селосынан аулақ жерден бақыт іздеуге кетеді, олар жергілікті жерде табылатын табыстар туралы, кейде тіпті өздеріне алынған міндеттер туралы да ойламайды, өйткені оларда борышты өндіруге жарарлық ештеңе болмайды» (ibid.).

«Шырмалуы кем»! Оның сөзінің шын мағынасы осы.

Бұл туралы «көшіп жүрудің» пайдасыздығын, жергілікті «қолда бар кәсіптердің» артықшылығын сөз етіп жүргендердің ойлануы керек болар еді! *

3) «Көшіп жүру» — халықтың қоныс аударып тұруының белгісі. «Көшіп жүру» — шаруаларды «мүк басуына» кедергі болатын аса маңызды факторлардың бірі, ал тарих бұл «мүк басуды» шаруаларға үйіп-төгіп беріп отыр. Қоныс аудармайтын халықтың дамуы да

* Халықшылдық соқыр сенімдердің зиянды ықпалының тағы да бір мысалы мынау. Жоғарыда біз жиі цитат келтірген тамаша еңбегі бар Тезяков мырза мынадай фактіні атап көрсетеді: Херсон губерниясында жұмысшылар көптеп жетпей жатса да, бұл губерниядан жергілікті жұмысшылардың көбі Таврия губерниясына кете береді.. Мұны ол «нағыз ғажап құбылыс» деп атайды: «қожайындар да зиян шегеді, өз үйіндегі жұмысын тастап, жұмысты Тавриядан таба алмау қаупіне ұшырайтын жұмысшылар да зиян шегеді» (33). Біздіңше, қайта, Тезяков мырзаның бұлай деуі ғажаптан да бетер нәрсе болып көрінетін сияқты. Жұмысшылар қалайша өз пайдасын түсінбейді және олар жалданудың өздеріне ең тиімді жағдайларын іздеуге неліктен праволы болмайды? (Таврия губерниясында село жұмысшыларының жалақысы Херсон губерниясындағыдан артық). Неліктен біз шынымен мужиктер өздерінің тіркелген және «үлесті жермен қамтамасыз етілген» жерінде *міндетті түрде* тұрып, сонда жұмыс істеуі керек деп ойлауға тиіспіз?

мүмкін емес, сондықтан әрі оңтүстіктегі, әрі солтүстіктегі, әрі егіншіліктегі, әрі өнеркәсіптегі, әрі астанадағы, әрі қиыр түкпірдегі әр түрлі қатынастармен және тәртіптермен өз еркімен танысудың жұртқа беретін нәтижелерін қандай да болсын село мектебі бере алады деп ойлау — барып тұрған аңқаулық болар еді.

## IV ТАРАУ

# САУДА ЕГІНШІЛІГІНІҢ ӨСУІ

Шаруалар шаруашылығы мен помещиктік шаруашылықтың ішкі экономикалық құрылысын қарағаннан кейін, біз енді егіншілік өндірісіндегі өзгерістер туралы мәселеге: бұл өзгерістер капитализм мен ішкі рыноктың өсуін көрсете ала ма? деген мәселеге көшуге тиіспіз.

### I. РЕФОРМАДАН КЕЙІНГІ РОССИЯДАҒЫ ЕГІНШІЛІК ӨНДІРІСІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ САУДА ЕГІНШІЛІГІНІҢ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ең алдымен Европалық Россиядағы астық өндірісі жөніндегі жалпы статистикалық мәліметтерге көз жіберейік. Егін шығымының едәуір ауытқуы жеке кезеңдер немесе жеке жылдар жөніндегі мәліметтерді мүлде жарамсыз етіп отыр *. Бірсыпыра жылдардың әр түрлі кезеңдері мен мәліметтерін алып қарау керек. Біздің қолымызда мынадай мәліметтер бар: 60-жылдардағы кезең жөнінде — 1864—1866 жылдардың мәліметтері бар («Әскери-статистикалық жинақ», IV, СПБ. 1871, губернаторлар есебінің мәліметтері). 70-жылдар жөнінде — егіншілік департаментінің бүкіл он жыл бойындағы мәліметтері бар («Россия өнеркәсібіне тарихи-статистикалық шолу», I том, СПБ. 1883). Ақырында, 1880-жылдар жөнінде—1883—1887 жылдардағы бес жылдың

* Осы себептің өзі-ақ бір он жылдықтың 8 жылының (1871—1878) мәліметтерінен өте батыл қорытынды жасаған Н.— он мырзаның әдісінің мүлде қате екенін көрсетеді.

мәліметтері бар («Россия империясының статистикасы», IV); бұл бесжылдық бүкіл сексенінші жылдардағы мәліметтерді көрсете алады, өйткені 1880—1889 жылдардағы 10 жыл ішіндегі егіннің орта шығымдылығы 1883—1887 жылдардағы бес жылдағыдан тіпті біраз жоғары көрінеді (қараңыз: «Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», Чикагодағы көрмеге арналған басылым, 132 және 142-беттер). Содан соң, 90-жылдардағы эволюцияның қай бағытта болғандығы жөнінде пікір білдіру үшін біз 1885—1894 жылдардағы он жылдықтың мәліметтерін аламыз («Өндіргіш күштер», I, 4). Ақырында, 1905 жылдың мәліметтері («Россия Әржылдығы», 1906) қазіргі уақыт туралы пікір білдіру үшін әбден жарайды. 1905 жылғы егіннің шығымдылығы 1900—1904 жылдардағы бес жылдың ішіндегі егіннің орта шығымдылығынан аз-ақ төмен.

Бұл мәліметтердің барлығын салыстырып көрейік *:

*Европалық Россияның 50 губерниясы* [91]

Ширек миллион есебімен

| Кезеңдер | Еркек, әйел халқы | Барлық астық, яғни дәнді астық пен картоптың | | Картоптың | | Ширек есебімен халықтың жан басына келетін таза түсім | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Миллион есебімен | егісі | таза түсімі | егісі | таза түсімі | Дәнді астық | Картоп | Барлық астық |
| 1864—1866 | 61,4 | 72,2 | 152,8 | 6,9 | 17,0 | 2,21 | 0,27 | 2,48 |
| 1870—1879 | 69,8 | 75,6 | 211,3 | 8,7 | 30,4 | 2,59 | 0,43 | 3,02 |
| 1883—1887 | 81,7 | 80,3 | 255,2 | 10,8 | 36,2 | 2,68 | 0,44 | 3,12 |
| 1885—1894 | 86,3 | 92,6 | 265,2 | 16,5 | 44,3 | 2,57 | 0,50 | 3,07 |
| (1900—1904)—1905 | 107,6 | 103,5 | 396,5 | 24,9 | 93,9 | 2,81 | 0,87 | 3,68 |

Бұдан біз реформадан кейінгі заман 1890 жылдарға дейін дәнді астық өндірудің де, картоп өндірудің де күмәнсыз өскендігімен сипатталатынын көреміз. Егіншілік еңбегінің өнімділігі артады: біріншіден, таза тү-

* 1883—1887 жылдардағы кезең үшін 1885 жылғы халық саны алынған; халықтың өсуі=1,2% есебінде алынған. Губернаторлар есебінің мәліметтері мен егіншілік департаменті мәліметтерінің арасындағы айырма, жұртқа мәлім, өте аз, 1905 жылдың цифрлары пұтты ширекке айналдыру арқылы есептелген.

сімнің көлемі егіс көлемінен (кейбір жеке жағдайларды шығарып тастағанда) тезірек өседі; екіншіден, халықтың ауыл шаруашылығынан сауда мен өнеркәсіпке кетуі салдарынан, дәл сондай-ақ шаруаларды Европалық Россиядан басқа жерге аударудың салдарынан, егіншілік өндірісіндегі халық санының көрсетілген уақыттың ішінде ұдайы азайып отырғанын еске алу керек *. Аса бір тамаша факт — нақ *сауда* егіншілігінің өсуі: халықтың жан басына шаққанда жиналатын астықтың мөлшері (тұқымды шығарып тастағанда) көбейеді, ал бұл халықтың ішінде қоғамдық еңбек бөлінісі барған сайын ұлғая береді; сауда-өнеркәсіп халқы көбейеді; егіншілік халқы село кәсіпкерлері және село пролетариаты болып екіге жарылады; егіншіліктің өзінің мамандануы да өседі, сөйтіп сатуға арналып өндірілетін астықтың мөлшері ел өндіретін астықтың барлық мөлшерінен анағұрлым тез өседі. Бұл процестің капиталистік сипаты егіншілік өндірісінің жалпы көлемінде картоп ролінің артуы арқылы айқын суреттеледі **. Картоп егісінің ұлғаюы, бір жағынан, ауыл шаруашылығы техникасын қолданудың дамуын (егіске тамыр жемістің енгізілуін) және ауыл шаруашылығы өнімдерінің техникалық жолмен өңделуінің өсуін (арақ-шарап жасау және картоп-крахмал өндірісі) көрсетеді. Екінші жағынан, картоп егісінің ұлғаюы, село кәсіпкерлері табының көзқарасы бойынша, относительдік қосымша құн өндірісі (жұмыс күшін ұстауды арзандату,

* Н.— он мырзаның пікірі — мүлде қате пікір, ол былай дейді: «олардың саны» (егіншілік өндірісінде істейтін адамдардың саны) «азаяды деп ойлауға ешқандай дәлел жоқ, қайта керісінше болады» («Очерктер», 33, ескерту). Қараңыз: VIII тарау, § II.

** Картоптың таза түсімі, халықтың әрбір жан басына келетін есеп бойынша, Европалық Россияның барлық аудандарында да 1864—1866 жылдардан 1870—1879 жылдарға дейін өсіп отырды. Ал 1870—1879 жылдардан 1883—1887 жылдарға дейін 11 ауданның 7 ауданында (атап айтқанда: Балтық жағалауы, батыс, өнеркәсіптік, солтүстік-батыс, солтүстік, оңтүстік, далалық, Төменгі Волга және Волга сырты аудандарында) өсу байқалды.

Салыстырыңыз: «Ауыл шаруашылығының қожайындардан алынған материалдар жөніндегі статистикалық мәліметтері», VII кітап, СПБ. 1897 (егіншілік министрлігінің басылымы) [92]. 1871 жылы Европалық Россияның 50 губерниясында 790 мың десятина жерге картоп егілді, 1881 жылы — 1375 мың десятина жерге, 1895 жылы — 2154 мың десятина жерге картоп егілді, яғни 15 жылдың ішінде картоп егісі 55% көбейді. 1841 жылғы картоп түсімін 100 деп алсақ, онда мұнан кейінгі уақыттар жөнінде мынадай цифрлар келіп шығады: 1861 жылы — 120; 1871 жылы — 162; 1881 жылы — 297; 1895 жылы — 530.

халықтың ішіп-жемін нашарлату) болып табылады. 1885—1894 жылдардағы 10 жыл ішіндегі мәліметтер бұдан әрі шаруалардың экспроприациялануын орасан қатты күшейткеп 1891—1892 жылдардағы дағдарыстың дәнді астық өндірісінің едәуір төмендеуіне және барлық астық шығымының төмендеуіне әкеп соққанын көрсетеді; бірақ картоптың дәнді астықтарды ығыстырып шығару процесі оте күшті жүріп отырды, сөйтіп шығымының төмендеуіне қарамастап, картоп ондіру, халықтың жан басына шаққанда, көбейіп отырды. Ақырында, дәл сондай-ақ, соңғы бесжылдық (1900—1904) ауыл шаруашылығы өндірісінің өскенін, егіншіліктегі еңбек өнімділігінің артқанын және жұмысшы табы жағдайының нашарлағанын (картоп ролінің күшейгенін) көрсетеді.

Сауда егіншілігінің өсуі егіншіліктің мамандануынан байқалатынын жоғарыда біз көрген болатынбыз. Астық атаулыны өндіру туралы жалпы және қалай болса солай алынған мәліметтер бұл процестің тек ең жалпы жағын ғана көрсете алады (оның өзін де барлық уақытта бірдей көрсете алмайды), өйткені бұл ретте әр түрлі аудандардың ерекше өзгешеліктері жоғалып кетеді. Оның бер жағында Россияда реформадан кейінгі ауыл шаруашылығының аса бір айрықша белгілерінің бірі — егіншіліктің әр түрлі аудандарының нақ осы ерекшеленуінде болып отыр. Мәселен, біз бұған дейін цитат алған «Россия өнеркәсібінің тарихи-статистикалық шолуы» (I том, СПБ. 1883) мынадай ауыл шаруашылығы аудандарын көрсетеді: зығыр шаруашылығы ауданы, «мал шаруашылығының маңызы басым болып отырған облыс», әсіресе «сүт шаруашылығы едәуір дамыған облыс», дәнді дақыл басым болып отырған облыс, атап айтқанда, үш танапты егісі бар және жақсартылған тыңайған жері бар немесе көп танапты шөп егісі жүйесі бар аудан (далалық өңірдің «ең бағалы, базарға өтімді деп аталатын, көбінесе шетелге жіберуге арналған астық өндіру арқылы сипатталатын» бөлегі), қызылша егетін аудан, арақ-шарап жасау үшін картоп өндіретін аудан. «Бұл көрсетілген шаруашылық аудандары Европалық Россия жерінде салыстырылмалы түрде таяуда-

ғы уақытта пайда болды және жыл санап барған сайын дамып, ерекшеленіп келеді» (l. с., 15-бет) *. Демек, біздің ендігі міндетіміз егіншіліктің осы мамандану процесін зерттеу болуға тиіс, біз алуан-алуан түрлері бар сауда егіншілігінің өсуі байқала ма, бұл ретте капиталистік ауыл шаруашылығы құрылып келе ме, егіншілік капитализмі жоғарыда біз шаруалар шаруашылығы мен помещиктік шаруашылық жөніндегі жалпы мәліметтерді талдағанда көрсетіп өткен қасиеттер арқылы сипаттала ма деген мәселелерді қарауға тиіспіз. Біздің бұл мақсатқа жетуіміз үшін сауда егіншілігінің ең басты аудандарына сипаттама берумен шектелудің жеткілікті екені өзінен-өзі түсінікті.

Бірақ жеке аудандар жөніндегі мәліметтерге көшуден бұрын мыналарды айта кетейік: халықшыл-экономистердің реформадан кейінгі заманның нақ *сауда* егіншілігінің өсуімен сипатталатындығы жөніндегі фактіні елемей өте шығуға барынша тырысатынын біз көріп өттік. Бұл ретте олардың дәнді астық бағасының төмендеуі егіншілікті мамандандыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерін айырбасқа қатыстыруға жәрдемші болатын жағдайды да елемеуі табиғи нәрсе. Мысал келтірейік. «Егін шығымдылығы мен астық бағасының әсері» деген белгілі кітаптың авторлары натуралды шаруашылық үшін астық бағасының маңызы жоқ деген негізге сүйенеді де, бұл «ақиқатты» сансыз рет қайталай береді. Алайда, олардың бірі, Каблуков мырза, *товар шаруашылығының жалпы жағдайында* бұл негіз, шындығына келгенде, дұрыс емес дегенді айтты. «Әрине,— деп жазады ол,— өз шаруашылығында өндірілген астыққа қарағанда рынокқа шығарылатын астықтың аз өндіріс шығыны арқылы өндірілуі мүмкін, ал олай болған күнде тұтыну шаруашылығына да астық егуден басқа өсімдіктер егуге» (немесе, өз жанымыздан қо-

* Сонымен қатар мынаны да салыстырыңыз: «Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 84—88-беттер; мұнда темекі ауданы да қосылған. Д. Семенов пен А. Фортунатов мырзалар жасаған карталарда дала егісінде басым болып отырған өсімдіктердің түрлеріне қарай аудандар айрықша көрсетілген, мәселен, Псков және Ярославль губернияларының қара бидай-сұлы-зығыр егетін аудандары; Гродно және Москва губернияларының қара бидай-сұлы-картоп егетін аудандары, т. т.

сайық, басқа кәсіптерге) «көшу тиімді болатын сияқты», «демек, астықтың рыноктық бағасы *бұл шаруашылықтың* өндіріс шығынына сәйкес келмейтін болғандықтан, бұл бағаның ол үшін де маңызы болады» (I, 98, ескерту, курсив автордікі). «Бірақ біз мұны есепке ала алмаймыз»,— деп ол заң шығарады.— Мұның себебі не? Мұның себебі, бақсақ, мынау көрінеді: 1) басқа дақылдар егуге көшу «белгілі жағдайлар болғанда ғана» мүмкін екен. Каблуков мырза жұртқа мәлім бұл мәнмағынасыз ақиқат (дүние жүзінде барлығы да тек белгілі жағдайларда ғана бола алады!) арқылы реформадан кейінгі заман Россияда нақ сол егіншіліктің мамандануы мен халықтың егіншіліктен кетуін туғызатын жағдайларды жасағаны және жасап отырғаны туралы фактіні мүлде жайбарақат атап өтеді... 2) «Біздің климат жағдайында өзінің азық-түліктік маңызы жағынан дәнді астыққа тең келетін өнімді таба қою мүмкін емес» болғандықтан көрінеді. Мұның өзі мәселеден жай ғана жалтарып кетушілікті көрсететін өте ерекше дәлел. Сол басқа өнімдерді сату туралы және арзан астық сатып алу туралы сөз болып отырғанда, бұл арада басқа өнімдердің азық-түліктік маңызының не керегі бар?.. 3) «Тұтыну типіндегі астық шаруашылықтарының өздерінің өмір сүруі үшін әрқашан тиімді негізі бар» болғандықтан көрінеді. Басқаша айтқанда: Каблуков мырзаның «жолдастарымен» бірге натуралды шаруашылықты «тиімді» шаруашылық деп санайтындығынан көрінеді. Көріп отырсыздар, жеңдірмейтін дәлел...

### II. САУДАЛЫҚ АСТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АУДАНЫ

Бұл аудан Европалық Россияның оңтүстігі мен шығысындағы шет аймақтарын, Новороссия мен Заволжьенің далалық губернияларын қамтиды. Мұндағы егіншіліктің өзгешелігі сол — оның экстенсивтік сипаты болады және сатуға арнап орасан көп астық өндіреді. Егер біз 8 губернияны — Херсон, Бессарабия, Таврия, Дон, Екатеринослав, Саратов, Самара және Оренбург губернияларын алатын болсақ, онда былай болып шығады: 1883—1887 жылдары мұнда 13 877 мың адамға

дәнді астықтың таза түсімінен (сұлыны қоспағанда) 41,3 миллион ширек астықтан айналды, яғни Еворапалық Россияның 50 губерниясының барлық таза түсімінің төрттен бірінен көбірегі. Бұл жерлерде негізгі экспорттық астық — бидай бәрінен де көп егіледі*. Мұнда егіншілік барлығынан тез дамиды (Россияның басқа аудандарымен салыстырғанда), сөйтіп бұл губерниялар бұрын алда жүрген орта қара топырақты губернияларды екінші қатарға ығыстырып шығарады:

| Губерниялардың аудандары | Кезеңдер ішінде дәнді астықтың халықтық жан басына шаққандағы таза түсімі ** | | |
|---|---|---|---|
| | *1864—1866* | *1870—1879* | *1883—1887* |
| Оңтүстік далалық аудандар | 2,09 | 2,14 | 3,42 |
| Төменгі Волга және Волга сырты аудандары | 2,12 | 2,96 | 3,35 |
| Орта қара топырақты аудандар | 3,32 | 3,88 | 3,28 |

Сонымен, астық өндірісінің басты орталығы *орын ауыстырып* отыр: 1860 және 1870 жылдары орта қара топырақты губерниялар барлығынан алда болды, ал 1880-жылдары олар бірінші орынды далалық және Төменгі Волга губернияларына беріп қойды; оларда астық өндірісі *кеми* бастады.

Суреттеліп отырған ауданда егіншілік өндірісінің орасан зор өсуінің бұл қызықты фактісін былай түсіндіруге болады: реформадан кейінгі заманда далалық шет аймақтар әлдеқашан қоныстандырылған орталық Европалық Россияның *отары* болды. Бұл арада бос жерлер көп болғандықтан, бұған қоныс аударушылар орасан көп келді, олар егісті тез кеңейтті ***. *Саудалық* егістер-

* Аталған губерниялардың ішінде тек Саратов губерниясында ғана бидай егісі 14,3 процент, ал қалғандарының 37,6 проценттен 57,8 процентке дейін бидай егетінін көріп отырмыз.

** Деректемелер жоғарыда аталған болатын. Губерниялардың аудандары «Тарихи-статистикалық шолу» бойынша алынды. «Төменгі Волга және Волга сырты» аудандарының мәліметтері сәтті жасалмаған, өйткені орасан көп астық өндіретін далалық губернияларға Астрахань (мұнда азық-түлікке арналған астық жетіспейді) және орта қара топырақты өңірге неғұрлым жақын тұрған Қазан, Симбирск губерниялары қосылған.

*** Шет аймақтардағы халықтың орасан көп өскендігі жөнінде және мұнда 1885 жылдан 1897 жылға дейін ішкі губерниялардан жүз мың-

дің кең дамуы бұл отарлардың, бір жағынан, орталық Россиямен, екінші жағынан — астықты шеттен алып тұратын Европа елдерімен экономикалық тығыз байланыс жасауы арқасында ғана мүмкін болды. Орталық Россияда өнеркәсіптің дамуы мен шет аймақтарда сауда егіншілігінің дамуы тығыз байланысты болып отыр, олар өзара біріне бірі рынок жасап беруде. Өнеркәсіпті губерниялар оңтүстікке өз фабрикаларының өнімдерін жібере отырып, отарларды жұмысшылармен, қоныстанушылармен (қараңыз: V тарау, § III, ұсақ өнеркәсіпшілерді шет аймақтарға көшіру туралы *); өндіріс құрал-жабдықтарымен (ағаш, құрылыс материалдары, құралдар және басқалар) қамтамасыз ете отырып, оңтүстіктен астық алып отырды. Осы қоғамдық еңбек бөлінісінің арқасында ғана далалық аудандарға қоныстанғандар ішкі және әсіресе шетелдік рыноктарға көп астық өткізе отырып, бірыңғай егіншілікпен айналыса алатын болды. Бұл жерлердің экономикалық дамуы ішкі және сыртқы рыноктармен тығыз байланыс жасауы арқасында ғана осылай жылдам алға басты; және бұл даму нақ капиталистік даму болды, өйткені сауда егіншілігінің өсуімен қатар халықтың өнеркәсіпке тартылу процесі де, қалалардың өсіп, ірі өнеркәсіптің жаңа орталықтарының құрылу процесі де сондайлық тез жүріп отырды (төменгі VII және VIII тарауларды салыстырыңыз) **.

---

даған шаруалардың қоныс аударғандығы жөнінде В. Михайловский мырзаның («Новое Слово», 1897, июнь) жазғандарын қараңыз. Егістердің кеңеюі жөнінде В. Постниковтың жоғарыда көрсетілген шығармасын, Самара губерниясының земстволық-статистикалық жинақтарын; В. Григорьевтің «Рязань губерниясы шаруаларының қоныс аударуы» деген еңбегін қараңыз. Уфа губерниясы туралы Ремезовтың «Жабайы Башкирия тұрмысынан очерктерін» қараңыз, мұнда «отаршылардың» кеме жасайтын ағашы бар ормандарды қалай кесіп бітіргені және «жабайы» башқұрттардан «тазартылған» жерлерді «бидай фабрикаларына» қалай айналдырғаны әсерлі суреттелген. Бұл — отарлау саясатының бір бөлегі, мұны немістердің Африка сияқты жерлердегі әрекеттерінің қандайымен болса да салыстыруға болады.

* Осы том, 365—366-беттер. *Ред.*

** Салыстырыңыз: *Marx*. «Das Kapital», III, 2, 289,— капиталистік отардың негізгі белгілерінің бірі — қоныс аударушылардың қолы оңай жететін бос жерлердің көптігі болып табылады (бұл жердің орысша аудармасы, 623-бет, мүлде теріс) [93]. Сонымен қатар мынаны қараңыз III, 2, 210, орысша аудармасы, 553-бет,— егіншілікті отарларда астықтың орасан көп артық болуының себебі — олардың халқының барлығы алғашқы кезде, «тек қана ауыл шаруашылығымен және оның көпшілік тұтынатын өнімдерін өндірумен» айналысады, ал бұл өнімдер өнеркәсіп өнімдеріне айырбасталып отырады. «Қазіргі отарлар дүние

Бұл ауданда сауда егіншілігінің өсуі ауыл шаруашылығының техникалық прогресімен және капиталистік қатынастардың құрылуымен байланысып отыра ма деген мәселеге келетін болсақ,— бұл туралы жоғарыда айтылып өткен болатын. Бұл жерлердегі шаруалардың қандай ірі егістерінің бар екенін, мұнда капиталистік қатынастардың тіпті қауым ішінде де күшті көрініп отырғанын біз екінші тарауда көріп өттік. Біз мұның алдындағы тарауда бұл ауданда машиналарды қолдану ісінің ерекше тез дамығанын, жалдама жұмысшыларды кең түрде кооперациялап отырған, шет аймақтардағы капиталистік фермалардың егіншілікте бұрын болып көрмеген ірі шаруашылықтарды дамыта отырып, жүз мыңдаған және миллиондаған жалдама жұмысшыларды өзіне тартатынын, т. т. көрдік. Бұл айтылғанды толықтыру үшін бізге енді азғантай-ақ қосуға тура келеді.

Кейде далалық шет аймақтардағы жеке иелікті имениелердің ерекшелігі — олардың көлемдерінің тек орасан үлкен болғандығында ғана емес, сонымен қатар олардың өте ірі шаруашылық ұстайтындығында. Жоғарыда біз Самара губерниясында 8—10—15 мың десятиналық егістердің болатыны жөнінде дәлелдер келтірдік. Таврия губерниясында Фальц-Фейннің 200 000 десятина, Мордвиновтың — 80 000 десятина жері бар, басқа екі адамның—60 мың десятинадан жері бар «және толып жатқан жер иелерінің 10 мың десятинадан 25 мың десятинаға дейін жерлері бар» (Шаховской, 42). Шаруашылықтың көлемі туралы, мәселен, мына факт мағлұмат бере алады: Фальц-Фейннің шаруашылығында 1893 жылы шөп шабу жұмысында 1100 машина істеді (мұның 1000 машинасы шаруалардікі). Херсон губерниясында 1893 жылы 3,3 миллион десятина егіс болды, мұның 1,3 миллион десятинасы жеке жер иелерінің қолында болды; бұл губернияның бес уезінде (Одесса уезін қоспағанда) 1237 орта шаруашылық (250—1000 десятина жерлері бар), 405 ірі шаруашылық (1—2½ мың десятина жерлері бар) және әрқайсысының 2½ мың десятинадан астам жерлері болған 226 шаруа-

---

жүзілік рынок арқылы басқа жағдайларда өздері шығаруға тура келетін өнімдерді... дайын күйінде алып отырады» [94].

шылық бар деп есептелді. 526 шаруашылық жайында 1890 жылы жиналған деректер бойынша, бұларда 35 514 жұмысшы болған, яғни орта есеппен 1 шаруашылыққа 67 жұмысшыдан келген, олардың 16-дан 30-ға дейіні жылдық жұмысшылар болған. Елисаветград уезіндегі азды-көпті ірі 100 шаруашылықта 1893 жылы 11 197 жұмысшы болған (орта есеппен 1 шаруашылыққа 112 жұмысшыдан келеді!) бұлардың 17,4 проценті жылдық, 39,5 проценті мерзімді және 43,1 проценті күндікші жұмысшылар болған *. Уездің *барлық* егіншілік шаруашылықтарына, жеке иеліктегі шаруашылықтарға да, шаруалар шаруашылықтарына да егістерді бөлу туралы мәлімет мынадай **:

| | | | Олардың егісі мың десятина шамасымен | |
|---|---|---|---|---|
| Жер жыртпаған шаруашылықтар | 15 228 | | — | |
| 5 дес. дейін егін еккендері | 26 963 | | 74,6 | |
| 5—10 дес. » » | 19 194 | | 144 | |
| 10—25 дес. » » | 10 234 | | 157 | |
| 25—100 дес. » » | 2 005 | 2 387 | 91 | 215 |
| 100—1 000 дес. » » | 372 | | 110 | |
| 1 000 дес. көп » » | 10 | | 14 | |
| *Уезд бойынша барлығы* | 74 006 | | 590,6 | |

Сонымен, барлық егістің үштен бір бөлігінен артығырағы қожайындардың 3-тен аз-ақ артық процентінде (ал егер тек егін егетіндерін ғана есептейтін болсақ, онда 4 процентінің қолында) шоғырланып отыр, бұл егісті өңдеп, егінді жинау үшін толып жатқан мерзімді және күндікші жұмысшылар керек.

Ақырында, Самара губерниясының Новоузен уезі жөніндегі мәліметтер мынадай. Біз II тарауда қауымда қожалық ететін орыс шаруаларын ғана алдық; енді немістерді де, «хуторлықтарды» да (жердің ерекше учаскелерінде қожалық ететін шаруаларды) қоса алып көрейік. Амал не, жеке иеліктегі шаруашылықтар тура-

* Тезяков, l. c.

** «Херсон губерниясының жерлерін бағалау жөніндегі материалдар», II том, Херсон, 1886. Әрбір топтың егісінің қанша десятина екендігі егістің орта мөлшерін шаруашылықтардың санына көбейту арқылы анықталған. Топтардың саны қысқартылып алынған.

лы біздің қолымызда мәліметтер жоқ *. [280-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сірә, бұл мәліметтерді түсіндіріп жатудың қажеті жоқ шығар. Біз жоғарыда осы суреттеліп отырған аудан — Россиядағы егіншілік капитализмінің ең бір типтік ауданы,— әрине, ауыл шаруашылығы мағынасында емес, қоғамдық-экономикалық мағынасындағы типтік аудан деп ескертіп өткен болатынбыз. Бұл неғұрлым еркін дамыған отарлар бізге, егер реформаға дейінгі тұрмыстың толып жатқан қалдықтары капитализмге тежеу жасамаған болса, Россияның басқа жерлерінде де қандай қатынастар дами алатынын және дамуға тиіс болғанын көрсетіп отыр. Ал егіншілік капитализмінің формалары мейлінше алуан түрлі болып келеді, мұның өзі бұдан былай айтылатындардан көрінетін болады.

### III. САУДАЛЫҚ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АУДАНЫ. СҮТ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Енді біз Россиядағы егіншілік капитализмінің басқа бір өте маңызды ауданына, атап айтқанда, астық өнімдерінің емес, мал шаруашылығы өнімдерінің маңызы басым болып отырған облысқа көшеміз. Бұл облыс Балтық жағалауы және батыс губернияларымен қатар солтүстік, өнеркәсіптік губернияларды және кейбір орталық губерниялардың (Рязань, Орел, Тула, Нижегород губернияларының) бір бөлегін қамтиды. Мұнда малдың өнімі сүт шаруашылығына қарай бағытталады, сөйтіп егіншіліктің бүкіл сипаты рынокқа арналған осы сияқты неғұрлым бағалы өнімдерді мүмкіндігінше көбірек өндіруге сәйкестіріледі **. «Көңмен жер тыңайтуға ба-

* Новоузен уезі жөніндегі жинақ.— Мұнда арендаланған жердің барлығы да: қазыналығы да, жеке иеліктегісі де, үлесті жер де алынған. Орыс хуторлықтарының жақсартылған құралдарының тізімі мынау: 609 темір плуг, 16 бу молотилкасы, 89 ат молотилкасы, 110 шөп шабатын машина, 64 ат тырмасы, 61 веялка және 64 егін оратын машина. Жалданған жұмысшылардың санына күндікшілер кірген жоқ.

** Россияның басқа облыстарында мал шаруашылығының маңызы басқаша. Мәселен, қиыр оңтүстік пен оңтүстік-шығыста мал шаруашылығының өте экстенсивті формасы, атап айтқанда, жайып семіртілетін етті мал шаруашылығы орнықты. Солтүстікке қарай ірі қара жұмыс көлігі ретінде пайдаланылады. Ақырында, орта қара топырақты өңірде ірі қара «жер тыңайтуға керекті көң шығаратын маши-

| Самара губерниясының Новоузен уезі | Үйлер | Жер: сатып алынғаны (десятина есебімен) | Жер: арендаға алынғаны (десятина есебімен) | Егіс (десятина есебімен) | Мал саны (ірі қараға шаққанда барлығы) | Жетілдірілген егіншілік құралдары | Жалданған жұмысшылар | Орта есеппен 1 үйге келетіні: Жер: сатып алынғаны (десятина есебімен) | Жер: арендаға алынғаны (десятина есебімен) | Егіс (десятина есебімен) | Мал саны (ірі қараға шаққанда барлығы) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Уезде барлығы* | 51 348 | 130 422 | 751 873 | 816 133 | 343 260 | 13 778 | 8 278 | 2,5 | 14,6 | 15,9 | 6,7 |
| 10 және одан да көп жұмыс көлігі бар шаруашылықтар | 3 958 | 117 621 | 580 158 | 327 527 | 151 744 | 10 598 | 6 055 | 29 | 146 | 82 | 38 |
| Соңғылардың ішінен 20 және одан да көп жұмыс көлігі бар орыс хуторлықтары | 218 | 57 083 | 253 669 | 59 137 | 39 520 | 1 013 | 1 379 | 261 | 1 163 | 271 | 181 |

ғытталған мал шаруашылығынан сүтті мал шаруашылығына көшу ісі біздің көз алдымызда ашық жүріп жатыр; бұл әсіресе соңғы 10 жылдың ішінде байқалып отыр» (цитат мұның алдындағы ескертуде көрсетілген шығармадан алынып отыр, ibid.). Бұл ретте Россияның әр түрлі облыстарын статистикалық жағынан сипаттау өте қиын, өйткені мұндағы маңызды нәрсе ірі қараның абсолюттік саны емес, нақ сол сауын малының саны мен сапасы болып отыр. Егер 100 адамға келетін барлық мал санын алып қарайтын болсақ, онда Россияда мал саны бәрінен де далалық шет аймақтарда көп болып, ал қара топырақты емес өңірде бәрінен де аз болып шығады («Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 274); бұл сан мезгіл-мезгіл *азайып отыратын* болып шығады («Өндіргіш күштер», III, 6. Салыстырыңыз: «Тарихи-статистикалық шолу», I). Демек, бұл арада кезінде Рошердің көрсеткені, атап айтқанда, халықтың жан басына келетін мал саны бәрінен де «экстенсивті мал шаруашылығы» бар жерлерде көп болып шығатындығы (*W. Roscher*. «Nationalökonomik des Ackerbaues». 7-te Aufl. Stuttg. 1873, S. 563—564 *) байқалып отыр. Ал біздің көңіл қоятынымыз — интенсивті мал шаруашылығы және әсіресе нақ сол сүтті мал шаруашылығы. Сондықтан құбылыстың дәл есебін беремін демей-ақ, жоғарыда көрсетілген «Очерк» авторларының *шамалап* алған есептерімен қанағаттануға тура келеді; мұндай есеп Россияның сүт шаруашылығының даму дәрежесі жағынан әр түрлі болып отырған облыстарының қарым-қатынастарын айқын көрсетеді. Бұл есепті, кейбір есептеліп шығарылған орта цифрлармен және 1890 жылғы «фабрика-завод» статистикасының мәліметтері бойынша сыр жасайтын өндіріс жөнінде алынған

---

нағa» айналады. *В. Ковалевский* мен *И. Левитский:* «Европалық Россияның солтүстік және орта өңірлеріндегі сүт шаруашылығының статистикалық очеркі» (СПБ. 1879). Ауыл шаруашылығы жөніндегі мамандардың көпшілігі сияқты, бұл еңбектің авторлары да істің қоғамдық-шаруашылық жағына және істің бұл жағын түсінуге өте аз көңіл бөледі. Мәселен, шаруашылықтардың табыстылығын көтеру «халықтың әл-ауқатын және азық-түлігін» қамтамасыз етеді деп тікелей қорытынды жасау мүлде қате (2-бет).

* — В. *Рошер*. «Егіншілік экономикасы». 7-басылуы. Штутгарт, 1873, 563—564-беттер. *Ред.*

деректермен толықтыра отырып, in extenso * күйінде келтірейік.

| Губерниялардың топтары | Еркек, әйел халқы, мың есебімен (1873) | Сауын сиыр, мың есебімен | Саны: сүт, мың шелек есебімен | Саны: май, мың пұт есебімен | Орта есеппен 1 сиырдың беретін сүті, шелек есебімен | 100 тұрғынға келетіні: сауын сиырлар | 100 тұрғынға келетіні: сүт, шелек есебімен | 100 тұрғынға келетіні: май, пұт есебімен | Шамалап есептегенде 1879 жылы өндірілген сыр, сүзбе және сары май (мың сом есебімен) | 1890 жылғы сыр жасайтын өндіріс (мың сом есебімен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I. Прибалтика және Батыс губерниялары (9) | 8 127 | 1 101 | 34 070 | 297 | 31 | 13,6 | 420 | 3,6 | ? | 469 |
| II. Солтүстік губерниялар (10) | 12 227 | 1 407 | 50 000 | 461 | 35 | 11,4 | 409 | 3,7 | 3 370,7 | 563 |
| Өнеркәсіпті (қара топырақты емес) губерниялар (7) | 8 822 | 662 | 18 810 | 154 | 28 | 7,5 | 214 | 1,7 | 1 088 | 295 |
| IV. Орта (қара топырақты) губерниялар (8) | 12 387 | 785 | 16 140 | 133 | 20 | 6,3 | 130 | 1,0 | 242,7 | 23 |
| V. Оңтүстік қара топырақты, оңтүстік-батыс, оңтүстік және шығыс-далалық губерниялар (16) | 24 087 | 1 123 | 20 880 | 174 | 18 | 4,6 | 86 | 0,7 | — | — |
| *Европалық Россияның 50 губерниясы бойынша жиыны* | 65 650 | 5 078 | 139 900 | 1 219 | 27 | 7,7 | 213 | 1,8 | 4 701,4 | 1 350 |

Бұл кесте сүт шаруашылығының арнаулы аудандарының бөлінгенін, ол аудандарда сауда егіншілігінің

* — тұтас. *Ред.*

дамығанын (сүт өткізу және оны техникалық жолмен өңдеу) және сауын малының өнімділігі өскенін (өте ескірген мәліметтер бойынша болса да) айқын көрсетіп отыр.

Сүт шаруашылығының белгілі бір уақытта қалай дамығаны туралы пікір айту үшін, біз тек май шайқайтын және сыр жасайтын өндіріс жөніндегі мәліметтерді ғана пайдалана аламыз. Бұл өндіріс Россияда 18-ғасырдың ең аяғында (1795 жылы) пайда болды; 19-ғасырда дами бастаған сыр жасау жөніндегі помещиктік өндіріс 1860-жылдары күшті дағдарысқа ұшырады, шаруалар мен көпестердің сыр жасау өндірісінің дәуірі осы жылдардан басталды.

Европалық Россияның 50 губерниясында сыр жасайтын орындар мынадай деп есептелді *:

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1866 | ж. | 72 бұлардағы | 226 | жұм. | 119 | мың | сомның | өнімін | өндірді |
| 1879 | » | 108 » | 289 | » | 225 | » | » | » | » |
| 1890 | » | 265 » | 865 | » | 1 350 | » | » | » | » |

Сонымен, 25 жылдың ішінде өндіріс он еседен артық өсіп отыр; бұл сияқты өте олқы мәліметтер бойынша құбылыстың тек динамикасы туралы ғана пікір айтуға болады. Кейбір неғұрлым толығырақ көрсетулерді келтірейік. Вологда губерниясында сүт шаруашылығы дұрысында 1872 жылдан, Ярославль-Вологда темір жолы ашылған уақыттан бастап жақсара бастады; сол уақыттан бастап «қожайындар өз малдарын жақсартуға қам жасап, шөп егісін енгізіп, жетілдірілген құралдар сатып ала бастады... сүт шаруашылығын таза коммерциялық негізге қоюға тырысты» («Статистикалық

* Мәліметтер «Әскери-статистикалық жинақтан» және Орлов мырзаның «Көрсеткішінен» (1 және 3-басылулары) алынды. Бұл деректемелер туралы VII тарауды (осы том, 502—505-беттер. *Ред.)* қараңыз. Тек қана келтіріліп отырған цифрлардың дамудың іс жүзіндегі тездігін кемітіп көрсететінін ескерте кетейік, өйткені «завод» деген ұғым 1879 жылы, 1866 жылдағыға қарағанда, тар мағынада қолданылды, ал 1890 жылы 1879 жылдағыдан да тар мағынада қолданылды. «Көрсеткіштің» 3-басылуында 230 заводтың құрылған уақыты туралы деректер бар: бұл деректерге қарағанда 1870 жылға дейін 26-ақ завод, 70-жылдары — 68, 80-жылдары — 122 және 1890 жылы — 14 завод құрылған көрінеді. Ал мұның өзі өндірістің жылдам өскенін көрсетіп отыр. Ең жаңа шыққан «Фабрикалар мен заводтардың тізіміне» (СПБ. 1897) келетін болсақ, мұның өзі толған бір былық: екі-үш губернияның сыр жасайтын өндірісі жазылып, ал басқа губерниялар бойынша ол мүлде көрсетілмеген.

очерк», 20). Ярославль губерниясында 70-жылдардағы «артельдік сыр жасау орындары» дейтіндер «жағдай туғызды», сөйтіп ол «сыр жасау ісі тек «артельдік» деген атын ғана сақтап, жеке адамдардың меншігі ретінде дамып келеді» (25); сыр жасайтын «артель» орындары «Фабрикалар мен заводтардың көрсеткішінде» жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындары ретінде көрсетілген, деген сөзді өз жағымыздан қоса кетейік. «Очерктің» авторлары *ресми* деректер бойынша сыр және май өндірісін 295 мың сомның орнына 412 мың сом (кітаптағы бытыраңқы цифрлардан есептеп шығарылған) деп есептейді, ал бұл цифр түзетілетін болса, сары май мен сыр өндірісі — 1600 мың сом болып шығады, ал егер еріткен май мен сүзбені қосатын болсақ, Балтық жағалауындағы губернияларды да, батыс губернияларын да есепке алмағанның өзінде, 4701,4 мың сом болып шығады.

Ең соңғы дәуір жөнінде егіншілік департаментінің жоғарыда цитат алынған «Ерікті жалдама еңбек, т. т.» деген кітабынан мынадай пікірлер келтірейік. Жалпы өнеркәсіпті губерниялар жөнінде біз мынаны оқимыз: «Сүт шаруашылығының дамуы бұл аудандағы шаруашылықтардың жағдайларында бүтіндей төңкеріс жасады», ол «сонымен бірге егіншілікті жақсартуға да жанама әсер етті», «сүт шаруашылығы ауданда жылдан жылға дамып келеді» (258). Тверь губерниясында «жеке иелер де, шаруалар да малдың күтімін жақсартуға тырысуда»; мал шаруашылығынан түсетін табыс 10 миллион сом деп есептеледі (274). Ярославль губерниясында «сүт шаруашылығы жылдан жылға дамып келеді... Сыр жасайтын және май шайқайтын орындар тіпті кейбір өнеркәсіптік сипат ала бастады... сүт көршілерінен де және тіпті шаруалардан да сатылып алынатын болды. Кәсіп иелерінің бүтін бір тобы қосылып ұстап отырған сыр жасайтын орындар да кездеседі» (285). Ярославль губерниясының Данилов уезінен бір тілші былай деп жазады: «Мұндағы жеке иеліктегі шаруашылықтың жалпы бағыты қазіргі уақытта мынадай белгілермен сипатталады: 1) егістік жерлерге шөп егу ісін қолдана отырып, үш танапты ауыспалы егістен бес-

жеті танапты ауыспалы егіске көшу; 2) тыңайған жерлерді жырту; 3) сүт шаруашылығын енгізу, ал оның нәтижесінде — малды неғұрлым қатаң сұрыптап алу және оның күтімін жақсарту» (292). Смоленск губерниясы жөнінде де осылай делінген, губернатордың берген есебі бойынша бұл губернияда 1889 жылы сыр мен май өндірісінің мөлшері 240 мың сом болған (статистика бойынша 1890 жылы 136 мың сом болған). Калуга, Ковно, Нижегород, Псков, Эстляндия, Вологда губернияларында сүт шаруашылығының дамығаны көрсетілген. Соңғы губернияда май мен сыр өндірісі 1890 жылғы статистика бойынша — 35 мың сом, губернатордың берген есебі бойынша — 108 мың сом, *ал 389 завод* бар деп есептеген 1894 жылғы жергілікті деректер бойынша — *500 мың сом* деп белгіленді. «Бұл — статистика бойынша. Ал шындығына келгенде заводтар әлдеқайда көп, себебі, Вологда земство басқармасының зерттеулері бойынша, Вологда уезінің бір өзінде 224 завод бар деп есептеледі». Ал өндіріс 3 уезде дамып, 4-уезге де ішінара еніп отыр *. Шындыққа жақындай түсу үшін жоғарыда келтірілген цифрларды неше есе өсіру керектігін осыған қарап білуге болады. 265 завод бар дейтін дәлсымақ цифрға қарағанда, маман адамның «қазіргі уақытта май шайқайтын және сыр жасайтын орындардың саны бірнеше мың болады» («Россияның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы», 299) дейтін қарапайым пікірінің өзі іс туралы анағұрлым дұрыс түсінік береді.

Сонымен, мәліметтер сауда егіншілігінің бұл ерекше түрінің орасан күшті дамып отырғандығы жөнінде еш-бір күмән қалдырмайды. Капитализмнің өсуі мұнда да мешеу техниканы қайта құру жұмысымен қатар жүріп отырды. Мәселен, біз «Ауыл шаруашылығы мен ор-

* «Неделя», 1896 ж., № 13. Сүт шаруашылығының тиімділігі сонша, тіпті бұл шаруашылыққа қала саудагерлері де қызу кірісе бастады, бұл саудагерлер, айта кету керек, товармен төлеу сияқты тәсілдер енгізді. Ірі заводы бар жергілікті бір жер иесі, шаруаларды алыпсатарларға кіріптар болудан азат ету үшін және «жаңа рыноктарды өзіне қаратып алу» үшін, «сүтке дер кезінде ақша беретін» артель құрады. Артельдер мен атышулы «өнім өткізу ұйымдарының» шын маңызын көрсететін айрықша мысал: өнеркәсіп капиталын дамыту *арқылы* сауда капиталынан «азат болу».

ман шаруашылығы» деген кітаптан мынаны оқимыз: «Соңғы 25 жылдың ішінде Россияда сыр жасау саласында істелген жұмыстың көптігі сонша, тіпті қандай да болсын басқа бір елде мұндай жұмыстың істеле қоюы екі талай» (301). Блажин мырза да «Сүт шаруашылығы техникасының табыстары» деген мақаласында осыны дәлелдейді («Өндіргіш күштер», III, 38—45). Басты қайта өзгеріс — «баяғыдан бергі» сүт бетінен қаймақ алу енді сүтті орталықтан сыртқа серіпкіш күші бар машиналар (сепараторлар) арқылы қаймақ айыру ісімен алмастырылды *. Машина өндірісті ауаның температурасынан тәуелсіз етті, сүттен майдың алынуын 10% арттырды, өнімнің сапасын көтерді, майдың жасалуын арзандатты (машина жұмысты да, үйді де, ыдысты да, мұзды да аз керек етеді), өндірістің шоғырлануын туғызды. Шаруалардың май шайқайтын ірі заводтары пайда болды, бұлар «күніне 500 пұтқа дейін сүт тартады, ал мұны істеу қаймақты қалқып алғанда мүмкін емес еді» (ibid.). Өндіріс құралдары жақсартылды (тұрақты қазандар, винтті престер, жетілдірілген подвалдар болды), бактериология өндіріске көмекке келіп, сүт қышқылы бацилласының қаймақты ашытуға қажетті таза түрін берстін болды.

Сонымен, сауда егіншілігінің біз суреттеп өткен екі аудандарында да рынок талаптары туғызған техникалық жетілдіру ең алдымен қайта құруға бәрінен де оңайырақ көнетін және рынок үшін ерекше маңызды болып отырған жұмыстарға: егін жинау, астық бастыру, саудалық астық шаруашылығында астық тазалау жұмыстарына бағытталды; саудалық мал шаруашылығы ауданында мал шаруашылығының өнімін техникалық жолмен өңдеу жұмысына бағытталды. Капитал мал күтімін әзірге ұсақ өндірушінің қамқорлығында қалдыра тұруды тиімдірек деп есептейді: ол «өз» малын «ұқыптап» және «бар ынтасын салып» (ұқыптылығымен В. В. мырзаны сүйсіндіре отырып, қараңыз: «Прогрессшіл ағымдар», 73-бет) күте берсін, сүт беретін

* 1882 жылға дейін Россияда сепараторлар мүлдем дерлік болған жоқ. 1886 жылдан бастап бұлардың тез таралғандығы сонша, олар бұрынғы ескі әдісті мүлде ығыстырып шығарды. 1890 жылдары тіпті май-экстрактор сепараторлары пайда болды.

машинаны күтудің ең ауыр, ең қара жұмыстардың көпшілігін өзі істей берсін дейді. Капиталдың қолында сүттеп қаймақ айыруға ғана емес, сонымен қатар осы «ұқыптылардан» «қаймақты», кедей шаруалардың балаларын сүттен айыруға да керекті ең жаңа жетістіктер мен әдістердің бәрі бар.

### IV. ЖАЛҒАСЫ. СУРЕТТЕЛІП ОТЫРҒАН АУДАНДАҒЫ ПОМЕЩИКТІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

Жоғарыда помещиктік имениелердегі сүт шаруашылығының егіншіліктің тиімділігін арттыруға әсер ететіні жөнінде агрономдар мен село қожайындарының дәлелдері келтірілген болатын. Бұл арада қосымша айта кетейік, осы мәселе жөніндегі земстволық-статистикалық мәліметтерге Распопин мырзаның * жасаған талдауы бұл қорытындыны толық дәлелдеп отыр. Толық мәлімет алу үшін оқушыны Распопин мырзаның мақаласына сілтей отырып, біз бұл арада оның тек басты қорытындысын ғана келтіреміз. «Мал шаруашылығының, сүт шаруашылығының жағдайы мен күтімсіз имениелер санының, шаруашылық интенсивтілігінің арасында тәуелділік бар екенінде талас жоқ. Сауын мал шаруашылығы мен сүт шаруашылығы өте жақсы дамыған уездерде (Москва губерниясы) күтімсіз шаруашылықтар проценті неғұрлым аз болады да, жоғары дәрежеде дамыған егіншілігі бар имениелер проценті неғұрлым көп болады. Москва губерниясының барлық жерлерінде егістік жерлер көлем жағынан қысқартылып, шалғын мен мал жайылымына айналуда, дәнді дақылдардың ауыспалы егістері көп танапты ауыспалы шөп егістеріне орын беруде. Москва губерниясының экономияларында ғана емес, бүкіл Москва өнеркәсіпті ауданында да қазірдің өзінде астық емес, азықтық шөп пен сауын малы басты роль атқарып отыр» (l. c.).

---

* Бұл мәселені де Распопин мырза теория жағынан үстамды, дұрыс бағытқа *салды* (мұның өзі біздің әдебиетімізде тұңғыш рет болуы мүмкін). Ол «мал шаруашылығының өнімділігінің артуы» — атап айтқанда, сүт шаруашылығының дамуы,— бізде *капиталистік* жолмен жүзеге асып, егіншілікке капиталдың енгендігінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі болып отырғанын әуел бастан-ақ көрсетіп келеді.

Май шайқайтын және сыр жасайтын өндіріс көлемдерінің ерекше маңызы болатын себебі: олар кәсіпкерлікке айналып, мешеуліктен қол үзіп келе жатқан егіншілікте толық төңкеріс жасалғанын көрсетеді. Капитализм ауыл шаруашылығының бір өнімін өзіне қаратып алады, сөйтіп шаруашылықтың барлық басқа жақтары осы басты өнімге бағындырылады. Сауын малын ұстау шөп егуді, үш танапты егістен көп танапты егіс жүйесіне көшуді, т. т. туғызды. Сыр жасағанда түсетін қалдықтар сатуға түсетін малды бордақылауға жұмсалады. Тек бір ғана сүт тарту жұмысы емес, бүкіл ауыл шаруашылығы да кәсіпорын бола бастайды *. Сыр жасайтын және май шайқайтын орындар өздері орнаған шаруашылықтарға әсер етумен шектелмейді, өйткені сүт маңайдағы шаруалар мен помещиктерден де жиі сатып алынып тұрады. Капитал сүт сатып алу арқылы, әсіресе, «сүт жинау орындары» дейтіндерді құрған кезде ұсақ егіншілерді де өзіне бағындырады, бұл орындардың тарала бастағандығы жөнінде 70-жылдардың өзінде-ақ айтылған болатын (Ковалевский мен Левитский мырзалардың «Очеркін» қараңыз). Бұл — үлкен қалаларда немесе солардың маңайында құрылып, темір жол арқылы өте көп мөлшерде тасылатын сүтті тартатын орындар. Әкелген бойда сүттің қаймағы алынып, ол қаймақ сол сәтте-ақ сатылады, ал қаймағы алынған сүт кедейлерге арзан бағамен өткізіледі. Мұндай кәсіпорындары өздерін тиісті сапасы бар өніммен қамтамасыз ету үшін кейде сүт беріп тұратындармен шарт жасасады, бұл шарт сиырларды азықтандыру жөнінде оларды белгілі ережелерді орындап отыруға міндеттейді. Мұндай ірі кәсіпорындарының орасан зор маңызы бар екенін көру қиын емес: бір жағынан, олар өздеріне көпші-

* Доктор Жбанков өзінің «Смоленск губерниясының фабрикалары мен заводтарын санитарлық жағынан зерттеу» деген еңбегінде (Смоленск, 1894, I кітап, 7-бет) былай дейді: «тек сыр жасаумен ғана айналысатын жұмысшылардың саны өте аз... Сыр жасауға да, ауыл шаруашылығын жүргізуге де бірдей керек көмекші жұмысшылар тым көп; бұлар — бақташылар, сиыр сауушылар және басқалар; бұл жұмысшылар барлық [сыр жасайтын] заводтарда арнаулы сыр жасаушылардан екі, үш және тіпті төрт есе көп». Реті келгенде ескерте кетейік, доктор Жбанковтың суреттеуі бойынша, мұнда жұмыс өте лас жағдайларда істеледі, жұмыс күні мейлінше ұзақ болады (16—17 сағат), т. т. Сонымен, егіншінің жұмысы тыныш деген ежелгі ұғым сауда егіншілігінің бұл ауданы үшін де дұрыс болып шықпай отыр.

лік қолды рынок тауып алады (қала кедейлеріне қаймағы алынған сүтті өткізеді), екінші жағынан, олар село кәсіпкерлері үшін рынокты орасан зор көлемде кеңейтеді. Мұның өзі село кәсіпкерлеріне сауда егіншілігін кеңейту және жақсарту жөнінде өте күшті әсер етеді. Ірі өнеркәсіп тиісті сапасы бар өнім беруді талап ете отырып, «қалыпты» дәрежеден төмен тұрған ұсақ өндірушіні рыноктан ығыстыра отырып (немесе өсімқорлардың қолына бере отырып), село кәсіпкерлерін икемге келтіреді. Сүтті сапасына қарай (мәселен, майлылығына қарай) бағалау ісі де осы бағытта жүргізілуге тиіс, бұл ретте техника әр түрлі лактоденсиметрлерді, т. с. тауып қызу жұмыс істеп жатыр, мұны мамандар да қатты қуаттап отыр (салыстырыңыз: «Өндіргіш күштер», III, 9 және 38). Бұл тұрғыдан алғанда капитализм дамуындағы сүт жинау орындарының ролі саудалық астық шаруашылығындағы элеваторлардың роліне өте ұқсас. Элеваторлар астықты сапасына қарай сортқа бөліп, оны жеке адамның өнімі етпей, көп адамға ұнайтын өнім етеді (цивилистердің айтатынындай res fungibilis *), яғни оны айырбасқа тұңғыш рет толық түрде икемдейді (салыстырыңыз: М. Зерингтің «Жер иеленушілік және ауыл шаруашылығы» деген жинақта басылған, Солтүстік Америка Құрама Штаттарындағы астық саудасы туралы мақаласы, 281 және келесі беттер). Сөйтіп, элеватор товарлы астық өндірісіне өте-мөте күшті түрткі болады және дәл осылай сапасына қарай баға қою арқылы оның техникалық дамуын жеделдетеді. Мұндай мекеме ұсақ өндірушіге бірден екі соққы береді. 1-ден, ол ірі егіншілердің сапасы неғұрлым жоғары астығын нормаға енгізіп, заңдандырады, сөйтіп осы арқылы кедей шаруалардың нашар астығының мүлде бағасын түсіреді. 2-ден, ол астықтың сортқа бөлінуі мен сақталуын ірі капиталистік индустрияның типі бойынша ұйымдастырып, ірі егіншілердің бұл жұмысқа жұмсайтын шығынын азайтады, олардың астық сатуын жеңілдетеді және оңайлатады, сөйтіп осы арқылы астығын патриархтық жолмен және атам за-

* — алмастыруға болатын зат [95]. *Ред.*

манғы әдет бойынша арбалап базарға сататын ұсақ өндірушіні біржола кулактар мен өсімқорлардың қолына береді. Демек, соңғы уақытта элеватор салудың тез өрістеуі де капиталистік «сүт жинау орындарының» пайда болуы мен дамуы сияқты, астық шаруашылығында капиталдың нақ сондай ірі табысқа жеткенін және ұсақ товар өндірушінің төмендегенін көрсетеді.

Саудалық мал шаруашылығының дамуы ішкі рынокты * *құратыны* жоғарыда келтірілген мәліметтерден-ақ белгілі, біріншіден, өндіріс құрал-жабдықтарына — сүт тарту приборларына, үйлерге, мал қораларына, мешеу үш танапты ауыспалы егістен көп танапты ауыспалы егіске көшудегі жақсартылған егіншілік құралдарына, т. т., ал, екіншіден, жұмыс күшіне рынок құрады. Өнеркәсіп жолына түскен мал шаруашылығы, бұрынғы «көңін» алуға арналған мал шаруашылығына қарағанда, жұмысшыларды анағұрлым көп керек етеді. Сондықтан сүт шаруашылығы ауданы — өнеркәсіпті және солтүстік-батыс губерниялар — толып жатқан егіншілік жұмысшыларын өзіне тартып отыр. Москва, С.-Петербург, Ярославль, Владимир губернияларына өте көп адам, ал Новгород, Нижегород және басқа қара топырақты емес губернияларға мұнан гөрі аз болғанымен, бірсыпыра адам селолық жұмыстарға барып жатады. Егіншілік департаменті тілшілерінің берген жауаптары бойынша — Москва губерниясы мен басқа да губернияларда жеке адамның иелігіндегі шаруашылық тіпті негізінен басқа жақтан келген жұмысшылардың күшімен жүргізілетін көрінеді. Бұл қисынсыздық — егіншілік жұмысшыларының егіншілік губернияларынан (негізінен орта қара

* Саудалық мал шаруашылығы *үшін* рынок негізінен индустрия халқының өсуі арқылы құрылады, бұл туралы біз төменде толық айтамыз (VIII тарау, §II). Ал сыртқы сауда мәселесі жөнінде мынаны ескертумен шектелеміз: реформадан кейінгі дәуірдің бас кезінде сырдың шетелге шығарылуы оның шетелден әкелінуінен анағұрлым аз болды, бірақ 90-жылдары бұл екеуі мүлде дерлік теңелді (1891—1894 жылдардағы 4 жылдың ішінде орта есеппен алғанда сырдың жылына шетелден әкелінгені — 41,8 мың пұт, шетелге шығарылғаны — 40,6 мың пұт болды; 1886—1890 жылдардағы бес жылдың ішінде сырдың шетелге шығарылуы, оның шетелден әкелінуінен асып түсті. Сиыр мен қой сүтінен алынған майдың шетелге шығарылғаны шетелден әкелінгенінен әрдайым анағұрлым артық болып отырды; мұның шетелге шығарылуы тез өсіп келеді: орта есеппен алғанда 1866—1870 жылдары — жылына 190 мың пұт, ал 1891—1894 жылдары — жылына 370 мың пұт май шетелге шығарылды («Өндіргіш күштер», III, 37).

топырақты губерниялардан, аздап солтүстік губерниялардан) егіншілік жұмыстарын істеу үшін өнеркәсіпті губернияларға келіп, бұл губерниялардан топ-тобымен кетіп жатқан өнеркәсіп жұмысшыларының орнын басуы — өте-мөте ерекше сипаты бар құбылыс (бұл туралы С. А. Короленконың еңбегін қараңыз, l. c.). Бұл құбылыс: капиталистік дамуы неғұрлым төмен орта қара топырақты губерниялардағы жұмысшы халықтың тұрмыс дәрежесі мен хал-жағдайы капиталистік дамуы неғұрлым жоғары өнеркәсіпті губерниялардағы жұмысшы халықтың тұрмыс дәрежесі мен хал-жағдайынан анағұрлым төмен әрі нашар екенін; өнеркәсіптегі жұмысшылардың хал-жағдайы егіншіліктегі жұмысшылардың хал-жағдайынан артық болатын (өйткені егіншілікте капитализм қысымына қанаудың капитализмге дейінгі формаларының қысымы қосылады) капиталистік елдердің бәріне тән құбылыс қазір Россияда да жалпыға бірдей факт болып отырғанын басқа дәлелдер мен пікірлердің қандайынан болса да сенімдірек етіп көрсетеді. Сондықтан жұрт егіншіліктен өнеркәсіпке қашады, ал өнеркәсіпті губерниялардан егіншілікке ауысудың жоқ екені былай тұрсын (мәселен, мұндай губерниялардан қоныс аударушылық мүлде жоқ) қайта «бақташылар» (Ярославль губерниясында), «казактар» (Владимир губерниясында), «жер қазушылар» (Москва губерниясында) деп аталатын «қоңырқай» село жұмысшыларына тіпті менсінбей қараушылық та байқалып отыр.

Енді малды күту жұмысшыларды қыста жаздағыдан көп керек ететінін айта кетудің зор мәні бар. Осы себепті, сондай-ақ техникалық ауыл шаруашылығы өндірістерінің дамуы себепті, суреттеліп отырған ауданда жұмысшыларға деген мұқтаждық күшейіп қана қоймайды, сонымен қатар *бүкіл жыл бойына* және жеке-жеке жылдарға *біркелкі бөлінеді.* Бұл тамаша факт жөнінде пікір айту үшін, жалақы туралы мәліметтер, егер олар бірсыпыра жылдар бойынша тұтас алынған болса, неғұрлым сенімді материал болып табылады. Великорус және малорус губернияларының топтарын ғана алып, осы мәліметтерді келтірейік. Тұрмыс жағынан өз-

гешелігі болғандықтан және халқы жасанды жолмен шоғырланып отырғандықтан (еврейлер отырықшылығының белгісі), батыс губернияларын біз қоспай қалдырып кетеміз, ал Балтық жағалауы губернияларын егіншіліктегі капитализмнің нағыз күшті дамыған кезінде қандай қатынастар қалыптасатынын көрсету үшін ғана келтіреміз *.

| Губерниялардың топтары | 10 жылдың орта есебі (1881—1891) | | | 8 жылдың орта есебі (1883—1891) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмысшыға төлейтін ақы, сом есебімен | | Жазғы төлейтін ақының жылдық ақыға келетін % | Егін жинауда күндікшіге төлейтін ақы, тиын есебімен | | Олардың арасындағы айырма | Күндікшіге төлейтін ақы, тиын есебімен | | Олардың арасындағы айырма |
| | жылдық жұмысшыға | жазғы жұмысшыға | | орта есептің төменгі мөлшері | орта есептің жоғарғы мөлшері | | егіс кезінде | егін жинау кезіндегі орта есеп | |
| I. Оңтүстік және шығыс шет аймақтар | 78 | 50 | *64%* | 64 | 181 | *117* | 45 | 97 | *52* |
| II. Орта қара топырақты губерниялар | 54 | 38 | *71%* | 47 | 76 | *29* | 35 | 58 | *23* |
| III. Қара топырақты емес губерниялар | 70 | 48 | *68%* | 54 | 68 | *14* | 49 | 60 | *11* |
| Балтық жағалауы губерниялары | 82 | 53 | *65%* | 61 | 70 | *9* | 60 | 67 | *7* |

* Бірінші топқа (капиталистік астық шаруашылығы ауданы) 8 губерния: Бессарабия, Херсон, Таврия, Екатеринослав, Дон, Самара, Саратов және Оренбург губерниялары кірді. II топқа (капитализм негұрлым аз дамыған аудан) — 12 губерния: Қазан, Симбирск, Пенза, Тамбов, Рязань, Тула, Орел, Курск, Воронеж, Харьков, Полтава және Чернигов губерниялары кірді, III топқа (капиталистік сүт шаруашылығы және өнеркәсіптік капитализм ауданы) 10 губерния: Москва, Тверь, Калуга, Владимир, Ярославль, Кострома, Нижегород, С.-Петербург, Новгород және Псков губерниялары кірді. Жалақының мөлшерін анықтайтын цифрлар әр губерния бойынша алынған цифрлардың орта есебінен шығарылды. Егіншілік департаментінің «Ерікті жалдама еңбек, т. т.» дейтін кітабынан алынды.

Басты-басты үш бағанасы курсивпен терілген осы кішкене кестені қарап көрейік. Бірінші бағана жазғы ақының жылдық ақыға қатынасын көрсетеді. Бұл қатынас неғұрлым *төмендеген* сайын, жазғы ақы жарты жылдық ақыға неғұрлым жақын келген сайын, жұмысшыларға деген мұқтаждық бүкіл жыл бойына соғұрлым біркелкі болады, *қыстыгүні болатын жұмыссыздық та соғұрлым азаяды*. Бұл жөнінде орта қара топырақты губерниялар — жұмыспен өтеушілік бар және капитализм нашар дамыған аудан өте-мөте қолайсыз жағдайда болып отыр*. Өнеркәсіпті губернияларда, сүт шаруашылығы ауданында еңбекті керексіну көп болып, қыстыгүні болатын жұмыссыздық аз болып отыр. Сондықтан бұл жерде жеке жылдар бойынша төленетін ақы анағұрлым тұрақты болып отыр, мұның өзі егін жинау кезінде жоғары және төмен мөлшерде төленетін ақылардың арасындағы айырманы көрсететін екінші бағанадан көрініп тұр. Ақырында, егіс кезінде төленетін ақы мен егін жинау кезінде төленетін ақының арасындағы айырма да қара топырақты емес өңірде мейлінше аз болып отыр, яғни жұмысшыларды керексіну көктем мен жаз арасында біркелкі болып отыр. Балтық жағалауының губерниялары көрсетілген жағдайдың барлығында да қара топырақты емес губерниялардан да жоғары тұр, ал басқа жақтан келген жұмысшылары бар және егін шығымдылығы өте тұрақсыз болатын далалық губерниялардың өзгешелігі — мұнда жалақы өте тұрақсыз. Сонымен, жалақы жөніндегі мәліметтер — егіншілік капитализмі суреттеліп отырған ауданда жалдама еңбекті керексінуді туғызып қана қоймай, сонымен қатар бұл керексінудің бүкіл жыл бойына біркелкі болатынын дәлелдейді.

Ақырында, суреттеліп отырған аудандағы ұсақ егіншінің ірі қожайынға тәуелді болуының тағы да бір түрін көрсете кету қажет. Бұл — шаруалардан мал сатып

* Руднев мырза да осы тәрізді қорытынды жасап отыр: «Жылдық жұмысшының еңбегі басқаларға қарағанда жоғары бағаланатын жерлерде жазғы жұмысшының жалақысы жарты жылдық жалақыға неғұрлым жақындап қалады. Демек, батыс губернияларда және халқы кеп орталық қара топырақты губерниялардың бәрінде дерлік, керісінше жұмысшының еңбегі жаздыгүні өте төмен бағаланады» (1. с., 455).

алу арқылы помещик малының толықтырылуы. Помещик малды өзі өсіруден гөрі, мұқтаждықтың салдарынан малын «өзіне зиянды етіп» сататын шаруалардан сатып алу тиімдірек деп біледі,— бұл да дәл майдагерлік өнеркәсіп дейтінде біздің алыпсатарлардың өнімді өз шеберханаларында өндіруден гөрі, дайын өнімді біреуді күйзелтетін арзан баға бойынша майдагерлерден сатып алуды көбінесе қолайлы көретіні сияқты. Бұл факт ұсақ өндірушінің мүлде төмендегенін, қазіргі қоғамда ұсақ өндіруші өз қажетін шексіз азайту арқылы ғана тұра алатынын көрсетеді, бұл фактіні В. В. мырза «халықтық» ұсақ өндірісті жақтаудың дәлеліне айналдырып отыр!.. «Өзіміздің ірі қожайындар... дербес екенін жеткілікті дәрежеде көрсете алмай отыр... Ал шаруалар... шаруашылықты шын жақсартуға барынша қабілетті екенін көрсетіп отыр деген қорытынды жасауға біз еріктіміз» («Прогресшіл ағымдар», 77). Дербестіктің бұл кемшілігі мынадан байқалады: «біздің сүт шаруашылығындағы қожайындар... шаруаның (сиырларын) оларды бағып өсіру құнының жартысына әрең жететін баға бойынша, әдетте бұл құнның $^1/_3$, кейде тіпті $^1/_4$ бөлігінен аспайтын баға бойынша сатып алады» (ibid., 71). Мал өсіретін қожайындардың сауда капиталы ұсақ шаруаларды өзіне толық тәуелді етті, ол ұсақ шаруаларды болмашы ақы үшін өзіне мал өсіріп беріп отыратын малшыларына айналдырды, ол ұсақ шаруалардың әйелдерін өзінің сиырларын сауушыларға айналдырды *. Бұдан, сауда капиталының өнеркәсіптік капиталға көшуін бөгеудің жөні жоқ, өндірушінің тұрмыс дәреже-

---

* Жалпы орыс шаруасының тұрмыс дәрежесі мен тұрмыс жағдайы туралы екі пікір келтірейік. М. Е. Салтыков «Тұрмыстың ұсақ-түйектері» деген еңбегінде «Әлді мужик»... туралы жазады. «Мужикке бәрі де керек; алайда бәрінен де бұрын... әлі құрығанша істеуге, өз еңбегін аямай жұмсауға қабілетті болуы керек... Әлді мужик оның үстінде» (жұмыс үстінде) «өлім халіне жетеді. Әйелі де, ересек балалары да, барлығы да каторгадағыдан да жаман азап шегеді».

В. Вересаев «Лизар» («Сев. Курьер», 1899, № 1) деген мақаласында Псков губерниясының «адамның өмірін қысқарту үшін» дәрі-дәрмек ішуге және басқа әрекеттер істеуге үгіттейтін Лизар деген мужигі туралы жазады. Автор былай дейді: «Соңғы кездерде мен көптеген земство дәрігерлерінен және, әсіресе акушеркалардан, деревнялық еркектер мен әйелдердің бұл сияқты өтініштерін жиі естуімізге тура келеді деген сөздерін бірнеше рет естідім». «Белгілі бір бағытпен бара жатқан тұрмыс барлық жолдарды пайдаланды, сөйтіп ақыр аяғында келіп қараңғы бір түкпірге тірелді. Бұл қараңғы түкпірден

сін батырақтың тұрмыс дәрежесінен де төмендетуге әкеп соғатын ұсақ өндірісті қолдаудың жөні жоқ деген қорытынды шығару керек сияқты еді. Бірақ В. В. мырза басқаша топшылайды. Ол малды бағып-күтудегі шаруаның «ынталылығына» (73-бет, I. с.) сүйсінеді; «бүкіл өмірін сиырмен, қоймен бірге өткізетін» әйелдердің «мал өсіру нәтижесінің жақсылығына» (80) сүйсінеді. Мұны бір керемет жақсы іс деп ойларсың! «Бүкіл өмірін сиырмен бірге өткізеді» (бұл сиырдың сүті қаймақ айыратын жақсартылған машинаға барып түседі); өмірін осылай өткізгені үшін сыйлыққа — осы сиырды бағып-күтуге кеткен шығын «құнының төрт бөлігінің бірін» ақы етіп береді! Шынында да, бұл арада «халықтық ұсақ өндірісті» қалай жақтамассың!

## V. ЖАЛҒАСЫ. СҮТ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АУДАНЫНДАҒЫ ШАРУАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Сүт шаруашылығының шаруалардың хал-жағдайына тигізетін әсері туралы мәселе жөніндегі әдебиеттің берген бағаларына келгенде біз ұдайы қайшылықтарға кездесіп отырамыз: бір жағынан, шаруашылықтың прогресі, табыстың көбеюі, егіншілік техникасының жақсаруы, таңдаулы құралдардың сатып алынуы көрсетіледі; екінші жағынан,— ішіп-жемнің нашарлауы, кіріптарлықтың жаңа түрлерінің шығуы және шаруалардың күйзелуі көрсетіледі. II тарауда айтылғандардан кейін бұл қайшылықтар бізді таңдандырмауға тиіс: өйткені біз қарама-қарсы пікірлердің шаруалардың қарама-қарсы топтарына қатысты екенін білеміз. Бұл мәселе жөнінде неғұрлым дәл пікірге келу үшін шаруа үйлерін үй басы келетін сиырлардың санына қарай бөлу туралы мәліметтерді алып қарайық *.

---

шығатын жер жоқ. Сондықтан мәселенің жаңадан шешілуі табиғи түрде белгіленіп, барған сайын жетіліп келеді».

Капиталистік қоғамда шаруаның хал-жағдайы шынында да өте тезгісіз және ол қауымдық Россияда, парцеллалық Франциядағыдай, табиғи емес жолмен... «мәселенің шешілмей» қалуына, әрине, ұсақ шаруашылықтың қирау мерзімін кейінге қалдыра туратын табиғи емес құралға әкеп соғады. *(2-басылуына ескерту)*.

* Земство статистикасының мәліметтері Благовещенский мырзаның «Қорытынды жинағы» бойынша алынды. Бұл 18 уезде 14 мыңға жу-

| Үйлердің топтары | С.-Петербург, Москва, Тверь және Смоленск губернияларының 18 уезі | | | | | С.-Петербург губерниясының 6 уезі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үй саны | % | Сиыр саны | % | Бір үйге келетін сиыр | Үй саны | % | Сиыр саны | % | Бір үйге келетін сиыр |
| Сиыры жоқ үйлер | 59 336 | 20,5 | — | — | — | 15 196 | 21,2 | — | — | — |
| 1 сиыры бар үйлер | 91 737 | 31,7 | 91 737 | 19,8 | 1 | 17 579 | 24,6 | 17 579 | 13,5 | 1 |
| 2 сиыры бар үйлер | 81 937 | 28,4 | 163 874 | 35,3 | 2 | 20 050 | 28,0 | 40 100 | 31,0 | 2 |
| 3 және одан да көп сиыры бар үйлер | 56 069 | 19,4 | 208 735 | 44,9 | 3,7 | 18 676 | 26,2 | 71 474 | 55,5 | 3,8 |
| *Жиыны* | 289 079 | 100 | 464 346 | 100 | 1,6 | 71 501 | 100 | 129 153 | 100 | 1,8 |

Сонымен, қара топырақты емес өңірдегі шаруалардың арасында сиырлардың бөлінуі қара топырақты губерниялардағы шаруалардың арасында күш көлігінің бөлінуіне (қараңыз II тарау) өте ұқсас көрінеді. Бұл ретте суреттеліп отырған ауданда күш көлігінің шоғырлануынан гөрі сауын малының шоғырлануы күштірек көрінеді. Мұның өзі шаруалардың жіктелуі нақ сол сауда егіншілігінің жергілікті формасымен тығыз байланысты екенін ашық көрсетеді. Осы байланысты мына мәліметтер де (амал не, бұл мәліметтер онша толық емес) көрсететін болуы керек. Егер земство статистикасының жиынтық мәліметтерін алатын болсақ (Благовещенский мырза; 21 губернияның 122 уезі туралы), онда 1 үйге орта есеппен — 1,2 сиырдан келеді. Демек, қара топырақты емес өңірдегі шаруалар қара топырақты өңірдегі шаруаларға қарағанда сиырға бай болып отыр, ал Петербург шаруалары жалпы қара топырақты емес өңірдегі шаруалардан да сиырға бай болып отыр. Екінші жағынан, 22 губернияның 123 уезіндегі малы жоқ үйлер — 13%, ал біз көрсетіп өткен 18 уезде=17%, ал Петербург губерниясының 6 уезінде=18,8%. Демек, шаруалардың жіктелуі (осы қаралып отырған жағдайда) бәрінен де Петербург губерниясында, содан соң жалпы қара топырақты емес өңірде күшті болып отыр. Мұның өзі шаруалардың жіктелуінің басты факторы нақ сол *сауда* егіншілігі екенін дәлелдейді.

Бұл келтірілген мәліметтерден шаруа үйлерінің жартысына жуығы (сиыры жоқтар мен бір сиыры барлар) сүт шаруашылығының игілігіне тек өзі зиян шеге отырып қатыса алатыны көрініп тұр. 1 сиыры бар шаруа сүтті өз балаларының аузынан жырып, тек жоқшылық-

ық үй сиырына қарай бөлінбеген: барлық үйлердің саны 289 079 емес, 303 262. Благовещенский мырза қара топырақты губерниялардың тағы да 2 уезі бойынша дәл осындай деректер келтірген, бірақ бұл уездер қалыпты уездерге жатпайтын болуы керек. Тверь губерниясының 11 уезі бойынша («Статистикалық мәліметтер жинағы», XIII, 2) үлесті жері бар үйлердің арасында сиыры жоқтардың проценті көп емес (9,8), бірақ барлық сиырлардың 48,4 проценті 3 және одан да көп сиыры бар үйлердің 21,9 процентінің қолында болып отыр. Аты жоқ үйлер — 12,2%; 3 және одан да көп аты бар үйлер тек қана — 5,1%, ал олардың қолында барлық жылқының тек 13,9 проценті ғана бар. Реті келгенде айта кетейік, аттардың аз шоғырлануы (сиырлардың шоғырлануына қарағанда) қара топырақты емес басқа губернияларда да байқалады.

тан ғана сатады. Керісінше, үйлердің бес бөлігінің бір бөлігіне жуығы (3 және одан да көп сиыры барлары), әлбетте, бүкіл сүт шаруашылығының жартысынан көбін өз қолына шоғырландырып отыр, өйткені бұл үйлердің малының сапасы мен шаруашылығының табыстылығы «орта» шаруаныкіне қарағанда жоғары болуға тиіс *. Бұл қорытындыны сүт шаруашылығының және жалпы алғанда капитализмнің жоғары дәрежеде дамыған бір аймағы жөніндегі мәліметтер тамаша дәлелдейді. Біздің айтып отырғанымыз — Петербург уезі **. Сүт шаруашылығы бұл уездің негізінен орыстар тұратын дачалық ауданында ерекше кең дамыған; мұнда шөп егісі (үлесті егістіктің 23,5 проценті, ал уезд бойынша 13,7 проценті), сұлы егісі (егістіктің 52,3 проценті) және картоп егісі (10,1 %) өте жақсы дамыған. С.-Петербург рыногы егіншілікке тікелей ықпал жасап отыр, өйткені бұл рынокқа сұлы, картоп, шөп, сүт және ат күші керек (l. c., 168). Тіркеліп есепке алынған халық ішіндегі семьялардың 46,3 проценті «сүт кәсіпшілігімен» айналысады. Барлық сиырлардың 91 процентінің сүті сатылады. Кәсіпшіліктен түсетін табыс 713 470 сом болады (семья басына 203 сомнан, сиыр басына 77 сомнан келеді). Тұрған жері С.-Петербургке неғұрлым жақын болған сайын, малдың сапасы да және оның күтімі де соғұрлым жақсара береді. Сүт екі жолмен өткізіледі: 1) жергілікті алыпсатарларға және 2) С.-Петербургтегі «сүт фермаларына», т. с. Сүт өткізудің соңғы түрі анағұрлым пайдалы, бірақ «бір немесе екі, кейде бұдан да көп сиыры бар шаруашылықтардың көпшілігінің өз

* Мәселен, мына сияқты ойланбай айтылған пікірді кездестіргенде, шаруалардың қарама-қарсы топтары жөніндегі бұл мәліметтерді еске алу керек: «Сауын малынан үй басына жылына 20 сомнан 200 сомға дейін түсетін табыс солтүстік губерниялардың орасан көп жерінде,— мал шаруашылығын ұлғайту және жақсарту үшін ең маңызды құрал болып қана қоймай, сонымен қатар егіншіліктің жақсаруына және тіпті табыс іздеп басқа жаққа кетушіліктің азаюына да әсер етеді, халыққа малды бағып-күту және бұған дейін елеусіз қалып келген жерлерді мәдениетті қалыпқа келтіру сияқты үй маңында істелетін жұмыстарды тауып береді» («Өндіргіш күштер», III, 18). Бірақ жалпы және тұтас алғанда басқа жаққа кету азайған жоқ, қайта көбейіп келеді. Кей жерлерде басқа жаққа кетудің азаюы не ауқатты шаруалар процентінің өсуіне, не «үй маңында істелетін жұмыстың», яғни жергілікті село кәсіпкерлерінің жалданып істейтін жұмысының дамуына байланысты болады.

** «С.-Петербург губерниясындағы халық шаруашылығының статистикасы жөніндегі материалдар», V кітап, II бөлім, СПБ. 1887.

өнімдерін тікелей С.-Петербургке апарып тұруға мүмкіндігі болмайды» (240) — себебі олардың аттары жоқ, аздан апарып жүру тиімсіз болады, т. т. Ал алыпсатарларға тек маман-саудагерлер ғана емес, сонымен бірге меншігінде сүт шаруашылығы бар адамдар да жатады. Бұл уездің 2 болысы бойынша мәліметтер мынадай:

| С.-Петербург уезінің екі болысы | Семья саны | Олардағы сиыр саны | 1 семьяға келетіні | Бұл семьялардың „табысы“, сом есебімен | Табыстың қаншадан келетіні | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1 семьяға | 1 сиырға |
| Алыпсатарларға сүт өткізіп тұратын семьялар | 441 | 1 129 | 2,5 | 14 884 | 33,7 | 13,2 |
| С.-Петербургке барып сүт өткізіп тұратын семьялар | 119 | 649 | 5,4 | 29 187 | 245,2 | 44,9 |
| *Жиыны* | 560 | 1 778 | 3,2 | 44 071 | 78,8 | 24,7 |

Қара топырақты емес өңірдегі барлық шаруалардың арасында сүт шаруашылығы игілігінің қалай бөлінетінін осыған қарап білуге болады, өзіміз көріп өттік, бұл шаруалардың арасында сауын малының шоғырлануы осы көрсетілген 560 семьяның арасында сауын малының шоғырлануынан да жоғары. Бұған тек С.-Петербург уезіндегі шаруа семьяларының 23,1 проценті жұмысшы жалдайды (олардың арасында мұнда да, егіншіліктің барлық жерлеріндегі сияқты, күндікші жұмысшылар басым) дегенді қосу ғана қалады. «Ауыл шаруашылығы жұмысшыларын бірыңғай дерлік толық егіншілік шаруашылығы бар семьялар ғана жалдайтынын еске алып» (ал мұндайлар уезде барлық семьялардың 40,4 проценті ғана), «мұндай шаруашылықтардың жартысынан көбі жалдама еңбексіз тұра алмайды деп қорытынды жасауға болады» (158).

Сонымен, Россияның қарама-қарсы екі шетінде, барынша әр түрлі жерлерде, Петербург губерниясында және қайдағы бір Таврия губерниясында «қауым» ішіндегі қоғамдық-экономикалық қатынастар мүлде біртек-

тес болып отыр. «Жер жыртушы-мужиктер» (Н.— он мырзаның сөзі) бұл екі жердің екеуінде де өз қатарынан село кәсіпкерлерін аса аз, село пролетариатын аса көп шығарады. Егіншіліктің ерекшелігі мынада: капитализм ауыл шаруашылығының бір ауданда — бір жағын, екінші ауданда — екінші жағын өзіне бағындырады, сондықтан біртектес экономикалық қатынастар барынша әр түрлі агрономиялық және тұрмыстық формаларда көрініп отырады.

Бұл суреттеліп отырған ауданда да шаруалардың қарама-қарсы таптарға бөлінетінін анықтағаннан кейін біз сүт шаруашылығының ролі жөнінде әдетте айтылып жүрген біріне бірі қайшы келетін пікірлерді оңай түсінеміз. Ауқатты шаруалардың егіншілікті дамытуға және жақсартуға мүмкіндік алатыны, соның нәтижесінде шөп егісі таралатыны, мұның өзі саудалық мал шаруашылығының қажетті құрамды бөлімі болатыны әбден табиғи нәрсе. Мәселен, Тверь губерниясында шөп егісінің дамуы көрсетіліп жүр, ал ең алдыңғы қатардағы Кашин уезінде үйлердің $^1/_6$ бөлігі қазірдің өзінде-ақ жоңышқа егіп отыр («Жинақ», XIII, 2, 171-бет). Бұл ретте үлесті жерлерге қарағанда сатып алынған жерлердегі егістіктің көбірек бөлегіне шөп егіліп жүргенін көрсете кеткен дұрыс: шаруа буржуазиясы, әлбетте, жердің қауымдық иелікте болғанынан гөрі жеке меншікте болғанын артық көреді *. Ең алдымен сол баяғы сатып алынған жерлер мен арендаға алынған жерлерде шөп егушіліктің өскенін көрсететін толып жатқан деректерді «Ярославль губерниясына шолудан» да (II кітап, 1896) кездестіреміз **. Сол кітаптан біз жақсартылған құралдардың — плугтардың, молотилкалардың, мала тастардың, т. т. таралғанын көрсететін деректерді

* Сатуға арнап сүт өндіру дамыған жерде ғана ірі қара малдың күтімі әжептәуір жақсарған (219. 224-беттер).

** 39, 65, 136, 150, 154, 167, 170, 177 және басқа беттері. Біздегі алым-салықтардың реформаға дейінгі системасы ауыл шаруашылығының прогресін мұнда да бөгеп отыр. Бір тілші былай деп жазады: «Усадьбалардың жиі болғандығының арқасында шөп егісі болыстың барлық жерлерінде де енгізілген, алайда жоңышқа салық борышы үшін сатылып кетеді» (91). Бұл губернияда кейде алым-салықтардың көптігі сонша, тіпті жерін арендаға беретін қожайын үлесті жердің жаңа иесіне өз жанынан белгілі мөлшерде ақша төлеуге тиісті болады.

до кездестіреміз. Май шайқайтын, сыр жасайтын орындар, т. т. мықтап дамып келеді. Новгород губерниясында шаруа мал шаруашылығының жалпы нашарлауымен жәпе азаюымен қатар,— кейбір жеке жерлерде, сүт өткізу ісі тиімді болған немесе бұзауды сүтпен асырау кәсіпшілігі баяғыдан бері орныққан жерлерде, шаруа мал шаруашылығының жақсарғаны 80-жылдардың бас кезінде-ақ көрсетілген болатын (*Бычков:* «Новгород уезінің 3 болысындағы шаруалардың экономикалық хал-жағдайы мен шаруашылығына үй басы жүргізілген зерттеудің тәжірибесі». Новгород, 1882). Саудалық мал шаруашылығының бір түрі болып табылатын бұзауды сүтпен асырау Новгород, Тверь губернияларында және жалпы астанадан алыс емес жерлерде жалпы алғанда көп таралған кәсіпшілік болып отыр (қараңыз: «Ерікті жалдама еңбек, т. т.», егіншілік департаменті бастырған). Бычков мырза былай дейді: «Бұл кәсіпшілік, негізінен алғанда, мұнсыз да ауқатты тұратын едәуір сиыры бар шаруалардың табысын молайта түседі, өйткені бір сиырмен отырып, кейде тіпті сүті аз екі сиырмен де отырып, бұзауды сүтпен асырау мүмкін емес» (l. c., 101) *.

Алайда шаруа буржуазиясының суреттеліп отырған аудандағы шаруашылық табыстарының ең айқын белгісі — шаруалардың жұмысшы жалдауы. Жергілікті жер иелері өздеріне қарсы бәсекелестердің туып келе жатқанын сезеді, өздерінің егіншілік департаментіне жіберген хабарларында олар жұмысшылардың жеткіліксіздігін кейде тіпті бұл жұмысшыларды ауқатты шаруалар айнытып әкетіп отыр деп түсіндіреді («Ерікті жалдама еңбек», 490). Шаруалардың жұмысшыларды жалдауы Ярославль, Владимир, С.-Петербург, Новгород губернияларында байқалып отыр (l. c., passim). Мұндай толып

* Реті келгенде айта кетейік, жергілікті шаруалар «кәсіпшіліктерінің» әр түрлі болуы Бычков мырзаның өнеркәсіпшілердің екі типін табысының көлеміне қарай бөліп көрсетуіне себеп болды. Оның есебі бойынша, 3251 адам (халықтың 27,4 проценті) 100 сомнан кем алады, бұлардың табысы=102 мың сом, кісі басына 31 сомнан келеді. 100 сомнан артық алатындары — 454 адам (халықтың 3,8 проценті): олардың табысы=107 мың сом, кісі басына 236 сомнан келеді. Бірінші топқа көбінесе әр түрлі жалдама жұмысшылар кірді, екінші топқа — саудагерлер, шөп өнеркәсіпшілері, орман-тоғай өнеркәсіпшілері және басқалар кірді.

жатқан мәлімдемелер «Ярославль губерниясына шолуда» да кездесіп отырады.

Алайда ауқатты азшылықтың бұл прогрестерінің барлығы кедей шаруалар бұқарасының мойнына ауыр салмақ болып түсіп отыр. Мәселен, Ярославль губерниясының Рыбинск уезіндегі Коприн болысында — «артельдік сыр жасау орындарын құрушы белгілі В. И. Бландовтың» * бастамасы бойынша, сыр жасайтын орындардың таралғандығы көрсетілген. «Бір-бірден сиыры бар неғұрлым кедей шаруалар сиырының сүтін... (сыр жасайтын орынға), апарып тапсырғанда, әрине, өзінің ішіп-жемін нашарлатады»; ал дәулетті шаруалар өздерінің малын жақсартады (32—33-беттер). Жалдама жұмыс түрлерінің ішінде сыр жасайтын орындарға кетушілік бар екені көрсетіледі, жас шаруалардан сыр жасаушы шеберлер тобы құрылады. Пошехон уезінде «сыр жасайтын және май шайқайтын орындардың саны жылдан жылға көбейіп келеді», бірақ «сыр жасайтын және май шайқайтын орындардың шаруалар шаруашылығына келтіретін пайдасы, олардың шаруа тұрмысына шектіретін зиянын өтей алар ма екен?» Шаруалардың өздерінің мойындауы бойынша, олар ашаршылыққа жиі ұшырауға мәжбүр болады, өйткені белгілі бір жерде сыр жасайтын орын ашылғаннан кейін сүт сол сыр жасайтын орын мен май шайқайтын орынға апарылады да, шаруалар көбінесе су қосқан сүтпен тамақтанады. Ақыны товармен төлеушілік дамиды (43, 54, 59 және басқа беттері), демек, «капиталистік» фабрикаларда ақыны товармен төлеуге тыйым салатын заңның біздің «халықтық» ұсақ өндіріске қолданылмайтынына өкінуге тура келеді **.

---

* Коприн болысының «артельдік сыр жасайтын орындары» «Фабрикалар мен заводтардың көрсеткішінде» атап айтылған, ал Бландовтардың фирмасы сыр жасайтын өндірістегі ең ірі фирма болып табылады: 1890 жылы оның алты губернияда 25 заводы болған.

** Қарт Май Жасаушы мырзаның назар аударарлық пікірі мынадай: «Қазіргі деревняны көрген және оны білетін адам бұдан 40—50 жыл бұрынғы деревняны есіне түсірсе, ол осы екі деревняның айырмасына таң қалар еді. Ескі деревняларда барлық қожайындардың үйлері сыртқы түрі жағынан да, ішкі құрылысы жағынан да біркелкі болушы еді; ал қазір кішкене лашықтармен әшекейленген үлкен үйлер тұрады, қайыршылармен қатар байлар тұрады, езілген және зәбір көрген адамдармен қатар той тойлап, сән-салтанат құрған адамдар тұрады. Бұрын бірде-бір бобыль болмайтын селоларды біз

Сонымен, іспен тікелей таныс адамдардың пікірлері жергілікті егіншіліктің прогрестеріне шаруалар көпшілігінің қатысуы мүлде кері мағынада болады деген қорытындымызды қуаттайды. Сауда егіншілігінің прогресі шаруалардың төменгі топтарының хал-жағдайын нашарлатады және оларды егіншілер қатарынан біржола ығыстырып шығарады. Ескерте кетейік, халықшылдық әдебиетте сүт шаруашылығының прогресі мен шаруалардың ішіп-жемінің нашарлауы арасындағы бұл қайшылық көрсетілген болатын (мұны бірінші рет, сірә, Энгельгардт көрсетсе керек). Алайда шаруалар арасында және егіншілікте болып жатқан құбылыстарға халықшылдардың берген бағасының өрісі тар екенін нақ осы мысалдан көруге болады. Олар қайшылықты бір формада, бір жерде байқағанымен, оның жер-жерде әр түрлі формада болатынын, бүкіл қоғамдық шаруашылық құрылысқа тән екенін түсінбейді. Олар бір «тиімді кәсіпшіліктің» қайшылықты маңызын аңғарады да, қандай да болсын басқа «жергілікті кәсіпшіліктерді» шаруалар арасында «орнықтыру» керек деп ақыл айтып қоймайды. Олар ауыл шаруашылығындағы прогрестердің бірінің қайшылықты маңызын көреді де, мәселен, машиналардың егіншілікте де, дәл өнеркәсіптегідей, саяси-экономикалық маңызы бар екенін түсінбейді.

## VI. ЗЫҒЫР ШАРУАШЫЛЫҚ АУДАНЫ

Капиталистік егіншіліктің алғашқы екі ауданы үлкен аудандар болғандықтан және оларда байқалып отырған қатынастар бір түрге жататындықтан, біз бұл аудандарға барынша толық тоқталдық. Бұдан былайғы баяндауда біз енді кейбір өте маңызды аудандар жөнінде неғұрлым қысқаша айтып өтумен тынамыз.

---

жиі кездестіретін едік, қазір мұндай бобыльдер әрбір деревняда бестеп, тіпті кейде ондап та кездесіп қалады. Шынын айту керек — деревняның мұндай халге ұшырауында май шайқау ісінің кінәсы көп. Май шайқау ісі 30 жылдың ішінде көп адамды байытты, олардың үйлерінің сәнін кіргізді, сүт өткізіп тұратын шаруалардың бірсыпырасы май шайқау ісі дамыған кезде өздерінің әл-ауқатын арттырды, малды көбейте түсті, бүтін бір қауым болып және жеке-жеке көп жер сатып алды, бірақ мұның өзі шаруаларды бұрынғысынан да бетер кедейлікке ұшыратты, деревняларда бобыльдер мен қайыршылар пайда болды» («Жизнь», 1899, № 8, цитат «Сев. Крайдан» алынды. 1899, № 223). (*2-басылуына ескерту.*)

Зығыр — «өнеркәсіптік өсімдіктер» деп аталатындардың ең бастысы. Бұл арада біздің нақ сол *сауда* егіншілігін айтып отырғанымызды осы терминнің өзі де көрсетіп тұр. Мәселен, «зығырлы» Псков губерниясында зығыр шаруалар үшін көптен бері-ақ, жергілікті тілмен айтқанда, «бірінші ақша» болып келеді («Әскери-статистикалық жинақ», 260). Зығыр өндірісі — ақша табудың бір құралы ғана. Жалпы және тұтас алғанда реформадан кейінгі заман саудалық зығыр шаруашылығының сөзсіз өскендігі арқылы сипатталады. Мәселен, 60-жылдардың аяқ кезінде Россияда зығыр өндірісінің мөлшері шамамен алғанда 12 миллион пұт талшық деп есептелді (ibid., 260); 80-жылдардың бас кезінде — 20 миллион пұт талшық деп есептелді («Россия өнеркәсібіне тарихи-статистикалық шолу», I том, СПБ. 1883, 74-бет); қазіргі уақытта Европалық Россияның 50 губерниясында 26 миллион пұттан аса зығыр талшығы жиналып отыр *. Нағыз зығыр шаруашылығын жүргізетін ауданда (қара топырақты емес өңірдің 19 губерниясы) зығыр егісінің көлемі соңғы кездерде мынадай болып өзгерді: 1893 жылы — 756, 6 мың десятина; 1894 жылы — 816,5 мың десятина; 1895 жылы — 901,8 мың десятина; 1896 жылы — 952,1 мың десятина және 1897 жылы — 967,5 мың десятина болды. Бүкіл Европалық Россияда (50 губерния) 1896 жылы — 1617 мың десятина жерге зығыр егілді, ал 1890-жылдардың бас кезінде — 1399 мың десятина жерге зығыр егілген болса («Өндіргіш күштер», I, 36), 1897 жылы — 1669 мың де-

* Орталық статистика комитетінің мәліметтері бойынша 1893—1897 жылдардың орта есебі — 26 291 мың пұт болады. Қараңыз: «Вестник Финансов», 1897, № 9 және 1898, № 6. Өткен уақыттардағы зығыр өндірісі жөніндегі статистикалық мәліметтердің көп жері дұрыс болмады, сондықтан біз мамандардың барынша алуан түрлі деректемелерді салыстыруына негізделген болжаулы есептерді алуды дұрыс деп білдік. Зығыр өндірісінің мөлшері жеке жылдар бойынша едәуір ауытқып отырады. Сондықтан, мәселен, Н.— он мырза не бары *алты* жылдың мәліметі бойынша зығыр өндірісінің «азаюы» туралы және «зығыр егісінің қысқаруы» туралы («Очерктер, 236 және келесі беттері) өте батыл қорытындылар жасамақ болып, мүлде адам күлерлік қателерге ұрынды (бұлардың талқылануын П. Б. Струвенің «Сын заметкаларынан» қараңыз, 233 және келесі беттері). Тексте айтылғанға мынаны қосайық: Н.— он мырза келтіріп отырған мәліметтер бойынша зығыр егісінің ең көп мөлшері 1880 жылдары — 1372 мың десятина, ал жиналған талшық — 19 245 мың пұт болды, ал 1896—1897 жылдары зығыр егісі — 1617—1669 мың десятинаға, жиналған талшық — 31 713—30 139 мың пұтқа жетті.

сятина («Вестник Финансов», ibid., және 1898, № 7) жерге зығыр егілді. Дәл осы сияқты әдебиеттегі жалпы пікірлер де саудалық зығыр шаруашылығының өскенін көрсетеді. Мәселен, реформадан кейінгі алғашқы 20 жыл жөнінде «Тарихи-статистикалық шолу» мынадай қорытынды жасайды: «бірнеше губерния өнеркәсіптік мақсатпен зығыр егісін ұлғайта түсті» (l. c., 71), ал бұған темір жол жүйесінің кеңеюі ерекше әсер етті. Владимир губерниясының Юрьев уезі жөнінде В. Пругавин мырза 80-жылдардың бас кезінде былай деп жазды: «Зығыр егу бұл жерде соңғы 10—15 жылдың ішінде өте кең тарады». «Кейбір семьясы үлкен үй қожайындары жылына 300—500 сомның және одан да көп соманың зығырын сатады... Ростов қаласынан» (тұқымдық зығырды) «сатып алады... Мұндағы шаруалар тұқым іріктеп алуға өте мұқият көңіл бөледі» («Владимир губерниясындағы Юрьев уезінің селолық қауымы, майдагерлік кәсіпшіліктері және егіншілік шаруашылығы». М. 1884, 86—89-беттер). Тверь губерниясы жөніндегі земстволық-статистикалық жинақта (XIII том, 2-кітап) «жазғы егістердің ең маңызды астықтары — арпа мен сұлы картоп пен зығырға орын беруде» (151-бет) деп көрсетілген; кейбір уездерде, мәселен, Зубцов, Кашин және басқа уездерде жазғы егістің $^1/_3$ бөлігінен $^3/_4$ бөлігіне дейінгі жеріне зығыр егіледі, әсіресе арендаға алынған тың жерлер мен тыңайтылатын жерлерде күшті дамып, «бұл уездерде зығыр шаруашылығы ашық саудагерлік кәсіпшілік сипатына ие болды» (145-бет). Бұл ретте әлі де болса бос жерлері бар (тың жерлер, бос жерлер, орман-тоғайдан тазартылған учаскелер) бір губернияларда зығыр шаруашылығы ерекше ұлғайып келе жатқандығы байқалады, ал баяғыдан бері зығыр егіп келе жатқан екінші бір губернияларда «зығыр егісі не бұрынғы мөлшерінде қалып, немесе тіпті жаңадан енгізілген дақылға, мәселен, тамыр-жеміске, овощтарға, т. с. орын беріп келе жатқандығы» («Вестник Финансов», 1898, № 6, 376-бет және 1897, № 29), яғни сауда егіншілігінің басқа түрлеріне орын беріп келе жатқандығы байқалады.

Зығырдың шетелге шығарылуына келетін болсақ, реформадан кейінгі алғашқы екі он жылдықтың ішінде ол тамаша тез өсті: 1857—1861 жылдары орта есеппен 4,6 миллион пұт шығарылса, 1867—1871 жылдары 8,5 миллион пұтқа дейін және 1877—1881 жылдары 12,4 миллион пұтқа дейін шығарылды. Бірақ одан кейін шетелге зығыр шығару ісі бұрынғы деңгейінде тұрып қалғандай болды, 1894—1897 жылдары орта есеппен 13,3 миллион пұт болды *. Әрине, саудалық зығыр шаруашылығының дамуы егіншілік пен өнеркәсіптің арасындағы айырбасқа (зығыр сату және фабрикаттар сатып алу) ғана емес, *сауда егіншілігінің түрлері* арасындағы айырбасқа да (зығыр сату және астық сатып алу) әкеп соқты. Капитализмге керекті ішкі рыноктың тек халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке тартылуы арқылы ғана құрылып қоймай, сонымен қатар сауда егіншілігінің мамандануы арқылы да құрылатынын айқын көрсететін бұл тамаша құбылыс жөніндегі мәліметтер мыналар **:

Темір жолмен Псков («зығырлы») губерниясына және ол губерниядан басқа жаққа жүктердің тасылуы. (Орта мөлшері, мың пұт есебімен)

| Кезеңдер | Басқа жаққа шығарылған зығыр | Басқа жақтан әкелінген астық пен ұн |
|---|---|---|
| 1860—1861 | 255,9 | 43,4 |
| 1863—1864 | 551,1 | 464,7 |
| 1865—1866 | 793,0 | 842,6 |
| 1867—1868 | 1 053,2 | 1 157,9 |
| 1869—1870 | 1 406,9 | 1 809,3 |

Зығырдың негізгі өндірушісі шаруалар екені мәлім, ал саудалық зығыр шаруашылығының бұл өсуі сол шаруаларға қалай әсер етеді? *** «Псков губерниясының

* Зығырдың, зығыр шашағының, зығыр түгінің шетелге шығарылуы жөніндегі мәліметтер. Қараңыз: «Тарихи-статистикалық шолу», П. Струвенің «Сын заметкалары» және «Вестник Финансов», 1897, № 26 және 1898, № 36.

** Қараңыз: *Н. Строкин.* «Псков губерниясының зығыр шаруашылығы», СПБ, 1882. Автор бұл мәліметтерді алым-салық комиссиясының «Еңбектерінен» алған.

*** 1399 мың десятина зығыр егісінің 745 400 десятинасы қара топырақты емес өңірде болып отыр, бұл жерде оның тек 13 проценті ғана шаруашылық иелерінікі. Ал қара топырақты өңірдегі 609 600 десяти-

жерімен өтіп бара жатып, оның экономикалық тұрмысына көз жібергенде, сирек кездесетін ірі бай шаруашылықтармен, селолармен және деревнялармен қатар өте кедей шаруашылықтардың да бар екенін байқамауға болмайды; *бұл кереғарлық зығырлы ауданның шаруашылық тұрмысын сипаттайтын белгі болып отыр»*. «Зығыр егісі қызу бағыт алды» және зығырдан түсетін табыстың «көбі алыпсатарлардың және жерін зығыр егісіне арендаға беретін адамдардың қолында қалып отыр» (Строкин, 22—23). Аренданың біреуді күйзелтерлік бағасы нағыз «ақша рентасы» болып табылады (жоғарыны қараңыз), сондықтан толып жатқан шаруалар алыпсатарларға «толық және мүлдем тәуелді» (Строкин, ibid.) болып отыр. Сауда капиталының үстемдігі бұл жерде әлдеқашан-ақ орнаған болатын *, ал енді реформадан соңғы заманның өзгешелігі: бұл капиталдың орасан көп шоғырлануында, бұрынғы ұсақ алыпсатарлардың монополиялық сипатының әлсіреуінде, бүкіл зығыр саудасын өз қолына жинап алған «зығыр конторларының» құрылуында болып отыр. Псков губерниясы туралы Строкин мырза былай дейді: «Зығыр шаруашылығының маңызы капиталдың бірнеше адамның қолына шоғырлануынан аңғарылады...» (31-бет). Капитал зығыр шаруашылығын құмарпаздық ойынға айналдыра отырып, зығырдың сапасын нашарлатқан; жерді тоздырған, үлесті жерлерін арендаға беруге дейін барған және сайып келгенде «шет кәсіптегі» жұмысшылардың санын көбейткен ұсақ егіншілер бұқарасын күйзелтті. Ал ауқатты шаруалар мен саудагерлердің болмашы азшылығы шаруашылығын техника жағынан жақсартуға мүмкіндік алды — бәсекенің өзі бұларды осылай істеуге мәжбүр етті. Кутэнің зығыр үгетін машиналарының қолмен жүргізілетіні де (бағасы 25 сомға дейін), атпен жүргізілетіні де (алғашқыдан үш есе қымбат) тарала бастады. 1869 жылы Псков губерниясында 557-ақ

на егістің 44,4 проценті шаруашылық иелерінікі («Өндіргіш күштер», I, 36).

* «Әскери-статистикалық жинақтың» өзі де — шаруалар еккен зығыр, шынында, көбінесе булындардың» (ұсақ алыпсатарлардың жергілікті аты) «меншігі болып келеді, ал шаруа өз жерінде істейтін қызметші ғана болып қалады» (595) деп көрсеткен болатын. Салыстырыңыз: «Тарихи-статистикалық шолу», 88-бет.

осындай машина болса, 1881 жылы — 5710 машина (мұның 4521-і қолмен жүргізілетін және 1189-ы атпен жүргізілетін машина) болды *. «Тарихи-статистикалық шолуда» былай деп жазылған: «Қазіргі уақытта зығыр шаруашылығымен айналысатын әрбір әлді шаруа семьясында Кутэнің қолмен жүргізілетін машинасы бар, бұл машина тіпті «Псков зығыр үгетін машинасы» деп те аталып жүр» (l. c., 82—83). Машина ұстайтын «әлді» қожайындардың бұл азшылығының қалған шаруаларға қандай қатынаста екенін біз II тарауда көрген болатынбыз. Псков земствосы тұқымды өте нашар тазалайтын атам заманғы дырылдауықтардың орнына астық тазартатын жетілдірілген машиналар (триерлер) енгізе бастады, ал «неғұрлым ауқатты өнеркәсіпші-шаруалар» бұл машиналарды өздері сатып алып, оларды зығыршыларға ақы алып жалға беруді тиімді көретін болды («Вестник Финансов», 1897, № 29, 85-бет). Зығыр алыпсатарларының неғұрлым ірілері зығыр кептіретін орындар, зығыр тығыздайтын құралдар жасайды, зығырды сортқа бөлу үшін және майдалау үшін жұмысшылар жалдайды (бұл жөнінде мысалды В. Пругавин мырзаның еңбегінен қараңыз, l. c., 115). Ақырында, зығыр талшығын өңдеу жұмысшыларды өте көп керек ететінін де айту қажет: 1 десятина зығырды баптап өсіру үшін бірыңғай егіншілік 26 жұмыс күні және зығыр сабағынан талшық жасап шығару үшін 77 жұмыс күні керек деп есептеліп жүр («Тарихи-статистикалық шолу», 72). Сондықтан зығыр шаруашылығының дамуы, бір жағынан, егіншінің қысқы уақытта көбірек жұмыс істеуіне; екінші жағынан, зығыр егісімен айналысатын помещиктер мен ауқатты шаруалардың жалдама еңбекті қажетсінуіне әкеп соғады (бұл жөнінде мысалды III тараудың VI параграфынан қараңыз).

Сонымен, сауда егіншілігінің өсуі зығыр шаруашылығы ауданында да капиталдың үстем болуына және шаруалардың ыдырауына әкеп соғады. Сөз жоқ, жерге өте қымбат арендалық баға қою**, сауда капиталының

---

* Строкин, 12.

** Зығыр бағасының төмендеуі салдарынан қазіргі уақытта зығыр егетін жердің арендалық бағасы төмендеп келеді, бірақ зығыр егісі-

қысымы, шаруалардың үлесті жерге маталуы және үлесті жер үшін төлейтін ақының көп болуы — шаруалардың ыдырау процесіне орасан зор бөгет болып табылады. Сондықтан, шаруалардың жер сатып алуы * және кәсіп іздеп басқа жаққа кетуі ** неғұрлым кең дамыған сайын, жақсартылған құралдар мен егіншілік тәсілдерінің таралуы неғұрлым ұлғайған сайын,— өнеркәсіп капиталы сауда капиталын соғұрлым тез ығыстырып шығарады, шаруалар қатарынан село буржуазиясының құрылуы және помещиктік шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасын оның капиталистік системасының ығыстырып шығаруы соғұрлым тез жүреді.

## VII. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨҢДЕУ

Жоғарыда (I тарау, § I) біз ауыл шаруашылығы тақырыбына жазушылар ауыл шаруашылығы жүйесін рынокқа түсетін басты өнімге қарай бөле отырып, шаруашылықтың заводтық немесе техникалық жүйесін ерекше типке жатқызады дегенді ескертіп өткен болатынбыз. Оның мағынасы мынада: егіншілік өнімі тұтынуға (жеке адам тұтынуы немесе өндіргіш тұтыну) жұмсалмастан бұрын техникалық жолмен қайта өңделеді. Бұл қайта өңдеу жұмысын жүргізетін орындар: не сол шикі өнім шығарылатын шаруашылықтардың бір бөлегі болады, не село қожайындарынан өнімді сатып алатын ерекше бір өнеркәсіпшілердің кәсіпорны болады. Саяси-экономикалық жағынан қарағанда, бұл екі

нің көлемі, мәселен, Псков зығыр ауданында 1896 жылы азайған жоқ («Вестник Финансов», 1897, № 29).

* Псков губерниясы — шаруалардың жер сатып алуының дамуы жөнінде Россиядағы ең алдыңғы қатарлы губерниялардың бірі. «Село халқының экономикалық хал-жағдайы жөніндегі статистикалық материалдар жинағының» (министрлер комитеті кеңсесінің басылымы) мәліметтері бойынша мұндағы сатылып алынған шаруа жерлері қолайлы үлесті жердің 23 проценті болады; бұл — барлық 50 губернияның ішіндегі maximum 1892 жылғы 1 январьда осында отырған шаруа халқының еркек адамдарының жан басына сатылып алынған жер 0,7 десятинадан келеді; бұл тұрғыдан алғанда Псков губерниясынан Новгород пен Таврия губерниялары ғана жоғары.

** Статистика мәліметтері бойынша, Псков губерниясында еркектердің басқа жаққа кетуі 1865—1875 жылдардан 1896 жылға дейін *4 есе дерлік* көбейді («Псков губерниясындағы шаруа халқының кәсіпшіліктері». Псков, 1898, 3-бет).

типтің арасында үлкен айырма жоқ. Техникалық ауыл шаруашылығы өндірістері өсуінің капитализмнің дамуы жөніндегі мәселеде өте зор маңызы бар. 1-ден, бұл өсу сауда егіншілігінің даму формаларының бірі, атап айтқанда, егіншіліктің капиталистік қоғамдағы өнеркәсіп салаларының біріне айналатынын өте айқын көрсететін формасы болып табылады. 2-ден, ауыл шаруашылығы өнімдерінің техникалық жолмен өңделуінің дамуы әдетте ауыл шаруашылығының техникалық прогресімен тығыз байланысты болады: бір жағынан, қайта өңделуге түсетін шикізат шығарудың өзі көбінесе егіншіліктің жақсаруын талап етеді (мәселен, тамыржеміс егісі); екінші жағынан, өңделуден түсетін қалдықтар көбінесе егіншілікке пайдаланылады, оның табысын молайтады, аздап болса да егіншілік пен өнеркәсіптің арасындағы тепе-теңдікті, өзара тәуелділікті қалпына келтіреді, ал бұларды бұзу капитализмнің ең терең қайшылықтарының бірі болып табылады.

Демек, біз енді реформадан кейінгі Россиядағы техникалық ауыл шаруашылығы өндірістерінің дамуын сипаттауға тиіспіз.

### 1) Арақ-шарап жасау

Бұл арада біз арақ-шарап жасауды ауыл шаруашылығы тұрғысынан ғана қараймыз. Сондықтан арақ-шарап жасаудың ірі заводтарда (бір жағынан акциз жүйесінің талап етуі нәтижесінде) қалай тез шоғырланғаны, өндірісті арзандата отырып, завод техникасының қалай тез алға басқаны, акциздің өсуі бұл арзандатушылықты қалай басып озғаны және ол өзінің өлшеусіз үлкен болуының салдарынан тұтыну мен өндірістің өсуін қалай бөгегені туралы біздің сөз етіп жатуымыздың қажеті жоқ.

Бүкіл Россия империясындағы «ауыл шаруашылығында» арақ-шарап жасау жөніндегі мәліметтерді келтірейік *:

---

* 1890 жылғы 4 июнь заңы ауыл шаруашылығында арақ-шарап жасаудың мынадай белгілерін анықтады: 1) арақ-шарап жасау уақыты, егіс жұмыстары жоқ кезде, атап айтқанда, 1 сентябрьден 1 июньге

| Арақ-шарап жасайтын заводтар 1896/97 жылы | Заводтардың саны | | Жасалған спирт, мың шелек есебімен | |
|---|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы заводтары | 1 474 | 1 878 | 13 521 | 24 331 |
| Аралас заводтар | 404 | | 10 810 | |
| Өнеркәсіп заводтары | 159 | | 5 457 | |
| *Барлығы* | 2 037 | | 29 788 | |

Сонымен, барлық арақ-шарап жасайтын (барлық өнімнің $^4/_5$ бөлігінен көбірегін беретін) заводтардың $^9/_{10}$ бөлігінен көбірегі ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты болып отыр. Бұл заводтар капиталистік ірі кәсіпорындар болғандықтан, өздері құрылып отырған помещиктік шаруашылықтардың барлығына да нақ осындай сипат береді (арақ-шарап жасайтын заводтар ылғи дерлік помещиктерге және көбінесе дворяндарға қарайды). Сауда егіншілігінің осы қаралып отырған түрі, әсіресе орта қара топырақты губернияларда жақсы дамыған, бұл губернияларда Россия империясындағы барлық арақ-шарап жасайтын заводтардың $^1/_{10}$ бөлігінен астамы шоғырланған (1896/97 жылы 239 завод, оның ішінде 225 ауыл шаруашылығы заводы мен аралас завод болған), бұл заводтар барлық спирттің төрттен бір бөлігінен астамын өндірген (1896/97 жылы 7785 мың шелек спирт өндірген, мұның 6828 шелегі ауыл шаруашылығы заводтары мен аралас заводтарда өндірілген). Сонымен, жұмыспен өтеу басым болған ауданда егіншіліктің саудалық сипаты бәрінен де гөрі (басқа аудандарға қарағанда) астық пен картоптан арақ жасау ісінен жиі байқалады. Картоптан арақ жасау, әсіресе, реформадан кейінгі заманда тез дамыды, мұны бүкіл Россия империясына қатысы бар мынадай мәліметтерден көруге болады *:

---

дейін болсын; 2) имениедегі жасалған спирттің мөлшері мен егістік жер десятинасының саны өзара сәйкес болсын. Ішінара ауыл шаруашылығында, ішінара өнеркәсіпте арақ-шарап жасайтын заводтар — аралас заводтар деп аталады (салыстырыңыз: «Вестник Финансов», 1896, № 25 және 1898, № 10).

* Деректемелер: «Әскери-статистикалық жинақ», 427; «Өндіргіш күштер», IX, 49 және «Вестник Финансов», 1898, № 14.

| | Арақ-шарап жасауға жұмсалған материалдар, мың пұт есебімен | | |
|---|---|---|---|
| | Барлық астық өнімдері | Оның ішінде картоп | Картоп % |
| 1867 жылы | 76 925 | 6 950 | 9,1 |
| 10 жылдың орта есебімен 1873/74—1882/83 | 123 066 | 65 508 | 53 |
| 10 жылдың орта есебімен 1882/83—1891/92 | 128 706 | 79 803 | 62 |
| 1893/94 жылы | 150 857 | 115 850 | 76 |
| 1896/97 » | 144 038 | 101 993 | 70,8 |

Сонымен, арақ-шарап жасауға жұмсалатын жалпы астық өнімдері екі есе көбейгенде, арақ-шарап жасауға жұмсалатын картоптың мөлшері 15 есе көбейіп отыр. Бұл факт жоғарыда (осы тараудың I параграфында) анықталған қағиданы — картоп егісінің және оның түсімінің орасан көп өсуі егіншілік техникасының артуымен, үш танапты ауыспалы егістің көп танапты ауыспалы егіспен ауыстырылуымен қатар нақ сол сауда егіншілігі мен капиталистік егіншіліктің өскенін дәлелдейді *. Арақ-шарап жасау ісі ең көп дамыған ауданның тағы да бір өзгешелігі — халықтың жан басына шаққанда картоптың таза түсімі (орыс губернияларында, яғни Балтық жағалауы және батыс губернияларын есепке алмағанда) өте жоғары болды. Мәселен, солтүстік қара топырақты губернияларда бұл түсімнің мөлшері 1864—1866, 1870—1879 және 1883—1887 жылдары 0,44—0,62—0,60 ширек [96] болды, ал бүкіл Европалық Россияда (50 губерния) бұл цифрлар тиісінше: 0,27—0,43—0,44 ширек болды. «Тарихи-статистикалық шолу» 80-жылдардың бас кезінің өзінде-ақ былай деп көрсеткен болатын: «картоп егісінің неғұрлым көп ұлғая түсуі байқалып отырған аймақ қара топырақты өңірдің орта және солтүстік бөлігіндегі губерниялардың барлығын, Волга бойы мен Волга сыртындағы гу-

* Салыстырыңыз: Распопин, l. с.— «Тарихи-статистикалық шолу», l. с., 14-бет. Арақ-шарап жасау өндірісінің қалдықтары (барда) көбінесе ет беретін саудалық мал шаруашылығын жүргізу үшін (тек ауыл шаруашылығы заводтарында ғана емес, тіпті коммерциялық заводтарда да) пайдаға асырылады.— Салыстырыңыз: «Ауыл шаруашылығының статистикалық мәліметтері», VII кітап, 122-бет және passim.

берниялардың және қара топырақты емес орта губернияларды қамтиды» (l. с., 44-бет) *.

Помещиктер мен ауқатты шаруалардың картоп егісін кеңейтуі жалдама еңбекті қажетсінудің көбеюін білдіреді; бір десятина дәнді астық өсіруден гөрі бір десятина картоп өсіруге едәуір көп еңбек кетеді **, ал машина қолдану, мәселен, орта қара топырақты ауданда әлі де болса өте мардымсыз болып отыр. Соңымен, егер арақ-шарап жасайтын өндірістің өзіндегі жұмысшылардың саны азайса ***, екінші жағынан, тамыржеміс егетін капиталистік шаруашылық системасының жұмыспен өтеуді ығыстырып шығаруы село күндікшілерін қажетсінуді күшейте түсті.

## 2) Қызылша-қант өндірісі

Капиталистік ірі кәсіпорындарда арақ-шарап жасаудан гөрі қызылшадан қант жасау ісі күштірек шоғыр-

---

* Дәл орталық егіншілік губернияларда арақ-шарап жасауға картоп қолдану ісінің қаншалықты орасан тез өскендігін мынадай мәліметтерден көруге болады. 6 губернияда — Курск, Орел, Тула, Рязань, Тамбов және Воронеж губернияларында арақ-шарап жасауға 1864/65—1873/74 жылдары орта есеппен алғанда жылына 407 мың пұт картоп жұмсалды; 1874/75—1883/84 жылдары — 7482 мың пұт; 1884/85—1893/94 жылдары — 20 077 мың пұт картоп жұмсалды. Ал бүкіл Европалық Россияда бұл цифрлар тиісінше мынадай болды: 10 633 мың пұт, 30 599 мың пұт және 69 620 мың пұт. Осы көрсетілген губернияларда арақ-шарап жасауға картоп қолданған заводтардың саны 1867/68—1875/76 жылдары орта есеппен алғанда жылына — 29 болды; 1876/77—1884/85 жылдары — 130 болды; 1885/86—1893/94 жылдары — 163 болды. Ал бүкіл Европалық Россияда бұл цифрлар тиісінше мынадай болды: 739—979—1195 (қараңыз: «Ауыл шаруашылығының статистикалық мәліметтері», VII кітап).

** Мәселен, Нижегород губерниясының Балахна уезі жөніндегі земстволық-статистикалық жинақта 1 десятина картоп өсіру үшін 77,2 жұмыс күні керек, оның ішінде жұмысшы әйел картопты отырғызуға, түптеуге, отауға және қазып алуға 59,2 жұмыс күні керек деп есептеледі. Демек, жергілікті шаруа әйелдердің күндік жұмыс істеуін қажет ету негұрлым өсе түседі.

*** Европалық Россияда 1867 жылы арақ-шарап жасайтын заводтарда 52 660 жұмысшы бар деп есептелген. («Әскери-статистикалық жинақ». VII тарауда біз бұл кітаптың фабрика-завод жұмысшыларының санын жалпы алғанда орасан көп өсіріп көрсететінін келтірмекпіз), ал 1890 жылы — 26 102 жұмысшы бар деп есептелді (Орловтың «Көрсеткіші» бойынша). Арақ-шарап жасау өндірісінің өзінде істейтін жұмысшылардың саны көп емес және оның үстіне олардың село жұмысшыларынан айырмасы да шамалы. Мәселен, доктор Жбанков былай дейді: «Деревня заводтарының,— жұмысшылары жаздыгүні егіс жұмысына кететін болғандықтан ұдайы істемейтін заводтардың,— жұмысшыларының барлығы тұрақты фабрика жұмысшыларынан мейлінше өзгеше болады: олар шаруа киімін киіп жүреді, деревняның әдет-ғұрыптарын сақтайды және оларда фабрика жұмысшыларына тән ерекше киім түсі де болмайды» (l. с., II, 121).

ланып, бұл да помещиктік (көбінесе дворяндық) имениелердің кәсібі болып отыр. Бұл өндірістің басты ауданы — оңтүстік-батыс, содан соң оңтүстік қара топырақты және орта қара топырақты губерниялар. Қызылша егісінің көлемі 60-жылдары 100 мың десятина шамасы *, 70-жылдары — 160 мың десятина шамасы **, 1886—1895 жылдары — 239 мың десятина ***, 1896—1898 жылдары — 369 мың десятина ****, 1900 жылы — 478 778 десятина, 1901 жылы — 528 076 десятина болды («Торг.-Пром. Газета», 1901 ж., № 123), 1905/06 жылы — 483 272 десятина болды («Вестник Финансов», 1906, № 12). Демек, реформадан кейінгі кезеңде егіс көлемі бес еседен астам ұлғайды. Жиналатын және өңделетін қызылшаның мөлшері бұдан да гөрі өлшеусіз тез өсті: империяда орта есеппен алғанда 1860—1864 жылдары 4,1 миллион берковец [97] қызылша өңделді, 1870—1874 жылдары — 9,3 миллион, 1875—1879 жылдары — 12,8 миллион, 1890—1894 жылдары — 29,3 миллион, 1895/96—1897/98 жылдары — 35 миллион берковец қызылша өңделді *****. Өңделген қызылшаның мөлшері 60-жылдардан бері қарай 8 еседен астам көбейді. Демек, қызылшаның шығымдылығы, яғни капиталистік түрде ұйымдасқан ірі имениелердегі еңбек өнімділігі орасан көп артты ******. Ауыспалы егіске қызылша сияқты тамыржемісті енгізу егіншіліктің неғұрлым жетілдірілген жүйесіне көшумен, жер өңдеуді, мал азықтандыруды, т. т. жақсартумен тығыз байланысты. «Тарихи-статистикалық шолуда» (I том) былай деп жазылған: «Қызылша егу үшін жер өңдеу — жалпы алғанда өте күрделі әрі қиын жұмыс, бұл жұмыс біздегі қызылша шаруашылықтарының көпшілігінде, әсіресе

---

* «Финанс министрлігінің әржылдығы», I кітап.— «Әскери-статистикалық жинақ».— «Тарихи-статистикалық шолу», II том.

** «Тарихи-статистикалық шолу», I.

*** «Өндіргіш күштер», I, 41.

**** «Вестник Финансов», 1897, № 27 және 1898, № 36. Европалық Россияда, Польша Патшалығын қоспағанда, 1896—1898 жылдары 327 мың десятина қызылша егісі болды.

***** Жоғарыда аталған кітаптардан басқа мынаны қараңыз: «Вестник Финансов», 1898, № 32.

****** Империядағы 285 мың десятина қызылша егісінің 1890—1894 жылдары орта есеппен алғанда 118 мың десятинасы заводтарға, 167 мың десятинасы — плантаторларға қарады («Өндіргіш күштер», IX, 44).

оңтүстік-батыс губерниялар мен Висла бойындағы губернияларда барынша жақсартылған. Жер өңдеу үшін әр түрлі жерлерде азды-көпті жақсартылған әр түрлі құралдар мен плугтар қолданылып отыр: кейбір жағдайларда жерді тіпті бу күшімен жырту ісі де қолданылған» (109-бет).

Ірі капиталистік егіншіліктің бұл прогресі ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшыларға, батырақтарға және әсіресе күндікші жұмысшыларға деген мұқтаждықтың едәуір көп өсуімен байланысты, оның бер жағында мұнда әйелдер мен балалардың еңбегі мейлінше кең түрде қолданылады (салыстырыңыз: «Тарихи-статистикалық шолу», II, 32). Маңайдағы губерниялар-да тұратын шаруалар арасында басқа жаққа кетудің ерекше бір түрі — «қант кәсібіне» кетушілік пайда болды (ibid., 42). Бір морга ($=^2/_3$ дес.) қызылшаны толық баптау үшін 40 жұмыс күні керек деп есептеп жүр («Ерікті жалдама еңбек», 72). Ал «село халқының халжағдайы жөніндегі материалдар жинағы» (министрлер комитетінің басылымы) 1 десятина қызылшаны баптау үшін машинамен өңдегенде — 12 жұмыс күні, қолмен өңдегенде 25 еркек адамның жұмыс күні керек деп санайды, әйелдер мен ересек балаларды есепке алмайды (X—XI беттер). Сонымен, Россияның бүкіл қызылша егісін баптауда, сірә, кем дегенде 300 мың селолық күндікші мен күндікші әйел жұмыс істеуге тиіс. Бірақ қызылша егетін жердің десятинасы көбейе беретін болғандықтан, жалдама еңбекке мұқтаждық жөнінде толық түсінік бере қою мүмкін емес, өйткені кейбір жұмыстарға қызылшаның берковеці бойынша төленеді. Мәселен, «Россияның майдагерлік өнеркәсібі жөніндегі есептер мен зерттеулерде» (мемлекеттік мүліктер министрлігінің басылымы, II том, СПБ. 1894, 82-бет) былай деп жазылған:

«Қалада да, уезде де» (әңгіме Чернигов губерниясының Кролевец қаласы туралы болып отыр) «әйел халқы қызылша егісінде жұмыс істеуді ұнатады; күзде қызылша тазалау үшін берковец басы 10 тиыннан төленеді, екі әйел күніне алты берковецтен он берковецке дейін тазалайды, бірақ кейбіреулер шығып келе жатқан ке-

зінде күту жұмысына: отау және түптеу жұмысына келіседі; онда қазып, тазалап толық күткені үшін тазаланған қызылшаның әр берковеціне 25 тиыннан алады». Қызылша плантацияларында істейтін жұмысшылардың жағдайы өте ауыр. Мәселен, «Харьков губерниясының дәрігерлік хроникасында» (1899, сентябрь, цитат «Русские Ведомостиден» алынды, 1899, № 254) *«қызылша плантацияларында жұмыс істейтіндердің* жағдайы жөнінде аса аянышты бірқатар фактілер» келтірілген. Мәселен, Ахтырск уезіндегі Котельва слободасының земство дәрігері Подольский былай деп жазады: «Күздігүні әдетте *ауқатты шаруалардың қызылша плантацияларында жұмыс істейтін жастар арасында сүзек ауруының жайыла* бастауы *байқалады.* Мұндай плантаторларда жұмысшылардың дем алуына және түнеуіне арналған сарайлар өте лас болады, жұмысшылар ұйқтайтын сабан жұмыстан соң нағыз көңге айналады, өйткені ол еш уақытта да жаңартылып тұрмайды: жұқпалы аурулардың тарайтын жері нақ осы ара. Бір плантациядан әкелінген 4—5 ауру адамның түгелдей сүзек екенін бірден-ақ анықтауға тура келген күндер де болды». Осы дәрігердің пікірі бойынша, «мерез ауруларына шалдыққандардың негізгі контингенті — қызылшада істейтіндер. Фейнберг мырзаның былай деуі өте дәлелді: «жұмысшылардың өздеріне де және сол төңіректе тұратын халыққа да зиянды әсер етуі жағынан фабрикалардағы жұмыстан кем түспейтін плантациялардағы жұмыс сонда істейтіндерге өте-мөте қауіпті, өйткені: мұнда толып жатқан әйелдер мен жас өспірім балалар жұмыс істейді, жұмысшыларға қоғам және мемлекет тарапынан зәрредей де қамқорлық жоқ», осы айтылғандарға сүйене отырып, автор доктор Романенконың Харьков губерниясы дәрігерлерінің VII съезінде айтқан пікіріне толық қосылады, Романенко былай деген болатын: *«Міндетті* қаулыларды шығарғанда *қызылша плантацияларында істейтін жұмысшылардың хал-жағдайының да қамын ойлау керек.* Бұл жұмысшылар өмір сүруге қажеттілерден жұрдай, бұлар айлар бойы ашық далада жатады, тамақты ортақ қазаннан ішеді».

Сонымен, қызылша өндірісінің орасан көп өсуі село жұмысшыларына деген мұқтаждықты арттырып, маңайдағы шаруаларды село пролетариатына айналдырды. Қант қызылшасы өндірісінің өзінде істейтін жұмысшылар санының біраз азаюы село жұмысшылары санының көбеюін тек болмашы мөлшерде ғана бәсеңдетті *.

### 3) Картоп-крахмал өндірісі

Помещиктік шаруашылықтардың ғана игілігі болған техникалық өндірістерден енді азды-көпті болса да шаруалардың да қолы жететін өндірістерге көшейік. Бұл өндіріске ең алдымен картоптан (кейде бидайдан және басқа астықтардан) крахмал мен сірне жасау ісі жатады. Крахмал өндірісі крахмалды керек ететін тоқыма өнеркәсібінің орасан зор көлемде өсуі нәтижесінде реформадан кейінгі дәуірде ерекше тез өсті. Бұл өндірістің таралған ауданы — негізінен қара топырақты емес губерниялар, өнеркәсіпті және ішінара солтүстік қара топырақты губерниялар. «Тарихи-статистикалық шолу» (II том) 60-жылдардың жартысында 270 мың сомға жуық өндіріс сомасы бар 60-қа таяу завод, ал 1880 жылы — 1317 мың сом өндіріс сомасы бар 224 завод болды деп есептейді. «Фабрикалар мен заводтардың көрсеткіші» бойынша 1890 жылы 3418 жұмысшысы және 1760 мың сом өндіріс сомасы бар 192 завод болған **.

---

* Европалық Россияда 1867 жылы қант қызылшасы және шақпақ қант заводтарында 80 919 жұмысшы болды («Финанс министрлігінің әржылдығы», I. «Әскери-статистикалық жинақ» бұл арада да жұмысшылардың санын 92 мыңға дейін көбейтіп көрсетіп отыр, ол, сірә, бір жұмысшыларды екі рет санаған болуы керек). 1890 жылы мұндай жұмысшылардың саны — 77 875 болды (Орловтың «Көрсеткіші»).

** Біз ең біркелкі және салыстыруға келетін мәлімет есебінде «Тарихи-статистикалық шолудың» мәліметтерін алып отырмыз. «Финанс министрлігінің ведомствосы жөніндегі мәліметтер мен материалдар жинағы» (1866, № 4, апрель) сауда және мануфактура департаментінің ресми мәліметтері бойынша 1864 жылы Россияда 231 мың сом өндіріс сомасы бар 55 крахмал заводы болды деп есептеді. Ал «Әскери-статистикалық жинақ» 1866 жылы 563 мың сом өндіріс сомасы бар 198 завод болды деп есептейді, бірақ күмән жоқ, мұның ішінде қазір фабрика деп саналмайтын ұсақ кәсіпорындары да кіріп кеткен. Жалпы алғанда бұл өндірістің статистикасы өте қанағаттанғысыз: мұнда ұсақ заводтар біресе есепке алынады да, біресе (көбінесе) есепке алынбай қалады. Мәселен, Орловтың «Көрсеткіші» Ярославль губерниясында 1890 жылы 25 завод бар деп есептеді (1894/95 жылғы «Тізбе» бойынша — 20), ал «Ярославль губерниясына шолу» бойынша (II кітап, 1896) Ростов уезінің бір өзінде картоптан сірне жасай-

«Тарихи-статистикалық шолуда» былай делінген: «Крахмал өндірісі соңғы 25 жылдың ішінде заводтардың саны жағынан $4^1/_2$ есе, ал өндірілетін өнімнің сомасы жағынан $10^3/_4$ есе көбейді; алайда бұл өнімділік крахмалға деген мұқтаждықты толық өтей алмайды» (116-бет),— бұған крахмалдың шетелден әкелінуінің өсуі дәлел болады. Губерниялар мәліметтерін талдай келіп, «Тарихи-статистикалық шолу» біздегі картоп-крахмал өндірісі (бидай-крахмал өндірісіне қарама-қарсы) шаруалар мен помещиктердің қолына шоғырланғандықтан, ауыл шаруашылығы сипатын алып отыр деген қорытындыға келеді. «Бұл өндіріс» келешекте «өзінің кең дамитын өндіріс болатынына дәмелендіре отырып, біздің село халқына қазір де жақсы пайда келтіріп отыр» (126).

Бұл пайданы кім алатынын біз қазір көреміз. Бірақ әуелі ескерте кетейік: крахмал өндірісінің дамуында екі процесті: бір жағынан, жаңа ұсақ заводтардың шығуын және шаруа өндірісінің өсуін, екінші жағынан, өндірістің бумен жүргізілетін ірі фабрикаларда шоғырлануын айыра білу керек. Мәселен, 1890 жылы бумен жүргізілетін 77 завод болды, бұл заводтарда барлық жұмысшылардың 52 проценті және өндіріс сомасының 60 проценті шоғырланды. 1870 жылға дейін бұл заводтардың тек 11-і ғана құрылды. 70-жылдары — 17 завод, 80-жылдары — 45 завод және 1890 жылы — 2 завод құрылды (Орлов мырзаның «Көрсеткіші»).

Шаруалардың крахмал өндірісінің экономикасымен танысу үшін жергілікті зерттеулерді алып көрейік. Москва губерниясында крахмал кәсіпшілігі 1880/81 жылы 4 уездің 43 селосын қамтыды *. Кәсіпорындарының саны 130 болды, бұлардың 780 жұмысшысы және кем дегенде 137 мың сомдық өндірісі болды. Кәсіпшілік көбінесе реформадан кейін таралды, сонымен қатар оның техникасы бірте-бірте ілгерілеп отырды, негізгі капиталдың көп болуын тілейтін және еңбек өнімділігі ба-

тың 810 завод болған. Сондықтан текстіде келтірілген цифрлар әсте өндірістің шын мәніндегі дамуын емес, тек құбылыс динамикасын ғана сипаттай алады.

* «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, 1-кітап, М. 1882.

рынша жоғары болған неғұрлым ірі кәсіпорындары құрылды. Қол диірмендер жақсартылған диірмендермен алмастырылды, кейін атпен жүргізілетін диірмендер пайда болды, ақырында, өндірісті едәуір жақсартқан және арзандатқан аппарат — *барабан* енгізілді. Кәсіпорындарының көлеміне қарай «майдагерлердің» үй басы санағының өзіміз өңдеген мәліметтері мынадай:

| Кәсіпорындарының разрядтары* | Кәсіпорындарының саны | Жұмысшылар саны | | | 1 кәсіп орнына келетін жұмысшылар | | | Жұмыс апталарының орта саны | Өндіріс сомасы, сом есебімен | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Семьясы барлары | Жалдамалары | Барлығы | Семьясы барлары | Жалдамалары | Барлығы | | Барлығы | 1 кәсіпорнына келетіні | 4 аптаның ішінде 1 жұмысшыға келетіні |
| Ұсақтары | 15 | 30 | 45 | 75 | 2 | 3 | 5 | 5,3 | 12 636 | 842 | 126 |
| Орташалары | 42 | 96 | 165 | 261 | 2,2 | 4 | 6,2 | 5,5 | 55 890 | 1 331 | 156 |
| Ірілері | 11 | 26 | 67 | 93 | 2,4 | 6 | 8,4 | 6,4 | 61 282 | 5 571 | 416 |
| *Жиыны* | 68 | 152 | 277 | 429 | 2,2 | 4,1 | 6,3 | 5,5 | 129 808 | 1 908 | 341 |

Сонымен, біз бұл арада капиталистік ұсақ кәсіпорындарын көріп отырмыз, бұларда, өндіріс кеңейген сайын, жалдама еңбекті қолданушылық көбейе береді және еңбек өнімділігі арта береді. Бұл кәсіпорындары шаруа буржуазиясына едәуір пайда келтіреді, сонымен бірге егіншілік техникасын да көтереді. Бірақ жұмыс жағдайларында тазалықтың мүлдем жоқтығы және жұмыс күнінің ұзақтығы салдарынан бұл ұсақ заводтарда істейтін жұмысшылардың халі өте нашар **.

«Диірменді» кәсіпорындары бар шаруалардың егіншілігі өте қолайлы жағдайда болады. Картоп егісі (үлесті жерде және ең алдымен арендаға алынған жер-

* Қараңыз: V тарауға қосымша, № 24 кәсіпшілік.

** L. с., 32-бет. Шаруалардың ұсақ заводтарында жұмыс күні 13—14 сағат, ал өнеркәсіптің осы саласындағы ірі заводтарда (Дементьевтің пікірі бойынша) жұмыс күні көбінесе 12 сағат көрінеді [98].

де) қара бидай мен сұлы егістеріне қарағанда едәуір көп табыс береді. Өз шаруашылығын кеңейту үшін завод иелері кедей шаруалардың үлесті жерлерін үсті-үстіне алып отырады. Мәселен, Цыбино деревнясында (Бронницы уезі) крахмал жасайтын 18 заводтың иелері (селода тұратын 105 қожайыннан) табыс іздеп сыртқа кеткен шаруалардың, сонымен бірге аты жоқ шаруалардың үлесті жерлерін арендалап алады, сөйтіп өздерінің 61 үлесті жеріне тағы да арендаға алынған 133 үлесті жерді қосады; олардың қолында барлығы 194 үлесті жер, яғни бұл селодағы барлық үлесті жердің 44,5 проценті болады. Жинақта былай деп жазылған: «Крахмал кәсіпшілігі азды-көпті дамыған басқа селоларда да дәл осы жағдайлар кездесіп отырады» (l. с., 42) *. Крахмал жасайтын заводтардың иелері басқа шаруаларға қарағанда малды екі есе көп ұстайды: бұлардың малы орта есеппен алғанда үй басына 3,5 жылқы мен 3,4 сиырдан келеді, ал жергілікті шаруалардың малы жалпы алғанда үй басына 1,5 жылқы мен 1,7 сиырдан келеді. 68 завод иесінің (үй басы санаққа ілінгендерінің) 10-ының сатып алған жері болады, 22-сі үлестен тыс жерді, 23-і үлесті жерді арендаға алады. Бір сөзбен айтқанда, бұлар — шаруа буржуазиясының шынайы өкілдері.

Владимир губерниясының Юрьев уезіндегі крахмал кәсіпшілігі де нақ осы сияқты қатынастарда болып отыр (В. Пругавин, l. с., 104 және келесі беттер). Мұндағы завод иелері де өндірісті негізінен жалдама еңбек арқылы жүргізеді (30 заводтағы 128 жұмысшының 86-сы — жалдама жұмысшылар); мұндағы завод иелері де өздерінің мал шаруашылығы мен егіншілігі жағынан бұқарадан әлдеқайда жоғары тұрады, оның бер жағында бұлар картоптың қалдығын мал азығына жаратып отырады. Мұнда керек десе шаруалар арасынан нағыз фермерлер де шығады. Пругавин мырза 12 жалдама жұмысшысы бар крахмал заводына (бағасы $1^1/_2$

---

* Буны В. Орловтың бүкіл Москва губерниясы жөніндегі жалпы пікірімен (жинақтың IV томы, 1-кітап, 14-бет) салыстырып көріңіз: ауқатты шаруалар көбінесе кедей шаруалардың үлесті жерлерін арендаға алып, кейде арендаға алынған 5—10 үлесті жерді өз қолына шоғырландырады.

мың сомға жуық) ие болып отырған бір шаруаның шаруашылығын суреттейді. Бұл шаруа картопты өзінің аренда арқылы кеңейтілген шаруашылығында өндіреді. Оның жоңышқа егілетін ауыспалы егісі жеті танапты болады. Егіншілік жұмысында көктемнен күзге дейін («ақырына дейін») жалданатын 7—8 қызметкер болады. Картоптың қалдығы малға азық ретінде жұмсалады, ал шайынды сумен қожайын егіндігін суарганды жөн көреді.

В. Пругавин мырза бұл завод «өте ерекше жағдайларда тұр» деп сендіреді. Әрине, қай капиталистік қоғамда болса да село буржуазиясы барлық уақытта село халқының болмашы азшылығын құрайды және осы мағынада да, керек десеңіз, «ерекше» болады. Бірақ бұл атаудан Россияның крахмал өндірісі аудандарында да және сауда егіншілігінің барлық басқа аудандарында да капиталистік егіншілікті ұйымдастырып отырған село кәсіпкерлері табының құрылатындығы жөніндегі факт алынып тасталмайды *.

### 4) Май айыру өндірісі

Зығырдан, конoплядан, күнбағыстан және басқаларынан май айырып алу ісі де көбінесе ауыл шаруашылығының техникалық өндірісі болып табылады. Май айыру өндірісінің реформадан кейінгі дәуірде қаншалықты дамығанын мынадан білуге болады: май айыру өндірісінің сомасы 1864 жылы — 1619 мың сом, 1879 жылы — 6486 мың сом, ал 1890 жылы — 12 232 мың сом болды **. Бұл өндірісте де дамудың екі процесі бар

* Күлкі есебінде айта кетейік, Пругавин мырза да (l. c., 107), Москва кәсіпшілігін суреттеген автор да (l. c., 45), В. В. мырза да («Майдагерлік өнеркәсіп очерктері», 127) кейбір диірмен кәсіпорындарының бірнеше қожайынға қарайтындығында «артельдік негіз» (немесе «принцип») бар деп таныды. Біздің көреген халықшылдар село кәсіпкерлерінің серіктігінде ерекше «негіз» бар екенін көре білген, бірақ село кәсіпкерлері табының өмір сүруі мен дамуынан ешбір қоғамдық-экономикалық жаңа «негізді» байқай алмаған.

** «Финанс министрлігінің ведомствосы жөніндегі мәліметтер мен материалдар жинағы», 1866, № 4. Орловтың «Көрсеткіші», 1 және 3-басылуы. Біз заводтардың саны туралы мәліметтер келтірмейміз, өйткені біздегі фабрика-завод статистикасы ауыл шаруашылығының ұсақ май айыру орындары мен өнеркәсіптің ірі май айыру орындарын, біресе бұлардың біріншілерін есепке алып, біресе әр түрлі

екені байқалады: бір жағынан, деревняларда шаруалардың (кейде помещиктердің де) өнімді сату үшін өндіретін ұсақ май айыру орындары пайда болады. Екінші жағынан, бумен жүргізілетін ірі заводтар дамиды, бұлар өндірісті шоғырландырып, ұсақ кәсіпорындарын ығыстырады *. Бұл арада біз ауыл шаруашылығында майлы өсімдіктерді қайта өңдеуге ғана назар аударамыз. «Тарихи-статистикалық шолуда» (II том) былай деп жазылған: «Коноплядан май айыру орындарының иелері шаруалардың ауқатты өкілдеріне жатады», олар май айыру өндірісін малға өте жақсы азық (қалдық) алуға мүмкіндік беретіндігі үшін ерекше бағалайды. Владимир губерниясының Юрьев уезінде «зығыр дәнінен май өндіру ісінің кең өріс алып отырғанын» айта келіп, Пругавин мырза (l. c.), шаруалардың бұл өндірістен көретін «пайдасы аз емес» (65—66-беттері), шаруа бұқарасына қарағанда, май айыратын заводтары бар шаруалардың ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы едәуір жоғары, оның бер жағында кейбір май айырушылар село жұмысшыларын да жалдайды (l. c., кестелер, 26—27, 146—147-беттер), деп көрсетеді. 1894/95 жылы Пермьде жүргізілген майдагерлер санағы да дәл осы сияқты, бұқараға қарағанда май айырушы-майдагерлердің ауыл шаруашылығы анағұрлым жоғары (егістері анағұрлым үлкен, малдары айтарлықтай көп, егіндері шығымды, т. с.) екенін және егіншіліктің бұл жақсаруы село жұмысшыларын жалдаумен қабат жүріп отырғанын көрсетті **. Воронеж гу-

---

уақытта әр түрлі губерниялар бойынша оларды есепке алмай, шатастырып алып отыр. Мәселен, 1860 жылдары толып жатқан ұсақ май айыру орындары «заводтар» қатарында есептелді.

* Мәселен, 1890 жылы 383 заводтан 11 завод 12 232 мың сом өндіріс сомасының 7 170 мың сомына ие болды. Село кәсіпкерлерін индустриялық кәсіпкерлердің бұл жеңіп шығуына біздің аграрлар (мәселен, С. Короленко мырза, l. c.) мен біздің халықшылдар (мәселен, Н.— он мырза, «Очерктердің» 241—242-беттері) қатты наразы болады. Біз олардың пікіріне қосылмаймыз. Ірі заводтар еңбек өнімділігін арттырады және өндірісті қоғамдастырады. Бұл бір жағынан. Ал, екінші жағынан,— ауыл шаруашылығының ұсақ май айыру орындарындағы жұмысшыларға қарағанда, ірі заводтардағы жұмысшылардың халі, бәлкім жақсырақ болуы мүмкін және тек жалғыз материалдық жағынан ғана емес, басқа жақтарынан да жақсырақ болуы мүмкін.

** *В. Ильин.* «Экономикалық этюдтер мен мақалалар». СПБ. 1899, 139—140-беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 383-бет. *Ред.*)

берниясында реформадан кейінгі дәуірде жергілікті май айыру орындарында майға айналдыратын күнбағыстың *саудалық* егісі ерекше көп таралды. Россияда 70-жылдары күнбағыс егісі 80 мың десятинаға жуық деп есептелді («Тарихи-статистикалық шолу», I), 80-жылдары — 136 мың десятина шамасы деп есептелді, бұлар шаруалардың $^{2}/_{3}$ бөлігінің қолында болды. «Алайда сол уақыттан бері, кейбір мәліметтерге қарағанда, бұл өсімдіктің егіс көлемі едәуір ұлғайды — қайсыбір жерлерде 100 және одан да көп процент ұлғайды» («Өндіргіш күштер», I, 37). «Тарихи-статистикалық шолудың» II бөлімінде былай деп жазылған: «Бір Алексеевка слободасының өзінде» (Воронеж губерниясының Бирюченск уезі) «40-тан астам май айыратын орын бар, Алексеевканың өзі де күнбағыстың арқасында байып, көзге қораш кішкене деревнядан қаңылтыр шатырлы үйлері мен дүкендері бар бай селоға айналды» (41-бет). Шаруа буржуазиясының бұл байлығының шаруалар бұқарасына қалай әсер еткенін мынадан көруге болады: 1890 жылы Алексеевка слободасында тізімге жазылған 2273 семьяның (еркек, әйелі — 13 386 жан) 1761-інің жұмыс көлігі болмады, 1699-ының құрал-саймандары болмады, 1480 семья егін екпеді және 33 семья ғана кәсіпшілікпен айналыспады *.

Тегінде айта кету керек, шаруалардың май айыратын орындары, әдетте, земствоның үй басы санағында «сауда-өнеркәсіп орындарының» қатарында көрсетіледі, бұлардың бөлінуі және ролі жөнінде біз II тарауда айтып өткенбіз.

### 5) Темекі өндірісі

Қорытындыда темекі шаруашылығының дамуы туралы қысқаша мәлімет келтіре кетейік. Россияда орта есеп бойынша 1863—1867 жылдары 32 161 десятинадан

* «Воронеж губерниясының Бирюченск уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағы».— Бұл слободада 153 өнеркәсіп орны бар деп есептелген. Орлов мырзаның «Көрсеткіші» бойынша 1890 жылы бұл слободада 34 жұмысшысы және 17 мың сом өндіріс сомасы бар май айыратын 6 завод болған, ал «Фабрикалар мен заводтардың тізбесі» бойынша 1894/95 жылы 60 жұмысшысы және 151 мың сом өндіріс сомасы бар 8 завод болған.

1923 мың пұт темекі алынған; 1872—1878 жылдары — 46 425 десятинадан 2783 мың пұт темекі алынған; 80-жылдары — 50 мың десятинадан 4 миллион пұт темекі алынған *. Плантациялардың саны сол жылдары 75—95—650 мың деп есептелді, мұның өзі, сірә, сауда егіншілігінің осы түріне тартылып отырған ұсақ егіншілер санының анағұрлым өскенін көрсетсе керек. Темекі өсіру ісі жұмысшыларды едәуір көп керек етеді. Сондықтан егіншіліктен басқа жаққа кету түрлерінің ішінде темекі плантацияларына (әсіресе темекі егісі соңғы кезде өте тез ұлғайған оңтүстіктегі шет аймақ губернияларында) кету атап көрсетіледі. Темекі плантацияларындағы жұмысшылардың жағдайы өте ауыр екені әдебиетте көрсетілген болатын **.

Сауда егіншілігінің бір саласы болып отырған темекі шаруашылығы туралы мәселе жөнінде «Россиядағы темекі шаруашылығына шолуда» (II және III кітаптар. СПБ. 1894, егіншілік департаментінің жарлығы бойынша басылған) өте толық және қызық мәліметтер бар. В. С. Щербачев мырза Малороссиядағы темекі шаруашылығын суреттей келіп, Полтава губерниясының үш уезі (Прилуки, Лохвица және Ромны уездері) жөнінде тамаша дәл деректер келтіреді. Автор жинаған және Полтава губерниялық земство басқармасының статистикалық бюросы өңдеген бұл деректер бүкіл осы үш уездегі темекі егетін 25 089 шаруалар шаруашылығын қамтиды, бұлардың темекі егілетін 6844 десятина және астық егілетін 146 774 десятина жері бар. Бұл шаруашылықтар былайша бөлінеді:

* «Финанс министрлігінің әржылдығы», I.— «Тарихи-статистикалық шолу», I том.— «Өндіргіш күштер», IX, 62. Темекі егісінің көлемі жыл сайын қатты өзгеріп отырған: мәселен, 1889—1894 жылдары орта есеппен 47 813 десятина (алынған темекі 4180 мың пұт) болған, ал 1892—1894 жылдары — 52 516 десятина болып, 4878 мың пұт темекі алынған. Қараңыз: «Россия жөніндегі мәліметтер жинағы». 1896, 208—209-беттер.

** *Белобородов*, жоғарыда цитат алынған мақала, «Северный Вестник», 1896, № 2. «Русские Ведомости», 1897 ж. № 127 (10 май): 20 қызметкер әйелдің Қырымдағы темекі плантациясының қожайынынан ақы даулап берген ісі сотта қаралғанда мынадай қорытынды жасалды: «сот мәжілісінде плантацияда істейтін жұмысшылардың жағдайының адам айтқысыз ауыр екенін суреттейтін толып жатқан фактілер анықталды».

*Полтава губерниясының үш уезі (1888 ж.)*

| Шаруашылық топтарының астық егісінің мөлшеріне қарай бөлінуі | Шаруашылықтардың саны | Олардың егістері, десятина есебімен: темекі егісі | астық егісі |
|---|---|---|---|
| 1 дес. кем егетіндер | 2 231 | 374 | 448 |
| 1—3 дес. » | 7 668 | 895 | 13 974 |
| 3—6 дес. » | 8 856 | 1 482 | 34 967 |
| 6—9 дес. » | 3 319 | 854 | 22 820 |
| 9 дес. көп » | 3 015 | 3 239 | 74 565 |
| *Барлығы* | 25 089 | 6 844 | 146 774 |

Біз темекі егісінің де, астық егісінің де капиталистік шаруашылықтардың қолына орасан көп шоғырланғанын көріп отырмыз. Шаруашылықтардың сегізден бір бөлігінен кемірегі (25 мыңның 3 мыңы) бүкіл астық егісінің жартысынан көбін (147 мың десятинаның 74 мың десятинасын) өз қолына жинап алып отыр, бұлардың егісі орта есеппен алғанда шаруашылық басына 25 десятинадап келіп отыр. Темекі егісінің жартысына таяуы да (6,8 мың десятинаның 3,2 мың десятинасы) осы шаруашылықтардың қолында болып отыр, оның бер жағында темекі егісі олардың 1 шаруашылығына орта есеппен бір десятинадан артығырақ келеді, ал басқа шаруашылық топтарының барлығында бір үйге келетін темекі егісінің көлемі 0,1—0,2 десятинадан аспайды.

Щербачев мырза, сонымен қатар, осы шаруашылықтарды темекі егісінің мөлшеріне қарай топтау жөнінде де мәліметтер келтіреді:

| Темекі плантацияларының топтары | Плантациялардың саны | | Темекі егісі, десятина есебімен | |
|---|---|---|---|---|
| 0,01 дес. және одан аз | 2 919 | | 30 | |
| 0,01 » 0,10 дес. дейін | 9 078 | | 492 | |
| 0,10 » 0,25 дес. » | 5 989 | | 931 | |
| 0,25 » 0,50 дес. » | 4 330 | | 1 246 | |
| 0,50 » 1,00 дес. » | 1 834 | 2 773 | 1 065 | 4 145 |
| 1,00 » 2,00 дес. » | 615 | | 720 | |
| 2,00 » және одан көп | 324 | | 2 360 | |
| *Барлығы* | 25 089 | | 6 844 | |

Астық егісінің шоғырлануына қарағанда, темекі егісінің шоғырлануы анағұрлым күшті екендігі осы кестеден көрініп тұр. Бұл жердегі арнаулы сауда егіншілігі саласы, жалпы егіншілікке қарағанда, капиталистердің қолына көбірек шоғырланған. 6844 десятина темекі егісінің 4145 десятинасы, яғни бес бөліктің үш бөлігінен көбі, 25 мың шаруашылықтың 2773-інің қолына шоғырланған. 324 ең ірі темекі өндірушінің (темекі өндірушілердің жалпы санының оннан бір бөлігінен көбірегінің) қолында 2360 десятина темекі егісі, яғни темекі егісінің жалпы санының үштен бір бөлігінен артығырағы бар. Бұл — 1 шаруашылыққа орта есеппен *7 десятинадан артығырақ темекі егісі* келеді деген сөз. Мұның өзі шаруашылықтың қай типі болуға тиіс екенін түсіну үшін темекі дақылы жұмысшыларды өте көп керек ететінін ескерте кетейік. Автор 1 десятинаға, темекінің сортына қарай, жазғы 4 айдан 8 айға дейін істейтін *кем дегенде екі жұмысшы* керек деп есептейді.

Демек, жеті десятина темекі егісі бар адамның кем дегенде 14 жұмысшысы болуы керек, яғни шаруашылығын сөзсіз жалдама еңбек негізінде құруы керек. Темекінің кейбір сорттары 1 десятина егіске мерзімді уақытқа жалданатын екі жұмысшыны емес, үш жұмысшыны керек етеді және оның үстіне күндікшілердің қосымша жұмыс істеуін керек етеді. Бір сөзбен айтқанда, егіншілік неғұрлым сауда егіншілігі болған сайын, оның капиталистік жолмен ұйымдастырылуы да соғұрлым дами түсетінін біз мейлінше айқын көріп отырмыз.

Темекі өндірушілердің ішінде ұсақ және өте ұсақ шаруашылықтардың көп болуы (25 089 шаруашылықтың 11 997-сінің *0,1 десятинаға дейін* егісі бар) сауда егіншілігінің бұл саласының капиталистік жолмен ұйымдасуын ешбір бекерге шығара алмайды; өйткені бұл толып жатқан өте ұсақ шаруашылықтардың қолындағы өндірістің үлесі өте аз болып отыр (11 997 шаруашылықтың, яғни шаруашылықтардың жартысына таяуының қолында 6844 десятина егістің тек 522 десятинасы ғана, яғни оннан бір бөлігінен азырағы ғана болып отыр). Дәл осы сияқты, жұрт өте жиі қанағатта-

нып жүретін «орта» цифрлар да істің мәнісі жайында мағлұмат бермейді (1 шаруашылыққа келетін темекі егісі орта есеппен $^{1}/_{4}$ десятинадан аз-ақ асады).

Қайсыбір уездерде капиталистік егіншіліктің дамуы және өндірістің шоғырлануы бұдан да күшті. Мәселен, Лохвица уезінде 5957 шаруашылықтың 229-ында 20 десятинадан және одан да көп астық егісі бар. 44 751 десятина астық егісінің 22 799 десятинасы, яғни жартысынан кобі осы қожайындардың қолында. Әрбір қожайынның 100 десятинаға таяу егісі бар. 2003 десятина темекі егісінің 1126 десятинасы да осылардың қолында болып отыр. Ал егер темекі егісінің көлеміне қарай топтауды алатын болсақ, бұл уездегі 5957 қожайынның 132-сінде екі десятина және одан да көп темекі егісі бар. Бұл 132 қожайынның қолында 2003 десятина темекі егісінің 1441 десятинасы, яғни темекі егісінің 72 проценті бар, демек, 1 шаруашылыққа келетін темекі егісі *он* десятинадан артығырақ. Бұған қарама-қарсы сол Лохвица уезінде $^{1}/_{10}$ десятинаға дейін темекі егетін 4360 шаруашылық (5957 шаруашылықтан) бар, ал бұлардың темекі егісі — 2003 десятинаның тек 133 десятинасы ғана, яғни 6 проценті.

Мұнда *өндірістің* капиталистік жолмен ұйымдасуы *сауда* капиталының және өндірістен тыс әр түрлі қанаулардың өте күшті дамуымен қатар болып отырғандығы өзінен өзі түсінікті. Темекі өндірушілердің ұсақтарының темекі кептіретін сарайлары болмайды, темекі өнімін бабына келтіруге (ашытуға) және оны (3—6 аптадан кейін) дайын күйінде сатуға мүмкіндігі болмайды. Олар темекі өнімін дайын болмай жатып, өздері де арендалап алған жерлерге көбінесе темекі егетін алыпсатарларға *жарты бағасына* өткізеді. Алыпсатарлар «ұсақ плантаторларды шамасынан келгенше қысып отырады» (цитат алынған кітаптың 31-беті). Сауда егіншілігі — капиталистік сауда өндірісі, бұл арақатынасты (егер дұрыс әдістерді қолдана білсеңіз) ауыл шаруашылығының осы саласынан да айқын көруге болады.

## VIII. ӨНЕРКӘСІПТІК ОГОРОД ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН БАУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ; ҚАЛА ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ШАРУАШЫЛЫҚ

Бұрын әжептәуір дамыған «помещиктік бау шаруашылығы» крепостниктік право жойылғаннан кейін «бүкіл Россия көлемінде дерлік бірден және тез құлдырай бастады» *. Темір жолдардың салынуы жаңа, коммерциялық бау шаруашылығының дамуына «орасан зор мүмкіндік беріп», істің жағдайын өзгертіп жіберді, сөйтіп сауда егіншілігінің бұл саласын «жақсартуға қарай толық бет бұрыс» жасады **. Бір жағынан, оңтүстіктен арзан жемістердің әкелінуі бау шаруашылығы кең тараған бұрынғы орталықтарда оны нашарлатып жіберді ***,— екінші жағынан, өнеркәсіптік бау шаруашылығы, мәселен, Ковно, Вильно, Минск, Гродно, Могилев, Нижегород губернияларында өнім өткізу рыноктарының кеңеюімен қатар дамыды ****. В. Пашкевич мырза былай дейді: 1893/94 жылы жеміс шаруашылығының жайын зерттеу соңғы он жылдың ішінде оның өнеркәсіп саласы ретінде едәуір дамығанын, бағбандар мен бауда істейтін жұмысшыларға деген мұқтаждықтың көбейгенін, т. т. көрсетті *****. Статистикалық мәліметтер бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеп отыр: орыс темір жолдарымен жеміс тасу өсіп келеді ******; шетелден жеміс әкелу реформадан кейінгі алғашқы он жылдың ішінде өскен болса, қазір азайып келеді *******.

Бау шаруашылығына қарағанда халықтың орасан көп бұқарасына тұтыну заттарын беретін саудалық огород шаруашылығының бұрынғыдан да жылдам және бұрынғыдан да кең дамығандығы өзінен өзі түсінікті. Өнеркәсіптік огород шаруашылығы, 1-ден, қалалардың төңірегінде ********; 2-ден, фабрикалы, сауда-өнеркә-

* «Тарихи-статистикалық шолу», I, 2-бет.

** Ibid.

*** Мәселен, Москва губерниясында. Қараңыз: *С. Короленко*, «Ерікті жалдама еңбек, т. т.», 262-бет.

**** Ibid., 335, 344 және басқа беттер.

***** «Өндіргіш күштер», IV, 13.

****** Ibid., 31-бет, және «Тарихи-статистикалық шолу», 31 және келесі беттер.

******* 60-жылдары 1 миллион пұтқа таяу жеміс әкелінді; 1878—1880 жылдары — 3,8 миллион пұт; 1886—1890 жылдары — 2,6 миллион пұт; 1889—1893 жылдары — 2 миллион пұт жеміс әкелінді.

******** Бұл арада алдын ала мынаны көрсете кетейік: Европалық Россияда 1863 жылы 50 мың және одан да көп халқы бар 13 қала болды, ал 1897 жылы — 44 қала болды (қараңыз: VIII тарау, § II).

сипті поселкелердің * төңірегінде, сонымен қатар темір жолдар бойында; 3-ден, бүкіл Россияда бытырап жатқан және огород овощтарын өндіру жөнінде атағы шыққан жеке селоларда әжептәуір таралып отыр **. Бұл сияқты өнімдер тек индустрия халқы ғана емес, сонымен қатар егінші халыққа да қажет екенін ескерте кету керек: Воронеж шаруаларының бюджеті бойынша овощқа жұмсалатын шығын халықтың жан басына 47 тиыннан келетінін, оның бер жағында бұл шығынның жартысынан көбі *сатылып алынатын* азыққа жұмсалатынын еске түсірейік.

Сауда егіншілігінің осы түрінде қалыптасатын қоғамдық-экономикалық қатынастармен танысу үшін жергілікті зерттеулердің огород шаруашылығы ерекше дамыған аудандар жөніндегі мәліметтерін қарау керек. Мәселен, Петербург маңында парниктік және теплицалық огород шаруашылығы кең дамыған, мұны Ростовтан келген огородшылар ұйымдастырған. Парник рамаларының саны ірі огородшыларда мыңдап, орташа огородшыларда жүздеп саналады. «Ірі огородшылардың кейбіреулері әскерге беру үшін он мың пұттан тұздаған капуста дайындайды» ***. Земство статистикасының мәліметтері бойынша Петербург уезінде жергілікті халықтың ішінен 474 үй огород шаруашылығымен (үй басына 400 сомға жуық табыс алады) және 230 үй бау шаруашылығымен айналысады. Капиталистік қатынастар сауда капиталы формасында да (кәсіпшілікті «пайдақорлар өте қатты қанайды»), жұмысшылар жалдау формасында да өте кең дамып отыр. Мәселен, басқа жерден келген халықтың ішінде 115 огородшы-қожайын (1 қожайынға келетін табыс 3 мың сомнан асады)

* Осы қалыптас селолардың мысалын VI және VII тараулардан қараңыз.

** Мұндай селолардың, Ярославль губерниясын айтпағанның өзінде, Вятка. Кострома, Владимир, Тверь, Москва, Калуга, Пенза, Нижегород және басқа көптеген губерниялар бойынша көрсетілуін мыналардан қараңыз: «Тарихи-статистикалық шолу», I, 13 және келесі беттер, «Өндіргіш күштер», IV, 38 және келесі беттер. Сонымен бірге Нижегород губерниясының Семенов, Нижегород және Балахна уездері жөніндегі земстволық-статистикалық жинақтарды да салыстырыңыз.

*** «Өндіргіш күштер», IV, 42.

және 711 огородшы-жұмысшы (әрқайсысының табысы 116 сомнан) бар деп есептеліп отыр *.

Москва төңірегіндегі огородшы-шаруалар да село буржуазиясының осы сияқты қалыпты өкілдеріне жатады. «Шамамен алынған есеп бойынша Москва рыноктарына жыл сайын 4 миллион пұттан аса овощ пен жеміс-жидек түсіп тұрады. Кейбір селолар тұздалған овощтармен үлкен сауда жүргізеді: Ногатин болысы фабрикалар мен казармаларға бір миллион шелекке таяу тұздаған капуста сатады, оны тіпті Кронштадтқа да жіберіп отырады... Саудалық огородтар Москваның барлық уездерінде, көбінесе қалалар мен фабрикаларға жақын жерлерде таралып отыр» **. «Капустаны турау жұмысын Волоколам уезінен келетін жалдама жұмысшылар істейді» («Тарихи-статистикалық шолу», I, 19-бет).

Ярославль губерниясының Ростов уезіндегі огород шаруашылығының белгілі ауданындағы қатынастар да дәл осы сияқты, бұл ауданға огороды бар Поречье, Угодичи, т. б. сияқты 55 село қарайды. Мұнда жайылым мен шабындықтан басқа жердің барлығы да баяғыдан бері огород егісіне пайдаланылып келеді. Мұнда овощтарды техникалық жолмен өңдеу ісі — консерв өндірісі күшті дамыған ***. Жерден алынатын өніммен бірге жердің өзі де, жұмыс күші де тауарға айналады. «Қауымның» болғандығына қарамастан, мәселен, Поречье селосында жерді пайдаланудағы теңсіздік өте үлкен: біреудің 4 жанына — 7 «огород» келсе, екінші біреудің 3 жанына — 17 «огород» келеді; мұның бұлай болатын себебі:

* «С.-Петербург губерниясының халық шаруашылығының статистикасы жөніндегі материалдар», V кітап. Шынына келгенде огородшылар тексте көрсетілгеннен әлдеқайда көп, өйткені олардың көпшілігі жеке иеліктегі шаруашылыққа жатқызылған, ал келтіріліп отырған мәліметтер шаруалар шаруашылығына ғана жатады.

** «Өндіргіш күштер», IV, 49 және келесі беттер. Әр түрлі селолардың овощтың жеке түрлерін өндіруге маманданып келе жатқанын айта кету керек.

*** «Тарихи-статистикалық шолу», I.— Орлов мырзаның «Фабрикалар көрсеткіші»,— «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектері», XIV кітап, Столпянский мырзаның мақаласы. «Өндіргіш күштер», IV, 46 және келесі беттер.— «Ярославль губерниясына шолу», 2-кітап, Ярославль, 1896. Столпянский мырзаның мәліметтері (1885) мен «Көрсеткіштің» мәліметтерін (1890) салыстырсақ, фабрикада консерв өндірудің бұл ауданда мықтап өскенін көреміз.

мұнда түбірлі бөлістер болмайды; тек жекелей бөлістер ғана болады, оның үстіне шаруалар өздерінің «огородтары» мен «істерін» «еркін айырбастап отырады» («Ярославль губерниясына шолу», 97—98) *. «Егіншілік жұмыстарының көбін... күндікші еркектер мен әйелдер атқарады, бұлар жазғы жұмыс кезінде көршілес селолардан да, көршілес губерниялардан да Поречьеге көп келеді» (ibid., 99). Бүкіл Ярославль губерниясында «ауыл шаруашылығы және огород жөніндегі» *шет* кәсіпшіліктермен айналысатындар — яғни көбінесе осы мамандықтағы жалдама жұмысшылар 10 322 адам (бұлардың 7689-ы ростовтықтар) болады деп есептейді **. Село жұмысшыларының астаналық губернияларға, Ярославль және сол сияқты губернияларға келуі жөніндегі жоғарыда келтірілген мәліметтер сүт шаруашылығының дамуымен ғана емес, сонымен бірге саудалық огород шаруашылығының дамуымен де байланыстырылуға тиіс.

Огород шаруашылығына овощты теплицада өсіру — Москва және Тверь губернияларының ауқатты шаруалары арасында тез дамыған кәсіпшілік те жатады ***. 1880/81 жылғы санақ Москва губерниясында 3011 рамалы 88 кәсіпорын бар деп есептеді; олардың 213 жұмысшысы болды, мұның 47-сі (22,6 проценті) жалдама жұмысшылар; өндіріс сомасы — 54 400 сом. Овощты теплицада өсіретін орташа қожайын «іске» кем дегенде 300 сом салуға тиіс. Үй басы деректер берілген 74 қожайынның 41-інің сатып алған жері бар және олар сон-

* Сонымен, Волгин мырзаның — «огород егілген жердің жиі-жиі бөлініп отырғанына» «шүбәлымын» деген ойын осы аталған кітап толық растап отыр (аталған шығарма, 172, ескерту).

** Бұл арада да егіншілікке тән мамандану байқалып отыр: «Бір тамашасы, огород кәсіпшілігі халықтың бір бөлегінің арнаулы кәсібі болған жерлерде, шаруалардың екінші бөлегі мүлде дерлік ешқандай овощ екпей, оны базарлар мен жәрменкелерден сатып алады» (С. Короленко, l. с., 285).

*** «Өндіргіш күштер», IV, 50—51.— С. Короленко, l. с., 273 — «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, 1-кітап.— «Тверь губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VIII том, 1-кітап, Тверь уезі: 1886—1890 жылдардағы санақ мұнда 174 шаруа мен 7 жеке кәсіп иесінде 4426-дан астам рама бар деп есептеді, яғни орта есеппен 1 қожайынға 25-ке жуық рамадан келеді. «Шаруалар шаруашылығында ол (кәсіпшілік) бірсыпыра жәрдем болады, бірақ ол ауқатты шаруаларға ғана көмек көрсетеді... Егер теплицада 20 рамадан артық болса,— онда жұмысшылар жалданады» (167-бет).

шама жерді арендаға алып отырады; қожайын басына 2,2 жылқыдан келеді. Бұдан теплица кәсіпшілігі шаруа буржуазиясы өкілдерінің ғана қолынан келетінін көруге болады *.

Россияның оңтүстігінде сауда егіншілігінің қаралып отырған түріне өнеркәсіптік бақша шаруашылығы да жатады. «Қарбыздың өнеркәсіптік жолмен өндірілуі» туралы «Вестник Финансовта» (1897, № 16) басылған тамаша мақалада суреттелген бір аудандағы бақша шаруашылығының дамуы жөніндегі қысқаша деректерді келтіре кетейік. Бұл өндіріс 60-жылдардың аяғында, 70-жылдардың бас кезінде Быков селосында (Астрахань губерниясының Царев уезі) пайда болды. Әуелі тек Поволжьеге ғана апарылып тұрған өнім темір жол салынғаннан кейін астаналарға да жіберіле бастады. Бұл істің бастаушысы болған адамдардың орасан көп пайда табуы арқасында (десятина басына 150—200 сомнан) 80-жылдары өндіріс «ең кем дегенде 10 есе өсті». Олар, нағыз ұсақ буржуаның әдетін істеп, өндірушілер санының көбеюіне шамасы келгенінше кедергі жасауға тырысты, пайдалы жаңа кәсіптің «құпиясын» көршілерінен жан сала жасырып бақты. Әрине, «егінші-мужиктің» ** «қауіпті бәсекені» *** болғызбауға бұл сияқты керемет күш салуының барлығы да дәрменсіз болып шықты, сондықтан өндіріс Саратов губерниясында да, Дон облысында да кең өріс алды. 90-жылдары астық бағасының төмендеуі өндіріске ерекше мүмкіндік туғызды, «жергілікті егіншілерді бұл қиын жағдайдан құтылу шарасын егістің тұқым алмастыру жүйесінен іздеуге мәжбүр етті» ****. Өндірістің кеңеюі жалдама еңбекті керексінуді қатты күшейтті (бақша баптау жұмысына өте көп еңбек сіңіру керек, сондықтан оның бір десятинасын күтіп-баптау үшін 30—50 сом жұмсалады), кәсіпкерлердің пайдасы мен жер рентасын одан да гөрі қатты көтерді. «Лог» станциясының (Грязе-Царицын

* Бұл кәсіпшілік туралы мәліметтерді V тараудың қосымшасынан қараңыз, кәсіпшілік № 9.

** Н.— он мырзаның орыс шаруасы жөнінде қолданған сөзі.

*** В. Пругавин мырзаның қолданған сөзі.

**** Қарбыз егісі жерді жақсылап өңдеуді талап етеді және ол жердің өнімділігін келесі жолы тұқым сепкен кезде бұрынғыдан да арттыра түседі.

темір жолы) жанында қарбыз егілген жер 1884 жылы — 20 десятина, 1890 жылы — 500—600 десятина, 1896 жылы — 1400 — 1500 десятина болды, ал 1 десятина жерге төленетін аренда ақысы көрсетілген жылдарда 30 тиыннан 1 сом 50 тиын — 2 сомға дейін және 4 — 14 сомға дейін көтерілді. Егіс көлемін жанталаса кеңейту, ақырында, 1896 жылы артық өндіруге және дағдарысқа әкеп соқты, мұның өзі сауда егіншілігінің бұл саласының капиталистік сипатын біржолата бекітті. Қарбыз бағасының төмендегендігі сонша, ол тіпті темір жолмен тасу шығынын да өтей алмады. Қарбызды жинамай-ақ бақшада қалдыратын болды. Орасан зор пайданың дәмін татқан кәсіпкерлер енді зиянның да не екенін білді. Бірақ бәрінен де олардың дағдарысқа қарсы күресу үшін таңдап алған құралдары қызық: бұл құрал — жаңа рыноктарды өздеріне қаратып алу, өнім «сән-салтанат бұйымынан халық тұтынатын бұйымға» (ал өнім өндірілетін жерлерде мал азығына да) «айналатындай» етіп, өнім мен темір жол тарифын арзандату еді. Кәсіпкерлер былай деп сендіруге тырысады: «Өнеркәсіптік бақша шаруашылығы бұдан былай да даму жолында тұр — оның бұдан былайғы дамуына тарифтан басқа бөгет болып отырған нәрсе жоқ. Қайта, қазіргі салынып жатқан Царицын-Тихорецк темір жолы өнеркәсіптік бақша шаруашылығы үшін жаңа және едәуір көлемді аудан ашады». Бұл «кәсіпшіліктің» бұдан былайғы тағдыры қандай болса да, қайткен күнде де «қарбыз дағдарысының» тарихы — үлкен сабақ, мұның өзі егіншіліктің капиталистік эволюциясының кішкентай болғанымен өте айқын көрінісі болды.

Енді бізге *қала төңірегіндегі шаруашылық* туралы бірнеше сөз айту қалып отыр. Мұның сауда егіншілігінің жоғарыда суреттелген түрлерінен айырмасы: онда бүкіл шаруашылық белгілі бір негізгі, рыноктық өнімге икемделіп отырды. Ал мұнда ұсақ егінші аз-аздап бәрімен де сауда істейді: дачада және пәтерде тұрушыларға өзінің үйін жалға беру арқылы да, өзінің қора-қопсысы арқылы да, өзінің аты арқылы да, өзінің ауыл шаруашылығы мен үй шаруашылығының әр түрлі өнімдері арқылы да — астық, мал азығы, сүт, ет, овощ,

жидек, балық, ағаш және басқалары арқылы да сауда істейді, әйелінің сүтін де саудаға салады (астаналардың түбіндегі бала емізіп ақы алу кәсіпшілігі), қаладан келетін адамдарға * барынша алуан түрлі (кейде тіпті айтуға да қолайсыз) қызмет көрсету арқылы да ақша табады, т. т., т. с. **. Капитализмнің егіншінің патриархтық ескі типін бүтіндей өзгерткені, бұл егіншіні «ақша құзырына» толық бағындырғаны бұл арада өте айқын көрініп тұр, сондықтан халықшылдар қала маңындағы шаруаны бұл «енді шаруа емес» деп әдетте бөліп тастап отырады. Бірақ бұл шаруа типінің барлық басқа типтерден айырмашылығы құбылыстың формасында ғана болып отыр. Капитализмнің ұсақ егіншіні барлық жағынан өзгертуінің саяси-экономикалық мәні барлық жерде мейлінше біртектес болып отыр. Қалалардың саны, фабрикалы және сауда-өнеркәсіпті селолардың саны, темір жол станцияларының саны неғұрлым тез өскен сайын, біздің «қауымшының» шаруаның осы типіне айналуы да соғұрлым ұлғая түседі. Баяғыда Адам Смиттің айтқан бір сөзін, атап айтқанда — жақсартылған қатынас жолдары қай деревняны болса да қала төңірегіндегі шаруашылыққа айналдыруға тырысады деген сөзін ұмытпау керек ***. Бір кезде басым болған қиыр шеттер мен қараңғы түкпірлер қазірдің өзінде күн сапап ескіліктің сирек кездесетін қалдығына айналып келеді, ал егінші товар өндірісінің жалпы заңдарына бағынған өнеркәсіпшіге барған сайын тезірек айналып келеді.

---

* Салыстырыңыз: Успенский, «Деревня күнделігі».

** Мысал үшін Петербург уезінің шаруалар шаруашылығы жөніндегі жоғарыда цитат алынған «Материалдарды» көрсете кетейік. Саудагерліктің қилы-қилы түрлері мұнда әр түрлі «кәсіпшіліктердің»: дача, пәтер, сүт, огород, жеміс, «атпен табатын табыс», бала асырау, шаян аулау, балық сату және басқа кәсіпшіліктердің формасында болды. Тула уезінің қала төңірегіндегі шаруаларының кәсіпшіліктері де дәл осы сияқты, қараңыз: «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерінің» IX кітабында басылған Борисов мырзаның мақаласы.

*** «Good roads, canals and navigable rivers, by diminishing the expense of carriage, put the remote parts of the country more nearly upon a level with those in the neighbourhood of the town». L. c., vol. I, p. 228—229 («Жақсы жолдар, каналдар және кеме жүзетін өзендер тасымал шығынын азайта отырып, елдің қиыр шеттерін қала төңірегіндегі жерлермен бір дәрежеге қояды». Цитат алынған шығарма, I том, 228—229-беттер. *Ред.*).

Сауда егіншілігінің өсуі жөніндегі мәліметтерге жасаған шолуымызды осымен аяқтай келіп, біз өзіміздің алға қойған міндетіміз сауда егіншілігінің ең басты формаларын (бәрін бірдей емес) қарап өту болғанын бұл арада тағы да айта кету артық болмас деп санаймыз.

## IX. ОРЫС ЕГІНШІЛІГІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМНІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

II—IV тарауларда орыс егіншілігіндегі капитализм туралы мәселе екі жағынан алынып қаралды. Әуелі біз шаруалар шаруашылығы мен помещиктік шаруашылықтағы қоғамдық-экономикалық қатынастардың қазіргі құрылысын — реформадан кейінгі дәуірде қалыптасқан құрылысын қарастырдық. Шаруалардың сан жағынан аз, бірақ экономикалық жағдайы жағынан күшті село буржуазиясына және село пролетариатына орасан тез бөлініп келе жатқаны анықталды. «Шаруа болудан қалудың» бұл процесімен жер иелерінің шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасынан капиталистік системасына көшуі тығыз байланысты болып отыр. Кейін біз нақ осы процесті екінші жағынан алып қарадық; біз егіншіліктің товар өндірісіне айналу формасын негізгі пункт етіп алдық та, сауда егіншілігінің басты-басты формаларының әрқайсысын сипаттап көрсететін қоғамдық-экономикалық қатынастарды қарастырдық. Ауыл шаруашылығының алуан түрлі жағдайларының барлығында шаруалар шаруашылығы мен жеке иелік шаруашылығындағы нақ сол процестердің бастан-аяқ болып отырғандығы анықталды.

Енді жоғарыда баяндалған барлық мәліметтерден шығатын қорытындыларды қарастырайық.

1) Егіншіліктің реформадан кейінгі эволюциясының негізгі белгісі — оның барған сайын саудалық, кәсіпкерлік сипат алып келе жатқандығында болып отыр. Жеке иеліктегі шаруашылық жөнінде бұл фактінің айқын екендігі сонша, тіпті ол ерекше түсіндіруді де керек етпейді. Ал шаруа егіншілігі жөнінде бұл құбылыс оншалықты оңай анықтала коймайды, өйткені, 1-ден, жалдама еңбекті қолдану селолық ұсақ буржуазияның

сөзсіз қажетті белгісі болып табылмайды. Жоғарыда біз ескертіп өттік, шаруашылықтың жалпы құрылысы II тарауда қарастырылған капиталистік қайшылықтарға негізделген жағдайда өзінің шығындарын дербес шаруашылығы арқылы өтеп отыратын ұсақ товар өндірушінің қай-қайсысы болса да осы категорияларға жатады. 2-ден, селолық ұсақ буржуа (басқа капиталистік елдердегі сияқты Россияда да) бірқатар өтпелі сатылар арқылы ұсақ «шаруамен» және ұлтарақтай үлесті жері бар село пролетарымен бірігеді. Бұл жағдай «шаруалардың» ішінде село буржуазиясы мен село пролетариатын айырып қарамайтын теориялардың жансебіл болу себептерінің бірі болып табылады *.

2) Егіншіліктің табиғаты өзгеше болғандықтан, оның товар өндірісіне айналуы индустриядағы осы сияқты процеске ұқсамайтын ерекше жолмен жүзеге асады. Өңдеуші өнеркәсіп бір өнімді немесе өнімнің бір бөлегін өндіруге ғана арналған жеке, мүлдем дербес салаларға бөлінеді. Ал егіншілік өнеркәсібі мүлде жеке салаларға бөлінбейді, тек қана бір жағдайда — бір рыноктық өнім, екінші жағдайда — екінші рыноктық өнім өндіруге маманданады, сонымен қатар ауыл шаруашылығының басқа жақтары осы басты (яғни рыноктық) өнімге қарай бейімделіп отырады. Сондықтан сауда егіншілігінің формалары барынша алуан түрлі болады, олар әр түрлі аудандарда ғана емес, сонымен қатар әр түрлі шаруашылықтарда да өзгеріп отырады. Сондықтан сауда егіншілігінің өсуі туралы мәселені қарағанда бүкіл егіншілік өндірісі жөніндегі дәлелсіз мәліметтермен қанағаттануға мүлде болмайды **.

---

* Ретті жерінде айта кетейік, «Орыс шаруалар шаруашылығы — көп жағдайда таза натуралды шаруашылық» («Егін шығымдылығы мен астық бағасының әсері», I, 52) дейтін халықшыл-экономистердің ең сүйікті қағидасы көрсетіліп отырған жағдайды елемеу негізінде құрылған. Село буржуазиясы мен село пролетариатын бірге қосып есептейтін «орта» цифрларды алса-ақ болғаны — мұндай қағида дәлелденген сияқты болып шыға келеді!

** Мәселен, осының алдындағы ескертуде аталған кітаптың авторлары «шаруалар» туралы сөз еткенде нақ осындай мәліметтермен қанағаттанған. Олар — әрбір шаруа нақ сол өзі тұтынатын астықтарды егеді, өзі тұтынатын астықтардың *барлық* түрлерін егеді, оларды *нақ* сол өзінің тұтынатын *мөлшеріне шақтап* егеді деп ойлайды. Мұндай «жорамалдардан» (фактілерге қайшы келетін және реформадан кейінгі заманның негізгі сипатын есепке алмайтын) натуралды шаруашы-

3) Сауда егіншілігінің өсуі капитализм үшін ішкі рынок құрады. Біріншіден, егіншіліктің мамандануы әр түрлі егіншілік аудандары арасында, әр түрлі егіншілік шаруашылықтары арасында, әр түрлі егіншілік өнімдері арасында айырбас туғызады. Екіншіден, егіншілік товар айналысына неғұрлым көп тартылған сайын, жеке адамның тұтынуына керекті өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін село халқының керексінуі де соғұрлым тез оседі;— үшіншіден, өндіріс құрал-жабдықтарын керексіну де соғұрлым тез өседі, өйткені ескіден келе жатқан «шаруа» құралдары арқылы, құрылыстар, т. т. және т. с. арқылы село кәсіпкерлерінің ұсағы да, ірісі де жаңа сауда егіншілігін жүргізе алмайды. Ақырында, төртіншіден, жұмыс күшіне деген мұқтаждық туады, өйткені селолық ұсақ буржуазияның қалыптасуы және жер иелерінің капиталистік шаруашылыққа көшуі ауыл шаруашылығы батырақтары мен күндікшілер тобының құралуын қажет етеді. Реформадан кейінгі дәуір капитализмнің ішкі рыногының ұлғаюымен (капиталистік егіншіліктің дамуы, жалпы алғанда фабрикалық өнеркәсіптің дамуы, жеке алғанда ауыл шаруашылығы машиналарын жасау ісінің дамуы, шаруалардың «егіншілік кәсіпшіліктері» дейтіндердің, яғни жалданып жұмыс істеушіліктің, т. т. дамуы) сипатталатынын тек сауда егіншілігінің өсу фактісімен ғана түсіндіруге болады.

4) Капитализм өндіріс әдісінің өмір сүруінде ешбір болмай қалмайтын қайшылықтарды егінші халықтың арасында орасан зор көлемде ұлғайтып, шиеленістіреді. Бірақ, бұған қарамастан, өзінің тарихи маңызы жағынан Россиядағы егіншілік капитализмі үлкен прогрессшіл күш болып табылады. Біріншіден, капитализм жер иесін, бір жағынан, «патша-ағзам-вотчинниктен», екін-

---

лық басым деген «қорытынды» жасау үшін айрықша еңбек сіңірудің де керегі жоқ.

Халықшылдық әдебиетте пікір айтудың мына сияқты тілмарлық тәсілін де кездестіруге болады: сауда егіншілігінің әрбір *жеке* түрі тұтас алынған бүкіл ауыл шаруашылығымен салыстырғанда «ерекше нәрсе» болып табылады. *Сондықтан* жалпы алғанда сауда егіншілігі де түгелдей ерекше нәрсе деп саналуға тиіс, ал натуралды шаруашылық жалпы ереже деп танылуға тиіс! Гимназияларға арналған логика оқулықтарынан, олардың софизм туралы бөлімінен мұндай пікірге ұқсас көп нәрсе табуға болады.

ші жағынан, патриархтық, тәуелді шаруадан қазіргі қоғамдағы қандай да болсын басқа қожайын сияқты *өнеркәсіпшіге* айналдырды. Капитализмге дейін егіншілік Россияда біреулер үшін мырзаның ісі, бай-батшаның ермегі болып келді, екінші біреулер үшін — міндет, ауыртпалық болып келді, сондықтан да ол ғасырлар бойы келе жатқан мешеуліктен басқа әдіспен жүргізіле алмады, егіншінің өзі тұрған деревнядан тысқарғы дүниеде болып жатқандардың барлығынан да бүтіндей қол үзуін қажетті шартқа айналдырды. Жұмыспен өтеу системасы — ескіліктің қазіргі шаруашылықтағы осы бір нақты қалдығы — мұндай сипаттаманы айқын дәлелдейді. Капитализм жерді товарға айналдырып, жер иеленудің сословиелік түрде болуынан бірінші рет қол үзді. Егіншінің өнімі сатылуға түсті, әуелі жергілікті рынокта, одан кейін ұлттық рынокта, ақырында халықаралық рынокта қоғамдық есепке алына бастады, сөйтіп жабайы егіншінің бүкіл басқа дүниеден бұрынғы қол үзуі біржолата жойылды. Егіншінің, өзі тілесін-тілемесін, күйзелушілікке ұшырау қаупінен қорқып, әрі өз еліндегі, әрі өзге елдердегі дүние жүзілік рынокпен байланысы бар барлық қоғамдық қатынастар жиынтығымен санасуына тура келді. Тіпті жұмыспен өтеу системасы — бұрын Обломовтың ешқандай тәуекелге бел байламай-ақ, ешбір капитал жұмсамай-ақ, өндірістің атам заманғы мешеулігіне ешбір өзгеріс кіргізбей-ақ сөзсіз пайда түсіруін қамтамасыз етіп келген система — егіншіні американ фермерінің бәсекелесуінен сақтап қалуға ендігі жерде шамасы келмейтін болды. Міне, сондықтан бұдан жарты ғасыр бұрын Батыс Европа туралы айтылған жағдайды, атап айтқанда, егіншілік капитализмі «тыныш өмірді тарихи қозғалысқа тартқан қозғаушы күш болды» * деген жағдайды реформадан кейінгі Россияға да толық қолдануға болады.

* «Misère de la philosophie (Paris, 1896), p. 223 («Философия қайыршылығы» (Париж, 1896), 223-бет. *Ред.*); автор патриархтық жақсы тұрмыстың, қарапайым әдет-ғұрыптардың, т. т. қайта орнауын арман етушілердің, «жерді қандай да болсын басқа өнеркәсіпті де басқаратын заңдарға бағындыруды» теріс деп танитындардың әрекеттерін жек көріп, реакцияшыл зарлау деп атайды [99].

Тексте келтірілген дәлелдердің барлығы халықшылдарға сенімсіз болып көрінгені былай тұрсын, тіпті мүлде түсініксіз болып көрінуі

Екіншіден, егіншілік капитализмі біздің ауыл шаруашылығымыздың ғасырлар бойы болып келген тоқырауын тұңғыш рет қиратты, оның техникасының қайта құрылуына, қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің дамуына орасан зор демеу болды. Капиталистік «қиратудың» бірнеше он жылдығы бұл ретте өткен тарихтың бірнеше ғасырынан да гөрі көп іс тындырды. Мешеу натуралды шаруашылықтың біркелкілігі сауда егіншілігі формаларының алуан түрлілігімен алмастырылды; атам заманғы егіншілік құралдары жақсартылған құралдарға және машиналарға орын бере бастады; егін шаруашылығының ескі жүйелерінің мешеулігін егістің жаңа әдістері бұзды. Осы өзгерістердің барлық процесі егіншіліктің мамандануы жөніндегі жоғарыда көрсетілген құбылыспен тығыз байланысты болды. Егіншіліктегі капитализм (дәл өнеркәсіптегі капитализм сияқты) өзінің табиғаты бойынша біркелкі дами алмайды: ол бір жерде (бір елде, бір ауданда, бір шаруашылықта) ауыл шаруашылығының бір жағын ілгері, екінші жерде — оның екінші бір жағын ілгері бастырады, т. т. Ол бір жағдайда бір ауыл шаруашылығы жұмыстарының техникасын, екінші жағдайда — екінші бір ауыл шаруашылығы жұмыстарының техникасын қайта құрып, осы жұмыстарды патриархтық шаруалар шаруашылығынан немесе патриархтық жұмыспен өтеуден ажыратып отырады. Осы процестердің барлығы да рыноктың тіпті өндірушіге де барлық уақытта бірдей мәлім бола бермейтін құбылмалы талаптарының басшылығымен жүріп отыратын болғандықтан, капиталистік егіншілік әрбір жеке жағдайда (көбінесе жеке ауданда, кейде тіпті әрбір жеке елде), бұрынғысына қарағанда неғұрлым сыңаржақ, неғұрлым бір беткей болады, бірақ оның есесіне жалпы және тұтас алғанда капиталистік

---

мүмкін екенін біз әбден түсінеміз. Бірақ, мәселен, жерді пайдалану — «жөні жоқ» нәрсе (Чупров мырзаның астық бағасы туралы жарыссөзде айтқаны; стенографиялық есептің 39-беті), шаруалардың үлесті жерлерінің басқаға берілмейтін болуы — қорғауға болатын тәртіп, шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасы оның капиталистік системасынан артық немесе ең болмады дегенде тіпті одан кем емес деген сияқты пікірлерді егжей-тегжейлі талдап жату ешбір абырой бермейтін міндет болар еді. Жоғарыда айтылғандардың барлығында да халықшылдардың осындай пікірлерді дұрысқа шығару үшін келтірген саяси-экономикалық дәлелдерінің қате екені көрсетілген.

егіншілік патриархтық егіншілікке қарағанда мейлінше көп қырлы әрі тиімді болады. Сауда егіншілігінің ерекше түрлерінің құрылуы егіншілікте капиталистік дағдарыстардың болуына және капиталистік артық өндірушіліктің болуына мүмкіндік туғызады және оларды болдырмай қоймайды, бірақ бұл дағдарыстар (жалпы барлық капиталистік дағдарыстар сияқты) дүние жүзілік өндірістің және еңбектің қоғамдасуы дамуына бұрынғыдан да күшті демеу береді *.

Үшіншіден, капитализм Россияда машиналарды қолдануға және жұмысшыларды кең түрде кооперациялауға негізделген ірі егіншілік өндірісін тұңғыш рет құрып отыр. Капитализмге дейін егіншілік өнімдерін өндіру әрқашан ешбір өзгермейтін, болмашы-ұсақ формада жүргізілді,— шаруа жұмысты өзі үшін істеген кезде де, помещик үшін істеген кезде де осылай жүргізілді,— өндірістің бұл сияқты орасан бытыраңқы болуын ешқандай «қауымдық» жер иелену жоя алмады. Өндірістің бұл сияқты бытыраңқылығы мен егіншілердің өздерінің бытыраңқылығы тығыз байланысты болды **. Өзде-

* Батыс европалық романтиктер мен орыс халықшылдары бұл процесте капиталистік егіншіліктің бір беткейлігін, капитализм туғызатын тұрақсыздық пен дағдарыстарды шамасы келгенше баса көрсетеді,— сөйтіп осы негізде капиталистік алға басудың капитализмге дейінгі тоқырауға қарағанда прогресс екенін теріске шығарады.

** Сондықтан, жер иелену формаларының айырмашылығына қарамастан, Маркстің ұсақ француз шаруасы туралы айтқанын орыс шаруасына қолдануға әбден болады: «Ұсақ [парцеллалық] шаруалар — орасан көп халық, бұл халықтың мүшелері бірдей жағдайларда тұрады, бірақ олар бірімен бірі әр түрлі қатынастар жасамайды. Олардың өндіріс әдісі олардың арасында өзара байланыс туғызудың орнына, оларды бірінен-бірін бөлектеп отырады. Бұл бөлектеу француздарда қатынас жолдарының нашарлығы салдарынан және шаруалардың кедейлігі салдарынан одан сайын күшейе түседі. Олардың өндіріс алаңы (Produktionsfeld), парцелласы, мәдениеті осындай болып тұрғанда, ешқандай еңбек бөлінісіне, ешқандай ғылым қолдануға жол бермейді, демек, дамудың әр түрлі болуының қандайына болса да, таланттардың айрықша болуының қандайына болса да, қоғамдық қатынастардың көп болуының қандайына болса да жол бермейді. Әрбір шаруаның жеке семьясы үнемі дерлік өзімен өзі болады, өзінің тұтынатын нәрселерінің көпшілігін өзі өндіреді, сөйтіп өзінің тіршілігіне керек заттарын қоғаммен қатынас жасау арқылы табудан гөрі, табиғатпен айырбас жасау арқылы көбірек табады. Мұнда ұлтарақтай жер, шаруа және семья болады; оның қатарында екінші бір ұлтарақтай жер, екінші бір шаруа және екінші бір семья болады. Осы единицалардың тобынан деревня құрылады, ал бір топ деревнядан — департамент құрылады. Сонымен, француз ұлтының басым көпшілігі аттас шамалардың қосыла салуы арқылы құрылады, оның құрылуы бір қап ұсақ картоптың бір қап картоп болып шығатыны сияқты» [«Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte», Hmb. 1885, S. 98—99. («Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», Гамбург, 1885, 98—99-беттер. *Ред.*)] [100].

рінің үлесті жеріне, өздерінің кіп-кішкентай «қауымына» бекітілген егіншілер өздері қосылатын разрядтар (бұрынғы иелік, бұрынғы мемлекеттік, тағы да сол сияқты) айырмашылығы арқылы, иеленіп отырған жерінің көлеміндегі айырмашылықтар арқылы — олар кіріптарлықтан азат болған жағдайлардағы (ал мұндай жағдайлар кейде помещиктердің жеке басының қасиеттеріне қарай және олардың зауқына қарай белгіленді) айырмашылықтар арқылы, тіпті көршілес қауымдағы шаруалардан да мүлде бөлектеніп отырды. Капитализм бұл нағыз орта ғасырлық кедергілерді тұңғыш рет қиратты,— қиратқаны өте жақсы болды. Қазірдің өзінде шаруалардың разрядтары арасындағы, олардың үлесті жер иелену жөніндегі категориялары арасындағы айырмашылықтардың маңызы әрбір разрядтың, әрбір категорияның, әрбір қауымның ішіндегі экономикалық айырмашылықтардың маңызына қарағанда әлдеқайда төмен болып отыр. Капитализм жергілікті тұйықтық пен тар өрістілікті қиратады, егіншілердің жіктелуінің орта ғасырлық ұсақ түрін — бүтін бір ұлтты қамтитын, ірі түрімен алмастырып, оларды жалпы капиталистік шаруашылық системасынан әр түрлі орын алатын топтарға бөледі *. Егер бұрын өндіріс жағдайларының өзі егіншілердің көпшілігін өздерінің отырған жеріне бекітуді шарт етіп қойған болса, енді саудалық және капиталистік егіншіліктің әр түрлі формалары мен әр түрлі аудандарының құрылуы халықтың орасан көп бұқарасының бүкіл елде көшіп жүруін туғызбай қоймайды; ал халық орын ауыстырып отырмайынша (жоғарыда көрсеткен болатынбыз) оның саналылығы мен іскерлігінің өркендеуі де мүмкін емес.

Төртіншіден, ақырында, егіншілік капитализмі Россияда жұмыспен өтеуді және егіншінің жеке басының

* «Капиталистік қоғамда одақтасуға, бірлесуге деген қажеттілік бәсеңсіген емес, қайта, өлшеусіз өсіп отырды. Бірақ жаңа қоғамның бұл қажетін қанағаттандыру үшін ескі өлшемді алу мүлде қисынсыздық болады. Қазірде бұл жаңа қоғамның талап ететіні, біріншіден, одақтың жергілікті, сословиелік, разрядты одақ болмауы керек; екіншіден, капитализм және шаруалардың жіктелуі туғызған жұрттың тұрмыс-халі мен мүдделеріндегі айырмашылық сол одақтың бастама негізі болуы керек» [В. Ильин, l. c., 91—92, ескерту (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 256-бет, *Ред.*)].

тәуелді болуын тұңғыш рет түп тамырымен талқандады. Шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасы біздің егіншілікте «Русская Правда» дәуірінен бастап жеке иеліктегі егістіктерді шаруа құрал-саймандарымен қазіргідей өңдеуге дейін жеке-дара үстем болып келді; өз еңбегінің крепостниктік сипатта болмаған күннің өзінде «жартылай бос болуы» салдарынан жаншылған егіншінің жігері жасып, еңсесі түсуі жұмыспен өтеу системасының қажетті серігі болды; егіншінің азаматтық правосында белгілі бір теңсіздік (мәселен: төменгі сословиеге жату; дүре соғу; қоғамдық жұмыстарға жіберу; үлесті жерге матау, т. т.) болмайтын болса, жұмыспен өтеу системасының өмір сүруі де мүмкін болмас еді. Сондықтан жұмыспен өтеуді ерікті жалдама еңбекпен ауыстыру Россиядағы егіншілік капитализмінің тарихи ірі еңбегі болып табылады *. Орыс егіншілік капитализмінің прогрестік тарихи ролі жайында жоғарыда айтылғандарды қорыта келіп, капитализм ауыл шаруашылығы өндірісін қоғамдастырады деуге болады. Шынында да, егіншіліктің жоғарғы сословиенің артықшылығы болудан немесе төменгі сословиенің мойнындағы ауыр азап болудан кәдімгі сауда-өнеркәсіптік жұмысқа айналуы да, егінші еңбегі өнімінің рыноктағы қоғамдық есепке алына бастауы да, мешеу, бір беткей егіншіліктің сауда егіншілігінің техника жағынан қайта құрылған, әр түрлі формаларына айналып келе жатқандығы да, ұсақ егіншінің жергілікті тұйықтығының және бытыраңқылығының бұзылып отырғандығы да, кіріптарлықтың және адамның жеке басының тәуелділігінің әр түрлі формаларының жұмыс күшін сатып алу және сату жөніндегі — келісімдер арқылы ығыстырылып отыр-

* Н.— он мырзаның бізде болып жатқан капиталистік қирату жөніндегі сансыз көп күйініп, қайғыруларының тек біреуі ғана айрықша көңіл бөлуге тұрады: «...Уделдердегі тәртіпсіздіктер де, татаршылдық та біздің шаруашылық тұрмысымыздың түрлерінде жоқ еді» («Очерктердің» 284-беті)... «өзінің өткен тарихи өміріне менсінбей караушылықты» (283) тек капитализм ғана шығарды. Мүлтіксіз ақиқат! Орыс егіншілігіндегі капитализмнің прогресті болу себебінің өзі оның «уделдердегі берекесіздіктер» мен «татаршылдыққа» дейін шынында саяси дауылдардың ешқайсысы қирата алмаған жұмыспен өтеудің және кіріптарлықтың «атам заманғы», «ғасырлар бойы қасиетті болып келген» формаларына «менсінбей қараушылықты» шығарғанында болып отыр.

ғандығы да,— осылардың барлығы да егіншілік еңбегін қоғамдастырып, рыноктың айнымалы болу анархиясының, жеке ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының даралық сипатының және капиталистік ірі егіншіліктің коллективтік сипатының арасындағы қайшылықтарды барған сайын шиеленістіре түсетін бір процестің буындары.

Сонымен (тағы да қайталап айтамыз), орыс егіншілігіндегі капитализмнің прогрестік тарихи ролі бар екенін баса көрсете отырып, біз бұл экономикалық тәртіптің тарихи өткінші сипатын да, оның өзіне тән қоғамдық терең қайшылықтарын да ешбір ұмытпаймыз. Қайта, капиталистік «қиратуға» қарсы тек жылауды ғана білетін нақ сол халықшылдардың шаруалардың ыдырауын көлегейлеп, біздің егіншілікте машиналарды қолданудың капиталистік сипаты бар екенін елең қылмай, ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылар табының құрылғанын «егіншілік кәсіпшіліктері» немесе «табыстар» сияқты сөздермен бүркемелеп, бұл қайшылықтарды өте ұшқары бағалайтынын біз жоғарыда көрсеткен болатынбыз.

### X. ЕГІНШІЛІКТЕГІ КАПИТАЛИЗМ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ТЕОРИЯЛАР. «ҚЫСҚЫ УАҚЫТТЫҢ БОС ҚАЛУЫ»

Капитализмнің маңызы туралы жоғарыда баяндалған дұрыс қорытындыларды осы мәселе жөнінде әдебиетімізде таралып жүрген кейбір ерекше «теорияларды» талдау арқылы толықтыру қажет. Біздің халықшылдар Маркстің егіншілік капитализмі жөніндегі негізгі көзқарастарын көп жағдайда мүлдем ұғына алмады. Олардың неғұрлым ашық айтатындары Маркстің теориясы егіншілікті қамтымайды деп тура айтты (В. В. мырза «Біздің бағыттарымыз» деген кітапта осылай деді), ал басқалары (Н.— он мырза сияқтылары) өз «пікірлерінің» Маркстің теориясына қатынасы туралы мәселеге дипломаттық жасап тоқтамай өтуді мақұл көрді. Халықшыл экономистердің арасында мұндай ең көп таралып жүрген пікірлердің бірі — «қысқы уақыттың

бос қалуы» жөніндегі теория. Бұл теорияның мәнісі мынау *.

Капиталистік құрылыс кезінде егіншілік өнеркәсіптің басқа салалармен байланысы жоқ, ерекше бір саласы болады. Оның бер жағында, егіншілік бүкіл жыл мезгілін емес, жылдың тек 5—6 айын ғана қамтиды. Сондықтан егіншілікті капиталистік жолға салу «қысқы уақытты бос қалдыруға», «егінші таптың жұмыс уақытын жұмыс жылының бір бөлегімен шектеуге» әкеп соғады, ал мұның өзі «егінші таптардың шаруашылық жағдайының нашарлауының негізгі себебі» (Н.— он, 229), «ішкі рыноктың қысқаруының» және қоғамның «өндіргіш күштерін босқа шашудың» (В. В. мырза) себебі болып табылады.

Ең көп тараған тарихи-философиялық қорытындыларды егіншіліктегі жұмыстар бүкіл жыл бойына мүлдем бірдей бөлінбейді деген бір ғана ұлы ақиқатқа негіздейтін атышулы теорияның барлық мәнісі, міне, осы! Процестің *жалғыз* осы белгісін алып, оны абстрактілі жорамал арқылы сорақылыққа дейін жеткізу,— патриархтық егіншілікті капиталистік егіншілікке айналдыратын күрделі процестің қалған өзгешеліктерінің барлығын алмай тастау,—капитализмге дейінгі «халықтық өндіріс» жөніндегі романтикалық ілімдерді қалпына келтіруге бағытталған бұл ең жаңа әрекеттің орашолақ тәсілдері, міне, осындай.

Бұл абстрактілі пікірдің мейлінше өрісі тар екенін көрсету үшін шын процестің не біздің халықшылдар мүлде елеусіз қалдырып отырған, не олар жете бағаламай отырған жақтарын қысқаша көрсете кетейік. 1-ден, егіншіліктің маманданауы неғұрлым ілгерілеген сайын егінші халық соғұрлым тез азайып, бүкіл халықтың неғұрлым аз бөлегі болады. Халықшылдар бұл жағдайды ұмыта береді, ал сөйте тұрып, олар өздерінің абстракциясында егіншіліктің маманданауын іс жүзінде егіншілік ешбір жерде дерлік жете алмайтын дәрежеге дейін апарады. Олар егіс және егін жинау жұмыстары

* *В. В.* «Теориялық экономия очерктері», 108 және келесі беттері. *Н.— он.* «Очерктер», 214 және келесі беттері. Каблуков мырзаның айтатыны да сол идея: «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар», М. 1897, 55 және келесі беттері.

гана өнеркәсіптің ерекше саласы болып отыр; жерді баптау және оны тыңайту жұмысы, өнімді ұқсату және тасу жұмысы, мал шаруашылығы, орман шаруашылығы, құрылыстар мен құрал-саймандарды жөндеу, т. т. және т. с.— осылардың барлығы да өнеркәсіптің *ерекше* капиталистік саласына айналды деп ойлайды. Мұндай абстракцияларды қазіргі өмір шындығына қолдану оны анықтауға жөнді мүмкіндік бермейді. 2-ден, егіншілікте мұндай толық мамандану болады деп ойлау егіншілік таза капиталистік жолмен ұйымдасты, капиталист-фермерлер мен жалдама жұмысшылар толық ажырасып отыр деп ойлағандық болады. Мұндай жағдайда «шаруа» туралы сөз ету (Н.— он мырзаның сөз еткеніндей, 215-бет) — ешқандай логикаға жанаспайды. Егіншіліктің таза капиталистік жолмен ұйымдасуы өз кезегінде жұмыстың бүкіл жыл бойына неғұрлым біркелкі бөлінуін (мұның өзі тұқым ауыстырудың, тиімді мал шаруашылығының, т. т. нәтижесінен туады), өнімді техникалық жолмен өңдеудің көп жағдайда егіншілікпен бірігуін, жерді алдын ала дайындау жұмысына еңбектің көп жұмсалуын, т. т. керек етеді *. 3-ден. Капитализм

* Сөзіміз жалаң болмауы үшін ұйымдастырылуы таза капиталистік типке ең жақын тұрған біздің жеке иеліктегі шаруашылықтардан мысал келтірейік. Орел губерниясын алайық («Кромск уезі жөніндегі земстволық-статистикалық жинақ», IV том, 2-кітап. Орел, 1892). Хлюстин дейтін дворянның имениесінде 1129 десятина жер бар, оның 562 десятинасы — егістік жер, 8 үй-қора бар, жақсартылған түрлі құралдар бар. Шөпті қолдан егеді. Жылқы заводы бар. Мал өсіреді. Жыра қазып, дренаж жасау арқылы батпақты жерлерді құрғатады («құрғату жұмысы көбінесе бос уақыттарда істеледі», 146-бет). Жазда жұмысшылардың саны күніне 50—80 адам, қыста — 30 адамға дейін болады. 1888 жылы 81 жұмысшы болды, олардың 25-і — жазғы жұмысшылар. 1889 жылы 19 балташы істеді.— Граф Рибопьердің имениесінде 3000 десятина жер болды.— 1293 десятинасы егістік жер болды, 898 десятинасы — шаруаларға арендаға берілді. Он екі танапты ауыспалы егісі болды. Жер тыңайту үшін шым тезекті пайдаланып, фосфорит өндірді. 1889 жылдан бастап 30 десятина тәжірибе егісін қолданды. Қыстыгүні және жазғытұрым көң тасиды. Шөп егеді. Орман-тоғайды дұрыс пайдаланады (октябрь айынан март айына дейін ағаш кесетін 200—300 жұмысшы ұстайды). Ірі қара мал өсіреді. Сүт шаруашылығын жүргізеді. 1888 жылы қызметшілер 90 адам болды, олардың 34-і — жазғы жұмысшылар.— Москва губерниясындағы Меньшиковтың имениесінде («Жинақ», V том, 2-кітап) 23 000 десятина жер бар. Жұмыс күшін кесінді жер үшін және ерікті түрде жалдау арқылы пайдаланады. Орман-тоғай шаруашылығын жүргізеді. «Аттар мен тұрақты жұмысшылары жаздыгүні егіс басында болады, күздің соңы мен қыстың басында олар кептіретін орын мен крахмал заводына картоп пен крахмал тасиды, тоғайдан отын тасып, оны станцияға жеткізеді; осының нәтижесінде еңбек бүкіл жыл бойына едәуір біркелкі бөлінді» (145-бет), мұның осылай екендігі, айта кетелік, ай сайын жұмыс істелген күндердің саны туралы жасалған ведомостіден

егіншілік *кәсіпорындарының* өнеркәсіп кәсіпорындарынан толық бөлінуін керек етеді. Сонда бұл бөліну егіншіліктегі жалдама жұмыс пен өнеркәсіптегі *жалдама жұмысты* біріктірмейді деген қорытындыны қайдан алуға болады? Дамыған капиталистік қоғам атаулыда біз мұндай бірігудің бар екенін көріп отырмыз. Капитализм бір кәсіптен екінші кәсіпке көшіп жүретін, кейде қандай да болсын ірі кәсіпорынға тартылатын, кейде жұмыссыздар қатарына шығып қалатын қарапайым жұмысшылардан, қара жұмыс істеушілерден, шебер жұмысшыларды бөлектеп отырады *. Капитализм мен ірі индустрия неғұрлым күшті дамыған сайын, жұмысшыларды керексінудегі жалпы ауытқушылық егіншілікте ғана емес, өнеркәсіпте де соғұрлым күшейе түседі **. Сондықтан біз капитализм барынша дамып келеді деп ойлап, жұмысшылардың егіншілік кәсіптерден егіншілік емес кәсіптерге көшуі де барынша жеңіл болады деп ойлауға тиіспіз, кәсіпкерлердің барлығы жұмыс күшін алып отыратын жалпы резерв армия құрылып жатыр деп ойлауға тиіспіз. 4-ден. Егер біз қазіргі село кәсіпкерлерін алатын болсақ, олардың шаруашылықты жұмыс күшімен қамтамасыз ету жөнінде кейде қиыншылыққа ұшырайтынын, әрине, бекер деуге болмайды.

---

көрініп отыр: аттың жұмыс күні орта есеппен алғанда айына 293 болады, мұның ауытқуы мынадай: кем дегенде 223 күн (апрель), көп дегенде 362 күн (июнь) болады. Еркектің жұмыс күні орта есеппен алғанда — 216, мұның ауытқуы: кем дегенде 126 күн (февраль), көп дегенде 279 күн (ноябрь) болады. Әйелдің жұмыс күні орта есеппен алғанда — 23, мұның ауытқуы: кем дегенде 13 күн (январь), көп дегенде 27 күн (март) болады. Осы өмір шындығы халықшылдардың әуреленіп жүрген абстракциясына ұқсай ма?

* Капиталистік ірі өнеркәсіп кезбе жұмысшылар табын құрады. Бұл тап село халқынан құралады, бірақ ол көбінесе өнеркәсіптік жұмыстармен айналысады. «Бұл халық — капиталдың өзінің қажеттеріне қарай бір жерден екінші жерге көшіріп отыратын жеңіл инфантериясы... Қаңғыма жұмысшылар әр түрлі құрылыс жұмыстарына, жер құрғату жұмысына, кірпіш соғуға, әк күйдіруге, темір жол жұмыстарына және т. б. пайдаланылады» («Das Kapital», I², S. 692)[101]. «Жалпы алғанда темір жол сияқты ірі кәсіпорындар еңбек рыногынан белгілі мөлшерде жұмыс күшін тартады, ал ондайлар, кейбір салалардан, мысалы... ауыл шаруашылығынан түсуі мүмкін» (ibid., II. B., S. 303)[102].

** Мәселен, Московның санитарлық статистикасы бұл губернияда 114 381 фабрика-завод жұмысшысы бар деп есептеді; бұл — жұмысшылардың нақты саны; ең көп дегенде=146 338, ең аз дегенде— 94 214 жұмысшы болады («жалпы мәлімет», т. т., IV том, 1-бөлім, 98-бет). Процентке шаққанда: 128%—100%—82%. Капитализм жұмысшы санының жалпы ауытқуын көбейте отырып, бұл жөнінде де өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы айырманы білдірмей жібереді.

Сонымен бірге олардың жұмысшыларды өз шаруашылығына байлап-матайтын құралының да бар екенін, атап айтқанда — оларды ұлтарақтай жер беру және басқалары арқылы байлап-матайтынын ұмытуға болмайды. Ауыл шаруашылығы батырағы немесе үлесті жері бар күндікші — барлық капиталистік елдерге тән тип. Халықшылдардың басты қателерінің бірі — олар Россияда дәл осындай типтің құрылып отырғанын елемейді. 5-ден. Егіншінің қысқы уақытының бос болуы жөніндегі мәселені капиталистік қоғамда халықтың артық өсуі жөніндегі жалпы мәселеден тыс қарау мүлде қате. Жұмыссыздардың резерв армиясының құрылуы — жалпы капитализмге тән нәрсе, ал егіншіліктің ерекшеліктері бұл құбылыстың тек ерекше формаларын ғана туғызады. Сондықтан, мәселен, «Капиталдың» авторы егіншіліктегі жұмыстардың бөлінуі жөніндегі мәселені «халықтың относительді артық өсуі» жөніндегі мәселемен байланыстыра отырып қарайды *, сонымен қатар арнаулы тарауда «жұмыс кезеңі» мен «өндіріс уақытының» айырмасы туралы мәселе қозғайды («Das Kapital», II. B., 13-тарау). Жұмыс кезеңі дегеніміз — өнімнің өндірісте болатын уақыты, бұған өнімнің еңбек қимылына түспеген кезеңі де қосылады. Өнеркәсіптің өте көп саласында жұмыс кезеңі өндіріс уақытымен дәл келмейді, бұл салалардың ішінде егіншілік өте-мөте қалыпты сала болып табылады, бірақ ол тіпті де бірден-бір сала емес **. Егіншіліктегі жұмыс кезеңі мен өндіріс

* Мәселен, ағылшын егіншілік қатынастары жөнінде Маркс былай дейді: «Ауыл шаруашылық жұмысшылары әрқашан егіншіліктің орташа қажеттері үшін өте көп болып, оның ерекше немесе уақытша қажеттері үшін өте аз болып отырады» ($I^2$, 725), демек, «халықтың» үдайы болатын «относительді артық өсуіне» қарамастан, деревняда халық кем болып шығып отыр. Маркс басқа бір жерінде былай дейді: капиталистік өндірістің егіншілікті меңгеруіне қарай, басы артық село халқы құрала бастайды. «Село халқының бір бөлегі әрдайым ауыспалы халде болады, ол қала немесе мануфактура халқына айналуға дайын тұрады» (ib., 668) [103]; халықтың бұл бөлегі жұмыссыздықтың салдарынан ылғи жапа шегеді, бұларға жұмыс үнемі табыла да бермейді және жалақы да мейлінше аз төленеді (мәселен, магазиндердің жұмысын үйде істеп беру және басқалар).

** Бұл арада Маркстің егіншілікте де еңбекті керексінуді «жыл бойына неғұрлым біркелкі бөлудің» тәсілдері бар, атап айтқанда, — неғұрлым әр түрлі өнімдер өндіру, үш танапты егісті тұқым ауыстыру жүйесімен алмастыру, тамыржеміс егу, шөп егу, т. т. деген ескертпесін көрсете кетуге әбден болады. Бірақ бұл тәсілдердің барлығы да «өндіріске ұсталатын айналмалы капиталды арттыруды керек етеді, ал бұл капитал жалақыға, тыңайтқышқа, тұқымға, т. б. жұмсалады» (ibid., S. 225—226) [104].

уақытының арасындағы айырма басқадай европалық елдерге қарағанда Россияда ерекше зор болып отыр. «Капиталистік өндіріс мануфактураны егіншіліктен бөліп шығару ісін аяқтағанда, село жұмысшысы тура кездейсоқ жанама жұмыстарға тәуелді болған үстіне бола түседі, сөйтіп осыдан келіп оның жағдайы нашарлайды... Капитал үшін айналымдағы айырмашылықтардың бәрі жойылып бітеді, ал жұмысшы үшін олай болмайды» (ib., 223—224) [105]. Сонымен, егіншіліктің қаралып отырған қатынастағы ерекшеліктерінен шығатын бірден-бір қорытынды мынау: егіншіліктегі жұмысшының жағдайы өнеркәсіптегі жұмысшының жағдайынан да гөрі нашар болуға тиіс. Олай болса, мұның өзі Н.— он мырзаның «теориясынан» әлі де өте алыс жатыр, оның теориясы бойынша қысқы уақыттың бос болуы — «егінші таптардың» жағдайының нашарлауының «негізгі себебі» (?!). Егер біздің егіншіліктегі жұмыс кезеңі 12 айға тең болса,— капитализмнің даму процесі де дәл қазіргідей болар еді; сонда айырмашылық — егіншіліктегі жұмысшы жағдайының өнеркәсіптегі жұмысшы жағдайына біраз жақындай түсуінде болар еді *.

Сонымен, В. В. мырза мен Н.— он мырзаның «теориясы» тіпті жалпы егіншілік капитализмінің дамуы жөніндегі жалпы мәселе туралы мүлде еш нәрсе бермейді. Ал Россияның ерекшеліктерін бұл теорияның түсіндірмейтіндігі былай тұрсын, қайта, керісінше, оларды бүркемелейді. Біздің шаруалардың қыстыгүні жұмыссыз қалуы капитализмнің салдарынан емес, қайта капитализмнің жеткілікті дамымауы салдарынан болып отыр. Великорус губернияларының ішінде капитализм неғұрлым аз дамыған, жұмыспен өтеу басым болған губернияларда қысқы жұмыссыздық өте күшті болғанын біз жоғарыда (осы тараудың IV параграфы) жалақы жөніндегі мәліметтер бойынша көрсетіп өткенбіз. Мұның өзі әбден түсінікті де. Жұмыспен өтеу еңбек өнімділігінің дамуын бөгейді, өнеркәсіп пен егіншіліктің даму-

* «Біраз» деп отырған себебіміз: егіншіліктегі жұмысшының жағдайы тек жұмыстың үнемі табылып тұрмайтындығынан ғана нашар болмайды.

ып бөгейді, демек, жұмыс күшін кереқсінудің дамуын да бөгейді,— сонымен бірге жұмыспен өтеу шаруаны үлесті жерге матай отырып, оны қыстыгүні не жұмыспен қамтамасыз етпейді, не өзінің болмашы егіншілігімен күн көруіне мүмкіндік бермейді.

### XI. ЖАЛҒАСЫ.— ҚАУЫМ.— ҰСАҚ ЕГІНШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ МАРКСТІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ.— ҚАЗІРГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЭНГЕЛЬСТІҢ ПІКІРІ

Халықшылдардың нақ алдыңғы теориясы сияқты тағы да абстракт түрде құрылып, кеңінен тарап кеткен екінші бір теориясын Н.— он мырза «Егіншілік өндірісін капиталдың басып алуына қауымдық негіз бөгет жасайды» (72-бет) деген сөзбен баяндайды. II тарауда біз бұл таралып жүрген пікірдің теріс екенін көрсететін толып жатқан фактілер келтірген болатынбыз. Енді осыған мыналарды қосайық. Жалпы алғанда егіншілік капитализмінің пайда болуы үшін жер иеленушіліктің белгілі бір ерекше формасы қажет деп ойлау қате. «Жаңа туып келе жатқан капиталистік өндіріс әдісі тап болған жер меншігінің формасы бұл өндіріс әдісіне сай келмейді. Оған сай келетін форманы егіншілікті капиталға бағындыру арқылы тұңғыш рет оның өзі жасайды; сөйтіп феодалдық жер меншігі де, кландық меншік [106] те және жерді қауым болып пайдаланатын * (Markgemeinschaft) ұсақ шаруа меншігі де бұлардың заң жүзіндегі формалары қаншама түрліше болғанымен де осы өндіріс әдісіне сәйкес келетін экономикалық формаға айналады» («Das Kapital», III, 2, 156). Сонымен, істің шын мәніне келгенде, жер иелену ерекшеліктерінің қандайы да ауыл шаруашылық, юридикалық және тұрмыс жағдайларының әр қилылығына қарай әр түрлі формаларда болып отыратын капитализм үшін аттатпас бөгет бола алмайды. Осыдан келіп, «Қауым ба, *әлде* капитализм бе?» деген тақырыпқа бүтін бір әдебиет жасаған біздің халықшылдардың мәселе *қоюының* өзі қаншалықты теріс екенін көруге болады. Бағзы бір

* Маркс басқа бір жерде «қауымдық меншік (Gemeineigentum), барлық жерде де парцеллалық [ұсақ] егіншілікке қосымша болып табылады» деп көрсетеді («Das Kapital», III, 2, 341) [107].

мәртебелі англоман Россияда фермерлік тәртіп енгізу туралы жақсы шығармаға сыйлық белгілей ме, шаруаларды хуторларға бөліп, жер-жерге қоныстандыру туралы бағзы бір ғылыми қоғам жоба ұсына ма, бағзы бір ерiккен чиновник 60 десятиналық учаскелер жобасын жасай ма — халықшылдар жалма-жан білек сыбанып, «капитализмді енгізу» және «халықтық өндірістің» қамалы — қауымды қирату жөніндегі осы «буржуазиялық жобаларға» қарсы ұрысқа шыға келеді. Небір жобалардың талайы жазылып, талайы теріске шығарылып жатқанда капитализмнің өз жолымен жүріп отырғаны, сөйтіп қауымдық деревняның ұсақ аграрийлер деревнясына айнала бергені және айналып та болғаны * аңғал халықшылдың ойына да кіріп шыққан жоқ.

Атап айтқанда, шаруалардың жер иелену формасы жөніндегі мәселеге біздің өте жайбарақат қарайтын себебіміз, міне, осыдан. Жер иеленудің бұл формасы қандай болса да, одан шаруа буржуазиясының село пролетариатына қатынасы өзінің мәні жағынан ешбір өзгермейді. Шын мәнісінде маңызды мәселе тіпті де жер иеленушіліктің формасында емес, шаруалардың еңсесін езіп келе жатқан нағыз орта ғасырлық ескіліктің қалдықтарында: шаруа қоғамдарының сословиелік томағатұйықтығында, жаппай кепілдікте, шаруа жеріне жеке иеліктегі жерге салынатын салықпен ешбір салыстыруға болмайтын өлшеусіз көп алым-салық салуда, шаруа жерлерін пайдалануға, шаруалардың бір жерден екінші жерге көшуі мен қоныс аударуына толық бостандықтың болмауында жатыр **. Бұл ескірген мекемелердің

* Егер бізге сіздер мұндай пікірді ұсынумен тым алға озып кетіп отырсыздар дейтін болса, онда біз төмендегідей жауап береміз. Белгілі бір нақты құбылысты оның даму барысында суреттегісі келген адамның алдында сөзсіз және міндетті түрде екінің бірі: не алға озу, не артта қалу тұрады. Басқа лаж жоқ. Ал егер мәліметтердің бәрі қоғамдық эволюцияның сипаты қазірдің өзінде-ақ тереңдеп, көп ілгері кеткендігін (II тарауды қараңыз) көрсететін болса, егер мұнымен бірге осы эволюцияны бөгеп отырған жағдайлар мен мекемелер (есепсіз көп алым-салықтар, шаруалардың сословиелік томаға-тұйықтығы, жерді пайдалануға, бір жерден екінші жерге көшуге және қоныс аударуға толық бостандықтың болмауы) дәл көрсетілген болса,— онда бұл сияқты алға озудың ешбір қателігі жоқ.

** Осы мекемелердің кейбіреулерін халықшылдардың қорғаштауынан олардың көзқарастарының реакцияшыл сипатын ерекше айқын көруге болады, ал мұның өзі оларды барған сайын аграрийлермен біртебірте жақындата түсуде.

бәрі шаруаларды ыдыраудан сақтап қалуға ешбір кепілдік бере алмай, тек жұмыспен өтеудің және кіріптарлықтың түрлі формаларының көбеюіне, бүкіл қоғамдық дамуды мейлінше бөгей түсуге ғана әкеп соғады.

Қорытындыда біз «Капиталдың» III томындағы Маркс пен Энгельстің кейбір сөздерін халықшылдардың өздері айтып жүрген — ұсақ егіншіліктің ірі егіншіліктен артықшылығы туралы, егіншілік капитализмінің прогрестік тарихи роль атқармайтындығы туралы пікірлеріне үйлесімді етіп түсіндірмек болған ерекше әрекетіне де тоқтала кетуге тиіспіз. Бұл жөнінде олар «Капиталдың» III томының мына бір жерінен өте жиі цитат келтіреді:

«Егіншілікті басқаша тұрғыдан алып қарағанда тарихтан көруге болатын тағы бір ғибрат мынау: капиталистік система құнарлы егіншілікке қайшы келеді, яғни құнарлы егіншілік капиталистік системамен сыйыспайды (тіпті бұл система оның техникалық жағынан дамуына септігін тигізе тұрса да сыйыспайды), ол не өз еңбегімен күнелтетін (selbst arbeitenden) ұсақ шаруаның білек күшін, не бірлескен өндірушілердің бақылауын керек етеді» (III, 1, 98. Орысша аудармасы, 83) [108].

Бұл пікірден қандай қорытынды шығады (реті келгенде айта кетелік, бұл пікір егіншілік жөнінде арнайы сөз қозғалатын VI бөлімде айтылмай, шикізат бағасы өзгеруінің пайдаға қандай әсер ететіндігі туралы сөз қозғалатын тарауға енгізілген мүлдем бір бөлек үзінді болатын)? Капитализм егіншілікті (сонымен бірге өнеркәсіпті де) тиімді жүргізумен сыйыса алмайды дегенге келсек,— мұның өзі бұрыннан да белгілі, халықшылдармен талас бұл туралы болып отырған жоқ. Ал капитализмнің егіншіліктегі прогрестік *тарихи* ролін Маркс бұл арада әдейі баса көрсетті. Енді Маркстің «өз еңбегімен күн көретін ұсақ шаруа» жөніндегі нұсқауы қалып отыр. Бұл нұсқауды тілге тиек еткен халықшылдардың ешқайсысы да өзінің мұны қай мағынада ұғынатынын түсіндіремін деп еңбектенгісі келмеді, бұл нұсқауды, бір жағынан, контекспен, екінші жағынан — Маркстің ұсақ егіншілік жөніндегі жалпы

ілімімен байланысты алып қарау жөнінде еңбектенгісі келмеді.— «Капиталдан» цитат келтірілген жерде әңгіме шикі материалдар бағасының қалайша күшті ауытқып отыратындығы туралы, бұл ауытқулардың өндірістің пропорциялығы мен жүйелілігіне қалайша нұқсан келтіретіндігі, егіншіліктің өнеркәсіппен сәйкес келуіне нұқсан келтіретіндігі туралы болатын. Маркс *тек осы тұрғыдан ғана* — өндірістің пропорциялығы, жүйелілігі, жоспарлылығы тұрғысынан ғана — ұсақ шаруалар шаруашылығын «ассоциацияланған өндірушілер» шаруашылығына теңеп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, ұсақ орта ғасырлық өнеркәсіп те (қолөнер кәсібі) «ассоциацияланған өндірушілердің» шаруашылығына ұқсайды (салыстырыңыз: «Misère de la philosophie», цитат келтірілген басылымы, p. 90) [109], ал қоғамдық шаруашылықтың бұл екі системасынан капитализмнің өзгешелігі — онда өндіріс анархиясы болады. Маркс ұсақ егіншіліктің * өмірге қабілеттілігін мойындады, капитализмнің егіншіліктегі прогрестік тарихи ролін мойындамады деп осыдан қандай логика бойынша қорытынды шығаруға болады? Маркс егіншілік жөніндегі арнаулы бөлімде, *ұсақ шаруалар шаруашылығы жөніндегі арнаулы параграфта* (47-тарау, § V) бұл мәселе жөнінде, міне, былай деген болатын:

«Өзінің табиғаты жағынан ұсақ жер меншігі еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерінің дамуын, еңбектің қоғамдық формаларын, капиталдардың қоғамдық шоғырлануын, ірі көлемдегі мал шаруашылығын, ғылымды кең түрде қолдануды мансұқ етеді.

Өсімқорлық пен салықтар системасы барлық жерде бұл меншіктің күйреуіне бастап әкелуге тиіс, капиталды жер сатып алуға пайдалану бұл капиталды агрономиялық дақылдардан алшақтатады. Өндіріс құрал-жабдықтарының шексіз ұсақтап бытырауы және өндірушілердің өздерінің оқшаулануы. Адам күшінің шамадан тыс ысырап болуы. Өндіріс жағдайларының жедел түр-

---

* Ескерте кетелік, Энгельс өзінің қайтыс болуының аз алдында, бағалардың төмендеуіне байланысты егіншілік дағдарысы анық белгі берген кезде, ұсақ егіншіліктің өмірге қабілеттілігі жөніндегі доктринаға біраз жол берген француздық «шәкірттерге» үзілді-кесілді қарсы шығуды қажет деп санаған болатын [110].

де нашарлауы және өндіріс құрал-жабдықтарының қымбаттауы — ұсақ меншіктің сөзсіз заңы. Астықты жылдар осы өндіріс әдісі үшін — бақытсыздық» (III, 2, 341—342. Орысша аудармасы, 667) [111].

«Ұсақ жер меншігі халықтың орасан зор көпшілігі деревняларда тұрады, қоғамдық еңбек емес, оқшауланған еңбек басым болады деп ұйғарады; демек, бұл ретте ұдайы өндірістің әр түрлілігі мен дамуы, яғни оның материалдық та, рухани да шарттары жоққа шығарылады, тиімді егіс дақылдарының жағдайлары жоққа шығарылады деп ұйғарады» (III, 2, 347. Орысша аудармасы, 672) [112].

Бұл сөздердің авторы капиталистік ірі егіншілікке тән қайшылықтарды көрмей тұра алмағандығы былай тұрсын, қайта ол қайшылықтарды аяусыз әшкерелеген болатын. Бірақ бұл оның капитализмнің *тарихи* ролін бағалауына бөгет болған жоқ.

«...Капиталистік өндіріс әдісінің ұлы нәтижелерінің бірі мынада: ол, бір жағынан, егіншілікті эмпирикалық кәсіптен, қоғамның ең мешеу қалған бөлегінің қалай болса солай мұраға қалдырылатын кәсібінен агрономияны саналы түрде ғылыми тұрғыдан қолданатын кәсіпке айналдырады, өйткені мұның өзі тегі жеке меншік жағдайында мүмкін болады; ол бір жағынан, жер меншігін үстемдік ету мен құлдану қатынастарынан мүлде бөліп тастайды, ал, екінші жағынан, өндірістің шарты ретінде жерді жер меншігінен және жер меншікшісінен бүтіндей бөліп тастайды... Бір жағынан, егіншілікті қоғамдасып жүргізуге тұңғыш рет мүмкіндік жасайтын егіншілікті рационализациялау, екінші жағынан, жер меншігін сорақылыққа дейін жеткізу — капиталистік өндіріс әдісінің сіңірген ұлы еңбектері осындай. Өзінің сіңірген басқа да тарихи еңбектері сияқты, ол мұны да ең алдымен тікелей өндірушілерді бүтіндей қайыршылыққа ұшырату арқылы сатып алады» (III, 2. 156—157. Орысша аудармасы, 509—510) [113].

Маркстің мәлімдемелері осындай үзілді-кесілді айтылып отырған жағдайда, оның егіншілік капитализмінің прогрестік тарихи ролі жөніндегі мәселеге қалай қарағандығы туралы екі пікір болмауға тиіс еді. Алайда,

Н.—он мырза тағы да бір сылтау тауып отыр: ол Энгельстің қазіргі кездегі ауыл шаруашылық дағдарысы жөніндегі пікірінен цитат келтіріп, бұл пікірді егіншіліктегі капитализмнің прогрестік ролі туралы қағиданы теріске шығаруға тиісті-міс деп көрсетіп отыр *.

Энгельстің өзі не айтқанын қарап көрейік. Маркстің дифференциалдық рента жөніндегі теориясының негізгі қағидаларын қорытып жинақтай келіп, Энгельс мынадай заңды тұжырымдайды: «жерге капитал неғұрлым көп жұмсалса, сол елде егіншіліктің және тегі цивилизацияның дамуы неғұрлым жоғары болса, бір акрдан алынатын рента да, сондай-ақ ренталардың бүкіл сомасы да соғұрлым жоғарылай береді, қосымша пайда түрінде қоғамның ірі жер иелеріне төлейтін қыруар сыбағасы да соғұрлым көп болады» («Das Kapital», III, 2, 258. Орысша аудармасы, 597) [114]. «Бұл заң,— дейді Энгельс,— ірі жер иелері табының ғажап өміршеңдігін түсіндіріп береді», бұл ірі жер иелері толып жатқан борышқа белшесінен батады, бірақ сөйте тұрса да дағдарыс атаулының бәрінен де «аяғынан тік басып шығады»,— мәселен, Англияда астық туралы заңның жойылуы астықтың бағасын арзандатты, ал мұның өзі лендлордтарды күйзеліске ұшыратпағаны былай тұрсын, қайта оларды мықтап байытып жіберді.

Сонымен, капитализм жер меншігі монополиясының күшін әлсірете алмайтын болып көрінуі мүмкін.

«Бірақ мәңгі-бақи қатып қалған ештеңе жоқ»,— деп жалғастырады Энгельс.— Мұхит кемелері, солтүстік және оңтүстік Америка темір жолдары, сондай-ақ Үнді-

---

* Қараңыз: «Новое Слово», 1896 ж., № 5, февраль, Н.— он мырзаның редакцияға хаты, 256—261-беттер. «Тарих моралы» жөніндегі «цитат» та осында. Бір тамашасы мынада: егіншіліктегі капитализмнің прогрестік тарихи ролі жөніндегі теорияны теріске шығару үшін қазіргі кездегі егіншілік дағдарысын тілге тиек етуге тырысқан Н.— он мырза да, не толып жатқан халықшыл-экономистердің басқа біреуі де мәселені тікелей, белгілі бір экономикалық теорияның негізінде бірде-бір рет қойып көрген емес; егіншілік капитализмінің тарихи ролінің прогрестік екенін мойындауға Маркстi мәжбүр еткен негіздерді бірде-бір рет баяндаған емес, сөйтіп бұл негіздердің нақ қайсысын және не себепті өздерінің теріске шығаратынын ашық атап көрсеткен емес. Халықшыл-экономистер бұл жерде де, басқа жағдайлардағы сияқты, Маркстің теориясына тікелей қарсы шыққылары келмейді, олар тек «орыс шәкірттеріне» қарай түсініксіз иек сілтеумен тынады. Бұл шығармада Россияның экономикасымен ғана шектеле отырып, біз бұл мәселе жөніндегі пікірлеріміздің дәлелдерін жоғарыда келтірген болатынбыз.

стан темір жолдары жаңа бәсекелестерді туғызды. Солтүстік Американың кең-байтақ жазық алқабы, Аргентина даласы және т. т. дүние жүзілік рынокты арзан астықпен толтырды. «Сөйтіп, осы бәсекенің — соны жатқан қыр даласы мен төзгісіз ауыр салықтар жанына батқан орыс және үнді шаруаларының жерлері бәсекесінің — салдарынан Европа фермері мен шаруасы енді бұрынғы ренталарды сақтап отыра алмады. Европадағы жердің бір бөлегі астық өндіруде біржолата бәсекеге төтеп бере алмайтын болып қалды, барлық жерде рента құлдырап кетті, Европа үшін біздің 2-жағдайымыз, 2-вариантымыз жалпы ережеге айналды, атап айтқанда, астықтың төмендеу бағасы мен қосымша жұмсалған капиталдың кеми беретін өнімділігі тән болды. Шотландиядан Италияға дейінгі, Оңтүстік Франциядан Шығыс Пруссияға дейінгі аграршылардың қыңқылы осыдан келіп шықты. Бір жақсысы, қырдағы жердің бәрі бірдей түгел жыртылудан әлі аулақ еді; Европадағы ірі жер иелерінің бәрін, ұсағымен қоса, күйзелту үшін әлгі жерлер әлі жеткілікті болатын» (ib., 260. Орысша аудармасы, 598, «бір жақсысы» деген сөз онда түсіп қалған) [115].

Егер оқушы шығарманың бұл жерін зер салып оқыған болса, онда оған Н.— он мырзаның Энгельске телігісі келіп отырған пікіріне Энгельс тура қарама-қарсы пікір айтқандығы әбден айқын болуға тиіс. Энгельстің пікірі бойынша, қазіргі егіншілік дағдарысы рентаны төмендетеді және тіпті оны мүлдем жоюға тырысады, яғни егіншілік капитализмі өзіне тән тенденцияны — жерге меншіктілік монополиясын жоюды жүзеге асырады. Сонымен, біздің Н.— он мырзаның алған «цитаттары» өзіне ешқандай пайда келтірмей отыр. Егіншілік капитализмі алға тағы бір жаңа, зор қадам жасады; ол егіншілік өнімдерінің сауда өндірісін шексіз кеңейтіп, дүние жүзілік аренаға толып жатқан жаңа елдерді тартып отыр, ол патриархтық егіншілікті өзінің Үндістан немесе Россия сияқты ақырғы панасынан ығыстырып шығарып келеді; ол егіншілікте бұған дейін болып көрмеген астықтың таза фабрикалық өндірісін жасап жатыр, бұл барынша жетілдірілген машиналармен жаб-

дықталған жұмысшылар бұқарасын кооперациялауға негізделген; ол ескі европалық елдердің жағдайын орасан зор шиеленістіріп отыр, рентаны төмендетіп келеді, сөйтіп, нағыз берік-ақ сияқты болып көрінген монополиялардың іргесін шайқалтуда және жер меншігін тек теория жүзінде ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде де «қисынсыз» етуде; оның егіншілік өндірісін қоғамдастыру қажет екендігі туралы мәселені өте ашық қойып отырғаны соншалық, бұл қажеттілікті Батыста тіпті дәулетті таптар өкілдерінің өздері де сезе бастады *. Сондықтан Энгельс өзінің әдеттегі сергек мысқылымен, дүние жүзілік капитализмнің соңғы қадамдарын *құттықтайды:* бақытымызға,— дейді ол,— істің бұдан былай да осы бағытпен кете беруі үшін жері жыртылмаған дала әлі де жеткілікті қалып отыр. Ал көңілшек Н.— он мырза à propos de bottes ** бұрынғының «егінші-мужигі» туралы, біздің егіншілігіміздің және егіншілік кіріптарлығының әр түрлі формаларының «ғасырлар бойы қасиетті болып келген»... тоқырауы жөнінде уһілейді, бұларды осы кезге дейін «жеке бүліктер де, татарлар басқыншылығы да» мызғыта алмаған еді, ал енді оларды мына жексұрын капитализм — о, сұмдық! — үзілді-кесілді батыл қирата бастады! О, sancta simplicitas! ***— дейді.

---

* Шынында да, герман рейхстагіндегі [116] белгілі Antrag Kanitz (Каницаның ұсынысы. *Ред.*) сияқты немесе американдық фермерлердің барлық элеваторларды мемлекет меншігіне айналдыру жоспары сияқты «замана белгілері» осының дәлелдері емес пе?

** — мүлдем орынсыз, қисынсыз. *Ред.*

*** — Шіркін, аңқаулық-ай! *Ред.*

## V ТАРАУ

# ӨНЕРКӘСІПТЕГІ КАПИТАЛИЗМНІҢ АЛҒАШҚЫ САТЫЛАРЫ

Енді егіншіліктен өнеркәсіпке көшеміз. Біздің міндетіміз егіншілік жөнінде қалай тұжырымдалған болса, мұнда да солай тұжырымдалады: біз реформадан кейінгі Россиядағы өнеркәсіп формаларына талдау жасауға тиістіміз, яғни өңдеуші өнеркәсіптегі қоғамдық-экономикалық қатынастардың қазіргі бар құрылысын және осы құрылыс эволюциясының сипатын зерттеуге тиістіміз. Өнеркәсіптің ең қарапайым және апайы формаларынан бастайық және олардың қалай дамитынын бақылап көрейік.

### I. ҮЙДЕГІ ӨНЕРКӘСІП ПЕН ҚОЛӨНЕР КӘСІБІ

Үйдегі өнеркәсіп деп біз шикі материалдардың сол материалдар өндіріліп отырған шаруашылықтың (шаруа семьясының) өзінде өңделуін айтамыз. Үйдегі кәсіпшілік натуралдық шаруашылыққа тән қажеттілік болып табылады, оның қалдықтары ұсақ шаруалар бар жерде әрқашан да дерлік сақталып отырады. Сондықтан өнеркәсіптің бұл түрі (өзінің тұтынуы үшін зығырдан, коноплядан, ағаштан және т. т. үйде отырып бұйымдар жасап шығару) жөнінде орыстың экономикалық әдебиетінде сан қайтара айтылуы табиғи нәрсе. Алайда, үйдегі өнеркәсіптің қандай да болсын кең таралып отырған жерін бұл кезде тым сирек ұшырайтын алыс түкпірлерден ғана кездестіруге болады; мұндай жерлердің қатарына, мәселен, нақ соңғы кезге дейін Си-

бирь қосылып келді. Өнеркәсіп, кәсіп ретінде, бұл формада әзірге жоқ: мұнда кәсіпшілік егіншілікпен біртұтас болып тығыз байланысып жатыр.

Патриархтық егіншіліктен бөлініп шығатын өнеркәсіптің алғашқы формасы қолөнер кәсібі, яғни тұтынушының заказы бойынша бұйымдар өндіру болып табылады *. Мұнда материал заказшы-тұтынушыныкі болуы да немесе қолөнершінікі болуы да мүмкін, ал қолөнершінің еңбегіне ақы не ақшалай, не заттай (үй беру, қолөнершінің тамағын көтеру, өнімнен сыйлық үшін сыбаға бөлу, мәселен, ұн және т. т.) төленеді. Қала тұрмысының қажетті бір құрамды бөлігі бола отырып, қолөнер кәсібі шаруалар шаруашылығына қосымша ретінде едәуір дәрежеде деревняларда да таралған. Село халқының белгілі мөлшердегі проценті (кейде түгел бірыңғай, кейде егіншілікпен байланысты) тері илейтін, аяқ киім, киім тігетін, ұсталық жасайтын, қолдан тоқылған матаны бояйтын, шаруалардың өздері жасап шығарған шұғаны өңдейтін, ұн тартатын және т. с. істейтін маман-қолөнершілер болып табылады. Біздің экономикалық статистикамыздың жағдайы аса қанағаттанғысыз болуы салдарынан Россияда қолөнер кәсібінің таралу дәрежесі туралы ешқандай дәл мәлімет жоқ, өнеркәсіптің бұл формасы туралы кейбір мәліметтер шаруалар шаруашылығының барлық дерлік деректемелерінде, «майдагерлік» өнеркәсіп ** деп аталатын зерттеулерде шашырап жүр, тіпті ресми фабрика-завод статистикасына да кіріп кетіп жүр ***. Земстволық-статис-

---

* Kundenproduktion. Салыстырыңыз: *Karl Bücher*, «Die Entstehung der Volkswirtschaft». Tüb. 1893 (Заказға арнап өндіру. Салыстырыңыз: *Карл Бюхер*, «Халық шаруашылығының пайда болуы». Тюбинген, 1893. *Ред.)* [117].

** Айтылғандарды дәлелдеу үшін бұл арада цитат келтіру мүмкін болмаған болар еді: қолөнер кәсібі туралы соншама көп көрсетулер майдагерлік өнеркәсіптің барлық зерттеулерінде шашырап жүр, ал ең мақұлданып жүрген пікір бойынша қолөнершілер майдагерлерге жатпайды. Осы «майдагерлік» деген терминнің өзінің қаншалықты дәл емес екенін біз әлі де талай рет көреміз.

*** Бұл статистиканың былығы, әсіресе оның осы кезге дейін қолөнер және фабрика-завод кәсіпорындарын бір-бірінен ажырату үшін қажетті әдіс таба алмағандығынан айқын көрінеді. 60-жылдарда, мәселен, деревнялардағы таза қолөнерлік сипаттағы бояу шеберханалары фабрика-завод кәсіпорындарының қатарына жатқызылған («Финанс министрлігінің Әржылдығы», I том, 172—176-беттер), 1890 ж.—шаруалардың шұға басатын диірмендері шұға фабрикаларымен шатастырылған *(Орловтың* «Фабрикалар мен заводтар көрсеткіші», 3-ба-

тикалық жинақтар шаруа кәсіпшіліктерін тіркей келе, «қолөнершілердің» ерекше тобын кейде бөліп көрсетеді (салыстырыңыз: Руднев, l. c.), бірақ бұл топқа (жиі қолданылып жүрген сөзбен айтсақ) барлық құрылыс жұмысшылары қосылады. Саяси-экономикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, бұлайша араластыру мүлдем дұрыс емес, өйткені құрылыс жұмысшыларының көпшілігі тұтынушылардың заказы бойынша жұмыс істейтін дербес өнеркәсіпшілерге жатпайды, мердігерлер жалдаған жалдама жұмысшылар қатарына жатады. Әрине, село қолөнершісін ұсақ товар өндірушіден немесе жалдама жұмысшыдан ажырату барлық уақытта бірдей оңай бола бермейді; бұл үшін әрбір ұсақ өнеркәсіпші туралы мәліметтерге экономикалық талдау жасау керек. Қолөнер кәсібін ұсақ өнеркәсіптің басқа формаларынан мұқият ажыратып беруге тамаша әрекет жасалғаны 1894/95 жылғы Пермь майдагерлер санағының * мәліметтерін қорытудан көрінеді. Жергілікті селолық қолөнершілердің саны шамамен алғанда, шаруа халқының бір проценті деп белгіленді, бұл арада (күткеніміздей-ақ) өнеркәсіп неғұрлым нашар дамыған уездерде қолөнершілер санының проценті неғұрлым жоғары болып шықты. Ұсақ товар өндірушілермен салыстырғанда қолөнершілердің айырмашылығы бұлар жермен неғұрлым берік байланысты: әрбір 100 қолөнершінің 80,6-сы егінші (қалған «майдагерлер» үшін бұл процент бұдан төмен) болып отыр. Жалдама еңбекті қолданушылық қолөнершілерде де кездеседі, бірақ бұл топтағы өнеркәсіпшілерде оның дамуы басқаларға қарағанда нашарлау. Соған орай қолөнершілер кәсіпорындарының көлемі де (жұмысшыларының саны жағынан) анағұрлым ұсақ болады. Егінші-қолөнершінің орташа жалақысы жылына 43,9 сом болып, ал егінші емес қолөнершінің табысы — 102,9 сом болып отыр.

---

сылуы, 21-бет) және т. т. Ең соңғы шыққан «Фабрикалар мен заводтар тізбесі» (СПБ. 1897) де бұл былықтан сау емес. Біздің «Этюдтердің» 270—271-беттеріндегі мысалдарды қараңыз. (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, 10—12-беттер. *Ред.).*

* Бұл санаққа біз «Этюдтердің» 113—199-беттерінде ерекше мақала арнағанбыз. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 345—462-беттер. *Ред.).* Пермь «майдагерлері» туралы текстіде келтірілген фактілердің бәрі де осы мақаладан алынған.

Біз осы қысқаша көрсетулермен шектелеміз, өйткені қолөнер кәсібін егжей-тегжейлі талдау біздің міндетімізге жатпайды. Өнеркәсіптің бұл формасында товар өндірісі әлі жоқ; мұнда қолөнерші ақысын ақшалай алған ретте немесе істеген жұмысы үшін өнімнен алған үлесін сатып, өзіне шикізат және өндіріс құралдарын сатып алған жағдайда ғана товар айналысы пайда болады. Қолөнерші еңбегінің өнімі рынокқа түспейді, оның өзі шаруаның натуралдық шаруашылығы шеңберінен әрі шықпайды деуге болады *. Сондықтан патриархтық ұсақ егіншілік сияқты, қолөнер кәсібінің де енжарлықпен, бытыраңқылықпен және тар өрістілікпен сипатталатындығы табиғи нәрсе. Өнеркәсіптің бұл формасына тән бірден-бір даму элементі қолөнершілердің басқа жерлерге табыс іздеп кетуі болып табылады. Біздің деревняларымызда, әсіресе бұрынғы уақытта, мұндай табыс іздеп сыртқа кетіп қалушылық едәуір кең түрде дамыған болатын; мұның өзі әдетте қолөнершілердің келген жерлерінде дербес қолөнер кәсіпорындарын құруға әкеліп соғып отырды.

## II. ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ҰСАҚ ТОВАР ӨНДІРУШІЛЕР. ҰСАҚ КӘСІПШІЛІКТЕРДЕГІ ЦЕХТЫҚ САРЫН

Біз қолөнершінің өзі өндірген өнімін әкелмесе де, рынокта болып тұратындығын жоғарыда ескертіп өттік. Рынокқа қатынаса бастаған соң-ақ оның жүре келе рынокқа арнап товар өндіруге көшетіні, яғни *товар өндіруші* болып шығатыны табиғи нәрсе. Бұл көшушілік бірте-бірте, әуелі тәжірибе ретінде жасалады: әлдеқалай қолда қалып қойған немесе қол бос уақытта жасалған өнімдер сатылады. Көшудің бірте-бірте болуы онымен қоса мына себептен де күшейе түседі: бұйымдарды

* Қолөнер кәсібінің шаруалардың натуралдық шаруашылығына жақындығы кейде сол шаруалар тарапынан бүкіл село үшін қолөнер еңбегін ұйымдастыруға әрекет жасатқызады: шаруалар қолөнершіні осы селоның барлық халқы үшін жұмыс істеуге міндеттеп, өздері оның қаражатын көтереді. Өнеркәсіптің мұндай құрылысын қазіргі кезде ілуде бір ғана немесе алыс түпкірлерде ғана кездестіруге болады (мәселен, Закавказьенің кейбір деревняларында ұсталық кәсіпшілігі осындай әдіспен ұйымдастырылған. Қараңыз: «Россиядағы мәйдагерлік өнеркәсіп жөніндегі есептер мен зерттеулер», II том, 321-бет).

өткізетін рынок алғашқы кезде аса тар шеңберлі келеді, өндіруші мен тұтынушының арасы онша алшақ бола бермейді, өнім бұрынғысынша өндірушінің қолынан тұтынушының қолына тікелей көшіп отырады, сонымен бірге өнімді сатудан бұрын кейде ол ауыл шаруашылық өнімдеріне айырбасталып жіберіледі *. Товар шаруашылығының бұдан былайғы дамуы сауданың кеңеюімен, маман алыпсатар-саудагерлердің пайда болуымен бейнеленеді; бұйымдарды өткізетін рынок қызметін селолық ұсақ базар мен жәрмеңке ** емес, бүтін бір облыс, содан кейін бүкіл бір ел, ал кейде тіпті басқа елдер де атқарады. Өнеркәсіп өнімдерін товар түрінде өндіріп шығару өнеркәсіптің егіншіліктен бөлектенуіне және олардың арасында өзара айырбас жасалуына ең алғаш негіз салады. Н.— он мырза, өзінің шаблондық пен абстракт түрде түсінуі бойынша, «өнеркәсіптің егіншіліктен бөлектенуін» жалпы алғанда «капитализмнің» қасиеті деп жариялаумен ғана тынып, бұл бөлінудің түрлі формаларын да, капитализмнің түрлі сатыларын да талдаумен басын қатырып жатпайды. Сондықтан шаруа кәсіпшіліктеріндегі ұсақ товар өндірісінің өзі өнеркәсіпті егіншіліктен бөлектей бастайтынын, бірақ дамудың бұл сатысында өнеркәсіпші көп реттерде әлі де болса егіншіден бөлінбейтінін атап өтудің маңызы бар. Бұдан былайғы баяндауымызда біз капитализмнің неғұрлым дамыған сатысы өнеркәсіп орындарын егіншіліктен бөлектеуге, өнеркәсіп жұмысшыларын егіншілерден бөлектеуге қалай әкеліп соғатынын көрсетеміз.

---

* Мәселен, құмыра ыдыстарды астыққа айырбастау және т. т. Астықтың арзан кезінде құмыраның ішіне қанша астық сыятын болса, оның құны сонша деп саналып жүрді. Салыстырыңыз: «Есептер мен зерттеулер», I, 340.— «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», V. 140.— «Майдагерлік комиссияның еңбектері», I, 61.

** Осындай селолық жәрмеңкелердің бірін зерттеу жәрмеңкенің барлық айналымының 31 проценті (50 мың сомнан 15 мың сомға жуығы) нақ осы «майдагерлік» өнімдердің үлесіне тигендігін көрсетті. Қараңыз: «Майдагерлік комиссияның еңбектері», I, 38. Ұсақ товар өндірушілердің товар өткізетін рыногының өрісі алғашқы кезде қаншалықты тар болатындығы, мәселен, мынадан көрінеді: Полтава етікшілері бұйымдарын өз селениесінің төңірегінде, не бары 60 шақырым аумағында өткізеді. «Есептер мен зерттеулер», I, 287.

Товар өндірісінің ең алғашқы формалары тұсында «майдагерлердің» арасындағы бәсеке өте әлсіз болады, бірақ рынок кеңіген сайын және көлемді аудандарды қамтыған сайын бұл бәсеке ұсақ өнеркәсіпшінің нақты монополиялық жағдайынан туатын оның патриархтық тыныш өмірін бұзып, бірден-бірге күшейе түседі. Ұсақ товар өндіруші өз мүдделерінің қоғамның қалған мүшелерінің мүдделеріне қарама-қарсы келетінін, осы монополиялық жағдайын сақтап қалуды талап ететінін сезеді, сондықтан ол бәсекеден *қорқады.* Ұсақ товар өндіруші бәсекені тоқтату үшін, өз ауданына бәсекелестерін «жібермеу үшін», өзінің белгілі бір сатып алушылары бар ұсақ қожайынсымақтың қамтамасыз етілген жағдайын нығайта түсу үшін жекелей де, бірлесіп те барлық күшін салып бағады. Бәсекеден қорқушылық ұсақ товар өндірушінің шын мәніндегі қоғамдық табиғатын айқын көрсететіндігі сондай, біз осыған қатысты фактілерге толығырақ тоқталып өтуді қажет деп санаймыз. Алдымен қолөнер кәсібіне қатысы бар бір мысал келтірелік. Калуганың тері өңдеушілері тері өңдеу үшін басқа губернияларға барады; крепостниктік право жойылғаннан кейін кәсіпшілік төмендей бастайды; помещиктер көп оброк төлеу шартымен «тері илеуге» жібереді де, тері өңдеушілердің өздеріне «белгіленген орындарын» білуін және өз аудандарына басқа тері өңдеушілердің келіп қол сұғуына жол бермеулерін қатты қадағалап отырады. Осындай әдіспен ұйымдастырылған кәсіпшіліктің тиімді болғаны сонша, олардың «стандары» бір қолдан екінші қолға 500 сомға, 1000 сомға сатылып жүрді, ал қолөнершінің бөтен ауданға келуі кейде қантөгіс қақтығыстарға соқтырып отырды. Крепостниктік правоның жойылуы осы орта ғасырлық тыныш өмірдің шырқын бұзды; «темір жолмен бір жерден екінші жерге қатынасудың қолайлылығы да мұндай жағдайда бәсекеге жәрдем береді» *. Ұсақ өнеркәсіпшілердің «апатты бәсекеге» жол бермеу үшін техникалық өнертабыстар мен жетілдірулерді жасыру, пайдалы кәсіпті басқаларға білдірмеу жөніндегі талаптары да жо-

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», II, 35—36.

ғарыдағыдай құбылыстардың қатарына жатады, мұның өзі бірсыпыра кәсіпшіліктер бойынша атап көрсетілген және оның жалпы ережелік сипаты бар. Жаңа кәсіпшілік ұйымдастырушылар немесе ескі кәсіпшілікке қандай да болсын бір жаңалық енгізген адамдар бұл тиімді кәсіпті өздерінің селоластарынан барынша жасырып бағады, сол үшін түрлі айла-амалдарды қолданады (мәселен, көз алдау үшін кәсіпорынның ескі жабдықтарын сақтайды), өздерінің шеберханаларына бөгде ешкімді кіргізбейді, жұмысты жасырынып істейді, өндіріс туралы тіпті өзінің туған балаларына да сыр ашпайды *. Москва губерниясында щётка байлау кәсіпшілігінің баяу дамуын «әдетте қазіргі кездегі өндірушілердің өздеріне қарсы жаңа бәсекелестер шығуын қаламағандығынан деп түсіндіреді. Олар, шамасы келгенше, өздерінің жұмыстарын бөгде адамдарға көрсетпеуге тырысады, тек бір ғана өндіруші бөтен деревнядан шәкірт ұстап отыр деседі **. Металл бұйымдарын жасап шығару кәсіпшілігімен атағы шыққан Нижегород губерниясының Безводное селосы туралы біз мынаны оқимыз: «Тамашасы сол — Безводноеның тұрғындары күні бүгінге дейін» (атап айтқанда, 80-жылдардың басына дейін; ал кәсіпшілік 50-жылдардың басынан бері жұмыс істеп келеді) «өздерінің шеберліктерін көршілес шаруалардан мұқият жасырып келеді. Бұл шеберлікті басқа селоға білдірген адамды жазаға тарту туралы болыстық басқарманың үкімін шығартпақ болып олар талай рет әрекет те жасаған; бірақ бұл формальды тәртіпке олардың қолдары жетпеді, сондықтан мұндай үкім олардың әрқайсысының азаматтық борышы сияқты болып қала

* Қараңыз: «Майдагерлік комиссияның еңбектері», II, 81, V, 460; IX, 2526.— «Москва губерниясының кәсіпшіліктері». VI том, 1-кітап, 6—7, 253; VI том, 2-кітап. 142; VII том, 1-кітап, 2-бөлім. «баспа кәсіпшілігінің» негізін салушы туралы.— «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», I, 145, 149.— «Есептер мен зерттеулер», I, 89.— *Григорьев:* «Павлов ауданының майдагерлік құлып-пышақ өндірісі» («Волга» басылымына қосымша. М. 1881), 39-бет.— В. В. мырза өзінің «Майдагерлік өнеркәсіп очерктерінде» (СПБ. 1886), 192 және келесі беттерінде осы фактілердің кейбіреуін мысалға келтіреді; ол бұдан майдагерлер жаңалық енгізушіліктен қашпайды деген ғана қорытынды шығарады, бұл фактілердің қазіргі қоғамдағы ұсақ товар өндірушілердің таптық жағдайын және олардың таптық мүдделерін сипаттайтыны оның ойына да келмейді.

** «Москва губерниясының кәсіпшіліктері». VI, 2, 193.

берді, осының салдарынан олар қыздарын көршілес деревняның жігіттеріне күйеуге бермейді және, мүмкін қадарынша, олардан да қыз алмайтын болды» *.

Халықшыл-экономистер өнеркәсіпші ұсақ шаруалар бұқарасының товар өндірушілер қатарына жататындығы жөніндегі фактіні көлегейлеп қалуға тырысып қана қойған жоқ, тіпті ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің экономикалық ұйымдасуы мен ірі өнеркәсіптің арасында бейне бір терең антагонизм бар-мыс деген бүтіндей аңызды ойлап шығарды. Айта кетелік, бұл көзқарастың қисынсыздығы жоғарыда келтірілген мәліметтерден де көрініп тұр. Егер ірі өнеркәсіпші өзінің монополиялық жағдайын қамтамасыз ету үшін қандай да болсын амал қолданудан тартынбайтын болса, онда «майдагер» шаруа бұл жағынан оның бірге туған бауыры болып табылады; ірі фабрикант өзінің таптық мүдделерін қорғау үшін протекционизмге, сыйлықтарға, пұрсаттылыққа, т. т. ынтасын салса **, ал ұсақ буржуа да сайып келгенде таптық мүдделерін өзінің ұсақ амалдарымен қорғайды.

## III. РЕФОРМАДАН КЕЙІН ҰСАҚ КӘСІПШІЛІКТЕРДІҢ ӨСУІ. БҰЛ ПРОЦЕСТІҢ ЕКІ ФОРМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жоғарыда айтылғандардан ұсақ өндірістің тағы да бір мынадай назар аударуға тұрарлық қасиеттері келіп шығады. Біздің ескертіп өткеніміздей, жаңа кәсіпшіліктің пайда болуы қоғамдық еңбек бөлінісінің өсу процесін көрсетеді. Сондықтан мұндай процестің әрбір капиталистік қоғамда болуы қажетті нәрсе, өйткені онда белгілі бір дәрежеде шаруалар мен жартылай натуралдық егіншілік әлі де болса сақтала береді, өйткені ескіліктің түрлі мекемелері мен дәстүрлері (қатынас жолдарының нашарлығына және басқаларға байланысты) машиналы ірі индустрияның тікелей үйдегі өнеркәсіп-

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX, 2404.

** Ұсақ буржуа бәсекенің өзін құртатындығын сезіп, оны тоқтатуға тырысады,— дәл сол сияқты, ұсақ буржуаның идеологы — халықшыл да өзінің жанына жағымды «тіректі» капитализмнің құртатындығын сезіп, капитализмді «болдырмауға», оған жол бермеуге, оны тоқтатуға және т. т. тырысып бағады.

тің орнын басуына бөгет жасап отырады. Товар шаруашылығының дамуындағы әрбір қадам шаруалардың өз араларынан барған сайын жаңа өнеркәсіпшілерді сөзсіз бөліп шығарып отырады; бұл процесс, былайша айтқанда, жаңа жол ашады, елдің ең артта қалған бөліктерін немесе өнеркәсіптің ең артта қалған салаларын капитализмнің біртіндеп басып алуын даярлайды. Капитализмнің нақ осы өсуі елдің басқа бөліктерінде немесе өнеркәсіптің басқа салаларында мүлдем басқаша түрде: ұсақ шеберханалар мен үйде істейтін жұмысшылар саны көбеймей, қайта кеми беруінен көрінеді, бұларды фабрика жұтып отырады. Белгілі бір елдің өнеркәсібінде капитализмнің дамуын зерттеу үшін бұл процестерді мейлінше дәл айыра білудің қажеттігі түсінікті; бұл процестерді араластыру ұғымдардың мүлдем былығып кетуіне апарып соқтырмай қоймайды *.

Реформадан кейінгі Россияда капитализм дамуының бастапқы қадамдары болып табылатын ұсақ кәсіпшіліктердің өсуі екі жақты болып көрінді және көрініп те отыр: 1-ден, ұсақ өнеркәсіпшілер мен қолөнершілердің орталықтағы, әлдеқашаннан ел қоныстанған және экономикалық жағынан неғұрлым дамыған губерниялардан шет аймақтарға қоныс аудару түрінде болып отыр; 2-ден, жергілікті халықтың арасында жаңа ұсақ кәсіпшіліктердің құрылуы және бұрыннан бар кәсіпшіліктердің кеңейтілуі түрінде болып отыр.

Бұл процестің біріншісі шет аймақтарды отарлау көріністерінің бірі болып табылады, оны біз жоғарыда (IV тарау, § II) көрсетіп өттік. Нижегород, Владимир,

* Белгілі бір губернияда, белгілі бір мезгілде, белгілі бір кәсіпшілікте осы екі түрлі процестің қабат келетін қызықты бір мысалы мынадай. Өзі иіретін ұршықтар кәсіпшілігі (Вятка губерниясында) матаны үйде өндіру ісіне қосымша болып табылады. Бұл кәсіпшіліктің дамуы мата өндіру құралдарының бірін жасап шығаруды қамтитын товар өндірісінің дүниеге келгенін көрсетеді. Ал енді біз губернияның алыс түкпірлерінде, оның солтүстігінде өзі иіретін ұршық дегеніңіздің белгісіз екенін көреміз («Вятка губерниясының кәсіпшіліктерін суреттеу жөніндегі материалдар», II, 27), осы жерлерде де «кәсіпшілік жаңадан пайда бола алар еді», яғни шаруалардың патриархтық-натуралдық шаруашылығының ширқын бұза алар еді. Сонымен қатар, губернияның басқа бөліктерінде бұл кәсіпшілік құлдырап барады, бұл құлдыраудың ықтималды себебін зерттеушілер «мақтадан тоқылған фабрикалық маталарды пайдалану шаруалар арасында бірден-бірге көбейіп бара жатқандықтан» деп есептейді (26-бет). Демек, мұнда товар өндірісі мен капитализмнің өсуі фабриканың ұсақ кәсіпшілікті ығыстырып шығуынан көрініп отыр.

Тверь, Калуга және тағы да сол сияқты губерниялардың өнеркәсіпші шаруасы халықтың өсуімен бірге бәсекенің де күшейіп келе жатқанын және ұсақ өндіріске қауіп төндіретін капиталистік мануфактура мен фабриканың өсіп келе жатқанын сезіп, оңтүстікке қарай ауады, мұнда «мастеровой» адамдар әлі де аз, табыс мол, тұрмыс арзан. Жаңа жерге ұсақ кәсіпорын орнайды, ол шаруаның жаңа кәсіпшілігіне бастама болады, одан кейін бұл кәсіпшілік осы селоға және оның төңірегіне тарайды. Сөйтіп, елдің ғасырлар бойы өнеркәсіп мәдениетіне ие болып келген орталық аймақтары елдің жаңадан қоныстанып келе жатқан, жаңа бөліктерінде өзіндегідей мәдениеттің дамуына көмектесті. Осындай жолмен капиталистік қатынастар (ұсақ шаруа кәсіпшіліктеріне де тән екенін төменде көреміз) бүкіл елге тарады *.

Енді жоғарыда аталған процестің екінші жағын көрсететін фактілерге көшейік. Бұл арада алдын ала ескерте кететініміз — ұсақ шаруа кәсіпорындары мен кәсіпшіліктерінің өсуін атап көрсеткенде, біз әзірге олардың экономикалық ұйымы туралы мәселені қозғамаймыз: бұл кәсіпшіліктердің не капиталистік жай кооперация мен сауда капиталын құруға әкеп соғатыны, не бұлардың өзі капиталистік мануфактураның құрамды бөлігі болатыны бұдан былайғы баяндаулардан көрінеді.

Нижегород губерниясының Арзамас уезінде тері илеу кәсіпшілігі Арзамас қаласында пайда болды, содан кейін ол бірте-бірте қала маңайындағы селоларға тарап, бара-бара көптеген аудандарды қамтыды. Алғашқы кезде селоларда тері илеушілер аз болды және олардың жалдама жұмысшылары көп болды; қызметкерлер ар-

* Мәселен, мынаны қараңыз: С. А. Короленко, l. c., өнеркәсіп жұмысшыларының шет аймақтарға баруы, онда жұмысшылардың біркатарының қоныстанып қалуы туралы. «Майдагерлік комиссияның еңбектері», I кітап (Ставрополь губерниясында орталық губерниялардан келген өнеркәсіпшілердің көп екені туралы); III кітап, 34-бет (Нижегород губерниясындағы Выезднов етікшілерінің төменгі Поволжье қалаларына қоныс аударуы); IX кітап (сол губернияның Богородское селосының былғарышылары бүкіл Россияда заводтар салып тастаған). «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», IV, 136 (владимирлік құмырашылар өз өндірісін Астрахань губерниясына әкелді). Салыстырыңыз: «Есептер мен зерттеулер», I том, 125, 210-беттер; II том, 160—165, 168, 222-беттер — «бүкіл оңтүстікте» великорос губернияларынан келген өнеркәсіпшілердің басым екені туралы жалпы ескерту.

шаңға түсті, өйткені олар жұмысқа үйрену үшін жалданды. Үйреніп алғаннан кейін олар жан-жаққа тарап, өздерінің ұсақ кәсіпорындарын ашты,— сонымен, бұл күнде өнеркәсіпшілердің көпшілігін өзіне бағындырып отырған капиталдың үстем болуына неғұрлым кең жол ашты *. Жалпы ескерте кетелік, жаңадан пайда бола бастаған кәсіпшіліктің алғашқы кәсіпорындарында жалдама жұмысшылардың осындай көп болуы және осы жалдама жұмысшылардың кейін ұсақ қожайынсымақтарға айналуы ортақ ережелік сипаты бар, ең кең тараған құбылыс болып отыр **. Бұдан келіп, әрине, «түрлі тарихи пікірлермен санаспастан... ірі кәсіпорындар ұсақ кәсіпорындарды жұтып отырмайды, қайта ұсақ кәсіпорындардың өзі ірілерінен туындап жатады екен» деген қорытынды жасау үлкен қате болар еді ***. Алғашқы шыққан кәсіпорындардың ірілігі тіпті де кәсіпшіліктердің ешқандай шоғырлануын көрсетпейді; бұған осы кәсіпорындардың бірен-сарандығы және төңірегіндегі шаруалардың осы шеберханаларда өздеріне тиімді кәсіпті үйренуге құштарлығы себеп болып отыр. Ал шаруа кәсіпшіліктерінің өздерінің ескі орталықтарынан шығып, төңірегіндегі селоларға тарау процесіне келсек, бұл процестің өзі өте жиі байқалып отырғандығын көреміз. Мәселен, реформадан кейінгі дәуірде өздерінің маңызы жағынан аса көрнекті (кәсіпшілік қамтыған селолардың саны жағынан да, өнеркәсіпшілердің саны мен өндіріс сомасы жағынан да) мынадай кәсіпшіліктер дамыды: Павловоның слесарьлық-болат, Кимры селосының былғары-етік, Арзамас қаласында және оның төңірегінде [118] аяқ киім тоқу кәсіпшіліктері, Бурмакино селосының металл бұйымдар жасау кәсіпшілігі, Молвитино селосы мен оның маңындағы бөрік тігу кәсіпшілігі, Москва губерниясының шыны, қалпақ, шілтер кәсіпшіліктері, Красносельск ауданының зер-

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», III.

** Мәселен, дәл осындай құбылыс Москва губерниясының бояу кәсіпшіліктерінде де («Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VI, I, 73—99), қалпақ жасау (ibid., VI, I кітап), тері илеу (ibid., VII, I кітап, 2-бөлім), Павловодағы слесарьлық-болат кәсіпшіліктерінде (Григорьев, l. c., 37—38) және басқаларда байқалып отыр.

*** Көрсетілген сипаттағы фактілердің бірі туралы В. В. мырза «Капитализм тағдырында», 78—79, асыға-аптыға осындай қорытынды жасады.

герлік кәсіпшілігі және т. т. * Тула уезінің 7 болысындағы майдагерлік кәсіпшіліктер туралы мақаланың авторы «шаруалар реформасынан кейін қолөнершілер санының көбеюін», «майдагерлер мен қолөнершілердің реформаға дейін болмаған жерлерде енді пайда болуын» жалпыға тән құбылыс деп көрсетеді **. Москва статистиктері де осындай пікірге келеді ***. Біз бұл пікірді Москва губерниясының 10 кәсіпшілігіндегі 523 майдагерлік кәсіпорнының пайда болған уақыты туралы статистика мәліметтерімен дәлелдей түсеміз ****.

| Кәсіпорындардың барлық саны | Кәсіпорындардың саны және олардың салынған мерзімдері | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қашан салынғаны белгісіз | әлдеқашан салынған | XIX ғасырдың мына жылдарында салынған | | | | | | |
| | | | 10-шы | 20-шы | 30-шы | 40-шы | 50-ші | 60-шы | 70-ші |
| 523 | 13 | 46 | 3 | 6 | 11 | 11 | 37 | 121 | 275 |

Дәл осы сияқты, Пермь майдагерлік санағы да (8884 ұсақ қолөнер және майдагерлік кәсіпорындарының пайда болу мерзімдері туралы мәліметтер бойынша) реформадан кейінгі дәуір ұсақ кәсіпшіліктердің ерекше тез

* А. Смирнов: «Павлово және Ворсма». М. 1864.— Н. Лабзин: «Пышақ өнеркәсібін және т. т. зерттеу». СПБ. 1870.—Григорьев, l. с.— Н. Анненский. «Нижегородский Вестник Пароходства и Промышленностидің» 1891 жылғы 1-номерінде басылған «Баяндама және т. т.».— Горбатов уезі бойынша земство статистикасының «Материалдары». Нижний Новгород. 1892,— А. Н. Потресов, несие-жинақ серіктігі комитетінің СПБ. бөлімшесінде 1895 ж. жасалған баяндамасы.— «Россия империясының статистикалық уақытнамасы», II том, 3-кітап. СПБ. 1872.— «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VIII.— «Есептер мен зерттеулер», I, III.— «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VI, XIII.— «Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VI, I кітап. 111-бет. ib. 177; VII, II кітап. 8-бет.— «Россиядағы өнеркәсіпке тарихи-статистикалық шолу», II, VI гр., 1 өндіріс.— «Вестник Финансов», 1898, № 42. Сондай-ақ салыстырыңыз: «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 18—19 және басқа беттер.

** «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX, 2303—2304.

*** «Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VII, I кітап, 2-бөлім, 196.

**** Щетка, түйреуіш, ілгешек, қалпақ, крахмал, етік, көзілдірік, мыс-әбзел, шашақ және мебель кәсіпшіліктері туралы мәліметтер «Москва губерниясының кәсіпшіліктерінде» және Исаев мырзаның осындай атты кітабында келтірілген майдагерлердің үй басы санағынан теріліп алынды.

осуімен сипатталатынын көрсетті. Жаңа кәсіпшіліктердің пайда болуының осы процесі неғұрлым үңіле карауға тұрарлық. Жүннен және жартылай жібектен мата тоқу өндірісі Владимир губерниясында жуырда, 1861 жылы пайда болды. Әуелі бұл өндіріс шет кәсіпшілік болды, ал кейін деревняларда да иірілген жіп үлестіріп беріп отыратын «шеберщелер» шыға бастады. Алғашқы «фабриканттардың» бірі кезінде Тамбов пен Саратов «далаларынан» жарма сатып алып, сонымен сауда жасап жүретін еді. Темір жол салынғаннан кейін астықтың бағасы теңгерілді, астық саудасы түгелімен миллионерлер қолына көшті, сондықтан біздің саудагеріміз өзінің капиталын тоқыма өнеркәсібі кәсіпорнына жұмсауға ұйғарды; ол фабрикаға жұмысқа кірді, істің жайымен танысты, сөйтіп «шебершеге» айналды *. Сонымен, осы жерде жаңа «кәсіпшіліктің» пайда болуына елдің жалпы экономикалық дамуының капиталды саудадан ығыстырып шығарып, өнеркәсіпке қарай бағыттауы себеп болды **. Біз мысалға келтірген кәсіпшілікті зерттеуші өзінің баяндап отырғаны бірен-саран ғана кездесетін жағдай емес екенін көрсетеді: шет кәсіпшіліктермен күн көрген шаруалар «неше түрлі кәсіпшіліктердің алғашқы бастаушылары болды, өздерінің техникалық білімдерін туған деревняларына әкелді, өздерімен бірге шет кәсіптерге жаңа жұмыс күштерін ертіп әкетіп отырды, ал үй ішіндік шеберхана ұстаушылар мен шеберщелерге кәсіпшіліктің керемет пайда келтіретінін айтып, бай мужиктердің делебесін қоздырды. Ақшасын құбырға жинап немесе астықпен сауда жасап жүрген бай мужик бұл әңгімелерге елігіп, өнеркәсіпке бой ұратын болды» (ibidem). Етікшілік және киіз басу кәсіпшіліктері Владимир губерниясының Александров уезіндегі кейбір жерлерде мынадай жолмен пайда болды: түссіз арзан шыт тоқитын үй ішіндік шеберханалардың немесе жұмыс үлестіретін ұсақ конторлардың қожайындары қолдан мата тоқу кәсібінің құлдырап ба-

* «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III. 242—243.

** М. И. Т.-Барановский орыс фабрикасының тарихи тағдырлары туралы өзінің зерттеуінде, сауда капиталы ірі өнеркәсіптің құрылуы үшін қажетті тарихи шарт болғанын көрсетті. Оның «Фабрика және т. т.» деген кітабын қараңыз. СПБ. 1898.

ра жатқанын көріп, басқа өндіріс шеберханаларын ашты, кейде өзін іспен таныстыру және балаларын үйрету үшін мастерлер жалдады *. Ірі өнеркәсіп ұсақ капиталды бір өндірістен ығыстырып шығаруына қарай, ол капитал басқа өндірістерге бағытталып, олардың да сол бағытта дамуына түрткі болды.

Деревняда ұсақ кәсіпшіліктердің дамуына жол ашқан реформадан кейінгі дәуірдің жалпы жағдайларын Москва кәсіпшіліктерін зерттеушілер өте-мөте айқын сипаттап берді. «Бір жағынан, осы уақыттың ішінде шаруаның тұрмыс жағдайлары едәуір нашарлады,— деп оқимыз біз шілтер кәсіпшілігінің жайын суреттеуден,— ал екінші жағынан, халықтың — оның анағұрлым жақсы жағдайда тұратын бөлігінің,— керексіну дәрежесі едәуір өсті» **. Автор өзі мысалға алып отырған саланың мәліметтеріне сүйеніп, аты көп шаруалар санының және шаруалардың қолындағы жалпы мал санының артуымен қатар, аты жоқ және егін екпейтін шаруалар санының да артып отырғандығын көрсетеді. Сөйтіп, бір жағынан, «шет табысқа» мұқтаж, кәсіпшілік жұмысын іздеуші адамдардың саны көбейді,— екінші жағынан, азшылық ауқатты семьялар байып, «қор» жинады, «бір, екі жұмысшы жалдап алуға немесе кедей шаруаларға жалға үйіне жұмыс беріп отыруға мүмкіндік» алды. «Біз бұл жерде,— деп түсіндіреді автор,— әрине, ондай семьялардың ішінен кулак, алпауыт деген атақтарымен әйгілі болған адамдардың өсіп шығатынын айтып отырғанымыз жоқ, тек шаруа халқының арасындағы нағыз дағдылы құбылыстарды ғана қарастырып отырмыз».

Сонымен, жергілікті зерттеушілер шаруалардың ыдырауы мен ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің өсуінің арасында байланыс барлығын көрсетіп отыр. Мұның өзі әбден түсінікті де. II тарауда баяндалған мәліметтерден, егінші шаруалардың ыдырауы шаруалардың ұсақ кәсіпшіліктерінің өсуімен қажетті түрде толықтырылып отыруға тиіс деген пікір келіп шығады. Натуралдық шаруашылық құлдыраған сайын шикізаттарды өңдеу

* «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», II, 25, 270.

** «Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VI том, II кітап, 8 және келесі беттер.

түрлері бірінен соң бірі өнеркәсіптің ерекше салаларына айналды; шаруа буржуазиясы мен селолық пролетариаттың құрылуы ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің өнімдеріне деген сұранымды арттырды, оның үстіне, осы кәсіпшіліктер үшін қолы бос жұмысшы және басы артық ақша қаражатын беріп отырды *.

## IV. ҰСАҚ ТОВАР ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ЫДЫРАУЫ. МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ МАЙДАГЕРЛЕРДІҢ ҮЙ БАСЫ САНАҒЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ

Енді өнеркәсіптегі ұсақ товар өндірушілер арасында қалыптасып келе жатқан қоғамдық-экономикалық қатынастардың қандай екенін қарайық. Бұл қатынастардың сипатын анықтау міндеті жоғарыда, II тарауда, ұсақ егіншілер жөнінде қойылған міндеттермен біртектес. Егіншілік шаруашылығы көлемінің орнына енді біз кәсіпшілік шаруашылықтарының көлемін негіз етіп алуымыз керек; өндіріс көлеміне қарай ұсақ өнеркәсіпшілерді топ-топқа бөліп алып, әр топтағы жалдама еңбектің ролін, техниканың жағдайын және т. с. қарауымыз керек **. Мұндай талдау жасауға қажетті майдагерлердің үй басы санағы Москва губерниясы бойынша біздің қолымызда бар ***. Зерттеушілер бірқатар кәсіп-

* Н.— он мырзаның «кәсіпшіліктердің капитализм жолына түсуі» туралы пайымдауларындағы негізгі теориялық қатесі мынада: ол товар өндірісі мен капитализмнің алғашқы қадамдары даму жолындағы белгілі бір сатылар екенін елемеді. Н.— он мырза «халық өндірісінен» тура «капитализмге» бір-ақ ырғиды,— ал содан соң, кісі күлерлік аңғалдықпен, онда капитализм негізсіз, жасанды және т. с. сияқты капитализм болып шыққанына таңданады.

** Варзер мырза, Чернигов губерниясының «майдагерлік» өнеркәсібін суреттей келіп, «экономикалық единицалардың әр түрлілігін» (бір жағынан, 500—800 сом кірісі бар семьялар, екінші жағынан — «қайыршыға жуық» семьялар барлығын) көрсетеді, сөйтіп мынаны ескертеді: «Мұндай жағдайларда шаруашылықтарды үй бас сайын тіркеу және оларды бүкіл шаруашылық мүліктерімен орташа дәрежедегі шаруашылықтардың белгілі бір санына топтастыру майдагерлердің экономикалық тұрмысының толық бейнесін шамалаудың бірден-бір дұрыс амалы болып табылады. Бұдан басқаның бәрі не кездейсоқ әсерлерден туған қиял немесе кабинетте отырып әр түрлі орташа нормаларға негізделген арифметикалық есептер жасағандық болады...» («Майдагерлік комиссияның еңбектері», V кітап, 354-бет).

*** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI және VII томдар, «Москва губерниясының кәсіпшіліктері» және *А. Исаев:* «Москва губерниясының кәсіпшіліктері», Москва, 1876—1877, 2-том, Біраз кәсіпшіліктер бойынша осы сияқты мәліметтер «Владимир губерниясының кәсіпшіліктерінде» де басылған. Біздің бұл тарауда ұсақ товар өндірушілері алыпсатарлар үшін емес, тіпті

шіліктер бойынша әрбір жеке майдагердің өндірісі туралы, кейде егіншілігі туралы да (кәсіпорынның салынған уақыты, семьядағы және жалдама жұмысшылардың саны, жылдық өндіріс сомасы, майдагердегі ат саны, жерді өңдеу әдістері және т. т.) статистикалық дәл мәліметтер келтіреді. Бұл жерде зерттеушілер топ-топқа бөлінген ешбір кесте келтірмейді, сондықтан әрбір кәсіпшіліктің майдагерлерін бір кәсіпорындағы жұмысшының (семьядағы және жалдама) санына, кейде өндіріс көлеміне, оның техникалық жағынан қалай ұйымдастырылғанына және т. с. қарай разрядтарға (I — төменгі; II — орташа және III — жоғарғы) бөліп, бұл кестелерді өзіміз жасауға тиіс болдық. Майдагерлерді разрядтарға бөлу жалпы алғанда кәсіпшілікті суреттеуде келтірілген барлық мәліметтерге сәйкес белгіленді; сонымен бірге майдагерлерді разрядтарға бөлу үшін түрлі кәсіпшіліктерде түрліше негіздер алу керек болды, мәселен, аса ұсақ кәсіпшіліктерде 1 жұмысшысы бар кәсіпорнын төменгі топқа, 2 жұмысшысы барын — орташа, 3 және одан да көп жұмысшылары барын — жоғарғы топқа жатқызуға, ал неғұрлым ірірек кәсіпшіліктерде 1—5 жұмысшысы бар кәсіпорындарын төменгі, 6—10 жұмысшылары барын орташа топқа және т. с. жатқызуға тура келді. Топтарға бөлу жөнінде әр түрлі әдістер қолданбасақ, біз *әрбір* кәсіпшілік бойынша көлемдері әр түрлі кәсіпорындар туралы мәліметтерді келтіре алмаған болар едік. Осылайша жасалған кесте қосымшаға енгізілді (I қосымшаны қараңыз); онда әрбір кәсіпшіліктің майдагерлері әр түрлі разрядқа қандай белгілері бойынша бөлінгендігі көрсетілді, әрбір кәсіпшілікте әрбір разряд бойынша кәсіпорындардың, жұмысшылардың (семьядағыларын да, жалдамаларын да қоса есептегенде), өндіріс сомасының, жалдама жұмысшысы бар кәсіпорындарының, жалдама жұмысшылардың толық сандары көрсетілді; майдагерлердің егінші-

---

барлық уақытта болмаса да, көп реттерде, рынок үшін істеп жүрген кәсіпшіліктерді ғана караумен шектелетініміз өзінен-өзі түсінікті. Алыпсатарлар үшін істеу неғұрлым күрделі құбылыс, біз мұны төменде өз алдына бөлек алып қараймыз. Алыпсатарларға жұмыс істеп жүрген майдагерлердің үй басы санағы ұсақ товар өндірушілер арасындағы қатынас туралы пікір айту үшін жарамсыз.

лігін сипаттау үшін әрбір разрядтағы 1 қожайынға келетін аттың орташа саны және жерді «қызметкерге» өңдеттіретін (яғни селолық жұмысшы жалдап отыратын) майдагерлердің проценті есептеп шығарылды. Кестеде 2278 кәсіпорны, 11 833 қызметкері бар және өндіріс сомасы 5 миллион сомнан астам 37 кәсіпшілік қамтылды, ал мәліметтерінің толық болмағандығынан немесе өзгеше сипаттарына қарай * жалпы қорытынды цифрдан шығарылып тасталған 4 кәсіпшілікті қоспағанда,— 2085 кәсіпорны, 9427 қызметкері бар және өндіріс сомасы 3466 мың сом, ал енгізілген түзетуден кейін (2 кәсіпшілік жөнінде),— $3^3/_4$ млн. сомға жуық не бары 33 кәсіпшілік қамтылды.

Бүкіл 33 кәсіпшіліктің мәліметтерін түгел караудың қажеті болмағандықтан және ол өте ауыр соғатындықтан біз бұл кәсіпшіліктерді 4 категорияға бөлдік: 1) 1 кәсіпорнына жұмысшыларының (семьядағы және жалдамаларын қоса есептегенде) орташа саны 1,6-дан 2,5-ке дейін келетін 9 кәсіпшілік; 2) жұмысшыларының орташа саны 2,7-ден 4,4-ке дейін келетін 9 кәсіпшілік; 3) жұмысшыларының орташа саны 5,1-ден 8,4-ке дейін келетін 10 кәсіпшілік және 4) жұмысшыларының орташа саны 11,5-тен 17,8-ге дейін келетін 5 кәсіпшілік. Сөйтіп, әрбір категорияда бір кәсіпорнындағы жұмысшыларының саны жағынан біріне-бірі неғұрлым жақын тұрған кәсіпшіліктер біріктірілді және енді бұдан былайғы баяндауларымызда біз кәсіпшіліктердің осы 4 категориясы туралы мәліметтермен ғана шектеліп отырамыз. Осы мәліметтерді in extenso келтірейік. [374-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кесте майдагерлердің жоғарғы және төменгі разрядтарының арақатынастары туралы ең басты мәліметтерді жинақтайды, бұлар біздің бұдан былайғы қорытындыларымыз үшін керек болады. Бүкіл төрт категорияның жиынтық мәліметтерін біз, II тарауда, егінші

* Осы негізде, 20 кәсіпорнында 1817 жалдама жұмысшысы бар фарфор «кәсіпшілігі» мәліметтен шығарылып тасталды. Москва статистиктері бұл кәсіпшілікті де «майдагерлік» кәсіпшіліктер санына қосып жіберген, бұл да біздегі өріс алып отырған ұғымдағы шатасушылықтарға тән жағдай (қараңыз: VII томның III кітабындағы жиынтық кесте, I. с.).

| Кәсіпшіліктердің категориялары | Толық саны* a) кәсіпорындары b) жұмысшылары c) өндіріс сомасы, сом есебімен | Проценттік бөлінісі** a) кәсіпорындары b) жұмысшылары c) өндіріс сомасы | | | | a) жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындарының % b) жалдама жұмысшылардың %*** | | | | Орташа өндіріс сомасы, сом есебімен a) 1 кәсіпорнына b) 1 жұмысшыға | | | | 1 кәсіпорнына келетін жұмысшылардың орташа саны a) семьядағы жұмысшылар b) жалдама жұмысшылар c) барлығы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | разрядтар бойынша | | | барлығы | разрядтар бойынша | | | барлығы | разрядтар бойынша | | | барлығы | разрядтар бойынша | | |
| | | | I | II | I | | I | II | III | | I | II | III | | I | II | III |
| 1-ші (9 кәсіпшілік) | 831<br>1 776<br>357 890 | 100<br>100<br>100 | 57<br>35<br>32 | 30<br>37<br>37 | 13<br>28<br>31 | 12<br>11 | 2<br>1 | 19<br>9 | 40<br>27 | 430<br>202 | 243<br>182 | 527<br>202 | 1 010<br>224 | 1,9<br>0.2<br>2,1 | 1,28<br>0,02<br>1,3 | 2,4<br>0,2<br>2,6 | 3,3<br>1,2<br>4,5 |
| 2-ші (9 кәсіпшілік) | 348<br>1 242<br>516 268 | 100<br>100<br>100 | 47<br>30<br>25 | 34<br>35<br>34 | 19<br>35<br>41 | 41<br>26 | 25<br>13 | 43<br>21 | 76<br>45 | 1 484<br>415 | 791<br>350 | 1 477<br>399 | 3 291<br>489 | 2,5<br>1,0<br>3,5 | 1,9<br>0,3<br>2,2 | 2,9<br>0,8<br>3,7 | 3,7<br>3,0<br>6,7 |
| 3-ші (10 кәсіпшілік) | 804<br>4 893<br>2 013 918 | 100<br>100<br>100 | 53<br>25<br>20 | 33<br>37<br>37 | 14<br>38<br>43 | 64<br>61 | 35<br>25 | 95<br>59 | 100<br>86 | 2 503<br>411 | 931<br>324 | 2 737<br>411 | 8 063<br>468 | 2,4<br>3,7<br>6,1 | 2,0<br>0,8<br>2,8 | 2,7<br>3 9<br>6,6 | 2,3<br>14,9<br>17,2 |
| 4-ші (5 кәсіпшілік) | 102<br>1 516<br>***577 930 | 100<br>100<br>100 | 38<br>15<br>13 | 33<br>24<br>23 | 29<br>61<br>64 | 84<br>85 | 61<br>60 | 97<br>81 | 100<br>93 | 5 666<br>381 | 1 919<br>331 | 3 952<br>363 | 12 714<br>401 | 2,1<br>12,7<br>14.8 | 2,2<br>3,5<br>5,7 | 2,1<br>8,7<br>10,8 | 2,1<br>29,6<br>31,7 |
| *Барлық категориялардың (33 кәсіпшіліктің) жиыны* | 2 085<br>9 427<br>3 466 006 | 100<br>100<br>100 | 53<br>26<br>21 | 32<br>35<br>34 | 15<br>39<br>45 | 40<br>51 | 21<br>20 | 57<br>46 | 74<br>75 | 1 664<br>367 | 651<br>292 | 1 756<br>362 | 5 029<br>421 | 2,2<br>2,3<br>4,5 | 1,8<br>0,4<br>2,2 | 2,6<br>2.2<br>4,8 | 2,9<br>9,0<br>11,9 |

* a) b) c) литерлері тақырыпшада көрсетілген мәніне қарай цифрлардың торда жоғарыдан төмен қарай орналасқандығын көрсетеді.

** Бұл — осы категориядағы немесе осы разрядтағы кәсіпорындар мен жұмысшылардың жалпы санына шаққандағы проценті.

*** Екі кәсіпшілік бойынша олардың өнім құнының (=өндіріс сомасының) орнына өңделетін шикізаттың құны туралы мәлімет берілді. Мұның өзі өндіріс сомасын 300 мың сомға кемітеді.

шаруалардың жіктелуін көрсеткен диаграмма қандай болса, дәл сондай диаграммамен бере аламыз. Әрбір разряд үшін кәсіпорындардың барлық санының, семьядағы жұмысшылардың барлық санының, жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындардың барлық санының, жұмысшылардың барлық санының (семьядағыларын және жалдамаларын қоса есептегенде), өндірістің барлық сомасының және жалдама жұмысшылардың барлық санының процентік үлесін белгілеп аламыз да, осы проценттік үлестерді (II тарауда суреттелген әдіспен) диаграммаға түсіреміз *.

Енді осы мәліметтерден шығатын қорытындыларды қарайық.

Жалдама еңбектің ролімен басталық. 33 кәсіпшілік бойынша жалдама еңбек семьядағылар еңбегінен басым келеді: барлық жұмысшылардың 51 проценті жалдамаларға жатады; Москва губерниясының «майдагерлері» үшін бұл процент тіпті нақты мөлшерінен де кем. Біз Москва губерниясындағы жалдама жұмысшылардың нақты саны корсетілген 54 кәсіпшіліктің мәліметтерін есептеп көргенімізде, олардағы 29 446 жұмысшыдан 17 566 жұмысшы, яғни 59,65% жалдамалар болып шықты. Пермь губерниясы бойынша барлық майдагерлер мен қолөнершілерді қоса есептегенде, олардың арасындағы жалдама жұмысшылар 24,5% екені, ал тек товар өндірушілердің арасында 29,4 — 31,2% екені анықталды. Бірақ ұсақ товар өндірушілер ғана емес, сонымен қатар капиталистік мануфактура да, біз оны төменде көреміз, осы жалаң цифрлар ішіне кіреді. Сондықтан *кәсіпорындар көлемінің ұлғаюымен қатарласа жалдама еңбектің ролі де артып отырады* деген қорытынды неғұрлым назар аударарлық: мұның өзі бір категорияны екінші категориямен салыстырғанда да және сол категорияның түрлі разрядтарын салыстырғанда да байқалады. Кәсіпорындарының көлемі неғұрлым ірі болса, жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындарының проценті де соғұрлым жоғары, жалдама жұмысшылардың проценті де соғұрлым жоғары болады. Халықшыл-эконо-

* Қараңыз: осы том, 377-бет. *Ред.*

мистер әдетте «майдагерлер» арасында өңкей өз семьясының жұмысшылары ғана істейтін ұсақ кәсіпорындары басым деген мәлімдемемен тынады, оның үстіне мұны дәлелдеу үшін көбінесе «орташа» цифрларды келтіреді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден бұл «орташа цифрлардың» сөз болып отырған құбылыстарды сипаттау үшін жарамсыз екені көрініп тұр, сондықтан семьядағы жұмысшылары бар ұсақ кәсіпорындарының сан жағынан басымдылығы *ұсақ товар өндірісінің тенденциясы жалдама еңбекті барған сайын неғұрлым көбірек пайдалануға, капиталистік шеберханалар құруға бейімделіп келе жатқандығы* жөніндегі негізгі фактіні ешқандай да жоққа шығара алмайды. Оның үстіне, келтірілген мәліметтер халықшылдардың көп таралып жүрген тағы бір пікірін, атап айтқанда «майдагерлік» өндірісте жалдама еңбек семьялық еңбекті «толықтыруға» ғана қызмет етеді, ол баю мақсатында қолданылмайды және т. т. деген пікірін де теріске шығарады *. Ал іс жүзіне келгенде, ұсақ өнеркәсіпшілердің арасында да — дәл ұсақ егіншілер арасындағы сияқты — *жалдама еңбекті пайдаланудың өсе түсуі семьядағы жұмысшылар санының артуымен қатар жүреді екен.* Біз бір кәсіпорнына келетін семьядағы жұмысшылар санының арта беруіне *қарамастан,* кәсіпшіліктердің көпшілігінде-ақ төменгі разрядтан жоғарғы разрядқа қарай жалдама еңбекті пайдаланушылықтың өсе түсетіндігін көреміз. Жалдама еңбекті пайдалану «майдагерлердің» семья құрылымындағы айырмашылықтарды бүркемелемейді, қайта оны күшейте түседі. Диаграмма ұсақ кәсіпшіліктердің осы ортақ сипатын айқын көрсетеді: жоғарғы разряд семьядағы жұмысшылармен неғұрлым жақсы қамтамасыз етілгеніне қарамастан жалдама жұмысшылардың орасан көпшілігін шоғырландыра түседі. *Сонымен, «семьялық кооперация» капиталистік кооперацияның негізі болып табылады* **. Бұл «заңның», әрине, ең ұсақ товар өндірушілерге ғана, капита-

---

* Қараңыз: мәселен, «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, 1-кітап, 21-бет.

** Пермь «майдагерлері» туралы мәліметтерден де дәл осы қорытынды шығады; қараңыз: біздің «Этюдтерімiз», 126—128-беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 364—367-беттер. *Ред.)*

# БҰДАН БҰРЫНҒЫ КЕСТЕНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ МӘЛІМЕТТЕРІНІҢ ДИАГРАММАСЫ

———— Тұтас сызық 33 кәсіпшілік бойынша кәсіпорындарының, жұмысшылардың және т. с. жалпы санындағы майдагерлердің жоғарғы, үшінші разрядының үлесін (жоғарыдан санағанда) процентпен көрсетеді.

— — — — Пунктирлі сызық 33 кәсіпшілік бойынша кәсіпорындарының, жұмысшылардың және т. с. жалпы санындағы майдагерлердің төменгі, бірінші, разрядының үлесін (төменнен санағанда) процентпен көрсетеді.



лизмнің бастамасына ғана қатысты екені өзінен-өзі түсінікті; бұл заң шаруалардың ұсақ буржуаға айналуы олардың тенденциясы екенін дәлелдейді. Саны жағынан едәуір көп жалдама жұмысшылары бар шеберханалар ұйымдасқан соң-ақ,— «семьялық кооперацияның» маңызы сөзсіз төмендеуге тиіс. Сөйтіп біз өзіміздің мәліметтерімізден, шынында да, бұл заңның жоғарғы категориялардың неғұрлым ірі разрядтарына қолданылмайтынын көреміз. «Майдагер» 15-тен 30-ға дейін жалдама жұмысшы ұстайтын нағыз капиталиске айналған кезде,— оның шеберханаларындағы семьялық еңбектің ролі ең мардымсыз мөлшерге дейін төмендейді (мәселен, жоғарғы категорияның жоғарғы разрядында семьядағы жұмысшылар барлық жұмысшылар санының 7 процентін ғана құрайды). Басқаша сөзбен айтқанда: «майдагерлік» кәсіпшіліктердің көлемі ұсақ болып, оларда «семьялық кооперация» басым роль атқарып тұрған жағдайда,— бұл семьялық кооперация капиталистік кооперация дамуының ең сенімді кепілі болып табылады. Демек, мұнда «өз еңбегімен күнелтетін өмірді» басқаның еңбегін қанауға негізделген өмірге айналдыратын товар өндірісінің диалектикасы мейлінше айқын көрінеді.

Еңбек өнімділігі туралы мәліметтерге көшелік. Әрбір разрядтағы 1 жұмысшыға келетін өндіріс сомасы туралы мәліметтер *кәсіпорындар көлемінің өсуімен бірге еңбек өнімділігінің де артатындығын* көрсетеді. Мұның өзі кәсіпшіліктердің орасан көпшілігінде және кәсіпшілік категорияларының барлығында да байқалады; бұл заңды диаграмма айқын суреттеп көрсетеді: жоғарғы разрядтың жалпы өндіріс сомасындағы үлесі жұмысшылардың жалпы санына келетін үлестен гөрі көбірек; төменгі разрядта бұл арақатынас керісінше болады. Жоғарғы разрядтың кәсіпорындарында 1 жұмысшыға келетін өндіріс сомасы төменгі разрядтың кәсіпорындарындағы сондай сомадан 20—40% жоғары болады екен. Рас, ірі кәсіпорындарының жұмыс уақыты әдетте неғұрлым ұзақ болады және кейде олар, ұсақ кәсіпорындарына қарағанда, анағұрлым бағалы материалдар өңдеп шығарады, бірақ бұл жағдайдың екеуі де ұсақ

шеберханаларға қарағанда ірі шеберханаларда еңбек өнімділігі едәуір жоғары болатындығын көрсететін фактіні жоққа шығара алмайды *. Мұның басқаша болуы мүмкін де емес. Ірі кәсіпорындарының жұмысшылары (семьядағыларын да, жалдамаларын да қоса есептегенде) ұсақ кәсіпорындарындағыдан 3—5 есе көп болады, ал кооперацияны неғұрлым кең көлемде қолдану еңбек өнімділігін арттыруға әсер етпей қоймайды. Ірі шеберханалар әрқашан да техникалық жағынан жақсырақ жабдықталады, жақсы аспаптармен, құралдармен, керек-жарақтармен, машиналармен және т. с. қамтамасыз етілген болып келеді. Мәселен, щетка кәсіпшілігінде «дұрыс ұйымдастырылған шеберханада» 15-ке дейін жұмысшы болуы, ілгешек жасау кәсіпшілігінде 9—10 жұмысшы болуы керек. Ойыншық жасау кәсіпшілігінде майдагерлердің көпшілігі бұйымдарын кептіру үшін кәдімгі жай пештерді пайдаланады, ірілеу қожайындардың бұйым кептіретін арнайы пештері бар, ал аса ірі қожайындарда арнаулы үйлер — кептіргіштер болады. Металл ойыншықтар жасайтын өндірісте 16 қожайынның 8-інде арнаулы шеберханалар бар, ал разрядқа бөлгенде: I) 6 қожайынның біреуінде де шеберхана жоқ; II) 5 қожайынның 3-де бар және III) 5 қожайынның 5-де бар. Айна және рама жасайтын 142 майдагердің 18-де арнаулы шеберхана бар, ал разрядқа бөлгенде: I) 99-дың 3-де; II) 27-нің 4-де және III) 16-ның 11-де бар. Елеуіш тоқитын кәсіпшілікте елеуіш жібі қолмен иіріледі (I разряд), ал елеуішті тоқу механикалық әдіспен жүргізіледі (II және III разрядтар). Киім тігу кәсіпшілігінде разрядына қарай 1 қожайынға тігін машинасы мына мөлшерде келеді: I) 1,3; II) 2,1 және III) 3,4 және т. т., т. с. Мебель кәсіпшілігіндегі зерттеуінде Исаев мырза істі жеке-дара жүргізудің мынадай тиімсіздіктері бар екендігін көрсетеді: 1) жеке адамда қажетті құрал-саймандар толық болмайды; 2) істеп шығаратын товар түрлері аз болады, өйткені жеке адамның

---

* Біздің кестемізге кірген крахмал кәсіпшілігі бойынша әр түрлі көлемдегі кәсіпорындарында жұмыс уақытының ұзақтығы туралы мәліметтер бар. Бақсақ (біздің жоғарыда көргеніміздей), жұмыс уақыты бірдей болған күнде де ірі кәсіпорындағы бір жұмысшы ұсақ кәсіпорындағы бір жұмысшыдан өнімді көп береді екен.

үйінде ірі бұйымдарды қоятын орын жоқ, 3) бөлшектеп сатып алынатын материал анағұрлым қымбатқа (30—35% қымбат) түседі; 4) кейде ұсақ «майдагерге» деген сенімсіздіктің салдарынан, кейде ақшаға мұқтаждықтың салдарынан товарды арзан сатуға мәжбүр болады *. Дәл осындай жағдайлар мебель кәсіпшілігінде ғана емес, ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің орасан көпшілігінде байқалатыны белгілі. Ақырында, кәсіпшіліктің көбінде бір жұмысшының өндірген бұйымдарының құны төменгі разрядтан жоғарғы разрядқа қарай ғана емес, сонымен қатар ұсақ кәсіпшіліктерден ірі кәсіпшіліктерге қарай да барған сайын арта беретінін де айтуымыз қажет. Кәсіпшіліктердің 1-категориясында бір жұмысшы орта есеппен 202 сомдық товар өндіреді, 2 және 3-категорияларда 400 сомдық, 4-категорияда 500 сомнан артығырақ тұратын товар өндіреді (жоғарыда көрсетілген себеппен 381 деген цифрды бір жарым есе өсіру керек). Бұл жағдай шикізат бағасының қымбаттауы мен ұсақ кәсіпорындарды ірі кәсіпорындардың ығыстырып шығару процесінің өзара байланысты екенін көрсетеді. Капиталистік қоғам дамуының әрбір қадамында ағаш және т. с. өнімдер сөзсіз қымбаттап отырады, сөйтіп мұның өзі ұсақ кәсіпорындардың күйреуін тездетеді.

Жоғарыда айтылғандардан ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінде де біршама ірі капиталистік кәсіпорындары орасан зор роль атқарады деген қорытынды шығады. Кәсіпорындардың жалпы саны ішінде тым азшылығы бола тұрса да, бұлар жалпы жұмысшылардың басым көпшілігін және оған қоса жалпы өндіріс сомасының деніп өз жағына шоғырландырып алады. Осылайша, Москва губерниясындағы 33 кәсіпшіліктің 15 проценті болып табылатын жоғарғы разрядтағы кәсіпорындар бүкіл өндіріс сомасының 45 процентін шоғырландырып отыр, ал кәсіпорындарының төменгі разрядқа жататын 53 процентінің үлесіне бүкіл өндіріс сомасының пе бары

* Ұсақ өндіруші осы қолайсыз жағдайлармен жұмыс күнін ұзарту және еңбекті ауырлата түсу арқылы күреседі (1. с., 38-бет). Товар шаруашылығы тұсында ұсақ өндіруші егіншілікте де, өнеркәсіпте де тек өзінің керексінуін азайта түсу жолымен ғана күн көреді.

21 проценті ғана келеді. Кәсіпшіліктерден түсетін таза кірістің бөлінісі тіпті де біркелкі бола алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Пермь губерниясында 1894/95 жылы жүргізілген майдагерлік санақтың деректері мұны айқын дәлелдейді. 7 кәсіпшілік бойынша неғұрлым ірі кәсіпорындарын бөліп алып қарағанда, ұсақ және ірі кәсіпорындарының өзара қатынасының мынадай екенін көреміз *:

| Кәсіпорындар | Кәсіпорындарының саны | Жұмысшылар саны | | | Жалпы кіріс | | Жалақы | | Таза кіріс | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | семьядағы жұмысшылар | жалдама жұмысшылар | барлығы | барлығы | 1 жұмысшыға | барлығы | 1 жалдама жұмысшыға | барлығы | семьядағы 1 жұмысшыға |
| | | | | | Сом | | Сом | | Сом | |
| Барлық кәсіпорындар. | 735 | 1 587 | 837 | 2 424 | 239 837 | 98,9 | 28 985 | 34,5 | 69 027 | 43 |
| Ірілері | 53 | 65 | 336 | 401 | 117 870 | 293 | 16 215 | 48,2 | 22 529 | 346 |
| Қалғандары | 682 | 1 522 | 501 | 2 023 | 121 967 | 60,2 | 12 770 | 25,4 | 46 498 | 30,5 |

Барлық жұмысшының $^1/_5$ бөлігіне жуығын қамтыған ірі кәсіпорындардың азғантай бөлігі (жалпы кәсіпорындарының $^1/_{10}$-нен азырағы) бүкіл өндірістің жартысын дерлік және барлық кірістің (жұмысшылардың жалақысын да, қожайындардың кірісін де қоса есептегенде) $^2/_5$-іне жуығын шоғырландырып отыр. Ұсақ қожайынсымақтардың алатын таза кірісі ірі кәсіпорындарындағы жалдама жұмысшылардың жалақысынан едәуір кем болады; біз басқа бір жерде бұл сияқты құбылыстардың некен-саяқ емес, ұсақ шаруа кәсіпшіліктері үшін жалпы ереже екенін егжей-тегжейлі көрсеткенбіз **.

---

* Қараңыз: біздің «Этюдтер», 153 және келесі беттер (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 402 және келесі беттер. *Ред.)*, мұнда әрбір кәсіпшілік бойынша өз алдына жеке мәліметтер келтірілген. Бұл мәліметтердің барлығы да рынок үшін істейтін егінші-майдагерлерге байланысты екенін ескерте кетеміз.

** Текстіде келтірілген мәліметтерден ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінде 1000 сомнан аса өндіріс сомасы бар кәсіпорындары өте зор, тіпті неғұрлым басым роль атқаратындығы көрінеді. Еске сала кетелік, м.

Өзіміздің талдау жасаған мәліметтерімізден шығатын қорытындыларды жинақтай келе, біз ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің экономикалық құрылысы кәдуілгі ұсақ буржуазиялық құрылыс,—жоғарыда біз көрсетіп өткен ұсақ егіншілер арасындағыдай құрылыс деуге тиіспіз. Дәл осындай қоғамдық-шаруашылық жағдайда ұсақ шаруа кәсіпшіліктері, бір жағынан, өздерінің азшылық бөлігін ұсақ капиталистер етіп шығарудан, ал, екінші жағынан, көпшілік бөлігін жалдама жұмысшылар етіп шығарудан немесе жалдама жұмысшылардан да ауыр және нашар халдегі «дербес майдагерлер» етіп шығарудан басқа өзге жолмен ұлғайып, дами алмайды, жақсара да алмайды. Демек, біз ең ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің өзінен капитализмнің — түрлі экономист-Маниловтар [119] «халық өндірісінен» іргесі бөлек деп сипаттап жүрген капитализмнің аса айқын бастамасын көреміз. Ішкі рынок теориясының тұрғысынан қарағанда да талданып өткен фактілердің маңызы аз емес. Ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің дамуы неғұрлым дәулетті өнеркәсіпшілер тарапынан өндіріс құрал-жабдықтарына және селолық пролетариат арасынан алынып отыратын жұмыс күшіне деген сұранымның арта беруіне әкеліп соғады. Егер, мәселен, бір ғана Пермь губерниясындағы жалдама жұмысшылардың саны $6^1/_2$ мың болатын болса, онда селолық қолөнершілер мен ұсақ өнеркәсіпшілердің қарауындағы жалдама жұмысшылардың саны бүкіл Россия бойынша орасан көп болуға тиіс *.

дай кәсіпорындарын біздің ресми статистикамыз әрқашан «Фабрикалар мен заводтардың» қатарына қосып келді, қазірде де солай етіп жүр. [«Этюдтердің» 267, 270-беттерін салыстырыңыз (қараңыз: Шығармалар, 4-том, 6, 10-беттер. *Ред.*) және VII тарау, § II]. Сонымен, егер біз әдеттегі дәстүрге енген терминологияны, біздің халықшылдарымыз одан әрі аса алмай жүрген терминологияны пайдаланудың экономистер үшін айыбы жоқ деп тапсақ,— онда біз: қанағаттанғысыз болғандығынан ресми статистикаға кірмей жүрген «фабрикалар мен заводтар» шаруа, «майдагерлік» кәсіпорындарының арасында басым роль атқарады, деген «заң» шығаруға праволы болар едік.

* Қосып айтарымыз, Москва мен Пермь губернияларынан басқа губернияларда да ұсақ товар өндірушілердің арасында дәл осындай қатынастар барлығын деректемелер көрсетіп отыр. Қараңыз: мәселен, «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», II кітап, башмақ тігушілер мен киіз басушылардың үй санағы; «Майдагерлік комиссияның еңбектері», II кітап — Медынь уезінің арба доңғалақтарын жасаушылары туралы; II кітап — тағы да сол уездің тері өңдеушілері туралы; III кітап — Арзамас уезінің тері илеушілері туралы; VI кітап — Семенов уезінің киіз басушылары туралы және Васильский уезінің был-

## V. КАПИТАЛИСТІК ЖАЙ КООПЕРАЦИЯ

Ұсақ товар өндірушілердің біршама ірі шеберханалар ұйымдастыруы өнеркәсіптің неғұрлым жоғары формасына көшкендік болып табылады. Бытыраңқы ұсақ өндірістен *капиталистік жай кооперация* өсіп шығады. «Капиталистік өндіріс басталғанда іс жүзінде белгілі бір жеке капиталдың өзі бір мезгілде көп жұмысшы ұстаған кезден, олай болса еңбек процесі өзінің көлемін ұлғайтып, көп мөлшерде өнім берген кезден басталады. Белгілі бір капиталистің басқаруымен белгілі бір түрдегі товарларды өндіру үшін бір уақыттың ішінде, белгілі бір жерде (немесе, керек болса, белгілі бір еңбек саласында) көп жұмысшының іс-әрекет жасауы тарихи және логикалық жағынан капиталистік өндірістің бастама пункті болып табылады. Өндіріс әдісінің өзіне келсек, мәселен, өзінің бастапқы күйінде мануфактураның цехтық қолөнер өндірісінен айырмашылығы белгілі бір капиталдың бір мезгілде көп жұмысшы ұстағандығынан басқа айырмашылық бола қойды ма екен. Цех мастерінің шеберханасы тек қана кеңітілді». («Das Kapital», I [2], S. 329) [120].

Демек, біздің ұсақ шаруа («майдагерлік») кәсіпшіліктерімізде капитализмнің нақ осы бастапқы нышандары байқалып отыр. Басқаша тарихи жағдай (цехтық қолөнер кәсібінің болмауы немесе нашар дамуы) сол бағзы бір капиталистік қатынастар көрінісінің формасын ғана өзгерте алады. Капиталистік шеберхананың ұсақ өнеркәсіпші шеберханасынан айырмашылығы бастапқы кезде белгілі бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшыларының санында ғана. Сондықтан алғашқы капиталистік кәсіпорындар, сан жағынан азшылық болуы себепті, толып жатқан ұсақ кәсіпорындардың ішінде бейне бір көзден таса қалғандай болады. Алайда, көп-

---

ғарышылары туралы және т. т. Салыстырыңыз: «Нижегород жинағы», IV том, 137-бет,— А. С. Гацисскийдің ұсақ кәсіпшіліктер туралы жалпы пікірі ірі шеберханалардың бөлініп шыққанын атап көрсетеді. Салыстырыңыз: Павлово майдагерлері туралы (жоғарыда көрсетілді), апталық табыстарының мөлшері бойынша семья топтары туралы Анненскийдің баяндамасы және т. т. және т. с. Үй басы санағының біз талдап өткен мәліметтерінен бұл аталғандардың бәрінің айырмашылығы олардың толық еместігі мен тапшылығында ғана болып отыр. Бірақ істің мәнісі бәрінде де бірдей.

теген жұмысшыларды пайдалану өндірістің өзінде жүйелі өзгерістер жасалуына және өндірістің бірте-бірте қайта құрылуына сөзсіз әкеліп соқтырады. Жұмыс қолмен атқарылатын анайы техниканың тұсында жеке қызметкерлердің арасындағы айырмашылықтар (күші, ептілігі, шеберлігі және басқа жақтарынан) әрқашан өте елеулі дәрежеде болады; тіпті бір ғана осы себептің салдарынан ұсақ өнеркәсіпшінің жағдайы өте тұрлаусыз болады; оның рыноктағы ауытқымалы жағдайға тәуелділігі ең ауыр сипат алады. Кәсіпорнында бірнеше жұмысшы істеген жағдайда олардың арасындағы жеке айырмашылықтар шеберхананың өз ішінде-ақ ретке келтіріліп отырады; «бір мезгілде жұмыс істейтін көп жұмысшының жиынтық жұмыс күнінің өзін алғанда... қоғамдық орта еңбек күні болып табылады» [121], осы себепті де капиталистік шеберхананың өнімдерді өндіруі және оларды өткізуі неғұрлым бірқалыпты және тұрақты болып келеді. Құрылыстарды, қоймаларды, саймандар мен еңбек құралдарын және басқаларды неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік туады; ал мұның өзі неғұрлым ірі шеберханаларда өндіріс құнын арзандатуға жол ашады *. Өндірісті неғұрлым кең көлемде жүргізу үшін және бір мезгілде көп жұмысшы ұстау үшін едәуір көп капитал жинақталуы керек, бұл капитал көбінесе өндіріс сферасында емес, сауда және тағы басқа сфераларда құралады. Бұл капиталдың мөлшері қожайынның жеке басының кәсіпорнындағы жұмысқа қатынасуының формасын белгілейді: егер оның капиталы әлі шамалы болатын болса, оның өзі де жұ-

* Мәселен, Владимир губерниясының зергерлері [122] туралы біз мынаны оқимыз: «Жұмысшылардың саны көп болған кезде шығынды едәуір кемітуге болады; бұған жарыққа, забойға, тасқа, түрлі керек-жарақтарға кететін шығындар жатқызылуға тиіс» («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 188). Пермь губерниясының мыстан бұйым жасайтын кәсіпшілігінде жеке-дара жұмысшыға сайман түрлері толық (16 сорты) болуы керек; екі жұмысшы болғанда сол сайманға «шамалы ғана қосымша» керек. «6—8 адам істейтін шеберхана үшін жаңағы сайман құрамы үш немесе төрт есе арттырылуы керек... Токарьлық станок 8 кісілік шеберхана болған күнде де біреу ғана керек».— («Майдагерлік комиссияның еңбектері», X, 2939). Негізгі капитал ірі шеберханада 466 сом, орташа шеберханада 294 сом, ұсақ шеберханада 80 сом болып келеді, ал өндіріс сомасы осыған қарай 6200 сом — 3655 сом — 871 сом болады. Демек, ұсақ кәсіпорындарында өндіріс көлемі негізгі капитал сомасынан 11 есе артық, орташаларында — 12 есе, ірілерінде — 14 есе артық болып шығады.

мысшының бірі болуы мүмкін немесе еңбекке қатысудан бас тартып, коммерциялық-кәсіпкерлік істерге маманлануы мүмкін. Мәселен, мебель кәсіпшіліктерін суреттеуде: «Шеберхана қожайынының жағдайын онда істейтін жұмысшының санымен байланыстыруға болады»,— деп жазылған. «Екі-үш жұмысшы қожайынға болмашы ғана пайда түсіретіндіктен, оның өзі де солармен қатар жұмыс істейді... Ал бес жұмысшы қожайынға едәуір пайда түсіреді, енді ол белгілі бір дәрежеде өзін қара жұмыстан босатады да, біраз жалқаулана бастайды, сөйтіп ол, негізінен, қожайындық соңғы екі рольді атқаратын болады» (яғни материал сатып алу және товар өткізу). «Жалдама жұмысшыларының саны 10-ға жетіп немесе одан да асқанда қожайынның қара жұмыс істеуді қоятыны былай тұрсын, енді ол тіпті жұмысшыларға бақылау жасауды да қояды: ол жұмысшылардың үстінен бақылау жасау үшін бас мастер тағайындайды... Бұл арада ол енді кішкене капиталист, нағыз «түп қожайын» бола бастайды». (Исаев, «Москва губерниясының кәсіпшіліктері», I, 52—53). Біз мысалға келтірген статистикалық мәліметтер жалдама жұмысшылардың саны едәуір артқан кезде семьядағы жұмысшылар санының азаятынын көрсете отырып, бұл сипаттаманы айқын дәлелдейді.

Өнеркәсіптің капиталистік формаларының дамуындағы капиталистік жай кооперацияның жалпы маңызын «Капиталдың» авторы былай сипаттайды:

«Тарихи жағынан алғанда кооперацияның капиталистік формасы шаруа шаруашылығы мен тәуелсіз қолөнер өндірісіне қарама-қарсы өрістейді, мұнда соңғысының цехтық формасының болу-болмауы есеп емес... Кооперацияның арқасында артқан еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің капиталдың өндіргіш күші болып табылатыны сияқты,— кооперацияның өзі де, бытыраңқы тәуелсіз қызметкерлердің немесе ұсақ қожайындардың өндіріс процесіне қарама-қарсы, өндірістің капиталистік процесінің ерекше формасы болып табылады. Мұның өзі — еңбектің капиталға бағынуының салдарынан еңбек процесінің өзі басынан кешіретін бірінші өзгеріс... Еңбектің сол бір процесінің өзінде көп жалдама

жұмысшыларды бір мезгілде пайдалану, осы өзгерістің шарты болғандықтан, капиталистік өндірістің бастама пунктін жасайды... Сондықтан, егер, бір жағынан, капиталистік өндіріс әдісі еңбек процесін қоғамдық процеске айналдыру үшін тарихи қажеттілік болса, онда, екінші жағынан, еңбек процесінің қоғамдық формасы бұл процестің өндіргіш күшін арттыру арқылы осы процесті тиімдірек етіп пайдалану жөнінде капиталдың қолданатын әдісі болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған қарапайым түрінде кооперация кең көлемді өндіріспен орайласады, бірақ оның өзі капиталистік өндірістің өзгеше бір өркендеу заманының ешқандай да баянды, сипатты формасы болып табылмайды. Ең мықтағанда, ол кооперация мануфактураның әлі қолөнер күйіндегі бастамаларында... шамамен осындай формада көрінеді» («Das Kapital», I [2], 344—345) [123].

Россияда жалдама жұмысшылары бар ұсақ «майдагерлік» кәсіпорындарының капитализмнің неғұрлым күшті дамыған және неғұрлым кең тараған формаларымен қалай тығыз байланысып жатқанын біз алдағы баяндаулардан айқын көреміз. Ал енді осы кәсіпорындарының ұсақ шаруа кәсіпшіліктеріндегі атқаратын ролiне келсек, онда бұл кәсіпорындары бұрынғы өндіріс бытыраңқылығының орнына едәуір кең көлемде капиталистік кооперация жасайды және елеулі мөлшерде еңбек өнімділігін арттырады, мұның өзі жоғарыда статистикалық мәліметтермен корсетілді.

Ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінде капиталистік кооперацияның атқаратын орасан зор ролі туралы және оның прогрестік маңызы туралы біздің қорытындымыз ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінде «артельдік негіздің» түрлі көріністері басым дейтін кеңінен таралып жүрген халықшылдық доктринаға мүлдем қарама-қайшы келеді. Ал шынына келгенде, мүлдем керісінше, ұсақ өнеркәсіп (қолөнер кәсібі де) өндірушілердің мейлінше бытыраңқылығымен өзгеше болып отыр. Өздерінің қарама-қарсы көзқарастарын растау үшін халықшылдық әдебиет бірен-саран мысалдардан басқа еш нәрсе айта алған жоқ, ол мысалдардың басым көпшілігі тіпті де коопе-

рацияға қатысы жоқ, қожайын мен қожайынсымақтардың бірлесіп шикізат сатып алу, ортақ шеберхана салу және т. т. үшін уақытша, ұсақ-түйек бірлесулерін ғана көрсетеді. Мұндай артельдердің капиталистік кооперацияның артықшылық маңызына ешқандай да жанасымы жоқ *. «Артельдік негіздің» шын мәнісінде қаншалықты кең түрде қолданылып отырғаны туралы дәл түсінік алу үшін әр жерден үзіп-жұлып алынған мысалдарға сүйену жеткіліксіз; бұл үшін қандай болса да тұтас зерттелген бір ауданның мәліметтерін алып, кооперацияның белгілі бір формаларының қаншалықты тарағанын және олардың қандай маңызы барлығын қарап оту керек. Мәселен, 1894/95 жылғы Пермь «майдагерлік» санағының мәліметтері осындай,— және біз басқа бір жерде («Этюдтер», 182—187-беттер **) осы санақтың ұсақ өнеркәсіпшілердің соншама бытыраңқы екенін көрсетіп бергенін және сан жағынан тіпті аз ірі кәсіпорындарының қаншалықты маңызы зор екенін атап өткенбіз. Капиталистік кооперацияның ролі туралы жоғарыда жасалған қорытынды бірен-саран мысалдарға негізделген жоқ, түрлі жерлердегі ондаған әр түрлі кәсіпшіліктерді қамтып жүргізілген үй басы санағының дәл мәліметтеріне негізделген.

### VI. ҰСАҚ КӘСІПШІЛІКТЕРДЕГІ САУДА КАПИТАЛЫ

Жұртқа мәлім, ұсақ шаруа кәсіпшіліктері көп реттерде өнімдерді өткізу және шикізат сатып алу жөніндегі сауда операциясымен арнайы айналысатын және әдетте белгілі бір формада өзіне ұсақ өнеркәсіпшілерді бағынышты ететін ерекше алыпсатарларды дүниеге әке-

---

* Текстіде айтылған пікірді мысалдармен дәлелдеп жатуды біз қажетсіз деп санаймыз: В. В. мырзаның «Майдагерлік кәсіпшіліктегі артель» (СПБ. 1895) деген кітабынан мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді. В. В. мырза келтірген (аталған шығарманың 182 және келесі беттері) мысалдардың шын маңызын Волгин мырза талдап берді, сөйтіп біздің «майдагерлік» өнеркәсібіміздегі «артельдік негіздің» мүлдем мардымсыз екенін көрсетті. Біз тек В. В. мырзаның мына бір пікірін көрсете кетелік: «...дербес бірнеше майдагерлердің өндірістік бірлестікке бірігуі... бәсекенің қажеттілік жағдайынан тумайды, кәсіпшіліктердің көпшілігінде жалдама жұмысшылары бар біршама ірі шеберханалардың жоқтығы осыны дәлелдейді» (93). Бұл сияқты үстірт қағиданы беталды айта салу, әрине, осы мәселе жөніндегі үй басы санағының мәліметтеріне талдау жасаудан гөрі анағұрлым жеңіл.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 439—445-беттер. *Ред.*

леді. Енді біз бұл құбылыстың ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінің жалпы құрылысымен қандайлық байланысты екенін және оның маңызы қандай екенін қарап көрелік.

Алыпсатардың негізгі шаруашылық операциясы — қайтадан сату үшін товар (өнім немесе шикізат) сатып алу. Басқаша сөзбен айтқанда, алыпсатар дегеніміз сауда капиталының өкілі. Капитал атаулының, өнеркәсіптік капиталдың да, сауда капиталының да басталар жері — жеке адамдардың қолында басы артық ақша қаражатының құрылуы (басы артық ақша қаражаты дегенді — иесінің өзіне тұтыну үшін қажеті жоқ ақша қаражаты деп түсіну керек). Біздің деревняларымызда мүліктік дифференциация қалай болып жатқандығы,— жоғарыда егіншілік пен кәсіпшіліктегі шаруалардың жіктелуі туралы мәліметтерде толық көрсетілген. Бұл мәліметтерден алыпсатарды туғызатын жағдайлардың бірі, атап айтқанда: ұсақ өндірушілердің бытыраңқылығы, оқшаулығы, олардың araларында шаруашылық алакөздігі және қырғиқабақ күрес барлығы анықталып отыр. Екінші жағдай сауда капиталы атқаратын қызметтің сипатына қатысты, яғни шығарылған бұйымдарды өткізу және шикізат материалдарын сатып алуға қатысты жағдай. Товар өндірісі мардымсыз дамыған жағдайда ұсақ өндіруші бұйымдарын жергілікті ұсақ рынокта ғана өткізумен, кейде тіпті тұтынушыға қолма-қол берумен шектеледі. Бұл — қолөнер кәсібінен жаңа ғана ажырап келе жатқан товар өндірісі дамуының төменгі сатысы. Рынок ұлғайған сайын өнімді мұндай ұсақ, бытыраңқы түрде өткізу (ұсақ, бытыраңқы өндіріске толық сәйкес келетін) *мүмкіндігі* жойыла бастайды. Ірі рынокта товар өткізу де ірі, көлемді түрде болуы тиіс. Міне, сөйтіп өндірістің ұсақ сипаты көптеп, көтере өткізу қажеттігімен бітіспес қайшылыққа тап болады. Нақ осы қоғамдық-шаруашылық жағдайда, ұсақ өндірушілер оқшауланып, ыдырап жатқан жағдайда, товар өткізу ісін ауқатты азшылықтың өкілдері өз қолдарына алмайынша, өз қолына шоғырландырмайынша, бұл қайшылық шешілмейді. Бұйымды (немесе шикізатты) көптеп сатып алу арқылы алыпсатарлар өткізу шығындарын азайтты, өнім өткізуді ұсақ, кездейсоқ,

қолайсыз істен енді ірі көлемде және жүйелі атқарылатын іске айналдырды,— міне, осы көптеп өткізудің бірыңғай экономикалық артықшылығы ұсақ өндірушілердің рыноктан шеттеп қалуына және сауда капиталының үстемдігі алдында қорғансыз болып қалуына сөзсіз әкеліп соқтырды. Сонымен, өнімді ұсақтап бытыраңқы түрде өткізуге қарағанда ірілеп, көптеп өткізудің бірыңғай экономикалық артықшылығы арқасында, товар шаруашылығы жағдайында ұсақ өндіруші ылажсыз сауда капиталына тәуелді болып шығады *. Өнеркәсіп капиталисінің пайдасы көп жағдайда мөлшерлі жалақыдан ұсталатын алымдардан құралатыны сияқты,— алыпсатарлардың пайдасы да, шыныпа келгенде, көп жағдайда көптеп өткізу құны мен ұсақтап өткізу құнының арасындағы айырмамен ғана шектеліп қалмайды. Солай бола тұрса да өнеркәсіп капиталисінің пайдасы неден құралатындығын түсіндіру үшін біз жұмыс күші өзінің шын құнымен сатылады деп есептеуіміз керек. Дәл сол сияқты, алыпсатардың қандай роль атқаратындығын түсіндіру үшін де біз өнімді сатып алу-сату істерін олар товар айырбасының жалпы заңы бойынша жүргізеді деуіміз қажет. Сауда капиталының іс жүзіндегі сан алуан формаларының, олардың ішінде барып тұрған көз бояушылықтың да ұдайы кездесіп отыратындығының (бұған ешбір күмәндануға болмайды) сырын сауда капиталы үстемдігінің тек осы экономикалық себептері ғана ашып бере алады. Ал бұған керісінше, әдеттегі халықшылдар сияқты қарау, яғни «кулактардың» түрлі әрекеттерін көрсетумен ғана шектелу және осының негізінде құбылыстың экономикалық табиғаты туралы мәселені мүлдем есепке алмау — тұрпайы экономияның көзқарасына қосылғандық деген сөз **.

* Капитализмнің жалпы дамуындағы сауда, көпес капиталының маңызы туралы мәселе жөнінде біз оқушыны «Капиталдың» III томына сілтейміз. Қараңыз: товарлы-сауда капиталының мәні туралы, әсіресе — III, I, S. 253—254 (орысша аудармасы, 212); сауда капиталының товар өткізуді арзандатуы туралы — S. 259 (орысша аудармасы, 217); «көпестік кәсіпорындарында шоғырландыру ісінің өнеркәсіптік шеберханалардан бұрын пайда болғандығын» көрсететін құбылыстың экономикалық қажеттігі туралы — S. 278—279 (орысша аудармасы, 233—234); «капиталистік өндіріс әдісінің дамуы үшін» қажетті «шарт» ретіндегі сауда капиталының тарихи ролі туралы — S. 308 (орысша аудармасы, 259) және S. 310—311 (орысша аудармасы, 260—261) [124].

** «Майдагерлік» кәсіпшіліктерді дәріптеп және сауда капиталын

Рынокқа арналған ұсақ өндіріс пен сауда капиталының үстемдігі арасындағы қажетті себептік байланыс туралы қағидамызды растау үшін алыпсатарлардың қалай пайда болатындығы және олардың қандай роль атқаратындығы туралы ең жақсы сипаттамалардың біріне толығырақ тоқталып өтелік. Біздің айтып отырғанымыз Москва губерниясындағы шілтер кәсіпшілігіне жүргізілген зерттеу («Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VI том, II кітап). «Саудагер әйелдердің» шығу процесі мынадай. 1820 жылдары, яғни кәсіпшіліктің жаңа пайда болған кезінде және одан кейінірек, шілтер тоқитын әйелдердің әлі аз кезінде,— ең басты сатып алушылар помещиктер, «мырзалар» болды. Тұтынушы өндірушінің маңында болды. Кәсіпшілік көбейе келе шаруалар шілтерлерін «реті келгенде», мәселен, тарақшылар арқылы Москваға жібере бастады. Мұндай тұрпайы өткізу әдісінің қолайсыздығы тез-ақ байқалды: «бұл жұмыспен өзі айналыспайтын мужик үй-үйді қайдан кезіп жүрмек?» Енді шілтер өткізу жұмысын шілтерші әйелдердің біріне тапсыратын болды, оның жұмсаған уақытына ақы төленді. «Шілтер тоқуға керекті материалды да сол әйел әкеліп жүрді». Сөйтіп, өнімді жеке-жеке өткізудің тиімсіздігі сауданы өз алдына ерекше қызмет ретінде бөліп шығаруға әкеп соқтырды, көптеген жұмысшы әйелдер жасаған бұйымдарды жинап алып, бір адам атқаратын болды. Бұл жұмысшы әйелдердің бір-біріне патриархтық жақындығы (туыстығы, көршілігі, селоластығы және т. с.) бастапқы кезде бұйымды өткізу жұмысын дос-жарандық жолмен ұйымдастырып, оны шебер әйелдердің біріне жүктеу әрекетін туғызады. Бірақ ақша шаруашылығы ескі патриархтық

---

рынокқа арналған ұсақ өндірістің қажетті серігі деп санамай, қайта, қайдағы бір аяныштты ауа жайылушылық деп санап жүрген халықшылдардың жорамал көзқарасы,— өкінішке қарай, статистикалық зерттеулерге де әсерін тигізді. Мәселен, біздің қолымызда майдагерлер жөнінде (Москва, Владимир, Пермь губерниялары бойынша) үй басы санағының мәліметтері бар, бұл мәліметтер әрбір ұсақ өнеркәсіпшінің шаруашылығын әбден анықтап зерттеген, бірақ алыпсатарлар *шаруашылығы* туралы мәселені, оның капиталы қалай құралатындығы туралы және ол капиталдың мөлшері немен белгіленетіндігі, алыпсатар үшін товар өткізу мен сатып алудың құны қандай екендігі және т. т. туралы мәліметтер алуды ескерусіз қалдырған. Біздің «Этюдтерді» салыстырыңыз, 169-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинагы, 2-том, 420—421-беттер. *Ред.*)

қатынастардың дереу шырқын бұзып, жоғарыда шаруалардың жіктелуі жөніндегі жаппай мәліметтерге сүйеніп біз атап өткен құбылыстарға әкеліп соқтырады. Өнімді сату үшін өндіру уақытты ақшамен бағалауға үйретеді. Делдалдық қызмет атқарып жүрген әйелдің жұмсаған уақыты мен еңбегіне ақы төлеу қажеттігі туады; делдал әйел өзінің ісіне машықтанып алады және оны кәсіпке айналдыра бастайды. «Осылайша әлденеше қайтара қалаға сапарлап қайту *саудагер әйелдердің* типін жасап шығарды» (l. с., 30). Москваға бірнеше рет барған адам товарын дұрыс өткізу үшін аса қажетті тұрақты байланыстар жасап алады. «Комиссионерлік табыспен күн көру қажеттігі мен дағдысы пайда болады». Саудагер әйел комиссия үшін ақы алумен қоса «материалға, қағазға, жіпке үстеме баға қосуды үйренеді», шілтерді белгіленгенінен артық бағамен сатудан түскен ақшаны өзі алып отырады; саудагер әйелдер товарды бағасынан арзан саттым: «берсең бер, бермесең қой» деп айтатынды шығарады. «Саудагер әйелдер қаладан товар әкеле бастайды және бұдан да едәуір пайда табады». Комиссионер әйел, демек, дербес саудагерге айналады, өткізу жұмысын өз монополиясына айналдыра бастайды және өзінің осы монополиялық жағдайын шебер әйелдерді өзіне толық бағындыру үшін пайдаланады. Сауда операциясымен қатар өсімқорлық операциясы, шебер әйелдерге қарызға ақша беру, олардан товарды арзан бағамен алу және т. т. пайда бола бастайды. «Қыздар... сатып бергені үшін сомына 10 тиыннан төлейді, сондай-ақ олар өздерінің шілтерлерін саудагер әйел қымбатырақ сату арқылы тағы да үстеме алатынын жақсы біледі. Бірақ олар басқалай жолмен істің ыңғайын келтіруді білмейді. Мен оларға Москваға өздерің кезектесіп барып отырсаңдар еді дегенімде, олар: бұл одан да жаман, кімге өткізуді білмейміз, ал саудагер әйел керекті жердің бәрін де жақсы біледі деп жауап берді. Саудагер әйел олардың дайын товарын өткізеді және заказдарын, материал, кесте (әшекей) және т. т. әкеліп береді; саудагер әйел оларға әрқашан ақшаны да алдын ала береді, немесе қарызға береді, ал егер мұқтаждық қысатын болса, бір бөлшек шілтерді

тура оның өзіне де сатуға болады. Саудагер әйел, бір жағынан, ең керекті, қажетті адам болып алады,— екінші жағынан, бірте-бірте өзгенің еңбегін мықтап қанайтын адам — кулак-әйел қалыптасады» (32). Бұған ұсақ өндірушілердің өз араларынан жоғарыда аталған типті адамдар шығады дегенді қоса айтуымыз керек. «Қаншама саудагер әйелден сұрауға тура келмесін, олардың барлығы да бұрын өздері шілтер тоқыған әйелдер болды, демек, олар сол өндірісті білетін адамдар; олар нақ сол шілтер тоқушылардың өз арасынан шықты; олардың әуелде ешқандай капиталы болған жоқ, тек өздерінің комиссионерлігімен байи бастағаннан кейін бірте-бірте шытпен және басқа товарлармен сауда жасайтын болған» (31) *. Сонымен, товар шаруашылығы жағдайында ұсақ өндіруші өз ортасынан жалпы алғанда неғұрлым ауқатты өнеркәсіпшілерді ғана емес, сонымен қатар, атап айтқанда — сауда капиталының өкілдерін де сөзсіз шығарып отыратынына шек келтіруге болмайды **. Ал сауда капиталының өкілдері пайда болған жерде ұсақтап, бытыраңқы түрде өнім өткізуді ірі көлемді, көтере өткізудің ығыстырып шығармай қоймайтыны сөзсіз ***. «Майдагерлер» арасынан шыққан неғұрлым ірі, сонымен қатар, әрі алыпсатар қожайындардың товар өткізуді іс жүзінде қалай ұйымдастыратындығы жөнінде бірнеше мысалдар келтірелік. Москва губерниясындағы майдагерлердің есеп шотын сату ісі (бұлар туралы статистикалық мәліметтерді біздің кестемізден қараңыз; I қосымша) негізінен бүкіл Россия көлемінде жәрмеңкелерде жүргізіледі. Жәрмең-

* Ұсақ өндірушілердің өз ортасынан алыпсатарлардың бұлайша құралуы — жалпылама құбылыс, осы мәселеге қатысты жердің бәрінде зерттеушілер әрқашан дерлік бұл құбылысты атап көрсетеді. Мәселен, қараңыз: жұмсақ былғарыдан қолғап тігу кәсіпшілігіндегі «үйге жұмыс беруші әйелдер» туралы ескертулер («Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VII том, II кітап, 175—176-беттер), Павлово кәсіпшілігінің алыпсатарлары туралы (Григорьев, l. с., 92) және басқа көптеген материалдар.

** Ұсақтап өткізудің (сондай-ақ шикізатты ұсақтап сатып алудың да) зиян шектіретіндігі мен «ұсақ бытыраңқы өндірістің жалпы сипаты» арасындағы байланысты Корсак та («Өнеркәсіптің формалары туралы») әбден дұрыс айтқан болатын (23 және 239-беттер).

*** Жоғарыда біз кеңірек айтып өткен майдагерлер арасындағы ірі қожайындар, бір жағынан, алыпсатар да болып табылады. Мәселен, ірі өнеркәсіпшілердің ұсақ өнеркәсіпшілерден бұйымдар сатып алуы өте кең таралған құбылыс.

кеде өзі сауда жүргізу үшін, 1-ден, едәуір капиталы болу керек, өйткені жәрмеңкеде тек көтерме сауда жүргізеді; 2-ден, бұйымдарды жергілікті жерде сатып алатын және оларды саудагерге жіберіп отыратын өз адамы болуы керек. Бұл шарттарды едәуір капиталы бар, есеп шоттарын жасайтын (яғни оларды рамалар мен кішкене сүйектерден дайындайтын) және осы есеп шоттарымен сауда жасайтын, өзі «майдагер», өзі «бірден-бір саудагер-шаруа» ғана орындай алады; оның 6 баласы «тек саудамен ғана айналысады», сондықтан үлесті жеріп өңдеу үшін екі қызметкер жалдап алуына тура келеді. «Демек, оның барлық жәрмеңкеге де өз товарларымен қатысуға мүмкіндігі бар екеніне таңдануға болмайды, ал одан гөрі ұсақтау саудагерлер өздерінің товарларын әдетте жақын жерлерге ғана өткізеді»,— дейді зерттеуші («Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VII том, I кітап, 2-бөлім, 141-бет). Бұл жағдайда сауда капиталы өкілінің жалпы «егінші мужиктер» бұқарасынан әлі де болса бөлініп шыға қоймағанын, оның өзінің үлесті шаруашылығын және патриархтық үлкен семьясын сақтап қалғанынан көреміз. Москва губерниясының көзілдірікшілері өздерінің бұйымдарын (көзілдірік станоктарын) өткізетін өнеркәсіпшілерге толығынан тәуелді болып отыр. Бұл алыпсатарлар — сонымен бірге әрі өздерінің шеберханалары бар «майдагерлер»; жасаған бұйымдарды «қожайынның» өзіне әкеліп беруді шарт етіп қояды да, олар кедей кәсіпкерлерге өңделмеген материалдар беріп отырады және т. т. Ұсақ өнеркәсіпшілер өнімдерін Москваға өздері апарып өткізуге де тырысты, бірақ олар сәтсіздікке ұшырады: не бары 10—15 сомға бұйымды ұсақтап өткізіп отыру өте тиімсіз болып шықты (ib., 263). Рязань губерниясының шілтер кәсіпшілігінде саудагер әйелдер шебер әйелдердің табысынан тыс 12—50% пайда түсіріп отырады. «Байсалды» саудагер әйелдер товар өткізу орталықтарымен қатынасын дұрыстап алады да, товарларын почта арқылы жіберіп отырады, мұның өзі жол шығынын үнемдейді. Көтере өткізудің қаншалық қажетті екендігі мынадан да көрінеді: саудагерлер тіпті 150—200 сомдық товар өткізгеннің өзінде де өткізу шығындары

өтелмейді деп санайды («Майдагерлік комиссияның еңбектері», VII, 1184). Белев шілтершілерінің бұйым өткізуді ұйымдастыруы төмендегідей. Белев қаласында саудагер әйелдердің үш разряды бар: 1) «Топтап сатып алушылар», бұлар ұсақ заказдар таратып береді, шебер әйелдерді өздері аралап, ірі саудагер әйелдерге товар әкеліп тұрады. 2) Заказ беруші-саудагер әйелдер, олар өздері заказ береді немесе топтап сатушы әйелдерден товар сатып алып, оны астаналарға және басқа жерлерге апарып өткізеді. 3) Ірі саудагер әйелдер (2—3 «фирмалар»), бұлар істі комиссионерлер арқылы жүргізеді, оларға товар жіберіп, ірі заказдар алып отырады. Провинциалдық саудагер әйелдердің өз товарларын үлкен магазиндерге апарып өткізуі «мүмкін емес дерлік»: «магазиндер кестелердің неше алуан түрлерін топ-тобымен тұтас жеткізіп беретін ірі алыпсатарлармен істес болғанды артық санайды», жергілікті саудагер әйелдер, міне, осы «жабдықтаушы алыпсатарларға» өткізуге тиіс; «сауданың барлық жай-жапсарын осылардан біліп отырады; нарқын да осылар қойып береді; қысқасы, оларсыз — күн жоқ». («Майдагерлік комиссияның еңбектері», X, 2823—2824). Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болар еді. Бірақ ірі рынок үшін товар өндірген кезде бытыраңқы түрде ұсақтап өткізудің мүлдем мүмкін еместігін көру үшін жоғарыда келтірілген мысалдардың өзі де әбден жеткілікті. Ұсақ өндірушілер бытыраңқы болып отырған және олар әбден жіктеліп отырған жағдайда * товарды топтап өткізуді тек ірі *капитал* ғана ұйымдастыра алады, осының нәтижесінде ол майдагерлерді әбден шарасыз және тәуелді жағдайға түсіреді. «Товар өткізуді ұйымдастыру» арқылы «майдагерге» көмектесу керек дейтін кеңінен таралып жүрген халықшылдық теорияның ақылға сыйымсыздығын осыдан да көруге болады. Таза теориялық жағынан алғанда, мұндай теориялар *товар* өндірісі мен

* В. В. мырза сауда капиталына бағынған майдагер «шын мәнісінде мүлдем артық зиян шегеді» деп сендіреді («Майдагерлік өнеркәсіп очерктері», 150). В. В. мырза ұсақ өндірушілердің жіктелуі, яғни сол ұсақ өндірушінің өзі өмір сүріп отырған товар шаруашылығы жағдайында «шын мәнісінде» «мүлдем артық» құбылыс деп ойлай ма екен?

*капиталистік* жолмен товар өткізу арасындағы біте қайнасқан байланысты түсінбеушілікке негізделген мещандық утопияға жатады *. Ал орыс өмірі шындығының мағлұматтарына келетін болсақ, жоғарыдағыдай теорияларды шығарушылар мұны мүлдем елемейді: ұсақ товар өндірушілердің бытыраңқылығы мен олардың толық жіктелуі еленбейді; «алыпсатарлардың» осылардың арасынан шығып келгендігі және әлі де шығып отырған фактісі; капиталистік қоғамда өткізу ісін тек ірі капитал ғана ұйымдастыруы мүмкін екендігі еленбейді. Ұнамсыз, бірақ даусыз шындықтың барлық осы белгілерін есептен шығарып тастағаннан соң, әрине, in's Blaue hinein ** қиялға берілудің қиын емес екендігі түсінікті ***.

---

* «Әңгіме кулакта емес, майдагерлер арасында капиталдың жеткіліксіздігінде» — дейді Пермь халықшылдары («Пермь губерниясындағы майдагерлік кәсіпшілік жағдайының очеркі». 8-бет). Ал кулак дегеніміз капиталы бар майдагер емей немене? Халықшылдар ұсақ өндірушілердің арасынан өндіріс иелері мен «кулактарды» бөліп шығарып отырған ұсақ өндірушілердің жіктелу процесін зерттегілері келмейді,— бәленің түп тамыры, міне, осында.

** — беталды; бостан-босқа. *Ред.*

*** «Дербес майдагер» үшін қажетті «негізгі» және «айналмалы» *капиталдың* мардымсыздығы туралы пайымдаулар халықшылдық теорияларының quasi-экономикалық (жалған-экономикалық. *Ред.)* дәлелдемесіне жатады. Өте кең тараған бұл пайымдаулардың сарыны мынадай. Майдагерлік кәсіпшіліктер шаруаға көп пайда келтіреді, сондықтан оларды кеңінен таратып, күшейте беру керек. (Шаруашылығы күйзеліп бара жатқан шаруалар бұқарасына, олардың бірқатарын ұсақ товар өндірушілерге айналдыру арқылы көмектесуге болады деген бұл алдамшы идеяға біз тоқталып жатпаймыз). Ал кәсіпшілік орнату үшін майдагердің іс жүргізуіне керекті «капиталдың» мөлшері қандай екенін білу керек. Осы сияқты көп есептердің бірі мынау. Павлово майдагері үшін қажетті негізгі капитал 3—5 сом, еңбек құралының құнын қоса есептегенде 10—13—15 сом және т. с., ал азық-түлікке және өңделмеген материалға шығатын *апталық* шығынды қоса есептегенде 6—8 сом мөлшерінде айналмалы капитал керек деп, Григорьев мырза бізге ақыл айтады. «Сонымен, негізгі және айналмалы капитал (sic!) мөлшерінің Павлово ауданында төмендігі сондай, тіпті дербес (sic!!) өндіріс жасау үшін қажетті саймандар мен материалдарды жиып алу мұнда оп-оңай» (l. с., 75). Шынында да, бұл сияқты пайымдаудан «оңай» нәрсе болуы мүмкін бе? Бір апталық шығыны мен арзанқол саймандарын «капитал» деп атау ғана мұң екен,— қаламды бір сілтегенде-ақ Павлово пролетарлары «капиталиске» айналып шыға келеді. Товар өткізуді монополиялап алған, шын мәнісінде өздері ғана de facto (факт жүзінде, іс жүзінде. *Ред.)* «дербес» сан мыңдаған сом капиталды іске қосып отырған ірі алыпсатарлардың шын *капиталын,*— осы нағыз капиталды автор жай ғана абстракциялап отыр! Ең соңғы жаңалықтар бойынша, дербес болу үшін бірнеше ондаған сомның «капиталының» өзі де жеткілікті болып отырғанда, бүтіндей бірнеше ұрпақ бойына түрліше айла-шарғымен өздеріне капитал құрастырып келген, әлі де сан мыңдаған капитал құрастырып жатқан Павловоның ауқатты адамдары неғылған түйсіксіз қызық адамдар еді деп ойлауға тура келеді.

Біздің «майдагерлік» кәсіпшілігімізде сауда капиталы нақты қалайша көрінеді және ол ұсақ өнеркәсіпшіні қандайлық шарасыз және аянышты халге түсіреді деген мәселе жөнінде біздің бұл жерде суреттеп айтып жатуға мүмкіндігіміз жоқ. Оның үстіне келесі тарауда бізге сауда капиталының (өзі мануфактураның шылауы бола отырып) үйде істейтін капиталистік жұмысты кең көлемде ұйымдастырып отырған кездегі, яғни оның дамуының жоғарғы сатысындағы үстемдігін сипаттауға тура келеді. Ал бұл арада біз сауда капиталының ұсақ кәсіпшіліктердегі негізгі формаларын көрсетумен ғана шектелеміз. Оның бірінші және неғұрлым қарапайым формасы саудагердің (немесе ірі шеберхана иесінің) ұсақ товар өндірушілерден дайын бұйымды сатып алуы болып табылады. Сатып алу ісі нашар дамыған жағдайда немесе бәсекелесуші алыпсатарлар көп болғанда товарды саудагерге сатудың қандай болмасын басқаша сатулардан айырмашылығы болмауы мүмкін; бірақ көбінесе жергілікті алыпсатар шаруаның өз бұйымдарын ұдайы өткізіп отыратын бірден-бір адамы болып табылады, міне, сондықтан да алыпсатар өндірушіге төлейтін бағасын өлшеусіз төмендету үшін өзінің монополиялық жағдайымен пайдаланады. Сауда капиталының екінші формасы — оның өсімқорлықпен бірігуінде: ақшаға ұдайы мұқтаж шаруа алыпсатардан қарызға ақша алады, ал содан кейін алған қарызы үшін өзінің товарын береді. Бұл жағдайда товар (мұның өзі өте кеңінен таралған) көріне төмендетілген бағамен өткізіледі, сонда көпшілігінде майдагердің қолында қалатыны жалдама жұмысшының ақысына да жетпейді. Оның үстіне қарыз беруші мен қарыз алушының арасындағы қатынас қарыз алушының қара басының сөзсіз тәуелді болуына, кіріптар болуына әкеліп соғады, қарыз беруші қарыз алушының ерекше мұқтаждық жағдайларымен пайдаланады және т. с. Сауда капиталының үшінші формасы — бұйым құнын товармен өтеу, мұның өзі деревня алыпсатарларының дағдылы әдістерінің бірі болып табылады. Бұл форманың ерекшелігі — ол тек ұсақ кәсіпшіліктерге ғана емес, товар шаруашылығы мен капитализмнің жалпы нашар дамыған сатыларының бәріне

тән. Еңбекті қоғамдастырған және патриархтық атаулының бәрінен біржола қол үзген тек машиналы ірі индустрия ғана кіріптарлықтың бұл формасын ығыстырып шығарып, оның ірі өнеркәсіп орындарында қолданылуына заң жүзінде тыйым салғызды. Сауда капиталының төртінші формасы — саудагердің бұйым құнын «майдагердің» өндірісі үшін нақты қажетті товарлармен (шикізатпен немесе қосалқы материалдармен және т. с.) өтеуі. Ұсақ өнеркәсіпшіге өндіріс материалдарын сату сауда капиталының дербес операциясы да бола алады, мұның өзі бұйымдарды сатып алу операциясымен толық бір тектес келеді. Ал егер бұйымдарды сатып алушы адам оның құнын «майдагерге» керекті шикізат материалдарымен төлей бастаса, онда мұның өзі капиталистік қатынастардың дамуындағы өте ірі қадам болып табылады. Ұсақ өнеркәсіпшіні дайын бұйымдар рыногына барар жолдан кесіп тастап, алыпсатар енді оны шикізат рыногынан да айырады, сөйтіп майдагерді біржола өзіне бағынышты етеді. Бұл формадан алыпсатар «майдагерлерге» тікелей материал үлестіріп беріп, белгілі бір кесімді ақыға бұйым жасататын сауда капиталының жоғарғы формасына жетуге не бары бір-ақ қадам қалады. Майдагер өз үйінде отырып капиталиске жұмыс істейтін de facto жалдама жұмысшыға айналады; алыпсатардың сауда капиталы бұл жерде өнеркәсіптік капиталға айналады *. Үйде істететін капиталистік жұмыс пайда болады. Ұсақ кәсіпшіліктерде мұның өзі азды-көпті оқта-текте кездеседі; ал оның жаппай қолданылуы капиталистік дамудың келесі жоғарғы сатысында болады.

### VII. «КӘСІПШІЛІК ПЕН ЕГІНШІЛІК»

Шаруа кәсіпшіліктерін суреттейтін ерекше бөлімдердің тақырыбы әдетте осылай аталады. Капитализмнің біз қарастырып отырған ең бастапқы сатысында өнер-

* Сауда капиталының таза формасы — товарды сатып алып, *осы* товарды пайдасымен сату болып табылады. Өнеркәсіп капиталының таза формасы — товарды *қайта өңделген түрінде* сату үшін оны сатып алу, демек, шикізат материалдарын және т. т. және материалды қайтадан өңдейтін жұмыс күшін сатып алу болып табылады.

кәсіпші шаруадан тіпті дерлік жіктеліп болмағандықтан, оның жермен байланысы шынында да барынша өзгеше және ерекше қарастыруды керек ететін құбылыс болып көрінеді.

Біздің кестеміздің мәліметтерінен басталық (I қосымшаны қараңыз). «Майдагерлердің» егіншілік кәсібін сипаттау үшін мұнда, 1-ден, әрбір разряд өнеркәсіпшілеріндегі аттардың орташа саны туралы мәліметтер келтірілген. Осындай мәліметтері бар 19 кәсіпшілікті бірге қосып есептегенде, бір өнеркәсіпшіге (қожайынға немесе қожайынсымаққа) жалпы алғанда және орта есеппен 1,4 аттан келетіндігін, ал разрядтар бойынша: I) 1,1; II) 1,5 және III) 2,0 аттан келетіндігін көреміз. Сонымен, қожайын өзінің кәсіпшілік шаруашылығының көлемі жөнінен қаншалық жоғары тұрса, егінші ретінде де соншалық жоғары тұрады. Неғұрлым ірі өнеркәсіпшілер жұмыс көлігінің саны жағынан ұсақ өнеркәсіпшілерден 2 есе дерлік асып түседі. Бірақ ең ұсақ өнеркәсіпшілер де (I разряд) өздерінің егіншілік кәсібінің жағдайы жөнінен орта шаруалардан жоғары тұрады, өйткені Москва губерниясы бойынша жалпы және тұтас алғанда 1877 жылы 1 шаруа үйіне 0,87 аттан келген *. Демек, біршама әлді шаруалар ғана өнеркәсіпші-қожайындар мен қожайынсымақтар қатарына қосыла алады. Ал кедей шаруалар өз орталарынан өнеркәсіпші-қожайындарды шығармайды, көбінесе өнеркәсіпші-жұмысшыларды («майдагерлер де» істейтін жалдама жұмысшыларды, шеттен істейтін жұмысшыларды және т. т.) шығарып отырады. Өкінішке қарай, Москва кәсіпшіліктерінің орасан көпшілігі бойынша ұсақ кәсіпшіліктерде жұмыс істеп жүрген жалдама жұмысшылардың егіншілік кәсібі туралы мәлімет жоқ. Мұндай мәлімет тек қана қалпақ жасау кәсіпшілігі бойынша табылды (ол туралы жалпы мәліметтерді I қосымшадағы біздің кестемізден қараңыз). Қалпақшы-қожайындар мен қалпақшы-жұмысшылардың егіншілік кәсібі туралы көп нәрсені аңғартатын мәліметтер мынадай.

* Қараңыз: «Село халқының экономикалық жағдайы туралы статистикалық материалдар жиынтығы». Мастерлер комитетінің басылымы, I қосымша: Земстволық үй басы зерттеу мәліметтері, 372—373-беттер

| Қалпақшылардың өндірістегі орны | Үй саны | 1 үйге келетін мал саны | | | Жан басына келетін үлесті жерлері | Оның ішінен | | Үй саны | | | Атсыздар саны* | Берешегі, сом есебімен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | үлесті жерді өңдейтіндері | | егін екпейтіндері | | |
| | | аттар | сиырлар | қойлар | | өңделіп отырғаны | бос жатқаны | өздері өңдейтіндері | жалдап өңдететіндері | | | |
| Қожайындар | 18 | 1,5 | 1,8 | 2,5 | 52 | 46 | 6 | 17 | — | 1 | — | 54 |
| Жұмысшылар | 165 | 0,6 | 0,9 | 0,8 | 389 | 249 | 140 | 84 | 18 | 63 | 17 | 2 402 |

Сонымен, өнеркәсіпші-қожайындар өте «іждағатты» егіншілер қатарына, яғни шаруа буржуазиясы өкілдерінің қатарына жатады, ал жалдама жұмысшылар күйзелген шаруалар бұқарасынан шығып отырады **. Суреттеліп отырған қатынастарды сипаттау үшін өнеркәсіпші-қожайындардың жерді өңдеу әдістері туралы мәліметтердің маңызы өте-мөте зор. Москва зерттеушілері жерді өңдеу әдісінің үш түрін ажыратады: 1) үй қожайынының өз еңбегімен өңдеуі; 2) «жалдау арқылы» — яғни көршілерінің біреуі жалданып, «күйзеліп қалған» қожайынның жерін өз сайманымен өңдеп береді. Өңдеудің бұл әдісі әлсіз, күйзеліп бара жатқан қожайындарға тән. 3-әдістің бұған қарама-қарсы маңызы бар: «қызметкер» өңдейді, яғни қожайын ауыл шаруашылығы («егінші») қызметкерлерін жалдап алады; мұндай жұмысшылар әдетте бүкіл жаз бойына жалданады, ал оның үстіне жұмыстың өте қызу кезінде қожайын әдетте шеберханадағы жұмысшыларды да оларға көмекке жіберіп отырады. «Сөйтіп, жерді «егінші» қызметкер арқылы өңдету әдісі едәуір тиімді іс болып табылады» («Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VI, I, 48).

* Шамасы, бұл жерде жаңылыс жазылған. Үй жұмыскерінсіз деп оқыған жөн. *Ред*

** Елеулі бір нәрсе: қалпақ жасау кәсіпшілігін суреттеуші автор тіпті осы жердің өзінде шаруалардың егіншілікте де, өнеркәсіпте де ыдырауын «байқамаған». Ол да, барлық халықшылдарға ұқсап, өзінің қорытындысында: «кәсіпшілік егіншілікпен шұғылдануға бөгет жасамайды» деген мүлдем маңызсыз жалпылама сөзбен шектелген («Москва губерниясының кәсіпшіліктері», VI, 1, с., 231-бет). Сонымен, кәсіпшілік құрылысындағы *сондай-ақ* егіншілік құрылысындағы қоғамдық-экономикалық қайшылықтар назардан тыс қалған.

Біз өзіміздің кестемізде жер өңдеудің бұл әдісі туралы мәліметтерді 16 кәсіпшілік бойынша қорыттық, ал олардың 7-де «егінші қызметкерлерді» жалдайтын қожайындар мүлдем жоқ. Бүкіл осы 16 кәсіпшілік бойынша селолық жұмысшылар жалдайтын өнеркәсіпші-қожайындар — 12%, ал разрядтар бойынша: I) 4,5%; II) 16,7% және III) 27,3% болды. Өнеркәсіпшілер неғұрлым әлдірек болған сайын, олардың ішінде селолық кәсіпкерлер де соғұрлым жиі кездеседі. Демек, кәсіпші шаруалар туралы мәліметтерді талдау, егінші шаруалар туралы мәліметтердің негізінде біздің II тарауда көргеніміздей, өнеркәсіпте де, егіншілікте де ыдыраудың қатар жүріп отырғанын көрсетеді.

«Майдагер»-қожайындардың «егінші қызметкерлерді» жалдауы өнеркәсіпті губерниялардың бәрінде де жалпы, өте көп таралған құбылыс. Біз, мәселен, Нижегород губерниясындағы бай жөкешілердің егінші батырақтарды жалдайтындығын көрсететін мәліметтерді кездестіріп отырамыз. Сол губернияның тері илеушілері әдетте сол маңайдағы таза егінші селолардан келген егінші қызметкерлерді жалдайды. Етік тігу кәсіпшілігімен айналысатын «Кимры болысының қауымдық шаруалары өздерінің жерлерін өңдеу үшін Кимрыға Тверь уезінен және көршілес жерлерден ағылып келіп жататын батырақтар мен жұмысшы әйелдерді жалдауды тиімді деп санайды». Кострома губерниясының ыдыс-аяқ бояушылары өздерінің жалдама жұмысшыларын кәсіпшіліктен бос уақыттарында егіс жұмысына жіберіп отырады *. «Дербес қожайындар» (Владимир губерниясының зергерлері) «ерекше егінші қызметкерлер ұстайды»; сондықтан олардың жерлері өздері «жер жыртып, егін оруды мүлдем білмесе де» жақсы өңделеді **. Москва губерниясында біздің кестемізде мәліметтері келтірілген өнеркәсіпшілерден басқа да көптеген өнеркәсіпшілер «егінші қызметкерлер» жалдайды, мәселен, түйреуіш жасаушылар, киіз басушылар, ойыншық жасаушылар өздерінің жұмысшыларын егіс жұмыстарына жібереді;

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», III, 57, 112; VIII, 1354; IX, 1931, 2093, 2185.

** «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 187, 190.

тастап қашап бұйым жасаушылар[125], зергерлер, түймешілер, картузшылар, мыс-әбзелшілер егінші батырақтар ұстайды және т. т.*. Бұл фактінің,— *өнеркәсіпші*-шаруалардың *егінші* жұмысшыларды жалдауының — маңызы өте зор. Мұның өзі капиталистік елдердің бәріне тән және капитализмнің прогрестік тарихи ролін растайтын құбылыстың тіпті ұсақ шаруалар кәсіпшіліктеріне де әсері тие бастағандығын, атап айтқанда: халықтың тұрмыс дәрежесі жоғарылағандығын, оның керексінуі артқандығын көрсетеді. Өнеркәсіпші енді патриархтық тағылығынан арылмаған «қоңырқай» егіншіге төбесінен қарай бастайды және өзінің барынша ауыр, барынша аз ақы төленетін ауыл шаруашылық жұмыстарын соған аударуға тырысады. Капитализм онша дами қоймаған ұсақ кәсіпшіліктерде бұл құбылыс әлі де болса жеткілікті көрінбейді; өнеркәсіп жұмысшысы ауыл шаруашылық жұмысшысынан енді-енді ғана жіктеліп, ажырап келеді. Капиталистік өнеркәсіп дамуының бұдан кейінгі сатыларында бұл құбылыс, алда көретініміздей, кең көлемде байқалады.

«Егіншілік пен кәсіпшіліктің байланысы» туралы мәселенің маңыздылығы бізді Москва губерниясынан басқа губернияларға қатысты мәліметтерді толығырақ шолып өтуге мәжбүр етеді.

Нижегород губерниясы. Жөкешілердің көпшілігінде егіншілік кәсібі төмендеген, олар егіншілікті тастап кетіп жатыр; «бос қалған жерлердің» көлемі күздік егісінің $^1/_3$ және жаздық егісінің $^1/_2$ шамасындай болып отыр. Бірақ «ауқатты мужиктер» үшін «жер енді қайырымсыз өгей шеше емес, асыраушы ана»: мал жеткілікті, тыңайтқыштары бар, арендаға жер алады, өз жерін қайта бөліске түсірмеуге тырысады, оны жақсылап баптайды. «Енді өз бауырың бай мужик помещик болды, ал басқа кедей — мужик оған крепостниктік тәуелділік жағдайында болып отыр» («Майдагерлік комиссияның еңбектері», III, 65). Тері илеушілер — «нашар егіншілер», бірақ мұнда да «кедей селоластарының жерін арендаға алатын» неғұрлым ірі қожайындарды бө-

* «Москва губерниясының кәсіпшіліктері», I. с.

ліп қарау керек және т. т.; түрлі топтарға жататын тері илеушілерге тән бюджеттің қорытындылары мынадай: [404-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Егіншілер мен өнеркәсіпшілердің қатар жіктеліп отыратындығы бұл жерде барынша айқын көрінеді. Зерттеуші темір ұсталары туралы, бір жағынан, бай қожайындар үшін, екінші жағынан, «бобыль» қызметкерлер үшін «егіншіліктен гөрі кәсіпшілік маңыздырақ» дейді (ib., IV, 168).

«Владимир губерниясының кәсіпшіліктерінде» кәсіпшілік пен егіншіліктің арақатынасы туралы мәселе басқа зерттеулердің қай-қайсысынан да гөрі анағұрлым кеңірек зерттелген. Бірталай кәсіпшіліктер бойынша жалпы «майдагер» атаулының егіншілік кәсібі туралы ғана емес (мұндай «орташа цифрлардың мүлдем шындыққа жанасымсыздығы жоғарыда айтылғандардан көрініп отыр), «майдагерлердің» түрлі разрядтары мен топтарының, мәселен: ірі қожайындардың, ұсақ қожайындардың, жалдама жұмысшылардың: үй ішіндік шеберхана иелері мен тоқымашылардың; өнеркәсіпші-қожайындар мен қалған шаруалардың; жергілікті және шет кәсіпшіліктермен айналысатын үйлердің және т. с. егіншілік кәсіптері туралы да дәл мәліметтер берілген. Харизоменов мырзаның осы мәліметтерден жасаған жалпы қорытындысы: егер «майдагерлерді»: 1) ірі өнеркәсіпшілер; 2) ұсақ және орташа өнеркәсіпшілер; 3) жалдама жұмысшылар деп үш категорияға бөлсек, онда бірінші категориядан үшінші категорияға қарай *егіншіліктің нашарлауы,* жер көлемі мен мал басының азаюы, «күйзелген» шаруашылықтар процентінің өсуі және т. т. байқалады дейді *. Өкінішке қарай, Харизоменов мырза бұл мәліметтерге өте тар және біржақты тұрғыдан қараған, егінші-шаруалардың қатарынан және дербес жіктелу процесіне назар аудармаған. Сондықтан да ол осы мәліметтерден сөзсіз келіп туатын қорытынды: атап айтқанда шаруалардың егіншілікте де, өнеркәсіпте де ұсақ буржуазия және селолық пролетариат болып екіге

* Қараңыз: «Юрид. Вестник», 1883, XIV т., №№ 11 және 12.

| Семьялардың ауқаттылығына қарай типтері | Еркек пен әйелді қоса есептегенде барлық жан саны | Еркек қызметкерлер | Жалдама жұмысшылар | Жері, десятина есебімен | Арендаға алған жері | Арендаға берген жері | Кірісі, сом есебімен: заттай | Кірісі: ақшалай | Кірісі, оның ішінде: егіншіліктен | Кірісі, оның ішінде: тері илеу кәсіпшілігінен | Кірісі, оның ішінде: барлығы | Шығысы, сом есебімен: заттай | Шығысы: ақшалай | Шығысы: барлығы | Баланс | Ақшалай шығынның проценті |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бай | 14 | 3 | 2 жалдағаны | 19 | 5 | — | 212,8 | 697 | 409,8 | 500 | 909,8 | 212,8 | 503 | 715,8 | +194 | 70 |
| Орташа | 10 | 2 | — | 16 | — | — | 88* | 120 | 138 | 70 | 208 | 88 | 124 | 212 | —4 | 58 |
| Кедей | 7 | 2 | өздері жалданады | 6 | — | 6 | 15* | 75 | 50 | 40 | 90 | 15 | 111 | 126 | —36 | 88 |

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», III, 38 және одан кейінгі беттер. Көрсетіліп отырған цифрлар, өз астығының қанша уақытқа жететіндігі туралы автордың мәліметтері бойынша, шамамен алынды.

жіктелуі туралы қорытынды жасамаған *. Сондықтан кейбір кәсіпшіліктерді баяндауда ол «кәсіпшілік» атаулының «егіншілік» атаулыға тигізетін әсері жөніндегі халықшылдардың дағдылы пайымдауларына жиі-жиі қосылып отырады (мәселен, «Владимир губерниясының кәсіпшіліктерін» қараңыз, II, 288, III, 91), яғни өзі атап көрсетуге тиісті, кәсіпшіліктің *де*, егіншіліктің *де* құрылысының өзіндегі терең қайшылықтарды елеусіз қалдыруға дейін құлдырайды. Владимир губерниясы кәсіпшіліктерінің екінші бір зерттеушісі, В. Пругавин мырза, бұл мәселе жөнінде халықшылдық көзқарастың нағыз өкілі болып табылады. Оның пайымдауларының сыйқы мынадай. Покров уезіндегі мақта мата тоқу кәсіпшілігін «жалпы алғанда тоқымашылардың ауыл шаруашылық өміріндегі зиянды негіз (sic!!) деп тануға болмайды» (IV, 53). Мәліметтер тоқымашылардың көпшілігінің егіншілік кәсібі нашар екендігін және үй ішіндік шеберхана ұстаушылардың егіншілік кәсібі жалпы дәрежеден анағұрлым жоғары екендігін көрсетеді (тағы да содан қараңыз); кейбір үй ішіндік шеберхана ұстаушылардың село жұмысшыларын да жалдайтындығы кестеден көрінеді. Қорытынды: «кәсіпшілік пен егіншілік бір-бірінің дамуы мен гүлденуіне жағдай туғызып, қоян-қолтық қатар келеді» (60). Мұның өзі шаруа буржуазиясының дамуы мен гүлденуі кәсіпшілікте де, егін-

* Харизоменов мырзаның осындай қорытынды жасауға қаншалықты жақын болғандығы жібек тоқу кәсіпшілігін суреттегенде реформадан кейінгі экономикалық даму жөніндегі мына сипаттамасынан көрінеді. «Крепостниктік право шаруалардың экономикалық дәрежесін бір деңгейде ұстап тұрды, ол бай шаруаның қолын байлады, кедейлікті қолдады, семьялардың бөлінуіне бөгет жасады. Натуралды шаруашылық сауда-өнеркәсіп әрекетінің өрісін тым тарылтып жіберді. Жергілікті рынок кәсіпкерлік рухқа жеткілікті түрде еркіндік бермеді. Саудагер немесе өнеркәсіпші шаруа ақша жиды, рас, қауіптенбей жиды, оның есесіне өте шабан жиды — жиды да, құмырасына сала берді. 60-жылдардан бастап жағдай өзгерді. Крепостниктік право жойылды: кредит, темір жолдар зор көлемді және алыс рыноктар жасап, кәсіпкер саудагер-шаруа мен өнеркәсіпшінің өрісін кеңітті. Экономикалық орташа дәрежеден жоғары тұрғандардың бәрі де тез еңсесін көтеріп, сауда мен өнеркәсіпті дамытады, өзінің қанауын сан жағынан да, сапа жағынан да кеңіте түседі. Бұл дәрежеден төмен тұрғандардың бәрі де құлдырайды, төмендейді, жерсіздер, шаруашылығы жоқтар, атсыздар қатарына келіп қосылады. Шаруалар кулактар, орташа ауқаттылар және шаруашылығы жоқ пролетариаттар болып, топтарға бөлінеді. Шаруалардың кулак элементтері мәдениетті ортаның барлық әдеттерін тез үйреніп алады; ол төрелерше тұратын болады; одан сан жағынан алғанда орасан көп, орыс қоғамының жартылай мәдениетті қауымының табы құралады» (III, 20—21).

шілікте де қол ұстасып қатар келе жатқандығы жөніндегі фактіні бүркемелеу үшін айтылатын жел сөздердің бір үлгісымағы болып табылады *.

Пермьдегі 1894/95 жылғы майдагерлік санақтың мәліметтері де осындай құбылыстарды көрсетті: ұсақ товар өндірушілерде (қожайындар мен қожайынсымақтарда) егіншілік кәсібі басқалардың бәрінен де жоғары тұрады және оларда селолық қызметкерлер кездеседі; қолөнершілердің егіншілік кәсібі төмен, ал алыпсатарлар үшін жұмыс істейтін майдагерлердің егіншілік кәсібінің жайы одан да төмен, ең нашар дәрежеде (жалдама жұмысшылар мен қожайындардың әр түрлі топтарының егіншілік кәсібі туралы мәліметтер, өкінішке қарай, жиналмаған). Санақ, сонымен қатар, егіншілікпен айналысатындарға қарағанда егіншілік емес кәсіппен айналысатын «майдагерлердің» айырмашылығы бар екенін ашып берді, бұларда: 1) еңбек өнімділігі анағұрлым жоғары; 2) кәсіпшіліктен түсетін таза кірісінің мөлшері әлдеқайда жоғары; 3) мәдени дәрежесі мен сауаттылығы неғұрлым жоғары. Осының бәрі де — капитализмнің тіпті бірінші сатысында-ақ өнеркәсіптің халықтың тұрмыс дәрежесін көтеру тенденциясы барлығы байқалады деген жоғарыдағы қорытындыны растайтын құбылыстар болып табылады («Этюдтердің» 138 және одан кейінгі беттерін қараңыз **).

Ақырында, кәсіпшіліктің егіншілікке қатысы туралы мәселеге байланысты мынадай жағдай бар. Неғұрлым ірі кәсіпорындардың әдетте жұмыс маусымы да неғұрлым ұзақ болады. Мәселен, Москва губерниясының мебель кәсіпшілігінде ақ ағаштан мебель жасаушылар аймағында жұмыс маусымы — 8 ай (мұнда шеберхананың орташа құрамы = 1,9 жұмысшы), имек ағаштан

* Бұл мәселе жөнінде В. В. мырза да өзінің «Майдагерлік өнеркәсіп очерктері» деген еңбегінің VIII тарауында осы сияқты жел сөздерді айтумен шектеледі. «Егіншілік кәсіпшілікке сүйеу болады» (205). «Майдагерлік кәсіпшіліктер өнеркәсіп губернияларындағы егіншіліктің ең сенімді тіректерінің бірі болып табылады» (219). Дәлел керек пе? — Дәлелдер толып жатыр: мәселен, былғарышы, крахмалшы, май шайқаушы *қожайындарды* (ib., 224) және т. т. алып қараңыз.— сонда сіз олардағы егіншілік кәсібі жалпы бұқараның егіншілік кәсібінен гөрі жоғары тұрғанын көресіз!

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 381 және келесі беттер. *Ред.*

бұйым жасаушылар аймағында — 10 ай (мұнда 1 кәсіпорынға 2,9 жұмысшыдан келеді), ірі мебель жасалатын аймақта — 11 ай (мұнда 1 кәсіпорынға 4,2 жұмысшыдан келеді). Владимир губерниясының башмақ тігетін кәсіпшілігінде 14 ұсақ шеберхананың жұмыс маусымы 40 апта, ал 8 ірі шеберхананың (бұл ірі шеберханаларда 1 кәсіпорынға 9,5 жұмысшыдан, ал ұсақ шеберханаларда — 2,4 жұмысшыдан келеді) жұмыс маусымы 48 апта және т. с.*. Бұл құбылыс ірі кәсіпорындарындағы жұмысшылар санының (семьядағы, кәсіпшіліктегі жалдама және егіншіліктегі жалдама жұмысшылар) көптігіне байланысты екендігі түсінікті және мұның өзі бізге ірі кәсіпорындарының неғұрлым тұрақтылығын және олардың өнеркәсіп ісіне мамандану тенденциясын көрсетеді.

Енді «егіншілік пен кәсіпшілік» туралы баяндалған мәліметтердің қорытындысын шығаралық. Біз қарастырып отырған капитализмнің төменгі сатысында өнеркәсіпші әдетте шаруадан әлі де жіктеліп болмаған. Кәсіпшіліктің егіншілікпен ұштасуы шаруалардың жіктелуінің күшейе және тереңдей түсу процесінде өте маңызды роль атқарады: ауқатты және әлді қожайындар шеберханалар ашады, село пролетариатының арасынан жұмысшылар жалдайды, сауда және өсімқор операциялары үшін ақша қаражатын жинайды. Ал оның керісінше, кедей шаруаның өкілдері алыпсатарларға жұмыс істейтін жалдама жұмысшылар, майдагерлер беріп отырады және сауда капиталының үстемдігінен неғұрлым жаншыла түскен майдагер-қожайынсымақтардың төменгі топтарын туғызып отырады. Сөйтіп, кәсіпшіліктің егіншілікпен бірігуі капиталистік қатынастарды нығайтады, дамытады және бұл қатынастарды өнеркәсіптен егіншілікке, егіншіліктен өнеркәсіпке таратып отырады **. Капиталистік қоғамға тән өнеркәсіптің егінші-

---

* Деректемелер жоғарыда аталды. Москва губерниясындағы себетшілердің, гитаршылардың, крахмалшылардың үй басы санағы да осы құбылысты аңғартып отыр. Пермьдегі майдагерлік санақ та ірі шеберханаларда жұмыс маусымы анағұрлым ұзақ болатындығын атап көрсетеді (қараңыз: «Пермь губерниясындағы майдагерлік кәсіпшілік очерктері», 78-бет. Амал не, бұл туралы дәл мәліметтер келтірілмеген).

** Мәселен, Владимир губерниясының жүннен бұйым тоқитын кәсіпшілігінде ірі «фабриканттар» мен шеберлер егіншілігінің неғұрлым

ліктен бөліну құбылысы бұл сатыда әлі тек бастапқы нышан түрінде ғана көріне бастайды, бірақ әйтеуір көріне бастайды, және — әсіресе маңыздысы — істі халықшылдардың пайымдауындай емес, одан мүлдем басқаша түрде көріне бастайды. Кәсіпшіліктің егіншілікке «зияны» жоқ дегенде, халықшыл мұндай зиянды пайдалы кәсіпшілікке бола ауыл шаруашылығын тастап кетушілік деп біледі. Бірақ істің мәнін бұлай түсіну ойдан шығарушылық болады (фактілерден жасалған қорытынды емес) және өте сәтсіз ойдан шығару, ойткені ол шаруалардың бүкіл шаруашылық құрылысына сіңген қайшылықтарға мән бермейді. Өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуі шаруалардың жіктелуімен байланысты жүріп отырады, деревняның екі жағында түрліше жолмен жүріп отырады: деревняның ауқатты азшылық бөлігі өнеркәсіп орындарын ашады, оларды ұлғайтады, егіншілікті жақсартады, егіншілік үшін батырақтар жалдайды, жыл маусымының барған сайын көп бөлігін кәсіпшілікке арнайды және — сол кәсіпшіліктің дамуы белгілі бір сатыға жеткен кезде — өнеркәсіп орнын егіншіліктен бөліп алуды, яғни егіншілікті семьяның басқа мүшелеріне тапсыруды немесе құрылыстарды, малды және басқаларды сатуды, сөйтіп мещандыққа, көпестікке көшуді анағұрлым қолайлы деп табады *. Бұл жағдайда өнеркәсіптің егіншіліктен бөлектенуінен бұрын егіншілікте кәсіпкерлік қатынастар пайда болуы тиіс. Деревняның екінші жағында өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуі кедей шаруалардың қатты күйзелуінен және олардың жалдама жұмысшыларға (кәсіпшілік және егіншілік жұмысшыларына) айналуынан айқын көрінеді. Деревняның бұл жағында жерді тастап кетуге кәсіпшіліктің тиімділігі емес, мұқтаждық пен қатты

---

жоғары дәрежесімен көзге түседі. «Өндіріс тоқыраған кездерде шебершелер имение сатып алып, шаруашылықпен айналысуға, ал кәсіпшілігін мүлдем тастауға тырысады». («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», II, 131). Бұл мысал көңіл аударарлық, ойткені мұндай фактілер халықшылдардың кейде «шаруалар егіншілікке қайтадан келіп жатыр», «жерден қуылғандар жеріне қайтарылуға тиіс» деп қорытынды шығаруына желеу болады (В. В. мырза, «Вестник Евр.,» 1884 ж. № 7).

* «Кейінгі кезде, деп баяндады шаруалар, кейбір ауқатты өнеркәсіпші қожайындар кәсіпшілікпен шұғылдану үшін Москва қаласына барып қоныстанды» «1895 ж. зерттеу бойынша щетка кәсіпшілігі», 5-бет.

күйзелушілік мәжбүр етеді және бұл тек жерді ғана емес, сонымен бірге дербес кәсіпшілік еңбекті де тастатады, өнеркәсіптің егіншіліктен бөліну процесі мұнда ұсақ өндірушіні экспроприациялау процесі түрінде жүреді.

### VIII. «КӘСІПШІЛІКТІҢ ЕГІНШІЛІКПЕН ҰШТАСУЫ»

Халықшылдардың мықтап ұнатқан формуласы осындай, нақ осы формуланың көмегімен В. В., Н.— он және К° мырзалар Россиядағы капитализм туралы мәселені шешуді ойлайды. «Капитализм» өнеркәсіпті егіншіліктен бөледі; ал «халықтық өндіріс» бұларды жалпы сипатты және қалыпты шаруа шаруашылығында біріктіріп отырады,— халықшылдар теориясының негізгі мазмұны осы бір қарадүрсін қарама-қарсылыққа саяды. Енді біздің шаруаларымыздың іс жүзінде қалайша «кәсіпшілікті егіншілікпен ұштастырып отырғандығы» туралы мәселеге қорытынды жасауға біздің мүмкіндігіміз бар, өйткені егіншілікпен және кәсіпшілікпен айналысатын шаруаларға тән қатынастарды жоғарыда толық қарастырып оттік. Орыс шаруалары шаруашылығының экономикасында байқалып отырған «кәсіпшілікпен егіншіліктің ұштасуының» түрліше формаларын атап өтелік.

1) Патриархтық (натуралды) егіншілік үйдегі кәсіпшіліктермен (яғни өзі тұтыну үшін шикізатты өңдеумен) және жер иеленушіге барщиналық жұмыс істеумен ұштасады.

Шаруалар «кәсіпшілігінің» егіншілікпен ұштасуының бұл түрі, орта ғасырлық шаруашылық тәртібінің қажетті құрамды бір бөлігі бола отырып, осы тәртіпке неғұрлым тән келеді *. Реформадан кейінгі Россияда бұл сияқты патриархтық шаруашылықтан,— әлі мүлдем не капитализм, не товар шаруашылығы, не товар айналысы жоқ шаруашылықтан,— тек сарқыншақ қана қалды,

* Жоғарыда көрсетілген кітаптың IV тарауында Корсак, мәселен, «игумен ніру үшін селоға зығыр таратты», шаруалар жер иесіне «бейнетпен де, бүйымдай да» [126] міндетті еді деген сияқты тарихи дәлелдер келтіреді.

атап айтқанда — шаруалардың үйдегі кәсіпшілігі және жұмыспен өтеу ғана қалды.

2) Патриархтық егіншілік кәсіпшілікпен қолөнер кәсібі түрінде ұштасады.

Ұштасудың бұл формасы бұдан бұрынғы формаға әлі өте жақын тұрады, одан мұның айырмасы тек мынау ғана: қолөнерші ақыны ақшалай алғап және құрал-сайман, шикізат және т. т. сатып алу үшін рынокқа шыққан жағдайда мұнда товар айналысы пайда болады.

3) Патриархтық егіншілік өнеркәсіп өнімдерінің рынокқа арналған ұсақ өндірісімен, яғни өнеркәсіптегі товар өндірісімен ұштасады. Патриархтық шаруа, біздің көрсеткеніміздей, жалдама еңбекті пайдалануға, яғни капиталистік өндіріске ұмтылып, ұсақ товар өндірушіге айналады. Шаруалардың біз білетін белгілі бір жіктелу дәрежесі осы ұсақ товар өндірушіге айналудың шарты болып табылады: біз жоғарыда өнеркәсіптегі ұсақ қожайындар мен қожайынсымақтар көбінесе шаруалардың ауқатты немесе әлді тобына жататындығын көрдік. Ал өнеркәсіптегі ұсақ товар өндірісінің дамуы өз тарапынан егінші шаруалардың жіктелуіне одан әрі түрткі болады.

4) Патриархтық егіншілік өнеркәсіптегі (сондай-ақ, егіншіліктегі) жалдама жұмыспен ұштасады *.

Бұл форма осының алдындағы формаға қажетті толықтыру болып табылады: алдыңғы формада товарға

---

* Жоғарыда көрсетілгендей, біздің экономикалық әдебиетіміз бен экономикалық статистикамызда терминология жөнінде мынадай бір былық бар: үйдегі өнеркәсіп те, жұмыспен өтеу де, қолөнер кәсібі де, ұсақ товар өндірісі де, сауда да, өнеркәсіптегі жалдама жұмыс та, егіншіліктегі жалдама жұмыс та және басқалар да шаруалар «кәсіпшілігіне» жатқызылып жүр. Бұл былықты халықшылдардың қалай пайдаланып жүргендігі туралы бір мысал мынадай. В. В. мырза «кәсіпшіліктің егіншілікпен ұштасуын» дәріптей отырып, оны суреттеу үшін «ағаш-орман кәсіпшілігін» де, «қара жұмысты» да көрсетеді: «ол (шаруа) күшті және ол ауыр жұмысқа үйреніп алған, сондықтан әр түрлі қара жұмысқа ол қабілетті келеді» дейді («Майдагерлік өнеркәсіп очерктері», 26). Ал осы сияқты факт басқа да толып жатқан фактілердің ішінде: «біз кәсіпті оқшаулауға қарсы наразылық бар екенін көріп отырмыз», «натуралды шаруашылық басым дәуірдің өзінде-ақ құрылған өндіріс ұйымдастырылу жағынан берік» деген қорытындыны растау үшін келтіріледі (41). Сонымен, тіпті шаруаның ағаш өндірісіндегі жұмысшыға немесе қара жұмысшыға айналуының өзі де, айта кетелік, натуралды шаруашылықтың беріктігін дәлелдеуге жарап жатыр!

айналатын — өнім, ал мұнда — жұмыс күші. Өнеркәсіптегі ұсақ товар өндірісі, біздің көріп өткеніміздей, алыпсатарларға жұмыс істейтін жалдама жұмысшылар мен майдагерлердің шығуымен міндетті түрде қатар жүріп отырады. «Егіншіліктің кәсіпшілікпен ұштасуының» бұл формасы капиталистік елдердің барлығына да тән және Россияның реформадан кейінгі тарихының ең елеулі ерекшеліктерінің бірі осы форманың өте тез және өте кең түрде таралуы болды.

5) Ұсақ буржуазиялық (саудалық) егіншілік ұсақ буржуазиялық кәсіпшіліктермен (өнеркәсіптегі ұсақ товар өндірісі, ұсақ сауда және т. т.) ұштасады.

Бұл форманың 3-формадан айырмашылығы сол — мұнда ұсақ буржуазиялық қатынастар тек өнеркәсіпті ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар егіншілікті де қамтиды. Бұл форма селолық ұсақ буржуазия шаруашылығында кәсіпшілікті егіншілікпен ұштастырудың неғұрлым жалпы сипатты формасы болып отырғандықтан ол барлық капиталистік елдерге тән. Ұсақ буржуазиясы жоқ капитализмді ашу абыройы тек орыстың халықшыл-экономистерінің ғана еншісіне тиді.

6) Егіншіліктегі жалдама жұмыс өнеркәсіптегі жалдама жұмыспен ұштасады. Кәсіпшіліктің егіншілікпен *мұндай* ұштасуының белгілері және бұл ұштасудың маңызы қандай екендігі жоғарыда айтылды.

Сонымен, «егіншіліктің кәсіпшілікпен ұштасуының» формалары біздің шаруаларымызда өте сан алуан түрлі болып отырады: натуралды шаруашылығы басым ең түрпайы шаруашылық құрылысты бейнелейтіндері де бар; капитализмнің жоғары дәрежеде дамуын бейнелейтіндері де бар; әуелгі және соңғы формалардың арасында бірқатар өтпелі сатылар да бар. Жалпылама тұжырымдармен (мәселен: «кәсіпшіліктің егіншілікпен ұштасуы» немесе «өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуі» деген сияқты) ғана шектелетін болсақ, капитализм дамуының шын процесін анықтап түсіну ісінде бір адым да ілгерілеуге болмас еді.

## IX. БІЗДІҢ ДЕРЕВНЯМЫЗДЫҢ КАПИТАЛИЗМГЕ ДЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАСЫ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ ЕСКЕРТУ

Бізде көпшілік жағдайда «Россиядағы капитализмнің тағдыры» туралы мәселенің мәнісі сөз болғанда *қаншалықты тез?* (яғни капитализм қаншалықты тез дамып келеді?) деген сұрақ ең басты маңыз алған сияқты болып көрсетіледі. Ал шындығына келгенде: атап *айтқанда қалайша?* және *қайдан?* (яғни Россияда капитализмге дейінгі шаруашылық құрылысы қандай болды?) деген сұрақтардың жаңағыдан әлдеқайда артық маңызы бар. Халықшылдық экономияның ең басты қателері нақ осы екі сұраққа теріс жауап беруінде, яғни Россияда капитализмнің нақты қалайша дамып келе жатқанын теріс суреттеуінде, капитализмге дейінгі тәртіптерді жалған дәріптеуінде болып отыр. II (ішінара III) және осы тарауда біз капитализмнің ұсақ егіншіліктегі және ұсақ шаруа кәсіпшіліктеріндегі неғұрлым тұрпайы сатыларын қарастырдық; осылай қарастырған кезде капитализмге дейінгі тәртіптерге тән белгілерді сөзсіз әлденеше рет көрсетуге тура келді. Егер біз енді осы белгілердің барлығын жинақтауға тырыссақ, онда капитализмге дейінгі деревня (экономикалық жағынан алғанда) *өзінің оқшауланған түрде қожайындық етуімен де, араларындағы орта ғасырлық межелердің көптігімен де, орта ғасырлық тәуелділіктің қалдықтарымен де бытырап жатқан ұсақ өндірушілердің шағын топтарын байланыстыратын жергілікті ұсақ рыноктардың желісі болды* деген қорытынды жасаймыз.

Ұсақ өндірушілердің бытыраңқылығына келетін болсақ, онда мұның өзі, жоғарыда егіншілікте де, өнеркәсіпте де көрсетіліп өткеніндей, ұсақ өндірушілердің ыдырауынан анағұрлым айқынырақ көрінеді. Бірақ бытыраңқылық тіпті де мұнымен шектеліп қоймайды. Қауым арқылы кішкене ғана әкімшілік-қазыналық және жер иеленушілік одақтарына біріге отырып, шаруалар үлесті жерінің көлеміне, төлемдерінің мөлшеріне және т. т. қарай толып жатқан әр түрлі разрядқа, категорияға бөліну арқылы да ыдырайды. Саратов губерниясының земстволық-статистикалық жинағын-ақ алып қарайық; шаруалар мұнда мынадай разрядтарға бөлі-

неді: сыйлықтылар, жеке меншіктілер, толық жеке меншіктілер, мемлекеттік шаруалар, қауымдық нелігі бар мемлекеттік шаруалар, ширек нелігі бар мемлекеттік шаруалар [127], помещиктер қарамағынан шыққан мемлекеттік шаруалар, удельдік шаруалар, қазына учаскелерінің арендаторлары; жерсіздер, бұрын помещиктік жерде істеген жеке меншіктілер, сатып алынған усадьбадағылар, бұрын удельдік шаруа болған жеке меншіктілер, кірме жеке меншіктілер, қоныс аударғандар, бұрын помещиктік жерде сыйлықты болғандар, бұрын мемлекеттік жерде істеген жеке меншіктілер, еркіндік беріліп босатылғандар, оброк төлемейтіндер, ерікті егіншілер [128], уақытша міндеттілер, бұрын фабрикада істеген шаруалар және т. т. деп бөлінеді, ал содан соң тағы да тіркелген шаруалар, келімсек шаруалар және тағы басқалар бар. Осы разрядтардың бәрі аграрлық қатынастар тарихына қарай, үлесті жерінің көлемі мен төлемдерінің мөлшеріне қарай және басқа белгілеріне қарай ажыратылады. Ал разрядтардың өз ішінде де бұл сияқты айырмашылықтар толып жатыр: кейде тіпті белгілі бір деревняның шаруаларының өзі бір-бірінен бүтіндей бөлек тұрған екі категорияға: «NN мырзаның бұрынғы шаруалары» және «М. М. ханымның бұрынғы шаруалары» болып бөлінеді. Бұл сияқты ала-құлалық орта ғасырларда, бағзы бір ерте замандарда, әрі табиғи, әрі қажетті болды; ал қазіргі уақытта шаруалар қоғамдарының сословиелік томаға-тұйықтығын сақтап қалу шектен шыққан анахронизм болып табылады және еңбекшілер бұқарасының жағдайын өте-мөте нашарлатады, оның үстіне оларды жаңа, капиталистік заман жағдайларының ауыртпалығынан еш бір қорғап қала алмайды. Халықшылдар әдетте бұл бытыраңқылыққа көздерін жұмып қарайды, ал марксистер шаруалардың жіктелуінің прогрестігі туралы пікір айтқан кезде,— халықшылдар «жерсізденуді жақтаушыларға» қарсы үйреншікті айқай-шу көтерумен ғана шектеледі, сөйтіп мұнысымен олар капитализмге дейінгі деревня жөніндегі өздерінің түсінігінің мүлдем теріс екендігін бүркемелейді. Патриархтық егіншіліктің сөзсіз салдары болып табылатын ұсақ өндірушілердің кісі таңданарлық

бытыраңқылығын тек көз алдымызға келтірсек, капитализмнің прогрестігіне кәміл сенуге болады, өйткені капитализм шаруашылық пен тұрмыстың ғасырлар бойы тапжылмай, тұралап қалған ескі формаларын түп тамырымен талқандайды, өзінің орта ғасырлық межелерінде қатып-семіп қалған шаруалар отырықшылығын бұзады және қажеттілігіне қарай байланыс орнатуға, бірігуге, мемлекеттің және барлық дүние жүзінің бүкіл экономикалық (бір экономикалық қана емес) өміріне белсене қатынасуға тырысатын қоғамдық жаңа таптарды жасақтайды.

Шаруаларды қолөнерші немесе ұсақ өнеркәсіпші ретінде алып қараңыз,— мұнан да дәл осыны көресіз. Олардың мүдделері төңіректегі селолардың ұсақ аймақтық шеңберінен шықпайды. Жергілікті рынок көлемінің мардымсыздығынан олар басқа аудандардың өнеркәсіпшілерімен ұшыраспайды; өздерінің енжар өмірін ешкім де және еш нәрсе де қозғамай отырған олар ұсақ қолөнершілер мен өнеркәсіпшілердің патриархтық жұмағын аяусыз талқандайтын «бәсекеден» өлердей қорқады. Осы ұсақ өнеркәсіпшілер үшін бәсеке мен капитализм тарихи пайдалы іс атқарады: бәсеке мен капитализм ұсақ өнеркәсіпшілерді олардың тар түкпірлерінен алып шығып, халықтың неғұрлым дамыған топтарының алдына қойылған мәселелерді бұлардың да алдына қояды.

Жергілікті ұсақ рыноктың қолөнер кәсібінің тұрпайы формаларынан басқа тағы бір қажетті белгісі сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың тұрпайы формалары болып табылады. Деревня неғұрлым шалғай түкпірде болған сайын, капиталистік жаңа тәртіптердің ықпалынан, темір жолдан, ірі фабрикалардан, капиталистік ірі егіншіліктен неғұрлым алыс тұрған сайын — жергілікті саудагерлер мен өсімқорлардың монополиясы да соғұрлым күшті болады, олардың төңіректегі шаруаларды бағындыруы да соғұрлым күшті болады және бұл бағындырудың өзі неғұрлым дөрекі сипат алады. Бұл ұсақ сүліктердің саны (шаруалар қолындағы тапшы өніммен салыстырғанда) орасан көп, сондықтан жергілікті жерлерде оларға неше түрлі ат қойылады.

Барлық осы прасолдарды, шибайларды, щетинниктерді, маяктарды, иваштарды, булыньдарды және т. т., және т. т. еске түсіріп көріңіздер. Натуралды шаруашылықтың басым болуы деревняда ақшаны сирек кездесетін қымбат пұл етеді де, бүкіл осы «кулактардың» маңызы олардың капиталы мөлшеріне қарағанда анағұрлым артық болып шығуына әкеліп соқтырады. Шаруалардың ақша иелеріне тәуелділігі міндетті түрде кіріптарлық формада болады. Ірі товар-сауда капиталы мен ақша-сауда капиталы жоқ жерде дамыған капитализмнің болуы мүмкін еместігі сияқты, жергілікті ұсақ рыноктардың «қожайыны» болып табылатын ұсақ саудагерлер мен алыпсатарлар жоқ жерде капитализмге дейінгі деревняның да болуы мүмкін емес. Капитализм бұл рыноктарды бір жерге жинастырады, оларды әуелі ірі ұлттық рынокқа, одан соң бүкіл дүние жүзілік рынокқа біріктіреді, кіріптарлық пен жеке бастың тәуелділігінің алғашқы формаларын талқандайды, қауымдық шаруаларда енді ғана біліне бастаған қайшылықтарды кеңінен және кеулете дамытады,— сөйтіп бұл қайшылықтардың шешілуі үшін қажетті жағдайды әзірлейді.

## VI ТАРАУ

# КАПИТАЛИСТІК МАНУФАКТУРА ЖӘНЕ ҮЙДЕ ІСТЕЛЕТІН КАПИТАЛИСТІК ЖҰМЫС

### I. МАНУФАКТУРАНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Мануфактура деп еңбек бөлінісіне негізделген кооперацияны айтатыны мәлім. Өзінің пайда болуы жағынан мануфактура жоғарыда сипатталып өткен «капитализмнің өнеркәсіптегі алғашқы сатыларына» жатады. Бір жағынан, азды-көпті едәуір жұмысшылары бар шеберхапалар бірте-бірте еңбек бөлінісін енгізе бастайды, сөйтіп жай капиталистік кооперация капиталистік мануфактураға ұласады. Мануфактураның осындай процесс арқылы пайда болатынын өткен тарауда Москва кәсіпшіліктері туралы келтірілген статистикалық мәліметтер анық көрсетеді: төртінші категориядағы барлық кәсіпшіліктердің неғұрлым ірі шеберханаларында, үшінші категориядағы кейбір кәсіпшіліктерде және екінші категориядағы бірен-саран кәсіпшіліктерде еңбек бөлінісі кең көлемде үнемі қолданылып отыр, сондықтан бұлар капиталистік мануфактураның үлгілері деп саналуға тиіс. Төменде осындай кейбір кәсіпшіліктердің техникасы мен экономикасы туралы неғұрлым толық мәліметтер келтірілмек.

Екінші жағынан, ұсақ кәсіпшіліктердегі сауда капиталы өз дамуының жоғары сатысына жетіп, енді өндірушіні басқа адамның шикізатын кесімді ақы алып өңдейтін жалдама жұмысшының халіне қалай түсіретінін жоғарыда көрдік. Егер бұдан былайғы даму ұсақ өндірушінің техникасын қайта құратындай етіп өндіріске үнемі еңбек бөлінісін енгізуге жеткізетін болса, егер «алыпсатар» кейбір нақты операцияларды бөліп алып,

бұларды өзінің шеберханасында жалдама жұмысшыларға істететін болса, егер үй-үйге жұмыс таратып берумен қатар және осыған тығыз байланысты түрде еңбек бөлінісі бар (көбінесе сол алыпсатарларға қарайтын) ірі шеберханалар пайда болса,— онда біз бұл арада капиталистік мануфактураның пайда болуының басқаша бір процесін көреміз *.

Капиталистік өнеркәсіп формаларының дамуында мануфактураның үлкен маңызы бар, өйткені мануфактура қолөнері мен капиталы анайы формаларда болатын ұсақ товар өндірісінің арасындағы және машиналы ірі индустрия (фабрика) арасындағы аралық буын болып табылады. Мануфактураны ұсақ кәсіпшіліктермен жақындастыратын нәрсе сол, мануфактураның да базисі қолмен жүргізілетін техника болып қала береді, сондықтан ірі кәсіпорындар ұсақ кәсіпорындарды мықтап ығыстырып шығара алмайды, өнеркәсіпшіні егіншіліктен мүлдем қол үздіре алмайды. «Мануфактураның қоғамдық өндірісті түгел қамтуға да, оны түп негізіне шейін (in ihrer Tiefe) қайта құруға да шамасы жоқ еді. Ол қала қолөнері мен селолы жердің қосалқы кәсіпшілігі кең негіз болған экономикалық ғимараттың архитектуралық әшекейі тәрізді көрініп тұратын» **. Ірі рыноктың, жалдама жұмысшылары бар ірі кәсіпорындардың құрылуы, мүліксіз жұмысшылар бұқарасын өзіне толық бағындырып отырған ірі капиталдың пайда болуы мануфактураны фабрикамен жақындастырады.

«Фабрика-завод» өндірісі деп аталатын өндірістің «майдагерлік» өндірістен оқшаулығы туралы, біріншісінің «жасандылығы», ал екіншісінің «халықтық» сипаты болатыны туралы жалған сенімдердің орыс әдебиетінде көп таралғаны соншалық, біз өңдеуші өнеркәсіптің барлық аса маңызды салалары туралы мәліметтерді

---

* Капиталистік мануфактураның пайда болуының осындай процесі жайында Маркстен қараңыз: «Das Kapital, III, 318—320, орысша аудармасы, 267—270 [129].

«Мануфактура ескі цехтардың қойнауында пайда болған жоқ. Ең жаңа шеберхананың бастығы болып отырған ескі цех мастері емес, көпес («Misère de la philosophie», 190) [130]. Мануфактура туралы Маркс белгілеп берген ұғымның негізгі белгілерін біз басқа жерде айтып өткен болатынбыз. [«Этюдтер». 179. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 433—434-беттер. *Ред.*)]

** «Das Kapital», I [2], S. 383.[131]

қайта қарап шығуды және олардың ұсақ шаруа кәсіпшіліктері сатысынан өсіп шыққаннан кейінгі де, сондай-ақ машиналы ірі индустрия болып қайта құрылғанға дейінгі де экономикалық ұйымының қандай болғандығын көрсетіп отуді айрықша маңызды деп санаймыз.

## II. ОРЫС ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ КАПИТАЛИСТІК МАНУФАКТУРА

Талшықты заттар өңдейтін өнеркәсіптен бастайық.

### 1) Тоқыма кәсіпшіліктері

Полотно, жүн, мақта, жібек маталар, зер және басқаларын тоқу бізде барлық жерде де төмендегіше ұйымдастырылған болатын (машиналы ірі индустрия пайда болғанға дейін). Кәсіпшілікке ондаған, жүздеген жалдама жұмысшылары бар ірі капиталистік шеберханалар бас болды; осы шеберханалардың мол капиталы бар қожайындары көп мөлшерде шикізат сатып алып отырды, бұл шикізатты олар ішінара өздерінің кәсіпорындарында өңдеуден өткізді, ішінара жібі мен арқауды ұсақ өндірушілерге (үй ішіндік шеберхана ұстаушыларға, заглодаларға [132], шеберпелерге, «майдагер» шаруаларға және басқаларға) таратып беріп отырды, ал олар кесімді ақы алып, мұны өздерінің үйлерінде немесе ұсақ кәсіпорындарында тоқып беріп отырды. Өндірістің өзі қол еңбегіне негізделді, оның бер жағында жеке жұмысшыларға мына төмендегідей жеке операциялар бөлініп берілді: 1) жіп бояу; 2) жіпті шүйкелеу (жұмыстың бұл түріне көбінесе әйелдер мен балалар мамандандырылды); 3) жіптен өрмек құру («өрмекші» — жұмысшылар); 4) тоқу; 5) тоқымашылар үшін ұршыққа жіп орап беру (ұршыққа жіп ораушылардың жұмысын, көбінесе балалар істейді). Кейде ірі шеберханаларда «жіп өткізіп тұрушылар» (арқаудың жібін адарғының көзінен және стан бердосынан өткізеді) деп аталатын тағы да бір арнаулы жұмысшылар болады *. Еңбек бөлінісі көбінесе жұмыстың түріне қарай ғана емес, сонымен бірге товардың түріне қарай да қолданылады, яғни тоқымашылар матаның жеке бір сорттарын тоқуға маман-

* Салыстырыңыз: «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, III кітап, (М., 1883), 63—64-беттер.

данады. Өндірістегі жұмыстың кейбір түрлерін үйде істеуге бөліп шығару, әрине, өнеркәсіптің бұл тұрғылас экономикалық құрылысына ешбір өзгеріс енгізбейді. Тоқымашылар жұмыс істейтін үйлер немесе үй ішіндік шеберхана бөлмелері мануфактураның тек сырт бөлінісі ғана болып саналады. Бұл сияқты өнеркәсіптің техникалық негізі — еңбек бөлінісін кең түрде және үнемі қолданып отырған қол еңбегі өндірісі; экономикалық жағынан біз шикізатты сатып алу ісін, істелген бұйымдарды аса зор (ұлттық) рынокта өткізу ісін билеп-төстейтін өте зор капиталдардың жасақталғанын көріп отырмыз; тоқымашы пролетарлар бұқарасы да бұларға толық бағынышты болып отыр; аздаған ірі кәсіпорындар (тар мағынасындағы мануфактура) толып жатқан ұсақ кәсіпорындарға үстемдік жасайды... Еңбек бөлінісі шаруалардан маман-мастеровойлар бөлініп шығуына жеткізеді; мәселен, қазірдің өзінде-ақ фабрикалы селоларға айналған Владимир губерниясындағы Иваново селосы (1871 жылдан бері — Иваново-Вознесенск қаласы; қазір — машиналы ірі индустрияның орталығы); Ярославль губерниясындағы Великое селосы және Москва, Кострома, Владимир, Ярославль губернияларының толып жатқан селолары сияқты егіншілікпен айналыспайтын мануфактура орталықтары құрылады *. Осындай жолмен құрылған өнеркәсіп әдетте біздің экономикалық әдебиетімізде және статистикамызда екі бөлікке ажыратылады: үйлерінде немесе онша ірі емес үй ішіндік шеберхана бөлмелерінде, шеберханаларда және т. с. жұмыс істейтін шаруалар «майдагерлік» өнеркәсіпке жатқызылады, ал неғұрлым ірі үй ішіндік шеберхана бөлмелері мен шеберханалар «фабрикалар мен заводтар» қатарына жатқызылады (және де мұны мүлдем кездейсоқ жатқыза салады, өйткені ұсақ кәсіпорындарды ірілерінен, үй ішіндік шеберхана бөлмелерін мануфактурадан, үйлерінде жұмыс істейтін жұмысшыларды капиталистің шеберханасында жұмыс істейтін жұмысшылардан айыру туралы дәл белгіленген және барлық жерде бірдей қолданылып отырған ешқандай

* Осы тұрғылас басты-басты селолардың тізімін келесі тараудан қараңыз.

ереже жоқ) *. Жалдама жұмысшылардың қайсыбіреулерін бір жаққа, ал нақ осы жалдама жұмысшыларды (кәсіпорындарындағы жұмысшылардан басқаларын) жалдаушы қожайындарды екінші жаққа шығарып жіктеу — ғылыми жағынан қарағанда non-sens ** екендігі түсінікті нәрсе.

Бұл айтылғанды «майдагерлік тоқыма» кәсіпшілігі жөніндегі, атап айтқанда Владимир губерниясындағы жібек тоқу кәсіпшілігі жөніндегі толық мәліметтер арқылы көрсетелік ***. «Жібек кәсіпшілігі» — нағыз капиталистік мануфактура. Мұнда қол еңбегі өндірісі басым. Кәсіпорындардың жалпы санының көпшілігі ұсақ кәсіпорындар (313 кәсіпорынның 179-ы, яғни 57 проценті ұсақ кәсіпорындар, бұларда 1—5 жұмысшыдан бар), бірақ олардың көбі дербес емес және өнеркәсіптің жалпы жиынтығы тұрғысынан қарағанда өздерінің маңызы жағынан бұлар ірі кәсіпорындардан көп кейін тұрады. 20—150 жұмысшысы бар кәсіпорындар барлық кәсіпорындардың 8 проценті (25), бірақ барлық жұмысшылардың 41,5 проценті соларда шоғырланған және олар өндірістің жалпы сомасының 51 процентін береді. Кәсіпшіліктегі барлық жұмысшылардың (2823) — 2092-і, яғни 74,1 проценті жалданып істейтіндер. «Өндірісте еңбек бөлінісі товардың түріне қарай да, жұмыстың түріне қарай да қолданылады». Тоқымашылардың «барқытты» да, «түксіз матаны» да (осы өндірістегі товардың басты екі түрін) бірдей тоқи алатыны сирек кездеседі. «Шеберхана ішінде жұмыстың түріне қарай еңбек бөлінісі жалдама жұмысшылары бар ірі фабрикаларда ғана» (яғни, мануфактураларда) «мейлінше қатаң енгізілген». Материалды өздері сатып алып, өнімдерін өздері өткізіп отыратын мүлдем дербес қо-

* Бұл сияқты шатасудың мысалдары келесі тарауда келтіріледі.
** — мағынасыздық. *Ред.*
*** Қараңыз: «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III. Біздің майдагерлік өнеркәсібіміз жөніндегі әдебиетте баяндалған барлық тоқыма кәсіпшіліктері туралы толық мәліметтерді түгел келтіру мүмкін де және қажетті де болмас еді. Оның үстіне қазіргі кезде бұл кәсіпшіліктердің көбі фабрикаға айналып отыр. «Майдагерлік тоқыма кәсібі» туралы тағы да «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағын», VI және VII томдар — «Майдагерлік комиссияның еңбектерін» — «Қол еңбегі жөніндегі статистика материалдарын».— «Есептер мен зерттеулерді».— Корсак, I. с.— қараңыз.

жайындар не бары 123; бұларда 242 семьялы жұмысшы бар және «оларда көбінесе кесімді ақы алатын 2498 жалдама жұмысшы істейді», демек, барлығы 2740 жұмысшы, яғни жұмысшылардың жалпы санының 97 проценті істейді. Сонымен, бұл мануфактурашылардың «заглод» (үй ішіндік шеберхана бөлмелері) арқылы жұмысты үйге таратып беруі өнеркәсіптің тіпті де ерекше формасы бола алмайтыны, ол капиталдың мануфактурадағы операцияларының бір түрі ғана екені айқын нәрсе. «Ірі кәсіпорындар өте аз болып тұрған кезде, орта есеппен алғанда бір кәсіпорынға келетін жұмысшының саны да аз ($7^1/_2$ адам) болып тұрған кезде толып жатқан ұсақ кәсіпорындар өндірістің шын сипатын бүркемелейді» (l. c., 39) деп Харизоменов мырза дұрыс айтады. Бұл арада мануфактураға тән кәсіпке маманданудың әсері өнеркәсіпшілердің егіншіліктен бөлінуінен (бір жағынан, кедейленген тоқымашылар, екінші жағынан, ірі мануфактурашылар жерлерін тастайды) және өнеркәсіп халқының ерекше бір тобының пайда болуынан да айқын корінеді, халықтың бұл тобы егіншілерге қарағанда әлдеқайда «таза» тұрады және мужикке төбесінен қарайды (l. c., 106). Біздің фабрика-завод статистикамыз әрқашан бұл кәсіпшіліктің тек кездейсоқ бір болігін ғана тіркеп келді *.

Москва губерниясындағы «оқа-зер кәсіпшілігі» — дәл осылай ұйымдасқан капиталистік мануфактура **. Саратов губерниясының Камышин уезіндегі сәрпіңке кәсіпшілігі де дәл осы сияқты, 1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша бұл жерде 31 «фабрика» болған, олардағы жұмысшылар 4250, өндіріс сомасы 265 мың сом, ал «Тізбе» бойынша кәсіпорында 33 жұмысшысы бар, өн-

* «Әскери-статистикалық жинақ» 1866 жылы Владимир губерниясында 98 жұмысшысы бар 98 жібек фабрикасын (!) есепке алды, ал өндіріс сомасы 4000 сом (!) болған. 1890 жылғы «Корсеткіш» бойынша — 35 фабрика, олардағы жұмысшы 2112, өндіріс сомасы — 936 мың сом. 1894/95 жылғы «Тізбе» бойынша 98 фабрика, 2281 жұмысшы, өндіріс сомасы — 1918 мың сом және «кәсіпорыннан тыс, шетте» 2477 жұмысшы болған. Ал енді осыдан кейін «майдагерлерді» «фабрика-завод жұмысшыларынан» ажыратып көріңізші!

** 1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша Москвадан тыс жерлердегі оқа-зер фабрикасының саны 10, олардағы жұмысшылар 303, өндіріс сомасы 58 мың сом болған. Ал «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағында» (VI том, II кітап) — 2619 жұмысшысы бар (бұлардың 72,8 проценті жалдама жұмысшылар) 400 кәсіпорын көрсетілген, өндіріс сомасы 963 мың сом.

діріс сомасы 47 мың сом [1] «жұмыс таратып беруші контора» болған. (Демек, 1890 жылы кәсіпорындағы жұмысшылар мен шеттегі жұмысшылар қосып жіберілген!) Жергілікті зерттеулерге қарағанда, 1888 жылы сәрпіңке өндірісінде 7000-ға жуық стан болған *, өндіріс сомасы 2 миллион сом, ал мұнда «барлық істі бірнеше фабрикант басқарып отыр», бұларға «майдагерлер» де, олардың ішінде күніне 7—8 тиын ақы алып, 6—7 жасар балалар да жұмыс істеген («Есептер мен зерттеулер», I том) **. Және т. т.

## 2) Тоқыма индустриясының басқа салалары. Киіз басу өндірісі

Егер ресми фабрика-завод статистикасына сүйеніп, пікір айтатын болсақ, онда киіз басу өндірісінде «капитализмнің» өте нашар дамығандығын көреміз: бүкіл Европалық Россияда не бары 55 фабрика бар, онда 1212 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 454 мың сом (1890 жылғы «Көрсеткіш»). Бірақ бұл цифр кең түрде дамып отырған капиталистік өнеркәсіптің кездейсоқ алына салынған бір бөлігін ғана көрсетеді. Нижегород губерниясы «фабрика-завод» киіз басу өндірісінің дамуы жөнінен бірінші орын алады, ал бұл губернияда осы өнеркәсіптің негізгі орталығы Арзамас қаласы мен қала маңындағы Выездная Слобода (оларда 8 «фабрика» бар, бұларда 278 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 120 мың сом; 1897 жылы халқы 3221 адам, ал Красное селосында — 2835 адам болған). Нақ осы орталықтар төңірегінде «майдагерлік» киіз басу өндірісі дамыған, бұл өндіріске 243-ке жуық кәсіпорын қарайды, оларда 935 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 103 847 сом

[1] «Фабрика инспекторларының 1903 жылғы есептерінің жинағы» (СПБ. 1906) бүкіл Саратов губерниясында жұмыс таратып беретін 33 контора бар, онда 10 000 жұмысшы істейді деп санаған *(2-басылуына ескерту)*.

** Бұл кәсіпшіліктің орталығы — Сосновск болысы, земство санағы 1886 жылы онда 4626 үй бар, еркектер мен әйелдерді қосып есептегенде 38 мың адам тұрады, өнеркәсіп орындары — 291 деп есептеген. Болыста қора-қопсысы жоқ үйлердің барлығы 10% (уезд бойынша 6,2%), егісі жоқ үйлер 44,5% (уезд бойынша 22,8%). Қараңыз: «Саратов губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», XI том.— Демек, капиталистік мануфактура мұнда да жұмысшыларды жерден айыратын өнеркәсіп орталықтарын құрып отыр.

(«Майдагерлік комиссияның еңбектері», V). Осы аймақтағы киіз басу өндірісінің экономикалық жағынан қалай ұйымдастырылғанын айқындап көрсету үшін графикалық әдісті қолданып көрелік, кәсіпшіліктің жалпы санатында ерекше орын алып отырған өндірушілерді ерекше белгілермен белгілейміз.

*Киіз басу кәсіпшілігі ұйымдасуының графикалық бейнесі*

жүнді тура иесінің қолынан сатып алатын бүтіндей дербес қожайындар.

жүнді екінші қолдан сатып алатын дербес қожайындар (кімпен алатынын — ирек сызық көрсетеді).

кесімді ақы алып, қожайындарға жұмыс істейтін дербес емес өндірушілер, материалды қожайынның өзі береді кімге істейтіндігін — бір сызық көрсетеді).

жалдама жұмысшылар (кімде істейтіндерін — қос сызық көрсетеді),

Цифрлар жұмысшылардың санын (шамамен) көрсетеді *.

Үзік сызықтармен бейнеленген төрт бұрыштың ішіндегі мәліметтер «майдагерлік» деп аталатын өнеркәсіптерге қатысты, басқалары — «фабрика-завод» өнеркәсібі деп аталатындарға қатысты.




* Деректемелер текстте атап көрсетілді. Кәсіпорындардың саны, шамамен алғанда, дербес жұмысшылардың санынан екі есе аз (Вас. Враге селосында 52 кәсіпорын, Красное селосында 5+55+110 және усақ 4 селода 21 кәсіпорын бар). Керісінше, Арзамас қаласы мен Выездная Слобода жөніндегі 8 деген цифр жұмысшылардың емес, «фабрикалардың» санын көрсетеді.

Сонымен, «фабрика-завод» өнеркәсібі мен «майдагерлік» өнеркәсіпті бөліп қарау мүлдем жасанды болып шығады, демек, біздің көріп отырғанымыз капиталистік мануфактура ұғымына толық сай келетін бірыңғай, біртұтас кәсіпшілік құрылым екені айқын *. Техникалық жағынан алып қарағанда бұл — қол еңбегі өндірісі. Жұмыстың ұйымдастырылуы — еңбек бөлінісіне негізделген кооперация; бұл еңбек бөлінісі мұнда екі жақты формада байқалады: товардың түріне қарай да (бір селоларда киіз басады, екінші біреулерінде киіз байпақ, қалпақ, ұлтарақ және т. с. даярлап шығарады) және жұмыстың түріне қарай да (мәселен, бүкіл Вас. Враг селосы Красное селосы үшін қалпақ және ұлтарақ *басады,* ал Красное селосында шала бұйымдар дайын бұйым қалпына келтіріледі және т. с.) бөлінеді. Бұл кооперация — капиталистік кооперация, өйткені оның басында ірі капитал тұр, бұл капитал ірі мануфактуралар құрған және толып жатқан ұсақ кәсіпорындарды өзіне (экономикалық қатынастардың күрделі жүйесі арқылы) бағындырған. Өндірушілердің орасан көпшілігі тазалық жағы өте-мөте нашар жағдайда кәсіпкерлер үшін *жұмыс түрлерін істейтін жұмысшыларға* айналып отыр **. Кәсіпшіліктердің көптен келе жатқандығы және әбден қалыптасып болған капиталистік қатынастар өнеркәсіпшілердің егіншіліктен бөлініп шығуын туғызып отыр: Красное селосында егіншілік мүлдем құлдырап кеткен, ал ондағы тұрғындардың тұрмысы егіншілердің тұрмысынан өзгеше ***.

---

* Ескерте кетелік, жоғарыда келтірілген графикалық бейне жалпы капиталистік мануфактура түрінде ұйымдастырылған барлық орыс кәсіпшіліктеріне тән: біз барлық жерде де кәсіпшіліктің басында (кей уақытта «фабрикалар мен заводтарға» қосылатын) ірі кәсіпорындардың тұрғанын және оларға көптеген ұсақ кәсіпорындардың бүтіндей бағынып отырғандығын, бір сөзбен айтқанда, біз бұл арада еңбек бөлінісіне және қол еңбегі өндірісіне негізделген капиталистік кооперацияны көреміз. Егіншілік емес орталықты мануфактура тек осында ғана емес, ол оны дәл осы сияқты басқа кәсіпшіліктердің көпшілігінде де құрып отыр.

** 22°—24° R температурада жалаңаш жүріп жұмыс істейді. Ауада шаң, тозаң, қылшық, неше түрлі қоқыс ұшып жүреді. «Фабрикалардың» едені жер (нағыз жүн жуатын жердің өзінде) және т. т.

*** Бұл арада красноселолықтардың тілдеріндегі бір ерекшелікті атап өтуге тұрарлық; бұл — мануфактураға тән территориялық томаға-тұйықтықтың айрықша белгісі. «Красное селосында *матройлықтар-*

Киіз басу кәсіпшілігінің ұйымдасуы бірқатар басқа аудандарда да дәл осындай. Осы губернияның Семенов уезінде 1889 жылы 363 қауымда бұл кәсіпшілікпен айналысқан 3180 үй болған, оларда 4038 қызметкер істеген, 3946 жұмысшының сату үшін істегендері 752 адам ғана, ал жалданып жұмыс істегендері 576, қожайындарға көбіне олардың өз материалдарынан істегендері 2618 адам. 189 үй 1805 үйге жұмыс беріп отырған. Ірі қожайындардың шеберханалары бар, бұл шеберханаларда 25-ке дейін жалдама жұмысшы істейді және олар жылына 10 мың сомға * жүн сатып алып отырады. Ірі қожайындарды *мыңшылар* деп атайды; олардың айналымы 5—100 мың сомдап келеді; олардың өздерінің жүн қоймалары, бұйымдар сататын дүкендері бар **. Қазан губерниясында «Тізбе» бойынша 5 киіз басу «фабрикасы» бар, олардағы жұмысшылар — 122, өндіріс сомасы 48 мың сом және олардың шеттен істейтін 60 жұмысшысы бар. Бұл соңғы 60 жұмысшы, сірә, «майдагерлердің» санына да қосылып отырған болуы мүмкін, олар туралы «майдагерлер» көбінесе «алыпсатарларға» істейді және 60-қа дейін жұмысшы істейтін кәсіпорындар да бар деп жазылған ***. Кострома губерниясының 29 киіз басу «фабрикасының» 28-і Кинешма уезінде, бұл кәсіпорындарда 593 жұмысшы бар және оларға 458 жұмысшы шеттен істейді («Тізбе», 68—70-беттер; екі кәсіпорынның тек қана шеттен істейтін жұмысшылары бар. Бу двигательдері де пайда бола бастайды). «Комиссия еңбектерінен» (XV) осы губерниядағы 3908 жүн түтуші мен киіз басушының 2008-і нақ осы Кинешма уезіне жиналғаны бізге мәлім. Костромалық киіз басушылардың көпшілігі дербес емес не-

---

*ша* фабриканы *поварня* деп атайды... *Матрой* тілі офень тілінің көп тармақтарының біріне жатады, ол тармақтардың негізгілері үшеу: *офень* тілінің өзі Владимир губерниясында, *галивонь* тілі Кострома губерниясында және *матрой* тілі Нижегород және Владимир губернияларында қолданылады» («Майдагерлік комиссияның еңбектері», V, 465-бет). Тек машиналы ірі индустрия ғана қоғамдық байланыстардың жерлестік сипатын толық жойып, олардың орнына ұлттық (және интернационалдық) байланыстар орната алады.

* «Нижегород губерниясының жерлерін бағалайтын материалдар», XI том, Н.-Н. 1893, 211—214-беттер.

** «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VI.

*** «Есептер мен зерттеулер», III.

месе тазалық жағы өте-мөте нашар шеберханаларда жалданып жұмыс істейді *. Тверь губерниясының Калязин уезінде біз, бір жағынан, «фабриканттар» үшін үйіне жұмыс алып істеушілерді («Тізбе», 113), ал екінші жағынан, нақ осы уездің өзі — киіз басатын «майдагерлердің» ұясы екенін көріп отырмыз; осы уездің өзінен шыққан «майдагерлер» 3000 адамға жетеді, бұлар «Зимняк» тақырын [133] басып өтіп (мұнда 60-жылдары Алексеевтің шұға фабрикасы болған), «жүн түтушілер мен киіз басушылардың орасан зор жұмысшы рыногын» жасап отыр **. Ярославль губерниясында да дәл осы сияқты «фабриканттар» үшін шеттен істеушілер («Тізбе», 115) және дәл осы сияқты қожайын-саудагерлерге олардың өздерінен жүн алып істейтін «майдагерлер» және т. с. бар.

### 3) Қалпақ пен бөрік, кендір мен арқан өндірісі

Москва губерниясындағы қалпақ кәсіпшілігі туралы статистикалық мәліметтерді біз жоғарыда келтіріп өттік ***. Бұл мәліметтерден бүкіл өндірістің және барлық жұмысшылардың $^{2}/_{3}$ бөлігі орта есеппен әрқайсысында 15,6 жалдама жұмысшы бар 18 кәсіпорынға жиналғандығы көрінеді ****. Қалпақ жасайтын «майдагерлер» қалпақ өндірісіндегі жұмыстың кейбір түрлерін ғана атқарады: бұлар *қалпақ* жасап, оны Москва саудагерлеріне өткізеді, ал ол саудагерлердің өздерінің қалпақ «өңдейтін кәсіпорындары» бар; сонымен қатар қалпақ жасайтын «майдагерлерге» өздерінің үйлерінде отырып «түтушілер» де (түбіт түтуші әйелдер) жұмыс істейді. Сонымен, біз бұл арада жалпы және тұтас алғанда еңбек бөлінісіне негізделген және экономикалық

* «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», II.

** «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», II, 271-бет.

*** Қараңыз: V тарауға жазылған I қосымша, № 27 кәсіпшілік.

**** Бұл кәсіпорындардың кейбіреуі кейде «фабрикалар мен заводтар» санына қосылып жүрді. Қараңыз: мәселен, 1879 жылғы «Көрсеткіш», 126-бет.

тәуелділіктің алуан түрлі шырмауымен шырмалған капиталистік кооперацияны көріп отырмыз. Кәсіпшіліктің орталығында (Подольск уезінің Кленово селосында) өнеркәсіпшілердің (әсіресе жалдама жұмысшылардың) егіншіліктен бөлініп шыққандығы * және халықтың керексіну дәрежесінің өсіп отырғандығы айқын аңғарылады: бұлар «барынша таза тұрады», шыттан киім киеді, кейде тіпті шұға да киеді, самауырлар сатып алады, ескі әдеттерден және тағы сондайлардан арылып келеді, сойтіп осынысы арқылы жергілікті жерлердегі ескіпі көксеушілерді қатты ызаландырып отыр **. Жаңа заман шетке кетіп, қалпақ жасайтындарды да туғызып отыр.

Кострома губерниясы, Буйск уезінің Молвитин селосындағы бөрік жасайтын кәсіпшілік — нағыз капиталистік мануфактура ***. «Молвитин селосы мен 36 деревнядағы басты кәсіп — бөрік жасау кәсіпшілігі». Олар егіншілікті тастап жатыр. 1861 жылдан кейін кәсіпшілік күшті дамыды; тігін машиналары кең түрде қолданылатын болды. Молвитинде 10 шеберхана жыл бойына тоқтаусыз жұмыс істейді, оларда 5—25 мастерден және 1—5 шебер әйелден бар. «Жақсы шеберхана жылына шамамен 100 000 сом айналым қаржы түсіреді» ****. Үйге істеуге жұмыс берушілік те бар (мәселен, шілтер тоқу үшін керек материалды әйелдер үйлерінде даярлайды). Тазалық жағы өте-мөте нашар жағдайда жұмыс істейтін және көбінесе көкірек ауруына шалдығып отырған жұмысшыларды еңбек бөлінісі жарымжан етуде. Кәсіпшілік жұмыс істеп келе жатқан ұзақ (200 жылдан астам) уақыттың ішінде он саусағынан өнері тамған тамаша мастерлерді даярлап шығарды: Молвитин мастерлері астаналарда да, шет аймақтарда да әйгілі болып отыр.

---

* Салыстырыңыз: жоғарыдағы V тарау, § VII.

** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI, I кітап, 282—287-беттер.

*** Қараңыз: «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX және «Есептер мен зерттеулер», III.

**** Белгісіз бір себептермен бұл сияқты шеберханалар осы уақытқа дейін «фабрикалар мен заводтар» санына кіргізілмей келген.

Калуга губерниясының Медынь уезіндегі кендір кәсіпшілігінің орталығы — Полотняный Завод селосы. Бұл — үлкен село (1897 жылғы санақ бойынша мұнда 3685 адам тұрған), халқы жерсіз, негізінен өнеркәсіппен шұғылданады (1000-нан астам «майдагерлер» бар); бұл — Медынь уезінің «майдагерлік» кәсіпшіліктерінің орталығы *. Кендір кәсіпшілігі мұнда былай ұйымдастырылған: ірі қожайындардың (олар үшеу; ең ірісі — Ерохин) жалдама жұмысшылар істейтін шеберханалары және шикізат сатып алуға азды-көпті мөлшерде айналмалы капиталы бар. Кендірді «фабрикада» түтеді,— жіпті әйелдер үйлерінде иіреді,— оны фабрикада да, үйлерінде де еседі. Арқау жіптерін фабрикада жасайды,— фабрикада да, үйлерінде де тоқиды. 1878 жылы кендір кәсіпшілігінде 841 «майдагер» бар деп есептелген; Ерохин әрі «майдагер», әрі «фабрикант» болып саналады, ол 1890 және 1894—1895 жылдары 94—64 жұмысшым бар деп көрсеткен; «Есептер мен зерттеулер» (II том, 187-бет) мәліметтеріне қарағанда, оған «жүздеген шаруа» жұмыс істейді.

Нижегород губерниясындағы арқан есу кәсіпшілігінің орталығы — Горбатов уезінің Нижний және Верхний Избылец деген селолары; бұлар да егіншілікпен айналыспайтын өнеркәсіпті селолар **. Карпов мырзаның мәліметтері бойынша («Майдагерлік комиссияның еңбектері», VIII кітап), бұл — Горбатов-Избылецтегі біртұтас арқан-канат кәсіпшілік ауданы болып табылады; Горбатов қаласындағы мещандардың бір бөлігі де кәсіпшілікпен айналысады, тіпті Верхний және Нижний Избылец селоларының өздерін де «Горбатов қаласының бір бөлігі деуге болады», бұлардың тұрғындары да мещандарша тұрады, күнде шай ішеді, киімді сатып алып киеді, ақ нан жейді. 32 селода барлық халықтың

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», II.

** Земство статистикасы бойынша («Материалдардың» VII кітабы, Н.-Н. 1892) бұларда 1889 жылы 341 және 119 үй болған, еркек пен әйелдерді қоса есептегенде 1277 және 540 жан болды. Үлесті жері бар үйлер 253 және 103. Кәсіпшілігі бар үйлер 284 және 91, бұлардың ішінде егіншілікпен айналыспайтындары 257 және 32. Аты жоқтары 218 және 51. Үлесті жерін жалға берушілер 237 және 53.

$^{2}/_{3}$ бөлігіне дейіні кәсіпшілікпен айналысады, атап айтқанда 4701-ге жуық қызметкер (2096 еркек және 2605 әйел) $1^{1}/_{2}$ миллионға жуық сомның затын өндіреді. Кәсіпшілік 200 жыл шамасы өмір сүріп келген, енді төмендеп барады. Мұнда жұмыс былай ұйымдастырылған: барлық жұмысшы 29 қожайынға жұмыс істейді, материалды қожайындар береді, кесімді ақы алады, «қожайынға толық тәуелді болады» және тәулігіне 14—15 сағат жұмыс істейді. Земство статистикасының мәліметтері бойынша (1889 ж.), кәсіпшілікте 1699 ер адам жұмыс істеген (бұған 558 әйел мен жасы жетпеген ер балалар да қосылады), 1648 жұмысшыдан тек 197 жұмысшы ғана бұйымды сату үшін істеп шығарады, 1340 жұмысшы — қожайындары үшін істейді * және 111 жұмысшы 58 қожайынға солардың шеберханаларында жалданып жұмыс істейді. *Үлесті жері* бар 1288 үйден 727 үй ғана, яғни $^{1}/_{2}$ бөлігінен сәл көбірегі өз егістерін өздері өңдейді. Үлесті жері бар 1573 қызметкердің 306-сы, яғни 19,4 проценті егіншілікпен мүлдем айналыспайды. Бұл «қожайындар» кімдер деген мәселеге келгенде біз «майдагерлік» өнеркәсіп саласынан «фабрика-завод» өнеркәсібі саласына көшуіміз керек. 1894/95 жылғы «Тізбе» бойынша мұнда жіп иіретін екі фабрика болған, бұл фабрикалардың өздерінде істейтін 231 жұмысшысы және шеттен істейтін 1155 жұмысшысы болған, өндіріс сомасы — 423 мың сом. Қазір бұл кәсіпорынның екеуінде де механикалық двигательдер бар (бұлар 1879 жылы да, 1890 жылы да болмаған-ды), демек, біз бұдан капиталистік мануфактураның капиталистік машиналы индустрияға айналғанын, үйге жұмыс берумен және алыпсатарлықпен айналысатын «майдагерлердің» нағыз фабриканттарға айналғанын айқын көріп отырмыз.

Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлік санақ губернияда шаруалардың 68 арқан-канат кәсіпорнын тізімге алған, бұларда 343 жұмысшы болған (мұның ішінде жалдама жұмысшы 143), өндіріс сома-

* Салыстырыңыз: «Нижегород жинағы», IV том, священник Рославлевтің мақаласы.

сы 115 мың сом *. Бұл ұсақ кәсіпорындардың басында тізімде соларға қоса есептелген ірі мануфактуралар тұрған: 6 қожайынның 101 жұмысшысы бар (мұның ішінде жалдама жұмысшы 91), өндіріс сомасы 81 мың сом **. Осы ірі кәсіпорындардағы өндірістің құрылыс тәртібі «органикалық мануфактураның» (Маркстің айтуынша) [134] ерекше айқын үлгісі бола алады, яғни мұндай мануфактурада әр түрлі жұмысшылар шикізатты *сатылап* өңдеу ісінде әр түрлі операциялар атқарады: 1) кендір түтеді; 2) тарайды; 3) иіреді; 4) иірілген жіпті «шумақтап» орайды; 5) смола жағады; 6) қайта тарқатып барабанға орайды; 7) жіпті күзеуден өткізеді; 8) жіпті шойын дөңгелектен өткізеді; 9) жіпті ширатады, арқан еседі және оларды орайды ***.

Сірә, Орел губерниясында да кендір өңдейтін өнеркәсіп осы тәрізді болуы керек: шаруалардың толып жатқан ұсақ кәсіпорындарынан, көбінесе қалаларда, ірі мануфактуралар бөлініп, «фабрикалар мен заводтар» қатарына қосылып отырады (1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша Орел губерниясында 1671 жұмысшысы бар, өндіріс сомасы 795 мың сом 100 кендір түтетін фабрика болған). Кендір кәсіпшілігінде шаруалар кесімді ақымен «көпестерге» (сірә, жоғарыда айтылған мануфактурашыларға болса керек) жұмыс істейді, материалды солардың өздерінен алады, оның бер жағында атқаратын жұмыстары әр түрлі болып келеді: «түтушілер» кендір түтеді; «иірушілер» иіреді; «бородельщиктер» кендірді шөп-шаламнан тазалайды; «айналдырғыштар» дөңгелекті айналдырады. Жұмыс өте қиын; көп адамдар көкірек ауруымен және «жарық» ауруымен ауырады. Шаң-тозаңның көптігі сонша, «дағдыланбайынша

* «Пермь губерниясындағы майдагерлік кәсіпшілік жағдайының очеркі», 158-бет; кестенің жиынтығында қате немесе жаңылыс басылған жерлер бар.

** Ibid., 40 және 188-беттердегі кестелер. Нақ осы кәсіпорындар «Тізбеге» де енгізілген тәрізді, 152-бет. Ірі кәсіпорындарды ұсақ кәсіпорындармен салыстыру үшін біз товар өндіруші-егіншілерді бөліп көрсеттік. «Этюдтердің» 156-бетін қараңыз. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 404—405-беттер. *Ред.*).

*** «Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі Сибирь-Урал көрмесінде», III кітап, 47 және келесі беттер.

$^1/_4$ сағат та шыдап тұра алмайсың». Олар жай сарайларда, майдан сентябрьге дейін, таң сәріден қас қарайғанға дейін жұмыс істейді *.

#### 4) Ағаш өңдеу өндірісі

Капиталистік мануфактураның бұл саладағы ең көп өріс алғаны — сандық жасау кәсіпшілігі. Мәселен, Пермь зерттеушілерінің мәліметтеріне қарағанда, «бұл кәсіпшілік былайша ұйымдастырылған: жалдама жұмысшылар істейтін шеберханалары бар бірнеше ірі қожайын материалдар сатып алады, бұйымдарды *ішінара* өздерінде жасап шығарады, бірақ көбінесе материалдарды жұмыстың жеке түрлерін істейтін ұсақ шеберханаларға таратып береді, ал өз шеберханаларында сандықтың бөлшектерін жинап құрастырады да, товар әбден өңделіп болғаннан кейін оны рынокқа жібереді. Өндірісте еңбек бөлінісі... кең түрде қолданылады: тұтас сандықты жасап шығу 10—12 операцияға бөлінеді, әрбір операцияны жұмыстың жеке түрін атқаратын майдагер орындайды. Кәсіпшіліктің ұйымдасуы — жұмыстың жеке түрін атқаратын жұмысшыларды («Капиталда» бұлар Teilarbeiter деп аталған) *капиталдың* басшылығымен біріктіру **. Бұл — алуан құрамды мануфактура (Маркcше бұл heterogene Manufaktur [135]), мұнда шикізаттан өнім жасап шығарған кезде түрлі жұмысшылар жұмыс операцияларын сатылап атқармайды, олар өнімнің әрбір жеке бөлшектерін даярлайды, содан соң ол бөлшектерді құрастырып жинайды. Капиталистердің жұмысты үйге таратып, «майдагерлерге» істетуді артық санайтын себебі: бір жағынан, бұл мануфактураның жоғарыда айтылып өткен сипатына, ал екінші жағынан (және көбінесе) үйлерінде жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбегіне ақының не-

* Қараңыз: «Орел губерниясындағы Трубчевск, Карачевск, Орел уездері бойынша земстволық-статистикалық жинақтар. Ірі мануфактуралардың ұсақ шаруа кәсіпорындарымен байланысты екендігі соңғыларда жалдама еңбекті пайдаланудың күшейгенінен де көрінеді: мәселен, Орел губерниясындағы жіп иіру орындарының қожайындары болып отырған 16 шаруада 77 жұмысшы істейді.

** *В. Ильин.* «Этюдтер», 176-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 431-бет. *Ред.*)

ғұрлым аз төленетіндігіне байланысты *. Ескерте кетелік, мұндағы біршама ірі шеберханалар кейде «фабрикалар мен заводтар» қатарына да қосылып жүр **.

Владимир губерниясындағы Муром уезінде де сандық жасау кәсіпшілігі, тегі, осылайша ұйымдасқан: «Тізбе» бойынша онда 9 «фабрика» бар (бәрінде де қол еңбегі қолданылады), кәсіпорында жұмысшылар саны — 89, ал *шеттен істейтіндері 114,* өндіріс сомасы 69 810 сом.

Мәселен, Пермь губерниясында экипаж жасайтын кәсіпшіліктің ұйымдасуы да осы сияқты: толып жатқан ұсақ кәсіпорындардан жалдама жұмысшылары бар құрастыру шеберханалары ерекше көзге түседі; ұсақ майдагерлер өздерінің материалдарынан болсын, «алыпсатарлардың» (яғни құрастыру шеберханалары иелерінің) материалдарынан болсын экипаждың бөлшектерін даярлап шығаратын, жұмыстың белгілі бір жеке түрлерін атқаратын жұмысшылар болып саналады ***. Экипаж жасайтын полтавалық «майдагерлер» туралы біз мынаны оқимыз: Ардони посадында жалдама жұмысшылар істейтін және жұмысты үйге таратып беретін шеберханалар бар (неғұрлым ірі қожайындарда шеттен істейтін 20-ға дейін жұмысшылар болады) ****. Қазан губерниясында қалалық экипаж өндірісінде товар бойынша еңбек бөлінісі байқалады: бір селолар тек шана жасайды, басқалары тек арба жасайды және т. с. «Қала экипаждары деревняда әбден құрастырылып болғаннан кейін (бірақ темірі тартусыз, доңғалақсыз, тертесіз) Қазанның заказ беруші саудагерлеріне келіп түседі, ал олар экипаждың темірлерін тартқызу үшін майдагер темір ұсталарына өткізеді. Осыдан кейін экипаждар қайтадан қаладағы дүкендерге, шеберханаларға келіп түседі, осы жерде біржола өңделеді, яғни қапталады, сырланады... Бұрын экипаждардың темірлерін өзінде тарттыратын Қазан енді бұл жұмысты бірте-бірте,

* Қараңыз: бұл туралы Пермьдегі майдагерлік кәсіпшіліктің дәл мәліметтері де сонда, 177-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 431-бет. *Ред.).*

** Қараңыз: «Көрсеткіште» және «Тізбеде» сол Пермь губерниясы туралы, сол «майдагерлік кәсіпшіліктің» орталығы болып саналатын Невьянский Завод (егіншілікпен айналыспайтын) селосы туралы.

*** Салыстырыңыз: біздің «Этюдтер», 177—178-беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 431—432-беттер. *Ред.*)

**** «Есептер мен зерттеулер», I.

қаладағы шеберлерге қарағанда неғұрлым арзан бағамен істейтін майдагерлерге бере бастады...» *. Демек, капитал жұмысты үйді-үйге таратып беруді артық санайды, өйткені осы арқылы жұмыс күші арзандайды. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп отырғанындай, экипаж жасайтын кәсіпшіліктің ұйымдастырылуы көп реттерде жұмыстың жеке түрлерін атқаратын майдагерлердің капиталға бағындырылған жүйесі болып табылады.

Воронеж губерниясының Павлов уезіндегі өнеркәсібі орасан үлкен Воронцовка селосы (1897 жылы 9541 тұрғыны болған) ағаш бұйымдар жасап шығаратын тұтас бір мануфактура сияқты («Комиссияның еңбектері және т. т.», IX кітап, священник Митр. Поповтың мақаласы). Кәсіпшілікпен айналысатын үй саны 800-ден асады (және 5000-нан астам тұрғыны бар Александровка слободасының бірсыпыра үйлері де шұғылданады). Мұнда арба, тарантас, доңғалақ, сандық және т. с. жасалады, олардың жалпы сомасы 267 мың сомға жуық. Дербес қожайындар — тұрғындардың үштен бірінен азырақ; қожайындардың шеберханаларында жалдама жұмысшылар сирек кездеседі **. Тұрғындардың көпшілігі жергілікті саудагер-шаруалардан кесімді ақыға заказ алып, соны орындайды. Жұмысшылар қожайындарына қарыздар және олар ауыр жұмыстан әбден қажыған: халық барған сайын қалжырап барады. Слободаның халқы — деревня халқы сияқты емес, өнеркәсіптік халық, егіншілікпен (бақшаны есептемегенде) мүлдем дерлік айналыспайды, үлесті жері болмашы ғана. Кәсіпшілік көптен бері жұмыс істейді, ол халықты егіншіліктен шеттетіп, байлар мен кедейлердің жіктелуін барған сайын күшейтіп отыр. Халқы тойып тамақ ішпейді, «бұрынғыдан гөрі сәндірек» киінеді, «бірақ шамасына қарамайды» — бәрін де сатып алады. «Халықты өнеркәсіп пен сауда рухы билеп алған». «Қолының

* Ibid., III.

** Ағашпен сауда жасайтын ірі саудагер 14 адам. Олардың *ағаш кесетін, ағаш иетін бу машиналары* бар (құны 300 сом шамасында); машиналардың жалпы саны селода 24, оның әрқайсысында 6 жұмысшыдан істейді. Жұмысшыларға материал таратып беріп отырған да, алдын ала ақша беріп, оларды кіріптарлыққа салып отырған да осы саудагерлер.

місекері жоқтардың бәрі дерлік әйтеуір бір нәрсемен сауда жасайды... Өнеркәсіп пен сауданың әсерінен шаруалар мүлдем еркінсіп барады, мұның өзі оларды әлдеқайда саналы және пысық етіп жібереді» *.

Нижегород губерниясының Семенов уезіндегі атақты қасық жасау кәсіпшілігі өзінің ұйымдасуы жағынан капиталистік мануфактураға ұқсайды; рас, мұнда толып жатқан ұсақ шеберханалардан көзге ерекше түсетін және оларға үстемдік жүргізетін ірі шеберханалар жоқ, бірақ оның есесіне біз мұнда тамырын терең жайған еңбек бөлінісі бар екенін және жұмыстың жеке түрлерін атқаратын жұмысшылар бұқарасының капиталға толық бағындырылып отырғанын көреміз. Әбден жасалып шыққанша қасық кемінде 10 қолдан өтеді, оның үстіне кейбір операцияларды алыпсатарлар не әдейі жұмысшылар жалдап істетеді, не маман жұмысшыларға таратып береді (мәселен, қасықты бояу); кейбір селолар жұмыстың жеке түрлерін орындауға мамандanады (мәселен, Дьяково деревнясы кесімді ақы алып, алыпсатардың заказы бойынша қасықты өңдеп шығару жұмысын атқарады, Хвостиков, Дианов, Жужелки деревнялары қасықты бояйды, т. т.). Алыпсатарлар ағашты Самара және басқа губерниялардан көтере сатып алады, ол губернияларға жалдама жұмысшы артельдерін жібереді, шикі материал мен дайын бұйымдар сақтайтын қоймалары болады, материалдың неғұрлым бағалы түрлерін және басқа сондайларды өңдеу үшін майдагерлерге таратып береді. Жұмыстың жеке түрлерін атқаратын жұмысшылар бұқарасы капиталға толық бағындырылған бір күрделі өндірістік механизм болып саналады. «Қасық жасаушылар үшін жалданып қожайынның қарауында және қожайынның өз үйінде істесе де немесе қысылып-қымтырылып үйлерінде істесе де бәрібір, өйткені басқа кәсіпшіліктердегі сияқты, бұл

* Мұнда жалпы алғанда *ағаш өндірісі ісінде* капитализмнің дамуы қандай процесс арқылы болып жатқандығын көрсетіп өту орынды. Ағаш өнеркәсіпшілері ағашты сол күйінде сатпайды, олар алдымен жұмысшылар жалдап ағашты өңдетеді, ол ағаштан неше түрлі бұйымдар жасап шығарады, содан соң осы өнімдерді сатады. Қараңыз: «Комиссияның еңбектері және т. т.», VIII, 1268, 1314-беттер. Сондай-ақ «Орел губерниясының Трубчевск уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағын» қараңыз.

кәсіпшілікте де барлық іс әлдеқашан өлшеніп-пішіліп, таразыға тартылып және есептеліп қойылған. Қасық жасаушылар өздерінің тіршілік етуіне ең қажет деген қаржыдан артық бір тиып да таба алмайды» *. Мұндай жағдайда бүкіл өндіріске үстемдік етіп отырған капиталистердің шеберханалар ашуға асықпайтыны әбден түсінікті, ал қолөнеріне және дәстүрлі еңбек бөлінісіне негізделген кәсіпшілік өзінің тұралап қалған мешеу күйінен шыға алмайды. Жерге маталған «майдагерлер» ескі дәстүрінен тапжылмай тағандап қалған сияқты: олар 1879 жылдағы сияқты 1889 жылы да ақшаны күміске емес, бұрынғыша ассигнацияға шағып есептеп келеді.

Москва губерниясының ойыншық жасайтын кәсіпшілігінде де дәл осы сияқты капиталистік мануфактура түрпатты кәсіпорындар үстем болып отыр **. 481 шеберхананың 20-сының әрқайсысында 10-нан астам жұмысшыдан бар. Өндірісте товар бойынша да, жұмыстың түрі жөнінен де еңбек бөлінісі мейлінше кеңінен қолданылады, мұның өзі еңбек өнімділігін (жұмысшыны жарымжан ете отырып) барынша арттырады. Мәселен, бір ұсақ шеберхананың кірісі товардың сату бағасының 26 проценті, ал ірі шеберхананың кірісі — 58 проценті болып белгіленген ***. Әрине, ірі қожайындарда негізгі капитал да едәуір көп екендігі анық; техникалық жабдықтар да кездеседі (мәселен, кептіргіштер). Кәсіпшіліктің орталығы — егіншілікпен айналыспайтын мекен, Сергиев посады (1398 жұмысшыдан 1055 жұмысшы осында тұрады. 405 мың сом өндіріс сомасының 311 мың сомы осының үлесіне тиеді; 1897 жылғы санақ бойынша халқы 15 155 адам). Осы кәсіпшілік туралы очерктің авторы ұсақ шеберханалардың және т. с. басым екендігін көрсете келіп, кәсіпшіліктің фабрикаға айналуынан гөрі мануфактураға айналуы әбден ықти-

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», II кітап, 1879 ж.— Сондай-ақ Семенов уезі бойынша земстволық-статистикалық «Материалдарды» қараңыз, XI кітап. 1893.

** Біз келтіріп отырған статистикалық мәліметтер (V тарауға I қосымша, № 2, 7, 26 кәсіпшіліктер) барлық ойыншық жасаушылардың тек азғантай ғана бөлігін қамтып отыр; бірақ бұл мәліметтер 11—18 жұмысшысы бар шеберханалардың пайда болғандығын көрсетеді.

*** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, II кітап, 47-бет.

мал бола тұрса да, бұлай болуына мүмкіндік аз деп есептейді. «Алдағы уақытта да,— дейді ол,— ұсақ өндірушілердің ірі өндіріспен азды-көпті дәрежеде ойдағыдай бәсекелесуіне әрдайым мүмкіншіліктері болмақ» (l. c., 93). Дәл сол қол еңбегі өндірісі ұсақ кәсіпшіліктердегі сияқты мануфактураның да әрқашан техникалық базисі болып қалатындығын; еңбек бөлінісі еш уақытта да, ұсақ өндірушілерді мүлдем ығыстырып тастайтындай, әсіресе, егер олар жұмыс күнін ұзарту және т. с. әдістерді қолдана қалса, соншалық батыл артықшылық жасай алмайтындығын; мануфактураның еш уақытта да барлық өндірісті қамтуға мүмкіндігі болмайтындығын, оның тек толып жатқан ұсақ кәсіпорындарға қондырма ғана болып қалатындығын автор ұмытып отыр.

### 5) Мал өнімдерін өңдейтін өндірістер. Былғары және тері илеу өндірістері

Былғары өнеркәсібі неғұрлым кең тараған аудандар «майдагерлік» және фабрика-завод өнеркәсібінің толық бірігуінің айқын үлгісі, орасан күшті дамыған (әрі кеңейе, әрі кеулей дамыған) капиталистік мануфактураның үлгісі болып табылады. Орасан кең көлемде өріс алған «фабрика-завод» былғары өнеркәсібі бар губерниялардың (Вятка, Нижегород, Пермь, Тверь) өнеркәсіптің бұл саласындағы «майдагерлік» кәсіпшіліктің ерекше дамуымен көзге түсуінің өзі көңіл бөлерлік болып отыр.

Нижегород губерниясының Горбатов уезіндегі Богородское селосында «Көрсеткіш» бойынша 1890 жылы 58 «фабрика» болған, онда 392 жұмысшы істеген, өндіріс сомасы 547 мың сом, ал «Тізбе» бойынша онда 1894/95 жылдары — 119 «завод» болған, кәсіпорындардың өзінде 1499 жұмысшы, шеттен 205 жұмысшы істеген, өндіріс сомасы 934 мың сом болған (бұл соңғы цифрлар жергілікті өнеркәсіптің басты саласы болып саналатын мал өнімдерін өңдеуді ғана көрсетеді). Бірақ бұл мәліметтер капиталистік мануфактураның тек *жоғарғы сатыдағыларын* ғана бейнелейді. Карпов мыр-

за 1879 жылы бұл селода және оның аймағында былғары, тақа жасайтын, себет тоқитын (товар үшін), жегу әбзелдерін, қамыт жасайтын, қолғап тоқитын және ерекше оқшау тұрған — құмыра кәсіпшіліктерінде 296-дан астам кәсіпорын болды, бұларда 5669 жұмысшы істеді (олардың орасан көпшілігі капиталистерге жұмысты үйлеріне алып істеді), өндіріс сомасы 1490 мың сомға жуық деп есептеді *. 1889 жылғы земство санағы бойынша бұл ауданда 4401 өнеркәсіпші бар деп есептелген, оның бер жағында егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілген 1842 жұмысшыдан 1119 жұмысшы басқа қожайындардың шеберханаларында жалданып істейді және 405 жұмысшы қожайындарға жұмысты үйлеріне алып істейді **. «8 мың халқы бар Богородское селосы былғары жасайтын орасан үлкен бір завод болып табылады, мұнда жұмыс тоқтаусыз жүріп жатады» ***. Дәлірек айтсақ, бұл — азын-аулақ ірі капиталистерге бағынатын «біртұтас» мануфактура; бұл капиталистер шикізат сатып алады, былғары өңдейді, одан алуан түрлі бұйымдар жасайды, өндіріс үшін мүлдем жарлы бірнеше мың жұмысшыларды жалдайды және ұсақ кәсіпорындарына үстемдік жүргізіп отырады ****. Бұл кәсіпшілік көптен бері, XVII ғасырдан бастап бар; кәсіпшілік тарихында осы кәсіпшіліктің дамуына едәуір себепші болған және, айта кету керек, осы жерде өте ертеде пайда болған пролетариатты жергілікті байлардан қорғап келген помещик Шереметевтер (19-ғасырдың бас кезі) ерекше есте сақталған. 1861 жылдан кейін кәсіпшілік мықтап дамыды, әсіресе ұсақ кәсіпорындар есесінен ірі кәсіпорындар өсіп шықты; ғасырлар бойғы кәсіпшілік қызмет халық арасынан тамаша шеберлер шығарды, бұлар өндірісті бүкіл Россияға таратты. Ны-

---

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX.

** Горбатов уезі бойынша «жерді бағалау жөніндегі материалдар».

*** «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX.

**** Мәселен, қамыт жасау кәсіпшілігін билеп отырған 13 ірі қожайын; бұлардың әрқайсысында 10—30-дан жалдама жұмысшы және 5—10-нан шеттен істейтін жұмысшы бар. Қолғап жасайтын ірі қожайындар (2—3 жалдама жұмысшысы бар) өздерінің шеберханаларында қолғапты пішеді де, тігу үшін шетке 10—20 әйелге таратып береді; бұл әйелдер қолғаптың *саусағын тігушілер* және қолғапты *жөрмеп тігушілер* болып тағы да бөлінеді: біріншілері жұмысты қожайындардан алады да, оны екіншілеріне таратып береді, сонымен бірге бұларды қанап отырады (1879 ж. мәліметтер).

ғайып бекіген капиталистік қатынастар өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуіне әкеп соқтырды: Богородское селосы өзі егіншілікпен айналысуды мүлдем дерлік қойғаны былай тұрсын, осы «қалаға» көшіп келіп жатқан төңіректегі шаруаларды да егіншіліктен аулақтатып отыр *. Карпов мырза бұл село «тұрғындарында шаруаға ұқсастық белгілердің атымен жойылғандығын» айтады, «қалада емес, селода жүрмін дегенді ойыңа да алмайсың» дейді. Бұл село Горбатов қаласын да, Нижегород губерниясының тек Арзамас қаласынан басқа барлық қалған уездік қалаларын да көп артқа тастап кетті. Бұл село — «губерниядағы миллиондаған сомның товарын өндіретін және саудасын жасайтын ірі сауда және өнеркәсіп орталықтарының бірі». «Богородскоенің өнеркәсіп және сауда жағынан ықпал етіп отырған аймағының көлемі өте зор, ал Богородское өнеркәсібімен оның төңірегіндегі 10—12 шақырым жердегі өнеркәсіп өте тығыз байланысты. Осы өнеркәсіпті аймақ Богородскоенің жалғасы сияқты». «Богородское тұрғындары кәдімгі қоңырқай мужиктерге мүлдем ұқсамайды: олар — қолөнерші мещандар, шаруаларға жирене қарайтын, пысық, көп жайды басынан кешірген халық. Богородское тұрғынының тұрмыс жағдайлары, адамгершілік ұғым салты барынша мещандық тұрғыда қалыптасқан». Оның үстіне Горбатов уезінің өнеркәсіпті селоларындағы халықтың сауаттылығы басқалардан гөрі біршама жоғары тұрғандығын қоса айту керек: мәселен, Павлово, Богородское және Ворсма селоларында сауаттылар — 37,8%, оқып жүрген еркектер мен әйелдер — 20,0%, ал уездің басқа жерлерінде сауаттылар — 21,5%, оқып жүрген еркектер мен әйелдер — 4,4%. (Қараңыз: земстволық-статистикалық «Материалдар»).

Балахна уезінің Катунки және Городец, Княгинин уезінің Большое Мурашкино, Васильск уезінің Юрино,

* 1889 жылы 1812 үйдің (тұрғын халқы 9241 адам) 1469-ында егіс болмаған (1897 жылы тұрғын халқы — 12 342). Павлово және Богородское селоларының Горбатов уезіндегі басқа селолардан айырмасы — сыртқа халықты көп шашау шығармайтындығы; керісінше, Горбатов уезіндегі шетке кеткен барлық шаруалардың 14,9 проценті Павловода, 4,9 проценті Богородскоеде тұрады екен. 1858 жылдан 1889 жылға дейін уезд көлемінде халықтың өсуі=22,1%, ал Богородское селосында=42%. (Қараңыз: земстволық-статистикалық «Материалдар»).

сол уездің Тубанаевка, Спасское, Ватрас және Латышиха селоларындағы былғары өңдеу кәсіпшіліктеріндегі жағдай да (тек көлемі кемірек демесе) дәл осындай. Мұнда да сондай айналасын егін салатын селолар «қоршаған» егіншілікпен айналыспайтын орталықтар, сондай ірі кәсіпкерлерге бағынатын неше алуан кәсіпшіліктер мен толып жатқан ұсақ кәсіпорындар (сондай-ақ үйлерінде істейтін жұмысшылар), кейбір реттерде «фабрика мен заводтар» санына қосылып жүрген капиталистік шеберханалар бар *. Жоғарыда айтылғандармен салыстырғанда ешқандай жаңалығы жоқ статистикалық мәліметтермен шұғылданбай-ақ, Катунки селосының ғана мынадай бір өте қызғылықты сипаттамасын келтіріп өтелік **:

«Қожайын мен жұмысшылар арасындағы қарым-қатынастардың ішінара патриархтық қарапайымдылығы, былайша айтқанда, бірден көзге түсе қоймайтып және, амал қанша, (?) жылдан жылға жойылып бара жатқан қарапайымдылығы кәсіпшіліктердің майдагерлік сипатта екендігін бейнелейді (?). Кәсіпшіліктердің де, халықтың да фабрикалық сипаты тек соңғы кезде ғана, әсіресе қаланың әсерінен көріне бастады, ал кеме қатынасының орнауы арқасында халықтың қаламен байланысы жеңілдеді. Қазіргі уақытта село толық өнеркәсіптік түрге ие болып отыр: ауыл шаруашылығының белгісі атаулының бәрі толығымен жойылған, үйлердің қаладағыдай тығыз салынуы, байлардың тастап салған салтанатты сарайлары, осыған қатарласа салынған кедейлердің ұсқынсыз лашықтары, село орталығында ағаштан және тастан үйме-жүйме салынған ұзын-ұзын завод үйлері — міне, осының бәрі Катункиді көршілес селолардан аса айрықша етіп, жергілікті халықтың өнеркәсіптік сипатын айқындап көрсетеді. Тұрғын халқының өзі де мінез-құлықтарының кейбір ерекшеліктері жағынан Русьте қазірдің өзінде-ақ қалыптасқан «фабрикалық халық» бейнесін

* Қараңыз: көрсетілген уездер бойынша земстволық-статистикалық «Материалдар».— «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX және VI.— «Көрсеткіш» және «Тізбе».— «Есептер мен зерттеулер». II.

** 1889 жылы бұл селода 380 үй болған (бәрі де егін салмайтын үйлер), тұрғын халқы 1305. Бүкіл Катунки болысындағы үйлердің 90,6 проценті кәсіпшілікпен айналысады, қызметкерлердің 70,1 проценті тек қана кәсіпшілікте жұмыс істейді (яғни, егіншілікпен айналыспайды). Бүкіл уезде халқының сауаттылығы жағынан бұл болыс орташадан көп жоғары, бұл жағынан ол тек Черноредк болысынан ғана кейін; Черноредк болысы да егіншілікпен айналыспайды және онда кеме жасау кәсіпшілігі өте жоғары дамыған. Б. Мурашкино селосында 1887 жылы 856 үй болған (олардың 853-і егін салмайды), еркектер мен әйелдерді қоса есептегенде 3473 жан бар. 1897 жылғы санақ бойынша Городецте — 6330, Б. Мурашкинода — 5341, Юринода — 2189, Спасскоеде — 4494, Ватраста — 3012 адам болған.

айна-қатесіз сол күйінде еске түсіреді: үй жиһазында, киім киісінде, жүріс-тұрысында біраз сәнқойлық бар, тұрмыс салтында көп жағдайда бейбастақтықтың, ертеңгі күннің қамын көп ойламаушылықтың орын алуы, сөздеріндегі батылдық және көбінше нақыштап сөйлеушілік, деревня мужиктеріне менсініңкіремей, тәкаппарланып қарау — осылардың бәрі бүкіл фабрикалық орыс адамдарына тән белгілер *.

«Фабрика-завод» статистикасы 1890 жылы Нижегород губерниясының Арзамас қаласында не бары 64 жұмысшы істейтін 6 былғары заводы бар деп есептеген («Көрсеткіш»); ал бұл — тері илейтін, етік тігетін және т. б. кәсіпшіліктерді қамтитын капиталистік мануфактураның аз ғана бөлігі болып табылады. Сол завод иелері үйлерінде жұмыс істейтін жұмысшыларды Арзамас қаласынан да (1878 жылы ондай жұмысшылар 400 адам болған) және қала маңындағы 5 селодан да жалдап алады, бұл селолардағы тері илейтін 360 үйдің 330-ы арзамастық көпестерге жұмыс істейді, материалды солардың өздерінен алады, айына 6—9 сом ақы алып, тәулігіне 14 сағаттап жұмыс істейді **; сондықтан да тері илеуші халықтың өңі солғын, әлсіз келеді, өздері құрып барады. Қала іргесіндегі Выездная Слободадағы 600 үй етікшінің 500-і қожайындардан пішілген былғары алып, етік тігеді. Бұл кәсіпшілік — ескі, құрылғанына 200 жылдай болған және барған сайын өсіп, ұлғайып келеді. Оның тұрғындары егіншілікпен мүлдем айналыспайды деуге болады, бүкіл тұрмыс салты — бірыңғай қала тұрмысы сияқты, «салтанатты» тұрады. Жоғарыда айтылған тері илейтін селолардың халқы да, жаңағы айтқандай, «байырғы деревня» деп, егінші-шаруаларға менсінбей қарайды» ***.

Нақ осыларды біз Вятка губерниясында да көріп отырмыз. Вятка және Слобода уездері былғары өңдейтін және тері илейтін «фабрика-завод» өндірісінің де, «майдагерлік» өндірістің де орталықтары болып табылады. Вятка уезіндегі майдагерлік былғары заводта-

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX, 2567-бет. 1880 жылғы мәлімет.

** Арзамас фабрикаларындағы жұмысшылардың жағдайы село жұмысшыларының жағдайына қарағанда біршама тәуір («Майдагерлік комиссияның еңбектері», III, 133-бет).

*** Ibid., 76-бет.

ры қала маңына орналасқан, бұлар, мәселен, ірі завод иелеріне жұмыс істейді де, үлкен заводтардың * өнеркәсіптік қызметін «толықтырып отырады»; көпшілігінде қайыстан бұйым жасайтын майдагерлер мен желім қайнатушылар да соларға жұмыс істейді. Тері илейтін завод иелері үшін жүздеген жұмысшылар өз үйлерінде отырып, қой терілерінен тон тігеді және басқа жұмыстар істейді. Бұл — қой терілерін илеп, тон тігетін, былғары-қайыс бұйымдарын жасайтын және т. с. бөлімшелері бар бір капиталистік мануфактура. Қарым-қатынастар Слобода уезінде бұдан да гөрі айқынырақ қалыптасқан: (кәсіпшіліктердің орталығы — қала іргесіндегі Демьянка слободасы); мұнда біз былғарышы-майдагерлердің (870 адам), етікшілер мен қолғап тігушілердің (855 адам), тері өңдеушілердің (940 адам), тігіншілердің (309 адам, бұлар капиталистердің заказы бойынша шолақ тон тігеді) басында тұрған аздаған ірі завод иелерін көреміз **. Жалпы алғанда былғары бұйымдар жасайтын өндірістің бұлайша ұйымдасуы, сірә, өте кең тараған болса керек: мысалы, Вятка губерниясының Сарапуле қаласында «Тізбе» бойынша 6 былғары заводы бар, бұлар былғары бұйымдарымен бірге аяқ киім де тігіп шығарады, кәсіпорындағы 214 жұмысшының үстіне шеттен 1080 жұмысшы жалдайды (495-бет). Егер барлық орыс көпестері мен фабриканттары өздері шеттен жалдайтын жұмысшыларды дәл осындай толық және дәлме-дәл есептеп отырса, біздің «майдагерлеріміз», «халықтық» өнеркәсіптің кез-келген Маниловтар әсірелеп көрсетіп жүрген осы өкілдері қайда кеткен болар еді! ***.

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», XI кітап, 3084-бет. (1890 жылғы «Көрсеткішпен» салыстырыңыз.) Майдагерлер қатарына 60 жұмысшы істейтін заводы бар егінші-шаруа Долгушин де еніп кеткен. Мұндай майдагерлер бірнешеу.

** «Көрсеткіш» бойынша 1890 жылы 700-ден астам жұмысшысы бар 27-ге жуық қожайын болған.

*** Мұны Владимир губерниясындағы Шуя уезінің «майдагерлік» кәсіппен айналысатын белгілі Дунилово селосы туралы «Тізбемен» де салыстырыңыз, 489-бет. 1890 жылғы «Көрсеткіш» мұнда 151 жұмысшысы бар тері илейтін 6 завод болды деп есептеген, ал «Майдагерлік комиссия еңбектерінің» мәліметтеріне қарағанда (X кітап) бұл ауданда 2200-ге жуық тері илеушілер және 2300-ге жуық тон тігушілер істейді; 1877 жылы 5½ мыңға таяу «майдагерлер» болды деп есептелінген. Сол уездегі 40-қа жуық деревня түгел айналысатын қылдан елек тоқитын кәсіпшілік те осы сияқты тәртіппен ұйымдасқан

Осы арада Тамбов губерниясы мен уезінің Рассказово деген өнеркәсіпті селосын айта кетуіміз керек (1897 жылы халқы 8283 адам). Бұл село — «фабрика-завод» өнеркәсібінің де (шұға, сабын, былғары, арақ-шарап заводтары) және «майдагерлік» өнеркәсіптің де орталығы, сонымен бірге «майдагерлік» өнеркәсіп «фабрика-завод» өнеркәсібімен тығыз байланысты; былғары өңдейтін, киіз басатын (қожайындар 70-ке дейін саналады, 20—30 жұмысшы істейтін кәсіпорындар бар), желім қайнататын, етік тігетін, шұлық тоқитын (мұнда жүннен шұлық тоқымайтын үй жоқ, жүнді «алыпсатарлар» оларға өлшеп таратады) және т. б. кәсіпшіліктер бар. Осы селоның қасындағы Белая Поляна слободасының да (300 үй) осындай кәсіпшіліктерімен атағы шыққан. Моршанск уезінде майдагерлік кәсіпшіліктердің орталығы — Покровское-Васильевское селосы, сонымен бірге бұл село — фабрика-завод өнеркәсібінің де орталығы (қараңыз: «Көрсеткіш» және «Есептер мен зерттеулер», III том). Курск губерниясында өнеркәсіптік селолар және «майдагерлік» кәсіпшіліктердің орталықтары болып есептелетін Велико-Михайловка (Новоскольск уезі, 1897 ж. халқы 11 853 адам), Борисовка (Грайворонск уезі, халқы 18 071 адам), Томаровка (Белгород уезі, халқы 8716 адам), Мирополье (Суджанск уезі, халқы 10 мыңнан астам. Қараңыз: «Есептер мен зерттеулер», I том, 1888—1889 ж. ж. мәліметтер) сияқты тамаша слободалар бар. Бұл селолардан сіздер былғары «заводтарын» да табасыздар (1890 жылғы «Көрсеткішті» қараңыз). Мұндағы басты «майдагерлік» кәсіпшілік — былғары-етік кәсіпшілігі. Ол 18-ғасырдың 1-жартысында-ақ пайда болды және 19-ғасырдың 60-жылдарында «таза коммерциялық сипаттағы берік ұйымға» айналып, дамудың жоғары сатысына жетті. Барлық жұмысты мердігер монополиялап алды, олар былғары сатып алып, оны өңдеу үшін майдагер-

---

болса керек, мұнда 4000-ға тарта адам істейді, оларды «мардастықтар» деп атайды (бүкіл ауданның аты)[136]. Пермь губерниясындағы былғары және шарық тоқу кәсіпшіліктерінің дәл осындай түрде ұйымдастырылғандығын біз «Этюдтерде» сипаттап өттік, 171 және келесі беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 422 және келесі беттер. *Ред.*).

лерге таратып беріп отырды. Темір жолдар капиталдың бұл монополиялық сипатын жойды, ал капиталист-мердігерлер өздерінің капиталдарын бұдан гөрі тиімді кәсіпорындарға ауыстырды. Қазір өндіріс былай ұйымдастырылып отыр: ірі кәсіпкерлер 120-ға жуық адам: олардың жалдама жұмысшылар істейтін шеберханалары бар және олар үйде істеуге де жұмыс таратып береді; ұсақ дербес (бірақ былғарыны ірі кәсіпкерлерден сатып алатын) кәсіпкерлер — 3000 адамға жуық; үйлерінде істейтіндер (ірі қожайындарға) — 400 адам және жалдама жұмысшы соншама; солардың үстіне шәкірттер де бар. Барлық етікшілер 4000 адамнан асады. Бұлардан басқа мұнда құмырашы-майдагерлер, киот жасаушылар, икона салушылар, дастарқан тоқушылар және т. т. бар.

Олонец губерниясының Каргополь уезіндегі ақ тиін терісін өңдейтін кәсіпшілік нағыз капиталистік мануфактура сипатындағы кәсіпшілік болып саналады,— «Майдагерлік комиссияның еңбектерінде» (IV кітап) мастеровой-ұстаз кәсіпшіліктегі халықтың бүкіл тұрмысын сондай жақсы біліп, сондай әділ, шынайы қалпында суреттеген. Оның баяндауына қарағанда (1878 ж.), бұл кәсіпшілік 19-ғасырдың басынан бері өмір сүріп келеді: 8 қожайында 175 жұмысшы істейді және оның үстіне оларға өз үйлерінде 1000 тігінші мен 35-ке жуық тері илеушілер семьясы (селоларда), барлығы 1300—1500 адам жұмыс істейді, өндіріс сомасы 336 мың сом. Сорақы жағдай ретінде айта кететін бір жай, бұл өндіріс өрлеп тұрған шағында «фабрика-завод» статистикасына енбей қалып отырған. 1879 жылғы «Көрсеткіште» бұл өндіріс аталмаған. Ал ол құлдырай бастаған кезінде статистикаға енгізілген. 1890 жылғы «Көрсеткіш» Каргополь қаласында және уезінде 121 жұмысшы бар, өндіріс сомасы 50 мың сомдық 7 завод болды деп есептеген, ал «Тізбеде» — 79 жұмысшысы (және шеттеп істейтін 57 жұмысшы) бар, өндіріс сомасы 49 мың сомдық 5 завод болғаны айтылады *. Осы капиталистік

* «Майдагерлер» жөнінде 1894 жылғы мәліметтер мынадай: «Ақ тиіннің өңделген терісін тігумен Каргополь қаласындағы кедей мещанкалар мен Павлово болысындағы шаруа әйелдер айналысады. Бұларға ақыны ең арзан бағамен төлейді», тігінші әйелдер күн көру

мануфактурадағы тәртіптер Россияның көптеген шалғай түкпірлерінің бірінде жатқан біздің ежелгі, қоспасыз қолтума «майдагерлік кәсіпшіліктерімізде» не істеліп жатқанын көрсетерлік үлгі ретінде өте сабақ боларлық жағдай. Шеберлер өте қолайсыз жағдайда тәулігіне 15 сағат жұмыс істейді, сондағы табатыны айына 8 сом болса, жылына 60—70 сомға жетпейді. Қожайындардың табысы жылына 5000 сомға жуық. Қожайындар жұмысшыларға «патриархтық» қатынас тұрғысынан қарайды: ежелден келе жатқан ғұрып бойынша қожайындар жұмысшыларға квас пен тұзды тегін береді, жұмысшылар мұны қожайынның қарауындағы ас пісіруші әйелден сұрап алады. Қожайынға алғыс ретінде (жұмыс «бергені» үшін) жұмысшылар ақ тиіннің құйрығын ақы-пұлсыз жұлысады, сондай-ақ жұмыс аяқталғаннан кейін тері тазалайды. Шеберлер бүкіл апта бойы шеберханаларда тұрады, ал қожайындар оларды қалжыңдаған болып, ұрып та алады (218-бет, l. с.), түрлі жұмыстар істетеді—малға пішен шаштырады, қар күретеді, су тасытады, кір шайғызады және басқа жұмыстар істетеді. Каргопольдің өзінде де жұмыс қолының арзандығы адам таңданарлық, ал оның төңірегіндегі шаруалар «жұмысты тегін дерлік істеуге дайын десе де болады». Мұнда өндіріс қол еңбегіне, түгелдей еңбек бөлінісіне негізделген, шәкірт болу мерзімі ұзаққа (8—12 жылға дейін) созылады; осының өзінен-ақ шәкірттер тағдырының қандай екендігін аңғару қиын емес.

### б) Мал өнімдерін өңдейтін өзге өндірістер

Тверь губерниясындағы Корчев уезінің Кимры селосындағы және оның төңірегіндегі әйгілі етік тігу кәсіпшілігі капиталистік мануфактураның ең тамаша мысалы бола алады *. Бұл 16-ғасырдан бері өмір сүріп келе

---

үшін айына 2 сом 40 тиын — 3 сом ғана ақша табады, ал бұл ақшаға татырлық іс істеу үшін (кесімді ақымен) басын көтерместен тәулігіне 12 сағаттан жұмыс істеуі керек. «Орасан зор зейін салып және ұзақ отырып істейтін болғандықтан, бұл жұмыс адамды өте қалжыратып тастайды». Тігінші әйелдердің саны қазір 200-ге жетеді («Олонец губерниясының майдагерлік өнеркәсібі». Благовещенский мен Гарязин мырзалардың очеркі, Петрозаводск, 1895. 92—93-беттер).

* Қараңыз: «Россия империясының статистикалық уақытнамасы», II, III кітап. СПБ. 1872. Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп пен қол

жатқан ежелгі кәсіпшілік. Реформадан кейінгі дәуірде ол өсіп, ұлғая түсуде. 70-жылдардың бас кезінде Плетнев осы кәсіпшілік ауданында 4 болыс бар деп санаған еді, ал 1888 жылы 9 болыс бар деліпіп отыр. Кәсіпшіліктің ұйымдасу негізі мынадай. Өндірісті билеп отырғандар жалдама жұмысшылары бар ірі шеберханалардың қожайындары, олар пішілген былғарыны тігуге сыртқа таратып береді. Плетнев мырза бұл сияқты қожайындар 20, оларда 124 қызметкер және 60 бала жұмыс істейді, өндіріс сомасы 818 мың сом деп есептеген, ал үйлерінде отырып осы капиталистерге жұмыс істейтін жұмысшылардың санын автор 1769 қызметкер және 1833 бала деп шамалайды. Содан соң ұсақ қожайындар келеді, олардың әрқайсысында 1—5 жалдама жұмысшы және 1—3 бала жұмыс істейді. Бұл қожайындар өздерінің товарларын көбінесе Кимры селосындағы базарға апарып өткізеді; мұндай қожайындардың саны 224, оларда 460 қызметкер және 301 бала жұмыс істейді, өндіріс сомасы 187 мың сом. Демек, барлығы 244 қожайын бар, оларда 2353 қызметкер (оның ішінде 1769 қызметкер үйлерінде) және 2194 бала-қызметкер жұмыс істейді (оның ішінде 1833 бала үйлерінде істейді), өндіріс сомасы 1005 мың сом. Бұдан соң жұмыстың жеке түрлерін атқаратын шеберханалар бар, олар тері сүргілейтін (теріні сүргімен тазартып шығаратын), тері желімдейтін (сүргілегенде сырылып түскен терілерді біріктіріп желімдеп отыратын) шеберханалар, арнаулы товар тасушылар (16 қызметкері және 50-ге жуық аты бар 4 қожайын); арнаулы ағаш шеберлері (жәшік жасайды) және т. т. * Плетнев бүкіл аудандағы өндіріс со-

еңбегін зерттеуге арналған материалдар. Өңдеген *Л. Майков.* Б. А. Плетневтің мақаласы. Бұл еңбек — кәсіпшіліктің барлық *ұйымдастырылу* жағын баяндауының айқындығы жөнінен ең тәуір деген еңбек. Бұдан кейінгі еңбектер аса бағалы статистикалық және тұрмыстық мәліметтер береді, бірақ осы күрделі кәсіпшіліктің экономикалық құрылысын қанағаттанарлық түрде жете түсіндіре алмайды... Содан соң, мына еңбектерді қараңыз: «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VIII кітап, Покровский мырзаның мақаласы.— «Есептер мен зерттеулер», I том.

* Салыстырыңыз: «Есептер мен зерттеулер»: өнеркәсіпшілердің 7 тобы: 1) былғары товарлармен сауда жасайтын саудагерлер; 2) аяқ киіммен алыпсатарлық жасаушылар; 3) ірі шеберханалардың қожайындары (5—6 адам), бұлар товар дайындап, оны үйде өңдеуге таратып беріп отырады; 4) жалдама жұмысшылары бар ұсақ шеберханалардың қожайындары; бұлар да жұмысты үйде істеуге таратып

масын 4,7 миллион сом деп есептейді. 1881 жылы 10 638 майдагер болды, шеттен жұмыс істеушілерді қосқанда 26 000 адам, ал өніріс сомасы 3,7 миллион сом деп есептелген. Жұмыс жағдайына келсек, жұмыс күнінің шектен тыс ұзақ екендігін (14—15 сағат), жұмыс жағдайының тазалық жағы мейлінше нашар екендігін, ақыны товарлай төлейтіндігін және т. с. айта кетудің маңызы зор. Кәсіпшіліктің орталығы Кимры селосы — «бәрінен бұрын кішкене қалаға ұқсайды» («Есептер мен зерттеулер», I, 224); тұрғын халқы егіншілікті жақсы білмейді, жыл бойы кәсіпшілікпен айналысады; тек селолық майдагерлер ғана шөп шабу кезінде кәсіпшілікпен айналысуын тоқтатады. Кимры селосындағы үйлер де қаладағы үйлер сияқты және халқы қала өмірінің дағдыларына бейімдігімен (мәселен «сәнқойлығымен») көзге түседі. «Фабрика-завод статистикасында» бұл кәсіпшілік ең соңғы уақытқа дейін қамтылмай келген, мұның себебі қожайындар «өздерін майдагерлер деп атағанды ұнатқандығынан» болуы мүмкін (ib., 228). «Тізбеге» 1-рет Кимры ауданының 6 аяқ киім шеберханасы енген, бұлардағы кәсіпорында шеттен істейтін жұмысшыларды қоспағанда 15—40 жұмысшы істейді. Әрине, бұл мәліметтің олқылығында шек жоқ.

Москва губерниясының Бронницы және Богородск уездеріндегі тұяқтан және қой мүйізінен түйме жасайтын кәсіпшіліктер де мануфактураға жатады. 52 кәсіпорында кәсіпшілікпен айналысып отырған 487 жұмысшы бар; өндіріс сомасы — 264 мың сом. Адам саны 5-тен аз кәсіпорындар — 16; 5—10 адамы бар кәсіпорындар — 26; 10 және одан да көп адамы бар кәсіпорындар — 10. Жалдама жұмысшылары жоқ қожайындар 10-ақ адам, олар ірі қожайындардан материал алып, соларға жұмыс істейді. Тек ірі өнеркәсіпшілер ғана мүлдем дербес (келтірілген цифрларға қарағанда, оларда бір кәсіпорында 17—21 жұмысшыдан болса керек).

береді; 5) не товарын рынокқа шығарып сату үшін, не қожайындар үшін жұмыс істейтін жеке-дара майдагер [sub (астын сызған. *Ред.*) 3 және 4]; 6)жалдама жұмысшылар (мастерлер, кіші мастерлер, балалар); 7) «қалып жасаушылар, кесушілер, сонымен қатар тері сүргілейтін, товарларды майлайтын, желімдейтін шеберханалардың қожайындары мен жұмысшылары» [137] (227-бет, l. c.). Кимры селосы тұрғындарының саны 1897 жылғы санақ бойынша 7017 адам.

«Көрсеткіште» «фабриканттар» ретінде көрсетілген, тегі, осылар болар (291-бетті қараңыз: 73 жұмысшысы бар 2 кәсіпорынның өндіріс сомасы 4 мың сом). Бұл — «біртұтас мануфактура»; мүйіз ең алдымен «дүкен» деп аталатында (көрігі бар ағаш үй) бусандырылады, одан соң *шеберханаға* өткізіледі, қию, кесу пресіне салып кесіледі, орнек пресіне салып орнектеледі және, ақырында, олар станоктарда әдемілеиіп, жылтыратылып шығарылады. Кәсіпшілікте шәкірттер де бар. Жұмыс күні — 14 сағат. Әдетте ақы товарлай төленеді. Қожайындар жұмысшыларға патриархтық қатынас тұрғысынан қарайды, атап айтқанда: қожайын жұмысшыларды «балақайлар» деп атайды және есеп айыру кітапшасын «балақайлар кітапшасы» дейді; есеп айырысқан кезде қожайын жұмысшыларға өсиет айтады, бірақ жұмысшылардың ақша сұраған «өтінішін» еш уақытта да орындамайды.

Ұсақ кәсіпшіліктер жөніндегі біздің кестемізге енгізген мүйіз кәсіпшілігі де осы тұрпаттас (V тарауға жазылған I қосымша, № 31 және 33 кәсіпшіліктер). Ондағап жалдама жұмысшысы бар «майдагерлер» «Көрсеткіште» де «фабриканттар» қатарында жүр (291-бет). Өндірісте еңбек бөлінісі қолданылады; үйде істеуге жұмыс таратып беру де (тарақ түзеушілер) бар. Богородск уезіндегі кәсіпшіліктің орталығы — Хотеичи деген үлкен село, мұнда егіншілік қазірдің өзінде-ақ екінші қатарға ығысып қалып отыр (1897 ж. тұрғын халқы 2494). «Москва губерниясындағы Богородск уезінің 1890 жылғы майдагерлік кәсіпшіліктері» деген атпен Москва земствосы бастырып шығарған кітапта бұл село *«тарақ өндірісі кеңінен өріс алған мануфактура болып табылады»* деп өте дұрыс айтылған (24-бет, курсив біздікі). 1890 жылы бұл селода 500-ден астам өнеркәсіпшілер бар, олар 3,5 миллионнан 5,5 миллионға дейін тарақ жасап шығарады деп есептелген. «Істелген бұйымдарды сатып алушылар көбінесе мүйіз сатушылардың өздері, ал оның үстіне тарақ жасаушы ірі өнеркәсіпшілер де көбінесе солар болып табылады». Әсіресе мүйізді «келісіммен» істеу үшін алуға мәжбүр болатын қожайындардың жағдайлары өте нашар: «Іс жүзінде олардың

жағдайы тіпті ірі кәсіпорындардағы жалдама жұмысшылардың жағдайларынан да нашар». Мұқтаждық оларды бүкіл семьясын шектен тыс жұмысқа жегуге, *жұмыс күнін ұзартуға* және жас балаларын жұмысқа салуға мәжбүр етеді. «Қыстыгүні Хотеичи селосында жұмыс түнгі сағат бірде басталады, ал «келісіммен» жұмыс алатын «дербес» майдагердің үйінде жұмыстың қай уақытта аяқталатындығын айту да қиын». Ақыны товарлай төлеу кең өріс алған. «Фабрикаларда үлкен күшпен жойылған бұл жүйе майдагерлік ұсақ кәсіпорындарда әлі күнге дейін толық күшінде сақталып келеді» (27). Вологда губерниясының Кадников уезіндегі Устье селосы аймағында, сол маңдағы 58 деревняны қоса, (бұларды «Устье маңы» деп атайды) мүйізден бұйым жасайтын кәсіпшілік те, сірә, осылайша ұйымдасқан болуы керек. В. Борисов мырза («Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX кітап) мұнда 388 майдагер бар, өндіріс сомасы 45 мың сом деп санайды; бұл майдагерлердің бәрі де мүйізді С.-Петербургтен, ал тасбақаларды шетелден сатып әкелетін капиталистерге жұмыс істейді.

Біз Москва губерниясындағы щетка жасайтын кәсіпшіліктің басында (V тарауға жазылған I қосымшаны қараңыз, № 20 кәсіпшілік) жалдама жұмысшылары көп және еңбек бөлінісін жүйелі түрде қолданып отырған ірі кәсіпорындар тұрғанын көріп отырмыз *. Бұл арада осы кәсіпшілікті ұйымдастыруда 1879 жылдан 1895 жылға дейінгі болған өзгерістерді көрсету көңіл бөлуге тұрарлық («1895 жылғы зерттеуде баяндалған щетка кәсіпшілігі» деген атпен шыққан Москва земствосының басылымын қараңыз). Кейбір ауқатты өнеркәсіпшілер кәсіпшілік құру үшін Москваға қоныс аударды. Өнеркәсіпшілердің саны 70 процентке көбейген, оның бер жағында әсіресе әйелдер (+170%) мен қыздардың (+159%) саны көп өскен. Жалдама жұмысшылары бар ірі шеберханалардың саны кеміп кет-

* «Арашы» щеткаға қалып кеседі; «бұрғышы» оның тесіктерін жасайды; «тазартушы» қыл тазалайды; «майдагер» щеткаға қыл «қондырады»; «ағаш шебері» щеткаға фанер желімдейді («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, I кітап, 18-бет).

кен: жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындар саны 62 проценттен 39 процентке түскен. Мұның себебі: қожайындар *жұмысты үйде істеуге таратып беруге* көшкен. Ортақтасып пайдалануға бұрғы станогының енгізілуі (қалыпқа бұрғылап тесік жасау үшін) щетка жасау ісінің басты бір процесін тездетіп, жеңілдетті. «Кустовщиктер» (щетканың қалыбына қыл «қондыратын» майдагерлер) көп керек бола бастады, ал бұл жұмыс барған сайын мамандандырыла келіп, әйелдердің үлесіне тиді, өйткені олар неғұрлым арзан жұмыс күші болып саналады. Әйелдер өздерінің үйлерінде отырып щетканың қалыбына қыл қондыратын болды, ал ақыны істеп шығарған щетканың санына қарай алып отырды. Сонымен, жұмысты үйде істеудің күшеюі мұнда техника прогресінен (бұрғы станогының пайда болуынан), еңбек бөлінісі прогресінен (әйелдердің жұмысы — тек щетканың қалыбына қыл қондыру), капиталистік қанаудың күшейе түсуінен (әйелдер мен жас қыздардың еңбегі арзан) туып отыр. Осы мысалдан *жұмысты үйге алып істеу капиталистік мануфактура жөніндегі ұғымды жоймайтындығы,* қайта, кейбір реттерде тіпті *мануфактураның ілгері қарай дамығандығының* белгісі болып табылатындығы айқын көрініп отыр.

### 7) Минералды өнімдер өңдейтін өндірістер

Керамика өндірістері саласында біз капиталистік мануфактураның үлгісі ретінде Гжель ауданындағы (Москва губерниясының Бронницы және Богородск уездеріндегі 25 деревняны қамтитын аймақ) кәсіпшіліктерді айта аламыз. Бұлар туралы статистикалық мәліметтер біздің ұсақ кәсіпшіліктер жөніндегі кестемізге енгізілді (V тарауға жазылған I қосымша, №№ 15, 28 және 37 кәсіпшіліктер). Бұл мәліметтерден мынаны көреміз: Гжельдегі үш кәсіпшіліктің — құмыра, фарфор және орнекті бұйымдар кәсіпшіліктерінің араларында орасан зор айырмашылықтар бола тұрса да, әрбір кәсіпшілікте кәсіпорындардың жеке разрядтары арасындағы өтпелі жағдайлар бұл айырмашылықтарды жым-

дастырып жібереді, сөйтіп көлемі жағынан үнемі үлкейіп келе жатқан көптеген шеберханалар пайда болып отыр. Осы үш кәсіпшіліктің разрядтар бойынша бір кәсіпорынға келетін жұмысшылардың орташа саны мынадай: 2,4—4,3—8,4—4,4—7,9—13,5—18—69—226,4. Яғни ең ұсақ шеберхана қатары ең ірі шеберханаға дейін жетіп отыр. Ірі кәсіпорындардың капиталистік мануфактураға (машина енгізілмеуі себепті олар фабрикаға айналмаған) жататындығы күмәнсыз, бірақ тек бұл ғана маңызды емес, сондай-ақ *ұсақ кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен байланысты болып отырған* фактісі де маңызды, сондықтан біздің бұл көріп отырғанымыз экономикалық ұйымның белгілі бір түрпаттағы жеке шеберханалары емес, тұтас *бір өнеркәсіп құрылысы*. «Гжель тұтас бір экономикалық ұйым құрып отыр» (Исаев, l. с., 138), аудандағы ірі шеберханалар баяу, бірақ бірте-бірте ұсақ шеберханалардан өсу арқылы құрылған (ib., 121). Мұндағы өндіріс — қол еңбегі өндірісі *, *еңбек бөлінісі* едәуір кең түрде қолданылады: құмырашылар арасынан біз құмыраны қырып егеушілерді (ыдыстың түріне қарап мамандanушыларды), құмыраны күйдіретін жұмысшыларды және басқаларды, ал кейде бояу даярлайтын арнайы қызметкерді де көреміз. Фарфор заводын ұстаушыларда еңбек бөлінісі тым ұсақ: уатушылар, қырып егеушілер, тасып берушілер, көрікшілер, әшекей-өрнек салушылар және т. т. бар. Қырып егеушілер тіпті ыдыстың әрбір жеке түріне мамандануда (салыстырыңыз: Исаев; l. с., 140: кей ретте еңбек бөлінісі жұмыс өнімділігін 25% арттырады). Әшекейлеп өрнектеуші шеберханалар фарфор заводтары иелеріне жұмыс істейді, демек, бұл шеберханалар фарфор мануфактурасының жұмыстың ерекше жеке түрін атқаратын бір бөлімшесі болып табылады. Қалыптасқан капиталистік мануфактураға тән нәрсе — мұнда қара

* Айта кетелік, жоғарыда сипатталған тоқыма кәсіпшіліктеріндегі сияқты, бұл кәсіпшілікте де капиталистік мануфактураның өзі өткен дәуірдің экономикасын көрсетіп отыр. Реформадан кейінгі дәуірге осы мануфактураның машиналы ірі индустрияға айналуы тән. Гжельдегі бу двигательдері қолданылатын заводтардың саны 1866 ж.— 1, 1879 ж.— 2, 1890 ж.— 3 болған («Финанс министрлігінің Әржылдығы», I кітап, мен 1879 және 1890 жылдардағы «Көрсеткіштердің» мәліметтері).

күштің өзі де мамандыққа айналады. Мәселен, Гжельдегі кейбір деревнялар (түгелімен деуге болады) саз қазып шығарумен шұғылданады; ерекше шеберлікті керек етпейтін ауыр жұмыстардың (ұсақтап уату жұмысы) бәріне дерлік тек Тула және Рязань губернияларынан келген жұмысшылар пайдаланылады, бұлар әлсіз гжельдіктерге қарағанда әлдеқайда күшті және мықты келеді. Ақыны товарлай төлеу кең өріс алған. Егіншілік өте нашар халде. «Гжельдіктер — азғындаған ұрпақ» (Исаев, 168) — кеуделері қысық, қушық жауырын, әлсіз болып келеді, әшекей-өрнек жасаушылар көзінен ерте айрылады, т. т. Капиталистік еңбек бөлінісі адамды шөктіріп жібереді, оны жарымжан етеді. Жұмыс күні — 12—13 сағат.

### 8) Металл өңдеу өндірістері. Павловодағы кәсіпшіліктер

Павловодағы әйгілі слесарьлық-болат кәсіпшіліктері Нижегород губерниясындағы Горбатов уезі және Владимир губерниясындағы Муром уезі аймағын түгелдей қамтиды. Бұл кәсіпшіліктер ескі замаинан бері қарай өмір сүріп келеді: Смирнов 1621 жылдың өзінде-ақ Павловода (жазу кітабы бойынша) [138] 11 ұста дүкені бар еді дейді. 19-ғасырдың орта шенінде-ақ бұл кәсіпшіліктер капиталистік қатынастар толық қалыптасып, желісін кеңінен жайған кәсіпшіліктерге айналды. Реформадан кейін бұл аймақтағы кәсіпшіліктер кеңейе де, кеулей де дами берді. 1889 жылғы земство санағы бойынша Горбатов уезінде 13 болыс пен 119 селода кәсіпшілікпен айналысқан 5953 үй болған, оларда еркек қызметкер 6570 адам (осы селолардағы барлық қызметкерлердің 54 проценті) және қарттар, жас балалар мен әйелдер — 2741, барлығы 9311 адам істеген. Григорьев мырза 1881 жылы Муром уезінде кәсіпшіліктері бар 6 болыс, 66 село болған, оларда 1545 үй, еркек қызметкер 2205 адам (осы селолардағы барлық қызметкерлердің 39 проценті) болғанын есептеп шығарған. Егіншілікпен айналыспайтын ірі кәсіпшілікті селолар (Павлово, Ворсма) ғана құрылып қойған жоқ, сонымен қатар

олардың төңірегіндегі шаруалар да егіншіліктен қол үзе бастады: Горбатов уезінде Павлово мен Ворсмадан тыс басқа жерлерде кәсіпшілікпен 4492 қызметкер айналысады, олардың 2357-сі, яғни *жартысынан көбірегі* егіншілікпен шұғылданбаған. Павлово сияқты орталықтардың тұрмысы нақ қала тұрмысындай болып қалыптасты, төңірегіндегі «қоңырқай» егіншілер тұрмысына қарағанда олардың қажеттілік талғамдары да әлдеқайда жоғары, үй ішін ұстануда, киім киюде, тұрмыс салтында және т. т. неғұрлым мәдениеттілікке дағдыланған *.

Павловодағы кәсіпшіліктердің экономикалық жағынан ұйымдастырылуы туралы мәселеге келсек, біз ең алдымен «майдагерлерді» нағыз капиталистік мануфактура басқарып отырғанын атап айтуымыз керек, бұл күмән туғызбайтын факт. Мысалы, Завьяловтардың кәсіпорнында (олардың шеберханасында 60-жылдардың өзінде-ақ 100-ден астам жұмысшы болған, ал қазір мұнда бу двигателі қолданылып отыр) шаппа пышақ жасап шығару ісі 8—9 қолдап: теміршінің, дүзін қайраушылардың, сап жасаушылардың (көбінесе бұл жұмыс үйде істеледі), суарып шыңдаушының, саптаушының, жылтыратушының, әдемілеп өңдеушінің, қайрақшының, белгі басушылардың қолдарынан өтеді. Бұл —еңбек бөлінісіне негізделген капиталистік ірі кооперация, мұнда жұмыстың жеке түрлерін жасайтын жұмысшылардың едәуір бөлігі капиталистің шеберханасында емес, өздерінің үйлерінде істейді. Лабзин мырзаның (1866 ж.) осы аудан өндірісінің барлық салаларында Павлово, Ворсма және Вача селоларындағы аса ірі кәсіпорындар туралы келтірген мәліметтері мынадай: 15 қожайынның кәсіпорындарында істейтін жұмысшылары 500, ал шеттен істейтін жұмысшылары 1134 адам, барлығы 1634 адам, өндіріс сомасы 351,7 мың сом болған. Экономикалық қатынастардың бұл сипаттамасы қазіргі

* Павловодағы және Ворсмадағы халықтың неғұрлым жоғары сауаттылығы туралы және шаруалардың деревнялардан осы орталықтарға көшіп келуі туралы жоғарыда айтылған мәліметтерді қараңыз.

уақытта бүкіл ауданға қаншалықты сай келетіндігін мына төмендегі мәліметтерден көруге болады *:

| Аудандар | Кәсіпшілікпен айналысатын және жұмыс істейтін қызметкерлердің саны | | | | | Шамамен алғанда өндіріс сомасы, млн. сом. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | базар үшін істейтіндер | қожайын үшін істейтіндер | жалданып істейтіндер | қожайын үшін істейтіндер мен жалданып істейтіндер | Барлығы | |
| Павлово | 3 132 | 2 819 | 619 | 3 438 | 6 570 | 2 |
| Селитьба селосының аймағы | 41 | 60 | 136 | 196 | 237 | |
| Муром | 500 | ? | ? | 2 000 | 2 500 | 1 |
| *Жиыны* | 3 673 | — | — | 5 634 | 9 307 | 3 |

Сонымен, өнеркәсіптің біз сипаттап өткен ұйымдасу тәртібі барлық ауданда да басым. Жалпы және тұтас алғанда барлық жұмысшылардың *бестен үш бөлігіне* жуығы капиталистік жолмен жұмыс істейді. Демек, біз бұл арада да өнеркәсіптің жалпы құрылымында мануфактураның басты орын алып **, ұсақ өндірісті түп-тамырымен жоюға шамасы келмесе де, көп жұмысшыларды өзіне бағындырып отырғанын көреміз. Бұл ұсақ өндірістің әлі күнге дейінгі сірі жандылығының себебі: 1-ден, Павлово өнеркәсібінің кейбір салаларында әлі механикалық өндіріс мүлдем енгізілмеген (мысалы, құлып жасау ісі);—2-ден, ұсақ өндіруші өзінің шаруашылығын құлдырап кетуден қорғағанда шаруашылығын

* Земстволық-статистикалық «Материалдар» мен Анненский мырзаның «Баяндамасында», сондай-ақ А. Н. Потресовтың зерттеулерінде (жоғарыда цитат алынған) келтірілген мәліметтер. Муром ауданы жөніндегі цифрлар шамамен алынған. 1897 жылғы санақ бойынша Ворсмадағы тұрғын халықтың саны 4674, ал Павловода 12 431 адам болған.

** Келтірілген мәліметтер мануфактураның басты орын алып отырғанын толық күйінде көрсете алмайды: төмендегі тексте айтылғандар базар үшін істейтін майдагерлердің қожайындар үшін істейтіндерге қарағанда капиталға *анағұрлым көбірек* тәуелді екендігін, ал қожайындар үшін істейтіндердің жалдама жұмысшыларға қарағанда *анағұрлым көбірек* тәуелді екендігін көрсетеді. Павловодағы кәсіпшіліктер ұсақ өндірушілер жөнінде жалпы капиталистік мануфактураға тән болатын сауда капиталы мен өнеркәсіп капиталының арасындағы тығыз байланысты ерекше айқын көрсетіп отыр.

жалдама жұмысшыларға қарағанда әлдеқайда төмендетіп жіберетін шараларды қолданады. Ол шаралар — жұмыс күнін ұзарту, тұрмыс дәрежесін және қажетсіну дәрежесін төмендету. «Майдагерлердің қожайындарға істейтін тобының табыстары көп ауытқи бермейді» (Григорьев, l. с., 65); мысалы, Завьяловта істейтін майдагерлердің ішінде ақыны ең аз алып отырған пышақ саптаушы; «ол өз үйінде отырып жұмыс істейді, сондықтан аз ғана жалақыға да қанағаттанады» (68). «Фабриканттар үшін» істейтін майдагерлердің «өз өнімдерін рынокқа шығаратын майдагердің орта табысынан біршама артық табыс табуға мүмкіндігі бар. Табыстың көбеюі фабрикалардың өзінде тұратын жұмысшылардан айқын аңғарылады» (70) *. «Фабрикаларда» жұмыс күні $14^1/_2$—15 сағат, maximum 16 сағат. «Ал өз үйлерінде істейтін майдагерлердің жұмыс күні әрқашанда 17 сағаттан кем емес, ал кей кездерде тәулігіне 18, тіпті 19 сағатқа дейін барады» (ibid.). Егер 1897 жылғы 2 июньдегі заң [139] мұнда үйде жұмыс істеуді күшейткен болса, оған таңданатын түгі де жоқ; бұл сияқты «майдагерлер» өздерінің барлық күш-жігерін әлдеқашан-ақ қожайындарға фабрикалар салдыруға жұмсаулары керек еді! Сондай-ақ оқушы quasi-дербес ұсақ өндіруші жаншылып келген Павловодағы әйгілі «сыпыра жинау», «айырбас», «әйелін закладқа салу» және кіріптарлыққа түсіру мен адамның жеке басын қорлаудың осы сияқты басқа да түрлерін есіне алып көрсін **. Бақытымызға қарай, тез дамып келе жатқан машиналы ірі индустрия мануфактура төзіп келген, қанаудың осы ең сорақы формаларымен ымыраға оңайлықпен келе қоймайды. Осы ауданда фабрика өндірісінің өсуі жөніндегі мәліметтерді алдын ала келтіре кетелік ***.

* Табыстың кемуінде егіншілікпен байланысты болу да зор роль атқарады. Деревнядағы майдагерлер «жалпы алғанда Павловодағы құлып жасаушылардан табысты аз табады» (Анненский, «Баяндама», 61-бет). Рас, деревня майдагерлерінің өз астығы бар, мұны еске алу керек, бірақ «жай деревня майдагерінің жағдайын Павловодағы орташа құлып жасаушының жағдайынан жақсы деуге бола қояр ма екен» (61).

** Дағдарыстар кезінде тіпті тегін істейтін, «ақты қараға», яғни даяр бұйымды шикізатқа айырбастайтын жағдайлар да болады, бұл «тіпті жиі» болып тұрады (Григорьев. ibid., 93).

*** «Көрсеткіш» пен «Тізбенің» бүкіл аудан туралы мәліметтеріне төңіректерімен қоса Селитьба және Вача селолары да кірген. 1890

| Жылдар | «Фабрикалар мен заводтар» саны | Жұмысшылар саны | | | Өндіріс сомасы (мың сом есебімен) | Бу машиналары бар кәсіпорындар саны | 15 және одан да көп жұмысшылары бар кәсіпорындар саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кәсіпорындағылар | Шеттен істейтіндер | Барлығы | | | |
| 1879 | 31 | ? | ? | 1 161 | 498 | 2 | 12 |
| 1890 | 38 | 1 206-ға жуық | 1 155-ке жуық | 2 361 | 594 | 11 | 24 |
| 1894/95 | 31 | 1 905 | 2 197 | 4 102 | 1 134 | 19 | 31 |

Сонымен, біз жұмысшылардың барған сайын көпшілігі машиналар қолдануға көше бастаған ірі кәсіпорындарға жиналып отырғанын көреміз *.

### 9) Металл өңдеуші басқа өндірістер

Нижегород губерниясындағы Нижегород уезінің Безводное селосындағы кәсіпшіліктер де капиталистік мануфактураға жатады. Бұл село да — өнеркәсіпті селолардың бірі, тұрғын халқының көпшілігі егіншілікпен мүлдем айналыспайды, ал селоның өзі бірнеше селодан құрылған кәсіпшілікті округтің орталығы болып саналады. 1889 жылғы земство санағы бойынша («Материалдар», VIII кітап, Н.-Н. 1895) Безводное болысындағы үйлердің (581 үй) 67,3 проценті егін салмаған, 78,3 про-

жылғы «Көрсеткіш» фабрика-завод жұмысшыларының жалпы санына шеттен істейтін жұмысшыларды да қосқаны күмәнсыз; біз тек ең ірі екі кәсіпорын (Завьяловтардың және Ф. Варыпаевтың кәсіпорындары) жөнінде ептеп түзету енгіздік те, шеттен істейтін жұмысшылардың санын шамамен белгіледік. «Тізбедегі» және «Көрсеткіштердегі» «фабрикалар мен заводтар» саны салыстыруға ыңғайлы болуы үшін тек 15 және одан да көп жұмысшылары бар кәсіпорындарды алу керек (бұл жөнінде толығырақ мәліметті біздің «Этюдтердегі» «Біздегі фабрика-завод статистикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақаланы қараңыз). (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, *Ред.)*

* Павлово өнеркәсібінің бір саласында, атап айтқанда, құлып өндірісінде мұның керісінше, жалдама жұмысшылары бар шеберханалардың саны кеміп барады. Бұл фактіні толық баяндап берген А. Н. Потресов (l. с.) мұның себебі Ковно губерниясындағы құлып *фабрикасының* бәсеке күресі екенін де көрсетті (ағайынды Шмидттердің фабрикасы, мұнда 1890 жылы 500 жұмысшы, өндіріс сомасы 500 мың сом болған; 1894/95 жылдары — 625 жұмысшы, өндіріс сомасы 730 мың сом болған).

центінің ат-көлігі болмаған, 82,4 проценті кәсіпшіліктермен айналысқан, үйлердің 57,7 процентінде сауатты және мектепте оқып жүрген адамдар болған (уезд бойынша сауаттылар орта есеппен 44,6%). Безводное кәсіпшіліктерінде металдан әр түрлі бұйымдар: шынжыр, қармақ, металл тақталар жасалады; өндіріс көлемі 1883 жылы $2^1/_2$ миллион сом *, ал 1888/89 жылы $1^1/_2$ миллион сом ** болған. Кәсіпшіліктің ұйымдасу тәртібі — жұмысшылар қожайындарға олардың өздерінен материал алып жұмыс істейді, материалдар жұмыстың жеке түрлерін орындайтын жұмысшыларға бөлініп беріледі, олардың кейбіреулері жұмысты кәсіпкерлердің шеберханаларында, ал кейбіреулері үйлерінде істейді. Мысалы, қармақ өндірісінде жұмыс әр түрлі операцияларға бөлініп, оларды «темір июшілер», «темір кесушілер» (жұмысты бұлар бөлек үйде істейді), «ұштаушылар» (өз үйлерінде қармақтың ұшын шығаратын әйелдер мен балалар) істейді, осы жұмысшылардың бәрі де жұмысты кесімді ақымен капиталистерге істейді, ал темір июші өз қолынан шыққан жұмысты темір кесушілер мен ұштаушыларға беріп отырады. «Қазір сым темірді аттың күшімен айналатын шығырмен созып жүр: бұрын сым темірді көптеген соқыр адамдар жиналып созатын еді...» Капиталистік мануфактурадағы «мамандықтың» бірі осындай! «Бұл өндіріс өзінің жағдайы жағынан басқа өндірістерден өте-мөте ерекше. Адамдарға ат қиының сасық иісі әбден жайлаған қапырық ауада жұмыс істеуге тура келеді ***. Москва губерниясындағы елеуіш тоқу ****, түйреуіш *****, кесте тігу [140] ****** кәсіпшіліктері де капиталистік мануфактураның осы үлгісі бойынша құрылған. Осы соңғы кәсіпшілікте 80-жылдардың бас кезінде 66 кәсіпорын

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX, 1897 жылы Безводное селосындағы тұрғын халықтың саны 3296 болған.

** «Есептер мен зерттеулер», I том.— «Тізбе» бұлауданда 4 «фабрика» болды, онда кәсіпорында істейтін 21 жұмысшы және сырттан істейтін 29 жұмысшы, олардың өндіріс сомасы 68 мың сом деп көрсетеді.

*** «Есептер мен зерттеулер», I, 186-бет.

**** V тарауға жазылған I қосымша, № 29 кәсіпшілік.

***** Ibid., № 32.

****** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, I кітап, 2-бөлім және «Богородск уезінің 1890 жылғы кәсіпшіліктері».

болды, оларда 670 жұмысшы істеді (оның 79 проценті жалдама жұмысшылар), өндіріс сомасы $368^1/_2$ мың сом болды деп есептелген, оның бер жағында бұл капиталистік кәсіпорындардың кейбіреулері кейде «фабрикалар мен заводтар» қатарына да қосылып жүрді *.

Ярославль губерниясының Ярославль уезіндегі Бурмакин болысындағы (және оның төңірегіндегі болыстардағы) слесарьлық кәсіпшіліктер де, сірә, осы үлгімен ұйымдасқан болуы керек. Қалай дегенмен де, біз мұнда да еңбек бөлінісі бар екенін (темір ұсталары, көрікшілер, слесарьлар), мұнда да жалдама еңбекті пайдаланудың кең өріс алғанын (Бурмакин болысындағы 307 ұста дүкенінің 231 дүкенінде жалдама жұмысшылар істейді), мұнда да ірі капиталдың жұмыстың жеке түрлерін атқаратын жұмысшыларға үстемдік жүргізетінін (ең басты қожайын — алыпсатарлар; оларға темір ұсталары, темір ұсталарына — слесарьлар жұмыс істейді), мұнда да бұйымдарды сатып алу мен оны капиталистік шеберханаларда өндіру ісінің қосылғанын көреміз, бұл шеберханалардың кейбіреуі кейде «фабрикалар мен заводтар» тізіміне де қосылып жүр **.

Өткен тарауға жазылған қосымшада Москва губерниясындағы поднос және мыс кәсіпшіліктері *** туралы (мыс кәсіпшіліктері «Загарье» деп аталатын аудан-да) статистикалық мәліметтер келтірілген болатын. Бұл мәліметтерден аталған кәсіпшіліктерде жалдама еңбектің басым роль атқаратынын және олардың басында әрбір кәсіпорында орта есеппен 18—23 жалдама жұмысшы істейтін, өндіріс сомасы 16—17 мың сомнан келетін ірі шеберханалардың тұрғанын көреміз. Егер бұған осы кәсіпшіліктерде еңбек бөлінісі өте кең көлемде қолданылатынын **** қоссақ, онда мұның капиталистік ма-

* Қараңыз: мысалы, «Тізбе», № 8819.

** «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VI кітап, 1880 жылғы зерттеу — «Есептер мен зерттеулер», I том (1888—1889), 271-бетін салыстырып қараңыз: «өндірістің бәрі де дерлік жалдама жұмысшылары бар шеберханаларда шоғырланған». «Ярославль губерниясына шолуды» да салыстырып қараңыз, II кітап, Ярославль, 1896, 8, 11-беттер.— «Тізбе», 403-бет.

*** V тарауға жазылған I қосымша, № 19 және 30 кәсіпшіліктер.

**** Мысшылардың шеберханаларына әр түрлі операцияларды атқаратын 5 орындаушы керек; поднос жасаушыларға minimum — 3, ал «кәдімгі шеберханаға» 9 жұмысшы керек. «Көлемді кәсіпорындарда

нуфактура екені айқын болады *. «Осы кездегі техника мен еңбек бөлінісі жағдайларындағыдан ауытқулық болып табылатын ұсақ өнеркәсіп орындары тек еңбек уақытын ең ақырғы шегіне жеткізе ұзарту арқылы ғана ірі шеберханалармен қатар өмір сүре алады» (Исаев, l. c., 33-бет) — мысалы, поднос жасаушылар *19 сағат* жұмыс істейді. Жалпы алғанда поднос жасаушыларда жұмыс күні 13—15 сағат, ал ұсақ қожайынсымақтарда 16—17 сағат. Ақыны товарлай төлеу кең қолданылады (1876 жылы да, 1890 жылы да) **. Бұған қоса айтарымыз, кәсіпшіліктің көптен бері келе жатқандығы (ол 19-ғасырдың бас кезінде пайда болған), кәсіпті кең түрде мамандандыру жағдайында, мұнда да орасан шебер қызметкерлер шығарды: загарьеліктердің өз шеберліктерімен даңқы шыққан. Кәсіпшілікте ешқандай алдын ала даярлықты керек етпейтін, тіпті жас бала жұмысшылардың қолынан келетін мамандықтар да пайда болды. «Бірден жас бала жұмысшы бола қалу және оқымай-ақ қолөнеріне үйрену мүмкіншілігінің өзі-ақ,— деп Исаев мырза дұрыс айтады,— қол өнерінің жұмыс күшін шыңдау рухы жойылып бара жатқандығын көрсетеді; жұмыстың көптеген жеке-жеке тәсілдерінің қарапайымдылығы қолөнерінің мануфактураға айналып бара жатқандығының нышаны болып табылады» (l. c., 34). Ескерте кетелік, «қолөнер рухы» белгілі бір дәрежеде мануфактурада да әрдайым сақталып қала береді, өйткені мануфактураның базисі де сол қол еңбегі өндірісі.

### 10) Зергерлік бұйымдар, самауыр және сырнай өндірістері

Кострома губерниясының Кострома уезіндегі Красное селосы — әдетте біздің «халықтық» капиталистікману-

еңбек өнімділігін арттыру мақсатымен» «жетілдірілген еңбек бөлінісі» қолданылады (Исаев. l. c., 27 және 31).

* 1890 жылғы «Көрсеткіште» Загарье ауданында 184 жұмысшысы бар, өндіріс сомасы 37 мың сомдық 14 завод болды делінген. Бұл цифрларды земство статистикасының жоғарыда келтірілген мәліметтерімен салыстырсақ, бұл ретте де фабрика-завод статистикасының кең дамыған капиталистік мануфактураның тек алдыңғы қатардағыларын ғана қамтығанын көрсетеді.

** Салыстырыңыз: «Богородск уезінің майдагерлік кәсіпшіліктері».

фактураның орталықтары болып саналатын өнеркәсіпті селолардың бірі. Бұл — нағыз қала сипатындағы үлкен село (1897 жылы мұнда 2612 адам тұрған), оның халқы мещандарша тұрады және егіншілікті (өте аз ғана адамдар болмаса) кәсіп етпейді. Красное селосы — 4 болысты, 51 селоны (мұның ішінде Нерехта уезінің Сидоров болысы бар) қамтитын зергерлік кәсіпшіліктің орталығы, бұларда 735 үй, 1706-ға жуық қызметкер бар *. «Кәсіпшіліктің басты өкілдері болып,—дейді Тилло мырза,— Красное селосының ірі өнеркәсіпшілері: Пушилов, Мазов, Сорокин, Чулков сияқты көпестер және басқалар саналуға тиіс. Олар — алтын, күміс, мыс сияқты материалдар сатып алады, шеберлер ұстайды, даяр бұйымдар сатып алады, үйлерінде отырып жұмыс істеушілерге заказ береді, істелетін бұйымдардың үлгілерін жеткізіп отырады және т. с.» (2043). Ірі өнеркәсіпшілердің шеберханалары — «жұмысханалары» (лабораториялары) бар, онда металдарды шыңдайды және балқытады, одан соң оны өңдеу үшін «майдагерлерге» таратып береді; бұл ірі өнеркәсіпшілердің техникалық құрал-саймандары — «прецтері» (зат кесетін престері, қалыптары), «бойнялары» (батырып өрнек түсіретін құрал), «вальсылары» (металды қақтайтын құрал), верстактары және басқалары бар. Еңбек бөлінісі өндірісте кең қолданылады: «Әбден жасалып шыққанға дейін бұйымның барлығы дерлік белгіленген тәртіп бойынша бірнеше қолдан өтеді. Мәселен, сырға жасау үшін өнеркәсіпші-қожайын ең алдымен күмісті өзінің шеберханасына береді, онда күмістің бір бөлігін соғып қақтайды, бір бөлігін созып сым жасап шығарады; бұл материал бұдан соң заказ бойынша жеке шеберлерге түседі, егер шебер семьялы адам болса, онда бұл жұмысты семьядағы бірнеше адам озара бөліп алып істейді: олардың біреуі қақталған күмістен қалыппен сырғаның суретін немесе оның формасын ойып шығарады, екіншісі күміс

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX кітап, А. Тилло мырзаның мақаласы.— «Есептер мен зерттеулер», III том (1893 ж.). Кәсіпшілік үнемі өсіп келеді. «Русские Ведомостидің» 1897 жылғы 231-номеріндегі корреспонденциясымен салыстырыңыз. «Вестник Финансов», 1898, № 42. Өндіріс сомасы 1 миллион сомнан артығырақ, оның 200 мың сомға жуығын жұмысшылар және 300 мың сомға жуығын— алыпсатарлар мен саудагерлер алып отырады.

сымды иіп, сырғаның құлаққа өткізілетін тұтқасын жасайды, үшіншісі бұларды құрастырып дәнекерлейді, ақырында, төртіншісі даяр сырғаны тегістеп ысып, әдемілейді. Бұл жұмыстың бәрі де қиын емес, онша көп даярлықты керек те етпейді, сырғаны дәнекерлеп және оны ысып, әдемілеумен көбінесе әйелдер, 7—8 жастағы балалар шұғылданады» (2041) *. Жұмыс күні мұнда да шамадан тыс ұзақ, әдетте 16 сағатқа дейін созылады. Мұндай жұмысқа азық-түлік беру жолымен де ақы төлеу қолданылады.

Төмендегі статистикалық мәліметтер (асыл металдардың сапасын анықтау жөніндегі жергілікті инспектордың жуырда ғана жариялаған) кәсіпшіліктің экономикалық құрылысын өте айқын көрсетеді [141]:

| Шеберлердің топтары | Шеберлердің саны | % | Барлық жұмысшылардың саны (шамамен) | % | Бұйымдардың саны (пұт есебімен) | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұсынатын бұйымдары жоқтар | 404 | 66,0 | 1 000 | 58 | — | — |
| 12 қадаққа дейін бұйым ұсынғандар | 81 | | | | 11 | 1,3 |
| 12—120 қадақ бұйым ұсынғандар | 194 | 26,4 | 500 | 29 | 236 | 28,7 |
| 120 қадақ және одан да көп бұйым ұсынғандар | 56 | 7,6 | 206 | 13 | 577 | 70,0 |
| *Барлығы* | 735 | 100 | 1706 | 100 | 824 | 100 |

«Алғашқы екі топтың екеуін де (барлық шеберлердің үштен екі бөлігіне жуық) майдагерлерге емес, жұмысты үйлеріне алып істейтін фабрика жұмысшыларына теңеуге болады». Жоғарғы топта «жалдама еңбек барған сайын жиі кездеседі... Шеберлер басқалардың өндірген

* «Красное селосы майдагерлері арасында бұйымдардың әрбір түрін және тіпті әрбір бөлшегін істеп шығаратын арнаулы зергерлер бар, міне, сондықтан, мәселен, жүзік пен сырғаның, білезік пен моншақтың және т. с. бұйымдардың бір үйде жасалуы өте сирек кездеседі; әдетте бір бұйымды жасап шығару үшін маман-жұмысшылар оның әр түрлі бөлшектерін істеп шығады, мұндай маман-жұмысшылар әр үйде ғана емес, тіпті әр түрлі селоларда да тұрады» («Есептер мен зерттеулер», III том, 76-бет).

бұйымдарын қоса сатып ала бастайды», топтың жоғары жіктерінде «сатып алу ісі басым», ал «төрт алыпсатарда шеберхана атымен жоқ» *.

Тула қаласы мен оның төңірегіндегі самауыр және сырнай кәсіпшіліктері капиталистік мануфактураға ерекше тән үлгілер болып табылады. Жалпы алғанда, бұл аймақтың «майдагерлік» кәсіпшіліктері өте ертеден келе жатқанымен ерекшеленеді: бұлар ең алғаш XV ғасырда пайда болды **. Олар, әсіресе, 17-ғасырдың орта шенінен бастап мықтап дами бастады; Борисов мырза Тула кәсіпшіліктері дамуының 2-кезеңі осы уақыттан басталады деп есептейді. 1637 жылы мұнда шойын құятын тұңғыш завод салынды (оны салғызған голландиялық Виниус деген адам). Туланың қару-жарақ жасаушылары темір ұсталарының ерекше слободасын құрды, бұлар ерекше праволармен және ерекше пұрсаттылықпен пайдаланатын айрықша сословие болды. Тулада 1696 жылы тулалық атақты темір ұстасы салған шойын құятын тұңғыш завод пайда болды, сөйтіп кәсіпшілік Уралға және Сибирьге тарай бастады ***. Осы уақыттан бастап Тула кәсіпшіліктері тарихының 3-кезеңі басталады. Шеберлер төңіректегі шаруаларды да қолөнеріне үйретіп, өздерінің кәсіпорындарын ұйымдастыра бастады. 1810—1820 жылдары тұңғыш самауыр фабрикалары пайда болды. «1825 жылдың өзінде-ақ Тулада қару-жарақ жасаушыларға қарайтын әр түрлі 43 фабрика болды, ал қазіргі фабрикалардың да барлығының дерлік қожайындары бір кездегі қару-жарақ жасаушылар, бұл күнде Тула көпестері болып отыр» (l. с., 2262). Демек, біз мұнда бұрынғы цех мастерлері мен ең жаңа капиталистік мануфактура басшыларының арасында тікелей сабақтастық пен байланыстың бар екендігін көреміз. 1864 жылы Туланың қару-жарақ жасаушылары крепостниктік тәуелділіктен [142]

* «Вестник Финансов», 1896 ж., № 42.

** Қараңыз: В. Борисов мырзаның «Майдагерлік комиссияның еңбектеріндегі» мақаласы, IX кітап.

*** Туланың темір ұстасы Никита Демидов Антуфьев Тула қаласының қарсы алдынан завод орнатты, мұнысы үшін ол Ұлы Петрге ұнап қалған болатын, сөйтіп ол 1702 жылы Невьянск заводын алды. Уралдағы белгілі тау-кен өнеркәсіпшісі Демидовтар — соның ұрпақтары.

босатылып, мещандар санатына жатқызылды; деревня майдагерлері бәсекесінің күшеюі салдарынан табыс төмендеп кетті (мұның өзі өнеркәсіпшілердің қаладан деревняға қайта қоныс аударуын туғызды); жұмысшылар самауыр, құлып, пышақ, сырнай (Туланың алғашқы сырнайлары 1830—1835 жылдары пайда болды) жасау кәсіпшіліктеріне бет бұрды.

Самауыр кәсіпшілігі қазіргі уақытта былайша ұйымдастырылып отыр. Кәсіпшіліктерді ондаған, жүздеген жалдама жұмысшылары бар шеберханалар ұстайтын ірі капиталистер басқарады, оның бер жағында бұл капиталистер жұмыстың толып жатқан жеке түрлерін үйлерінде істейтін қалалық, сондай-ақ селолық жұмысшыларға да таратып береді; ал жұмыстың жеке түрлерін орындаушы адамдардың кейде өздерінің де жалдама жұмысшылары бар шеберханалары болады. Әрине, ірі шеберханалармен қатар, ұсақ шеберханалар да бар, олар өзінің барлық сатыларында да капиталистерге тәуелді. Бұл өндірістің бүкіл құрылысының ортақ негізі — еңбек бөлінісі. Самауырды жасап шығару процесі төмендегідей жеке жұмыстарға бөлінеді: 1) мыс тақталарын дөңгелентіп құсыру (иіп дайындау); 2) оларды дәнекерлеу; 3) дәнекерленген жерін егеп тегістеу; 4) оттығын жасау; 5) істелген бұйымдарды қақтау (мұны «реттеп төске салу» дейді); 6) ішкі жағын тазарту; 7) самауырларды және оның мойындарын жону; 8) қалайылау; 9) самауырдың оттығы мен камфоркасынан преспен тесік шығару; 10) самауырды құрастыру. Самауырдың мыстан жасалатын ұсақ бөлшектерін дайындау: а) қалыпқа салу және б) құйып шығару өз алдына бөлек істеледі *. Жұмысты үйде істеу үшін таратып берген кезде, осы жұмыстардың әрқайсысы өз алдына ерекше «майдагерлік» кәсіпшілік бола алады. Осындай «кәсіпшіліктердің» бірін «Майдагерлік комиссия еңбектерінің» VII кітабында Борисов мырза сурет-

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», X кітап, мұнда Манохин мырза Пермь губерниясының Суксундегі самауыр кәсіпшілігін өте тамаша суреттеп жазған. Бұл кәсіпшіліктің ұйымдастырылуы Туладағы кәсіпшіліктің ұйымдастырылуымен бірдей. Салыстырыңыз: бұл да сонда, IX кітап, 1882 жылғы көрмеге қатынасқан майдагерлік кәсіпшіліктер туралы Борисов мырзаның мақаласы.

теп берген болатын. Бұл кәсіпшіліктің (самауыр өңдеу кәсіпшілігінің) мәні мынадай — шаруалар біз суреттеп өткен жұмыстың жеке бір түрін кесімді ақы алып, көпестердің өз материалдарынан істеп береді. 1861 жылдан кейін майдагерлер жұмыс істеу үшін Тула қаласынан деревняға көшті: өйткені деревняда тұрмыс жағдайы жеңіл және қажетсіну дәрежесі төмен (І. с., 893-бет). Борисов мырза «майдагердің» бұл сірі жандылығын самауырды қолдан жасап шығару ісінің сақталуымен байланыстыра қарап, дұрыс түсіндіреді: «деревня майдагері заказ беруші фабрикант үшін қай уақытта болса да тиімді болады, өйткені ол қала қолөнершісіне қарағанда 10—20% арзанға істейді» (916).

Самауыр өндірісінің көлемін Борисов мырза 1882 жылы шамамен 5 миллион сом, мұнда 4—5 мың жұмысшы (майдагерлерді қосқанда) жұмыс істейді деп есептеген болатын. Фабрика-завод статистикасы бұл ретте де барлық капиталистік мануфактураның болмашы бір бөлігін ғана қамтып отыр. 1879 жылғы «Көрсеткіште» Тула губерниясында 53 самауыр «фабрикасы» бар (мұның бәрінде де жұмыс қолмен істеледі), олардағы жұмысшы саны 1479, ал өндіріс сомасы 836 мың сом болды деп көрсетілген. 1890 жылғы «Көрсеткіште» 162 фабрика бар,— 2175 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 1100 мың сом болды делінген, алайда фабрика аттары тіркелген тізімге тек 50 фабрика ғана (бу машинасы қолданылатын 1 фабрика) енгізілген, оларда 1326 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 698 мың сом деп көрсетілген. Бұл жолы «фабрикалар» қатарына жүздеген ұсақ кәсіпорындар да қосып есептелген болса керек. Ақырында, «Тізбе» 1894/95 жылы — 25 фабрика (4 фабрикада бу машиналары қолданылады) бар, онда 1202 жұмысшы (+сырттан 607 жұмысшы) істейді, өндіріс сомасы 1613 мың сом болды деп көрсетеді. Бұл мәліметтердегі (жоғарыда көрсетілген себептерден, сонымен қатар өткен жылдарда кәсіпорынның өзінде және сырттан істейтін жұмысшыларды араластырып жіберудің салдарынан) фабрикалардың санын да, жұмысшылардың санын да салыстыру мүмкін емес. Тек машиналы ірі индустрияның мануфактураны ығыстырып шығаруы

прогрестік екендігі ғана күмәнсыз: 1879 жылы — 2 фабриканың, 1890 жылы — 2 фабриканың (оның біреуінде бу машинасы қолданылады), 1894/95 жылы — 4 фабриканың (мұның үшеуінде бу машинасы қолданылады) 100 және одан да көп жұмысшысы болған *.

Экономикалық дамудың неғұрлым төменгі сатысында тұрған сырнай кәсіпшілігінің ұйымдастырылуы да дәл осындай **. «Сырнай өндірісінде 10-нан астам жеке мамандықтар бар» («Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX, 236); сырнайдың әр түрлі бөлшектерін дайындап шығару немесе кейбір жеке жұмыстарды істеу жеке, quasi-дербес «майдагерлік» кәсіпшіліктердің ісі болып саналады. «Толас кездерінде майдагерлердің барлығы фабрикалар үшін немесе біршама ірі шеберханалар үшін жұмыс істейді; материалды солардың қожайындарынан алады; ал сырнайға мұқтаждық тым күшейген кезде толып жатқан ұсақ өндірушілер пайда болады, олар майдагерлерден сырнайдың жеке бөлшектерін сатып алады да, сырнайларды өздері құрастырады, оларды жергілікті дүкендерге — магазиндерге апарып салады, сөйтіп жұрт магазиндерден сырнайды іркілмей сатып алады» (ibid.). Борисов мырза бұл кәсіпшілікте 1882 жылы 2—3 мың қызметкер істеді, ал өндіріс сомасы 4 миллион сомға жуық болды деп есептеген еді; фабрика-завод статистикасы былай деп көрсетеді: 1879 жылы 22 жұмысшысы бар, өндіріс сомасы 5 мың сом екі «фабрика» болды; 1890 жылы — 275 жұмысшысы бар, өндіріс сомасы 82 мың сом 19 фабрика болды; 1894/95 жылы — 23 жұмысшысы (бұған қосым-

* Тула қаласындағы және оның төңірегіндегі слесарьлық кәсіпшіліктерді ұйымдастыруда да осыған ұқсас белгілер бар сияқты. Борисов мырза 1882 жылы бұл кәсіпшіліктерде 2—3 мың жұмысшы болды, бұлар 2½ миллион сомға жуық бұйымдар өндірді деп көрсетеді. Бұл «майдагерлер» сауда капиталына өте бағынышты. Тула губерниясының темірден бұйымдар жасайтын «фабрикаларының» да кей кезде сырттан істейтін жұмысшылары болады (салыстырыңыз: «Тізбе», 393—395-беттер).

** Сырнай өндірісінің өсуі сондай-ақ халықтың алғашқы қауымдық музыка аспаптарын ығыстырып шығару процесі ретінде де, кең көлемде ұлттық рынок құру процесі ретінде де көңіл бөлерлік: мұндай рыноксыз егжей-тегжейлі еңбек бөлінісі болмас еді, ал еңбек бөлінісі болмаса, өнімнің арзан болуы да мүмкін емес. «Сырнайлар (өздерінің) арзандығы арқасында барлық жерде дерлік халықтың алғашқы қауымдық кездегі ішекті музыка аспабы — балалайканы ығыстырып шығарып отыр» («Майдагерлік комиссияның еңбектері», IX кітап, 2276-бет).

ша сырттан істейтін 17 жұмысшы) бар, өндіріс сомасы 20 мың сом 1 фабрика болды *. Бу двигательдері мүлдем қолданылмайды. Цифрлардың бұлайша жоғары-төмен ауытқып отыруы капиталистік мануфактураның күрделі организмінің құрамдас бөлігі болып саналатын жеке кәсіпорындардың мүлдем кездейсоқ алына салынатындығын көрсетеді.

### III. МАНУФАКТУРАДАҒЫ ТЕХНИКА. ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Енді жоғарыда баяндалған мәліметтерден қорытындылар жасайық және олар біздің өнеркәсібіміздегі капитализм дамуының ерекше сатысын шын мәнісінде сипаттай ала ма, соны қарап көрейік.

---

Біз қарап өткен барлық кәсіпшіліктердің ортақ белгісі — қол еңбегі өндірісінің сақталуы және еңбек бөлінісінің жүйелі түрде, кең қолданылуы. Өндіріс процесі әр түрлі маман-шеберлер атқаратын толып жатқан жеке жұмыстарға бөлінеді. Мұндай мамандарды даярлау үшін оларды едәуір ұзақ уақыт оқыту керек, сондықтан *шәкірттік* — мануфактураның табиғи серігі. Жұртқа мәлім, товар шаруашылығының және капитализмнің жалпы жағдайында бұл құбылыс адамның жеке басының тәуелді болуы мен қаналуының ең нашар түрлеріне әкеп соғады **. Шәкірттіктің жойылуы мануфактураның неғұрлым күшті дамуына және машиналы ірі

* 1891 жылы 29 ноябрьде Тула қаласында жүргізілген санақта қалада сырнаймен сауда жасайтын 36 кәсіпорын және сырнай жасайтын 34 шеберхана бар екені есептелген (қараңыз: «Тула губерниясының 1895 жылғы ескерткіш кітапшасы», Тула, 1895).

** Бір ғана мысалмен шектелейік. Курск губерниясындағы Грайворонск уезінің Борисовка слободасында икон жасайтын кәсіпшілік бар, онда 500-ге жуық адам істейді. Шеберлер көбінесе жалдама жұмысшыларды қажет етпейді, бірақ олар тәулігіне 14—15 сағаттан жұмыс істейтін шәкірттер ұстайды. Сурет салатын мектеп ашу туралы ұсыныстарға бұл шеберлер қарсы шықты, өйткені шәкірттер сияқты тегін жұмыс күшінен айрылып қаламыз деп қорықты («Есептер мен зерттеулер», I, 333). Капиталистік мануфактурада жұмысты үйге алып істеген жағдайда балалардың халі шәкірттердің халінен зәредей де артық емес, өйткені үйде істейтін жұмысшы жұмыс күнін nec plus ultra-ға дейін (ақырғы шегіне дейін. *Ред.)* ұзартуға және семьясының барлық күшін жұмсауға мәжбүр болады.

индустрияның пайда болуына байланысты, бұл кезде машиналар шәкірттердің үйрену мерзімін minimum-ға дейін азайтады немесе тіпті балалардың да қолдарынан келетін ең оңай, қарапайым жеке жұмыстар пайда болады (Загарье жөнінде жоғарыда келтірілген мысалды қараңыз).

Мануфактураның базисі ретінде қол еңбегі өндірісінің сақталуы оның біршама қозғалмайтын тұрақтылығын көрсетеді, мұның өзі оны фабрикамен салыстырғанда көзге ерекше түседі. Еңбек бөлінісінің дамуы мен тереңдей түсуі өте баяу болады, сондықтан мануфактура тұтас ондаған жылдар бойына (тіпті ғасырлар бойына) бастапқы формасынан өзгермей, сол күйінде қала береді: біз өзіміз қараған кәсіпшіліктердің орасан көпшілігі өте ерте заманда пайда болғанын жоғарыда көрдік, солай бола тұрса да, соңғы уақытқа дейін бұлардың көпшілігінің өндіріс әдістерінде ешқандай ірі төңкерістердің болғандығы байқалған жоқ.

Ал еңбек бөлінісін алатын болсақ, мұнда біз еңбектің өндіргіш күштерінің даму процесінде оның қандай роль атқаратындығы туралы теориялық экономияның жалпыға мәлім ережелерін қайталап жатпаймыз. Қол еңбегі өндірісінің базисінде техниканың еңбек бөлінісі формасындағы прогресінен басқаша прогрестің болуы мүмкін емес еді *. Машиналы ірі индустрияға әзірлік саты ретінде еңбек бөлінісінің қажет екендігін дәлелдейтін зор маңызы бар екі жағдайға ғана тоқталып өтейік. Біріншіден, өндіріс процесінің бірқатар ең оңай, ешбір ойланбай істелетін жұмыс түрлеріне бөлінуі ғана машиналарды қолдануға мүмкіндік береді, бұл машиналар алғашқы кезде жұмыстың ең оңай түрлеріне ғана қолданылып, тек бірте-бірте ғана оның неғұрлым күрделі түрлерін меңгере бастайды. Мысалы, тоқыма ісінде механикалық станок қарапайым маталар өндіруді әлдеқашан өзіне бағындырып алған болатын, ал жібек тоқу әлі күнге дейін негізінен қолмен істеліп келеді; слесарьлық жұмыста машина ең алдымен жұмыстың

* «Дербес ұсақ өнеркәсіп орасан кең аймақты қамтып отырған кезде, оның сөзсіз және тіпті белгілі бір мөлшерде қажетті тірегі — ірі өндірістің жұмысты үйге алып істеу формасы мен мануфактура болады» (Харизоменов, «Юридический Вестник», 1883, № 11, 435-бет).

ең қарапайым түрлерінің біріне — тегістеуге және т. с. қолданылады. Бірақ өндірістің бұл сияқты өте қарапайым жұмыстарға бөлшектелуі машиналы ірі өндірісті енгізуге даярлық жасаудағы қажетті қадам болумен бірге ұсақ кәсіпшіліктердің көбеюіне әкеліп соқтырады. Төңіректе тұратын халық мұндай ұсақ-түйек жұмыстарды өз үйлерінде істеуге мүмкіндік ала бастайды, олар мұны не мануфактурашылардың заказы бойынша солардың материалынан істейді (щетка жасау мануфактурасында щетка қалыбына қыл өткізу, былғары өндірісінде тон, ішік, қолғап, аяқ киім және басқа киімдер тігу, тарақ жасау мануфактурасында тарақ түзеу, самауырларды «өңдеу» және басқалар), не тіпті «өз бетімен» материал сатып алып, одан өнімнің жеке бөлшектерін даярлап, оларды мануфактурашыларға сатады (қалпақ, экипаж, сырнай кәсіпшіліктері және т. т.). Сонда капиталистік мануфактураның даму белгісі ретінде ұсақ кәсіпшіліктердің (кейде тіпті «дербес» кәсіпшіліктердің) өсуі сорақы нәрсе сияқты, бірақ солай бола тұрса да бұл — факт. Осы сияқты «майдагерлердің» «дербестігі» — мүлдем алдамшы нәрсе. Жұмыстың басқа бір жеке түрлерімен, өнімнің басқа ұсақ бөлшектерімен *байланысы болмаса,* олардың жұмыстарының қажеті де болмас еді, олар өндірген өнімнің кей уақыттарда ешқандай тұтыну құны да болмас еді. Ал бұл байланысты жеке детальдар жасайтын жұмысшылар бұқарасына (белгілі бір түрде) үстемдік етіп отырған тек *ірі капитал* ғана жасай алады * және оны жасаған да сол. Халықшылдық экономияның негізгі қателерінің бірі — детальшы-«майдагердің» капиталистік мануфактураның құрамдас бөлігі болып табылатын фактіні елемеуі немесе бүркемелеуі.

Ерекше баса көрсететін екінші жағдай — мануфактураның шебер жұмысшылар даярлап шығаруы. Егер өзіне дейін мануфактура ұзақ дәуір бойы жұмысшылар дайындамаған болса, онда реформадан кейінгі дәуірде

* Бұл байланысты тек капиталдың ғана *жасай алатын* себебі не? Өйткені, жоғарыда көргеніміздей, товар өндірісі ұсақ өндірушілердің бөлшектенуін және олардың толық ыдырауын туғызады, өйткені капиталистік шеберханалар мен сауда капиталы мануфактураға ұсақ кәсіпшіліктерден мұра болып қалған.

машиналы ірі индустрия мұншалықты тез дами алмаған болар еді. Мысалы, Владимир губерниясының Покровск уезіндегі «майдагерлік» тоқыма ісін зерттеушілер Кудыкин болысындағы (Орехово селосы және Морозовтардың әйгілі фабрикалары осы болыста) тоқымашылардың «техникаға» тамаша «шеберлігін және тәжірибелілігін» көрсетіп отыр: «ешбір жерде... біз мұндай қызу еңбекті көргеніміз жоқ... мұнда тоқымашы мен ұршыққа жіп ораушылар арасында еңбек бөлінісі барлық уақытта да қатаң қолданылады... Өткен күндер... кудыкиндіктерді... өндірістің жетілдірілген техникалық әдістеріне... қандай қиындықтар кездессе де дұрыс шешім жасай алатындай етіп үйретті» *. Жібек тоқу жөнінде «фабрикаларды кез келген селода, кез келген мөлшерде құра беруге болмайды»,— деп оқимыз: «фабрика тоқымашыға ілесіп еріп отыруы керек, шет кәсіпшілік арқылы» (немесе, қосып айтайық, жұмысты үйде істеу арқылы) «жұмыспен таныс қызметкерлер қай селода көп жиналған болса, ол сонда баруы керек» **. Айталық, егер Кимры селосы аймағындағы қазіргі шет кәсіпшілікке ынтық болып отырған жұмысшылар онда ғасырлар бойы дайындалмаған болса, Петербургтегі аяқ киім фабрикасы сияқты [143] *** кәсіпорындар соншалық жылдам дами алмаған болар еді; т. т. Сондықтан, айта кетелік, мануфактураның белгілі бір өндіріске маманданған және толып жатқан шебер жұмысшыларды даярлап шығарған бірсыпыра ірі аудандар құруының зор маңызы бар ****.

Капиталистік мануфактурада еңбек бөлінісі жұмысшылардың, соның ішінде детальшы-«майдагердің» де мүгедек болуына және жарымжан болып қалуына әкен

* «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», IV, 22.

** Ib., III, 63.

*** 1890 ж.— жұмысшысы 514, өндіріс сомасы 600 мың сом болған; 1894/95 ж.— жұмысшысы 845, өндіріс сомасы 1 288 мың сом.

**** Бұл құбылысты «топталыңқы қолөнер» деген термин өте дәл сипаттайды. Корсак былай деп жазады: «XVII ғасырдан бастап село өнеркәсібі біркелкі дами бастады: тұтас деревнялар, әсіресе, үлкен жол бойындағы, Москва маңындағы деревнялар белгілі бір түрдегі қолөнер өндірісімен айналыса бастады; бір деревняның халқы — былғарышы, екіншілері — тоқымашы, үшінші біреулері — бояушы, арбашы, темір ұстасы және т. с. болды. Өткен ғасырдың аяқ кезінде бұл сияқты *топталыңқы қолөнерлер*, бұларды кейбіреулер осылай атайды, Россияда өте көп дамыды» (I, с., 119—121).

соғады. Еңбек бөлінісі арқасында асқан шеберлер мен мүгедектер пайда болады, бұлардың біріншілері — зерттеушілерді таңдандыратын сирек ұшырайтын бірегейлер *; екіншілері — жаппай кездесетін құбылыс, әлсіз, қушық кеуделі, қолдары ересқел үлкеп, «бір жағына қарай қисайған» толып жатқап «майдагерлер» **, т. т., және т. с.

### IV. ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ ЖӘНЕ ЕГІНШІЛІКТІҢ ӨНЕРКӘСІПТЕН БӨЛІНУІ

Жоғарыда айтылғандай, территориялық еңбек бөлінісі, жеке аудандардың өнімнің белгілі бір түрін, кейде өнімнің белгілі бір сортын, тіпті оның белгілі бір бөлігін өндіруге мамандануы жалпы еңбек бөлінісімен тығыз байланысты болады. Қол еңбегі өндірісінің басым болуы, толып жатқан ұсақ кәсіпорындардың өмір сүруі, қызметкерлердің егіншілікпен байланысының сақталуы, шебердің белгілі бір мамандыққа маталуы, міне, осының бәрі мануфактураның жекелеген өнеркәсіптік аймақтарының томаға-тұйықтығына сөз жоқ себепші болады; кейде мұндай жергілікті томаға-тұйықтық басқа дүниеден мүлдем қол үзуге дейін жеткізеді ***, ал сыртқы дүниемен тек қожайын-көпестер ғана байланыс жасап отырады.

Мына төмендегі тирадасында Харизоменов мырза территориялық еңбек бөлінісін жете бағаламаған: «Империя көлемінің тым кең болуы табиғат жағдайларының ерекше өзгеше болуына байланысты: бір жерлер орман-

* Екі мысалмен шектелейік: Павловодағы атақты құлып шебері Хворов бір мысқал алтынға 24 құлып жасап отырған; мұндай құлыптардың кейбір жеке бөлшектерінің үлкендігі түйреуіштің басындай ғана болатын (Лабзин, l. c., 44). Москва губерниясындағы ойыншық жасайтын біреу өзінің бүкіл өмір бойына арбаға жегілген атты өңдеуді кәсіп еткен, ол бертін келе күніне 400-ге дейін ойыншық өндеп шығаратын болған («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы». VI том, II кітап, 38—39-беттер).

** Павлово майдагерлерін Григорьев мырза осылай сипаттайды. «Маған белгілі бір қысқыш станогының жанында 6 жыл бойы тапжылмай тұрып жұмыс істеген бір жұмысшы жолықты, еденнің жұмысшы жалаңаш сол аяғымен осыншама уақыт басып тұрған жері тесілуге тақаған екен; ол қожайынның сол тақтай тесілген кезде өзін жұмыстан қуамын дегенін ызалы мысқылмен айтты» (аталған шығарма, 108—109-беттер).

*** Каргополь уезіндегі ақ тиін терісін өңдеу кәсіпшілігі, Семенов уезіндегі ағаш қасық жасау кәсіпшілігі.

дар мен аңдарға бай, екінші бір жер — малға, үшіншілері — саз балшық пен темірге бай. Өнеркәсіп сипатын анықтайтын да осы табиғи жағдайлар. Жердің шалғайлығы және қатынас жолдарының нашарлығы шикізат тасып жеткізуге мүмкіндік бермеді немесе оның тасылуын өте қымбатқа түсірді. Осының салдарынан кәсіпшілік қажетіне қарай шикі материал қай жерде мол, жақын болса, сол жерге орын тебуге тиіс болды. Біздің өнеркәсібімізге тән белгі — товар өндірісінің орасан зор көлемді, тұтас бір аудандар бойынша мамандануы осыдан келіп шықты» («Юридический Вестник», І. с., 440-бет).

Территориялық еңбек бөлінісі біздің өнеркәсібімізге емес, мануфактураға (Россияда да және басқа елдерде де) тән белгі; ұсақ кәсіпшіліктер мұндай кең аудандарды құрған жоқ, фабрика олардың томаға-тұйықтығын бұзды және кәсіпорындар мен жұмысшылар бұқарасын басқа орындарға көшіруге жеңілдік туғызды. Мануфактура тұтас аудандар құрумен ғана тынбайды, ол сонымен қатар мұндай аудандардың өз ішінде мамандану ісін (товарлар бойынша еңбек бөлінісін) енгізеді. Шикізаттың нақты осы жерде болуы — мануфактура үшін міндетті емес және оның бұл үшін тіпті дағдылы болуы да екі талай, өйткені мануфактураның бұрыннан да кең сауда қатынастары болады *.

Мануфактураның жоғарыда суреттелген сипаттарына байланысты капиталистік эволюцияның бұл сатысына егіншіліктің өнеркәсіптен бөлінуінің ерекше формасы тән болады. Ендігі жерде нағыз өнеркәсіпші шаруа емес, егіншілікпен шұғылданбайтын «мастеровой» (мұның қарама-қарсы жағында көпес пен шеберхана қожайыны тұрады). Мануфактура тұрпатында ұйымдастырылған кәсіпшіліктердің орталықтары көпшілік жағдайда (жоғарыда көргеніміздей) егіншілікпен айналыспайды: бұл — қалалар немесе (басым көпшілігі) селолар болады, олардың тұрғындары егіншілікпен мүл-

* Тасып әкелінген шикізатты (яғни жергілікті емес) тоқыма кәсіпшіліктері, Павлово, Гжель, Пермь былғары кәсіпшіліктері және толып жатқан басқа кәсіпшіліктер өңдейді («Этюдтермен» салыстырыңыз; 122—124-беттер). (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 358—361-беттер. *Ред.)*

дем дерлік шұғылданбайды, сондықтан бұлар сауда-өнеркәсіптік сипаты бар қоныстар қатарына қосылуға тиіс. Өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуінің бұл арада терең негіздері бар, оның мұндай негіздері мануфактураның техникасына да, оның экономикасына да және оның тұрмыс (немесе мәдени) ерекшеліктеріне де байланысты. Техника жұмысшыны бір мамандыққа матайды, сондықтан оны, бір жағынан, егіншілікке жарамсыз (әлсіз және т. с.) етеді, екінші жағынан, оның үздіксіз және ұзақ уақыт бойы шеберлік шыңдауын талап етеді. Ұсақ кәсіпшіліктерге қарағанда, мануфактураның экономикалық құрылысына өнеркәсіпшілердің анағұрлым терең саралануы тән құбылыс,— ал біз жоғарыда ұсақ кәсіпшіліктерде өнеркәсіптегі жіктелу мен егіншіліктегі жіктелудің қатар жүретінін көрдік. Өндірушілер бұқарасының жаппай қайыршылыққа ұшырауы жағдайында — бұл мануфактураның шарттары мен зардаптары — аз да болса күн көрісі бар егіншілер мануфактураға барып, оған жұмысшы бола алмайды. Мануфактураның мәдени ерекшеліктеріне мыналар жатады: 1-ден, кәсіпшіліктің өте ұзақ уақыт (кейде ғасырлар бойы) өмір сүруі, мұның өзі халық салтында айрықша із қалдырады; 2-ден, халықтың тұрмыс дәрежесінің неғұрлым жоғары дәрежеде болуы *. Бұл соңғы жағдай туралы біз қазір толығырақ айтып өтпекшіміз, бірақ мануфактураның өнеркәсіпті егіншіліктен толық бөле алмайтынын алдын ала ескертіп қояйық. Қолмен жүргізілетін техника кезінде ірі кәсіпорындар, әсіресе егер ұсақ майдагерлер жұмыс күнін ұзартып және өздерінің қажетсіну дәрежелерін төмендететін болса, ұсақ кәсіп-

* В. В. мырза өзінің «Майдагерлік өнеркәсіп очерктерінде» «бізде ауыл шаруашылығынан мүлдем қол үзіп кеткен майдагерлік түкпірлер... өте аз» (36) — керісінше, ондай түкпірлердің өте көп екенін біз жоғарыда көрсеттік — және «біздің отанымызда байқалып отырған еңбек бөлінісінің нашарлығы өнеркәсіп прогресінің қуатына ғана байланысты деуге болмайды, одан гөрі шаруалардың жер иелігі мөлшерінің өзгермейтіндігіне байланысты деуге болады... (40) деп сендіреді. Бұл «майдагерлік түкпірлердің» техника, экономика мен мәдениет жөнінен ерекше укладта тұрғандығын, бұл жағдайлардың капитализм дамуының ерекше сатысын сипаттап отырғанын В. В. мырза байқамайды. «Өнеркәсіпті селолардың» көпшілігінің «үлесті жерді өте аз» алуы (39) маңызды болып отыр — (бұл 1861 жылы, олардың өнеркәсіптік ғұмыры ондаған, ал кейде тіпті жүздеген жылдармен өлшеніп отырған кезде!) — әрине, егер бастықтар мұндай жолсыздық істемеген болса, капитализм де болмас еді.

орындарды мүлдем ығыстырып шығара алмайды: мұндай жағдайларда, жоғарыда көргеніміздей, мануфактура ұсақ кәсіпшіліктерді тіпті дамыта түседі. Сондықтан көп жағдайларда тұрғындары кәсіпшіліктермен айналысатын егінші селолардан құрылған тұтас бір аймақтардың мануфактураның егіншілік емес орталығы төңірегінде болатындығын көреміз. Демек, бұл жағынан алғанда да мануфактураның ұсақ қол еңбегі өндірісі мен фабриканың арасындағы өтпелі сипатта болатыны айқын көрініп тұр. Егер, Батыстың өзінде де капитализмнің мануфактуралық кезеңі өнеркәсіп жұмысшыларын егіншіліктен толық ажырата алмаған болса *, онда Россияда, шаруаларды жерге матап отырған толып жатқан тәртіптер сақталып отырғанда, бұл сияқты бөлінудің баяу болмауы мүмкін емес. Сондықтан, қайталап айтайық, төңірегіндегі тұрғындары жартылай егінші, жартылай өнеркәсіпші болып отырған деревнялардың халқын өзіне тартатын және осы деревняларға басшылық ететін егіншілік емес орталық — орыстың капиталистік мануфактурасына мейлінше тән болады.

Бұл арада егіншілікпен айналыспайтын мұндай орталықтардағы халықтың мәдени дәрежесінің неғұрлым жоғары болу фактісі айрықша атап өтерлік. Бұл сияқты орталықтардағы тұрғындардың әдетте көзге ерекше түсетін белгілері мынадай: олар неғұрлым сауатты келеді, олардың қажетсіну дәрежесі мен тұрмыс жағдайы едәуір жоғары болады, «қоңырқай» «байырғы деревнядан» олар тым ерекше көрініп отырады **. Капитализм-

* «Das Kapital», I [2], 779—780 [144].

** Бұл факт маңызды болғандықтан біз II параграфта келтірілген мәліметтерді тағы да төмендегі мәліметтермен толықтыра кетуге мәжбүр болып отырмыз. Воронеж губерниясының Бобров уезіндегі Бутурлиновка слободасы — былғары өндірісі орталықтарының бірі. Мұнда 3681 үй бар, бұлардың ішінен 2383 үй егіншілікпен шұғылданбайды. Тұрғын халқы 21 мың адамнан астам. Сауатты адамдары бар үйлер бүкіл уезд көлемінде 38% болса, мұнда 53% (Бобров уезі бойынша земстволық-статистикалық жинақ). Самара губерниясының Покровская слободасы мен Балаково селосының әрқайсысында 15 мыңнан астам халық бар, бұлардың ішінде шеттен келгендер өте көп. Шаруашылығы жоқтар 50% және 42%. Сауаттылығы орташадан жоғары. Статистика сауда-өнеркәсіптік селолардың *жалпы алғанда* халқының сауаттылығымен және «шаруашылықтары жоқ үйлердің жаппай пайда болуымен» ерекше көзге түсетінін көрсетеді (Новоузен және Николаев уездері бойынша земстволық-статистикалық жинақтар).— «Майдагерлердің» мәдени дәрежесінің неғұрлым жоғарылығы жөнінде мына еңбектерді салыстырыңыз: «Майдагерлік комиссияның еңбекте-

нің, оның үстіне таза «халықтық» капитализмнің прогрестік тарихи ролі туралы айқын дәлелдеп отырған бұл фактінің қаншалықты зор маңызы бар екені түсінікті, бұл таза «халықтық» капитализмді «жасанды» деп айтуға ең нағыз халықшылдың да батылы бара қоймас, өйткені сипатталып отырған орталықтардың арасан көпшілігі әдетте «майдагерлік» өнеркәсіпке жатады! Мануфактураның өтпелі сипаты мұнан да көрініп тұр, өйткені халықтың рухани бейнесін өзгертуді мануфактура бастап қана береді, ал оны машиналы ірі индустрия ғана аяқтайды.

### V. МАНУФАКТУРАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Біз қарап өткен мануфактура үлгісімен құрылған барлық кәсіпшіліктерде жұмысшылардың қалың бұқарасы дербес емес, капиталға бағындырылған, олардың қолында не шикі материал, не даяр өнім жоқ, олар тек қана жалақы алады. Шын мәнінде, бұл «кәсіпшіліктердегі» жұмысшылардың басым көпшілігі — *жалдама жұмысшылар,* бірақ бұл қатынастар мануфактурада еш уақытта да фабрикадағы сияқты әбден жетілмейді және таза күйінде болмайды. Мануфактура тұсында сауда капиталы өнеркәсіп капиталымен алуан түрлі әдістер арқылы жымдасып жатады, ал қызметкердің капиталиске тәуелділігі басқа біреудің шеберханасында жалданып жұмыс істеуден бастап, «қожайын» үшін жұмысты үйде істеумен жалғасып, шикізат сатып алу немесе өнім өткізу жағынан тәуелді болумен барып аяқталатын толып жатқан формалар мен сарынға айналады. Тәуелді

---

рі», III, 42-бет, VII, 914-бет; Смирнов, l. с., 59-бет; Григорьев, l. с., 106 және келесі беттер; Анненский, l. с., 61-бет; «Нижегород жинағы», II том, 223—239-беттер; «Есептер мен зерттеулер», II, 243-бет; III, 151. Содан соң «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 109-бет, мұнда зерттеуші Харизоменов мырза өзінің көшірі — жібек тоқитын бір адаммен сөйлескен сөзін баяндайды. Бұл тоқымашы шаруалардың «қоңырқай» тұрмысына, олардың қажетсіну дәрежесінің төмен болуына, олардың сана-сезімдерінің кемдігіне және басқаларға аяусыз және қатал наразылық білдірді, сөзін: «Эх, жаратқан ием, адам не үшін өмір сүреді екен!» — деп аяқтапты. Орыс шаруасы өзінің кедей екенін сезе тұрып кедейлене түсетіні ертеден байқалған болатын. Капиталистік мануфактураның (фабрика жөнінде сөз етпейақ қоялық) мастеровойы туралы мынаны айтуға тура келеді: *бұл жағынан* шаруаға қарағанда ол өте бай адам.

жұмысшылар бұқарасымен қатар мануфактурада азды-көпті едәуір quasi-дербес өндірушілер әрқашан болып отырады. Тәуелділік формаларының бұл ала-құлалығы мануфактураның негізгі белгісін, атап айтқанда, бұл арада еңбек өкілдері мен капитал өкілдерінің арасында жікке бөлінудің қазірдің өзінде-ақ мейлінше күшті аңғарылып отырғанын көрсететін белгіні бүркемелейді. Біздегі мануфактураның аса ірі орталықтарында бұл жікке бөліну шаруалардың азат етілуі қарсаңында-ақ бірнеше ұрпақтардың сабақтастығы арқылы орныққан болатын. Жоғарыда қаралған «кәсіпшіліктердің» барлығынан да біз дәулетті таптан шыққан адамдарға тәуелді болып, жұмыс істеуден басқа ешқандай күнкөріс қаржысы жоқ халық бұқарасын, ал екінші жағынан, сол аудандағы өндірістің барлығын дерлік (белгілі бір формада) өздерінің қолдарында ұстап отырған ауқатты ат төбеліндей өнеркәсіпшілерді көрдік. Осы негізгі фактінің өзі біздің мануфактураға өткен сатысына қарағанда өте айқын капиталистік сипат беріп отыр. Капиталға тәуелділік пен жалданып жұмыс істеу ол сатыда да болған, бірақ онда бұл әлі ешқандай берік формаға еніп қалыптаспаған еді, өнеркәсіпшілер бұқарасын, халық бұқарасын қамти қоймаған болатын, өндіріске қатысушы адамдардың әр түрлі топтарының арасында жік туғыза қоймаған-ды. Өндірістің өзі де алдыңғы сатыдағы ұсақ мөлшерін сақтап қалды — қожайын мен жұмысшының арасындағы айырмашылық оншама үлкен емес-ті, ірі капиталистер (мануфактураны үнемі басқарып отырған) жоқ деуге болатын, жеке жұмыс түрлерін ғана атқаратын және сол арқылы осы уақ-түйек жұмыстарды бір өндіріс механизміне біріктіріп отыратын капиталға байлап-маталған детальшы жұмысшылар да жоқ еді.

Біз жоғарыда келтірген мәліметтердің бұл сипаттамасын айқын дәлелдеген бір қарт жазушы, міне, былай дейді: «Орыстың бай село деп аталатын, мәселен, Павлово селосындағы сияқты, Кимры селосында да халықтың тең жартысы — өте кедей, тек садақа сұраумен ғана күн көреді... Егер қызметкер ауырып қалса және ол

жалғызілікті болса, оның келесі аптада бір тілім нансыз қалуы әбден мүмкін» *.

Сонымен 60-жылдардың өзінде-ақ біздің мануфактураның экономикасындағы негізгі белгі: толып жатқан «атақты» «селолардың» «байлығы» және «майдагерлердің» орасан зор көпшілігінің әбден пролетариатқа айналуы арасындағы қарама-қарсылық толық байқалған болатын. Осы белгіге байланысты жағдай мынадай — мануфактураға мейлінше тән қызметкерлер (атап айтқанда, егіншіліктен мүлдем немесе мүлдем дерлік қол үзген мастеровойлар) капитализмнің өткен сатысына емес, оның алдағы сатысына бейім тұрады, олар шаруадан гөрі машиналы ірі индустриядағы қызметкерлерге жақынырақ. Майдагерлердің мәдени дәрежесі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер мұны толық дәлелдейді. Бірақ мұндай баға мануфактурадағы жұмысшы адамдардың бәріне бірдей үйлесімді келе бермейді. Толып жатқан ұсақ кәсіпорындар мен ұсақ қожайынсымақтардың сақталуы, егіншілікпен байланыстың сақталуы және жұмысты үйге алып істеудің өте кең өріс алуы,— міне, осының барлығы мануфактурадағы көптеген «майдагерлердің» әлі де болса шаруаларға бейім тұруына, ұсақ қожайынсымаққа айналуды аңсап, болашаққа емес, өткенге бүйрегі бұруына ** әкеп соғып отыр, олар әлі де болса дербес қожайынға айналудың мүмкіндігі туралы *** (жұмысқа мейлінше күш салу арқылы, үнемшілдік және ептілік арқылы) түрлі жалған үміттермен алданып отыр. Владимир губерниясының «майдагерлік кәсіпшіліктерін» зерттеген адамның осы ұсақ буржуазиялық жалған үміттерге берген өте әділ бағасы мынандай:

---

* *Н. Овсянников.* «Поволжьенің жоғарғы бөлігінің Нижегород жәрмеңкесіне қатынасы». «Нижегород жинағындағы» мақала, II том, (Н.-Н. 1869). Автор Кимры селосы туралы 1865 жылгы мәліметтерге сүйенген. Бұл жазушы жәрмеңкеге қатысқан кәсіпшіліктердегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды сипаттай отырып, жермеңкеге шолу жасайды.

** Олардың халықшыл-идеологтарының бүйрегі қалай бұрса, бұлардың да бүйрегі солай бұрады.

*** Жеке әрекет жасауға әуес (В. Короленконың «Павлово очерктеріндегі» Дужкин сияқты) бірлі-жарым адамдардың мануфактура кезеңінде бұл сияқты дербес қожайынға айналуы әлі де болса мүмкін, бірақ, әрине, детальшы кедей жұмысшылар бұқарасы үшін бұл мүмкін емес.

«Ірі өнеркәсіптің ұсақ өнеркәсіпті түбегейлі жеңіп шығуы, толып жатқан үй ішіндік шеберхана бөлмелерінде бытырап жүрген қызметкерлерді жібек тоқитын бір фабрика қабырғасында жинап біріктіру — тек уақыт қана шешетін мәселе, ал бұл жеңіс неғұрлым тезірек келсе, тоқымашылар үшін соғұрлым жақсырақ болады.

Жібек өнеркәсібінің қазіргі құрылысы экономикалық категориялардың тұрақсыздығымен және олардың көмескілігімен, ірі өндірістің ұсақ өндіріске және егіншілікке қарсы күресімен сипатталады. Бұл күрес қожайынсымақ пен тоқымашыға еш-бір пайда келтірмейді, қайта оларды егіншіліктен ажыратып, қарыздар етеді, ал тоқырау кезінде бүкіл ауыртпалығын солардың мойындарына артады, сөйтіп оларды алапат абыржушылыққа салады. Өндірістің шоғырлануы тоқымашының жалақысын төмендетпейді, бірақ ол жұмысшыларды алдап, олардың басын айналдыруды, оларға жылдық табысына сай келмейтін несиелер беріп қызықтыруды керек етпейтін болады. Өзара бәсекенің әлсіреуіне байланысты фабриканттар тоқымашыны қарызбен шырмап тастау үшін көп ақша жұмсауға ынталы болмай қалады. Оның үстіне ірі өндірістің фабрикант пен қызметкерлердің мүдделерін, біреудің байлығы мен екінші біреулерінің кедейлігін өте айқын түрде қарсы қоятындығы соншалық, тоқымашыда фабрикант болуға деген ынта тууы мүмкін емес. Ұсақ өндіріс тоқымашыға ірі өндірістен тиімді болмайды, бірақ ұсақ өндіріс ірі өндіріс сияқты тұрақты емес, сондықтан ол жұмысшыны әлдеқайда терең азғындатады. Майдагер-тоқымашының көзіне қайдағы бір жалған перспективалар елестейді, ол өзіне *меншікті станды* іске қосуға мүмкіндік беретін жағдайдың туар шағын күтумен болады. Бұл мұратына жетуге ол барлық күш-жігерін салады, борышқа батады, ұрлық істейді, өтірік айтады, өзімен бірдей бақытсыз жолдас-серіктерін дос санамай, қас санайды, оларды қайдағы бір болашақтағы сорлы станына бәсекелес адамдар деп есептейді. Қожайынсымақ экономика жағынан өзінің бейшара екенін түсінбейді, алыпсатарлар мен фабриканттардың алдында жарамсақтанады, қай жерден, қандай шарттармен шикізат сатып алып, фабрикат өткізетінін жолдастарынан жасырады. Өзім дербес қожайынсымақпын деп ойлап, ол өз еркімен ірі саудагерлердің қолшоқпарына, олардың қолындағы ойыншыққа айналады. Батқан балшығынан шықпай жатып-ақ, 3—4 станды іске қосады да, ол қожайынның жағдайының ауырлығы жайында, тоқымашылардың жалқаулығы мен маскүнемдігі жайында, фабриканттың берген қарыздарының жоғалып кетпеуін қамтамасыз етудің қажеттігі жайында айта бастайды. Бағзы бір ескі заманда бас қызметшісі мен кілтші крепостниктік құлдықтың қандай жанды бейнесі болса, қожайынсымақ та өнеркәсіптегі құлдықтың кең тараған принципі болды. Өндіріс құралдары өндірушіден толық бөлініп болмаған және өндірушінің дербес қожайын болуына мүмкіндік болып тұрған кезде алыпсатар мен тоқымашының арасындағы экономикалық түпсіз терең айыр-

машылықты фабриканттар біріктіріп отырған кезде, ұсақ қожайындар мен заглодалар төменгі экономикалық категорияларды басқарып және оларды қанай отырып, өздері де жоғарғы экономикалық категориялардың қанауына ұшырайды, міне, осы кезде қызметкерлердің қоғамдық санасы көмескіленіп, олардың ой-пікірлері алдамшы үміттермен азғындайды. Ынтымақ орнауға тиісті жерлерде бәсеке туады, ал шын мәнісінде бір-бірімен жау экономикалық топтардың мүдделері бірігіп кетеді. Жібек өндірісінің қазіргі ұйымдасу тәртібі тек экономикалық жағынан қанаумен ғана шектелмей, қанаушылардың ішінен де өзіне агенттер тауып, оларға қызметкерлердің сапа-сезімін көмескілеп, ниетін аздыру жұмысын жүктеп отыр» («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III кітап, 124—126-беттер).

## VI. МАНУФАКТУРАДАҒЫ САУДА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП КАПИТАЛЫ. «АЛЫПСАТАР» ЖӘНЕ «ФАБРИКАНТ»

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден капитализм дамуының бұл сатысында капиталистік ірі шеберханалармен қатар толып жатқан ұсақ кәсіпорындардың болатынын үнемі кездестіріп отырамыз; бұл ұсақ кәсіпорындар сан жағынан әдетте басым болады, алайда жалпы өндіріс сомасы жөнінен олар түгелдей бағыныншты роль атқарады. Мануфактура тұсында ұсақ кәсіпорындардың бұлайша сақталуы (тіпті, жоғарыда көргеніміздей, дамуы) мүлдем табиғи құбылыс. Қол еңбегі өндірісі кезінде ірі кәсіпорындардың ұсақ кәсіпорындардан артықшылығы онша күшті болмайды; еңбек бөлінісі жұмыстың ең қарапайым түрлерін туғыза отырып, ұсақ шеберханалардың пайда болуын жеңілдетеді. Сондықтан ұсақ кәсіпорындар санының едәуір көп болуымен қатар біршама ірі кәсіпорындар санының мейлінше аз болуы — капиталистік мануфактураға *тән құбылыс*. Бұлардың екеуінің арасында қандай бір байланыс бар ма? Жоғарыда талданған мәліметтер бұлардың арасында өте тығыз байланыс бар екеніне, ірі кәсіпорындардың нақ осы ұсақ кәсіпорындардан өсіп шығатынына, ұсақ кәсіпорындар кейде мануфактураның тек сыртқы бөлімдері ғана болып табылатынына, өте көпшілік жағдайларда бұлардың бірімен бірінің арасын сауда капиталы байланыстырып отыратынына, ал сауда капиталы ірі қожайындардың иелігінде болып, өзіне ұсақ қожайындарды бағыныншты ұстайтынына күмән

қалдырмайды. Ірі шеберхананың қожайыны шикізатты көп мөлшерде сатып алып, өндірілген бұйымдарды өткізіп отыруға *тиіс;* оның сауда айналымы неғұрлым көп болса, товарды сатып алуға және сатуға, оны сұрыптауға, сақтауға және т. т. (өнім өлшеміне) жұмсалатын шығындар азая түседі, сөйтіп материалды ұсақ қожайынсымақтарға бөлшектеп қайтадан сату, ұсақ қожайынсымақтардың шығарған бұйымдарын сатып алу басталады, бұл бұйымдарды мануфактурашы өз бұйымы ретінде қайтадан сатады *. Егер шикізатты сату мен бұйымдарды сатып алу ісіне кіріптар ету мен өсімқорлық келіп қосылатын болса (көбінесе осылай болып та отыр), егер ұсақ қожайын материалды қарызға алып, бұйымдарын сол қарызы үшін өткізетін болса, онда ірі мануфактурашы өзінің капиталынан өте көп пайда түсіреді, ал жалдама жұмысшылардан ол еш уақытта да мұншама пайда түсіре алмаған болар еді. Еңбек бөлінісі ұсақ қожайындардың ірі қожайындарға мұндай тәуелділік қатынастарының дамуына тағы да түрткі болады: ірі қожайындар материалды үйде өңдеу үшін (немесе жұмыстың белгілі бір түрін орындау үшін) не таратып береді, не «майдагерлерден» өнімнің белгілі бір бөлігін, өнімнің ерекше сорттарын және т. т. сатып алады. Қысқасы, *сауда капиталы мен өнеркәсіп капиталының арасындағы барынша тығыз және ажыратылмастай байланыс* — мануфактураға мейлінше тән ерекшеліктердің бірі. Мұнда «алыпсатар» әрқашан мануфактурашымен (азды-көпті ірі деген шеберхананың барлығын «фабрика» қатарына қосып, теріс қолданылып жүр-

---

* Жоғарыда айтылғандарға қоса тағы бір мысал келтірейік. Москва губерниясының мебель жасайтын кәсіпшілігінде (Исаев мырзаның кітабынан алынған 1876 жылдың мәліметі) ең ірі өнеркәсіпшілер — Зениндер, бұлар бағалы мебель жасауды игеріп, «өте шебер қолөнершілердің тұтас ұрпақтарын тәрбиелеп шығарды». Олар 1845 жылы өздерінің ағаш тілетін заводын орнатты (мұнда 1894/95 жылы — өндіріс сомасы 12 мың сом, 14 жұмысшысы және бу двигателі болған). Айта кетелік, бұл кәсіпшілікте барлығы 708 кәсіпорын, 1979 жұмысшы болған, бұл жұмысшылардың 846-сы=42,7% жалдама жұмысшы, ал өндіріс сомасы 459 мың сом болған. 60-жылдардың бас кезінен бастап Зениндер материалды Н.-Новгородтан көтере сатып алатын болған; жұқа тақтайларды вагонымен жүзін 13 сомнан сатып алып, оны ұсақ майдагерлерге 18—20 сомнан сатқан. 7 деревняның (бұларда 116 қызметкер болған) көпшілігі мебельді Зенинге сатып отырады, ал Зениннің Москвада мебель және фанер сақтайтын қоймасы болған, оның айналымы 40 мың сомға дейін жеткен (ол 1874 жылы салынған). Зениндерге 20 шақты жеке-дара жұмысшы істеді.

ген сөзбен айтқанда «фабрикантпен») біте қайнасып кетеді. Сондықтан өте көп жағдайда ірі кәсіпорындардың өндіріс көлемі жөніндегі мәліметтер біздегі «майдагерлік кәсіпшіліктерде» олардың шын мәнісіндегі маңызы қандай екендігі туралы *ешқандай ұғым бере алмайды* *, өйткені мұндай кәсіпорындардың иелері тек өз кәсіпорындарындағы жұмысшылардың еңбегін ғана пайдаланып қоймай, сонымен бірге үйлерінде істейтін толып жатқан жұмысшылардың еңбегін де, тіпті (de facto) толып жатқан quasi-дербес ұсақ қожайынсымақтардың еңбегін де пайдаланады, ал олар бұл қожайынсымақтарға қатынасы жағынан «алыпсатарлар» болып табылады **. Сонымен, «Капиталдың» авторы ашқан сауда капиталының даму дәрежесі өнеркәсіп капиталының даму дәрежесіне кері пропорциялы болады деген заңы [145] орыс мануфактурасы жөніндегі мәліметтерден ерекше айқын көрініп отыр. Шынында да, II параграфта суреттелген барлық кәсіпшіліктерді біз былай деп сипаттай аламыз: олардың арасында ірі шеберханалар неғұрлым аз болса, «сатып алу» да соғұрлым күшті дамиды және бұған керісінше де болады; осы екі жағдайдың екеуінде де үстем болып отырған және «дербес» майдагерді көп ретте жалдама жұмысшының жағдайынан да нашар жағдайға түсіріп отырған капиталдың формасы ғана өзгеріп отырады.

---

* Тексте айтылғанды айқындайтын мынадай бір мысал келтірейік. Орел губерниясының Трубчевск уезіндегі Негин селосында 8 жұмысшы істейтін май шайқайтын завод бар, оның өндіріс сомасы 2 мың сом (1890 жылғы «Көрсеткіш»). Жергілікті май шайқау өндірісінде капиталдың ролінің өте нашар екендігін осы кішкентай завод көрсетсе керек. Бірақ өнеркәсіп капиталының нашар дамуы сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың орасан зор дамығанын білдіреді. Земстволық-статистикалық жинақтан бұл село туралы біз мынаны білеміз: 186 үйден 160 үйді жергілікті завод иесі мүлдем кіріптарлыққа салып отыр, бұл завод иесі, тіпті *олардың барлығының да алымсалығын төлеп, оларға барлық қажетті нәрселерді* қарызға береді (және бұл көптеген жылдар бойына осылай), ал олардың қарыздары үшін төмен бағамен конопля алады. Орел губерниясының шаруалар бұқарасы да нақ осы сияқты кіріптарлыққа түсіп отыр. Осындай жағдайда өнеркәсіп капиталының нашар дамығандығына қуануға бола ма?

** Егер ірі мануфактурашыларды зерттеуден шығарып тастайтын болсақ, (өйткені мұның өзі майдагерлік өнеркәсіп емес, фабрика-завод өнеркәсібі ғой!), ал «алыпсатарларды» «істің шын мәнінде мүлдем басы артық және өнім өткізудің жөнді жолға қойылмауынан ғана туған» (В. В. мырза. «Майдагерлік өнеркәсіп очерктері», 150) құбылыс деп қарайтын болсақ, мұндай «майдагерлік кәсіпшіліктердің» экономикалық жағынан ұйымдастырылуын сипаттаудың қандай болып шығатындығын түсінуге болады!

Ал халықшылдық экономияның негізгі қатесі мынау: ол, бір жағынан, ірі кәсіпорындар мен ұсақ кәсіпорындардың арасындағы, екінші жағынан, сауда капиталы мен өнеркәсіп капиталының арасындағы байланысты елемейді немесе оны бүркемелейді. «Павлов ауданындағы фабрикант алыпсатардың күрделенген түрі ғана»,— дейді Григорьев мырза (l. c., 119-бет). Мұның өзі бір Павлов жөнінде емес, сонымен қатар капиталистік мануфактура типінде ұйымдастырылған кәсіпшіліктердің көпшілігі жөнінде дұрыс айтылған сөз; мұның керісінше — мануфактурадағы алыпсатар «фабриканттың» күрделенген түрі деген қағида да дұрыс; оның бер жағында, мануфактурадағы алыпсатардың ұсақ шаруалар кәсіпшіліктеріндегі алыпсатардан елеулі айырмашылықтарының бірі де осында болып отыр. Бірақ «алыпсатар» мен «фабриканттың» арасындағы байланыстың бұл фактісінде ұсақ өнеркәсіпті жақтайтын (Григорьев мырза мен басқа да көптеген халықшылдардың ойлап жүргені сияқты) белгілі бір дәлел бар деп санау алдын ала көздеген идеяны растау үшін фактіні зорлықпен бұрмалап, мүлдем үстірт қорытынды жасау деген сөз. Сауда капиталының өнеркәсіп капиталына қосылуы тікелей өндірушілердің жағдайын жалдама жұмысшының жағдайынан да орасан зор дәрежеде нашарлатып, оның жұмыс күнін ұзартатынын, оның табысын азайтып, экономикалық және мәдени дамуын тежейтінін, жоғарыда көргеніміздей, толып жатқан мәліметтер дәлелдеп отыр.

### VII. ҮЙДЕ ІСТЕЛЕТІН КАПИТАЛИСТІК ЖҰМЫС — МАНУФАКТУРАНЫҢ ШЫЛАУЫ

Үйде істелетін капиталистік жұмыс,— яғни кәсіпкерлерден алынған материалды кесімді ақыға өз үйлерінде өңдеп ұқсату,— осының алдындағы тарауда айтылғандай, ұсақ шаруа кәсіпшіліктерінде де кездеседі. Біз төменде оның фабрикамен де, яғни машиналы ірі индустриямен де қатар (және кең мөлшерде) кездесіп отыратынын көреміз. Сонымен, үйде істелетін капиталистік жұмыс капитализмнің өнеркәсіптегі барлық даму сатыларында кездесіп отырады, бірақ бұл атап айтқанда мануфактураға мейлінше тән болады. Ұсақ шаруа кәсіп-

шіліктері де, машиналы ірі индустрия да үйге жұмыс бермей-ақ еш қиындықсыз жұмыс істей алады. Ал капитализм дамуының мануфактуралық кезеңінде,— оған тән қызметкердің егіншілікпен байланысы сақталып отырғанда, ірі кәсіпорындар көптеген ұсақ кәсіпорындардың қоршауында болып отырғанда,— жұмысты үйде істеуге таратып бермеу қиын, тіпті мүмкін емес деуге де болады *. Расында, капиталистік мануфактура типінде құрылған кәсіпшіліктерде жұмысты үйде істеуге таратып берудің өте-мөте кең өріс алып отырғанын, біздің көргеніміздей, орыс мәліметтері де дәлелдеп отыр. Міне, сондықтан біз, төменде келтірілген мысалдардың кейбіреуі тікелей мануфактураға қатысты алынбағанымен, үйде істелетін капиталистік жұмысқа тән ерекшеліктерді нақ осы тарауда қарауды өте дұрыс деп санаймыз.

Ең алдымен жұмысты үйде істеу кезінде капиталистер мен қызметкерлердің арасында делдалдардың көп болатынына тоқтала кетелік. Ірі кәсіпкер кейде әр селоларда бытырап жүрген жүздеген, мыңдаған жұмысшыларға материалды өзі таратып бере алмайды; материалдарды котерө алып, бөлшектеп таратып беріп отыратын делдалдардың (кейбір жағдайларда тіпті делдалдар иерархиясы) болуы қажет. Бұдан нағыз sweating system, жұмысшының терін сығып алу жүйесі, неғұрлым аяусыз қанау жүйесі келіп шығады: қызметкерге жақын араласып жүрген «шеберше» (немесе «үйде шеберхана бөлмесін ұстаушы», немесе шілтер кәсіпшілігіндегі «саудагер әйел», т. с. және т. т.) қызметкердің тіпті мұқтаждыққа ұшыраған ерекше жағдайын да пайдалана біледі, ол қанаудың ірі кәсіпорындарында болуы мүмкін емес, ешбір бақылау жасап, тексеруге келмейтін тәсілдерін іздестіріп тауып отырады **.

* Батыс Европада да, жұртқа мәлім, капитализмнің мануфактуралық кезеңі үйде жұмыс істеудің, мысалы, тоқыма кәсіпшіліктерінде кең дамуымен ерекше болды. Айта кететін нәрсе мынау — Маркс сағат өндірісін мануфактураның тамаша мысалы ретінде сипаттай келіп, мануфактураның өзінде сағат циферблатының, пружинасының және қорабының өте сирек жасалатынын, жалпы алғанда детальшы жұмысшының көбінесе үйлерінде істейтінін көрсеткен болатын («Das Kapital», 1, 2-te Aufl., S. 353—354) [146].

** Сондықтан, айта кетейік, фабрика нақ осы сияқты делдалдарға қарсы, мәселен, өз тарапынан қолқанатшы жұмысшылар жалдап, зат-

Sweating system-мен қатар, тегі, бұл жүйенің бір формасы ретінде truck-system-ді, ақыны азық-түлік арқылы төлеу жүйесін алу керек, бұл жүйеге фабрикаларда жол берілмейді, ал майдагерлік кәсіпшіліктерде, әсіресе жұмысты үйге таратып беру кезінде бұл жүйе өте-мөте кең өріс алып отыр. Жоғарыда, жеке кәсіпшіліктер суреттелген кезде осы бір көп таралған құбылыс жөнінде мысалдар келтірілген болатын.

Содан соң, үйде істелетін капиталистік жұмыс — жұмыстың өте-мөте антигигиеналық жағдайда істелуімен сөзсіз байланысты болады. Қызметкер мүлдем қайыршылыққа ұшырауы, жұмыс жағдайларын белгілі бір ережелер бойынша тәртіпке салудың ешбір мүмкіншілігі болмауы, тұрғын үй мен жұмыс істейтін үйдің бір болуы,— осының бәрі үйлерінде істейтін жұмысшылардың пәтеріп санитарлық жағынан ластықтың, кәсіптік аурулардың ұясына айналдыратын жағдайлар. Ірі кәсіпорындарда мұндай құбылыстарға қарсы күрес жүргізуге мүмкіндік бар, ал үйде жұмыс істеу бұл жөнінде капиталистік қанаудың ең «ымырашыл» түрі болып табылады.

Сондай-ақ, жұмыс күнінің шектен тыс ұзақ болуы да капиталистер үшін үйде істелетін жұмысқа және жалпы алғанда ұсақ кәсіпшіліктерге тән қасиеттердің бірі. Жоғарыда «фабрикалар» мен «майдагерлердегі» жұмыс күнінің ұзақтығы салыстырып көрсетілген біраз мысалдар келтірілген болатын.

Жұмыс үйде істелген кезде әйелдер мен өте жас балалар өндіріске барлық уақытта дерлік қатыстырылып отырады. Мысал үшін Москва губерниясындағы әйелдер жұмыс істейтін кәсіпшіліктерден бірсыпыра мәліметтер келтірейік. Қағаз тарқату ісінде 10 004 әйел істейді;

---

ты «даналап» өндіретін жұмысшыларға қарсы күрес жүргізеді. Салыстырыңыз: Кобеляцкий. «Фабриканттарға және басқаларға арналған анықтама кітап». СПБ. 1897, 24 және келесі беттер. Жұмысты үйге таратып беру кезінде делдалдардың майдагерлерді шексіз қанайтынын дәлелдейтін фактілер майдагерлік кәсіпшіліктер жөніндегі әдебиеттердің барлығында да толып жатыр. Мысал үшін Корсактың жалпы пікірін, l. c., 258-бет, «майдагерлік» тоқымашылықтың (жоғарыда цитат келтірілген) суреттемесін, Москва губерниясындағы әйелдер жұмыс істейтін кәсіпшіліктердің суреттемесін («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI және VII томдар) және басқаларды көрсете кетейік.

балалар 5—6 жасынан (!) жұмыс істей бастайды, олардың күндік табысы — 10 тиын, жылдық табысы — 17 сом. Әйелдер жұмыс істейтін кәсіпшіліктерде жұмыс күнінің ұзақтығы жалпы алғанда 18 сағатқа созылады. Тоқыма кәсіпшілігінде балалар 6 жастан бастап жұмыс істейді, олардың күндік табысы — 10 тиын, жылдық табысы — 22 сом. Әйелдер жұмыс істейтін кәсіпшіліктер жөніндегі қорытындылар: жұмысшы әйелдер 37 514; 5—6 жасынан жұмыс істей бастайды (19 кәсіпшіліктің 6 кәсіпшілігінде осылай, ал осы 6 кәсіпшілікте 32 400 жұмысшы әйел істейді); олардың күндік орташа табысы — 13 тиын, жылдық табысы — 26 сом 20 тиын *.

Үйде істелетін капиталистік жұмыстың өте зиянды жақтарының бірі — ол қызметкердің қажетсіну дәрежесін төмендетуге әкеп соғады. Кәсіпкер жұмысшыларды халықтың тұрмыс дәрежесі өте төмен және егіншілікпен байланысты болуы себепті оларды тегінге дерлік жалдануға мәжбүр ететін меңіреу түкпірлерден таңдап жалдауға мүмкіндік алады. Мәселен, деревнядағы шұлық тоқитын кәсіпорынның иесі былай деп түсіндіреді: Москвада пәтер үй қымбат, оның үстіне шебер әйелдерді «ақ нанмен асырау керек... Ал бізде олар жұмысты үйлерінде істеп, қара нан жейді... Сонда Москва бізбен қалай тартысады?» **. Қағаз тарқату кәсіпшілігінде жалақының өте арзан болуының себебі мынада: шаруалардың әйелдері, қыздары және т. т. үшін мұның өзі тек көлденең табыс болып саналады. «Сонымен, бұл өндірістің қазіргі жүйесі тек осы өндірістен алатын табысымен ғана күнелтетін адамдардың жалақысын адам айтқысыз азайтады, фабрикада еңбек етумен ғана күнелтіп отырған адамдардың жалақысын қажетсіну дәрежесінің minimum-ынан да төмендетіп жібереді, немесе қажетсіну дәрежесінің артуына кедергі жасайды. Мұның қайсысы болса да өте қолайсыз жағдай туғыза-

* Әйелдер жұмыс істейтін кәсіпшіліктерді суреттеп жазған Горбунова дейтін ханым күндік табыс 18 тиын, жылдық табыс 37 сом 77 тиын деп қате есептеген, әрбір жеке кәсіпшіліктегі жұмысшы әйелдердің санының әр түрлі екендігін ескермей, ол тек әрбір кәсіпшілік жөніндегі орташа мәліметтерге ғана сүйенген [147].

** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, II кітап, 104-бет.

ды» *. «Фабрика арзанға жалданатын тоқымашы іздейді,— дейді Харизоменов мырза,— ол мұндай тоқымашыны сол адамның туып-өскен деревнясынан, өнеркәсіп орталықтарынан алыс жерлерден табады... Жалақының өнеркәсіп орталықтарынан бастап жергілікті жерлерге қарай төмендей беретіні — күмәнсыз факт» **. Демек, кәсіпкерлер халықты деревняларда әдейі іркіп ұстап отыратын жағдайларды өте шебер пайдалана біледі.

Үйде істейтін жұмысшылардың бытыраңқылығы — бұл жүйенің мейлінше зиянды жақтарының бірі. Істің бұл жағына алыпсатарлардың өздері берген мынадай бір айқын сипаттама бар: «Бұлардың» (Тверьдегі темір ұсталарынан шеге алып тұратын ұсақ және ірі алыпсатарлардың) «қай-қайсысының да жұмыстары бір негізде құрылған — шеге алғанда ақысын ішінара ақшалай, ішінара темірлей төлейді және оларды *тез көндіру үшін* әрдайым үйлерінде темір ұсталары болады» ***. Бұл сөздер біздегі «майдагерлік» өнеркәсіптің «өмірге икемділігінің» сырын айқын көрсетіп тұр!

Үйінде істейтін жұмысшылардың бытыраңқылығы және делдалдардың көптігі өзінен-өзі кіріптарлықты күшейтеді, адамның жеке басы тәуелді болуының талай формаларын тудырады, бұл әдетте алыс түкпірлерде жатқан деревнялардағы «патриархтық» қарым-қатынастармен ұштасып отырады. Жұмысшылардың қожайындарына қарыздар болуы — жалпы «майдагерлік» кәсіпшіліктерде, соның ішінде жұмысты үйге беріп істетуде ең көп таралған құбылыс****. Қызметкер әдетте Lohnsklave *****, ғана емес, сонымен бірге ол Schuldskla-

---

* Ibidem, 285-бет.

** «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 63. Салыстырыңыз: ibidem, 250.

*** «Есептер мен зерттеулер», I, 218. Салыстырыңыз: ibid., 280: фабрикант Иродовтың: маған жұмысты қолмен тоқушыларға таратып беріп, үйде істеткен пайдалы деген сөзі.

**** Москва губерниясындағы щетка жасайтын кәсіпшіліктегі («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, I кітап, 32-бет), тарақ (ibid., 261), ойыншық (VI, II кітап, 44), әшекей тастар және т. т., т. с. жасайтын кәсіпшіліктердегі жұмысшылардың қожайындарға қарыздар болуы жөніндегі мысалдар. Жібек тоқитын кәсіпшілікте тоқымашы фабрикантқа қай жағынан да қарыздар, фабрикант тоқымашы үшін алым-салық төлейді, ал жалпы «жерді арендаға алғаны сияқты, тоқымашыны да арендаға алып отырады», т. т. («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 51—55).

***** — жалдама құл. *Ред.*

ve *. Деревнядағы қарым-қатынастардың «патриархтығы» жұмысшыны қандай жағдайға ұшырататыны жөнінде жоғарыда кейбір мысалдар келтірілген болатын **.

Үйде істелетін капиталистік жұмысқа сипаттама беруден оның таралу шарттарына көше отырып, ең алдымен бұл жүйенің шаруалардың үлесті жерге маталумен байланысын атап өту қажет. Қоныс аударуға еріктің болмауы, жерден құтылу үшін кейде ақшалай шығын шығарудың қажеттігі (атап айтқанда, жер үшін беретін төлем жерден алынатын кірістен асып кеткен кезде, үлесті жерді арендаға беруші адам арендаторға қосымша ақша төлейді), шаруалар қауымының сословиелік томаға-тұйықтығы — осының бәрі үйде істелетін капиталистік жұмыстың қолданылу саласын әдейі кеңейтіп, шаруаны қанаудың осы сияқты ең нашар формасына әдейі байлап-матап отырады. Сонымен, ескірген мекемелер және сословиелікпен әбден біте қайнасып жымдасып кеткен аграрлық тәртіптер егіншілікке де, өнеркәсіпке де өте зиянды әсер етіп отыр, бұлар кіріптарлықтың және адамның жеке басының тәуелді болуының аса күшті өріс алуына, еңбекшілердің аса ауыр және аса дәрменсіз жағдайына байланысты болған өндірістің техника жағынан мешеу қалған формаларын сақтап қалып отыр ***.

Содан соң, капиталистер үшін үйде істелетін жұмыстың шаруалардың жіктелуімен байланысты екені де күмәнсыз. Үйге жұмыс алып істеудің кең өріс алуы үшін екі шарт болуы керек: 1) өзінің жұмыс күшін сатуға, сатқанда арзан бағамен сатуға *тиісті* аса көп село пролетариаты болу керек; 2) жұмысты таратып берген

* — қарыздар құл. *Ред.*

** «Әрине,— деп жазылған Нижегород губерниясының темір ұсталары туралы,— мұнда да қожайын жұмысшының еңбегін қанайды, бірақ мұнда аз мөлшерде қанайды (?), оның үстіне бұл ешқандай жанжалсыз ортақ келісіммен (!), патриархтық жолмен істелетін сияқты» («Майдагерлік комиссияның еңбектері», IV, 199).

*** Әрине, капиталистік қоғамның қай-қайсысында да өте кіріптарлық шартпен үйге жұмыс алуға келісетін село пролетариаты әрқашан да болады; бірақ ескірген мекемелер үйге жұмыс алып істеудің өрісін кеңейтеді, оған қарсы күрес жүргізуді қиындата түседі. 1861 жылдың өзінде-ақ Корсак үйге жұмыс алып істеудің орасан зор өріс алуы біздегі аграрлық тәртіптермен байланысты екенін көрсеткен болатын (l. c., 305—307).

кезде агенттер ролін атқара алатын, жергілікті жағдайлармен жақсы таныс *ауқатты* шаруалардың болуы керек. Саудагер жіберген приказчик бұл міндетті әрдайым ойдағыдай (әсіресе азды-көпті күрделі кәсіпшіліктерде) атқара алмайды және бұл міндетті әрдайым «өзіміздің ағайын», жергілікті шаруа сияқты «артистерше» орындай қоюы екі талай *. Ірі кәсіпкерлер егер қарамағында ұсақ кәсіпкерлердің тұтас бір үлкен тобы болмаса, өздерінің үйде істету үшін жұмыс таратып беру жөніндегі міндетінің, мүмкін, жартысын да орындай алмаған болар еді, олар бұл ұсақ кәсіпкерлерге сеніп товарларын қарызға береді немесе комиссияға өткізе салады, ал ұсақ кәсіпкерлер өздерінің шағын сауда операциясын кеңейту үшін әрбір қолайлы жағдайды пайдаланып қалуға барынша тырысады.

Ақырында, үйде істелетін капиталистік жұмыстың капитализм туғызып отырған артық халық жөніндегі теорияда қандай маңыз алатынын көрсетудің ерекше мәні бар. Орыс капитализмінің жұмысшыларды «азат етуі» туралы В. В., Н.— он мырзалар мен өзге халықшылдардан көп әңгіме еткен ешкім жоқ, алайда Россияда реформадан кейінгі дәуірде құрылған және қазір де құрылып жатқан жұмысшылардың «резерв армиясының» нақты формаларына олардың ешқайсысы да талдау жасап бас қатырған емес. Үйде істейтін жұмысшылар капитализмнің біздегі «резерв армиясының» ең ірі бөлігі деуге болатын қарапайым нәрсені халықшылдардың ешқайсысы да елеген жоқ **. Жұмысты үйде істеуге тара-

* Ірі өнеркәсіпші қожайындардың, алыпсатарлардың, үй ішіндік шеберхана ұстаушылардың және шебершелердің сонымен қатар ауқатты егіншілер екенін жоғарыда көрдік. Мәселен, Москва губерниясының оқа тоқу өндірісінің жайы туралы мәліметтерде («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, II кітап, 147-бет) былай деп жазылған: «Өзінің тоқымашысы қандай шаруа болса, шеберше де дәл сондай шаруа, айырмасы тек мынада ғана: оның тоқымашыға қарағанда артық үйі, аты, сиыры бар және үй ішімен отырып күніне екі рет шай ішуіне мүмкіншілігі де болуы мүмкін».

** Халықшылдардың көпшілігі Маркстің теориясына сүйенгісі келеді, сондықтан да олардың бұл қатесі одан сайын сорақы болып отыр. Маркс «қазіргі замандағы үйге жұмыс алып істеудің» капиталистік сипаты бар екенін мейлінше батыл атап көрсеткен болатын және *үйде істейтін бұл жұмысшылар халықтың капитализмге тән относительді артылып қалуы формаларының бірі екенін айрықша көрсеткен еді.* («Das Kapital», I², S. S. 503 u. ff.; 668 u ff ; 23-тарау. Әсіресе § 4) [148].

тып беру арқылы кәсіпкерлер шеберханалар және т. т. салуға көп капитал және көп уақыт жұмсамай-ақ, өндіріс көлемін тілегенінше дереу арттыруға мүмкіндік алады. Ал өндірістің қандай бір ірі саласының (мәселен, темір жол құрылысы) жандануы салдарынан немесе соғыс және т. с. жағдайлардың салдарынан сұраным күшейген кезде өндірістің бұл сияқты дереу ұлғаюын көбінесе рынок жағдайлары туғызады *. Сондықтан біз II тарауда сипаттаған миллиондаған ауыл шаруашылық пролетариатының құрылу процесінің екінші жағы, айта кетуіміз керек, реформадан кейінгі дәуірде үйде істелетін капиталистік жұмыстың орасан кең дамығандығы болып табылады. «Өз семьясымен көршілес базардың азын-аулақ тұтынушыларын қамтыған, үй шаруашылығынан, шын мәпісінде, натуралдық шаруашылықтан босаған жұмыс қолдары қайда кетті? Бұған жұмысшылармен лық толған фабрикалар, *ірі үй ішіндік өндірістің тез ұлғаюы* айқын жауап береді» («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 20. Курсив біздікі). Қазіргі кезде Россияда өнеркәсіптегі кәсіпкерлер үшін үйлерінде істейтін жұмысшылар санының қаншалықты көп екендігі келесі параграфта келтірілетін цифрлардан көрінеді.

### VIII. «МАЙДАГЕРЛІК» ӨНЕРКӘСІП ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Алдыңғы екі тарауда негізінен бізде «майдагерлік» деп аталып жүрген өнеркәсіпті зерттеумен шұғылдандық; енді тақырыпша етіп алынған сұраққа жауап беріп көрейік.

---

* Кішкентай бір мысал. Москва губерниясында киім тігу кәсіпшілігі өте кең таралған (1870 жылдардың аяқ шенінде земство статистикасы бүкіл губернияда киім тігетін жергілікті 1123 тігінші және шеттен 4291 тігінші болды деп есептеген), оның бер жағында тігіншілердің көпшілігі даяр киіммен сауда жасайтын Москва саудагерлеріне істейді. Киім тігу кәсіпшілігінің орталығы — Звенигород уезінің Перхушев болысы (Перхушев тігіншілері жөніндегі мәліметтерді V тарауға жазылған I қосымшадан қараңыз, № 36 кәсіпшілік). Перхушев тігіншілерінің жұмысы, әсіресе 1877 жылғы соғыс кезінде жақсы жанданды. Ерекше мердігерлердің заказы бойынша әскери палаткалар жұмыс істеді, сойтіп 3 тігін машинасы және күндікші 10 әйел тігіншісі бар шебер әйелдер мұнан күніне 5—6 сом «пайда» келтіріп отырды. Күндікші әйелдерге күніне 20 тиыннан ақы төледі. «Осы қарбалас кезеңде Шадринода (Перхушев болысының басты селосы) төңіректегі әр селолардан келген 300-ден астам күндікші әйел тұрды деседі» («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VI том, II кітап, 1. с., 256). «Осы кезде Перхушевтегі тігін-

Өнеркәсіптің жоғарыда талдау жасалған формаларының, атап айтқанда, қайсысы әдебиетте «майдагерлік кәсіпшіліктердің» жалпы санына жатқызылып жүргенін анықтау үшін алдымен кейбір статистикалық мәліметтерден басталық.

Москва статистиктері өздерінің шаруалар «кәсіпшіліктерін» зерттеулерінің аяғында егіншілік емес кәсіп *атаулының барлық түрлеріне* қорытынды жасады. Жергілікті (товар жасап шығаратын) кәсіпшіліктерде 141 329 адам бар деп есептеді (VII том, III кітап), бірақ олардың бұл есебіне қолөнершілер де (етікшілер мен әйнекшілердің бір бөлігі және басқалар да), ағаш кесушілер де, т. т. кірген. Бұлардың кем дегенде 87 мыңы (жеке кәсіпшіліктерді біздің есептеуіміз бойынша) капиталистер жалдаған үйлерінде істейтін жұмысшылар болып табылады *. Біз мәліметтерін жинақтауға мүмкін болған 54 кәсіпшіліктегі 29 446 жұмысшыдан 17 566 жұмысшы, яғни 59,65 проценті жалдамалар. Владимир губерниясы бойынша («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері» деген кітаптың бес басылымы бойынша) мынадай қорытынды жасадық: 31 кәсіпшіліктегі барлық қызметкерлердің саны 18 286; одан үйде істелетін капиталистік жұмыс басым кәсіпшіліктерде істейтіндері 15 447 (соның ішінде жалдама жұмысшылар, яғни, басқаша айтқанда, екінші қатарда тұрған жалданушылар 5504). Мұнан соң селолық қолөнершілер 150 (бұлардың 45-і жалдама) және 2689 ұсақ товар өндірушілер (бұлардың 511-і жалдама) бар. Капиталистік жолмен жұмыс істеушілердің жалпы саны (15 447+ +45+511=) 16 003 адам, яғни 87,5% **. Кострома

---

шілер, шеберхана иелері табысты көп тапқаны соншалық, олардың барлығы дерлік тұрмыстарын өте жақсартып алған» (ibid.). Мүмкін, 5—10 жылда бір рет қызу жұмыспен айналысатын осы жүздеген күндікші әйел пролетариаттың резерв армиясының қатарында әрқашан дайын тұруға тиіс болар.

* Ескерте кетейік, Харизоменов мырза (жоғарыда цитат келтірілген мақала) Москва губерниясындағы 42 кәсіпшілікте істейтін 102 245 қызметкердің 66 проценті ірі өндірістің үйде жұмыс істеу жүйесі сөзсіз үстем болып отырған кәсіпшіліктерде істейді деп есептеді.

** Амал не, Ярославль губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп туралы ең соңғы жаңа еңбекпен («Майдагерлік кәсіпшіліктер». Ярославль губерниялық земствосы статистика бюросының басылымы. Ярославль, 1904) танысуға мүмкіндігіміз болмай отыр. «Русские Ведомостидегі» (1904, № 248) егжей-тегжейлі рецензияға қарағанда, бұл — өте құнды зерттеу. Губернияда 18 000 майдагер бар (1903 ж.

губерниясында («Майдагерлік комиссияның еңбектеріндегі» Тилло мырзаның кестелері негізінде) 83 633 жергілікті өнеркәсіпші бар, оның ішінде 19 701 адам ағаш өндірісіндегі жұмысшылар (бұлар да «майдагерлер!»), 29 564 адам капиталистерге үйлерінде жұмыс істейді; ұсақ товар өндірушілер басым кәсіпшіліктерде 19 954-ке жуық адам істейді және селолық қолөнершілер 14 414-ке жуық адам *. Вятка губерниясының 9 уезінде (бұл да сол «Еңбектер» бойынша) 60 019 жергілікті өнеркәсіпші бар; оның ішінде 9 672 адам диірменшілер мен май шайқаушылар; 2032 адам — таза қолөнершілер (мата бояушылар); 14 928 адам ішінара қолөнерші, ішінара товар өндіруші, бұлар негізінен дербес еңбектенеді; 14 424 адам капиталға ішінара бағынышты кәсіпшіліктерде; 14 875 адам — капиталға толық бағынышты кәсіпшіліктерде; 4088 адам — негізінен жалдама еңбек қолданылатын кәсіпшіліктерде істейді *. «Еңбектердің» мәліметтері бойынша, басқа губерниялар жөнінде біз ұйымдастырылуы туралы біркелкі толық мәліметтері бар кәсіпшіліктердің кестесін жасадық. Сонда 107 957 қызметкері бар, өндіріс сомасы 21 151 мың сом 97 кәсіпшілік болды. Оның ішінде жалдама еңбек пен үйде істелетін капиталистік жұмыс басым кәсіпшіліктерде — 70 204 қызметкер (өндіріс сомасы 18 621 мың сом); жалдама жұмысшылар мен капиталистер үшін үйлерінде істейтін жұмысшылар аз кәсіпшіліктерде — 26 935 қызметкер (өндіріс сомасы 1706 мың сом); және, ақырында, дербес еңбек толық дерлік қолданылатын кәсіпшіліктерде — 10 818 қызметкер (өндіріс сомасы 824 мың сом) істейді. Нижегород губерниясының Горбатов және Семенов уездеріндегі 7 кәсіпшілік туралы земстволық-статистикалық материалдардың мәліметтері бо-

---

фабрика-завод жұмысшылары 33 898 адам болған). Кәсіпшіліктер құлдырап барады. Кәсіпорындардың 1/5-інде ғана жалдама жұмысшылар бар. Барлық майдагерлердің 1/4-і — жалдама жұмысшылар. 5 және одан да көп жұмысшылары бар кәсіпорындарда істейтін майдагерлер барлық майдагерлердің 15 проценті болады. Барлық майдагерлердің дәл тең жартысы қожайындардан материал алып, солар үшін жұмыс істейді. Егіншілік төмендеп барады; майдагерлердің 1/6-інде ат та, сиыр да жоқ; 1/3-і жерді адам жалдап өңдетеді; 1/5-інде егіс жоқ. Майдагердің табысы — аптасына 1 1/2 сом! *(2-басылуына ескерту.)*

* Бұлардың бәрі де шамамен алынған цифрлар, өйткені деректемелерде нақты мәліметтер келтірілмеген. Село қолөнершілерінің ішінде диірменшілер, темір ұсталары және т. с. бар.

йынша, бұларда 16 303 майдагер бар, оның ішінен 4614 адам базар үшін істейді; 8520 адам — «қожайындар» үшін істейді және 3169 адам жалдама қызметкер; яғни капиталистік жолмен 11 689 адам жұмыс істейді. 1894/95 жылғы Пермь майдагерлер санағының деректері бойынша 26 мың майдагердің 6,5 мыңы (25%) жалдама жұмысшы және 5,2 мыңы (20%) алыпсатарларға жұмыс істеген, яғни капиталистік жолмен жұмыс істеушілер 45% *.

Бұл мәліметтер соншалықты толық болмаса да (біздің қолымызда басқа мәліметтер болған жоқ), олар қалай дегенмен де, жалпы және тұтас алғанда, *капиталистік жолмен жұмыс істейтін толып жатқан жұмысшылардың* да «майдагерлер» қатарына еніп кетіп жүргенін көрсетеді. Мәселен, капиталистер үшін үйлерінде жұмыс істейтіндердің саны (жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша) *200 мың адамнан асады.* Мұның өзі не бары 50—60 уезд бойынша ғана келтірілген мәліметтер, оның үстіне бұл уездердің бәрі бірдей оншалықты толық зерттелмеген. Бүкіл Россияда мұндай жұмысшылардың саны, сірә, екі миллиондай болуы керек **. Ал бұларға «майдагерлердегі» жалдама жұмыс-

* Қараңыз: «Этюдтер», 181—182-беттер. Мұнда қолөнершілер де (25%) «майдагерлер» санатына қосылған. Қолөнершілерді шығарып тастағанда, жалдама жұмысшылар 29,3%, алыпсатарларға жұмыс істейтіндер 29,5% (122-бет), яғни капиталистік жолмен жұмыс істеушілер 58,8%. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 435—437 және 358-беттер. *Ред.)*

** Мәселен, даяр киім шығаратын индустрияда үйде істелетін капиталистік жұмыс ерекше дамып отыр, ал бұл индустрия шапшаң дамып келеді. «Даяр киім сияқты тұрмысқа бірінші кезекте қажет бұйымдарға деген сұраным жылдан-жылға өсіп барады» («Вестник Финансов», 1897, № 52, Нижегород жәрмеңкесіне шолу). Бұл өндіріс тек 80-жылдардан ғана орасан зор көлемде дами бастады. Қазіргі кезде бір ғана Москваның өзі кем дегенде 16 миллион сомның даяр киімдерін шығарып отыр, бұл өндірісте 20 мыңдай жұмысшы істейді. Бүкіл Россияда бұл өндіріс 100 миллион сомға жетеді деуге болады. («Сарапшы комиссиялардың шолулары бойынша орыс өнеркәсібінің табыстары». СПБ. 1897, 136—137-беттер). 1890 жылғы санақ (XI топ, 116—118-бөлімдер) С.-Петербургте даяр киім шығаратын өндірісте 39 912 адам бар деп есептеген, бұған өнеркәсіпшілердің семьялары да кіреді, соның ішінде 19 мың жұмысшы, семьясымен қоса 13 мың жеке-дара майдагер бар («С.-Петербург 1890 жылғы 15 декабрьдегі санақ бойынша»). 1897 жылғы санақ бойынша Россиядағы киім өндірісінде барлығы 1 158 865 адам жұмыс істейді деп есептелген, оның үстіне олардың семья мүшелері 1 621 511 адам; барлығы 2 780 376 адам. *(2-басылуына ескерту).*

*(«(2-басылуына ескерту)»* деген белгі ескертудің «1897 жылғы санақ бойынша...» деген сөздерден басталатын соңғы сөйлеміне ғана қатысты; ескертудің қалған бөлігі бірінші басылуында да бар. *Ред.)*

шыларды қоссақ,— бізде кей кезде ойлап жүргендей, мұндай жалдама жұмысшылардың саны тіпті де аз емес, бұл жоғарыда келтірілген мәліметтерден де көрінді,— онда «фабрикалар мен заводтар» деп аталатындардан тыс капиталистік жолмен жұмыс істеп жүрген өнеркәсіпші жұмысшылар 2 миллион деген цифр өте төмен алынған цифр деп тануымыз керек *.

«Майдагерлік өнеркәсіп дегеніміз не?» деген сұраққа соңғы екі тарауда баяндалған мәліметтер былай деп жауап беруге мәжбүр етеді: бұл — ғылыми зерттеуге мүлдем жарамсыз ұғым, әдетте үй кәсіпшіліктері мен қолөнерінен бастап, өте ірі мануфактуралардағы жалдама жұмысқа дейінгі өнеркәсіптің алуан түрлі формаларының барлығы да осы ұғымға таңылып жүр **. Экономикалық құрылыстың өте әр алуан типтерін бұлайша араластырып жіберу «майдагерлік кәсіпшіліктер» *** суреттелетін еңбектердің көпшілігінде басым болып отыр, бұл шатасушылықты халықшыл-экономистер ешбір сын тұрғысынан қарамастан және ешбір мағына берместен қабыл алды, бұлар, мәселен, Корсак сияқты жазушымен салыстырғанда, орасан зор кері қарай қадам жасады, сөйтіп мейлінше сөкет теориялар ойлап шығару үшін ұғымдарда үстем болып отырған ша-

---

* Ескерте кетейік: Россиядағы «майдагерлердің» саны 4 миллион адамнан кем емес деп есептеледі (Харизоменов мырза келтірген цифр. Андреев мырза 7½ миллион адам дейді, бірақ оның тәсілдері тым еркінірек кеткен) [149]; демек, тексте келтірілген қорытынды мәліметтер «майдагерлердің» жалпы санының $^1/_{10}$-іне жуығын қамтиды.

** Салыстырыңыз: «Этюдтер», 179 және келесі беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 433 және келесі беттер. *Ред.)*

*** Өнеркәсіптің формаларын ғылыми жолмен анықтау үшін «майдагерлік» деген терминді сақтап қалу ниеті біздің әдебиетімізде бұл «майдагерлікке» таза схоластикалық пайымдау жасап, анықтама беруге әкеп соғып жүр. Бір оқымысты майдагерлер деп тек товар өндірушілерді ғана «ұққан», екінші бір оқымысты бұған қолөнершілерді де қосқан; бір оқымысты майдагерліктің қажетті белгісі жермен байланысты болуы деп санаса, екінші біреуі бұлай болу қажет емес деп санаған; бір оқымысты жалдама еңбек болмауға тиіс десе, екінші біреуі, мәселен, 16 жұмысшыға дейін болу шарт деген, т. т., т. с. Мұндай пайымдаулардан (өнеркәсіптің әр алуан формаларын зерттеудің орнына) ешқандай нәтиже шықпайтыны өзінен-өзі түсінікті. Айта кетейік, «майдагерлік» деген ерекше терминнің сірі жанды болып отырған себебі ең алдымен орыс қоғамының сословиелілігіне байланысты: «майдагер» дегеніміз төменгі сословиелерден шыққан өнеркәсіпші, оны қорғауға да болады және ол жөнінде, қысылып-қымтырылмай, қияли жобалар жасауға да болады; мұндай жағдайда өнеркәсіптің формалары ажыратылмайды. Ал көпес пен дворянды (бұлар ұсақ өнеркәсіпшілер болса да) «майдагерлер» қатарына қосу өте сирек кездеседі. «Майдагерлік» кәсіпшіліктер дегеніміз әдетте барлық *шаруа* атаулының, тек қана шаруалардың кәсіпшіліктері.

тасушылықты пайдаланды. Олар «майдагерлік өнеркәсіпті» экономикалық жағынан бір тектес, өзіне-өзі тең сияқты нәрсе деп қарады, сөйтіп оны «капитализмге» *қарсы қойды* (sic!), ал капитализм деп олар, мәселенің басқа жағына көңіл бөлместен, тек «фабрика-завод» өнеркәсібін ғана түсінді. Мысалы, Н.— он мырзаны алыңыз. «Очерктердің» 79-бетінен сіз — «кәсіпшіліктердің капиталдануы» (?) * деген тақырыпты, ал одан соң турадан-тура, ешбір ескерту немесе түсінік берілмеген «фабрика мен заводтар туралы мәліметтер» дегенді оқисыз. Көріп отырсыздар, қарапайымдылығына адам қызығарлық: «капитализм» = «фабрика-завод өнеркәсібі», ал фабрика-завод өнеркәсібі = ресми баспасөзде осы тақырып арқылы не айтылатын болса, соған тең тәрізді көрінеді. Ал осыншама терең «талдау» *негізінде* «майдагерлердің» санына қосылып жүрген, капиталистік жолмен жұмыс істейтін жұмысшылар бұқарасы капитализм есебінен шығарылып тасталады. Осындай «талдау» *негізінде* Россиядағы өнеркәсіптің сан алуан формалары жөніндегі мәселе мүлдем қозғаусыз қалып отыр. Осындай «талдау» *негізінде* біздің «майдагерлік» және «фабрика-завод» өнеркәсібіміздің бір-біріне қарама-қарсылығы туралы, екіншісінің біріншісінен қол үзгендігі туралы, «фабрика-завод» өнеркәсібінің «жасандылығы» туралы және т. с. барып тұрған сорақы және зиянды жалған нанымдар қалыптасып отыр. Бұл — нағыз жалған нанымдар, өйткені өнеркәсіптің барлық салаларында «майдагерлік» өнеркәсіп пен «фабрика-завод» өнеркәсібінің арасында барынша тығыз, барынша мықты байланыстың бар екенін көрсететін мәліметтерге ешкім еш уақытта тіпті қолының ұшын тигізуге де әрекеттенген жоқ.

* В. В. және Н.— он мырзалар жақсы көретін «капиталдану» деген терминді қысқаша жазу үшін газет мақалаларында ғана қолдануға болады, бірақ барлық мақсаты — капитализмнің әр алуан формалары мен сатыларын, олардың маңызын, бір-бірімен байланысын, олардың бірте-бірте дамуын талдау болып отырған экономикалық зерттеуде бұл терминді қолдану мүлдем орынсыз. «Капиталдану» деп не болса соны: бір «қызметкерді» жалдауды да, бір нәрсені сатып алуды да, бу машинасы бар фабриканы да айтуға болады. Егер осының бәрі де бір жерге үйіліп тасталған болса, мұнан не түсінуге болады!

Бұл тараудың міндеті: осы байланыстың дәл неде екенін және Россияда ұсақ өнеркәсіп пен машиналы ірі индустрияның арасында тұрған өнеркәсіп формасы техниканың, экономиканың және мәдениеттің, атап айтқанда, қандай ерекше белгілері болып табылатынын көрсету еді.

parel", wie in den meisten übrigen Gewerken, die Umwälzung der Manufaktur, des Handwerks und der Hausarbeit in Fabrikbetrieb, nachdem alle jene Formen, unter dem Einfluss der grossen Industrie gänzlich verändert, zersetzt, entstellt, bereits längst alle Ungeheuerlichkeiten des Fabriksystems ohne seine positiven Entwicklungsmomente reproducirt und selbst übertrieben hatten [275]. „gegenwärtig" N.B.

Diese naturwüchsig vorgehende industrielle Revolution wird künstlich beschleunigt durch die Ausdehnung der Fabrikgesetze auf alle Industriezweige, worin Weiber, junge Personen und Kinder arbeiten. Die zwangsmässige Regulation des Arbeitstags nach Länge, Pausen, Anfangs- und Endpunkt, das System der Ablösung für Kinder, der Ausschluss aller Kinder unter einem gewissen Alter u. s. w. ernöthigen einerseits vermehrte Maschinerie [276] und Ersatz von Muskeln durch Dampf als Triebkraft [277]. Andrerseits, um im Raum zu gewinnen, was in der Zeit verloren geht, findet Streckung der gemeinschaftlich vernutzten Produktionsmittel statt, der Oefen, Baulichkeiten u. s. w., also in einem Wort grössre Koncentration der Produktionsmittel und entsprechende grössre Konglomeration von Arbeitern. Der leidenschaftlich wiederholte Haupteinwand jeder mit dem Fabrikgesetz bedrohten Manufaktur ist in der That die Nothwendigkeit

---

[275]) „Tendency to factory system." (l. c. p. LXVII.) „The whole employment is at this time in a state of transition, and is undergoing the same change as that effected in the lace trade, weaving etc." (l. c. n. 405.) „A complete Revolution." (l. c. p. XLVI, n. 318.) Zur Zeit der „Child. Empl. Comm." von 1840 war die Strumpfwirkerei noch Handarbeit. Seit 1846 wurde verschiedenartige Maschinerie eingeführt, jetzt durch Dampf getrieben. Die Gesammtzahl der in der englischen Strumpfwirkerei beschäftigten Personen beiderlei Geschlechts und aller Altersstufen vom 3. Jahr an betrug 1862 ungefähr 120,000 Personen. Davon, nach Parliamentary Return vom 11. Februar, 1862 doch nur 4063 unter der Botmässigkeit des Fabrikakts.

[276]) So z. B. in der Töpferei berichtet die Firma Cochrane von der „Britain Pottery, Glasgow": „To keep up our quantity, we have gone extensively into machines wrought by unskilled labour, and every day convinces us that we can produce a greater quantity than by the old method." („Reports of Insp. of Fact. 31. Oct. 1865", p. 13.) „Die Wirkung des Fabrikakts ist zu weiterer Einführung von Maschinerie zu treiben." (l. c. p. 13, 14.)

[277]) So nach Einführung des Fabrikakts in die Töpferei grosse Zunahme der power jiggers statt der handmoved jiggers.

32*

К. Маркстің «Капиталының» бірінші томының екінші басылуының (1872 ж.) В. И. Ленин белгі соққан 499-беті.

VII ТАРАУ

# МАШИНАЛЫ ІРІ ИНДУСТРИЯНЫҢ ДАМУЫ

## I. ФАБРИКА ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ҰҒЫМ ЖӘНЕ «ФАБРИКА-ЗАВОД» СТАТИСТИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ[150]

Машиналы (фабрикалы) ірі өнеркәсіпке көшерде, ең алдымен бұл туралы ғылыми ұғымның осы терминнің қарапайым, жұрт аузында жүрген мағынасына мүлдем сәйкес келмейтіндігін ашып көрсету қажет. Бізде ресми статистикада және жалпы әдебиетте әрбір азды-көпті едәуір жалдама жұмысшылары бар ірілі-ұсақты өнеркәсіп кәсіпорындарының бәрін фабрика деп түсінеді. Ал Маркс теориясы машиналы (фабрикалы) ірі индустрия деп капитализмнің өнеркәсіптегі белгілі бір сатысын, атап айтқанда ең жоғары сатысын атайды. Өндіріске машиналар жүйесін қолдану — осы сатының негізгі және анағұрлым маңызды белгісі болады *. Мануфактурадан фабрикаға көшу шебердің ғасырлар бойы еңбектеніп үйренген қолөнерін жоятын техникалық төңкеріс болып табылады, ал бұл техникалық төңкерістен кейін қоғамдық өндірістік қатынастардың үзілді-кесілді қирауы, өндіріске қатысушылардың түрліше топтарының араларында біржолата жікке бөлінушілік, дәстүрден бүтіндей қол үзушілік, капитализмнің барлық қараңғы қапас жақтарының шиеленісуі және ұлғаюы, сонымен бірге капитализмнің еңбекті жаппай қоғамдастыруы сөзсіз жүзеге асады. Сөйтіп, машиналы ірі индустрия капитализмнің ең соңғы шыңы, оның жаман жақтарының да, «жақсы жақтарының» ** да ең соңғы жеткен жері болып табылады.

* «Das Kapital» I. 13-тарау.
** Ibid., I². S. 499[151].

Мұнан капитализмнің дамуы туралы мәселеде нақ сол мануфактурадан фабрикаға көшудің ерекше күшті маңызы бар екендігі айқын көрінеді. Кімде-кім осы екі сатыны шатастырса, ол адам капитализмнің қайта құрушылық, прогрестік ролін түсіну мүмкіндігінен айрылады. Біздің халықшыл экономистер нақ осы қатеге ұрынып отыр, біздің жоғарыда көргеніміздей, олар аңқаулық жасап, жалпы капитализмді «фабрика-завод» өнеркәсібімен бір деп есептейді, олар «капитализмнің міндеті» туралы, тіпті оның «бірлестірушілік маңызы» * туралы мәселені фабрика-завод статистикасының мәліметтері келтірген жай анықтама арқылы шешкісі келеді. Фабрика-завод статистикасы мәселелері жөнінде бұл жазушылардың адам таңданарлық надандық істегенін (оны біз төменде толық көрсетеміз) сөз етпегеннің өзінде,— олар Маркс теориясын соншалықты үстірт және шолақ ұғынып, мұнан да күштірек қатеге ұрынып отыр. Біріншіден, машиналы ірі индустрияның дамуы туралы мәселені бір ғана фабрика-завод статистикасына әкеліп тіреуі кісі күлерлік пәрсе. Бұл тек статистиканың ғана мәселесі емес, бұл белгілі бір елдің өнеркәсібінде капитализмнің даму барысының формалары мен сатылары туралы мәселе. Тек осы формалардың мәнін және олардың айрықша өзгешеліктерін анықтап алғаннан кейін ғана,— белгілі бір форманың дамуын тиісті дәрежеде өңделген статистикалық мәліметтер арқылы көрсетудің мағынасы бар. Егер отандық статистика мәліметтерімен ғана шектелсе, онда мұның өзі капитализмнің неше алуан формаларын шатастырушылыққа, ағаштардың тасасынан орманды көрмеушілікке апарып соқтырмай қоймайды. Екіншіден, капитализмнің барлық міндетін «фабрика-завод» жұмысшылары санының көбеюіне апарып саю — теорияны нақ Михайловский мырза сияқты терең түсінетіндікті көрсеткендік болады, өйткені Михайловский мырза осы жұрт капитализм еңбекті қоғамдастырады дегенді қайдан шығарып жүр, бірнеше жүз немесе бірнеше мың жұмысшы-

* Н.— он мырзаның «Русское Богатствоның» 1894 жылғы, 6-номеріндегі 103 және 119-беттерінде жазғаны.— Сондай-ақ оның «Очерктерін» және В. В. мырзаның «Капитализмнің тағдыры» деген кітабын қараңыз, passim.

ның бір үйдің ішінде тұрып ағаш тіліп, шауып, кесіп, жонып және т. т. істеп жатқаны сол қоғамдастыру дегеніңіздің өзі емес пе деп бір кезде таңырқаған болатын *.

Бұдан былайғы баяндаудың екі жақты міндеті бар: біріншi жағынан, біз өзіміздің фабрика-завод статистикамыздың жайы туралы мәселені және оның мәліметтерінің жарамдылығы туралы мәселені толық қарастырамыз. Едәуір жері керексіз болып табылатын бұл жұмыс біздің әдебиетімізде осы статистиканың цифрларын турадан-тура орынсыз пайдаланып келгендіктен қажет болып отыр. Екінші жағынан, реформадан кейінгі дәуірде машиналы ірі индустрияның өсуін сипаттайтын мәліметтерді талдаймыз.

### II. БІЗДІҢ ФАБРИКА-ЗАВОД СТАТИСТИКАМЫЗ

Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде шыққан заңның талабына сәйкес жыл сайын фабриканттар мен завод иелерінің сауда және мануфактура департаментіне тапсырып отыратын ведомостары Россияда фабрика-завод статистикасының негізгі материалы саналады **. Бұл заңның фабриканттарға мәлімет тапсырып тұруды жүктеген егжей-тегжейлі тәртібі тек ізгі тілек қана, сөйтіп, фабрика-завод статистикасы губернаторлық есептің жай ғана қосымшасы болып, осы күнге дейін өзінің реформаға дейінгі сол ескі ұйымдық қалпында қалып отыр. «Фабрика және завод» деген ұғымға ешқандай дәлмедәл анықтама берілмеген, сондықтан да губерниялық, тіпті уездік әкімшілік орындары да бұл терминді әрқилы қолданады. Мәліметтерді дұрыс бірыңғай үлгіде жинауға және оны тексеруге басшылық ететіндей ешбір орталық орган жоқ. Өнеркәсіп орындарын түрлі ведомстволарға (тау-кен ведомствосына, сауда және мануфактура департаментіне, төтенше салық департаментіне

* «Отечественные Записки», 1883 ж., № 7; Посторонний мырзаның редакцияға хаты.

** Біздегі фабрика-завод статистикасы материалдарының егжей-тегжейлі жасалған шолуын «Россия империясының статистикалық уақытнамасынан» қараңыз, II серия, 6-кітап, СПБ. 1872. «Европалық Россияның 1868 жылғы ф.-з. өнеркәсібінің статистикасы үшін материалдар». Өңдеген Бок мырза. Кіріспе, I—XXIII беттер.

және т. т.) бөлу бұл былықты бұрынғыдан да гөрі күшейте түседі *.

II қосымшада біз реформадан кейінгі дәуірдегі біздің фабрика-завод өнеркәсібіміз туралы ресми басылымдарда, атап айтқанда 1863—1879 және 1885—1891 жылдардың басылымдарында көрсетілген мәліметтерді келтіреміз. Бұл мәліметтердің акция салынбаған өндірістерге ғана қатысы бар, соның өзінде әр уақыттағы мәліметтерде қамтылған өндірістердің саны әр түрлі (1864—1865, 1885 және одан былайғы жылдардағы мәліметтер неғұрлым толықтау келеді); сондықтан біз 34 өндірісті бөліп шығардық, бұлар туралы 1864—1879 және 1885—1890 жылдардың, яғни 22 жылдың мәліметтері бар. Бұл мәліметтердің қандайлық маңызды екенін айту үшін ең алдымен біздің фабрика-завод статистикамыз жөніндегі маңызды-маңызды басылымдарды қарап өтейік. 60-жылдардан бастайық.

60-жылдардың фабрика-завод статистикасын жасаушылар өздері өңдеген мәліметтердің өте-мөте қанағаттанғысыз екенін жақсы білген. Олардың бірауыздан айтқан пікірі бойынша, жұмысшылардың саны мен өндіріс сомасы фабриканттардың мәліметтерінде едәуір азайтылып көрсетіледі, «түрлі губерниялар үшін фабрика деп және завод деп нені айту керектігі туралы керек десе бірыңғай анықтама да жоқ, өйткені көптеген губернияларда, мәселен, жел диірмендерді, кірпіш күйдіретін сарайларды және ұсақ өнеркәсіп орындарын заводтарға және фабрикаларға қосып есептейді, ал басқалары бұларды есептен шығарып тастайды, сондықтан әр түрлі губерниядағы фабрикалар мен заводтардың жалпы санын салыстырып көрсетудің де ешқандай мәні болмайды**. Бушен, Бок және Тимирязев *** бұдан да гөрі қатал пікірлер айтады, олар фабрика жұмысшыларының санына сонымен бірге үйде істейтін жұмыс-

* Қараңыз: «Этюдтердегі» «Біздегі ф.-з. статистикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақала; мұнда сауда және мануфактура департаментінің біздің ф.-з. өнеркәсібіміз туралы ең жаңа басылымы мұқият талданған. (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, *Ред.)*

** П. Семенов. «Статистикалық уақытнамаға» алғы сөз, I, 1866 ж., XXVII бет.

*** «Фабрикалар мен заводтардың аттары аталған тізімі бар Европалық Россияның фабрика-завод өнеркәсібінің басты-басты салаларының статистикалық атласы», 3 кітап, СПБ, 1869, 1870 және 1873.

шыларды қосатындығын, кейбір фабрикаптардың тек фабриканың өзінде тұратын жұмысшыларды ғана көрсететінін және т. т. ескертеді. «Алғашқы материалдарды жинаудың ең басты түпкі негізі өзгермейінше,— дейді Бушен мырза,— мануфактуралық және заводтық өнеркәсіптің дұрыс ресми статистикасы болған емес және болуы да мүмкін емес» *. «Көптеген өндірістер бойынша фабрикалар мен заводтар кестесіне ешқандай заводтық және фабрикалық сипаты жоқ көптеген бірыңғай қолөнерлік және майдагерлік кәсіпорындары, тегі түсінбестіктен, еніп кетсе керек» **. Осылай болғандықтан «Әржылдық» редакциясы «жұртқа теріс және көрер көзге артық келтірілген цифрларды бермейін деп» тіпті басылып шыққан мәліметтердің өзін қорытудан да бас тартты ***. Осы көрер көзге артық келтірілген мәліметтердің мөлшері жөнінде оқушыға дәл түсінік беру үшін «Әржылдықтың» мәліметтеріне жүгінейік: барлық басқа деректерге қарағанда мұның бір тәуір ерекшелігі сол, онда өндіріс сомасы 1000 сомнан асатын фабрикалар мен заводтардың аттары аталған тізімін береді. Қазіргі уақытта (1885 жылдан бері) өндіріс сомасы мұнан төмен кәсіпорындар фабрикалар санынан шығарылып тасталады. «Әржылдық» бойынша осы ұсақ кәсіпорындарын есептегенде олардың фабрикалардың жалпы санына кіргені 2366, олардағы жұмысшы саны 7327, өндіріс сомасы 987 мың сом. Дегенмен, «Әржылдық» бойынша, 71 өндірісте фабрикалардың саны 6891, олардағы жұмысшылар 342 473, өндіріс сомасы 276 211 мың сом. Демек, ұсақ кәсіпорындар барлық кәсіпорындар санының 34,3 процентін, жұмысшылардың барлық санының 2,1 процентін, барлық өндіріс сомасының 0,3 процентін құрайды. Осындай, ұсақ кәсіпорындарын (орта есеппен бір кәсіпорнына 3 жұмысшыдан сәл ғана көбірек және өндіріс мөлшері 500 сомнан аз) фабрика деп есептеудің өзі сөкет екендігі және бұларды түгелдей тіркеп шығу туралы сөз болуға да тиіс емес екендігі өзінен-өзі түсінікті. Осы сияқты кәсіпорындардың біздің статистикамыз бойынша фабрикалар саны-

* «Финанс министрлігінің Әржылдығы», I, 140-бет.
** Ibid., 306-бет.
*** «Финанс министрлігінің Әржылдығы», I, 306-бет.

на кіріп кеткені былай тұрсын,— тіпті жүздеген майдагерлердің бір «фабрика» деленіп, қалай болса солай жасанды түрде біріктіріле салынған кездері де болған. Мәселен, жаңағы аталған «Әржылдықта», Нижегород губерниясындағы Горбатов уезінің Избылен болысындағы канат өндірісінде «Избылен болысы шаруаларының фабрикасы жұмыс істейді, оның 929 жұмысшысы, 308 иіргіш доңғалақтары бар; өндіріс сомасы 100 400 сом» деп көрсетеді (149-бет); немесе сол уездің Ворсма селосында «граф Шереметевтің уақытша-міндеткер шаруаларының фабрикасы бар; темір соғатын ұста дүкендері — 100, верстактар (үйлерінде) — 250, атпен айналдыратын қайрағыш доңғалақтар — 3, қолмен айналдыратыны — 20; жұмысшылары — 902; өндіріс сомасы — 6 610 сом» (281-бет). Мұндай статистиканың нақты шындық жағдай туралы қандай түсінік беретіндігін осыдан-ақ аңғаруға болады! *

60-жылдардағы фабрика-завод статистикасы жөніндегі деректемелердің ішінде «Әскери-статистикалық жинақ» (IV кітап. Россия. СПБ. 1871 ж.) ерекше орын алады. Бұл жинақ тау-кен және акцизді заводтар мен фабрикаларды қамти отырып, Россия империясының барлық заводтары мен фабрикалары туралы мәліметтер келтіреді, сөйтіп 1866 жылы Европалық Россияда артық-кемі жоқ 70 631 фабрика, 829 573 жұмысшы болғанын және олардың өндіріс сомасы 583 317 мың сом екенін көрсетеді!! Бұл адам күлерлік оғаш цифрлар, бі-

* Фабриканттардың өздерінің мәліметтерінде жұмысшылардың саны мен өндіріс сомасын азайтып көрсетуіне келетін болсақ, бұл жөнінде жоғарыда аталған деректемелер тексерудің көңіл бөлерлік екі түрлі тәжірибесін береді. Тимирязев жүзден аса ірі фабриканттардың ресми статистикаға берген мәліметтерін бұлардың 1865 жылғы көрме үшін тапсырған көрсеткіштерімен салыстырып шыққан. Сонда соңғы цифрлар алғашқы цифрлардан 22 процент артық болған (l. c. I. IV—V беттер). 1868 жылы Орталық статистика комитеті Москва мен Владимир губернияларындағы фабрика-завод өнеркәсібінде тәжірибе ретінде әдейі тексеру жүргізген (1868 жылы осы екі губернияда барлық фабрика-завод жұмысшыларының және Европалық Россияның фабрикалар мен заводтарының барлық өндіріс сомасының тең жартысы дерлігі шоғырланған болатын). Финанс министрлігінің де, Орталық статистика комитетінің де мәліметтерінде келтірілген өндірістерді бөліп шығарғанда, біз мынадай цифрлар аламыз: Финанс министрлігінің мәліметтері бойынша 1749 фабрика, 186 521 жұмысшы, өндіріс сомасы 131 568 мың сом делінген, ал Орталық статистика комитетінің зерттеуі бойынша — 1704 фабрика, 196 315 жұмысшы кәсіп орындарының өздерінде және бұған қоса шетте істейтін 33 485 жұмысшы, ал өндіріс сомасы 137 758 мың сом болған.

ріншіден, олар финанс министрлігінің ведомостарынан алынбай, Орталық статистика комитетінің ерекше мәліметтерінен алынғандықтың арқасында болып отыр (оның үстіне бұл мәліметтер комитет басылымдарының бірде-бірінде жарияланбаған және бұларды кімнің, қашан, қалай жинағаны және қалай өңдегені белгісіз) *; екіншіден, «Әскери-статистикалық жинақты» құрастырушылардың тіпті ұсақ кәсіпорындарын фабрикалар қатарына қосудан титтей де именбегендігінің арқасында болып отыр («Әскери-статистикалық жинақ», 319-бет) және оның үстіне негізгі деректерді басқа материалдармен: сауда және мануфактура департаментінің мәліметтерімен де, интендант қызметінің мәліметтерімен де, артиллерия және теңіз ведомствосының мәліметтерімен де және, ақыр аяғында, «барынша алуан түрлі деректемелерден» алынған мәліметтермен толықтырған (ibid., XXIII бет) **. Сондықтан, қазіргі кездегі мәліметтермен салыстыру үшін «Әскери-статистикалық жинақтың» мәліметтерін пайдалана отырып, Н.— он ***, Карышев **** және Каблуков ***** мырзалар біздегі фабрика-завод статистикасының негізгі деректемелерімен мүлдем таныс емес екендіктерін және бұл статистикаға тіпті де сын көзімен қарамағандықтарын көрсетті.

«Әскери-статистикалық жинақ» цифрларының бүтіндей қате екендігін көрсеткен М. И. Т.-Барановскийдің

---

* Бұл мәліметтердің губернаторлық есептерден жайдан жай алына салуы да әбден мүмкін нәрсе, өйткені оларда фабрикалар мен заводтардың саны әрқашан да тым асыра көрсетіледі, мұны біз төменде көреміз.

** «Әскери-статистикалық жинақтың» фабрика деген ұғымды қандайлық кең түрде қолданғаны мынадан өте айқын көрінеді: ол «Әржылдықтың» статистикасын «біздің *ірі* кәсіп орындарымыздың статистикасы» деп атайды (319-бет, курсив авторлардікі). Ал осы «ірі» кәсіпорындардың ⅓-нің өндіріс сомасы 1000 сомнан кем екендігін біз көрдік!! Біз «Әскери-статистикалық жинақтың» цифрларын фабрика-завод статистикасының қазіргі мәліметтерімен салыстыру үшін пайдалануға болмайтындығының негұрлым толық дәлелдерін айтпай отырмыз, өйткені бұл міндетті Туган-Барановский мырза қазірдің өзінде-ақ орындап шықты (оның «Фабрика және т. т.» деген кітабының 336 және келесі беттерін қараңыз). Салыстырыңыз: «Этюдтер» 271 және 275-беттер. (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, 12--13 және 16-беттер. *Ред.)*

*** «Очерктер», 125-бет және «Русское Богатство», 1894 ж., № 6.

**** «Юридический Вестник», 1889 ж., № 9 және «Орыс халық шаруашылығы жөніндегі материалдар». Москва, 1898 ж.

***** «Ауыл шаруашылық экономиясы жөніндегі лекциялар», Москва, 1897 ж., 13-бет.

баяндамасы бойынша Императорлық Еркін Экономикалық Қоғамда болған жарыс сөздер кезінде кейбіреулер жұмысшылардың саны қате көрсетілген болса, мұндай қате көп емес, 10—15% шамасында деп мәлімдеді. Мәселен, В. В. мырза осылай деді (жарыс сөздер туралы стенографиялық есепті қараңыз. СПБ. 1898, 1-бет). Оған В. Покровский мырза «қосылды», ол да тек дәлелсіз құрғақ сөздер айтумен тынған (3-бет). Біздің фабрика-завод статистикамыздың түрлі деректемелерін сын көзімен қарауға тіпті әрекет те жасамастан, бұл адамдар және оларды жақтаушылар фабрика-завод статистикасының қанағаттанғысыздығы туралы, соңғы кезде оның мәліметтері дәлірек (??) бола бастады-мыс деген және тағы сондай жалпылама сөздермен құтылды. Сонымен, П. Б. Струве өте әділ айтқандай, Н.— он мен Карышев мырзалардың дөрекі қатесі жөніндегі негізгі мәселе *бүркемеленіп* қалды (11-бет). Сондықтан біз «Әскери-статистикалық жинақтың» мәліметтеріндегі асыра көрсетілген цифрларды есептеу артық болмас деп санаймыз, өйткені деректемелерге зейін қойып қараған кез келген адам мұны оңай-ақ байқаған болар еді және байқауға тиісті де еді. 71-өндіріс бойынша 1866 жылда қатар екі мәлімет бар — бірі финанс министрлігінікі де («Финанс министрлігінің Әржылдығы», I), екіншісі қайдан алынғаны белгісіз мәлімет («Әскери-статистикалық жинақ»). «Әскери-статистикалық жинақ» осы өндірістер жөнінде, металлургия өндірістерін қоспағанда, Европалық Россия бойынша фабрика-завод жұмысшыларының санын *50 мың адамға* артық көрсеткен. Одан әрі, «Әржылдықтың» империя бойынша тек беталды, ешбір дерексіз цифрлар бере салған өндірістері жөнінен, ол бұл цифрлардың «көрер көзге артық көрсетілгендігінен» оларды мұқият есептеп тәртіптеуден бас тартты («Әржылдық», 306-бет), «Әскери-статистикалық жинақ» *тағы да артық 95 мың* жұмысшы есептеп шығарды. Кірпіш өндірісі бойынша жұмысшылардың санында *minimum 10 мың адам* артық көрсетілген; бұған көз жеткізу үшін «Әскери-статистикалық жинақтың» әрбір губерния жөніндегі мәліметтерін, сондай-ақ «Финанс министрлігінің ведомствосы бойынша мәліметтер

мен материалдар жинағының» 1866 жылғы 4-номердегі және 1867 жылғы 6-номердегі мәліметтерін салыстырсақ болғаны. «Әскери-статистикалық жинақ» «Әржылдықпен» салыстырғанда металлургия өндірістері бойынша *жұмысшылардың санын 86 мың адамға* артық көрсеткен, сірә, бұған кен орындары жұмысшыларының біразын қосып жіберсе керек. «Әскери-статистикалық жинақтың» акцизді өндірістер бойынша асыра көрсеткені *40 мыңға жуық адам* болып отыр, мұны біз келесі параграфта айтамыз. Барлығы *280 мың адам* артық көрсетілген. Бұл цифрлар *өте аз* әрі толық емес, өйткені «Әскери-статистикалық жинақтың» *барлық* өндірістер жөніндегі мәліметтерін тексеру үшін бізде материал жоқ. Сондықтан Н.— он мен Карышев мырзалардың қатесін онша көп емес дейтін адамдардың бұл мәселеден қаншалықты хабардар екендігін осыған қарап бағалауға болады!

Фабрика-завод статистикасының мәліметтерін жинақтау және өңдеу жөнінде 1870 жылдары істелген жұмыстар 1860 жылдарға қарағанда анағұрлым аз. «Финанс министрлігінің Әржылдығында» 1867—1879 жылдары тек 40 өндіріс (акциз салынбаған) жөнінде ғана мәліметтер басылған (VIII, X және XII кітаптар, II қосымшаны қараңыз), соның өзінде қалған өндірістердің есепке алынбау себебін олардың «ауыл шаруашылық тұрмысымен байланыстылығынан немесе қолөнерлік және майдагерлік кәсіпшіліктерге жататын болғандықтан» бұлар туралы «материалдың өте қанағаттанғысыздығынан» деп дәлелдейді (VIII кітап, 482-бет; тағы да сол, X кітап, 590-бет). 1870 жылдардағы ең құнды дерек П. Орлов мырзаның «Фабрикалар мен заводтар көрсеткіші» деген кітабы (1-басылым, СПБ. 1881 ж., фабриканттардың сауда және мануфактура департаментіне тапсырып отыратын ведомостарынан алынған 1879 жылғы деректер). Бұл басылымда өндіріс сомасы 2 мың сомнан кем емес бүкіл кәсіпорындардың аттары тіркелген тізім бар. Қалған кәсіпорындар әрі ұсақ және майдагерлік кәсіпшіліктерден ажыратып болмайды деп табылып, бұл тізімге енгізілмеген, *бірақ* «Көрсеткіште» келтірілген *қорытынды мәліметтерге енгізілген.* Өйтке-

ні өндіріс сомасы 2 мың сом және одан да көп кәсіпорындар туралы ерекше қорытындылар берілмегендіктен «Көрсеткіштің» жалпы мәліметтерінде, дәл бұрынғы басылымдардағы сияқты, ұсақ кәсіпорындар ірі кәсіпорындармен араласып кеткен, оның үстіне әр түрлі өндірістерде және әр түрлі губернияларда статистикаға енген ұсақ кәсіпорындардың саны (әлбетте, мүлдем кездейсоқ) бірдей болып шықпайды *. Ауыл шаруашылығымен жанастығы бар өндірістер жөнінде «Көрсеткіш» «Әржылдықтың» ескертуін (396-бет) қайталайды, сөйтіп мәліметтердің дәлсіздігі мен толық еместігі салдарынан олардың *«тіпті шамамен алынған* қорытындыларын» (курсив автордікі) анықтаудан да бас тартып отыр **. Алайда, бұл пікір (мұның әділетті пікір екенін төменде көреміз) жаңағы біршама анық мәліметтермен араласып кеткен мүлдем күмәнды мәліметтердің барлығын «Көрсеткіштің» жалпы қорытындысына енгізуге кедергі жасаған жоқ. «Көрсеткіштің» Европалық Россия жөніндегі жалпы мәліметтерін келтірейік, бірақ бұл мәліметтердің, бұрынғылардай емес, акциз салынған өндірістерді де қамтитынын ескертеміз («Көрсеткіштің» 2-басылуы, 1887 ж., 1884 жылғы мәліметтерді береді; 3-басылуы, 1894 ж., 1890 жылғы мәліметтерді береді):

| Жылы | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны |
|---|---|---|---|
| 1879 *** | 27 986 | 1 148 134 | 763 152 |
| 1884 | 27 235 | 1 329 602 | 826 794 |
| 1890 | 21 124 | 1 500 871 | 875 764 |

Фабрикалар санының бұл мәліметтерде келтіріліп отырғандай кеміп кетушілігі мүлде болмағанын біз төменде көрсетеміз; барлық мәселе әр кезде фабрикалар қатарына ұсақ кәсіпорындар санының әр түрлі болып

* Мысалдар келесі параграфта келтіріледі. Ал бұл арада «Көрсеткіштің» 679 және келесі беттеріне сүйенеміз; бұған көз жіберген адамның қай-қайсысы да текстіде айтылғанның дұрыстығына оңай-ақ сенеді.

** «Көрсеткіштің» 3-басылуында (СПБ. 1894 ж.) бұл ескерту қайталанбаған және онысы бекер болған, өйткені мәліметтер сол қанағаттанғысыз күйде қалып қойды.

*** Кейбір жетіспейтін мәліметтер шамамен толықтырылған; «Көрсеткіштің» 695-бетін қараңыз.

қосылуында жатыр. Мәселен, өндіріс сомасы 1000 сомнан асатын кәсіпорындар 1884 ж.— 19 277, ал 1890 ж.— 21 124 деп саналған; өндіріс сомасы 2 мың сом және одан көп кәсіпорындар 1884 ж.— 11 509, ал 1890 ж.— 17 642 деп есептелген *.

Сауда және мануфактура департаменті 1889 жылдан бастап «Россияның фабрика-завод өнеркәсібі туралы мәліметтер жиынтығын» (1885 жылғы және кейінгі жылдарда) өз алдына кітап етіп шығара бастады. Бұл мәліметтер сол баяғы бір материалға (фабриканттардың ведомостарына) негізделген, оның үстіне оларды талдау онша қанағаттанарлық емес, жоғарыда аталған 60-жылдардағы басылымдардың мәліметтерінің өңделу дәрежесінен де нашар. Мұның бір ғана тәуір жері сол — ұсақ кәсіпорындар, яғни өндіріс сомасы 1000 сомнан төмен кәсіпорындар фабрикалар мен заводтардың санынан шығарылып тасталған, сөйтіп осы ұсақ кәсіпорындар туралы мәліметтер өндірістер бойынша жіктелмей, жеке келтірілген **. Әрине, «фабриканы» мұндай белгісіне қарап анықтау мүлдем жеткіліксіз: мәліметтер жинаудың қазіргі тәсілдері жағдайында, өндіріс сомасы 1000 сомнан астам кәсіпорындардың *толық* есепке алынуы туралы сөз болудың өзі мүмкін емес; ауыл шаруашылығымен байланысы бар өндірістерді «фабрикаларға» жатқызу қалай болса солай кездейсоқ істеледі, мәселен, су және жел диірмендер кейбір губернияларда бір жылдары фабрикалар санына қосылады, ал басқаларда қосылмайды *** «Россияның 1885—

* «Көрсеткіштің» 2 және 3-басылуындағы фабрикаларды өндіріс сомасына қарай топтастыруды қараңыз.

** Бұл ұсақ кәсіпорындар туралы мәліметтер тура кездейсоқ нәрсе екендігі өзінен-өзі түсінікті: кейбір губернияларда бір жылдары оларды жүздеп, мыңдап санайды, ал екінші бір губернияларда — ондап, бірен-сарандап есептейді. Мәселен, Бессарабия губерниясында 1887 жылдан 1890 жылға дейін: 1479—272—262—1684, Пенза губерниясында 1885 жылдан 1891 жылға дейін: 4—15—0—1127—1135—2148—2264 және т. т., т. б. деп санаған.

*** «Этюдтердегі» мысалдарды салыстырыңыз. 274-бет. (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, 15—16-беттер. *Ред.)* Т.-Барановский мырза әр кездегі әр түрлі өндірістер бойынша есептелген 1 фабрикаға шаққандағы жұмысшыларының орташа санын салыстыра келіп («Фабрика», 350-бет), 1885 жылдан 1891 жылға дейін (ib., 355-бет) шын мәнісіндегі фабрикалардың саны кеміді деп аздап қателікке ұрынады. «Жиынтықтың» мәліметтері тым шатасып кеткен, сондықтан мұндай қорытындылар жасау үшін, біларды ерекше өңдеп, тәртіпке салмайынша пайдалануға келмейді.

1887 жылдардағы фабрика-завод өнеркәсібінің басты қорытындылары» (осы жылдардағы «Жиынтықтарда» басылған) деген мақаланың құрастырушысы түрлі губерниялар бойынша жиналған мәліметтердің бірыңғай емес екендігін және салыстыруға келмейтіндігін ескермейді де, талай рет қателікке ұрынады. Ақырында, «Жиынтықтардың» сипаттамасына мынаны қосамыз: олар 1891 жылдың аяғына дейін акциз салынбаған өндірістерді ғана қамтиды, ал 1892 жылдан бастап тау-кен және акцизді өндірісті қоса барлық өндірістерді қамтыды; мұнда бұрынғы мәліметтермен салыстыруға боларлықтай мәліметтер өз алдына бөлек берілмеген, ал тау-кен заводтарын фабрикалар мен заводтардың жалпы санына енгізу тәсілдері мүлдем түсіндірілмеген (мәселен, тау-кен заводтары статистикасы тау-кен заводтарының өндіріс құнын еш уақытта да көрсеткен емес, тек өнімнің мөлшерін ғана береді. Ал «Жиынтықтарды» құрастырушылардың өндіріс сомасын қалай анықтағаны белгісіз).

Біздің фабрика-завод өнеркәсібіміз туралы 1880 жылдарға қатысты тағы бір мәліметтер деректемесі бар, мұның өзі сапасының нашарлығы жағынан және Карышев мырзаның нақ осы деректің мәліметтерін пайдаланғандығы себепті көңіл аударуға тұрарлық материал *. Бұл — «Россия бойынша 1884/85 жылғы мәліметтер жинағы» (СПБ. 1887. Орталық статистика комитетінің басылымы), мұндағы кестелердің бірінде «Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі бойынша өндіріс сомасы» көрсетіледі (XXXIX кесте); фабрикалар мен жұмысшылардың саны губернияларға бөлінбей, бүкіл Россия бойынша ғана көрсетілген. Негізгі деректеме — «губернатор мырзалар берген есептердің мәліметтері» (311-бет). Бұл мәліметтер барлық өндірісті, соның ішінде акцизді және тау-кен өндірістерін де қамтиды, сонымен бірге бүкіл Европалық Россиядағы әрбір

* *Н. А. Карышев.* «Россияда өңдеу өнеркәсібінің басты салаларының таралуы жөніндегі статистикалық шолу», «Юридический Вестник», 1889 ж., № 9, сентябрь. Карышев мырзаның «Этюдтерде» біз қарап өткен жаңа еңбегімен қатар, бұл мақала біздің фабрика-завод статистикасының мәліметтерін бұлайша пайдалануға болмайтындықтың үлгісі болып саналады.

өндіріс бойынша бір заводқа шаққандағы өндіріс сомасы мен жұмысшылардың «орташа» саны есептеп шығарылған. Карышев мырза міне осы «орташа» сандарды «талдауға» кіріскен. Олардың маңызы туралы пікір айту үшін «Жинақ» пен «Жиынтықтың» мәліметтерін салыстырайық (бұлай салыстыру үшін бірінші мәліметтен металлургия өндірісін, акцизді, балық және «басқа» өндірістерді шығарып тастау керек; сонда 53 өндіріс қалады; мәліметтер Европалық Россия бойынша алынған):

| Деректемелер | Саны фабрикалар | Саны жұмысшылар | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен |
|---|---|---|---|
| «Россия бойынша мәліметтер жинағы» | 54 179 | 559 476 | 569 705 |
| «Сауда және мануфактура департаментінің жиынтығы» | 14 761 | 499 632 | 672 079 |
| | + 39 418 | + 59 844 | − 102 374 |
| | + 267% | + 11,9% | − 15,2% |

Сонымен, губернаторлық есептер он мыңдаған ұсақ ауыл шаруашылық және майдагерлік кәсіпорындарды «фабрикалар» санына қосып жіберген! Әрине, бұл сияқты кәсіпорындар фабрикалар санына жеке өндірістер бойынша, жеке губерниялар мен уездер бойынша мүлдем кездейсоқ еніп кетіп отырған. «Жинақ»·пен «Жиынтық» бойынша кейбір өндірістердегі заводтар санының мысалы мынадай: тері илейтін завод — 1205 және 259; былғары заводы — 4079 және 2026; жөке-қапшықтар заводы — 562 және 55; крахмал-шырын заводы — 1228 және 184; ұн тартатын завод — 17 765 және 3940; май шайқайтын завод — 9341 және 574; қарамай заводы — 3366 және 328; кірпіш заводы — 5067 және 1488; құмыра және шыны ыдыстар жасайтын завод — 2573 және 147. Егер өзіміздің фабрика-завод өнеркәсібіміздегі «кәсіпорындардың мөлшерін» * «фабрикаларды» осылай есептеуге негізделген «орташа сандар» бойынша

* Карышев мырзаның мақаласының IV параграфы. «Жинақпен» салыстыру үшін «Жиынтықтың» орнына Орлов мырзаның «Көрсеткішін» алуға болатындығын да ескерте кетелік. Карышев мырза да оның 2-басылуынан (1884 жылғы) цитат келтіріп отыр.

анықтайтын болсақ, онда «статистиканың» қандай болып шығатындығын аңғаруға болады! Ал Карышев мырза бір заводқа шаққанда (бүкіл Россия бойынша) жұмысшылардың жоғарыда айтылған «орташа саны» *жүзден асатын* өндірістерді ғана ірі өнеркәсіпке жатқызып, нақ осылай істеп отыр. Бұл сияқты қалыптан тыс әдіске қарағанда: «жоғарыда көрсетілген шамада түсінілетін ірі өнеркәсіп» бүкіл өндіріс сомасының $^1/_4$-ін ғана береді деген қорытынды шығады!! (цитат келтірілген мақаланың 47-беті) *. Іс жүзінде 100 және одан да көп жұмысшысы бар фабрикалар біздің фабрика-завод өнеркәсібіміздің бүкіл өндіріс сомасының жартысынан көбін беретінін біз төменде көрсетеміз.

Реті келгенде ескерте кетелік, жергілікті губерниялық статистика комитеттерінің мәліметтеріне (губернатор есептері үшін берілетін) «фабрика және завод» деген ұғымның әрқашан мүлдем айқын еместігі және ұсақ кәсіпорындарды кездейсоқ тіркей салушылық тән келеді. Мәселен, Смоленск губерниясында 1893/94 жылы бірсыпыра уездер май шайқайтын ондаған ұсақ кәсіпорындарды фабрикалар қатарына қосқан, ал басқалары олардың бірде-бірін қоспаған; жеке уездер бойынша осындай кездейсоқ тіркеудің салдарынан қарамай «заводтары» бұл губернияда 152 деп есептелген (1890 жылғы «Көрсеткіште» бірде-бірі болмаған) және т. т. ** Ярославль губерниясында 90-жылдары жергілікті статистика (жеке уездегі) жүздеген диірмендерді, ұста дүкендерін, картоп өңдейтін ұсақ заводтарды және сондайларды қосып, фабрикалар мен заводтарды (1890

* «Сонымен, соңғының $^3/_4$-ін» (бүкіл жылдық өндірістің) «біршама ұсақ кәсіпорындар беріп отырады. Бұл құбылыстың түп тамыры орыс халық шаруашылығының көптеген елеулі мәні бар элементтерінде болуы мүмкін. Айтар болсақ, бұған *халық бұқарасын жерге орналастыруды*, бізде фабрика-завод жұмысшысының кәсіптік табының өсуіне әлінше кедергі жасап отырған қауымның сірі жандылығын (sic!) жатқызуға болады. Мұнымен бірге біздің фабрикалар мен заводтардың ең басты орналасқан жері болып табылатын Россияның нақ сол (орта) өңірінде *өнімдерді өңдеудің үйде істелетін формасының кеңінен таралуы* да осыған қосылып кетеді (!) (ibid., курсив Карышев мырзанікі). Сорлы «қауым»! Бәрін де, тіпті оны мадақтаушы ғалымдардың статистикалық қателеріне де оның бір өзі жауапты болуға тиіс!

** Д. Жбанков мырзаның «Смоленск губерниясының фабрикалары мен заводтарын санитарлық жағынан зерттеу» деген кітабынан алынған мәліметтер (Смоленск, I кітап, 1894).

жылғы «Көрсеткіштегі» 472-нің орнына) 3376 деп есептеген. *

Біздің фабрика-завод статистикамыз ең соңғы кездерде реформаға ұшырады, онда мәліметтерді жинау программасы өзгерді, «фабрика және завод» деген ұғым озгертілді (оған механикалық двигатель болуы немесе жұмысшылар саны 15-тен кем болмауы тиіс деген жаңа белгі енгізілді), мәліметтерді жинау және тексеру ісінде фабрика инспекциясы қатыстырылатын болды. Мұның егжей-тегжейін білу үшін оқушыны біздің «Этюдтерде» жарияланған жоғарыда аталған мақалаға сілтейміз **, онда жаңа программа бойынша жасалған «фабрикалар мен заводтардың тізбесі» (СПБ. 1897) *** толық талданған және, реформаға қарамастан, біздің фабрика-завод статистикамыздың жақсаруы *мүлдем дерлік елеусіз* болып отырғаны, «Фабрика және завод» деген ұғымның тіпті анықталмай қалғандығы, мәліметтер бұрынғыша басынан аяғына дейін кездейсоқ екендігі және сондықтан да оларды пайдаланғанда аса сақ болуды талап ететіндігі көрсетілген ****. Тек дұрыс, европалық үлгіде ұйымдастырылған, өнеркәсіптік санақ

* «Ярославль губерниясына шолу», II кітап, Ярославль, 1896. Сондай-ақ «Тула губерниясының 1895 жылғы ескерткіш кітапшасын» да салыстырыңыз (Тула, 1895), VI бөлім, 14—15-беттер: «1893 жылғы фабрикалар мен заводтар туралы ведомость».

** Қараңыз: Шығармалар, 4-том. *Ред.*

*** Карышев мырзаның есептеуі бойынша, Европалық Россия жөнінде «Тізбенің» мәліметтерінің жинағы мынадай: фабрика саны 14 578, жұмысшылары 885 555, өндіріс сомасы 1 345 346 мың сом.

**** Сауда және өнеркәсіп министрлігі бастырып шығаратын фабрика инспекторлары есептерінің жиынтықтарында (1901—1903 жылдардағы) фабрикалар мен заводтар саны, сондай-ақ олардағы жұмысшылар саны туралы (Россияның 64 губерниясынан) мәліметтер бар және мұнда фабрикалар мен заводтар жұмысшыларының санына қарап топ-топқа бөлінген (20-ға дейін; 21—50; 51—100; 101—500; 501—1000; 1000-нан астам). Бұл біздің фабрика-завод статистикамыздың алға қарай зор қадам басуы еді. Ірі шеберханалар туралы (21 және одан да көп жұмысшысы бар) мәліметтерге біршама сенуге болатын тәрізді. Жұмысшының саны 20-дан аз «фабрикалар» туралы мәліметтер барынша кездейсоқ және түкке тұрғысыз. Мәселен, Нижегород губерниясында 1903 жылы жұмысшы саны 20-дан кем 266 фабрика болды деп көрсетілген; бұлардағы жұмысшылар — 1975, яғни орта есеппен 8 жұмысшыдан азырақ келеді. Пермь губерниясында осындай 10 фабрика бар, олардағы жұмысшы саны 159! Әлбетте, бұл кісі күлерлік жағдай. 64 губерния бойынша 1903 жылдың қорытындысы мынадай: фабрика саны 15 821, оларда 1 640 406 жұмысшы бар, ал егер жұмысшысы 20-дан кем фабрикалар мен заводтарды шығарып тастасақ, онда 1 576 754 жұмысшысы бар 10 072 фабрика мен завод қалады. *(2-басылуына ескерту).*

қана біздің өнеркәсіптік статистикамызды оның былыққан жағдайынан құтқара алады *.

Біздің фабрика-завод статистикамызға жасалған шолудан оның көп мәліметтерін ерекше өңдеп, тәртіпке салмай тұрып пайдалануға болмайтыны және бұл өңдеудің басты мақсаты біршама жарамды мәліметтерді мүлдем жарамсыздарынан бөліп тастау екені көрініп отыр. Біз келесі параграфта аса маңызды өндірістер туралы мәліметтерді осы тұрғыдан қарастырамыз; ал қазір біз мынадай сұрақ қоямыз: Россияда фабрикалар саны көбейіп келе ме әлде азайып келе ме? Бұл сұрақтың басты қиыншылығы «фабрика» деген ұғымның біздің фабрика-завод статистикамызда мүлдем талғаусыз, қалай болса солай қолданылатынында болып отыр; сондықтан бұл сұраққа кейде фабрика-завод статистикасының мәліметтері бойынша беріліп келген (мәселен, Карышев мырзаның) теріс жауаптардың ешқандай маңызы болмауға тиіс. Ең алдымен «фабрика» деген ұғымның белгілі бір нақты белгісін анықтау қажет,— мұндай шарт болмайынша кәсіпорындар туралы мәліметтер арқылы машиналы ірі индустрияның дамуын көрсету ақылға қонымсыз болар еді, өйткені бұл кәсіпорындардың санына әр түрлі кездерде әр мөлшерде ұсақ диірмендер, май шайқайтын орындар, кірпіш сарайлары және т. с., т. т. еніп келді. Кәсіпорындарда жұмысшылардың саны 16-дан кем болмауын осындай белгі деп алайық, сонда біз Европалық Россияда 1866 жылы мұндай өнеркәсіп орындары maximum 2,5—3 мың, 1879 жылы 4,5 мыңға жуық, 1890 жылы — 6 мыңға жуық, 1894/95 жылы — 6,4 мыңға жуық, 1903 жылы — 9 мың-

* Салыстырыңыз: «Вестник Финансов», 1896 ж., № 35. Нижегород съезінде болған баяндамалар мен жарыс сөздер туралы есептер. Михайловский мырза сұрақ тізбесінің «полицияның ең төменгі қызметшісіне дейін» қолдан-қолға қарай көшіп жүретіндігін, «ақырында, бұл қызметшінің оны, әрине, көңіл бөлуге тұрарлық деп санаған өнеркәсіп орындарына, ал көпшілігінде олардың ішінен өзінің өткен жылы да жіберген кәсіпорындарына ғана қолхатпен табыс ететіндігін»;— осы тізбенің жауаптармен қалай толтырылатынын, оған «өткен жылдағыдай» жазылған — (мұның әділеттігіне көз жеткізу үшін сауда және мануфактура департаментінің кейбір губерниялар бойынша жекелеген өндірістер жөніндегі «Жиынтығын» қараса болғаны) — немесе мүлдем мағынасыз жазылған жауаптар қайтарылатынын және т. т. суреттеп, фабрика-завод статистикасының былыққан жағдайын өте айқын сипаттап берді.

ға жуық болғанын көреміз *. Демек, *Россияда реформадан кейінгі дәуірде фабрикалардың саны өсіп отырған және барынша тез өсіп отырған.*

### III. ІРІ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ-СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАЛДАУ

Ірі өнеркәсіптің дамуы туралы фабрика-завод статистикасының мәліметтері бойынша белгілі бір пікір айту үшін фабрика-завод статистикасындағы біршама жарамды материалды мүлдем жарамсыздарынан бөліп шығару қажет екендігі жоғарыда ескертілген болатын. Осы мақсатпен өңдеуші өнеркәсібіміздің ең басты-басты өндірістерін қарайық.

#### 1) Тоқыма өндірістері

Жүннен бұйым жасайтын өндірістердің бастысы шұға өндірісі, оның өндіріс сомасы 1890 жылы 35 млн. сомнан асты және 45 мың жұмысшысы болды. Бұл өндіріс жөніндегі тарихи-статистикалық мәліметтер онда жұмысшылар санының едәуір кемігенін, атап айтқанда — 1866 жылғы 72 638-ден 1890 жылы 46 740-қа дейін кемігенін көрсетеді **. Бұл құбылысқа баға беру үшін

* Мәліметтердің тау-кен өндірісінен басқа барлық өндірістерге (яғни акцизді өндірісті қоса) қатысы бар. 1879, 1890 және 1894/95 жылдардағы мәліметтерді біз «Көрсеткіштерден» және «Тізбеден» алып есептедік. Бұрын фабрика-завод статистикасында есепке алынбағандықтан баспаханалар «Тізбе» мәліметтерінен шығарылып тасталды (Қараңыз: «Этюдтер», 273-бет). (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, 15-бет. *Ред.)* «Әржылдықтың» 71 өндіріс туралы мәліметі бойынша, 1866 жылы барлық 6891 кәсіпорынның ішінде 16 және одан көп жұмысшысы бар 1861 кәсіпорын болған; 1890 ж. осы 71 өндіріс 16 және одан көп жұмысшысы бар кәсіпорындардың барлық санының $^{4}/_{5}$-ке жуығын берді. «Фабрика» деген ұғым жөнінде өзіміздің алған белгімізді біз неғұрлым дәл деп есептейміз, өйткені 16 және одан көп жұмысшысы бар кәсіпорындардың фабрикалар санына қосылуы біздің фабрика-завод статистикамыздың мейлінше әр алуан программасы үшін және барлық өндірістер үшін ешбір күдік туғызбайды. Фабрика-завод статистикасының 16 және одан да көп жұмысшысы бар *барлық* кәсіпорындарды еш уақытта да түгел есепке ала алмағандығы және әлде де ала алмайтындығы күмәнсыз (VI тараудың II параграфындағы мысалдарды қараңыз), бірақ есепке алынбаушылық бұрын қазіргіден көп болды деп ойлауға біздің ешқандай дәлеліміз жоқ. 1903 жылдың мәліметтері — «Фабрика инспекциясы есептерінің жиынтығынан» алынған мәліметтер. Европалық Россияның 50 губерниясында жұмысшылар саны 20-дан көп 8856 фабрика және завод бар.

** Ерекше ескерту жасалмаған реттердің бәрінде де біз 1866 жыл үшін — «Әржылдықтың» мәліметтерін, 1879 және 1890 жылдар үшін —

1860 жылдардың аяғына дейін шұға өндірісінің ерекше, өзгеше түрде ұйымдасқандығын ескеру керек: ол біршама ірі кәсіпорынға шоғырланған болатын, бірақ оны капиталистік фабрикалық индустрияға жатқызуға тіпті де болмайтын, өйткені крепостной шаруалардың немесе уақытша міндеткер шаруалардың еңбегіне негізделгенді. Сондықтан сіз 60-жылдардағы «фабрика-завод» өнеркәсібінің шолуларынан шұға фабрикаларының 1) помещиктік немесе дворяндық және 2) көпестік деп бөлінгенін кездестіресіз. Алдыңғылары көпшілігінде әскери киімге арналған шұға өндірді және де қазына заказдары фабрикаларға аппараттарының санына қарай тең бөлініп отырды. Міндеткерлік еңбек осы сияқты кәсіпорындардың техника жағынан артта қалуына және ерікті жалдама еңбекке негізделген көпестік фабрикалармен салыстырғанда бұларда жұмысшыларды өлшеусіз көп пайдалануына себепші болды *. Шұға өндірісінде жұмысшылар санының ойсырап кемуі негізінен помещиктік губернияларда болып отыр; мәселен, помещиктік 13 губернияда («Мануфактура өнеркәсібіне шолуда» аттары аталған) жұмысшылардың саны 32 921-ден 14 539-ға дейін азайған (1866 және 1890 жылдар), ал көпестік 5 губернияда (Москва, Гродно, Лифляндия, Чернигов және С.-Петербург губернияларында) 31 291-ден 28 257-ге дейін кеміген. Бұдан мынау айқын болып отыр: біз мұнда бір-біріне қарама-қарсы екі ағымды кездестіріп отырмыз, алайда мұның екеуі де капитализмнің дамуын, атап айтқанда, бір жағынан, вотчиналық-маусымдық сипаттағы помещиктік кәсіпорындардың кері кетуін, екінші жағынан, көпестік кәсіпорындардан таза капиталистік фабрикалардың өсіп жетілуін көрсетеді. 60-жылдардағы шұға өндірісінде жұмысшы-

---

«Көрсеткіштердің» мәліметтерін аламыз.— «Тарихи-статистикалық шолу» (II том) 1855 жылдан 1879 жылға дейінгі шұға өндірісі туралы жыл сайынғы мәліметтерді береді; 1855—1859 жылдан 1875—1879 жылға дейін бес жыл сайынғы жұмысшылардың орташа саны мынадай: 107 433; 96 131; 92 117; 87 960 және 81 458.

* Қараңыз: «Россиядағы мануфактура өнеркәсібінің әр түрлі салаларына шолу», I том, СПБ. 1862, әсіресе 165 және 167-беттер. Сонымен бірге «Әскери-статистикалық жинақтың» 357 және келесі беттерін салыстырыңыз. Қазіргі уақытта шұға фабриканттарының тізімдерінен 1860 жылдары басым көпшілік болған атақты дворян фамилияларын сирек кездестіресіз.

лардың едәуір бөлігі осы терминнің дәл мағынасына сай келетіндей *фабрикалық* жұмысшылар емес еді; бұлар помещиктерге жұмыс істейтін тәуелді шаруалар болатын *. Шұға өндірісі өнеркәсіпте крепостниктік еңбекті қолданудың өзінен-ақ орыс тарихындағы өзіндік ерекше құбылыстың мысалы болып табылады. Біз бұл арада реформадан кейінгі дәуірмен шектеліп отырғандықтан осы құбылысты фабрика-завод статистикасында бейнелеуге бізге жоғарыда келтірілген қысқаша ескертпелердің өзі жеткілікті **. Өндірістің бұл саласында нақ машиналы ірі индустрияның дамуы туралы пікір айту үшін бу двигательдері жөніндегі статистикадан алынған тағы бір мынадай мәліметтер келтірейік: 1875—1878 жылдары Европалық Россиядағы жүн иіру және шұға өндірісінде 167 механикалық кәсіпорындар болды, оларда 4632 аттың күшіндей қуаты бар 209 бу машинасы жұмыс істеді, ал 1890 жылы қуаттылығы 6602 аттың күшіне тең 341 бу машинасы бар 197 кәсіпорын болды. Демек, буды қолдану тым жедел өрістей қоймаған, бұған бір жағынан помещиктік фабрикалардың дәстүрлері кедергілік жасаса, екінші жағынан таралған жүннен істелген және аралас тоқылған неғұрлым арзан маталардың шұға матасын ығыстырып шығаруы себеп болды ***. Жүннен мата тоқу өндірісінде 1875—1878

* Земство статистикасынан алынған мынадай екі мысал келтірейік. Саратов губерниясының Вольск уезіндегі Н. П. Гладковтың шұға фабрикасы туралы (1866 жылы 306 жұмысшысы болған) осы уезд жөніндегі земстволық статистика жинағынан біз мынаны оқимыз (275-бет): шаруаларды бариннің фабрикасында жұмыс істеуге мәжбүр етті. Фабрикада «үйленгенге дейін жұмыс істейді, ал содан кейін алым-салық төлеушілер қатарына шығады». Рязань губерниясының Раненбург уезіндегі Ряса селосында 1866 жылы 180 жұмысшысы бар шұға фабрикасы болды. Шаруалар барщинаны фабрикада жұмыс істеумен өтеп отырды, бұл фабрика 1870 жылы жабылды. («Рязань губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», II том, I кітап. М. 1882. 330-бет).

** Қараңыз: *Нисселович.* «Россия империясының фабрика-завод заңының тарихы». I және II бөлім. СПБ. 1883—1884.— *А. Семенов.* «Россияның сыртқы саудасы мен өнеркәсібі туралы тарихи мәліметтерді зерттеу». СПБ. 1858—1859. 3 бөлім.— *В. И. Семевский:* «II Екатерина патшалық еткен кездегі шаруалар». СПБ. 1881.— «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы. Санитарлық статистика бөлімі», IV том, I бөлім (жалпы мәлімет). М. 1890. *А. В. Погожевтің* «Москва губерниясының вотчиналық-маусымдық фабрикалары туралы» деген мақаласы.— *М. Т.-Барановский.* «Орыс фабрикасы». СПБ. 1898, I том.

*** Салыстырыңыз: «Сарапшы комиссиялардың шолуы бойынша орыс өнеркәсібінің табыстары», СПБ, 1897, 60-бет.

жылдары қуаттылығы 303 аттың күшіне тең 20 бу машинасы бар 7 механикалық кәсіпорын, ал 1890 жылы — қуаттылығы 1375 аттың күшіне тең 61 бу машинасы бар 28 механикалық кәсіпорын болған *.

Жүн өңдеу өндірістерінің ішінен тағы да киіз басу өндірісін атап өтейік, бұл өндіріс фабрика-завод статистикасының әр кезеңдегі мәліметтерін салыстыруға болмайтындығын өте айқын көрсетеді: 1866 жылы 295 жұмысшысы бар 77 фабрика болды десе, 1890 жылы 1217 жұмысшысы бар 57 фабрика болды деп есептеген. Алғашқы есеп бойынша өндіріс сомасы 2 мың сомнан төмен ұсақ кәсіпорындардың қатарында 137 жұмысшысы бар 60 кәсіпорын болған, ал екіншісінде ондай 1 кәсіпорынға 4 жұмысшыдан келеді. Нижегород губерниясының Семенов уезінде 1866 жылы 39 ұсақ кәсіпорын болды деп есептелген, мұнда пима кәсіпшілігі қазір де күшті дамыған, алайда ол «фабрика-завод» өндірісіне емес, «майдагерлік» өндіріске жатқызылған (қараңыз: VI тарау. § II, 2 **).

Одан әрі, тоқыма өндірістерінің ішінде мақта өңдеу өндірісі ерекше көрнекті орын алады, қазір онда 200 мыңнан астам жұмысшы істейді. Бұл арада фабрика-завод статистикамыздың ең ірі қателерінің бірін, атап айтқанда: капиталистік жолмен үйде істейтін жұмысшыларды фабрика жұмысшыларымен араластырып жібергенін байқаймыз. Мұнда машиналы ірі индустрияның дамуы (басқа да көптеген жағдайлардағы сияқты) үйде істейтін жұмысшыларды фабрикаға тартуда болды. Егер жұмыс үлестіріп отыратын конторлар мен үй ішіндік шеберханалар «фабрикаларға» қосылып есептелетін болса, егер үйде істейтін жұмысшылар фабрика жұмысшыларымен шатастырылатын болса, бұл процестің қаншалықты бұрмаланған түрде көрінетіндігі түсінікті! Біз («Әржылдық» бойынша) 1866 жылы фабрика жұ-

* Бу двигательдері туралы мәліметтер осы ретте де, кейінгі жерлерде де «Россия империясындағы бу двигательдері жөніндегі статистикаға керекті материалдардан» алынған. Орталық статистика комитетінің басылымы. СПБ. 1882; 1890 жылғы мәліметтер «фабрика-завод өнеркәсібі туралы мәліметтер жиынтығынан» алынған, ал механикалық кәсіпорындардың саны туралы мәліметтер «Көрсеткіштен» алынған.

** Қараңыз: осы том, 422-бет. *Ред.*

мысшыларының қатарына қосылып кеткен үйде істейтін жұмысшылар санының 22 мыңға жеткенін есептеп шығардық (оның үстіне бұл есеп әлдеқайда толық емес, өйткені «Әржылдықта» «селодағы жұмыс» туралы ескертулер Москва губерниясы бойынша — сірә, мүлдем кездейсоқ себептерден болса керек, көрсетілмей қалған, ал Владимир губерниясы жөнінде мұндай ескертулер өте мол). 1890 жылы («Көрсеткіш» бойынша) біз мұндай жұмысшыларды тек 9 мыңдай деп есептедік. Демек, фабрика-завод статистикасының цифрлары (1866 жылы мақта-мата тоқитын фабрикаларда 59 мың, ал 1890 жылы — 75 мың жұмысшы болған) *фабрика* жұмысшыларының шын мәнісінде артып отырған санын *кемітетіні* айқын *. Мақта-мата тоқитын «фабрикалар» санына әр кезеңде әр түрлі қандай кәсіпорындар қосылып кеткені туралы мәліметтер мынадай **:

| Жылдары | Мақта-мата тоқитын «фабрикалардың» барлық саны | Соның ішінде фабрикалар | конторлар | үй ішіндік шеберханалар |
|---|---|---|---|---|
| 1866 | 436 | 256 | 38 | 142 |
| 1879 | 411 | 209 | 66 | 136 |
| 1890 | 311 | 283 | 21 | 7 |

Сонымен, «статистика» көрсеткен «фабрикалар» санының кемуі, іс жүзінде, конторлар мен үй ішіндік шеберханаларды фабриканың ығыстырып шығарғанын білдіреді. Мұны екі фабриканың мысалымен көрсетіп өтейік:

* Салыстырыңыз: Т.-Барановский, l. c., 420-бет.— Селоларда капиталистерге жұмыс істейтін матаны қолмен тоқушылардың барлық санын Семенов 1859 жылы шамамен 385 857 адам деп есептеді (l. c., III, 273); ол бұған деревняларда «басқа фабрикалық өндірістерде» істейтін тағы да 200 мың жұмысшыны қосты (302-бет, ibid.). Жоғарыда өзіміз көргеніміздей, қазіргі уақытта капиталистік жолмен үйде істейтін жұмысшылардың саны мейлінше көп.

** Үй ішіндік шеберханаларға өндіріс сомасы 2000 сомнан кем кәсіпорындар жатқызылған. Орталық статистика комитетінің 1868 жылы Москва және Владимир губернияларының фабрикалары мен заводтарында жүргізген арнаулы зерттеуінің мәліметтерінде ұсақ тоқыма кәсіпорындарының өндіріс сомасы дегеніміз тек жұмысқа төленген ақы болып табылады деп талай рет көрсетілген. Жұмысты үйге таратып беріп отыратын орындар контор деп есептелген. Москва губерниясындағы кәсіпорындарды көрер көзге қалдырып кетудің салдарынан бұл кәсіпорындардың 1866 жылғы саны толық көрсетілмеген.

| Жылдар | И.М. Терентьевтің Шуя қаласындағы фабрикасы | | | | | | И.Н. Гарелиннің Иваново-Вознесенск қаласындағы фабрикасы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Механикалық тоқыма станоктарының саны | Жұмысшылардың саны: кәсіпорындарда істейтіндер | Жұмысшылардың саны: шетте істейтіндер | Жұмысшылардың саны: барлығы | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | | Механикалық тоқыма станоктарының саны | Жұмысшылардың саны: кәсіпорындарда істейтіндер | Жұмысшылардың саны: шетте істейтіндер | Жұмысшылардың саны: барлығы | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен |
| 1866 | Қолмен айналдыратын | — | 205 | 670 | 875 | 130 | Жұмыс үлестіріп отыратын контор | — | ? | 1 917 | 1 917 | 158 |
| 1879 | Бумен жүретін | 648 | 920 | — | 920 | 1 346 | Бумен жүретін | 893 | 1 274 | — | 1 274 | 2 137 |
| 1890 | » | 1 502 | 1 043 | — | 1 043 | 1 244 | » | 1 141 | 1 483 | — | 1 483 | 2 058 |
| 1894/95 | » | ? | 1160 | — | 1 160 | 1 878 | » | ? | 2 134 | — | 2 134 | 2 933 |

Демек, нақ осы салада машиналы ірі индустрияның дамуы туралы пікір айту үшін бәрінен бұрын механикалық тоқыма станоктарының саны туралы мәліметтерді алған қолайлы. 1860-жылдары олардың саны 11 мыңға жуық *, 1890 жылы — 87 мыңға жуық болды. Демек, машиналы ірі индустрия өте жедел дамыған. Мақта жібі мен мата өндірісінде 1875—1878 жылдары 148 механикалық кәсіпорын болды деп санаған, оларда қуаттылығы 20 504 аттың күшіне тең 481 бу машинасы болған, ал 1890 жылы 168 механикалық кәсіпорын бол-

* «Әскери-статистикалық жинақ», 380.— Мануфактура өнеркәсібіне шолу», II том. СПБ. 1863, 451-бет.— 1898 жылы мақта-мата тоқитын өндірісте (тегі, бүкіл империя бойынша) 100 630 механикалық тоқыма станогы бар деп есептелген, «Орыс өнеркәсібінің табыстары», 33-бет.

ды, оларда 38 750 аттың күшіндей қуаты бар 554 бу машинасы болған.

Біздің статистикамыз фабрика-завод жұмысшылары санының кемуін теріс көрсетіп (1866: 17 171; 1890: 15 497), полотно өндірісі жөнінде де дәл осындай қателік жасап отыр. Шынында, 1866 жылы полотно өндірісіндегі фабриканттардың қолындағы 16 900 станоктың тек 4749-ы ғана кәсіпорындарда орнатылған, ал қалған 12 151-і үй ішіндік шеберхана ұстаушыларда болды *. Демек, 1866 жылы үйде істейтін 12 мыңға жуық жұмысшы фабрика жұмысшыларының санына қосылған, ал 1890 жылы тек 3 мыңға жуығы ғана енген («Көрсеткіш» бойынша есептелді). Ал механикалық тоқыма станоктарының саны 1866 жылғы 2263-тен («Әскери-статистикалық жинақ» бойынша есептелген) 1890 жылы 4041-ге дейін, ал ұршық 95 495-тен 218 012-ге дейін өсті. Кендір жібі мен мата өндірісінде 1875—1878 жылдары 28 механикалық кәсіпорын болған, оларда қуаттылығы 1604 аттың күшіндей 47 бу машинасы істеген, ал 1890 жылы 48 механикалық кәсіпорында қуаттылығы 5027 аттың күшіндей 83 бу машинасы болған **.

Ақырында, тоқыма өндірістерінің ішінен бояйтын, кесте тігетін және өрнек салатын өндірістерді де айта кету керек, фабрика-завод статистикасы бұлардағы 1—2 жұмысшысы бар және бірнеше жүз сом өндіріс сомасы бар ең ұсақ қолөнер кәсіпорындарын фабрикалармен араластырып жүр ***. Осыдан барып машиналы ірі индустрияның тез өсуін көмескілейтін толып жатқан былықтар туатыны түсінікті. Бұл өсу жөніндегі мәліметтер мынадай: жүн жуатын, бояйтын, ағартатын және матаға өң беретін өндірістерде 1875—1878 жылдары 80 механикалық кәсіпорын болған, оларда қуаттылығы

* «Әскери-статистикалық жинақ», 367—368-беттер; интендант қызметінің мәліметтері.

** Жібек тоқитын өндірісте 1879 жылы 495 механикалық тоқыма станоктары және 5996 қолмен айналдыратын станок болған. («Тарихи-статистикалық шолу»), ал 1890 жылы алғашқысында 2899, екіншісінде — $7\frac{1}{2}$ мыңнан астам болған.

*** Мәселен, бұл өндірістерде 1879 жылы 729 фабрика бар деп есептелген; олардың ішінен 466 фабрикада 977 жұмысшы істеген және олардың өндіріс сомасы 170 мың сом болған. Бұл сияқты «фабрикаларды» қазір де көптеп келтіруге болады — мысалы, Вятка және Пермь губернияларының майдагерлік кәсіпшіліктері туралы жазылған материалдардан ондайлар көп кездеседі.

2634 аттың күшіндей 255 бу машинасы істеген, ал 1890 жылы — 189 механикалық кәсіпорында қуаттылығы 9100 аттың күшіндей 858 бу машинасы болған.

### 2) Ағаш өңдеу өндірістері

Бұл бөлімге бұрын ұсақ кәсіпорындар енгізілген болса да, тақтай тілетін өндіріс туралы мәліметтер мұнда анағұрлым анық *. Бұл өндіріс реформадан кейінгі дәуірде орасан зор дамып (1866 ж.: 4 миллион сом; 1890 ж.: 19 миллион сом), жұмысшылар санының (4 және 15 мың) және бу машинасы бар кәсіпорындар санының едәуір артуымен (26 және 430) ұласып отыруы — ерекше көңіл аударарлық нәрсе, өйткені ол ағаш өнеркәсібінің өсуін өте айқын көрсетеді. Тақтай тілу өндірісі ағаш өнеркәсібі істерінің бір ғана саласы және машиналы ірі индустрияның алғашқы бет алысындағы қажетті серігі болып табылады.

Бұл бөлімнің басқа өндірістеріне: столярлық-мебель, жөке тоқу, смола-қарамай өндірістеріне келетін болсақ, олар жөніндегі фабрика-завод статистикасының мәліметтері ерекше былыққан болып отыр. Бұл өндірістердегі соншалық мол ұсақ кәсіпорындар бұрынғы уақытта «фабрикаларға» беталды мөлшерде қосылып есептеле берген, ал қазір де кейде осылай істеліп жүр **.

### 3) Химия, мал өнімдерін өңдеу және керамика өндірістері

Химия өндірісінің өзі жөніндегі мәліметтер біршама анығырақ келеді. Бұл өндірістің өсуі туралы мәліметтер мынадай: 1857 жылы Россияда 14 млн. сомның химия өнімдері тұтынылды (өзінде өндірілгені — 3,4 млн.

---

* Салыстырыңыз: «Әскери-статистикалық жинақ», 389-бет, «Мануфактура өнеркәсібіне шолу», I, 309.

** Мәселен, 1879 жылы 91 жөке фабрикасының 39-ында өндіріс сомасы 1000 сомнан кем болған. («Этюдтерді» салыстырыңыз, 155-бет) (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 403-бет. *Ред.)* Смола-қарамай өндірісінде 1890 жылы 140 завод болды, бұлардың бәрінің де өндіріс сомасы 2 мың сомнан артық деп есептелді; 1879 жылы 1033 завод бар деп есептелген, бұлардың 911-нің өндіріс сомасы 2 мың сомнан кем болған; 1866 жылы 669 завод бар деп есептелді (империя бойынша), ал «Әскери-статистикалық жинақ» тіпті 3164 деп есепте-

сом, шеттен келтірілгені 10,6 млн. сом); 1880 жылы — $36^{1}/_{4}$ млн. сомның химия өнімдері тұтынылды (өзінде өндірілгені $7^{1}/_{2}$ млн. сом, шеттен келтірілгені — $28^{3}/_{4}$); 1890 жылы — 42,7 млн. сомның химия өнімдері тұтынылды (өзінде өндірілгені 16,1 млн. сом, шеттен келтірілгені 26,6 миллион сом) *. Бұл мәліметтер ерекше назар аударарлық, өйткені машиналы ірі индустрия үшін қосалқы материалдар, яғни *өндіргіш* тұтыну (адамның жеке басы үшін емес) заттарын дайындаушы ретінде химия өндірісінің маңызы өте-мөте зор. Сақар және селитра өндірістері жөнінде ескертетініміз — мұндағы фабрикалар саны да оған ұсақ кәсіпорындардың қосылып кетуі салдарынан дәл емес **.

Тоң май өңдеу өнеркәсібі реформадан кейінгі дәуірде мықтап төмендеп кетті. Мәселен, май шам және тоң май қайнату өндірісінің сомасы 1866—1868 жылдары 13,6 млн. сом болса, 1890 жылы 5 млн. сом болды деп есептелген ***. Бұлайша кері кетуге жарық үшін минералды майларды пайдалану көбейіп, олардың ежелгі май шамдарды ығыстырып шығаруы себеп болды.

Былғары өндірісі жөнінде (1866: 11 463 жұмысшысы бар 2308 завод болған, өндіріс сомасы 14,6 млн. сом; 1890 ж. 15 564 жұмысшысы бар 1621 завод болған, өндіріс сомасы 26,7 млн. сом) статистика заводтар мен ұсақ кәсіпорындарды ұдайы шатастырумен келеді. Өндіріс сомасының жоғарылауына себепкер болып отырған материал құнының біршама көтеріңкілігі және бұл өндірістің жұмысшыларды өте аз қажет етушілігі майдагерлік және заводтық кәсіпорындарды ажыратуды мейлінше қиындатады. 1890 жылы заводтардың жалпы

---

ген!! («Этюдтерді» салыстырыңыз, 156 және 271-беттер). (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 405-бет және Шығармалар, 4-том, 11—12-беттер. *Ред.)*

* «Әскери-статистикалық жинақ», «Тарихи-статистикалық шолу» және «Өндіргіш күштер», IX, 16.— Жұмысшылардың саны 1866 ж.— 5645; 1890—25 471; 1875—1878 жылдары 38 механикалық кәсіпорында қуаттылығы 332 аттың күшіндей 34 бу машинасы болған, ал 1890 жылы 141 механикалық кәсіпорында қуаты 3319 аттың күшіне тең 208 бу машинасы болған.

** Салыстырыңыз: Сақар өндірісі туралы 1879 және 1890 жылдардағы «Көрсеткіштер». Селитра өндірісі қазір С.-Петербургтегі бір заводқа шоғырланған, ал 60 және 70-жылдары селитраны бурталарда дайындау жүзеге асырылған (бурта — үйілген көң).

*** Мұнда да 60 және 70-жылдары заводтар санына толып жатқан ұсақ кәсіпорындар қосылған.

санына (1621) өндіріс сомасы 2 мың сомнан төмен 103 кәсіпорын ғана қосылған; 1879 жылы — заводтың жалпы саны 3320 *, осыған 2008 кәсіпорын қосылған; 1866 жылы 2308 ** заводтың 1042-сінде өндіріс сомасы 1000 сомнан кем болған (осы 1042 заводта 2059 жұмысшы істеді және өндіріс сомасы 474 мың сом болды). Демек, фабрика-завод статистикасы заводтар санын азайтып көрсете тұрса да, олардың саны артып отырған. Былғары жасайтын ұсақ кәсіпорындар қазір де өте көп: мәселен, финанс министрлігінің «Россияның фабрика-завод өнеркәсібі және саудасы» (СПБ. 1893) деген басылымында $9^1/_2$ мыңдай майдагерлік заводтар бар, оларда 21 000 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 12 млн. сом деп есептелінген. Бұл «майдагерлік» кәсіпорындар 60-жылдары «фабрика-завод» өндірісінің қатарына жатқызылған кәсіпорындардан әлдеқайда ірі. Демек, «фабрикалар мен заводтар» қатарына қосылып отырған ұсақ кәсіпорындардың саны түрлі губернияларда және әр жылдарда бірдей болмайтындықтан бұл өндіріс жөніндегі статистикалық мәліметтерге үлкен сақтықпен қарау керек. Бу двигательдері жөніндегі статистика 1875—1878 жылдары бұл өндірісте қуаттылығы 488 аттың күшіне тең 33 бу машинасы бар 28 механикалық завод болған деп есептеді, ал 1890 жылы қуаттылығы 1112 аттың күшіндей 82 бу машинасы бар 66 механикалық завод болды. Осы 66 заводта 5522 жұмысшы (барлық жұмысшылар санының үштен бірінен астамы) және өндіріс сомасының 12,3 млн. сомы (бүкіл соманың 46 проценті) жинақталған, демек, өндірістің шоғырлануы едәуір күшті және ең ірі кәсіпорындарда еңбек өнімділігі орташа кәсіпорындарындағыдан анағұрлым жоғары деген сөз ***.

* 1875 жылы профессор Киттары өзінің «Россиядағы былғары өндірісінің картасы» деген кітабында өндіріс сомасы $47^1/_2$ млн. сом 12 939 завод бар деп есептесе, фабрика-завод статистикасы өндіріс сомасы $26^1/_2$ млн. сом 2764 завод бар деп есептеді («Тарихи статистикалық шолу»). Осы бөлімнің басқа, тері илеу өндірісінде де фабрикаларды ұсақ кәсіпорындармен осындай шатастыратыны байқалады: 1879 және 1890 жылдардағы «Көрсеткішті» салыстырыңыз.

** «Әскери-статистикалық жинақ» тіпті 3890 деп есептеген!!

*** Егер 1890 жылғы «Көрсеткіште» келтірілген заводтарды олардың салынған уақытына қарай бөлсек, онда біз мынаны көреміз: 1506 заводтың 97-сінің қашан салынғаны белгісіз, 1850 жылға дейін салынғаны — 331; 1850 жылдары — 147; 60-жылдары — 239; 70-жылдары 320;

Керамика өндірістері фабрика-завод статистикасының мәліметтерінің сипатына қарай екі разрядқа бөлінеді: мұның бірінде ірі өндірісті ұсақ өндірістермен араластыру байқалмайды деуге болады. Сондықтан статистика мәліметтері біршама дұрыс келеді. Бұған шыны, фарфор және фаянс, алебастр және цемент өндірістері жатады. Әсіресе цемент өндірісінің тез өсуі ерекше құптарлық жағдай, бұл — құрылыс өнеркәсібінің дамуын көрсетеді: мұнда өндіріс сомасы 1866 жылы 530 мың сом, («Әскери-статистикалық жинақ»); 1890 жылы — 3826 мың сом болған; 1875—1878 жылдары механикалық кәсіпорындар 8; ал 1890 жылы — 39 болды. Керісінше, құмыра және кірпіш өндірісінде ұсақ кәсіпорындардың өте-мөте көп қосылып кеткені байқалады, сондықтан да фабрика-завод статистикасының мәліметтері мейлінше қанағаттанғысыз, әсіресе 60 және 70-жылдардағы мәліметтер ерекше асыра көрсетілген. Мәселен, құмыра өндірісінде 1879 ж. 552 завод бар, оларда 1900 жұмысшы істейді, өндіріс сомасы 538 мың сом, 1890 жылы — 1978 жұмысшысы бар 158 завод болған, өндіріс сомасы 919 мың сом деп есептелген. Ұсақ кәсіпорындарды (өндіріс сомасы 2 мың сомнан кем) шығарып тастасақ, мынаны көреміз: 1879 жылы: 70 завод, оларда 840 жұмысшы бар, өндіріс сомасы 505 мың сом; 1890 жылы: 143 завод болған, бұлардағы жұмысшы 1859, өндіріс сомасы 857 мың сом. Яғни статистика көрсетіп отырғандай «фабрикалар» санының кемуінің және жұмысшылар санының тоқырап қалуының орнына, іс жүзінде екеуінің де саны едәуір өскен. Кірпіш өндірісі жөніндегі ресми мәліметтер мынадай: 1879 жылы 2627 заводта 28 800 жұмысшы болған, өндіріс сомасы 6963 мың сом; 1890 жылы 1292 заводта 24 334 жұмысшы болған, өндіріс сомасы 7249 мың сом, ал ұсақ кәсіпорындарды (өндіріс сомасы 2 мың сомнан кем) қоспағанда 1879 жылы 518 завод болды, оларда 19 057 жұмысшы істеді, өндіріс сомасы 5625 мың сом; 1890 жылы — 1096 заводта 23 222 жұмысшы болды, өндіріс сомасы 7240 мың сом *.

---

80-жылдары — 351; 1890 жылы салынғаны — 21. Кейінгі әрбір 10 жыл сайын өткендегіге қарағанда заводтар көп салынған.

* Бұл өндірістердегі ұсақ кәсіпорындар қазір майдагерлік кәсіпорынға жатады. Мысал үшін ұсақ кәсіпшіліктер туралы кестені

### 4) Металлургия өндірістері

Металлургия өндірістері жөніндегі фабрика-завод статистикасында жаңсақтықтың түпкі себебі, біріншіден, ұсақ кәсіпорындардың (тек 60 және 70-жылдарда ғана) * қосылуынан болып отырса, екіншіден, және ең бастысы, тау-кен заводтарының сауда және мануфактура департаментінің емес, тау-кен департаментінің «қол астында» болуынан. Финанс министрлігінің мәліметтері дағдылы «принцип» бойынша тау-кен заводтарын қамтымайды; бірақ тау-кен заводтарын басқа заводтардың санынан бөліп алу туралы ешқандай біртектес және бұлжымас ережелер еш уақытта болған емес (мұндай ережелерді жасау да мүмкін болар ма екен). Сондықтан фабрика-завод жөніндегі финанс министрлігінің басылымдарында тау-кен заводтары туралы да әрқашан мәліметтер енгізіліп отырады, соның өзінде олардың мөлшері түрлі губерниялар бойынша және әр жылдарда бірдей емес **. Металлургияда бу двигательдерін қолдану реформадан кейінгі дәуірде қалай өскендігі туралы жалпы мәліметтерді төменде, тау-кен өнеркәсібін қараған кезде келтіреміз.

### 5) Азық-түлік өнімдері өндірістері

Біздің қарастырып отырған мәселеміз жөнінде бұл өндірістер ерекше көңіл аударуға тұрарлық, өйткені фабрика-завод статистикасы мәліметтерінің жаңсақты-

---

(I қосымша) немесе «Этюдтерді», 158—159-беттер, салыстырыңыз. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 406—408-беттер. *Ред.).* «Финанс министрлігінің Әржылдығы» (I кітап) мәліметтердің көрер көзге артық көрсетілуі салдарынан бұл өндірістер жөнінде қорытынды жасаудан бас тартты. Содан бергі уақытта статистиканың ілгері басқандығы — материалдың құндылығы жөнінде қамсыздығы мен батылдығының күшеюінде болып отыр.

* Мәселен, 60-жылдарда кейбір губернияларда ондаған ұста дүкендері «темір жасайтын заводтар» қатарына жатқызылған. «Финанс министрлігі ведомствосы бойынша мәліметтер мен материалдар жинағы», 1866 ж., № 4, 406-бет, 1867 ж., № 6, 384-бет.— «Статистикалық уақытнама», II серия, 6-кітап. Сондай-ақ жоғарыда келтірілген (§ II) 1866 жылғы «Әржылдықтың» Павлово ауданының ұсақ майдагерлерін «фабриканттар» қатарына қосу жөніндегі мысалын да салыстырыңыз.

** Қараңыз: «Этюдтердегі» мысалдар. 269-бет және 284-бет (қараңыз: Шығармалар, 4-том, 9 және 25-беттер. *Ред.)*— осы жағдайды ескермей, Карышев мырзаның белшесінен батқан қатесі жөніндегі тал-

ғы мұнда тіпті орасан зор. Ал біздің фабрика-завод өнеркәсібіміздің жалпы қорытындысында бұл өндірістер көрнекті орын алады. Мәселен, 1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша Европалық Россияда болған барлық фабрикалар саны 21 124, оларда 875 764 жұмысшы істеді, өндіріс сомасы 1501 млн. сом болды, осылардың ішінен бұл өндірістердің үлесіне тигені 7095 фабрика, оларда 45 мың жұмысшы, өндіріс сомасы 174 млн. сом болды. Мәселе бұл бөлімдегі басты өндірістердің — ұн тарту, жарма және май шайқау — ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуші өндірістер екенінде болып отыр. Демек, осы өңдеу жұмысымен айналысатын ұсақ кәсіпорындар Россияның әрбір губерниясында жүздеп, мыңдап саналады, ал «фабрикалар мен заводтарды» осы кәсіпорындардың жалпы санынан қалай айыру жөнінде белгіленген ешқандай ереже жоқ, соның салдарынан статистика осы ұсақ кәсіпорындарды *мүлдем кездейсоқ* ала салады. Сондықтан «фабрикалар мен заводтар» саны әр жылдарда және әр губерниялар бойынша адам айтқысыз өзгеріп отырады. Мәселен, түрліше деректер бойынша ұн тарту өндірісіндегі заводтардың әр жылдардағы саны мынадай: 1865 ж.— 857 («Финанс министрлігі ведомствосы бойынша мәліметтер мен материалдардың жинағы»); 1866 ж.: 2176 («Әржылдық»); 1866 ж.: 18 426 («Әскери-статистикалық жинақ»); 1885 ж.: 3940 («Жиынтық»); 17 765 («Россия бойынша мәліметтер жинағы»); 1889, 1890 және 1891 жылдарда: 5073, 5605 және 5201 * («Жиынтық»); 1894/95 ж.: 2308 («Тізбе»). 1892 жылы болған барлық 5041 диірменнің («Жиынтық») 803-і бу диірмен, 2907-сі су диірмен, 1323-і жел диірмен және 8-і атпен айналдырылатын диірмен! Губерниялардың бірі тек бу диірмендерін ғана есепке алған, екіншілері — су диірмендерін де (1-ден 425-ке дейін), үшіншілері (азшылығы) — жел диірмендерді де (1-ден 530-ға дейін), атпен айналдырылатын диірмен-

---

дау. Мәселен, 1879 жылғы «Көрсеткіш» Кулебак және Выксун тау-кен заводтарын немесе олардың бөлімшелерін есепке алады (356 және 374-беттер), ал бұлар 1890 жылғы «Көрсеткіште» шығарылып тасталған.

* Оның үстіне «фабрикалар мен заводтар» санына кірмеген 32 957 «ұсақ диірмен» болды.

дерді де есепке алған. Мұндай статистиканың және оның мәліметтерін сенімді түрде қолданудан туатын қорытындылардың қандай маңызы барын осыдан-ақ түсінуге болады! * Тегі, машиналы ірі индустрияның өсуі туралы белгілі пікір айту үшін біз ең әуелі «фабрика» деген ұғым жөнінде белгілі бір белгі тағайындап алуымыз керек. Бу двигателінің болуын осындай белгі деп алайық: бу диірмендері — машиналы ірі индустрия дәуіріне тән құбылыс **.

Бұл салада *фабрика* өндірісінің дамуының мынадай бейнесін көреміз ***:

*Европалық Россияның 50 губерниясы*

| Жылдар | Бу диірмендерінің саны | Жұмысшылар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен |
|---|---|---|---|
| 1866 | 126 | ? | ? |
| 1879 | 205 | 3 621 | 21 353 |
| 1890 | 649 | 10 453 | 67 481 |
| 1892 | 803 | 11 927 | 80 559 |

Дәл осындай себептерге байланысты май шайқау өндірісі жөніндегі статистика да қанағаттанғысыз. Мәселен, 1879 жылы 2450 завод болды, оларда 7207 жұмысшы істеді, өндіріс сомасы 6486 мың сом деп есептелген, ал 1890 жылы 4746 жұмысшысы бар, өндіріс сомасы 12 232 мың сом 383 завод болды деп санаған. Бірақ заводтар саны мен жұмысшылар санының бұл кемуі тек сырттай қарағанда ғана осылай сияқты. Егер 1879 және 1890 жылдардағы мәліметтерді салыстырмалы жасасақ, яғни өндіріс сомасы 2 мың сомнан төмен кәсіпорындарды (аттары тіркелген тізімге енбегендерін) шығарып тастасақ, онда 1879 жылы 2941 жұмысшысы бар,

* Карышев мырзаның мұндай қорытындылары жөніндегі мысалдарды «Этюдтердің» жоғарыда цитат келтірілген мақаласынан қараңыз (Қараңыз: Шығармалар, 4-том. *Ред.*).

** *Ірі* су диірмендерінің де, әлбетте, фабрикалық сипаты болады, бірақ оларды ұсақтарынан бөліп көрсететін мәліметтер бізде жоқ. 1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша біз 10 және одан көп жұмысшысы бар 250 су диірмен болды деп есептедік. Бұларда 6378 жұмысшы болған.

*** «Әскери-статистикалық жинақ», «Көрсеткіштер» және «Жиынтық». 1894/95 жылғы «Тізбе» бойынша Европалық Россияда 1192 бу диірмені болған. Бу двигательдері жөніндегі статистика 1875—1878 жылдары Европалық Россияда 294 бу диірмені бар деп есептеген.

өндіріс сомасы 5771 мың сом 272 завод болғанын; ал 1890 жылы 4741 жұмысшысы бар, өндіріс сомасы 12 232 мың сом 379 завод болғанын көреміз. Бұл өндірісте машиналы ірі индустрияның даму қарқыны ұн тартатын өндірістегіден кем соқпайды, мұның өзі, мәселен, бу двигательдері жөніндегі статистикадан көрініп отыр: 1875—1878 жылдары бумен жүретін 27 заводта 521 аттың күшіндей қуаты бар 28 бу машинасы, ал 1890 жылы — қуаттылығы 1886 аттың күшіндей 116 бу машинасы бар 113 механикалық завод болған.

Бұл бөлімнің қалған өндірістері біршама ұсақ келеді. Мәселен, 60-жылдарда статистика қышы және балық өндірістерінде фабрикаларға ешбір жанасымы жоқ және қазіргі уақытта да жанаспайтын жүздеген ұсақ кәсіпорындарды есепке алғанын атап өтуге болады. Біздің фабрика-завод статистикамыздың әр жылдардағы мәліметтері қандай түзетулерді керек ететіні төмендегіден көрініп отыр: 1879 жылы «Көрсеткіш» ұн тартатын өндірісті қоспағанда осы бөлімде 15 313 жұмысшысы бар 3555 завод болды, ал 1890 ж.— 19 159 жұмысшысы бар 1842 завод болды деп есептеген. 7 өндіріс бойынша * 1879 жылы 2487 ұсақ кәсіпорындар (өндіріс сомасы 2 мың сомнан кем) қосылған, олардағы жұмысшылар 5176, өндіріс сомасы 916 мың сом болған, ал 1890 жылы он жұмысшысы бар, өндіріс сомасы екі мың сом жеті кәсіпорын қосылған! Демек, мәліметтердің салыстырмалылығы үшін алғашқы жағдайда бес мың жұмысшыны, екіншісінде он адамды шығарып тастау керек!

### 6) Акцизді және басқа өндірістер

Акцизді өндірістердің кейбіреулерінде фабрика-завод жұмысшылары санының 1860 жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін кеміп келе жатқанын байқаймыз, бірақ бұл кемудің мөлшері басылып шыққан әрбір цифрға қалай болса солай көзжұмбайлықпен сене беретін Н.— он мырзаның ** айтып жүргеніне әсте ұқсамайды.

* Май шайқау, крахмал, шырын жасау, ашытқы дайындау, кондитер, консерв және сірке суы өндірістері.
** «Русское Богатство», 1894, № 6, 104—105-беттер.

Істің мәнісі мынада: акцизді өндірістердің көпшілігі жөнінен мәліметтердің бірден-бір деректемесі «Әскери-статистикалық жинақ» болып отыр, ал мұның фабрика-завод статистикасының қорытындыларын орасан көп мөлшерде асырып көрсететіндігі бізге мәлім. Бірақ оның мәліметтерін тексеру үшін, амал не, біздің қолымызда материал аз. «Әскери-статистикалық жинақ» арақ-шарап өндірісінде 1866 жылы 52 660 жұмысшысы бар 3836 завод болды деп есептеді (1890 жылы: 26 102 жұмысшысы бар 1620 завод), бірақ заводтардың саны финанс министрлігінің мәліметтеріне тура келмейді, ол 1865/66 жылы — жұмыс істеп тұрған 2947 завод, ал 1866/67 жылы — 3386 завод болды деп санаған-ды *. Осыған қарағанда, жұмысшылардың саны 5—9 мыңға асырып көрсетілген. «Әскери-статистикалық жинақ» арақ өндірісінде 8326 жұмысшысы бар 4841 завод болған (1890: 5266 жұмысшысы бар 242 завод болды); солардың ішінен Бессарабия губерниясында 3207 завод болған, олардағы жұмысшылар саны 6873 деп есептеді. Бұл цифрдың қисынсыздығы бірден көзге түседі. Ал дұрысында біз финанс министрлігінің мәліметтерінен ** Бессарабия губерниясындағы арақ заводтарының нақты саны 10—12, бүкіл Европалық Россияда 1157 завод болғанын білеміз. Демек, жұмысшылардың саны *minimum 6 мыңға* асырып көрсетілген. Мұндай асырып көрсетудің себебі, тегі, бессараб «статистиктерінің» жүзім бақтарының иелерін завод иелерінің қатарына қосып жіберулерінен болу керек (төменде темекі өндірісі жөніндегіні қараңыз). «Әскери-статистикалық жинақ» сыра және бал қайнататын өндірісте 6825 жұмысшысы бар 2374 завод болды деп санайды (1890: 8364 жұмысшысы бар 918 завод болған), ал «Финанс министрлігінің Әржылдығында» Европалық Россияда 1866 жылы 2087 завод болды дейді. Жұмысшылардың саны мұнда да асырып көрсетілген ***. «Әскери-статистикалық жинақ» қызылша-

* Финанс министрлігінің Әржылдығы», I, 76 және 82-беттер. Барлық заводтардың саны (жұмыс істемей тұрғандары да соның ішінде) 4737 және 4646 болды.

** «Әржылдық», I, 104-бет.

*** Мәселен, «Әскери-статистикалық жинақ» Симбирск губерниясында 218 завод бар (!), олардағы жұмысшылар саны 299, өндіріс сомасы 21,6 мың сом деп есептейді. («Әржылдық» бойынша бұл губер-

қант және шақпақ қант өндірістерінде жұмысшылардың санын «Финанс министрлігінің Әржылдығында» көрсетілген 80 919 адамның орнына 92 126 деп көрсетіп, *11 мыңға* асырып жіберген (1890 ж.: 77 875 жұмысшы). Темекі өндірісінде «Әскери-статистикалық жинақ» 26 116 жұмысшысы бар 5327 фабрика(!) болды деп санаған (1890: 26 720 жұмысшысы бар 281 фабрика болған); бұлардың ішінен 20 038 жұмысшысы бар 4993 фабрика Бессарабия губерниясында деп есептейді. Ал іс жүзінде 1866 жылы Россияда 343, Бессарабия губерниясында 13 темекі фабрикасы болған *. Жұмысшылардың саны *20 мыңға жуық* асырып көрсетілген, тіпті «Әскери-статистикалық жинақты» құрастырушылардың өздері «Бессарабия губерниясында көрсетілген фабрикалар... темекі плантациясынан басқа еш нәрсе де емес» деп ескертеді (414-бет). Н.— он мырза өзі пайдаланып отырған статистикалық басылымның текстіне үңілуді, тегі, қажетсіз деп санаған болуы керек; сондықтан ол қателерді байқамаған және «темекі фабрикаларында... жұмысшылар санының өсуі айтарлықтай емес» (цитат келтірілген мақала, 104-бет) деген пікірді тым байсалды айтқан!! Н.— он мырза акцизді өндірістердегі жұмысшылар санының жиынтығын «Әскери-статистикалық жинақтан» және 1890 жылғы «Көрсеткіштен» (186 053 және 144 332) тікелей алып, кеміген процентін есептеп шығарады... «Еңбек етіп жүрген жұмысшылардың саны 25 жылдың ішінде едәуір қысқарды, олардың саны 22,4% кеміді»... «Мұнда» (акцизді өндірістерде) «өсу туралы сөз болуы да мүмкін еместігін, жұмысшылардың саны бұрынғы мөлшерінен тура $^1/_4$ кемігенін біз көріп отырмыз» (ibid.). Шынында да, бұдан «оңай» нәрсе болар ма! Кез келген цифрды алып, процентін шығара салса болғаны! Ал мынадай кіші-гірім жағдайды —

---

ниядa 7 завод болған). Сірә, бұлар ұсақ үй ішіндік немесе шаруа кәсіпорындары болар.

* «Финанс министрлігінің Әржылдығы», 61-бет. Салыстырыңыз: «Мануфактура өнеркәсібіне шолу» (II том, СПБ. 1863), мұнда 1861 жылдың мәліметтері толық берілген: 534 фабрика болған, олардағы жұмысшылар саны 6937, ал Бессарабия губерниясында 73 жұмысшысы бар 31 фабрика болған. Темекі фабрикаларының саны әр жыл сайын мықтап өзгеріп отырады.

«Әскери статистикалық жинақтың» цифрында *қырық мың* жұмысшы асырып көрсетілгенін байқамай кетуге де болады.

### 7) Қорытындылар

Біздің фабрика-завод статистикамыз жөнінде соңғы екі параграфта баяндалған сын бізді мынадай басты-басты қорытындыларға әкеледі.

1. *Россияда фабрикалардың саны реформадан кейінгі дәуірде тез өсіп отыр.*

Біздің фабрика-завод статистикамыздың цифрларынан туатын керісінше қорытынды қате қорытынды болып саналады. Істің мәнісі мынада: бізде фабрикалар санына ұсақ қолөнерлік, майдагерлік және ауыл шаруашылық кәсіпорындары қосылып отыр, оның үстіне *біз қазіргі шақтан неғұрлым кейін шегінген сайын, ұсақ кәсіпорындардың саны фабрикалардың санына соғұрлым көптеп қосыла түседі.*

2. *Фабрика-завод жұмысшыларының санын да, фабрика мен завод өндірістерінің мөлшерін де біздің статистикамыз өткен уақытта бірдей асыра көрсетіп келген.* Бұл, 1-ден, ұсақ кәсіпорындар бұрын көптеп қосылғандықтан болып отыр. Сондықтан майдагерлік кәсіпшіліктермен жанастығы бар өндірістер жөніндегі мәліметтер мүлдем нанымсыз *. 2-ден, бұл фабрика-завод жұмысшыларының санына капиталистік жолмен үйде істеп жүрген жұмысшылардың қазіргіге қарағанда бұрынғы уақытта көп қосылғандығынан болып отыр.

3. Ресми фабрика-завод статистикасының цифрлары алынса болғаны, олар сол статистиканың басқа цифрларымен салыстыруға келеді деп санауға тиіс және дәл еместігі дәлелденгенше азды-көпті дұрыс деп саналуға тиіс, осылай ойлау бізде дағды болып алған. Ал біздің жоғарыда айтқандарымыздан бұған қарама-қарсы қаги-

* Егер барлық өндірістер бойынша және ұзақ мерзімді қамтыған жалпы мәліметтерді алсақ, онда жоғарыда көрсетілген себептерден туып отырған асыра көрсетушілік онша көп болмайды, өйткені ұсақ кәсіпорындар жұмысшылардың бүкіл саны мен бүкіл өндіріс сомасының азғантай процентін береді. Мұнымен бірге бірыңғай деректемелерден алынған мәліметтерді салыстыру керек екені өзінен-өзі белгілі (ал финанс министрлігінің мәліметтерін губернаторлық есептермен немесе «Әскери-статистикалық жинақтың» мәліметтерімен салыстыру туралы сөз болуы да мүмкін емес).

да туады: атап айтқанда, біздегі фабрика-завод статистикасының әр уақыттағы және түрлі губерниялар жөніндегі мәліметтерін салыстырудың қай-қайсысы болса да дұрыстығы дәлелденгенше дәл емес деп есептелуге тиіс.

### IV. ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУЫ*

Россияның реформадан кейінгі дамуының бастапқы дәуірінде тау-кен өнеркәсібінің негізгі орталығы Урал болды. Ең соңғы уақытқа дейін орталық Россиядан ерекше бөлектеніп келген аудан бола отырып, Урал сонымен бірге өнеркәсіптің айрықша құрылысы болып табылады. Уралда «еңбек ұйымдастыру» ежелден бері крепостниктік правоға негізделіп келді, мұны осы уақытқа дейін, 19-ғасырдың аяғына дейін тау-кен завод тұрмысының аса маңызды жақтарынан байқауға болады. Сол бір замандарда осы крепостниктік право Уралдың мейлінше гүлденуінің және оның тек Россияда ғана емес, ішінара Европада да үстем болуының негізі болды. 18-ғасырда Россияның сыртқа шығаратын негізгі товарларының бірі темір болды; 1782 ж. 3,8 млн. пұтқа жуық, 1800—1815 ж. ж.—2—$1^1/_2$ млн. пұт, 1815—1838 ж. ж.— $1^1/_3$ млн. пұтқа жуық темір сыртқа шығарылды. Тіпті «19-ғасырдың 20-жылдарының өзінде-ақ Россия шойынды Францияға қарағанда $1^1/_2$ есе, Пруссиядан $4^1/_2$ есе, Бельгиядан 3 есе көп қорытты». Бірақ

* Деректемелер: *Семенов.* «Россияның саудасы мен өнеркәсібі туралы тарихи мәліметтерді зерттеу». III т. СПБ. 1859, 323—339-беттер. «Әскери-статистикалық жинақ», тау-кен кәсіпшілігі туралы бөлім.— «Финанс министрлігінің Әржылдығы», I кітап. СПБ. 1869. «1864—1867 жылдардағы тау-кен кәсібі жөніндегі статистикалық мәліметтер жинағы». СПБ. 1864—1867 (тау-кен инженерлер корпусының ғылыми комитетінің басылымы).— *И. Боголюбский.* «Россия империясының тау-кен статистикасының тәжірибесі». СПБ. 1878.— «Россия өнеркәсібінің тарихи-статистикалық шолуы». СПБ. 1883, I том (Кеппеннің мақаласы).— «Россияның 1890 жылғы тау-кен завод өнеркәсібі туралы статистикалық мәліметтер жинағы». СПБ. 1892.— Осы жинақтың 1901 жылғы (СПБ. 1904) және 1902 жылғы мәліметтері (СПБ. 1905).— *К. Скальковский.* «Россияның 1877 жылғы тау-кен заводының өнімділігі». СПБ. 1879 ж.— «Россиядағы тау-кен завод өнеркәсібі». Тау-кен департаментінің Чикагодағы көрмеге арналған басылымы. СПБ. 1893 (құрастырған Кеппен).— «Россия бойынша 1890 жылдың мәліметтер жинағы». Орталық статистика комитетінің басылымы. СПБ. 1890.— Тағы да соның 1896 жылғысы, СПБ. 1897.— «Россияның өндіргіш күштері». СПБ, 1896, VII бөлім.— 1896—1897 жылдардағы «Вестник Финансов» — Пермь губерниясының Екатеринбург және Красноуфимск уездері бойынша земстволық-статистикалық мәліметтердің жинақтары және басқалар.

европалық капитализмнің алғашқы даму дәуірінде Уралдың осыншалық жоғары көтерілуіне жәрдемші болған крепостниктік право капитализмнің гүлдену дәуірінде Уралдың кері кетуіне себепші болды. Уралда темір өнеркәсібінің дамуы өте-мөте баяу болып келді. Россия 1718 жылы $6^1/_2$ млн. пұтқа жуық, 1767 ж.— $9^1/_2$ млн. пұтқа жуық, 1806 ж.— 12 млн. пұт, 30-жылдарда — 9—11 млн. пұт, 40-жылдарда — 11—13 млн. пұт, 50-жылдарда — 12—16 млн. пұт, 60-жылдарда 13—18 млн. пұт, 1867 ж.— $17^1/_2$ млн. пұт шойын өндірді. Жүз жылдың ішінде өндіріс екі есе де өсіп үлгірмеді, машиналы ірі индустрия металлургияны алып адыммен өрге бастырған басқа европалық елдерден Россия анағұрлым артта қалып қойды.

Уралдың тоқырауына крепостниктік право басты себеп болды; тау-кен өнеркәсіпшілері әрі помещиктер, әрі завод қожалары, бұлар өз үстемдігін капиталға және бәсекеге негіздемей, монополияға * және өзінің иелік ету праволарына негіздеді. Урал заводтарының қожайындары қазірде де ірі жер иелері. 1890 жылы империяның барлық 262 темір заводының жанында 11,4 млн. десятина жер болды (соның ішінде 8,7 млн. десятинасы орман), оның 10,2 млн. десятинасы (7,7 млн. десятинасы орман) Уралдың 111 заводының қарамағында болды. Демек, орта есеппен алғанда, Уралдың әрбір заводы жүз мыңдаған десятина жері бар орасан зор латифундияға иелік етеді. Шаруаларға осы жерлерден үлесті жер кесіп беру әлі күнге толық аяқталған жоқ. Уралда жалдау ғана емес, сондай-ақ *жұмыспен* өтеу де жұмыс қолын тарту құралы болып табылады. Мәселен, земстволық статистика Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде заводтың жерін, жайылымын, орманын және т. с. не ақысыз, не аз ақыға пайдаланып отырған мыңдаған шаруа үйлері бар деп есептеген. Осы тегін пайдаланушылықтың өзі іс жүзінде өте қымбатқа түсетіні

* Шаруаларды азат еткен уақытта Уралдың тау-кен өнеркәсіп иелері заводтық округтерде отпен жұмыс істейтін кәсіпорындарды ашуға тыйым салатын заңның сақталуын айрықша талап етті және сақтап та қалды. Мұның бірқатар егжей-тегжейлерін «Этюдтерден» қараңыз, 193—194-беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 453—455-беттер. *Ред.*)

өзінен-өзі түсінікті, өйткені осының арқасында жалақы мүлдем төмендетіледі; заводтар «өздерінің», заводқа маталған және арзан жұмысшыларын алады *. Бұл қатынастарды В. Д. Белов мырза былай деп сипаттайды:

Урал «өзіндік» тарих тәрбиелеген жұмысшысымен күшті,— деп баяндайды Белов мырза.— «Өзге шетелдік немесе тіпті Петербургтегі фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылар бұл заводтардың мүдделеріне жат болады: бұлар бүгін мұнда болса, ертең басқа жерде. Фабрика істесе, ол да жұмыс істейді; пайда шығынға айналса, ол дорбасын алып кете барады, мұнда келуі қандай тез, қандай оңай болса, кетуі де сондай тез, сондай оңай. Жұмысшы және завод қожайыны — екі мәңгі-бақи қас дұшпан... Ал Урал заводтарының жұмысшылары мүлдем басқа жағдайда: ол — завод жанында өзінің жері және шаруашылығы бар, ақырында, өзінің семьясы бар жергілікті тұрғын. Заводтың жұмыс жағдайы мен оның жеке басының тұрмыс жағдайы ажыратылмастай тығыз байланысты. Завод жұмысы жақсы болса, оған да жақсы, ол нашар болса, мұның да жағдайы нашарлай түседі, бірақ кетуге болмайды (sic!): мұнда мәселе дорбамен ғана тынбайды (sic!); кету деген сөз — оған барлық аз өмірінің шырқын бұзу, жерін тастау, шаруашылығын тастау, семьясын тастау деген сөз... Сондықтан жұмысшы бірнеше жылдар бойы төзіп бағады, жартылай жалақы алып істеуге де, немесе өзі сияқты жергілікті басқа жұмысшының бір тілім нан табуына мүмкіндік беру үшін жұмыс уақытының жартысын босқа өткізуге де әзір тұрады. Қысқасы, тек заводта қалса болғаны, қожайынмен қалай келісуге де ол әзір. Сонымен, Урал жұмысшылары мен Урал заводтары арасында тығыз байланыс бар, бұлардың арасындағы қарым-қатынастар да бұрынғыша, олардың крепостниктік праводан азат етілуіне дейінгі қалпында қалған; осы қарым-қатынастардың тек формасы ғана өзгерген, басқа түк те жоқ. Бұрынғы басыбайлылық принципі озара пайдалы деген ұлы принципке ауысқан» **.

* Урал жұмысшысы «жартылай егінші, сондықтан басқа тау-кен завод аудандарына қарағанда жалақы аз төленсе де, тау-кен жұмысы оның шаруашылығына әжептәуір қосымша табыс болып отырады». («Вестник Финансов», 1897, № 8). Урал шаруаларын крепостниктік тәуелділіктен азат ету шарттары шаруалардың нақ осы тау-кен жұмысына қатынастығына байланысты болғаны белгілі; тау-кен завод халқы екіге бөлінеді: біріншісі мастеровойлар, бұлардың жері болмайды, жыл бойы завод жұмысын істеуге тиіс; екіншісі село қызметкерлері. бұлардың үлесті жері болады, ал заводта қосалқы жұмыстар атқаруға тиіс. Урал жұмысшылары туралы бұлар жұмысқа «борыштанады» деген осы уақытқа дейін сақталып келген термин бар, бұл өте дұрыс айтылған. Мәселен, «борышты болып Артин заводының цехында жұмыс істеп жүрген жұмысшы командасы туралы» земство статистикасындағы хабарды оқығанда: бұл өзі шынымен-ақ тоқсан төртінші жылда болып отыр ма, мүмкін қырық төртінші жыл емес пе екен? деп, еріксіз кітаптың шыққан жылын қарайсыз [152].

** «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектері», XVI кітап, СПБ. 1887, 8—9 және келесі беттер. Сол автор төменде «нағыз халықтық» өнеркәсіп туралы сөз қозғайды!

Өзара пайдалы деген осы ұлы принцип бәрінен де бұрын жалақының ерекше төмендеуінен көрінеді. «Оңтүстікте... Уралға қарағанда жұмысшы екі есе, тіпті үш есе қымбат»,— мәселен, бірнеше мың жұмысшы туралы мәліметтер бойынша, 177 сомның орнына (жылына бір жұмысшыға шаққанда) 450 сомнан келеді. Оңтүстікте «өз жерінде немесе қай жерде болсын егіншілік жұмыстарда жұмысшылар күнелтуге мүмкін боларлық біршама табыс тапса болғаны, заводтар, кен орындарын, рудниктерді тастап кетіп қалады» («Вестник Финансов», 1897, № 17, 265-бет). Ал Уралда күнелтерлік табыс табам деп ойлаудың өзі мүмкін емес.

Урал жұмысшысы жалақысының аздығы және кіріптарлық жағдайы Уралдың техникалық мешеулігімен табиғи және тығыз байланысып жатыр. Уралда шойын ескіше салынған домна пештерінде салқындай немесе аз ғана жылытып үрлеу арқылы көбінесе ағаш отынмен қорытылады. 1893 жылы Уралда 110 домна пешінен 37 пеш салқындай үрленетін болған, ал Оңтүстікте 18 домна пешінен 3 пеш салқындай үрленеді. Минералды отынмен қыздырылатын бір домна пеші орта есеппен жылына 1,4 млн. пұт шойын, ағаш отынмен қыздырылатын домна пеші — 217 мың пұт шойын қорытып шығарады. 1890 ж. Кеппен мырза былай деп жазды: «Россияның басқа жерлерінде шойыннан алынған кесек темірлерді соққылап өңдеу тәсілі пудлингтеу тәсілімен батыл ығыстырылып жатса да, Урал заводтарында бұл тәсіл әлі берік сақталып отыр» [153]. Оңтүстікке қарағанда Уралда бу двигательдерін қолдану анағұрлым нашар. Ақырында, Уралдың орасан зор қашықтығы және темір жолдың жоқтығы салдарынан томаға-тұйықтығын, Россия орталығынан оқшау қалғанын атап өтпей болмайды. Ең соңғы уақытқа дейін Уралдан Москваға өнім жеткізу негізінен өзенмен «сал ағызу» сияқты қарапайым тәсілмен жылына бір рет жүзеге асырылып келді *.

---

* Мамин-Сибиряк мырзаның «Жауынгерлер» деген әңгімесіндегі осы сал ағызудың суреттемесін салыстырыңыз. Бұл жазушының шығармаларында Уралдың реформаға дейінгі өмірге жақын келетін ерекше тұрмыс салты өте айқын суреттеледі, онда заводқа матап бекітілген халықтың правосыздығы, қараңғылығы мен қорлыққа түсуі, «мырза-

Сонымен, реформаға дейінгі тәртіптердің тікелей қалдықтары, жұмыспен өтеудің мейлінше өріс алуы, жұмысшыларды бекітіп беру, еңбек өнімділігінің төмендігі, техниканың артта қалушылығы, жалақының төмен болуы, қолмен атқарылатын өндірістің басымдылығы, өлкенің табиғат байлықтарын қарапайым, аяусыз жырт-қыштық әдіспен пайдалану, монополиялар, бәсекеге бөгет жасау, заманның жалпы сауда-өнеркәсіп қозғалысынан томаға-тұйық, шалғай қалушылық — Уралдың жалпы бейнесі, міне, осындай.

Тау-кен өнеркәсібінің Оңтүстік ауданы * Уралға қарағанда көпшілік жағынан басқаша, қарама-қарсы жағдайда болып отыр. Урал қаншалық кәрі болса, Уралдағы үстем тәртіптер қаншалық «ғасырлар бойы қасиеттелген болса», Оңтүстік соншалықты жас, соншалықты қалыптасу дәуірінде. Соңғы он жылдың ішінде осында өсіп шыққан бірыңғай таза капиталистік өнеркәсіп белгілі бір халықтың дәстүрлік, сословиелік, ұлттық, томаға-тұйықтық ерекшеліктері дегенді білмейді. Оңтүстік Россияға шетел капиталдары, инженерлер мен жұмысшылар топ-тобымен көшіп келген және әлі де көшіп келуде, ал қазіргі қарбалас дәуірде (1898) мұнда Америкадан бүтін заводтар ** көшіріліп әкелуде. Халықаралық капитал таможня белдеуінен ішке өтіп, «шет» жерді мекендеуді қиынсынған жоқ: ubi bene, ibi patria ***... Оңтүстіктің Уралды ығыстыруы туралы статистикалық мәліметтер мынадай [154]: [536-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Қазіргі уақытта Россияда қандай техникалық революция болып жатқаны және капиталистік ірі индустрияның өндіргіш күштерді дамытуға қаншалық зор қа-

лардың» «адал балалыққа салынып азғындауы», барлық елдердің, соның ішінде Россияның да капиталистік дамуын сипаттайтын адамдардың орташа тобының (әртектілердің, интеллигенцияның) болмауы көрсетілген.

* Тау-кен статистикасындағы «Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Россия» делініп отырғандар Волынь, Дон, Екатеринослав, Киев, Астрахань, Бессарабия, Подольск, Таврия, Харьков, Херсон және Чернигов губерниялары. Келтірілген цифрлар да осыларға қатысты. Төменде Оңтүстікке жататындардың барлығын, Польша туралы да (аздаған өзгерістермен) осыны айтуға болады, реформадан кейінгі уақытта үздік шыққан, басқа бір тау-кен аймағын құрады деуге болады.

** «Вестник Финансов», 1897, № 16. Никополь-Мариуполь қоғамы Америкаға заказ беріп, Россияға трубопрокат заводын алып келген.

*** — қай жер жақсы болса, отан сол жерде. *Ред.*

| Жылдар | Қорытылған шойын, мың пұт есебімен | | | | | | Империяда барлық шығарылған көмір, млн. пұт есебімен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Империяда барлығы | % | Уралда | % | Оңтүстікте | % | |
| 1867 | 17 028 | 100 | 11 084 | 65,1 | 56 | 0,3 | 26,7 |
| 1877 | 24 579 | 100 | 16 157 | 65,7 | 1 596 | 6,5 | 110,1 |
| 1887 | 37 389 | 100 | 23 759 | 63,5 | 4 158 | 11,1 | 276,8 |
| 1897 | 114 782 | 100 | 41 180 | 35,8 | 46 349 | 40,4 | 683,9 |
| 1902 | 158 618 | 100 | 44 775 | 28,2 | 84 273 | 53,1 | 1 005,21 |

білеті бар екені осы цифрлардан айқын көрінеді. Уралдың үстемдігі еріксіз еңбектің, техникалық мешеулік пен тоқыраудың * үстемдігімен бірдей болды. Керісінше, қазір біз тау-кен өнеркәсібінің дамуы Батыс Европаға қарағанда, тіпті біршама Солтүстік Америкадағыдан да Россияда тезірек екенін көріп отырмыз. 1870 жылы дүние жүзінде өндірілген шойынның 2,9 проценті (745 млн. пұттың 22 млн. пұты), ал 1894 жылы 5,1 проценті (1584,2 млн. пұттың 81,3 млн. пұты) Россияда өндірілді («Вестник Финансов», 1897, № 22). Соңғы 10 жылдың ішінде (1886—1896) Россияда шойын қо-

* Урал тау-кен өнеркәсіп иелері істі біршама басқаша суреттейтіні өзінен-өзі түсінікті. Олар өткен жылғы съездерде міне былай деп зар жылаған: «Уралдың тарихи еңбегі жұрттың бәріне мәлім. Екі жүз жыл бойы бүкіл Россия Урал заводтары жасап шығарған бұйымдармен жер жыртты, егін орды, темір шыңдады, жер қазды, ағаш шауып-кесті. Россия кеудесіне Урал мысынан жасалған крестерін тағып келді, Уралдың темір көшеріне мініп келді, Урал болатынан соғылған мылтықтан атты, Урал табасына нан пісірді, Уралдың бақыр ақшаларын қалталарына салып алып ширенді. Урал бүкіл орыс халқының тұтыну керегін қанағаттандырып отырды...» (орыс халқы бұрын темірді мүлде дерлік қолданбаушы еді. 1851 ж. Россияда бір кісіге жұмсалған шойын 14 қадаққа жуық болды, 1895 жылы 1,13 пұт, 1897 жылы 1,33 пұт деп есептелінген) «...өзінің өнімдерін орыс халқының қажетіне, ұпатуына қарай жасап отырды. Сәнқойлыққа түспей, рельстер, камин пештердің решеткалары мен ескерткіштер жасап шығарумен әуестенбей-ақ, ол өзінің табиғат байлықтарын жомарттықпен (?) ысырап етті. Міне, ол өзінің ғасыр р бойғы еңбегі үшін күндердің күнінде ұмытылып, ескерусіз қала рді» («Вестник Финансов», 1897, № 32: «Уралдағы тау-кен өнеркәсіпшілері съездерінің қорытындылары»). Шынында, «ғасырлар бойы қасиеттелген» негіздерді неткен көзге ілмеушілік! Бұған кінәлы шаруашылығымызға осыншалық «тұрақсыздық» енгізген баяғы сол қарғыс атқан капитализм. «Рельстер жасаумен әуестенбей», бұрынғыша Урал жасап шығарған табаларға нан пісіріп отыра берсе, бұлай болмас еді ғой!

рыту үш есе артты ($32^{1}/_{2}$ және $96^{1}/_{2}$ млн. пұт), ал Франция, мәселен, бұған 28 жылдың ішінде (1852—1880), Құрама Штаттар 23 жылдың ішінде (1845—1868), Англия 22 жылдың ішінде (1824—1846), Германия 12 жылдың ішінде (1859—1871; қараңыз: «Вестник Финансов», 1897, № 50) жетті. Жас елдердегі капитализмнің дамуы көне елдердің үлгісі және көмегі арқасында едәуір *тездейді.* Әрине, соңғы он жыл (1888—1898) айрықша қарбалас дәуір еді, бұл қарбаластық капиталистік өркендеу атаулының бәрі сияқты сөзсіз дағдарысқа апарып соқтырады; бірақ секіріс болмайынша капиталистік даму тіпті де мүмкін емес.

Өндірісте машиналарды қолдану және жұмысшылар санының артуы Уралға қарағанда Оңтүстікте анағұрлым тез болып отырды *:

| Жылдар | Тау-кен өндірісінде қолданылған бу машиналары мен күштері | | | | | | Тау-кен жұмысшыларының саны (тұз өндірушілерден басқалары) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бүкіл Россияда | | Уралда | | Оңтүстікте | | бүкіл Россияда | Уралда | Оңтүстікте |
| | бу машиналары | күштер | бу машиналары | күштер | бу машиналары | күштер | | | |
| 1877 | 895 | 27 880 | 268 | 8 070 | 161 | 5 129 | 256 919 | 145 455 | 13 865 |
| 1893 | 2 853 | 115 429 | 550 | 21 330 | 585 | 30 759 | 444 646 | 238 630 | 54 670 |

Сонымен, Уралда бу күштерінің мөлшері тек $2^{1}/_{2}$ есе ғана артса, Оңтүстікте *алты есе* артты; жұмысшылар саны Уралда $1^{2}/_{3}$ есе, Оңтүстікте *төрт есе* дерлік артты **. Демек, тек капиталистік өнеркәсіп жұмысшылар

* Боголюбский мырза 1868 жылы тау-кен жұмысында қуаттылығы 13 575 аттың күшіндей 526 бу машинасы қолданылды деп есептеді.

** Уралда темір өндірісіндегі жұмысшылардың саны 1886 ж.— 145 910 адам, 1893 ж.— 164 126 адам болды; ал Оңтүстікте 5956 және 16 467 адам болды. $^{1}/_{8}$-ге (шамамен) және $2^{3}/_{4}$ есе өскен. 1902 жыл бойынша бу машиналары мен күштері жөнінде мәлімет жоқ. 1902 жылы бүкіл Россия бойынша (тұз өндірушілерден басқасы) тау-кен жұмысшыларының саны 604 972 болды, соның ішінде Уралда 249 805, ал Оңтүстікте 145 280.

еңбегінің өнімділігін мықтап арттырумен қатар, олардың санын да тез өсіреді.

Оңтүстікпен қатар Кавказ туралы да айту керек, реформадан кейінгі дәуірде оның тау-кен өнеркәсібі адам таңқаларлық өсуімен сипатталады. 60-жылдары шығарылған мұнай бір миллион пұтқа да (1865 ж. 557 мың) жетпеген болса, 1870 ж.— 1,7 млн. пұт, 1875—5,2 млн. пұт, 1880—21,5 млн. пұт, 1885 ж.— 116 млн. пұт, 1890 ж.— 242,9 млн. пұт, 1895 ж.— 384,0 млн. пұт, 1902 ж.— 637,7 млн. пұт болды. Мұнайдың барлығы дерлік Баку губерниясында өндіріледі, ал Баку қаласы «елеусіз қаладан 112 мың халқы бар Россиядағы ең көрнекті өнеркәсіп орталығына айналды» *. Мұнай өндіру және өңдеу өндірістерінің орасан зор өрге басуы нәтижесінде Россияда керосинді мейлінше көп пайдаланатын болды, ал мұның өзі американдық өнімдерді толығынан ығыстырып шығарды (фабрикада өңделетін өнімнің арзандауымен бірге адамның жеке басының тұтынуының артуы) және фабрикаларда, заводтарда және темір жолдарда мұнай қалдықтарын отын ретінде пайдалану бұрынғыдан да гөрі (өндіргіш тұтынудың артуы) арта түсті **. Кавказдың тау-кен өнеркәсібінде істейтін жұмысшылардың саны да тез өсті, атап айтқанда 1877 ж. 3431-ден 1890 ж. 17 603-ке дейін өсті, яғни *бес есе* артты.

Оңтүстіктегі өнеркәсіп құрылымын сипаттау үшін Дон бассейніндегі тас көмір өндірісі туралы мәліметтерді алайық (мұнда көмір кені орындарының орташа көлемі Россияның барлық қалған аудандарындағыдан гөрі кішірек). Көмір кені орындарын жұмысшылардың санына қарай топ-топқа бөлгенде біз мынаны көреміз ***:

* «Вестник Финансов», 1897 ж., № 21. 1863 ж. Бакуде 14 мың, 1885 ж.— 45,7 мың халық болды.

** 1882 ж. паровоздардың 62 проценттен астамы ағаш отын жақты, ал 1895/96 ж.— ағаш отын жаққаны 28,3%, мұнай жаққаны 30%, тас көмір жаққаны 40,9% болды. («Өндіргіш күштер», XVII, 62). Ішкі рынокты өзіне қаратып алған соң, мұнай өнеркәсібі сыртқы рыноктар іздеуге ұмтылды, сондықтан орыс капитализмі үшін сыртқы рыноктардың жоқтығы туралы сөз етуді сүйетін кейбір орыс экономистерінің данышпансыған сәуегейлігіне қарамастан, Азияға мұнай тасып шығару өте тез өсті. («Вестник Финансов», 1897 ж., № 32).

*** Мәліметтер «1890 жылғы тау-кен өнеркәсібі мәліметтерінің жинағында» көрсетілген кен орындарының тізбесінен алынды.

| Жұмысшылар санына қарай көмір кені орындарының топ-топқа бөлінуі | Дон бассейнінде | | | | | | 1 кен орнына келетіні | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны | | | Шығарылған көмір, мың пұт есебімен | Бу | | жұмысшылар | көмір, мың пұт есебімен | Бу | | 1 жұмысшыға келетін көмір, мың пұт есебімен |
| | көмір кені орындары | шахталар мен штольнялар | жұмысшылар | | машиналардың саны | күштерінің саны | | | машиналары | күштері | |
| I. 10-ға дейін жұмысшысы бар көмір кені | 27 | 31 | 172 | 178 | — | — | 6,4 | 6,6 | — | — | 1,0 |
| II. 10—25 » » | 77 | 102 | 1 250 | 3 489 | 8 | 68 | 16,2 | 45,3 | 0,1 | 0,8 | 2,8 |
| III. 25—100 » » | 119 | 339 | 5 750 | 28 693 | 62 | 766 | 48,3 | 241,1 | 0,5 | 6,4 | 4,9 |
| IV. 100—500 » » | 29 | 167 | 6 973 | 59 130 | 87 | 1 704 | 240,4 | 2 038,9 | 3 | 58,7 | 8,4 |
| V. 500—1000 » » | 5 | 67 | 3 698 | 23 164 | 24 | 756 | 739,6 | 4 632,8 | 4,8 | 151,2 | 6,3 |
| VI. 1000 және одан да көп жұмысшылары барлары | 3 | 16 | 5 021 | 53 605 | 29 | 1 724 | 1 673,7 | 17 868,3 | 9,6 | 574,6 | 10,6 |
| Жұмысшылар саны белгісіз көмір кені орындары | 9 | 40 | ? (2 296) | 15 008 | 18 | 808 | | | | | |
| *Барлығы* | 269 | 762 | 25 167 | 183267 | 228 | 5 826 | 93,5 | 681,3 | 0,9 | 21,6 | 7,3 |

Сонымен, осы ауданда (тек осы ауданда ғана) көмір өндіретін өте-мөте ұсақ, шаруалардың кен орындары бар, бірақ олар өзінің көптігіне қарамастан жалпы өндірісте мүлдем мардымсыз орын алады (көмір өндіретін 104 ұсақ кен орны бүкіл өндірілген көмірдің 2 процентін ғана береді) және еңбек өнімділігінің өте төмендігімен ерекше көзге түседі. Керісінше, көмір өндіретін аса ірі 37 кен орны бүкіл жұмысшының $^3/_5$ бөлігіне жуығын қамтып отыр және барлық өндірілген көмірдің 70 проценттен астамын береді. Көмір өндіретін кен орындарының көлемі артумен бірге тіпті машиналардың қолданылуына қарамастан еңбек өнімділігі артады (мәселен, бу күштерінің саны мен бір жұмысшыға келетін өндіріс мөлшері жөнінен көмір өндіретін кен орындарының V және III разрядтарын салыстырыңыз). Дон бассейнінде өндірістің шоғырлануы барған сайын арта түсуде: мәселен, 1882—1886, 4 жылдың ішінде 512 көмір жөнелтушінің 21-і әрқайсысы 5000 вагоннан астам (яғни 3 млн. пұт) тасып шығарған, ал бұлардың бәрі қосылып 480,8 мың вагон көмірдің 229,7 мың вагонын, яғни жартысынан кемін тасып шығарған. Ал төрт жыл ішінде, 1891—1895 ж., 872 көмір жөнелтуші болды, олардың ішінен 55 жөнелтуші әрқайсысы 5000 вагоннан астам көмір шығарды, олардың бәрі қосылып 1178,8 мың вагонның 925,4 мыңын, яғни барлық вагонның $^8/_{10}$-ін жөнелткен *.

Тау-кен өнеркәсібінің дамуы туралы келтірілген мәліметтердің екі тұрғыдан ерекше маңызы бар: 1-ден, бұл мәліметтер Россияның халық шаруашылығының барлық салаларында болып жатқан қоғамдық-экономикалық қатынастардың алмасуының мәнін өте айқын көрсетеді, 2-ден, бұл мәліметтер дамып келе жатқан капиталистік қоғамда өнеркәсіптің *өндіріс құрал-жабдықтарын,* яғни адамның жеке басының тұтыну заттарын емес, өндіргіш тұтыну заттарын даярлайтын салалары айрықша тез өсетіндігі жөніндегі теориялық қағиданы дәлелдейді. Тау-кен өнеркәсібінде екі укладқа да тән белгілерді сипаттайтын ерекше аудандардың бо-

* *Н. С. Авдаковтың* «Дон тас көмір өнеркәсібінің қысқаша статистикалық шолуы» деген кітабының мәліметтерінен. Харьков, 1896 ж.

луы салдарынан мұнда қоғамдық шаруашылықтың екі укладының алмасуы ерекше айқын сезіліп отыр: бір ауданда капиталистік дамуға дейінгі ескілікті, оған тән болған жабайы және мешеу техникасын, бір жерге маталған халықтың жеке басының тәуелділігін, сословиелік дәстүрлердің, монополиялардың және басқалардың беріктігін, екінші ауданда — дәстүр атаулының бәрінен біржола қол үзгендікті, техникалық төңкерісті және таза капиталистік машиналы индустрияның тез өскендігін көруге болады *. Бұл мысалдан халықшыл-экономистердің қатесі өте-мөте айқын көрінеді. Олар біздің кәсіпкерлердің егіншілікте жұмыспен өтеуді, өнеркәсіпте — жұмысты үй-үйге таратып беруді кеңінен қолданатындығын, олардың тау-кен жұмысында жұмысшыларды өндіріске байлап-матауға, ұсақ кәсіпорындар бәсекесіне заң жүзінде тыйым салуға тырысатынын және тағысын-тағыларды айта келіп, Россияда капитализмнің прогрестігін жоққа шығарады. Мұндай пайымдаулардың қисынсыздығы және мұнда тарихи перспективаны адам айтқысыз бұзушылық бірден көзге түседі. Шынында да, біздің кәсіпкерлердің капиталистік заманнан бұрынғы шаруашылық тәсілдерінің тиімді жақтарын пайдалануға тырысуы капитализмнің дамуына кедергі жасап отырған және көп реттерде заң күшімен сақталып отырған ескіліктің қалдықтарының есебіне жатқызылмай, біздің капитализмнің есебіне жатқызылуы тиіс екендігі қайдан шығып отыр? Мәселен, тау-кен өнеркәсібінің басқа бір ауданында жұмысшыларды өндіріске матап ұстап, бәсекеге тыйым салу ежелден осы уақытқа дейін сақталып келе жатқан болса, егер басқа бір ауданда завод иелері техника нашар болғанмен, жұмысшылар тым арзанға түскендіктеп және көнбісті болғандықтан шойын қорыту ісінде ешбір машақатсыз «тиынға тиын қосып, тіпті кейде бір тиын-

* Соңғы уақыттарда өмірдің жаңа жағдайларының әсерімен Урал да қайта құрыла бастады, ал бұл қайта құрылу темір жолдар Уралды «Россиямен» тығыз байланыстырған кезде бұдан да гөрі тездей түседі. Бұл жөнінде Урал рудасын Дон тас көміріне айырбастау үшін Уралды Оңтүстікпен темір жол арқылы қосу ниетінің айрықша маңызы болмақ. Урал мен Оңтүстік осы уақытқа дейін бір-бірімен бәсекеге түспей келді деуге болады, бұлар түрлі рыноктар үшін қызмет етіп, көбінесе қазына заказдарымен өмір сүріп келді. Бірақ қазына заказдары үнемі мол бола бермейді.

ға бір жарым тиын қосып» * алатын болса, Оңтүстік тау-кен өнеркәсіп иелерінің жұмысшыларды матап ұстауға және ұсақ кәсіпорындардың бәсекесіне заңмен тыйым салуға сусап отырғандығына таңдануға бола ма? Қайта, керісінше, осындай жағдайларда Россияның капиталистік дамуға дейінгі шаруашылық тәртіптерін дәріптеуге қабілеті жеткен адамдардың табылғанына, капитализмнің дамуына кедергі жасап отырған барлық ескірген тәртіптерді жою көкейтесті және толғағы жеткен қажетті мәселе екенін көрмей отырған адамдардың табылғанына таңдану керек емес пе **?

Екінші жағынан, тау-кен өнеркәсібінің өсуі туралы мәліметтер адамның жеке басының тұтынуына қажетті заттарды өндірудің өсуімен салыстырғанда, өндіргіш тұтыну заттары есебінен капитализмнің және ішкі рыноктың неғұрлым тез өсіп отырғандығын айқын көрсететіндігінен маңызды болып отыр. Мәселен, Н.— он мырза тау-кен өнеркәсібінің өнімдерінен ішкі сұранымның бәрін қанағаттандыруға «сірә, өте тез арада қол жететін болар» («Очерктер», 123) деп пайымдап, бұл жағдайды елемей отыр. Әңгіме мынада: металдарды, тас көмірді, тағы да сол сияқтыларды тұтыну мөлшері (1 адамға) капиталистік қоғамда өзгермей тұрмайды, өзгермеуі мүмкін де емес, қайта сөзсіз *арта түседі.* Жаңадан салынған темір жол торабының әрбір километрі, әрбір жаңа шеберхана, село буржуазиясы алған әрбір плуг тау-кен өнеркәсібі өнімдеріне сұраным мөлшерін *арттырады.* Мәселен, Россияда шойынды тұтыну 1851 жылдан 1897 жылға дейін 1 адамға шаққанда 14 қадақтан $1^1/_3$ пұтқа дейін өсті, сөйтсе де алдыңғы қатарлы елдердегі (Бельгия мен Англияда 1 адамға 6 пұттан астамнан келеді) шойынға деген сұраным мөлшеріне жету үшін әлгі соңғы мөлшердің өзі тағы да мықтап арта түсуі керек.

---

* Егуновтың «Майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі есептер мен зерттеулер» деген кітаптағы мақаласы. III том, 130-бет.

** Мәселен, Н.— он мырза өзінің барлық зарын капитализмге ғана бағыттады («Очерктердің», атап айтқанда Оңтүстік тау-кен өнеркәсіп иелері жөніндегі 211 және 296-беттерін салыстырыңыз), сөйтіп ол біздің тау-кен өнеркәсібіміздің капиталистік дамуға дейінгі құрылысына орыс капитализмінің қатынасын мүлдем бұрмалаған.

## V. КАПИТАЛИСТІК ІРІ КӘСІПОРЫНДАРДА ЖҰМЫСШЫЛАР САНЫ КӨБЕЙЕ МЕ?

Фабрика-завод және тау-кен өнеркәсібі туралы мәліметтерді талдай келіп, енді біз осы сұраққа жауап беруге тырысуымызға болады; бұл сұраққа халықшыл-экономистер соншалықты көп көңіл бөлген, бірақ олар мұны керісінше шешкен (В. В., Н.— он, Карышев, Каблуков мырзалар Россияда фабрика-завод жұмысшыларының саны — өскен күнде де — халық санынан баяу өсіп келеді деп дәлелдеді). Алдымен мынаны ескертейік: сұрақ не сауда-өнеркәсіп халқы егінші халықтың есесінен көбейе ме (бұл туралы кейінірек айтылады), не машиналы ірі индустриядағы жұмысшылар саны көбейе ме деп қойылуға тиіс. Дамып келе жатқан капиталистік қоғамда ұсақ өнеркәсіп орындарында немесе мануфактураларда жұмысшылардың саны өсуге тиіс деп тұжырым жасауға болмайды, өйткені фабрика өнеркәсіптің неғұрлым жабайы формаларын үнемі ығыстырып отырады. Жоғарыда толық көрсетілгендей, біздің фабрика-завод статистикамыздың мәліметтері *фабрикаға*, осы терминді ғылыми мағынасында алғанда, үнемі қатысты бола бермейді.

Біздің назарымызды аударып отырған мәселе жөніндегі деректерді қарастыру үшін біз, 1-ден, барлық өндірістер туралы мәліметтерді; 2-ден, ұзақ уақытты қамтитын мәліметтерді алуымыз керек. Тек осындай жағдайда ғана мәліметтердің азды-көпті салыстыруға келетіндігі қамтамасыз етіледі. Біз 1865 және 1890 жылдарды,— реформадан кейінгі жиырма бес жылдық кезеңді аламыз. Қолда бар статистикалық мәліметтерді қорытындылайық. Фабрика-завод статистикасы 1865 жыл бойынша неғұрлым толық мәліметтер келтірді, онда арақ-шарап жасайтын, сыра ашытатын, қызылша-қант және темекі өндірістерін қоспағанда, Европалық Россиядағы барлық өндірістерде фабрика-завод жұмысшылары 380 638 адам деп есептейді *. Бұл өндірістерде-

* «Финанс министрлігінің ведомствосы бойынша мәліметтер мен материалдар жинағы», 1867, № 6. Қазіргі кездегі мәліметтермен салыстыру үшін тек сол деректердің мәліметтерін, яғни финанс министрлігінің мәліметтерін ғана алуға болатындығы жоғарыда көрсетілді.

гі жұмысшылардың санын анықтау үшін бірден-бір қолда бар дерек — «Әскери-статистикалық жинақтың» мәліметтерін алуға тура келеді, бірақ бұл мәліметтер, жоғарыда дәлелденгеніндей, түзетіліп алынуы керек. Аталған өндірістердегі * 127 935 жұмысшыны қосқанда, Европалық Россияда 1865 жылғы фабрика-завод жұмысшыларының барлық санының жинағы (акциз салынған және салынбаған өндірістер бойынша) *508 573 адам* болып шығады **. 1890 жылдың мұндай цифры *839 730 адам* болады ***. Сонда 65 процентке өскен, яғни халықтың өсуінен едәуір артық. Алайда, *іс жүзінде жұмысшылардың өсуі бұл цифрларда көрсетілгеннен сөзсіз көп екенін* есте ұстау қажет: 1860 жылдар бойынша фабрика-завод статистикасының мәліметтерінің оларға ұсақ майдагерлік, қолөнерлік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарды, сондай-ақ үйде істейтін жұмысшыларды қосып есептеудің салдарынан асырып көрсетілгені жоғарыда толық дәлелденген. Амал не, материал жеткіліксіз болғандықтан, біз бұл асырып көрсетушіліктің бәрін бірдей толық түзете алмаймыз, ал ішінара түзетуден сақтана тұруды жөн көрдік, өйткені төменде аса ірі фабрикалардағы жұмысшылардың саны туралы неғұрлым толық мәліметтер келтіріледі.

Тау-кен завод статистикасына көшейік. 1865 жылы тау-кен жұмысшыларының саны тек мыс пен темір өндірістері, сондай-ақ алтын мен платина кендері бойынша көрсетілген; Европалық Россия бойынша — *133 176 адам* ****. 1890 жылы нақ осы өндірістерде *274 748*

* Сыра ашытатын өндірісте 6825 адам істеді; мұнда да асырып көрсетушілік бар, бірақ түзету үшін мәліметтер жоқ; қызылша-қант өндірісінде 68 334 адам («Финанс министрлігінің Әржылдығы» бойынша); темекі өндірісінде 6116 адам (түзетілген) және арақ-шарап жасайтын өндірісте 46 660 адам (түзетілген).

** Т.-Барановский мырза 1866 жыл бойынша Вешняков мырзаның цифрын келтіреді — 493 371 адам («Фабрика», 339-бет). Біз келтіріп отырған цифрлардан сәл ғана айырмашылығы бар бұл цифрдың қандай ретпен алынғанын білмейміз.

*** 1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша. Жалпы қорытындыдан, 875 764 адамнан тау-кен статистикасында қайталап көрсетілген жұмысшыларды, атап айтқанда: асфальт өндірісіндегі 291, тұз қайнату өндірісіндегі 3468 және рельс өндірісіндегі 32 275 жұмысшыны шығарып тастау керек.

**** 60-жылдардағы тау-кен жұмысшыларының саны туралы мыналарды қараңыз: «Статистикалық уақытнама», I, 1866 ж.— «Финанс министрлігінің Әржылдығы», I.— 1864—1867 жылдардағы «Тау-кен жөніндегі статистикалық мәліметтер жинағы». СПБ. 1864—1867 тау-кен ғылыми комитетінің басылымы.

*адам, яғни екі еседен астам көп жұмысшы* болды *. Бұл соңғы сан Европалық Россиядағы 1890 жылғы тау-кен жұмысшыларының барлық санының 80,6 процентін құрайды; көрсетілген өндірістерде 1865 жылы да тау-кен жұмысшыларының барлық санының 80,6 процентін қамтыды деп алсақ **, барлық тау-кен жұмысшылары 1865 жылы — *165 230 адам*, ал 1890 жылы — *340 912 адам* болады. Сонда 107 процентке өскен.

Содан соң, капиталистік ірі кәсіпорындардағы жұмысшылардың есебіне темір жол жұмысшылары да жатады. 1890 жылы Европалық Россияда Польша мен Кавказды қосқанда бұлардың саны *252 415 адам* болды ***. 1865 жылғы темір жол жұмысшыларының саны белгісіз, бірақ оны жеткілікті дәрежеде біршама дәл анықтауға болады, өйткені темір жол жүйесінің 1 шақырымына келетін жұмысшы санының ауытқу мөлшері мәз емес. Шақырымына 9 жұмысшыдан есептегенде, 1865 жылғы темір жол жұмысшыларының саны — *32 076 адам* болады ****.

* «1890 жылғы тау-кен завод өнеркәсібі туралы статистикалық мәліметтер жинағы». СПБ. 1892. Бұл «Жинақ» бойынша Европалық Россияда барлығы 342 166 жұмысшы болған, ал керосин заводтарындағы («Көрсеткіште» есептелген) жұмысшыларды шығарып тастағанда және кейбір ұсақ қателерді түзеткенде — 340 912 адам қалады.

** Қалған тау-кен өндірістерінің ішінде жұмысшыларының саны, тегі, баяу өскендері де (тұз өндірісі) бар; жұмысшыларының саны өте мықтап өсуге тиістілері де (тас көмір, тас ұсату өндірістері) болды; 1860 жылдары мүлдем болмаған өндірістер де (мәселен, сынап өндірісі) кездеседі.

*** «Темір жолдар мен ішкі су жолдарына статистикалық шолу». СПБ. 1893, 22-бет. Қатынас жолдары министрлігінің басылымы. Амал не, Европалық Россияны ғана бөліп көрсетуге біздің мәліметтеріміз болмады. Темір жол жұмысшыларының біз тек тұрақтыларын ғана емес, уақытша істейтіндерін де (10 447 адам), күндікшілерін де (74 504) есептейміз. Уақытша жұмысшыға жылына ұсталатын қаражат орта есеппен 192 сом, күндікшіге 235 сом. Күндікшінің күндік орташа ақысы 78 тиын. Демек, уақытша жұмысшылар да, күндікші жұмысшылар да жылдың көп уақытын осы жұмыстарда өткізеді, солай болғандықтан, Н.— он мырза тәрізді («Очерктер», 124) бұларды қалдырып кету дұрыс емес.

**** Темір жол жүйесінің 1 шақырымына темір жол жұмысшысы 1886 ж.— 9,0; 1890 ж.— 9,5; 1893 ж.— 10,2; 1894 ж.— 10,6; 1895 ж.— 10,9-дан келді; сонымен, бұл сан бірден бірге өсе беруге айқын бағыт алып отыр. 1890 және 1896 жылдардағы «Россия бойынша мәліметтер жинағын» және «Вестник Финансов», 1897, № 39, қараңыз.— Ескерте кетелік, бұл параграфта біз 1865 және 1890 жылдардағы мәліметтерді салыстырумен ғана шұғылданып отырмыз; сондықтан бүкіл империядағы темір жол жұмысшыларының санын алсақ та немесе тек Европалық Россиядағы темір жол жұмысшыларының санын алсақ та; 1 шақырымға 9 адамнан алсақ та немесе одан кем алсақ та; тау-кен өнеркәсібінің барлық тарауларын алсақ та немесе олардың ішіндегі 1865 жылғы мәліметтері барларын алсақ та,— бұлардың қайсысын алсақ та бәрібір.

Есебіміздің қорытындысын шығарайық.

*Капиталистік ірі кәсіпорындардағы жұмысшылардың саны (мың есебімен)*

| Жылдар | Фабрика-завод өнеркәсібінде | Тау-кен өнеркәсібінде | Темір жолдарда | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| 1865 | 509 | 165 | 32 | 706 |
| 1890 | 840 | 340 | 252 | 1 432 |

Сонымен, капиталистік ірі кәсіпорындардағы жұмысшылардың саны 25 жылдың ішінде екі еседен астам көбейген, яғни ол жалпы халықтан ғана емес, тіпті қала халқынан да анағұрлым тез өскен *. Демек, жұмысшылардың егіншіліктен және ұсақ кәсіпшіліктерден ірі өнеркәсіп орындарына барған сайын көбірек ауысып отырғандығында күмән жоқ **. Біздің халықшылдар өте жиі пайдаланып жүрген және тым орынсыз қиянат жасап жүрген статистикалық мәліметтер осылай деп отыр. Олардың статистикаға қиянат жасаушылығы мынадай, шын мәнісінде шектен шыққан тәсіл болып отыр: *фабрика-завод жұмысшыларының* саны *бүкіл халық* санының қаншасы екенін алады (!) да, содан шыққан цифрға (1% шамасы) сүйеніп, бұл «ат төбеліндей аз ғана» *** жұмысшы түкке де тұрмайды деп лепіреді. Каблуков мырза, мәселен, «Россиядағы фабрика жұмысшылары» **** халықтың неше проценті екенін осылай

* Европалық Россияда қала халқы 1863 ж. 6,1 млн., ал 1897 ж.— 12,0 млн. болды.

** Капиталистік ірі кәсіпорындардағы жұмысшылардың саны туралы ең жаңа мәліметтер мынадай. Акциз салынбаған кәсіпорындардағы фабрика-завод жұмысшыларының саны туралы 1900 жылғы мәліметтер бар; акциз салынған кәсіпорындар туралы 1903 жылғы мәліметтер бар. Тау-кен жұмысшылары туралы 1902 жылғы мәліметтер бар. Темір жол жұмысшыларының санын жолдың 1 шақырымына 11 адамнан келеді деп есептеп шығаруға болады (1904 жылдың 1 январындағы мәліметтер). Қараңыз: «Россияның Әржылдығы», 1906 және 1902 жылғы «Тау-кен завод өнеркәсібі туралы мәліметтер жинағы».

Осы мәліметтерді жинақтағанда мынадай болады: Европалық Россияның 50 губерниясында 1900—1903 жылдары фабрика-завод жұмысшылары — 1 261 571; тау-кен жұмысшылары — 477 025; темір жол жұмысшылары — 468 941. Барлығы 2 207 537. Бүкіл Россия империясында фабрика-завод жұмысшылары — 1 509 516; тау-кен жұмысшылары— 626 929; темір жол жұмысшылары — 655 929. Барлығы 2 792 374. Тексте айтылғандарды осы цифрлар да толық дәлелдейді. *(2-басылуына ескерту).*

*** Н.— он, l. c., 326 және басқалар.

**** «Ауыл шаруашылық экономиясы жөніндегі лекциялар», М., 1897, 14-бет.

есептеп шығаруды қайталай келіп, былай деп жалғастырады: «Ал Батыста (!!) өңдеу өнеркәсібінде істейтін жұмысшылар санының...» («фабрика жұмысшылары» мен «өңдеу өнеркәсібіндегі жұмысшылардың» бір-бірінен мүлдем өзгеше екені әрбір гимназиске айқын емес пе?)... «бүкіл халыққа арақатысы мүлдем басқаша», атап айтқанда, Англияда 53 проценттен Францияда 23 процентке дейін барады. «Олардағы және біздегі фабрикалық жұмысшылар (!!) табы жөніндегі айырмашылықтың соншалықты зор екенін, біздегі дамудың барысын батыс европалық дамудың барысымен теңеу жөнінде сөз болуы да мүмкін емес екенін көру қиын емес». Ал енді осыны жазып отырған әрі профессор, әрі статистика маманы! Ол әдетте болып көрмеген батылдықпен екі бірдей бұрмалаушылыққа қатар жол беріп отыр: 1) фабрика жұмысшылары өңдеу өнеркәсібіндегі жұмысшылармен алмастырылған; 2) ал өңдеу өнеркәсібіндегі жұмысшылар өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыстармен айналысып жүрген халықпен алмастырылған. Бұл айырмашылықтардың маңызын біздің оқымысты статистиктерімізге түсіндірелік. Францияда, 1891 жылғы санақ бойынша, өңдеу өнеркәсібінде істейтін жұмысшылар 3,3 миллион — халықтың оннан бірінен кемірек (кәсібіне қарай бөлінген халық 36,8 млн; кәсібіне қарай бөлінбегені 1,3 млн.) болды. Бұл — тек фабрика жұмысшылары ғана емес, барлық өнеркәсіп орындары мен өндірістерінде істейтін жұмысшылар. Ал өңдеу өнеркәсібінде істейтін халық 9,5 млн. (бүкіл халықтың 26 процентке жуығы) болды; мұнда жұмысшылар санына қожайындар және басқалар (1 млн.), одан соң қызметшілер — 0,2 млн., *семья мүшелері* — 4,8 млн. және үй қызметшілері — 0,2 млн. қосылған *. Россиядағы тиісті арақатынастарды көрсету үшін мысалға жекелеген орталықтарды алуға тура келеді, өйткені бүкіл халық бойынша олардың шұғылданатын кәсібі жөнінде статистика бізде жоқ. Біз бір қала орталығын, бір село орталығын алайық. Петербургте 1890 жылы фабрика-завод статистикасы фабрика-завод жұмысшылары 51 760

* «The Statesman's Yearbook», 1897, page 472 («Саяси Әржылдық», 1897, 472-бет. *Ред.*)

(«Көрсеткіш» бойынша) болды деп есептеді, ал С.-Петербургтің 1890 жылғы 15 декабрьдегі санағы бойынша өңдеу өнеркәсібінде 341 991 еркек және әйел істеген, олар былайша бөлінеді *:

| | *Барлық еркектер мен әйелдердің саны* | | |
|---|---|---|---|
| | Дербес адамдар (яғни өздігінен күнелтіс жасай алатындар) | Семья мүшелері және үй қызметшілері | Барлығы |
| Қожайындар | 13 853 | 37 109 | 50 962 |
| Әкімшілік (қызметшілер) | 2 226 | 4 574 | 6 800 |
| Жұмысшылар | 148 111 | 61 098 | 209 209 |
| Жеке-даралар | 51 514 | 23 506 | 75 020 |
| *Барлығы* | 215 704 | 126 287 | 341 991 |

Екінші мысал: Нижегород губерниясының Горбатов уезіндегі Богородское селосында (бұл, жоғарыда көргеніміздей, егіншілікпен айналыспайды және өзі тұтас «бір былғары заводы іспетті») 1890 жылғы «Корсеткіш» бойынша *фабрика-завод жұмысшыларының саны 392* деп есептеледі, ал кәсіпшілікпен айналысатын халық саны, 1889 жылғы земство санағы бойынша, 8 мыңға жуық (бүкіл халық = 9241 адам; кәсіпшілігі бар семьялар $^{9}/_{10}$-дан кобірек). Н.— он, Каблуков және олармен сыбайлас мырзалар осы цифрлар туралы ойлап көрсінші!

*Екінші басылуына қосымша.* Қазіргі уақытта бізде бүкіл халық айналысатын кәсіптердің статистикасы туралы 1897 жылғы жаппай санақ мәліметтерінің қорытындысы бар. Бүкіл Россия империясы бойынша біз қорытып шығарған мәліметтер мынадай ** (миллион есебімен):

* «С.-Петербург 1890 жылғы санақ бойынша». СПБ. 1893 ж., II—XV кәсіпшілік жұмысындағы топтардың жиыны алынған. Кәсіпшілік жұмыстарда барлығы 551 700 адам болды, осының ішінен 200 748 адам сауда, жүк тасу және трактир өнеркәсібінде істеді. «Жеке-даралар» деп жалдама жұмысшылары жоқ, ұсақ өндірушілер айтылып отыр.

** «1897 ж. 28/I жүргізілген бірінші жаппай халық санағы мәліметтерінің нәтижесін қорытындылаудың империя бойынша жалпы жиынтығы». Орталық статистика комитетінің басылымы, II т., XXI кесте, 296-бет. Кәсіп топтары менде былай жасалды: а) 1,2 және 4; б) 3 және 5 — 12; в) 14 және 15; г) 16 және 63—65; д) 46—62; е) 41—45; ж) 13; з) 17—21; и) 22—40.

| Кәсіптер | Дербес адамдар | Семья мүшелері | Барлық халық |
|---|---|---|---|
| | Еркектер мен әйелдер | | |
| а) Чиновниктер және әскер | 1,5 | 0,7 | 2,2 |
| б) Дін басылары және серікті мамандық иелері | 0,7 | 0,9 | 1,6 |
| в) Рантье және пенсионерлер | 1,3 | 0,9 | 2,2 |
| г) Еркінен айрылғандар, жезөкшелер, кәсібі анықталмағандар, белгісіздер | 0,6 | 0,3 | 0,9 |
| *Өнім өндірумен айналыспайтын халықтың жиыны* | *4,1* | *2,8* | *6,9* |
| д) Сауда | 1,6 | 3,4 | 5,0 |
| е) Қатынас және байланыс жолдары | 0,7 | 1,2 | 1,9 |
| ж) Жеке қызметшілер, үй қызметшілері, күндікшілер | 3,4 | 2,4 | 5,8 |
| *Өнім өндірумен жартылай айналысатын халықтың жиыны* | *5,7* | *7,0* | *12,7* |
| з) Ауыл шаруашылығы | 18,2 | 75,5 | 93,7 |
| и) Өнеркәсіп | 5,2 | 7,1 | 12,3 |
| *Өнім өндірумен айналысатын халықтың жиыны* | *23,4* | *82,6* | *106,0* |
| *Барлығы* | 33,2 | 92,4 | 125,6 |

Фабрика-завод жұмысшыларының санын бүкіл халықпен салыстыратын халықшылдық тәсілдің қисынсыздығы туралы жоғарыда айтылғандарды осы мәліметтердің толық дәлелдейтінін айтпаса да болады.

Россияның бүкіл халқын кәсібіне қарай бөлу жөнінде келтіріліп отырған мәліметтерді Россиядағы бүкіл товар өндірісі мен капитализмнің негізі болып табылатын *қоғамдық еңбек бөлінісін* бейнелеу үшін ең алдымен топтап жинақтау көңіл бөлерлік нәрсе. Осы тұрғыдан қарағанда бүкіл халық ірі-ірі үш бөлімшеге бөлінуге тиіс: I. Ауыл шаруашылық халқы. II. Сауда-өнеркәсіп халқы. III. Өнім өндірумен айналыспайтын (дәлірек айтқанда: шаруашылық қызметке қатыспайтын) халық. Жоғарыда келтірілген тоғыз топтың (а—и) тек біреуін ғана осы негізгі үш бөлімшенің бірде-біріне

тікелей және бүтіндей жатқызуға болмайды. Бұл атап айтқанда *ж* тобы: жеке қызметшілер, үй қызметшілері, күндікшілер. Бұл топты *шамамен* сауда-өнеркәсіп халқы мен ауыл шаруашылық халқына ажыратып бөлу керек. Бұлардың алғашқысына біз осы топтың қалаларда тұрады деп көрсетілген бөлігін (2,5 млн.), ал екіншісіне — уездерде тұратындарын (3,3 млн.) жатқыздық. Сонда Россияның бүкіл халқының бөліну жайы мынадай болып шығады:

| | | |
|---|---|---|
| Россияның ауыл шаруашылық халқы | 97,0 | млн. |
| Сауда-өнеркәсіп халқы | 21,7 | » |
| Өнім өндірумен айналыспайтын халқы | 6,9 | » |
| *Барлығы* | 125,6 | млн. |

Мұнан, бір жағынан, товар айналысының және, демек, товар өндірісінің Россияда аяғын нық басып тұрғандығы айқын көрінеді. Россия — капиталистік ел. Екінші жағынан, мұнан Россияның өзінің экономикалық дамуы жағынан, басқа капиталистік елдермен салыстырғанда, әлі өте артта қалып отырғандығы көрінеді.

Одан соң. Біздің осы шығармада жасаған талдаудан кейін бүкіл Россия халқының өзінің *таптық* жағдайына қарай, яғни өндірістің қоғамдық құрылысындағы алатын орнына қарай қандай *негізгі* категорияларға бөлінетінін *шамамен* анықтау үшін бүкіл Россия халқының кәсібі жөніндегі статистиканы пайдалануға болады және пайдалану керек те.

Осылайша — әрине, тек шамамен ғана — анықтауға шаруалардың негізгі экономикалық топтарға жалпы қалай бөлінетінін білетіндігіміз ғана мүмкіндік береді. Ал Россияның ауыл шаруашылық халқының бүкіл бұқарасын шаруалар деп есептеуге әбден болады, өйткені жалпы қорытындыда помещиктердің саны мүлдем жартымсыз. Оның үстіне помещиктердің бірсыпырасы рантье, чиновниктер, жоғарғы сановниктер және т. т. қатарында есептеліп кеткен. Ал 97 миллион шаруалар бұқарасын негізгі үш топқа айыру қажет: төменгі топ — халықтың пролетарлық және жартылай пролетарлық тобы; орташа топ — өте кедей ұсақ қожайындар және

жоғарғы топ — ауқатты ұсақ қожайындар. Түрліше *таптық* элементтер ретінде бұл топтардың негізгі экономикалық белгілерін біз жоғарыда толық талдап өттік. Төменгі топ — жарлылар, бұлар негізінен түгелдей немесе жартылай *жұмыс күшін сатып* күнелтеді. Орташа топ— өте кедей ұсақ қожайындар, өйткені орта шаруа ең тоқшылық деген жылдың өзінде әрең-әрең күнелтеді, бірақ оның күнелтісінің *негізгі* көзі — «дербес» (әрине, аты ғана дербес) *ұсақ шаруашылық*. Ақырында, жоғарғы топ — ауқатты ұсақ қожайындар, бұлар аздыкөпті бірсыпыра батырақтар мен үлесті жері бар күндікшілерді және жалпы жалдама жұмысшы атаулыны қанап отырады.

Бұл топтардың шамамен жалпы қорытындыдағы үлесі: 50%, 30% және 20%. Жоғарыда біз үнемі үйлер немесе шаруашылықтар санының үлесін алып отырдық. Енді халық санының үлесін аламыз. Бұл өзгерістен төменгі топ өсіп ұлғаяды да, жоғарғы топ азайып, кеми түседі. Демек, нақ сондай өзгерістердің өткен он жылдың ішінде Россияда болғандығында күмән жоқ, мұны шаруалардың атсыз қалуы және күйзеліске ұшырауы, деревняларда қайыршылықтың және жұмыссыздықтың өсуі және т. т. даусыз дәлелдеп отыр.

Демек, ауыл шаруашылық халқының 48,5 миллионға жуығы пролетарлар мен жартылай пролетарлар; 29,1 миллионға жуығы өте кедей ұсақ қожайындар және олардың семьялары, 19,4 миллионға жуығы ауқатты ұсақ шаруашылықтардағы халық болып шығады.

Мұнан кейін сауда-өнеркәсіп халқын және өнім өндірумен айналыспайтын халықты қалай бөлуге болады деген сұрақ туады. Соңғысында халықтың анық ірі буржуазиялық элементтері бар: бүкіл рантье («капиталдан және қозғалмайтын мүліктен түскен табыспен өмір сүрушілер» — біздің статистикамыздағы 14-топтың бірінші бөлімшесі — 0,9 млн.), одан соң буржуазиялық интеллигенцияның бірсыпырасы, әскери және азаматтық ірі чиновниктер және т. б. бар. Бұған не бары $1^1/_2$ миллионға жуық адам жатады. Сол өнім өндірумен айналыспайтын халықтың ішінде екінші жақта армияның, флоттың, жандармдардың, полицияның төменгі қызмет-

керлері (1,3 миллионға жуық), үй қызметшілері және толып жатқан күтуші адамдар (не бары 1/2 миллионға дейін), 1/2 миллион дерлік қайыршылар, қаңғыбастар және т. с., т. б. бар. Бұл арада негізгі экономикалық типтерге неғұрлым жақын тұрған топтарды тек қана шамамен бөлуге болады: 2 миллионға жуығын пролетар және жартылай пролетар халыққа (біразы люмпендер), 1,9 миллионға жуығын өте кедей ұсақ қожайындарға және 1,5 миллионға жуығын ауқатты ұсақ қожайындарға жатқызуға болады, солардың ішінде қызметшілердің, әкімшіліктің, буржуазиялық интеллигенцияның көпшілігі және т. б. бар.

Ақырында, сауда-өнеркәсіп халқының ішінде бәрінен де пролетариаттың көп екені, пролетариат пен ірі буржуазияның арасындағы қайшылықтың барған сайып тереңдей түсетіндігі сөзсіз. Бірақ санақта бұл халықтың қожайып, жеке-дара, жұмысшы және т. т. болып бөлінетіндігі туралы ешқандай мәлімет жоқ. Петербургтің өндірістегі жағдайларына қарай бөлінген өнеркәсіп халқы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді үлгі ретінде алуға тура келеді. Осы мәліметтерге сүйеніп, шамамен 7 процентке жуығын ірі буржуазияға, 10 процентін ауқатты ұсақ қожайындарға, 22 процентін өте кедей ұсақ қожайындарға және 61 процентін пролетариатқа жатқызуға болады. Бүкіл Россия бойынша өнеркәсіптегі ұсақ өндіріс, Петербургтегіден гөрі, әрине, анағұрлым өміршең келеді, бірақ оның есесіне біз үйлерінде отырып қожайындардың жұмысын істейтін жеке-даралар және майдагерлер бұқарасын жартылай пролетар халыққа жатқызбай отырмыз. Демек, жалпы және тұтас алғанда, осы арақатынастардың шындық жағдайдан айырмашылығы, сірә, онша болмаса керек. Сонда сауда-өнеркәсіп халқының 1,5 миллионға жуығы ірі буржуазия, 2,2 миллионға жуығы ауқатты, 4,8 миллионға жуығы мұқтаждық көруші ұсақ өндірушілер және 13,2 миллионға жуығы пролетар және жартылай пролетар халық болып шығады.

Ауыл шаруашылық, сауда-өнеркәсіп халқын және өнім өндірумен айналыспайтын халықты қосқанда, Рос-

сияның бүкіл халқы таптық жағдайына қарай шамамен былай бөлінеді.

| | Еркек-әйелін қосқандағы барлық халық |
|---|---|
| Ірі буржуазия, помещиктер, жоғарғы шендегілер және басқалар | 3,0 миллионға жуық |
| Ауқатты ұсақ қожайындар | 23,1 » » |
| Аса кедей ұсақ қожайындар | 35,8 » » |
| Пролетарлар * мен жартылай пролетарлар | 63,7 » » |
| *Барлығы* | 125,6 миллионға жуық. |

Россияның экономикасы жөніндегі бұл сияқты «үстірт» түсінікке қарсы біздің кадет және кадеттерге еліктеуші экономистеріміз бен саясатшыларымыздың ызалы дауыс көтеретіндігіне біз шүбә келтірмейміз. Өйткені егжей-тегжейлі талдауда экономикалық қайшылықтардың тереңдігін көмескілендіре түсу және сонымен қатар осы қайшылықтардың *тұтастығы* жөніндегі социалистік көзқарастың «тұрпайылығына» шағым ету соншалықты қолайлы, соншалықты тиімді ғой. Біздің шығарып отырған қорытындымызды бұлай сынаудың, әрине, ғылыми маңызы жоқ.

Қайсыбір цифрлардың *қаншалықты дәрежеде* жақып келетіндігі жөнінде, әрине, жекелеген алшақтықтар болуы мүмкін. Осы тұрғыдан қарағанда Лосицкий мырзаның: «1897 жылғы санақ бойынша Россияның халқы туралы этюдтер» («Мир Божий», 1905, № 8) деген еңбегі атап өтуге тұрарлық. Автор жұмысшылар мен үй қызметшілерінің саны туралы санақтың тікелей мәліметтерімен пайдаланды. Осы мәліметтер бойынша ол Россияның пролетар халқы 22 млн.; — шаруалар мен жер иеленуші халқы 80 млн.; сауда мен өнеркәсіптегі қожайындар мен қызметшілер 12 миллионға жуық және кәсіпшілікпен айналыспайтын халық 12 миллионға жуық деп анықтады.

Бұл мәліметтер бойынша, пролетариаттың саны біз шығарған қорытындыларға жуықтайды **. «Табысқа»

---

* Бұлар 22 миллионнан кем емес. Қараңыз: төменде.

** Бұл жерде жұмысшылар мен үй қызметшілері жайындағы Лосицкий мырза пайдаланған статистика жөнінде тәптештеп жатуға

тәуелді болып отырған кедей шаруалардың ішінде, қолөнершілердің және т. с. ішінде жартылай пролетар халықтың орасан көп бұқарасы бар екенін бекер деу — Россияның экономикасы жайындағы барлық мәліметтерді әжуә етіп қорлау болар еді. Жартылай пролетар халықтың саны орасан көп екеніне күмәнданбау үшін Европалық Россияның бір өзінде ғана $3^1/_4$ млн. аты жоқ *үйлер* бар екенін, 3,4 млн. үйде бір аттан ғана бар екенін, аренда, «табыс», бюджеттер және басқалар жөніндегі земство статистикасының мәліметтері жиынтығын еске түсірсек те болғаны. Пролетар және жартылай пролетар халықты қосқанда екеуі шаруалар санының жартысына ғана тең болады деп есептеу оның санын тіпті де асырып көрсеткендік емес, тегі, кемітіп көрсеткендік болады. Ал егіншіліктен тыс халықтың ішінде пролетар және жартылай пролетар халықтың процент мөлшері мұнан да жоғары екені сөзсіз.

Одан әрі, егер біртұтас экономикалық бейнені ұсақтап жіберейін демесең, сауда-өнеркәсіп әкімшілігінің, қызметшілерінің, буржуазиялық интеллигенцияның, чиновниктердің және тағы сондайлардың едәуір бөлігін ауқатты ұсақ қожайындар қатарына жатқызу қажет. Мұндай халықтың санын өте жоғары цифрмен белгілеп, бәлкім, бұл жөнінде біз әсіре сақтық еткен болармыз: аса кедей ұсақ қожайындардың санын көбейтіп, ауқаттыларының санын кемітіп көрсетуге болатындығы әбден мүмкін. Бірақ бұл сияқты бөлудің статистикалық тұрғыдан сөзсіз дәл болуы міндетті емес.

Статистика барлық жағынан талдау жасалып анықталған қоғамдық-экономикалық қатынастарды көрсетуге тиіс, ал бірақ мұның өзі жалаң мақсатқа айналып кетпеуі керек, бізде көбінесе осылай болып жүр. Россия халқының ішінде ұсақ буржуазиялық топтардың көп екенін бүркемелеу біздің экономикалық шындық жағдайымызды тура бұрмалағандық болар еді.

---

орын жоқ. Бұл статистика, тегінде, жұмысшылардың санын едәуір *кемітіп* көрсетуден құр емес сияқты.

### VI. БУ ДВИГАТЕЛЬДЕРІ СТАТИСТИКАСЫ

Бу двигательдерін өндірісте қолдану машиналы ірі индустрияның неғұрлым ерекше белгілерінің бірі болып табылады. Сондықтан бұл мәселе жөніндегі қолда бар мәліметтерді қарау өте орынды. 1875—1878 жылдардағы бу двигательдерінің санын «Россия империясындағы бу двигательдері статистикасы жөніндегі материалдардан» білуге болады (СПБ. 1882. Орталық статистика комитетінің басылымы) *. 1892 жыл бойынша біздің қолымызда «Фабрика-завод өнеркәсібі туралы мәліметтер жиынтығының» цифрлары бар, ол бүкіл фабрика-завод жәпе тау-кен өндірістерін қамтиды. Бұл мәліметтерді салыстырғанда мынадай болып шығады:

*Өнеркәсіптегі бу двигательдерінің саны*

| | 1875—1878 ж. ж. | | | 1892 ж. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бу қазандар | Бу машиналар | Бұлардың күші | Бу қазандар | Бу машиналар | Бұлардың күші |
| Европалық Россия (50 губерния) | 7 224 | 5 440 | 98 888 | 11 272 | 10 458 | 256 469 |
| Польша | 1 071 | 787 | 14 480 | 2 328 | 1 978 | 81 346 |
| Кавказ | 115 | 51 | 583 | 514 | 514 | 5 283 |
| Сибирь және Түркстан | 100 | 75 | 1 026 | 134 | 135 | 2 111 |
| *Империя бойынша барлығы* | 8 510 | 6 353 | 114 977 | 14 248 | 13 085 | 345 209 |

16 жылдың ішінде бу двигательдерінің саны күш мөлшері жағынан алғанда Россияда *үш есе,* ал Европалық Россияда *$2^1/_2$ есе* өскен. Бу машиналарының саны аз өсті, бірақ соның өзінде бу машинасының орташа күші едәуір артты, атап айтқанда, Европалық Россияда 18 аттың күшінен 24 аттың күшіне дейін көтерілді, ал Польша Патшалығында 18 аттың күшінен 41 аттың күшіне дейін көтерілді. Демек, машиналы ірі индустрия осы уақыттың ішінде өте тез өсті. 1875—1878 жылдары

* 1892 жылмен салыстыру үшін өндірістердің 13 тобынан мына топтарды: I) (ауыл шаруашылығы), XII (баспахана және литография) және XIII («су құбырлары» және басқалар) шығарып тастаймыз. Локомобильдер бу машиналарымен қоса есептелген.

бу күштерінің саны жөнінен мына губерниялар басқалардан алда болды: С.-Петербург (17 808), Москва (13 668), Киев (8363), Пермь (7348), Владимир (5684),— осы 5 губернияда барлығы 52 871 аттың күшіндей бу күші болды, бұл Европалық Россиядағы барлық күштің 3/5-дей,— олардан кейін Подольск (5480), Петроков (5071), Варшава (4760) губерниялары. 1892 ж. бұл рет тәртібі өзгереді: Петроков (59 063), С.-Петербург (43 961), Екатеринослав (27 839), Москва (24 704), Владимир (15 857), Киев (14 211) — соңғы 5 губернияда 126 572 аттың күшіне тең, яғни Европалық Россиядағы барлық бу күшінің 1/2-іне жуық болды, содан кейін Варшава (11 310) және Пермь (11 245) губерниялары келеді. Бұл цифрлар Польша мен Оңтүстікте жаңа екі индустриялық орталықтың құрылғанын айқын көрсетеді. Петроков губерниясында бу күштерінің саны 11,6 есе, Екатеринослав пен Дон губернияларын қосып есептегенде * бу күштерінің мөлшері 2834 аттың күшінен 30 932 аттың күшіне дейін, яғни 10,9 есе өсті. Соншалық тез өскен осы индустриялық орталықтар ең соңғы орыннан алдыңғы орынға шықты және ескі өнеркәсіп орталықтарын кейін ығыстырып тастады. Осы мәліметтерден де *өндіргіш* тұтыну заттарын дайындайтын өнеркәсіптің, атап айтқанда, тау-кен өнеркәсібі мен металлургия өнеркәсібінің өте-мөте тез өскені байқалып отырғанын ескерте кетейік. 1875—1878 жылдары бұларда 22 966 аттың күшіне тең 1040 бу машинасы қолданылды (Европалық Россияда), 1890 жылы — 74 204 аттың күші бар 1960 бу машинасы қолданылды, яғни бүкіл өнеркәсіптегі барлық бу двигательдері санының 16 жыл ішіндегі өскенінен осы салалардағы 14 жылдың ішіндегі өсуі көп. Бүкіл өнеркәсіпте өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өнеркәсіптің үлесі барған сайын артып келеді **.

---

* Біз бұл екі губернияны шекаралары 1878 жылдан кейін өзгергендіктен қосып есептеп отырмыз.

** 1892 жылдан кейін Россияда бу двигательдерін қолданудың қаншалық орасан алға басқандығы мынадан көрінеді: фабрика инспекторларының есептері бойынша 1904 жылы 64 губернияда фабрика-завод бу қазандары 27 579 болды деп есептелген, ал барлық бу қазандары, ауыл шаруашылығындағыны қоспағанда, 31 887 болды *(2-басылуына ескерту).*

## VII. ІРІ ФАБРИКАЛАРДЫҢ ӨСУІ

Біздің фабрика-завод статистикамыздың жоғарыда дәлелденген қанағаттанғысыздығы реформадан кейін машиналы ірі индустрияның Россияда қалай дамығанын анықтау үшін бізді неғұрлым күрделі есептер шығаруға мәжбүр етіп отыр. Біз 1866, 1879, 1890 және 1894/95 жылдардағы ең ірі фабрикалар туралы, атап айтқанда, 100 және одан да көп жұмысшысы бар кәсіпорындар * туралы мәліметтерді іріктеп алдық. Шетте істейтін жұмысшылар тек «Тізбенің» 1894/95 жылғы мәліметтерінде ғана аса ұқыптылықпен бөлініп көрсетілген; сондықтан өткен жылдардағы (әсіресе 1866 және 1879) мәліметтер, ескертуде айтылғандағыдай, түзетулерге қарамастан қайткенде де біраз асырып көрсетілген болуы мүмкін.

Осы аса ірі фабрикалар туралы мәліметтерді келтірелік: [558-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кестені талдауды 1866—1879—1890 жылдардағы мәліметтерден бастайық. Ірі фабрикалардың барлық саны осы жылдардың ішінде былайша өзгерген: 644—852—951 немесе процент есебімен: 100—132—147. Демек, 24 жылдың ішінде ірі фабрикалардың саны бір жарым есе дерлік өскен. Соның өзінде егер ірі фабрикалардың жекелеген разрядтары туралы мәліметтерді алсақ, онда фабрикалар неғұрлым ірі болған сайын, олардың саны да соғұрлым тез өсетіндігін көреміз

* Деректемелер «Финанс министрлігінің Әржылдығы», I (тек 71 өндіріс туралы мәліметтер); «Көрсеткіштер» 1 және 3-басылуы — нақ «Тізбедегі» сияқты, барлық өндірістер бойынша мәліметтер; бірақ «Тізбе» мен «Көрсеткіштің» мәліметтерін салыстыру үшін «Көрсеткіштің» тізімдеріне кірген өндірістердің ішінен рельс өндірісін шығарып тастау керек. Фабрика-завод жұмысшыларының есебіне үйде істейтін жұмысшылар енгізілген кәсіпорындар шығарылып тасталды. Кейде осы үйде істейтін жұмысшылардың енгізілгендігі жоғарыда аталған басылымдардың ескертулерінде тура көрсетіліп отырған; кейде бұл түрлі жылдардың мәліметтерін салыстырғанда айқын көрініп тұрды: салыстырыңыз, мәселен, Саратов губерниясының 1879, 1890 және 1894/95 жылдар бойынша мақта-мата тоқитын өндірісі туралы мәліметтер (Салыстырыңыз: VI тарау, § II, 1). — *Sinzheimer* («Ueber die Grenzen der Weiterbildung des fabrikmässigen Grossbetriebes in Deutschland». Stuttg. 1893) [*Зинцхеймер* («Германиядағы ірі фабрика өндірісінің таралу шекарасы туралы», Штутгарт, 1893). *Ред.*] ірі фабрикаларға 50 және одан да көп жұмысшылары бар кәсіпорындарды жатқызады. Бұл норма біздіңше тіпті де төмен емес сияқты, бірақ орыс мәліметтерін есептеп шығару қиын болғандықтан тек ең ірі фабрикаларды ғана алумен шектелуге тура келді.

## *Европалық Россияның мына жылдардағы өте ірі фабрикалары*

| Жұмысшылардың санына қарай фабрика топтары | 1866 | | | | 1879 | | | | 1890 | | | | 1894/95 | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | фабрика саны: барлығы | фабрика саны: одан бу двигателі бары | Жұмысшылар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | фабрика саны: барлығы | фабрика саны: одан бу двигателі бары | Жұмысшылар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | фабрика саны: барлығы | фабрика саны: одан бу двигателі бары | Жұмысшылар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | фабрика саны: барлығы | фабрика саны: одан бу двигателі бары | Жұмысшылар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен |
| A) 100—499 жұмысшы | 512 | 204 | 109 061 | 99 830 | 641 | 354 | 141 727 | 201 542 | 712 | 455 | 156 699 | 186 289 | | | | |
| B) 500—999 » | 90 | 68 | 59 867 | 48 359 | 130 | 119 | 91 887 | 117 830 | 140 | 140 | 94 305 | 148 546 | | | | |
| C) 1000 және одан көп | 42 | 35 | 62 801 | 52 877 | 81 | 76 | 156 760 | 170 533 | 99 | 99 | 213 333 | 253 130 | | | | |
| *Жиыны** | 644 | 307 | 231 729 | 201 066 | 852 | 549 | 390 374 | 489 905 | 951 | 694 | 464 337 | 587 965 | | | | |
| A) 100—499 жұмысшы | | | | | 981 | 534 | 219 735 | 289 006 | 1133 | 769 | 252 656 | 355 258 | | | | |
| B) 500—999 « | | | | | 166 | 145 | 115 586 | 142 648 | 183 | 183 | 121 553 | 190 265 | | | | |
| C) 1000 және одан көп | | | | | 91 | 83 | 174 322 | 198 272 | 115 | 115 | 248 937 | 313 065 | | | | |
| *Жиыны*** | | | | | 1238 | 762 | 509 643 | 629 926 | 1431 | 1067 | 623 146 | 858 588 | | | | |
| A) 100—499 жұмысшы | | | | | 979 | 532 | 219 436 | 288 759 | 1131 | 767 | 252 063 | 352 526 | 1136 | 935 | 252 676 | 374444 |
| B) 500—999 » | | | | | 164 | 144 | 113 936 | 140 791 | 182 | 182 | 120 936 | 186 115 | 215 | 212 | 143 453 | 229363 |
| C) 1000 және одан көп | | | | | 86 | 78 | 163 044 | 177 537 | 108 | 108 | 226 207 | 276 512 | 117 | 117 | 259 541 | 351426 |
| *Жиыны**** | | | | | 1229 | 754 | 496 416 | 607 087 | 1421 | 1057 | 599 206 | 815 153 | 1468 | 1264 | 655 670 | 955233 |

* 1866—1879—1890 ж. ж. мәліметтері — 71 өндіріс бойынша, бұлар туралы 1866 жылғы мәліметтер бар.

** 1879—1890 ж. ж. мәліметтері — акциз салынғаны, салынбағаны бар барлық өндірістер бойынша.

*** 1879—1890—1894/95 ж. ж. мәліметтері — рельс (болат балқытатын) өндірісінен басқа барлық өндірістер бойынша.

(А:512—641—712 фабрика; В: 90—130—140; С: 42—81—99). Мұның өзі өндірістің шоғырлануы өсе түсетінін көрсетеді.

Фабрикалардың жалпы санына қарағанда механикалы кәсіпорындардың саны тезірек өсіп отырған; мәселен, процент есебімен: 100—178—226. Бу двигательдерін қолдануға көшкен ірі кәсіпорындардың саны барған сайын көбейе түседі. Фабрикалар неғұрлым ірі болған сайын, олардың арасында механикалы кәсіпорындар да соғұрлым көп болады; бұл кәсіпорындардың осы разрядтағы фабрикалардың жалпы санына шаққандағы процент есебін шығарғанда мынадай цифрлар аламыз; А) 39%—53%—63%; В) 75%—91%—100%; С) 83%—94%—100%. Бу двигательдерін қолдану өндірістің көлемін ұлғайтумен, өндірісте кооперациялауды кеңейтумен тығыз байланысты.

Барлық ірі фабрикалардағы жұмысшылардың саны процент есебімен былайша өзгерген: 100—168—200. 24 жылдың ішінде жұмысшылардың саны екі есе өскен, яғни «фабрика-завод жұмысшыларының» жалпы санының өсуінен де асып түскен. Бір ірі фабрикаға келетін жұмысшылардың орташа саны жылға бөлгенде мынадай: 359—458—488 адам, ал разрядқа бөлгенде: А) 213—221—220; В) 665—706—673; С) 1495—1935—2154. Демек, жұмысшылардың басым көпшілігі барған сайын аса ірі фабрикаларда шоғырланып келеді. 1866 жылы 1000 және одан да көп жұмысшылары бар фабрикаларда ірі фабрикалардағы барлық жұмысшылардың 27 проценті, 1879 ж.— 40 проценті; 1890 ж.— 46 проценті болған.

Барлық ірі фабрикалардың өндіріс сомасының өзгеруі процент есебімен былай болады: 100—243—292; ал разрядтар бойынша: А) 100—201—187; В) 100—245—308; С) 100—323—479. Демек, барлық ірі фабрикалардың өндіріс сомасы үш есе дерлік өскен, оның бер жағында фабрикалар неғұрлым ірі болған сайын, бұл өсу де соғұрлым тездей түсіп отырған. Бірақ біз түрлі разрядтар бойынша әрбір жыл сайынғы еңбек өнімділігін салыстырсақ, онда бірсыпыра басқаша жайды көреміз. Барлық ірі фабрикаларда бір жұмысшыға келетін өнді-

ріс сомасының орташа мөлшері мынадай болады: 866 сом — 1250—1260, ал разрядтар бойынша: А) 901—1410—1191; В) 800—1282—1574; С) 841—1082—1188. Демек, әрбір жылды жеке алғанда төменгі разрядтан жоғарғы разрядқа қарай өндіріс сомасының (бір жұмысшыға келетін) өсуі байқалмайды. Мұның себебі: әр түрлі өндіріске жататын фабрикалар әр түрлі разрядтарға тең мөлшерде ене бермейді, ол фабрикалар бірбірінен шикі материалдар құнының әр алуандығымен, демек, бір жұмысшыға келетін жылдық өндіріс мөлшерінің әр алуандығымен де өзгеше болады *.

1879—1890 жылдардың және 1879—1890—1894/95 жылдардың мәліметтерін де нақ осындай тәптештеп талдап отыруды біз қажетсіз деп таптық, өйткені бұлай ету жоғарыда айтылғандардың бәрін бірсыпыра басқаша проценттік арақатынастарға бола жай қайталап шығу болар еді.

Соңғы кезде «Фабрика инспекторлары есептерінің жиынтығында» фабрикалар мен заводтарды жұмысшылардың санына қарай топқа бөлу туралы мәліметтер келтіріліп жүр. 1903 жылдың мәліметтері міне мынадай:

| Фабрика-завод кәсіпорындарының топтары | Россияның 64 губерниясында: Кәсіпорындар саны | Россияның 64 губерниясында: Жұмысшылар саны | Европалық Россияның 50 губерниясында [165]: Кәсіпорындар саны | Европалық Россияның 50 губерниясында [165]: Жұмысшылар саны |
|---|---|---|---|---|
| 20-дан аз жұмысшысы бар | 5 749 | 63 652 | 4 533 | 51 728 |
| 21—50 » | 5 064 | 158 602 | 4 253 | 134 194 |
| 51—100 » | 2 271 | 156 789 | 1 897 | 130 642 |
| 101—500 » | 2 095 | 463 366 | 1 755 | 383 060 |
| 501—1 000 » | 404 | 276 486 | 349 | 240 440 |
| 1000-нан астам » | 238 | 521 511 | 210 | 457 534 |
| *Барлығы* | 15 821 | 1 640 406 | 12 997 | 1 397 538 |

* Мәселен, 1866 жылы А разрядына 17 қант-шақпақ қант заводтары енді, бұл заводтарда 1 жұмысшыға келетін жылдық өндіріс сомасы 6 мың сомға жуық, ал тоқыма фабрикаларында (жоғарғы разрядтарға енген) бір жұмысшыға жылдық өндіріс сомасы — 500—1500 сомнан келеді.

Бұл мәліметтерді азын-аулақ қателігін елемегенде ғана жоғарыда келтірілген мәліметтермен салыстыруға болады. Қалай дегенмен де бұл мәліметтер ірі (99-дан астам немесе 100-ден астам жұмысшысы бар) фабрикалар санының және оларда істейтін жұмысшылар санының тез өсіп келе жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ осы ірі фабрикалардың ішіндегі ең ірі фабрикаларда жұмысшылардың,— демек, өндірістің де,— шоғырлануы өсіп отыр *.

Ірі фабрикалар туралы мәліметтерді біздің ресми статистикамыздың барлық «фабрикалар мен заводтар» туралы мәліметтерімен салыстырғанда, біз 1879 жылы ірі фабрикалар барлық «фабрикалар мен заводтардың» 4,4 проценті бола тұрып, барлық фабрика-завод жұмысшыларының 66,8 процентін және бүкіл өндіріс сомасының 54,8 процентін шоғырландырып отырғанын көреміз. 1890 жылы ірі фабрикалар барлық «фабрикалар мен заводтардың» 6,7 проценті болып, барлық фабрика-завод жұмысшыларының 71,1 процентін және бүкіл өндіріс сомасының 57,2 процентін шоғырландырды. 1894/95

---

* «Соңғы кезде...» деген сөздерден басталатын кейінгі екі абзац «Россияда капитализмнің дамуының» екінші басылуына (1908 ж.) қосылған. Кейінірек, осы жолғы басылған кітаптың біреуінің бетіне В. И. Ленин өз қолымен мынадай мазмұнда қосымша жазған (анық болу үшін фабрика-завод кәсіпорындары топтарының аттарын қайталап, оларды шаршы жақшаға алып көрсетеміз):

1908 жылы (Россияның 66 губерниясы)

| Кәсіпорындар саны | | Жұмысшылар | [Фабрика-завод кәсіпорындарының топтары] |
|---|---|---|---|
| 5 403 | — | 63 954 | [20-дан аз жұм. бар] |
| 4 569 | — | 152 408 | [21—50 » ] |
| 2 112 | — | 150 888 | [51—100 » ] |
| 2 169 | — | 496 329 | [101—500 » ] |
| 433 | — | 280 639 | [501—1000 » ] |
| 299 | — | 663 891 | [1000-нан артық » ] |
| 14 985 | — | 1 808 109 | [Барлығы] |

100 және одан да көп жұмысшысы бар фабрикалар мен заводтар

| 1908 | | | 1903 | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кәсіпорындар | | жұмысшылар | кәсіпорындар | | жұмысшылар |
| 2 901 | — | 1 440 859 | 2 737 | — | 1 261 363 |

Қараңыз: 563-беттегі иллюстрация. *Ред.*

жылы ірі фабрикалар барлық «фабрикалар мен заводтардың» 10,1 проценті болды, оларда бүкіл фабрика-завод жұмысшыларының 74 проценті және бүкіл өндіріс сомасының 70,8 проценті жинақталды. 1903 жылы 100-ден астам жұмысшысы бар ірі фабрикалар Европалық Россияда фабрикалар мен заводтардың барлық санының 17 проценті болды және барлық фабрика-завод жұмысшыларының 76,6 процентін шоғырландырды *. Сонымен, ірі, көбінесе бу двигательдері бар фабрикалар, санының аздығына қарамастан, барлық «фабрикалар мен заводтардың» жұмысшылар санының және өндіріс сомасының басым бөлігін шоғырландырып отыр және олардың үлесі бірден бірге өсіп барады. Реформадан кейінгі заманда осы ірі фабрикалардың қаншалықты тез өсіп отырғанын біз жоғарыда көрдік. Енді біз тау-кен өнеркәсібіндегі осындай ірі кәсіпорындар туралы тағы да мәліметтер келтірейік **.

*Европалық Россиядағы 1890 жылғы аса ірі өнеркәсіп орындары*

| Жұмысшыларының санына қарай фабрикалардың, заводтардың, рудниктердің, кен орындарының және басқалардың топтары | Тау-кен өнеркәсібінде | | | Фабрика-завод, тау-кен өнеркәсібінде | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Кәсіпорындар саны | | Жұмысшылар саны | Кәсіпорындар саны | | Жұмысшылар саны |
| | Барлығы | Соның ішінде бу двигательдері барлары | | Барлығы | Соның ішінде бу двигательдері барлары | |
| А) 100—499 жұмысшысы бар | 236 | 89 | 58 249 | 1 369 | 858 | 310 906 |
| В) 500—999 » | 73 | 38 | 50 607 | 256 | 221 | 172 160 |
| С) 1000 және одан да көп | 71 | 49 | 149 098 | 186 | 164 | 398 035 |
| *Жиыны* | 380 | 176 | 257 954 | 1 811 | 1 243 | 881 101 |

* Біздің фабрика-завод өнеркәсібі туралы жинақ мәліметтер «Көрсеткіш» пен «Тізбе» бойынша жоғарыда, II параграфта келтірілді. [Салыстырыңыз: «Этюдтер», 276-бет. (Қараңыз: Шығармалар, 4-том, 19-бет. *Ред.*)]. Ірі фабрикалар санының «Фабрикалар мен заводтардың» бүкіл санына проценттік арақатынасының өсуі ең алдымен біздің статистикамызда бұл соңғы ұғымның біртіндеп азайып бара жатқанын көрсететінін ескерте кетейік.

** Мәліметтер «1890 жылға тау-кен завод өнеркәсібі туралы статистикалық мәліметтер жинағынан» есептеп шығарылды, сонда «Көрсет-

100 — 201 — 187; B) 100 — 245 — 308; C) 100 — 320 — 477. Слѣд., сумма производства всѣхъ крупныхъ фабрикъ возрасла почти втрое, причемъ чѣмъ крупнѣе фабрики, тѣмъ быстрѣе шло это возрастаніе. Но если мы сравнимъ производительность труда за каждый отдѣльный годъ по различнымъ разрядамъ, то увидимъ нѣсколько иное. Средняя величина суммы производства, приходящаяся на одного рабочаго во всѣхъ крупныхъ фабрикахъ, будетъ: 866 руб.—1.250—1.260, а по разрядамъ: A) 901—1.410—1.191; B) 800—1.282—1.574; C) 841—1.082—1.188. Слѣд., за каждый отдѣльный годъ не наблюдается повышенія суммы производства (приходящейся на одного рабочаго) отъ низшаго разряда къ высшему. Происходитъ это отъ того, что въ разные разряды попадаютъ въ неравномъ отношеніи фабрики разныхъ производствъ, отличающихся различной стоимостью сырого матеріала, а, слѣдовательно, и различной величиной годового производства на одного рабочаго *).

Разбирать столь же подробно данныя за 1879—1890 гг. и за 1879—1890—1894—5 гг. мы находимъ лишнимъ, такъ какъ это значило бы повторять по поводу нѣсколько иныхъ процентныхъ отношеній все сказанное выше.

Въ послѣднее время въ „Сводѣ отчетовъ фабричныхъ инспекторовъ" приводятся данныя о распредѣленіи фабрикъ и заводовъ на группы по числу рабочихъ. Вотъ эти данныя за 1903-й годъ:

| Въ 1908 г. (66 губ. Росс.) Число завед. | Въ 1908 г. Число рабочих | Группы ф.-з. заведеній. | Въ 64 губ. Россіи. Число заведеній. | Въ 64 губ. Россіи. Число рабочихъ. | Въ 50 губ. Евр. Росс. Число заведеній. | Въ 50 губ. Евр. Росс. Число рабочихъ. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.403 | 63.957 | Менѣе 20 рабоч. | 5.749 | 63.652 | 4.533 | 51.728 |
| 4.589 | 152.408 | 21—50 „ | 5.064 | 158.062 | 4.253 | 134.194 |
| 2.142 | 150.888 | 51—100 „ | 2.271 | 156.789 | 1.897 | 130.642 |
| 2.169 | 496.329 | 101—500 „ | 2.095 | 463.366 | 1.755 | 383.000 |
| 433 | 280.639 | 501—1000 „ | 404 | 276.486 | 349 | 240.440 |
| 299 | 663.891 | Свыше 1000 „ | 238 | 521.511 | 210 | 457.534 |
| 14985 | 1.808.109 | Всего . . | 15 821 | 1.640.406 | 12.997 | 1.397.538 |

Данныя эти могутъ быть сравниваемы съ вышеприведенными лишь при допущеніи нѣкоторой невѣрности, правда, ничтожной. Во всякомъ случаѣ эти данныя показываютъ, что число крупныхъ

*) Напр., за 1866 г. въ разрядъ *A* вошло 17 сахарорафинадныхъ заводовъ, въ которыхъ на 1 рабочаго приходится около 6 тыс. руб. годового производства, тогда какъ на текстильныхъ фабрикахъ (вошедшихъ въ высшіе разряды) приходится 500—1.500 р. годового производства на одного рабочаго.

1908 {Фабр. и зав., имн. 100 и более р-их} 1903
завод. р-их завод. р-их
2.901 - 1.440.859 2.737 - 1.261.363

«Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың
В. И. Лениннің ескертулері жазылған
405-беті (1908 жылғы басылуы).
*Кішірейтілген*

Тау-кен өнеркәсібіндегі жұмысшылардың ірі кәсіпорындарда шоғырлануы (өндіріске бу двигательдерін қолданатын кәсіпорындардың проценті төмен бола тұрса да) мұнан да күштірек; 305 мың жұмысшының 258 мыңы, яғни тау-кен жұмысшыларының 84,5 проценті 100 және одан да көп жұмысшысы бар кәсіпорындарға жинақталған, тау-кен жұмысшыларының жартысы дерлігі (305 мыңның 145 мыңы) 1000 және одан да көп жұмысшысы бар аздаған аса ірі заводтарда істейді. Европалық Россиядағы барлық фабрика-завод және тау-кен жұмысшыларының (1890 ж. 1180 мың) *төрттен үші* (74,6%) 100 және одан да көп жұмысшысы бар кәсіпорындарға жинақталған; олардың жартысына жуығы (1180 мыңның 570 мыңы) 500 және одан да көп жұмысшысы бар кәсіпорындарға жинақталған *.

---

Бұл арада Н.— он мырзаның 1865—1880 жылдардағы кезеңге қарағанда 1880—1890 жылдардағы кезеңде капитализм дамуының «бәсеңдеуі» және «фабрика халқының» өсуі туралы көтеріп отырған мәселесіне тоқтала кету артық болмас деп санаймыз **. Осы тамаша жаңалықтан Н.— он мырза елден ерек өзіне тән логикасының арқасында, «капитализм өзінің дамуының белгілі бір шегіне жеткен соң өзінің ішкі рыногын тарылтады» деп «Очерктерде» айтылған пікірді «фактілер толығынан растайды-мыс» деген қорытынды шығаруға дейін барды.— 1-ден, «өсудің бәсеңдеуінен» ішкі рынок тарылады деп қорытынды жасаудың өзі шектен шыққандық. Егер фабрика-завод жұмысшыларының саны халық санынан тез өсетіп болса (нақ сол Н.— он мыр-

---

кішке» енген заводтар шығарылып тасталды. Бұл шығарып тастаудың нәтижесінде Европалық Россиядағы тау-кен жұмысшыларының жалпы саны 35 мыңға кемиді (340—35=305 мың).

* 1895 жылғы өнеркәсіп санағы бойынша Германияның *барлық* өнеркәсібінде, Россияда есепке енбейтін, тау-кен құрылыс өнеркәсібін қосып есептегенде, 1000 және одан да көп жұмысшылары бар 248 кәсіпорын болды деп есептелген; осы кәсіпорындарда 430 286 жұмысшы болды. Демек, орыстың ең ірі фабрикалары герман фабрикаларынан да ірі деген сөз.

** «Русское Богатство», 1894, № 6, 101 және келесі беттер. Ірі фабрикалар туралы біз келтірген мәліметтер 1866—1879 жылдармен салыстырғанда 1879—1890 жылдарда да өсу проценті аз болғандығын дәлелдейді.

заның өзінің мәліметтері бойынша бұл өзі осылай: 1880 жылдан 1890 жылға дейін 25% артқан),— онда мұның өзі халықтың егіншіліктен безе бастағаны және тіпті адамның жеке басының тұтыну заттарына ішкі рыноктың өсіп бара жатқаны деген сөз. (Біз өндіріс құрал-жабдықтары жөніндегі рынок туралы айтып та отырғанымыз жоқ.) 2-ден, процентпен көрсеткенде «өсудің кеміп кетуі» капиталистік елде дамудың белгілі бір сатысында әрқашан да болып отыратын құбылыс, өйткені кішкене шамалар процент жағынан үлкен шамаларға қарағанда әрқашан тез өседі. Капиталистік дамудың алғашқы қадамдарының өте-мөте тездігі фактісінен неғұрлым ескі елдерді жас елдің қуып жетуге тырысатындығы туралы ғана қорытынды жасауға болады. Ал алғашқы кезеңдегі өсу процентін кейінгі кезеңдер үшін норма етіп алу дұрыс болмайды. 3-ден, *«өсудің кеміп кету» фактісінің өзі Н.— он мырзадан алынған кезеңдерді салыстыру арқылы тіпті де дәлелденбейді.* Капиталистік өнеркәсіп циклді жолдан басқаша жолмен дами алмайды; сондықтан түрлі кезеңдерді салыстыру үшін тұтас бірнеше жылдардағы мәліметтерді алу қажет *, сонда ғана ерекше гүлдену, өрлеу жылдары мен құлдырау жылдары айқын көрінетін болады. Н.— он мырза мұны істемей, 1880 жыл ерекше өрлеу жылы болғанын байқамай, үлкен қателікке ұшырады. Ол ол ма, Н.— он мырза тіпті бұған қарама-қарсы тұжырым «жасаудан» да именген жоқ. Ол былай дейді: «Аралық» (1865 жыл мен 1890 жылдың арасы) «1880 жыл егін шықпай қалған жыл болды, сондықтан бұл жылы есепке алынған жұмысшылардың саны әдеттегі мөлшерден кем болғанын да ескерте кету керек»!! (ibid., 103—104-беттер). Н.— он мырза өзі сол 1880 жылдың цифрларын алған басылым текстіне көз салса болғаны («Көрсеткіш», 3-басылуы),— ол одан 1880 жыл өнеркәсіптің, әсіресе былғары және машина жасау өндірісінің «секіріс» жасаған жыл екенін (с. IV), мұның өзі соғыстан

* Мәселен, Т.-Барановский мырза өзінің «Фабрика» деген кітабында осылай алған, 307-бет және диаграмма. 1879 жыл, одан гөрі 1880 және 1881 жылдар ерекше өрлеу жылдары болғандығы диаграммадан айқын көрінеді.

кейін бұйымдарға сұранымның күшеюіне және үкімет тарапынан заказдардың көбеюіне байланысты екенін көрген болар еді. Бұл секірістің мөлшерін толық аңғару үшін 1879 жылғы «Көрсеткішті» қарап өтудің өзі-ақ жеткілікті *. Бірақ Н.— он мырза өзінің романтикалық теориясын ақтау үшін фактілерді көрер көзге бұрмалаудан тайынбайды.

### VIII. ІРІ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ОРНАЛАСУЫ

Машиналы ірі индустрияны сипаттау үшін өндірістердің аса ірі кәсіпорындарға шоғырлануы туралы мәселемен қатар өндірістердің фабрика-завод өнеркәсібінің жеке орталықтарына шоғырлануы туралы және фабрикалық орталықтардың әр алуан түрлері туралы мәселенің де маңызы өте зор. Амал не, біздің фабрика-завод статистикамыз әрі нашар, әрі салыстыруға келмейтін материал беретіні былай тұрсын, оның үстіне осы материалдың өзін тәртіпке салу ісі тым жеткіліксіз: мәселен, қазіргі кездегі басылымдарда өнеркәсіптің орналасуы тек тұтас губерниялар бойынша көрсетіледі (60-жылдарда шыққан тәуір басылымдардағыдай, қалалар мен уездер бойынша көрсетілмейді; ал 60-жылдардың басылымдарында фабрика-завод өнеркәсібінің орналасуын карталармен де көрсетуші еді). Бірақ ірі өнеркәсіптің орналасуы туралы дәл түсінік беру үшін мәліметтерді жеке орталықтар бойынша, яғни жеке қалалар, фабрикалы поселкелер немесе біріне-бірі жақын орналасқан фабрикалы поселкелер тобы бойынша алу керек; ал губерниялар немесе уездер — территория жағынан тым ірі өлшемдер **. Сондықтан біз 1879 және

* Қараңыз: мәселен, шұға өндірісінде — армияға керекті шұға тоқу күшейе түседі; былғары өндірісі өте-мөте жанданады; ірі фабрика «соғыс ведомствосы үшін» 2,5 млн. сомның былғары бұйымдарын өндіріп отыр (288-бет). Ижевск және Сестрорецк заводтары 1890 жылғы $1^1/_4$ млн. сомның орнына $7^1/_2$ млн. сомның артиллерия бұйымдарын өндіреді. Мыс өндірісінде әскерге керекті бұйымдар өндіруге және соғыс приборларын жасауға көңіл бөлінуде (388—389-беттер); оқ-дәрі заводтары барынша қызу істеп жатыр және т. с.

** «...Уездердің территориясы бойынша (Москва губерниясы) фабрикалар мен заводтар тіпті де біркелкі бөлінбеген: өнеркәсіп біршама жақсы дамыған уездерде фабрика кәсіпорындарының азды-көпті жиілігі жағынан нағыз фабрикалы орталықтар деп атауға болатын орындарымен қатар, фабрикалық өнеркәсіп атаулыдан бүтіндей дерлік

1890 жылдардағы «Көрсеткіштерден» фабрика-завод өнеркәсібіміздің маңызды орталықтарға шоғырлануы туралы мәліметтерді есептеп шығаруды қажет деп таптық. Қосымшаға (III қосымша) енгізілген кестелерге фабрика-завод жұмысшыларының барлық санының жартысына жуығын өзіне жинақтаған Европалық Россияның 103 фабрикалы орталығы туралы мәліметтер енді *.

Кесте бізге Россиядағы фабрикалы орталықтардың басты үш түрін көрсетеді: 1) Қалалар. Бұлар жұмысшылардың да, кәсіпорындардың да өте-мөте шоғырлануы жағынан үздік шығып, бірінші орында тұрады. Бұл жөнінде, әсіресе, ірі қалалар ерекше көрінеді. Астаналардың әрқайсысында 70 мыңнан фабрика-завод жұмысшылары (астаналардың төңірегін қоса есептегенде) шоғырланған, ал 1890 жылы Ригада — 16 мың, Иваново-Вознесенскіде — 15 мың, Богородскіде — 10 мың жұмысшы болды, қалған қалалардағы жұмысшылардың саны 10 мыңнан аз. Кейбір ірі қалалардағы фабрика-завод жұмысшыларының ресми санын (1890 жылы Одессада — 8,6 мың, Киевте — 6 мың, Дондағы Ростовта — 5,7 мың және т. т.) шолып өтсек болғаны, бұл цифрлардың өте-мөте аз екеніне көз жеткізу қиын емес. Осы сияқты орталықтардағы өнеркәсіп жұмысшыларының барлық санын алу үшін әлгі цифрларды неше есе өсіруге тура келетінін жоғарыда келтірілген С.-Петербургтің мысалы көрсетеді. Қалалармен қатар қала төңіректерін де айту керек. Үлкен қалалардың төңіректері

---

жұрдай болыстар кездеседі,— ал керісінше фабрикалар мен заводтарға мүлдем кедей уездерде азды-көпті едәуір дәрежеде белгілі бір кәсіпшілікті дамытып отырған аудандар болады, оның үстіне майдагерлік үйлермен және үй ішіндік шеберханалармен қатар ірі өндірістің барлық белгілері бар анағұрлым ірі кәсіпорындар да пайда болған» («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы». Санитарлық статистика бөлімі, IV том, I бөлім, М. 1890, 141-бет). Бұл басылым фабрика-завод статистикасының осы кездегі әдебиеті ішіндегі ең тәуірі, онда ірі өнеркәсіптің орналасуын мұқият жасалған картамен көрсетеді. Фабрика-завод өнеркәсібінің орналасуы жөнінде толық ұғым алу үшін орталықтарды фабрикалар мен жұмысшылардың санына және өндіріс сомасына қарай топ-топқа бөлу жағы ғана жетіспейді.

* Кестеге өндіріс сомасы 2 мың сомнан кем емес кәсіпорындар ғана, ал диірмендерден бу диірмендері ғана енді. Фабрика жұмысшыларының санына сырттан істейтін жұмысшылар енгізілді делінген жерлерде олар шығарылып тасталды; бұл шығарып тастау жұлдызшамен (*) көрсетілген, 1879 жылғы өнеркәсіптің өрлеуі бұл мәліметтерге де әсер етпей қойған жоқ.

көпшілік жағдайда едәуір өнеркәсіпті орталықтар болып отыр, бірақ қолымыздағы мәліметтер бойынша біз осындай бір ғана орталықты — С.-Петербург төңірегін ғана көрсете алдық, мұнда 1890 жылы 18,9 мың жұмысшы болды. Біздің кестемізде көрсетілген Москва уезінің кейбір селолары да дұрысында қала төңірегі болып табылады *.

Орталықтардың екінші түрі — фабрикалы селолар, мұндай селолар Москва, Владимир және Кострома губернияларында өте көп (біздің кестемізге енген аса маңызды 63 селолық орталықтың 42-сі осы губернияларда). Бұл орталықтардың бастысы — Орехово-Зуево деген мекен (кестеде Орехово мен Зуево жеке-жеке көрсетілген, бірақ бұл екеуі бір орталық); жұмысшыларының саны жағынан бұл тек астаналардан ғана кем түседі (1890 ж. 26,8 мың)**. Жоғарыда көрсетілген үш губерниядағы, сондай-ақ Ярославль және Тверь губернияларындағы селолық фабрикалы орталықтардың көпшілігі аса ірі тоқыма фабрикаларын құрайды (мақтамата иіру-тоқу, кенеп тоқу, жүннен мата тоқу және тағы сондай фабрикалар). Бұрынғы уақытта мұндай селоларда үнемі дерлік жұмыс таратып беріп отыратын конторлар, яғни төңіректегі толып жатқан қолмен тоқитын тоқымашыларды өзіне бағындыратын капиталистік мануфактураның орталықтары болды. Үйде істейтін жұмысшылар мен фабрикада істейтін жұмысшыларды статистика шатастырмаған реттерде, жаңағыдай орталықтардың дамуы туралы мәліметтер төңіректегі мыңдаған шаруаларды өзіне тартып, ол шаруаларды

---

* «...Москва маңындағы Черкизово деген үлкен село, жергілікті адамдардың айтуына қарағанда, тұтас үлкен фабрика болып табылады және, сөздің дәл осы мағынасында, Москваның жалғасы болып саналады... Дәл соның жанында, Семенов заставасының маңында... тағы да толып жатқан әр түрлі фабрикалар бар... Ал осыған таяу жерде біз тоқыма кәсіпорындары және орасан зор Измайлово мануфактурасы орналасқан Измайлово селосын көреміз». Бұл Москваның солтүстік жағында. Ал оңтүстік жағынан, «Серпухов заставасының маңынан біз ең алдымен орасан зор Данилов мануфактурасын кездестіреміз, мұның бір өзі бүтін қала... Одан соң, біріне-бірі таяу айнала тұтасып жатқан ірі-ірі кірпіш заводтары бар», т. т. (жоғарыда аталған «Статистикалық мәліметтер жинағы», IV, I бөлім, 143—144-беттер). Демек, іс жүзінде фабрика-завод өнеркәсібінің шоғырлануы біздің кестеде көрсеткенімізден әлдеқайда басымырақ.

** 1879 жылы мұнда тек 10,9 мың жұмысшы бар деп есептелген. Сірә, есепке алудың түрліше тәсілдері қолданылған болу керек.

фабрикалық жұмысшыларға айналдырып отырған машиналы ірі индустрияның өсуін айқын көрсетеді. Одан соң, селолық фабрикалы орталықтардың едәуір бөлігі ірі тау-кен және металлургия заводтарын құрайды (Бобров селосындағы Коломна заводы, Юзовка, Брянск заводтары және басқалар); олардың көпшілігі тау-кен өнеркәсібіне жатады, сондықтан біздің кестемізге енген жоқ. Оңтүстік-батыс губерниялардың селолары мен мекендерінде орналасқан қызылша-қант заводтары да көптеген селолық фабрикалы орталықтар болып отыр; біз мысал үшін ең ірілерінің бірі — Киев губерниясындағы Смела мекенін алдық.

Фабрикалы орталықтардың үшінші типі — «майдагерлік» селолар, олардың ішіндегі ең ірі кәсіпорындар көбінесе «фабрикалар және заводтар» деп есептеледі. Біздің кестемізде Павлово, Ворсма, Богородское, Дубовка селолары осындай орталықтардың үлгісі болып табылады. Мұндай орталықтардағы фабрика-завод жұмысшыларының санын олардағы бүкіл кәсіпшілік халқымен салыстыру Богородское селосы жөнінде жоғарыда қолданылған болатын*.

Біздің кестемізде көрсетілген орталықтарды әрбір орталықтағы жұмысшылардың санына және орталықтардың түріне қарай (қалалар мен селолар) топқа бөлгенде, мынадай мәліметтер аламыз [571-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Бұл кестеден 103 орталықта 1879 жылы 356 мың жұмысшы (барлық 752 мың жұмысшыдан) шоғырланғанын, ал 1890 жылы 451 мың жұмысшы (876 мың жұмысшыдан) шоғырланғанын көреміз. Демек, жұмысшылардың саны жалпы ірі фабрикаларда (100 және одан да көп жұмысшылары бар) 22,2% қана артса, мұнда 26,8% артқан, ал фабрика-завод жұмысшыларының жалпы саны осы уақыттың ішінде 16,5% қана артқан. Сонымен, жұмысшылар ең ірі орталықтарға қарай тартылып отыр. 1879 жылы 5 мыңнан астам жұмысшы тек 11 орталықта ғана болса, 1890 жылы осындай жұмысшы 21 орталықта болды. Әсіресе 5 мыңнан 10 мыңға дейін жұмысшысы бар орталықтар санының көбейгендігі

* Қараңыз: осы том, 548-бет. *Ред.*

*Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібінің аса маңызды орталықтары*

| Жұмысшылар санына және орталықтар түріне қарай орталықтардың разрядтары | 1879 | | | | | | 1890 | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орталықтар саны | | | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны | Орталықтар саны | | | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны |
| | Калаларда | Селоларда | Барлығы | | | | Калаларда | Селоларда | Барлығы | | | |
| 10 000 және одан да көп жұмысшысы бар орталықтар | 4 | 1 | 5 | 1 393 | 279 398 | 158 670 | 6 | 1 | 7 | 1 644 | 361 371 | 206 862 |
| 5—10 мың жұмысшысы бар орталықтар | 6 | — | 6 | 148 | 65 974 | 49 340 | 10 | 4 | 14 | 931 | 151 029 | 90 229 |
| 1—5 мың жұмысшысы бар орталықтар | 22 | 37 | 59 | 1 029 | 174 171 | 133 712 | 17 | 48 | 65 | 804 | 186 422 | 144 255 |
| *1 мың және одан да көп жұмысшысы бар орталықтардың жиыны* | 32 | 38 | 70 | 2 570 | 519 543 | 341 722 | 33 | 53 | 86 | 3 379 | 698 822 | 441 346 |
| 1 мыңнан аз жұмысшысы бар орталықтар | 8 | 20 | 28 | 260 | 17 144 | 14 055 | 6 | 10 | 16 | 259 | 8 159 | 9 898 |
| Жұмысшылары жоқ орталықтар | — | 5 | 5 | 1 | — | — | 1 | — | 1 | — | — | — |
| *Барлығы* | 40 | 63 | 103 | 2 831 | 536 687 | 355 777 | 40 | 63 | 103 | 3 638 | 706 981 | 451 244 |
| Қалалар (және қала төңіректері) | 40 | — | 40 | 2 574 | 421 310 | 257 181 | 40 | — | 40 | 3 327 | 535 085 | 298 651 |
| Селолар (посадтар мен мекендер) | — | 63 | 63 | 257 | 115 377 | 98 596 | — | 63 | 63 | 311 | 171 896 | 152 593 |

көзге түседі; мұның өзі екі себептен: 1) оңтүстікте (Одесса, Дондағы Ростов және басқалар) фабрикалық өнеркәсіптің қарқындап өсуі салдарынан 2) орталық губернияларда фабрикалы селолардың көбеюі салдарынан болды.

Қалалық және селолық орталықтарды салыстыру мынаны көрсетеді: 1890 жылы селолық орталықтар аса маңызды орталықтардағы барлық жұмысшылар санының *үштен біріндейін* (451 мыңның 152 мыңын) қамтыған. Бүкіл Россия үшін бұл арақатынас жоғары болуға тиіс, яғни фабрика-завод жұмысшыларының үштен бірінен астамы қалалардан тысқары жерлерде тұруы керек. Шынында, атақты деген барлық қалалық орталықтар біздің кестемізге енді, бірақ біздің көрсеткенімізден басқа да бірнеше жүздеген жұмысшысы бар селолық орталықтар тіпті толып жатыр (шыны жасайтын, кірпіш күйдіретін, арақ-шарап жасайтын заводтар, қызылша-қант заводтары және тағы басқалар бар селолар). Тау-кен жұмысшылары да көбінесе қалалардан тыс орналасқан. Сондықтан Европалық Россияның барлық фабрика-завод жұмысшылары мен тау-кен жұмысшыларының кем дегенде жартысына жуығы (мүмкін, одан да артығырағы) қалалардан тыс орналасқан деп ойлауға болады. Бұл қорытындының маңызы зор, өйткені мұның өзі Россияда *индустрия* халқы өзінің саны жағынан *қала* халқынан едәуір артық екенін көрсетеді *.

Қалалық және селолық орталықтардағы фабрика-завод өнеркәсібінің біршама шапшаң дамуы туралы мәселеге келетін болсақ, біз селолық орталықтардың бұл жөнінде сөзсіз алда екенін көреміз. Жоғарыда көрсетілген уақыттың ішінде 1000 және одан да көп жұмысшысы бар қалалық орталықтар саны өте-мөте нашар өсті (32-ден 33-ке дейін), ал соншалық жұмысшылары бар селолық орталықтардың саны (38-ден 53-ке дейін) өте күшті өсті. Жұмысшылардың саны қалалық 40 орталықта тек 16,1% өсті (257 мыңнан 299 мыңға дейін),

* 1897 жылғы 28 январьдағы халық санағы бұл қорытындыны толығынан растады. Бүкіл империядағы қала халқы, әйелдер мен еркектерді қосып есептегенде, 16 828 395 адам болды. Сауда-өнеркәсіп халқы, жоғарыда біздің көрсеткеніміздей, 21,7 млн. *(2-басылуына ескерту).*

ал селолық 63 орталықта — ($98^1/_2$ мыңнан $152^1/_2$ мыңға дейін) 54,7% өсті. Қалалық бір орталыққа келетін жұмысшылардың орташа саны 6,4 мыңнан 7,5 мыңға дейін ғана көтерілді, ал селолық бір орталықты алсақ, жұмысшылардың орташа саны 1,5 мыңнан 2,4 мыңға дейін көтеріледі. Сонымен, фабрикалық өнеркәсіптің, тегі, қалалардан тыс жерлерде айрықша тез таралу бағыты бар екені; — фабрикалы жаңа орталықтар құрып, оларды қалалық орталықтардан гөрі тезірек ілгері бастыру бағыты бар екені; — капиталистік ірі кәсіпорындармен байланысы жоқ тәрізді болып көрінетін қиян түкпірдегі деревняға тарау бағыты бар екені байқалды. Маңызы орасан зор бұл жағдай, 1-ден, машиналы ірі индустрияның қоғамдық-экономикалық қатынастарды қандай тездікпен қайта құрып отырғанын көрсетеді. Бұрын ғасырлар бойына қалыптасып келгендер енді тек он шақты жылдың ішінде ғана жүзеге асырылып отыр. Мәселен, өткен тарауда көрсетілген Богородское, Павлово, Кимры, Хотеичи, Великое жәпе басқа «майдагерлік селолардың» егіншілікпен айналыспайтын орталықтар болып құрылуын мыңдаған деревня халқын индустриялық поселкелерге бірден тартып отырған қазіргі заманғы фабрикалары бар жаңа орталықтар құрылу процесімен салыстырса да жетіп жатыр *. Қоғамдық ең-

* «Кривой Рог деген мекенде 1887 жылдан 1896 жылға дейін халық саны 6000-нан 17 000 жанға дейін өсті; Днепровск қоғамының Каменск заводында 2000 жаннан 18 000 жанға дейін өсті; Дружковка станциясының маңында 1892 жылдың өзінде ылғи станциялық үйлер ғана болатын, қазір ол 6000 жаны бар село болды: Гданцевск заводында 3500-ге жуық жан бар, бірқатар заводтар салынған Константиновка станциясы маңында жаңадан елді пункт құралып келеді; Юзовкада 29 000 халқы бар қала орнады; ...Екатеринослав түбіндегі құла дүз, құм далада қазір бірталай заводтар салынған Нижне-Днепровскіде 6000 жаны бар жаңа село пайда болды. Мариупольдегі заводта 10 000 жаны бар жаңа село орнап отыр және т. т. Тас көмір кен орындарында халқы көп орталықтар құрылып отыр». («Вестник Финансов», 1897, № 50). «Русские Ведомостидің» (1897 ж., № 322, 21 ноябрь) хабарлауына қарағанда Бахмут уездік земство жиналысы 1000 халқы бар сауда поселкелерін мекендерге, ал 5000 халқы бар поселкелерді қалаларға айналдыру жөнінде ұсыныс жасап отыр... «Бізде... сауда және завод поселкелерінің адам айтқысыз өсуі байқалады. Нағыз американдық тездікпен пайда болып, өсіп отырған поселкелер қазірдің өзінде 30-ға жетеді... Ноябрьдің бас кезінде іске қосылғалы отырған, болат балқытатын және рельс құйып шығаратын екі домна пеші бар металлургиялық орасан зор завод орналасқан Волынцевода 5—6 мыңға дейін халық бар, олар кешегі құла дүз далаға қоныстанып жатыр. Жұмысшы халықтың көбеюімен қабат жұмысшы халыққа неше алуан товарларды оңай және тез өткізбек ниетіндегі саудагерлердің, қолөнершілердің, тегі ұсақ өнеркәсіпшілердің ағылуы да байқалады».

бек бөлінісі аса күшті қарқын алды. Бұрынғы отырықшылық пен томаға-тұйықтықтың орнына халықтың жылжымалылығы шаруашылық өмірдің қажетті шарты болды. 2-ден, фабрикалардың деревняға қоныс аударуы капитализмнің оған қарсы шаруалар қауымының/сословиелік томаға-тұйықтығы туғызып отырған кедергілерді жеңгендігін және тіпті осы томаға-тұйықтықтың өзінен оның пайда келтіріп отырғандығын көрсетеді. Егер фабрикаларды деревняға орналастырудың толып жатқан қолайсыздықтары болғанымен, оның есесіне деревня арзан жұмысшымен қамтамасыз етеді. Мужикті фабрикаға жібермейді екен,— фабрика мужикке өзі келеді *. Өзіне ең пайдалы жалдаушыны іздеу үшін мужиктің басында (жаппай кепілдіктің арқасында және қауымнан шығу жолының қиындығы салдарынан) толық бостандығы жоқ, ал жалдаушы ең арзан жұмысшыны табудың жолын өте жақсы біледі. 3-ден, селолық фабрикалы орталықтар санының көбеюі және олардың тез өсуі орыс фабрикаларының шаруалар бұқарасынан аулақтығы туралы, бұларға фабрикалар әсерінің нашарлығы туралы пікірдің негізсіз екенін көрсетеді. Қайта керісінше, біздің фабрикалы өнеркәсібіміздің орналасу ерекшелігі оның әсерінің өте зор екенін және бұл әсер тіпті де кәсіпорындар шеңберінде шектеліп қоймайтынын көрсетеді **. Бірақ, екінші жағынан, біздің фабрикалық өнеркәсібіміздің аталған орналасу ерекшелігі сондай-ақ машиналы ірі индустрияның онда істейтін халыққа жаңа тұрпат берушілік әрекеттерінің уақытша бөгелуіне әсер етпей қоймайды. Надан мужикті *бірден* жұмысшыға айналдырып, фабрика біраз уақытқа дейін өзін неғұрлым арзан, сана-сезімі неғұрлым төмен, неғұрлым көнбісті «жұмыс қолымен» қамтамасыз ете алады. Алайда, мұндай бөгелудің аз ғана уақыт болатыны

* Фабрика арзан тоқымашыны іздейді, ал ол мұндай тоқымашыны оның туған деревнясынан табады. Фабрика тоқымашының соңынан еруге тиіс» («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 63).

** Екатеринослав губерниясының Бахмут уезіндегі тау-кен өнеркәсібінің жергілікті егіншілік тәртіптеріне әсер етуінің жоғарыда келтірілген фактісін (III тарау, § IV, 146-бет, ескерту) (қараңыз: осы том, 218—219-беттер. *Ред.*) ескерте кетейік.— Сонымен бірге жер иеленушілердің фабрика халықты «бұзды» деп дағдылы шағым жасауы да көңіл бөлерлік жай.

және мұның есесі машиналы ірі индустрияның әсер етерлік ықпалының бұрынғыдан да гөрі ұлғая түсуімен өтелетіні айқын.

## IX. АҒАШ ӨНЕРКӘСІБІ МЕН ҚҰРЫЛЫС ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУЫ

Машиналы ірі индустрияның дамуының қажетті шарттарының бірі (және оның дамуына ерекше тән серігі) құрылыстар үшін отын және материалдар беретін өнеркәсіп пен құрылыс өнеркәсібінің өркендеуі болып табылады. Ағаш өнеркәсібінен бастайық.

Ағаш кесу және оны өзінің тұтынуы үшін бастапқы өңдеу шаруалардың ескіден келе жатқан кәсібі, бұл барлық жерде дерлік жалпы егінші жұмысының шеңберіне кіреді. Бірақ біз ағаш өнеркәсібі деп ағашты *сату үшін* дайындауды ғана айтамыз. Реформадан кейінгі заман осы өнеркәсіптің ерекше өсуімен сипатталады: жеке адамның тұтыну заттары ретінде де (қалалардың өсуі, деревняларда егіншілікпен айналыспайтын халықтың көбеюі, өздеріне азаттық алған кезде шаруалардың орман-тоғайынан айрылуы) — және, әсіресе, өндіргіш тұтыну заттары ретінде де ағашқа деген сұраным өте жылдам өсті. Сауданың, өнеркәсіптің, қала өмірінің, соғыс ісінің, темір жолдың және тағы сондайлардың дамуы — осының бәрі адамдардың емес, капиталдың тұтынуы үшін ағашқа деген сұранымды мықтап күшейтті. Мәселен, өнеркәсіпті губернияларда отынның бағасы «күн сайын емес, сағат сайын» өсіп отырды: «соңғы 5 жылдың ішінде» (1881 жылға қарай) «отынның бағасы екі еседен де аса қымбаттады» *. «Ағаштың бағасы алып адыммен өсе бастады» **. Кострома губерниясында «фабрикалардың отынды жебірдей жеуінің салдарынан отынның бағасы 7 жылдың ішінде екі есе көтерілді *** және т. т. Ағаш товарларын шетелге шығару 1856 жылғы 5947 мың сомнан 1881 жылы 30 153 мың сомға дейін, ал 1894 жылы 39 200 мың сомға дейін

* «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», I, 61.

** Ibid., IV, 80.

*** *Жбанков*. «Халықтың қоныс аударуына шет табыстарының әсері», Кострома, 1887, 25-бет.

көтерілді, яғни 100 : 507 : 659 пропорцияда өсті *. Европалық Россияда ішкі су жолдары арқылы ағаш құрылыс материалдары мен отын 1866—1868 жылдары жылына орташа есеппен 156 млн. пұттан **, ал 1888—1890 жылдары жылына орташа есеппен 701 млн. пұттан тасылды ***, яғни ағаш тасудың мөлшері төрт еседен де астам өсті. Темір жолдар арқылы 1888—1890 жылдары жылына орташа есеппен 290 млн. пұттан тасылды ****, ал 1866—1868 жылдары тасылған ағаш, тегі, 70 млн. пұттан артық болмаған *****. Яғни барлық тасылған ағаш товарлары 60-жылдары 226 млн. пұтқа жуық болды, ал 1888—1890 жылдары — 991 млн. пұт болды — төрт еседен де артық өскен. Сонымен, нақ реформадан кейінгі заманда ағаш өнеркәсібінің мықтап өскендігіне күмәндануға болмайды.

Ал осы өнеркәсіптің ұйымдастырылуы қандай? — таза капиталистік. Кәсіпкерлер — «ағаш өнеркәсіпшілері» — ағаштарды жер иелерінен сатып алады да, ол ағаштарды кесу, тілу үшін, салмен ағызу үшін және тағы сондайларға жұмысшылар жалдайды. Мәселен, земство статистиктері Москва губерниясында ағаш кәсіпшілігімен айналысатын 24 мың шаруаның 337-сі ғана ағаш өнеркәсіпшілері деп есептеген ******. Вятка губерниясының Слободский уезінде 123 ағаш өнеркәсіпші бар деп есептеді («ұсақтарының көпшілігі ірілерінде мердігер болып істейді», ал ірі дегендерінің өзі 10 ғана), ал ағаш кәсібімен айналысып жүрген жұмысшылар 18 865 адам, бір жұмысшының табысы $19^{1}/_{2}$ сомнан келеді *******. С. Короленко мырза бүкіл Европалық

* «Өндіргіш күштер». Россияның сыртқы саудасы, 39-бет. Ағаш материалдарын сыртқа шығару 1902 ж.— 55,7 млн. сом, 1903 ж.— 66,3 млн. сом болды *(2-басылуына ескерту)*.

** «Әскери-статистикалық жинақ», 486—487-беттер.

*** «Темір жолдар мен ішкі су жолдарының статистикалық шолуы». СПБ. 1893 (қатынас жолдары министрлігінің басылымы), 40-бет.

**** Ibid., 26-бет.

***** Шамамен алғанда темір жолмен тасылған барлық жүктердің $^{1}/_{5}$-не жуығы («Әскери-статистикалық жинақ», 511-бет; 518—519-беттерді салыстырыңыз).

****** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, I кітап, 2-бөлім. Бізде көбінесе ағаш кәсіпшілігінде қожайындар мен жұмысшылардың жігін жете айырмайды, жұмысшыларды да ағаш кәсіпшілері деп атайды.

******* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», XI, 397.

Россияда 2 миллионға жуық шаруа ағаш жұмысымен айналысады деп есептеді *, егер мәселен, Вятка губерниясының 9 уезінде (11 уезден) ағаш өндірісінде 56 430-ға жуық жұмысшы бар, бүкіл Кострома губерниясында — 47 мыңға жуық жұмысшы бар деп есептелсе **, сонда бұл сан асыра көрсетілмеген болса керек. Ағаш өндірісіндегі жұмыстар ақы өте-мөте аз төленетін жұмыстарға жатады; оларда тазалық жағдайлар адам айтқысыз нашар, сондықтан да жұмысшылар ауруға тез шалдығады; орманның меңіреу түкпіріне апарылып тасталған жұмысшылардың жағдайы анағұрлым қорғансыз және өнеркәсіптің бұл саласында құлдық, truck-system және «патриархтық» шаруалар кәсіпшіліктеріне тән басқа да осындай қасіреттер кең жайлаған. Осы сипаттаманы растау үшін жергілікті зерттеушілердің бірсыпыра пікірлерін келтірейік. Москва статистиктері әдетте ағаш өндірісіндегі жұмысшылардың табысын едәуір дәрежеде төмендетіп жіберетін «азық-түлікті міндетті түрде несиеге алып отырушылықты» атап көрсетеді. Костроманың ағаш өндірісіндегі жұмысшылар «артель-артель болып, орман ішінде қалай болса солай істеле салған нашар үйшіктерде тұрады, бұл үйшіктерде пеш жоқ, ошаққа от жағып жылытады. Қатығы нашар тамақ, апта бойы тастай боп қатып қалған нан, жиреніште ауа... ұдайы шала кептірілген киім... осылардың бәрі ағаш өнеркәсіпшілерінің денсаулықтарына зиянды әсер етпей қалмайды». «Орманды» болыстарда тұратын халықтың тазалығы халқы шет кәсіпшіліктермен айналысатын болыстардағылардан (яғни шет кәсіпшілік басым болыстардағы) «анағұрлым төмен» келеді ***. Новгород губерниясының Тихвин уезі жайында біз мынаны оқимыз: «Сіз ресми мәліметтердің бәрінен халық егіншілік кәсібімен айналысады дегенді ұшыратсаңыз да, егіншілік табыстың қосымша түрі саналады... Шаруалар өзін негізгі керекті нәрселердің бәрін ағаш өнеркәсіпшілеріндегі ағаш дайындау және оны салмен ағызу жұмысынан туып оты-

* «Еріктi жалдама еңбек».
** «Майдагерлік комиссияның еңбектері» бойынша есептелген.
*** L. c., 19—20, 39-беттер. «Майдагерлік комиссияның еңбектеріндегі» осыған ұқсас пікірді салыстырыңыз, XII, 265.

рады. Бірақ тез арада дағдарысқа кезігеді: 5—10 жылдан кейін-ақ ағаш таусылады...» «Ағаш кәсіпшіліктерінде істейтіндер көбінесе бурлактар; қысқы уақытты ол орман-тоғайдың ішіндегі қоста өткізеді... ал көктемде, үй жұмысынан мезі болған кезде, ол сал ағызу, отын тасу жұмыстарына кетеді; тек егін орудың қауырт кезі мен пішен шабатын уақыт қана оны отырықшы болуға мәжбүр етеді...» Шаруалар ағаш өнеркәсіпшілерінің «мәңгі құлдығында» болады *. Вяткалық зерттеушілер ағаш өндіріс жұмысына кісі жалдау әдетте алым-салық жинау уақытына орайлас жүргізілетінін, қожайындардан тұрмысқа керекті заттарды несиеге алып отыруы табысты өте азайтып жіберетіндігін айтады... «Ағаш кесушілер де, отын дайындаушылар да жазда күніне 17 тиынға жуық, ал атымен жүріп істейтіндер күніне 33 тиынға жуық ақша алады... Егер бұл кәсіпшіліктегі жұмыс тазалыққа мүлдем қайшы жағдайда орындалатынын еске алатын болсақ, бұл ақы еңбекке татымайтын түкке тұрғысыз» ** және т. т., с. с.

Сонымен, ағаш өндірісіндегі жұмысшылар алақандай ғана жері бар және аса тиімсіз шарттармен өзінің жұмыс күшін сатуға ділгер болатын селолық пролетариаттың құрамды ірі бөлігі саналады. Бұл кәсіп барынша қолайсыз және тұрақсыз келеді. Ағаш өндірісінің жұмысшылары сондықтан да резерв армиясының (немесе капиталистік қоғамда относительді артық халық болуы) теорияда *жасырын* деп аталған формасын құрайды ***: село халқының белгілі бір (және біздің байқауымызша, аз да емес) бөлігі осындай жұмысты істеуге әрдайым

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VIII, 1372—1373, 1474-беттер. «Ағаш өнеркәсібінің талаптарына сәйкес Тихвин уезінде темір ұсталық, былғары, тері илеу және ішінара етік тігу өндірісі дамыды, біріншісі,— қармақ темірлер жасап береді, екіншілері — етік, шолақ тон және қолғап тігіп береді». Ал оның бер жағында, біз мұнда өндіріс құрал-жабдықтарын жасау ісі (яғни капиталистік шаруашылықтағы I бөлімшенің өсуі) тұтыну заттарын жасау ісіне (яғни II бөлімшеге) түрткі болатындығының мысалын көреміз. Бұл арада өндіріс тұтынуға ілесе дамымай, тұтыну өндіріске ілесе дамып отыр.

** «Майдагерлік комиссияның еңбектері», XI, 399—400, 405, 147-беттер. Орел губерниясының Трубчевск уезі жөніндегі земство жинағындағы: «егіншіліктің екінші дәрежеде ғана маңызы бар», кәсіпшіліктер, әсіресе ағаш кәсіпшілігі басты роль атқарады деген толып жатқан сілтемелерді салыстырыңыз («Трубчевск уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағы». Орел, 1887, әсіресе селолар жөніндегі ескертулер).

*** «Das Kapital», I [2], S, 668 [156].

әзір тұруға тиіс, мұндай жұмысқа әрдайым мұқтаж болып отыруға тиіс. Капитализмнің өмір сүруі мен даму шарты осындай. Ағаш өнеркәсіпшілерінің шаруашылықты беталды жыртқыштық сипатта жүргізуі салдарынан ормандар құрып, таусыла түскен сайын (ал бұл процестің аяқ алысы тым тез) — ағаш отынды тас көмірмен ауыстырудың қажеттігі бірден-бірге күшті сезіліп келеді, тас көмір өнеркәсібінің дамуы бірден-бірге тездей түсуде, түбінде тек осының бір өзі ғана машиналы ірі индустрияға берік базис бола алады. Белгіленген және көп ауытқымайтын бағаға кез келген уақытта және кез келген мөлшерде алуға болатын арзан отын керек — қазіргі заманғы фабриканың талабы осындай. Ағаш өнеркәсібінің бұл талапты қанағаттандыруға шамасы келмейді *. Сондықтан отын жеткізіп беру ісінде ағаш өнеркәсібінің тас көмір өнеркәсібінен басым болуы капитализмнің нашар дамыған жағдайына сай келеді. Өндірістің қоғамдық қатынастарына келетін болсақ, онда бұл тұрғыдан алғанда капиталистік мануфактураның машиналы ірі индустрияға қатынасы қандай болса, шамамен ағаш өнеркәсібінің тас көмір өнеркәсібіне қатынасы да сондай. Ағаш өнеркәсібі табиғат байлықтарын атам заманғы әдістермен пайдаланатын техниканың нағыз жабайы қалпын бейнелейді; ал тас көмір өнеркәсібі техникада толық төңкеріс жасауға және машиналарды кең пайдалануға жол ашады. Ағаш өнеркәсібі өндірушіні бұрынғы шаруа қалпында қалдырады, ал тас көмір өнеркәсібі оны фабрикалық өндірушіге айналдырады. Ағаш өнеркәсібі меңіреу тоғайдың түкпірінде елеусіз қалған жұмысшыларды олардың қараңғылығын, қорғансыздығын және бытыраңқылығын пайдаланып, құлдықтың ең жаман түрлерімен шырмайды да, өмірдің барлық ескі патриархтық салтын мүлдем қаймағын бұзбастан сол қалпында қалдырады деуге бо-

* «Польша Патшалығындағы фабрика-завод өнеркәсібін зерттеу жөніндегі комиссия мүшелері есебінің» мәліметтері, міне, осыны айқын көрсетеді (СПБ. 1888, I бөлім). Москваға қарағанда Польшада тас көмір екі есе арзан. Польшада 1 пұт иірілген жіпке кететін отынның орташа шығыны—16—37 тиын, ал Москва округінде—50—73 тиын. Москва округінде отын запасы 12—20 айға жасалады, ал Польшада 3 айдан артыққа запас жасамайды, көбінесе 1—4 аптаға ғана жасайды.

лады. Тас көмір өнеркәсібі халықтың қоныс аударушылығын туғызады, индустриялы ірі орталықтар құрады және өндіріске қоғамдық бақылау орнатуға сөзсіз жеткізеді. Бір сөзбен айтқанда, осы сөз болып отырған алмасудың да дәл мануфактураның орнына фабриканың келуі сияқты прогрестік маңызы бар *.

Құрылыс ісі де бастапқы кезде шаруалардың үй жұмыстарының ішіне кіретін еді,— және күні бүгінге дейін кіріп келеді, өйткені шаруалардың жартылай натуралды шаруашылығы сақталып отыр. Дамудың бұдан былайғы барысы құрылыс жұмысшыларын тұтынушылардың заказы бойынша жұмыс істейтін маман-*қолөнершілерге* айналуына әкеледі. Деревнялар мен шағын қалаларда құрылыс өнеркәсібінің осылай ұйымдастырылуы қазіргі уақытта да едәуір дамыған; қолөнерші әдетте егіншілік кәсібінен қол үзбейді және ұсақ тұтынушылардың тым шағын қауымына жұмыс істейді. Капитализмнің дамуына байланысты өнеркәсіптің бұл құрылымының сақталып қалуы мүмкін емес. Сауданың, фабрикалардың, қалалардың, темір жолдардың өсуі өзінің архитектурасы жағынан да, өзінің аумағы жағынан да патриархтық заманның ескі үйлеріне ұқсамайтын, мүлдем басқа құрылыстарды керек етеді. Жаңа құрылыстар неше алуан және қымбат материалдарды талап етеді, әлденеше түрлі мамандығы бар жұмысшылар бұқарасының кооперацияға бірігуін талап етеді, бұл құрылыстар өзінің салынып бітуі үшін ұзақ уақытты

* Н.— он мырза ағаш өнеркәсібінің орнына тас көмір өнеркәсібінің келуі туралы мәселеге тоқтай келіп («Очерктер», 211, 243), әдеттегіше, тек зарланумен тынған. Мына сәл жағдайды: капиталистік тас көмір өнеркәсібінің сыртында қанаудың онан бетер жаман түрлерін қолданушы капиталистік ағаш өнеркәсібі тұрғанын біздің романтик аңғармай кетуге тырысады. Бірақ оның есесіне «жұмысшылардың санына» келгенде ол құлашты кеңге сермеген! Миллиондаған жұмыссыз шаруалармен салыстырғанда не бары 600 мың ағылшын көмір қазушыларында не тұр? — дейді ол (211). Біз бұған былай деп жауап береміз: капитализм тұсында относительді артық халық болатындығына күмән келтіруге болмайды, бірақ Н.— он мырза бұл құбылыстың машиналы ірі индустрияның қажеттерімен байланысты екенін мүлде түсінбеген. Уақытша әрі тұрақты емес әр түрлі жұмыстармен айналысатын шаруалар санын тек тас көмір шығару жұмысымен ғана шұғылданатын маман кеншілер санымен салыстыру — мүлдем мағынасыз тәсіл. Н.— он мырза мұндай тәсілдерді өзінің теориясын талқандайтын фактіні, Россияда фабрика және тау-кен жұмысшыларының санының да, бүкіл сауда-өнеркәсіп халқының жалпы санының да тез өсу фактісін бүркемелеу үшін ғана пайдаланады.

керек етеді; осы жаңа құрылыстарды орналастыру халықтың дәстүрлі орналасу жағдайына мүлдем үйлеспейді: бұл құбылыстар үлкен қалаларда немесе қала төңіректерінде, ел қоныстанбаған жерлерде, салынып жатқан темір жол бойларында және т. с. жерлерде тұрғызылып жатыр. Жергілікті қолөнерші шеттен жұмыс алып істейтін жұмысшыға айналады, оны тұтынушы мен өндірушінің арасына біртіндеп еніп алып, нағыз капиталиске айналатын кәсіпкер-*мердігер* жалдап отырады. Капиталистік шаруашылықтың секірмелі дамуы, ұзаққа созылған күйзеліс жылдардың «құрылыс жұмысының қарбалас» (қазіргі, 1898 жылда бастан кешіріп отырғанымыздай) кезеңдерімен алмасып отыруы құрылыс ісінде капиталистік қатынастардың кеңеюіне және тереңдеуіне орасан зор қозғау салады.

Орыстың экономикалық әдебиетінің мәліметтері бойынша біз қарап отырған өнеркәсіптің реформадан кейінгі эволюциясы, міне, осындай *. Бұл эволюция территорияға қарай еңбек бөлінісінен, жұмысшы халқының құрылыс жұмыстарының белгілі бір түріне маманданған жекелеген көлемді аудандардың құрылуынан өте-мөте айқын көрінеді **. Аудандардың бұл сияқты маманлануы құрылыс жұмыстарына ірі рыноктардың құрылғанын, ал осыған байланысты капиталистік қатынастардың қалыптасқандығын көрсетеді. Мұны суреттеу үшін осы аудандардың бірі туралы мәліметтер келтірейік. Владимир губерниясының Покровск уезі өзінің балташыларымен ежелден даңққа бөленген; үстіміздегі ғасырдың бас кезінде-ақ бұл уездегі бүкіл халықтың жартысынан көбірегі балташылар болған. Реформадан

* Біздің жоғарыда ескертіп өткеніміздей, бұл эволюцияны дәлелдеп көрсету қиын, өйткені біздің әдебиетімізде жалпы құрылыс жұмысшыларын көбінесе «қолөнершілер» деп атайды, бұл категорияға бұған жатпайтын жалдама жұмысшыларды да қосады. Батыстағы құрылыс өнеркәсібін ұйымдастыру ісінің осы тектес дамуы туралы, мәселен, мынаны қараңыз: *Webb*. «Die Geschichte des britischen Trade Unionismus», Stuttgart, 1895, S. 7 (*Вебб*. «Британ тред-юнионизмінің тарихы», Штутгарт, 1895, 7-бет. *Ред.*) [157].

** Мәселен, Ярославль губерниясында пеш салушылар, сылақшылар және тас қалаушылар жөнінен Данилов уезінің ерекше даңқы шыққан, соның өзінде бұл уездің әр түрлі болыстарынан осы мамандықтардың бір түрінен шеберлер көп шығады. Ярославль уезінің Заволжье ауданынан, әсіресе, малярлар көп шығады, ал Молога уезінің орта ауданынан балташылар көп шығады және т. т. («Ярославль губерниясының шолуы», II кітап, Ярославль, 1896, 135 және басқа беттер).

кейін де балташылық күшейіп отыр *. «Балташылық басым ауданда шеберлерге және фабриканттарға ұқсас элемент — мердігерлер», бұлар әдетте балташылар артелінің неғұрлым жылпос мүшелерінен шығады. «Мердігерлердің арасында 10 жыл ішінде 50—60 мың сом, тіпті одан да көп таза пайда табатындары жиі кездеседі. Кейбір мердігерлердің 300—500-ден балташылары бар, сөйтіп олар қазірдің өзінде-ақ кәдуілгі капиталист болып алған... Бұл жердің шаруалары *«балташылармен сауда жасаудан тиімді кәсіп жоқ»* деп тегін айтпайды **. Кәсіпшіліктің қазіргі ұйымдасуының шын мәнісін бұдан артық анығырақ сипаттап беру қиын! «Балташылық мұндағы шаруалар өмірінің бүкіл салтына терең із қалдырған... Балташы шаруа егіншіліктен бірте-бірте қол үзе бастайды, ал ақырында егіншілікті мүлдем тастайды». Астаналардағы өмір балташыларды мәдениетті тұруға үйретті: ол төңіректегі шаруалардан анағұрлым таза тұрады және өзінің «интеллигенттілігімен», «ақыл-ойы жағынан даму дәрежесінің біркелкі жоғарылығымен» басқалардан оқшау көрінеді ***.

Европалық Россиядағы құрылыс жұмысшыларының барлық саны, қолдағы толық емес мәліметтерге қарағанда, едәуір көп болуға тиіс. Калуга губерниясында құрылыс жұмысшылары 1896 жылы жергілікті жерде және шетте істейтіндері бар 39 860 деп есептеген. Ярославль губерниясында 1894/95 жылы — ресми мә-

* 50-жылдардың аяқ кезінде Аргун ауданынан (Аргун болысы — кәсіпшіліктің орталығы) 10 000-ға жуық балташылар шыққан. 60-жылдарда Покровск уезіндегі 548 деревняның 503-інде балташылар орналасқан («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», IV, 161 және келесі беттер).

** Ibid., 165-бет. Курсив біздікі.

*** Ibid., 166-бет. Басқа деректер де біртектес сипаттама береді. Қараңыз: *Жбанков:* «Шет табыстардың 1866—1883 жылдарда Кострома губерниясы халқының қоныс аударуына тигізген әсері». Кострома, 1887.— Кострома губерниясының Солигалич уезіндегі қалалық шет табыстар туралы». «Юридический Вестник», 1890, № 9 — «Әйелдер өлкесі», Кострома, 1891.— «Шет табыстарды зерттеу үшін жалпы програманың тәжірибесі».— «Смоленск губерниясындағы 1892—1895 жылдардағы шет кәсіпшіліктер», Смоленск, 1896.— «Шет табыстардың халықтың қоныс аударуына тигізетін әсері», «Врач», 1895, № 25.— Сонымен қатар цитат келтірілген мына еңбектерді қараңыз: «Ярославль губерниясының шолуы», «Майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі комиссияның еңбектері», «Калуга губерниясының 1896 жылғы статистикалық шолуы», Калуга, 1897; «Нижегород губерниясының 1896 жылғы ауыл шаруашылық шолуы», Н.-Н., 1897 және земстволық-статистикалық басқа да басылымдар.

ліметтер бойынша — шетте жұмыс істеушілер 20 170 адам болған. Кострома губерниясында шетте істейтін $39^{1}/_{2}$ мыңға жуық жұмысшы болған. Вятка губерниясының 9 уезінде (11 уезден) шетте істейтін жұмысшылар $30^{1}/_{2}$ мыңға жуық болған (80-жылдары). Тверь губерниясының 4 уезінде (12 уезден) — жергіліктісі және шетте істейтіні бар 15 585 жұмысшы болған. Нижегород губерниясының Горбатов уезінде — жергіліктісі және шетте істейтіні бар 2221 жұмысшы болған. 1875—1876 жылдардың ресми мәліметтері бойынша, Рязань губерниясынан тек балташылардың өзі жылына кем дегенде 20 мың адам шыққан. Орел губерниясының Орел уезінде 2 мың құрылыс жұмысшысы болған. Полтава губерниясының 3 уезінде (15 уезден) — 1440. Самара губерниясының Николаев уезінде — 1339 *. Бұл цифрларға қарағанда, Европалық Россиядағы құрылыс жұмысшыларының саны *кемінде 1 миллион* адам болуға тиіс **. Айта берсек бұл цифрды тіпті кемітіліп көрсетілген деп санау керек, өйткені деректемелердің бәрі де құрылыс жұмысшыларының саны реформадан кейінгі дәуірде тез өсіп отырғанын көрсетеді ***. Құрылыс жұмысшылары қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп пролетариаты болып табылады, оның жермен байланысы осы күннің өзінде-ақ нашар ****,— және жылдан-

---

* Осының алдындағы ескертуде аталғандардан басқа деректемелер — земство жинақтары. В. В. мырза («Майдагерлік өнеркәсіп очерктері», 61) Полтава, Курск және Тамбов губернияларының 13 уезі туралы мәліметтер келтіреді. Құрылыс жұмысшыларының (В. В. мырза бұлардың бәрін «ұсақ өнеркәсіпшілерге» бекер жатқызып жүр) барлық саны 28 644, бұл сол уездердің барлық ересек еркек адамдарының 2,7 процентінен 22,1 процентіне дейінін қамтиды. Егер норма үшін орташа процентті (8,8%) алсақ, онда Европалық Россияда $1^{1}/_{3}$ млн. құрылыс жұмысшысы (15 млн. ересек еркек жұмысшылар бар деп есептегенде) болған болар еді. Ал аталған губерниялар құрылыс кәсіпшіліктері неғұрлым күшті дамыған губерниялар мен неғұрлым нашар дамыған губерниялар аралығын алып жатыр.

** 1897 жылғы 28 январьдағы санақ («Жалпы жиынтық», 1905 ж.) бүкіл империяда құрылыс өнеркәсібіндегі *дербес* халық (өмір сүруге керекті заттарды өзі табатын халық) 717 мың адам және осы өнеркәсіппен қосымша айналысатын егіншілер 469 мың адам деп есептейді. *(2-басылуына ескерту.)*

*** Құрылыс өнеркәсібінің көлемі туралы пікір айту үшін өрттен қауіпсіздендірілген құрылыстардың құны туралы мәліметтерді де пайдалануға болады. 1884 жылы бұлардың құны 5968 млн. сом болған, ал 1893 жылы — 7854 млн. сом болды. («Өндіргіш күштер», XII, 65). Мұның өзі жыл сайын 188 млн. сом өсім беріп отырған.

**** Мәселен, Ярославль губерниясында бүкіл халықтың 11—20 проценті, яғни еркек жұмысшылардың 30—56 проценті басқа жаққа кетеді; басқа жаққа кетушілердің 68,7 проценті *жыл бойына* қайтып

жылға барған сайын нашарлап келеді. Құрылыс жұмысшыларының ағаш өндірісіндегі жұмысшылардан үлкен айырмашылығы бар, олар өздерінің жағдайы жағынан фабрика жұмысшыларына неғұрлым жақын келеді. Құрылыс жұмысшылары қала және өнеркәсіп орталықтарында істейді, бұл орталықтар, біздің көріп отырғанымыздай, олардың мәдени дәрежесін едәуір көтереді. Егер құлдырап бара жатқан ағаш өнеркәсібі өмірдің патриархтық салтымен әлі де болса ымыраласып отырған капитализмнің шала дамыған формаларын сипаттайтын болса, дамып келе жатқан құрылыс өнеркәсібі капитализмнің жоғары сатысын сипаттайды, өнеркәсіп жұмысшыларының жаңа табының құрылуын және ежелгі шаруалардың мейлінше терең жіктелуін көрсетеді.

### X. ФАБРИКАНЫҢ ШЫЛАУЫ

Фабриканың шылауы деп біз жалдама еңбек пен ұсақ өнеркәсіптің фабрикамен тікелей байланысты өмір сүруші формаларын атап отырмыз. Бұған ең алдымен ағаш өндірісіндегі жұмысшылар мен құрылыс жұмысшылары (бұлардың белгілі бір бөліктері) жатады, бұл жұмысшылар туралы біз жоғарыда айтып өттік және бұлар кейде тікелей фабрика орталықтарындағы өнеркәсіп халқына кіреді, кейде қала төңірегіндегі деревнялар халқына жатады *. Одан соң, бұған кейде фабрика иелерінің өздері шымтезек өндіретін орындарының жұмысшылары да кіреді**; бұған арбакештер, жүк тиеушілер, товар жайғастырып салушылар және жалпы қара

---

келмейді («Ярославль губерниясының шолуы»). Осылардың бәрі *«тек ресми аты жағынан* ғана шаруалар» болып саналады (117-бет).

* Мәселен, Рязань губерниясында «Хлудов фабрикасының бір өзіне» (1894/95 ж.: 4849 жұмысшы болды, өндіріс сомасы 6 млн. сом) «қыс кезінде отын тасуға пайдаланылатын аттардың саны 7000-ға дейін барады; бұлардың көбі Егорьев уезіндегі шаруалардікі» [158] («Майдагерлік комиссияның еңбектері», VII, 1109—1110-беттер).

** Шымтезек өндірісінің статистикасы да былығып жатыр. Әдетте оны «фабрика-завод» өндірістеріне жатқызбайды (салыстырыңыз: Кобеляцкий, «Анықтама кітабы», 15-бет), ал кейде жатқызады да, мәселен, «Тізбе» Владимир губерниясында 2201 жұмысшысы бар шымтезек өндірілетін 12 орынды атайды, шымтезек басқа губернияларда да өндірілгенімен «Тізбе» тек осы губерниялардағыны ғана есепке алған. Свирский бойынша («Владимир губерниясының фабрикалары мен заводтары») Владимир губерниясында 1890 жылы шымтезек өндіру жұмысында 6038 адам болған. Россияда шымтезек өндіру жұмысындағы барлық жұмысшылардың саны мұнан әлдеқайда көп болуға тиіс.

жұмысшылар деп аталатындар жатады, бұлар әрқашан фабрика орталықтарындағы халықтың едәуір бөлігі саналады. Петербургте, мәселен, 1890 жылы 15 декабрьдегі санақ 44 814 адамды (еркек, әйел) «күндікшілер, қара жұмысшылар» тобына жатқызып тіркеген; содан соң 51 мың адам (еркек, әйел) тасымал өнеркәсібінде деп тіркелген, олардың ішінен $9^1/_2$ мың адам арнайы ауыр жүктерді және асыл заттарды тасумен шұғылданады. Одан соң, фабриканың кейбір қосалқы жұмыстарын «дербес» ұсақ өнеркәсіпшілер істейді; фабрика орталықтарында немесе олардың төңірегінде май шайқайтын және арақ-шарап жасайтын заводтар үшін шағын бөшкелер істеп шығару *, шыны ыдыстарды салатын себеттер тоқу **, темір бұйымдар мен слесарьлық бұйымдар салатын құтылар жасау, балташылық және слесарьлық аспаптар үшін қалыптар жасап шығару ***, етік тігетін кәсіпорындар үшін шеге, былғары заводтары үшін «ій қандырғыш» жасау және басқалар ****, фабрикадан шығатын өнімді орайтын жөкелер тоқу (Кострома және басқа губернияларда), шырпы үшін «сабандар» даярлау (Рязань, Калуга және басқа губернияларда), темекі фабрикалары үшін қағаз құтылар желімдеу (Петербург төңірегінде*****), сірке суы заводтары үшін ағаш ұнтағын дайындау ******, ірі фабрикалардың талап етуі нәтижесінде өркендеген қолдан жіп иіру (Лодзьде) жұмысы *******, т. т. және т. с. жөнінде кәсіпшіліктер пайда болады. Осы ұсақ өнеркәсіпшілердің бәрі де, нақ жоғарыда көрсетілген жалдама жұмысшылар сияқты, не фабрика орталықтарындағы өнеркәсіп халқына жатады, не қала маңындағы селолардың жартылай егінші халқына жатады. Одан соң, фабрика тек шала фабрикаттар шығарып қана

* «Майдагерлік комиссияның еңбектері», VI кітап.

** Ibid., VIII кітап, Новгород губерниясында.

*** Ibid., IX кітап, Тула уезінің қала төңірегіндегі болыстарында.

**** Пермь губерниясында, Кунгур қаласының жанында, Тверь губерниясында — Кимры және басқа селоларда.

***** Қараңыз: «С.-Петербург уезінің земство басқармасының 1889 жылғы есебі». Воинов мырзаның V дәрігерлік учаске бойынша берген есебі.

****** «Есептер мен зерттеулер», I, 360-бет.

******* «Польша Патшалығындағы фабрика-завод өнеркәсібін зерттеу жөніндегі есептер», СПБ. 1888, 24-бет.

қоятын кезде, ол сол шала фабрикатты одан әрі өңдеп жетілдіретін ұсақ кәсіпшіліктерді туғызады; мәселен, жіп ирудің механикалық өндірісі майдагерлік тоқымашылықтың күшеюіне жағдай жасады, тау-кен заводтарының төңірегінде металл бұйымдарын жасайтын «майдагерлер» және сондайлар пайда болды. Ақырында, үйде істелетін капиталистік жұмыс та екінің бірінде фабриканың шылауы болып табылады *. Машиналы ірі индустрия заманы барлық елдерде өнеркәсіптің, мәселен, даяр киім шығаратын саласында үйде істелетін капиталистік жұмыстың кең түрде дамуымен сипатталады. Россияда мұндай жұмыстың қаншалықты тарағандығы, оның қандай айрықша жағдайлары бар екендігі және оны мануфактура туралы тарауда сипаттағанымыз анағұрлым дұрыс болатындығы жөнінде біз жоғарыда айтқанбыз.

Фабриканың шылауын азды-көпті толық сипаттау үшін халықтың айналысатын кәсібінің толық статистикасы болуы немесе фабрикалы орталықтардың және олардың төңірегінің бүкіл экономикалық өмірі жазылған монографиялық баяндаулар болуы қажет. Бірақ біз келтіріп отырған үзінді мәліметтердің өзі де фабрикалық өнеркәсіп өнеркәсіптің басқа түрлерінен оқшау тұр, фабрика халқы фабриканың өз ішінде істейтін халықтан оқшау тұр дейтін бізде кең таралып кеткен пікірдің қаншалықты теріс екенін көрсетеді. Өнеркәсіп формаларының дамуы, жалпы қоғамдық қатынастар атаулының дамуы сияқты, бір-бірімен қабаттасып жатқан өтпелі формалардың жәпе өткенге қайта оралу сияқтылардың арасында барынша бірте-бірте болып отырады, басқаша дамуы мүмкін емес. Мәселен, ұсақ кә-

* «Тізбе» бойынша біз әрқайсысында 1000 және одан да көп жұмысшысы бар 16 фабрика бар деп есептеп шығардық, сондай-ақ олардың сырттан істейтін 7857 жұмысшысы бар. 500-ден 999-ға дейін жұмысшысы бар 14 фабрикада 1352 жұмысшы сырттан істейді. «Тізбенің» сырттан істейтін жұмыстарды есепке алуы мейлінше кездейсоқ және оның кеміс жерлері өте көп. «Фабрика инспекторлары есептерінің жиынтығы» 1903 жылы 65 115 жұмысшысы бар жұмыс таратып беретін 632 контор болған деп санайды. Бұл мәліметтер, әрине, тіпті де толық емес, бірақ сөйтсе де осы конторлар мен оларда істейтін жұмысшылардың орасан көпшілігі фабрикалық өнеркәсіп орталықтарына жататындығы көңіл бөлерлік. (Москва округі: 503 контор бар, жұмысшысы 49 345. Саратов губерниясы — сәрпіңке — 33 контор бар, жұмысшысы 10 000). *(2-басылуына ескерту.)*

сіпшіліктердің өсуі капиталистік мануфактураның прогресін көрсетеді (мұны біз жоғарыда көрдік); біз енді фабриканың да кейде ұсақ кәсіпшіліктерді дамытатындығын көріп отырмыз. «Алыпсатарларға» істелетін жұмыс та әрі мануфактураның, әрі фабриканың шылауы болуы мүмкін. Бұл тәрізді құбылыстардың маңызына дұрыс баға беру үшін оларды өнеркәсіптің дамуының қазіргі сатысындағы оның бүкіл құрылысымен және осы дамудың негізгі тенденциясымен байланыстырып қарау керек.

## XI. ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЕГІНШІЛІКТЕН ТОЛЫҚ БӨЛЕКТЕНУІ

Өнеркәсіпті егіншіліктен *тек* машиналы ірі индустрия ғана толық бөлектейді. «Капиталдың» авторы басқа елдер үшін белгілеп берген *, бірақ әдеттё халықшыл экономистер елемей келген бұл қағиданы орыс деректері толығынан растайды. Н.— он мырза өзінің «Очерктерінде» «өнеркәсіптің егіншіліктен бөлектенуі» туралы, жөнді де, жөнсіз де, айта береді, бірақ бұл процестің шынында қалай жүріп бара жатқанын және оның қандай формаларға ауысып отырғанын анық мәліметтер арқылы талдап тексеріп шығуды ойына да алмайды. В. В. мырза біздің өнеркәсіп жұмысшыларының жермен байланысты екенін көрсете келіп, *(мануфактурада*; біздің автор «Капиталдың» авторының теориясын ұстанатындық сыңай байқата тұрса да, капитализмнің әрбір жеке сатыларын айырып көрсетуді қажет деп таппайды!) — осы жөнінде *«біздің* (курсив автордікі) капиталистік өндірісіміз» егінші-жұмысшыға «масқара (sic!) түрде тәуелді» және т. т. деп қайталап айта береді («Капитализмнің тағдыры», 114 және басқа беттер). Тек «бізде» ғана емес, Батыста да барлық жерде машиналы ірі индустрияға дейін капитализм жұмысшының жермен байланысын біржола үзе алмағанын В. В. мырза, сірә, естімесе керек, ал естіген болса, ұмытып қалған! Ақырында, Каблуков мырза соңғы кезде студенттерге мынадай таңданарлық бұрмаланған

* «Das Kapital», I², S. 779—780 [159].

фактіні ұсынып отыр: «Батыста фабрикаларда еңбек ету жұмысшы үшін бірден-бір күнкөріс көзі болса, бізде жұмысшы, *біршама шағын бөлігінен басқасы* (sic!!!), фабрикада еңбек етуді көлденең кәсіп деп есептейді, *оның жерге бүйрегі бұрады да тұрады»* *.

Бұл мәселені нақты талдап шыққан Москваның санитарлық статистикасы болды, атап айтқанда Дементьев мырзаның «фабрика жұмысшыларының егіншілікпен байланысы» туралы еңбегі **. Жүйелі түрде жинақталған, 20 мыңға жуық жұмысшыны қамтитын мәліметтер фабрика жұмысшыларының тек 14,1 проценті ғана селолық жұмыстарға кететінін көрсетті. Бірақ аталған еңбекте өте тыңғылықты дәлелденген мына факт, *атап айтқанда механикалық өндіріс жұмысшының жермен байланысын үзеді* деген факт әлдеқайда маңызды. Осыны дәлелдеу үшін келтірілген толып жатқан цифрлардың ішінен мынадай ең бір айқындарын алып отырмыз ***: [589-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Біз автордың кестесіне 8 өндірістің қол күшімен істейтін және механикалық өндірістер болып бөлінетінін ғана қостық. 9-шұға өндірісіне келетін болсақ, оның бірқатары қол күшімен, бірқатары механикалық жолмен жүргізіледі. Міне, сонымен, қол күшімен істейтін фабрикалардағы тоқымашылардың егіс жұмысына 63 процентке жуығы кетеді, ал өздігінен тоқитын станоктарда істейтін тоқымашылардан *ешкім де кетпейді,* шұға фабрикаларының механика күшімен істейтін бөлімдеріндегі жұмысшылардың 3,3 проценті кетеді. «Демек, сонымен, фабрика жұмысшыларын жермен байланысын үзуге мәжбүр ететін аса маңызды себеп,— қол күшімен істейтін өндірістердің механика күшімен істеуге көшуі. Өндірісі қол күшімен істелетін фабрикалар санының

* «Ауыл (sic!) шаруашылық экономиясы жөніндегі лекциялар», студенттер үшін басылым. М. 1897, 13-бет. Бәлкім, оқымысты статистик «біршама шағын бөлігінен басқасына» барлық 85 процентін жатқызуға болады деп есептейтін шығар (төменде текстіден қараңыз)?

** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы». Санитарлық статистика бөлімі, IV том, II бөлім, М., 1893. Дементьев мырзаның: «Фабрика және т. т.» деген белгілі кітабында көшіріліп басылған.

*** «Статистикалық мәліметтер жинағы», 1. с., 292-бет. «Фабрика», 2-басылуы, 36-бет.

| Фабрикалар мен заводтар | Егіншілік жұмысына кетіп қалғандар проценті | |
|---|---|---|
| Қолдан мақта-мата тоқитын фабрикалар, бояйтын орындарымен қоса | 72,5 | Қол күшімен істейтін өндіріс |
| Жібек тоқитын фабрикалар | 63,1 | |
| Фарфор-фаянс заводтары | 31,0 | |
| Қолдан шыт тоқитын фабрикалар және арқау жіптер беріп отыратын конторлар | 30,7 | |
| Шұға фабрикалары (толық өндіріс) | 20,4 | |
| Мақта жіп иіретін және өзі тоқитын фабрикалар | 13,8 | Механикалық өндіріс |
| Өзі тоқитын фабрикалар, шыт тоқитындарымен және өңдейтіндерімен қоса | 6,2 | |
| Машина жасайтын завод | 2,7 | |
| Шыт тоқитын және өңдейтін механикалық фабрикалар | 2,3 | |

әлі де біршама едәуір екендігіне қарамастан, олардағы жұмысшылардың саны механикалық өндірісі бар фабрикалардағы жұмысшылардың санымен салыстырғанда тіпті мардымсыз болып отыр, осының салдарынан егіс жұмысына кетушілердің проценті онша емес, мәселен, жалпы ересек жұмысшылардың барлық санына шаққанда 14,1%, ал таза шаруа сословиесінен шыққан ересек жұмысшыларға шаққанда 15,4% болып отыр» *. Москва губерниясының фабрикаларын санитарлық жағынан тексеру мәліметтерінің мынадай цифрлар бергенін еске сала кетейік: барлық фабрикалардың ішінде механикалық двигателі барлары 22,6% (соның ішінде бу двигателі бары 18,4%); оларда жұмысшылардың барлық санының 80,7 проценті шоғырланған. Қол күшімен істейтін фабрикалар — 69,2%, ал олардағы жұмысшылар 16,2% қана. Механикалық двигательдері бар 244 фабрикада 92 302 жұмысшы істейді (1 фабрикада — 378 жұмысшыдан), ал қол күшімен істейтін 747 фабрикада — 18 520 жұмысшы бар (1 фабрикада — 25 жұмысшыдан) **. Орыстың барлық фабрика жұмысшыларының орта есеппен 1 кәсіпорынға 488 және одан да көп

* Жинақ, 280-бет. «Фабрика», 26-бет.
** Жинақ, IV том, I бөлім, 167, 170, 177-беттер.

жұмысшыдан келетін аса ірі, көпшілігі механикалық кәсіпорындарында көбірек шоғырланғандығын біз жоғарыда көрсеттік. Дементьев мырза жермен байлапысты үзуге жұмысшылардың қай жерде туғандығының, жергіліктілер мен келімсектердің арасындағы айырмашылықтардың, сословие айырмашылықтарының (мещандар және шаруалар) қандай әсері тиетіндігін толық зерттеген,— сонда осы айырмашылықтардың бәрі негізгі фактордың ықпалы алдында: қол күшімен істелетін өндірістердің механика күшін пайдалануға көшуі алдында елеусіз болып шықты *. «Бұрынғы егіншінің фабрика жұмысшысына айналуына қандай себептер жағдай жасаса да, әйтеуір осы арнаулы жұмысшылар қазірдің өзінде бар. Бұлар тек сөз жүзінде ғана шаруалар болып есептеледі, олар деревнямен паспорттарын ауыстыру үшін алым-салық төлеу кезінде ғана байланыс жасайды, өйткені іс жүзінде деревняда олардың не шаруашылығы жоқ, көпшілігінің не үйі жоқ, себебі — әдетте олар үйлерін сатып жібереді. Тіпті олардың жер иеленуге праволылығы да тек заң жүзінде ғана сақталған деп айтуға болады, ал 1885—1886 жылдары көптеген фабрикаларда болған тәртіпсіздіктер бұл жұмысшылардың өздерін деревняға мүлдем жат адам деп есептейтіндігін, нақ сол сияқты, деревня шаруалары да бұларға, өз селоластарының ұрпақтарына, келімсек жат адамдар деп қарайтындығын көрсетті. Демек, біздің алдымызда қазірдің өзінде қалыптасып болған, өзінің үй-күйі жоқ, іс жүзінде ешқандай меншігі жоқ, еш нәрсемен байланысты емес және күндегісін күнде тауып күнелтіп отырған жұмысшы табы тұр. Ол күні кеше ғана қалыптасқан жоқ. Бұл таптың қазірдің өзінде фаб-

* Жбанков мырза өзінің «Смоленск губерниясының фабрикалары мен заводтарын санитарлық зерттеуінде» (Смоленск, 1894—1896) бір ғана Ярцев мануфактурасында егіс жұмысына кететін жұмысшылардың санын тек шамамен 10—15% деп есептеді. (II том, 307, 445-беттер; 1893/94 жылы Смоленск губерниясының фабрика-заводтарында істейтін 8810 жұмысшыдан 3106 жұмысшы Ярцев мануфактурасында деп саналды). Бұл фабрикада тұрақты істемейтін жұмысшылар — еркектер 28% (барлық фабрикаларда — 29%) және әйелдер 18,6% (барлық фабрикаларда — 21%. Қараңыз: II т., 469-бет). Тұрақты істемейтін жұмысшыларға жатқызылғандар мыналар екендігін ескерте кету қажет: 1) фабрикаға жұмысқа кіргеніне бір жыл толмағандар; 2) жазғы жұмыстарға кететіндер; 3) «кейбір себептермен бірнеше жыл бойы заводта жұмыс істеуін тоқтатқандар» (II, 445).

рикалық ата-тегі бар және олардың едәуір бөлігі қазірдің өзінде-ақ үшінші ұрпаққа кетіп отыр» *. Ақырында, фабриканың егіншіліктен бөлінуі туралы мәселе жөнінде ең соңғы фабрика-завод статистикасында тамаша материал бар. «Фабрикалар мен заводтар тізбесінде» (1894/95 жылдың мәліметтері) әрбір фабриканың бір жыл ішіндегі жұмыс күндерінің саны туралы мәлімет келтірілген. Касперов мырза бұл мәліметтерді халықшылдық теориялардың кәдесіне жаратуға асығып, «орыс фабрикасы орташа есеппен жылына 165 күн жұмыс істейді», «бізде фабрикалардың 35 проценті жылына 200 күннен азырақ жұмыс істейді» ** деп есептеп шығарды. «Фабрика» деген ұғымда тиянақтылық болмағандықтан, жылына қанша жұмысшы қанша күн жұмыс істегендігі көрсетілмегеннен кейін мұндай бетеалды санның маңызы жоққа тән екендігі өзінен-өзі түсінікті. Біз «Тізбенің», жоғарыда көргеніміздей (§ VII), фабрика-завод жұмысшыларының барлық санының $^3/_4$-ке жуығын ұстап отырған ірі фабрикалар (100 және одан да көп жұмысшылары бар) жөніндегі тиісті мәліметтерді есептеп шығардық. Сонда бір жылда жұмыс күнінің орташа саны разрядтар бойынша мынадай болып шықты: A) 242; B) 235; C) 273 ***, ал барлық ірі фабрикалар үшін — 244. Егер бір жұмысшыға келетін жұмыс күндерінің орташа санын шығаратын болсақ, ірі фабрика жұмысшысы үшін орташа сан — жылына 253 жұмыс күні болады. Өндірістердің «Тізбеде» бөлінген барлық 12 бөлімінің ішінен тек бір бөлімінде ғана, атап айтқанда XI бөлімде (азық-түлік өнімдері), жұмыс күнінің орташа саны төменгі разрядтар үшін 200-ден аз болып шығады: A) 189; B) 148; C) 280. Осы бөлімнің *A* және *B* разрядтарына жататын фабрикаларда 110 588 жұмысшы — ірі фабрикалардағы жұмысшылардың барлық санының (655 670) =

---

* Жинақ, 296-бет. «Фабрика», 46-бет.

** «Россияның өнеркәсіптік дамуының статистикалық қорытындылары». Императорлық Экономикалық Ерікті Қоғамның мүшесі М. И. Т.-Барановскийдің III бөлімнің мәжілістеріндегі баяндамасы және осы баяндама бойынша жарыс сөздер. СПБ. 1898, 41-бет.

*** Еске түсіре кетелік: *A* разрядына 100—499, *B* разрядына 500—999, *C* разрядына 1000 және одан да көп жұмысшысы бар фабрикалар жатады.

16,2 проценті істейді. Бұл бөлімде мүлдем алуан түрлі өндірістер, мәселен, қызылша-қант және темекі өндірісі, арақ-шарап жасайтын және ұн тартатын өндіріс және басқалар біріктірілгенін ескерте кетелік. Басқа бөлімдер бойынша жұмыс күнінің орташа саны бір фабрикаға мынадайдан келеді: А) 259; В) 271; С) 272. Сонымен, фабрикалар неғұрлым ірі болған сайын олардың жыл ішіндегі жұмыс күндерінің саны да соғұрлым артық болып отыр. Демек, Европалық Россияның барлық ең ірі фабрикалары туралы жалпы мәліметтер Москваның санитарлық статистикасының қорытындыларын растайды және фабриканың тұрақты фабрикалық жұмысшылар табын қалыптастыратындығын дәлелдейді.

Сонымен, орыстың фабрика жұмысшылары туралы мәліметтері «Капиталдың» нақ машиналы ірі индустрия өнеркәсіп халқының тұрмыс жағдайларында толық және үзілді-кесілді төңкеріс жасап, халықты егіншіліктен және осымен байланысты болған патриархтық тұрмыстың ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлерінен мүлдем бөлектейді деген теориясының дұрыс екендігін толығынан дәлелдейді. Сондай-ақ, патриархтық және ұсақ буржуазиялық қатынастарды қирата отырып, машиналы ірі индустрия, екінші жағынан, егіншілік пен өнеркәсіптегі жалдама қызметкерлерді бір-біріне жақындастыруға жағдайлар жасайды: біріншіден, ол жалпы алғанда деревняға өмірдің алғаш рет егіншілік емес орталықтарда қалыптасқан сауда-өнеркәсіптік салтын алып барады; екіншіден, ол халықтың қоныс аударуын күшейте түседі және әрі селолық, әрі кәсіпшілік жұмысшыларды жалдайтын ірі рыноктар құрады; үшіншіден, машиналы ірі индустрия егіншілікке машиналар енгізеді де, деревняға өнеркәсіптің шебер қызметкерлерін әкеледі, олардың тұрмыс дәрежесі анағұрлым жоғары келеді.

## XII. ОРЫС ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМ ДАМУЫНЫҢ ҮШ САТЫСЫ

Енді біздің өнеркәсібіміздегі капитализмнің дамуы туралы мәліметтерден туатын негізгі қорытындыларды жинақтайық *.

Бұл дамудың басты-басты сатылары үшеу: ұсақ товар өндірісі (ұсақ, көбінесе шаруа кәсіпшіліктері) — капиталистік мануфактура — фабрика (машиналы ірі индустрия). «Фабрика-завод» және «майдагерлік» өнеркәсіптердің бір-бірімен байланысы жоқ деген бізде кеңінен таралып жүрген көзқарасты фактілер мүлдем теріске шығарады. Қайта керісінше, оларды ажыратып бөлушілік — барынша жасанды болады. Өнеркәсіптің біз көрсетіп отырған формаларының байланысы мен мирасқорлығы мейлінше тура және мейлінше тығыз болып табылады. Ұсақ товар өндірісінің негізгі тенденциясы капитализмді дамытуда, дәлірек айтқанда — мануфактураны құруда екенін, ал мануфактураның біздің көз алдымызда орасан тездікпен машиналы ірі индустрияға ұласып отырғанын фактілер мейлінше айқын көрсетіп отыр. Толып жатқан ірі және аса ірі фабриканттардың өздері тіпті ұсақ өнеркәсіпшілердің ішіндегі ең ұсақтары болып, «халық өндірісінен» «капитализмге» дейінгі барлық басқыштан өту фактісінің өзі өнеркәсіптің дәйектілікпен алмасып отыратын формаларының арасында тығыз және тура байланыс бар екенінің аса айқын көріністерінің бірі болады. Савва Морозов крепостной шаруа болған (1820 ж. жеке басының бостандығын сатып алған), мал бағушы, арбакеш, тоқымашы-жұмысшы болып істеді, тоқымашы-майдагер болып, өзінің товарын алыпсатарларға сату үшін Москваға жаяу қатынап тұрды, содан кейін ұсақ кәсіпорынның — жұмыс үлестіріп беруші контордың — фабриканың иесі болды. Ол 1862 жылы өлді, сол кезде оның өзінде және толып жатқан балаларында 2 ірі фабрика бар еді. 1890 жылы оның ұрпақтарына тиісті 4 фабрикада 39 мың жұмысшы істеді, олар 35 миллион сомның бұйымдарын

* Алғы сөзде көрсетілгендей, реформадан кейінгі заманды ғана алып, біз крепостной халықтың еңбегіне негізделген өнеркәсіп формаларын сырт қалдырып отырмыз.

өндіріп отырды *. Владимир губерниясының жібек өндірісінде толып жатқан ірі фабриканттар тоқымашы-жұмысшыдан және тоқымашы-майдагерлерден өсіп жетілді **. Иваново-Вознесенскінің аса ірі фабриканттары (Куваевтар, Фокиндер, Зубковтар, Кокушкиндер, Бобровтар және көптеген басқалары) майдагерлерден *** шықты. Москва губерниясындағы қамқа фабрикаларының бәрі де майдагерлік үй ішіндік шеберханалар еді ****. Павлов ауданының фабриканты Завьялов 1864 жылда да «өзінің Хабаров деген шебердің қарапайым қызметшісі болған кезін есінде жақсы сақтаған» *****. Фабрикант Варыпаев ұсақ майдагер болған ******; Кондратов майдагер болды, өзінің істеп шығарған бұйымдарын дорбаға салып арқалап, Павловоға жаяу апарып жүрді *******. Фабрикант Асмолов құты жасаушыларда ат айдаушы болды, одан кейін саудагер, темекі бұйымдарын жасайтын шағын шеберхана иесі — содан соң сан миллиондаған сом айналым қаржысы бар фабриканың қожайыны болған ********. Т. т. және т. с. Осы және осы сияқты реттерде халықшыл-экономистер «жасанды» капитализмнің басталуы мен «халық» өндірісінің ақырын қалай анықтар еді? — осыны көру қызғылықты-ақ болар еді.

Өнеркәсіптің жоғарыда аталған негізгі үш формасының айырмашылығы ең алдымен техника укладының әр түрлілігінде. Ұсақ товар өндірісі тіпті ежелгі заманнан бері қарай дерлік өзгермей келген мүлдем қарапайым, қолөнерлік техникамен сипатталады. Өнеркәсіпші дәстүр бойынша шикізатты өңдеу әдістерін сол қалпында қабылдаушы шаруа күйінде қала береді. Мануфактура техниканы күрделі түрде қайта құрып, шаруа-

* «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», IV, 5—7.— 1890 жылдың «Көрсеткіші».— *Шишмарев:* «Нижегород және Шуя-Ивановск темір жолдары ауданындағы өнеркәсіптің қысқаша очеркі», СПБ. 1892, 28—32-беттер.

** «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 7 және кейінгі беттер.

*** Шишмарев, 56—62.

**** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, III кітап, М., 1883, 27—28-беттер.

***** А. Смирнов, «Павлово және Ворсма», 14-бет.

****** Лабзин. l. с., 66-бет.

******* Григорьев, l. с., 36.

******** «Тарихи-статистикалық шолу», II том, 27-бет.

ны мастеровойға, «детальшы жұмысшыға» айналдыратын еңбек бөлінісін енгізеді. Бірақ қол өндірісі сол қалпында қалады, сондықтан бұған негізделген өндіріс әдістерінің прогресі өте-мөте баяу болуы сөзсіз. Еңбек бөлінісі стихиялық түрде қалыптасады, шаруа жұмысы сияқты, бұл да дәстүр бойынша сол қалпында қабылданып отырады. Тек машиналы ірі индустрия ғана түбегейлі өзгеріс енгізе алады, қолөнерін ысырып тастап, өндірісті жаңа, тиімді түрде қайта құрады, өндіріске үнемі ғылым жетістіктерін қолданып отырады. Капитализм Россияда машиналы ірі индустрияны ұйымдастырғанға дейін және өнеркәсіптің машиналы ірі индустрия әлі ұйымдастырылмаған салаларында техниканың бүтіндей дерлік тоқырап қалғандығын байқаймыз, өндірісте мұнан бірнеше ғасыр бұрын қолданылған тоқыма қол станогын, су немесе жел диірмендерді қолданушылықты әлі де көріп отырмыз. Керісінше, фабрика өзіне бағындырып алған өнеркәсіп салаларында бүтіндей техникалық төңкеріс жасалып отырғандығын және машиналы өндіріс әдістерінің аса жедел ілгерілеп бара жатқанын көреміз.

Техниканың түрліше укладымен байланысты капитализмнің дамуының әр түрлі сатыларын көріп отырмыз. Ұсақ товар өндірісі мен мануфактура ұсақ кәсіпорындардың басым болуымен сипатталады, бұлардың ішінен тек аз ғана ірілері ерекше көзге түседі. Машиналы ірі индустрия ұсақ кәсіпорындарды біржолата ығыстырып шығарады. Капиталистік қатынастар ұсақ кәсіпшіліктерде де қалыптасады (жалдама жұмысшылары бар шеберханалар мен сауда капиталы түрінде), бірақ бұлар онда әлі нашар дамыған, өндіріске қатысатын адамдар топтарының арасында айрықша қарама-қарсылық байқалмайды. Мұнда ірі капиталдар да, пролетариаттың қалың тобы да әлі қалыптасқан жоқ. Ал мануфактурада мұның екеуінің бірдей құрылғанын көреміз. Өндіріс құрал-жабдықтарының иесі мен қызметкердің арасындағы терең айырмашылық қазірдің өзінде-ақ едәуір дәрежеге жетіп отыр. Өнеркәсіпке «бай» мекендер өсіп келеді, бұл жерлердегі тұрғын халықтың басым көпшілігі мүлдем түгі жоқ қызметкерлер. Шикізат сатып

алуға және өнім өткізуге орасан көп қаржы жұмсап отырған аз ғана көпестер және күндік қорегін күнде тауып тіршілік ететін маман жұмысшылар бұқарасы — міне, мануфактураның жалпы бейнесі осындай. Бірақ ұсақ кәсіпорындардың мейлінше мол болуы, жермен байланыстың сақталуы, өндірістегі және барлық өмір құрылысындағы дәстүрлі қалыптың сақталуы — осының бәрі мануфактураның қайшылықтары арасында толып жатқан аралық элементтерді туғызып, осы қайшылықтардың асқына беруіне тежеу салады. Машиналы ірі индустрияда бұл тежеулер жойылады; қоғамдық қарама-қарсылықтардың қайшылықтары асқына түседі. Капитализмнің барлық қара түнек қапас жақтары бір жерге шоғырланған сияқты болады: машина, жұртқа мәлім, жұмыс күнінің шексіз ұзаруына түрткі болады; өндіріске әйелдер мен балалар тартылады; жұмыссыздардың резерв армиясы (фабрика өндірісінің жағдайларына қарай құралуға тиіс те) құралады және т. т. Алайда, фабриканың еңбекті орасан зор көлемде қоғамдастыруы және онда жұмыс істейтін халықтың сана-сезімі мен түсінігінің қайта қалыптасуы (соның ішінде, патриархтық және ұсақ буржуазиялық дәстүрлердің қиратылуы) реакция туғызады: машиналы ірі индустрия, бұрынғы сатылардан өзгеше, өндірісті жоспарлы түрде тәртіпке салуды және оған қоғамдық бақылаудың болуын табанды түрде талап етеді (осы тенденцияның көріністерінің бірі — фабрикалық заң) *.

Өндірістің даму сипатының өзі капитализмнің түрлі сатыларында өзгеріп отырады. Ұсақ кәсіпшіліктерде бұл даму шаруа шаруашылығының дамуына ілесе жүріп отырады; рынок шеңбері әлі тым тар, өндіруші мен тұтынушының арасы онша қашық емес, өндірістің болмашы мөлшері көп өзгере қоймайтын жергілікті сұранымға оңай бейімделіп отырады. Сондықтан бұл сатыда өнеркәсіпке мейлінше тұрақтылық тән, бірақ бұл тұрақтылық техниканың тоқырауы және орта ғасырлық

* Фабрикалық заңдардың машиналы ірі индустриядан туатын жағдайлармен және қатынастармен байланысы туралы мәселелер жөнінде Т.-Барановский мырзаның «Орыс фабрикасы» деген кітабының екінші бөлімінің II тарауын және әсіресе 1897 жылғы июльдегі «Новое Словодағы» мақаласын қараңыз.

дэстүрлердің сан түрлі қалдықтарымен шырмалған патриархтық қоғамдық қатынастардың сақталуы дегеннің дәл өзі болып шығады. Мануфактура ірі рынокқа, кейде бүкіл ұлт мүддесіне жұмыс істейді, сондықтан осыған сәйкес өндіріс капитализмге тән тұрақсыздық сипат алады, бұл тұрақсыздық фабрика тұсында мейлінше күшейе түседі. Машиналы ірі индустрия секірмелі түрде, гүлдену мен дағдарыс кезеңдерінің дүркін-дүркін алмасуы арқылы дамитын болады, басқаша дамуы мүмкін емес. Фабриканың осы секірмелі түрде өсуі ұсақ өндірушілердің күйзеліске ұшырауын мықтап күшейтеді; фабрикалар кейде қарбалас дәуірде жұмысшыларды топ-тобымен жұмысқа тартады да, кейде оларды жұмыстан шығарып тастап отырады. Жұмыссыздардан және қандай жұмысты болса да істеуге дайын адамдардан орасан мол резерв армиясының құрылуы машиналы ірі индустрияның өмір сүруінің және дамуының шарты болады. II тарауда біз бұл армияның шаруалардың қандай топтарынан құралатынын көрсеттік, ал одан кейінгі тарауларда капиталдың бұл резервтерді кәсіптің ең басты қандай-қандай түрлері үшін даярлықта ұстап отырғандығы атап өтілді. Машиналы ірі индустрияның «тұрақсыздығы» іске әлі де болса ұсақ өндірушінің көзімен қарап, тек осы «тұрақсыздық» қана өндіріс әдістерінің және барлық қоғамдық қатынастардың бұрынғы тоқырауын тез қайта құрушылықпен ауыстырғандығын ұмытатын адамдардың әрқашан кертартпа шағымын туғызып келді және қазірде де туғызып отыр.

Бұл қайта құру көріністерінің бірі өнеркәсіпті егіншіліктен бөлектеу, өнеркәсіптегі қоғамдық қатынастарды ауыл шаруашылығына ауыртпалығы түсіп отырған крепостниктік және патриархтық құрылыстың дәстүрлерінен арылту болып отыр. Ұсақ товар өндірісінде өнеркәсіпші әлі тіпті де шаруадан ажырап шыққан жоқ; ол көпшілік жағдайларда егінші қалпында қалып қояды, ал ұсақ өнеркәсіп пен ұсақ егіншіліктің арасындағы осы байланыстың тереңдігі сонша, біз өнеркәсіптегі ұсақ өндірушілер мен егіншіліктегі ұсақ өндірушілердің қосарласа жіктелуі жөнінде қызғылықты зан-

ға душар боламыз. Ұсақ буржуазияның және жалдама жұмысшылардың бөлініп шығуы халық шаруашылығының екі саласында да қоян-қолтық бірге жүріп отырады, сөйтіп жіктелудің екі жағында да өнеркәсіпшінің егіншіден ажырауы дайындала береді. Мануфактурада бұл ажырау қазірдің өзінде-ақ едәуір. Егіншілік кәсібімен айналыспайтын толып жатқан өнеркәсіп орталықтары құрылуда. Өнеркәсіптің басты өкілі қазірдің өзінде шаруа емес, бір жағынан, көпес пен мануфактурашы, екінші жағынан, «мастеровой» болып отыр. Өнеркәсіп және дүниенің басқа жақтарымен біркелкі жақсы дамыған сауда қатынастары халықтың тұрмыс дәрежесі мен оның мәдениетін көтереді; егінші шаруаға мануфактура қызметкері қазірдің өзінде менсінбей қарайды. Машиналы ірі индустрия осы қайта құруды аяқтап келеді, өнеркәсіпті егіншіліктен біржола бөлектейді, жоғарыда көргеніміздей, халықтың ерекше табын, бұрынғы шаруаларға мүлдем жат, олардан өмір салтының басқашалығы жағынан, семьялық қатынастардың басқашалығы жағынан, материалдық және рухани тілектері дәрежесінің жоғарылығы жағынан да айырмашылығы бар тапты қалыптастырады *. Ұсақ кәсіпшіліктер мен мануфактурада біз әрқашан да патриархтық қатынастардың қалдықтарын және жеке басы тәуелділіктің әр алуан формаларын көріп отырмыз; бұлар капиталистік шаруашылықтың жалпы жағдайында еңбекшілердің халін өте-мөте нашарлатады, оларды қорлайды және аздырады. Машиналы ірі индустрия, көбінесе елдің әр тарабынан жиналатын жұмысшылар бұқарасын бір жерге шоғырландырады да, шын мәнісінде «өткенге немқұрайды қарайтындығымен» ерекше көзге түсіп, қазірдің өзінде патриархтықтың және жеке басы тәуелділіктің қалдықтарымен мүлдем сыйыспайды. Ескірген дәстүр-

---

* «Фабрикалықтың» типі туралы мына жоғарыдағыларды салыстырыңыз: VI тарау; § II, 5, 317-бет (осы томның 439—440-беттері. *Ред.*).— Сондай-ақ «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», VII том, III кітап, М. 1883, 58-бет (фабрикалық — өсиетшіл мылжың, «ақылгөй») — «Нижегородтық жинақ», I, 42—43-беттер; IV том, 335-бет.— «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 113—114 және басқа беттер.— «Новое Слово», 1897 ж., октябрь, 63-бет.— Сондай-ақ Жбанков мырзаның жоғарыда көрсетілген шығармаларын да салыстырыңыз; оларда сауда-өнеркәсіп кәсіптерімен айналысу үшін қалаға кететін жұмысшылар сипатталады.

лерден нақ осы қол үзушілік өндірісті тәртіпке салуға және оған қоғамдық бақылау қоюға мүмкіншілік берген және соған қажеттілікті туғызған елеулі жағдайлардың бірі болды. Соның ішінде, халықтың тұрмыс жағдайларын фабриканың қайта құруы туралы сөз еткенде, өндіріске әйелдер мен жас өспірімдерді тарту * негізінен алғанда прогрестік құбылыс екенін ескерте кету қажет. Капиталистік фабриканың жұмысшы халықтың бұл разрядтарын ерекше ауыр жағдайға душар ететіндігінде, олар жөнінде жұмыс күнін қысқарту және тәртіптеу, жұмыстың тазалық жағдайларын қамтамасыз ету және тағы сондайлар ерекше қажет екендігінде ешбір талас жоқ, бірақ әйелдер мен жас өспірімдердің өнеркәсіпте жұмыс істеуіне мүлдем тыйым салуға немесе мұндай жұмысты болдырмаған патриархтық тұрмыс салтын қолдауға тырысу реакцияшылдық және утопиялық болар еді. Бұрын үй, семья ішіндегі қатынастардың тар шеңберінен шықпаған халықтың бұл разрядтарының патриархтық томаға-тұйықтығын қиратып, оларды қоғамдық өндіріске тікелей қатынасуға тарта отырып, машиналы ірі индустрия олардың ілгері дамуына түрткі болады, бұлардың дербестігін күшейтеді, яғни капитализмге дейінгі қатынастардың патриархтық тұралаушылығынан әлдеқайда жоғары тұрған өмір жағдайларын туғызады **.

* «Көрсеткіштің» мәліметтері бойынша, Европалық Россияның фабрикалары мен заводтарында 1890 жылы не бары 875 764 жұмысшы істеген, олардың 210 207-сі (24%) әйел, 17 793-і (2%) ер балалар және 8216-сы (1%) қыз балалар.

** «Бишара тоқымашы-әйел әкесіне және күйеуіне еріп фабрикаға барады, солармен қатар және олардан тәуелсіз, дербес жұмыс істейді. Ол да нақ ерлер сияқты, семья асыраушы болады». «Фабрикада... әйел өзінің күйеуінен бөлек мүлдем дербес өндіруші болып табылады». Фабрикадағы жұмысшы әйелдердің сауаты өте тез ашылады. («Владимир губерниясының кәсіпшіліктері», III, 113, 118, 112 және басқа беттер). Харизоменов мырзаның төмендегі қорытындысы әбден дұрыс: өнеркәсіп «әйелдің семьяға... және қожайынға шаруашылық тәуелділігін жояды... Бөтен фабрикада әйел ерлермен теңестіріледі; бұл — пролетарий теңдігі... Капитализмнің өнеркәсіпте күшеюі семья ішінде әйелдің тәуелсіз болуы күресінде елеулі роль атқарады». «Өнеркәсіп әйелге семьясы мен ерінен мүлдем тәуелсіз жаңа жағдай жасайды» («Юридический Вестн.», 1883 ж., № 12, 582, 596-беттер). «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағында» (VII том, II кітап, М. 1882 ж., 152, 138—139-беттер) зерттеушілер жұмыс қол күшімен және машинамен атқарылатын шұлық-ұйық өндірісіндегі жұмысшы әйелдердің жағдайларын салыстырады. Қол өндірісінде күндік табыс 8 тиынға жуық, машиналы өндірісте — 14—30 тиын. Машиналы өндірістегі жұмысшы әйелдің халі былайша су-

Өнеркәсіп дамуының алғашқы екі сатысы халықтың отырықшылығымен сипатталады. Ұсақ өнеркәсіпші шаруа қалпында қала отырып, жер шаруашылығы арқылы өз деревнясына матаулы болады. Мануфактурадағы мастеровой өнеркәсіптің мануфактура туғызған шағын, томаға-тұйық ауданына әдетте маталып қала береді. Өнеркәсіп құрылысының өзінде оның дамуының бірінші және екінші сатыларында өндірушінің бұл отырықшылығын және томаға-тұйықтығын бұзғандай еш нәрсе жоқ. Өнеркәсіптің түрлі аудандары арасында қатынас сирек болады. Өнеркәсіпті басқа жерлерге ауыстыру мемлекеттің шет аймақтарында жаңа ұсақ кәсіпшіліктердің негізін салатын жеке ұсақ өндірушілердің қоныс аударуы арқылы ғана жүзеге асырылады. Керісінше, машиналы ірі индустрия халықтың қажетті түрде көші-қонын туғызады; жеке аудандардың арасында сауда қатынастары орасан кеңейеді; темір жолдар қоныс аударуды жеңілдетеді. Жұмысшыларға деген сұраным қарбалас дәуірлерде көтеріліп, дағдарыс дәуірлерінде төмендеп, жалпы және тұтас алғанда өсіп отырады, сөйтіп жұмысшының бір кәсіпорыннан екінші кәсіпорынға, елдің бір шетінен екінші шетіне көшіп жүруі қажеттілікке айналады. Машиналы ірі индустрия біртаалай индустриялық жаңа орталықтар құрады, осы орталықтар бұрын болып көрмеген тездікпен кейде елсіз жерлерде салынады,— бұл құбылыс жұмысшылардың жаппай қоныс аударуынсыз мүмкін болмас еді. Егіншіліктен тыс шет кәсіпшіліктер дегеннің мөлшері туралы және маңызы туралы біз төменде айтамыз. Ал әзірге Москва губерниясы бойынша земстволық санитарлық статисти-

реттелген: «...Біздің алдымызда тұрған — қазірдің өзінде азат, ешқандай қыспаққа түспеген, семья мен шаруа әйелдің тіршілік тауқыметінің бәрінен мүлдем азат жас қыз, ол әрбір минут сайын бір жерден екінші жерге — бір қожайыннан екінші қожайынға ауыса алады, сол сияқты оның әрбір минут сайын жұмыссыз, бір түйір нансыз қалуы да мүмкін... Қол өндірісінде тоқымашының табысы мүлдем жартымсыз, тамағына жұмсалатын шығынды да өтей алмайды, ол үлесті жері бар қожайынның семьясының мүшесі ретінде жарым-жартылай сол жердің өнімдерінен пайдаланғандықтан ғана күн көрісіне мүмкіншілік беретін табыс табады; машиналы өндірісте шебер әйел тамағынан және шайынан ауыстыра алатындай табыс табады, мұның өзі оған семьядан тыс тұруға және семьясының жерден түсіретін табысымен пайдаланбауына мүмкіншілік береді. Сонымен, машиналы өндірісте, қазіргі жағдайларда, шебер әйелдің табысы бұрынғыдан гөрі әбден қамтамасыз етілген».

каның мәліметтерін қысқаша көрсетіп өтумен шектелеміз. Фабрика-заводтарда істейтін 103 175 жұмысшыны сұрақ беру жолымен зерттегенде, сол уезде туған жұмысшылардың өз уезіндегі фабрикаларда жұмыс істейтіні 53 238 адам, яғни барлық жұмысшылар санының 51,6 проценті екен. Демек, барлық жұмысшылардың жартысына таяуы бір уезден екінші уезге көшіп келген. Москва губерниясында туған жұмысшылар 66 038 адам — 64% болып шықты *. Жұмысшылардың үштен бірінен астамы — басқа губерниялардан келгендер (көбінесе, Москва губерниясына көршілес орталық өнеркәсіпті өңірден келгендер). Бұл жерде жекелеген уездерді салыстырғанда, өнеркәсібі неғұрлым күшті уездерде өз уезінде туған жұмысшылардың процент мөлшері едәуір кем екенін корсетеді: мәселен, өнеркәсібі аз Можайск және Волоколамск уездерінде фабрика-завод жұмысшыларының 92—93 проценті — сол өздері жұмыс істеп жүрген уездерде туғандар. Өнеркәсібі неғұрлым күшті Москва, Коломна және Богородск уездерінде өз уезінің жұмысшылары 24%—40%—50 процентке дейін төмендейді. Зерттеушілер мұнан «фабрика өндірісінің бір уезде елеулі түрде дамуы сол уезге шет элементтердің ағылып көп келуіне қолайлы жағдай туғызады» ** деген қорытынды жасайды. Бұл мәліметтер (жанымыздан қосайық) өнеркәсіп жұмысшыларының қоныс аударуы біздің егінші жұмысшылардың қоныс аударуы жөнінде келтірген белгілерімізбен сипатталатынын көрсетеді. Атап айтқанда, өнеркәсіп жұмысшылары жұмысшы қажеттігі артық жерлерден ғана емес, жұмысшы жеткіліксіз жерлерден де кетіп қалады. Мәселен, Бронницы уезіне Москва губерниясының басқа уездері мен басқа губерниялардан 1125 жұмысшы келсе, сонымен бірге осы уездің өзінен 1246 жұмысшы неғұрлым өнеркәсіпті уездерге: Москва және Богородск уездеріне кеткен. Демек, жұмысшылар «жақыннан кәсіп» таба алмаған-

* Өнеркәсібі азырақ Смоленск губерниясында фабрика-заводтарда істейтін бес мың жұмысшыны сұрастырып шыққанда, олардың 80 проценті осы Смоленск губерниясында туғандар екендігі көрінді (Жбанков, l. c., II, 442).

** «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы», санитарлық статистика бөлімі, IV том, I бөлім (М. 1890), 240-бет.

дықтан ғана емес, тәуірірек жерлерге баруға тырысатындықтан да кетеді. Бұл факт қаншалықты қарапайым болғанымен ол туралы халықшыл-экономистерге тағы да бір ескертіп қойғанның зияны жоқ, өйткені олар жергілікті кәсіптерді дәріптеп, шет кәсіпшілікті айыптайды және капитализм туғызып отырған халықтың көші-қонының прогрестік маңызы барлығын елең де қылмайды.

Машиналы ірі индустрияны өнеркәсіптің одан бұрынғы формаларынан ажырататын жоғарыда суреттелген сипатты белгілерін еңбекті қоғамдастыру деген сөздермен қорытуға болады. Шындығында да, орасан зор ұлттық және интернационалдық рынокқа арналған өндіріс те, елдің түрлі аудандарымен және түрлі елдермен шикі материалдар және қосымша материалдар сатып алу жөніндегі коммерциялық тығыз байланыстардың дамуы да, техникалық орасан зор прогресс те, өндірісті және халықты аса ірі кәсіпорындар арқылы шоғырландыру да, патриархтық тұрмыстың тозығы жеткен дәстүрлерін қирату да, халықтың көші-қонын туғызу да, қызметкердің тұтыну және даму дәрежесін арттыру да — осылардың бәрі де елдің өндірісін, ал сонымен бірге сол өндіріске қатысушыларды да барған сайын қоғамдастырып отырған капиталистік процестің элементтері болып табылады *.

* Біздің пікірімізше, соңғы үш тарауда баяндалған мәліметтер мынаны көрсетеді: мануфактураны фабрикамен араластырып, алыпсатарларға қызмет істеушілікті өнеркәсіптің айрықша формасы деп бөліп шығаратын, осы кезде кеңінен таралып жүрген жіктеуге қарағанда (Гельд, Бюхер) өнеркәсіптің капиталистік формалары мен сатыларын Маркстің жіктеуі неғұрлым дұрыс және неғұрлым мазмұнды келеді. Мануфактура мен фабриканы араластыру — жіктеуге негіз етіп тек қана сыртқы белгілерді алып, капитализмнің мануфактуралық дәуірі мен машиналық дәуірінің айырмашылығын көрсететін техниканың, экономиканың және тұрмыс жағдайларының елеулі ерекшеліктерін көрмей кету деген сөз. Капитализмге дейінгі дәуірдегі үйде істелетін жұмысты алатын болсақ, оның капиталистік өнеркәсіп механизмінде өте маңызды роль атқаратынына күмән жоқ. Сондай-ақ алыпсатарларға жұмыс істеу дәл машиналы капитализмге дейінгі кезеңге ерекше тән екені сөзсіз, бірақ ол капитализм дамуының әр түрлі кезеңдерінде (және аз мөлшерде емес) кездесіп отырады. Алыпсатарларға жұмыс істеудің маңызын оны нақты сол дәуірдегі өнеркәсіптің бүкіл құрылысымен немесе капитализм дамуының дәл сол кезеңімен байланыстыра қарамайынша ұғынуға болмайды. Деревня дүкеншісінің заказы бойынша себет тоқитын шаруа да, Завьяловтың заказы бойынша Павловода үйінде отырып пышақтың сабын жасаушы да, ірі фабриканттардың немесе саудагерлердің заказы бойынша көйлек, аяқ киім, қолғап тігетін, желімдеп құты жасайтын жұмысшы әйел де — осылардың бәрі алыпсатарларға жұмыс істеушілер, бірақ осы

Россиядағы машиналы ірі индустрияның капитализм үшін ішкі рынокқа қандай қатынасы барлығы туралы мәселе жөнінде жоғарыда айтылған мәліметтерден мынадай қорытынды шығады. Россияда фабрика өнеркәсібінің тез дамуы өндіріс құрал-жабдықтары үшін (құрылыс материалдары, отын, металдар және басқалар) орасан зор және барған сайын өсіп отырған рынок жасайды, адамның жеке басы тұтынатын заттарды емес, өндіргіш тұтыну заттарын жасап шығаруда жұмыс істейтін халықтың үлесін ерекше тез көбейтеді. Бірақ егіншіліктен сауда-өнеркәсіп қызметіне халықты барған сайын көп тартатын машиналы ірі индустрияның өсуі арқасында адамның жеке басы тұтынатын заттардың рыногы да тез өседі. Фабрика өнімдерінің ішкі рыногына келетін болсақ, бұл рыноктың құрылу процесі осы еңбектің алғашқы тарауларында толық қаралған-ды.

---

жағдайлардың бәрінде үйде істелетін капиталистік жұмыстың әр түрлі сипаты және әр түрлі маңызы бар. Біз, әрине, мәселен, Бюхердің өнеркәсіптің капитализмге *дейінгі* формаларын зерттеу жөнінде еңбегі сіңгендігін бекер демейміз, бірақ оның өнеркәсіптің капиталистік формалары жөніндегі жіктеуін дұрыс емес деп санаймыз. Біз Струве мырзаның көзқарастарына (қараңыз: «Мир Божий», 1898 ж., № 4) қосыла алмаймыз, өйткені ол Бюхердің теориясын қабылдап (оның жоғарыда көрсетілген бөлімін), оны орыс «майдагерлеріне» таңып отыр. (Осы айтылғандар жазылған кезден — 1899 ж.— бергі жерде Струве мырза өзінің ғылыми және саяси даму циклін аяқтап үлгірді. Бюхер мен Маркстің арасында, либералдық экономия мен социалистік экономияның арасында ауытқып жүрген ол нағыз либералдық буржуа болып шықты. Осы жолдарды жазып отырған адам өз шама-шарқынша социал-демократияны осындай элементтерден тазартуға себепші болдым деп мақтаныш етеді. (*2-басылуына ескерту.)*

VIII ТАРАУ

# ІШКІ РЫНОКТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Енді біз өткен тарауларда қаралған мәліметтерге қорытынды жасауымыз керек, сөйтіп халық шаруашылығының түрлі салаларының капиталистік дамуында қаншалықты өзара тәуелділік бар екені жөнінде түсінік беруге ұмтылуымыз керек.

## I. ТОВАР АЙНАЛЫСЫНЫҢ ӨСУІ

Жұртқа мәлім, товар айналысы товар өндірісінен бұрын шықты және осы товар өндірісінің шығу жағдайларының бірі (бірақ бірден-бір жағдай емес) болды. Бұл еңбегімізде біз алға қойған міндетімізді товар және капиталистік өндіріс туралы мәліметтерді талдаумен ғана шектейміз, сондықтан реформадан кейінгі Россияда товар айналысының өсуі туралы маңызды мәселеге толық тоқталмақшы емеспіз. Ішкі рыноктың өсу қарқыны туралы жалпы түсінік беру үшін төмендегі қысқаша мәліметтердің өзі жеткілікті.

Орыс темір жолының жүйесі 1865 жылғы 3819 километрден 1890 жылы 29 063 километрге дейін өсті *, яғни 7 еседен астам артты. Англияның осындай қадам басуына неғұрлым ұзағырақ уақыт кетті (1845 ж.— 4082 км., 1875 ж.— 26 819 км., 6 есе артқан). Германия

* «Uebersichten der Weltwirtschaft», I. с. («Дүние жүзілік шаруашылықты шолу», цитат алынған жері. *Ред.*). 1904 ж. Европалық Россияда (Польша Патшалығын, Кавказды және Финляндияны қосқанда) 54 878 км. және Азиялық Россияда 8351 км. болды. *(2-басылуына ескерту.)*

неғұрлым қысқа уақыт жұмсады. (1845 ж. 2143 км., 1875 ж.— 27 981 км., 12 есе артқан). Жыл бойында салынған темір жолдардың шақырым саны әр кезеңде әр түрлі болып, өте ауытқып отырды: мәселен, 1868—1872 жылдар аралығындағы 5 жыл ішінде 8806 шақырым темір жол салынған, ал 1878—1882 жылдар аралығындағы 5 жыл ішінде тек 2221 * шақырым темір жол салынды. Жұмысшыға деген сұраным кейде ұлғайып, кейде азайып отыратын капитализм үшін жұмыссыздар армиясының резерві қаншалық көп қажет екенін осы ауытқулардың мөлшеріне қарап айтуға болады. Россияда темір жол құрылысының дамуында орасан күшті екі өрлеу кезеңі болды: ол — 60-жылдардың аяғы (және 70-жылдардың басы) және 90-жылдардың екінші жартысы. Орыс темір жолының жүйесі 1865 жылдан 1875 жылға дейін орташа есеппен жылына $1^1/_2$ мың километр өсті, ал 1893 жылдан 1897 жылға дейін — $2^1/_2$ мың километрге жуық өсті.

Темір жолдар арқылы жүк тасу мынадай мөлшерде болды: 1868 ж.— 439 млн. пұт; 1873 ж.— 1117 млн. пұт; 1881 ж.— 2532 млн. пұт; 1893 ж.— 4846 млн. пұт; 1896 ж.— 6145 млн. пұт; 1904 ж.— 11 072 млн. пұт. Жолаушы тасымалының өсу қарқыны да мұнан кем болған жоқ: 1868 ж.— 10,4 млн. жолаушы; 1873 ж.— 22,7; 1881 ж.— 34,4; 1893 ж.— 49,4; 1896 ж.— 65,5; 1904 ж.— 123,6 млн **.

Су қатынасы жолдарындағы транспорттың дамуы мына түрде болды (бүкіл Россия бойынша мәліметтер) ***: [606-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Европалық Россияның ішкі су жолдарымен тасылған жүктер 1881 ж.— 899,7 млн. пұт; 1893 ж.— 1181,5 млн. пұт; 1896 ж.— 1553 млн. пұт болды. Бұл жүктердің құны: 186,5 млн. сом; — 257,2 млн. сом; — 290 млн. сом болды.

---

* *В. Михайловский.* «Орыс темір жол жүйесінің дамуы». «Императорлық Экономикалық Ерікті Қоғамның еңбектері», 1898, № 2.

** «Әскери-статистикалық жинақ», 511. Н.— он мырзаның «Очерктері», қосымша — «Өндіргіш күштер», XVII, 67-бет.— «Вестник Финансов», 1898, № 43.— «Россия Әржылдығы», 1905 ж., СПБ. 1906.

*** «Әскери-статистикалық жинақ», 445.— «Өндіргіш күштер», XVII, 42.— «Вестник Финансов», 1898, № 44.

| Жылдар | Пароходтар | | Бу күшінсіз жүретін кемелер саны | Кемелердің қанша жүк көтере алатыны млн. пұт есебімен | | | Кемелердің құны млн. сом есебімен | | | Кемелердегі қызметшілер саны | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны | Күші | | бу күшімен жүретін кемелер | бу күшінсіз жүретін кемелер | Барлығы | бу күшімен жүретін кемелер | бу күшінсіз жүретін кемелер | Барлығы | бу күшімен жүретін кемелер | бу күшінсіз жүретін кемелер | Барлығы |
| 1868 | 646 | 47 313 | — | — | — | — | — | — | — | — | — | — |
| 1884 | 1 246 | 72 105 | 20 095 | 6,1 | 362 | 368,1 | 48,9 | 32,1 | 81 | 18 766 | 94 099 | 112 865 |
| 1890 | 1 824 | 103 206 | 20 125 | 9,2 | 401 | 410,2 | 75,6 | 38,3 | 113,9 | 25 814 | 90 356 | 116 170 |
| 1895 | 2 539 | 129 759 | 20 580 | 12,3 | 526,9 | 539,2 | 97,9 | 46,0 | 143,9 | 32 689 | 85 608 | 118 297 |

Россияның коммерциялық флоты 1868 жылы жүк сыйымдылығы 14,3 мың ласта[160] 51 пароходтан және жүк сыйымдылығы 41,8 мың ласта 700 желкенді кемелерден құралды, ал 1896 ж.— жүк сыйымдылығы 161,6 мың ласта 522 пароход болды *.

Сыртқы теңіздердің барлық порттары бойынша сауда кемелерінің дамуы мынадай еді. 1856—1860 жылдардағы бес жыл ішінде келгендері мен кеткендерін қосқанда, кемелердің саны орташа есеппен 18 901 болды, жүк сыйымдылығы 3783 мың тонна; 1886—1890 жылдарда орташа есеппен — 23 201 кеме (+23%), жүк сыйымдылығы 13 845 мың тонна (+266%) болды. Демек, жүк сыйымдылығы $3^2/_3$ есе өскен. 39 жылдың ішінде (1856 жылдан 1894 жылға дейін) жүк сыйымдылығы 5,5 есе өскен, егер орыс кемелері мен шетел кемелерін жеке-жеке бөліп көрсететін болсақ, онда осы 39 жылдың ішінде орыс кемелерінің саны 3,4 есе (823-тен 2789-ға дейін), олардың жүк сыйымдылығы 12,1 есе (112,8 мың тоннадан 1368,0 мың тоннаға дейін) өскен, ал шетелдер кемелерінің саны 16% (18 284-тен 21 160-қа дейін),

* «Әскери-статистикалық жинақ», 758 және «Финанс министрлігінің Әржылдығы», I, 363.— «Өндіргіш күштер», XVII, 30.

олардың жүк сыйымдылығы 5,3 есе (3448 мың тоннадан 18 267 мың тоннаға дейін) өскен болып шығады *. Келген және кеткен кемелердің жүк сыйымдылық мөлшері де жекелеген жылдар бойынша едәуір ауытқып отырғанын ескерте кетелік (мәселен, 1878 ж.— 13 млн. тонна, 1881 ж.— 8,6 млн. тонна), ал бұл ауытқудың мөлшеріне қарай қара жұмысшыларға, порт жұмысшыларына және өзге жұмысшыларға деген сұранымның мөлшері де қаншалықты ауытқып отырғанын аңғаруға болады. Капитализм бұл арада да әрдайым жұмысқа мұқтаж және бұл жұмыс қаншама тұрақсыз болса да, қажет деген бойда бірден кірісіп кетуге даяр тұратын адамдар бұқарасының болуын талап етеді.

Сыртқы сауданың дамуы мына мәліметтерден көрінеді **:

| Жылдар | Россиядағы халық саны, млн. есебімен, бұған Финляндия кірмейді | Жөнелтілген және әкелінген бағалы заттарды қосып есептегенде, млн. кредит сом есебімен | Бір адамға шаққанда сом есебімен келетін бүкіл сыртқы сауда айналымының бағалы заттары |
|---|---|---|---|
| 1856—1860 | 69,0 | 314,0 | 4,55 |
| 1861—1865 | 73,8 | 347,0 | 4,70 |
| 1866—1870 | 79,4 | 554,2 | 7,00 |
| 1871—1875 | 86,0 | 831,1 | 9,66 |
| 1876—1880 | 93,4 | 1 054,8 | 11,29 |
| 1881—1885 | 100,6 | 1 107,1 | 11,00 |
| 1886—1890 | 108,9 | 1 090,3 | 10,02 |
| 1897—1901 | 130,6 | 1 322,4 | 10,11 |

Банк айналымының және капиталдың қорлануының мөлшері туралы мына мәліметтер жалпы түсінік береді. Мемлекеттік банктің берген жалпы сомасы 1860—1863 жылдардағы 113 млн. сомнан (1864—1868 ж. ж. 170 млн. сом) 1884—1888 жылдары 620 млн. сомға дейін өсті, ал ағымдағы счеттағы вкладтың сомасы 1864—1868 жылдардағы 335 млн. сомнан 1884—1888 жылдары 1495 млн. сомға дейін өсті ***. Қарыз-жинақ серіктіктe-

* «Өндіргіш күштер». Россияның сыртқы саудасы, 56 және келесі беттер.

** Ibid., 17-бет. 1904 жылғы «Россия Әржылдығы». СПБ. 1905.

*** «Россия бойынша мәліметтер жинағы», 1890, CIX.

рі мен кассалардың айналымы (селолық және өнеркәсіптік) 1872 жылғы $2^3/_4$ млн. сомнан (1875 ж. 21,8 млн. сом) 1892 жылы 82,6 млн. сомға дейін, 1903 жылы 189,6 млн. сомға дейін өсті *. 1889 жылдан 1894 жылға дейін жер иелену борыштары мынадай мөлшерде өсті: кепілге салынған жердің бағасы 1395 млн. сомнан 1827 млн. сомға дейін, ал қарыз сомасы 791 млн. сомнан 1044 млн. сомға дейін көтерілді **. Жинақ кассаларының операциялары әсіресе 80 және 90-жылдарда күшейді. 1880 жылы 75 касса болса, 1897 жылы 4315 касса болды (оның 3454-і почта-телеграф кассалары). Вклад 1880 жылы 4,4 млн. сом, 1897 жылы — 276,6 млн. сом болды. Вкладтың жыл аяғындағы қалдығы 1880 жылы 9,0 млн. сом, 1897 жылы 494,3 млн. сом болды. Капиталдың жылдық өсімі жөнінен, әсіресе *ашаршылық* жылдар, 1891 және 1892 жылдар (52,9 және 50,5 млн. сом), сондай-ақ соңғы екі жыл (1896 ж.: 51,6 млн. сом; 1897 ж.: 65,5 млн. сом) ерекше көзге түседі ***.

Ең соңғы мәліметтер жинақ кассаларының мұнан да күшті дамығанын көрсетеді. 1904 жылы бүкіл Россияда 6557 жинақ кассасы болды, вкладшылардың саны — 5,1 млн., вкладтың жалпы сомасы — 1105,5 млн. сом. Айта кетелік. Бізде ескі халықшылдар да, социализмдегі жаңа оппортунистер де жинақ кассаларының өсуі «халықтың» әл-ауқатының артқандығының белгісі деп әлденеше рет айтып, үлкен (сыпайылап айтқанда) аңғалдық жасап келді. Сондықтан осы кассалардағы вкладтардың Россия (1904) мен Францияда (1900— «Bulletin de l'Office du travail» мәліметтері, 1901, № 10) бөлінуін салыстырып өту, сірә, артық бола қоймас. [609-беттегі кестелерді қараңыз. *Ред.*]

Халықшыл-ревизионист-кадеттік апологеттер үшін мұнда қаншама материал жатыр десеңізші! Бұл арадағы бір ғажап нәрсе — вкладтар Россияда да вкладшылардың істейтін кәсібіне және мамандығына қарай 12 топ бойынша бөлінген. Сонда вкладтардың көпшілігі —

* «Россия бойынша мәліметтер жинағы», 1896, кесте CXXVII.
** Ibidem.
*** «Вестник Финансов», 1898, № 26.

Россияда :

| Вкладтардың мөлшері | Вкладшылар саны, мың есебімен | % | Вкладтар сомасы, млн. сом есебімен | % |
|---|---|---|---|---|
| 25 сомға дейін | 1 870,4 | 38,7 | 11,2 | 1,2 |
| 25—100 » » | 967,7 | 20,0 | 52,8 | 5,4 |
| 100—500 » » | 1 380,7 | 28,6 | 308,0 | 31,5 |
| 500 сомнан жоғары | 615,5 | 12,7 | 605,4 | 61,9 |
| *Барлығы* | 4 834,3 | 100 | 977,4 | 100 |

Францияда:

| Вкладтардың мөлшері | Вкладшылар саны, мың есебімен | % | Вкладтар сомасы, млн. франк есебімен | % |
|---|---|---|---|---|
| 100 франкке дейін | 5 273,5 | 50,1 | 143,6 | 3,3 |
| 100— 500 » | 2 197,4 | 20,8 | 493,8 | 11,4 |
| 500—1 000 » | 1 113,8 | 10,6 | 720,4 | 16,6 |
| 1 000-нан жоғары | 1 948,3 | 18,5 | 2 979,3 | 68,7 |
| *Барлығы* | 10 533,0 | 100 | 4 337,1 | 100 |

228,5 млн. сом егіншілік пен село кәсіпшіліктерінің үлесіне тиетін болып отыр және бұл вкладтар өте тез өсіп келеді. Деревняның мәдениеті артып келеді, сондықтан мужиктердің күйзелісін пайдаланып қалу барған сайын тиімді болып отыр.

Бірақ өз тақырыбымызға қайта оралайық. Біз бұл мәліметтердің товар айналысы мен капиталдың қорлануының орасан өскендігін дәлелдейтінін көріп отырмыз. Халық шаруашылығының барлық салаларында капитал жұмсайтын орындар қалай құралғаны және сауда капиталының қалайша өндіріс капиталына айналғаны, яғни өндіріске ауысқаны және өндіріске қатысушылар арасында капиталистік қатынастар туғызғаны,— жоғарыда көрсетілді.

### II. САУДА-ӨНЕРКӘСІП ХАЛҚЫНЫҢ ӨСУІ

Егінші халықтың есебінен индустрия халқының өсуі капиталистік қоғам атаулының бәріне қажетті құбылыс екені туралы жоғарыда біз айтып өттік. Ал

өнеркәсіптің егіншіліктен қалайша бірден бірге бөлектене беретіні де қаралды, енді бұл мәселе жөнінде тек қорытынды шығару ғана қалып отыр.

### 1) Қалалардың өсуі

Қалалардың өсуі қаралып отырған процестің ең айқын көрінісі болады. Реформадан кейінгі дәуірде Европалық Россияда (50 губернияда) бұл өсу жөніндегі мәліметтер мынадай *: [611-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, қала халқының проценті үнемі өсіп отырады, яғни халық егіншілік кәсібінен сауда-өнеркәсіп кәсібіне қарай ауысады **. Басқаға қарағанда қала халқы екі есе тез өседі: 1863 жылдан 1897 жылға дейін барлық халық 53,3% өскен, село халқы 48,5, ал қала халқы 97,0% өскен. В. Михайловский мырза 11 жылдың (1885—1897) ішінде «село халқының қалаға келгендері ең кем дегенде» $2^1/_2$ млн. адам *** деп есептеді, яғни жылына 200 мыңнан астам адам келіп отырған.

Ірі индустрия және сауда орталықтары болып отырған қалалардың халқы жалпы қалалардың халқына қарағанда анағұрлым тез өседі. 50 мың және одан да көп халқы бар қалалардың саны 1863 жылдан 1897 жылға дейін (13-тен 44-ке жетіп) 3 еседен артық өсті. 1863 жылы барлық қала халқының тек 27 процентке жуығы ғана (6,1 миллионнан 1,7 миллион) сондай ірі орта-

* 1863 жылдың цифрлары «Статистикалық Уақытнама» (I, 1866) мен «Әскери-статистикалық жинақтан» алынды. Оренбург және Уфа губернияларының қала халықтарының цифрлары қалалардың кестесі бойынша түзетілген. Сондықтан қала халқының жиыны бізде «Әскери-статистикалық жинақта» көрсетілгендей 6087,1 мың емес, 6105,1 мың болып отыр.— 1885 жылдың деректері «Россия бойынша 1884/85 жылдың мәліметтер жинағынан» алынды. 1897 жыл бойынша 1897 жылы 28 январьда жүргізілген санақтың цифрлары. («Россия империясы халқының 1897 жылы жүргізілген бірінші жалпы санағы», Орталық статистика комитетінің басылымы. СПБ. 1897 және 1898, 1 және 2-кітап), 1897 жылғы санақ бойынша қалалардың тұрақты халқының саны 11 830,5 мыңға тең, яғни 12,55%. Біз қалалардағы бар халықты алып отырмыз. 1863—1885—1897 жылдардағы мәліметтер толық біртектес болып шығады және салыстыруға келеді деп кепілдік беруге болмайтынын ескерте кетелік. Сондықтан, біз неғұрлым жалпы қатынастарды салыстырумен ғана тынамыз және ірі қалалар жөніндегі мәліметтерді бөліп көрсетеміз.

** «Егіншілік сипаты бар қалалық поселкелердің саны өте аз, ал олардағы халық саны қала халқының жалпы санымен салыстырғанда мүлдем мардымсыз» (Григорьев мырзаның «Астық шығымы мен астық бағаларының әсері» деген кітабы, II том, 126-бет).

*** «Новое Слово», 1897, июнь, 113-бет.

| Жылдар | Европалық Россияның халқы, мың есебімен | | | Қала халқының проценті | Қалалардың саны | | | | Ірі қалалардың халқы (мың есебімен) | | | | 1863 жылы ең ірі деп саналған 14 қаланың халқы (мың есебімен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | Қалаларда | Уездерде | | 200 мыңнан артық халқы бар | 100—200 мың халқы бар | 50—100 мың халқы бар | Барлық ірі қалалар | 200 мыңнан артық | 100—200 мың | 50—100 мың | Жиыны | |
| 1863 | 61 420,5 | 6 105,1 | 55 315,4 | 9,94 | 2 | 1 | 10 | 13 | 891,1 | 119,0 | 683,4 | 1 693,5 | 1 741,9 |
| 1885 | 81 725,2 | 9 964,8 | 71 760,4 | 12,19 | 3 | 7 | 21 | 31 | 1 854,8 | 998,0 | 1 302,7 | 4 155,5 | 3 103,7 |
| 1897 | 94 215,4 | 12 027,1 | 82 188,3 | 12,76 | 5 | 9 | 30 | 44 | 3 238,1 | 1 177,0 | 1 982,4 | 6 397,5 | 4 266,3 |

лықтарда болды; 1885 жылы 41 процентке жуығы (9,9 миллионнан 4,1 миллион) *, ал 1897 жылы жартысынан көбірегі — 53 процентке жуығы (12 миллионнан 6,4 миллион) ірі орталықтарда тұрды. Сонымен, егер 60-жылдары қала халқының сипаты көбінесе онша үлкен емес шағын қалалардың халқымен бейнеленсе, 1890 жылдары ірі қалалардың халқы толығынан басым болып шыққан. 1863 жылы ең ірі деген 14 қаланың халқы 1,7 миллионнан 4,3 миллионға дейін, яғни 153% өскен, ал барлық қала халқы тек 97% өскен. Демек, ірі индустриялы орталықтардың мықтап өсуі және толып жатқан жаңа орталықтар құрылуы — реформадан кейінгі дәуірге мейлінше тән белгілердің бірі.

### 2) Ішкі отарлаудың маңызы

Біздің жоғарыда (I тарау, § II) көрсетіп өткеніміздей **, егінші халықтың есесінен индустрия халқының өсу заңын теория мына жағдайдан әкеліп шығарады: өнеркәсіпте өзгермелі капитал абсолютті түрде өсіп отырады (өзгермелі капиталдың өсуі өнеркәсіп жұмысшылары санының өсуін және бүкіл сауда-өнеркәсіп халқының өсуін көрсетеді), ал егіншілікте «жердің белгілі бір участкесін өңдеуге керекті өзгермелі капитал абсолютті түрде кеміп отырады». «Демек,— дейді Маркс бұған қосымша,— егіншілікте жаңа жер өңделетін жағдайда ғана өзгермелі капиталдың өсуі мүмкін болады, ал бұл да егіншілікке жатпайтын халықтың онан әрі көбеюін керек етеді» [161]. Сонда халық әбден орналасып болған, барлық жер түгел иемделген территория бар жағдайда ғана индустрия халқының өсу құбылысын таза күйінде байқауға болады. Капитализм егіншіліктен ығыстырып шығарған мұндай территорияның халқына не өнеркәсіп орталықтарына, не басқа елдерге эмиграцияға кетуден басқа шара жоқ. Ал егер әлі де барлық

* Григорьев мырзаның келтірген кестесі бойынша (l. c., 140) 1885 ж. барлық қалалардың 85,6 процентінде халық саны 20 000-ға жетпейді, олардағы қала халқы 38,0%; барлық қаланың 12,4 процентінде (660-тан 82-сі) халық 2 000-ға жетпеген, оларда барлық қала халқының тек 1,1 проценті (9962 мыңнан 110 мың) болған.

** Қараңыз: осы том, 24—25-беттер. *Ред.*



Города, цивилизация, свыше 50 т.

| > 200 тыс. | 100–200 т. | 50–100 т. |
|---|---|---|
| 247.432 | 113.001 | 66.143 |
| 282.943 | 108.796 | 72.231 |
| 1.035.664 | 159.568 | 53.949 |
| 1.267.023 | 119.889 | 65.452 |
| 405.041 | 121.216 | 84.146 |
| | 131.508 | 63.927 |
| | 137.109 | 52.005 |
| | 111.048 | 51.955 |
| | 174.846 | 53.728 |
| | | 73.543 |
| | | 64.505 |
| | | 52.896 |
| | | 91.494 |
| | | 95.124 |
| | | 72.740 |
| | | 69.858 |
| | | 61.851 |
| | | 55.488 |
| | | 53.060 |
| | | 58.648 |
| | | 91.672 |
| | | 59.539 |
| | | 55.967 |
| | | 50.710 |
| | | 53.477 |
| | | 69.219 |
| | | 92.060 |
| | | 61.841 |
| | | 64.578 |
| | | 70.610 |
| 5 городов 3.238.103 | 9 городов 1.176.981 | 30 городов 1.982.426 |

44 города

Σ = 6.397.510

1897 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Европалық Россиядағы қалаларды В. И. Лениннің топ-топқа бөлуі.

жер түгел иемденіліп болмаған, жұрт тегіс қоныстанып үлгермеген территория болса, онда іс мүлдем өзгеше болады. Ондай территорияның ел орналасқан ауданындағы егіншіліктен ығыстырылып шығарылған халқы оның ел орналаспаған бөлігіне қоныс аударып, «жаңа жерді өңдеуге» кірісе алады. Сөйтіп, егінші халық өседі, ал бұл өсудің тездігі (белгілі бір уақыт бойына) индустрия халқының өсуінен асып түспесе, кем болмайды. Бұл ретте біз мынадай екі түрлі процесті көреміз: 1) капитализмнің ескі, мекенденген елде немесе елдің бөлігінде дамуы; 2) капитализмнің «жаңа жерде» дамуы. Бірінші процесс — қалыптасқан капиталистік қатынастардың одан әрі дамуын көрсетеді; екінші процесс — жаңа территорияда жаңа капиталистік қатынастардың қалыптасуын көрсетеді. Бірінші процесс капитализмнің кеулей, екіншісі — кеңейе дамығанын көрсетеді. Бұл процестерді шатастыру халықты егіншіліктен сауда-өнеркәсіп кәсіптеріне қарай тарту процесі жөніндегі қате түсінікке сөзсіз әкеліп соғуға тиіс екендігі айқын.

Реформадан кейінгі Россия бізге осы екі процестің нақ бір мезгілде қатар болып отырғанын көрсетеді. 60-жылдары, реформадан кейінгі дәуірдің бас кезінде, Европалық Россияның шығыс және оңтүстік шет аймақтары едәуір дәрежеде ел қоныстанбаған территория болды, сол территорияларға орталық егіншілік Россиядан орасан көп қоныс аударушылар жіберілді. Жаңа жерлерде егіншілік кәсібімен айналысатын жаңа халықтардың құралуы осымен қатар жүріп отырған халықтың егіншілік кәсіптен өнеркәсіпке қарай ойысушылығын белгілі дәрежеде көлегейлеп келді. Россияның осы айтылып отырған ерекшелігін қала халқы туралы мәліметтер бойынша айқын көрсету үшін Европалық Россияның 50 губерниясын жеке топтарға бөлу қажет. Европалық Россияның 9 ауданындағы қала халқы туралы 1863 және 1897 жылдардағы мәліметтерді келтірелік [616-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Біздің көңіл аударып отырған мәселеміз бойынша, әсіресе үш аудан туралы мәліметтердің зор маңызы бар: 1) егіншілік емес өнеркәсіпті аудан (алғашқы екі

| Европалық Россияның губерниялар топтары | Губерниялар саны | Халық, мың есебімен: 1863 Барлығы | 1863 Селоларда | 1863 Қалаларда | 1897 Барлығы | 1897 Селоларда | 1897 Қалаларда | Қала халқының %: 1863 | 1897 | 1863 жылдан 1897 жылға дейінгі халықтың көбею %: Барлығы | Селолық | Қалалық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I. Астаналық | 2 | 2 738,4 | 1 680,0 | 1 058,4 | 4 541,0 | 1 989,7 | 2 551,3 | 38,6 | 56,2 | 65 | 18 | 141 |
| II. Өнеркәсіптік және егіншілік емес | 9 | 9 890,7 | 9 165,6 | 725,1 | 12 751,8 | 11 647,8 | 1 104,0 | 7,3 | 8,6 | 29 | 26 | 52 |
| *Егіншілік емес және өнеркәсіпті астаналық губерниялар* | 11 | 12 629,1 | 10 845,6 | 1 783,5 | 17 292,8 | 13 637,5 | 3 655,3 | 14,1 | 21,1 | 36 | 25 | 105 |
| III. Орталық егіншілік, малороссиялық және Орта-Волга | 13 | 20 491,9 | 18 792,5 | 1 699,4 | 28 251,4 | 25 464,3 | 2 787,1 | 8,3 | 9,8 | 38 | 35 | 63 |
| IV. Новороссия, Төменгі Волга және шығыс | 9 | 9 540,3 | 8 472,6 | 1 067,7 | 18 386,4 | 15 925,6 | 2 460,8 | 11,2 | 13,3 | 92 | 87 | 130 |
| *Алғашқы төрт топтың жинағы* | 33 | 42 661,3 | 38 110,7 | 4 550,6 | 63 930,6 | 55 027,4 | 8 903,2 | 10,5 | 13,9 | 49 | 44 | 95,6 |
| V. Прибалтика | 3 | 1 812,3 | 1 602,6 | 209,7 | 2 387,0 | 1 781,6 | 605,4 | 11,5 | 25,3 | 31 | 11 | 188 |
| VI. Батыс | 6 | 5 548,5 | 4 940,3 | 608,2 | 10 126,3 | 8 931,6 | 1 194,7 | 10,9 | 11,8 | 82 | 81 | 96 |
| VII. Оңтүстік-Батыс | 3 | 5 483,7 | 4 982,8 | 500,9 | 9 605,5 | 8 693,0 | 912,5 | 9,1 | 9,5 | 75 | 74 | 82 |
| VIII. Урал | 2 | 4 359,2 | 4 216,5 | 142,7 | 6 086,0 | 5 794,6 | 291,4 | 3,2 | 4,7 | 39 | 37 | 105 |
| IX. Қиыр Солтүстік | 3 | 1 555,5 | 1 462,5 | 93,0 | 2 080,0 | 1 960,0 | 120,0 | 5,9 | 5,8 | 33 | 34 | 29 |
| *Барлығы* | 50 | 61 420,5 | 55 315,4 | 6 105,1 | 94 215,4 | 82 188,2 | 12 027,2 | 9,94 | 12,76 | 53,3 | 48,5 | 97,0 |

Топтарға кірген губерниялар: I) СПБ және Москва; II) Владимир, Калуга, Кострома, Нижегород, Новгород, Псков, Смоленск, Тверь және Ярославль; III) Воронеж, Қазан, Курск, Орел, Пенза, Полтава, Рязань, Саратов, Симбирск, Тамбов, Тула, Харьков және Чернигов; IV) Астрахань, Бессарабия, Дон, Екатеринбург, Оренбург, Самара, Таврия, Херсон және Уфа; V) Курляндия, Лифляндия және Эстляндия; VI) Вильно, Витебск, Гродно, Ковно, Минск және Могилев; VII) Волынь, Подольск және Киев; VIII) Вятка және Пермь; IX) Архангельск, Вологда және Олонец.

топтың 11 губерниясы, оның ішінде 2 астаналық губерниялар) *. Бұл ауданнан басқа аудандарға эмиграцияға кету онша көп болған жоқ. 2) Орталық егіншілік аудан (3-топтың 13 губерниясы). Бұл ауданнан эмиграцияға кету өте күшті болды, бірсыпыралары ілгеріде аталған ауданға, ал көпшілігі кейінгі ауданға эмиграцияға кетті. 3) Егінші шет аймақтар (4-топтың 9 губерниясы) — реформадан кейінгі дәуірде отарланған аудан. Барлық осы 33 губерниядағы қала халқы процентінің, кестеден көрініп отырғандай, бүкіл Европалық Россиядағы қала халқы процентінен тіпті аз ғана айырмасы бар.

Бірінші ауданда, егіншілікпен айналыспайтын немесе өнеркәсіпті ауданда, біз қала халқы процентінің өте тез — 14, 1 проценттен 21,1 процентке дейін өсіп отырғанын байқаймыз. Мұнда село халқының өсуі өте нашар,— бүкіл Россия бойынша жалпы алғанда екі есе дерлік төмен. Ал қала халқының өсуі, керісінше, орташа есептен анағұрлым жоғары келеді (97% орнына 105%). Егер Россияны батыс европалық өнеркәсіпті елдермен салыстыратын болсақ (мұндай салыстыру бізде жиі болады), онда бұл елдерді тек осы ауданның бір өзімен салыстыру керек, өйткені осы аудан ғана өнеркәсіпті капиталистік елдермен біркелкі жағдайда дерлік.

Екінші, орталық-егіншілік ауданда жағдайдың басқаша екенін көріп отырмыз. Мұнда қала халқының проценті өте төмен және орташа мөлшерден де баяу өсіп келеді. 1863 жылдан 1897 жылға дейін бұл ауданда қала халқының да, село халқының да көбеюі Россия бойынша орташа мөлшерден анағұрлым төмен. Бұлай болуының себебі: бұл ауданнан өте көп адам шет аймақтарға қоныс аударды. В. Михайловский мырзаның есебі бойынша, 1885 жылдан 1897 жылға дейін осы

---

* Астаналық губерниялардың қатарына нақ осы өзіміз алып отырған егіншілікпен айналыспайтын губернияларды қосуымыздың дұрыстығы мыналармен дәлелденеді: астана халқы негізінен осы губерниялардан келгендермен көбейіп, толығып отырады. 1890 жылғы 15 декабрьде жүргізілген Петербург санағы бойынша, онда не бары 726 мың шаруа мен мещандар болды; олардың ішінен 544 мыңы (яғни төрттен үші) біздің 1-аудан етіп бөліп отырған 11 губерниядан келген шаруалар мен мещандар.

жерден *3 миллионға жуық адам,* яғни халықтың оннан бір бөлігінен артығырағы кеткен *.

Үшінші ауданда, шет аймақтарда, біз қала халқының проценті *орташа мөлшерден* біршама *аз* өскенін көреміз (11,2 проценттен, 13,3 процентке дейін, яғни пропорциясы 100 : 118, орташа есеппен 9,94—12,76, яғни пропорциясы 100 : 128). Ал оның бер жағында қала халқының өсуі мұнда нашар еместігі былай тұрсын, қайта *орташа мөлшерден анағұрлым жоғары* (+97% орнына +130%). Демек, халықтың егіншілік кәсіптен өнеркәсіпке қарай ауысуы өте күшті болған, бірақ эмиграция салдарынан егіншілікпен шұғылданатын халықтың орасан көп өсуі мұны көлегейлеп отыр: Россия бойынша село халқы 48,5% өскенде, бұл ауданда село халқы 87% өскен. Кейбір губернияларда халықтың индустриялану процесінің көлегейленуі бұдан да айқынырақ. Мәселен, Таврия губерниясында 1897 жылы қала халқының проценті 1863 жылғы дәрежеде (19,6%) қалды, ал Херсон губерниясында бұл процент тіпті (25,9 проценттен 25,4 процентке дейін) төмендеді, бірақ осы екі губернияда қалалардың өсуі астаналардың өсуінен (екі астаналық губернияда +141% болғанда, бұларда +131, +135%) аздап қана кейін қалып отырды. Демек, жаңа жерлерде жаңа егінші халықтың қалыптасуына келсек, ол өз кезегінде егінші емес халықтың одан да гөрі көбірек өсуіне әкеліп соғады.

### 3) Фабрикалы және сауда-өнеркәсіпті мекендер мен селолардың өсуі

Қалалардан басқа, индустриялы орталық ретінде маңызы бар жерлер мыналар: 1-ден, қала төңіректері, бұлар әрдайым қалалармен қосылып есептеле бермейді және бұлар үлкен қаланың төңіректеріндегі аудандарды барған сайын көптеп қамтып отырады; 2-ден, фабрикалы мекендер мен селолар. Мұндай индустриялы орталықтар **, әсіресе өнеркәсіпті губернияларда көп, олар-

* L. c., 109-бет. «Батыс Европаның ең жаңа тарихында бұл қозғалыстың теңдесі жоқ» (110—111).

** Бұлар туралы жоғарыдағы VII тараудың VIII параграфын және VII тараудың III қосымшасын қараңыз.

да қала халқының проценті өте төмен *. Қала халқы жөнінде аудандар бойынша алынған мәліметтердің жоғарыда келтірілген кестесі өнеркәсіпті 9 губернияда бұл процент 1863 жылы — 7,3%, 1897 ж.— 8,6% болғанын көрсетеді. Істің мәнісі мынада: осы губерниялардың сауда-өнеркәсіптік халқы қалаларда емес, көбінесе индустриялы селоларда шоғырланып отыр. Владимир, Кострома, Нижегород және басқа да губерниялардың «қалалары» ішінде 3 немесе 2 мыңнан, тіпті бір мыңнан да кем халқы барлары аз емес, ал толып жатқан «селоларда» бір ғана фабрика-завод жұмысшыларының өзі 2—3—5 мыңдап саналады. Реформадан кейінгі дәуірде «қалалар бұрынғыдан да гөрі тезірек өсе бастады, оның үстіне оларға жаңа үлгідегі елді мекендер, қала мен деревняның аралығындағы селолар — фабрика-завод орталықтары көптеп қосылады» — деп, «Ярославль губерниясы шолуының» (II кітап, 191) құрастырушысы дұрыс айтады. Осы орталықтардың орасан зор өсуі туралы және оларда тұратын фабрика-завод жұмысшыларының саны туралы мәліметтер жоғарыда келтірілді. Осындай орталықтар бүкіл Россия жерінде аз емес екенін, олар тек өнеркәсіпті губернияларда ғана емес, оңтүстікте де бар екенін біз көрдік. Уралда қала халқының проценті мейлінше төмен: Вятка мен Пермь губернияларында 1863 жылы 3,2%, 1897 жылы 4,7% болды; ал «қала» халқы мен индустрия халқының салыстырмалы мөлшері туралы мысал міне мынадай. Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде (1897 ж.) қала халқы 6,4 мың болды, ал 1888—1891 жылдардағы земстволық санақ бойынша уездің заводтық бөліміндегі халқы 84,7 мың деп есептелді, олардың 56 мыңы егіншілік кәсіппен мүлдем айналыспайды, тек 5,6 мыңы ғана негізінен жермен күнелтеді. Земстволық санақ бойынша, Екатеринбург уезінде 65 мың жан жерсіз, ал 81 мың жанның тек шабындығы ғана бар. Олай болса, тек *екі* уездің ғана қаладан сыртқары тұратын

* Бұған дейін Корсак атап көрсеткен бұл жағдайдың маңызы туралы Волгин мырзаның орынды ескертуін салыстырыңыз (l. c., 215—216-беттер).

индустрия халқы бүкіл губерниядағы қала халқынан көп (1897 жылы — 195,6 мың!).

Ақырында, фабрикалы поселкелерден басқа сауда-өнеркәсіпті селолардың да индустриялы орталық маңызы бар, бұлар не ірі майдагерлік аудандардың орталығы болып табылады, не өзендердің жағасына, темір жол станцияларының бойына орналасуы және т. с. жағдайлары арқасында реформадан кейінгі дәуірде тез дамыды. Осындай селолар жөнінде бірқатар мысалдар VI тараудың II параграфында келтірілген, оның үстіне біз онда мұндай селолардың, қалалар сияқты халықты деревнядан өзіне тартып отырғанын және олардың халқы сауаттылығы жағынан анағұрлым жоғары тұратынын көрдік *. Ел мекендеген қалалық және қалалық емес өнеркәсіптік-сауда орындарының салыстырмалы түрдегі маңызын көрсету үшін үлгі ретінде Воронеж губерниясы бойынша алынған мәліметтерді тағы келтірелік. Воронеж губерниясы бойынша «Қорытынды жинақ» губерниядағы 8 уездің *селоларын* топ-топқа бөліп, құрама кесте жасаған [162]. Бұл уездердегі қалалар — 8, халқы 56 149 адам (1897 ж.). Ал селолардан 9376 үйі,

* Халқы көп аса ірі орталық болып отырған селолардың Россияда қаншалықты көптігін (ескірген мәлімет болса да) «Әскери-статистикалық жинақтың» мына мәліметтерінен байқауға болады: 60-жылдарда Европалық Россияның 25 губерниясында халқы 2 мыңнан астам 1334 село болды деп есептелген. Бұлардың ішінен 108 селода 5 мыңнан 10 мыңға дейін, 6 селода 10 мыңнан 15 мыңға дейін, 1 селода 15 мыңнан 20 мыңға дейін және 1 селода 20 мыңнан астам халық болған (169-бет). Капитализмнің дамуы тек Россияда ғана емес, барлық елдерде де ресми түрде қалаға жатпайтын жаңа индустриялы орталықтарды құруға әкеліп соқтырды. «Қала мен деревня арасындағы айырмашылық жойылып келеді: өсіп келе жатқан индустриялы қалаларға жақын жерде мұның өзі өнеркәсіп орындары мен жұмысшылар тұратын үйлерді қала маңына және оның төңірегіндегі жерлерге көшірудің салдарынан болады; бұл құлдырап бара жатқан ұсақ қалаларға жақын жерде осы ұсақ қалалардың айналадағы селоларға жақындасып, араласып кеткендігі салдарынан, сонымен қатар ірі индустриялы селолардың дамуы салдарынан болады... Қалалық және селолық елді мекендердің арасындағы айырмашылық толып жатқан өткінші құбылыстардың салдарынан байқалмай қалады. Статистика мұны әлдеқашан мойындады, қаланың тарихи юридикалық ұғымын былай қойып, оның орнына елді мекендерді тек халқының санына қарай айыратын статистикалық ұғымды енгізді» (*Bücher*. «Die Entstehung der Volkswirtschaft» Tüb. 1893. S. 296—297 және 303—304). Бұл жөнінде де орыс статистикасы европалық статистикадан көп артта қалып отыр. Германияда және Францияда («Statesman's Yearbook», p. 536, 474) 2000-нан астам халқы бар селолар, Англияда net urban sanitary districts (қала үлгісіндегі санитарлық округтер. *Ред.)*, яғни фабрикалы селолар және басқалар қала қатарына жатады. Демек, «қала» халқы туралы орыс мәліметтері европалық мәліметтермен тіпті де салыстыруға келмейді.

53 732 халқы бар 4 село, яғни қаладан анағұрлым ірі селолар айрықша көрсетілген. Бұл селоларда 240 сауда және 404 өнеркәсіп орындары бар. Барлық үйлердің 60 проценті егіншілікпен мүлдем айналыспайды, 21 проценті жерді кісі жалдап не жарма-жарға беріп өңдетеді, 71 процентінің жұмыс көлігі де, құрал-саймандары да жоқ, 63 проценті астықты жыл бойы сатып алады, 86 проценті кәсіпшілікпен айналысады. Осы орталықтардың барлық халқын сауда-өнеркәсіп халқының қатарына жатқыза отырып, біз мұның мөлшерін көбейтпейтініміз былай тұрсын, қайта азайтамыз, өйткені осы 8 уездегі 21 956 шаруашылық егіншілікпен мүлдем айналыспайды. Әйткенмен де біздің алып отырған егіншілікпен айналысатын губерниядағы сауда-өнеркәсіп халқының қаладан тысқары тұратындары қаладағыдан кем болмай шығады.

### 4) Егіншілік емес шет кәсіпшіліктер

Бірақ қалаларға фабрикалық, заводтық және сауда-өнеркәсіптік селолар мен мекендерді қосқанның өзінде де Россияның барлық индустрия халқы толық қамтылмайды. Бір жерден екінші жерге қоныс аударуға еріктің болмауы, шаруалар қауымының сословиелік томаға-тұйықтығы Россияның мынадай бір тамаша ерекшелігін көрсетеді: мұнда өзінің тіршілік етуіне керекті қаржыларды өнеркәсіп орталықтарында жұмыс істеу арқылы тауып жүрген, сөйтіп жылдың біраз уақытын сол орталықтарда өткізетін село халқының бірталай бөлігі индустрия халқының қатарына жатқызылуға тиіс. Біз егіншілік емес шет кәсіпшіліктер деп аталатын кәсіпшілік туралы айтып отырмыз. Ресми көзқарас тұрғысынан қарағанда, бұл «өнеркәсіпшілер» — «қосалқы табысы» ғана бар егінші-шаруалар, ал халықшылдық экономия өкілдерінің көпшілігі, құланып данасымай-ақ, осы көзқарасты ұғынып алды. Бұл көзқарастың қисынсыздығын жоғарыда айтылып өткендерден кейін толық дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бұл құбылысқа көзқарас қаншалықты әр қилы болғанымен, қалай да мұның өзі *халықты егіншілік кәсіптен сауда-өнеркәсіп-*

*тік қызметке ойыстыруды* көрсетіп отыр, бұған ешбір шек келтіруге болмайды *. Қалаларға қарап олардағы индустрия халқының мөлшері туралы түсініктің осы фактіден қаншалықты өзгеретіндігін төмендегі мысалдан көруге болады. Калуга губерниясында қала халқының проценті Россия бойынша алынған орташа мөлшердегі проценттен анағұрлым төмен (12,8% орнына 8,3%). Міне, осы губернияның 1896 жылғы «Статистикалық шолуы» паспорттар туралы мәліметтер бойынша шет кәсіппен айналысатын жұмысшылардың басқа жақта өткізген айларының жалпы санын есептеп шығарған. Мұның өзі, бақсақ, 1491,6 мың айға тең екен; оны 12-ге бөле келгенде, шет кәсіпке кеткендер 124,3 мың адам, яғни *«барлық халықтың 11 процентке жуығы»* екенін көрсетеді (l. с., 46)! Бұл халықты қала халқына қосыңыз (1897 ж.: 97,9 мың), сонда индустрия халқының проценті тіпті едәуір болып шығады.

Әрине, егіншілік емес шет кәсіпте істейтін жұмысшылардың белгілі бір бөлігі қалалардағы халықпен бірге тізімге алынады, сондай-ақ қала емес индустриялы орталықтардағы халық санына қосылады, бұл туралы жоғарыда айтылды да. Бірақ бұған олардың тек бір бөлігі ғана кіреді, өйткені тұрақсыз кезбе халықты жеке орталықтардың санағымен есепке алу қиын; оның үстіне халық санағы көбінесе қыс айларында жүргізіледі, ал кәсіпшілікте істейтін жұмысшылардың көпшілігі үйлерінен көбінесе көктемде кетеді. Егіншілік емес шет кәсіптері бар ең басты губерниялардың бірінің бұл жөніндегі мәліметтері мынадай **.

---

* Н.— он мырза Россияда халықтың индустриялану процесін мүлдем *байқамаған!* Ал В. В. мырза шет кәсіпке кетушіліктің өсуі халықтың егіншіліктен ойысқандығын көрсететіндігін байқады және мойындады («Капитализмнің тағдыры». 149); алайда бұл процесті «капитализм тағдыры» туралы өз түсінігінің жиынтығына кіргізбегені былай тұрсын, қайта «мұның барлығын өте табиғи деп түсінетін адамдар бар» (капиталистік қоғам үшін бе? Ал В. В. мырза бұл құбылыссыз капитализмді ұғына ала ма?) және «тіпті ұнамды дерлік нәрсе деп санаушылар бар» деген қынжылумен бүркемелеуге тырысты (ibid.). Ешбір «дерліксіз-ақ» ұнамды, В. В. мырза!

** «1880 және 1885 жылдарда Москва губерниясының шаруа халқына берілген куәліктер».— «Тверь губерниясының 1897 жылғы статистикалық Әржылдығы».— *Жбанков:* «Смоленск губерниясындағы шет кәсіпшіліктер». Смоленск, 1896.— Тағы да *соныкі:* «Шет табыстардың әсері және т. с.». Кострома, 1887.— «Псков губерниясының шаруа халқының кәсіпшіліктері». Псков, 1898.— Москва губерниясы бойынша проценттегі қателерді түзетуге мүмкіндік болмады, өйткені

| | Берілген куәлік санының процент есебімен бөлінуі | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жыл мезгілдері | Москва губер. (1885 ж.) | | Тверь (1897) | Смоленск (1895) | Псков (1895 ж.) паспорттар | | Кострома (1880 ж.) | | |
| | | | | | | | Еркектер | | Әйелдердің паспорттары мен билеттері |
| | Еркектер | Әйелдер | Еркектер мен әйелдер | | Еркектер | Әйелдер | Паспорттар | Билеттер | |
| Қыс | 19,3 | 18,6 | 22,3 | 22,4 | 20,4 | 19,3 | 16,2 | 16,2 | 17,3 |
| Көктем | *32,4* | *32,7* | *38,0* | *34,8* | *30,3* | *27,8* | *43,8* | *40,6* | *39,4* |
| Жаз | 20,6 | 21,2 | 19,1 | 19,3 | 22,6 | 23,2 | 15,4 | 20,4 | 25,4 |
| Күз | 27,8 | 27,4 | 20,6 | 23,5 | 26,7 | 29,7 | 24,6 | 22,8 | 17,9 |
| *Барлығы* | 100,1 | 99,9 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |

Паспорттың көпшілігі барлық жерде де көктем кезінде берілген. Демек, уақытша өз тұрақтарында болмайтын жұмысшылардың көпшілігі қалалардың санағына кірмейді *. Бірақ осы уақытша тұратын қала халқын да село халқынан гөрі қала халқының қатарына жатқызуға әбден праволымыз: «Өзінің күнелтуіне керекті қаражатты жыл бойында немесе жылдың көп уақытында қалада жұмыс істеп табатын семьялардың деревнядан гөрі қаланы өзімнің қоныс мекенім деп есептеуіне анағұрлым көп дәлелі бар, өйткені олардың деревнямен тек туысқандық және қазыналық қана байланысы бар» **. Бұл қазыналық байланыстардың осы кезге де-

жалпы мәліметтер берілмеген.— Кострома губерниясы бойынша тек уездер жөнінде ғана мәліметтер бар және тек процент есебімен: сондықтан бізге уездер бойынша орташа мөлшерді алуға тура келді, соя себепті біз Кострома губерниясы жөніндегі мәліметтерді ерекше бөліп көрсетіп отырмыз. Ярославль губерниясы бойынша шет өнеркәсіпшілерден бүкіл жыл бойы болмайтыны 68,7%; күз бен қыс айларында болмайтыны 12,6%; көктем мен жазда болмайтыны 18,7% деп есептеп отыр. Ярославль губерниясының мәліметін («Ярославль губерниясының шолуы». II кітап. Ярославль, 1896) одан бұрынғы мәліметтермен салыстыруға болмайтынын ескертіп өту керек, өйткені мұның өзі паспорт туралы мәліметтер бойынша емес, священниктердің көрсетуіне және сондайларға негізделген.

* Мәселен, С.-Петербург төңірегінде жазда халықтың өте-мөте көбейіп кететіні жұртқа мәлім.

** «Калуга губерниясының 1896 жылғы статистикалық шолуы». Калуга, 1897, II бөлімде, 18-бет.

йін қандай орасан зор маңызы барлығы, мәселен, мынадан көрініп отыр: шет кәсіпшілікпен айналысқан костромалықтардан «қожайындар ол (жер) үшін алым-салықтың аздаған ғана бөлігін алады, әдетте оны жалға бергенде, жалдап алушылар оның айналасын бақшамен қоршасын деп береді, бірақ барлық алым-салықты қожайынның өзі төлейді» (Д. Жбанков: «Әйелдер өлкесі». Кострома. 1891 ж., 21-бет). «Ярославль губерниясының шолуында» да (II кітап, Ярославль, 1896) шет кәсіпшілікпен айналысатын жұмысшылар үшін деревнядан да, үлесті жерден де берешектерін төлеп құтылудың қажет екені жөнінде талай рет нұсқаулар кездестіреміз (28, 48, 149, 150, 166 және басқа беттер) *.

Егіншілік емес шет кәсіпшілікте жүрген жұмысшылардың саны қаншалық көп? Барлық шет кәсіпшіліктер атаулыда істейтін жұмысшылар саны *5—6 миллионнан* кем емес. Шынында да, Европалық Россияда 1884 жылы 4,67 миллионға жуық паспорт пен билет беріл-

---

* «Шет кәсіпшіліктер... қалалардың үздіксіз өсу процесін бүркемелеп отыратын форма болып табылады... Россияның қауымдық жер иеленушілігі мен финанс және әкімшілік өміріндегі ерекшеліктері шаруалардың Батыстағы сияқты оп-оңай қала халқына айналуына мүмкіндік бермейді... Оның (шет кәсіпшілердің) деревнямен байланысын юридикалық тәртіптер қолдап отырады, бірақ іс жүзінде ол өзінің айналысқан кәсібі, дағдысы және тілегі жөнінде толығынан қала халқына қосылып кеткен, сондықтан деревнямен байланысты көбінесе ауыр жүк санайды» («Русская Мысль», 1896 ж., № 11, 227-бет). Бұл өте дұрыс, бірақ публицист үшін бұл аз. Автор шаруаның бір жерден екінші жерге ауысуға толық ерікті болуын, қауымнан шығу бостандығын неге батыл жақтамаған? Біздің либералдар әлі де біздің халықшылдардан қорқады. Олар бекер қорқады.

Халықшылдарға тілектес Жбанков мырзаның мына пайымдауларын салыстыру үшін алайық: «Қалалық жерге кәсіп іздеп кетушілік біздің астаналық және үлкен қалаларымыздың тез өсуіне, қалалық және жерсіз пролетариаттың көбеюіне қарсы, былайша айтқанда, нажағайдың оғын жерге түсірмейтін амал (sic!) болып табылады. Санитарлық жағынан да, әлеуметтік-экономикалық жағынан да шет табыстардың бұл әсерін пайдалы деп есептеу керек: шет кәсіпшілікпен айналысатын жұмысшыларды бірсыпыра қамтамасыз ететін егіншіліктен халық бұқарасы қол үзбей тұрғанда» (қандай «қамтамасыз етушіліктен» олар ақша төлеп құтылады!), «бұл жұмысшылар капиталистік өндірістің көзсіз қолшоқпары бола алмайды және сонымен бірге егіншілік-өнеркәсіптік қауымдарды орналастыру үмітін сақтайды» («Юридич. Вестник», 1890, № 9, 145-бет). Ұсақ буржуазиялық үміттерді сақтау, шынында да, пайда емес пе? Ал «*көзсіз* қолшоқпарға» келсек, Европаның тәжірибесі де, Россияда байқалып жүрген барлық фактілер де, бұл сипаттаманың егіншіліктен және патриархтық қатынастардан байланысын үзген қызметкерден гөрі әлі байланыстарын үзбеген қызметкерге толық қатысты екенін көрсетеді. Ал Жбанков мырзаның өзінің цифрлары мен мәліметтері шет кәсіпшілікпен айналысатын «питерлік» «орман-тоғайлы» бір уездердегі отырықшы костромалыққа қарағанда әрі сауатты, әрі мәдениетті, әрі сана-сезімі жағынан артық келетінін көрсетеді.

ген *, ал паспорттан түскен кіріс 1884 жылдан 1894 жылға дейін үштің бірінен астам көбейген (3,3 млн. сомнан 4,5 млн. сомға дейін). 1897 жылы Россия бойынша барлығы 9495,7 мың паспорт пен билет (соның ішінде Европалық Россияның 50 губерниясында 9333,2 мың) берілген. 1898 ж.— 8259,9 мың (Европалық Россияда 7809, 6 мың) болды **. Европалық Россиядағы басы артық жұмысшылардың сапын (жергілікті жердің сұранымымен салыстырғанда) С. Короленко мырза 6,3 млн. деп отыр. Егіншілік емес 11 губерния бойынша берілген паспорт санының С. Короленко мырза есебінен артып кеткенін біз жоғарыда (III тарау, § IX, 174-бет) *** көрдік (1,7 миллионның орнына 2 млн.). Енді біз бұған егіншілік емес 6 губерния туралы мәліметтерді қоса аламыз: Короленко мырза бұларда 1287,8 мың басы артық жұмысшы бар деп есептеп отыр, ал берілген паспорттар 1298,6 мың ****. Сонымен, Европалық Россияның 17 губерниясындағы (қара топырақты 11 губерния мен қара топырақты емес 6 губернияны қосқанда) басы артық жұмысшылардың санын (жергілікті жердің сұранымына қарағанда) Короленко мырза 3 млн. деп есептеп отыр. Ал 90-жылдары осы 17 губернияда 3,3 млн. паспорт пен билет берілген. 1891 жылы паспорттан түскен барлық кірістің 52,2 процентін осы 17 губерния берген. Демек, *шет кәсіппен айналысатын жұмысшылардың саны, сірә, 6 млн. адамнан көбірек болса керек.* Ақырында, земстволық статистиканың мәліметтері (көпшілігі ескірген) Уваров мырзаны: С. Короленко мырзаның цифры шындыққа жақын, ал шет кәсіпші жұмысшыларды 5 млн. деуі — «мейлінше ықтимал» деген қорытындыға әкелді *****.

---

* *Л. Весин.* «Шет кәсіпшіліктердің маңызы және т. т.», «Дело», 1886, № 7 және 1887, № 2.

** «1897—1898 жылдардагы акциз салынган және т. с. өндірістер статистикасы», СПБ. 1900. Төтенше салық бас басқармасының басылымы.

*** Қараңыз: осы том, 254—255-беттер. *Ред.*

**** Губерниялар: Москва (1885 ж., көне мәліметтер), Тверь (1896 ж.), Кострома (1892 ж.), Смоленск (1895 ж.), Калуга (1895 ж.) және Псков (1896 ж.). Деректемелер жоғарыда аталған. Басқа жаққа кеткен еркектер мен әйелдерге берілген барлық документтер туралы мәліметтер.

***** «Вестник общественной гигиены, судебной и практической медицины», 1896 ж., июль. *М. Уваров:* «Россияның санитарлық жағдайы-

Енді, егіншілік емес және егіншілік шет кәсіптегі жұмысшылардың саны қаншалықты көп? — деген сұрақ туады. Н.— он мырза «шаруалардың шет кәсіпшіліктерінің орасан көпшілігі тек егіншілік кәсіпшіліктер» деп өте батыл («Очерктер», 16-бет), бірақ мүлдем қате тұжырым жасайды. Н.— он мырза сүйеніп отырған Чаславский анағұрлым сақтық жасап, шет кәсіпке түрліше жұмысшылар жіберіп отыратын аймақтардың саны туралы тек жалпы пікірлермен қанағаттанады да, ешқандай мәлімет келтірмейді. Ал Н.— он мырзаның темір жолмен қатынайтын жолаушылар туралы келтірген мәліметтері тіпті ештеңеге дәлел бола алмайды, өйткені егіншілікпен айналыспайтын жұмысшылар да көбінесе үйлерінен көктемде кетеді және егінші жұмысшыларға қарағанда темір жолмен анағұрлым көп пайдаланады *. Біздің шамалауымызша, керісінше, шет кәсіппен айналысатын жұмысшылардың көпшілігі («басым көпшілігі» болмағанмен), сірә, егіншілікпен айналыспайтын жұмысшылар болуы керек. Бұл пікір, 1-ден, паспорттан түсетін кірістің қалай бөлінетіні туралы мәліметтерге және, 2-ден, Весин мырзаның мәліметтеріне негізделіп айтылып отыр. 1862/63 жылғы «әр түрлі баж салығынан» түскен кірістің (мұның үштен бірінен астамы паспорттан түскен кіріс) бөлінуі туралы мәліметке сүйене отырып, Флеровский табыс іздеп кететін шаруалардың неғұрлым көпшілігі астаналық губерниялар мен егіншілік емес губерниялардан болып отыр деген қорытынды жасаған **. Егер біз жоғарыда өзіміз (осы параграфтың 2-пункті) бір ауданға біріктірген және бұдан егіншілікпен айналыспайтын жұмысшылар орасан көп кетіп жатқан егіншілік емес 11 губернияны алатын болсақ, сонда 1885 жылы осы губернияларда бүкіл Европалық Россия халқының тек 18,7 проценті ғана тұрғанын (1897 ж.— 18,3%), ал олардың 1885 жылы паспорттан түскен кірістің 42,9 процентін (1891 ж.— 40,7%) берге-

---

на шет кәсіпшіліктің әсері туралы». Уваров мырза 20 губернияның 126 уезі бойынша мәліметтерді қорытты.

* Жоғарыдағымен салыстырыңыз, 174-бет. (осы том, 255-бет. *Ред.*), ескерту.

** «Россиядағы жұмысшы табының жағдайы», СПБ. 1869, 400 және келесі беттер.

нін көреміз *. Егіншілікпен айналыспайтын жұмысшылар басқа губерниялардан да көп кетеді, сондықтан біз егінші жұмысшылар шет кәсіпшілікке кетушілердің жартысына жетпейді деп ойлауға тиіспіз. Весин мырза Европалық Россияның 38 губерниясын (шетке кетуге берілген куәліктің барлық санының 90 процентін алады) шет кәсіпшіліктің қай түрі басымдылығына қарай топ-топқа бөліп, мынадай мәліметтер береді **:

| Губерниялар топтары | 1884 ж. шетке кетуге берілген куәлік саны (мың есебімен) | | | 1885 ж. халық (мың есебімен) | 1000 адамға берілген куәлік |
|---|---|---|---|---|---|
| | Паспорт | Билет | Барлығы | | |
| I. Егіншілік емес шет кәсіпке кетушілері басым 12 губерния | 967,8 | 794,5 | 1 762,3 | 18 643,8 | 94 |
| II. Өтпелі 5 губерния | 423,9 | 299,5 | 723,4 | 8 007,2 | 90 |
| III. Егіншілік шет кәсіпке кетушілері басым 12 губерния | 700,4 | 1 046,1 | 1 746,5 | 42 518,5 | 41 |
| *38 губернияда* | 2 092,1 | 2 140,1 | 4 232,2 | 69 169,5 | 61 |

«Бұл цифрлар үшінші топқа қарағанда бірінші топта шет кәсіпшіліктің күштірек дамығанын көрсетеді...

* 1884/85 және 1896 жылдардағы «Россия бойынша мәліметтер жинағында» келтірілген паспорттан түскен кірістер жөніндегі мәліметтер. Европалық Россияда 1885 жылы паспорттан түскен кіріс 1000 адамға 37 сомнан келді; ал егіншілік емес 11 губернияда 1000 адамға 86 сомнан болды.

** Кестенің соңғы екі бағанасын қосқан біз. I топқа мына губерниялар кірді: Архангельск, Владимир, Вологда, Вятка, Калуга, Кострома, Москва, Новгород, Пермь, СПБ, Тверь және Ярославль; II топқа: Қазан, Нижегород, Рязань, Тула және Смоленск; III топқа: Бессарабия, Волынь, Воронеж, Екатеринбург, Дон, Киев, Курск. Оренбург, Орел, Пенза, Подольск, Полтава, Самара, Саратов, Симбирск, Таврия, Тамбов, Уфа, Харьков, Херсон және Чернигов.— Ескерте кетелік, бұл топта егіншілік шет кәсіптің маңызын асыра бағалап жіберген қателіктер де бар. Смоленск, Нижегород және Тула губерниялары I топқа енуі керек (салыстырыңыз: «Нижегород губерниясының 1896 жылғы ауыл шаруашылық шолуы», XI тарау.— «Тула губерниясының 1895 жылғы ескерткіш кітапшасы», VI бөлім, 10-бет: шет кәсіпшілікке кететіндердің саны 188 мың адам болып есептеледі,— ал С. Короленко мырза басы артық жұмысшылар тек 50 мың деп есептеді! — оның бер жағында солтүстік, қара топырақты емес 6 уезде шет кәсіпшілікке кетушілер 107 мың болды). Курск губерниясы II топқа енуге тиіс (С. Короленко, l. c.: 7 уезден көпшілігі қолөнер кәсіпшіліктеріне, қалған 8-нен тек егіншілік кәсібіне кетеді). Амал не, Весин мырза шетке кетуге берілген куәлік саны туралы губерниялар бойынша мәлімет келтірмейді.

Одан соң осы келтірілген цифрлардан топтардың түрліше болуына қарай шетке табыс табуға кетушілердің уақыт ұзақтығының да түрліше болатыны көрінеді. Егіншілік емес шет кәсіншіліктері басым жерде олардың шетте өткізетін уақыттары анағұрлым ұзақ болып отыр» («Дело», 1886, № 7, 134-бет).

Ақырында, акциз және басқа салықтар салынған өндірістердің жоғарыда көрсетілген статистикасы бізге берілген куәліктер санын Европалық Россияның барлық 50 губерниясы бойынша ажыратып бөлуге мүмкіндік береді. Весин мырзаның топ-топқа болуіне жоғарыда көрсетілген түзетулерді енгізе отырып, 1884 жылға кірмей қалған 12 губернияны сол үш топқа бөлгенімізде (I топқа — Олонец және Псков; II топқа — Прибалтика мен Солтүстік Батыс, яғни 9 губернияны; III топқа — Астрахань) мынадай жағдайды көреміз:

| Губерниялар топтары | Берілген барлық куәліктер саны 1897 | 1898* |
|---|---|---|
| I. Егіншілік емес шет кәсінке кетушілері басым 17 губерния | 4 437 392 | 3 369 597 |
| II. Өтпелі 12 губерния | 1 886 733 | 1 674 231 |
| III. Егіншілік шет кәсінке кетушілері басым 21 губерния | 3 009 070 | 2 765 762 |
| *Барлық 50 губерния бойынша* | 9 333 195 | 7 809 590 |

Бұл мәліметтер шет кәсіншіліктер III топтағыдан гөрі I топта анағұрлым күштірек дамығанын көрсетеді.

Сонымен, Россияның егіншілік өңіріндегі халыққа қарағанда, егіншілік емес өңірдегі халықтың қоныс аударушылығы анағұрлым жоғары екеніне күмәндануға болмайды. Егіншілік шет кәсіптерге кететін жұмысшыларға қарағанда, егіншілік емес шет кәсіптерге кететін

* Айта кетелік. Осы мәліметтерді шолудың авторы (l. c., VI тарау, 639-бет) 1898 жылы паспорт берудің кеміп кеткеніне егін шықпағандықтан жаздыгүні оңтүстік губернияларға жұмысшылардың аз баруы және ауыл шаруашылық машиналардың тарауы себеп болып отыр деп түсіндіреді. Бұл түсініктеме түкке тұрғысыз, өйткені берілген куәліктер саны бәрінен бұрын III топта аз кеміді, ал бәрінен көп кемігені — I топ. 1897 және 1898 жылдардағы тіркеу жүргізу әдістерін салыстыруға бола ма? *(2-басылуына ескерту).*

жұмысшылардың саны көп және *үш миллион адамнан кем болмауға тиіс.*

Шет кәсіптерге кетушіліктің өсуі орасан көбейіп, күшейе түскендігін барлық деректемелер дәлелдеп отыр. Паспорттан түскен кіріс 1868 жылғы 2,1 млн. сомнан (1866 ж. 1,75 млн. сом) 1893/94 ж. 4,5 млн. сомға дейін өсті, яғни екі еседен астам көбейді. Москва губерниясында 1877 жылдан 1885 жылға дейін берілген паспорттар мен билеттердің саны 20% (еркектерге) және 53% (әйелдерге) көбейді; Тверь губерниясы бойынша 1893 жылдан 1896 жылға дейін 5,6%; Калуга губерниясы бойынша 1885 жылдан 1895 жылға дейін 23% (ал жұмысшылардың шет кәсіпте өткізетін айларының саны 26%); Смоленск губерниясы бойынша 1875 жылғы 100 мыңнан 1885 жылы 117 мыңға дейін және 1895 жылы 140 мыңға дейін; Псков губерниясы бойынша 1865—1875 жылдардағы 11 716-дан 1876 жылы 14 944-ке дейін және 1896 жылы 43 765-ке дейін (еркектерге) көбейді. Кострома губерниясы бойынша 1868 жылы 100 еркекке 23,8 паспорт пен билет, 100 әйелге 0,85 паспорт пен билет берілген, ал 1880 жылы тиісінше — 33,1 және 2,2. Және т. т., т. с.

Халықтың егіншіліктен қалаға ауысуы сияқты, егіншілік емес шет кәсіпке ауысу да *прогрестік құбылыс.* Мұның өзі халықты мешеу қалған, тарих ескерусіз қалдырған меңіреу түкпірден қазіргі заманғы қайнаған қоғамдық өмірге алып шығады. Ол халықтың сауаттылығын * және оның саналылығын ** арттырады, оны мәдениетті дағдыға және мәдениетті керексінуге үйретеді ***. Шаруаларды шетке кетуге «жоғары мәртебелі

---

* Жбанков: «Шет табыстардың әсері және т. т.», 36 және келесі беттер. Кострома губерниясының шет кәсіпшілікті уездерінде сауатты еркектердің проценті=55,9%; фабрикалы уездерде=34,9%; отырықшы (орманды) уездерде=25,8%; әйелдер: 3,5%—2,0%—1,3%; оқушылар: 1,44%—1,43%—1,07%. Шет кәсіпшілікті уездерден балалар С.-Петербургте де оқиды.

** «Сауатты питерліктер басқалардан көп артық және саналы түрде емделіп жүреді» (ibid., 34), сондықтан мұнда жұқпалы аурулар *«мәдениеті төмен»* (курсив автордікі) болыстардағыдай онша қауіпті болмайды.

*** «Шет кәсіпшіліктері бар уездер өздерінің тұрмыс дәрежесі жағынан егіншілік және орманды жерлерден едәуір жоғары... Питерліктердің киімдері анағұрлым таза, сәнді келеді... Балалары таза күтіледі, сондықтан да оларда қышыма және басқа да денеге түсетін жұқпалы аурулар сирек кездеседі» (ibid., 39. Салыстырыңыз: «Смо-

тәртіптер» ұмтылдырады, яғни питерліктің сырт мәдениеттілігі және сырбаздығы тартады; шаруалар «тәуірлеу жерді» іздейді. «Питерде жұмыс істеу және сонда тұру деревнядағы жұмыс пен тұрмыстан жеңіл деп есептеледі» *. «Деревняда тұратындардың бәрі *қоңырқай* деп аталады және, бір ғажабы, бұл атақты олар мүлдем көңіліне ауыр алмайды, бұлар өздерін өздері де осылай атайды, Питерге жіберіп оқытпаған ата-аналарына ренжиді. Дегенмен, ескерте кетейік: деревняның осы *қоңырқайларының* өзі таза егіншілік кәсібімен айналысқан жерлердегідей нағыз қоңырқайлар емес; олар питерліктердің дағдысына, сырт кейпіне еріксіз еліктеп отырады, астана сәулесі қисынын тауып бұларға да нұрын төгеді» **. Ярославль губерниясында (баю мысалынан басқа) «кімді болса да өз үйінде отырғызбайтын басқа да себеп бар. Бұл себеп — жұртшылық пікірі, мұның өзі Петербургте немесе басқа бір жерде тұрып көрмеген, тек егіншілік кәсібімен немесе қандай бір қолөнермен кәсіп ететін адамға өмір бойына малшы деген атақ тағады, сондықтан мұндай адамның қалыңдық табуы қиын болады» («Ярославль губерниясының шолуы», II, 118). Қалаға кетушілік шаруаны деревняда сондай күшті болып отырған патриархтық, жеке басының тәуелділігі мен сословиелік қатынастардың түнек қапасынан құтқарып, оның қара басының азаматтық дәрежесін көтереді...*** «Халық арасында жеке адамның сана-сезімінің өсуі шет кәсіпке кетушілікті қуаттайтын бірінші дәрежелі фактор болып табылады. Крепостниктік тәуелділіктен құтылу, село халқының неғұрлым жігерлі топтарының қала тұрмысымен ертеден бері аралас-құралас болуы Ярославль

ленск губерниясындағы шет кәсіпшіліктер», 8-бет). «Шет кәсіптері бар деревнялардың отырықшы деревнялардан айырмашылығы өте күшті: үй-жайы, киімі, барлық әдет-ғұрпы, сауық-сайрандары шаруа тұрмысынан гөрі мещан тұрмысына көбірек ұқсайды» («Смоленск губерниясындағы шет кәсіпшіліктер», 3-бет). Кострома губерниясының шет кәсіптері бар болыстарындағы «үйлердің жартысынан қағаз, сия, қарындаш пен қаламұш таба аласыз» («Әйелдер өлкесі», 67—68-беттер).

* «Әйелдер өлкесі», 26—27, 15.

** Ibid., 27-бет.

*** Мәселен, костромалық шаруаларды мещандар қауымына жазылуға, тегі, «қоңырқай шаруалардан гөрі сәнқой питерліктерге қаттырақ тиетін дене жазасынан құтылу амалы ұмтылдыратын болса керек». (ibid., 58).

шаруаларының өзінің «менін» сақтап қалуға, деревняның тұрмыс жағдайы душар еткен кедейлік пен тәуелділік күйден құтылуға, molшылық, тәуелсіз және құрметті жағдайға жетуге деген ынтасын әлдеқашан оятты... Шаруа өзінің шет табыстарымен күнелте отырып, өзін еркінмін деп және басқа сословиедегі адамдармен тең праволымын деп сезінеді, сондықтан да село жастары барған сайын қалаға қарай талпынуда» («Ярославль губерниясының шолуы», II, 189—190).

Қалаға кетушілік ескі патриархтық семьяны әлсіретеді, әйелдерді еркектермен тең праволы етіп, неғұрлым тәуелсіз жағдайға жеткізеді. «Отырықшы жерлермен салыстырғанда солигалилық және чухломдық семья» (Кострома губерниясының нағыз шет кәсіпшілікті уездері) «тек жасы үлкеннің патриархтық өктемдігі мағынасында ғана емес, әке-шешесі мен балаларының, күйеуі мен әйелдерінің арасындағы қатынастар жөнінде де анағұрлым тұрақсыз келеді. 12 жасынан бастап Питерге жіберілетін ұлдардан әке-шешесін қатты сүйеді деп, туып-өскен үйіне іш тартады деп күтуге, әрине, болмайды; олар лажсыздан космополит болып шығады: «қай жер жақсы болса, отан сол жерде» болады *. «Еркектің өктемінсіз және жәрдемінсіз жүріп-тұрып дағдыланған солигалилық әйел егіншілік өңірдегі жапа шеккен шаруа әйелге тіпті ұқсамайды: ешкімге бағынышты емес, тәуелсіз... Мұнда әйелдерді ұру-соғу және жәбірлеу өте сирек кездеседі... Жалпы алғанда, әйелдердің еркектермен теңдігі барлық жерлерде дерлік және барлық жағынан да сезіліп отыр» **.

Ақырында — last but not least *** — егіншілік емес шет кәсіпке кетушілік кететін жалдама жұмысшылардың ғана емес, *сонымен қатар қалғандарының да* жалақысын арттырады.

Бұл факт мынадай жалпы құбылыстан айқынырақ көрініп отыр: егіншілікпен айналысатын губернияларға қарағанда егіншілікпен айналыспайтын губерниялар жалақының анағұрлым жоғары болуымен ерекшеленіп,

---

* Ibid., 88.
** «Юридический Вестник», 1890 ж., № 9, 142-бет.
*** — маңызы жағынан емес, саны жағынан соңғысы. *Ред.*

егіншілікпен айналысатын губерниялардан селолық жұмысшыларды өзіне тартып отырады *. Калуга губерниясы жөнінде мынадай қызықты мәліметтер бар:

| Шет кәсіпке кетушілердің мөлшері бойынша уездердің топтары | Шет кәсіппен айналысатын еркек жұмысшылардың барлық еркек халықтың санына проценті | Айлық табыс, сом есебімен | |
|---|---|---|---|
| | | Шет өнеркәсіпшінікі | Жылдық село жұмысшысынікі |
| I. | 38,7 | 9 | 5,9 |
| II. | 36,3 | 8,8 | 5,3 |
| III. | 32,7 | 8,4 | 4,9 |

«Бұл цифрлар мына құбылыстарды: 1) шет кәсіпшіліктер ауыл шаруашылық өндірісінде жалақының өсуіне әсер ететінін және 2) бұлар халықтың ең тәуір топтарын өзіне тартатынын толық түсіндіреді» **. Тек ақшалай жалақы ғана емес, нақты жалақы да жоғарылайды. Әрбір 100 қызметкерге кемінде 60 шет кәсіпші беретін уездердің топтарында бір жыл ішінде орта есеппен батырақтың табатын табысы 69 сом немесе 123 пұт қара бидай; 40—60 процентке дейін шет кәсіпші жұмысшылар беретін уездерде — 64 сом немесе 125 пұт қара бидай; 40 проценттен аз шет кәсіпшілер беретін уездерде—59 сом немесе 116 пұт қара бидай ***. Уездердің осы топтары бойынша жұмысшылар жетіспейтінін шағынып жазылған хат-хабарлар проценті тиісінше дұрыс кеміп отыр: 58% —42% —35%. Өңдеуші өнеркәсіптегі жалақы егіншіліктегіден гөрі жоғары және, «толып жатқан тілші мырзалардың пікірлерінше, кәсіпшіліктер шаруалар арасында жаңа керексінулердің дамуына (шай, шыт, етік, сағат және т. т.) жағдай туғызады, шаруалардың жалпы дәрежесін көтереді, сөйтіп осындай жолмен жалақының өсуіне әсер етеді» ****. Бір тілшінің көбіне тән пікірі мынадай: «Жетіспеушілік» (жұмысшының жетіспеушілігі) «әрдайым көп-ақ, ал мұның себебі — қала төңірегіндегі халық дандайсып алған,

* Салыстырыңыз: IV тарау, § IV (осы том, 290—291-беттер. *Ред.)*
** «Калуга губерниясының 1896 жылғы статистикалық шолуы», II бөлім, 48-бет.
*** Ibid., I бөлім, 27-бет.
**** Ibid., 41-бет.

олар темір жол шеберханаларында істейді және сонда қызмет етеді. Калуганың жақындығы мен оның базарлары төңірегіндегі халықты жұмыртқа, сүт және т. с. сату үшін үнемі шақырып тұрады, одан кейін трактирлерде жиналып арақ ішіп, шетінен мас болады; мұның себебі — халықтың бәрі де көп ақша алуға және еш нәрсе істемеуге тырысады. Селолық жұмысшы болып істеуді *ар* көреді, қалаларға қарай ұмтылады, онда барып пролетариат болады, жалаң аяқтық халге ұшырайды; ал деревня қолынан іс келетін, жақсы қызметкерлердің жоқтығынан қасірет шегіп отыр» *. Шет кәсіпшіліктерді бұлай бағалауды *халықшылдық* бағалау деп атауға біздің толық правомыз бар. Жбанков мырза, мәселен, басы артық қызметкерлер кетпейді, сырттан келген егінші келімсектер ығыстырып шығарған «қажетті» қызметкерлер кетеді деп көрсете келіп, «мұндай өзара орын ауысудың өте тиімсіз» екені «айқын» деп табады **. Жбанков мырза, кім үшін өте тиімсіз? «Астапалардағы тұрмыс *мәдени дағдының толып жатқан төменгі түрлерін* туғызады және салтанат пен сәнқойлыққа түсіреді, сөйтіп көп ақша босқа (sic!!) жұмсалады» ***; осы ойын-сауыққа, басқаларға жұмсалған қаржы көбінесе «өнімсіз кетеді» (!!) ****. Герценштейн мырза «бояма цивилизация», «шексіз жүгенсіздік», «шектен шыққан қыдырымпаздыққа салыпұшылық», «сорақы маскүнемдік, босқа азушылық» және басқалар

* Ibid., 40-бет. Курсив автордікі.

** «Әйелдер өлкесі», 39 және 8. «Осы нағыз егіншілер» (келімсектер) «өздерінің ауқатты тұрмыс жағдайы арқылы өзінің өмір сүруінің негізін егіншілікте емес, тек шет табыста деп санап отырған жергілікті тұрғындарға да ой саларлық әсер етпей ме?» (40-бет). «Алайда — деп қынжылады автор — жоғарыда біз керісінше әсер ететінін көрсететін мысал келтірдік». Ол мысал мынау. Вологдалықтар жер сатып алып, «өте ауқатты» тұрмыс құрып тұрған. «Өзіңіздің шаруаңыз жеткілікті бола тұрып, ұлыңызды С.-Петербургке неге жібердіңіз деп олардың біріне қойған сұрағыма мынадай жауап алдым: «солай екені рас, біз кедей емеспіз, бірақ бізде жұрт өте надан, ал ол басқаларға қарап, өзі білім алғысы келді және ол өзі үйде де басқалардан білімді болатын» (25-бет). Сорлы халықшылдар! Қалайша қайғырмасын-ау, егінші-мужиктердің жерін сатып алып отырған ауқаттылардың үлгі-өнегесі де «білім алғысы» келіп, өзін қамтамасыз ететін үлесті жерінен қашып жүрген жастарды «айныта алмай отыр ғой»!

*** «Шет табыстардың әсері және т. т.», 33, курсив автордікі.

**** «Юридич. Вестник», 1890, № 9, 138.

жөнінде тура зарлайды *. Москва статистиктері жаппай шет кәсіптерге кетушілік фактісінен «шет табысқа қажеттілікті азайтарлықтай шаралар» қолдану керектігі туралы тікелей қорытынды шығарып отыр **. Карышев мырза шет кәсіпшіліктер туралы былай пайымдайды: «Шаруаның пайдалануындағы жердің мөлшерін семьяның ең басты(!) қажеттерін өтерліктей етіп көбейтудің бір өзі ғана біздің халық шаруашылығымыздың осы аса маңызды проблемасын шеше алады» ***.

Ал «өте маңызды проблеманы шешуді» сөз етуден бұрын, шаруалардың еміп-еркін жүріп тұруына толық еркіндік беру, жерден бас тартуға және қауымнан шығуға ерікті болу туралы, мемлекеттің қалалық немесе селолық қауымының қандайына болса да қоныстануына (ақша «төлемей») ерікті болу туралы қамқорлық жасау қажет екені жайсаң жанды осы мырзалардың бірде-біреуінің ойына келмейді!

---

Сонымен, халықтың егіншіліктен ауысуы Россияда қалалардың (ішінара ішкі отарлаумен бүркемеленген), қала төңіректерінің, фабрика-завод және сауда-өнеркәсіп селолары мен мекендерінің өсуінен, сондай-ақ, егіншілік емес шет кәсіптерге кетуден де көрінеді. Реформадан кейінгі дәуірдің барысында тез дамыған және кеулей де, кеңейе де дамып келе жатқан осы процестердің барлығы капиталистік дамудың қажетті құрамды бөлігі және өмірдің ескі формасына қарағанда мейлінше прогрестік маңызы бар.

### III. ЖАЛДАМА ЕҢБЕКТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨСУІ

Капитализмнің дамуы туралы мәселеде жалдама еңбектің таралу дәрежесінің маңызы анағұрлым зор деуге болады. Капитализм дегеніміз жұмыс күшінің де то-

* «Русская Мысль» («Русск. Вестник» емес, «Русская Мысль»), 1887 ж., № 9, 163-бет.

** «Берілген куәліктер және т. т.», 7-бет.

*** «Русское Богатство», 1896, № 7, 18-бет. Сонымен, «ең басты» қажеттерін үлесті жері өтеуі керек, ал қалған керексінулерін, сірә, «қолынан іс келетін, жақсы қызметкерлердің жоқтығынан қасірет шегіп отырған «деревнялардан» алынатын «жергілікті табыс» өтейтін болса керек!

варға айналған кездегі товар өндірісінің даму сатысы. Капитализмнің негізгі тенденциясы мынада: халық шаруашылығының бүкіл жұмыс күштері өндіріске оларды кәсіпкерлердің сату-сатып алуынан кейін ғана жұмсалуын көздейді. Реформадан кейінгі Россияда бұл тенденцияның қалай көрініс бергендігін біз жоғарыда егжей-тегжейлі қарап талдауға тырыстық, сондықтан енді осы мәселе жөнінде қорытынды жасауымыз керек. Ең әуелі өткен тарауларда келтірілген жұмыс күшін сатушылардың саны қанша екені туралы мәліметтерді қосып есептеп көрелік, ал содан кейін (келесі параграфта) жұмыс күшін сатып алушылар контингентін суреттеп көрсетеміз.

Жұмыс күшін сатушыларды материалдық игіліктерді өндіру ісіне қатысатын елдің жұмысшы халқы беріп отырады. Бұл халық $15^1/_2$ миллионға жуық ересек еркек жұмысшылар деп есептеледі *. Шаруалардың төменгі тобындағылар тек қана кәдімгі селолық пролетариат екені II тарауда көрсетілді; сонда (122-бет, ескерту **) осы пролетариаттың жұмыс күшін сату формасының төменде талданатыны айтылған болатын. Енді жоғарыда айтылғандарда аталып кеткен жалдама жұмысшылардың разрядтарына қорытынды жасалық: 1) ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылар. Бұлардың саны — (Европалық Россия бойынша) $3^1/_2$ миллионға жуық. 2) Фабрика-завод, тау-кен және темір жол жұмысшылары — $1^1/_2$ миллионға жуық. Барлығы бес миллион маман жалдама жұмысшы. Одан соң, 3) құрылыс жұмысшылары — 1 миллионға жуық. 4) Ағаш кәсібіндегі (ағаш кесу, ағашты бастапқы өңдеу, сал ағызу және т. т.), жер қазу жұмыстарындағы, темір жол салу қызметіндегі жұмысшылар, товарларды тиеу және түсіру қызметіндегі, индустриялық орталықтардағы басқа да әр түрлі «қара» жұмыстағы жұмысшылар. Бұ-

* «Статистикалық материалдардың және т. т. жиынтығындағы» (министрлер комитеті канцеляриясының басылымы, 1894) цифр 15 546 618 адам. Бұл цифр былай алынған. Қала халқы материалдық игіліктер өндіру ісіне қатыспайтын халықпен бірдей тең деп саналады. Шаруалар халқының ересек еркектерінің саны 7% азайтылып көрсетілген ($4^1/_2$% — әскер қызметіндегілер және $2^1/_2$% — жай қызметшілер).

** Қараңыз: осы том, 184-бет. *Ред.*

лар 2 миллионға жуық *. 5) Капиталистер үшін үйлерінде істейтін, сондай-ақ «фабрика-завод өнеркәсібіне» қосылмайтын өңдеуші өнеркәсіпте жалданып істейтін жұмысшылар. Олар — 2 миллионға жуық.

Барлығы — *он миллионға жуық жалдама жұмысшылар*. Оның шамамен $^1/_4$-ін әйелдер мен балалардың үлесіне шығарып тастайық, сонда $7^1/_2$ *млн. ересек еркек жалдама жұмысшылар* **, яғни материалдық игіліктерді өндіруге қатысатын елдің барлық ересек еркек адамдарының *тең жартысына жуығы қалады* ***. Осы жалдама жұмысшылардың орасан көп бұқарасының бір бөлігі егіншіліктен мүлдем қол үзіп, өздерінің жұмыс күшін сатумен ғана күнелтеді. Бұған фабрика-завод (сондай-ақ сөзсіз тау-кен және темір жол) жұмысшыларының басым көпшілігі, одан соң құрылыс, кеме жұмысшыларының және қара жұмыстағы жұмысшылардың белгілі бөлігі; ақырында, капиталистік мануфактура жұмысшыларының едәуір бөлігі және егіншілік емес орталықтардың капиталистерге үйде жұмыс істеумен айналысатын тұрғындары жатады. Бұлардың қалған бір үлкен бөлігі әлі егіншіліктен қол үзбеген, олар өздерінің бірсыпыра шығындарын өзінің ұлтарақтай үлесті жерінде егіншілік шаруашылығынан өнген өнімдермен өтейді; сөйтіп бұлар біз II тарауда толық сипаттап көрсетуге тырысқан үлесті жері бар жалдама жұмысшылар типін құрайды. Жалдама жұмысшылардың осы өте көп бұқарасының бәрі, негізінен, реформадан

* Тек ағаш өндірісі жұмысшыларының бір өзі 2 миллионға жуық деп есептелгенін біз жоғарыда көрдік. Жұмыстың біз көрсетіп өткен соңғы екі түрі бойынша жұмысшылардың саны егіншілік емес шет кәсіптегі жұмысшылардың барлық санынан көп болуы керек, өйткені құрылыс жұмысшыларының, қара жұмыстағы жұмысшылардың, әсіресе ағаш өндірісі жұмысшыларының бірқатары шет кәсіптегі жұмысшылардың қатарына емес, жергілікті жұмысшылардың қатарына жатады. Ал егіншілік емес шет кәсіптегі жұмысшылардың саны 3 млн. адамнан кем емес екенін біз көрдік.

** Фабрика-завод өнеркәсібінде, біздің көргеніміздей, әйелдер мен балалардың саны бүкіл жұмысшылар санының $^1/_4$-нен сәл артық. Тау-кен, құрылыс, ағаш және т. с. өнеркәсіптегі әйелдер мен балалардың саны өте аз. Керісінше, үйде істелетін капиталистік жұмысқа әйелдер мен балалар еркектерге қарағанда тегі көбірек қатысатын болуы керек.

*** Түсінбестік болмау үшін мынаны ескерте кетелік: біз бұл цифрларды статистикалық дәлдігі дәлелденген деп айта алмаймыз, тек жалдама еңбек формаларының әр алуан екендігін және оның өкілдерінің көптігін шамамен болса да көрсеткіміз келеді.

кейінгі дәуірде қалыптасқаны және мұның тез өсіп бара жатқаны жоғарыдағы баяндауларда көрсетілген болатын.

Капитализм туғызып отыратын относительді артық халық болу мәселесі жөніндегі (немесе жұмыссыздардың резерв армиясының контингенті жөнінде) біздің қорытындымыздың маңызын ескертіп өтуіміз керек. Халық шаруашылығының барлық салаларындағы бүкіл жалдама жұмысшылардың жалпы есебі туралы мәліметтер халықшылдық экономияның бұл мәселе жөніндегі негізгі қатесін өте айқын түрде ашып беріп отыр. Басқа жерде («Этюдтер», 38—42-беттер *) біз көрсетіп өткендей, бұл қателіктер мынада: жұмысшыларды капитализмнің «азат етуі» туралы көп көкіген халықшыл-экономистер (В. В., Н.— он мырзалар және басқалары) Россияда капиталистік артық халықтың болуының нақты формаларын зерттеуді ойларына да алмады; одан соң — олар бізде капитализмнің өзінің өмір сүруі және дамуы үшін резервте аса көп жұмысшылар бұқарасы болуы қажет екенін мүлдем түсінбеді. «Фабрика-завод» жұмысшыларының саны ** жөніндегі өздерінің бишаралық сөздерімен және масқаралық есеп-қисаптары арқылы олар капитализм дамуының негізгі шарттарының бірін — капитализмнің мүмкін еместігінің, терістігінің, негізсіздігінің, т. б. дәлелдемесіне айналдырып отырды. Ал іс жүзінде, егер ұсақ өндірушілерді экспроприациялау егіншіліктегі, ағаш және құрылыс істеріндегі, сауда ісіндегі, өңдеуші, тау-кен, транспорт өнеркәсібіндегі және т. с. кәсіпкерлердің ең көп сұранымын бірден орындауға дайын тұрған сан миллион жалдама жұмыс-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 185—190-беттер. *Ред.*

** Н.— он мырзаның «ат төбеліндей аз ғана» жұмысшылар туралы пайымдауларын, сондай-ақ В. В. мырзаның шын мәнісінде классикалық есептерін («Теориялық экономия очерктері», 131-бет) еске түсіре кетелік. Европалық Россияның 50 губерниясында шаруалар сословиесінен шыққан 15 547 мың ересек еркек жұмысшы бар; бұлардың ішінде «капиталдың біріктіргені» — 1020 мың (863 мың фабрика-завод өнеркәсібіндегі жұмысшылар+160 мың темір жол жұмысшылары); қалғандары — «егіншілікпен айналысатын халық». «Өңдеуші өнеркәсіпті толық капиталдандырған» шақта «капиталистік завод-фабрика өнеркәсібі» жұмыс күшін екі есе көп алады (7,6% орнына 13,3%, ал халықтың қалған 86,7% «егіншілікте қалып, жарты жыл бойына жұмыс істемейді»). Сірә, түсініктеме беретін болсақ, экономикалық ғылым мен экономикалық статистиканың осы тамаша үлгісымақтарының әсерін тек әлсіретіп алуымыз мүмкін.

шылар бұқарасын жасамаған болса, онда орыс капитализмі еш уақытта осы кездегісіндей дәрежеге жетіп өркендей алмаған болар еді, тіпті бір жыл да өмір сүре алмаған болар еді. Біз ең көп сұраным деп отырмыз, өйткені капитализм тек секірмелі түрде ғана дами алады, демек, жұмыс күшін сатуға ділгер өндірушілердің саны капитализмнің жұмысшыларға деген мұқтажының орташа мөлшерінен әрдайым жоғары болып отыруы керек. Егер біз әр түрлі разрядтағы жалдама жұмысшылардың жалпы санын енді ғана есептеп шығарсақ, мұнымен біз олардың бәріне де капитализм үнемі жұмыс тауып беруге шамасы келеді деп айтудан мүлдем аулақпыз. Біз жалдама жұмысшылардың қай разрядын алсақ та, капиталистік қоғамда мұндай тұрақты жұмыс істеушілік жоқ және болуы да мүмкін емес. Миллиондаған кезбе және отырықшы жұмысшылардың белгілі бөлігі әрдайым жұмыссыздар резервінде қалып отырады және бұл резерв дағдарыс жылдарында немесе белгілі бір аймақтағы белгілі бір өнеркәсіптің құлдырауы кезінде, немесе жұмысшыларды ығыстырып шығаратын машиналы өндірістің ерекше тез ұлғайған кезінде өте көбейіп отырады,— не тіпті азайып, кей жылдары елдің жеке аймақтарындағы өнеркәсіптің жекелеген салаларындағы кәсіпкерлер тіпті жұмысшылар «жетіспейді» деп шағым ететін уақыттары да жиі болып отырады. Сенімді азды-көпті статистикалық мәліметтер мүлдем болмағандықтан шамамен болса да бір жыл ішіндегі жұмыссыздардың орташа санын білу мүмкін емес; бірақ бұл санның өте көп болуға тиіс екендігі күмәнсыз: бұған жоғарыда бірнеше рет көрсетілген капиталистік өнеркәсіптің, сауда және егіншіліктің мықтап ауытқуы да, земство статистикасы көрсетіп отырған төменгі топтарға жататын шаруалар бюджетіндегі дағдылы дефициттер де дәлел бола алады. Өнеркәсіп және селолық пролетариат қатарына ығыстырылып шығарылған шаруалардың сан жағынан өсуі және жалдама еңбекке деген сұранымның артуы — бір медальдың екі беті тәрізді нәрсе. Ал жалдама еңбектің формаларына келсек, онда олар капитализмге дейінгі тәртіптің қалдықтарымен және мекемелерімен әлі де болса шырмалып жатқан ка-

питалистік қоғамда мейлінше сан алуан түрде болып отырады. Бұл ала-құлалықты елемеушілік мықтап қателескендік болар еді, ал В. В. мырза сияқты, капитализм «миллион-миллион жарым жұмысшысы бар бір түкпірді өзіне кесіп алды, соның шеңберінен еш жаққа шықпайды» * деп пайымдаушылар нақ осындай қателікке ұшырайды. Мұнда капитализмнің орнына тек машиналы ірі индустрия ғана болып шығады. Бірақ жалдама еңбектің басқа салаларымен ешбір байланысы жоқтай, осы $1^{1}/_{2}$ миллион жұмысшыны қалай болса солай жәпе жасанды түрде ерекше бір «түкпірге» қалайша бөлектеп шығара алады! Ал іс жүзінде бұл байланыс өте тығыз және мұны сипаттау үшін қазіргі заманғы шаруашылық құрылыстың негізгі екі белгісін көрсетіп өтсек те жеткілікті. 1-ден, бұл құрылыстың негізінде ақша шаруашылығы жатыр. «Ақшаның өктемдігі» өнеркәсіпте де, егіншілікте де, қалада да, деревняда да барлық күшімен байқалып отыр, бірақ ол машиналы ірі индустрияның тұсында ғана өзінің толық даму шегіне жетеді, патриархтық шаруашылықтың қалдықтарын мүлдем ығыстырып шығарады, азын-аулақ алып мекемелерге (банктерге) шоғырланады, қоғамдық ірі өндіріспен тікелей байланыс жасайды. 2-ден, қазіргі заманғы шаруашылық құрылыстың негізінде жұмыс күшін сату-сатып алу жатыр. Егіншіліктегі немесе өнеркәсіптегі ең ұсақ өндірушілерді-ақ алыңыз, сонда сіз бұлардың өзі кісіге жалданбайтыны, не өзі басқаны жалдамайтыны ілуде біреу-ақ екенін көресіз. Бірақ бұл қатынастар машиналы ірі индустрия тұсында ғана толық даму және шаруашылықтың ескі формаларынан толық бөлініп шығу дәрежесіне жете алады. Сондықтан кейбір халықшылға болмашы ғана нәрсе тәрізденіп көрінетін осынау «түкпірдің» өзі, іс жүзінде, қазіргі заманғы қоғамдық қатынастардың негіздерінің негізі болады, ал осы «түкпірдің» халқы, яғни пролетариат, сөздің тура мағынасында айтатын болсақ, бүкіл еңбекшілер бұқарасы мен қаналушылардың тек қана алдыңғы

* «Новое Слово», 1896, № 6, 21-бет.

саптағысы, авангарды болып табылады *. Сондықтан қазіргі заманғы бүкіл шаруашылық құрылысты осы «түкпірде» қалыптасқан қатынастар тұрғысынан алып қарағанда ғана, өндіріске қатысушы адамдардың әр түрлі топтарының арасындағы негізгі өзара қарым-қатынастарды түсінуге, демек, осы құрылыстың дамуының негізгі бағытын бағдарлап білуге де мүмкіндік аласың. Ал керісінше, кімде кім бұл «түкпірге» сыртын беріп, шаруашылық құбылыстарды патриархтық ұсақ өндірістік қатынастар тұрғысынан қарайтын болса, тарихтың барысы ондай адамды не аңқау қиялшылға, не ұсақ буржуазия мен аграрийлердің идеологына айналдырады.

## IV. ЖҰМЫС КҮШІ ЖӨНІНДЕ ІШКІ РЫНОКТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Осы мәселе жөнінде бұдан бұрынғы баяндауларымызда келтірілген мәліметтерді қорыту үшін біз Европалық Россиядағы жұмысшылардың қоныс аударуын суреттеумен шектелеміз. Бізге мұндай суреттемені қожайындар берген материалдарға негізделіп шығарылған егіншілік департаментінің басылымы** беріп отыр. Жұмысшылардың қоныс аудару көрінісі жұмыс күші жөнінде

* Mutatis mutandis (тиісті өзгерістерімен. *Ред.*), ерлі-зайыпты Веббтер Англиядағы тред-юнионистердің юнионист еместерге қалай қарайтындығы жөнінде айтқан болса, машиналы ірі индустриядағы жалдама қызметкерлердің басқа жалдама қызметкерлерге қалай қарайтындығы туралы да соны айтуға болады. «Тред-юниондардың мүшелері барлық халықтың 4 процентке жуығын құрайды... Тред-юниондар өзінің қатарында дене еңбегімен күн көретін ересек еркек қызметкерлердің 20 процентке жуығы бар деп есептейді». Бірақ, «Die Gewerkschaftler... zählen in der Regel die Elite des Gewerbes in ihren Reihen. Der moralische und geistige Einfluss, den sie auf die Masse ihrer Berufsgenossen ausüben, steht deshalb ausser jedem Verhältniss zu ihrer numerischen Stärke» (S. & B. Webb: «Die Geschichte des britischen Trade Unionismus», Stuttgart, Dietz, 1895, S. S. 363, 365, 381) [«Тред-юниондардың құрамына... әдетте, әрбір саладан жұмысшылардың іріктеліп ең сараланған топтары кіреді. Сондықтан да жұмысшылардың қалған топтарына бұлардың моральдық және рухани әсері өздерінің санына байланысты емес» (С. және Б. Вебб: «Британ тред-юнионизмінің тарихы». Штутгарт. Дитц, 1895, 363, 365, 381-беттер). *Ред.*].

** «Қожайындардан алынған материалдар бойынша жасалған ауыл шаруашылық және статистикалық мәліметтер. V кітап. Жеке иеліктегі шаруашылықтардағы *еркті жалдама еңбек және* Европалық Россияның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі тұрғысынан статистикалық-экономикалық шолуына байланысты жұмысшылардың қоныс аударуы». Құрастырған *С. А. Короленко.* Егіншілік пен селолық өнеркәсіп департаментінің басылымы. СПБ. 1892.

ішкі рыноктың нақ қалай қалыптасқандығы жөнінде жалпы түсінік береді; аталған басылымның материалдарын пайдалана отырып, біз егіншілікпен шұғылданатын және егіншілік емес кәсіппен айналысатын жұмысшылардың қоныс аударуын ажыратып көрсетуге ғана тырыстық, ал аталған басылымға қосымша ретінде берілген және жұмысшылардың қоныс аударуын сипаттайтын картада бұл айырмашылық көрсетілмеген.

*Егіншілікпен* шұғылданатын жұмысшылардың қоныс аударуының басты-бастылары мынадай: 1) Егіншілікпен айналысатын орталық губерниялардан оңтүстік пен шығыстағы шет аймақтарға қарай ауысады. 2) Қара топырақты солтүстік губерниялардан қара топырақты оңтүстік губернияларға ауысады, ал бұлардан жұмысшылар шет аймақтарға кетіп жатады (салыстырыңыз: III тарау, § IX және X) *. 3) Егіншілікпен айналысатын орталық губерниялардан өнеркәсіпті губернияларға кетеді (салыстырыңыз: IV тарау, § IV) **. 4) Егіншілікпен айналысатын орталық және оңтүстік-батыс губерниялардан қант қызылшасын егетін аймақтарға қоныс аударады (мұнда Галициядан да бірсыпыра жұмысшылар келіп жатады).

*Егіншілік емес кәсіппен айналысатын жұмысшылардың* қоныс аударуының басты-бастылары мынадай: 1) Көбінесе егіншілік емес губерниялардан, сонымен қатар едәуір дәрежеде егіншілікпен айналысатын губерниялардан да астаналарға және үлкен қалаларға барады. 2) Әлгі жерлерден өнеркәсіпті аудандарға — Владимир, Ярославль және басқа губерниялардың фабрикаларына кетеді. 3) Өнеркәсіптің жаңа орталықтарына немесе оның жаңа салаларына, фабрикасы жоқ өнеркәсіп орталықтарына және басқа сондай жерлерге қоныс аударады. Бұған жататындар: а) оңтүстік-батыс губерниялардың қызылша-қант заводтарына кететіндер; б) оңтүстік тау-кен ауданына кететіндер; в) порт жұмыстарына (Одессаға, Дондағы Ростовқа, Ригаға және басқа жерлерге) баратындар; г) Владимир және басқа губерниялардағы шымтезек қазуға кететіндер;

* Қараңыз: осы том, 252-бет және 257-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 290—291-беттер. *Ред.*

д) Уралдың тау-кен өнеркәсіп ауданына баратындар; е) балық аулау кәсіпшілігіне (Астраханьға, Қара теңіз бен Азов теңізіне және басқа жерлерге) баратындар; ж) кеме, кеме жүргізу жұмыстарына, ағаш кесу және сал ағызу жұмыстарына және т. с. кететіндер; з) темір жол жұмыстарына және т. с. кететіндер.

Әр түрлі аймақтарда, жалдаушы-тілшілердің атап көрсеткендеріндей, жұмысшыларды жалдау жағдайларына азды-көпті елеулі әсерін тигізетін жұмысшылардың қоныс аударуының басты-бастылары міне осындай. Бұл қоныс аударушылықтың маңызын анығырақ ұғыну үшін жұмысшылар кеткен немесе келген әр түрлі аудандардағы жалақы туралы мәліметтерді осымен салыстырайық. Европалық Россияның 28 губерниясымен шектеле отырып, оларды жұмысшылардың қоныс аудару сипатына қарай 6 топқа бөлсек, мынадай мәліметтер аламыз *: [643-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кесте бізге жұмыс күші жөнінде ішкі рынок құратын, демек, капитализм үшін де ішкі рынок құратын процестің негізін айқын көрсетеді. Капиталистік тұрғыдан *анағұрлым* күшті дамыған басты-басты екі аудан: егіншілік капитализм ауданы (оңтүстік және шығыс шет аймақтар мен өнеркәсіптік капитализм ауданы (астаналық және өнеркәсіпті губерниялар) жұмысшылар бұқарасын өзіне тартып отыр. Жұмысшылар кетіп жатқан ауданда егіншілікте болсын, өнеркәсіпте болсын капитализмнің дамуы мейлінше нашар болып отырған, егіншілікпен айналысатын орталық губернияларда жа-

* Қарап отырған мәселе жөнінде ешқандай жаңалық бермейтін мәліметтермен қиындатпау үшін қалған губерниялар шығарылып тасталды; ал оның үстіне қалған губерниялар жұмысшылардың ең басты, жаппай қоныс аударатын аймақтарынан не шалғай тұрады (Урал, Солтүстік), не этнографиялық және әкімшілік-юридикалық ерекшеліктерімен өзгеше болады (Прибалтика губерниялары, отырықшыланған еврейлер тұратын губерниялар, белорус губерниялары және басқалар). Мәліметтер жоғарыдағы цитат алынған басылымнан келтіріліп отыр. Жалақы цифрлары губерниялар бойынша орташа есептен алынған; күндікшілерге жазда төленетін ақы үш кезеңде: егін егу, шөп шабу және егін жинау маусымында төленетін ақының орташа есебінен алынады. Аудандарға (1—6) мына губерниялар кірді: 1) Таврия, Бессарабия және Дон; 2) Херсон, Екатеринбург, Самара, Саратов, және Оренбург; 3) Симбирск, Воронеж және Харьков; 4) Қазан, Пенза, Тамбов, Рязань, Тула, Орел және Курск; 5) Псков, Новгород, Калуга, Кострома, Тверь және Нижегород; 6) СПБ., Москва, Ярославль және Владимир.

| Жұмысшылардың қоныс аударуының сипатына қарай губерния аудандары | 10 жыл (1881—1891) ішіндегі орташа жалақы: Жылдап істеуші қызметкерге, Тамағын қоспағанда (Сом) | Жылдап істеуші қызметкерге, Тамағын қосқанда (Сом) | Бүкіл жалақыға қарағанда ақшалай ақының % | Маусымдап (жазда) істеуші қызметкерге (Сом) | Жазда өз азығымен болатын күндікшіге (Тиын) | Жұмысшылардың қоныс аудару мөлшері: Егіншілік кәсібіндегі, Келу | Егіншілік кәсібіндегі, Кету | Егіншілік емес кәсіптегі, Кету | Егіншілік емес кәсіптегі, Келу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Егіншілік кәсібіне орасан көп келушілік | 93,00 | 143,50 | 64,8 | 55,67 | 82 | 1 миллионға жуық жұмысшы | — | — | Едәуірі тау-кенді аймаққа барған |
| 2. Егіншілік кәсібіне орасан көп келушілік; кетушілік көп емес | 69,80 | 111,40 | 62,6 | 47,30 | 63 | 1 миллионға жуық жұмысшы | Саны аз ғана | — | |
| 3. Егіншілік кәсібіне орасан көп кетушілік; келушілік нашар | 58,67 | 100,67 | 58,2 | 41,50 | 53 | Саны аз ғана | 300 мыңнан астам жұмысшы | Саны аз ғана | Саны аз ғана |
| 4. Орасан көп кетушілік, көбінесе егіншілік кәсібіне, бірақ егіншілік емес кәсіпке де кетушілік | 51,50 | 92,95 | 55,4 | 35,64 | 47 | — | 1½ миллионнан астам жұмысшы | (1½ миллионнан астам жұмысшы) | — |
| 5. Егіншілік емес кәсіпке орасан көп кетушілік. Егіншілік кәсібіне келушілік нашар | 63,43 | 112,43 | 56,4 | 44,00 | 55 | Саны аз ғана | Саны өте аз ғана | 1¼ миллионға жуық жұмысшы | — |
| 6. Егіншілік емес кәсіпке орасан көп келушілік, егіншілік кәсібіне де едәуір | 79,80 | 135,80 | 58,7 | 53,00 | 64 | Саны едәуір | — | (астаналарға) | Саны орасан көп |

лақы анағұрлым төмен *; жұмысшылар келіп жататын аудандарда жұмыстың барлық түрінде де жалақы өсіп отырады, ақының барлық түріне қарағанда ақшалай ақының арақатысы да артады, яғни натуралды шаруашылықтың есесінен ақша шаруашылығы күшейеді. Жұмысшылар көбірек келетін (ақыны көп төлейтін) аудандар мен жұмысшылар көбірек кететін (ақыны аз төлейтін) аудандардың екі аралығындағы аудандар, жоғарыда аталып өткендей, жұмысшылардың өзара бірін-бірі алмастырып отыратынын көрсетеді: жұмысшылар соншама көп кетіп жататындықтан бұл жерлерде жұмысшы жетіспей қалады, ал мұның өзі неғұрлым «арзан» губерниялардан келімсектерді көбейтеді.

Шын мәнісінде, халықты егіншіліктен өнеркәсіпке тарту (халықтың индустриялануы) мен сауда-өнеркәсіптік, капиталистік егіншіліктің өркендеуі жөніндегі (егіншіліктің индустриялануы) біздің кестемізде көрсетілген екі жақты процесс капиталистік қоғам үшін ішкі рынок құру мәселесі туралы жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылап отыр. Капитализм үшін ішкі рыноктың өзі егіншілік пен өнеркәсіпте капитализмнің қатар дамуы арқылы **, бір жағынан, селолық және өнеркәсіптік кәсіпкерлер табының құрылуы арқылы, екінші жағынан,— селолық және өнеркәсіптік жалдама жұмысшылардың құрылуы арқылы жасалады. Жұмысшылардың қоныс аударуының басты-басты бет алыстары бұл процестің ең басты формаларын көрсетеді, бірақ мұның барлық формаларын бірдей қамти алмайды; бұл

* Сонымен, шаруалар жұмыспен өтеу тәртібі және өнеркәсіптің қарапайым формалары неғұрлым ұсақ сақталған патриархтық шаруашылық қатынастары басым жерлерден «тірек негізі» толық ыдырауымен көзге түскен жерлерге топ-тобымен кетіп жатады. Олар у-шу боп жарыса шыққан «қоғам» дауысына құлақ қоймастан «халықтық өндірістен» қашады. Осы у-шу дауыстың ішінен әсіресе екі дауыс ерекше айқын естіледі: «берік маталмаған!» — деп қаражүздік Собакевич [163] зәрін шаша одыраяды.— «Үлесті жермен жете қамтамасыз етілмеген» — деп, кадет Манилов оны сыпайылап түзеткен болады.

** Теориялық экономия бұл қарапайым ақиқатты әлдеқашан ашып берген болатын. Егіншілікте капитализмнің дамуы — «өнеркәсіп капиталы үшін ішкі рынок» («Das Kapital», $I^2$, S. 776, 24-тарау, 5 п.) [164] жасайтын процесс екенін тура атап көрсеткен Маркс туралы айтпайақ, Ад. Смитті алайық. Ол өзінің «Халықтар байлығы» деген шығармасының I кітабының XI тарауы мен III кітабының IV тарауында капиталистік егіншіліктің дамуының неғұрлым сипатты белгілерін көрсетіп берді және бұл процестің қалалардың өсу және өнеркәсіптің даму процесімен қатарласа жүретінін атап айтты.

процесс формаларының шаруа және помещик шаруашылықтарында әр түрлі екені, әр түрлі саудалық егіншілік аудандарда әр түрлі болатыны, өнеркәсіптің капиталистік дамуының әр түрлі сатыларында әр түрлі болатыны және т. т. өткендегі баяндауларымызда көрсетілген болатын.

Бұл процесті біздің халықшыл экономияның өкілдері қаншалықты дәрежеде бұрмалағанын және шатастырғанын Н.— он мырзаның «Очерктерінің» екінші бөліміндегі «Қоғамдық өндіргіш күштерді қайта бөлудің егіншілікпен айналысатын халықтың шаруашылық жағдайына әсері» деп аталатын VI параграфы ерекше айқын көрсетіп береді. Бұл «қайта бөлушілікті» Н.— он мырза былайша түсінеді: «Капиталистік... қоғамда еңбектің өндіргіш күші өскен сайын өзіне қандай болса да басқа бір табыс іздеуге мәжбүр болатын бірсыпыра жұмысшылардың «босап қалуын» туғызып отырады; ал бұл жағдай өндірістің барлық салаларында болатындықтан, және мұндай «босап қалушылық» капиталистік қоғамның барша жерінде тегіс болатындықтан жұмысшыларға әзірше өз қолындағы өндіріс құралына, атап айтқанда — жерге қайта оралуынан басқа ешқандай амал қалмайды» (126-бет)... «Біздің шаруалар жерінен айрылған жоқ, сондықтан да олар өздерінің күшін жерге жұмсайды. Олар фабрикадағы жұмыстан шығып қалғанда немесе өздерінің қосалқы үй кәсібін амалсыз тастауға мәжбүр болғанда, бар күштерін салып жерді пайдалануға кірісуден басқа жол таба алмайды. Земстволық статистикалық жинақтардың бәрі де жер жырту көлемінің ұлғайғанын көрсетеді...» (128).

Көріп отырсыздар, Н.— он мырзаға еш жерде ешқашанда болмаған капитализм, экономист-теоретиктердің ешқайсысының ойына да келмеген, мүлдем ерекше капитализм белгілі екен. Н.— он мырзаның капитализмі халықты егіншілік кәсібінен өнеркәсіпке тартпайды, егіншілерді қарама-қарсы таптарға ажыратпайды. Мүлдем керісінше. Капитализм жұмысшыларды өнеркәсіптен «босатады», «оларға» егіншілік кәсібіне қайтып оралудан басқа еш нәрсе қалмайды, өйткені «біздің шаруалар жерінен айрылған жоқ»!! Капиталистік даму-

дың бүкіл процесін поэтикалық тәртіпсіздікпен ерекше түрде «қайта бөлетін» бұл «теорияның» негізінде өткендегі баяндауларымызда жан-жақты талданған жалпы халықпылдық қарапайым тәсілдер: шаруа буржуазиясы мен село пролетариатын шатастырып, саудалық егіншіліктің өсуін елемеу, капитализмнің өнеркәсіптегі дәйекті формалары мен алуан түрлі көріністерін талдаудың орнына «халықтық» «майдагерлік кәсіпшіліктердің» «капиталистік» «фабрика-завод өнеркәсібінен» оқшаулығы туралы ертегіні тықпалау сияқты тәсілдер жатыр.

### V. ШЕТ АЙМАҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ. ІШКІ РЫНОК ПА НЕМЕСЕ СЫРТҚЫ РЫНОК ПА?

Бірінші тарауда капитализм үшін керекті сыртқы рынок туралы мәселені өнім өткізу мәселесімен байланыстыра қарайтын теорияның қате теория екені көрсетілді (25* және келесі беттер). Капитализм үшін сыртқы рыноктың қажеттілігі ішкі рынокта өнім өткізуге тіпті де мүмкін болмағандығымен түсіндірілмейді, ол мына жағдаймен, капитализмнің өндірістің белгілі бір процесін бұрынғы мөлшерінде, өзгермей қалатын жағдайларда (капитализмге дейінгі тәртіптердің тұсындағыдай) қайталай бере алмайтындығымен, оның бұрынғы жекелеген шаруашылықтардың ескі, тар шеңберінен өндірістің асып түсіп, шексіз өсуіне сөзсіз жеткізетіндігімен түсіндіріледі. Капитализмге тән дамудың біркелкі еместігі тұсында өндірістің бір саласы басқа салаларды басып озады, сөйтіп шаруашылық қатынастардың бұрынғы аймағының шегінен шығып кетуге тырысады. Мәселен, реформадан кейінгі дәуірдің алғашқы кезіндегі тоқыма индустриясын алайық. Капиталистік тұрғыдан айтарлықтай жоғары дамыған тоқыма индустриясы (фабрикаға айнала бастаған мануфактура) орталық Россияның рыногын толығынан билеп алған-ды. Бірақ өте тез өркендеген ірі фабрикалар ендігі жерде рыноктың бұрынғы көлеміне қанағаттана алмайтын

* Қараңыз: осы том, 56 және келесі беттер. *Ред.*

болды; олар өздеріне рынокты одан әрі Новороссияны, оңтүстік-шығыс Заволжьені, Солтүстік Кавказды, одан кейін Сибирьді, тағы басқа жерлерді отарлаған жаңа халықтардың арасынан іздестіре бастады. Ірі фабрикалардың ескі рынок шегінен шығуға ұмтылуы күмәнсыз болды. Бірақ бұдан осындай ескі рынок болған аудандарда тоқыма өнеркәсібінің өнімдерін, жалпы алғанда, көп мөлшерде тұтыну мүмкін болмайды деуге бола ма? бұдан, мәселен, өнеркәсіптік және егіншілікпен айналысатын орталық губерниялар ендігі жерде, жалпы алғанда, көптеген фабрикаттарды өз бойына сіңіре алмайды деуге бола ма? Жоқ; шаруалардың жіктелуі, саудалық егіншіліктің өсуі және индустрия халқының көбеюі осы ескі ауданның да ішкі рыногын ұлғайтып келетінін және әлі де ұлғайта беретінін біз білеміз. Бірақ ішкі рыноктың осы ұлғаюы толып жатқан жағдайлармен (негізінен, егіншілік капитализмінің дамуын тежеп отырған ескірген тәртіптердің сақталуынан) кешеуілдеп қалып жүр; сондықтан фабриканттар, әрине, халық шаруашылығының басқа салалары өзінің капиталистік дамуы жағынан тоқыма индустриясын қуып жетуін күтіп отырмайды. Фабриканттарға рынок дереу керек, егер халық шаруашылығының басқа жақтарының артта қалушылығы ескі аудандағы рыноктың көлемін тарылтатын болса, onда олар рынокты басқа ауданнан немесе басқа елдерден, немесе ескі елдің отарларынан іздей бастайды.

Ал енді саяси-экономиялық мағынасы жағынан алғанда отар дегеніміз не? Марксше бұл ұғымның негізгі белгілері мыналар екені жоғарыда көрсетіліп өткен болатын: 1) қоныс аударғандардың келе сала оп-оңай орналасуы үшін ешкім иеленбеген, бос жатқан жерлердің болуы; 2) дүние жүзілік көлемде қалыптасқан еңбек бөлінісінің болуы, дүние жүзілік рыноктың болуы, осының арқасында отарлар ауыл шаруашылық өнімдерін мол өндіруге мамандапа алады, ол өнімдері үшін айырбасқа өнеркәсіптің даяр бұйымдарын алып отырады, «ал басқа жағдайларда мұны олардың өздеріне жасап алуға тура келер еді» (жоғарыдан қараңыз: 189-

бет *, ескерту, IV тарау, § II). Европалық Россияның реформадан кейінгі дәуірде халық келіп қоныс тепкен оңтүстік және шығыс жақтағы шет аймақтарының нақ осы көрсетілген белгілермен көзге түсетіні және бұл шет аймақтардың өзі экономикалық тұрғыдан орталық Европалық Россияның отары екені туралы кезінде айтылып өтті **. Отар туралы бұл ұғымды басқа да шет аймақтар жөнінде, мәселен, Кавказ жөнінде әбден қолдануға болады. Россияның Кавказды экономикалық жағынан «жаулап алуы» саяси жағынан «жаулап алуынан» гөрі кейінірек болды, экономикалық жағынан жаулап алу әлі күнге дейін толық аяқталып біткен жоқ. Реформадан кейінгі дәуірде, бір жағынан, Кавказды отарлау орасан күшті болды ***, отаршылар (әсіресе Солтүстік Кавказда) жер жыртуды кеңінен өрістетті, олар сату үшін бидай, темекі және басқа өнімдер өндіріп, Россиядан селолық жалдама жұмысшылар бұқарасын тартты. Екінші жағынан, осында әкелінген москвалық фабрикаттардың бәсекесіне төтеп бере алмай, қаусаған ғасырлар бойғы жергілікті «майдагерлік» кәсіпшіліктер ығыстырылып жатты. Туладан және Бельгиядан осында әкелінген қару-жарақ бұйымдарының бәсекесіне төтеп бере алмай, ескі қару-жарақ өндірісі қаусап төмендей бастады, тасылып әкелінген орыс өнімінің бәсекесінен майдагерлік темір соғу істері, дәл осылармен қатар мыстан, алтыннан, күмістен, саздан, тоң майдан, содадан, теріден және басқа заттардан майдагерлік бұйымдар жасау ісі күйреді ****, бұл өнімдердің бәрі де Кавказға бұйымдарын жіберіп жатқан орыс

---

* Қараңыз: осы том, 277-бет. *Ред.*

** «...Тек қана осылардың арқасында, өндірістің осы халықтық формалары арқасында және осылардың негізінде бүкіл оңтүстік Россия отарланды, халықтар көшіп келіп қоныстанды» (Н.— он мырза, «Очерктер», 284). «Өндірістің халықтық форамалары»! — не деген өрісі кең, мазмұны күшті тамаша ұғым! Мұның өзі нені тілесе, соның бәрін қамтиды: патриархтық шаруа егіншілігін де, жұмыспен өтеуді де, қарапайым қолөнерлік кәсіпті де, ұсақ товар өндірісін де, жоғарыда (II тарау) Таврия және Самара губерниялары туралы мәліметтерден біз көріп өткен шаруа қауымдарының ішіндегі капитализмге тән сипаттағы қатынастарды да және басқаларды қамтиды.

*** Салыстырыңыз: П. Семенов мырзаның «Вестник Финансов», 1897, 21-номердегі мақаласы мен В. Михайловскийдің «Новое Слово» журналындағы мақаласы, июнь, 1897 ж.

**** Қараңыз: К. Хатисовтың «Майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі зерттеулер мен есептердің» II томындағы және П. Остряковтың «Майдагерлік комиссияның еңбектерінің» V кітабындағы мақалалары.

фабрикаларында арзан өндірілді. Грузияда феодалдық құрылыстың құлауы және оның тарихи думандарының әлсіреуі салдарынан мүйізден бокал жасаушылық төмендеді; азиялық костюмнің орнына европалық костюм келу салдарынан бөрік тігу кәсібі төмендеді; жергілікті жердің шарабы үшін торсық және көзе өндіру де төмендеді, жергілікті шарап тұңғыш рет сатуға түсе бастады (бөшке өндірісін дамытты), сөйтіп ол өзінше орыс рыногын иеленіп алды. Сонымен, орыс капитализмі Кавказды дүние жүзілік товар айналысына тартты, оның жергілікті өзгешеліктерін — ескі патриархтық томаға-тұйықтықтың қалдықтарын — жайпап тегістеді,— өзінің фабрикалары үшін *рынок жасап алды*. Реформадан кейінгі дәуірдің бастапқы кезінде сирек қоныстанылған ел немесе дүние жүзілік шаруашылықтан, тіпті тарихтан да шалғай жатқан тау халықтары қоныстанған ел мұнай өнеркәсіпшілерінің, шарап саудагерлерінің, бидай және темекі фабриканттарының еліне айнала бастады, сөйтіп Купон мырза поэтикалық ұлттық костюмін киген тәкаппар тау адамын ешбір аяусыз европалық малайдың костюмін киюге мәжбүр етті (Гл. Успенский) [165]. Кавказды мықтап отарлау және егіншілікпен шұғылданатын халықтардың тез өсу процесімен қатар (осы өсушіліктің тасасымен) халықтың егіншілік кәсібінен өнеркәсіпке тартылу процесі де жүріп жатты. Кавказдың қала халқы 1863 жылғы 350 мыңнан 1897 жылы 900 мыңға дейін өсті (Кавказдың барлық халқы 1851 жылдан 1897 жылға дейін 95% өсті). Орта Азияда да, Сибирьде де және басқа жерлерде де осылай болғандығын және болып жатқандығын бізге айтып жатудың қажеті жоқ.

Сонымен, ішкі рынок пен сыртқы рыноктың шекарасы қайсы? деген орынды сұрақ туады. Мемлекеттің саяси шекарасын алу тым тұрпайы шешкендік болар еді және мұның өзі мәселені шешкендік пе? Егер Орта Азия — ішкі рынок, ал Персия — сыртқы рынок дейтін болсақ, онда Хиуа мен Бұхарды қайда қосуымыз керек? Егер Сибирь — ішкі рынок, ал Қытай — сыртқы рынок дейтін болсақ, онда Маньчжурияны қайда қосуымыз керек? Бұл сияқты сұрақтардың маңызды мәні

жоқ. Маңыздысы мынау: өзінің үстемдік ету сферасын үнемі кеңейтіп отырмайынша, жаңа елдерді отарламайынша және капиталистік емес ескі елдерді дүние жүзі шаруашылығының арнасына тартпайынша, капитализм өмір сүре алмайды және дами алмайды. Ал капитализмнің бұл қасиеті реформадан кейінгі Россияда өте айқын көрінген еді және әлі де көрініп отыр.

Демек, капитализм үшін рыноктың құрылу процесінің екі жағы бар, атап айтқанда: капитализмнің кеулей дамуы, яғни осы, белгілі, томаға-тұйық территорияда капиталистік егіншілік пен капиталистік өнеркәсіптің одан әрі өсе беруі, — және капитализмнің кеңейе дамуы, яғни капитализмнің үстемдік ету сферасының жаңа территорияларға таралуы. Осы еңбегіміздің жоспары бойынша, біз процестің бірінші жағымен шектелдік деуімізге болады, сондықтан да оның екінші жағының айрықша маңызы бар екенін осы арада баса көрсетуді аса қажетті деп санаймыз. Шет аймақтарды отарлау процесін және орыс территориясының кеңеюін біршама толық зерттеу үшін, капитализмнің дамуы жөніндегі көзқарас тұрғысынан алғанда, жеке бір еңбек жазу керек болар еді. Біз бұл арада Россияның шет аймақтарында отарлап алуға болатын бос жерлердің молдығы арқасында оның басқа капиталистік елдерге қарағанда өте қолайлы жағдайда екенін айта кетсек те жеткілікті *. Азиялық Россияны былай қойғанның өзін-

* Текстідегі көрсетілген жағдайдың сонымен қатар екінші жағы бар. Шет аймақтарды отарлаудың салдарынан әлдеқашаннан бері мекендеген ескі территориядағы капитализмнің кеулей дамуы тежеліп отырады. Капитализм кеңейіп жеңіл дами алатын болуы салдарынан капитализмнің өзі тудыратын және оның өзіне тән қайшылықтарды шешу ісі уақытша кейінге қалдырылады. Мәселен, өнеркәсіптің ең алдыңғы қатарлы формалары мен егіншіліктегі жартылай орта ғасырлық формалардың бір мезгілде қатар өмір сүруінің қайшылық екені күмәнсыз нәрсе. Егер реформадан кейінгі дәуірдің бастапқы кезіндеақ орыс капитализмінің орнығып алған территорияларының шегінен шығып кеңейе түсуіне жері жоқ болса, онда капиталистік ірі индустрия мен атам заманнан бері село тұрмысына сіңіп қалған тәртіптердің (шаруаларды жерге матау және басқалар) арасындағы бұл қайшылық сол сіңіп қалған тәртіптерді толық жоюға, Россияда егіншілік капитализмі үшін жолды әбден тазартуға тез алып келуі керек еді. Бірақ отарланушы шет аймақтардан рынок іздеудің және оны тауып алудың (фабрикант үшін) мүмкіншілігі, жаңа жерлерге кетудің (шаруа үшін) мүмкіншілігі бұл қайшылықтың шиеленісуін бәсеңдетеді және оның шешілуін баяулатады. Капитализм дамуындағы мұндай баяулық капитализмнің жуық маңда бұрынғыдан да күшті және неғұрлым кең түрде өрлей түсуіне даярлық жасаумен бірдей екені өзінен-өзі-ақ түсінікті.

де, Европалық Россияның өз ішінде талай аймақтар бар, бұлар жерінің өте шалғай жатқандығынан және жол қатынасының нашарлығынан әлі де болса орталық Россиямен шаруашылық қатынасы жағынан өте нашар байланысып отыр. Мәселен, «қиыр солтүстік» — Архангельск губерниясын алайық; бұл арада орасан байтақ жер мен табиғат байлығын әлі күнге дейін мардымсыз дәрежеде пайдаланып отыр. Жергілікті жердің басты өнімдерінің бірі — ағаш болатын болса, ол да соңғы уақытқа дейін, көбінесе, Англияға өткізіліп келді. Демек, осы тұрғыдан алғанда Европалық Россияның бұл ауданы Россия үшін ішкі рынок болмай тұрып, Англия үшін сыртқы рынок болды. Әрине, орыс кәсіпкерлері мұны ағылшын кәсіпкерлерінен қызғанып келді, енді Архангельскіге дейін темір жол жүргізілгеннен кейін олар «рухы көтеріліп және өлке өнеркәсібінің әр түрлі салаларындағы кәсіпкерлік әрекеттердің өрлейтіндігін» * алдын ала сезініп, мәз-мейрам болуда.

## VI. КАПИТАЛИЗМНІҢ «МІНДЕТІ»

Енді бізге қорытындымызда әдебиетте капитализмнің «міндеті» туралы мәселе деп аталған, яғни Россияның шаруашылық дамуында капитализмнің тарихи ролі туралы мәселе жөнінде тұжырым жасау қалып отыр. Капитализмнің бұл ролінің прогрестігін мойындау — капитализмнің жарамсыз және күңгірт жақтарын толық мойындаумен, бұл экономикалық тәртіптің тарихи-өтпелі сипатын ашатып капитализмнің өзіне сөзсіз тән терең және әртарапты қоғамдық қайшылықтарын толық мойындаумен де әбден сыйымды (мұны біз нақты баяндауымыздың әрбір сатысында толық көрсетуге тырыстық). Ал капитализмнің тарихи прогрестігін мойындау капитализмді қорғағандық болады-мыс деп көрсетуге бар күшін салып, құр босқа арам тер болып жүрген халықшылдар ғана, тек солардың өздері ғана шаруалардың жіктелуін, біздің егіншілігіміздің эволю-

* «Өндіргіш күштер», XX, 12.

циясының капиталистік сипатын, үлесті жері бар селолық және кәсіпшілік жалдама қызметкерлер табының құралғандығын бүркемелеп, атышулы «майдагерлік» өнеркәсіпте капитализмнің ең қарапайым және нашар формаларының да толық басым екенін бүркемелеп, орыс капитализмінің аса терең қайшылықтарын жете бағаламаумен (кейде тіпті үндемеуімен) күнәға белшесінен батып жүр.

Капитализмнің прогрестік тарихи ролін қысқаша екі қағидамен қорытуға болады: қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерін арттыру және оны қоғамдастыру. Бірақ бұл екі фактінің екеуі де халық шаруашылығының әр түрлі салаларында мейлінше сан алуан процестерде көрініп отырады.

Қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің дамуы машиналы ірі индустрия дәуірінде ғана толық айқын көзге түседі. Капитализмнің осы жоғары сатысына дейін қол өндірісі мен жабайы техника сақталып келді, бұл техника таза стихиялы жолмен және аса баяу дамып келді. Бұл жөнінде реформадан кейінгі дәуір орыс тарихының өткен кезеңдерінен өте-мөте айрықша көзге түседі. Соқа мен тоқпақтың, су диірмені мен қолмен айналдыратын тоқыма станоктың Россиясы плуг пен молотилканың, бу диірмені мен бу күшімен жүретін тоқыма станоктың Россиясына тез айнала бастады. Капиталистік өндіріске бағынған халық шаруашылығының қай саласын алсақ та, техниканың соншалықты толық қайта құрылуы көзге түспейтін бірде-бір сала жоқ. Бұл қайта құрылу процесі капитализмнің өз табиғатына сәйкес толып жатқан әркелкілік және ауытқушылық жағдайдан басқаша жүруі мүмкін емес: гүлдену дәуірлері дағдарыс дәуірлерімен алмасып жатады, өнеркәсіптің бір саласының дамуы екінші бір саланың құлдырауына әкеліп соғады, егіншілік прогресі бір ауданда ауыл шаруашылығының бір жағын, екінші ауданда басқа бір жағын қамтып жатады, сауда мен өнеркәсіптің өсуі егіншіліктің өсуінен озық болып шығады және т. т. Халықшыл жазушылардың толып жатқан қателіктері олардың осы әркелкі, секірмелі, қарбалас дамуды

даму емес деп дәлелдеуге тырысатындықтарынан туады *.

Капитализмнің қоғамдық өндіргіш күштерді дамытудағы екінші бір ерекшелігі — өндіріс құрал-жабдықтарының (өндіргіш тұтынудың) өсуі жеке бастың тұтынуының өсуінен әлдеқайда озық болып отырады: мұның өзі егіншілік пен өнеркәсіпте қалай белгі беретінін біз талай рет ескерттік. Бұл ерекшелік капиталистік қоғамда өнімді өткізудің жалпы заңдарынан туады және осы қоғамның антагонистік табиғатына толық сәйкес келеді **.

Капитализмнің еңбекті қоғамдастыруы мына процестерден көрінеді. Біріншіден, товар өндірісінің өсуінің

---

* «Егер тіпті Англияны теңізге батырып, оның орнын өзіміз алған күннің өзінде, капитализмнің одан әрі дамуы бізге не беретіндігін... көрелік» (Н.— он мырза, «Очерктер», 210). Дүние жүзінің тұтыну қажетінің $^2/_3$ бөлігін қамтамасыз етіп отырған Англия мен Американың мақта-мата өнеркәсібінде не бары 600 мыңнан сәл астам адам істейді. «Ал солай болған күнде де, егер біз дүние жүзілік рыноктың көпшілік бөлігін күні бұрын алып қойсақ, бәрібір сол уақыттың өзінде де, капитализм қазірдің өзінде де ұдайы жұмыссыз қалдырып отырған бүкіл жұмысшы бұқарасының күшін түгел пайдалануға оның шамасы келмес еді. Шынында да, бірнеше айлар бойы ешбір жұмыссыз отырған миллиондаған шаруалармен салыстырғанда, Англия мен Американың не бары 600 мыңдай жұмысшысы деген не» (211).

«Осы кезге дейін тарих болып еді, бірақ енді ол жоқ». Осы кезге дейін тоқыма индустриясындағы капитализм дамуының әрбір адымы шаруалардың ыдырауымен, саудалық егіншіліктің және егіншілік капитализмінің өсуімен, халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке тартылуымен, «миллиондаған шаруалардың» құрылыс, ағаш және егіншіліктен басқа әр түрлі жалдама жұмыстарға ауысуымен, халықтар бұқарасының шет аймақтарға қоныс аударуымен және осы шет аймақтардың капитализм үшін рынокқа айналуымен қатар жүріп отырды. Бірақ мұның бәрі тек осы кезге дейін ғана болып келді, ал қазір бұл сияқты еш нәрсе де болып жатқан жоқ!

** Өндіріс құрал-жабдықтарының маңызын елемеушілік және «статистикаға» қалай болса солай қараушылық Н.— он мырзаға мынадай бір ешбір сын көтермейтін пікір айтқызып отыр: «... өңдеуші өнеркәсіп саласындағы бүкіл (!) капиталистік өндіріс, ең жақсы деген жағдайда, 400—500 млн. сомнан тіпті де аспайтын жаңа құн өндіреді» («Очерктер», 328). Н.— он мырза бұл есебін үш проценттік және үстеме салық жөніндегі мәліметтерге сүйеніп айтып отыр, бірақ ол бұл сияқты мәліметтер «өңдеуші өнеркәсіп саласындағы бүкіл капиталистік өндірісті» қамти ала ма, жоқ па деп ойламайды. Ол ол ма, Н.— он мырза (өзінің сөзіне қарағанда) тау-кен өнеркәсібін қамтымайтын мәліметтерді де алады, ал сөйте тұрса да «жаңа құндарға» тек үстеме құн мен өзгермелі капиталды ғана жатқызады. Өнеркәсіптің тек тұтынуға қажетті заттар өндіретін салаларындағы тұрақты капитал да өнеркәсіптің өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын салаларындағы (тау-кен заводтары, құрылыс, ағаш өнеркәсіптері, темір жолдар салу және тағы басқалар) өзгермелі капитал мен үстеме құнға айырбасталу арқылы *қоғам үшін* жаңа құн болып табылатындығын біздің теоретигіміз ұмытып кеткен. Егер Н.— он мырза «фабрика-завод» жұмысшыларының санын өңдеуші өнеркәсіптегі капиталистік жолмен істеп жүрген жұмысшылардың барлық санымен шатастырмаған болса, онда ол өз есебінің қателігін оп-оңай байқаған болар еді.

өзі натуралды шаруашылыққа тән ұсақ жеке шаруашылықтардың бытыраңқылығын жояды және жергілікті ұсақ рыноктарды орасан зор ұлттық рынокқа (одан кейін дүние жүзілік рынокқа) тартады. Өндіріс өзі үшін өндіруден барлық қоғам үшін өндіруші өндіріске айналады, ал капитализмнің дамуы неғұрлым жоғары болған сайын, өндірудің осы коллективтік сипаты мен иемденудің жеке меншікті сипатының арасындағы қайшылық та соғұрлым күшейе түседі. Екіншіден, капитализм егіншілікте де, өнеркәсіпте де өндірістің бұрынғы бытыраңқылығының орнына оның бұрын-соңды болып көрмеген шоғырлануын туғызады. Бұл — капитализмнің біз қарастырып отырған ерекшелігінің аса айқын және аса анық көрінісі, бірақ бірден-бір ғана көрінісі емес. Үшіншіден, капитализм адамның өткен шаруашылық системаларға тән жеке басының тәуелді болу формаларын ығыстырып шығарады. Осы жағынан алып қарағанда Россиядағы капитализмнің прогрестік әсері аса күшті, өйткені өндірушінің жеке басының тәуелділігі бізде егіншілікте ғана емес, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіпте де (крепостниктік еңбекке сүйеніп құрылған «фабрикалар»), тау-кен завод-өнеркәсібінде де, балық өнеркәсібінде де * және басқа салаларда да болып келді (ішінара әлі де бар). Тәуелді немесе кіріптар шаруаның еңбегімен салыстырғанда, ерікті жалдама жұмысшының еңбегі халық шаруашылығының барлық салаларында прогрестік құбылыс болып табылады. Төртіншіден, капитализм қоғамдық шаруашылықтың бұрынғы системалары керек етпеген және олардың тұсында қандай да болсын кең өріс алуына мүмкіндік бол-

---

* Мәселен, орыстың балық өнеркәсібінің ең басты орталықтарының бірі — Мурман жағасында экономикалық қатынастың «ежелгі» және шындығында «ғасырлар бойы қасиетті» формасы «покрут» [166] болды; бұл XVII ғасырда толық қалыптасып орнықты да, осы ең соңғы уақытқа дейін дерлік өзгермей келді. «Покрутшылардың өз қожайындарымен арадағы қатынасы кәсіпшіліктегі уақытпен ғана шектеліп қоймайды: керісінше, олардың бүкіл өмірін қамтиды, өйткені покрутшылар экономикалық жағынан өмір-бақи өздерінің қожайындарына тәуелді» («Россиядағы артельдер туралы материалдар жинағы». 2-кітап. СПБ. 1874, 33-бет). Біздің бақытымызға, бұл саладағы капитализм де «өзінің тарихи өткендегісіне немқұрайды қарайтындығымен» ерекшеленетін тәрізді. «Монополияның орнын... ерікті жалдама жұмысшылары бар кәсіпшіліктердің капиталистік жолмен ұйымдастырылуы басады» «Өндіргіш күштер», V, 2—4-беттер).

маған халықтың қоныс аударушылығын сөзсіз тудырады. Бесіншіден, капитализм егіншілікпен айналысқан халықтың (онда әр уақытта да қоғамдық-шаруашылық қатынастардың өте-мөте артта қалған формалары үстем болып отырады) үлесін ұдайы азайтып отырады да, индустриялық орталықтардың санын көбейтіп отырады. Алтыншыдан, капиталистік қоғам халықтың одақтасуды, бірлесуді қажет ететін тілегін арттырады және бұрынғы уақыттардағы бірлестіктерге қарағанда бұл бірлестіктерге ерекше сипат береді. Орта ғасырлық қоғамның тар шеңберлі, жергілікті, сословиелі одақтарын қирата отырып, жанталасқан бәсекені туғыза отырып, капитализм сонымен қатар бүкіл қоғамды өндірісте әр түрлі жағдайға ие болатын адамдардың ірі топтарына бөледі және осындай әрбір топтың өз ішінде бірлесуіне күшті дем беріп отырады *. Жетіншіден, капитализмнің ескі шаруашылық құрылысқа қатысты аталған барлық өзгертулері сондай-ақ халықтың рухани бейнесін өзгертуге де сөзсіз әкеліп соғады. Экономикалық дамудың секірмелі сипаты, өндіріс әдістерінің тезінен қайта құрылуы және оның өте-мөте шоғырлануы, қарым-қатынастағы патриархтық формалар мен жеке адамның тәуелділік формалары атаулының бәрінің жойылуы, халықтың қоныс аударушылығы, ірі индустриялық орталықтардың ықпалы және т. т.— осының бәрі өндірушілердің сипатының өзін үлкен өзгеріске ұшыратпай қоймайды, ал біз орыс зерттеушілерінің осы тәріздес бақылауларын реті келген жерінде көрсетіп өткенбіз.

Өкілдерімен өзіміз үнемі айтысқа түсуге тура келген халықшылдар экономиясына назар аудара отырып, біз өзіміздің олармен келіспеушілігіміздің себептерін мына түрде қорыта аламыз. Біріншіден, біз халықшылдардың Россиядағы капитализмнің нақ қалай дамып келе жатқан процесін түсінуінің өзі, сондай-ақ Россияда капитализмге дейінгі шаруашылық қатынастардың құрылысын ұғынуы да сөзсіз теріс екенін айтпай тұра алмаймыз, оның бер жағында олардың шаруалар шаруашылығының құрылысындағы (егіншіліктегі де, кәсіпші-

* Салыстырыңыз: «Этюдтер», 91-бет, 85-ескерту; 198-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 256 және 461—462-беттер. *Ред.*)

ліктегі де) капиталистік қайшылықтарды елемеуінің, біздің көзқарасымыз тұрғысынан қарағанда, айрықша мәні болып отыр. Одан әрі, капитализмнің Россияда дамуының шапшаңдығы немесе баяулығы туралы мәселеге келсек, онда ол осы дамуды немен салыстыру керек екеніне түгелдей байланысты болады. Егер Россияның капитализмге дейінгі дәуірін капиталистік дәуірімен салыстыратын болсақ (мәселені дұрыс шешу үшін нақ осылайша салыстыру керек), онда капитализм тұсындағы қоғамдық шаруашылықтың дамуын орасан тез деп тануымызға тура келеді. Ал егер дамудың бұл қарқынын техника мен мәдениеттің жалпы осы заманғы дәрежесінде мүмкін болып отырған даму қарқынымен салыстыратын болсақ, онда Россияда капитализмнің даму қарқынын шынында да баяу деп тануымыз керек. Оның баяу болмасқа амалы да жоқ, өйткені бірде-бір капиталистік елде капитализммен сыйыспайтын, оның дамуын тежеп отыратын, өндірушілердің жағдайын өлшеусіз нашарлататын ескі заман тәртіптері мұншалықты мол сақталған емес, сондықтан өндірушілер «капитализмнен де, капитализмнің жеткіліксіз дамуынан да қасірет шегеді» [167]. Ақырында, халықшылдармен келіспеушілігіміздің ең басты дерлік себебі — қоғамдық-экономикалық процестерге негізгі көзқарасымыздың әр түрлі болуында жатыр. Халықшыл осы соңғы айтылғандарды зерттей келіп, әдетте белгілі бір моральдық тұрғыдан қорытындылар жасайды; ол өндіріске қатысушы адамдардың әр түрлі топтарына өмірдің белгілі бір формаларын жасаушылар деп қарамайды; ол қоғамдық-экономикалық қатынастардың барлық жиынтығын әр түрлі мүдделері бар және әр түрлі тарихи ролі бар осы топтардың арасындағы қарым-қатынастардың нәтижесі деп тануды мақсат етпейді... Егер осы сөздерді жазған адам бұл мәселелерді анықтау үшін бірсыпыра материал бере алған болса, онда ол өз еңбегін зая кетпеген деп есептей алады.

## *Москва губерниясының ұсақ шаруа кәсіпшіліктері туралы статистикалық мәліметтердің жиынтық кестесі*

1) Торкөздегі сызықша нольдің орнына қойылған. Бос торкөз: «мәлімет жоқ» деген сөз.
2) Кәсіпшіліктер бүкіл кәсіпшілік бойынша орта есеппен бір кәсіпорнына келетін жұмысшылар санының (семьялы және жалдамаларын қосып есептегенде) өсу тәртібімен орналастырылды.
3) № 31 және № 33 кәсіпшіліктер жөнінде бұйымдар құнының, яғни өндіріс сомасының 50—57 процентін құрайтын өңделетін шикізат құны берілді.
4) 1 қожайынға келетін аттардың орта саны 19 кәсіпшілік жөніндегі мәліметтер бойынша 1,4-тен келеді, ал разрядтар бойынша: I) 1,1; II) 1,5; III) 2,0.
5) Жерін қызметкер өңдейтін қожайындардың проценті 16 кәсіпшілік жөніндегі мәліметтер бойынша 12%, ал разрядтар бойынша: I) 4,5%; II) 16,7%; III) 27,3%.

| Кәсіпшілік № | Кәсіпшілік аты | Кәсіпорындардың жалпы саны | | | | Жұмысшылардың жалпы саны | | | | Өндіріс сомасы, сом есебімен | | | | Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындардың саны | | | | Жалдама жұмысшылардың саны | | | | 1 қожайынға келетін аттардың орташа саны | | | | Жерін қызметкер өңдейтін қожайындар % | | | | Разрядтарға қандай кәсіпорындар жатқызылған | | | Кәсіпшілік № |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | Барлығы | Разрядтар бойынша I | II | III | I | II | III | |
| 1 | Арба | 76 | 40 | 25 | 11 | 127 | 40 | 50 | 37 | 30 100 | 9 500 | 10 500 | 10 100 | 4 | — | 1 | 3 | 7 | — | 1 | 6 | 1,2 | 0,9 | 1,3 | 1,9 | 1 | — | — | 9 | 1 жұмысшысы бар | 2 жұмысшысы бар | 3 және одан да көп жұмысшысы бар | 1 |
| 2 | Ойыншық (токарьлар) | 47 | 22 | 17 | 8 | 83 | 22 | 34 | 27 | 13 500 | 2 900 | 5 300 | 5 300 | 7 | — | 4 | 3 | 10 | — | 4 | 6 | 1,2 | 0,8 | 1,3 | 2,0 | — | — | — | — | | бұл да № 1-дей | | 2 |
| 3 | Көзілдірік | 27 | 12 | 8 | 7 | 49 | 12 | 16 | 21 | 11 550 | 3 000 | 4 300 | 4 250 | 1 | — | — | 1 | 2 | — | — | 2 | | | | | | | | | | бұл да № 1-дей | | 3 |
| 4 | Ағаш ұсталығы | 274 | 196 | 66 | 12 | 576 | 277 | 213 | 86 | 96 800 | 48 650 | 33 850 | 14 300 | 16 | — | 5 | 11 | 48 | — | 7 | 41 | | | | | | | | | 1—2 жұмысшысы бар | 3—4 жұмысшысы бар | 5 және одан да көп жұмысшысы бар | 4 |
| 5 | Себет тоқу | 121 | 35 | 52 | 34 | 265 | 35 | 104 | 126 | 40 860 | 4 100 | 16 250 | 20 510 | — | — | — | — | — | — | — | — | 0,9 | 1 | 0,8 | 1 | — | — | — | — | | бұл да № 1-дей | | 5 |
| 6 | Гитара | 29 | 9 | 12 | 8 | 61 | 9 | 24 | 28 | 16 000 | 2 025 | 5 900 | 8 075 | — | — | — | — | — | — | — | — | 1,1 | 1,1 | 1,1 | 1,1 | — | — | — | — | | бұл да № 1-дей | | 6 |
| 7 | Ойыншық (Серг. Посадында) | 41 | 28 | 8 | 5 | 95 | 48 | 24 | 23 | 27 330 | 13 130 | 8 000 | 6 200 | 5 | — | 3 | 2 | 9 | — | 4 | 5 | 0,7 | 0,6 | 0,5 | 1,4 | — | — | — | — | 1—2 жұмысшысы бар | 3 жұмысшысы бар | 4—5 жұмысшысы бар | 7 |
| 8 | Айна | 142 | 99 | 27 | 16 | 332 | 134 | 89 | 109 | 67 350 | 19 170 | 18 180 | 30 000 | 32 | 3 | 13 | 16 | 84 | 3 | 20 | 61 | 1,4 | 1,1 | 1,5 | 2,5 | 9,9 | — | 7,4 | 75 | | бұл да № 4-тей | | 8 |
| 9 | Теплица | 74 | 29 | 36 | 9 | 188 | 50 | 100 | 38 | 54 400 | 11 900 | 30 090 | 12 410 | 34 | 5 | 21 | 8 | 42 | 6 | 23 | 13 | 2,2 | 1,7 | 2,5 | 2,7 | | | | | 1—3 пеші бар | 4—6 пеші бар | 7—12 пеші бар | 9 |
| | *9 кәсіпшілік бойынша жиыны (№№ 1—9)* | *831* | *470* | *251* | *110* | *1 776* | *627* | *654* | *495* | *357 890* | *114 375* | *132 370* | *111 145* | *99* | *8* | *47* | *44* | *202* | *9* | *59* | *134* | | | | | | | | | | | | |
| 10 | Былғары (көн тері) | 10 | 4 | 3 | 3 | 27 | 9 | 9 | 9 | 29 890 | 2 450 | 6 040 | 21 400 | 8 | 2 | 3 | 3 | 13 | 2 | 6 | 5 | | | | | | | | | 50—150 тері өңдейтін | 300—600 тері өңдейтін | 1 000 тері өңдейтін | 10 |
| 11 | Былғары (ірі тері) | 22 | 7 | 11 | 4 | 63 | 10 | 31 | 22 | 78 911 | 6 942 | 34 135 | 37 834 | 6 | — | 3 | 3 | 16 | — | 8 | 8 | | | | | | | | | 60—200 тері өңдейтін | 250—800 тері өңдейтін | 1 200—1 700 тері өңдейтін | 11 |
| 12 | Киста байлағыш | 15 | 8 | 4 | 3 | 42 | 16 | 12 | 14 | 19 700 | 7 000 | 6 600 | 6 100 | 1 | — | 1 | — | 2 | — | 2 | — | 0,8 | 0,7 | 1,2 | 0,6 | — | — | — | — | 2 жұмысшысы бар | 3 жұмысшысы бар | 4—6 жұмысшысы бар | 12 |
| 13 | Темір ұсталық | 42 | 9 | 24 | 9 | 133 | 18 | 72 | 43 | 25 700 | 3 100 | 13 900 | 8 700 | 28 | 3 | 17 | 8 | 32 | 3 | 17 | 12 | | | | | | | | | | бұл да № 12-дей | | 13 |
| 14 | Лактау | 40 | 22 | 9 | 9 | 130 | 44 | 25 | 61 | 37 400 | 7 400 | 5 100 | 24 900 | 13 | 3 | 1 | 9 | 43 | 3 | 2 | 38 | 1,2 | 0,8 | 1,0 | 2,3 | — | — | — | — | Сурет жасау және ағаш жону | жайма товар жасайтындар | магазин товарын дайындайды | 14 |
| 15 | Құмыра | 121 | 72 | 33 | 16 | 452 | 174 | 144 | 134 | 224 800 | 81 500 | 71 800 | 71 500 | 60 | 28 | 16 | 16 | 149 | 33 | 29 | 87 | | | | | | | | | 1—3 жұмысшысы бар | 4—5 жұмысшысы бар | 6 және одан да көп жұм. бар | 15 |
| 16 | Тері илеу | 28 | 14 | 8 | 6 | 105 | 37 | 32 | 36 | 9 167 | 3 261 | 2 821 | 3 085 | — | — | — | — | — | — | — | — | 1,2 | 1,2 | 0,9 | 1,6 | — | — | — | — | 2—3 жұмысшысы бар | 4 жұмысшысы бар | 5 және одан да көп жұм. бар | 16 |
| 17 | Картуз | 25 | 8 | 10 | 7 | 92 | 13 | 35 | 44 | 40 450 | 7 500 | 14 750 | 18 200 | 4 | — | 1 | 3 | 9 | — | 2 | 7 | | | | | | | | | 1—2 жұмысшысы бар | 3—4 жұмысшысы бар | 5 және одан да көп жұм. бар | 17 |
| 18 | Қармақ жасау | 45 | 22 | 16 | 7 | 198 | 54 | 77 | 67 | 50 250 | 12 150 | 19 200 | 18 900 | 22 | 6 | 9 | 7 | 70 | 7 | 24 | 39 | 1,1 | 0,9 | 1,0 | 2,1 | 27,9 | 9,1 | 31,2 | 71,4 | 2—3 жұмысшысы бар | 4—7 жұмысшысы бар | 8—12 жұмысшысы бар | 18 |
| | *9 кәсіпшілік бойынша жиыны (№№ 10—18)* | *348* | *166* | *118* | *64* | *1 242* | *375* | *437* | *430* | *516 268* | *131 303* | *174 346* | *210 619* | *142* | *42* | *51* | *49* | *334* | *48* | *90* | *196* | | | | | | | | | | | | |
| 19 | Жез | 139 | 70 | 58 | 11 | 716 | 138 | 348 | 230 | 441 700 | 44 500 | 219 200 | 178 000 | 86 | 19 | 56 | 11 | 428 | 22 | 204 | 202 | | | | | | | | | 1—3 жұмысшысы бар | 4—11 жұмысшысы бар | 12 және одан да көп | 19 |
| 20 | Щетка жасау | 150 | 81 | 59 | 10 | 835 | 264 | 426 | 145 | 233 000 | 62 300 | 122 400 | 48 300 | 94 | 32 | 52 | 10 | 343 | 47 | 188 | 108 | 1,2 | 1 | 1,5 | 1,8 | 39 | 20 | 54 | 91 | | бұл да № 19-дай | | 20 |
| 21 | Етік тігу | 64 | 39 | 14 | 11 | 362 | 116 | 99 | 147 | 291 490 | 87 740 | 82 990 | 120 760 | 41 | 16 | 14 | 11 | 217 | 47 | 68 | 102 | 1,5 | 1,3 | 1,6 | 2,1 | 12 | 8 | 21 | 19 | 1—5 жұмысшысы бар | 6—10 жұмысшысы бар | 11 және одан да көп | 21 |
| 22 | Кірпіш | 233 | 167 | 43 | 23 | 1 402 | 476 | 317 | 609 | 357 000 | 119 500 | 79 000 | 158 500 | 105 | 43 | 39 | 23 | 835 | 92 | 186 | 557 | | | | | | | | | | бұл да № 21-дей | | 22 |
| 23 | Қайыс бұйым | 32 | 17 | 10 | 5 | 194 | 49 | 57 | 88 | 70 300 | 16 200 | 18 600 | 35 500 | 26 | 11 | 10 | 5 | 135 | 19 | 36 | 80 | | | | | | | | | 2—4 жұмысшысы бар | 5—7 жұмысшысы бар | 13 және одан да көп | 23 |
| 24 | Крахмал жасау | 68 | 15 | 42 | 11 | 429 | 75 | 261 | 93 | 129 808 | 12 636 | 55 890 | 61 282 | 68 | 15 | 42 | 11 | 277 | 45 | 165 | 67 | 3,4 | 2,7 | 3,2 | 5,3 | | | | | 1—2 елекпен істейді | 3 елекпен істейді | 4 елекпен істейді және барабан бар | 24 |
| 25 | Былғары (ұсақ тері) | 11 | 2 | 5 | 4 | 75 | 4 | 25 | 46 | 77 570 | 800 | 28 450 | 48 320 | 9 | — | 5 | 4 | 69 | — | 23 | 46 | | | | | | | | | 500 тері дайындайды | 5—10 мың тері дайындайды | 18—23 мың тері дайындайды | 25 |
| 26 | Ойыншық (металл ойыншықтары) | 16 | 6 | 5 | 5 | 117 | 10 | 38 | 69 | 56 400 | 3 800 | 18 600 | 34 000 | 13 | 3 | 5 | 5 | 94 | 3 | 32 | 59 | 1,2 | 0,6 | 2 | 1,2 | 25 | — | 20 | 60 | 1—2 жұмысшысы бар | 6—9 жұмысшысы бар | 11—18 жұмысшысы бар | 26 |
| 27 | Қалпақ | 54 | 16 | 20 | 18 | 450 | 35 | 113 | 302 | 127 650 | 8 950 | 32 500 | 86 200 | 45 | 7 | 20 | 18 | 372 | 9 | 83 | 280 | | | | | | | | | 1—3 жұмысшысы бар | 4—9 жұмысшысы бар | 10 және одан да көп | 27 |
| 28 | Сурет жасау | 37 | 12 | 14 | 11 | 313 | 53 | 111 | 149 | 229 000 | 39 500 | 81 500 | 108 000 | 32 | 7 | 14 | 11 | 220 | 21 | 74 | 125 | | | | | | | | | 1—5 жұмысшысы бар | 6—9 жұмысшысы бар | 10 және одан да көп | 28 |
| | *10 кәсіпшілік бойынша жиыны (№№19—28)* | *804* | *425* | *270* | *109* | *4 893* | *1 220* | *1 795* | *1 878* | *2 013 918* | *395 926* | *739 130* | *878 862* | *519* | *153* | *257* | *109* | *2 990* | *305* | *1 059* | *1 626* | | | | | | | | | | | | |
| 29 | Елеуіш тоқу | 10 | 5 | 3 | 2 | 115 | 26 | 28 | 61 | 69 300 | 7 300 | 15 000 | 47 000 | 7 | 2 | 3 | 2 | 58 | 3 | 12 | 43 | 1,8 | 1 | 2,3 | 3 | 60 | 20 | 100 | 100 | елеуіш тоқу жұмысы | елеуіш өру, тоқу жұмысы | бұл да, одан гөрі ірі | 29 |
| 30 | Поднос жасау | 29 | 7 | 12 | 10 | 340 | 15 | 67 | 258 | 102 530 | 4 130 | 22 400 | 76 000 | 23 | 2 | 11 | 10 | 284 | 2 | 44 | 238 | | | | | | | | | 1—3 жұмысшысы бар | 4—8 жұмысшысы бар | 9 және одан да көп | 30 |
| 31 | Мүйіз бұйымдар жасау (Дмитров уезінде) | 22 | 12 | 5 | 5 | 345 | 52 | 76 | 217 | 201 400 | 24 400 | 44 000 | 133 000 | 15 | 5 | 5 | 5 | 302 | 31 | 66 | 205 | | | | | | | | | 5—11 жұмысшысы бар | 12—19 жұмысшысы бар | 20 және одан да көп | 31 |
| 32 | Түйреуіш жасау | 10 | 6 | 3 | 1 | 163 | 53 | 35 | 75 | 54 800 | 16 900 | 9 900 | 28 000 | 10 | 6 | 3 | 1 | 134 | 35 | 26 | 73 | | | | | | | | | 7—10 жұмысшысы бар | 11—13 жұмысшысы бар | 13-тен көп | 32 |
| 33 | Мүйіз бұйымдар жасау (Богородск уезінде) | 31 | 9 | 11 | 11 | 553 | 80 | 164 | 309 | 149 900 | 22 100 | 43 100 | 84 700 | 31 | 9 | 11 | 11 | 518 | 66 | 150 | 302 | | | | | | | | | | бұл да № 31-дей | | 33 |
| | *5 кәсіпшілік бойынша жиыны (№№ 29—33)* | *102* | *39* | *34* | *29* | *1 516* | *226* | *370* | *920* | *577 930* | *74 830* | *134 400* | *368 700* | *86* | *24* | *33* | *29* | *1 296* | *137* | *298* | *861* | | | | | | | | | | | | |
| | ***33 кәсіпшілік бойынша жиыны*** | **2 085** | **1 100** | **673** | **312** | **9 427** | **2 448** | **3 256** | **3 723** | **3 466 006** | **716 434** | **1 180 246** | **1 569 326** | **846** | **227** | **388** | **231** | **4822** | **499** | **1506** | **2817** | | | | | | | | | | | | |
| 34 | Есеп-шот жасау | 91 | 55 | 29 | 7 | 171(?) | 82 | 42 | 38 | 46 670 | 13 750 | 16 470 | 16 450 | ? | | | | 9 | | | | 1,1 | 0,9 | 1,1 | 2,8 | 2,2 | — | — | 28 | токарьлар | ағаш шеберлері | қалыпшылар | 34 |
| 35 | Шашақ жасау | 39 | 16 | 15 | 8 | 88 | 16 | 34 | 38 | ? | | | | 14 | — | 8 | 6 | 30 | — | 8 | 22 | 1,2 | 1,2 | 1,1 | 1,2 | | | | | 1 станокпен | 2—3 станокпен | 4 және одан да көп | 35 |
| 36 | Киім тігетін | 43 | 18 | 17 | 8 | 286 | 62 | 123 | 101 | ? | | | | 34 | 9 | 17 | 8 | 191 | 20 | 89 | 82 | 1,3 | 1 | 1,2 | 2 | 28 | 5,5 | 29,4 | 75 | 2—5 жұмысшысы бар | 6—9 жұмысшысы бар | 10—16 жұмысшысы бар | 36 |
| 37 | Фарфор | 20 | 6 | 9 | 5 | 1 861 | 108 | 621 | 1 132 | 1 399 000 | 69 000 | 435 000 | 895 000 | 20 | 6 | 9 | 5 | 1 817 | 96 | 601 | 1 120 | | | | | | | | | 30-ға дейін жұмысшысы бар | 31—104 жұмысшысы бар | 120 және одан да көп | 37 |

* Қараңыз: осы том, 373-бет. *Ред.*

## II. ҚОСЫМША *(VII тарауға. 361-бет*)*

*Еуропалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі туралы статистикалық мәліметтердің жиынтығы*

| Жылдар | Түрліше уақыттарда мәліметтері болған өндірістердің әр түрлі сандары туралы деректер | | | 34 өндіріс туралы деректер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны |
| 1863 | 11 810 | 247 614 | 357 835 | — | — | — |
| 1864 | 11 984 | 274 519 | 353 968 | 5 782 | 201 458 | 272 385 |
| 1865 | 13 686 | 286 842 | 380 638 | 6 175 | 210 825 | 290 222 |
| 1866 | 6 891 | 276 211 | 342 473 | 5 775 | 239 453 | 310 918 |
| 1867 | 7 082 | 239 350 | 315 759 | 6 934 | 235 757 | 313 759 |
| 1868 | 7 238 | 253 229 | 331 027 | 7 091 | 249 310 | 329 219 |
| 1869 | 7 488 | 287 565 | 343 308 | 7 325 | 283 452 | 341 425 |
| 1870 | 7 853 | 318 525 | 356 184 | 7 691 | 313 517 | 354 063 |
| 1871 | 8 149 | 334 605 | 374 769 | 8 005 | 329 051 | 372 608 |
| 1872 | 8 194 | 357 145 | 402 365 | 8 047 | 352 087 | 400 325 |
| 1873 | 8 245 | 351 530 | 406 964 | 8 103 | 346 434 | 405 050 |
| 1874 | 7 612 | 357 699 | 411 057 | 7 465 | 352 036 | 399 376 |
| 1875 | 7 555 | 368 767 | 424 131 | 7 408 | 362 931 | 412 291 |
| 1876 | 7 419 | 361 616 | 412 181 | 7 270 | 354 376 | 400 749 |
| 1877 | 7 671 | 379 451 | 419 414 | 7 523 | 371 077 | 405 799 |
| 1878 | 8 261 | 461 558 | 447 858 | 8 122 | 450 520 | 432 728 |
| 1879 | 8 628 | 541 602 | 482 276 | 8 471 | 530 287 | 466 515 |
| 1885 | 17 014 | 864 736 | 615 598 | 6 232 | 479 028 | 436 775 |
| 1886 | 16 590 | 866 804 | 634 822 | 6 088 | 464 103 | 442 241 |
| 1887 | 16 723 | 910 472 | 656 932 | 6 103 | 514 498 | 472 575 |
| 1888 | 17 156 | 999 109 | 706 820 | 6 089 | 580 451 | 505 157 |
| 1889 | 17 382 | 1 025 056 | 716 396 | 6 148 | 574 471 | 481 527 |
| 1890 | 17 946 | 1 033 296 | 719 634 | 5 969 | 577 861 | 493 407 |
| 1891 | 16 770 | 1 108 770 | 738 146 | — | — | — |

* Қараңыз: осы том, 500-бет. *Ред.*

*Ескерту*

1) Бұл арада реформадан кейінгі дәуірдегі Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі туралы біздің ресми басылымдардан тапқан мәліметтер қорытылған, атап айтқанда: «Россия империясының статистикалық уақытнамасы». СПБ. 1866. I. — «Финанс министрлігінің ведомствосы бойынша материалдар мен мәліметтер жинағы». 1866 ж. № 4, апрель және 1867 ж. № 6, июнь.— «Финанс министрлігінің Әржылдығы». I, VIII, X және XII кітаптар.— «Россия фабрика-завод өнеркәсібі туралы мәліметтердің жиынтығы», сауда және мануфактура департаментінің 1885—1891 жылдардағы басылымдары. Бұл мәліметтердің бәрі де бір ғана деректемеге, атап айтқанда, фабриканттар мен заводшылардың финанс министрлігіне тапсырып отырған ведомостарына негізделген. Бұл мәліметтердің маңызы және құндылығы туралы кітап текстінде толық айтылған.

2) 1864—1879 және 1885—1890 жылдар бойынша мәліметтері келтірілген 34 өндіріс төмендегілер: мақта жіп иіру; мақта-мата тоқу; кендір жіп иіру; шыт тоқу; кенеп иіру мен арқан есу; жүн иіру; шұға; жүннен мата тоқу; жібек тоқу және лента тоқу; қамқа, зер тоқу; алтын оқа мен плющ тоқу; тоқыма бұйымдар өндірісі; бояу; әрлендіру; желімдеу және лактау; қағаз-қалам өндірісі; обой; резина; химиялық және сырлау; косметика; сірке суы; минералды су; сіріңке; сургуч және лак; былғары; мауыт және көксауыр; желім қайнататын; стеарин жасайтын; сабын қайнататын; май шам жасайтын; шұм шам істейтін; шыны-әйнек, хрусталь мен айна; фарфор мен фаянс; машина жасау; шойын құю; мыс пен қола бұйымдары; сым, шеге және бірсыпыра ұсақ металл бұйымдар жасайтын өндірістер.

III ҚОСЫМША *(VII тарауға, 409-бет*)*

*Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібінің аса маңызды орталықтары*

| Губерния | Уезд | Қала немесе село | 1879 Фабрикалар мен заводтар саны | 1879 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1879 Жұмысшылар саны | 1890 Фабрикалар мен заводтар саны | 1890 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1890 Жұмысшылар саны | 1897 ж. санақ бойынша халық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Москва | Москва | Москва қаласы | 618 | 95 403 | 61 931 | 806 | 114 788 | 67 213 | 1 035 664 |
| | » | Даниловская слободасы | 3 | 2 502 | 1 837 | 6 | 10 370 | 3 910 | 3 958 |
| | » | Черкизово сел. | 1 | 53 | 125 | 12 | 449 | 322 | ? |
| | » | Измайлово сел. | — | — | — | 1 | 1 604 | 1 104 | 3 416 |
| | » | Пушкино сел. | 2 | 3 060 | 1 281 | 1 | 620 | 1 076 | 3 151 |
| | » | Балашиха мекені | 1 | 1 050 | 905 | 1 | 3 045 | 2 687 | ? |
| | » | Реутово сел. | 1 | 2 900 | 2 235 | 1 | 2 180 | 2 134 | 3 256 |
| | Верейск | Нара-Фоминское сел. | 3 | 2 690 | 1 955 | 3 | 2 445 | 1 133 | ? |
| | Бронницы | Троицк.-Раменск. сел. | 1 | 3 573 | 2 893 | 1 | 4 773 | 5 098 | 6 865 |
| | Клин | Солнечная Гора сел. | 1 | 60 | 304 | 2 | 1 384 | 1 073 | ? |
| | » | Некрасина дер. | 1 | 1 300 | 538 | 1 | 3 212 | 2 794 | ? |
| | Коломна | Озеры сел. | 4 | 214 | 1 163 | 5 | 4 950 | 5 574 | 11 166 |
| | » | Садки мекені | 3 | 1 775 | 1 865 | 1 | 1 598 | 1 850 | ? |
| | » | Боброво сел. | 1 | 4 558 | 2 556 | 1 | 4 608 | 3 396 | 5 116 |
| | Дмитров | Дмитров қаласы төңірегімен | 2 | 3 600 | 3 462 | 3 | 4 167 | 3 565 | |
| | » | Муромцево сел. | 1 | 1 774 | 2 371 | 1 | 2 076 | 1 816 | ? |
| | Серпухов | Серпухов қаласы төңірегімен | 21 | 18 537 | 9 780 | 23 | 11 265 | 5 885 | ? |
| | » | Нефедова дер. | — | — | — | 1 | 2 735 | 2 000 | ? |
| | Богородск | Богородск қаласы және оның жанындағы Глухово с. | 16 | 3 870 | 9 548 | 16 | 8 880 | 10 405 | 9 309 |

*Ескерту.* «Губерния бойынша» жиыны дегеніміз губерниядағы біз атап өткен орталықтардың жинағы.

*2-басылуына ескерту.* Салыстыру үшін 1897 ж. санақ бойынша халықтың саны туралы цифрларды қосып отырмыз. Амал не Орталық статистикалық комитеттің «Уездердегі 2000 және одан да көп халқы бар қалалар мен селолар» деген басылымында ешқандай толық мәлімет жоқ.

* Қараңыз: осы том, 568-бет. *Ред.*

| Губерния | Уезд | Қала немесе село | 1879 Фабрикалар мен заводтар саны | 1879 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1879 Жұмысшылар саны | 1890 Фабрикалар мен заводтар саны | 1890 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1890 Жұмысшылар саны | 1897 ж. санақ бойынша халық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | » | Павловск. посад | 15 | 2 623 | 2 751 | 13 | 1 760 | 2 071 | 9 991 |
| | » | Истомкино сел. | 1 | 2 006 | 1 426 | 1 | 2 007 | 1 651 | 2 085 |
| | » | Крестовоздвиженко с. | 4 | 740 | 935 | 5 | 1 415 | 1 670 | ? |
| | » | Зуево сел. | 10 | 3 216 | 2 059 | 9 | 5 876 | 2 054 | 9 908 |
| Москва каласынсыз губ. бойынша жиыны | | | 92 | 60 101 | 49 989 | 108 | 81 419 | 63 268 | — |
| Тверь | Тверь | Тверь қаласы төңірегімен | 23 | 6 440 | 8 404 | 26 | 8 720 | 6 875 | 53 477 |
| | Вышневолоцк | Вышн. Волоч. қаласы төңірегімен | 1 | 1 780 | 1 221 | 2 | 3 584 | 2 393 | 16 722 |
| | » | Заварово сел. | 1 | 1 130 | 2 003 | 1 | 1 020 | 2 186 | ? |
| | Корчевск | Кузнецово сел. | 1 | 400 | 861 | 1 | 500 | 1 220 | 2 503 |
| | Ржев | Ржев қаласы | 15 | 1 894 | 3 533 | 6 | 411 | 765 | 21 397 |
| | Губерния бойынша | | 41 | 11 644 | 16 022 | 36 | 14 235 | 13 439 | — |
| Рязань | Егорьевск | Егорьевск қаласы | 20 | 4 126 | 3 532 | 15 | 5 598 | 5 697 | 19 241 |
| Нижегород | Арзамас | Арзамас қаласы | 24 | 394 | 380 | 18 | 255 | 366 | 10 591 |
| | Горбатов | Богородское сел. | 41 | 315 | 219 | 58 | 547 | 392 | 12 342 |
| | » | Павлово сел. | 21 | 235 | 272 | 26 | 240 | 589 | 12 431 |
| | » | Ворсма сел. | 3 | 116 | 303 | 4 | 181 | 894 | 4 674 |
| | Балахна | Сормово сел. | 1 | 2 890 | 1 911 | 1 | 1 500 | 1 000 | 2 963 |
| | Губерния бойынша | | 90 | 3 950 | 3 085 | 107 | 2 723 | 3 241 | — |
| Гродно | Белосток | Белосток каласы | 59 | 2 122 | 1 619 | 98 | 2 734 | 3 072 | 63 927 |
| | » | Супрасль мекені | 7 | 938 | 854 | 5 | 447 | 585 | 2 459 |

| Губерния | Уезд | Қала немесе село | 1879 | | | 1890 | | | 1897 ж. санақ бойынша халық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны | Фабрикалар мен заводтар саны | Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | Жұмысшылар саны | |
| Қазан | Қазан | Қазан қаласы | 66 | 8 083 | 3 967 | 78 | 7 663 | 4 787 | 131 508 |
| Тамбов | Тамбов | Рассказово сел. | 19 | 1 067 | 2 128 | 13 | 940 | 2 058 | 8 283 |
| Чернигов | Сураж | Клинцы пос. | 15 | 1 892 | 2 456 | 27 | 1 548 | 1 836 | 12 166 |
| Смоленск | Духовщинск | Ярцево сел. | 1 | 2 731 | 2 523 | 1 | 4 000 | 3 106 | 5 761 |
| Калуга | Жиздринск | Людиново сел. | 1 | 2 488 | 3 118 | 1 | 529 | 1 050 | 7 784 |
| | Медынск | Троицкое және Кондрово селолары | 1 | 1 047 | 1 019 | 1 | 1 330 | 1 285 | ? |
| Орел | Брянск | Бежецкая станциясы маңында | 1 | 6 970 | 3 265 | 1 | 8 485 | 4 500 | 19 054 |
| | » | Сергиево-Радицк. сел. | 1 | 1 000 | 1 012 | 1 | 257 | 400 | 2 808 |
| Тула | Тула | Тула қаласы | 95 | 3 671 | 3 661 | 248 | 8 648 | 6 418 | 111 048 |
| Владимир | Покровск | Орехово ст. маңындағы Никольское мекені | 2 | 7 316 | 10 946 | 3 | 22 160 | 26 852 | { 25 233<br>7 219 |
| | » | Дулево сел. | 1 | 425 | 1 100 | 1 | 600 | 1 400 | 3 412 |
| | » | Ликина дер. | 1 | 317 | 389 | 2 | 1 184 | 1 155 | ? |
| | » | Киржач қаласы | 11 | 1 025 | 1 437 | 9 | 628 | 825 | ? |
| | Шуя | Шуя қаласы | 38 | 5 161 | 4 879* | 32 | 6 857 | 5 473 | 4 799** |
| | » | Иваново-Вознесенск қаласы | 49 | 20 867 | 9 943 | 52 | 26 403 | 15 387 | 53 949 |
| | » | Тейково сел. | 4 | 5 913 | 3 524* | 4 | 4 642 | 3 581 | 5 780 |
| | » | Кохма сел. | 9 | 3 232 | 2 413 | 6 | 2 769 | 1 666* | 3 337 |

* *Ескерту*. Жұлдызша белгісі фабрика-завод жұмысшыларының санынан шетте істейтін жұмысшылар шығарылып тасталғандығын көрсетеді.

** Бұл арада, сірә, қате басылса керек. Бұл цифр Киржач қаласына қатысты болуға тиіс. *Ред.*

| Губерния | Уезд | Қала немесе село | 1879 Фабрикалар мен заводтар саны | 1879 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1879 Жұмысшылар саны | 1890 Фабрикалар мен заводтар саны | 1890 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1890 Жұмысшылар саны | 1897 ж. санақ бойынша халық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Меленки | Меленки қаласы | 16 | 1 597 | 2 769 | 15 | 2 509 | 2 498 | 8 904 |
| | » | Гусь сел. | 2 | 2 284 | 3 438 | 2 | 3 748 | 5 241 | 12 007 |
| | Вязники | Вязники және оның жанындағы Ярцево дер. | 8 | 2 879 | 3 017 | 6 | 3 012 | 3 331 | 7 398 |
| | » | Южа сел. | 1 | — | — | 1 | 2 390 | 1 961 | 3 378 |
| | Александров | Карабаново сел. | 1 | 5 530 | 4 248 | 1 | 5 000 | 3 879 | ? |
| | » | Струнино сел. | 2 | 3 522 | 1 688 | 1 | 4 950 | 2 771 | |
| | Переяславль | Переяславль қаласы | 8 | 2 671 | 2 154 | 6 | 2 703 | 2 157 | 8 662 |
| | Ковров | Ковров қаласы төңірегімен | 4 | 1 760 | 1 723 | 5 | 1 940 | 2 062 | 14 570 |
| | » | Горки сел. | 1 | 1 350 | 838 | 1 | 1 632 | 1 332 | ? |
| | » | Колобово сел. | 1 | 676 | 575 | 2 | 895 | 885 | ? |
| | Владимир | Собино сел. | 1 | 2 200 | 1 819 | 1 | — | 2 000 | 5 486 |
| | » | Ставрово сел. | 3 | 1 834 | 1 335 | 2 | 567 | 871 | ? |
| | Муром | Муром қаласы | 26 | 1 406 | 1 407* | 27 | 943 | 1 274* | 12 589 |
| | Юрьев-Польский | Юрьев-Польский қаласы | 12 | 1 062 | 1 138* | 7 | 1 183 | 1 126* | 5 637 |
| Губерния бойынша | | | 201 | 73 027 | 60 780 | 186 | 96 715 | 87 727 | — |
| С.-Петербург | С.-Петербург | С.-Петербург қаласы | 538 | 117 500 | 48 888 | 490 | 126 645 | 51 760 | } 1 267 023 |
| | » | С.-Петербург төңірегі | 84 | 40 085 | 24 943 | 51 | 35 927 | 18 939 | |
| | Нарва | Нарва қаласы төңірегімен ** | 7 | 12 361 | 6 484 | 6 | 15 288 | 7 566 | 16 577 |
| | Царскосельский | Колпино пос. | 1 | 3 148 | 1 872 | 1 | 2 906 | 1 930 | 12 241 |
| Губерния бойынша | | | 630 | 173 094 | 82 187 | 548 | 180 766 | 80 195 | — |

* *Ескерту.* Жұлдызша белгісі фабрика-завод жұмысшыларының санынан шетте істейтін жұмысшылар шығарылып тасталғандығын көрсетеді.

** Бұған ішінара Эстляндия губерниясы да (Кренгольм мануфактурасы) енді.

| Губерния | Уезд | Қала немесе село | 1879 Фабрикалар мен заводтар саны | 1879 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1879 Жұмысшылар саны | 1890 Фабрикалар мен заводтар саны | 1890 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1890 Жұмысшылар саны | 1897 ж. санақ бойынша халық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Киев | Киев | Киев* қаласы | 76 | 3 279 | 1 858 | 125 | 16 186 | 5 901 | 247 432 |
| | Черкассы | Смела мекені | 9 | 4 070 | 1 434 | 8 | 4 715 | 1 238 | 15 187 |
| Кострома | Кострома | Кострома қаласы | 32 | 3 899 | 5 181 | 24 | 5 220 | 4 907 | 41 268 |
| | Кинешма | Кинешма қаласы төңірегімен | 4 | 421 | 157 | 9 | 1 737 | 1 748 | 7 564 |
| | » | Тезино сел. | 3 | 768 | 950 | 3 | 1 866 | 2 420 | ? |
| | » | Бонячки сел. | 3 | 1 865 | 2 365 | 3 | 1 331 | 1 495 | 3 158 |
| | » | Наволоки сел. | — | — | — | 1 | 1 314 | 1 305 | ? |
| | » | Вичуга сел. | 1 | 940 | 800 | 2 | 684 | 1 138 | ? |
| | » | Н. Гольчиха сел. | 4 | 389 | 265 | 4 | 260 | 686* | ? |
| | Нерехта | Нерехта қаласы | 1 | 883 | 1 204 | — | — | — | 3 002 |
| | » | Киселево сел. | 2 | 1 189 | 1 196 | 3 | 2 855 | 2 368 | ? |
| | » | Яковлевское сел. | 5 | 1 041 | 1 095* | 5 | 1 378 | 2 177* | ? |
| | » | Писцово сел. | 4 | 1 634 | 417 | 5 | 923 | 1 773 | 2 668 |
| | » | Фроловка сел. | 1 | 1 700 | 1 300 | 1 | 1 750 | 1 530 | ? |
| | Юрьевец | Юрьевец қаласы | 2 | 383 | 569 | 1 | 750 | 830 | 4 778 |
| | » | Родники сел. | 4 | 1 154 | 776 | 3 | 2 188 | 2 792 | 3 225 |
| Губерния бойынша | | | 66 | 16 266 | 16 275 | 64 | 22 256 | 25 169 | — |
| Лифляндия | Рига | Рига қаласы | 151 | 19 094 | 11 962 | 226 | 26 568 | 16 306 | 256 197 |
| Ярославль | Ярославль | Ярославль қаласы, төңірегімен | 49 | 5 245 | 4 206 | 47 | 12 996 | 9 779 | 70 610 |
| | » | Норск посады | 1 | 2 500 | 2 304 | 2 | 1 980 | 1 639 | 2 134 |

* Бұған ішінара Эстляндия губерниясы да (Кренгольм мануфактурасы) енді.

| Губерния | Уезд | Қала немесе село | 1879 Фабрикалар мен заводтар саны | 1879 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1879 Жұмысшылар саны | 1890 Фабрикалар мен заводтар саны | 1890 Өндіріс сомасы, мың сом есебімен | 1890 Жұмысшылар саны | 1897 ж. санақ бойынша халық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | » | Великосельск болысы | 1 | 910 | 956 | 6 | 2 169 | 2 992 | 4 534 |
| Губерния бойынша | | | 51 | 8 655 | 7 466 | 55 | 17 145 | 14 410 | — |
| Харьков | Харьков | Харьков қаласы | 102 | 4 225 | 2 171 | 122 | 5 494 | 3 406 | 174 846 |
| Саратов | Саратов | Саратов қаласы | 103 | 4 495 | 1 983 | 89 | 7 447 | 2 224 | 137 109 |
| | Царицын | Царицын қаласы | 25 | 272 | 218 | 57 | 1 086 | 751 | 55 967 |
| | » | Дубовка пос. | 21 | 157 | 110 | 26 | 221 | 270 | 16 255 |
| Губерния бойынша | | | 149 | 4 924 | 2 311 | 172 | 8 754 | 3 245 | — |
| Самара | Самара | Самара қаласы | (?) 1 | 18 | 10 | 48 | 4 560 | 1 377 | 91 672 |
| Херсон | Одесса | Одесса қаласы | 159 | 13 750 | 3 763 | 306 | 29 407 | 8 634 | 405 041 |
| Дон | Нахичевань | Нахичевань қаласы | 34 | 873 | 732 | 45 | 3 472 | 3 098 | 29 312 |
| | Новочеркасск | Новочеркасск қаласы | 15 | 278 | 128 | 28 | 965 | 467 | 52 005 |
| | Ростов | Дондағы Ростов қаласы | 26 | 4 898 | 2 750 | 92 | 13 605 | 5 756 | 119 886 |
| Екатеринослав | Екатеринослав | Екатеринослав қаласы | 33 | 1 003 | 469 | 63 | 4 841 | 3 628 | 121 216 |
| | Бахмут | Юзовка мекені | 1 | 2 000 | 1 300 | 3 | 8 988 | 6 332 | 28 076 |
| | Екатеринослав | Каменское сел. | — | — | — | 1 | 7 200 | 2 400 | 16 878 |
| Екі губерния бойынша | | | 109 | 9 052 | 5 379 | 232 | 39 071 | 21 681 | — |
| *Аталып өткен 103 орталық бойынша жиыны* | | | 2 831 | 536 687 | 355 777 | 3 638 | 706 981 | 451 244 | — |

# СЫНҒА ЖАНАСПАЙТЫН СЫН

## («НАУЧНОЕ ОБОЗРЕНИЕНІҢ» 1899 ЖЫЛҒЫ 12-НОМЕРІНДЕ БАСЫЛҒАН П. СКВОРЦОВ МЫРЗАНЫҢ «ТОВАР ФЕТИШИЗМІ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫ ЖӨНІНДЕ)[168]

*1900 ж. январь — мартта жазылған*

*1900 ж. майда және июньде «Научное Обозрение» журналының 5 және 6-номерлерінде басылған*
*Қол қойған:*
*Владимир Ильин*

*«Научное Обозрениенің» тексті бойынша басылып отыр*

*

«Юпитер ашулы»... Мұндай көріністің әбден күлкілі екені, қаһарлы жай түсірушінің ашуы шынында да тек кісінің күлкісін келтіретіні әлдеқашаннан-ақ жұртқа мәлім. Орыс капитализмі үшін ішкі рыноктың құрылу процесі туралы жазған менің кітабыма ең зілді «ашулы» сөздерді лек-легімен жаудырып киліккен П. Скворцов мырза осы ескі ақиқатты тағы да дәлелдеді.

I

«Процесті тұтас алып суреттеу үшін — деп мені үйреткенсіп маңғаздана түседі Скворцов мырза — өзінің капиталистік өндіріс әдісін қалай түсінетінін баяндап шығу керек, өнімдерді өткізу теориясы бар анықтамалармен шектелу мүлдем қажетсіз». Ішкі рынок туралы мәліметтерді талдауға арналған кітапта ішкі рынок теориясы бар анықтаманың «қажетсіз» болуы неліктен,— оны біздің қаһарлы Юпитер — құпия күйінде қалдырып, «Капиталдан» көшіріп алған және мәселеге оншама қатысы жоқ сөздерді «өзінің түсінігін баяндап шығу» деп «түсініп жүр»... «Мәселені» (орыс капитализмі үшін *ішкі* рыноктың қалай қалыптасатынын) «қарап шығуды алдына мақсат етіп қойған автор *теориясы бар анықтаманың* соңында мұндай мәселе мүлдем болмайды деген қорытындыға келеді, автордың осы *диалектикалық»* (Скворцов мырзаның тілмарлығының бір үлгісі!) «қайшылыққа ұрынғаны үшін кінәлауға бо-

лады». Скворцов мырза өзінің осы ескертпесіне соншалықты разы, ол оны әлденеше рет қайталап, оның өрескел қателікке негізделгенін көрмейді немесе көргісі келмейді. Бірінші тараудың соңында менде былай делінген: «Ішкі рынок туралы мәселе *капитализмнің даму дәрежесі туралы* мәселеден *тәуелсіз, өз алдына жеке мәселе ретінде* мүлдем болмайды» (29) *. Сонда ше — сыншы бұған қосылмай ма? Жоқ, қосылады, өйткені бұдан бір бет алда менің сөзімді «әділетті» айтылған деп атап отыр. Ал егер солай болса, оның шу көтеруінің және менің жасаған қорытындымнан ең мәнді жерін алып тастауға тырысып бағуының мәнісі қалай? Бұл тағы да жұмбақ болып қалады. Кіріспе ретінде жазылған теориялық тараудың соңында маған аса қажет тақырып менде тура былай деп көрсетілген: «орыс капитализмі үшін ішкі рыноктың қалай құрылып жатқандығы туралы мәселе мына сұрақтарға келіп тіреледі: орыс халық шаруашылығының әр түрлі жақтары қалай және қай бағытта дамып келеді? оның осы әр түрлі жақтары арасындағы байланыс пен өзара тәуелділік неде?» (29) *. Бұл мәселелер қарауға тұрарлық емес деп сыншы айта ала ма? Жоқ, ол менің котермек болған тақырыбым жөніндегі мәселеге соқпай өте шығып, Юпитердің әмірі бойынша, менің шұғылдануым үшін қажетті *басқа тақырыптар* атауды жөн көреді. Оның пікірінше, «өнімнің егіншілік пен өнеркәсіпте әрі капиталистік жолмен өндірілетін бөлігінің, әрі дербес өндіруші шаруалар өндіретін бөлігінің ұдайы өндірілуі мен айналысын суреттеу... олардың арасындағы қатынасты, яғни қоғамдық еңбектің жоғарыда көрсетілген бөлімшелерінің әрқайсысындағы тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың және қосымша құнның мөлшерін көрсету керек» еді (2278). Мұның өзі әншейін дақғыра және мүлдем мағынасыз сылдыр сөз ғой! Егіншілікте капиталистік жолмен өндірілетін өнімнің ұдайы өндірілуі мен айналысын суреттеуге әрекеттенуден бұрын — ең алдымен, егіншіліктің *дәл қалай* және *қаншалық* дәрежеде, кімдерде, шаруаларда ма немесе помещиктерде

* Қараңыз: осы том, 61-бет. *Ред.*

ме, қай ауданда және т. т., капиталистік егіншілікке айналып отырғанын ашып алу қажет болады. Осыны ашып алмайынша (өзімнің кітабымда мен осымен шұғылданған едім) Скворцов мырзаның уағыздап отырған пікірлері жалпы сөз болып қала бермек. Өнімнің өнеркәсіпте капиталистік жолмен өндірілетін бөлігі туралы әңгіме студен бұрын, ең алдымен Россиядағы нақ қай өнеркәсіптің және оның қаншалықты дәрежеде капиталистік өнеркәсіп болып келе жатқанын ашып алу керек. Мәселен, майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі мәліметтерді өңдеу арқылы мен дәл осыны орындап шығуға әрекеттенген едім; қаһарлы сыншы маңғазданып жұмған аузын ашпай, осының бәрінен жалтарады және бәлсініп, мені бір орынды таптай беруге және капиталистік өнеркәсіп туралы сыңқандай мәні жоқ жалпы пікірлермен шектеле тұруға шақырады! Россияда дәл қандай шаруалардың «дербес өндірушілер» болатыны жайлы мәселе де іс жүзінде зерттелуді керек етеді, мұны зерттеу әрекетін мен өз кітабымда көрсеттім де; егер Скворцов мырза бұл мәселені жақсылап ойластырған болса, онда ол тұрақты капитал, өзгермелі капитал және қосымша құн категорияларын, ойланбай-ақ, «дербес өндіруші-шаруалар» шаруашылығына қолдануға болады-мыс деген түкке тұрғысыз сөздерді айтпаған болар еді. Қысқасы, мен белгілеген мәселелерді анықтап шыққаннан *кейін* ғана Скворцов мырзаның ұсынып отырған тақырыбын талдауға мүмкіндік туады. Менің мәселе қойысымды түзеткен болып, қаһарлы сыншы кері қарай, нақты және тарихи ерекше өмір шындығына талдау жасаудан қашып, Маркстің шығармаларын жай ғана көшіре салуға қарай шегіншектеп отыр.

Реті келгенде айта кетелік, П. Скворцов мырзаның мына бір қылығын, біздің сыншының тәсілдерін тамаша сипаттап беретін қылығын, сөз етпей кетуге болмайды. Профессор Зомбарт (дейді П. Скворцов мырза) Германияның шетке товар шығаруының Германия өнеркәсібі дамуынан артта қалып отырғанын көрсетеді. «Бұл мәліметтер,— деп түсіндіреді П. Скворцов мырза,— рынок жөніндегі нақ менің түсінігімді дәлелдеп отыр». Расында да, тауып айтылған сөз емес пе? Сквор-

цов мырза өзінің осы пікірлері арқылы бірі баудан келсе, бірі таудан келеді дейтін белгілі нақылды көз алдымызға елестетіп отыр. Жұрт өнімдерді орналастыру теориясы туралы пікір таластырады,— ал капитализм болса, крепостниктік сияқты, қосымша еңбекпен өмір сүреді! Егер осы сияқты еліктеуге болмайтын қылықтарына оның бірсыпыра ызғарлы сөздерін қосатын болсақ, сонда Скворцов мырзаның «сынын» толық күйінде елестетеміз.

Оқушының өзі-ақ төреші болсын: менің «түсінбеушілігімді» көрсету үшін П. Скворцов мырза 2279 және 2280-беттерде бірінші тараудың әр жерінен көшірме алып келтіреді, жеке сөйлемдерден жеке сөздерді іліп алады да былай дейді: «Өткізетін *орын табу, айырбас, ішкі рынок* теориясы, өткізілген өнімнің *орнын толтырарлық көз табу* және ақырында оның *орнын толтыру!* Анықтамалардың осындай дәлме-дәл болып келуі Маркстің өнім өткізу жөніндегі «тамаша» теориясын Ильин мырзаның анық түсінетіндігін көрсетеді деп ойламаймын!?» Мұның өзі Чернышевскийдің бір кезде әжуа жасаған сыны сияқты «сынның» дәл өзі ғой; ол адам «Чичиковтың басынан кешірген оқиғаларын» қолына алады да.., «Чи-чи-ков, чхи-чхи... Ах, қандай мазақы! Өткізетін орын табу, айырбас... Мұны түсінікті деп ойламаймын...» деп, «сынап-міней» бастайды [169]. Неткен қырғын сын десеңші!

Өзімнің кітабымның 14-бетінде * мен былай деген болатынмын: жеке капиталдың өндірісіне талдау жасаған кезде өнімді заттай формасы бойынша ажырату қажетті болмаған еді, бірақ қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісіне талдау жасағанда мұның өзі сөзсіз қажетті болады, өйткені соңғысында (тек осы соңғысында ғана) өнімнің заттай формасының орнын толтыру туралы ғана әңгіме болып отыр. Скворцов мырза маған Маркcті «түсінбегенсің» дейді, «еркін аударма» жасағаным үшін маған қатты сөгіс жасайды, ««Капиталдан» толық цитат келтіру қажет» деп табады да (ал келтірген цитаттарындағы айтылатыны — менің баяндап шыққаным-

* Қараңыз: осы том, 40-бет. *Ред.*

ның дәл өзі), менің мына сөздеріме килігеді: «Ал қазір», яғни жеке капиталды емес, қоғамдық капиталды ұдайы өндіруге талдау жүргізген кезде, «мәселе дәл мынада болып отыр: жұмысшылар мен капиталистер өздерінің тұтынатын заттарын қайдан алады? капиталистер өндіріс құрал-жабдықтарын қайдан алады? өндірілген өнім осы тілектердің барлығын қалай қанағаттандырады және өндірісті кеңейтуге қалай мүмкіндік береді?» Осы араны баса көрсетіп, Скворцов мырза былай деп жазады: «Менің баса көрсеткен жерлерімнен, шындығында, Маркстің теориясын емес, Ильин мырзаның өнім өткізу теориясын, Маркстің ешбір теориясымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын теорияны көруге болады» (2282). Күшті айтылған! Бірақ бұған қандай дәлелдері бар екенін көрелік. Дәлелдері, әрине, Markстен алған цитаттары, соның ішінде мынадай цитат: «Мәселе, алдымызда тұрған күйінде тікелей алып қарағанда (sic!) * мынадай: өндіріске жұмсалған капитал өзінің құнына қарай жылма-жылғы өніммен қалай алмастырылады, ал осы алмастырылу ісінің барысы капиталистердің қосымша құнды, ал қызметкерлердің жұмыс ақысын тұтынуымен қалай байланысады?» Бұдан шығатын қорытынды: «Ильин мырзаның Маркстің теориясы деп көрсетіп отырған өнім өткізу теориясының Маркстің жасаған талдауымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын жеткілікті-ақ көрсеткен шығармын дей-

* Реті келгенде аударма жөнінде айта кетелік. Скворцов мырза менің кітабымнан «... ол дамудың (өндіргіш күштер дамуының) шекшетін қоғамның абсолюттік тұтыну қабілетіне дейін» (19) (қараңыз: осы том, 48-бет. *Ред.)* деген сөздерді келтіріп, маған мынадай қатты ескерту жасайды: «Түпнұсқасында тіптен анықтан анық: «als ob nur die absolute Konsumptionsfähigkeit der Gesellschaft ihre Grenze bilde»» (2286) деген сөздер тұрғанда, Ильин мырза... аударманың өрескел болып шыққанын байқамайды». Бұл (әбден дұрыс) аударманың қай жері нашар екенін сыншы түсіндірмейді. Ал енді оның дәлдігін сипаттау үшін *оның* екі аудармасын келтіріп өтсек болғаны. 2284-бетте: «Егер жылма-жылғы өндірілетін бірқалыпты ұдайы өндіріс бір мөлшерде көрсетілетін болса, мұнымен қоса мынау да көрсетіледі...» (түпнұсқада: ist damit auch unterstellt); 2285-бетте: «Әңгіме бәрінен бұрын жай ұдайы өндіріс туралы болып отыр. Өнімдер тек өздерінің құнына қарай ғана айырбасталмайтыны кейініректе көрсетілмек» (түпнұсқада: Ferner wird unterstellt) және сондайлар. Сонымен, unterstellen көрсету деген сөз екеніне, ал wird unterstellt — болашақ уақыт екеніне, аңғал Скворцов мырза, дау жоқ, қатты сенген.

Мен бұл арада «Қазір капиталистік өндіріс әдісі егіншілік өнеркәсібіне теңеліп келеді» (2293) деген сөздерді де біздің алдымызға тартатын қаһарлы сыншының сөз қолдануын әңгімелеп отырған жоқпын.

мін» және т. т. Маған тек тағы да: расында да тауып айтылған сөз емес пе? деп сұрау ғана қалады. Менің айтып отырғаным мен Маркстен алынған сөздердің арасында қандай айырмашылық бар екені,— қаһарлы сыншының құпия сыры болып қала бермек. Бір-ақ нәрсе айқын: менің үлкен кінәм «еркін аударма» жасауымда немесе — сірә — мақаласының басқа бір жерінде Скворцов мырзаның айтқанындай (2287), Маркстің сөзін «менің өз сөздеріммен» баяндауымда. Тек ойлап қараңыз! Маркстің сөзін «өз сөздерімен» баяндап отыр! «Нағыз шынайы» марксизм дегеніміз «Капиталды» жатқа біліп алып, оны орынды, орынсыз болса да... Николай — он мырза à la * цитатқа келтіре беру болып табылады.

Ал осы соңғы ескертпені дәлелдеу үшін мынадай мысал келтірейік. Менде былай делінген: капитализм «кең өрістеген товар айналысының нәтижесі ғана болып табылады», ал екінші бір жерде «капитализм дегеніміз жұмыс күшінің де товарға айналған кездегі товар өндірісінің даму сатысы» делінген. Қаһарлы Юпитер бұрқан-тарқан болып ашу шақырады: «капитализмнің қандай жағдайларда пайда болатыны... азын-аулақ сауаты бар оқушының қай-қайсысына болса да мәлім» (sic!), «Ильин мырзаның буржуазиялық ой-өрісі» және тағы тағылар ызақор Скворцов мырзаның айтысын сипаттайтын өзге де керемет сөздер көп-ақ. Маркстен цитаттар келтіріледі: келтірілген цитаттың біріншісі дәл менің айтқанымдай (жұмыс күшін сатып алу және сату — капиталистік өндірістің негізгі шарты); екіншісі — айналыс тәсілі өндірістің қоғамдық сипатынан туады, ол керісінше емес, деп отыр. («Das Kapital», II. B., 93) [170]. Скворцов мырза осы соңғы цитат арқылы өз оппонентінің пікірін біржолата теріске шығардым деп ойлайды. Ал іс жүзінде ол менің қойған мәселемді басқа мәселемен алмастырды да, өзінің орынсыз цитаттар келтіруге шебер екенін дәлелдеді. Маған теліп отырған жерде мен не туралы айттым? Онда мен капитализм товар айналысының нәтижесі екені туралы, яғни капиталистік өндіріс пен товар айналысының тарихи

---

* — сияқты. *Ред.*

арақатысы туралы айттым. Ал «Капиталдың» екінші томының (капиталдың айналысы туралы мәселеге арналған томның) цитат келтірілген жерінде әңгіме не туралы болып отыр? Капиталистік өндірістің капиталистік айналысқа қатынасы туралы болып отыр; Маркс бұл арада (S. 92. II. B.) [171] қоғамдық өндіріс қозғалысының экономикалық ерекше үш формасы ретінде натуралды шаруашылықты, ақша шаруашылығын және кредит шаруашылығын қарама-қарсы қойған экономистерге қарсы шығып отыр; Маркс бұл дұрыс емес, өйткені ақша шаруашылығы да, кредит шаруашылығы да капиталистік өндірістің дамуының түрлі сатыларына тән товар айналысының тәсілдерін ғана көрсетеді дейді де, *бұл экономистердің* «буржуазиялық ой-өрістері» туралы қорытынды ескерту жасайды. Скворцов мырза Маркстің соңғы сөзін іліп алып, ол сөзді натуралды, ақша жәпе кредит шаруашылықтарының арақатысы туралы әңгіме ету ойына да кірмеген өзінің оппонентіне қарсы қайталап айтуды «нағыз шынайы» марксизм деп ойлайды. Бұл арада «түсінбеушіліктің» кімге тән екенін және мұндай қылықтардың әдебиеттің қандай сортына жататынын оқушымыздың өз төрелігіне береміз. Қаһарлы сөздердің тасасында Скворцов мырза мәселені «алмастыру моментін» ғана бастырмалата түсіп, капиталистік өндіріс пен товар айналысының арақатысы туралы мәселе жөнінде мүлдем дәнеме айтпай өте шықты. Бұл өте маңызды мәселе, мен капиталистік өндірістің ізашары ретінде сауда капиталының тарихи ролін баса көрсетіп, бұл мәселеге өзімнің кітабымда әлденеше рет қайталап оралып отырдым. Скворцов мырза бұған ешбір қарсы емес сияқты (бұл мәселе жөнінде жұмған аузын ашпай өтуіне қарағанда). Ал олай болса, капитализм — товар айналысының нәтижесі деген менің сөздерім жөнінде оның шу көтеруінің бұл арада қандай мағынасы бар? Сауда капиталы сауданың дамығанын, яғни капиталистік өндіріссіз-ақ товар айналысының болғанын көрсетпей ме екен? Сонымен, бұл мәселелер де, тағы да сол қалпында, ашулы Юпитердің құпия сыры болып қала береді.

Менің еңбегімнің теориялық бөліміне қарсы бағыттаған Скворцов мырзаның «сынын» тамамдау үшін «Товар фетишизмі» деген мақаладағы толып жатқан қаһарлы сөздер мен өрескел қателердің тағы да бірқатарын қарап шығуыма тура келеді.

Менің кітабымда былай делінген: «Капиталистік ел үшін сыртқы рыноктың қажеттігі... капитализмнің мемлекет шеңберінен асып кететін кең дамыған товар *айналысының* нәтижесі ғана болып табылатындығымен анықталады. Сондықтан сыртқы саудасыз капиталистік ұлт болады деп ойлауға болмайды, мұндай ұлт жоқ та. Бұл себептің тарихи сипаты бар екенін оқушылар көріп отырған болар» (26) *. Қаһарлы Юпитер: «мен оқушы ретінде бұл себептің тарихи сипаты бар екенін көріп отырғаным жоқ. Мұның өзі мүлдем дәлелсіз пікір» (2284) және т. т. деп «сынайды». Егер товар айналысы капитализмнің қажетті тарихи ізашары болса, онда «бұл себептің тарихи сипаты бар» екенін тағы да түсіндіріп жатудың керегі бар ма?

Капитализм жөніндегі абстракт теория үшін тек дамыған және толық қалыптасқан капитализм ғана өмір сүреді, ал оның түпкі тегі жөніндегі мәселе күн тәртібінен шығарылып тасталады.

«Ильин мырза... капиталистік қоғамда өнімді өткізу үшін... сыртқы рыноктың көмегіне сүйенгісі келеді» (2286). Мұның тағы да дәл бұдан бұрынғы тәсілдер сияқты тәсіл арқылы істелген ғажайып айла екенін менің «Этюдтеріммен» және «Россияда капитализмнің дамуымен» таныс оқушыға түсіндіріп жатуымның қажеттігі тіпті де бола қояр ма екен. Маркстен цитат келтіріледі: «... шетел саудасы бар болғаны жергілікті товарларды өзгеше тұтыну немесе заттық формасы бар товарлармен алмастырады...» [172]. Бұдан шығарылған қорытынды: «Маркстің айтып отырған пікірінің Ильин мырзаның теориясына тікелей қарама-қарсы келетінін мәселеге сын көзімен қарайтын адамдар болмаса, сауатты адамдардың қайсысы да жақсы түсінеді; сыртқы рынокта «өнімнің өткізілетін бөлігі үшін», «капиталистік

* Қараңыз: осы том, 56—57-беттер. *Ред.*

өнімнің бірінші бөлімін алмастыра алатын екінші бөлiміне эквивалент» іздестірудің қажеті жоқ (2284). Скворцов мырза-ай, керемет адамсың ғой!

«Ильин мырза... өзінің назарын капиталистік қоғамның елеулі белгілерінен басқа жаққа аударып, сонымен оны жоспарлы өндіріске айналдыра отырып,— жеке өндірістердің дамуында пропорциялықтың болуы, сөз жоқ, өндірістің жоспарлылыгын көрсетеді,— ақырында, өнімдердің сол мөлшерін ел ішінде ойдағыдай өткізіп отыр» (2286). «Сыншының» бұл жаңа тәсілі капитализм ұдайы пропорциялықты қамтамасыз етеді-міс деген пікірді маған телуге негізделген. Ұдайы, сапалы түрде, қолдап отырылған пропорциялық, шындығында да, жоспарлылықты көрсеткен болар еді,— бірақ, «үнемі болып отыратын ауытқулардың ішінен орташа мөлшер ретінде ғана белгіленетін» пропорциялық жоспарлылықты корсетпейді (Скворцов мырза цитат келтіріп отырған жерде мен дәл осыны көрсеткен болатынмын). Пропорциялықты (немесе сәйкестілікті) теория *«белгілейді»*, бірақ іс жүзіне келгенде бұл *«үнемі бұзылып отырады»*, капиталды бөлудің бірінің орнына екіншісін алып, пропорциялық жасау үшін *«дағдарыс қажет болады»*, деп мен тура айтамын (баса көрсетілген сөздердің барлығы да Скворцов мырза цитат келтіріп отырған сол 26-бетте *). Мынадай сұрақ туады: *үнемі бұзылып отыратын* пропорциялықты жасау үшін капитализмге *дағдарыс қажет*, деп отырғап қарсыласына, кітаптың дәл сол беті мен сол абзацына сүйеніп, оған капитализмді жоспарлы өндіріске айналдыру ниетінде деген пікір тағатын сыншы туралы сонда не ойлауға болады??

## II

Скворцов мырзаның мақаласының екінші бөліміне, менің кітабымда келтірілген және талдау жасалып отырған нақты деректерді сынауға арналған бөліміне көшейік. Тым болмағанда осы арадан, Скворцов мыр-

* Қараңыз: осы том, 56—58-беттер. *Ред.*

заның әдейілеп шұғылданған мәселелері саласынан сәл де болса елеулі сын да кездестірмес пе екенбіз?

Қоғамдық еңбек бөлінісі товар шаруашылығының негізі және ішкі рынокты құрудың негізгі процесі болып табылады,—деп Скворцов мырза менің сөздерімді цитат етіп келтіреді — «ал жай ғана «еңбек бөлінісі», қоғамдық еңбек бөлінісі деп ұқпау керек, мануфактураның негізі болып табылады...» Осылай «мысқылдамақ болып» сыншы қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі мен шеберханадағы еңбек бөлінісі арасындағы негізгі айырмашылықты түсінбейтінін көрсетіп отыр: қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі (товар шаруашылығы жағдайында — менде тікелей көрсетілген шартты туғызады, ал Скворцов мырзаның үндістер қоғамындағы еңбек бөлінісін ескертуі бұл автордың Маркстің осы мәселеге қатысы жоқ пікірлерін үзінді етіп келтіруге масқара әуестігін көрсетеді) айырбасқа түсетін түрліше өнімдерді өз бетімен бір-бірінен тәуелсіз өндіретін оқшауланған товар өндірушілерді туғызады; шеберханадағы еңбек бөлінісі өндірушілердің қоғамға қатынасын өзгертпей, бар болғаны олардың шеберханадағы жағдайларын қайта өзгертіп отырады. Менің ойымша, дәл осы себептен де Маркс кейде «қоғамдық еңбек бөлінісі» * туралы, кейде жай ғана еңбек бөлінісі туралы сөз ететін болуы керек. Ал егер Скворцов мырза бұдан басқаша ойлайтын болса, онда зілді, бірақ мағына атаулыдан жұрдай пікірлерді жаудырмай-ақ өзінің ой-пікірін баяндап, түсіндіріп өтуі керек еді.

«Еңбек бөлінісі тіпті де мануфактураның айрықша белгісі емес, өйткені фабрикада да еңбек бөлінісі болады» .

Өте жақсы, Скворцов мырза! Бірақ менде мануфактураның фабрикалардан айырмашылығы тек осы белгімен ғана көрсетілген бе? Егер «мануфактураның ай-

* «Капиталдың» бірінші томының мануфактура туралы мәселеге арналған он екінші тарауында: «Мануфактура ішіндегі еңбек бөлінісі мен қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі» деп аталатын ерекше параграф бар. Осы параграфтың бас шенінде Маркс былай дейді: «Мануфактуралық еңбек бөлінісі мен товар өндірісі атаулының жалпы негізі болып табылатын қоғамдық еңбек бөлінісінің арасындағы қатынастарға қысқаша тоқталамыз» («Das Kapital», I², S. 362) [173]. Біздің ашулы Юпитердің қылығын осы пікірмен салыстырудың сабақ боларлық нәрсе екені рас емес пе?

рықша белгілерін» менің дұрыс не бұрыс түсінетінімді сыншы аздап болса да білгісі келсе (бұл — өте қызықты және алғаш қарағанда қарапайым мәселе сияқты көрінгенімен тіпті де олай емес), онда сөз болып отырған параграфта айтылғандар жөнінде ол үндемей өте алар ма еді; менде тура былай делінген: «Мануфактура туралы Маркс белгілеп берген ұғымның негізгі белгілерін біз басқа жерде айтып өткен болатынбыз — «Этюдтер», 179 *» (297 **, 1-ескерту)? «Этюдтерде» еңбек бөлінісі толып жатқан басқа белгілердің *бірі* ретінде ғана көрсетіледі. Демек, Скворцов мырзаның мақаласын оқыған адам менің көзқарастарым жөнінде мүлдем бұрмаланған түсінік алып, ал сыншының өз көзқарастары жөнінде мүлдем ешқандай түсінік ала алмаған болар еді.

Одан әрі. «Майдагерлік» кәсіпшіліктер деп аталатын толып жатқан кәсіпшіліктерді орыс капитализмінің мануфактуралық сатысы етіп көрсету әрекеті, егер қателеспесем, менің кітабымда *тұңғыш рет* жасалынып отыр, әрине, мен бұл мәселені толық шешіліп болған мәселе деген пікірден, әлбетте, (әсіресе, бұл мәселе менде белгілі бір ретте арнайы көзқарас тұрғысынан қаралып отырғандықтан) аулақпын. Сондықтан мен өз көзқарасыма сын айтылуын алдын ала-ақ күткенмін, кейбір орыс марксистері қазірдің өзінде-ақ бірқатар өзгеше пікірлер білдіргендіктен менің ондай сынды күтуіме үлкен негіз де болды, оны зор ынтамен күттім де (қараңыз: «Россияда капитализмнің дамуы», 437-бет ***, ескерту). Бұл мәселеге П. Скворцов мырза қалай қарады? Оның «сыны», өзінің қысқаша түрде зілді келуі жағынан, түгелінен керемет ақыл айтушылыққа саяды — «өндірістің белгілі бір саласында белгілі бір жылдардағы жалдама жұмысшылардың санын, өндірілген өнімдердің сомасын қалай болса солай санап шығумен» (2278) шектелмеу керек дейді. Егер оның бұл ақылы менің кітабымның фабрика-завод статистикасы туралы мәселеге арналған бөлімі жөнінде берілген ақыл болма-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 433—434-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 417-бет. *Ред.*

*** Қараңыз: бұл да сонда, 602-бет. *Ред*

са (Скворцов мырза бұл туралы дәнеме де айтпай отыр), онда ол дәл мануфактура жайындағы тарау жөнінде берілген ақыл болуға тиіс, өйткені бұл тараудың жартысынан көбі нақты мәліметтерден тұрады. Қалай еткенде бұл мәліметтерді қолданбауға болатынын,— бұл құпия сырды қаһарлы сыншы ашып бермейді, сөйтіп мен оқушының: менің көзқарасым орыс мәліметтерін зерттеуге негізделмей, «Капиталдан» «цитат келтіруге» негізделген екен деп ойлауына сылтау тауып бергеннен гөрі мәселенің баяндалуы жалаңырақ болып шыққан деген кінәға кездескенім тәуір болар деген пікірімнен таймаймын. Егер Скворцов мырза менің есептерімді «қалай болса солай» санап шыққандық деп тапса, онда осы мәліметтер бойынша VI тараудың 2-жартысында жасалған және VII тараудың XII параграфында қайталанған менің қорытындыларымды оның дұрыс деп таппағаны ғой? — демек бұл мәліметтер: 1) техниканың, 2) экономиканың және 3) мәдениеттің ерекше укладымен сипатталатын кәсіпшіліктердің ерекше құрылысын көрсететіндігімен оның келіспегені ғой? Қаһарлы Юпитер өзінің «сынында» бұл туралы бір де сөз айтпаған, егер оның сынының зілді сөздерін алып тастасақ, ол сында тіпті ешқандай мазмұн да қалмайды. Мұның өз олқылау жатыр ғой, аса құрметті Скворцов мырза!

Товар шаруашылығын дамыту ісінде шаруалардан алынатын алым-салықтардың ролі туралы мәселеге көшейік. Мен былай дегенмін: алым-салықтар бір кезде айырбастың дамуының маңызды факторы болған, бірақ қазіргі кезде товар шаруашылығының күшейіп алғаны соншалық, алым-салықтардың бұл маңызы «әлдеқайда кейінге ығысып барады». Скворцов мырза «товар фетишизмі», барлығын біріктіру керек, «құдіреттілік», товар өндірісінің құдіреттілігі және тағы сондай деген бишара және жиреніштi сөздерді түйдек-түйдегімен айтып, бұған да килігіп отыр,— бірақ амал бар ма!— күшті сөздер менің қорытындымды теріске шығаруға қаһарлы сыншының дәрменсіз екенін ғана бүркемелейді. «Тіпті Каутский мырза да,— деп жазады Скворцов мырза,— көпшілік жағдайда Ильин мырза онымен пі-

кірлес болып отыр...» («товар фетишисімен» «пікірлес», «Капиталды» бүтіндей түсінбейтінін көрсеткен және мезі болған «буржуазиялық ой-өрісті» Ильин мырзамен пікірлес болып отырған бишара «Каутский мырза-ай»! Ол «нағыз шынайы» марксистің соққысынан көтеріле алар ма екен?)... «тіпті ол да шаруалардың мойындағы заттай міндеткерлікті ақшалай міндеткерлікке айналдыру шаруалардың ақшаны керексінуін арттыра түседі дейді» (2288). Тіпті жақсы, қаһарлы сыншы мырза, бірақ шаруалардың басқа ділгерліктері мен мұқтаждарына кететін шығынымен салыстырғанда *шаруалардың ақшалай шығынында* алым-салықтардың қандай роль атқаратыны туралы мәселеге мұның мүлдем қатысы жоқ қой. Каутский *бұл* мәселені *көтеріп те отырған жоқ* — Скворцов мырза өзінің орынсыз цитаттар келтіре беретін тамаша талантын тағы да сол қалпында танытып отыр. «Негізгі мәселе,— деп Скворцов мырза өзінің екінші дәлелін ұсынады,— тіпті бюджет мәліметтері арқылы да анықталмаған мәселе, мынаған келіп тіреледі: мойнындағы алым-салықтарын төлеу үшін аты жоқ шаруа 25 сомды қайдан алады» (ақшалай шығынның 25 *процентін*, 100 сомнан 25 сомды Скворцов мырза тек 25 сомға айналдырып отыр!) «ал аты бар шаруа 10 сомды қайдан алады? дегенге тіреледі — бірақ шаруалардың барлық ақшалай шығындарында алым-салықтар табыстың қанша бөлігі (?) болады дегенге әсте тірелмейді». (2290). Мен Скворцов мырзаның тамаша жаңалық ашқаны үшін: қарсыласып түп тамырымен жоқ қылатын «ғылыми сынның» ең жаңа, ең оңай әдісін ашқаны үшін патент алуына кеңес беремін. Сіздің қарсыласыңыз өзінің кітабының неше жүздеген беттерінің бірінде басқа мәселелермен бірге бүкіл ақшалай шығынның ішінен шығынның алым-салықтарға келетін үлесі туралы мәселені де қойып отыр; осы араны цитатқа келтіріп, қарсыласыңызға *екінші бір* мәселені көлденең тарта қойсаңыз болғаны,— сонда сіз аты жоқ кедей шаруаның 25 сомды қайдан алатынына ой жүгіртіп қарамайтын, мейірімсіз қарсыласыңыздың «товар фетишисі» екенін тамаша дәлелдеп шығасыз! Ал содан соң, алым-салықтардың табысқа қатысы туралы,

табыстардың құрамы және түсер көзі туралы айтылатын кітаптың басқа беттерін қарамай-ақ қоюыңызға болады, мұнымен қарсыласыңыздың «буржуазиялық ойөрісті» адам екенін тағы да дәлелдеп шығасыз. Расында да, патент алыңыз, Скворцов мырза!

Скворцов мырзаның осы жаңалықпен қалай пайдаланатынының тағы бір үлгісі мынадай. Мен оқушының мынаған назар аударуын өтінемін: «ғылыми сынның» мұндай дөрекі үлгілері — еш жерде кездеспейтін бірден-бір үлгі.

Мәселе әлі де сол 101-бет * туралы болып отыр, онда шаруалардан алынатын алым-салықтар туралы мәселе жөніндегі бюджет мәліметтері сөз болады. Шаруаның ақшалай шығынындағы алым-салықтардың ролін көрсете келіп, мен былай деймін: «Егер біз алым-салықтардың айырбасты дамытудағы ролі туралы сөз етпей, олардың табысқа қатынасы туралы сөз ететін болсақ, біз бұл қатынастың өте жоғары екенін көреміз. Реформаға дейінгі заман дәстүрлерінің қазіргі шаруалардың мойнына қаншалықты салмақ болып түсіп отырғаны ұсақ егіншінің немесе үлесті жері бар батырақтың жалпы шығынының жетіден бір бөлігін алатын алым-салықтардың жойылмай келе жатқанынан аса айқын көрініп отыр. Оның үстіне қауымның ішіндегі алым-салықтардың бөлінуі тіпті де біркелкі емес көрінеді: шаруа неғұрлым әлді болса, алым-салықтары да барлық шығынының соғұрлым аз бөлігі болады. Аты жоқ шаруа өзінің табысына қарағанда, көп аты бар шаруалардан үш есе дерлік көп төлейді (шығындардың бөлінуі туралы жоғарыдағы кестені қараңыз)...» Өзінің оқып отырған нәрсесіне аз да болса мұқият қарайтын оқушының қай-қайсысы да, өзінен-өзі, мынадай сұрақ беруге тиіс еді: бюджеттер әр түрлі қауымдардың ғана емес, тіпті әр түрлі уездердің де шаруаларының шаруашылықтарына қатысты болып отырғанда, алым-салықтардың қауым ішінде бөлінуі туралы мен неге сөз қозғап отырмын? Мүмкін, бөлістің біркелкі еместігі бұл жерде кездейсоқ шығар,— мүмкін, ол қалыпты бюджет-

* Қараңыз: осы том, 160-бет. *Ред.*

терді жасау үшін шаруашылықтары негізге алынған түрлі уездердегі немесе түрлі қауымдардағы үлесті жердің бір десятинасына салынатын салықтың түрліше болуына байланысты шығар? Міне сондықтан, осы сөзсіз айтылатын қарсылықты болғызбау үшін мен әлгі айтқандарыма іле-шала мынадай түсінік беріп отырмын: *«...Біздің қауым ішінде алым-салықтардың бөлінуі туралы сөз етіп отырған себебіміз — алым-салықтар мен міндеткерліктің мөлшерін үлесті жердің 1 десятинасына шағып есептегенде, олардың мөлшері теңеліп қалады деуге болады...»* Егер сыншының осы сөздерді талдап қарағысы келсе, онда ол 96-беттегі * шағын кестені (1 шаруашылыққа келетін алым-салықтар мен міндеткерліктің мөлшері) 102-беттегі ** шағын кестемен (1 үйге келетін үлесті жердің мөлшері) тек салыстырып өтуі керек еді, сонда бюджеттік шаруашылықтар түрліше қауымдарға, тіпті түрліше уездерге тән шаруашылық бола тұрса да, бюджет мәліметтері бойынша 1 десятина үлесті жерге келетін алым-салықтар мен міндеткерлік мөлшерінің, шынында да, теңбе-теңге жуық *дерлік* болатындығына оның көзі жеткен болар еді.

Міне, осылайша сыншы мырза өзінің оппонентін *қандай тәсілдермен* мұқатып отырғанын көруіңізге болады. Ол алым-салықтардың 1 десятина үлесті жерге есептелгендігі туралы менің баса көрсеткен сөздеріме жармасып отыр; бұл сөздердің *тек бюджет мәліметтеріне* ғана қатысы бар екенін *байқамайды* (sic!), бұл сөздерге жалпы алғанда бүкіл орыс шаруасында 1 десятина үлесті жерге келетін алым-салықтардың мөлшері теңбе-тең дерлік деген мағына береді; осы соңғы «қорытынды» үшін мені земстволық статистикалық басылымдармен таныстығы жоқ деп дандайсып әшкерелеген болады және әр түрлі қауымдарда, болыстарда, уездерде 1 десятина үлесті жерге келетін алым-салықтардың мөлшері әлдеқайда тең емес деген (жалпыға мәлім) фактіні дәлелдеу үшін шағын екі кестені мысалға келтіреді. Осылайша, айла жасап, сыншы мұның үстіне тағы былай дейді: «Шынында, бірдей *мөлшерде* үлесті жер алған

* Қараңыз: осы том, 154-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 161-бет. *Ред.*

қауымның ішінде төлемдердің мөлшері теңбе-теңге жуық емес, тегі тең болар. Әңгіменің бүкіл түйіні мынада: Ильин мырза өзінің дәл қай қауым туралы айтып отырғанын білмейді. Ильин мырзаның земстволық статистикалық мәліметтеріне қиянат етуіне тыйым салу үшін» және т. т... (2292). Ғылыми әдебиеттеп осындай сынның басқа бір үлгісін табуға бола қояр ма екеп, мен өте-мөте осыны білгім келеді.

Скворцов мырзаның мендегі келтірілген бюджет мәліметтерінің бүтіндей «жарамсыздығын» «дәлелдеп шыққан» тәсілдерімен таныса келіп, біз сыншының бюджет мәліметтерін қолданудың өзіне оның наразы екенін білдіретін пәрменді (және пәрменсіз) сөздерін, сірә, елемей де кете аламыз. Бюджеттер туралы *жалпылама* мәліметтердің болуын талап еткенде Скворцов мырза, сірә, мәселеге қатысы жоқ тағы бір нәрсені айтып отырған болар, өйткені *нақты* шаруашылықтардың мен қолданған сипаттамасы ешқашан да жалпылама *болмайды және бола да алмайды.* Нақты шаруашылықтардың бюджеттерін көрсететін әдебиетті мен сынға алынып отырған параграфтың бас шенінде көрсеткенмін, сондықтан егер сыншы менің көрсеткендерімді толықтырса немесе түзеп шықса, мен, әлбетте, сыншыға тек разы болар едім. Бірақ Скворцов мырза істің мәніне бармай тек «сынай беруді» біледі! Бюджет мәліметтері мен «жалпылама мәліметтер» бойынша (менің кітабымның 102-беті *) аты жоқ 1 үй мен бір аты бар 1 үйге келетін семьяның, егістіктің, аренданың, мал санының орташа мөлшерін салыстыру арқылы бюджеттердің типтілігін дәлелдеу әрекетін қаһарлы сыншы тек «күлкілі нәрсе» деп атап отыр; не себептен солай атап отыр — белгісіз; бәлкім, бір «сыншының» Чичиков деген сөзді күлкілі сөз дегеніндей себеппен солай атап отырған болар? Бюджеттердің «тіпті болмай отырған бір себебі сол... астықты... күзде сатып, көктемде сатып алушылық Воронеж губерниясында өте сирек кездесіп келген, ал бүкіл Россия көлемінде» мұндай сатып жіберушіліктің болғандығын Ник.— он мырза дәлелдеген

* Қараңыз: осы том, 162-бет. *Ред.*

сияқты (2291). Les beaux esprits se rencontrent * деп орынды айтылуы тегін емес: «нағыз шынайы» марксист Павел Скворцов мырза «нағыз шынайы» марксист Николай — он мырзаның пікірлері мен земстволық статистика мәліметтерінің арасында қайшылық бар екенін кездестіре отырып, мәселені ешбір бұлтармастан мәліметтер типті мәлімет емес деп шешеді, ал Ник.— он мырзаның айтқан сөздерін қате немесе өте жалпылама айтылған деп ойлауды ескермейді. Ал содан кейін: астықты күзде сатып жіберіп, көктемде қайта сатып алу мәселесінің бюджеттердің типтілігі туралы таласқа қандай қатысы бар, өйткені мен бұл мәселені талдау үшін оны әсте пайдаланған жоқпын ғой?

## III

Орынсыз таңылған пікірлерді әшкерелеу және түсіндіру сияқты абырой әпермейтін жұмыстан кейін, ақырында, жөні бар дәлелді ескертпелерді есіту, сірә, Скворцов мырзаның өте-мөте дәлелді деп тапқан зілді сөздермен («фетишизм», «бүтіндей түсінбеушілік») тұжырымдала тұрса да, сыншының өз көзқарастарының тура баяндалғанын көзбен көрмей, оларды көбінше жорамалдап ұғынуға тура келсе де, осындай жөні бар қарсы пікірлерді есіту жақсы екен. Менің көзқарасым «бүкіл шығарманың өн бойынан мейлінше айқын көрініп отырды» деп Скворцов мырза әбден дұрыс айтып отыр.

Біздің пікір таласымызды айқынырақ көрсету үшін бір-біріне қарама-қарсы көзқарастардың айрықша екі ұғымын салыстырып өтемін: Скворцов мырза, тегі, шаруалар азат етілген кезінде жерді неғұрлым аз алған болса, және олар оны неғұрлым қымбатқа алған болса, Россияда капитализмнің дамуы соғұрлым тездеген болар еді деп ойлайды, (сайып келгенде, бұл оның қарсы пікірлерінен туып отыр). Мен керісінше деп ойлаймын: *шаруалар азат етілген кезінде жерді неғұрлым көп алған болса және олар оны неғұрлым арзан алған болса,*

* — ұлы жандар бірін-бірі ұғыныса қояды. *Ред.*

*Россияда капитализм соғұрлым жылдам, кең және еркін түрде дамыған болар еді,* халықтың тұрмыс дәрежесі соғұрлым жоғары болар еді, ішкі рынок кең болар еді, өндірісте машиналар қолдану соғұрлым тездеген болар еді, бір сөзбен айтқанда, Россияның экономикалық дамуы Американың экономикалық дамуына көбірек ұқсаған болар еді. Менің байқауымша, осы соңғы пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін мынадай екі жағдайды көрсетіп өтумен шектелемін: 1) жердің аздығы мен алым-салықтардың ауырлығы салдарынан біздің бірталай көптеген ауданда жеке меншікті шаруашылықтың жұмыспен өтеу жүйесі өрістей түсті, яғни әсте де капитализм емес, тікелей крепостниктіктің* қалдығы өрістей түсті; 2) дәл біздің шет аймақтарда, не крепостниктік право тіптен бимағлұм, не бәрінен де нашарлау болған жерлерде, жер аздығынан, жұмыспен өтеуден, алым-салықтардың ауырлығынан шаруалар оншама көп азап көрмей отырған жерлерде, дәл сол жерлерде егіншілікте капитализм барынша өрістеді. «Қоғамдық формацияның бір түрінен екіншісіне ауысу жағдайларын» талдау үшін мұндай салыстыру қажет болады; ал Скворцов мырза мені осы жағдайларды елемеді деп маған әбден қаһарын төгіп, дәлелсіз кінәлап отыр.

Скворцов мырзаның біздің шаруалар шаруашылығындағы болып жатқан экономикалық процестер жөніндегі көзқарастарының әбден оғаштығы оның қоныс аудару туралы және орта ғасырлық межелерді капитализмнің қиратуы туралы пікірлерінен де байқалып отыр. Менің Павел Скворцов мырзаны Николай — он мырзамен салыстыруым дұрыс емес пе? Оның екеуі де қоныс аудару туралы мәселені шешкенде, қоныс ауда-

* Реті келгенде айта кетейік. Осы соңғы қағиданы (жұмыспен өтеу — крепостниктіктің қалдығы дегенді) мен өз кітабымда ашықтан-ашық көрсетіп отырмын. Скворцов мырза бұл туралы сөз қылмай, менің — жұмыспен өтеушілік, тегінде, «Русская Правдадан» бері қарай келеді деген ескертпемді алады да, сол жөнінде: бұл жерде Ключевскийден цитат та келтірілген, XII ғасырдағы ішкі рыноктар да, товар фетишизмі де осында және менде «товар өндірісі «Русская Правдадан» бастап (sic!) тарихтағы керемет күштің негізі, барлық жайды түсіндіретін негіз болып табылады» дейтін дәлелдеме де бар (sic!!) дегенді айтып, бұлқан-талқан болады. Мұның өзі, сірә, дәл осы «чхи-чхи» тәрізді сын болар, бұл сынға мен мұнысыз да мақаламның бас жағында әбден көп тоқталған шығармын деймін.

ру істеріне «маңыз беретін» көзқарастарға қарсы бағытталған тым қарапайым және мүлдем теріс пікірлер арқылы «шешеді». Бірақ мұндай қорытынды тек нағыз дөрекі... я айтпақшы, «нағыз шынайы» марксизмге, мүлдем дерексіз... жалпы дәлелдермен қанағаттанатын марксизмге ғана жарамды қорытынды ғой. Қоныс аударуға «маңыз беру» дегеніміздің өзі не? Егер бұл сөздерді дәлме-дәл мағынасында түсінсек, онда ақылы түзу, есі дұрыс экономистің бірде біреуі жылма-жыл болып отыратын қоныс аударуға *маңыз бермей* тұра алар ма екен. Егер бұл сөздерді әдейі *капитализм* мағынасында түсінетін болсақ, онда Скворцов мырза, біріншіден, менің пікірімді бұрмалап отыр, өйткені мен оның цитат келтіріп отырған жерінде оған тура қарама-қарсы пікір айтып отырмын. Екіншіден, Россияның экономикалық құрылысы мен дамуының ерекшеліктерін зерттеуді өз міндетім деп танитын (Маркстен бастап аяқ цитат келтіруді, көбінесе тіпті орынсыз цитат келтіруді ғана емес) экономистің мынадай сұрақ қоюы қажет: Россиядағы қоныс аудару дәл қандай әсер етіп отыр? Бұл мәселені әдейілеп зерттемей тұрып, мен Скворцов мырзаның айтып отырған жерінде: шаруалардың жіктелуі жайындағы мәселе туралы менің қорытындыларым Гурвич мырзаның * қорытындысымен толық үйлеседі дегенмін. Оның үстіне, мен кітаптың басқа жерлерінде де қоныс аудару туралы мәселеге сан рет оралып отырдым. Мүмкін, менің бұл көзқарасым дұрыс емес шығар, бірақ Скворцов мырза істің мәнісін қаһарлы айқай-шумен бүркемелеп, оны түзету немесе толықтыру үшін тіпті дәнеме де істемей отыр. Одан соң, менің ескертпелерім Скворцов мырзаға «товар фетишисі қазір өзінің фетишінің керемет күшіне сеніп отыр» (sic!) деп қорытынды жасауға себеп болып отыр. Міне, шындығына келгенде, «көзін жойды» деген осы! Бірақ, аса құрметті сыншы мырза, сіз менің пікірлерімді теріске шығара аласыз ба? Өзіңіздің *нақты* пікірлеріңізді

* Реті келгенде Гурвич мырза туралы айта кетейін. Екі кітаптың авторы және әр түрлі журналдардың қызметкері ретінде маркстік әдебиетте белгілі болып жүрген осы жазушының «қорытындыларына» дәлелсіз және менменсінген жиіркеніштi көзқарасы арқылы Скворцов мырза тек өзінің өзім білемдігін ғана көрсетеді.

көпшіліктің талқысына неге салмайсыз, *ең болмаса бір* уезд жөніндегі мәліметтерді болса да неге талдап шықпайсыз? Земстволық статистикамен әдейілеп шұғылданатып адам үшін мұның өзі әбден заңды іс болар еді ғой! Сондықтан, мен Скворцов мырзаның кімді болса да қорқыта алатын — бұған кімнің күмәні бар? — зілді сөздеріне (фетишизм, керемет күш) қарамастан, осы пікірімде қаламын *.

Ақырында, істің шын мәні туралы Скворцов мырзамен сөйлесуге *болатын* ең соңғы мәселе — шаруалар туралы земстволық-статистикалық мәліметтерді топтау жөніндегі мәселе. Скворцов мырза земстволық статистикамен әдейілеп шұғылданған болатын және, егер біз қателеспесек, шұғылданып та отыр: сондықтан одан фактілерге негізделген және осы даулы, өте маңызды мәселені түсіндіретін нұсқаулар күту орынды еді. «Біз үлесті жерге қарай топтауды limine — теріс деп тауып, тек қана шаруашылықтың жағдайларына қарай (жұмыс көлігіне қарай; егіс көлеміне қарай) топтауды қол-

* «Капитализмге дейін егіншілік Россияда біреулер үшін мырзаның ісі, бай-батшаның ермегі болып келді, екінші біреулер үшін — міндет, ауыртпалық болып келді» (қараңыз: осы том, 338-бет. *Ред.)* деген менің сөздерімнен Скворцов мырзаның ойынша: «бүтін қоғамдық формация, өндірістің крепостниктік әдісі тек қана төренің ойыншығы болған екен» деген мағына туады-мыс. Жоқ, Скворцов мырза, бұл әлі тіпті де «болғап екен» дегендік емес, өйткені мен тиісті жерінде: «крепостниктік шаруашылық белгілі дәрежеде дұрыс және аяқталған система болды» (129) (қараңыз: осы том, 198-бет. *Ред.*) деген болатынмын, ал бұл жерде осы системаның белгілерінің *ішінен біреуін* ғана сипаттадым. Помещиктік шаруашылықта «бай-батша ермегінің» элементі болғанын, мұны жұрттың бәрі де «крепостниктік немесе кіріптарлық деревняның Обломовтарының» (152) (қараңыз: 230-бет. *Ред.)* әйгілі типтерін есіне алған адам оп-оңай көреді; — мұны: «бай-батшаның ермегі» (148) (қараңыз: 224-бет. *Ред.*) деген сөзді айтып, енгізіп отырған земство статистиктері де көрсетіп отыр: — мұны тіпті Россияда ауыл шаруашылық машина жасау өнеркәсібінің дамуындағы дәуірлердің бірі жөніндегі мәліметтер де дәлелдеп отыр: помещиктердің шетелдерден жұмысшыларды да, машиналарды да жай алдыра салса болғаны деген әрекеттері (130 және 153) (қараңыз: 200 және 232-беттер. *Ред.)* «төренің ойыншығынан» басқа еш нәрсе емес.— «Вотчина иесіұлықты» (П. С. мырза бұл категорияны «крепостниктік право құрылғанға дейінгі» дәуірге ғана қолдануға болады деп қате ойлайды; ол категория крепостниктік право дәуіріне де қолданылады) «және тәуелді шаруаны капитализмнің қай уақытта және қай жерде өнеркәсіпшіге айналдырғанын, амал не, Ильин мырза айтпай отыр» (2293). Бұл туралы мен кітабымның II тарауында да, III таруында да, әсіресе IV тарауында айтқанмын, онда егіншіліктің дәл *сауда-өнеркәсіп* орнына айналуы туралы әңгіме болып отыр. Бұл процесс жөніндегі менің айтқандарымның толықтырулар мен түзетулер енгізуді керек ететіні әбден мүмкін нәрсе; байсалды және іске кәнігі сыншының қай-қайсысының болса да бұларды істей алатындығына мен күмәнданбаймын, бірақ амал не, Скворцов мырза істің мәнін қарапайым зілді сөздермен мүлдем бүркемелеп тастайды. Ал бұл тым аз емес пе!

данамыз» — деп жазғанмын мен — ал бұдан кейін мен үлесті жер иелігінің (қауым ішіндегі) теңбе-теңдігін күнделікті тұрмыстың бұзып отырғаны себепті біздің земстволық статистикада әбден өріс алып кеткен үлесті жерге қарай топтау ісінің мүлдем жарамсыз екенін көрсеткен болатынмын; бұл жөнінде үлесті жерлерді жалға беру, пайдаланбай қалдыру, жерді сатып алу мен арендаға алу, егіншілікті сауда-өнеркәсіп орындарымен ұштастыру және жалданып жұмыс істеу сияқты жалпыға мәлім және ешкім қарсы дау айта алмайтын фактілерді еске түсірсек болғаны. «Экономикалық статистика топқа бөлудің негізіне қажетті түрде *шаруашылықтың көлемі мен типтерін* алуға тиіс» (60)*. Скворцов мырзаның «сыны» мынадай: «Ильин мырза шаруалар туралы статистикалық мәліметтерді үлесті жеріне қарай топтауға разы емес. Статистикалық мәліметтерді топтаудың екі түрі бар (sic!). Біреуі тарихи топтау, мұнда ревизиялық жан басына келетін үлесті жердің мөлшері тең қауымдар (!) біртұтас болып жинақталады, ал екіншісі, нақты топтау, мұнда тең үлесті жері бар шаруалар шаруашылықтары, олар қандай қауымдікі болса да, біртұтас болып жинақталады. Тарихи топтаудың маңыздылығы сол — ол шаруалардың крепостниктік қоғамнан капиталистік қоғамға қандай жағдайларда көшкенін айқын көрсетіп береді...» және т. т. осы, жоғарыда қаралып өткен, тақырып жөнінде де осылай дейді... «Ильин мырзаның ұсынып отырған топтауы... біздің шаруалардың бір қоғамдық формациядан екінші формацияға көшу жағдайларының тарихи түсінігін біржола шатастырады. Ильин мырзаның ұсынысы, Германиядағы істеліп отырғандай бәрінен бұрын кәсіпшілік санақтарына (sic!) қатысты болу керек» (2289). Мұның өзі — Скворцов мырзаның өз мамандығына қатысты мәселе жөніндегі және, қалай болғанмен де, Маркстен «цитат келтіруге» болмайтын мәселе жөніндегі сынының бір үлгісі. Мен *үй басы* мәліметтерін топтау туралы айтып отырғанымда, *қауымдарды* «тарихи» топтау жайындағы осы пайымдаулардың бұған не қатысы бар?

* Қараңыз: осы том, 101-бет. *Ред.*

Қазіргі кездегі *үй басы* мәліметтерін топтау ісі қауымдар жайындағы көптен анықталған тарихи деректерді қандай керемет жолдар арқылы «біржола шатастыра» алады? Бұл мәселе жөнінде «тарихи» деген сөзді Скворцов мырзаның *тарихтан сырт айналып* отырғандығы себепті ғана қолдануға правосы болып отыр: егер ревизиялық жан басына келетін үлесті жер мөлшеріне қарай қауымдарды топтау бұдан 40 жыл бұрынғы тарихқа қатысты болса, онда біздің көз алдымызда өте тездікпен өтіп жатқан нәрселердің бәрі де тарих қой. Одан соң, егістігіне қарай, жұмыс көлігіне қарай, қызметшілеріне қарай, батырақтарына қарай, үйге иелік етуіне және басқаларына қарай *топтаудың өте көп екені* жұрттың бәріне мәлім болып отырғанда, земстволық статистикамен шұғылданып жәпе барлық нәрселер туралы көрегендікпен әңгімелеп отырған адам «топтаудың екі түрі бар» (үлесті жеріне қарай қауымдарды жәпе үлесті жеріпе қарай үйлерді топтау) деп қалай жазатыны мүлдем түсініксіз. Талас мәселенің өзі *үлесті жеріне қарай топтау нақты топтау болып табыла ма* дегенде болып отырғапда, Скворцов мырза ешбір күмән келтіруге болмайтындай және *келтірген дәлелінде ешбір саңылау* қалмағандай, үлесті жеріпе қарай топтаудың бір өзін «нақты» топтау деп қалайша жариялай алады? Шаруашылықтар арасында үлесті жерді бөлісудегі айырмашылықтың әлі де болса күні бүгінге дейін тіпті біршама едәуір «теңгермешілік» дәрежеде екенін (халықтың 26—30 процентіне келетін 20% ауқатты үйлерге әр түрлі уездерде немесе уездер топтарында 29—36% үлесті жерден тиеді), ал шаруашылықтың *нақты* көрсеткіштерінің, жұмыс көлігінің, егіс көлемінің, жақсартылған құралдардың және тағы басқалардың бөлінуінің теңгермелілігі түгелінен барлық жерлерде де *тіптен шамалы* екенін мен бірсыпыра уездер бойынша көрсетіп отырмын. Істің мәні жөнінде бір ауыз да сөз айтпаған Скворцов мырза менің қағидаларымды сынауға — тіпті балағаттауға да — амал тауып отыр.

Әлбетте, мамандығым статистик болмағандықтан топтау туралы мәселені шешуге менің ешбір ұмтылмағаным озінен-өзі түсінікті. Бірақ менің ойымша, земство-

лық статистиканың негізгі мәселелері жөнінде (ал үй басы жиналған мәліметтерді топтау тәсілдері туралы мәселе негізгі мәселенің нақ өзі болады, Скворцов мырзаның цитат келтіріп отырған жерінде мен осылай деп көрсетіп отырмын) пікір айтуға және тіпті міндетті түрде пікір айтуға тек бір ғана земство статистиктері праволы болмай, сонымен қатар барлық экономистер де праволы болу керек. Земстволық статистиканың мәліметтерін қолданбай-ақ Россияның экономикалық өмірін зерттейтін экономисті экономист деп ұғуға болмайды, ал егер земстволық статистика өз бетімен, экономистердің еңбектері өз бетімен болатын болса, онда олардың біріншісі де, екіншісі де қанағаттанарлық нәтижелерге жете алмайды. Үлесті жеріне қарай топтау қанағаттанарлық нақты топтау болып *табылмайды* дегенге келсек, мұны жұмыс көлігіне қарай да, егісіне қарай да талай-талай топтау жүргізген земство статистиктерінің өздері де ішінара мойындаған болатын; өзімнің кітабымда мен солардың осы топтауларын пайдаландым. Дәл қазір, мәселенің маңызды екенін марксистердің барлығы дерлік ерекше баса көрсетіп отырғанда және мұны өзге бағыттағы экономистер де теріске шығармай отырғанда, бұл мәселені қайта қарап шығу өте-мөте қажетті болар еді. Ал Скворцов мырза сынның орнына мына төмендегідей маңызды, бірақ мүлдем мағынасыз сөздерді алға тартады: «әрбір тілеген адам осындай жинақты қолына алып, Ильин, Постников және Гурвич мырзалардың жасаған «қорытындыларын» тексеріп шығу үшін шаруалар шаруашылығының өндірісі мен ұдайы өндірісін мұқият есепке алған земство жинақтарының ақпарлары керек» (2292). Иә, әрине, «ақпарлары керек», бірақ бұл сөздердің бос даңғыра болып қалмауы үшін және Россияның осы заманғы экономикалық құрылысы мен осы құрылыстың эволюциясы ұсынып отырған басты-басты мәселелерге ақпарлардың шын мәнісінде жауап бере алуы үшін, бұл үшін ақпарлардағы қолданылған тәсілдер туралы негізгі мәселені күн тәртібіне қойып, оны жан-жақты талқылау керек, бірақ тек земство статистиктерінің өз арасында талқыламай және әсіресе белгілі бір земстволық-статистика-

лық бюроның тек өз ішінде ғана талқыламай, сөзсіз жалпы әдебиетте талқылау керек. Өзімнің кітабымда мен бұл мәселені күн тәртібіне қойып, оны шешудің жолын белгілеуге тырыстым. Мәселенің дұрыс шешім тапқан-таппағанына, әрине, мен төрелік етпеймін, бірақ мен мынадай қорытынды жасауға еріктімін: Скворцов мырза қаншама қаһарын төксе де, бұл мәселе жөнінде дәнеме де айтқан жоқ, қайта, ешбір дәлел келтірместен, енжарлықтың қорғаушысы, 1885 жылдың өзінде-ақ ескіріп дәурені өткен көзқарастың қорғаушысы болып отыр (қараңыз: «Капитализмнің дамуы», 58-беттегі 2-ескерту *; онда мен В. В. мырзаның: «Жергілікті статистикалық басылымның жаңа типі» деген мақаласынан оның: «цифрлы мәліметтерді шаруалардың мейлінше алуан түрлі экономикалық топтарының село немесе қауым сияқты қырық құрағына емес, сол топтардың өздеріне бейімдеп пайдалану қажет» деген мойындауынан цитат келтірдім де, осы әр алуан топтар жөніндегі мәліметтерді В. В. мырзаның өзі бір рет болса да неге пайдаланбады деген сұрақ қойдым).

---

Қорытындыда, «ортодоксия» туралы бір-екі сөз айта кетелік, өйткені мұның өзі Скворцов мырзаның «нағыз шынайы» марксист ролінде сөйлесуі өзімнің позициямды, егер бұлай деп айтуға болатын болса, мүмкін қадарынша неғұрлым дәлірек анықтауды өте-мөте керек етіп отырғандықтан да артық болмас. Б. Авилов мырзаны Скворцов мырзамен ешбір теңестіргім келмесе де, алайда мен Авилов мырзаның «Научное Обозрениенің» нақ сол кітабында басылған мақаласының бір жеріне тоқталып өтуді қажет деп табамын. Postscriptum-ның ** соңында Б. Авилов мырза былай дейді: «Ильин мырза «ортодоксия» жағында (тұр). Бірақ, тегі, ортодоксия үшін, *яғни Маркстi жай түсіндіруге* де әлі орын көп...» (2308-бет). Менің астын сызған сөздерім, сірә, жай жаңсақ алынған болар деп ойлаймын, өйткені мен *ортодоксия деп әсте де Маркстi жай түсіндіруді айтып*

---

* Қараңыз: осы том, 99-бет. *Ред.*
** — қосымшалардың. *Ред.*

*отырғаным жоқ* деп мейлінше ашып айтқан болатынмын. Б. Авилов мырза айтып отырған дәл осы мақалада: «Жоқ, «ортодоксия тұрғысында» қала тұрайық, сонымыздың өзі артық!» деген сөздерден кейін былай делінген: «Ортодоксия нені болса да сеніп алуға ырық бере береді дегенге, ортодоксия сын жолымен іске асыруға, дамыта беруге жол бермейді дегенге, ол тарихи мәселелерді абстракт схемалармен тасалауға ырық бере береді дегенге сенбейік. Мұндай нағыз ауыр күнәларға батқан ортодокс шәкірттер бар болса, айып түгелдей сондай шәкірттердің мойнына ауады, тікелей қарама-қарсы қасиеттегі ортодоксияға тіпті де аумайды» («Научное Обозрение», 1899 ж., № 8, 1579-бет *) [174]. Сонымен, мен бір нәрсеге босқа сену, оны сын көзбен қарап жүзеге асыруды және дамытуды мақұлдамау дегеннің өзі барып тұрған ауыр күнә, ал жүзеге асыру және дамыту үшін «жай түсіндіру», әлбетте, жеткіліксіз деп ашық айтқанмын. «Жаңа сын толқыны» дейтінді жақтайтын марксистер мен «ортодоксия» дейтінді жақтайтын марксистердің арасындағы алауыздық мынада: олардың екеуі де марксизмді *әр түрлі бағыттарда* жүзеге асырып, дамытқысы келеді: біреулері түрлі елдердің өзгеріп отыратын жағдайларына және жергілікті ерекшеліктеріне қарай марксизмнің негізгі қағидаларын дамыта отырып, Маркстің диалектикалық материализм теориясы мен саяси-экономиялық ілімін бұдан былай да жасақтай отырып, дәйекті марксистер болып қалғысы келеді; екіншілері Маркстің ілімінің кейбір азды-көпті маңызды жақтарын мойындамайды, мәселен, философияда диалектикалық материализмді жақтамай, неокантшылдықты жақтайды, саяси экономияда — Маркстің кейбір ілімдеріне «тенденциялылықты» танушы адамдар жағына шығады және т. с. Біріншілері екіншілерді мұнысы үшін эклектизмге бой ұрдыңдар деп айыптайды, меніңше бұлай кінәлауы әбден негізді. Екіншілері біріншілерді «ортодоксальдылар» деп атайды, сондықтан, бұл сөзді қолданғанда, оны қарсы жақтардың айтыста қолданғанын, «ортодоксальдылар»

* Қараңыз: Шығармалар, 4-том, 90-бет. *Ред.*

жалпы сын атаулыны теріске шығармай, тек эклектиктердің «сынын» ғана (философия тарихында Канттың және оның ізбасарларының ілімі «критицизм», «сын көзімен қарайтын философия» деп аталатындықтан ғана эклектиктерді «сынды» жақтаушылар деп атауға правосы болар еді) теріске шығаратындығын еш уақытта да ұмытпау керек. Мен дәл сол мақаламда бірсыпыра жазушыларды да атап оттім (1569-бет, ескерту және 1570-бет, ескерту *); олар, меніңше, марксизмді эклектикалық түрде дамытушылардың өкілі емес, дәйекті және сындарлы дамытушылардың өкілі және оны осылай дамытуда — философия саласында да, саяси экономия саласында да, тарих пен саясат саласында да — мәселен, Зомбарттың немесе Штаммлердің ** істегендерінен гөрі әлдеқайда көп істер істеді, ал бұлардың эклектикалық ой-өрістерін жай ғана қайталағандықтың өзін осы кезде көптеген жұрт алға қарай зор адым жасағандық деп санап жүр. Маған эклектикалық бағыттың өкілдері соңғы кезде Эд. Бернштейннің төңірегіне топтасты дегенді қосудың керегі бола қояр ма екен. Мен өзімнің «ортодоксиям» туралы мәселе жайындағы осы қысқаша пікірлермен тоқталамын, ойткені бұл тегі менің мақаламның зерттейтін мәселесіне тікелей қатысты емес және біріншілердің ой-өрістерін мейлінше толық дамытып жатуға мүмкіндігім де жоқ, сондықтан мұны білгісі келетіндерді неміс әдебиетіне мегзеуге тиіспін. Бұл мәселе жөнінде орыстардың таластары неміс таластарының сарыны ғана болып табылады, сондықтан неміс таластарымен таныспай тұрып, таластардың мәнісін әбден жете түсінуге болмайды ***.

---

* Қараңыз. Шығармалар, 4-том, 77 және 78-беттер *Ред.*

** Г. Куновтың Штаммлерге қарсы бағытталған әділ ескертпелерін салыстырып қараңыз. Г. Куновтың мақаласының бір бөлігі 1899 жылғы «Научное Обозрениеден» аударылып басылып шықты; одан соң Б. Львовтың «Әлеуметтік заң» (бұл да сонда) деген мақаласын және «Научное Обозрениенің» 1900 ж. аударамыз деп уәде берген Сада Гунтер мырзаның мақаласын салыстырып қараңыз.

*** Менің байқауымша, осы соңғы кездерде біздің әдебиетімізде «көріне бастаған» «сын көзбен қараушы» «жаңа» бағыт дәл осындай эклектизмге келіп саяды (салыстырыңыз: Струвенің «Жизньдегі» мақаласы, 1899, № 10 және 1900, № 2; Т-Барановскийдің «Научное Обоз-

---

рениедегі» мақаласы, 1899, № 5, 1900, № 3). Аталған жазушылардың біріншісі өзінің эклектизмге бейім екендігін бұдан бес жыл бұрын өзінің «Сын мақалаларында» «көрсете» бастады және ол мақалалар жарық көрген бойда-ақ (Струве еске түсіруді тәуір көреді) оның көзқарастарында марксизмді буржуазиялық ғылыммен шатастырушылық[175] бар екендігін жұртқа «көрсетуге» әрекет жасалған еді. Сондықтан Струведен мынадай сөз есіту ғажап нәрсе: «Маркстің ілімін «буржуазиялық» тұрғыдан сынау деп аталатынға (*деп* аталатын дегеніңіз бекер айтылмаған ба екен? *В. И.)* тура көз жұмушылық және ол ілімді қайталап, түрін өзгертіп айтумен шұғылданушылық күні бүгінге дейін тек пайдасыз болып қана келген жоқ, сонымен бірге тіпті зиянды да болып келді» («Жизнь», № 2. 305). Тек буржуазиялық ғылымды ғана емес, сонымен қатар шектен шыққан қараңғылыққа дейін баратын нағыз сорақы ілімдерді де көрмеушілікке салынып «тура көз жұмушылық», әрине, сөзсіз зиянды болады; бұл — ескірген жалпы жай ғой. Бірақ буржуазиялық ғылымның ізін баға отырып, оны пайдалана отырып, бірақ оған *сын көзімен* қарап, дүние танудың сындарлығы мен айқындылық жағына қиянат етпей, буржуазиялық ғылымға көз жұмбай қарау бір басқа да, буржуазиялық ғылымның алдында тізе бүгушілік және, мәселен, Маркстің «тенденциялылығы» және т. с. жайындағы мүлдем айқын мағына және мән беріліп айтылған сөздерді қайталай берушілік — бір басқа. Ал одан соң, егер «қайталай берушілік пен сөз түрін өзгертушілік» туралы әңгіме ететін болсақ, онда Маркстің айтқандарын қайталап айту және оның түрін өзгертіп айтуға қарағанда, Бем-Баверк пен Визердің, Зомбарт пен Штаммлердің айтқандарын қайталап айту мен түрін өзгертіп айтушылық неліктен өзінен өзі a priori көп көңіл бөлуге тұрарлық болып шығады? Маркстің айтқандарын қайталап айтудан «зиян» (sic!) келетіндігіне (байқап қойыңыз, орыс әдебиетінде) құлығы жеткен Струве әйгілі буржуазиялық «ғылымның» әйгілі түзетулерін сын көзімен қарамай қайталаушылықтан келетін зиянды неліктен байқамады және байқамай отыр? «Ой-пікірдің» осы кездегі «шатасқандығына» осылай қарау үшін және ол жөнінде осындай кешірімсіз «көрмеушілікке» салыну үшін марксизмнен соншалықты барынша қашықтап алыстау керек еді! Струве өзінің «сын» деп аталатын мақаласының соңында көтеріп отырған мәселелері жөнінде менің пікір білдіруімді қалаған ерекше тілегін білдіреді. Бұған айтарым қазіргі уақытта менің өтемөте шұғылданып жүргенім философия мен саяси экономиядағы қазіргі заманғы эклектикалық бағыт туралы мәселе, сондықтан менің бұл бағытқа бір кездерде жүйелі талдау жасап шығамын ба деген үмітім бар[176]; ал эклектизмнің әрбір жеке «негізгі қателері» мен «негізгі антиномияларының»... соңына түсе берудің маған (құрметті «сыншылар» маған кешірім жасар!) ешқандай қызығы жоқ. Сондықтан әзірге қарсы тілегімді білдірумен шектеле тұрамын: «сын көзбен қараушы» жаңа «бағыт» жай белгі берумен ғана тынбай, өзін барынша әбден айқын көрсетсін. Мұның өзі неғұрлым тез болса, соғұрлым жақсы болмақ, өйткені шатасушылық соғұрлым аз болады және марксизм мен Маркстi буржуазиялық тұрғыдан сынаушы жаңа «бағыттың» арасындағы айырмашылықты жұртшылық соғұрлым айқынырақ танитын болады.

# ЕСКЕРТУЛЕР

# КӨРСЕТКІШТЕР

# В. И. ЛЕНИННІҢ

## «РОССИЯДА КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ» ДЕГЕН КІТАПТЫ ЖАЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

# ЕСКЕРТУЛЕР

[1] В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабы үш жылдан астам уақыт бойы жүргізілген орасан зор зерттеу жұмысының қорытындысы болып табылады. В. И. Ленин кітапты жазуға түрмеде, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» ісі бойынша тұтқынға алынғаннан кейін көп кешікпей қызу кірісті де, оны Шушенское селосында айдауда жүріп аяқтады. Бірақ ол өз кітабына арнап материалдар жинауды оны жазардан көп бұрын бастаған-ды.

Түрмеден жолдаған алғашқы хатында-ақ, 1896 жылғы 2 январьда, Ленин былай деп жазды: «Мені қамауға алғаннан бері өзімді қатты толғандырып жүрген бір жоспарым бар, ол уақыт өткен сайын күшейе түсуде. Мен көптен бері бір экономикалық мәселемен (өңдеуші өнеркәсіп товарларының ел ішінде өткізілуі туралы) шұғылданып жүруші едім, біркатар әдебиет жинап алдым, оны талдап, өңдеу жоспарын жасадым, еңбегім журнал мақаласының көлемінен артып кетсе, жеке кітап етіп шығарармын деп, оны-мұны жазып та қойдым. Бұл еңбекті тіпті де тастағым келмейді ақ, ал енді, сірә, алдымда екінің бірі тұр: бұл еңбекті не осында жазуым керек, не оны біржола тастауым керек» (Шығармалар, 37-том, 18-бет).

«Россияда капитализмнің дамуы» жария баспасөзге арналған еді, сондықтан Ленин өз еңбегіне патша цензурасы кітаптың басылуын бөгемейтіндей түр беруге және ат қоюға тиіс болды. «Неғұрлым қарапайым, түсінуге неғұрлым қиын ат цензуралық жағынан ыңғайлы»,— деп жазды Ленин айдаудан жолдаған хатында (бұл да сонда, 143-бет).

«Россияда капитализмнің дамуын» жазуға кіріскенде Ленин кітаптың үлкен іждағатты зерттеу жұмысын, орасан көп нақты материалды оқу мен өңдеуді қажет ететіндігін ескерген болатын. Болашақ кітаптың жоспарын немесе схемасын жасай отырып, Ленин былай деп жазды:

«Шығармамның екі бөлімге бөлінетіні сияқты, кітаптардың тізімі де екіге бөлінген: А.— Жалпы теория бөлімі. Бұ-

ған көп кітаптың керегі жоқ, сондықтан оны қайтсем де жазып шығармын деп сенемін, бірақ бұған даярлық жұмысы көбірек керек. В.— Орыс мәліметтеріне теория қағидаларын қолдану. Бұл бөлімге кітап өте көп керек. Негізгі қиыншылық келтіретіндері: 1) земство кітаптары. Айтқандайын, менде оның біразы бар, біразын (ұсақ монографияларды) жаздырып алуға болады, енді бір бөлегін таныс статистиктер арқылы табу керек; 2) үкімет кітаптары — комиссиялардың еңбектері, съездердің есептері, протоколдары, т. с. Бұл — өте керекті нәрсе; оларды табу қиынырақ. Кейбіреулері, тіпті көбі Ерікті экономикалық қоғамның кітапханасында (87-ескертуді қараңыз. *Ред.*) бар сияқты» (Шығармалар, 37-том, 19-бет).

Кітапты жазудың негізгі кезеңдері мен жағдайлары Лениннің туыстарымен жазысқан хаттарында, оның туыстары мен серіктерінің естеліктерінде толық баяндалған. А. И. Ульянова-Елизарова Лениннің түрмеде отырғанда оте көп жұмыс істегендігін атап айтты: «Ол өзі жазбақ болып жүрген еңбегіне арналған материалдарды табу үшін Питер кітапханаларын пайдалануды ұйғарды, ал айдауда жүріп мұндай материалдарды қолға түсіре алмайтынын ол білген еді. Ол түрмеде отырғанда толып жатқан деректемелерді зерттеп, көптеген көшірмелер жасап, іске қызу кірісті. Ерікті экономикалық қоғамның кітапханасынан, Ғылым академиясынан, басқа да ғылыми қоймалардан мен оған бума-бума кітап таситынмын» («Пролетарская Революция» № 3, 1924 ж., 113-бет).

Ленин кітапты айдауға бара жатып та жазды. 1897 жылғы 15 мартта жолдаған хатында ол «аз уақытқа алған кітаптарын» жолшыбай қарап шыққандығын және Красноярскіден қайтарып жібергелі отырғандығын хабарлады. Красноярскіде аялдаған кезінде Ленин жергілікті қалалық кітапхана мен көпес Юдиннің меншікті кітапханасында барлық пайдалы кітаптар мен журналдардың комплектілерін пайдаланады.

Айдауда жүргенде Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын қажымай-талмай жаза берді. Айдауға келген кезінен бастап Ленин өзіне керекті кітаптарды табуға және алдыртуға қатты алаңдаумен болды. Бұл туралы ол туыстары мен таныстарына жолдаған хаттарында талай рет жазады. 1897 жылдың күзінен бастап Ленин қажетті материалдарын уақытылы алып тұратын болды және жаңа деректемелермен, әсіресе толып жатқан статистикалық жинақтармен жұмыс істеуді өрістете түсті. Айдау мерзімін өтеу үшін Уфадан Шушенское селосына ауыстырылған Н. К. Крупская 1898 жылдың көктемінде Ленинге көп кітап әкеліп берді.

«Россияда капитализмнің дамуын» жазған үш жылдың ішінде Ленин Россияның экономикасы жөніндегі барлық әдебиетті зерттеп, сын елегінен өткізді. Кітапта 500-ден астам

әр түрлі әдеби еңбектер: кітаптар, жинақтар, зерттеулер, шолулар, мақалалар көрсетілген және олардан цитат алынған. Ленин нақты зерттеген және пайдаланған, бірақ өзі көрсеткен деректемелердің тізіміне енбеген әдебиет *әлденеше есе көп*. Бірақ осы тізімнің өзі де Лениннің орыс капитализмінің дамуын зерттеу барысында қандай орасан зор жұмыс атқарғаны туралы мағлұмат береді.

«Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың алғашқы нұсқасы 1898 жылдың авгусында жазылып бітті. Бірақ осыдан кейін де Ленин кітапты жазумен қызу шұғылдана берді. Қолжазбаны түпкілікті өңдеуден өткізу едәуір уақытты қажет етті. Қолжазбамен жұмыс істеу 1899 жылғы январьдың аяқ шенінде аяқталды.

«Россияда капитализмнің дамуын» қолжазба түрінің өзінде-ақ оқыған жолдастары мен туыстарының ескертпелеріне Ленин мұқият ден қойды. Кітаптың әрбір тарауы жеке шағын дәптерге қайтадан көшіріліп жазылды, оны Н. К. Крупскаядан басқа сол кезде Минусинск округінде айдауда жүрген басқа да социал-демократтар оқып, талқылады. «Біз, былайша айтқанда, «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың «алғашқы оқушылары» болдық,— деп еске алады Шушенское селосына жақын жерде айдау мерзімін өтеген Г. М. Кржижановский,— бізге жіберілгендерді мұқият оқып, өз ескертпелерімізбен Владимир Ильичке қайтарып отырдық. Ол бұл сияқты ескертпелермен қатты санасатын».

Өзі таңдап алған формат бойынша «бүкіл еңбек 30 табаққа сыяды, жинақтағанда 500 бет болады (беттердің тым көп болуы орынсыз да, оқушыға ауыр да болар еді)» (бұл да сонда, 137-бет) деп көрсете келіп, Ленин кітапты шығару, оның форматы мен басылуы туралы егжей-тегжейлі нұсқаулар береді. Ол кітаптың түсінікті, ұғымды болуына, кестелер мен диаграммалар автордың қорытындыларын жарқын да көрнекі түрде дәлелдеп тұратындай болуына күш салды. Марттың бас кезінде Ленин кітаптың алғашқы табақтарын алды да, туыстарына жолдаған хатында хабарлағанындай, оларға «өте-мөте риза» болды.

«Россияда капитализмнің дамуы» 1899 жылғы марттың аяқ шенінде «Владимир Ильин» деген бүркеншік атпен басылып шықты. 1899 жылғы 15 апрельде «Русские Ведомости» газетінде кітаптың шығуы туралы мынадай хабарландыру басылды: *«Владимир Ильин.* Россияда капитализмнің дамуы. Ірі өнеркәсіпке арналған ішкі рыноктың құрылу процесі. Бағасы 2 сом 50 тиын. 480 бет».

Ленин кітапты майдың бас кезінде алды. «Кітаптың сыртқы түріне мен өте ризамын,— деп жазды Ленин.— Тамаша басылған...»

«Россияда капитализмнің дамуы» деген кітап 2400 дана болып басылды, тираж өте тез тарап кетті. Кітап негізінен алғанда социал-демократиялық интеллигенция топтары ара-

сында, оқушы жастар арасында, сондай-ақ насихатшылар арқылы жұмысшылар үйірмелерінде де таратылды.

Буржуазиялық баспасөз Лениннің ғылыми еңбегі туралы жұмған аузын ашпауға тырысты. Тек 1899 жылдың күзінде ғана алғашқы рецензиялар жарық көрді. Рецензиялардың біріне Ленин 1900 жылғы май — июньде «Научное Обозрение» журналында жарияланған «Сынға жанаспайтын сын» деген мақаласында өлтіре жауап берді (осы томның 665—693-беттерін қараңыз).

1908 жылы «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітап екінші рет басылып шықты (6-ескертуді қараңыз). Совет өкіметі жылдарында (1957 жылғы 1 октябрьге дейінгі мәліметтер бойынша) Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабы СССР халықтарының 20 тілінде 3 372 000 дана жалпы тиражбен 75 рет басылып шықты. Сонымен бірге кітап ағылшын, француз, испан, қытай, чех, венгер, жапон, түрік және басқа шетел тілдерінде жарық көрді.

Лениннің осы шығарманы дайындау барысындағы зерттеу жұмысының көлемі мен әдістерін сипаттайтын «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа дайындық материалдарының бір бөлегі Лениннің XXXIII жинағында жарияланды және ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарына» енгізілді.

Кітап Ленин қарап шыққан және толықтырған екінші басылуы (1908 жылғы) бойынша басылып отыр; бұл ретте кітаптың 1899 жылғы бірінші басылуына автордың жасаған барлық ескертпелері ескерілді.— *1.*

2 1899 жылғы февральда немесе марттың бас кезінде айдауда жүріп Ленин К. Каутскийдің «Die Agrarfrage» («Аграрлық мәселе») деген кітабын алды. К. Каутский ол тұста әлі марксист еді. Бұл кезде «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың үлкен бөлегі теріліп те қойған еді, сондықтан Ленин алғы сөзде Каутскийдің еңбегіне сілтеме жасауды ұйғарды. 1899 жылғы 17(29) мартта Ленин алғы сөзге арнап Postscriptum жіберді. «Егер кеш болмаса,— деп жазды ол,— оның басылуын өте-мөте тілер едім... Тіпті алғы сөз теріліп қойғанның өзінде мүмкін Postscriptum-ды да теруге болар ма еді?» Алғы сөзге арналған қосымша цензордың қолына түсті де, онда өзгеріске ұшырады. Ленин бұл туралы 1899 жылғы 27 апрельдегі хатында хабарлайды: «Алғы сөздегі P. S. кешігіп қалып алдын ала цензураға түсті деп естідім және «жәбір көрген» болу керек» (Шығармалар, 34-том, 20-бет). Қолжазба болмағандықтан, оның цензурадан қаншалықты жәбір көргенін анық айту мүмкін емес.

Бұл процестің әр түрлі елдердегі барлық ерекшеліктеріне қарамастан, Батыс Европа мен Россияның ауыл шаруашылығында капитализм дамуының негізгі заңдылықтарының ортақтығын атап көрсету үшін Ленин Каутскийдің кітабын тілге тиек етеді.— *7.*

[3] К. Маркстің *«Капиталының» үшінші томы* 1894 жылы неміс тілінде жарық көрді (Энгельстің үшінші томның бірінші басылуына жазған алғы сөзіне 1894 жылғы 4 октябрь деп белгі қойылған). 1896 жылы «Капиталдың» үшінші томы Н. Ф. Даниельсонның аудармасымен орыс тілінде басылып шықты.— *7.*

[4] «Россияда капитализмнің дамуы» кітабының екінші басылуында (1908 жылғы) параграфтардың номерленуі өзгерді, өйткені Ленин кітапқа бірқатар толықтырулар енгізді. Бұл арада Ленин сілтеме жасап отырған жер осы басылуының II тарауында, § XII.— (В), 172—174-беттер.— *8.*

[5] Орыс өнеркәсібі мен саудасына жәрдемдесу қоғамында 1899 жылғы 17 февральда «Халықшылдықты марксизммен ымыраластыруға болмай ма?» деген тақырыпта баяндама талқыланды. Талқылауға либерал халықшылдықтың өкілдері мен «жария марксистер»: В. П. Воронцов, П. Б. Струве, А. А. Исаев, М. М. Филиппов, А. Штанге, М. И. Туган-Барановский, Н. В. Левитский қатысты. Өзінің сөзінде Воронцов «Батыстағы марксизмнің ең жаңа ағымының» өкілдері орыс марксистерінен гөрі орыс халықшылдарына жақын тұр деді. Бұл мәжіліс туралы қысқаша есеп 1899 жылғы 19 февральда (3 мартта) Петербургте шығатын «Новое Время» деген реакциялық газетте басылды.— *9.*

[6] *«Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың екінші басылуы* 1908 жылы жарық көрді. Оның шығуы туралы хабар 1908 жылдың мартында «Книжная Летописьтің» 10-номерінде басылды. Екінші басылуында Ленин текстті қайтадан қарап шығып, емле қателерін түзетіп, көптеген толықтырулар енгізді, сондай-ақ екінші басылуына арнап 1907 жылғы июль деп белгіленген жаңа алғы сөз жазды. «Россияда капитализмнің дамуының» екінші басылуында «шәкірттер», «еңбекшілердің жақтастары» деп цензураның көзін алдау үшін алынған сөздерді Ленин марксистер, социалистер деп тура аттарымен алмастырды; «жаңа теория» туралы айтқан жерлері Маркске және марксизмге жасалған сілтемелермен ауыстырылды.

Ленин өзінің кітабына жаңа статистикалық мәліметтер негізінде едәуір толықтырулар енгізді. Екінші тараудағы жаңа (XI) параграф 1896—1900 жылдардағы әскери аттар санақтарының қорытындыларын талдауға арналған. Ленин Россияда капитализмнің дамуы туралы өзінің бұрынғы қорытындыларын дәлелдейтін қосымша фактілер, атап айтқанда, фабрика-завод статистикасының жаңа материалдарын келтіреді; 1897 жылғы жалпыға ортақ халық санағының қорытындыларына Россияның таптық құрылымының жағдайын толығырақ ашып көрсететін талдау жасады (қараңыз: VII тарау, § V, 548—554-беттер, *«Екінші басылуына қосымша»).*

Екінші басылуында сондай-ақ «Россияда капитализмнің дамуында» сөз болған негізгі мәселелер жөнінде «жария марксистермен» жүргізілген күрестің қорытындылары шығарылды.

Кітаптың екінші басылуына Ленин кітап бетінің аяқ жағында берілген 24 жаңа ескерту (7, 30, 47—48, 161, 162, 167, 188, 216, 234, 294, 303, 422, 488, 490, 511, 547, 556—557, 573, 575, 583, 585—586, 601—602, 603, 626—627), 2 жаңа параграф (148—151 және 548—554-беттер), бір жаңа кесте (560—561) енгізді, 8 абзац жаңа текст және бұрынғы абзацтарға 3 үлкен қосымша (323—327, 236—238, 238—239, 315—316-беттер) жазды, 75-ке жуық ұсақ қосымша мен түзету енгізді.

Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты өңдеу жұмысын кітап екінші рет басылып шыққаннан кейін де тоқтатқан жоқ. 1908 жылы фабрикалар мен заводтарды жұмысшылардың саны бойынша топтарға бөлу туралы Лениннің 1910 немесе 1911 жылы кітаптың екінші басылуының 405-бетіне енгізген қосымшалары осыны дәлелдейді (осы томның 563-бетіндегі иллюстрацияны қараңыз).

Екінші басылуына арналған алғы сөзде Ленин өзінің шығармасы болашақта қайта өңделуі мүмкін екендігін айтып, сол кезде еңбекті екі томға бөлуге: бірінші томды Россияның революция алдындағы экономикасын талдауға, екінші томды — революцияның қорытындылары мен нәтижелерін зерттеуге арнауға тура келер еді деп атап көрсетеді.

Лениннің бірқатар еңбектері, соның ішінде 1907 жылдың аяқ кезінде жазылған «Социал-демократияның 1905—1907 жылдары болған бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» (қараңыз: Шығармалар, 13-том, 215—440-беттер) 1905—1907 жылдардағы революцияның қорытындылары мен нәтижелерін зерттеуге арналған.— *13.*

7 К. Маркс «Неміс идеологиясы» деген еңбегінің II томының IV тарауында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 3-том, 1955, 514-бет) Гейненің өзіне еліктеушілер туралы «Өрбітем дегенім айдаһар еді, өргені бүрге болды» деген сөздерін цитат етіп алған болатын.— *15.*

8 *Октябристер партиясы* (немесе *«17 октябрь одағы»)* Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін пайда болды; бұл манифесте революциядан қорыққан патша халыққа «азаматтық бостандықтың мызғымас негіздерін» беруге уәде еткен еді. Партия ірі өнеркәсіп иелері мен шаруашылығын капиталистік түрде жүргізетін помещиктердің партиясы болды және солардың мүдделерін қорғады; бұл партияға белгілі өнеркәсіп иесі және Москвада жеке меншігінде үйлері болған А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басшылық етті. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдады. 1906 жыл-

дың күзінен бастап октябристер үкіметтік партияға айналды.— *15*.

9 *Кадеттер* — Россиядағы империалистік буржуазияның басты партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылғы октябрьде құрылды; оның құрамына либералдық-монархиялық буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және шаруаларды өз жағына тарту мақсатымен жалған «демократиялық» жел сөздермен бүркемеленген буржуазияшыл интеллигенттер енді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалары болды. Кадеттер монархиялық құрылыстың сақталуын жақтады, революциялық қозғалысқа қарсы күресуді олар өздерінің басты мақсаты деп есептеді, патшамен және крепостник-помещиктермен өкіметті бөлісуге тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде олар монархияны құтқарып қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте кадеттер американ-ағылшын-француз империалистеріне ұнайтын, халыққа қарсы, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің ымыраға келмес дұшпандары болды, контрреволюциялық қарулы аттаныстардың бәріне және интервенттердің жорықтарына қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылдар талқандалғаннан кейін эмиграцияда болған кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық қызметін тоқтатпады.— *16*.

10 1907 жылғы 3 июньде II Мемлекеттік дума таратылып, III Мемлекеттік думаның сайлауы туралы жаңа заң шығарылды; бұл заң помещиктер мен капиталистердің Думада көпшілік болуын қамтамасыз етті. Патша үкіметі 1905 жылғы 17 октябрьдегі өз манифесін опасыздықпен бұзып, конституциялық праволарды жойды, II Думаның социал-демократиялық фракциясын сотқа берді және каторгаға жер аударды. Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс деп аталған бұл төңкеріс контрреволюцияның уақытша жеңіске жеткенін көрсетті.— *16*.

11 *«Халықтық социалистер»* (немесе *«энестер»*) — 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шыққан халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері. Олар кулактардың мүддесін білдірді, помещиктерден сатып алу және еңбек нормасы дейтін норма бойынша шаруаларға бөліп беру арқылы жерді ішінара национализациялауды жақтады. Энестер кадеттермен одақтасуды қолдады. Ленин оларды «социал-кадеттер», «мещандық оп-

портунистер», кадеттер мен эсерлердің арасында ауытқып жүрген «эсерлік меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, бүкіл жерді талап етуді де программадан алып тастайды» деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін халықтық социалистер партиясы трудовиктермен бірікті, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өз өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық қаскүнемдіктер мен қарулы аттаныстарға қатысты. Партия азамат соғысы дәуірінде өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *17.*

12 *Трудовиктер («еңбек тобы»)* — Россияның Мемлекеттік думаларындағы шаруалар мен халықшылдық сарындағы интеллигенттерден құралған ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы. Трудовиктер фракциясы 1906 жылғы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құрылды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеулерді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік думаны сайлау үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талаптарын ұсынды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді теңгермешілдікпен пайдаланудың халықшылдық принциптерін: қазыналық, удельдік, кабинеттік, монастырьлық жерлерден, сондайақ иелік мөлшері белгіленген еңбек нормасынан асып кетсе, жеке иеліктегі жерлерден де жалпы халықтық қор құру принциптерін негізге алды; тартып алынатын жеке иеліктегі жерлер үшін төлем төлеу көзделді. В. И. Ленин 1906 жылы былай деп көрсеткен болатын: нағыз трудовик дегеніміз — шаруа, «монархиямен келісім жасауға ұмтылу, буржуазиялық құрылыс шеңберінде өзінің бір жапырақ жерінде тыныштыққа ұмтылу оған жат емес, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар, 11-том, 220-бет).

Мемлекеттік думада трудовиктер кадеттер мен большевиктердің арасында ауытқып жүрді. Бұл ауытқушылық ұсақ қожайындар — шаруалардың таптық табиғатының өзіне байланысты болған еді. Трудовиктер қайткенмен шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада кадеттерге және патша самодержавиесіне қарсы жеке мәселелер жөнінде ортақ күрес жүргізу үшін трудовиктермен келісім жасау тактикасын қолданды. 1917 жылы «еңбек тобы» «халықтық социалистер» партиясымен қосылды да, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында болды.— *17.*

[13] *Молчалиншілдік* — жағынудың, жарамсақтанудың синонимі; А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» деген комедиясының кейіпкері — Молчалиннің есімінен алынған.— *17.*

[14] «Россияда капитализмнің дамуының» бірінші басылуында (1899 жыл) бұл тарау «Теорияны апықтамалар» деп аталған болатын.— *21.*

[15] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973. 684-бет.

Кітаптың бүкіл өн бойында Ленин Маркстің «Капиталына» сілтеме жасаған кездерінде немісше басылуын (бірінші том — 1872 жылғы екінші басылуы, екінші том — 1885 жылғы басылуы және үшінші том — 1894 жылғы басылуы) пайдаланады және цитаттардың бәрін өз аудармасымен береді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архивінде К. Маркстің «Капиталының» немісше басылуының үш томы сақтаулы; В. И. Лениннің бұл томдарға салған белгілері мен астын сызған сөздері ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарында» ішінара келтірілген.— *22.*

[16] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 684-бет.— *25.*

[17] Бұл арада және бұдан әрі К. Маркстің «Капиталының» неміс тілінде басылған бірінші томының беттері оның екінші басылуы бойынша берілген. Көпшілік реттерде В. И. Ленинніің өзі мұны «I²» белгісімен ескертіп отырған. Осы томның 179 және басқа беттерін қараңыз.— *27.*

[18] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 754, 755—756-беттер.— *27.*

[19] *Үстеме құн* — қосымша құн (Маркcше Mehrwert). В. И. Ленин 90-жылдардағы еңбектерінде «қосымша құн» деген терминмен қатар «үстеме құн» деген терминді де қолданған. Кейінірек ол тек «қосымша құн» деген терминді ғана пайдаланды.— *28.*

[20] *«Ретсіз»* — мына жерде орынсыз, ешқандай негізсіз деген мағынаны білдіреді.— *29.*

[21] Бұл жердегі және бұдан былайғы *«2-басылуына ескерту»* деген сөздерді В. И. Ленин жазған. Бұл ескертулер кітаптың екінші басылуын (1908 жылғы) дайындаған кезде жазылған. Редакцияның осы басылуына берген ескертулері барлық жерде *«Ред.»* деп көрсетілген.— *30.*

[22] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 553-бет.— *34.*

[23] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 424-бет.— *36.*

[24] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 601-бет.

*«Понтийден Пилатқа сілтеу»* деген сөздер белгілі бір нәрсенің қайталануын білдіреді, өйткені осы екі есімнің де бір кісіге қатысы бар. Понтий Пилат (Pontius Pilatus) біздің заманымыздың 26—36 жылдарында Римнің Иудеядағы прокураторы (наместнигі) болған.— *36.*

[25] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 602-бет.— *37.*

[26] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 211—213-беттер.— *37.*

[27] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 412—413-беттер.— *38.*

[28] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 446-бет.— *40.*

[29] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 399—593-беттер.— *42.*

[30] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 330-бет.— *45.*

[31] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 497-бет.— *46.*

[32] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 362-бет.— *47.*

[33] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 264—265-беттер.— *47.*

[34] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 271-бет.— *48.*

[35] Эд. Бернштейннің революциялық марксизмге буржуазиялық реформизм рухында ревизия жасаған «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітапшасы 1899 жылы жарық көрді, Ленин оны айдауда жүргенде, «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының бірінші басылуы шығып кеткеннен кейін ғана алды, сондықтан Бернштейннің оппортунистік қағидалары жөнінде Лениннің жазған сын ескертпелері кітаптың тек екінші басылуына ғана енгізілуі мүмкін болды.

Ленин Бернштейнді «Герострат сияқты әйгілі» деп атайды.

*Герострат* — Кіші Азиядағы ежелгі Эфес қаласының тұрғыны; аңыз бойынша, біздің заманымызға дейінгі 356 жылы тек өзінің атын мәңгіге қалдыру мақсатымен ғана «әлемнің жеті кереметінің» бірі болып саналған Эфес Артемидасының храмын өртеп жіберген. Даңққа жету үшін кез келген нәрседен, тіпті қылмыс жасаудан да тайынбайтын атақ құмарларды Геростраттың есімімен атайды.— *48.*

36 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 524-бет.— *48.*

37 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 330-бет.— *49.*

38 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 907-бет.

«Капиталдың» орысша аудармасындағы қателер туралы Лениннің жасаған ескертпесінің Н. Ф. Даниельсонның аудармасына (1896) қатысы бар.— *51.*

39 К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, алғы сөз Энгельстікі, 27-бет.— *53.*

40 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 903—904-беттер.— *55.*

41 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 908-бет.— *55.*

42 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 906—909-беттер.— *56.*

43 *Үй басы жүргізілген земстволық-статистикалық санақтар* — земстволық статистика органдарының шаруа шаруашылықтарын тексеруі. Негізінен алғанда салық талаптарына тәуелді етілген бұл санақтар XIX ғасырдың 80-жылдарында кең қолданылды. Үй басы жүргізілген санақтар көп нақты материал берді, бұл материалдар уездер мен губерниялар бойынша статистикалық жинақтарда жарияланып тұрды. Алайда дені халықшылдар болған земство статистиктері статистикалық мәліметтерді екінің бірінде бұрмалап өңдеді және теріс топтады, сөйтіп оларға айтарлықтай нұқсан келтірді. «Жұмысының ұқыптылығы мен нақтылығы жөнінде өте жақсы деген земстволық статистикамыздың ең осал жері — осында»,— деп жазды Ленин. Земстволық-статистикалық жинақтар мен шолулардағы құбылыстардың экономикалық типтері қаптаған цифрлардың тасасында қалды, капитализмнің даму барысында пайда болған жекелеген шаруалар топтарының

елеулі өзгешеліктері мен белгілері орта цифрлар бағаналарының тасасында көрінбей қалды.

В. И. Ленин земстволық статистиканың мәліметтерін жан-жақты зерттеп, мұқият тексеріп, өңдеді. Ол өз есептеулерін жүргізіп, ақпарлар мен кестелер жасады, шаруа шаруашылықтары туралы алынған деректерді маркстік тұрғыдан талдап, ғылыми негізде топтады. Земстволық статистиканың бай материалын пайдалана отырып, Ленин халықшылдардың ойдан шығарылған схемаларын әшкереледі және Россияның экономикалық дамуының шын мәніндегі картинасын көрсетіп берді. Ленин земстволық статистиканың материалдарын өз еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында кеңінен пайдаланды.— *62.*

[44] В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» атты кітабын Ленин өзінің тұңғыш еңбектерінің бірінде — осы басылуының бірінші томына енген «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген еңбегінде егжей-тегжейлі талдады. Лениннің Постниковтың кітабына салған белгілері де сол томда жарияланды.— *62.*

[45] *Үлесті жер* — 1861 жылы Россияда крепостниктік право жойылғаннан кейін шаруалардың пайдалануына қалдырылған жер; бұл жер қауымның иелігінде болды және мезгіл-мезгіл қайта бөлу арқылы шаруалар арасында пайдалануға үлестірілді.— *65.*

[46] Бұл кітаптың толық аты — «Таврия губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы. Мелитополь уезі селоларының шаруашылық жағдайы туралы статистикалық кестелер. Жинақтың бірінші томына қосымша». Симферополь, 1885.— *66.*

[47] *Ревизиялық жандар* — крепостниктік Россиядағы жасы мен еңбекке қабілеттілігіне қарамастан жан басына салық салынуға тиісті ер адамдар (негізінен алғанда шаруалар мен мещандар). Ревизиялық жандардың саны айрықша санақтармен («ревизия» дейтіндермен) есепке алынды; Россияда мұндай «ревизиялар» 1718 жылдан жүргізіле бастады; 1857—1859 жылдары соңғы, оныншы «ревизия» жүргізілді. Бірқатар аудандарда жер село қауымдарының ішіндегі ревизиялық жандарға қарай бөлінді.— *98.*

[48] Төменде келтірілген кестенің мәліметтері Красноуфимск уезіне қатысты; қараңыз: «Красноуфимск уезінің статистикасына арналған материалдар», III кітап, 1894.— *107.*

[49] Лениннің бұл жинақтардың беттерінің шетіне алдын ала жасаған есептері бар ескертпелерін Лениннің XXXIII жинағының 144—150-беттерінен және ««Россияда капитализмнің

дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарынан» қараңыз.— *125.*

50 *Әскери аттар санағы* — мобилизация бола қалған жағдайда армияға жарамды аттардың санын есепке алу патшалық Россияда, әдетте, алты жылда бір рет өткізіліп тұрды. Бірінші санақ 1876 жылы Батыс өңірдің 33 губерниясында жүргізілді. Екінші санақ 1882 жылы бүкіл Европалық Россия бойынша жүргізілді; бұл санақтың нәтижелері 1884 жылы «1882 жылғы ат санағы» деген кітапта жарияланды. Санақ 1888 жылы 41 губернияда, ал 1891 жылы қалған 18 губернияда және Кавказда жүргізілді. Орталық статистика комитеті алынған мәліметтерді талдап, оларды мына жинақтарда жариялады: «Россия империясының статистикасы. XX. 1888 жылғы әскери аттар санағы» (Петербург, 1891) және «Россия империясының статистикасы. XXXI. 1891 жылғы әскери аттар санағы» (Петербург, 1894). Келесі санақ 1893—1894 жылдары Европалық Россияның 38 губерниясында жүргізілді; оның нәтижелері «Россия империясының статистикасы. XXXVII. 1893 және 1894 жылдардағы әскери аттар санағы» (Петербург, 1896) деген кітапта жарияланды. «Россия империясы статистикасының» LV томы (Петербург, 1902) 1899—1901 жылдары Европалық Россияның 43 губерниясында, Кавказдың бір губерниясында және Астрахань губерниясына қарасты Қалмақ даласында жүргізілген әскери аттар санағы туралы мәліметтерден құрастырылды. Әскери аттардың санақтары шаруа шаруашылықтарын жаппай тексеру сипатында болды. Ленин бұл санақтардың материалдарын өз кітабында шаруалардың жіктелуін зерттеген кезде пайдаланды.— *143.*

51 Н. А. Благовещенскийдің жинағындағы материалдарға Ленин айрықша бір дәптерінде және Лениннің XXXIII жинағында жарияланған жинақ беттерінің шетіне жазған ескертпелерінде, ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарында» егжей-тегжейлі талдау жасады.— *144.*

52 Либерал халықшыл В. П. Воронцовтың (В. В.) 1892 жылы жарыққа шыққан бір еңбегі осылай деп аталды.— *147.*

53 Бұл арада және бұдан әрі пайдаланылатын *«Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектері»* — 1879 жылдан 1887 жылға дейін жеке кітаптар болып шыққан 16 томдық басылым. «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссия» (қысқартылған аты — «Майдагерлік комиссия») фабриканттар мен заводиелерінің 1870 жылы болған бүкіл россиялық бірінші съезінің, сондайақ село қожайындарының бүкіл россиялық екінші съезінің өтінуі бойынша 1874 жылы Сауда және мануфактура советінің жанынан құрылған болатын. Комиссияның құрамына фи-

нанс, ішкі істер, мемлекеттік мүліктер министрліктерінің, Орыс география қоғамының, Ерікті экономикалық қоғамның, Москва ауыл шаруашылығы қоғамының, Орыс техникалық қоғамының және Орыс өнеркәсібі мен саудасына жәрдемдесу қоғамының өкілдері енді. Осы комиссияның «Еңбектерінде» жарияланған материалдарды негізінен жергілікті қызметкерлер жинады. Комиссияның барлық «Еңбектерін» егжей-тегжейлі зерттеген Ленин бұлардан майдагерлік кәсіпшіліктерде капиталистік қатынастардың дамуын сипаттайтын толып жатқан мәліметтер мен фактілер алды.— *152.*

54 Бұл графаға Ленин сондай-ақ бау-бақша шаруашылығы мен мал шаруашылығынан алынған табыстарды да енгізді.— *155.*

55 Бұл арада В. И. Ленин профессор А. И. Чупровтың «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының экономикалық өмірдің әр түрлі жақтарына әсері» деген тақырыпқа жасаған баяндамасы бойынша болған жарыс сөзді айтып отыр; Чупров бұл баяндамасын 1897 жылғы 1 мартта Ерікті экономикалық қоғамда жасаған болатын.— *159.*

56 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 874-бет.— *159.*

57 *Жаппай кепілдік* — барлық ақшалай төлемдерді дер кезінде, толық төлеп, мемлекет пен помещиктердің пайдасына алуан түрлі міндеткерліктерді атқаруға (алым-салықтар, сатып алу төлемдері, рекрутқа алу және басқалары) әрбір село қауымы шаруаларының коллективті түрде ықтиярсыз жауапты болуы. Шаруаларды қанаудың Россияда крепостниктік право жойылғаннан кейін де сақталып келген бұл формасы тек 1906 жылы ғана жойылды.— *161.*

58 Бұл арада әңгіме деревняда кулактардан мықты сүйеніш жасауға бағытталған столыпиндік жер реформасы туралы болып отыр. Патша үкіметі 1906 жылғы 9(22) ноябрьде шаруалардың қауымнан шығу және үлесті жерді жеке меншікке бекітіп беру тәртібі туралы указ шығарды. Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік совет кейбір өзгерістер енгізіп бекіткеннен кейін бұл указ 1910 жылғы 14 июньдегі заң деп аталды. Бұл столыпиндік заң (Министрлер советінің председателі П. А. Столыпиннің есімімен аталған заң) бойынша шаруа қауымнан бөлініп шыға алатын, өзінің жер үлесін жеке иелігіне алып, өз үлесіндегі жерді сата алатын болды. Селолық қоғам қауымнан шығатын шаруаларға жерді бір орыннан (хутор, кесінді жер) бөліп беруге міндетті болды. Столыпин реформасы капитализмнің ауыл шаруашылығындағы даму процесін, шаруалардың жіктелуін күшейтіп, деревнядағы тап күресін шиеленістіре түсті.

Столыпиншілдікке сипаттама мен баға В. И. Лениннің бірқатар еңбектерінде, атап айтқанда, «Социал-демократияның 1905—1907 жылдары болған бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасында» (қараңыз: Шығармалар, 13-том, 215—440-беттер) берілген.— *161.*

59 Дрекслердің мәліметтеріне Ленин өзінің «Аграрлық мәселе және Маркстің «сыншылары»» деген еңбегінде, XI тарау. «Ұсақ және ірі шаруашылықтағы мал шаруашылығы» (қараңыз: Шығармалар, 13-том, 165—214-беттер) талдау жасады.— *162.*

60 «Аттың бір ширегі», «статистикалық жанды бөлшек» деген сөздер жазушы Глеб Успенскийдікі. Қараңыз: Г. Успенскийдің шығармалар жинағындағы «Жанды цифрлар» деген очерктері, 7-том, 1957 ж., 483—497-беттер.— *164.*

61 Россияның шығыс және оңтүстік-шығыс губернияларын ерекше қатты шарпыған 1891 жылғы аштық өзінің көлемі жағынан елде бұдан бұрын болған осы тақылеттес стихиялық апаттардың бәрінен асып түсті. Ол шаруаларды жаппай күйзеліске ұшыратты және сонымен бірге ішкі рыноктың құрылу процесін, Россияда капитализмнің дамуын тездетті. Бұл туралы Энгельс «Германиядағы социализм» деген мақаласында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 239—254-беттер) жазған болатын. Энгельс 1891 жылғы 29 октябрьде, 1892 жылғы 15 мартта және 18 июньде Николай — онға жазған хаттарында да осы мәселені қозғады. («К. Маркс пен Ф. Энгельстің Николай — онға жазған хаттары, олардың басқа адамдарға жазған хаттарының кейбір жерлері қоса тіркелген». Петербург, 1908 жыл). Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 367—370-беттер.— *171.*

62 Халықшылдардың «халық өндірісі» туралы теориясын Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабында-ақ сынаған болатын (қараңыз: осы басылуының бірінші томы, кітаптың үшінші бөлімі).— *171.*

63 Лениннің Ф. А. Щербинаның мақаласы туралы жазған ескертпелері Лениннің XXXIII жинағында жарияланды және ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарына» енді.— *175.*

64 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 513—514-беттер.— *179.*

65 *Валуев комиссиясы* — патша министрі П. А. Валуев басқарған «Россиядағы ауыл шаруашылығының жағдайын зерттеу-

ге арналған комиссия». 1872—1873 жылдары комиссия реформадан кейінгі Россиядағы ауыл шаруашылығының жағдайы туралы көп материал: губернаторлардың баяндамаларын, помещиктердің, дворяндар жетекшілерінің, әр түрлі земство басқармаларының, болыстық басқармалардың, астық саудагерлерінің, село поптарының, кулактардың, статистика және ауыл шаруашылығы қоғамдарының және ауыл шаруашылығымен байланысты әр түрлі мекемелердің мәлімдемелері мен жауаптарын жинады. Бұл материалдар «Россиядағы ауыл шаруашылығы мен село өнімділігінің қазіргі жағдайын зерттеу үшін патшаның өзі тағайындаған комиссияның баяндамасы» деген кітапта жарияланды (Петербург, 1873).— *179.*

66 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 850-бет.

Лениннің «Arbeitsrente» терминінің «еңбек рентасы» деген сөздермен теріс берілуі туралы ескертпесінің Н. Ф. Даниельсонның аудармасына (1896) қатысы бар.— *180.*

67 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 857-бет.— *181.*

68 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 859-бет.— *181.*

69 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 860-бет.— *182.*

70 *«Сыйлықтылар»* немесе сыйлық алушы шаруалар — бұрынғы помещиктік шаруалардың бір бөлегі; бұлар 1861 жылғы реформа кезінде помещикпен жасасқан «келісім» бойынша ұлтарақтай жер үлесін тегін (ақы төлемей) алды; бұл үлес «жоғарғы» немесе «указдық» деп аталатын үлестің, яғни сол өңір үшін заң бойынша белгіленген шаруа үлесінің тек төрттен бір бөлігі ғана болатын. Өзінің «сыйлықтыларын», зорлықпен жерлерінен айырған шаруаларын крепостниктік право жойылғаннан кейін де кіріптарлықта ұстаған помещик бұрынғы шаруалар үлестерінің бүкіл қалған бөлігін өз қолына жинап алды. Халық арасында «сыйлыққа» берілетін үлес «ширек» үлес, «жетімнің» үлесі, «мысық» терісіндей үлес және «гагариндік» үлес («сыйлыққа» берілетін үлесті жерлер туралы заңның жобасын ұсынған князь П. П. Гагариннің есімі бойынша) деп аталып кетті.— *185.*

71 *«Үш күндікшілер»* үлесті жері және кедей шаруашылығы бар ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылар категорияларының бірі; бұлар — нан үшін немесе 20—30 сом ақша үшін бүкіл жаз бойы аптасына 3 күннен кулактың немесе помещиктің шаруашылығында кіріптарлық шарттармен жұмыс істеуге мәжбүр болған күндікшілер. Үлесті жерлері

бар селолық жұмысшылардың бұл түрі патшалық Россияның, әсіресе солтүстік-батыс губернияларында көп болды.— *185.*

72 *Остзей өлкесі* — патшалық Россияның Прибалтика өлкесі; бұл өлкеге Эстляндия, Курляндия және Лифляндия губерниялары кірді. Қазір бұл — Латыш және Эстон Советтік Социалистік республикаларының территориясы.— *185.*

73 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 173—174-беттер.— *190.*

74 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 354—360, 639—643, 655—656-беттер.— *190.*

75 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 640-бет.— *190.*

76 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 358-бет.— *190.*

77 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 355-бет.— *190.*

78 Бұл тараудың алғашқы алты параграфы әуел баста 1899 жылғы мартта «Начало» журналының 3-номерінде (96—117-беттер) «Қазіргі орыс егіншілігінде барщиналық шаруашылықты капиталистік шаруашылықтың ығыстыруы» деген атпен мақала түрінде басылды. Мақалаға редакция «Бұл мақала — автордың Россияда капитализмнің дамуы туралы үлкен зерттеуінің үзіндісі» деген ескерту жазды.— *197.*

79 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIV том, I бөлім, 1937, 287-бет.— *199.*

80 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 851-бет.— *199.*

81 *Уақытша міндетті шаруалар* — бұрынғы помещиктік шаруалар, бұлар 1861 жылы крепостниктік право жойылғаннан кейін үлесті жерін пайдаланғаны үшін помещиктердің пайдасына белгілі бір міндеткерлік (оброк немесе барщина) атқаруға тиіс болды. «Уақытша міндеттілік жағдай» помещиктердің келісімі бойынша шаруалар өздерінің жер үлестерін жеке меншікке ақысын төлеп сатып алғанға дейін сақталды. 1883 жылғы 1 январьдан бастап шаруалардың помещиктерге «міндетті қарым-қатынастарына» тыйым салған 1881 жылғы указдан кейін ғана ақы төлеуге көшіру помещиктер үшін міндетті болды.— *200.*

82 «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» деген (екі том)

жинақты Ленин 1897 жылы Шушенское селосында айдауда жүргенде алды да, оның материалдарын «Россияда капитализмнің дамуын» жазу барысында мұқият зерттеді. Мұны Лениннің жинақ беттерінің шетіне жазған толып жатқан ескертпелерінен көруге болады. Лениннің аталған кітапқа салған белгілері Лениннің XXXIII жинағында жарияланды және ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарына» енгізілді. Шаруалардың жіктелуін бүркемелейтін статистикалық «орта есеп» әдісінің мүлдем дәйексіздігін әшкерелей отырып, Ленин жинақтағы нақты материалды мұқият тексеріп, пайдаланды. Мәселен, бірінші томның 153 және 170-беттерінде Ленин Россияның жекелеген губернияларында шаруашылықтың әр түрлі системаларының (капиталистік, жұмыспен өтеу және аралас системаларының) тарағаны туралы ақпар жасады. Бұл материалдар басқа да деректемелерден алынған аздаған қосымшалармен төменде келтірілген кестеге енді.— *202.*

83 *Теңдеме жерлерді өңдеу* — реформадан кейінгі Россияда шаруалардың жұмыспен өтеуінің және помещик жерін кіріптарлық арендаға алуының бір формасы. Жұмыспен өтеудің мұндай формасы тұсында шаруа ақша үшін, қыста алған қарызы үшін немесе арендаға берілген жер үшін помещикке өз құрал-саймандарымен және өз аттарымен «теңдеме жер», яғни жазғы егістен бір десятина, күзгі егістен бір десятина, кейде шабындықтан да бір десятина жер өңдеуге міндеттенетін.— *207.*

84 *Шөмелелік жұмыс* — Россияның оңтүстік аудандарында заттай төленетін кіріптарлық аренда осылай аталатын; бұл жағдайда жерді арендаға алушы жер иесіне әр «шөмеледен» егін түсімінің белгілі бір үлесін (жартысын, кейде одан да көбірегін) және оның үстіне әр түрлі «жұмыспен өтеу» арқылы өз еңбегінің бір бөлегін беретін.— *210.*

85 *Truck-system* — фабриканттардың иелігіндегі фабрикалық дүкендерден жұмысшыларға жалақыны товарлар мен өнімдер арқылы төлеу жүйесі. Қожайындар ақшалай жалақының орнына жұмысшыларға осы дүкендерден сапасы нашар тұтыну заттарын қымбат баға бойынша алуға мәжбүр етеді. Жұмысшыларды қанаудың қосымша құралы болған бұл жүйе Россияда әсіресе майдагерлік кәсіпшіліктер аудандарында көп тараған болатын.— *211.*

86 *Смердтер* — ежелгі Русьтегі (IX—XIII ғасырлар) князьдің немесе басқа ақсүйек және діни феодалдардың шаруашылығында барщиналық жұмыс істеп, оларға оброк төлеген, феодалдарға тәуелді болған шаруалар.

*«Русская правда» («Орыс шындығы»)* — XI—XII ғасырлардағы ежелгі Русьте жарық көрген заңдар мен князьдік

қаулылардың тұңғыш жазбаша жиынтығы. «Русская правданың» мақалалары феодалдық меншікті және феодалдардың өмірін қорғауға бағытталды. Бұл мақалалар ежелгі Рустің басыбайлы шаруаларының қанаушыларға қарсы кескілескен тап күресін жүргізгендігін сипаттайды.— *215.*

87 1897 жылғы 1 және 2 марттағы жарыс сөздер туралы стенографиялық есеп «Ерікті экономикалық қоғамның еңбектерінде» (1897, № 4) басылған болатын.

*Императорлық Ерікті экономикалық қоғам* — 1765 жылы Петербургте құрылған Россиядағы тұңғыш ғылыми экономикалық қоғам; ол Уставта көрсетілгеніндей, «мемлекетте егіншілік пен өнеркәсіп үшін пайдалы деректерді тарату» мақсатымен құрылған болатын. Қоғамның 3 бөлімшесі болды: 1) ауыл шаруашылығы бөлімшесі, 2) ауыл шаруашылығының техникалық өндірістері мен егіншілік механикасы бөлімшесі және 3) ауыл шаруашылығы статистикасы мен саяси экономия болімшесі. Ерікті экономикалық қоғам либерал дворяндар мен буржуазиядан шыққан ғалымдарды біріктірді; қоғам елдің халық шаруашылығының әр түрлі салалары мен аудандарын зерттеу жөнінде анкеталық зерттеулер жүргізіп, экспедициялар ұйымдастырды; «Ерікті экономикалық қоғамның еңбектерін» мезгіл-мезгіл шығарып тұрды, бұларда зерттеулердің нәтижелері, қоғамның секцияларындағы баяндамалар мен жарыс сөздердің стенограммалары басылды. В. И. Лениннің еңбектерінде Ерікті экономикалық қоғамның еңбектері талай рет ауызға алынады.— *223.*

88 *Пиндар* — ежелгі Грецияның лирик ақыны. Ол өзінің өлеңдерінде спорт ойындарының әйгілі жеңімпаздарын мадақтады. Пиндардың есімі шамадан тыс «мадақтаушыларды» айту үшін жағымсыз мағынада қолданылатын болды. Маркс капитализмді мадақтаушы доктор Юрды капиталистік фабриканың Пиндары деп атады (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 429-бет және III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 416-бет).— *247.*

89 *Звегинцевтің комиссиясы* «шет кәсіпшіліктерді тәртіпке салып, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының орын ауыстыруын реттеу» шараларын белгілеу үшін ішкі істер министрлігінің жер бөлімі жанынан 1894 жылы құрылған болатын.— *258.*

90 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 274-бет.— *261.*

91 «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың бірінші басылуында бұл кесте мынадай еді:— *270.*

*Европалық Россияның*

| Дәуірлер | Халық саны | | | | Мың ширек: Егіс барлық астық, яғни дәнді астық, оған қоса картоп | | | | Таза өнім | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мың есебімен | % есебімен | | | | % есебімен | | | | % есебімен | | |
| 1864—66 | 61 400 | 100 | | | 72 225 | 100 | | | 152 851 | 100 | | |
| 1870—79 | 69 853 | 114 | 100 | | 75 620 | 104 | 100 | | 211 325 | 138 | 100 | |
| 1883—87 | 81 725 | 132 | 117 | 100 | 80 293 | 111 | 106 | 100 | 255 178 | 166 | 120 | 100 |
| 1885—94 | 86 282 | 140 | 123 | 105 | 92 616 | 128 | 122 | 115 | 265 254 | 173 | 126 | 104 |

92 Лениннің осы жинақ жөніндегі ескертпелері мен алдын ала жасаған есептері Лениннің XXXIII жинағында жарияланды және ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарына» енгізілді.— *271.*

93 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 813—814-беттер. В. И. Лениннің орыс тіліндегі аударма туралы жасаған ескертпелерінің Н. Ф. Даниельсон дайындаған 1896 жылғы басылымға қатысы бар.— *276.*

94 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 721—722-беттер.— *277.*

95 *«Алмастыруға болатын зат»* («res fungibilis») — тіпті Рим правосына да белгілі болған ескі заң термині. Шарттарда қарапайым есеппен, өлшеммен анықталатын заттар («пәлен пұт қара бидай», «пәлен дана кірпіш») «алмастыруға болатын заттар» деп аталады.

*Цивилистер* — азаматтық правомен шұғылданатын юристер.— *289.*

96 *Ширек* — сусымалы заттар үшін 209,91 литрге, сұйық заттар үшін — 3,0748 литрге тең орыстың ескі көлем өлшемі.— *312.*

97 *Берковец* — 10 пұтқа тең орыстың ескі салмақ өлшемі.— *314.*

98 Қараңыз: Е. М. Дементьев. «Фабрика, ол халыққа не береді және одан не алады». Москва, 1893, 88—97-беттер.— *319.*

99 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 173-бет.— *338.*

*50 губерниясы*

| Егіс есебімен картоп | | | | Таза өнім | | | | Халықтың жан басына таза өнім неше ширектен келеді | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | % есебімен | | | | % есебімен | | | дәнді астық | картоп | барлық астық |
| 6 918 | 100 | | | 16 996 | 100 | | | 2,21 | 0,27 | 2,48 |
| 8 757 | 126 | 100 | | 30 379 | 178 | 100 | | 2,59 | 0,43 | 3,02 |
| 10 847 | 156 | 123 | 100 | 36 164 | 212 | 119 | 100 | 2,68 | 0,44 | 3,12 |
| 16 552 | 239 | 187 | 152 | 44 348 | 260 | 146 | 123 | 2,57 | 0,50 | 3,07 |

100 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы. I том, 1949, 292—293-беттер.— *340.*

101 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 675-бет.— *346.*

102 К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 361-бет.— *346.*

103 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 703, 654-беттер.— *347.*

104 К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 281—282-беттер.— *347.*

105 К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 280-бет.— *348.*

106 *Кландық меншік* — кельт халықтарындағы рулық меншік.— *349.*

107 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 662—663 және 869-беттер.— *349.*

108 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 136-бет.— *351.*

109 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 100—101-беттер.— *352.*

110 Бұл арада әңгіме Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруа мәселесі» деген мақаласы туралы болып отыр; бұл ма-

қала 1894—1895 жылдары немістің социал-демократиялық «Die Neue Zeit» журналының 10-номерінде басылған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 439—461-беттер). Француз «шәкірттері» деп отырғаны — марксистердің (немесе, Энгельстің айтылмыш еңбегінде оларды атағанындай, «маркстік бағыттағы француз социалистерінің») цензураның көзін алдау үшін қойылған аты.— *352.*

111 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 869—870 беттер.— *353.*

112 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 875-бет.— *353.*

113 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 663—664-беттер.— *353.*

114 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 780-бет.— *354.*

115 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 781—782-беттер.— *355.*

116 *Antrag Kanitz* — аграрийлердің өкілі Каництің шетелден әкелінетін бүкіл астықты сатып алу ісін үкімет өз қолына алсын, сосын оны орта бағамен өзі сатсын деп, 1894—1895 жылдары герман рейхстагына жасаған ұсыпысы. Рейхстаг бұл ұсынысты қабылдамай тастады.— *356.*

117 Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының VII тарауында, 602—603-беттердегі ескертуінде Бюхердің зерттеуіне, оның өнеркәсіптің даму сатылары мен формаларын жіктеп бөлуіне баға береді. Бюхердің кітабының халық шаруашылығының пайда болуына арналған бөлімін Ленин Петербург түрмесінде отырғанда және Шушенское селосында айдауда жүргенде, сірә, 1896 жылғы январьдың бірінші жартысы мен 1897 жылғы ноябрьдің аралығында орыс тіліне аударған; аударма жарияланбаған.— *358.*

118 XIX ғасырдың орта кезінде Арзамас қаласы мен оның шет жақтарында түрлі түсті жүннен өрнектеп аяқ киім тоқу кең дамыған болатын. 1860 жылдары Арзамаста, Никольск монастырында және Выездная Слобода селосында жылына он мың парға дейін және одан да көп аяқ киім дайындалатын. Бұл аяқ киім Нижегород жәрменкесінде өткізілетін және Сибирьге, Кавказға, Россияның басқа да аудандарына жөнелтілетін.— *367.*

[119] *Манилов* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» повесіндегі ынжық қиялшылға, көкіген көкезуге, қарекетсіз мылжыңға тән ұнамсыз типке айналып кеткен кейіпкер.— *383.*

[120] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 332-бет.— *384.*

[121] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 333-бет.— *385.*

[122] *Зергерлер* зергерлік кәсіпшілікте жұмыс істеп, әр алуан металдардан (алтыннан, күмістен, қалайыдан, мыстан және басқалардан) түрлі бұйымдарды, оның ішінде иконаларды, шіркеу мүлкінің басқа да заттарын айшықтап өңдеу үшін сол кезде кең қолданылған жұқа қабыршықтар дайындаған.— *385.*

[123] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 345—346-беттер.— *387.*

[124] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 291, 298, 318, 350—353 беттер.— *390.*

[125] *Тастан қашап бұйым жасаушылар,* тастан бұйым жасау кәсіпшілігінде жұмыс істеп, түрлі түсті шынылардан моншақ, сырға және т. б. әшекейлер жасаған.— *402.*

[126] Корсактың «Өнеркәсіп формалары және т. б. туралы» деген кітабының корсетілген тарауындағы 101-бетте тарихи айғақтардың арасында митрополит Киприанның 1391 жылы Константин-Еленинский монастырына берген уставтық грамотасы аталған; бұл грамотада шаруалардың міндеткерліктері атап көрсетілген: олар монастырь жерлерінде әр түрлі ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындауға (монастырь жерін жыртып, тұқым себуге, оның егінін жинауға, шөп шабуға, қара бидай бастыруға, нан пісіруге, сыра қайнатуға, балық аулауға және т. б.), сондай-ақ басқа да міндеткерліктерді атқаруға, мысалы «селоға игумен беретін зығырды иіруге» тиіс болды. Сонымен бірге жер иесінің шаруаларға жүктейтін міндеттері арасында *«бейнетпен де, бұйымдай да»* дейтіндер, яғни «ұсақ-түйек жұмысын істеп те, қызмет көрсетіп те» өтейтін міндеттер болды.— *409.*

[127] *«Ширек иелігі бар мемлекеттік»* шаруалар — патшалық Россиядағы бұрынғы мемлекеттік шаруалар, XV—XVII ғасырларда Москва мемлекетінің шет аймақтарына қоныстандырылған төменгі қызмет адамдарының ұрпақтары. Шекараны қорғау жөніндегі қызметі үшін қоныстанушылар (казактар, стрелецтер, солдаттар) *ширекпен* (десятинаның жартысы) өлшенетін шағын жер учаскелерін уақытша немесе мұра

ретінде пайдалануға алатын. Қазыналық қоныстанушылар 1719 жылдан бастап жеке мекенділер деп аталатын болды. Жеке мекенділер бұрын әр түрлі жеңілдіктермен пайдаланатын, шаруаларды иемденуге праволы болатын. XIX ғасырда жеке мекенділер праволары жағынан бірте-бірте шаруалармен теңестірілді. 1866 жылғы ереже бойынша жеке мекенділердің жері (ширек жер) олардың жеке меншігі деп танылды және мұра бойынша бұрынғы жеке мекенділердің (ширек жерлі шаруалардың) семья мүшелеріне ауысып отырды.— *413.*

128 *Ерікті егіншілер* — 1803 жылғы 20 февральдағы заң бойынша крепостниктік тәуелділіктен босатылған шаруалар тобы; бұл заң помещиктердің өздері белгілеген шарттар негізінде шаруаларды жерімен қоса бостандыққа жіберуіне рұқсат етті.— *413.*

129 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 360—362-беттер.— *417.*

130 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы 4-том, 155-бет.— *417.*

131 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 380-бет.— *417.*

132 *«Заглодалар»* — үй-ішіндік шеберхана ұстаушылар, қолмен мата тоқу стандарын орнату үшін үйін — шағын бөлмесін фабриканттарға арендаға беріп, өздері де осында жұмыс істеушілер кейде осылай аталатын. Заглода немесе үй-ішіндік шеберхана ұстаушы фабрикантпен жасалған шарт бойынша үйге от жағып, оны жөндеп, жіп иіру үшін тоқымашыларға шикізат жеткізіп, дайын өнімді қожайынға жөнелтіп тұратын, кейде жұмысшыларға бақылау жасайтын приказчиктің міндеттерін атқаратын.— *418.*

133 *«Зимняк» тақыры* Владимир губерниясындағы Александр уезіне қарасты Козлово деревнясынан 5 километр жерде болды.— *426.*

134 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 353—362-беттер.— *430.*

135 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 353—362-беттер.— *431.*

136 *«Мардастықтар»* — Владимир губерниясындағы Шуя уезінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі Мардас деген жердің тұрғындары; бұған Дуниловская және Юрчаковская болыстары кірді.— *442.*

137 Бұл арада әңгіме етік тігу кәсіпшілігіндегі шеберханалар туралы болып отыр: тері сүретін шеберханаларда аяқ киімді керу, сондай-ақ теріні қырғышпен тазалау жұмыстары жүргізілді; теріні тазалағаннан кейін қалған қиқымдар клеенка жасауға жұмсалды; клеенка немесе тері қиқымдары шеберханаларында клеенка өкше мен ұлтарақққа жұмсалатын тері қиқымдарынан жасалды.— *446.*

138 *Жазу кітаптары* — қала, село және деревня тұрғындарына алым-салық салуға арналған негізгі документтер; бұл документтерде жердің сипаты, тұрғындардың ауқаттылығы көрсетіліп, көшелер, слободалар, монастырьлар, қамалдар және т. б. жазылатын. Жазу жұмысын жергілікті жерлерде орталықтан келген ерекше комиссиялар — «хатшылар» жүргізетін. Ең көне жазу кітаптары XV ғасырдың аяқ кезіне жатады, бірақ олардың XVII ғасырдағысы бәрінен де көбірек сақталған.— *451.*

139 1897 жылғы 2 июньдегі заң бойынша өнеркәсіп орындары мен темір жол шеберханалары үшін жұмыс күні $11^1/_2$ сағат (түнгі жұмыстар үшін 10 сағат) болып белгіленді. Бұл заң шыққанға дейін Россияда жұмыс күні шектелмеді және 14—15 сағатқа жетті, тіпті одан да асып кетті. Патша үкіметі лениндік «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» басшылық еткен жұмысшы қозғалысының қысымымен 1897 жылғы 2 июньдегі заңды шығаруға мәжбүр болды. «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшасында Ленин бұл заңға егжей-тегжейлі талдау жасап, сынға алды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 285—342-беттер).— *454.*

140 *Кесте тігу кәсіпшілігі* — алтынмен аптау жұмыстарына арнап жіңішке күміс немесе алтын жіп дайындау.— *456.*

141 Бұдан кейінгі кесте «Вестник Финансовтың» 1898 жылғы 42-номерінде басылған толығырақ кестенің негізінде жасалды.— *460.*

142 1864 жылға дейін Тула қару-жарақ жасаушылары крепостной болып келді, қазыналық (мемлекеттік) қару-жарақ жасаушылар болып есептелді, олар ерекше слободаларда (қазыналық ұсталар слободасы және басқалар) тұрды. Олар мылтықтың оқпанын, құндағын, шүріппесін, ұңғысын, басқа да бөлшектерін жасайтын цехтарға бөлінді. Көмекші жұмыстарды атқару үшін Тула заводтарына бірнеше деревняның крепостной шаруалары бекітіліп берілді. Бұл шаруалар қару-жарақ жасаушыларға ағаш көмірін дайындап берді, заводтарға бекітіліп берілген ормандарды күзетіп, завод аулаларында жұмыс істеді. Крепостниктік тәуелділіктен азат етілген кезге дейін Тулада барлығы 4 мыңға жуық қару-жарақ шебері болды, олардың ішінде 1276 шебер заводтарда, 2362 шебер үйле-

рінде жұмыс істеді; семьяларымен қосқанда қару-жарақ жасаушылар 20 мыңнан астам адам болды.— *461.*

143 Бұл арада «С.-Петербургтегі аяқ киімді механикалық жолмен өндіру серіктігінің» фабрикасы айтылып отыр (қараңыз: «Фабрикалар мен заводтар тізбесі». Петербург, 1897, № 13450, 548—549-беттер).— *468.*

144 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 756—757-беттер.— *472.*

145 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 354—355-беттер.— *479.*

146 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 353—354-беттер.— *481.*

147 М. К. Горбунова. «Москва губерниясындағы әйелдер кәсіпшіліктері», IV кітап («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы. Шаруашылық статистикасы бөлімі», VII том, II кітап, Москва, 1882). Кіріспе, IX бет.— *483.*

148 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 489 және келесі, 654 және келесі беттер.— *486.*

149 Қараңыз: Е. Н. Андреев. ««Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеуге арналған комиссияның» зерттеулері және басқа деректемелер бойынша Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп». Петербург, 1885, 69-бет және осы автордың «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп» деген еңбегі. Петербург. 1882, 12-бет.— *491.*

150 Патшалық Россияның ірі өнеркәсібінің реформадан кейінгі дәуірдегі дамуын сипаттау үшін Ленин сол кездегі фабрика-завод статистикасының толып жатқан материалдарын (ресми анықтамаларды, жекелеген монографияларды, зерттеулер мен жинақтарды, әр түрлі журналдар мен газеттерде жарияланған есептерді, баяндамаларды, басқа да деректемелерді) ғылыми тұрғыдан өңдеген болатын. Мұны Лениннің кітаптарға салған белгілері, Лениннің XXXIII жинағының екінші бөлімінде, сондай-ақ ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арналған дайындық материалдарында» жарияланған басқа да материалдар дәлелдейді. Сонымен бірге «Біздің фабрика-завод статистикамыз туралы мәселе жайында» деген мақаласында да Ленин фабрика-завод статистикасының негізгі деректемелеріне баға береді (қараңыз: Шығармалар, 4 том, 1—40-беттер).— *497.*

151 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 485—486-беттер.— *497.*

152 Бұл арада әңгіме «Пермь губерниясындағы Красноуфимск уезінің статистикасына арналған материалдар» туралы болып отыр, V кітап, I бөлім (Завод ауданы). Қазан, 1894. Осы кітаптың 65-бетінде «1892 жылы Артинск заводының цехтық жұмыстарында істеген кезде қарыздар болған жұмысшылар командасы туралы мәліметтер» деп аталған кесте бар.— *533.*

153 Ленин «Россияның кен-завод өнеркәсібі» деген кітаптан цитат келтіріп отыр. Кен департаментінің басылымы. 1893 жылы Чикагода болған Бүкіл дүние жүзілік Колумб көрмесі. Петербург, 1893, 52-бет.— *534.*

154 «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың бірінші басылуындағы кестеде 1890 және 1896 жылдардағы мәліметтер бар еді; олар кітаптың екінші басылуына енбеген. Оның үстіне 1897 жылғы бірінші басылуының деректері сол жылғы екінші басылуында келтірілген мәліметтерден біраз өзгеше. Бірінші басылуындағы кестенің тиісті бөлегі төмендегідей болатын:

| Жылдар | Қорытылған шойын, мың пұт есебімен | | | | | | Империяда барлық шығарылған тас көмір, млн. пұт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Империяда барлығы | % | Уралда | % | Оңтүстікте | % | |
| 1890 | 56 560 | 100 | 28 174 | 49,7 | 13 418 | 23,7 | 367,2 |
| 1896 | 98 414 | 100 | 35 457 | 36,6 | 39 169 | 39,7 | 547,2 |
| 1897 | 113 982 | 100 | 40 850 | 35,8 | 46 350 | 40,6 | — |

Бірінші басылуында 1897 жылғы деректерге кітап бетінің аяқ жағында «1898 жылы империяда 133 миллион пұт шойын қорытылды, оның 60 миллион пұты Оңтүстікте және 43 миллион пұты Уралда қорытылды деп есептелді («Русские Ведомости», 1899, № 1)» деген ескерту берілген болатын, бұл ескерту де екінші басылуына енбеген.— *535.*

155 Бұл кестені Ленин кейінірек 1908 жылғы тиісті мәліметтермен толықтырды (563-беттегі иллюстрацияны қараңыз). Лениннің қосымша жазған деректері 1910 жылы басылып шыққан «Фабрика инспекторларының 1908 жылғы есептерінің жиынтығынан» (50—51-беттер) алынған. Демек, Лениннің толықтыруының 1910 немесе 1911 жылға қатысы бар. Мұның өзі Лениннің бұл кезде де өз кітабын жазуды жалғастыра бергендігін дәлелдейді. 1908 жылы басылған «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа Лениннің салған белгілері ««Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа дайындық материалдарына» түгел енгізілген.— *560.*

156 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 654-бет.— *578.*

157 Шушенское селосында айдауда жүрген кезінде В. И. Ленин Н. К. Крупскаямен бірлесіп С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабының бірінші томын ағылшын тілінен аударып, екінші томының аудармасын редакциялады. Веббтердің кітабының бірінші томы — «Владимир Ильиннің», яғни Лениннің «ағылшын тілінен жасаған аудармасы» 1900 жылы Петербургте О. Н. Попованың баспасында жарық көрді; екінші томы 1901 жылы шықты.— *581.*

158 *«Хлудовтар фабрикасы»* — «Ағайынды А. және Г. Хлудовтардың Егорьевскідегі мақта жіп иіру фабрикасының серіктігі» (фабрика Рязань губерниясының Егорьевск қаласында болды). Лениннің жасаған ескертпелеріндегі жақша ішінде келтірілген (жұмысшылардың саны мен өндіріс сомасы туралы) мәліметтер «Фабрикалар мен заводтардың тізбесінен» алынған (Петербург. 1897, № 763, 36-бет).— *584.*

159 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 756—757-беттер.— *587.*

160 *Ласт* — Россияның сауда кемелерінің судағы сыйымдылығын өлшеу өлшемі; бұл өлшеу өлшемі XX ғасырдың бас кезіне дейін қолданылып келді. Судағы көлем сыйымдылығының ласты 5,663 текше метрге тең, ал салмақ сыйымдылығының ласты 2 тоннаға жуық.— *606.*

161 К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 684-бет.— *612.*

162 Кітаптың бірінші басылуында осы сөздерден кейін беттің аяқ жағында берілген мынадай ескерту бар: «№ XXX кесте. Бұл «Қорытынды жинақты» (Воронеж. 1897) біз кітаптың жартысынан астамы басуға беріліп қойған соң алдық».— *620.*

163 *Собакевич* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» повесінің кейіпкері, оның образы арқылы дөрекі және сараң помещиктің бір типі жасалған.— *644.*

164 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 753-бет.— *644.*

165 *«Купон мырза»* — капитал мен капиталистерді білдіру үшін XIX ғасырдың 80 және 90-жылдарындағы әдебиетте алынған бейнелі сөздер. «Купон мырза» деген сөздерді жазушы Глеб Успенский «Ауыр күнәлар» деген очеркінде (алғаш рет 1888 жылы «Русская Мысль» журналында басылған, 12-кітап, 174-бет) қолданды. Сондай-ақ Глеб Успенскийдің «Кавказда» деген очеркін қараңыз. Шығармаларының толық жинағы, 8-том, 1957, 164—165-беттер.— *649.*

166 *«Покрут»* — Россияның солтүстігінде теңіз аңдары кәсіпшілігімен немесе балық аулаумен айналысқан артельдердегі адамдардың экономикалық қарым-қатынасының формасы. «Покрут» деген сөздің өзі кәсіпшілікке адам жалдау немесе әр артель мүшесінің табыстан алатын үлесі деген мағынаны білдіреді. Мұндай артельде кәсіпшілікті жүргізуге қажетті өндіріс құралдарының иесі қожайын болатын; ал жұмысшылар қожайынға кіріптарлық тәуелділікте болды. Қожайын әдетте табыстың $^2/_3$-ін, ал жұмысшылар — тек $^1/_3$-ін ғана алатын. Жұмысшылар үлестерін қожайынға арзан бағалармен өткізіп, ақыны товармен алатын, мұның өзі жұмысшылар үшін мүлдем тиімсіз еді.— *654.*

167 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 15-бет.— *656.*

168 *«Сынға жанаспайтын сын»* деген мақала «жария марксистердің» бірі П. Н. Скворцовтың «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітап туралы дұшпандықпен жазған рецензиясына В. И. Лениннің жауабы болды. Мақаланы жазуға В. И. Ленин 1900 жылғы январьда Шушенское селосында айдаудың соңғы апталарын өткізіп жатқан кезінде кірісті; бұл туралы Н. К. Крупская 1900 жылғы 19 январьда М. А. Ульяноваға жазған хатында хабарлайды. Ленин мақаланы 1900 жылдың мартында айдаудан қайтып келген соң жазып бітірді: мақала 1900 жылғы май — июньде «Научное Обозрение» журналында басылды. Бұл мақала Лениннің шетелге кеткенге дейін орыс жария баспасөзінде жарық көрген соңғы еңбегі болды.

*«Научное Обозрение»* — Петербургте 1894 жылдан 1903 жылға дейін әуелі апта сайын, кейіннен ай сайын шығып тұрған ғылыми және қоғамдық-саяси журнал. Журналдың айқын бағыты болмады, бірақ, Лениннің сөзімен айтқанда «мода үшін» марксистерге өз беттерінен орын беріп отырды. Журналда Лениннің «Тағы да өнім өткізу теориясы туралы мәселе жөнінде» (1899), «Сынға жанаспайтын сын» (1900) және басқа еңбектері жарияланды. Журналға Г. В. Плеханов, Д. И. Менделеев, К. Э. Циолковский қатысып тұрды.— *665.*

169 Тырнақшаға алынған сөздер («Чи-чи-ков...» және т. б.)— Н. Г. Чернышевскийдің «Орыс әдебиетіндегі гогольдік дәуірдің очерктері» деген шығармасының бір жерінің басқаша айтылуы; ол шығармада былай делінген: «... «Өлі жандарды» тапқырлықпен талдау ісін былай деп жазуға болар еді. Кітаптың: «Чичиковтың ел аралауы» немесе «Өлі жандар» деген атын көшіріп алып, тура былай деп бастаса: «Чхи! чхи! ковтың сайрап салуы: — оқушы, сіз мені түшкірді деп ойлап қалмаңыз... т. т. және т. с. Мұнан жиырма жылдай бұрын, осыны тапқырлық деп ойлаған оқушылар да болды» (Н. Г. Чернышевский, «Орыс әдебиетіндегі гогольдік дәуірдің очерктері». Петербург. 1892, 64-бет).— *670.*

[170] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 140—141-беттер.— *672.*

[171] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 139—140-беттер.— *673.*

[172] К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 533-бет.— *674.*

[173] К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 362-бет.— *676.*

[174] Лениннің «Тағы да өнім өткізу теориясы туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы «В. Ильин» деп қол қойылып, 1899 жылғы августа «Научное Обозрение» журналының 8-номерінде басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 73—93-беттер).— *691.*

[175] *«Марксизмді буржуазиялық ғылыммен шатастырушылықты жұртқа «көрсету» әрекеті»* — В. И. Лениннің «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы). П. Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабы туралы» (СПБ. 1894 жыл) деген еңбегінде струвизм, «жария марксизм» сынға алынды. Бұл еңбек В. И. Ленин Шығармаларының осы басылуының және бұдан бұрынғы басылуларының бірінші томына енді. Онда марксизмнің туы мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүддесіне пайдалануға тырысқан буржуазиялық демократтар ретіндегі «жария марксистердің» шынайы табиғаты әшкереленді. Ленин струвизмнен, «жария марксизмнен» кейін бернштейншілдік пен каутскийшілдіктің формасына ие болған халықаралық ревизионизмнің ұрығын көре білді. Бұдан кейінгі жылдарда Ленин струвистердің капитализмді ашықтан-ашық қорғауға барып ұласқан заңды эволюциясын көрсетіп берді; «жария марксистердің» көбі кейін орыс буржуазиясының басты партиясының мүшелері — кадеттер болып кетті. Ленин капиталистік құрылысты дәріптеуге және қорғауға бағытталған, буржуазиялық тұрғыдан «марксизмді сынаудың» барлық көріністеріне қарсы үнемі ымырасыз күрес жүргізді.— *693.*

[176] В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде «бұл бағытқа жүйелі талдау жасап» берді. Осы аса маңызды философиялық шығармасын Ленин 1908 жылы жазды және ол 1909 жылы Москвада жеке кітап болып басылып шықты.— *693.*

# В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

*А. М. Ставропольская губерния.* (От нашего корреспондента).— «Северный Курьер», Спб., 1899, № 33, 3(15) декабря, стр. 4, в Областном отделе.— *239.*

*Авдаков, Н. С. Краткий статистический обзор донецкой каменноугольной промышленности.* (На память о Всероссийской художественно-промышленной выставке в Нижнем-Новгороде). Харьков, 1896. 32 стр.— *540.*

— *По вопросу о пошлинах на иностранный чугун.* (Доклад комиссии, организованной XXII съездом горнопромышленников юга России).— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 50, стр. 812—820.— *537, 573.*

*Авилов, Б. В. О «новой теории рынков.*— «Научное Обозрение», [Спб.], 1899, № 12, стр. 2296—2308.— *690—691, 692.*

*Андреев, Е. Н. Кустарная промышленность в России.* Спб., 1882. 31 стр.—*491.*

— *Кустарная промышленность в России по исследованиям «Комиссии для исследования кустарной промышленности в России» и другим источникам.* Спб., 1885. II, 97 стр.— *491.*

**Анненский, Н. Ф. Доклад по вопросу о положении кустарей Павловского района.*— «Нижегородский Вестник Пароходства и Промышленности», 1891, № 1, стр. 10—16; № 2, стр. 40—45; № 3, стр. 58—62.— *368, 383—384, 453, 472—473.*

*— *Стоимость производства хлеба в частновладельческих хозяйствах.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар жұлдызшамен белгіленді. Бұл кітаптар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркcизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I. Спб., 1897, стр. 157—235.— *202.*

*Арнольд, Ф. К. Лесной товар.*— В кн.: Обзор различных отраслей мануфактурной промышленности России, Т. I. Спб., 1862, стр. 251—325.—*520.*

**Баталин, А. Ф. Огородничество и садоводство.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. I. Сельскохозяйственные произведения, огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. Спб., 1883, стр. 1—42. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *328, 329, 330.*

*Баталин, Ф. А. Календарь и справочная книжка русского сельского хозяина на 1883 г.* Сост. при уч. Ф. К. Арнольда и др. В 2-х ч. Спб., Девриен, 1883. 614 стр.— *67—68.*

*Бахмутский уезд, Екатеринославской губ., 31 октября.*— «Русские Ведомости», М., 1897, № 322, 21 ноября, стр. 3, в отд.: Внутренние известия.— *573.*

*Белобородов, А. Пришлые рабочие на Кубанщине.*— «Северный Вестник», Спб., 1896, № 2, стр. 1—8.— *262, 324.*

*Белов, В. Д. Кустарная промышленность в связи с уральским горнозаводским делом.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. XVI. Спб., 1887, стр. 1—35.— *533.*

*Благовещенский, И. И. и Гарязин, А. Л. Кустарная промышленность в Олонецкой губернии.* Петрозаводск, 1895. II, 125 стр.— *444.*

**Благовещенский, Н. А. Сводный статистический сборник хозяйственных сведений по земским подворным переписям.* Т. I. Крестьянское хозяйство. М., 1893. XVI, 267 стр. На русск. и франц. яз.— *144, 295—296, 297.*

*Блажин, Н. Успехи техники молочного хозяйства.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 38—45, в отд.: III. Домашние животные. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *286, 289.*

*Боголюбский, И. Опыт горной статистики Русской империи.* Спб., 1878. 216 стр.— *531, 537.*

*Борисов, В. История развития кустарных промыслов в г. Туле, Тульском уезде и меры к дальнейшему развитию промыслов.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2234—2291.— *334, 461—462, 464.*

— *Кустарная промышленность на Всероссийской промышленно-художественной выставке в Москве в 1882 г.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 151—247.— *448, 462—463, 464.*

— *Кустарные промыслы Сергиевской волости, Тульского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VII. Спб., 1881, стр. 891—969.— *462, 472—473.*

*Борисовский, А. Ложкарство в Семеновском уезде.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. II. Спб., 1879, стр. 7—28.— *434.*

*Булгаков, С. Н. О рынках при капиталистическом производстве.* Теоретический этюд. М., Водовозова, 1897. 260 стр.— *30, 40, 42, 56.*

**Бычков, Г. Н. Опыт подворного исследования экономического положения и хозяйства крестьян в 3-х волостях Новгородского уезда.* Новгород, 1882. 116, 70, III стр.— *301.*

В. В. — *қараңыз:* Воронцов, В. П.

*Варзер, В. Е. Кустарная промышленность в Черниговском, Борзенском и Новозыбковском уездах.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. V. Спб., 1880, стр. 327—364.— *371.*

*Васильев, П. А. и Шерер, А. А. Шерстяная промышленность.*— В кн.: Обзор различных отраслей мануфактурной промышленности России. Т. I. Спб., 1862, стр. 145—250.— *515.*

*Васильчиков, А. Землевладение и земледелие в России и других европейских государствах.* Т. I. Спб., 1876. V, L, 565 стр.— *179, 212.*

*Вересаев, В. Лизар.* Рассказ.— «Северный Курьер», Спб., 1899, № 1, 1(13) ноября, стр. 9—10.— *294.*

*Верещагин, Н. В. Условия развития скотоводства в России.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно класси-

фикации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 9—20, в отд.: III. Домашние животные. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *289, 298.*

*Вернер, К. А. Памятная книжка Таврической губернии.* Сост. стат. бюро Таврического губ. земства. Под ред. К. А. Вернера. Симферополь, 1889, 678 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Таврической губернии. Т. IX).— *76.*

**Верховцев, Л. Обзор производства аппаратной шерстяной пряжи и суконных изделий.*— В кн.: Успехи русской промышленности по обзорам экспертных комиссий. Спб., 1897, стр. 59—62. (М-во финансов. Деп. торговли и мануфактур. Всерос. пром. и худож. выставка 1896 г. в Н.-Новгороде).— *516.*

*Весин, Л. П. Значение отхожих промыслов в жизни русского крестьянства.*— «Дело», Спб., 1886, № 7, стр. 127—155; 1887, № 2, стр. 102—124.— *625, 627—628.*

— *Маслобойное производство.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 32—44. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *322.*

— *Табачное производство.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 1—31. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *594.*

*«Вестник Европы»,* Спб., 1870, № 10, стр. 508—528.— *544—545.*

— 1884, № 7, стр. 319—356.— *23, 67, 69, 73, 74, 75, 150, 408.*

*«Вестник Общественной Гигиены, Судебной и Практической Медицины»,* Спб., 1896, т. XXXI, кн. 1, июль, стр. 1—49.— *625.*

*«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»,* Спб., 1896—1897.— *532.*

— 1896, № 14, стр. 34—35.— *247.*

— 1896, № 25, стр. 986—992.— *310—311.*

— 1896, № 31, стр. 192—194.— *241.*

*«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»,* Спб., 1896, № 35, стр. 569—587.— *512.*

— 1898, № 44, стр. 379—382.— *605.*

— 1906, № 12, стр. 502—505.— *314.*

*Вешняков, В. И. Русская промышленность и ее нужды.*— «Вестник Европы», Спб., 1870, № 10, стр. 508—528.— *544.*

**Виды на жительство, выданные крестьянскому населению Московск. губ. в 1880 и 1885 гг.*— В кн.: Статистический ежегодник Московского губернского земства. 1886 г. М., 1886, стр. 1—28. (Стат. отд-ние Моск. губ. земской управы).— *623—624, 625, 633.*

**Вихляев, П. А. Крестьянское хозяйство.* Тверь, изд. Тверского губ. земства, 1897. X, 313 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Тверской губернии. Т. XIII. Вып. 2).— *127, 241—242, 295—296, 300—301, 305.*

— *Очерки из русской сельскохозяйственной действительности.* Спб., журн. «Хозяин», 1901. IV, 173 стр. (Книжки хозяина № 21).— *150.*

**Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства.* Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I—II. Спб., 1897. 2 т.

— Т. I. VIII, LXIV, 533 стр.— *82, 84, 96, 174, 202, 211, 220, 223—224, 273, 274, 336, 337.*

*— Т. II. VIII, 381, 99 стр.— *152, 175, 176—177, 273—274, 612.*

*Влияние урожаев и хлебных цен на разные стороны экономической жизни.* Доклад проф. А. И. Чупрова и прения в III отделении императорского Вольного экономического общества 1 и 2 марта 1897 г. (Стенографический отчет).— «Труды Императорского Вольного Экономического Общества», Спб., 1897, № 4, июль — август, стр. 1—95.— *159, 223—224, 338—339.*

*Внешняя торговля Европейской России в 1896 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 26, стр. 856—861.— *305—306.*

*Внешняя торговля России* (1856—1894). (Сост. В. И. Покровский).— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 1—72, в отд.: Внешняя торговля России с 1856 г. по 1894 г. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *576, 606—607.*

*Внешняя торговля России в 1897 г.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 36, стр. 335—348.— *305—306.*

*Внутреннее обозрение.* Новые данные об отхожих промыслах.— «Русская Мысль», М., 1896, № 11, стр. 224—228.— *624.*

*Внутренние известия.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1896, № 31, стр. 192—194, в Торгово-промышленном отделе.— *240—241.*

*Внутренние известия.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 4, стр. 212—214, в Торгово-промышленном отделе.— *240.*

*Внутренние известия.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 6, стр. 318—320, в Торгово-промышленном отделе.— *240.*

*Военно-конская перепись — см.* Статистика Российской империи. XX, XXXI, XXXVII, XLIV, LV, LXI.

* *Военно-статистический сборник.* Вып. IV. Россия. Под общ. ред. Н. Н. Обручева. Спб., 1871. XXX, 922, 235 стр.— *269—270, 273, 283, 304, 307, 311, 313, 314, 317, 421, 502, 504, 514, 518, 519 , 520—521, 523, 525, 526, 527—529, 531, 543, 576, 605, 606, 610—611, 620.*

*Воинов, Л. И. О картонно-коробочном производстве в санитарном отношении.* (Из отчета земскому Петербургскому уездному собранию за 1889—1891 годы). Спб., 1891. 21 стр.— *585.*

*Волгин, А.— қараңыз:* Плеханов, Г. В.

*Вольнонаемный труд...— қараңыз:* Короленко, С. А.

[*Воронцов, В. П.*] *В. В. Артель в кустарном промысле.* Спб., 1895. 200 стр. (Мелкое производство в России. I).— *388.*

— [*Заявление 17 февраля 1899 г. по докладу Л. Е. Оболенского «Нельзя ли примирить народничество с марксизмом»*].— «Новое Время», Спб., 1899, № 8255, 19 февраля (3 марта), стр. 3, в ст.: В обществе для содействия русской промышленности и торговле.— *9.*

— *Излишек снабжения рынка товарами.*— «Отечественные Записки», Спб., 1883, № 5, стр. 1—39.— *28.*

— *Крестьянская община.* Общий обзор земской статистики крестьянского хозяйства А. Фортунатова. М., 1892. XLVI, 600, VI стр. (В изд.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. I).— *160.*

*Гацисский, А. С. Болдино и Кочкурово.* (Из записной книжки).— В кн.: Нижегородский сборник. Изд. Нижегородским губ. стат. ком., под ред. А. С. Гацисского. Т. IV. Н.-Новгород, 1871, стр. 321—336.— *598.*

— *Очерки промышленной деятельности Нижегородской губернии, в связи с вопросом о проведении Урало-Сибирской железной дороги.*— В кн.: Нижегородский сборник. Изд. Нижегородским губ. стат. ком., под ред. А. С. Гацисского. Т. IV. Н.-Новгород, 1871, стр. 127—166.— *383—384.*

*Геркнер, Г. Кризисы.*— В кн.: Промышленность. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896, стр. 70—112.— *50—53.*

*Герценштейн, Г. К вопросу об отхожих промыслах.*— «Русская Мысль», М., 1887, № 9, стр. 147—165.— *633—634.*

*Главные итоги фабрично-заводской промышленности в России за 1885—1887 годы.*— В кн.: Свод данных о фабрично-заводской промышленности в России за 1885—1887 годы. Спб., изд. деп. торговли и мануфактур, 1889, стр. V—XVIII. (Материалы для торгово-пром. статистики).— *507.*

*Гоголь, Н. В. Мертвые души.*— *383, 441, 644, 670, 682—683.*

*Голицын, Ф. С. Кустарная промышленность Нижегородской и Владимирской губерний.* Исследования 1888—89 гг.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 166—200. (М-во гос. имуществ).— *456.*

*Голубев, А. Производство шелковых и парчовых тканей.*—В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 185—212. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *519.*

*— *Свеклосахарное производство.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 3—45. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *315.*

*Гольц, Т. Сельскохозяйственные рабочие.*—В кн.: Землевладение и сельское хозяйство. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896, стр.228—238.—*185, 216.*

*Гончаров, И. А. Обломов.— 230, 337—338.*

*Горбунова, М. К. Женские промыслы Московской губернии.* Вып. IV. М., изд. Моск. губ. земства, 1882. XXXII, 299 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. VII. Вып. II).— *367, 393, 483—484, 599.*

— *Кружевной промысел.*— В кн.: Промыслы Московской губернии. Вып. II. Сост. И. Боголепов. М., изд. Моск. губ. земства, 1880, стр. 1—91. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. VI. Вып. II).— *370—371, 391—393, 482.*

*Горнозаводская промышленность России в 1895 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 8, стр. 404—407.— *533.*

*Грибоедов, А. С. Горе от ума.— 16.*

* *Григорьев, В. Н. Влияние урожаев и хлебных цен на городское население России.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. II. Спб., 1897, стр. 117—135.— *612.*

— *Кустарное замочно-ножевое производство Павловского района.* (В Горбатовском уезде Нижегородской губ. и в Муромском уезде Владимирской губ.).— В кн.: Рагозин, В. Материалы к изучению кустарной промышленности Волжского бассейна. Прил. к изд. «Волга». М., 1881, стр. XI—XVI, 1—124.— *362—363, 366, 368, 393, 396, 451—452, 454, 468, 472, 479—480, 594.*

— *Переселения крестьян Рязанской губернии.* Исследование, удостоенное императорским Московским университетом половины премии имени Ю. Ф. Самарина. С отзывами проф. А. И. Чупрова и А. И. Кошелева. М., журн. «Русская Мысль», 1885. XVI, 194 стр.— *276.*

*Гримм, О. А. Охотничьи, пушные и рыбные промыслы.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 1—13, в отд.: V. Охотничьи, пушные и рыбные промыслы. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *654.*

*Гунтер, С. Исторический материализм и практический идеализм.* Пер. М. К.— «Научное Обозрение», [Спб.], 1900, № 10, стр. 1759—1774.— *692.*

*Гурвич, И. А. Переселения крестьян в Сибирь.* Исследование. М., 1888. X, 149 стр.— *189, 685.*

— *Экономическое положение русской деревни.* Пер. с англ. А. А. Савина, под ред. и с предисл. автора. М., 1896. 395 стр.— *188, 244, 685.*

*Давыдова, С. А. Кружевной промысел в Рязанской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VII. Спб., 1881, стр. 1127—1215.— *394.*

— *Кружевной промысел в Тульской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. X. Спб., 1883, стр. 2747—2827.— *394.*

— *Кустарная промышленность Владимирской, Курской, Полтавской, Бессарабской и Воронежской губерний.* Исследования 1889 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 72—144. (М-во гос. имуществ).— *363—364, 365—366, 367.*

— *Кустарная промышленность Саратовской, Пензенской и Московской губерний.* Исследования 1888 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 1—71. (М-во гос. имуществ).— *422—423.*

[*Даниельсон, Н. Ф.*] *Николай — он, Н.— он. Нечто об условиях нашего хозяйственного развития.*— «Русское Богатство», Спб., 1894, № 6, стр. 86—130.— *498, 503, 527, 529, 565—567.*

— *Очерки нашего пореформенного общественного хозяйства.*— «Слово», Спб., 1880, октябрь, стр. 77—142.— *77—78, 85.*

— *Очерки нашего пореформенного общественного хозяйства.* Спб., 1893. XVI, 353 стр.; XVI л. табл.— *23—24, 26, 27, 28—29, 30, 33—34, 77, 84—85, 93—95, 221—222, 223—224, 244, 245, 250—251, 255, 265, 266, 269, 270, 304, 322, 332, 342, 343—344, 345, 349, 371, 492, 498, 503, 504, 542—544, 545, 546, 565—566, 580, 587, 605, 626, 637—638, 645—646, 647—648, 653—654, 683, 684—685.*

— *Письмо в редакцию.* (По поводу обсуждения доклада Н. В. Левитского о земледельческих артелях).— «Новое Слово». Спб., 1896, № 5, февраль, стр. 256—261.— *354, 355—356.*

— *Чем объяснить рост наших государственных доходов?*— «Новое Слово», 1896, № 5, февраль, стр. 65—85.— *171—172.*

*Даниловский, М. А. Состояние страхового дела в России.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика

различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 57—69, в отд.: XII. Машины, аппараты, машиностроение и электротехника. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *583*.

*«Дело»*, Спб., 1886, № 7, стр. 127—155; 1887, № 2, стр. 102—124.— *625, 627—628*.

**Дементьев, Е. М. Санитарно-экономическое положение рабочих.*— В кн.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел санитарной статистики. Т. IV. Ч. II. Общая сводка по санитарным исследованиям фабричных заведений Московской губернии за 1879—1885 гг. Сост. д-ром Е. М. Дементьевым и проф. Ф. Ф. Эрисманом. М., 1893, стр. 253—462.— *588—591, 592*.

— *Фабрика, что она дает населению и что она у него берет.* М., 1893. VIII, 246 стр.— *319*.

— *Фабрика, что она дает населению и что она у него берет.* Изд. 2-е, испр. и доп. С прил. библиографического указателя книг и статей по русской фабрично-заводской промышленности в связи с сельскохозяйственной. М., Сытин, 1897. VIII, 256, 39 стр.— *588—591, 592*.

*Деятельность государственных сберегательных касс в 1897 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 26, стр. 779—780.— *607—608*.

*Добавление к сельскохозяйственному отчету за 1898 год.* Сост. Псковской губ. зем. управой, 1899.— *238—239*.

*Докучаев, К. А. Беличий промысел в Каргополе и окрестных селениях.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IV. Спб., 1880, стр. 210—317.— *443—444*.

*Доливо-Добровольская, В. А. Ткацкий промысел в Грайворонском и Кролевецком уу.* Отчет 1891 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. II. Спб., 1894, стр. 80—88. (М-во гос. имуществ).— *315—316*.

*Духовской, С. Кожевенный и клееваренный промыслы в селе Катунках и близлежащих деревнях Балахнинского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2513—2567.— *362—363, 439—440*.

*Дьяконов, Н. Г. Успехи железнодорожной сети в техническом отношении за 1881—1896 гг.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Спб., [1896], стр. 53—71, в отд.: XVII. Строительное и инженерное дело; морское и речное судоходство. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *538, 605.*

*Егунов, А. Н. Кустарные промыслы в Пермской губернии, в связи с добывающей промышленностью.* (Извлечение из отчета 1892 г. А. Н. Егунова).— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. III. Спб., 1895, стр. 128—173. (М-во земл. и гос. имуществ. Отдел сельской экономии и сельскохозяйственной статистики).— *471—472, 541.*

*Ежегодник министерства финансов.* Вып. I, VIII, X, XII, Спб., 1869—1882. 4 т.

*— Вып. I. На 1869 год. Сост. под ред. А. Б. Бушена. 1869. III. V, 618 стр.— *314, 316—317, 324, 358—359, 450, 501—503, 504—505, 506, 513, 517, 518, 523, 524, 528—529, 531, 544, 545, 557—558, 606, 657—658.*

— Вып. VIII. Под ред. Д. А. Тимирязева. 1877. III, V, 535 стр.— *505, 657—658.*

— Вып. X. Под ред. Д. А. Тимирязева. 1879. 658 стр.— *505, 657—658.*

— Вып. XII. Под ред. Д. А. Тимирязева. 1882. VII, 623 стр.— *505, 657—658.*

*Ежегодник России 1904—1905 гг.* Спб., 1905—1906. 2 т. (Центр. стат. ком. М. В. Д.) На русск. и франц. яз.

— *1904 г. (Год первый).* 1905. VI, 404 стр.— *607.*

— *1905 г.* (Год второй). 1906. 876 стр.— *234, 270, 274—275, 605.*

*Ермолов, А. С. Системы земледелия и севообороты.*— В кн.: Сельское и лесное хозяйство России. С прил. 47 карт и диагр. Спб., изд. деп. земледелия и сельской пром-сти м-ва гос. имуществ, 1893, стр. 81—96.— *272—273.*

*Ефименко, А. Артели Архангельской губернии.* — В кн.: Сборник материалов об артелях в России. Изд. С.-Петербургского отд-ния ком. о сельских, ссудо-сберегательных и промышленных товариществах. Вып. 2, Спб., 1874, стр. 1—174.—*654.*

*Жбанков, Д. Н. Бабья сторона.* Статистико-этнографический очерк.— В кн.: Материалы для статистики Костромской губернии. Под ред. В. Пирогова. Вып. VIII. Кострома, изд. Костромского губ. стат. ком., 1891, стр. 1—136.— *582, 598, 624, 629—630, 633.*

*—*Влияние отхожих заработков на движение народонаселения Костромской губернии, по данным 1866—83 годов.* (С диагр. и объяснением к ним).— В кн.: Материалы для статистики Костромской губернии. Под ред. В. Пирогова. Вып. VII. Кострома, изд. Костромского губ. стат. ком., 1887, стр. 1—117.— *576, 577, 582, 598, 622—623, 629—630, 633.*

— *Влияние отхожих заработков на движение населения.*— «Врач», Спб., 1895, № 25, стр. 703—705.— *582, 598.*

— *О городских отхожих заработках в Солигаличском уезде, Костромской губернии.*— «Юридический Вестник», М., 1890, № 9, стр. 130—148. На тит. л. инициалы авт. указаны ошибочно: Д. И.— *582, 598, 624, 631, 633.*

— *Опыт общей программы для исследования отхожих заработков.* (Сост. по предложению стат. отд-ния Моск. юрид. общ.). М., 1891. 16 стр.— *582, 598.*

— *Отхожие промыслы в Смоленской губернии в 1892—1895 гг.* (Прил. к материалам о распространении сифилиса и венерических заболеваний в Смоленской губернии). Смоленск, изд. Смоленского губ. земства, 1896. 87, 70 стр.— *582, 598, 622—623, 629—630.*

*— *Санитарное исследование фабрик и заводов Смоленской губернии.* Вып. I—II. Смоленск, изд. Смоленского губ. земства, 1894—1896.

* Вып. I. 1894. 290 стр.— *288, 510—511, 690.*

* Вып. II. 1896. III, 477, 66 стр.— *312—313, 590, 601.*

*Железоделательная промышленность в Западной Европе и Северо-Американских Соединенных Штатах.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 22, стр. 615—619.— *536.*

*«Жизнь»*, Спб., 1899, № 8, стр. 377.—*303.*

— 1899, № 10, стр. 175—179.— *692.*

— 1900, № 2, стр. 297—306.— *692.*

*Землевладение и сельское хозяйство.* Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896. II, 383 стр.— *184, 185, 216, 289.*

*Зеринг, М. Хлебная торговля в Соединенных Штатах Северной Америки.*— В кн.: Землевладение и сельское хозяйство. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896, стр. 281—286.— *289.*

*Ильин, В.; Ильин, Владимир — қараңыз:* Ленин, В. И.

*Исаев, А. Кузнечно-слесарный промысел в Ярославском уезде.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VI. Спб., 1880, стр. 695—755.— *557.*

— *Промыслы Московской губернии.* Т. I—II. М., изд. Моск. губ. земской управы, 1876. 2 т.— *368, 371.*

Т. I. Вып. 1. I. Изделия из дерева. 1. Мебельный промысел. XI, 94; 3 л. табл.— *380, 385—386, 406—407, 478.*

Т. II. 1. Металлические промыслы. 2. Гончарный промысел. III, 200, IV стр.— *449, 450, 457.*

**Историко-статистический обзор промышленности России.* Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. I—II. Спб., 1883—1886. 2 т. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).

*— Т. I. Сельскохозяйственные произведения, огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. 1883. 545 стр.— *232, 233—234, 269—270, 272, 274—275, 281, 305—306, 307, 308, 311, 313—314, 315, 323, 324, 328, 329, 330, 530.*

*— Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886. V. XVI, 935 стр.— *232, 233—234, 239—240, 314, 315, 317—318, 323, 367, 513, 519, 520—521, 594.*

*Итоги горнопромышленных съездов на Урале.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 32, стр. 224—228.— *536.*

*Итоги экономического исследования России по данным земской статистики.* Т. I—*II. М.— Дерпт, 1892, 2 т.— *74—75, 92—95, 101, 137—138, 160, 164, 179, 208—210, 211—213, 218—219.*

*К развитию металлургической промышленности на юге России.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 16, стр. 195—197.— *536.*

*Каблуков, Н. А. Вопрос о рабочих в сельском хозяйстве.* М., ред. «Юридического Вестника», 1884. X, XXIV, 299 стр.— *70.*

*— *Значение хлебных цен для частного землевладения в Европейской России.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I. Спб., 1897, стр. 97—144.— *273—274.*

— *Лекции по экономии сельского хозяйства, читанные в Московском университете в 1895/96 г.* М., 1897. 228 стр. (Издание для студентов).— *343—344, 503, 543, 546, 587—588.*

— *Очерк хозяйства частных землевладельцев.* М., изд. Моск. губ. земства, 1879. V, 200, 103 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. V. Вып. I).— *207, 223—226.*

*Кайгородов, Д. Н. Древодельные промыслы Казанской, Нижегородской, Костромской и Новгородской губ.* Исследования 1889—1890 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 354—398. (М-во гос. имуществ).— *585.*

*Калантар, А. А. Молочное хозяйство.*— В кн.: Сельское и лесное хозяйство России. С прил. 47 карт и диагр. Спб., изд. деп. земледелия и сельской пром-сти м-ва гос. имуществ, 1893, стр. 296—305. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *286.*

*Каменев, Н. Кустарные промыслы в семи волостях Тульского уезда: Хрущевской, Севрюковской, Павловской, Анишенской, Зайцевской, Мошковской и Денисовской.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2292—2365.— *367.*

*Карпов, А. Валеный и цепной промыслы в Семеновском и Балахнинском уездах Нижегородской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VI. Спб., 1880, стр. 563—638.— *383, 425.*

— *Валеный промысел в Арзамасском уезде.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. V. Спб., 1880, стр. 455—487.— *364—365, 423, 425.*

*Карпов, А. Кузнечный промысел в северо-восточной части Арзамасского уезда и в смежной с нею части Нижегородского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России, Вып. IV. Спб., 1880, стр. 161—201.— *403, 485.*

— *Кустарные промыслы в Арзамасском уезде.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VI. Спб., 1880, стр. 489—562.— *386.*

— *Промыслы села Богородского и его окрестностей.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2420—2470.— *365—366, 436—438.*

— *Прядильный промысел в Горбатовском уезде.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VIII. Спб., 1882, стр. 1227—1263.— *428.*

— *Сапожный промысел в Выездной слободе Арзамасского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. III. Спб., 1880, стр. 29—44.— *365—366, 404, 472—473.*

— *Скорняжный промысел в Арзамасском уезде.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. III. Спб., 1880, стр. 75—134.— *383, 401—402, 440.*

*Карышев, Н. А. Вечнонаследственный наем земель на континенте Западной Европы.* Экономическое исследование. Спб., 1885. 407 стр.— *138.*

*— *Крестьянские вненадельные аренды.* Дерпт, 1892. XIX, 402, LXV стр. (В изд.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. II).— *75—76, 92—94, 137—138, 164, 179, 208—210, 211—213, 218—219.*

*— *Крестьянские вненадельные аренды в зависимости от колебаний хлебных цен и урожаев.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I. Спб., 1897, стр. 277—349.— *82, 84, 210—211, 220, 223—224.*

*— *Материалы по русскому народному хозяйству.* I. Наша фабрично-заводская промышленность в половине 90-х годов. С 5 картогр. (Оттиск из «Известий Московского Сельскохозяйственного Института», год IV. кн. 1). М., 1898. 52 стр.— *503, 508, 524, 526.*

— *Народнохозяйственные наброски.* XXXV. К изучению наших отхожих промыслов.— «Русское Богатство», Спб., 1896, № 7, стр. 1—24.— *633—634.*

— *Народнохозяйственные наброски.* XLIII. О сводной работе г. Вихляева по Тверской губ.— «Русское Богатство», Спб., 1898, № 8, стр. 36—59.— *127.*

— *Подворное и общинное хозяйство.* (Статистические параллели).— «Русское Богатство». Спб., 1894, № 1, стр. 45—67; № 6, стр. 102—135.— *179—180.*

— *Статистический обзор распространения главнейших отраслей обрабатывающей промышленности в России.*— «Юридический Вестник», М., 1889, № 9, стр. 38—67.— *503, 508, 510.*

*Каталей, В. И. Кустарная промышленность Полтавской и Черниговской губерний.* Исследования 1889 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 283—304. (М-во гос. имуществ).— *361, 432.*

— *Кустарная промышленность Тверской и Ярославской губерний.* Исследования 1888 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 216—282. (М-во гос. имуществ).— *444—445, 457, 484.*

* *Кеппен, А. П. Горная и соляная промышленность.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Т. I. Сельскохозяйственные произведения, огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. Спб., 1883, стр. 1—164. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *531.*

— *Горнозаводская промышленность России.* Спб., изд. горного деп., 1893. 129 стр. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *531, 534.*

*Киттары, М. Карта кожевенного производства в России.* Сост. по данным главного интендантского управления. Спб., 1875. II, 22, 76 стр.— *522.*

*Кобеляцкий, А. Справочная книга для чинов фабричной инспекции, для фабрикантов и заводчиков.* Полный сборник узаконений о найме рабочих на фабрики, заводы и мануфактуры; о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих; о фабричной инспекции; о надзоре за заведениями фабрично-заводской промышленности. Изд. 4-е. Спб., 1897. 311 стр.— *481—482, 584.*

*Ковалевский, В. И. и Левитский, И. О. Статистический очерк молочного хозяйства в северной и средней полосах Европейской России.* Спб., изд. распорядительного ком. по устройству молочнохоз. выставки в С.-Петербурге, 1879. IV, 95, 8 стр.— *279, 281—282, 283, 288—289, 290.*

*Козаченко, И. А. Кустарная промышленность Вятской губернии.* [А. Вятский уезд. В. Слободской уезд].— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. XI. Спб., 1884, стр. 1—453 (3057—3509).— *441, 489, 578.*

*Козлов, И. Производство химических продуктов, красок и других препаратов.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под. ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 8—49. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *520—521.*

— *Химические продукты.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 1—101. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *520—521.*

*Коншевский, И. Речной и озерный флот Европейской России.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 44, стр. 379—382.— *605.*

*Конрад, И. Статистика крестьянского землевладения.*— В кн.: Землевладение и сельское хозяйство. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896, стр. 83—121.— *184—185.*

*Короленко, В. Г. Павловские очерки.*— *475.*

*Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих, в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях.* Спб., 1892. 864 стр.; 17 л. карт. (Деп. земледелия и сельской пром-сти. С.-х. и стат. сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V).— *173, 174, 185—186, 201—202, 211—212, 216—217, 252—255, 266—267, 285, 290—291, 292, 300, 301—302, 322, 328, 331, 365—366, 576—577, 624—625, 627, 640.*

*Корсак, А. К. О формах промышленности вообще и о значении домашнего производства (кустарной и домашней промышленности) в Западной Европе и России.* М., 1861. 311 стр.— *393, 409, 420, 468, 481—482, 485, 619.*

**Котельников, В. Г. Домашние животные.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. I. Сельскохозяйственные произведения, огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. Спб., 1883, стр. 1—70. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *281.*

*Крайний Север.* (Сост. правл. общества Московско-Ярославско-Архангельской железной дороги).— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 1—13, в отд.: XX. Крайний Север. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *650.*

**Красноперов, Е. И. Кустарная промышленность Пермской губернии на Сибирско-Уральской научно-промышленной выставке в г. Екатеринбурге, в 1887 г.* Вып. 3: уезды Кунгурский, Осинский, Камышловский, Ирбитский, Шадринский, Соликамский и Чердынский. Пермь, изд. Пермск. губ. земства, 1889. (Работы статистического бюро, учрежд. при Пермск. губ. зем. управе). 174 стр.— *429—430.*

**Краткий обзор коммерческой деятельности Сызрано-Вяземской железной дороги по перевозкам за 1894 год, сравнительно с таковыми же перевозками за предыдущие годы.* Вып. IV. Калуга, 1896. 209 стр.— *238.*

*Крупный рогатый скот.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 5—9, в отд.: III. Домашние животные. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *281.*

**Кудрявцев, П. Ф. Пришлые сельскохозяйственные рабочие на Николаевской ярмарке в м. Каховке, Таврической губернии, и санитарный надзор за ними в 1895 году.* (Доклад XIII губернскому съезду врачей и представителей земских управ Херсонской губернии). Херсон, изд. Херсонской губ. земской управы, 1896. II, 168 стр.— *247—248, 252—253, 255.*

*Кулибин, С. Н. Горное дело и металлургия.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 1—58, в отд.: VII. Горное дело и металлургия. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *532.*

*Кунов, Г. Социально-философские заблуждения.* (Пер. с разр. авт. С. Левинсон).— «Научное Обозрение», [Спб.] 1899, № 4, стр. 768—784.— *692.*

*Кустарная промышленность Пермской губернии на Сибирско-Уральской научно-промышленной выставке в г. Екатеринбурге, в 1887 г.*— *Қараңыз:* Красноперов, Е. И.

*Кустарное производство серебряных изделий в Костромской губернии.* (Из отчета пробирного инспектора).— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 42, стр. 204—206.— *368, 459, 460—461.*

* *Кустарные промыслы Богородского уезда Московской губернии. 1890 г.* [Сост. К. А. Вернер]. М., 1890. 59 стр.— *447—448, 456, 458.*

*Кустарные промыслы.* Статистический сборник по Ярославской губернии. Вып. 14. (С картогр. и диагр.). Ярославль, 1904. 577 стр. (Стат. бюро Ярославского губ. земства).— *488—489.*

*L. Распространение машин в крестьянском хозяйстве.*— «Северный Курьер», 1899, № 32, 2(14) декабря, стр 3—4, в Областном отделе. Псков.— *239.*

*Лабзин, Н. Исследование промышленности ножевой, замочной и других металлических изделий в Горбатовском уезде Нижегородской и в Муромском уезде Владимирской губернии.* Спб., 1870. II, II, 177 стр.— *368, 452, 469, 594.*

*Лебединский, И. Село Пурех, с его приходскими деревнями, Балахнинского уезда.*— В кн.: Нижегородский сборник. Изд. Нижегородским губ. стат. ком., под ред.. А. С. Гацисского. Т. II. Н.-Новгород, 1869, стр. 217—258.— *472—473.*

*Левашов, И. И. Кустарные промыслы в Тамбовской и Костромской губ.* (Отчет 1893 г.).— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. III. Спб., 1895, стр. 45—78. (М-во земл. и гос. имуществ. Отдел сельской экономии и с.-х. статистики).— *425, 427, 442, 458—459.*

* *Левитский, И. Общий обзор сельскохозяйственной промышленности.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. I. Сельскохозяйственные произведения, огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. Спб., 1883, стр. 1—22. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *272, 275, 312.*

[*Ленин, В. И.*] *Ильин, В. Еще к вопросу о теории реализации.*— «Научное Обозрение», [Спб.], 1899, № 8, стр. 1564—1579.— *691—692.*

— *К вопросу о нашей фабрично-заводской статистике.* Новые статистические подвиги проф. Карышева.— В кн.:

— *Сельскохозяйственные машины и орудия.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1896, № 51, стр. 972—976, под общ. загл.: Всерос. пром. и худож. выставка в Н.-Новгороде.— *231—232, 233—234, 235.*

— *Сельскохозяйственные орудия и машины.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 47—58, в отд.: I. Сельское хозяйство. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *231—232, 233, 239, 249.*

**Линко, И. и Кукель, Ф. Крахмальное и паточное производства.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 102—136. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *317—318.*

*Литвинов, И. и Голубев, А. Шерстяные изделия.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 133—184. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *513.*

*Лосицкий, А. Этюды о населении России по переписи 1897 года.*— «Мир Божий», Спб., 1905, № 8, стр. 224—244.— *553—554.*

**Львов, Б. Социальный закон.* (Опыт введения в социологию). [Прил. к №№ 2—3, 5, 7, 9—10 и 11 журнала «Научное Обозрение» за 1899 г.]. Спб., 1899. 159 стр. (Научно-философская б-ка).— *692.*

*Льноводство и торговля льном в Псковском районе в 1896 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 29, стр. 84—87.— *305, 307—308.*

*Лядов, И. Географический, топографический и статистический очерк Шуйского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. X. Спб., 1883, стр. 2829—2882.— *441—442.*

*Мамин-Сибиряк, Д. Н. Бойцы.*— *534—535.*

*Манохин, Г. Кустарная промышленность Пермской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. X. Спб., 1883, стр. 2899—3018.— *152—153, 385, 462.*

*Материалы для оценки земельных угодий, собранные Черниговским статистическим отделением при губернской земской управе.* Т. V. Козелецкий уезд. С 2 карт. и прил. К этому тому прилагается подворная опись. Чернигов, изд. Черниговского губ. земства, 1882. 392 стр.— *123.*

*Материалы для статистики Костромской губернии.* Вып. VII—VIII. Под ред. В. Пирогова. Кострома, изд. Костромского губ. стат. ком., 1887—1891. 2 т.

*— Вып. VII. 1887. 117, 93, 29 стр.— *575, 576, 582, 598, 622—623, 629—630, 633.*

— Вып. VIII. 1891. II, 333, 25 стр.— *582, 598, 623, 629—630, 633.*

*Материалы для статистики Красноуфимского уезда Пермской губернии.* Вып. III—V. Казань, изд. Красноуфимского уезд. земства, 1893—1894. 3 т.— *531, 532.*

— Вып. III. Таблицы. 1893. [На обл.: 1894 г.]. 439 стр.— *102—106, 107—108.*

— Вып. IV. Примечания к таблицам. 1893. 159 стр.— *101—102.*

— Вып. V. Ч. I (Заводский район). 1894. 423 стр.— *532.*

*Материалы для статистики паровых двигателей в Российской империи.* Спб., изд. Центр. стат. ком., 1882. 282 стр.— *239—240, 516, 522, 526, 527, 554—556.*

**Материалы к оценке земель Нижегородской губернии.* Экономическая часть. Вып. IV, VII—XII. Н.-Новгород, изд. Нижегородского губ. земства, 1888—1896. 7 т. (Статистическое отделение Нижегородской губ. зем. управы).

*— Вып. IV. Княгининский уезд. 1888. 442 стр.— *118—121, 438—439.*

*— Вып. VII. Горбатовский уезд. 1892. 700 стр.— *121, 167, 171—172, 368, 428, 436, 438, 452, 453, 489, 583.*

*— Вып. VIII. Нижегородский уезд. 1895. 457 стр.— *329, 455—456.*

*— Вып. IX. Васильский уезд. 1890. 428 стр.— *118—121, 440.*

*— Вып. X. Балахнинский уезд. Отдел II и прил. 1896. 628 стр.— *313, 329, 440.*

*— Вып. XI. Семеновский уезд. 1893. 748 стр.— *121, 329, 425—426, 434, 489, 516.*

*— Вып. XII. Макарьевский уезд. 1889. 549 стр.— *118—121.*

*Материалы по исследованию землепользования и хозяйственного быта сельского населения Иркутской и Енисейской губерний.* Енисейская губерния. Т. III—IV. Иркутск, 1893—1894.

— Т. III. 1893. VI, 778 стр.— *123—124.*

— Т. IV. Вып. I. 1894. VI, XLIII, 152 стр.— *124.*

**Материалы по описанию промыслов Вятской губернии.* Вып. II. Вятка, 1890. 386 стр.— *365.*

*Материалы по статистике Вятской губернии.* Т. VI. Вып. 2. Елабужский уезд. Вятка, 1889. 295 стр.— *106—107.*

*Материалы по статистике народного хозяйства в С.-Петербургской губернии.* Вып. V. Крестьянское хозяйство в С.-Петербургском уезде. Ч. 1—2. Спб., изд. С.-Петербургского губ. земства, 1885—1887. 2 т.

— Вып. V. Ч. 1. Таблицы. 1885. IX, 366 стр.— *330, 334.*

— Вып. V. Ч. 2. Очерк крестьянского хозяйства. 1887. X, 320 стр.— *298—299.*

*Медиокритский, Е. Крашение посуды и мебели в Скоробогатовской волости Макарьевского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2173—2192.— *401.*

*Мейер, Р. Доход.*— В кн.: Промышленность. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896, стр. 283—328.— *53.*

*«Мир Божий»,* Спб., 1898, № 4, стр. 188—200.— *602—603.*

— 1898, № 6, стр. 118—127.— *48.*

— 1905, № 8, стр. 224—244.— *553.*

*Михайловский, В. Г. Развитие русской железнодорожной сети.* (Доклад, читанный в заседании III отделения императорского Вольного экономического общества 21 марта 1898 года). «Труды Императорского Вольного Экономического Общества», Спб., 1898, № 2, март — апрель, стр. 117—147.— *604—605.*

— *Факты и цифры из русской действительности.* I. Население России по первой всеобщей переписи.— «Новое Слово», Спб., 1897, № 9, июнь, стр. 97—117.— *275—276, 610, 617—618, 648.*

[*Михайловский, Н. К.*] *Посторонний.* Письмо в редакцию.— «Отечественные Записки», Спб., 1883, № 7, стр. 97—112.— *498—499.*

*Молочное хозяйство.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 34—38, в отд.: III. Домашние животные. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *290.*

*«Московские Ведомости»*, 1901, № 55, 25 февраля (10 марта), стр. 4.— *168.*

*Н.— он — қараңыз:* Даниельсон, Н. Ф.

*«Научное Обозрение»*, [Спб.], 1899, № 4, стр. 768—784.—*692.*

— 1899, № 5, стр. 973—985.— *693.*

— 1899, № 8, стр. 1564—1579.— *691—692.*

— 1899, № 12, стр. 2277—2295, 2296—2308.— *665, 667—690, 691, 692.*

— 1900, № 3, стр. 607—633.— *693.*

— 1900, № 10, стр. 1759—1774.— *692.*

*«Неделя»*, Спб., 1896, № 13, 31 марта, стр. 418—421.— *284—285.*

*Нечаев, Н. Производство гребней для пряжи в Одоевском уезде Тульской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VIII. Спб., 1882, стр. 1313—1322.— *433—434.*

— *Производство колес в Одоевском уезде Тульской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VIII. Спб., 1882, стр. 1265—1311.— *433—434.*

*Нижегородская ярмарка 1897 года.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 52, стр. 926—941.— *490.*

**«Нижегородский Вестник Пароходства и Промышленности»*, 1891, № 1, стр. 10—16; № 2, стр. 40—45; № 3, стр. 58—62.— *368, 383—384, 452—453, 454, 472—473.*

— Т. I. 1862. 428, 79 стр.— *514, 520.*

— Т. II. 1863. 523 стр.— *518, 529.*

**Обзор Ярославской губернии.* Вып. II. Отхожие промыслы крестьян Ярославской губернии. Под ред. А. Р. Свирщевского. Ярославль, изд. Ярославского губ. стат. ком., 1896. IX, 193, 29 стр.— *300, 302—303, 317, 330—331, 457, 511, 581, 582, 583, 619, 622, 623—624, 630—631.*

*Общий свод по империи результатов разработки данных первой всеобщей переписи населения, произведенной 28 января 1897 года.* II. Спб., 1905. VI, LIX, 417 стр. На русск. и франц. яз.— *490, 548—549, 572, 583.*

*Овсянников, Н. Н. О торговле на Нижегородской ярмарке.*— В кн.: Нижегородский сборник. Изд. Нижегородским губ. стат. ком., под ред. А. С. Гацисского. Т. I. Н.-Новгород, 1867, стр. 1—167.— *598.*

— *Отношения верхней части Поволжья к Нижегородской ярмарке.*— В кн.: Нижегородский сборник. Изд. Нижегородским губ. стат. ком., под ред А. С. Гацисского. Т. II. Н.-Новгород, 1869, стр. 385—426.— *475.*

*Орлов, В. Крестьянское хозяйство.* Вып. I. Формы крестьянского землевладения в Московской губернии. М., изд. Моск. губ. земства, 1879. III, 320, 39 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. IV. Вып. I).— *160, 179, 321.*

*Орлов, В. и Боголепов, И. Промыслы Московской губернии.* Вып. I — *см.* Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. VI. Вып. I.

*Орлов, В. И. и Каблуков, Н. А. Сборник статистических сведений по Московской губернии.* Т. II. М., изд. Моск. губ. земства, 1878. 628 стр.— *222.*

**Орлов, П. А. Указатель фабрик и заводов Европейской России с Царством Польским и вел. кн. Финляндским.* Материалы для фабрично-заводской статистики. Сост. по офиц. сведениям деп. торговли и мануфактур. [По сведениям за 1879 г.]. Спб., 1881. IX, 754 стр.— *234, 283, 321, 426—427, 430, 443, 450, 455, 463, 464, 505—506, 512—513, 516—517, 519, 520, 521—524, 525—526, 557—558, 562, 566—568, 569, 570—571.*

*Орлов, П. А. Указатель фабрик и заводов Европейской России и Царства Польского.* Материалы для фабрично-заводской статистики. Сост. по офиц. сведениям деп. торговли и ману-

фактур. Изд. 2-е, испр. и значит. доп. [По сведениям за 1884 г.]. Спб., 1887. XVIII, 824 стр.— *506, 509, 562.*

*Орлов, П. А. и Будагов, С. Г. Указатель фабрик и заводов Европейской России.* Материалы для фабрично-заводской статистики. Сост. по офиц. сведениям деп. торговли и мануфактур. Изд. 3-е, испр. и значит. доп. [По сведениям за 1890 г., доп. сведениями за 1893 и 1894 гг.]. Спб., 1894, II. XVI, 827 стр.— *235, 283, 302, 313, 317, 318, 321, 323, 330, 358, 421, 422, 429, 430—431, 432, 436, 439, 440, 441, 442, 443, 445—446, 448—449, 453, 457, 462, 464, 478—479, 506, 510—511, 512, 513, 514, 516—518, 519, 520, 521—524, 525—526, 528, 529, 544, 548—549, 556—557, 562—564, 566, 567—568, 569, 570—571, 593—594, 599.*

*Осадчий, Т. И. Щербановская волость Елисаветградского уезда, Херсонской губернии.* Историко-этнографическое и хозяйственно-статистическое описание. Херсон, изд. Херсонской губ. земской управы, 1891. 112 стр.— *151—152.*

*Остряков, А. Кустарные промыслы Тихвинского уезда Новгородской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VIII. Спб., 1882, стр. 1359—1475.— *577—578.*

*Остряков, П. Заметки о кустарной промышленности Кабарды, Терской области, на Кавказе.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. V. Спб., 1880, стр. 25—45.— *648.*

*«Отечественные Записки»*, Спб., 1882, № 8, стр. 143—169; № 9, стр. 1—35.— *221.*

— 1883, № 5, стр. 1—39.— *28.*

— 1883, № 7, стр. 97—112.— *499.*

[*Отчет Московской городской управы о количестве убитого в Москве скота на городских бойнях*].— «Московские Ведомости», 1901, № 55, 25 февраля (10 марта), стр. 4, в отд.: Московская жизнь.— *168.*

*Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России.* Т. I—III. Спб., 1892—1895. 3 т. (М-во гос. имуществ).— *420.*

— Т. I. 1892. II, VIII, 523 стр.— *236, 237, 361, 362—363, 365—366, 367, 422, 432, 443, 444—445, 456, 457, 465, 484, 585.*

*Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России.*

— Т. II. 1894. II, IV, 392 стр.— *314—315, 365—366, 428, 439, 472—473, 648.*

— Т. III. 1895. IV, 228 стр.— *368, 426, 427, 432—433, 459, 460, 472—473, 542.*

*Отчеты членов комиссии по исследованию фабрично-заводской промышленности в Царстве Польском.* Ч. I. Отчет проф. И. И. Янжула. Ч. II. Отчет Н. П. Ильина и Н. П. Лангового. Спб., 1888. 419 стр.— *579, 585.*

**Очерк состояния кустарной промышленности в Пермской губернии.* Пермь, 1896. 609 стр.; XVI л. картогр. и диагр., 1 карта. (Обзор Пермского края).— *390—391, 395, 407, 430, 519.*

*П. Молочный промысел.* (Письмо из Вологодской губ.).— «Неделя», Спб., 1896, № 13, 31 марта, стр. 418—421.— *285—286.*

*П. Б.— қараңыз:* Струве, П. Б.

*Памятная книжка Тульской губернии на 1895 год.* Сост. под ред. В. Ю. Фере. Тула, изд. Тульского губ. стат. ком., 1895. 472 стр.— *464, 510—511, 627.*

*Пашкевич, В. В. Очерк современного состояния плодоводства.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 13—32, в отд.: IV. Садоводство, плодоводство и огородничество. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *328.*

*Педашенко, А. Д. Сельскохозяйственные растения и их враги.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 31—47, в отд.: I. Сельское хозяйство. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *306, 314, 323.*

**Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г.* Вып. I—II. Сост. Центр. стат. ком. на основании местных подсчетных ведомостей. Спб., изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел, 1897. 2 т. На русск. и франц. яз.

*— Вып. I. Население империи по переписи 28-го января 1897 г. по уездам. 29 стр.— *610—611.*

*— *Вып.* II. Население городов по переписи 28-го января 1897 г. 42 стр.— *610—611.*

*Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г.* Т. IX, XV. Под ред. Н. А. Тройницкого. [Спб.], изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел. 1901. 2 т.

— IX. Воронежская губерния. Тетрадь 1. II, 167 стр.— *433.*

— XV. Калужская губерния. Тетрадь 1. II, 95 стр.— *428.*

*Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г.* Города и поселения в уездах, имеющие 2000 и более жителей. Под ред. Н. А. Тройницкого. Спб., 1905. 108 стр.— *435, 438, 439, 441—442, 445, 446, 453, 459, 659.*

*Перекопский уезд.*— «Русские Ведомости», М., 1898, № 167, 19 августа, стр. 2—3, в отд.: Внутренние известия.— *221.*

*Перечень фабрик и заводов.* Фабрично-заводская промышленность России. Спб., 1897. 63, VI, 1047 стр. (М-во финансов. Деп. торговли и мануфактур).— *235, 283, 318, 324, 358, 421, 426, 429, 432, 436, 438, 440, 443—444, 445, 454—455, 456—457, 463—464, 468, 511, 512—513, 518, 526, 557—558, 562, 584, 585, 591—592.*

**Петухов, Г. Обзор производства готового верхнего платья.*— В кн.: Успехи русской промышленности по обзорам экспертных комиссий. Спб., 1897, стр. 136—137. (М-во финансов. Деп. торговли и мануфактур. Всерос. пром. и худож. выставка 1896 г. в Н.-Новгороде).— *490.*

*Плетнев, В. Л. Сапожный промысел в Тверской губернии.*— В кн.: Статистический временник Российской империи. II. Вып. III. Материалы для изучения кустарной промышленности и ручного труда в России. Собраны губ. стат. комитетами и обработаны Л. Майковым. Ч. I. Спб., 1872, стр. 167—185.— *444—445.*

[*Плеханов, Г. В.*] *Волгин, А. Обоснование народничества в трудах г-на Воронцова (В. В.).* Критический этюд. Спб., 1896. VI, 286 стр.— *56, 222—223, 330—331, 387—388, 619.*

*Плотников, М. А. Кустарные промыслы Нижегородской губернии.* Н.-Новгород изд. Нижегородского губ. земства, 1894. X, 279 стр.; 5 л. табл.— *121.*

*Площадь посевов свекловицы в 1901 г.*— «Торгово-Промышленная Газета», Спб., 1901, № 123, 3(16) июня, стр. 2.— *314.*

*Площадь свекловичных плантаций в 1897 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 27 стр. 16.— *314.*

**Погожев, А. В. Вотчинно-посессионные фабрики и фабричный быт Московской губернии в конце XVIII и в начале XIX века.*— В кн.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел санитарной статистики. Т. IV. Ч. I. Общая сводка по санитарным исследованиям фабричных заведений Московской губернии за 1879—1885 гг. Под ред. Ф. Ф. Эрисмана. М., 1890, стр. 64—92, в отд. I.— *515.*

*Покровский, В. И. Сапожный и вспомогательные для него промыслы в селе Кимрах и Кимрской волости Корчевского уезда, Тверской губернии.— В* кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VIII. Спб., 1882, стр. 1323—1358.— *367, 401—402, 444.*

*Положение нефтяного дела в Бакинском и Батумском районах в 1896 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 32, стр. 209—220.— *538.*

*Пономарев, Н. В. Кустарная промышленность в Казанской губернии.* Отчет 1893 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. III. Спб., 1895, стр. 15—44. (Мин. земл. и гос. имуществ. Отдел сельской экономии и сельскохозяйственной статистики).— *425, 432—433.*

— *Кустарные промыслы Екатеринославской и Калужской губ.* Отчеты 1891—92 гг.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. II. Спб., 1894, стр. 160—194. (М-во гос. имуществ).— *366—367, 428.*

— *Кустарные промыслы Курской и Киевской губерний.* Исследования 1889—1890 гг.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. I. Спб., 1892, стр. 317—353. (М-во гос. имуществ).— 361, 442, 465.

— *О передвижении сельскохозяйственных рабочих, направляющихся в юго-восточные местности России.*— «Сельское Хозяйство и Лесоводство», Спб., 1896, № 2, стр. 289—315.— *247.*

— [*О передвижении сельскохозяйственных рабочих, направляющихся в юго-восточные местности России.* Краткое изложение].— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1896, № 14, стр. 34—35, в ст.: Обзор сельскохозяйственных журналов, в отд.: Библиография.— *247.*

*Попов, М. Промыслы в слободе Воронцовке, Воронежской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной

промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2568—2592.— *433.*

*Поспелов, М. Ветлужские рогожники Макарьевского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. III. Спб., 1880, стр. 45—74.— *401, 402.*

**Постников, В. Е. Южнорусское крестьянское хозяйство.* М., 1891, XXXII, 392 стр.— *62—63, 64, 66—67, 70, 71—72, 73, 75, 78, 87, 96, 99 275—276.*

*Посторонний — қараңыз:* Михайловский, Н. К.

*Построение земледельческих орудий и сельскохозяйственных машин в России.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под. ред. Д. А. Тимирязева. Т. II. Произведения фабричной, заводской, ремесленной и кустарной промышленности. Спб., 1886, стр. 60—70, в отд.: IX. Машины, аппараты и экипажи. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *239.*

*Потресов, А. Н. Кризис в замочном промысле кустарного Павловского района.* [Доклад на заседании С.-Петербургского отделения комитета о сельских ссудо-сберегательных и промышленных товариществах 22 февраля 1895 г.]. Краткое изложение.— В кн.: Сообщения С.-Петербургского отделения комитета о сельских ссудо-сберегательных и промышленных товариществах, изд. под ред. секретаря отд-ния. Вып. 11. Спб., 1896, стр. 247—249, 254—256.— *368, 453, 455.*

**Прения по докладу М. И. Туган-Барановского «Статистические итоги промышленного развития России» в III отделении императорского Вольного экономического общества.* (Стенографический отчет).— «Труды Императорского Вольного Экономического Общества». Спб., 1898, № 5, сентябрь — октябрь, стр. 1—107.— *503—504, 505, 591.*

*Приймак, Г. А. Цифровой материал для изучения переселений в Сибирь, извлеченный из книг общей регистрации переселенцев, проходивших в Сибирь и возвращавшихся из Сибири через Челябинск в 1895 году. Под рук.* Г. А. Приймака. 1895. Т. I. Ч. I. М., 1898. XV, 101 стр.— *189.*

— *Цифровой материал для изучения переселений в Сибирь, собранный в 1895 году статистическим переселенческим отрядом под руководством Г. А. Приймака.* 1895. Т. I. Ч. II. М., 1898. 425, II стр.— *189.*

— *Цифровой материал для изучения переселений в Сибирь, извлеченный из книг общей регистрации переселенцев, про-*

*ходивших в Сибирь и возвращавшихся из Сибири через Челябинск в 1896 году.* Под рук. Г. А. Приймака. 1896. Ч. I. М., 1899. 203 стр.— *189.*

— *Цифровой материал для изучения переселений в Сибирь, собранный в 1896 году статистическим переселенческим отрядом под руководством Г. А. Приймака.* 1896. Ч. II. М., 1899. 430 стр.— *189.*

*Припасы, употребленные на винокурение в 1896/7 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 14, стр. 25—27.— *311.*

*Производительные силы России.* Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896]. XI, 1249 стр. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *231—232, 233, 234, 239, 240, 249, 270, 274—275, 281, 286, 289, 290, 297—299, 306, 311—312, 314, 322—323, 327, 328, 329, 330, 331, 521, 532, 538, 576, 583, 605, 606—607, 651, 654.*

*Производство муки и обработка зерна.* (Сост. в деп. торговли и мануфактур).— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 147—157, в отд.: IX. Фабрично-заводские производства. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *240.*

*Промыслы Богородского уезда в 1890 г.— см.* Кустарные промыслы Богородского уезда Московской губернии. 1890 г.

**Промыслы Владимирской губернии.* Вып. I—V. М., Баранов, 1882—1884. 5 т. (Труды комиссии по устройству кустарного отдела на Всерос. пром. и худож. выставке 1882 г.).— *152—153, 371, 390—391, 403, 405—406, 488.*

*— Вып. I. Александровский уезд. Исследование В. С. Пругавина. 1882. XVI, 184 стр.— *362—363, 488, 575.*

*— Вып. II. Александровский уезд. Исследование С. А. Харизоменова, 1882. XII, 353, IV стр.— *370, 383, 405, 407—408, 426, 488.*

*— Вып. III. Покровский и Александровский уезды. Исследование С. А. Харизоменова. 1882. X, 256, 149 стр.— *368, 369, 385, 401, 405, 420—421, 468, 472—473, 475—477, 483—484, 487, 488, 574, 594, 598, 599.*

*— *Сельская община, кустарные промыслы и земледельческое хозяйство Юрьевского уезда, Владимирской губернии.* М., Баранов, 1884. VIII, 151, 229 стр.— *305, 309, 320—321, 322, 332.*

*Пути сообщения в России в 1896 г.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 43, стр. 302—304.— *605—606.*

*Пушкин, А. С. Сказка о царе Салтане, о сыне его славном и могучем богатыре князе Гвидоне Салтановиче и о прекрасной царевне Лебеди.— 576.*

*Распопин, В. Частновладельческое хозяйство в России.* (По земским статистическим данным).— «Юридический Вестник», М., 1887, № 11, стр. 460—486; № 12, стр. 629—647.— *204, 232, 252, 287—288, 312.*

*Результаты сахароварения за первые три месяца 1897/8 г.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 32, стр. 194—195.— *314.*

*Ремезов, Н. В. Очерки из жизни дикой Башкирии.* Быль в сказочной стране. 2-е испр. и доп. изд. М., 1889. IV, 306, II стр.— *276.*

[*Рецензия на книгу*]*: Кустарные промыслы.* Статистический сборник по Ярославской губернии. Изд. стат. бюро Яросл. губ. земства. Яросл. 1904. Стр. 465+60.— «Русские Ведомости», М., 1904, № 248, 6 сентября, стр. 3, в отд.: Библиографические заметки.— *488—489.*

[*Ржевский, В. А. Электричество в сельском хозяйстве.* Краткое изложение].— «Торгово-Промышленная Газета», Спб., 1902, № 6, 8(21) января, стр. 4, в ст.: II. Электротехнический съезд.— *236—237.*

*Рикардо, Д. Сочинения.* Пер. Н. Зибера. С прил. переводчика. Спб., Пантелеев, 1882. 687 стр.— *39.*

*Рославлев, И. Пеньково-канатный промысел в селе Избыльце Горбатовского уезда.*— В кн.: Нижегородский сборник. Изд. Нижегородским губ. стат. ком., под ред. А. С. Гацисского. Т. IV. Н.-Новгород, 1871, стр. 299—305.— *429.*

*Руднев, С. Ф. Промыслы крестьян в Европейской России.*— «Сборник Саратовского Земства», 1894,* № 6, стр. 189—222; № 11, стр. 421—463.— *252—253, 255—257, 293, 358—359.*

*«Русская Мысль»,* М., 1887, № 9, стр. 147—165.— *633.*

— 1894, № 2, стр. 53—73.— *78.*

— 1896, № 11, стр. 224—228.— *624.*

*«Русская Правда».* [Первый письменный свод законов и княжеских постановлений в древней Руси XI—XII вв.].— *215, 342, 684.*

*Русская рельсовая сеть в 1895 г.* Очерк сост. на основании данных, заключающихся в 46 выпуске стат. сб. м-ва путей сообщения.— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 39, стр. 508—509.— *545.*

*«Русские Ведомости»,* М., 1897, № 127, 10 мая, стр. 1.— *324.*

— 1897, № 231, 22 августа, стр. 2.— *459.*

— 1897, № 322, 21 ноября, стр. 3.— *573.*

— 1898, № 167, 19 августа, стр. 2—3.— *240.*

— 1899, № 254, 14 сентября, стр. 2.— *316.*

— 1904, № 248, 6 сентября, стр. 3.— *488—489.*

*«Русский Вестник»,* М.— Спб.— *633.*

*«Русское Богатство»,* Спб., 1894, № 1, стр. 45—67.— *179—180.*

— 1894, № 6, стр. 86—130, стр. 102—135.— *179—180, 498, 503, 527, 529, 565—566.*

— 1896, № 7, стр. 1—24.— *633—634.*

— 1898, № 8, стр. 36—59.— *127.*

*Рытов, М. В. Обзор русского огородничества.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 38—59, в отд.: IV. Садоводство, плодоводство и огородничество. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *329, 330, 331.*

*Салтыков-Щедрин, М. Е. Мелочи жизни.— 294.*

*Санин, А. А. Несколько замечаний по поводу теории «народного производства».*— В кн.: Гурвич, И. Экономическое положение русской деревни.— Пер. с англ. А. А. Санина, под ред. и с предисл. автора. М., 1896, стр. 1—66.— *243.*

*С.-Петербург по переписи 15 декабря 1890 года.* Ч. I. Население. Вып. 1—2. Спб., 1891—1892. 2 т.

— Вып. 1. Численность и состав населения по полу, возрасту, семейному положению, грамотности, вероисповеданию, сословию и родному языку. 1891. II, XXX, 93 стр. На русск. и франц. яз.— *490, 617.*

— Вып. 2. Распределение населения по занятиям. 1892. II, 75 стр.— *548, 553, 568, 584.*

*Сбор льняного волокна и пеньки в 1896 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 9, стр. 593—597.— *304.*

*Сбор льняного волокна и пеньки в 1897 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 6, стр. 376—378.— *304, 305.*

*Сбор льняного и конопляного семени в 1897 году.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 7, стр. 409— 412.— *304.*

*Сборник государственных знаний.* Под ред. В. П. Безобразова. Т. II. Спб., 1875. 783 стр.— *252, 253, 625.*

*Сборник материалов для изучения сельской поземельной общины.* Под ред. Ф. Л. Барыкова и др. Т. I. Спб., изд. императорских Вольного экономического и Русского географического обществ, 1880. XI, 393, 65 стр.— *152.*

*Сборник материалов об артелях в России.* Вып. 2. Спб., изд. С.-Петербургского отд-ния ком. о сельских, ссудо-сберегательных и промышленных товариществах, 1874. 256, 26 стр.— *653—654.*

*Сборник оценочных сведений по крестьянскому землевладению в Землянском, Задонском, Коротоякском и Нижнедевицком уездах.* [Сост. Ф. Щербина]. С 3 схем. картами. Прил. к томам III, IV, V. и VI. Воронеж. изд. Воронежского губ. земства, 1889. 465 стр.— *98—99, 116—117, 151—158, 159—160, 161—170, 175—176.*

*Сборник по хозяйственной статистике Полтавской губернии.* Т. VIII, XIV, XV. Полтава, изд. Полтавской губ. земской управы, 1888—1894. 4 т.

*— Т. VIII. Хорольский уезд. Вып. 1. Собр. и обр. стат. бюро Полтавского губ. земства под ред. Н. Терешкевича. 1888. 477 стр.— *125—126.*

— Т. VIII. Хорольский уезд. Вып. 2. Собр. и обр. стат. бюро Полтавского губ. земства под рук. Н. Терешкевича. Изд. под ред. Н. Кулябко-Корецкого. 1890. 4, 179, LXXV стр.— *125—126.*

*— Т. XIV. Константиноградский уезд. Собр. стат. бюро Полтавского губ. земства под рук. Н. Терешкевича. Обр. и изд. под ред. Н. Кулябко-Корецкого. 1894. VI, 243, 551 стр.; 1 л. карт.— *125—126.*

*— Т. XV. Пирятинский уезд. Собр. стат. бюро Полтавского губ. земства под рук. Н. Терешкевича и Я. Имшенецкого. Обр. и изд. под ред. Н. Кулябко-Корецкого. 1893. 593 стр.; 1 л. карт.— *125—126.*

*«Сборник Саратовского Земства»,* 1894,* № 6. стр. 189—222: № 11, стр. 421—463.— *252, 255—257, 293, 358—359.*

*«Сборник Сведений и Материалов по Ведомству Министерства Финансов»,* Спб. 1866, № 4, стр. 392—424.— *317, 321, 505, 524, 657—658.*

— 1867, № 6, стр. 381—401.— *505, 524, 525, 543, 657—658.*

*Сборник сведений по России за 1884—1885, 1890, 1896 гг.* Спб., изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел, 1887—1897. 3 т. (Статистика Российской империи I, X, XL). На русск. и франц. яз.

— *за 1884—1885 гг.* 1887. XVIII, 313 стр.— *508—509, 525—526, 510—511, 626—627.*

— *за 1890 г.* 1890. VI, 48, 346 стр.— *531, 545, 607.*

— *за 1896 г.* 1897. VI, 373 стр.— *324, 531, 545, 626—627.*

*Сборник статистических сведений о горнозаводской промышленности России в 1890 заводском году, в 1901—1902 гг.* Спб., изд. Горного ученого ком., 1892—1905. 3 т.

*— *в 1890 заводском году.* По офиц. данным сост. С. Кулибин. 1892. IV, CVIII, 293 стр.— *531, 538—539, 544—545, 562, 565.*

— *в 1901 году.* Под ред. И. Попова. Сост. по офиц. данным К. Робук. 1904. 6, CX, 553 стр.— 531.

— *в 1902 году.* По офиц. данным сост. И. Дмитриев и В. Рыжков. Под ред. И. Попова. 1905. 6, CXXIV, 626 стр.— *531, 546.*

*Сборник статистических сведений по Воронежской губернии.* Т. I—XII. Воронеж, изд. Воронежского губ. земства, 1884—1899. 14 т.— *112—113.*

— Т. II. Сост. В. И. Орлов и Н. А. Каблуков. 1878. 628 стр.— *222—223.*

— Т. IV. Вып. I. Крестьянское хозяйство. Вып. I. Формы крестьянского землевладения в Московской губернии. Сост. В. Орлов. 1879. III, 320, 39 стр.— *160, 179, 320.*

— Т. V. Вып. I. Очерк хозяйства частных землевладельцев. Сост. Н. Каблуков. 1879. V, 200, 103 стр.— *207, 223—226.*

— Т. V. Вып. II. Хозяйство частных землевладельцев Московской губернии. Уезды: Можайский, Волоколамский, Рузский, Звенигородский, Верейский и Бронницкий. Сост. К. Вернер. 1883. 545 стр.— *216, 345.*

— Т. VI. Вып. I. Промыслы Московской губернии. Вып. I. Сост. В. Орлов и И. Боголепов. 1879. 287 стр.— *152—153, 165, 362—363, 367, 368, 371—372, 376, 399—400, 401—402, 420, 426—427, 448, 481—482, 484.*

— Т. VI. Вып. II. Промыслы Московской губернии. Вып. II. Сост. И. Боголепов. 1880. 264, 91, II стр.— *152—153, 362—363, 370—371, 372, 390—391, 420, 421, 435, 469, 481—482, 484, 486—487.*

— Т. VII. Вып. I. Промыслы Московской губернии. Вып. III. Сост. стат. отд-нием Моск. губ. земской управы. 1882. VIII, 147, 358 стр.— *152—153, 318, 319—320, 321, 331, 362—363, 366, 368, 372, 373, 393—394, 407—408, 420, 456, 482, 576—577.*

— Т. VII. Вып. II. Женские промыслы Московской губернии. Вып. IV. Сост. М. К. Горбунова. 1882. XXXII, 299 стр.— *152—153, 368, 371—372, 393, 420, 482, 483, 599—600.*

*— Т. VII. Вып. III. Промыслы Московской губернии. Вып. V. Сост. стат. отд-нием Моск. губ. земской управы. 1883. 212 стр.— *152—153, 371—372, 373, 418, 420, 482, 488, 594, 598.*

*Сборник статистических сведений по Орловской губернии.* Т. II—V, VIII. Орел, изд. Орловского губ. земства, 1887—1895. 5 т.

— Т. II. [Вып. I]. Елецкий уезд. 1887. 958 стр.— *101—102, 109—110.*

— Т. III. Трубчевский уезд. 1887. IV, 265, 224 стр.— *109—110, 111, 431, 434, 479, 578.*

— Т. IV. Вып. II. Кромской уезд. 1892. 527 стр.— *345.*

— Т. V. Вып. II. Карачевский уезд. 1892. 948 стр.— *173—174, 430.*

— Т. VIII. Орловский уезд. Статистико-экономические и оценочные материалы по крестьянскому и частновладельческому хозяйству. С 2 картогр. 1895. 1005 стр. (Стат. отд-ние Орловской губ. земской управы).— *112, 430.*

*Сборник статистических сведений по Рязанской губернии.* Т. I—XII. Скопин, изд. Рязанского губ. земства, 1882—1892. 12 т.— *207.*

*Сборник статистических сведений по Рязанской губернии.* Т. II. Вып. I. Раненбургский уезд. Скопин, изд. Рязанского губ. земства, 1882. II, 334, II стр.— *514—515.*

*Сборник статистических сведений по Самарской губернии.* Отдел хозяйственной статистики. Т. VI—VII. М.— Самара, изд. Самарского губ. земства, 1889—1890. 2 т.

*— Т. VI. Николаевский уезд. 1889. 1133 стр.— *78, 85—86, 275—276, 472—473.*

— Т. VII. Новоузенский уезд. 1890. 524 стр.— *78, 80—82, 83, 275—276, 278—279, 280, 472—473.*

*Сборник статистических сведений по Саратовской губернии.* Т. I, VII, XI. Саратов, изд. Саратовского губ. земства, 1883—1892. 3 т.

— Т. I. Саратовский уезд. 1883. V, 271 стр.— *212—213.*

*— Т. VII. Ч. 2. Вольский уезд. 1892. II, 583 стр.— *515.*

* — Т. XI. Камышинский уезд. 1891. 979 стр.— *94, 97—100, 413, 422.*

*Сборник статистических сведений по Таврической губернии.* Сост. стат. бюро Таврического губ. земства. Симферополь, изд. Таврического губ. земства, 1885—1887. 3 т.

*— *Прил. к 1-му тому сборника.* Статистические табл. о хозяйственном положении селений Мелитопольского уезда. Вып. I. 1885. 287 стр.— *66, 72, 74, 76—77, 95—96.*

— Т. II. Статистические таблицы о хозяйственном положении селений Днепровского уезда. 1886. III, 253 стр.— *66, 72, 73, 74—75, 76—77.*

*— Т. V. Статистические таблицы о хозяйственном положении селений Бердянского уезда. 1887. 342 стр.— *74, 76—77.*

**Сборник статистических сведений по Тверской губернии.* Т. VIII, XIII. Тверь, изд. Тверского губ. земства, 1893—1897. 2 т.

*— Т. VIII. Тверской уезд. Вып. 1. Описание уезда (текст) с 20-ю картогр. 1893. 267 стр.— *331.*

— Т. XIII. Вып. 2. Крестьянское хозяйство. Сост. П. А. Вихляев. 1897. X, 313 стр.— *126—127, 241—242, 295—296, 300—301, 305.*

*«Сборник Херсонского Земства»,* 1895, № 8.— *247—249.*

*Сведения о фабриках и заводах, действовавших в 1864 году.*— «Сборник Сведений и Материалов по Ведомству Министерства Финансов», Спб., 1866, № 4, стр. 392—424; № 5, стр.74—105.— *317, 321, 504—505, 524, 657—658.*

*Сведения о фабриках и заводах, действовавших в 1865 году.*— «Сборник Сведений и Материалов по Ведомству Министерства Финансов». Спб., 1867, № 6, стр. 381—401.— *504—505, 524, 525, 543, 657—658.*

**Свирский, В. Ф. Фабрики, заводы и прочие промышленные заведения Владимирской губернии.* Владимир-на-Клязьме, изд. Владимирской губ. земской управы, 1890. 67, 198 стр.— *584.*

*Свод данных о фабрично-заводской промышленности в России за 1885—1897 гг.* Спб., изд. деп. торговли и мануфактур, 1889—1900. 8 т. (Материалы для торгово-пром. статистики).— *234—235, 507—509, 512.*

— *за 1885—1887 гг.* 1889. IV, XVIII, 114 стр.— *508, 509—510, 525, 657—658.*

— *за 1888 год.* 1891. 385 стр.— *508, 657—658.*

— *за 1889 год.* 1891. 181, CCCI, 69 стр.— *508, 525—526, 657—658.*

— *за 1890 год.* 1893. 419 стр.— *234—235, 281—282, 508, 516, 525—526, 657—658.*

— *за 1891 год.* 1894. VII, 237 стр.— *508, 525—526, 657—658.*

— *за 1892 год.* 1895. X, 267 стр.— *508—509, 525—526, 555.*

— *за 1893 год.* 1896. IV, 168 стр.— *508—509.*

— *за 1897 год.* 1900. III, XXV, 192 стр.— *512.*

*Свод отчетов фабричных инспекторов за 1901—1903 гг.* Спб., 1903—1906. 3 т. (М-во финансов. Отдел пром-сти).— *511.*

— *за 1901 год.* 1903. XXV, 202 стр.— *511.*

— *за 1902 год.* 1904. XXVIII, 200 стр.— *511.*

— *за 1903 год.* 1906. XVI, 208 стр. (М-во торговли и пром-сти. Отдел пром-сти).— *240, 421—422, 511, 513, 559—560, 585—586.*

*Свод статистических материалов, касающихся экономического положения сельского населения Европейской России.* Спб. изд. канцелярии ком. минист., 1894. 624 стр.— *145, 309, 315, 399, 634—635.*

**Свод статистических сведений по Саратовской губернии.* Ч. 1. Таблицы. Сост. под ред. С. Харизоменова. Саратов, изд. Саратовского губ. земства, 1888. 902 стр.— *87—89, 90—92, 97—101.*

**Сводный сборник по 12 уездам Воронежской губернии.* Стат. материалы подворной переписи по губернии и обзор материалов, способов по собиранию их и приемов по разработке. [Сост. Ф. А. Щербина]. Воронеж, 1897. 1058 стр.— *152, 620—621.*

*Сводный сборник статистических сведений по Самарской губернии.* Т. VIII. (Вып. I). Самара, изд. Самарского губ. земства, 1892. X, 228 стр.— *78, 84, 85—87, 98—99, 101—102.*

*«Северный Вестник»*, Спб., 1885, № 3, ноябрь, стр. 186—193.— *99, 689—690.*

— 1886, № 2, стр. 26—57.— *244.*

— 1896, № 2, стр. 1—8.— *262, 324.*

*«Северный Край»*, Ярославль, 1899, № 223, 25 июля (6 августа), стр. 4.— *302—303.*

*«Северный Курьер»*, Спб., 1899, № 1, 1(13) ноября, стр. 9—10; № 32, 2(14) декабря, стр. 3—4; № 33, 3(15) декабря, стр. 4.— *239, 294.*

*Село Красное, Костромского уезда.*— «Русские Ведомости», М., 1897, № 231, 22 августа, стр. 2.— *458—459.*

*«Сельский Вестник»*, Спб., 1890, № 15, 8 апреля, стр. 154—156.— *261.*

*Сельское и лесное хозяйство России.* С прил. 47 карт и диагр. Спб., изд. деп. земледелия и сельской пром-сти м-ва гос. имуществ, 1893. II, XXVI, 649 стр. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *202, 231—232, 233—234, 235, 236, 238, 269—270, 272, 274—275, 281, 285—286.*

*«Сельское Хозяйство и Лесоводство»*, Спб., 1896, № 2, стр. 289—315.— *247.*

*Сельскохозяйственное винокурение в 1896/7 г.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 10, стр. 620—624.— *310—311.*

*Сельскохозяйственные и статистические сведения по материалам, полученным от хозяев.* Вып. V — *см.* Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих, в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях. Спб., 1892.

**Сельскохозяйственные статистические сведения по материалам, полученным от хозяев.* Вып. VII. Возделывание картофеля в Европейской России. Спб., 1897. X, 162, 152 стр. (М-во земл. и гос. имуществ. Отдел сельской экономии и сельскохозяйственной статистики).— *271, 312, 313.*

*Сельскохозяйственный обзор Нижегородской губернии за 1892 год.* Вып. I—III. Н.-Новгород, изд. Нижегородского губ. земства, 1893.— *179.*

**Сельскохозяйственный обзор Нижегородской губернии за 1896 год.* Н.-Новгород, изд. Нижегородского губ. земства, 1897. VIII, 214, 242 стр.— *582, 627.*

*Сельскохозяйственный обзор Орловской губернии за 1887/88 год.* Орел, изд. Орловского губ. земства, 1888. 319 стр.— *220.*

*Семевский, В. И. Крестьяне в царствование императрицы Екатерины II.* Т. I. Спб., 1881. LIII, 504, III стр.— *515.*

*Семенов, А. Изучение исторических сведений о российской внешней торговле и промышленности с половины XVII-го столетия по 1858 год.* Ч. 1—3. Спб., 1859.— *515, 516, 531.*

*Семенов, Д. П. Производство хлебов.*— В кн.: Сельское и лесное хозяйство России. С прил. 47 карт и диагр. Спб., изд. деп. земледелия и сельской пром-сти м-ва гос. имуществ, 1893, стр. 125—142. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *269—270.*

*Семенов, П. П. Мураевенская волость (Рязанская губ.).*— В кн.: Сборник материалов для изучения сельской поземельной общины. Под ред. Ф. Л. Барыкова и др.. Т. I. Спб., изд. императорских Вольного экономического и Русского географического обществ, 1880, стр. 37—158.— *152.*

— *Первая всеобщая перепись.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 21, стр. 552—558.— *538, 648.*

— *Предисловие.*— В кн.: Статистический временник Российской империи. I. Спб., 1866, стр. I—XXXVI.— *500.*

*Скальковский, К. Горнозаводская производительность России в 1877 году.* Спб., 1879. 113 стр.— *531.*

*Скворцов, А. И. Влияние парового транспорта на сельское хозяйство.* Исследование в области экономики земледелия. Варшава, 1890. VIII, VI, 703 стр.— *22—23.*

— *Основания политической экономии.* Спб., Попова, 1898. IX, 432 стр.— *42.*

*Скворцов, П. Итоги крестьянского хозяйства по земским статистическим исследованиям.*— В кн.: Материалы к характеристике нашего хозяйственного развития. Сб. статей. Спб., 1895, стр. 1—107.— *89.*

— *Товарный фетишизм.* (Владимир Ильин. Развитие капитализма в России. Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности, Спб., 1899 г.).— «Научное Обозрение», [Спб.], 1899, № 12, стр. 2277—2295.— *665, 667—690.*

*«Слово»,* Спб., 1880, октябрь, стр. 77—142.— *77, 84—85.*

*Смирнов, А. Павлово и Ворсма, известные стально-слесарным производством села Нижегородской губернии.* М., 1864. II, 67, 20 стр.— *451—452, 472—473, 594.*

*Смит, А. Исследования о природе и причинах богатства народов.* С примеч. Бентама и др. Пер. П. А. Бибиков. Т. 1—2. Спб., 1866. 2 т.— *35—39, 644.*

*«Собрание Узаконений и Распоряжений Правительства, издаваемое при Правительствующем Сенате».* Спб., 1890, № 57, 15 июня, ст. 524, стр. 1192—1195.— *311.*

— 1897, № 62, 13 июня, ст. 778, стр. 2135—2139.— *454.*

*Состояние посевов свекловицы к 1 июня 1898 г.*— «Вестник «Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1898, № 36, стр. 349—352.— *314.*

*Старый маслодел. В чем темные стороны маслоделия и каков выход из них.*— «Северный Край», Ярославль, 1899, № 2..

25 июля (6 августа), стр. 4; «Жизнь», Спб., 1899, № 8, стр. 377, в отд.: Хроника внутренней жизни.— *302—303.*

**Статистика производств, облагаемых акцизом, и гербовых знаков за 1897 и 1898 гг.* Сост. в стат. отд-нии главного упр. Спб., 1900. 1037 стр. (Главное упр. неокладных сборов и казенной продажи питей).— *625, 628.*

*Статистика Российской империи.* IV, XX, XXXI, XXXVII, XLIV, LV, LXI. 1883—1904 гг. Спб., изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел, 1888—1906. 7 т. На русск. и франц. яз.

— IV. Средний урожай в Европейской России за пятилетие 1883—1887 гг. Под ред. В. В. Зверинского. 1888. V, 17, 155 стр.— *203, 269—270, 274—275.*

— XX. Военно-конская перепись 1888 года. Под ред. А. Сырнева. 1891. VI, XXIII, 207 стр.— *144—147, 148—150, 216—217.*

— XXXI. Военно-конская перепись 1891 года. Под ред. А. Сырнева. 1894. IV, XXIX, 149 стр.— 144—147, 148—150, *216.*

*— XXXVII. Военно-конская перепись 1893 и 1894 гг. Под ред. А. Сырнева. 1896. II, XXII, 245 стр.— *145—147, 216.*

— XLIV. Военно-конская перепись 1896 г. Под ред. А. Сырнева. 1898. XIII, 79.—*148—150, 216.*

— LV. Военно-конская перепись 1899—1901 гг. Под ред. А. Сырнева. 1902. VI, XIV, 223 стр.— *148—150, 216.*

— LXI. Военно-конская перепись 1903—1904 гг. 1906. VII, 79.— *216.*

*Статистический временник Российской империи.* Спб., изд. Центр. стат. ком. м-ва внутренних дел, 1866, 1872.

*— I. 1866. XXXVI, XV, 523 стр.— *500, 544, 610—611, 657—658.*

— II. Вып. III. Материалы для изучения кустарной промышленности и ручного труда в России. Ч. 1. Собраны губ. стат. комитетами и обработаны Л. Майковым. 1872. IV, 361, III стр.— *368, 420, 444—445.*

— Серия II. Вып. VI. Материалы для статистики заводско-фабричной промышленности в Европейской России за 1868 год. Обр. И Боком. 1872. LXXVIII, 427 стр.— *499, 500, 517, 524.*

**Статистический ежегодник Московского губернского земства 1886 г.* М., 1886. VI, 372 стр.— *622—623, 625, 633.*

**Статистический ежегодник Московской губернии за 1895 г.* М., 1896. 382, XII, 131 стр.— *408, 448—449.*

**Статистический ежегодник Тверской губернии за 1897 год.* (С 2 картогр.). Тверь, изд. Тверского губ. земства, 1898. VII, 582, XIX стр. (Стат. бюро Тверской губ. земской управы).— *622—623, 625.*

*Статистический обзор железных дорог и внутренних водных путей.* К этому обзору приложен список изданий стат. отдела м-ва путей сообщения, представляемых на Всемирную выставку 1893 г. в Чикаго. Спб., 1893. VI, 98 стр. (Россия. М-во путей сообщения. Стат. отдел. Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *545, 576.*

**Статистический обзор Калужской губернии за 1896 год.* (Год первый). Калуга, изд. стат. отд-ния Калужской губ. земской управы, 1897. 6, XVI, 461 стр. (Прил. к докладу Калужской губ. земской управы очередному губ. земскому собранию по статистике).— *126, 582, 622—623, 625, 631—633.*

*Стебут, И. А. Основы полевой культуры и меры к ее улучшению в России.* 2-е, вновь передел. изд. В 2-х тт. М., 1882—1884.— *22—23.*

— *Статьи о русском сельском хозяйстве, его недостатках и мерах к его усовершенствованию.* 1857—1882. М., Васильев, 1883. 363 стр.— *184, 219.*

*Стенографический отчет о прениях в ИВЭО* 1 и 2 марта 1897 г.— *см.* Влияние урожаев и хлебных цен на разные стороны экономической жизни.

*Столпянский, Н. П. Промыслы в селе Поречье-Рыбном, Ростовского уезда, Ярославской губернии.* (Сообщения 28 февраля 1885 г.).— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. XIV. Спб., 1885, стр. 1—50.— *330.*

*Строкин, Н. А. Льноводство Псковской губернии.* Спб., изд. Псковского губ. стат. ком., 1882. 39 стр.— *306—307.*

[*Струве, П. Б.*] *П. Б. Закон 2-го июня о продолжительности рабочего времени и распространение фабричного надзора на всю Европейскую Россию.*— «Новое Слово», Спб., 1897, № 10, июль, стр. 216—243.— *596.*

— *Историческое и систематическое место русской кустарной промышленности.* (Ответ П. Н. Милюкову).— «Мир Божий», Спб., 1898, № 4, стр. 188—200.— *602—603.*

— *Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России.* Вып. I. Спб., 1894. X, 293 стр.— *95, 220, 304, 305—306, 693.*

— *На разные темы.* IV. «Мужики» Чехова и г. Михайловский.— «Новое Слово», Спб., 1897, № 1, октябрь, стр. 55—66. Подпись: Novus.— *598.*

— *Основная антиномия теории трудовой ценности.*— «Жизнь», Спб., 1900, № 2, стр. 297—306.—*693.*

— *Против ортодоксии.*— «Жизнь», Спб., 1899, № 10, стр. 175—179.— *693.*

*Табачное производство.* (Сост. в департаменте торговли и мануфактур).— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 62—64, в отд.: IX. Фабрично-заводские производства. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *323—324.*

*Тавилдарова, Н. И. Винокурение.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 47—53, в отд.: IX. Фабрично-заводские производства. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *310—311.*

**Тезяков, Н. И. Сельскохозяйственные рабочие и организация за ними санитарного надзора в Херсонской губернии.* (По материалам лечебно-продовольственных пунктов в 1893—1895 гг.). (Доклад XIII губернскому съезду врачей и представителей земских управ Херсонской губ.). Херсон, изд. Херсонской губ. земской управы, 1896. II, 300 стр.— *239, 243, 245, 248, 249, 252, 254—255, 257—258, 263—264, 265—266, 267, 278.*

*Тилло, А. Кустарная промышленность Костромской губернии.* Кустарные промыслы Кинешемского уезда.— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. XV. Спб., 1886, стр. 161—277— *426.*

— *Кустарные и отхожие промыслы Костромского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной про-

мышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2093—2171.— *401—402, 427.*

— *Народные промыслы Костромской губернии.* — В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 1919—2022.— *401—402, 427, 488—489.*

— *Ювелирно-металлический промысел [в Костромской губернии].*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2023—2056.— *458—459.*

*Тимирязев, Д. А. Статистический атлас главнейших отраслей фабрично-заводской промышленности Европейской России с поименным списком фабрик и заводов.* Сост. по офиц. сведениям деп. торговли и мануфактур за 1867 год. Труд, удост. медали на Парижской всемирной выставке 1867 г. и на Всероссийской мануфактурной выставке 1870 г. Вып. 1—3. Спб., 1869—1873. VI, VI, 132 стр.; 14 карт.— *500, 502.*

*Тимохович, С. Кустарная промышленность в Медынском уезде [Калужской губернии].*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. II. Спб., 1879, стр. 6—108.— *362—363, 383—384, 428.*

*«Торгово-Промышленная Газета»,* Спб., 1901, № 123, 3(16) июня, стр. 2.— 314.

*«Торгово-Промышленная Газета»,* Спб., 1902, № 6, 8(21) января, стр. 4.— *236—237.*

*Торгово-промышленные съезды в России.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1896, № 25, стр. 986—992.— *310—311.*

*Трирогов, В. Г. Община и подать.* (Собрание исследований). Спб., 1882. 509 стр.— *137, 160, 265—266.*

*«Труды Императорского Вольного Экономического Общества».* Спб., 1897, № 4, июль — август, стр. 1—95.— *159, 223—224, 338—339.*

*— 1898, № 1, январь — февраль, стр. 1—41.— *504, 591.*

— 1898, № 2, март — апрель, стр. 117—147.— *604—605.*

*— 1898, № 5, сентябрь — октябрь, стр. 1—107.— *504, 505, 592.*

*Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России.* Вып. I—XVI. Спб., 1879—1887. 16 т.— *152—153, 420, 489, 576—577, 582—583.*

— Вып. I. [Действия комиссии]. 1879. 248 стр.— *361, 365—366.*

— Вып. II. [Калужская и Нижегородская губернии]. 1879. 128, 28, 101—120 стр.— *363—364, 383—384, 428, 434.*

— Вып. III. [Нижегородская губерния]. 1880. 29—134, 121—177, II стр.— *365—366, 383—384, 401—402, 403, 440, 472—473.*

— Вып. IV. [Нижегородская и Олонецкая губернии]. 1880. IV, 97—119, 135—317, 179—226, 20 стр.— *401—402, 443—444.*

— Вып. V. [Черниговская, Тверская, Московская и Нижегородская губернии]. 1880. IV, 319—487, 227—309, 21—63 стр.— *363—364, 371, 422—423, 425, 648.*

— Вып. VI. [Нижегородская и Ярославская губернии]. 1880. IV. 121—174, 489—776, 311—364, 65—95 стр.— *368, 383—384, 427, 439, 457, 584—585.*

— Вып. VII. [Нижегородская, Ярославская, Тульская, Рязанская и Новгородская губернии]. 1881. II, 777—1225, 365—391, 97—128, 6 стр.— *394, 462—464, 472—473, 584.*

— Вып. VIII. [Нижегородская, Тульская, Тверская, Новгородская и Херсонская губернии]. 1882. II, 175—245, 1227—1907, 129—149 стр.— *368, 401—402, 428, 434, 444—445, 577—578, 584—585.*

— Вып. IX. [Костромская, Тульская и Нижегородская губернии]. 1883. II, 247—271, 1909—2592, 393—458, 151—252 стр.— *334, 363—364, 365—366, 368, 401—402, 427, 433—435, 436—440, 448, 456, 458—459, 460—461, 462, 464, 488—489, 584—585.*

— Вып. X. [Тверская, Ярославская, Тульская, Владимирская, Пермская губернии]. 1883. II, 273—300, 2593—3056 стр.— *152—153, 385, 395, 441, 462.*

— Вып. XI. [Вятская губерния]. 1884. II, 301—346, 1—453 (3057—3509) стр.— *441, 488—489, 577, 578, 582.*

— Вып. XII. [Вятская губерния]. 1884. II, 347—368, 455—876 (3511—3932) стр.— *577, 582.*

— Вып. XIII. [Костромская губерния]. 1885. IV, 369—397, 1—433 (3933—4365) стр.— *368.*

— Вып. XIV. [Костромская губерния]. 1885. III, 399—513, 1—145, 1—232 (4367—4598) стр.— *330.*

— Вып. XV. [Костромская губерния]. 1886. II, 515—538, 1—141, 1—277 (4599—4875) стр.— *426.*

— Вып. XVI. [Вятская губерния]. 1887. I, 539—605, 1—101, 1—251 (4877—5127) стр.— *533.*

*Труды податной комиссии.* Ч. 3.— *306.*

*Туган-Барановский, М. И. Капитализм и рынок.* (По поводу книги С. Булгакова «О рынках при капиталистическом производстве», Москва. 1897 г.).— «Мир Божий», Спб., 1898, № 6, стр. 118—127.— *48.*

— *Основная ошибка абстрактной теории капитализма Маркса.— «Научное Обозрение»,* [Спб.), 1899, № 5, стр. 973—985.— *693.*

— *Промышленные кризисы в современной Англии, их причины и влияние на народную жизнь.* С прил. 12 диагр. Спб., 1894. IV, 513 стр.— *39, 42.*

— *Русская фабрика в прошлом и настоящем.* Историко-экономическое исследование. Т. I. Историческое развитие русской фабрики в XIX веке. Спб., Пантелеев, 1898. XI, 497 стр.; 3 л. диагр.— *369, 503, 507, 515, 517, 544, 595—596.*

* *Туган-Барановский, М. И. Статистические итоги промышленного развития России.* (Доклад, читанный в заседании III отд. И. В. Э. общества 17-го января 1898 г.)— «Труды Императорского Вольного Экономического Общества», Спб., 1898, № 1, январь — февраль, стр. 1—41.— *503—504, 591.*

— *Трудовая ценность и теория прибыли.* (Моим критикам).— «Научное Обозрение», [Спб.], 1900, № 3, стр. 607—633.— *693.*

*Тулин, К.— қараңыз:* Ленин, В. И.

*Уваров, М. С. О влиянии отхожего промысла на санитарное положение России.—* «Вестник Общественной Гигиены, Судебной и Практической Медицины», Спб., 1896, т. XXXI, кн. 1, июль, стр. 1—49.— *625—626.*

*Указатель фабрик и заводов Европейской России — қараңыз:* Орлов, П. А.; Орлов, П. А. и Будагов, С. Г.

*Успенский, Г. И. Грехи тяжкие.— 649.*

— *Живые цифры.— 162.*

— *Из деревенского дневника.— 649.*

— *На Кавказе.— 334.*

* *Успехи русской промышленности по обзорам экспертных комиссий.* Спб., 1897. IV, 245 стр. (М-во финансов. Деп. торговли и мануфактур. Всерос. пром. и худож. выставка 1896 г. в Н.-Новгороде).— *490, 515, 517—518.*

*Фабрично-заводская промышленность и торговля России.* С прил. общей карты фабрично-заводской промышленности Российской империи. Спб., изд. деп. торговли и мануфактур м-ва финансов, 1893. 747 стр. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *522.*

* *Федотов, А. и др. Обзор производства хлопчатобумажных изделий.*— В кн.: Успехи русской промышленности по обзорам экспертных комиссий. Спб., 1897, стр. 32—53. (М-во финансов. Деп. торговли и мануфактур. Всерос. пром. и худож. выставка 1896 г. в Н.-Новгороде).— *517—518.*

*Фейнберг, Л. Б. О необходимости исследования свекловичных плантаций Харьковской губернии в санитарном отношении.* (Доклад губернскому врачебному совету). — «Врачебная Хроника Харьковской Губернии», 1899, № 9 (27), сентябрь, стр. 580—584.— *316.*

— [*О необходимости исследования свекловичных плантаций Харьковской губернии в санитарном отношении.* Доклад губернскому врачебному совету. Отрывок].— «Русские Ведомости», М., 1899, № 254, 14 сентября, стр. 2, в отд.: Внутренние известия.— *316.*

*Флеровский, Н. Положение рабочего класса в России.* Наблюдения и исследования. Спб., Поляков, 1869. II, II, 494 стр.— *252, 626.*

*Фортунатов, А. Общий обзор земской статистики крестьянского хозяйства.*— В кн.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. I. М., 1892, стр. I—XXXV.— *101—102.*

**Харизоменов, С. А. Введение* [к книге «Свод статистических сведений по Саратовской губернии»].— В кн.: Свод статистических сведений по Саратовской губернии. Ч. I. Таблицы. Сост. под ред. С. Харизоменова. Саратов, изд. Саратовского губ. земства, 1888, стр. 1—53.— *90—91, 98—99, 100, 101—102.*

— *Значение кустарной промышленности.*— «Юридический Вестник», М., 1883, № 11, стр. 414—441; № 12, стр. 543—597.—*403, 405, 466, 469, 488, 491, 599.*

* — *Промыслы Владимирской губернии.* М., Баранов, 1882—1884. (Труды комиссии по устройству кустарного отдела на Всерос. пром. и худож. выставке 1882 г.).

*Вып. II. Александровский уезд. 1882. XII. 353, IV стр.— *369—370, 383—384, 405, 407—408, 426, 488.*

*Вып. III. Покровский и Александровский уезды. 1882. X, 256, 149 стр.— *368, 369, 385, 401, 405, 420—421, 468, 472—473, 475—477, 484—485, 487, 488, 574, 594, 598, 599.*

*Вып. V. Переяславский и Александровский уезды. 1884. VIII, 231 стр.— *361, 488.*

*Хатисов, К. Кустарные промыслы Закавказского края.* Отчет 1891 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. II. Спб., 1894, стр. 259—370. (М-во гос. имуществ).— *360, 648.*

*Химическая промышленность.* (Сост. в деп. торговли и мануфактур).— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 1—16, в отд.: IX. Фабрично-заводские производства. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *520—521.*

*Чаславский, В. И. Земледельческие отхожие промыслы в связи с переселением крестьян.*— В кн.: Сборник государственных знаний. Под ред. В. П. Безобразова. Т. II. Спб., 1875, стр. 181—211.— *252, 253, 625.*

*Черненков, Н. Н. К характеристике крестьянского хозяйства.* Вып. I. М., 1905. 171 стр.— *150—151.*

*Чернов, В. Из Тамбова.*— «Новое Слово», Спб., 1895, № 3, декабрь, стр. 183—191.— *220.*

*Чернышевский, Н. Г. Очерки гоголевского периода русской литературы.*— *670, 682—683, 684.*

*Черняев, В. В. Земледельческие орудия и машины, их распространение и изготовление.*— В кн.: Сельское и лесное хозяйство России. С прил. 47 карт и диагр. Спб., изд. деп. земледелия и сельской пром-сти м-ва гос. имуществ, 1893, стр. 351—362. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *231—232, 233—234, 235, 236.*

— *Производство сельскохозяйственных машин в Сапожковском у., Рязанской губернии.* Исследования 1888 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности

в России. Т. I. Спб., 1892 стр. 201—215. (М-во гос. имуществ).— *236, 237, 366—367.*

*— *Сельскохозяйственное машиностроение.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. I. Сельскохозяйственные произведения, огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. Спб., 1883, стр. 142—157. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *231—232, 233—234.*

*Число действовавших сахарных заводов и количество уцелевших плантаций за период 1905/6 г.* [Таблица].— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1906, № 12, стр. 502—505.— *314.*

*Чупров, А. И. Влияние урожаев и хлебных цен на разные стороны экономической жизни.* Доклад в III отделении императорского Вольного экономического общества 1 и 2 марта 1897 г.— «Труды Императорского Вольного Экономического Общества», Спб., 1897, № 4, июль — август, стр. 2—10, 35—40, 86—93.— *223—224.*

*Шаховской, Н. Сельскохозяйственные отхожие промыслы. М.*, 1896. VII. 253, II стр.— *238, 252, 254, 255, 258, 260—261, 265—266, 277.*

*Шевлягин, Н. И. Кожевенное производство в Нижегородской Черниговской, Полтавской, Харьковской и Курской губ.* Отчет 1892 г.— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. II. Спб., 1894, стр. 195—258.— *365—366, 439, 472.*

*Шерер, А. Хлопчатобумажная промышленность.*— В кн.: Обзор различных отраслей мануфактурной промышленности России. Т. II. Спб., 1863, стр. 445—514.— *518.*

* *Шишмарев, Д. И. Краткий очерк промышленности в районе Нижегородской и Шуйско-Ивановской жел. дор.* Изд. в пользу и на средства кассы взаимопомощи при Нижегородской жел. дор., при содействии местных фабрикантов. Спб., 1892. 92 стр.— *593—594.*

*Штейнфельд, Н. Итоги горнопромышленных съездов на Урале.*— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 32, стр. 224—228.— *536.*

**Шульц, А. А. Специальные культуры.*— В кн.: Историко-статистический обзор промышленности России. Под ред. Д. А. Тимирязева. Т. I. Сельскохозяйстевеные произведения,

огородничество, садоводство и домашние животные. Горная и соляная промышленность. Спб.- 1883, стр. 68—141. (Всерос. пром.-худож. выставка 1882 г. в Москве).— *305—306, 307, 314, 323, 324.*

*Щербачев, В. С. Обзор табаководства в России.* Вып. II и III. Малороссия и Туркестанский край. Спб., 1894. II, 192 стр.— *324—327.*

**Щербина, Ф. А. Крестьянские бюджеты и зависимость их от урожаев и цен на хлеба.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. II. Спб., 1897, стр. 1—79.— *152, 175, 176—177.*

— *Крестьянское хозяйство по Острогожскому уезду.* С 8 карт. Воронеж, изд. Воронежского губ. земства, 1887. XVIII, 454, 51 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Воронежской губернии. Т. II. Вып. II).— *152, 176.*

*— *Сводный сборник по 12 уездам Воронежской губернии.* Стат. материалы подворной переписи по губернии и обзор материалов, способов по собиранию их и приемов по разработке. Воронеж, 1897. 1058 стр.— *152, 620—621.*

**Щеточный промысел по исследованию 1895 г.* [Сост. С. Ф. Руднев].— В кн.: Статистический ежегодник Московской губернии за 1895 г. М., 1896, стр. 1—13, прил.— *408, 448—449.*

*Энгельгардт, А. Н. Из деревни.* 11 писем. 1872—1882. Спб., 1885. 563 стр.— *137, 172, 198, 207, 213, 227—231.*

*«Юридический Вестник».* М., 1883, № 11, стр. 414—441; № 12, стр. 543—597.— *403, 405, 466, 470, 488, 490—491, 599.*

— 1887, № 11, стр. 460—486; № 12, стр. 629—647.— *204, 231—232, 252, 287—288, 312.*

— 1889, № 9, стр. 38—67.— *503, 508, 509.*

— 1890, № 9, стр. 130—148.— *582, 598—599, 624, 631, 633.*

*Ягодинский, И. П. Кожевенный промысел села Тубанаевки и смежных с ним сел и деревень Васильского уезда Нижегородской губернии.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. VI. Спб., 1880, стр. 639—660.— *383—384, 439.*

— *Промыслы села Безводного Нижегородского уезда.*— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. IX. Спб., 1883, стр. 2401—2419.— *363—364.*

*Ялта, 5 мая.*— «Русские Ведомости», М., 1897, № 127, 10 мая, стр. 1, в отд.: Внутренние известия.— *324.*

*Янсон, Ю. Э. Сравнительная статистика России и западноевропейских государств.* Т. II. Промышленность и торговля. Отдел I. Статистика сельского хозяйства. Спб., 1880. XII, 663 стр.— *70, 167.*

---

*Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie.* Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *47—48.*

*Bücher, K. Die Entstehung der Volkswirtschaft.* Sechs Vorträge Tübingen, Laupp, 1893. VI, 2, 304 S.— *358, 620.*

*«Bulletin de l'Office du travail»,* Paris, 1901, № 10, p. 711—712.— *608.*

*Diehl, K., Proudhon, P. J. Seine Lehre und sein Leben.* 2. Abteilung: Das System der ökonomischen Widersprüche, die Lehren vom Geld, Kredit, Kapital, Zins, Recht auf Arbeit und die übrigen Theorien, sowie die praktischen Vorschläge zur Lösung der sozialen Frage. Jena, Fischer, 1890. XI, 328 S. (Sammlung nationalökonomischer und statistischer Abhandlungen des staatswissenschaftlichen Seminars zu Halle a. d. S. Hrsg. J. Conrad. Bd. 6, Heft 3).— *50.*

— *Rodbertus, Johann Karl.*— In: Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Bd. 5. Jena, Fischer, 1893, S. 442—450.— *53.*

*Drechsler, H. Die bäuerlichen Zustände in einigen Teilen der Provinz Hannover.*— In: Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. III. Leipzig, Duncker und Humblot, 1883, S. 59—112; 2 Tab. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIV).— *162.*

— *Die Verteilung des Grundbesitzes und der Viehhaltung im Bezirke des landwirtschaftlichen Kreisvereins Göttingen* in «Landwirtschaftliche Jahrbücher». Bd. XV. Berlin, 1886.— *162.*

*Engels, F. Die Bauernfrage in Frankreich und Deutschland.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart. 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, № 10, S. 292—306.— *352.*

— *The condition of the working class in England in 1844.* With appendix written 1886, and pref. 1887. Transl. by K. Wischnewetzky. New York, J. W. Lovell Company, [1887]. VI, 200, XI p.— *199.*

— *Preface* [to: The condition of the working class in England in 1844].— In: Engels, F. The condition of the working class in England in 1844. With appendix written 1886, and pref. 1887. Transl. by K. Wischnewetzky. New York, J. W. Lovell Company, [1887], p. I—VI.— *199.*

— *Der Sozialismus in Deutschland.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1891—1892, Jg. X, Bd. I, № 19, S. 580—589.— *171.*

— *Vorwort* [zum 2. Band des Kapital von Marx].— In: Marx, K. Das Kapital. Kritik der politischen Ökonomie. Bd. II. Buch II: Der Zirkulationsprozeß des Kapitals. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1885, S. III—XXIII.— *53.*

— *Vorwort* [zur 2. Auflage der Arbeit: Zur Wohnungsfrage].— In: Engels, F. Zur Wohnungsfrage. 2., durchges. Aufl. Hottingen-Zürich, Verlag der Volksbuchhandlung, 1887, S. 3—10.— *261.*

— *Zur Wohnungsfrage.* Zweite Maihälfte 1872 — Januar 1873.—*261.*

*Handwörterbuch der Staatswissenschaften.* Bd. 5. Jena, Fischer, 1893. XII, 885 S.— *53.*

*Hourwich, I. A. The economics of the russian village.* New York, 1892. VI, 182 p.— *188.*

**Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *7—8.*

*Keussler, J. Zur Geschichte und Kritik des bäuerlichen Gemeindebesitzes in Rußland.* T. 2, H. II. St.-Petersburg, Ricker, 1883. VIII, 248 S.— *160.*

*Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte.* 3. Aufl. Hamburg, Meißner, 1885. VI, 108 S.— *340.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. 2. Aufl. Hamburg, Meißner, 1872. 830 S.— *27, 36, 37, 179, 190, 247, 346, 347, 384, 385, 386—387, 417, 430, 431, 472, 481, 486, 497, 578, 587, 644, 656, 676—677, 678.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. II. Buch II: Der Zirkulationsprozeß des Kapitals. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1885. XXVII, 526 S.— *34, 36, 37—49, 53, 54, 55, 346, 347.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 1. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel I bis XXVIII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. XXVIII, 448 S.— *45—46, 47—49, 190, 247, 351—352, 390, 417.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S.— *22, 24—25, 48—49, 51, 55 159, 180—182, 190, 199, 208, 221—222, 276—277, 349, 352—356, 647—648, 671—672.*

— *Misère de la philosophie.* Réponse à la Philosophie de la misère de m. Proudhon. Avec une préf. de F. Engels. Paris, V. Giard & E. Brière, 1896. 292 p.— *338, 352, 417.*

*Mouvement général de l'épargne en 1899.*— «Bulletin de l'Office du travail», Paris, 1901, № 10, p. 711—712.— *608.*

*«Die Neue Zeit»,* Stuttgart, 1891—1892, Jg. X. Bd. I, № 19, S. 580—589.— *171.*

— 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, № 10, S. 292—306.— *352.*

*Novus — қараңыз:* Струве, П. Б.

*Rauchberg, H. Die Berufs- und Gewerbezählung im Deutschen Reich vom 14. Juni 1895.* Berlin, Heymann, 1901. XVI, 422 S.— *565.*

*Rodbertus-Jagetzow, K. Aus dem literarischen Nachlaß.* Hrsg. von A. Wagner und Th. Kozak. II. Das Kapital. Vierter sozialer Brief von Rodbertus an von Kirchmann. Berlin, Puttkammer und Mühlbrecht, 1884, XIX, 315 S.— *53.*

— *Zur Beleuchtung der sozialen Frage.* I. Unveränderter Abdruck meines zweiten und dritten sozialen Briefes an von Kirchmann enthaltend einen compendiösen Abriß meines staatswirtschaftlichen Systems, nebst einer Widerlegung der Ricardo'schen und Ausführung einer neuen Grundrententheorie. Berlin, Puttkammer und Mühlbrecht, 1875. II, 223 S.— *51, 53.*

*Roscher, W. Nationalökonomik des Ackerbaues und der verwandten Urproduktionen.* Ein. Hand-und Lesebuch für Staats- und Landwirte. 7., stark verm. und verb. Aufl. Stuttgart, Cotta, 1873, X, 646 S. (System der Volkswirtschaft... v. W. Roscher. Bd. 2).— *281.*

*Sinzheimer, L. Über die Grenzen der Weiterbildung des fabrikmäßigen Großbetriebes in Deutschland.* Stuttgart, Verlag der J. G. Cotta'schen Buchhandlung Nachfolger, 1893. VIII, 197 S. (Münchener volkswirtschaftliche Studien. Hrsg. von L. Brentano u. W. Lotz, Drittes Stück).— *557.*

*Smith, A. An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations.* 4-th edition. Vol. I—II. Basil. Printed and fold by J. Decker. Paris, fold by Levrault freres. Quai Malaquai, 1801. 2. Bd.— *35—36, 37—38, 334.*

*Stammler, R. Wirtschaft und Recht. Nach der materialistischen Geschichtsauffassung.* Eine sozialphilosophische Untersuchung. Leipzig, Veit, 1896. VIII, 668.— *692, 693.*

*The Statesman's Year-book.* Statistical and historical annual of the states of the world for the year 1897. Ed. by J. Scott Keltie with the assistance of J. P. A. Renwick, M. A., LL. B. Thirty—fourth annual publication. Revised after official returns. London, Macmillan and C°, 1897. XXXVI, 1167 p.— *547, 620.*

*Übersichten der Weltwirtschaft.* Begründet von F. X. von Neumann-Spallart. Bd. VI. Jg. 1885—1889 mit Erg. teilweise bis 1895 von Franz von Juraschek. Berlin, Verlag für Sprach- und Handelswissenschaft ( P. Langenscheidt), [1896]. CXX, 766 S.— *604.*

*Webb, S. u. Webb, B. Die Geschichte des britischen Trade Unionismus.* Deutsch von R. Bernstein. Mit Noten und einem Nachwort versehen von E. Bernstein. Stuttgart, Dietz, 1895. XII, 460 S.— *581, 640.*

# ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

## А

дылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» деген екі томдық жинаққа қатысты; финанс министрлігінің тапсыруы бойынша халықшыл және либерал экономистер құрастырған бұл жинақтың редакциясын проф. А. И. Чупров пен А. С. Посников басқарды (С.-Петербург, 1897). 1906 жылы кадеттерге жақын, эсерлердің оңшыл қанатынан бөлініп шыққан ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарында саяси қызметтен шеттеп кетті.— *202, 368, 383—384, 453, 454, 472—473.*

*Антуфьев, Н. Д. (Демидов, Никита)* (1656—1725) — Петр заманындағы белгілі қару-жарақ жасаушы және өнеркәсіп иесі, Уралдағы, Россияның Тула, Калуга, Москва және басқа да губерниялардағы көптеген металлургиялық заводтардың негізін салушы және иесі. Аса үздік шебер-ұста болған ол қару-жарақты тамаша жасауымен I Петрдің назарын өзіне аударып, ісін кеңейту үшін меншігіне жер алды. 1696 жылы Антуфьев Тула түбінде шойын қорыту заводын салды, ал 1702 жылы оған жерімен, орман-тоғайымен, Благодать дейтін тауымен қоса Уралдағы қазыналық Верхотурск заводтары берілді; ол бұл заводтар үшін крепостной шаруаларды сатып алуға праволы болды. Өмірінің соңғы жылдарында заводтар желісін едәуір ұлғайтты. 1720 жылы Демидов деген фамилиямен әулетті дворян атағын алды. Оның ұрпақтары — Уралда белгілі кен-өнеркәсіп иелері болған Демидовтар.— *461.*

*Асмолов, В. И.* (1828—1881) — темекі өндіретін ірі фабриканың иесі. 1857 жылы Дондағы Ростовта шағын темекі фабрикасын құрды, мұнда не бары 7 жұмысшы істеді. Асмолов қайтыс болғаннан кейін кәсіпорын оның туысының қолына көшті. 90-жылдары фабрикада 2000 жұмысшы істеді. 1912 жылы бірқатар темекі фабрикаларын біріктірудің нәтижесінде «В. И. Асмолов және оның сыбайластары» деген акционерлік қоғам құрылды.— *594.*

## Б

*Баталин, Ф. А.* (1823—1895) — орыс ғалымы, ауыл шаруашылығы саласындағы қайраткер. 1860 жылдан «Журнал Министерства Государственных Имуществ» деген журналдың (кейінірек «Сельское Хозяйство и Лесоводство» деп аталды) редакторы болды. 1875 жылдан 1878 жылға дейін «Село қожайындарына арналған анықтама кітапшаны», 1879 жылдан — «Орыс село қожайынының календарын және анықтама кітапшасын» (қарапайым жұрт «Баталин календары» деп атаған) жыл сайын шығарып тұрды. Бірқатар басылған және аударма еңбектердің, атап айтқанда: «Пятигорск өлкесі және Кавказдың минералды сулары» (1861), «Жемдік жүгері өсіру және көк жемшөпті сүрлеу» (1881) және басқа еңбектердің авторы.— *67—68.*

*Бибиков, П. А.* (1832—1875) — аудармашы әрі публицист: А. Смиттің, Т.-Р. Мальтустың, Б. Бланкидің және басқалардың өзі аударған шығармаларының 13 томын бастыртып шығарды, «Сыншыл этюдтер» деген кітаптың (1865) авторы.— *35.*

*Благовещенский, И. И.* (1924 ж. қайтыс болған) — Олонец губерниясын зерттеуші, XIX ғасырдың 90-жылдары Петрозаводск қаласындағы статистикалық комитеттің секретары болды, «Олонец губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп» деген еңбектің (1895) авторларының бірі.— *444.*

*Благовещенский, Н. А.* (1859 ж. туған) — Курск земствосының статистигі, «Үй басы жүргізілген земство санағы бойынша шаруашылық деректерінің статистикалық қорытынды жинағы. I том. Шаруа шаруашылығы» деген кітаптың (1893) құрастырушысы және басқа статистикалык еңбектердің авторы Октябрь социалистік революциясынан кейін Курск губерниялық статистика бюросында істеді.— *144, 297.*

*Блажин, Н. Ф.* (1861—1921) — агроном, сүт шаруашылығы жөніндегі маман. Ярославль губерниясындағы шаруаның баласы, 14 жасынан Бландовтар (*қараңыз:* Бландов, В. И.) фирмасында қызмет істеді. 1886 жылы Москва ауыл шаруашылығы академиясын бітіріп, шетелде арнаулы білім алды. Көп жыл бойы Москва ауыл шаруашылығы академиясында сүт шаруашылығының оқытушысы және Политехникалық музейде лектор болды. Сүт шаруашылығы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *286.*

*Бландов, В. И.* (1844—1906) — белгілі сыр жасаушы, Ярославль, Кострома, Тверь, Рязань, Нижегород және Новгород губернияларында сыр жасайтын артельдерді ұйымдастырушылардың бірі, Москвадағы аса ірі сүт және сыр жасау фирмасының иесі. 90-жылдары Бландовтың фирмасы былай аталды: «Ағайынды В. және Н. Бландовтардың сауда үйі, артельдік сыр жасайтын орындар қоймасы».— *302.*

*Бобровтар* — Иваново-Вознесенск ауданының фабриканттары, шыққан тегі — шаруалар. XIX ғасырдың бас кезінде өздерінің шағын кәсіпорнын деревнядан Шуя қаласына көшіріп әкелді; алғашқы кезде олардың жалдама жұмысшылары болмады. XIX ғасырдың аяқ кезінде фабрикада 76 жұмысшы істеді.— *594.*

*Боголюбский, И. С.*— кен инженері, Амур өлкесі, Сахалин, Сибирьдің басқа да облыстары жөніндегі бірқатар зерттеулердің, сондай-ақ осы томда аталған «Орыс империясындағы кен статистикасының тәжірибесі» деген еңбектің (С.-Петербург, 1878) авторы.— *531; 537.*

*Бок, И. И.* (1848—1916) — статистик, 70-жылдары ішкі істер министрлігі Орталық статистика комитетінің редакторы болды,

«Россия империясының статистикалық жылнамасының» VI кітабы болған «Европалық Россиядағы завод-фабрика өнеркәсібінің статистикасына арналған 1868 жылғы материалдарды» (С.-Петербург, 1872) құрастырды және өңдеді.— *499, 500.*

*Бонапарт, Луи* (III Наполеон) (1808—1873) — 1852 жылдан 1870 жылға дейін Францияның императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін француз республикасының президенті болып сайлапды; 1851 жылғы 2 декабрьге қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. В. И. Ленин цитат келтірген К. Маркстің еңбегі осы төңкеріске баға беруге арналған.— *340.*

*Борисов, В. М.*— агроном және статистик, Тула губерниялық статистика комитетінің секретары, «Россияның майдагерлік өнеркәсібін зерттеу жөніндегі комиссияның Еңбектерінде» басылған Тула губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктері жөніндегі бірқатар зерттеулердің авторы.— *334, 448, 461, 462, 464.*

*Булгаков, С. Н.* (1871—1944) — 90-жылдары «жария марксист» болды, кейін «марксизмнің сыншыларынан» оның ашық дұшпанына айналды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін В. И. Ленин «либералдық ренегаттықтың энциклопедиясы» деп атаған «Вехи» жинағына қатысты. Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне ревизия жасады, неокантшылдық, мистика және поппылдық тұрғысынан материалистік философияға қарсы шықты. 1918 жылдан кейін священник болып, шетелге эмиграцияға кетті, Совет еліне қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *30, 39, 40, 42, 56.*

*Бушен, А. Б.* (1831—1876) — статистик, 1857 жылдан Орталық статистика комитетінде кіші редактор болды, кейін финанс министрлігінде қызмет істеді, мұнда оның басшылығымен 1869 жылдан бастап «Финанс министрлігі әржылдығының» жеті кітабы шықты. Орыс география қоғамының өкілі ретінде Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияға кірді.— *500.*

*Бычков, Г. Н.*— Новгород губерниялық земствосының статистигі және агрономы, губерниядағы шаруа шаруашылығы туралы жазылған мынадай бірнеше еңбектің авторы: «Новгород уезінің 3 болысындағы шаруалардың экономикалық жағдайы мен шаруашылығын үй басы зерттеу тәжірибесі» (1882), «Дементьев қауымы және шөп егу» (1880), «Череповец уезінде жеке иелік жерлерде сүт өндіру ісі» (Новгород, 1880).— *301.*

*Бюхер* (Bücher), *Карл* (1847—1930) — немістің буржуазияшыл экономисі, профессор, саяси экономиядағы «тарихи мектеп» дейтіннің жақтаушысы. Халық шаруашылығының өркендеуін зерттегенде өндіріс әдісін емес, материалдық игіліктерді айырбастау

әдісін немесе өнімнің өндірушіден тұтынушыға дейін өтетін «жолының ұзындығын» негізге алды. Бюхердің теориясы өндіріс құрал-жабдықтарын немденудің сипаты және өндірістік қатынастардың таптық мазмұны туралы мәселені елемейді, капитализмді мәңгілік етуге тырысқан әрекеттердің бірі болып табылады.— *358, 602, 620.*

## В

*В. В.* — *қараңыз:* Воронцов, В. П.

*Вагнер* (Wagner), *Адольф-Генрих-Готгильф* (1835—1917) — немістің буржуазияшыл экономисі және реакцияшыл саяси қайраткері. «Катедер-социализмнің» өкілі болған Вагнер буржуазиялық-либералдық реформизмді уағыздады, капиталистердің жұмысшыларды қанауын мемлекеттік заң шығару арқылы жоюға болады деп есептеді. Бисмаркке белсене қызмет көрсетті, христиандық-социалистік партия басшыларының бірі болды. Вагнердің реакцияшыл экономикалық көзқарастарын гитлершілдер өздерінің «социалистік» демагогиясына және фашистік мемлекетті мадақтауға пайдаланды.

Вагнердің негізгі еңбектері: «Халық шаруашылығы туралы жалпы немесе теориялық ілім» (1879), «Саяси экономия негіздері» (1892—1894).— *53.*

*Варзер, В. Е.* (ол әрі *Варзар)* (1851—1940) — орыс экономисі және статистигі. 1875 жылы Чернигов губерниясында земство статистикасына басшылық етті, 1894 жылдан бастап 24 жыл бойы сауда және өнеркәсіп министрлігінде қызмет істеді. Оның инициативасы бойынша 1900—1908 жылдары орыс өнеркәсібіне кең көлемде статистикалық зерттеулер жүргізілді. Ленин атап өткен «Чернигов, Борзен және Новозыбков уездерінің майдагерлік өнеркәсібі» деген еңбекті («Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссия еңбектерінің» V кітабында басылған) Варзер жазған. Оның Россиядағы стачкалардың статистикасы жөніндегі еңбектері, сондай-ақ басқа да бірқатар статистикалық-экономикалық зерттеулері айтарлықтай назар аударарлық. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық шаруашылығының жоғары советінде, Орталық статистика басқармасында істеді, жоғары оқу орындарында сабақ берді.— *371.*

*Варыпаев, Ф. М.* (1818—1900) — Нижегород губерниясының Горбатов уезіндегі Павлово селосының фабриканты, шыққан тегі — шаруа. Әуелі ұсақ майдагер, кейін 1813 жылы құрылған пышақ және хирургия аспаптары фабрикасының иесі болды. 1890 жылы фабрикада және сыртқары жерде 200-ге жуық жұмысшы істеді. Варыпаев көптеген көрмелерге, оның ішінде 1862 жылғы Лондон көрмесіне қатысты.— *455, 594.*

*Васильчиков, А. И.* (1818—1881) — ірі помещик, дворяндардың земство қайраткері, экономист әрі публицист. 1872 жылдан өзінің инициативасы бойынша құрылған Петербург кредит және қарыз-жинақ серіктіктері комитетінің председателі болды. Аграрлық мәселе, жергілікті өзін-өзі басқару, кредит жөнінде бірқатар еңбектер жариялады. Өзінің «Россиядағы және басқа европалық мемлекеттердегі жер иелену және егіншілік», I том. (СПБ., 1876), «Россиядағы село тұрмысы және ауыл шаруашылығы» (1881) деген және басқа шығармаларында Россияда қауымды сақтауды жақтады, қауымды тап күресін жоюдың құралы деп білді. В. И. Ленин капитализмді реакциялық тұрғыдан сынаған Васильчиковты «халықшылданып кеткен помещик» деп сипаттады.— *179, 212.*

*Вебб* (Webb), *Сидней* (1859—1947) мен *Беатриса* (1858—1943) — ағылшынның белгілі қоғам қайраткерлері. Екеуі бірігіп ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Олардың бастысы: «Industrial Democracy», London, 1897 («Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы», 1897). В. И. Ленин осы еңбектің бірінші томын орыс тіліне аударып, екінші томын редакциялады. Кітап Россияда 1900—1901 жылдары шықты. Өздерінің еңбектерінде Вебтер жұмысшы мәселесін буржуазиялық құрылыс жағдайында реформалар жолымен шешу мүмкіндігі туралы идеяны дамытты.

Сидней Вебб (кейін лорд Пасфилд) — реформистік «Фабийшілдер қоғамының» негізін салушылардың бірі, 1922 жылдан парламент мүшесі, 1924 жылы сауда министрі, 1929 жылы доминиондар мен отарлар министрі.

1917 жылдан кейін Вебтер Совет Одағына достық көңілмен қарады.— *581, 640.*

*Вересаев, В. (Смидович, В. В.)* (1867—1945) — орыс жазушысы, білімі және өзінің бастапқы қызметі бойынша дәрігер; 90-жылдары «жария марксистерге» қосылды. 1895 жылы «Жолсыз» деген повесі жарияланғаннан кейін жазушы ретінде белгілі болды. Вересаев — орыстың сыншыл реализмін жалғастырушылардың бірі. В. И. Ленин реформадан кейінгі Россиядағы еңбекшілердің ауыр жағдайын сипаттау үшін Вересаевтің жасаған образдарын пайдаланды.— *294.*

*Вернер, К. А.* (1850—1902) —земство статистигі, өзінің көзқарасы жөнінен халықшыл. 1880—1889 жылдары Москва және Таврия губерниялық земство басқармаларының статистика бөлімінде істеді. 1895 жылдан — Москва ауыл шаруашылығы институтының профессоры. Шаруа шаруашылығы және майдагерлік кәсіпшіліктер туралы бірқатар еңбектердің авторы; булардың ішіндегі бастылары: «Мелитополь уезіндегі шаруалар шаруашылығы» (1887), «Таврия губерниясының естелік кітапша-

сы» (1889), «Москва губерниясының Богородск уезіндегі майдагерлік кәсіпшіліктер» (1890).— *76.*

*Весин, Л. П.* (1850—1895)— публицист, финанс министрлігінде қызмет істеді. Орыс фабрика-завод өнеркәсібі мен шет кәсіпшіліктер туралы бірқатар мақалалардың авторы. Оның «Шет кәсіпшіліктердің орыс шаруаларының өміріндегі маңызы» деген еңбегінен алынған материалдарды В. И. Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында пайдаланды.— *625, 626, 627.*

*Вешняков, В. И.* (1830—1906) — буржуазияшыл экономист және статистик, Мемлекеттік советтің мүшесі. Жалпы мемлекеттік көлемде бірнеше ондаған жылдар бойы қолданылып келген ағымдағы ауыл шаруашылығы статистикасының негізін қалады. 1870 жылы «Вестник Европы» журналында (V том, X кітап, октябрь) басылған «Орыс өнеркәсібі және оның мұқтаждары»; «Notice sur l'état actuel de l'industrie domestique en Russie» («Россиядағы үй өнеркәсібінің очеркі») (1873) деген және басқа еңбектердің авторы. Мемлекеттік мүлік министрлігінің өкілі ретінде Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияға енді.— *544.*

*Визер* (Wieser), *Фридрих* (1851—1926) — профессор, буржуазиялық саяси экономиядағы «австриялық мектептің» ең көрнекті экономистерінің бірі, бұл мектеп еңбек құнының маркстік теориясын бекерге шығаруға және оны товарлардың «шегіне жеткен пайдалылығының» субъективтік теориясымен ауыстыруға тырысты. Визер пайданың көзі қосымша құн емес, капиталдың өнімділігі деп есептеді. Визердің еңбектері буржуазиялық-апологеттік сипатта болды.— *693.*

*Виниус, А. Д.* (1652 ж. қайтыс болған) — көпес әрі завод иесі. 1627 жылы Голландиядан Россияға келіп, Архангельскіде астық саудасымен шұғылданды. 1637 жылы Тула түбінде алғашқы шойын құятын және темір жасайтын завод салды. 1646 жылы орыс азаматтығын қабылдап, Москва дворяндығына тіркелді.— *461.*

*Вихляев, П. А.* (1869—1928) — статистик және агроном, либерал халықшыл. Тверь земство басқармасының экономикалық бөліміне меңгеруші болды, ал 1907 жылдан 1917 жылға дейін Москва земство басқармасының статистика бөлімін басқарды. Патшалық Россиядағы шаруалар шаруашылығы туралы бірқатар статистикалық еңбектердің авторы; бұл еңбектерде шаруалардың таптық жіктелуі бекерге шығарылып, селолық қауым дәріптелді. Буржуазиялық Уақытша үкіметте егіншілік министрінің көмекшісі болды. Совет өкіметі тұсында Вихляев Орталық статистика басқармасында істеді және Москвадағы жоғары оқу орындарының профессоры болды.— ***127, 150.***

## Г

*Голиков, А. Е.*— XIX ғасырдың 90-жылдарында Рязань губерниясы, Сапожков уезі, Капино селосындағы егіншілік құралдары мен машиналарын жасау заводы иелерінің бірі (екінші иесі — Кочетов). Завод 1894 жылы құрылып, аз уақыт өмір сүрді. Сыртта жұмыс істегендерді есептемегенде заводта 15-ке жуық жұмысшы болды.— *238.*

*Гольц* (Goltz), *Теодор-Александр* (1836—1905) — неміс экономисі және агрономы, Кёнигсберг, кейін Иена ауыл шаруашылығы институттарының директоры. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; бұл еңбектерінде ірі жер иелерінің мүдделері қорғалды.— *185.*

*Горбунова (Каблукова), М. К.* (1840—1931)—статистик-экономист, халықшылдық бағыттағы жазушы. XIX ғасырдың 80-жылдарында Москва губерниясындағы әйелдер кәсіпшіліктерін зерттеді және «Москва губерниясы бойынша статистикалық деректер жинағы. Шаруашылық статистикасы бөлімі» деген жинақтың (1882) VII томының 2-кітабын құрастырды, әйелдер кәсіпшіліктері жөніндегі басқа да бірқатар еңбектердің, оның ішінде Москва губерниясындағы шілтер кәсіпшілігі очеркінің авторы (әлгі жинақтың VI томының 2-кітабында басылды). Шетелдерде әйелдерге кәсіптік білім беру ісін зерттеді, осыған байланысты Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды.— *483.*

*Григорьев, В. Н.* (1852—1925) — халықшылдық бағыттағы статистик, экономист және қоғам қайраткері. Революциялық жұмысқа қатысқаны үшін бірнеше рет жер аударылды. 1886 жылдан 1917 жылға дейін Москва қалалық басқармасының статистика бөлімшесінде істеді. Оның Нижегород губерниясында айдауда жүрген кезінде жазған «Павлов ауданындағы майдагерлік құлып-пышақ өндірісі (Нижегород губерниясының Горбатов уезі мен Владимир губерниясының Муром уезінде)» деген еңбегін (1881) В. И. Ленин өз кітабында кеңінен пайдаланды. 1885 жылы Григорьев «Рязань губерниясы шаруаларының қоныс аударуы» деген ең үлкен еңбегін жариялады. 1897 жылы «Егіннің шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» деген либералдық-халықшылдық жинақты жазуға қатысты. Григорьевтің «1860-жылдардан 1917 жылға дейінгі земстволық-статистикалық еңбектердегі материалдардың атаулар көрсеткіші» (2 кітап, 1926—1927) деген еңбегінің статистика тарихын зерттеу үшін зор маңызы бар. В. И. Ленин Григорьевтің еңбектерінен алынған материалдарды пайдалана отырып, ұсақ өндірісті дәріптегені үшін оны сынға алды.— *276, 363, 367, 368, 393, 396, 451, 454, 469, 473, 480, 594, 612.*

*Гриевз, Джон-Эдуард* — 1884 жылы Таврия губерниясындағы Бердянск қаласында ауыл шаруашылығы машиналарын жасау

## Д

*Дементьев Е. М.* (1850—1918) — санитарлық дәрігер әрі статистик, прогресшіл қоғам қайраткері, еңбек статистикасы мен санитарлық статистиканы талдап жасаған тұңғыш орыс ғалымдарының бірі. Москва губерниялық земствосы басқармасының тапсыруы бойынша Москва губерниясының бірқатар фабрикалары мен заводтарының 1879—1885 жылдардағы санитарлық жағдайын тексерді, осы тексерудің нәтижесінде анықталған жұмысшылардың ауыр еңбек жағдайларын егжей-тегжейлі баяндап жазды. Дементьевтің «Фабрика, ол халыққа не береді және одан өзі не алады» (1893) деген еңбегінің зор қоғамдық-саяси маңызы болды; бұл еңбегінде ол халықшылдардың Россияда фабрика жұмысшылар табы жоқ дейтін пайымдауын бекерге шығарып, капиталистердің жұмысшыларды аяусыз қанап отырғанын көрсетті.— *319, 588, 590.*

*Демидов, Н.— қараңыз:* Антуфьев, Н. Д.

*Демидовтар* — өнеркәсіп иелерінің, Никита Демидович Антуфьев жұрағаттарының семьясы *(қараңыз).* XVIII және XIX ғасырларда Демидовтар Урал мен Алтайдағы кен-завод өнеркәсібінің көп бөлегін өз қолдарына шоғырландырып, көптеген жаңа заводтар ашты.— *461.*

*Джордж* (George), *Генри* (1839—1897) — Американың ұсақ буржуазияшыл экономисі және публицисі; ол халықтың кедей болуының негізгі себебі жер рентасы, халықтың жерден айрылуы деп пайымдады. Ол еңбек пен капитал арасындағы антагонизмді теріске шығарып, капиталға алынатын пайданы жаратылыстың табиғи заңы деп есептеді. Буржуазиялық мемлекеттің барлық жерді национализациялауын (жеке жер иеленуді жоймай) жақтады. В. И. Ленин Джорджды «жерді буржуазиялық жолмен национализациялаушы» деп атады. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылы Зоргеге жазған хатынан, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкада басылуына арнап жазған алғы сөзінен (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 286—287-беттер) қараңыз.— *199.*

*Диль* (Diehl), *Карл* (1864—1943) — немістің буржуазияшыл экономисі, профессор, саяси экономиядағы «әлеуметтік мектеп» дейтіннің жақтаушысы. Өзінің еңбектерінде право экономикалық категориялардың формасын анықтайды, ал экономикалық категориялардың мазмұны мәңгілік және өзгеріссіз болып қала береді деп пайымдады. Негізгі еңбектері мыналар: «Социализм, коммунизм және анархизм», «Д. Рикардоның «Негізгі бастауларына» түсінік» және басқалар.— *50, 53.*

*Дитц* (Dietz), *Иоганн-Генрих-Вильгельм* (1843—1922) — социал-демократиялық әдебиетті неміс тілінде бастырып шығарушы, 1881 жылдан 1918 жылға дейін Рейхстагтың депутаты.

С.-д. партияның Штутгарттағы баспасына басшылық жасады; бұл баспа Маркс пен Энгельстің шығармаларын басып шығарды. Дитцтің баспаханасында орыстың большевиктік «Искра» газетінің алғашқы номерлері, «Заря» журналы, В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегі астыртын басылды.— *7, 640.*

*Долгушин, И. В.* (1816 ж. туған) — Вятка уезі, Пластинин болысы, Орехово деревнясындағы 1830 жылы құрылған былғары заводының иесі. XIX ғасырдың 90-жылдарының аяғына қарай заводта 80 жұмысшы істеді.— *441.*

*Дрекслер* (Drechsler), *Густав* (1833—1890) — неміс профессоры және Гёттингендегі ауыл шаруашылық институтының директоры. В. Геннебергпен бірге «Журнал Сельского Хозяйства» деген журналды шығарды, ауыл шаруашылығы жөніндегі: «Statik des Landbaues» (1869), «Die Entschädigungsberechnung expropriierter Grundstücke» (1873) деген және басқа еңбектердің авторы.— *162.*

## Е

*Егунов, А. Н.* (1824—1897) — статистик және экономист; ішкі істер министрлігінің шаруашылық департаменті мен егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігінде қызмет істеді. Ерікті экономикалық қоғамның еңбектеріне қатысты (1888). 1892 жылы мемлекеттік мүлік министрлігінің тапсыруы бойынша Пермь губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеді.— *542.*

*Ермаков, В. И.*— Рязань губерниясы, Сапожков уезі, Канино селосындағы ауыл шаруашылығы машиналарын құрастыру заводының иесі; шыққан тегі — шаруа. 90-жылдардың бас кезінде өзінің шойын құю өндірісін ұйымдастырды, сыртта жұмыс істегендерді есептемегенде 10-ға жуық жұмысшысы болды.— *238.*

*Ерохин, А. В.*— көпес және фабрикант, Калуга губерниясы, Медынск уезі, Полотняный Завод селосындағы кендір тоқу және жіп иіру кәсіпорнының иесі. Бұл кәсіпорны 1851 жылы құрылды; кенеп пен кендір жіп өндірді; 1890 жылы кәсіпорнында 94 адам, 1909 жылы — 48 адам, сондай-ақ жүздеген шаруалар сыртта жұмыс істеді.— *428.*

## Ж

*Жбанков, Д. Н.* (1853 ж. туған) — дәрігер, жазушы, қоғамдық медицинаның көрнекті қайраткері, Пирогов қоғамы басшыларының бірі. Жбанковтың әдеби қызметі земстволық-санитарлық істің, эпидемиологияның әр түрлі жақтарын талдап шешуге,

статистикаға, шет кәсіпшіліктер және олардың халыққа мәдени және санитарлық ықпалы туралы мәселеге арналды. «Земстволық-медициналық жинақ» (I—VII кітаптар), «Әйелдер өлкесі», «1892—1895 жылдардағы Смоленск губерниясындағы шет кәсіпшіліктер» және басқа еңбектерінде Жбанков халықшылдық ұсақ буржуазиялық мұраттарды қорғады. Октябрь революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1921 жылдан бастап қоғамдық қызметтен шеттеп кетті.— *288, 313, 510, 575, 582, 590, 598, 601, 622, 624, 629, 633.*

## З

*Завьяловтар* — Нижегород губерниясы, Горбатов уезі, Ворсма селосындағы 1827 жылы құрылған металл бұйымдары заводының иелері. 1897 жылы заводта және сыртта 800-ге дейін жұмысшы істеді.— *452, 454, 455, 594, 602.*

*Звегинцев, И. А.* (1840—1913) — 90-жылдары ішкі істер министрлігі советінің мүшесі. Министрліктің земство бөлімі жанынан 1894 жылғы 27 майда құрылған ерекше комиссияның председателі болды; бұл комиссияға шет кәсіпшіліктерді тәртіпке келтіру туралы мәселе қарау, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының орын ауыстыруын реттеу үшін шаралар белгілеу жүктелген болатын.— *258.*

*Зениндер* — Москва губерниясындағы мебель фабриканттары; олардың 1845 жыл шамасында құрылған ағаш кесетін заводы, 1874 жылдан Москвада мебель және фанер қоймасы болды. Зениндерге жалдама жұмысшылардан басқа ұсақ майдагерлер де жұмыс істеді.— *478.*

*Зеринг* (Sering), *Макс* (1857—1939) — неміс экономисі, профессор; 1883 жылы Солтүстік Америкадағы ауыл шаруашылығын зерттеді. «Handwörterbuch der Staatswissenschaften» деген энциклопедиялық сөздікте басылған және орыс тіліне аударылған «Солтүстік Америка Құрама Штаттарындағы астық саудасы» деген мақаланың авторы (қараңыз: «Жер иелену және ауыл шаруашылығы» деген жинақ. М., Водовозовтар баспасы, 1896). Аграрлық мәселе және дағдарыстар теориясы жөніндегі еңбектерінде аты шулы «топырақ құнарлылығының кему заңын» насихаттап, ірі жер иелері мен кулактардың мүдделерін қорғады.— *289.*

*Зибер, Н. И.* (1844—1888) — орыс экономисі, публицист, Киев университетінің саяси экономия және статистика кафедрасының профессоры; 80-жылдардағы бірқатар радикалдық және либералдық бағыттағы журналдарға қатысты. 1871 жылы ол «Ең соңғы қосымшалар мен түсініктерге байланысты Д. Рикардоның бағалы зат және капитал теориясы» деген диссертация жазды; бұл

диссертацияға К. Маркс «Капиталдың» бірінші томының 2-басылуына жазған соңғы сөзінде ұнамды пікір білдірді. Зибердің бұл еңбегі «Давид Рикардо мен Карл Маркс өздерінің қоғамдық-экономикалық зерттеулерінде» деген атпен 1885 жылы қайта өңделіп және толықтырылып басылды. Сондай-ақ оның «Маркстің экономикалық теориясы» (1876—1878 жылдары «Знание» және «Слово» журналдарында жарияланды), «Алғашқы қауымдық экономикалық мәдениеттің очерктері» (1883) және басқа еңбектері де жұртқа белгілі болды. 1881 жылы Лондонда болған кезінде Зибер К. Маркспен және Ф. Энгельспен жүзбе-жүз танысты; ол К. Маркстің экономикалық еңбектерін Россияда таратып, насихаттаған алғашқы адамдардың бірі болды. Алайда Зибердің өзі марксизмді сыңаржақ түсінді де, К. Маркстің революциялық ілімін жақтамады.— *39.*

*Зинцхеймер* (Sinzheimer), *Людвиг* — Мюнхен университетінің саяси экономия және финанс профессоры, «Ueber die Grenzen der Weiterbildung des fabrikmässigen Grossbetriebes in Deutschland» (1893) («Германияда ірі фабрика өндірісі таралуының шекаралары туралы») деген еңбектің авторы. Өнеркәсіп кәсіпорындарын жіктеген кезде В. И. Ленин осы мақалаға сілтеме жасады.— *557.*

*Зомбарт* (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, герман империализмінің басты идеологтарының бірі. Бреславль, соцынан Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» (В. И. Ленин, Шығармалар, 18-том, 57-бет) типтік идеологтарының бірі болды. Кейінірек капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнелеп, марксизмнің ашық жауына айналды. Өмірінің соңғы жылдарында ол фашизмнің позициясына көшіп, гитлерлік тәртіпті мадақтады. Зомбарттың басты шығармалары мыналар: «Социализм және XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс» (1896), «Қазіргі заманғы капитализм» (1902).— *669, 692, 693.*

*Зубковтар* — Иваново-Вознесенск ауданының фабриканттары, XIX ғасырдың 20-жылдарының аяқ кезінде құрылып, сиса мен шыт өндірген тоқыма фабрикасының иелері; 50-жылдары бу машиналарына көшті; 90-жылдары фабрикада 1000-ға жуық жұмысшы болды.— *594.*

## И

*Ильин, Владимир* — В. И. Лениннің бүркеншік аты; Лениннің бірсыпыра еңбектері осы бүркеншік атпен журналдарда, сондай-ақ жеке басылымдар болып жария түрде жарық көрді.— *322, 341, 431, 670—672, 674—675, 678, 679, 681—682, 686, 687, 689, 690, 693.*

*Иродовтар* — XIX ғасырдың 80-жылдарындағы фабриканттар, Ярославль уезіндегі Великое селосының төңірегіндегі сүлгі жә-

не жоғары сортты полотно өндіруімен белгілі болған полотно фабрикасының иелері; олар жұмысты майдагерлерге үйлеріне істеуге бөліп берген.— *484.*

*Исаев, А. А.* (1851—1924) — буржуазияшыл экономист әрі статистик, бірқатар жоғары оқу орындарының профессоры. Москва губерниялық земствосы басқармасында жұмыс істей жүріп, Москва губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеумен шұғылданды және бұл мәселе жөнінде бірқатар еңбектер жазды. 1917 жылға дейін кеңінен тараған саяси экономия курсының және саяси экономия мен социология мәселелері жөніндегі көптеген кітаптар мен кітапшалардың авторы. К. Маркстің экономикалық ілімін буржуазиялық реформизм рухында түсіндірді, ірі шаруашылықтың артықшылықтарын ұсақ шаруашылыққа береді-міс және социализмге өтуді жеңілдетеді-міс деп шаруашылықтың қауымдық формаларын қорғады. Оның еңбектері: «Москва губерниясының кәсіпшіліктері» (1876—1877), «Саяси экономияның бастаулары» (1894), «Орыс қоғамдық шаруашылығының қазіргісі мен болашағы» (1896) және басқалар.— *368, 371, 380, 386, 450, 458, 478.*

## К

*Каблуков, Н. А.* (1849—1919) — экономист және статистик, халықшыл, Москва университетінің профессоры. 1885 жылдан 1907 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының статистика бөлімшесін меңгерді, оның басшылығымен «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтердің жинақтары» (1877—1879) құрастырылды. Сондай-ақ оның «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» (1884), «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» (1897) және басқа көптеген еңбектері бар. Өзінің еңбектерінде ұсақ шаруалар шаруашылығының «тұрақтылығы» идеясын қорғады, жер қауымын шаруалардың жіктелуіне бейнебір жол бермейтін форма деп дәріптеді. Таптық бітімді уағыздай отырып, тап күресінің ролі мен маңызы туралы мәселе жөнінде де марксизмге қарсы шықты. Кадеттердің «Русские Ведомости» газеті мен эсерлердің «Власть Народа» газетіне жазып тұрды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде Каблуковтың көзқарастарын өткір сынға алды. 1917 жылы Каблуков буржуазиялық Уақытша үкімет жанындағы Бас жер комитетінің жұмысына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында (ОСБ) істеді, оқытушы болды және әдеби жұмыспен шұғылданды.— *70, 93, 222—226, 243, 273, 274, 344, 503, 543, 546, 548, 587.*

*Каниц* (Kanitz), *Ганс-Вильгельм* (1841—1913) — граф, Германияның саяси қайраткері, юнкерлердің мүдделерін білдіруші,

немістің консервативтік партиясы басшыларының бірі, 1869 жылдан рейхстагтың мүшесі. 1894—1895 жылдары ұсыныс («Antrag Kanitz» ретінде белгілі) енгізді, бұл ұсыныс бойынша елге қажетті астықты шетелдерден сатып алып, сосын оны орта бағамен сатуды үкімет өз қолына алуға тиіс болды.— *356.*

*Кант* (Kant), *Иммануил* (1724—1804) — неміс философы, Кёнигсберг университетінің профессоры. Басты еңбегі — «Таза парасат сыны» 1781 жылы жарық көрді. «Канттың философиясының негізгі белгісі — материализмді идеализммен табыстыру, бұл екеуін бір-бірімен келістіру, философиядағы қарама-қарсы әр текті бағыттарды бір системаға біріктіріп ұштастыру» (В. И. Ленин. «Материализм және эмпириокритицизм»). Кантқа қайтып оралуға немесе Маркстi Кантпен табыстыруға тырысушылық ревизионистерге әрқашан тән қасиет болды.— *692.*

*Карев, П. П.* (1909 ж. қайтыс болған) — Рязань губерниясы, Сапожков уезі, Канино селосының шаруасы. Жас кезінде селолас завод иелеріне жалданып, балташы болып істеді, кейін Ермаков кәсіпорнының серіктесі болды *(қараңыз).* 1894 жылы өзінің шойын құю және машина жасау заводын құрды, 90-жылдардың аяқ кезінде бұл заводта 15-ке жуық жұмысшы, ал 1909 жылы сыртта істейтін толып жатқан жұмысшыларды есептемегенде 23 адам болды.— *238.*

*Карпов, А. В.*— майдагерлік кәсіпшіліктерді зерттеуші, «Россиядағы майдагерлік оперкәсіпті зерттеу жөніндегі комиссия еңбектерінің» III, VIII, IX және басқа кітаптарында басылған бірқатар еңбектердің авторы.— *152, 428, 436, 438.*

*Карышев, Н. А.* (1855—1905) — экономист және статистик, земство қайраткері. «Русские Ведомости» газетіне, «Земство», «Русское Богатство» журналдарына және басқаларға жазып тұрды. 1891 жылдан Юрьев (Тарту) университетінің, кейін Москва ауыл шаруашылығы институтының профессоры; Россиядағы шаруалар шаруашылығы экономикасының мәселелері жөніндегі көптеген экономикалық және статистикалық еңбектердің авторы; бұл еңбектерінде либерал халықшылдардың көзқарастарын қорғады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектері мен сөйлеген сөздерінде Карышевтің реакцияшыл көзқарастарын өткір сынға алды.— *75, 76, 82, 92—94, 127, 138, 164, 179, 208, 211—212, 223, 503, 505, 509—512, 524, 526, 543, 634.*

*Касперов, В. И.* (1862 ж. туған) — экономист және статистик, астық саудасы мәселелері жөніндегі маман, 90-жылдары Харьков губерниялық статистика комитетінің секретары болды, кейін финанс министрлігінің сауда және мануфактура департаментінің астық саудасы бөлімшесін меңгерді; халықаралық астық рыногы туралы жазылған бірқатар еңбектердің авторы.— *591.*

*Каутский* (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, бастапқы кезде марксист, кейіннен марксизмнің ренегаты, центризмнің идеологы; жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — каутскийшілдіктің негізін салушы, герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») деген теориялық журналының редакторы.

Каутский 1874 жылдан социалистік қозғалысқа қатыса бастады. Ол кезде оның саяси көзқарастары лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутский оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынға алған болатын. 80—90-жылдары Каутский маркстік теорияның жекелеген мәселелері жөнінде бірқатар теориялық және тарихи еңбектер жазды; олар: «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1887), «Аграрлық мәселе» (1899) және басқалар; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктеріне қарамастан, марксизмді насихаттау ісінде тәуір роль атқарды. Кейінірек, кеңінен өрістеген революциялық қозғалыс кезеңінде Каутский оппортунизмге біржола көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында ол центрист болды, соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы жел сөздермен бүркемелей отырып, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне ауысты. Каутский әсіре империализм теориясын ұсынды; бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) және баска шығармаларында әшкерелеледі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский советтік социалистік құрылысты, коммунизмді дұшпандықпен сынға алды. В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады.—*7, 8, 678, 679.*

*Кейслер, И. А.* (1843—1897) — экономист, финанс министрлігінде қызмет істеді, орыс шаруалар шаруашылығы және жер қауымы мәселелері жөніндегі еңбектердің (көпшілігі неміс тілінде) авторы. Орыс жер қауымы туралы жазған төрт томдық шығармасы: «Zur Geschichte und Kritik des bäuerlichen Gemeindebesitzes in Russland» үшін магистр және саяси экономия докторы дәрежелерін алды.— *160.*

*Кеппен, А. П.* (1840 ж. туған) — кен инженері, кен советінің мүшесі, Россиядағы кен-завод өнеркәсібі жөніндегі «Кен және тұз өнеркәсібі» (1883), «Россиядағы кен-завод өнеркәсібі» (1893) деген және басқа еңбектердің авторы.— *531, 534.*

*Кирхман* (Kirchmann), *Юлиус-Герман* (1802—1884) — неміс фиолософы және публицисі, «мемлекеттік социализм» теоретик-

терінің бірі — Родбертустің пікірлесі. 1871 жылдан 1876 жылға дейін буржуазиялық «прогресшіл партиядан» рейхстагтың депутаты болды; право және философия саласындағы бірқатар еңбектердің авторы.— *39, 53.*

*Киттары, М. Я.* (1825—1880) — орыстың химик-технологы, Қазан және Москва университеттерінде технология профессоры болды, Москвадағы коммерциялық ғылымдардың практикалық академиясын басқарды, «Журнал Московского Общества Сельского Хозяйства» мен «Промышленный Листокты» редакциялады. Россияда химиялық-технологиялық білім беруді дамытуға үлкен ықпал жасады. «Орыс мануфактура өнеркәсібінің қазіргі жағдайы мен мұқтаждықтарының очеркі» (1857), «Россиядағы былғары өндірісінің картасы» (1875) және басқа еңбектердің авторы.— *522.*

*Ключевский, В. О.* (1841—1911) — тарихшы, орыс буржуазиялық тарихнамасының ең ірі өкілдерінің бірі, Москва университетінің профессоры, кадеттер партиясының мүшесі; баспасөз бетінде жарияланған көптеген еңбектердің авторы, бұл еңбектері идеализмді тұрпайы материализм элементтерімен ұштастыратын эклектикалық сипатта болды. Аса маңызды еңбектері: 5 томдық «Орыс тарихы курсы» (соңғы томды Ключевский қайтыс болғаннан кейін шәкірттері өңдеп, бастырып шығарды), «Ежелгі Русьтегі боярлар думасы» және басқа зерттеулер.— *684.*

*Кобеляцкий, А. И.* (1862—1907) — фабрика заңдары жөніндегі анықтамаларды құрастырушы, қатынас жолдары министрінің көмекшісі. Ол «Фабрика инспекциясының қызметкерлеріне, фабриканттар мен завод иелеріне арналған анықтама кітаптың» (1898) авторы.— *482, 584.*

*Ковалевский, В. И.* (1844 ж. туған) — білімі бойынша агроном, әуелі егіншілік министрлігінде, кейін финанс министрлігінде (министрдің көмекшісі, сауда және мануфактура департаментінің директоры) істеді, С. Ю. Виттенің ең сенімді көмекшілерінің бірі болды. Осы томда аталған «Европалық Россияның солтүстік және орта өңірлеріндегі сүт шаруашылығының статистикалық очеркі» (1879) деген еңбектің қосалқы авторы. Ол сондай-ақ ауыл шаруашылығы жөнінде бірнеше арнаулы шығарма жазды. 1923 жылы Москвадағы ауыл шаруашылығы көрмесінің ғылыми-техникалық советінің председателі болды.— *281, 288.*

*Кокушкиндер* — 1888 жылы «Тезин мақта жіп иіру және мата тоқу фабрикаларының серіктігін» құрған Иваново-Вознесенск ауданының фабриканттары. Фабрикалардың негізін 1847 жылы И. Ф. Попов қалаған еді, бірақ 1856 жылы Кокушкиндердің қолына көшті. 90-жылдары 1500-ден астам жұмысшысы болған кәсіпорындар 1,6 миллион сомның өнімін берді.— *594.*

*Кондратов, Д. Д.*— «Кондратов Дм. Дм. мұрагерлер» фирмасын құрушы; бұл фирманың кәсіпорындары Владимир губерниясының Муром уезінде, Нижегород губерниясының Горбатов уезінде болды және пышақ товарын өндірді. Бірінші фабрика XIX ғасырдың 30-жылдарында құрылды. 1840 жылы кәсіпорынның капиталы не бары 300 сом болса, ал 1880 жылы 200 000 сом болды. 90-жылдары фабрикаларда 500-ден астам жұмысшы істеді.— *594.*

*Конрад* (Conrad), *Иоганнес* (1839—1915) — немістің саяси экономия профессоры, аграрлық саясат пен статистика саласындағы бірқатар еңбектердің авторы. 1870 жылдан бастап қысқартылған түрде «Конрадтың әржылдықтары» деп аталған «Саяси экономия және статистика жөніндегі әржылдықтарды», сондай-ақ «Қоғамдық ғылымдар сөздігін» басып шығарудың арқасында белгілі болды.— *184, 185.*

*Короленко, В. Г.* (1853—1921) — орыстың белгілі прогресшіл жазушысы және публицисі. Ол өз шығармаларында, әсіресе соңғы кезеңдегі туындыларында еріксіз еңбек адамдарының ауыр тұрмысын суреттеп, Россиядағы феодалдық-крепостниктік тәртіптердің қалдықтарын әшкереледі.— *475.*

*Короленко, С. А.* — экономист-статистик, мемлекеттік мүлік министрлігінің жанында істеді, кейін мемлекеттік бақылаушы жанындағы ерекше тапсырмалар жүктелетін чиновник болды, «Европалық Россияны ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп жағынан статистикалық-экономикалық шолуға байланысты иелік шаруашылықтардағы ерікті жалдама еңбек және жұмысшылардың орын ауыстыруы» (1892) деген кітаптың авторы; бұл кітапты егіншілік және село өнеркәсібі департаменті бастырып шығарды. В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде бұл кітапты кеңінен пайдаланды.— *173, 174, 185, 201, 217, 252—255, 267, 291, 322, 328, 331, 366, 576, 625, 627, 640.*

*Корсак, А. К.* (1832—1874) — орыс экономисі және публицисі, В. И. Ленин ғылыми маңызын атап көрсеткен «Жалпы өнеркәсіптің формалары туралы және Батыс Европа мен Россиядағы үй-ішіндік өндірістің (майдагерлік және үй-ішіндік өнеркәсіптің) маңызы туралы» (1861) деген кітаптың авторы.— *393, 409, 420, 468, 482, 485, 491, 619.*

*Костинская, В. В.* — Москва губерниясының Подольск уезіндегі жер иеленуші. 1869 жылы Москвадан 30 шақырым жердегі Десенск болысының Плещеева деревнясынан имение (132 десятина) сатып алып, алты танапты ауыспалы егісі бар табысты шаруашылық құрды. 1861 жылғы реформадан кейін шаруалардың лажсыз жағдайын пайдаланып, Костинская оларды мал айдап өтетін жолды және жайылымды пайдаланғаны үшін имениедегі барлық жұмыстарды атқаруға міндеттеді, «жұмыспен

өтеу үшін» шаруаларға ұн, азық-түлік және тұқым беріп, олардың кіріптарлығын бұрынғыдан да күшейте түсті.— *222.*

*Куваевтар* — Иваново-Вознесенскідегі ең ірі фирмалардың бірі «Куваев сиса тоқу мануфактурасы серіктігінің» иелері; 90-жылдары бұл фирманың айналымы 5 млн. сомнан асты. Ол 1817 жылы Куваев семьясының мүшелері жұмыс істейтін шағын тоқыма шеберханасы түрінде пайда болып, кейін ірі кәсіпорынға дейін өсті. 1845 жылы ат жетегімен жұмыс істейтін алғашқы баспа машинасы, ал 1857 жылы алғашқы бу машинасы орнатылды. XIX ғасырдың аяғына қарай фабрикада 1500-ден астам, ал 1909 жылы 2500 жұмысшы істеді.— *594.*

*Кудрявцев, П. Ф.* (1863—1935) — санитарлық дәрігер, профессор, бірқатар санитарлық-профилактикалық зерттеулердің авторы. 80-жылдары Қазан университетінің студенті бола жүріп, халықшылдық үйірмеге басшылық етті, мұнда А. М. Горькиймен кездесіп жүрді; В. И. Лениннің ағасы — А. И. Ульяновпен таныс болды. 1887 жылы университетті бітірген соң Қазанда клиниканың ординаторы, ал кейін 30 жылдан астам уақыт бойы Ярославль, Симбирск, Херсон, Рязань және басқа губерниялардың земстволарында учаскелік және санитарлық дәрігер болып істеді. Қоғамдық медицина мәселелері жөнінде көптеген ғылыми еңбектері бар. Саяси қызметі үшін талай рет қуғынға ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Рязань губерниялық денсаулық сақтау бөлімінде санитарлық-эпидемиялық бөлімшенің меңгерушісі (1918—1930), аға санитарлық дәрігер (1930), аудандық санитарлық мәдениет үйінің меңгерушісі (1932—1935) болып істеді. Пирогов қоғамы дәрігерлерінің Бүкіл россиялық съездерінің бәріне дерлік қатысты.— *248, 252, 255.*

*Кунов* (Cunow), *Генрих* (1862—1936) — немістің оңшыл социал-демократы, тарихшы, социолог және этнограф, профессор. 1917 жылдан 1923 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының органы — «Die Neve Zeit»-тің редакторы. Бастапқы кезде марксистерге қосылды, кейіннен ревизионист және марксизмді бұрмалаушы болды. Ленин оны «империализм мен аннексиялардың неміс апологеті» (Шығармалар, 22-том, 283-бет) деп атады.— *692.*

*Кутэ* — зығыр үгетін машинаның конструкторы, машина сол кісінің есімімен аталған. «Кутэнің зығыр үккіші» XIX ғасырдың 80-жылдарында Россияда әжептәуір кең тарады.— *307.*

## Л

*Лабзин, Н. Ф.* (1837—1927) — инженер-технолог, профессор, әр түрлі ведомстволарда қызмет атқарды, халық ағарту министрлігінің советі мен финанс министрлігінің сауда жәнеману-

фактура департаменті советінің мүшесі болды, департамент советінің тапсыруы бойынша Горбатов жәпе Муром уездерінің майдагерлік өнеркәсібін зерттеді, соның нәтижесінде осы томда аталған «Нижегород губерниясының Горбатов уезі мен Владимир губерниясының Муром уезінде пышақ, құлып және басқа металл бұйымдар өнеркәсібін зерттеу» деген еңбек жазылды. Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияға енді.— *368, 452, 469, 594.*

*Левитский, И. О.* (1844—1907) — ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, егіншілік және село өнеркәсібі департаментінде қызмет атқарды, 1887 жылдан Батыс Сибирьде, Олонец және басқа губернияларда мемлекеттік мүлік басқарушысы. «Полесьедегі шаруашылық жағдайларының очеркінің» авторы және «Европалық Россияның солтүстік және орта өңірлеріндегі сүт шаруашылығының статистикалық очеркі» (1879) деген еңбектің авторларының бірі (В. И. Ковалевскиймен бірігіп жазды).— *281, 288.*

*Ленин, С. Н.* (1860 ж. туған) — агроном, Ерікті экономикалық қоғамның қайраткері, 90-жылдары «Хозяин» журналына қатысып жүрді, «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли» журналының 1896 жылғы 51-номері мен 1897 жылғы 21-номерінде басылған «Ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдары» және «Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау» деген мақалалардың авторы.—*231.*

*Лосицкий, А. Е.* (1869 ж. туған) — экономист және статистик, шаруалар шаруашылығы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін СССР Орталық статистика басқармасында істеді (тұтыну жәпе бюджет статистикасы бөлімінің меңгерушісі болды).— *553.*

*Львов, Б.*— «Научное Обозрение» журналының 1899 жылғы 2, 3, 5, 7, 9, 10 және 11-номерлеріне қосымша түрінде берілген «Әлеуметтік заң (Социологияға кіріспе тәжірибесі)» деген еңбектің авторы.— *692.*

## М

*Мазовтар* — көпестер, 1861 жылға дейін Кострома губерниясындағы Красное селосының крепостной шаруалары. 80-жылдары Красное селосындағы зергерлік кәсіпорындарынан басқа Сибирьде және басқа жерлерде сауда жасайтын орындары болды.— *459.*

*Майков, Л. Н.* (1839—1900) — академик, орыс әдебиеті мен этнографиясы тарихының көрнекті зерттеушісі. Қызметін финанс министрлігінде бастаған ол 1864 жылы Орталық статисти-

*Маркс,* (Marx), *Карл (1818—1883)* — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, революциялық ғылымның кемеңгері, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз) (Шығармалар, 21-том, 31—84-беттер).— *15, 16, 22, 27—30, 34—39, 42, 45, 47—51, 54, 55, 60, 159, 175, 180, 189, 191, 199, 208, 222, 276, 340, 343, 347—353, 417, 430, 431, 481, 486, 497, 498, 602, 612, 644, 647, 669—673, 674—676, 685, 687, 690—693.*

*Мейер* (Meyer), *Роберт* (1855—1914) — Австрия экономисі және мемлекет қайраткері, Вена университетінің профессоры. Мейердің негізгі еңбегі — «Табыстың мәні» (1887).— *53.*

*Менщиков, В. А.*— князь, Москва губерниясы Клин уезінің (Москвадан 120 шақырым жердегі Александрово деген шағын село) помещигі. Оның «Кругов экономиясы» деген атпен белгілі болған имениесі (23 000 десятина) «Москва губерниясы жөніндегі статистика мәліметтерінің жинағы. Шаруашылық статистикасы бөлімі» деген жинақтың V томының II кітабында сипатталған.— *345.*

*Милль* (Mill), *Джон-Стюарт* (1806—1873) — ағылшынның буржуазияшыл философы әрі экономисі, позитивизмнің көрнекті қайраткерлерінің бірі. 1865—1868 жылдары ағылшын парламентінің төменгі палатасының мүшесі болды. Милльдің басты философиялық еңбектері: «Силлогистикалық және индуктивтік логиканың жүйесі» (1843) және «Сэр Вильям Гамильтонның философиясына шолу» (1865). Негізгі экономикалық еңбегі — «Саяси экономияның негіздері» (1848). Маркстің анықтамасы бойынша, Милль буржуазиялық саяси экономияның «капиталдың саяси экономиясын пролетариаттың енді елемеуге болмайтын талаптарымен келістіруге ұмтылған» («Капитал», I том, 1955, 13-бет) өкілдерінің бірі болды. Милль Д. Рикардомен салыстырғанда бір адым кері шегінді, ол еңбек құны теориясынан шеттеп кетіп, оны өндіріс шығындарының тұрпайы теориясымен ауыстырды. Милль капиталистердің пайдасын ғылыми жағынан жалған тартыну теориясымен түсіндіруге тырысты; ол капиталистер тұтыну жөнінде тартынып отырады-мыс деді. Милль Мальтустің халық орналасуының адамды жек көрушілік теориясының жақтаушысы болды. Н. Г. Чернышевский Милльдің «Саяси экономияның негіздері» (1860—1861) деген кітабының аудармасына жазған ескертулерінде және «Саяси экономиядан очерктер (Милль бойынша)» (1861) деген еңбегінде Милльдің экономикалық көзқарастарын сынға алды.— *36, 39.*

*Михайловский, В. Г.* (1871 ж. туған) — статистик. 1897 жылдан 1911 жылға дейін — Москва қалалық басқармасы статистика бөлімшесінің меңгерушісінің көмекшісі, ал 1911 жылдан бастап — меңгерушісі. Октябрь социалистік революциясынан кейін сол қызметте қалды да, 1922 жылға дейін істеді. 1922 жылдан

1927 жылға дейін — Орталық статистика басқармасының бөлім меңгерушісі және коллегия мүшесі. Михайловский — орыс статистиктерінің барлық съездеріне қатысушы, алуан түрлі 34 санақ пен зерттеуге басшылық жасады. Оның 1897—1898 жылдары басылған алғашқы еңбектері: «Орыс өмірінен алынған фактілер мен цифрлар. I. Жалпыға бірдей бірінші санақ бойынша Россияның халқы», «Орыс темір жол желісінің дамуы» және басқалар.— *276, 605, 610, 617, 648.*

*Михайловский, Н. К.* (Посторонний) (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі; «ерлер» мен «тобырдың» реакциялық идеалистік теориясын жақтады. Михайловскийдің әдеби қызметі 1860 жылы басталды, 70-жылдары ол халықшылдардың басылымдарын құрастырып, редакциялады; 1892 жылдан «Русское Богатство» журналының редакторы болды, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген еңбегінде және басқа шығармаларында, сондай-ақ Г. В. Плехановтың «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген кітабында Михайловскийдің көзқарастары сынға алынды.— *498.*

*Михайловский, Я. Т.* (1834 ж. туған) — финанс министрлігі сауда және мануфактуралар департаментінің бас фабрика инспекторы (1883—1894), халыққа білім беру және фабрика заңдары мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *512.*

*Мордвинов* — Таврия губерниясының ірі помещигі, граф, 80 000 десятина жерге иелік еткен.— *277.*

*Морозов, С. В.* (1770—1862) — фабрикант, миллионер Морозовтардың арғы атасы, олар бірнеше белгілі фирма құрды: «Савва Морозовтың, ұлы мен сыбайластарының Никольск мануфактурасының серіктігі», «Викул Морозов пен ұлдарының Никольск мекеніндегі мануфактураларының серіктігі», «Богородск-Глухов мануфактурасының компаниясы», «Тверьдегі қағаз бұйымдар мануфактурасының серіктігі». Морозов крепостной шаруа, бақташы, арбакеш, майдагер, тоқымашы болды, кейін қарызы үшін кіріптар болып, Кононовтың жібек өндіретін фабрикасында жалданып жұмыс істеді, тамақты қожайыннан ішіп, қағаз ақшамен жылына 5 сомнан алып тұрды. Үлестіріп беретін контор-фабриканың иесі болған ол 1797 жылдан дербес жұмыс істей бастады, 1820 жылы өз помещигі Рюминге қағаз ақшамен 17 мың сом төлеп, төрт ұлымен бірге крепостнойлықтан құтылды, бұл сол кез үшін орасан көп қаржы еді. Жібек тоқудан жүн тоқуға ауысты, ал 1847 жылы мақта-мата өндірісін қолға

**Н**



**О**

## П

*Пашкевич, В. В.*— «Жеміс шаруашылығының қазіргі жағдайының очеркі» деген мақаланың («Россияның өндіргіш күштері» деген жинақта басылған, финанс министрлігінің басылымы, 1896) авторы.— *328.*

*Ұлы I Петр* (1672—1725) — 1682 жылдан 1725 жылға дейінгі патша, бүкіл россиялық бірінші император.— *461.*

*Плетнев, В. А.* (1837—1915) — Тверь губерниясын зерттеуші, 1869 жылдан 1874 жылға дейін губерниялық статистика комитетінің секретары. «Россия империясының статистикалық жылнамасында» (II том, III кітап, С.-Петербург, 1872) жарияланған Тверь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі еңбектердің авторы. Плетневтің етік тігу кәсіпшілігінің ұйымдастырылуы мен экономикалық құрылысына берген сипаттамасын В. И. Ленин жоғары бағалады.— *445.*

*Плеханов, Г. В.* (Волгин, А.) (1856—1918) — Россиядағы марксизмнің тұңғыш насихатшысы, дүниеге материалистік көзқарас жолындағы ымырасыз күрескер, орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты; 1877 жылы «Жер және ерік» деген халықшылдық ұйымға кірді, ал 1879 жылы, әлгі ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» деген ұйымын басқарды. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, Плеханов халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы—«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Теоретик әрі публицист болған Плеханов философия, экономика, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болып табылатын көптеген еңбектер жазды.

Плехановтың аса маңызды теориялық еңбектері: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар. «20 жылдың ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет); оның философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда Плехановтың болашақта меньшевиктік көзқарастарға ұрынуына себепші болған елеулі қателіктері болды. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; сөз жүзінде пролетариаттың гегемондығы идеясын мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал содан кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінде оның большевиктермен ірі алауыздықтары болды; ол кейінірек бірнеше рет меньшевиктерден қол үзіп, меньшевизм мен большевизм арасында ауытқумен болды; 1908—1912 жылдары, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарған кезінде Плеханов жойымпаздарға қарсы шықты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Ұлы Октябрь социалистік революциясын құптамады.— *14, 56, 223, 331, 388, 619.*

*Плотников, М. А.* (1903 ж. қайтыс болған) — земство статистигі және халықшылдық бағыттағы публицист, 1897 жылға дейін Нижегород губерниялық земствосының статистика бюросында қызмет істеді. «Нижегород губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктері» деген кітаптың (1894) авторы; «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» деген екі томдық жинаққа (1897) қатысты.— *121.*

*Погожев, А. В.* (1853—1913) — санитарлық дәрігер және жұмысшы тұрмысы мен жұмысшы заңдарының мәселелері жөніндегі публицист. Фабрика-завод гигиенасы жөніндегі және өнеркәсіп кәсіпорындарының санитарлық жағдайы жөніндегі толып жатқан бағалы еңбектерімен белгілі. 1902 жылдан бастап — Петербургте шығып тұрған «Промышленность и Здоровье» журналының редакторы.— *515.*

*Подольский* — Харьков губерниясы, Ахтыр уезі, Котельва слободасының 90-жылдардың аяқ кезіндегі земстволық дәрігері; «Харьков губерниясының дәрігерлік хроникасында» басылған хабардың (1899, март) авторы.— *316.*

*Покровский, В. И.* (1838—1915) — экономист және статистик; 1871 жылдан 1893 жылға дейін Тверь губерниясындағы земстволық статистикаға басшылық жасады; оның қатысуымен Тверь губерниясын зерттеу жөнінде құрастырылған еңбектер 20 томнан асады. 1893 жылы Петербургте қалалық статистиканы басқарды, ал 1894 жылдан бастап финанс министрлігінің баж салығы департаментінің статистика бөлімшесін меңгерді; Еркін экономикалық қоғамның статистика комиссиясын басқарды, ал

1902 жылы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.— *445, 504.*

*Пономарев, Н. В.*— «Сельское Хозяйство и Лесоводство» журналының 1896 жылғы 2-номерінде басылған «Россияның оңтүстік-шығыс жерлеріне жіберілетін ауыл шаруашылығы жұмысшыларының қоныс ауыстыруы туралы» деген мақаланың авторы. Мақала 1895 жылы автордың Россияның оңтүстік-шығыс аудандарын зерттеуі негізінде жазылған.— *247.*

*Попов, М.*— священник, «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссия еңбектерінің» IX кітабында (1883) басылған «Воронеж губерниясы, Воронцовка слободасындағы кәсіпшіліктер» деген зерттеудің авторы.— *433.*

*Постников, В. Е.* (1844—1908) — экономист-статистик, қазына жерлерін орналастыру жөніндегі егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді, Ерікті экономикалық қоғамның мүшесі. «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» (1891) деген кітаптың авторы. В. И. Ленин өзінің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер», «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том) және «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбектерінде Постниковтың кітабына талдау жасайды. Постниковтың кітабын жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин шаруашылық процестерін түсіндірген кезде автордың қайшылықтары мен методологиялық қателіктері болғанын атап көрсетті.— *62—64, 67, 73, 76, 78, 87, 96, 99, 276, 689.*

*Посторонний — қараңыз:* Михайловский, Н. К.

*Потресов, А. Н.* (1869—1934) — социал-демократ, 90-жылдары марксистерге қосылды, «Искра» мен «Заряны» құруға қатысты. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі. Столыпин реакциясы жылдарында — жойымпаз меньшевиктердің басшысы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғанымпаз және социал-шовинист. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда баспасөз бетінде Совет өкіметіне қарсы байбалам салумен болды.— *368, 453, 455.*

*Приймак, Г. А.* — статистик, қоныстандыру мәселесі жөніндегі деректерді құрастырушы. Оның басшылығымен «Сибирьге қоныстандыруды зерттеуге арналған цифрлы материал» деген басылымдар (1895 және 1896) құрастырылды.— *189.*

*Пругавин, В. С.* (1858—1896) — экономист және земство статистигі, либерал халықшылдықтың өкілі. Майдагерлік артельдерді дамытуды капитализмнің деревняға енуін болдырмаудың құралы деп білді. Майдагерлік кәсіпшіліктер мен селолық қауымға арналған зерттеулерімен белгілі. Басылып шыққан мы-

надай еңбектері бар: «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері». I, IV кітаптар (1882), «Владимир губерниясы, Юрьев уезінің селолық қауымы, майдагерлік кәсіпшіліктері және егіншілік шаруашылығы» (1884) және басқалар; «Юридический Вестник», «Русская Мысль» журналдары мен «Русские Ведомости» газетіне қатысып тұрды.— *305, 308, 320—322, 332, 405.*

*Прудон* (Proudhon), *Пьер-Жозеф* (1809—1865) — француз экономисі, социолог және публицист, анархизмнің негізін салушылардың бірі, ұсақ буржуазияның идеологы; ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуге тырысты және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сынады. «Тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құралдарын сатып алуына, сөйтіп ұсақ қожайындарға айналуына көмектесетін «халық банкін» ұйымдастырудың утопиялық жобаларын ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру туралы утопиясының да дәл осындай реакциялық сипаты болды, бұл банктердің көмегімен еңбекшілер өз еңбегінің өнімдерін «әділетті түрде» өткізуді қамтамасыз етеді-міс және сонымен бірге өндіріс құралдары мен жабдықтарына капиталистік меншікті сақтап қалады-мыс. Мемлекетті анархистік тұрғыдан теріске шығарып, оны таптық қайшылықтардың басты қайнар көзі деп қарады. Буржуазия мен пролетариатты бір тапқа біріктіруді ұсынды, олардың товарларды ақшасыз айырбастау негізіндегі экономикалық ынтымағын насихаттады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар жүйесі немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарып, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудонның кітабын өлтіре сынап, оның ғылыми дәйексіздігін көрсетіп берді. 1848 жылғы революция кезеңінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапарттық төңкерісті мақұлдады, бұл төңкерістен кейін Францияда Екінші империяның тәртібі орнаған еді.— *50, 51.*

*Пушиловтар* — Кострома губерниясы, Красное селосының өнеркәсіпшілері. 60-жылдардың өзінде-ақ «Василий Пушилов пен ұлы» деген сауда үйінің 60 мың сом капиталы болды. 80-жылдары, Красное селосындағы кәсіпорнынан басқа, Москвада, Нижний-Новгородта және басқа жерлерде үздіксіз сауда жүргізді.— *459.*

## Р

*Распопин, В.*— статистик, «Юридический Вестниктің» 1887 жылғы 11 және 12-номерлерінде басылған «Россиядағы жеке иеліктегі шаруашылық (Земстволық статистика деректері бойынша)» деген мақаланың авторы.— *204, 232, 252, 287, 312.*

*Рау* (Rau), *Карл-Генрих* (1792—1870) — неміс экономисі, 1822 жылдан бастап Гейдельберг университетінің профессоры, Адам Смит пен Рикардоның ізбасары.— *53.*

*Ремезов, Н. В.* (1857 ж. туған) — жазушы және публицист, Уфа губерниясында жер өлшеуші болып істеді. 1886 жылы «Жабайы Башкирия тұрмысынан очерктер» деген кітап шығарды, онда патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкереледі.— *276.*

*Ржевский, В. А.* (1866 ж. туған) — инженер, Москва уездік земство басқармасының председателі, Мемлекеттік IV думаның (буржуазиялық прогрессистер партиясының фракциясы) мүшесі; электр-техника сметалары мен чертеждерін қарау жөніндегі конторға иелік етті. 1902 жылғы 2 январьда болған Бүкіл россиялық II электр-техникалық съезде жасалған «Электр энергиясының ауыл шаруашылығында қолданылуы» деген баяндаманың авторы.— *236.*

*Рибопьер, Г. И.* — Орлов губерниясындағы Кромск уезінің (Никольское селосы) жер иеленушісі, граф; оның имениесі капиталистік кәсіпорын ретінде көптеген жалдама жұмысшылармен және жақсартылған техникамен жүргізілді («Орел губерниясы жөніндегі статистикалық деректер жинағының» IV томының 2-кітабында, 127—138-беттерде сипатталған).— *345.*

*Рикардо* (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) және басқа еңбектердің авторы; бұлар буржуазиялық классикалық саяси экономияның шыңы болды. Буржуазияның феодализм қалдықтарымен күресінде оның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол оны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, сондайақ еңбексіз табыстар—пайда мен рента да осы негізден шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни айналыс сферасында пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын аңғарды. Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәніндегі ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына бөгет жасады. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгілік және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік табиғатын ашқан жоқ, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырма-

шылықты көрмеді және ақшаның шығу тегі мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастарын К. Маркс «Капиталда», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сынға алды.— *36, 39.*

*Родбертус-Ягецов* (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн-Карл* (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, Пруссияның ірі жер иеленушісі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді; Энгельстің жазғанындай, «артықшылығы бар тапты кем дегенде ең таяу 500 жылға» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1-бөлім, 1937, 186-бет) сақтап қалуга үміттенді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасының кем тұтынуын экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді. Родбертустың негізгі еңбектері: «Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысымызды тану жөнінде» (1842), «Фон Кирхманға әлеуметтік хаттар» (1850—1851, 1884).— *51, 53.*

*Романенко, А. А.* — дәрігер, 1898 жылы болған Харьков губерниясы дәрігерлерінің VII съезінде баяндама жасаушылардың бірі.— *316.*

*Рославлев, И.*— священник, «Нижегород жинағының» IV томында (Н.-Новгород, 1871) басылған «Горбатов уезінің Избылец селосындағы кендір-арқан кәсіпшілігі» деген мақаланың авторы.— *429.*

*Рошер* (Roscher), *Вильгельм-Иорг-Фридрих* (1817—1894) — немістің буржуазияшыл экономисі, профессор, саяси экономиядағы «тарихи мектептің» негізін салушылардың бірі, бұл «тарихи мектеп» қоғам дамуының экономикалық заңдарының бар екенін теріске шығарды және ғылыми зерттеуді жекелеген тарихи фактілерді сипаттаумен алмастырды. В. И. Ленин атаған «Ауыл шаруашылығының экономикасы» (1873) да енген «Халық шаруашылығының жүйесі» деген бес томдық шығармада орасан бай нақты материал жинақталды. Рошердің теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капитал» және «Қосымша құн теориялары» деген еңбектерінде сынға алынды.— *138, 281.*

*Руднев, С. Ф.* (1909 ж. қайтыс болған) — статистик, Москва губерниялық земство басқармасының статистика бөлімшесі бастығының көмекшісі, «Саратов земствосы жинағының» 1894 жылғы 6 және 11-номерлерінде басылған «Европалық Россиядағы шаруалар кәсіпшіліктері» деген мақаланың авторы.— *252, 255—257, 293, 359.*

## С

*Салтыков, М. Е. (Щедрин, Н.)* (1826—1889) — орыстың ұлы сатирик жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармаларында Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, ұрда-жық помещиктер, патша бюрократиясының өкілдері, қорқақ либералдар образдарының тұтас бір галереясын жасады және көркем әдебиетте тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың типтерін сомдап соқты. Осы томда аталатын «Өмірдің ұсақ-түйектері» деген очерктері (1884—1889) реформадан кейінгі деревняда болған экономикалық процестерді көрсетеді (әсіресе «Шаруақор мужик», «Қан сорғыштар», «Тігінші Гришка»). Ұлы орыс сатиригінің шығармаларын К. Маркс пен В. И. Ленин жоғары бағалады. Салтыков шығармаларының образдары, әсіресе Ленин мәңгі жасайтын образ деп атаған — «Головлев мырзалар» романының басты кейіпкері — Иудушка Головлевтің образы халыққа дұшпан әлеуметтік топтар мен саяси партияларды сынап, әшкерелеу үшін Лениннің еңбектерінде кеңінен пайдаланылады. 1863—1864 жылдары Салтыков революцияшыл-демократиялық «Современник» журналының жетекші публицисі болды, ал 1868 жылдан бастап «Отечественные Записки» журналы редакциясының құрамына кірді. Некрасов қайтыс болғаннан кейін, 1878 жылы, журналдың жауапты редакторы және 60-жылдардағы революциялық демократияның ұлы дәстүрлерін жалғастырған демократияшыл интеллигенцияның нағыз рухани көсемі болды.— *294.*

*Санин,* А. А. (1869 ж. туған) — 90-жылдардағы марксист жазушы, «Самарский Вестникке» (1896—1897) және «Пролетарлық күрес» жинағына қатысушы. Ол И. Гурвичтің «Орыс деревнясының экономикалық жағдайы» (1896) деген кітабын аударды және бұл кітапқа өз тарапынан кең көлемді қосымша берді. Бұл туралы В. И. Лениннің пікірлерін 1902 жылғы 26 декабрьде А. Н. Потресовқа жазған хатынан қараңыз (Лениннің IV жинағы, 200-бет).— *244.*

*Свирский, В. Ф.*— инженер-технолог, 80-жылдардың аяқ кезінде Владимир губерниялық земство басқармасының технигі, «Владимир губерниясының фабрикалары, заводтары және басқа өнеркәсіп орындары» деген еңбектің (1890) авторы.— *584.*

*Семевский, В. И.* (1848—1916) — орыс тарихшысы, орыс тарихнамасындағы халықшылдық бағыттың өкілі. Россиядағы XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысының әлеуметтік тарихы мен қоғамдық озық ойы тарихының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; бұл еңбектерінде ол қаралатын проблемаларды идеалистік тұрғыдан баяндады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың заңдылықтарын түсінбеген Семевский шаруалар қауымын дәріптеді, крепостниктік правоны жоюдың себептерін теріс түсіндірді және т. б. «Отечественные

Запискиге», «Русское Богатствоға», басқа да халықшылдық және либералдық-буржуазиялық журналдарға қатысып тұрды.— *515.*

*Семенов, А. В.*— «Россияның XVII ғасырдың жартысынан 1858 жылға дейінгі сыртқы саудасы мен өнеркәсібі туралы тарихи деректерді зерттеу» деген 3 бөлімді еңбектің авторы.— *515, 517, 531.*

*Семенов, Д. Д.* (1834—1902) — прогресшіл педагог және жазушы, Петербург гимназияларында география мен тарих пәндерінің оқытушысы, «Отан тану» деген алты томдық еңбекті құрастырушы және басқа еңбектердің авторы.— *273.*

*Семенов (Семенов-Тян-Шанский), П. П.* (1827—1914) — орыстың аса көрнекті географы, статистик, ботаник, энтомолог, мемлекет қайраткері; Петербург Ғылым академиясы мен Көркем сурет академиясының құрметті мүшесі. 1873 жылдан бастап — Орыс география қоғамының вице-председателі және іс жүзіндегі басшысы, 1889 жылдан бастап Орыс энтомология қоғамының председателі, Орталық статистика комитетінің директоры (1864—1875), статистика советінің председателі (1875—1897). 1870 жылы орыс земстволық статистикасының негізін қалаған I статистикалық съезді ұйымдастырды; Россия халқының жалпыға бірдей бірінші санағына басшылық жасады. Көптеген еңбектердің авторы.— *152, 500, 648.*

*Сениор* (Senior), *Нассау-Уильям* (1790—1864) — ағылшынның тұрпайы экономисі, ол фабриканттардың мүдделерін қорғады және Англияда (XIX ғасырдың 30-жылдары) жұмыс күнін қысқартуға қарсы болуға фабриканттарды үгіттеуге белсене ат салысты. К. Маркс «Капиталдың» I томында (қараңыз: «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 235—240-беттер) Сениордың «Фабрикалық заңның мақта-мата өнеркәсібіне ықпалы туралы хаттар» (1837) деген памфлетін қатаң сынға алды.— *46.*

*Сисмонди* (Sismondi), *Жан-Шарль-Леонар Симонд де* (1773—1842) — Швейцария экономисі және тарихшысы. Өз қызметінің бас кезінде Сисмонди саяси экономияның буржуазиялық классикалық мектебіне қосылды, кейін ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілі, ұсақ өндірушілердің көзқарастарын білдірген экономикалық романтизмнің негізін салушы ретінде көрінді. Капитализмнің қайшылықтарын көрсеткенде Сисмонди олардың негіздерін ашып бере алмады. Ол ірі капиталистік өндірістің прогрестік тенденцияларын түсінбеді, өндірістің цехтық ұйымын, өзгерген экономикалық жағдайларға мүлде сәйкес келмейтін патриархтық ауыл шаруашылығын мұрат деп жариялады.

Ленин өзінің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбегінде Сисмондидің ілімін егжей-тегжейлі сынады. Сисмондидің негізгі экономикалық еңбектері: «Саяси

экономияның жаңа негіздері немесе халыққа қатысы бар байлық туралы» (1819) және «Саяси экономия жөніндегі этюдтер» (1837—1838).— *25, 39, 49, 138.*

*Скальковский, К. А.* (1843 ж. туған) — кен инженері және жазушы. 1867 жылдан бастап 10 жылға жуық Орыс өнеркәсібі мен саудасына жәрдем беру қоғамының секретары болды, осы қоғамнан Россияның майдагерлік өнеркәсібін зерттеу жөніндегі комиссияға кірді. 1870 жылдан 1881 жылға дейін «Россиядағы кен-завод өнімділігі» деген жинақтарды құрастырып, редакциялады; 1891 жылдан 1896 жылға дейін кен департаментінің директоры болды.— *531.*

*Скворцов, А. И.* (1848—1914) — буржуазияшыл экономист, агроном, Новоалександрийск ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы институтының профессоры, саяси экономия және ауыл шаруашылығының экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. В. И. Ленин өзінің шығармаларында Скворцовтың буржуазиялық көзқарастарын әлденеше рет сынға алды. Скворцовтың басты еңбектері: «Бу транспортының ауыл шаруашылығына ықпалы» (1890), «Экономикалық этюдтер» (1894), «Саяси экономия негіздері» (1898) және басқалар.— *23, 42.*

*Скворцов, П. Н.*— статистик, «жария марксист», XIX ғасырдың 80 және 90-жылдарында өзінің еңбектерін «Юридический Вестник» пен «Научное Обозрениеде» бастырды. «Научное Обозрениенің» 1899 жылғы 12-номерінде жарияланған «Товар фетишизмі» деген мақаласында В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын дұшпандық тұрғыдан сынады. В. И. Лениннің «Сынға жанаспайтын сын» деген жауап мақаласында (қараңыз: осы том, 665—693-беттер) рецензия тас-талқан етіліп, жоққа шығарылды.— *89, 667, 669—680, 682—690.*

*Смирнов, А.*— «Нижегород губерниясының болат-слесарьлық өндірісімен белгілі Павлово және Ворсма селолары» (1864) деген еңбектің авторы.— *368, 451, 473, 594.*

*Смит* (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, буржуазиялық саяси экономияның классикалық мектебінің аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776) деген еңбегінде өндірістің қай саласына жұмсалса да, кез келген еңбек құнның қайнар көзі болады деп тұңғыш рет жариялады. Осы қағидаға сүйене отырып, ол жұмысшының жалақысы оның өнімінің бір бөлігі болып табылады және ол жұмысшының күнкөріс құралдарының құнымен анықталады, капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі болып табылады деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның үш таптан: жұмысшылардан, капиталистерден және жер иелерінен құралатынын тұңғыш рет атап көрсетті, алайда дүниеге буржуазия-

лық көзқараспен шектелгендіктен, ол бұл қоғамда тап күресінің бар екенін теріске шығарды. Смиттің саяси экономияны дамытуда сіңірген зор еңбектерін атап көрсете келіп, К. Маркс пен В. И. Ленин сонымен бірге оның көзқарастарының буржуазиялық шектеулілігін, қайшылықтары мен қателіктерін көрсетіп берді. Товар құнының оған сіңірілген жұмыс уақытымен дұрыс анықталуын Смит еңбектің өзінің құнымен шатастырды. Капитализм тұсында құн тек қана табыстардан — жалақыдан, пайдадан және рентадан — құралады деп пайымдай отырып, товар өндірген кезде тұтынылған тұрақты капиталдың құнын қалдырып қойып, қате жасады. Смиттің қате қағидаларын буржуазияшыл тұрпайы экономистер капитализмді идеологиялық жағынан қорғау мақсатында пайдаланды.— *35—39, 50, 52, 53, 60, 334, 644.*

*Сорокиндер* — көпестер, 1861 жылға дейін крепостной шаруалар, зергерлік кәсіпшілікте байыған. Кострома губерниясының Красное селосындағы кәсіпорындарынан басқа 80-жылдары 2500 десятина жері бар бірнеше усадьбасы, сондай-ақ Петербургте сауда жасайтын орны болды.— *459.*

*Старый маслодел* — «Северный Край» газетінің (Ярославль) 1899 жылғы 25 июльдегі (6 августағы) 223-номерінде басылған «Май шайқау кәсібінің көлеңкелі жақтары неде және олардан шығудың жолы қандай?» деген мақала авторының бүркеншік аты. (Бүркеншік аттың кімдікі екені анықталмады).— *302.*

*Стебут, И. А.* (1833—1923) — профессор, орыстың көрнекті агрономы және қоғам қайраткері. Горигорец егіншілік институтында, Петербург университетінде және Петров ауыл шаруашылығы академиясында (қазір Тимирязев атындағы Москва ауыл шаруашылығы академиясы) кафедра меңгерушісі болды. 1898 жылдан бастап — егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінің ғылыми комитетінің председателі. «Русское Сельское Хозяйство» журналын ұйымдастырушы және оның редакторларының бірі. Ауыл шаруашылығы жөнінде көптеген еңбектері бар.— *23, 184, 219.*

*Столпянский, Н. П.* (1834 ж. туған) — әр түрлі оқу орындарында тарих пен география мұғалімі, 1860-жылдары жексенбілік мектептерді ұйымдастырушылардың бірі болды. Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның тапсырмасы бойынша 80-жылдары Ярославль губерниясы, Ростов уезі, Поречье-Рыбное селосының майдагерлік кәсіпшіліктерін сипаттап жазды. Бұл тексерудің материалдары комиссия «Еңбектерінің» XIV кітабында жарияланды.— *330.*

*Столыпин, П. А.* (1862—1911) — ірі помещик, 1906 жылдан 1911 жылға дейін Россия министрлер советінің председателі және ішкі істер министрі, 1911 жылы Киевте эсер Богров өлтірді. Революциялық қозғалысты басу мақсатымен өлім жазасына кесу

*Туган-Барановский, М. И.* (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдары — «жария марксизмнің» көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және т. б. журналдардың қызметкері; Маркске сын айтқан. Бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, Украинаның буржуазиялық орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі», I том (1898) және басқалар.— *30, 39, 42, 48, 224, 369, 503, 507, 515, 517, 544, 566, 591, 596, 692.*

## У

*Уваров, М. С.* — 1896 жылғы июльде «Вестник Общественной Гигиены, Судебной и Практической Медицины» журналында басылған «Шет кәсіпшіліктің Россияның санитарлық жағдайына әсері туралы» деген мақаланың авторы.— *625—626.*

*Успенский, Г. И.* (1843—1902) — орыстың аса көрнекті жазушысы әрі публицисі, революцияшыл демократ. «Современник» және «Отечественные Записки» журналдарына жазып тұрды. Баспасөзде тұңғыш рет 1862 жылы «Идиллия» деген әңгімесімен көрінді, 1865 жылы «Современник» журналының қызметкері, бұл журнал жабылғаннан кейін «Отечественные Записки» журналының тұрақты қызметкері болды. Өзінің шығармаларында қала кедейлері мен шаруалардың езілуі мен правосыздығын, помещиктер мен буржуазиялық жыртқыштар қанап отырған халықтың қайғысы мен мұң-мұқтажын үлкен шеберлікпен суреттеді. Өзінің халықшылдық көзқарастарына қарамастан, деревнядағы капиталистік қатынастардың дамуын, қауымның күйреуін реалистік тұрғыдан көрсетіп берді. В. И. Ленин Успенскийді жоғары бағалап, оны «шаруалар өмірін суреттеген таңдаулы жазушылардың» бірі деп есептеді, өзінің еңбектерінде Успенскийдің шығармаларына жиі-жиі сілтеме жасап отырды.— *334, 649.*

## Ф

*Фальц-Фейн* — Таврия губерниясының жер иеленушісі, 200 000 десятинаға дейін жері болды.— *238, 277.*

*Фейнберг, Л. Б.*— дәрігер. 1899 жылғы сентябрьде «Харьков губерниясының дәрігерлік хроникасында» басылған «Харьков губерниясының қызылша плантацияларын санитарлық жағынан зерттеудің қажеттігі туралы» деген баяндаманың авторы.— *316.*

*Флеровский, Н. (Берви, В. В.)* (1829—1918) — орыс экономисі және социологы, орыс утопиялық социализмі өкілдерінің бірі, халықшылдарға жақын болды. Революциялық қызметі үшін 60 және 70-жылдары әкімшілік жолымен жер аударылып, 1862 жылдан 1895 жылға дейін полицияның бақылауында болды. Оның «Россиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітабы (1869) К. Маркстен жоғары баға алды. Маркс оны «Россияның экономикалық жағдайы туралы шындықты хабарлаған тұңғыш кітап» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, 250-бет) деп атады.— *252, 626.*

*Фокиндер* — Иваново-Вознесенскінің фабриканттары, сиса тоқитын және мата ағартатын фабрикалардың иелері. Өндірісі қолмен атқарылатын алғашқы кәсіпорын 1838 жылы құрылды. 90-жылдары фабрикаларда 500-ден астам жұмысшы істеді, өндіріс сомасы 2,2 млн. сомға жетті. 1909 жылға қарай жұмысшылардың саны 922-ге дейін, ал өндіріс сомасы — 4,5 млн. сомға дейін көбейді.— *594.*

*Форкад* (Forcade), *Эжен* (1820—1869) — француз экономисі және публицисі, Маркстің сипаттауы бойынша тұрпайы экономист болды (қараңыз: «Капитал», III том, 49-тарау).— *51.*

*Фортунатов, А. Ф.* (1856—1925) — профессор, орыстың халықшылдық бағыттағы белгілі статистигі. Ауыл шаруашылығы экономикасы мен статистикасы жөніндегі көптеген еңбектердің авторы. 80-жылдары Москва, Самара және Тамбов губернияларының статистикалық санақтарына қатысты; Москва заң қоғамы статистика бөлімшесінің қайраткері. 1885 жылдан 1924 жылға дейін әр түрлі жоғары оқу орындарында статистикадан сабақ берді.— *101, 273.*

## Х

*Хабаров* — Нижегород губерниясындағы Ворсма селосының шебері.— *594.*

*Харизоменов, С. А.* (1854—1917) — орыстың көрнекті земство статистигі, экономист. XIX ғасырдың 70-жылдарында «Жер және ерік» халықшылдық ұйымының мүшесі болды, ол жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліске» қосылды; 1880 жылы революциялық қозғалыстан шеттеп, статистикамен шұғылдана бастады. Харизоменов Владимир губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеді, Таврия губерниясын үй басы зерттеу жұмысын жүргізді, Саратов, Тула және Тверь губернияларында земстволық статистика зерттеулеріне басшылық етті. Экономика мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жазды, олар «Русская Мысль» және «Юридический Вестник» журналдарында жарияланды. Оның аса маңызды еңбегі — «Владимир губерниясы-

ның кәсіпшіліктері», В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуында» бұл еңбекке жиі-жиі сілтеме жасайды.— *90, 403, 405, 421, 466, 469, 473, 484, 488, 491, 599.*

*Хатисов, К.*— «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі есептер мен зерттеулердің» II томында (С.-Петербург, 1894) басылған «Закавказье өлкесінің майдагерлік кәсіпшіліктері. 1891 жылғы есеп» деген мақаланың авторы.— *648.*

*Хворов, М. М.* (1868 ж. қайтыс болған) — павловолық құлып шебері, 3 миллиметрден аспайтын өте кіші көлемді алқа кілті дейтінді жасаумен әйгілі болды.— *469.*

*Хлюстин, П. И.* (1856 ж. туған) — Орел губерниясындағы Кромск уезінің (Студенец болысы, Высокое селосы) жер иеленуші-дворяны. Оның капиталистік типтегі шаруашылығы «Орел губерниясы жөніндегі статистикалық мәліметтер жинағында» (IV том, II кітап, 1892, 138—146-беттер) сипатталған.— *345.*

## Ч

*Чаславский, В. И.* (1834—1878) — статистик, мемлекеттік мүлік министрлігі статистика бөлімінің редакторы. Россиядағы астық саудасы мен өнімділікті зерттеу жөніндегі Ерікті экономикалық және географиялық қоғамдардың экспедицияларына қатысты. «Мемлекеттік білім жинағында» (II том, 1875) басылған «Шаруалардың қоныс аударуына байланысты егіншіліктің шет кәсіпшіліктері» деген еңбектің авторы.— *252, 253, 626.*

*Черненков, Н. Н.* (1863 ж. туған) — статистик, Орел, Москва, Саратов және Тверь земстволарында қызмет атқарды; кадеттер партиясының аграрлық комиссиясына қатысты. 1905 жылы басылып шыққан «Шаруалар шаруашылығының сипаттамасы жөнінде» деген еңбегінде В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабына бірнеше полемикалық ескерту жасады. В. И. Ленин оған өз кітабының екінші басылуында II тараудың XI параграфында шағын қосымша жазып, жауап берді.— *151.*

*Чернышевский, Н. Г.* (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол социализмге шаруалар қауымы арқылы өтуді мүмкін деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан—шаруалар революциясының идеясын, бұқара-

ның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин, Шығармалар 17-том, 107-бет). Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революцияшыл күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар» реформасының крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады; мұнда ол екі жылдай болып, содан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский тек әбден қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Өл өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы болды. Чернышевскийдің материализмі революциялық, пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатты сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта жасауға ұмтылды. Саяси экономия, эстетика, тарих саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан караудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің шығармаларын зерттеген К. Маркс оларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін тұтас философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс тұрмысының артта қалуы себепті,— деп атап көрсетті Ленин,— Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Философия, саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында Чернышевскийдің қаламынан толып жатқан тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романынан тәлім-тәрбие алды.— *670.*

*Черняев, В. В.* (1844—1892) — мемлекеттік мүлік министрлігінің чиновнигі, «Сельское и Лесное Хозяйство Россиúде» басылған «Егіншілік құралдары мен машиналары, олардың таралуы және дайындалуы» (1893), «Россия өнеркәсібінің тарихи-статистикалық шолуында» (I том, 1883 және II том, 1886) басылған «Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау» деген мақалалардың авторы.— *231, 250.*

## Э

*Энгельгардт, А. Н.* (1832—1893) — публицист, халықшыл, өзінің қоғамдық-агрономиялық қызметімен және Смоленск губерниясындағы өзінің Батищев деген имениесінде тиімді шаруашылық ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесімен белгілі болған адам. В. И. Ленин осы томда Энгельгардттың шаруашылығына сипаттама бере келіп, оның мысалы арқылы халықшылдық теориялардың бүкіл утопиялылығын көрсетті. Энгельгардт — «Отечественные Записки» журналында басылған «Деревнядан» деген хаттардың (1882 жылы жеке кітап болып шықты) және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі басқа да бірқатар еңбектердің авторы; орыстың тұңғыш «Химический Журналының» редакторы (1859—1860) болды.— *137, 172, 198, 207, 213, 227—231, 303.*

*Энгельс* (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (қараңыз: В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласы. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *53, 171, 199, 261, 349, 351, 352—356.*

## Ю

*Юр* (Ure), *Эндрью* (1778—1857) — ағылшын химигі, жазушы және экономист, Глазгодағы колледждердің бірінің профессоры. Химия мен экономика мәселелері жөнінде көп еңбек жазды. Маркс Юрді машиналы өндірісті мадақтаушы — капиталистік фабриканың Пиндары (қараңыз: «Капитал», I том. Қаз. мемл. баспасы, 1963, 429-бет, және III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 416-бет) деп атады.— *247.*

## Я

*Янсон, Ю. Э.* (1835—1893) — экономист және статистик, Петербург университетінің профессоры. Ішкі істер министрлігі статистика советінің мүшесі, Петербург губерниялық статистика комитеті председателінің көмекшісі, Географиялық және Ерікті экономикалық қоғамдардың мүшесі, Россия Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1892 жылдан) болды. Астық саудасын зерттеуге, майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияға қатысты, астана халқының санағы мен санитарлық статистиканы ұйымдастырды. «Рикардоның рента теориясының маңызы туралы» (1864), «Россия мен Батыс Европа мемлекеттерінің салыстырмалы статистикасы» (1878—1880), «Шаруалардың үлестері мен төлемдері туралы статистикалық зерттеудің тәжірибесі» (1877) және басқа еңбектердің авторы.— *70, 167.*

# В. И. ЛЕНИННІҢ «РОССИЯДА КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ» ДЕГЕН КІТАПТЫ ЖАЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

## *1896*

| | |
|---|---|
| *2(14) январь.* | Ленин Петербург түрмесінен А. К. Чеботаревағa жазған хатында өзінің еңбек жазғысы келетіні туралы хабарлап, зерттеу жоспарын баяндайды және өзі жасаған тізім бойынша түрмеге кітаптар жіберуді өтінеді. |
| *Январьдың басы.* | Ленин түрмеде «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты жазуға қызу кіріседі. |
| *16(28) январь.* | Ленин апасы А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында земстволық (Тверь, Нижегород, Саратов) жинақтарды жинап, «Әскери-статистикалық жинақпен» және Қорытынды жинақпен бірге оларды өзі жұмыс істеу үшін кітаптар алуына болатын түрменің цейхгаузына жеткізіп беруді өтінеді. |
| *1896 жылғы январь — 1897 жылғы февраль.* | Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты жазу үшін қажет кітаптарды түрмеде аптасына екі рет (сәрсенбі және сенбі күндері) алып тұрады; бұл кітаптарды апасы А. И. Ульянова-Елизарова Еріктi экономикалық қоғамның, Ғылым академиясының кітапханаларынан және Петербургтің басқа да ғылыми кітап қоймаларынан әкеліп тұрады. |

## *1897*

| | |
|---|---|
| *17 февраль — 8 май (1 март — 20 май).* | Ленин Шығыс Сибирьге жер аударылып бара жатқан жолында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жазумен шұғылдана береді. |

| | |
|---|---|
| *9 март — 30 апрель (21 март — 12 май).* | Ленин Красноярск қаласында болған кезінде купес Г. В. Юдиннің кітапханасындағы кітаптарды пайдаланып, Россияның экономикалық даму мәселелерін зерттеумен шұғылданады. Атап айтқанда, Ленин Д. А. Тимирязев құрастырған «Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібінің фабрикалар мен заводтардың аттары көрсетілген тізімі бар ең басты салаларының статистикалық атласының» алғашқы екі кітабымен жұмыс істейді. |
| *10(22) март.* | Ленин Красноярскіден Москваға қарындасы Мария Ильиничнаға жазған хатында Румянцев кітапханасындағы (қазір СССР-дің В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханасы) әр түрлі кітаптардан өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жазуына қажетті үзінділерді көшіріп алып жіберейін деген Мария Ильиничнаның ұсынысын құп көретінін хабарлайды. |
| *16(28) март.* | Ленин анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында «аз уақытқа алған кітаптарын» жолшыбай қарап шыққанын, енді Красноярскіден қайтарып жібермек екенін хабарлайды. |
| *26 март (7 апрель).* | Ленин Красноярскіден Москваға М. А. Ульяноваға жазған хатында апасы Анна Ильиничнадан оған жіберілген тізім бойынша жұмыс істеуге қажетті кітаптарды тауып беруді өтінеді. |
| *5(17) апрель.* | Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында жұмыс істеуге қажетті кітаптарды жіберуді тездетуді өтінеді. |
| *17(29) апрель.* | Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында өзінің жұмыс істеуі үшін статистика жөнінде бірнеше кітап тауып алғанын хабарлайды. Сонымен бірге өзінің кітаптарын Красноярскіге жіберуді өтінеді.<br><br>Ленин апасы Анна Ильиничнаға жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты жазуға қажетті статистикалық жинақтар мен басқа да кітаптарды өзіне сатып алуды өтінеді. |
| *8(20) май — декабрь.* | Енисей губерниясындағы Минусинск округінің Шушенское селосында айдауда жүрген Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» де- |

ген кітапты дайындау жөніндегі жұмысты жалғастыра береді.

*18(30) май.* Ленин Шушенское селосынан Москваға қарындасы Мария Ильиничнаға жазған хатында оның Румянцев кітапханасындағы кітаптардан «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жазуға қажет деп көшіріп алып жіберген үзінділерін алғанын хабарлайды және өзіне кітаптардың, «әсіресе букинистік кітаптардың, әсіресе шетелдік кітаптардың» каталогтарын жіберуді өтінеді.

*25 май (6 июнь).* Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында өзіне кейбір журналдар мен газеттерді жаздырып алуды, сондай-ақ бандерольмен бірқатар кітаптарды, букинистерден, кітапханалардан, кітап магазиндерінен және т. б. алынған каталогтарды көбірек жіберуді өтінеді.

Ленин Анна Ильиничнадан оның екі айлық мерзімге кітаптар алып, өзіне бандерольмен жіберіп отыратын болуы үшін Москва қаласындағы қайсыбір қоғамдық кітапханаға (университеттің немесе Москва заң қоғамының кітапханасына) барып жүруге рұқсат алған-алмағанын сұрайды.

*15(27) июнь.* Ленин М. Т. Елизаровқа жазған хатында ішіне кітаптар салып өзіне жіберілген жәшікті алмағанын хабарлайды; өзіне арнап қандай жаңа кітаптар сатып алынғанын сұрайды.

*1(13) июль.* Ленин өзінің кітаптары туралы Красноярскіге екі хат жолдайды, біреуі — кітап посылкасы үшін жетпей тұрғанын төлеуге арналған ақшалы хат.

*16(28) август.* Ленин П. Б. Аксельродқа жазған хатында өзінің үлкен еңбегі үшін, яғни «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабы үшін аз-аздап жұмыс істеп жатқанын хабарлайды.

*10(22) декабрь.* Ленин Мария Ильиничнаға жазған хатында Вятка губерниясы «Материалдарының» өзіне жіберілген екінші кітабын алғанын хабарлайды.

*21 декабрь (1898 жылғы* Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында өзіне француз тіліндегі мына кітаптарды жі-

*2 январь).* беруді өтінеді: K. Marx. Misère de la philosophie. 1896. Paris. Fr. Engels. La force et l'économie dans le développement social. K. Marx. Critique de la philosophie du droit de Hegel. 1895.

## *1898*

*4(16) январь.* Ленин М. Т. Елизаровқа жазған хатында «Ерікті экономикалық қоғам еңбектерінің» М. А. Лозинскийдің 1897 жылғы 13 декабрьде оқылған «Шаруалардың жерге меншіктілігі және шаруалардың жерсіз қалуын болдырмау шаралары» деген баяндамасы басылған номеріп өзіне арнап Шушенское селосына жіберуді өтінеді.

*24 январь (5 февраль).* Ленин Шушенское селосынан анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында өзіне Москвадан Каблуковтың «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» және В. В.-ның «Майдагерлік өнеркәсіп очерктері» деген кітаптарын сатып алуды өтінеді.

*7(19) февраль.* Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Н. К. Крупскаяның Петербургтен іздестіруі үшін кітаптардың өзі жасаған тізімін Н. К. Крупскаяға жіберуді өтінеді. Бұл тізімде статистикалық жинақтар және басқа кітаптар бар еді.

*14 (26) февраль.* Ленин кітапханадан алған кітаптарын Шушенскоеден Москваға Анна Ильиничнаға заказды бандерольмен жібереді.

*7(19) июнь.* Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында бір жылдан астам уақыт бойы жолда жүрген, ішіне кітаптар салынған жәшікті ақыры алғанын хабарлайды.

*15(27) июль.* Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында «кітап жіберіп тұрудың, оларды қайтарып тұрудың дәл шарттары туралы, дұрыс қарым-қатынас, тағы басқалар» туралы кітапханалармен келісуін өтінеді.

*11 және 25 сентябрь (23 сентябрь мен 7 октябрь) аралығында.* Красноярск қаласына барған кезінде Ленин жергілікті қалалық кітапханада және көпес Юдиннің кітапханасында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа арнап материал зерттеуді жалғастыра береді.

*11(23) октябрь.* Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының алғашқы нұсқасын жазып бітіргенін және оны түпкілікті өңдеуге кіріскенін хабарлайды.

*1(13) ноябрь.* Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Анна Ильиничнадан Петербургке барған сапары кезінде өзі алғашқы екі тарауын бір — бір жарым аптадан кейін жібергелі отырған «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты бастырып шығару туралы келісуін өтінеді.

*7 және 11 (19 және 23) ноябрь аралығында.* Ленин Шушенское селосынан Подольск қаласына апасының атына «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың алғашқы екі тарауы мен алғы сөзін жібереді.

Дәл сол күні Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында М. И. Водовозова кітапты басып шығара алар ма екен, соны білуді өтінеді, сондай-ақ кітапты қалай бастырып шығарғысы келетіні және оның қалай көркемделгенін көргісі келетіні туралы ойын хабарлайды.

Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының 3-тарауын баспаға әзірлеуді аяқтайды.

*22 ноябрь (4 декабрь).* Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында М. И. Водовозованың «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты басып шығару туралы ұсынысымен келісетінін хабарлап, апасынан кітап бастырушы әйелмен істің техникалық жағы және корректурасын жүргізу туралы келісуін өтінеді; кітаптың 3-тарауы таза қағазға көшіріліп жазылғанын, таяудағы күндері 4-тарауды, яғни өз шығармасының тең жартысын аяқтайтынын хабарлайды; екі тарауды да екі аптадан кейін жіберетініне сенім білдіреді.

*28 ноябрь (10 декабрь).* Ленин анасы М. А. Ульяноваға және інісі Дмитрий Ильичке жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының бірінші жартысын жазып бітіргенін хабарлайды.

*6(18) декабрь.* Ленин Анна Ильинична мен Марк Тимофеевич Елизаровтарға жазған хатында М. И. Водовозовадан кітапты бастырып шығару мерзімі туралы білуді өтінеді; кітапты бастырғанда негұрлым ұсақ әріпті іріктеп алуға, ал кестелерді петитпен бастыруға кеңес береді.

| | |
|---|---|
| *12(24) декабрьден ертерек.* | Ленин Тверь губерниялық земство басқармасының статистика бөлімшесіне өзіне Қорытынды жинақты (XIII том; I кітап, 1897) жіберуін өтініп хат жазады. |
| *12(24) декабрь.* | Ленин Шушенское селосынан Подольск қаласына анасының атына «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 3 және 4-тарауларын заказды бандерольмен салып жібереді. |
| | Нақ сол күні Ленин Анна Ильиничнаға «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың қолжазбасына екі түзету енгізуді өтініп хат жазады. |
| *20 декабрь (1899 жылғы 1 январь).* | Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Н. Карышевтің «Орыс халық шаруашылығы жөніндегі материалдар» деген мақаласының (2-бөлімі) оттискісін тауып беруді өтінеді; бұл мақала «Москва ауыл шаруашылығы институтының хабарларының» 1898 жылғы 2-кітабында басылған еді. |
| *28 декабрь (1899 жылғы 9 январь).* | Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 5 және 6-тарауларын жазуды аяқтағанын хабарлайды, кітапты бастыру және корректурасын оқу тәртібі туралы нұсқаулар береді. |

## *1899*

| | |
|---|---|
| *10(22) январь.* | Ленин кітапты бастыру мәселесі жөнінде М. А. Ульяноваға хат жазады, кітаптың 5 және 6-тарауларын таяу арада жібергісі келетінін хабарлап, 2-тарауға қосымша жібереді. |
| | Ленин корректурасын екі рет (соңғысын Москвада) емес, үш рет оқуды талап етіп, Анна Ильиничнадан бұл мәселелер жөнінде тікелей корректормен байланыс жасап тұруын өтінеді. |
| *17(29) январь.* | Ленин Шушенское селосынан Подольск қаласына анасы М. А. Ульянованың атына «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 5 және 6-тараулары мен мазмұнын заказды бандерольмен салып жібереді. |

Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» кітабы басыла бастады ма, жоқ па, бір табаққа қанша уақыт кетеді екен, Анна Ильинична ақырғы корректураны оқи ма, осылар туралы сұрайды. Сонымен бірге Ленин өзіне корректураның алғашқы бірнеше табағын жіберуді өтінеді.

*24 январь (5 февраль).* Ленин Мария Ильиничнаға Брюссельге жазған хатында өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты аяқтау жөніндегі қауырт жұмыспен шұғылданып жатқанын хабарлайды.

*26 январь (7 февраль).* Ленин інісі Дмитрий Ильичке жазған хатында кітаптың IV тарауындағы екінші параграфтың бас жағынан өзі байқаған қате туралы баспаға хабарлауын өтінеді.

*30 январь (11 февраль).* Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты баспаға әзірлеуді аяқтады.

*3(15) февраль.* Ленин Шушенское селосынан Подольск қаласына анасы М. А. Ульянованың атына кітаптың 7 және 8-тарауларын, олардың мазмұнын және 7-тарауға екі қосымша (II және III) жібереді.

*7(19) февраль.* Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында келесі почтамен кітаптың 7-тарауына тағы бір шағын қосымша жіберетінін хабарлайды.

*13(25) февраль.* Ленин Шушенское селосынан Подольск қаласына анасының атына «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 7-тарауына қосымша жібереді.

Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында кітапты бастырып шығаруға қамқорлығы үшін оған және інісіне, статистикалық кестелердің корректурасын оқып бергені үшін статистик В. А. Ионовқа алғыс айтады.

*28 февраль (12 март).* Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың алғашқы таза табақтарын алғанын хабарлап, олардан байқалған қателердің тізімін қоса жібереді.

| | |
|---|---|
| | Ленин М. Т. Елизаровқа хат жазып, оның «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа жасаған ескертпелері жөнінде пікір айтады. |
| *17(29) март.* | Ленин Анна Ильиничнаға жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 2 және 3-тарауларының таза табақтарын алғанын хабарлап, олардан байқалған қателердің тізімін қоса жібереді. Сонымен бірге Ленин алғы сөзге Postscriptum және кітап шыққан бойда соларға жіберуді өтініп, таныстарының тізімін жібереді. |
| *24—31 март, (5—12 апрель).* | В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы. Ірі өнеркәсіп үшін ішкі рыноктың құрылу процесі» деген кітабының бірінші басылуы *Владимир Ильин* деп қол қойылып, баспадан шығады. |
| *Март.* | «Начало» журналының 3-номерінде «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 3-тарауының алғашқы алты параграфы «Қазіргі орыс егіншілігінде капиталистік шаруашылықтың барщиналық шаруашылықты ығыстыруы» деген атпен жарияланады. |
| *2(14) апрель.* | Ленин Анна Ильиничнадан кітаптың 11—16 табақтарын алады. |
| *4(16) апрель.* | Ленин Анна Ильиничнаға өз кітабының 11—16 табақтарындағы байқалған қателердің тізімін жібереді. |
| *27 апрель (9 май).* | Ленин А. Н. Потресовқа жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың баспадан шыққанын, сондай-ақ өзінің алғы сөзге жазған Postscriptum-нің кешігін қалып, алғашқы цензураға түскенін және «жәбір көргенін» хабарлайды. |
| *28 апрель (10 май).* | «Русские Ведомости» газетінде кітаптың шығуы туралы *Владимир Ильин.* Россияда капитализмнің дамуы. Ірі өнеркәсіп үшін ішкі рыноктың құрылу процесі. Бағасы 2 сом 50 тиын, 480 бет» деген хабарландыру басылады. |

*Октябрь.* «Образование» журналының 10-номерінде Б. В. Авиловтың «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа жазған рецензиясы басылады.

## *1900*

*19 январь (1 февраль).* Ленин П. Н. Скворцовтың «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапқа жазған дұшпандық рецензиясына жауап болған «Сынға жанаспайтын сын» деген мақаласын жаза бастайды.

*30 апрельге (12 майға) дейін.* Ленин «Научное Обозрение» журналының редакторы М. М. Филипповтан «Сынға жанаспайтын сын» деген мақаланың үштен біріне жуығына цензордың тыйым салғанын хабарлаған хат алады.

*Май — июнь.* Лениннің «Сынға жанаспайтын сын (П. Скворцов мырзаның «Научное Обозрениенің» 1899 жылғы 12-номеріндегі «Товар фетишизмі» деген мақаласы жөнінде)» деген мақаласы «Научное Обозрение» журналының 1900 жылғы 5—6-номерлерінде жарияланады.

## *1902*

*20 март (2 апрель).* Ленин Мюнхеннен Самараға анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында өз кітаптарынан орыс тіліндегі мүмкін болғандардың барлығын, өзі өте сағынған және «*бәрін* қайта түзеткісі» келетін «тіпті *бүкіл* статистиканы» жіберуді өтінеді.

## *1905—1907*

Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші басылуын дайындайды, бірқатар тарауларға елеулі толықтырулар енгізеді.

## *1907*

*Июль.* Ленин Финляндияда болған кезінде «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 2-басылуына алғы сөз жазады.

## *1908*

*Март.* «Книжная Летописьтің» 10-номерінде Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының толықтырылып, екінші басылуының шыққаны туралы хабарландыру басылады.

# МАЗМҰНЫ

II



---

С У Р Е Т Т Е Р

Л е н и н, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.

Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1974.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).

Т. 3. Россияда капитализмнің дамуы. 858 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
*М. Г. Власова*

Дайындаушының көмекшілері
*Ю. Г. Никифоров* және *А. И. Горбачева*

Әдебиеттер көрсеткішін дайындаған
*А. П. Щербакова* және *В. Н. Косенко*

Редактор *И. А. Гладков*

**Сканерлеу:** *Т.Қ.Оразымбетов*

**Өңдеу:** *А.Н. Моторин*

☆

Сдано в набор 24/X 1973 г. Подписано к печати 25/VII 1974 г.
Формат $84\times108^1/_{32}$—27,375=45,99+5 вкл. $^4/_5$ п. л.=46,66 усл. п. л.
(46,01 уч.-изд. л.).
Тираж 15.000 экз. Бумага тип. № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50

Заказ № 1840 Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.